«Бекітемін»
Мектеп директоры
_____А.С.Назиков
«05» 09 2023ж

«Келісемін»
Мектеп директорының оқу-әдістеме
ісі жөніндегі орынбасары
_____Ж.Ж.Ахметова
«05» 09 2023ж

ӘБ отырысында қаралды
Бастауыш бірлестігінің
жетекшіеі
_____А.К.Уразбаева
«31» 08 2023ж

ЦИКЛОГРАММА

Мектепалды даярлық 0 «А»

Жетекшісі: Қ.А.Зиядинова

2023-2024 оқу жылы

«БЕКІТЕМІН»

«№37 орта мектебі» КММ директоры
А.С.Назиков
«01» 09 2023 ж

2023 – 2024 оқу жылына арналған

Мектепалды даярлық 0 «А » сыныбының ұйымдастырылған сабақ кестесі

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеті	№	Ұйымдастырылған іс-әрекеті
Дүйсенбі		**Бейсенбі**	
1	Сөйлеуді дамыту	1	Дене шынықтыру
2	Сауат ашу негіздері	2	Көркем әдебиет
3	Қазақ тілі	3	Математика негіздері
4	Шығармашылық	4	Музыка
Сейсенбі		**Жұма**	
1	Көркем әдебиет	1	Математика негіздері
2	Сауат ашу негіздері	2	Дене шынықтыру
3	Қазақ тілі	3	Қоршаған ортамен танысу
4	Қоршаған ортамен танысу	4	Музыка
Сәрсенбі		***Ескерту: Шығармашылықта:***	
1	Математика негіздері	**1-апта**-Сурет салу **2-апта**-Мүсіндеу **3-апта**-Жапсыру **4-апта**-Құрастыру	
2	Сауат ашу негіздері		
3	Дене шынықтыру		
4	Сөйлеуді дамыту		

Сынып жетекшісі **Қ.А.Зиядинова**

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «А» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі **1-апта** 4-8 қыркүйек 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Сөйлеп тұрған таңғы радио: «Бізді қоршаған әлем жайлы әңгімелесу» Мақсаты: сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.	**Үстел үсті театр ойыны:** «Өлі табиғат құбылыстары» тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.	**Ойын– жаттығу:** «Туған жер табиғатын қорғау керек пе, әлде жоқ па?» әңгіңмелесу, сұрақ жауап **Ойын:«Жер шары»** Фотосуреттер қарау. Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю.	**« Сәлем жаңа күн» Д/ойын :** «Жанды және жансыз табиғатты ажырат». Жер,су,ауа. **Мақсаты:** балаларға берілген тапсырманы тез шешуге,жылдам жауап беруге, ауада,суда не болатынын дұрыс айтуға төселдіру. Қоршаған ортаға қамқорлық сезімін тәрбиелеу.Шапшаң жауап беруге баулу. **Еңбек тапсырмасы:** Балықтарға жем шашу	**«Табиғат мінезі» Сюжеттік ойындар: «Сиқырлы фломастер»** еркін сурет салу. **Не артық? Мақсаты:** Балаларды суретке қарап,оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. **«Табиғат мінезі»** жаттығуы **Еңбек тапсырмасы:** Кезекшілікті ұйымдастыру
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Шаттық шеңбері «Кел,танысайық!»	«Менің топтағы достарым»достарының суретін салу	«Жел соғып тұр» Мақсаты: Кез – келген жағдайларда қатты немесе ақырын дауысты қолдана білуді дамыту	«Кел, ойнайық!» Мақсаты: Қатты дауысты пайдалана білуді шынықтыру	«Қатты – ақырын» Мақсаты: Дауыс күшін алмастыра білуге үйрету: біресе қатты, біресе жай.
Гимнастикалық жаттығу	Гимнастикалық жаттығу кешені № 1				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Жылулық сәті:** Апам мені «Айым»-дейді, Мен мұнайсам,уайым жейді. Апам мені «Күнім»-дейді, Мен қуансам күлім -дейді.	**Жылулық сәті:** Қуанамыз күлеміз, Бар әлемде сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достарымен бір жүреміз.	**Жылулық сәті:** Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөгеленген шеңберді.	**Жылулық сәті:** Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз.	**Жылулық сәті:** Достар бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге Қуанышпен еніңдер.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Тақырыбы.** «Мектептегі алғашқы күн». **Міндет: -**«Б» – «П» дыбыстарының ұқсастығын түсіндіру; Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету Ба-ба-ба – бала. Бо-бо-бо – бота Бө-бө-бө – бөрік. Табыл – дабыл. Бақа – бақбақ «П» дыбысының буын ішінде кездесетін сөздерге мысал келтіреді: Па-па-па – парта. Жа-па-лақ – жал-пақ. Па-рақ – жа-пы-рақ.	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы.** «Күз жомарт» **Міндет:**- - Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту **Дидактиалық/ойын**: «Себетке көкөністерді сызып қос» **Жұмбақ :** Жазда тұрып жоғары Күзде жерге қонады (жапырақтар)	**Математика негіздері** **Тақырыбы:** «Біреу – көп» **Міндет:**-балаларға заттар жиынынан бір затты бөле білуге үйрету. **Топтық жұмыс.** 1-Бір-бірден берілген заттарды қоршап сызады. Педагог балалардан сыйлық ретінде ойыншықтарды қаншалықты жиі алатындығы туралы сұрайды. 2-тапсырманы орындауды ұсынады: бір сыйлықты таңдаңдар. Онда не болуы мүмкін? Оны бояңдар. 3-тапсырманы орындайды – бір қорапты таңдап, оны бояйды	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Спортзалда ойнаймыз» **Міндет:** - тізбекпен қалай жүру керектігін, екі аяқпен қалай секіру керектігін, секіру кезінде қолымен қандай көмек жасауға болатындығын үйрету **«Мұқият бол» ойын жаттығуы**. 1,5 минут орташа қарқынмен жүгіру; қозғалысты белгі бойынша алмастыру – жүру, еңбектеу. Мұрынмен тыныс алуға көңіл бөлу, жүру қарқынын бұзбай ырғақпен адымдауларын қадағалау. Тыныс алу гимнастикасы (у-шу кешені). **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бос орын» (5 рет).** Балалар шеңбер бойына малдас құрып отырады. Жүргізуші шеңбер бойымен жүріп, бір ойыншының жанына келіп, оның жанына	**Математика негіздері** Тақырыбы: «Заттардың ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру» **Міндет:**-- дара заттарды бөлуді үйрету; бір заттан тұратынжиын туралы ұғым қалыптастыру; «біреу» және «бірнеше»(«көп») терминдерін енгізу «Қоян» – бала жұдырығын түйеді. Одан кейін сұқ саусағы мен ортаңғы саусағын шошайтады. «Қоян» құлақтарын созып тұр. «Сақина» – бала жұдырығын түйеді. Одан кейін бас бармағы мен сұқ саусағын түзетіп, бір-бірімен түйістіреді. «Саусақтардың амандасуы» – саусақтарын түзу ұстап, алақандарын бір-біріне қарама- қарсы ұстайды. тапсырманы орындауды ұсынады. Тапсырманы жеке орындауға және алма мен алмұрттарды бөлек топтарға бөлу үшін қасиеттерін тұжырымдауға уақыт береді. Сұрақ қояды: Әрбір топта неше алма және алмұрт бар? «Бірнеше» немесе «көп», «бір» сөздерін пайдалануға қол жеткізеді. Әр түрінен бір үлкен жемісті бояу ұсынылады

				беторамалды тастайды да: «Бұл жер саған тар Өзіңе орын тауып ал», – дейді. Ойыншы беторамалды алады да, жүргізушіні қуады. Ал жүргізуші оның орнына жылдам барып отырып алуға тырысады. Орынсыз қалған ойыншы жүргізуші болады	
Үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар ***«Лақтыр да,қағып ал»***					
Суретті тіл ұстарту: **Ша – ша – ша** Айшаның шанасы **тама (ша)** **Са – са – са** Қасқыр соқты **Мұ (са)** **Ол – ол – ол** Ағашта лимон **м(ол)** **Ра – ра – ра** Дүкеннен нан алды **Са (ра)** **Із – із – із** Тамаққа қосты **сәб(із)** **Жу – жу – жу** Ыдысты тазалап **(жу)**				**Ойын: *«Лақтыр да,қағып ал»*** **Мақсаты:** Балаларды ептіліке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету. **Ойынның шарты:** Балалар алаңда еркін орналасады әр біреуінің қолында бір-бір доптан болады.Тәрбиешінің «баста»,- деген белгісі бойынша балалар допты жоғарыға лақтырып қағып алады.Әр бала неше рет лақтырып қағып ала алады,соны санайды.	
2 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Сауат ашу негіздері **Тақырыбы.** «Дыбыс пен сөз » **Міндет:** -дыбыс терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру **Дидактикалық ойын: «Дауысынан таны» Ойын шарты**: балалар шеңбер болып тұрады, бастаушы санамақ санау арқылы бір баланы ортаға шығарып, көзін байлайды. Санамақ арқылы келесі баланы шығарады, ол көзі байлаулы тұрған баланың атын айтады. Ойын осылай	**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы.** «Сөз» **Міндет:**-: Баланың сөз туралы түсініктерін қалыптастыр **Дидактикалық ойын: «Сөз айт, тез айт»** **Ойын шарты:** доппен орындалады. Балалар бір-біріне доп лақтырып, «А» дыбысынан басталатын сөздерді айтады. Педагог балаларға саусақ бұлшық еттерін дамыту жаттығуын	**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы.** «Сөз. Сөздің мағынасы» **Міндет:**-Сөздердің ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп, айыра білуге үйрету **«Кім көп біледі?» ойынын ойнату**. Ойлаған сөздеріңді буынға бөлейік. – Әр буында бір дауысты дыбыс болады. Дауысты дыбыстарды қызыл	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** «Күз жомарт» **Міндет -** - балаларды күз мезгілімен таныстыру,күзде көкөніс,жемістерді көп беретінін түсіндіру» **Дидактикалық ойын: «Кімде не бар?»** **Ойын шарты**: Бір бала қолына жасырған затты сипаттайды. Сипатталған затты қалған балалар табу керек. Педагог:	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Денсаулықтың құпиялары» **Міндет :-** таза ауа ағзаны күшейтеді, алаңда қимыл жаттығуларын орындау кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау керектігі, баяу жүгіргенде аяқ басына басып, қысқа қадамдар жасау керектігінүйрету **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қармақ». (3 рет).** Балалар шеңбер бойына тұрады. Педагог ортада. Ол қолындағы баудың (қармақтың) бір ұшынан ұстайды. Баудың екінші ұшына құм салынған дорба байланған. Педагог жіпті жер бауырлата айналдыра бастайды. Балалар орнында тұрып жоғары секіріп қалып,

	жалғаса береді. Педагог саусақ бұлшық еттеріне арналған жаттығу жасатады. Сыңғыр, сыңғыр сырғалар Құлағымда сыңғырлар. Оң қолымда білезік, Сол қолымда білезік, Санап көрші, кәнеки, 1, 2, 3 – бір, екі, үш, Демаламыз жинап күш	жасатады. Басбармағым бастап берді, Саусақтарым ән сап берді, Шылдыр шүмек шылдырлады, Кіші бөбек былдырлады.	түспен, ал дауыссыз дыбыстарды көк түспен белгілейміз (балаларға көрсету).	Балалар, сендер дүкенге барғанда әртүрлі заттарды, жаңа айтқан жемістер мен көгөністерді көресіңдер. Сол заттарды сатып алуға болады. Ал сатып ала алмайтын заттар да бар екен. Сендер дәптермен жұмыс жасағанда көресіңдер	құтылуға тырысады. Жоғары секіргенде екпінмен итеріліп, аяқтарын жинап алады. Кімнің аяғы ілінсе, сол ойыншы «қармаққа түсті». Ойын барысында балаларды ауық-ауық үзілістер жасап, демалтып тұру қажет.
Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Айдаһардың құйрығы»					
Тілді жаттықтыратын тақпақ Кім келді? Қане, қане кім келді? **Біз, біз, біз!** Апа, апа бұл сіз бе? **Иә, иә, иә!** Әке, әке бұл сіз бе? **Иә, иә, иә!** Ағатайым бұл сіз бе? **Иә, иә, иә!** Қарындасым бұл сен бе? **Иә, иә, иә!** Біздер тату жан ұя **Иә, иә, иә!**		 		**Ойын: «Айдаһардың құйрығы»** **Мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады. **Ойынның шарты:** Өте қызық ойын! Ойынға қатысушылар бірінің артына бірі тізбектеле белдерінен ұстап тұрады. Ең бірінші тұрған бала - «айдаһардың басы». Ең соңғысы – «құйрығы» болады. «Айдаһардың басы» ең күрделі жолдармен жүре отырып өз «құйрығын» ұстап алуға тырысады. **Ұсыныс:** Оның мақсаты – ұстап алу, «құйрықтың» мақсаты ұстатпау, қайткені де қашып құтылу. Егер «құйрық» ұсталып қалса, ол – «бас» болады. Ойын өз жалғасын табады.	
3 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Қазақ тілі **Тақырыбы**: «Менің мектебім» **Міндет :-** Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету **Дидактикалық ойын: «Танысу».** Балалар аттарын айтып, қуыршақпен танысады. – Сенің атың кім? – Менің атым – Рома. – Менің атым – Вика. – Менің атым – Арлан **Дидактикалық ойын: «Тыңда,** көрсет, қайтала». (Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту, қима суреттермен жұмыс). – Мынау кім? – Мынау – қыз. – Қыз	**Қазақ тілі** **Тақырыбы:** «Біздің топ» **Міндет** -сурет бойынша сөйлем құрап әңгіме айту **Сөздік ойын: «Жалғасын тап».** Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды. Мектеп.....(әдемі, жарық, таза) Біздің ... (топ) Біздің топта... (ойыншықтар көп)	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Күлкі сыйла» **Міндет :**-Орындық үстінде әр қадам басқан сайын допты алдында, артында ұстап, динамикалық тепе-теңдіктерін сақтап жүруді үйрету (ені – 20 см, биіктігі – 30 см). **Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіру:** ширақ итеріліп, құрсаудың ортасына түсу керектігін түсіндіру. **(3 рет).** Құрсаудан-	**Математика негіздері** Тақырыбы: «Заттардың ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру» **Міндет :**-- дара заттарды бөлуді үйрету; бір заттан тұратынжиын туралы ұғым қалыптастыру; «біреу» және «бірнеше»(«көп») терминдерін енгізу «Қоян» – бала жұдырығын түйеді. Одан кейін сұқ саусағы мен ортаңғы саусағын шошайтады. «Қоян» құлақтарын созып тұр. «Сақина» – бала жұдырығын түйеді.	**Қоршаған орта** **Тақырыбы:** «Табиғатта не өзгерді?» **Міндет :**- Күзде табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырату және атауларын атап көрсетуге; себеп-салдар байланысын анықтауға үйрету. Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмысқа деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін шыңдау **«ҚАЙСЫСЫ АРТЫҚ?» дидактикалық ойыны.** Мақсаттары: балалардың жылдың түрлі мезгілдеріне қатысты білімдерін нығайту, өз ойын нақты әрі еркін жеткізу қабілеттерін күшейту; есте сақтау қабілеттерін дамыту.

	қайда келді? – Қыз мектепке келді	Біздің топта.... (үстелдер, орындықтар, кереуеттер) бар. Табиғат бұрышында .. (гүлдер) бар.	құрсауға екі аяқпен секіру: 4 құрсауға кезекпен секіріп барып, қайтарда құрсауларды айналып, орындарына жүгіріп келеді. Секірген кезде құрсаудың ортасына түсуге тырысады. Екі аяқпен ширақ итеріліп, аяқтарының ұшымен жерге түседі ***Ойын:*** «Қайда жасырылғанын тап». **(2 рет).** Спортзалда еркін тұрады.	Одан кейін бас бармағы мен сұқ саусағын түзетіп, бір-бірімен түйістіреді. «Саусақтардың амандасуы» – саусақтарын түзу ұстап, алақандарын бір-біріне қарама- қарсы ұстайды. тапсырманы орындауды ұсынады. Тапсырманы жеке орындауға және алма мен алмұрттарды бөлек топтарға бөлу үшін қасиеттерін тұжырымдауға уақыт береді. Сұрақ қояды: Әрбір топта неше алма және алмұрт бар? «Бірнеше» немесе «көп», «бір»сөздерін пайдалануға қол жеткізеді. Әр түрінен бір үлкен жемісті бояу ұсынылады	Педагог жыл мезгілінің атауын атайды: «Күз». Содан соң жылдың әртүрлі мезгілдерінің өзіне тән белгілерін атап көрсетеді (құстар оңтүстікке ұшып кетеді; бәйшешектер гүлдейді; ағаштардың жапырағы сарғаяды; үлпілдеген ақ қар жауады).
Үзіліс:	**Қозғалмалы зерек ойындар «Жер,су,ауа »ойыны.**				
«Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата» **Мақсаты:**Қассиетіне қарай:қар мен жаңбырды ажырата білу,табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту,қатты,жұмсақ,ериді,буға айналады. **Көрнекіліктер:**қар мен жаңбыр бейнеленген суреттер. **Ойын барысы:** Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп,олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек. 	 	***Ойын: «Жер,су,ауа»*** **Мақсаты:** балаларға берілген тапсырманы тез шешуге,жылдам жауап беруге,жерде ,ауада,суда не болатынны дұрыс айтуға төселдіру,қоршаған ортаға қамқорлық сезімен тәрбиелеу. **Көрнекіліктер:**асық **Шарты:**балалар дөңгелеіп отырады.Бір бала ортаға шығып балалардыі кез келгінене асық лақтырып жібереді де жер су ауа деген сөздің бірін айтады.Егер бала жер десе асықты қағып алған сезіммен тәбиелеу.Біл бала отатаға шығып,балалардың кез келгеніне асықта лақтырып жібреді де жер, су ауа деген сөздік бірін айтады.Егер бала жер десе,асықты қағып алған бала жерде тіршілік ететін құстарды,адамдарды,өсімдіктерді атайды.Ал су сөзі айтылса,балық балардың аты аталады.Ауа дегенде құстарды айтуы тиіс. Осылй ойын жалғаса береді.	
4 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Шығармашылық бейнелеу әрекеті	**Қоршаған орта**	**Сөйлеуді дамыту**	**Музыка** **Тақырыбы:** «Білімің –	**Музыка** **Тақырыбы**: «Нота үйренейік»

	Тақырыбы: «Күзгі орман» (Акварель бояу) **Міндет:**- күзгі орманның мазмұнын көре білуді үйрету. Бояумен сурет салуды жетілдіру, - бедерлі мүсіндеу тәсілімен таныстыру; жалпақтау, кесу, шымшу әдістерін тиянақтау, түрлі құралдарды дұрыс қолдана білуге машықтандыруды жалғастыру - қол, саусақ қимылдарын арттыру; көркем сөйлеу тілін дамыту - ұжымдық жұмыс жасау арқылы мазмұнды құрастыруға қозғау салу Топтық жұмыс: Сурет салі Мүсіндеу Жапсыру Құрастыру **Күз** Ой, балалар, балалар, Қоңырқай күз болыпты. Құрап жапырақ солыпты, Ел егінін орыпты	**Тақырыбы:** Заттардың адам өміріндегі маңызы. Не неден жасалады? **Міндет :** - Балаларға заттардың белгілері мен ерекшеліктері туралы білім беру.Қандай материалдан заттардың жасалатыны, және олардың сапасы жайлы түсініктерін кеңейту. **«Айналар» ойыны.** **Шарты**: жүргізуші сайланады, қалған балалар «айна» болады. Жүргізуші айна сататын «дүкенге» кіргендей болады. Жан-жағына қарап, таңданып, қандай қимыл жасаса, «айналар» сол қимылды қайталайды.	**Тақырыбы:** «Мектептегі алғашқы күн». **Міндет :-** Мазмұнды жалғастырту арқылы ой- қиялдарын дамыту Ба-ба-ба – бала. Бо-бо-бо – бота Бө-бө-бө – бөрік. Табыл – дабыл. Бақа – бақбақ «П» дыбысының буын ішінде кездесетін сөздерге мысал келтіреді Па-па-па – парта. Жа-па-лақ – жал-пақ. Па-рақ – жа-пы-рақ Педагог балаларға «бала», «парта», «бақа», «бақбақ» сөздеріне сөйлем құратады	бұлағың» **Міндет:** - Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту **Музыка тыңдау:** «Қосалқа» Дәулеткерей **Ән айту:** «Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр» (Т. Ломова) **Билер:** «Жұптасу биі» (чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: «Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Қыдырбекова)	**Міндет:**- Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату **Музыка тыңдау:** «Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өңдеген Т. Қоңыратбай). **Ән айту**: «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев), «Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (В. Дешевов) **Билер**: «Жұптасу биі» (чех халық әуені) **Ойындар, хороводтар:** «Сиқырлы ағаш» **(«Дидактикалық ойындар» жинағынан)**
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Жапалақ»					
Серуен	Тіл жаттығулары: ***«Аударыспақ»*** **Міндеті:** -әр түрлі түстерді қайталап бекіту; -сөздік қорын байыту; -дыбыстарды дұрыс және анық айтып бекіту; -балаларды : «Қандай?», «Не істейді?» т.б. сұрақтарға толық, сөйлеммен жауап беруді үйрету; -заттардың түрін, түсін, дәмін, пішінін дұрыс айтып қайталау; -дыбыстың сөздегі орынын тауып айту;			***Ойын: «Жапалақ»*** **Міндеті:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. **Шарты:** «Жапалақ» сайланады, ол барлық ойнаушылардан алысқа тұрады. Өзінің

	-балаларға сөз тіркестерін және сөйлемдерді құрастырып айтып үйрету; -балалардың еске сақтау, есту, ойлау қабілеттерін және зейіндерін дамыту; -қолдың ұсақ моторикасын дамыту;				«ұясына». Басқа ойнаушылар жан-жаққа тарап кетеді. «Жапалақ»: «Күн туды, барлығымыз оянамыз!» дейді, сол сәтте барлығы жүгіріп, қимылдайды. «Жапалақ»: «Түн болды, барлығын қимылдамандар, жапалақ ұшады!» дегенде барлық ойнаушы балалар тыныш тұрып, кимылдамаулары керек. «Жапалақ» балалардың арасында жүріп, қимылдаған бір-екі баланы өз ұясына әкетеді. Бір бала қалғанша ойын жалғасады.
Балаларды үйге қайтару	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «А» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі **2 -апта** 11-15 қыркүйек 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Фотосуреттер қарастыру: «Көліктер» Міндеті: Фотосуреттегі көліктердің түрлерімен таныстырып, олар қоршаған ортамен байланысты екенің түсіндіру.	**Д/ойын: «Кері айт» Міндеті:**магына лары қарама-қарсы сөздерді қолдана білу дағдырларын бекіту. Сөздік қорын молайту, тілін дамыту. Көліктер туралы суреттерді қарастыру, ерекшеліктеріне назар бөлу.	**«Жолаушылар» Міндеті:** Балалардың көңілднрін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру.	**Үстел- үсті ойын: «Пазлдарды құрастырамыз» Міндеті:**конструктормен,есепте у таяқшалармен өз еркімен құрастыру. Логикалық ойлау қабілетін дамыту. Көліктер жайлы әңгімелесу.	**Д/ойын: «Көліктерді ата» Міндеті:** балаларды арнайы көліктермен таныстырып, қоршаған ортаға, адамдарға немен керек екенің түсіндіру.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үстел үсті, саусақ және т.б.ойындар. Табиғат бұрышындағы гүлдерге су құю.	Үстел үсті ойыны – пазл: «Үйшік құрастыр» Балалармен балабақша туралы әңгімелесу.	Фотосуреттер қарастыру «Сүйікті ойыншықтарым ». Фотосуретте бейнеленген балабақшадағы қызметкерлерді атау.	Саусақ ойыны «Мысық, әтеш және түлкі».	Құрылыс ойындары «Қуыршақтарға үй құрастырамыз».

Гимнастикалық жаттығу	Гимнастикалық жаттығу кешені № 2				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Мнемосхемамен «Көліктер»** К. Бисекееваның тақпағын жаттау. Көліктер бар сан түрлі, Суда, жерде, көкте де. Дөңгелекті машина, Қажет бізге көліктер Ұшақ, пойыз, кеме де.	**«Көңілдімін»** Тоқтамай зуылдаймын зырн-зырн, Көлікпін дуылдаймын дырн-дырн. Жүремін,айналамын бырн-бырн, Әрқашан көңілдімін сырн-сырн	**«Зу-зу етіп көшеде»** Зу-зу етіп көшеде, Күн-түн тыным таппайды. Төрт дөңгелек дөңгелер, Төрт аяқпен шаппайды.	**«Көлік жүйрік шықты алға»** Түрі, түсі, атауын, Оңай емес жаттауға. Қазіргінің тұлпары, Көлік жүйрік шықты алға.	**«Бип-бип-бип дейді»** Бип-бип-бип дейді Жол шетіне шық дейді Күшікті басуға болмайды машина, Бип-бип-бип дейді Жол шетінен күт дейді Көшеде асығып жүруге болмайды машина Бип-бип-бип дейді.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Тақырыбы:** «Менің досым» **Міндеті:** - Жалпылама сөздерді дидактикалық ойын барысында түсіндіріп, үйрету. Үнтаспадан Б.Самединеваның орындауында **«Достар, достар»** әні тыңдатылады Педагог балаларға **«Адал дос»** деген әңгіме оқып береді Міне, балалар, мақал-мәтелдердің өзінде досқа деген сенім жайлы айтылған. Достыққа адал адам, сертіне де адал болады.	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** «Кішкентай бағбан» (әңгімелеу) **Міндеті** - Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру -. Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? -Балалар қайда жүр? -Олар не істеп жатыр? **Суреттегі жемістер мен көгөністерді ата**. 2. Сәйкес суреттерді сызып қос. Қай сурет тақырыпқа сай келеді? **3. Мақалды**	**Математика негіздері** **Тақырыбы:** «Заттардың ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру» **Міндеті** - Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу Анамызға себеттегі заттарды топтарға бөлуге көмектесейік. Барлығымыз бірге орындаймыз. Сендер қандай нұсқаларды ұсынасыңдар? Балаларға жиындарды кіші топтарға бөлуге көмектеседі: көгөністер, жемістер, тәттілер, қарбыз. Бізде қанша жеміс бар? Олардың көп немесе бірнеше екенін айта аламыз ба? Қанша көгөніс (тәттілер) бар? Топтық жұмыс жүргізу Көгөністерге, жемістерге, тәттілерге бөлуді ұсынады. Заттар тобын бір сөзбен атайды	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Біз күшті және ержүрекпіз» **Міндеті** таяқты дұрыс ұстау керектігін, допты саусақтарымен күшке салмай төменнен жоғарыға қарай қалай итеру керектігін, кегельдердің оң және сол жағынан қалай айналып өту керектігін үйрету Тепе-теңдікке арналған тапсырманы орындайды: гимнастикалық орындық үстінде доп ұстап жүру: Нұсқау: тізені жоғары көтеріп, іші толтырылған доптарды аттап өту. Екі тізбекке тұрады. Бастарын түсірмей, дене бітімдерін түзу ұстап жүреді. Орындықтан түсерде, алдымен жерді аяғының ұшымен басып, сонан соң бүкіл табанын жерге қояды. Қауіпсіздік техникасы қажет кезде көмек беру, толтырылған доптарды балалардан бір адым қарақашықтыққа қою. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тым-тырақай» (3 рет).** Ойыншылар бір-бірінің қолдарынан ұстап, шеңбер бойында	**Математика негіздері** **Тақырыбы**: «1және 2 сандары» **Міндеті** - бір» және «көп» («бірнеше») терминдерін енгізу; 1 және 2 сандарын санату Сиқырлы паровозбен саяхат жасауды ұсынады. («Паровоз және вагондар» кестесі). Суретте неше паровоз бар? (Біреу). Вагондарға ондағы терезе санына сәйкес әртүрлі ертегілердің кейіпкерлері отырғызылады (педагогтің қалауы бойынша іріктеледі). Педагог тақтаға бір паровоз бен бірнеше вагонды (3-тен 5-ке дейін) бекітеді. Ойынға қосылады. Әрбір вагонда 2 кейіпкерден болуы мүмкін екенін айқындайды. Оларды іріктеп отырғызады Паровозға неше вагон тіркедік? Әрқайсысын көрсете отырып, балалармен бірге дауыстап санайды. Одан кейін ұсынады: Терезелерді санаймыз: бір, екі. Келесі вагонда: бір, екі және т.с.с.

	Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата». **Ойын шарты:** педагог қолындағы допты лақтырып көп сөз айтады, допты қағып алған бала сол сөздердің жалпылама , баламасын айтады. Мысалы: әке, ана , аға,тәте – отбасы. Кесе, шәйнек, шанышқы, қасық – ... Қасқыр, түлкі, жолбарыс – ... Қызыл, сары, жасыл, көк –	**жаттап ал**. Еңбекпенен тапқаның – Шекер-балдан татқаның	Көгөністерге, жемістерге, тәттілерге бөлуді ұсынады. Заттар тобын бір сөзбен атайды . Саны бойынша салыстырады: жемістер көп, ал қарбыз біреу. Көгөністер көп, ал қарбыз біреу Ұсақ қол моторикасына арналған сергіту сәті 1.«Қоян» – бала жұдырығын түйеді. Одан кейін сұқ саусағы мен ортаңғысаусағын шошайтады. «Қоян» құлақтарын созып тұр. 2.«Сақина» – бала жұдырығын түйеді. Одан кейін бас бармағы мен сұқ саусағын түзетіп, бір-бірімен түйістіреді. 3.«Саусақтардың амандасуы» – саусақтарын түзу ұстап, алақандарын бір-біріне қарама-қарсы ұстайды	тұрады. Ортада ұстаушы-жүргізуші тұрады. балалар төмендегі сөздерді айтып, шеңбер бойымен жүреді: «Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш – деп санаңдар. Бір, екі, үш – ал тараңдар!» Осыдан кейін зал ішіне тым-тырақай қашады. Ұстаушы балаларды қуып, ұстауға тырысады	Вагондардың әрқайсысында 2 терезе немесе терезелер жұбы бар
Үзіліс					
Дидактикалық ойын: «Даусынан таны» **Шарты**:Балалар көлік түрлерін дауысына қарай ажыратып, аттарын атап карточкаларын орнына апарып салады. **Дыбыстық жаттығу** Дан-дан-дан-манадан, Дан-дан-дан-шанадан, Ем-ем-ем– мінгізем. Ем-ем-ем – жүргізем.			**Ойын: «Қандай белгі екенін тап?»** **Міндеті** Жол белгілерін ажырата білуге, балалардың жолда жүру ережелері жайында білімдерін бекіту; күнделікті өмірде алған білімін өз бетінше қолдана алуға тәрбиелеу. **Қолданатын көрнекіліктер:** Сақтандыру, тыйым салу, көрсеткіш және қызмет көрсету: жол белгілері желімденген текшелер. **Ойын шарты:** ***1-ші нұсқа***. Жетекші текшелер жатқан үстелге кезекпен шақырады. Бала текшені алып, белгіні атап, сондай сияқты белгілері бар балаларға барады. ***2-ші нұсқа.*** Жүргізуші белгі көрсетеді. Балалар осы белгіні өздерінің текшелерінде табады, көрсетеді және оның не білдіретінін айтады. ***3-нұсқа.*** Ойыншыларға текшелер таратады. Балалар оны мұқият зерттейді. Әрі қарай әр бала өзінің белгісі туралы атын атамай айтып береді, қалғандары оны шешу керек.	
2 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Сауат ашу негіздері	**Сауат ашу негіздері**	**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** «Жуан дауысты дыбыстар»	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** «Кішкентай бағбан» (әңгімелеу)	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Мен ойнағанды жақсы көремін»

	Тақырыбы: « Біз дыбыс пен сөз туралы не білеміз?» **Міндеті:** - Сөздің дыбыстан құралатынын түсіндіру Педагог балаларға ыммен «отырыңдар», «сөйлеменңдер», «тынышталыңдар», – деп белгі береді. Ыммен – сөйлемей ишарамен түсіндіру – Міне, балалар, көрдіңдер ме, сөзсіз өмір сүру қандай қиын, ал біз бәріміз өз ойымызды сөз арқылы айта аламыз. – Балалар, қазір мен бір сөз айтамын. Мысалы: «сиыр», енді сендер бір сөзден айтыңдар. Ал шатасып кетпес үшін мына стақанға әр сөз айтылған соң бір қарындаштан салып отырайық. Мен «сиыр» сөзін айттым, бір қарындаш салайын. Тағы да кім сөз айтады? Ең соңында қарындаштарды санап, педагог қорытынды жасайды. – Міне, біз қандай көп сөз білеміз, айта берсек әлі де көп. – Сендер байқадыңдар ма, кейбір сөз ұзақ дыбысталса, енді бір сөз қысқа	**Тақырыбы:** «Дауысты дыбыстар » **Міндеті** -А дыбысы қандай сөздерде болатынын суреттер көрсету арқылы түсіндіру,А дыбысын хормен айтқызу -Балалар өткен тақырыпты естеріңе түсіндіріңдерші? – Не жайлы айттық? Педагог: Дыбыс айтылуына қарай әртүрлі болып естіледі. Дидактикалық ойын: «Ненің дыбысы?» Ойын шарты: Педагог үнтаспадан әртүрлі көлік түрлерінің табиғат құбылыстарының, жан-жануар, жәндіктердің дыбыстарын естіртеді. Балалар ненің дыбысы екенін табу керек Дидактикалық ойын: «Сөз айт, тез айт» Ойын шарты: доппен орындалады.	**Міндеті:** дауысы дыбыстар жуан,жіңішке болатынын айтып түсіндіру «Кім көп біледі?» ойынын ойнату. Ойлаған сөздеріңді буынға бөлейік. – Әр буында бір дауысты дыбыс болады. Дауысты дыбыстарды қызыл түспен, ал дауыссыз дыбыстарды көк түспен белгілейміз (балаларға көрсету) Дидактикалық ойын: «Күн мен түнді» ажырат. Ойын шарты: Педагог қай сөзде «Т» дыбыс бар Күндіз аспанда не бар болатынын, түнде аспанда не бар болатынын түсіндіреді. Сурет қималарымен ажыратып көрсетеді	**Міндеті** - Балалардың әңгімеге деген қызығушылығын арттыру. Шығарма кейіпкерлерімен таныстыру Әңгіме ұнады ма? – Әңгіме не туралы? – Авторы кім? – Садық бауда не істеді? – Садықты кім ойнауға шақырды? – Қалел досына не көрсетті? – Садық неге бармады? – Күз мезгілінде не өсті? – Садық Қалелге әкесінің қай сөзін айтты? (Балалармен бірге қайталап оқу). – «Кішкентай бағбан» деп кімді айтамыз? – Садықтың жасаған еңбегін қалай бағалайсың? – Сен Қалелдің орнында болсаң, не істер едің? – Әңгіме қалай аяқталды	**Міндеті** Допты бастан асыра бір-біріне лақтырып, оны екі қолмен қағып алуды үйрету Допты бір-біріне екі қолмен бастарынан асыра лақтыру. Екі тізбекке, сапқа бөлініп тұрады (арақашытығы – 2 метр) **(10 рет).** Допты тура қолға лақтырып беруге тырысады. Лақтыру бағытын бұзбауға тырысады. Допты ширақ лақтырады. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жүгіру» (3 рет).** Шеңберге тұрып, балалардың ішінен санамақ арқылы қуалайтын баланы таңдайды. Белгі бойынша орындықтың үстіне қашып шығады. Бір орыннан екінші орынға қашып жүреді. Сайланған бала оларды ұстауға тырысады

	дыбысталады. Сол себепті сөздер ұзын және қысқа болады. Мына екі сөзді тыңдаңдар: үй және кітапхана. Осы сөздердің қайсысы ұзақ, ал қайсысы қысқа айтылады? – Біз ол сөзді өлшеп көрсетейік: 2 қолдың алақандарын біріктіріңдер. Сөзді дыбыстай бастаған кезде алақандарыңды аша бастайсыңдар. Ал дыбыстап болысымен, сол сәтте тоқтай қалыңдар (Бұл жаттығу 2–3 баламен жекелеп жүргізіледі, 6–8 сөз айтылады).	Балалар бір-біріне доп лақтырып, «А» дыбысынан басталатын сөздерді айтады.			
Үзіліс					
Сюжетті - рөлді ойын: **«Кім үздік жүргінші?»** ***Міндеті:*** Жол жүру ережесі бойынша балалардың білімдерін бекіту. (бағдаршамның берген белгісі, жүргінші жол) белсенділігін, назарын тәрбиелеу. **Көрнекіліктер:**1,2,3,4,5,6 сандармен текшелер және 2 фишка. Ойын алаңы. **Ойын барысы:** Бірінші жүргінші №1 үйден, екінші №2 үйден шығады. Текшелерді өздерінің сандары шыққанша лақтыра береді, және қайтадан лақтырады. Сонымен бір түрлі-түсті суреттерге мұқият қарау керек. Бірінші суретте бағдаршамның қызыл шамы жанып тұр. Демек, жүргінші бағдаршамнан тұрған дөңгелекке секіре алмайды. Ол орнында тұра береді. Екінші суретте көлік. Жолды кесіп өтуге болмайды,	***Саусақ ойындары*** **Ойын:« Қозылар»** ***Міндеті:*** саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау. **Тіл дамыту жаттығуы** Мына қозы күні бойы құйрығын бұлғандатты, Ал мына қозы арқасын қоршауға сүйкеді, Мә-мә-мә-мә-мә-мә-мә, Қозыларды мен жақсы көрем, Мына қозы аяқтарымен жерді қопарды, Қопарды да өзі сурет салды, Мә -мә -мә -мә -мә -мә -мә, Қозыларды мен жақсы көрем, Мына қозы ортаға тұрам деп, Бүкіл ағаларын итеріп тастады.	***Саусақ ойыны:*** **« Құрттар»** ***Міндеті:*** Ұсақ мотрикаңың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. **Тіл дамыту жаттығуы** 1,2,3,4,5 Құрттар серуенге жүрді, Бір уақытта қарға алдарынан шықты, Басын шайқап иіле , -Менің түскі асым- деп, Енді қараса құрттар жоқ.	**Психологиялық ойын:** **Ойын:« Сәлемдесу»** жаттығуы. ***Міндеті:*** Бір-бірімен кездескенде амандасу мәдениетіне тәрбиелеу, жылдамдыққа баулу. ***Ойын шарты:*** Қазір біз сендермен ойын ойнаймыз, қимылды тез жасауларың керек. «Бастаймыз» деген белгі берілгенде, мен қалай амандасу керек екенін айтамын, сонда сендер бір-бірлеріңмен тез-тез амандасасыңдар. Әр адаммен әртүрлі амандасасыңдар. Сонымен, көзбен… қолмен… иықпен… құлақпен… тіземен… иекпен… өкшемен… арқамен. 	**Аз қимылды ойын:** **Ойын: «Кеме»** **Міндеті:** Адамдардың әр түрлі мамандықтары туралы балалардың білімдерін жетілдіру, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. **Қажетті атрибуттар:** ағаштан жасалынған кеменің макеті, руль, капитанның қалпағы, балықтар. **Ойын шарты:** Балалар өз қалаулары бойынша капитан мен кеме жүргізушіні тағайындайды, содан кейін әрқайсысы өз орындарына отырады. Капитан өзінің жүргізушісіне оңға бұр, солға бұр, тура жүр,- деп басқарып отырады. Кememен серуенге шыққанда теңізшілердің еңбегі,

орнында тұру керек. Үшінші суретте бағдаршамның жасыл шамы жанып тұр. Текшені текшенің санына байланысты дөнгелектерге жылжытуға болады. Төртінші суретте мотоциклшы. Оны тоқтап, өткізу керек. Алтыншы суретте бағдаршамның сары шамы жанып тұр. Жүргінші сол суреттің бойында тоқтай алады. Жетінші суретте реттеуші онымен қауіпсіз, бірден әженің үйіне баруға болады. Кім жол ережесін бұзбай әжесіне келсе сол жеңіске жетеді. 				балықтардың түрлері жайында мағлұмат беріледі. Саяхат көңілді болу үшін ән айтады. Бұл ойын балаларды ұйымдасқан түрде ойнай білуге баулиды.  	
3 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Қазақ тілі **Тақырыбы**: «Біз мектепте не істейміз?» **Міндеті:** -мектепке неүшін баратынын әңгімелеп айтып беру **Сөздік ойын: «Жалғасын тап».** Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды. Мектеп ... (әдемі, жарық, таза). Таңертең жаттығу ... (жасаймыз). Музыка залында ... (ән айтамыз, би	**Қазақ тілі** **Тақырыбы**: «Мектеп қызметкерлер» **Міндеті** - мамандық иелерін құрметтеуге баулу **Дидактикалық ойын: «Тында, көрсет, қайтала».** Балаларға мектеп қызметкерлерінің суретін көрсету. – Бұл кім? – Бұл – тәрбиеші. – Аты кім? - Айман Төлеутайқызы. \ – Дұрыс Осылайша мектепте жұмыс істейтін музыка жетекшісі, жаттықтырушы	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Керуен» **Міндеті** -«Өкшемен отырып» бастапқы қалпымен көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру дағдыларын, асық ойнау шеберліктерін арттыру **«Секір-секір» (татар халқының ойыны)** (4 рет) Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру. Шеңберді айналдыра құрсауларды тастайды. Балалар осы құрсау ішінде тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Жүргізуші: «Секір-секір!» дегенде, ойыншылар секіріп, орындарын ауыстырады. Осы кезде жүргізуші бір аяғымен секіріп, бос орынға тұрып алуға тырысады. Орынсыз қалған бала жүргізуші болады.	**Математика негіздері** Тақырыбы: «1және 2 сандары» **Міндеті:**- заттарды санай алуға;сандардың айтылу реттілігін үйрету. Заттардың қасиетін,белгісін айқындау және оларды топтастыруды үйрету Екі-екіден көрсетілген заттарды іздейік. Сендерде неше қол, аяқ, көз және құлақ бар? «Екі» сөзінің «жұп» дегенді білдіретінімен таныстырады. Қолғаптар жұбы, шұлықтар жұбы. Бір-бірден көрсетілген заттарды атаңдар Не туралы бір деп айтуға болады? Не туралы екі (немесе жұп) деп айтуға болады? **Д/ ойын «Жұбын тап»**	**Қоршаған ортамен танысу** Тақырыбы: «Нан қайдан келеді?» **Міндеті** - Балалардың нанның дастарқанға келу жолы туралы түсініктерін жетілдіру. Нанға, оны өсіріп, пісіретін адамдардың еңбегіне құрметпен қарауға үйрету **«Тұқым» ойыны**: педагог музыка қосады, балаларға өздерін жерге себілген кішкентай тұқым ретінде сезінуді ұсынады. Кішкентай тұқым қараңғы, ызғар, жұмсақ жерде жатыр. Күн бойын жылытқандай болды, жаңбыр жауды. Содан соң тұқым ісініп, жарылды. Ішінен құлақтанып кішкентай өскін шықты (балалар қолдарын жоғары көтереді). Сабақ жерді жарып шығып,

	билейміз). Серуенге шығып ... (ойнаймыз, демаламыз).	және аспаздың аты-жөндері айтады.	Бірде-бір рет жүргізуші болмаған бала жеңімпаз саналады. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орамалды шығар»** (Дағыстан халқының ойыны) Ойыншылар екі топқа бөлініп, бір-бірлеріне қарама-қарсы тұрады. Араларына сызық сызылады. Әр баланың артында – белдіктерінде орамал тығулы тұрады. Балалар алдыға жылжиды. Жүргізуші: «От!» дегенде, бірінші топтың балалары қашады, екінші топтың балалары оларды қуып, орамалдарын шығарып алуға тырысады. Келесі жолы екінші топ балалары оларды қуады.		күнге қарай талпынып өсе бастады(балалар орындарынан тұрады). Жел ары-бері шайқады. Сонда да өсе берді. Біраз уақыт өтіп, ол сабаққа айналды. Қара бидай тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Қара бидай сабағы). Бидай тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Бидай сабағы) Сұлы тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Сұлы.) Сабақтың өсіп, дамуына не қажет? (Күн, жаңбыр және адам қолдары.) **«Тағы кім?» ойынан ойнауға шақырады.**Тізбекті әрі қарай жалғастырады: наубайшы нан пісіреді, тағы кім пісіреді? (Ана, әже, әпке).
Үзіліс					
Сюжетті-рөлді ойын:« Теңізшілер. Балықшылар. Теңіз астындағы қайық» **Міндеті:** Балаларда ойын барысында бірнеше әрекеттерді логикалық бірізділікте байланыстыру, ойын жағдайына кіру, өзіне рөл алып, ойын аяғына дейін рөлге сәйкес әрекет ету біліктерін қалыптастыру. Балалардың позитивті және топта игілік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. **Жағдаят:** Кеме, теңіз астындағы қайықтың құрылысы. Жүзуге дайындық, маршрутты таңдау, жүзу, рөлдік әрекеттерді орындау, кемені жөндеу, сүңгіуірлердің жұмысы. Байрақты көтеру. Портқа қайту. Майшабақ табу,	***Қимылды ойын:* «Машинамен саяхат»** **Міндеті:** Далада жүру ережелері және жол белгілері бойынша балалардың білімдерін бекіту. **Көрнекіліктер:** О йын алаңы, фишкалар. **Ойын барысы:** Балалар ойын алаңында ойнауда бастап кетті. Жол белгілерінің қасында өтіп бара жатып, тоқтап, әр белгі туралы айтып береді. Кім теңізге бірінші	**Сюжетті-рөлді ойын: « Ұшқыштар»** **Міндеті** Ойында қоршаған ақиқат өмірдің оқиғаларын көрсету біліктерін қалыптастыру. Балалар арасында бірлесіп ойнау дағдыларын, рөлдерді бөлу туралы келісу біліктерін тәрбиелеу. Сюжетті-рөлдік ойынды жаңа мазмұнмен, жаңа эпизодтармен байыту арқылы жалғастыруға үйрету. Сөздік қорын дамыту, сөз сөйлеу қабілетін байыту. **Жағдаят:** Ұшар алдында ұшақты тексеру. Ұшақ ұшуда.Санитарлы ұшақ боранда ұшуда. Мұздақтағы балықтарды құтқару.Ұшақ далада жұмыс істеуде. **Тәрбиешінің іс-әректі:** Диспетчер рөліндегі жерден бақылауды жүргізеді. Ұшақ жағдайларына байланысты бағыт беріп, SOS-дабылы арқылы аэродромдағы жұмысшылардың іс- әрекетін басшылыққа алады. **Балалардың іс-әрекетті:** Техник ұшақтың моторынтексереді, ұшақтың ұшуға дайындығы жөнінде хабарлайды.	***Қимылды ойын:*** **«Автобус жүргізуші»** **Ойын мақсаты:** Балаларды жүргізуші мамандығымен таныстырып, оның пайдасы мен қажеттілігін айқындау, еңбекті сүюге баулу, қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. **Қажетті атрибуттар:** руль, абонементтер, орындықтар, микрофон. **Ойын шарты:** Бір баланы автобус жүргізуші, екіншісін тексеруші етіп тағайындайды. Қалған балалар жүргіншілер. Егер ойын бөлмеде өткізілсе, орындықтар екі қатар етіп қойылады. Борменен еденге алдыңғы, артқы есік белгісін, яғни екі параллель сызығын сызады. Аялдамада тосып	**Релаксациялық жаттығу:«Теңізге саяхат»** Бұл медитативтілік техника денедегі қысымды түсіруге бағытталған, музыкамен орындалады. **Жүргізуші:**Жайланып отырыңыз, көзіңізді жұмыңыз. Терең демалыңыз, денеңізді бос ұстаңыз, денеңізді ауырлап бара жатқандай және оны теңіз толқынының лебі ұрып жатқандай сезініңіз. Өзіңізді жартастың үстінде тұрмын деп есептеңіз және алысқа көз жіберіңіз. Сіздің алдыңызда көгілдір теңіз, ашық аспан және күн. Теңіз барқалыпты дем алып, асау толқандары жағаға соғылып, қайтадан кейін қайтуда. Теңіз толқындарының шуын

аулау, керме ау бұзылды, балық кетіп бара жатыр, кеме тесілді. Жаңа зәкір түсіп, суға батады, теңіздегі өрт, көмек келе жатыр. **Ойын шарты:** Кеме жасаушылар кеме құрады, матростар мачтаның үстінде, қараңғыға үңіліп қарайды, алдыға қарайтын матрос көпірдің үстінде тұр, руль басқаратын адам сейнерді жүргізеді, қайықшы керме ауды дұрыс лақтырғандығын қадағалайды. Боцман матростарға команда береді, олардың жұмыс атқарғанын қадағалайды. Сүңгуірлер теңіз түбін қарайды, зәкірді іздейді, краншылар кемеге жүк тиеді. Механик көмірдің өртенгенін хабарлайды. Дәрігер жүзу кезінде ауырып қалған жолаушыларды емдейді. Балықшылар: торды айналдырады, теңізге тастайды, балық ұстайды, түрі мен сорты бойынша жәшіктерге салады. Механик машиналардың жұмысын тексереді, Жолаушылар билеттерді сатып алып, кемеге отырады, қоғамдық көліктегі жүріс-тұрыстың ережелерін сақтайды; Аспазшы жолаушыларға ас дайындайды. 	жетеді, сол жеңімпаз. 	Жүргізуші жанармай, тыңайтқыш, азық-түліктер әкеледі. Экипаж командирі экипаж мүшелерінің іс әрекетін бақылапбасқарады. Штурман навигациялық жағдайды қарайды катамен жұмыс істейді. Радист балықшылар диқаншылармен рация арқылы байланысып ауа райын сұрайды. Ұшқыш ұшақты басқарады, жерге тыңайтқыш сеуіп, балықшыларға тамақ лақтырып, дәрігер әкеледі. Бортжолсерігі жолаушыларды ұшаққа кіргізіп орындарына жайғастырып, белбеулерді іліктіруді, кофе, газет пен журналдар, кітаптар оқуға ұсынып әкеледі. Ұшқыштарға түскі ас дайындайды. Дәрігер науқас жолаушыны қарап, оған көмек көрсетеді. Балықшылар балық аулап, оларды ашық көлге алып кетеді, ұшақты байқап, оларға байрақты көтеріп белгі береді. Жолаушы билет сатып алады, аялдамада шығып, ұшатын кезде ереже тәртібін сақтайды. ***Зымыран*** ***Ғарышкер***	тұрған жүргіншілер артқы есіктен кіріп, біртіндеп қолдарындағы абонементтерін компостерге тесіп орындарына отырады. Жүргізуші рөліндегі бала «ал кеттік» деп, аузымен мотордың дүрілін салып жүргізеді. Біраз жүрген соң, келесі аялдамаларды «дүкен, дәріхана, парк» деп микрофонмен хабарлағанда, әр аялдамада 4-5 баладан түсіп отырады. Тексеруші рөлін алғашқы кезде тәрбиеші өзі атқарады. Балалар автобустан түскенде қолдарындағы абонементтерін жинап алады. Автобустан түскен балалар «дүкен», т.б. орындарға кіріп, оны-мұны сатып алып, тағы да аялдамаға келіп тосады. Ойынды осылайша қайта жалғастыруға болады. 	естіп, толқындарға қызыға қарап, жағалаудағы теңіздің тұзды ауасын жұтып тұрсыз. Өз бойыңыздағы асқан ауыртпалықтан бір сәтке болса да арылғандайсыз. Сіздің рухыңыз жайлылық сезіміне толы. Сіз төменге түсіп, аяғыңызды шештіңіз, жалаң аяқ құмның қызуы мен жұмсақтығын сезіне отырып жүгірудесіз. Міне сіз судың жанына келдіңіз, толқындар сіздің аяғыңызды жуып жатыр, су жып-жылы әрі жұп-жұмсақ. Сіз қолдарыңызды бос тастап, басыңызды шалқайттыңыз. Күн сәулесі мен жеңіл самал жел сіздің бетіңізді өбуде, теңіз толқындарының тамшылары сіздің денеңізді баурап алғандай. Ерніңізде теңіздің тұзды суының кермек дәмі және бақыт күлкісі. Сіз өзіңізді кішкентай бала сияқты сезініп, жүгіргіңіз, секіргіңіз, су шашып ойнағыңыз, күлгіңіз келеді. Өзіңізге осы бірнеше минут ішінде не істегіңіз келсе, соны істеуге рұқсат етіңіз. Сіздің қайтатын уақытыңыз болды. Міне сіз тағы да жардың басында тұрсыз. Сіздің демалыс пен бақыт сыйлаған ғажайып әлемге алғысыңызды айтыңыз. Көздеріңізді асықпай ашыңыз! - Қандай сезімде болдыңыз? - Не сезіндіңіз? Оқушылардың алған әсерлері сұралады.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Шығармашылық бейнелеу әрекеті Тақырыбы: «Тостаған» (Акварель бояу) **Міндеті** - балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіндері туралы білімдерін жетілдіру, тостаған туралы білімдерін бекіту -тостағанды мүсіндеу әдіс-тәсілдерін үйрету -- ұсақ қол қимылдарын дамыта отырып, қию, жапсыру дағдыларын қалыптастыру - қағаздан құрастыруға үйретуде түрлі бағытта: тегістеп бүктеу, шаршы қағазды бүктеубіліктерін қалыптастыру -Балалар, менің қолымдағы ыдысты қалай атайды? Менің қолымдағы тостағанның қандай ерекшелігі бар? Сендердің үйлеріңде осындай тостағандар бар ма? Сурет салу кезінде заттың фонына көңіл бөлу керек, себебі заттағы ою-өрнектің реңкі әртүрлі болуы мүмкін. Бүгін біз тостағанды салып, әшекейлеуді үйренеміз. Қағазға бір түсті акварель бояуымен тостағанның суретін саламыз -Салу тәсілдерін көрсету	**Қоршаған ортамен танысу** Тақырыбы: «Нан қайдан келеді?» **Міндеті:** - Балалардың нанның дастарқанға келу жолы туралы түсініктерін жетілдіру. Нанға, оны өсіріп, пісіретін адамдардың еңбегіне құрметпен қарауға үйрету **«Тұқым» ойыны**: педагог музыка қосады, балаларға өздерін жерге себілген кішкентай тұқым ретінде сезінуді ұсынады. Кішкентай тұқым қараңғы, ызғар, жұмсақ жерде жатыр. Күн бойын жылытқандай болды, жаңбыр жауды. Содан соң тұқым ісініп, жарылды. Ішінен құлақтанып кішкентай өскін шықты (балалар қолдарын жоғары көтереді). Сабақ жерді жарып шығып, күнге қарай талпынып өсе бастады(балалар орындарынан тұрады). Жел ары-бері шайқады. Сонда да өсе берді. Біраз уақыт өтіп, ол сабаққа айналды. Қара бидай тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Қара	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Менің досым» **Міндеті:** - Суретке қарап әңгіме құрауды үйрету, баланың, сөздік қорын байыту. Бала бойындағы досына деген сенімділігін дамыту -Балалар, «Дос» деген сөз жай айтыла салмаған сөз екен. Дос болудың да үлкен жауапкершілігі бар екенін түсінулерің қажет. Досыңа адал болсаң, досың саған да адал болады. **-Досыңа қандай сыйлық бересің суретін сал**	**Музыка** **Тақырыбы:** «Нота үйренейік» **Міндеті:** Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Музыка сипатын анық ырғақты, ширақ жүріспен беру **Музыка тыңдау:** «Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өңдеген Т. Қоңыратбай). **Ән айту**: «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев), «Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Марш» (В. Дешевов) Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені) **Ойындар, хороводтар:** «Сиқырлы ағаш» («Дидактикалық ойындар» жинағынан)	**Музыка** **Тақырыбы**: «Көңілді ырғақтар» **Міндеті:** Музыка сипатын ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру **Музыка тыңдау**: «Вальс» (Қ. Шілдебаев), «Полька» (М. Красев), «Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев) **Ән айту:** «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров) «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Биімді қайтала» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен) **Билер**: «Жұптасу биі» (чех халық әуені) **Ойындар, хороводтар:** «Ән салған кім?» (А. Райымқұлова) **Музыкалық аспапта ойнау:** «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай)

		бидай сабағы). Бидай тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Бидай сабағы) Сұлы тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Сұлы.) Сабақтың өсіп, дамуына не қажет? (Күн, жаңбыр және адам қолдары.) **«Тағы кім?» ойынан ойнауға шақырады.**Тізбекті әрі қарай жалғастырады: наубайшы нан пісіреді, тағы кім пісіреді? (Ана, әже, әпке).			
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру				
	Қоқыстарды жинау	Ағаштарды жинақтау	Сары жапырақтарды жинау	Құстарға жем шашу	Киімдерді жинақтау
		Мақсаты:-балаларды еңбекке баулу,ересектердің еңбегін бағалау			
	«Айгөлек»	«Жарғанат»	«Тез жет»	«Кім заттарды көп жинайды?»	«Құрлар»
Серуен	**Бақылау:** Ауа-райын бақылау. **Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. **Еңбек: «** Таза алаң » . **Мақсаты:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. **Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов « Күшік » .** **Мақсаты:** Үдыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. Е.Өтетілеуов. « Күшік » . Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап **Ойын:** « Қасқыр мен қаздар » . **Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. **Қимылдық ойын:** « Тымпи-тымпи » . **Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. Ойын барысы:Тымпи-тымпи ойынын бастаушы дөңгеленіп отырған ортасына шығып: « Тым-тырыс, тымпи-тымпи » ,-дейді.Осы сәтте қалған адамдар үндемеуге тиіс.Ортаға шыққан адам әр түрлі әзіл, сықақ, қызықты әңгімелер айтып	**Бақылау:** Күзгі жапырақтарды бақылау. **Мақсаты:** Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. **Еңбек** : Жапырақтардан гүл шоғын жасау **Мақсаты:** Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. **Жеке жұмыс: « Күзгі жапырақ » тақпақ** Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей **Мақсаты:** Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту. **Ойын:** « Аю жүрген орманда » . **Мақсаты:** Қимыл қозғалысын дамыту **Қимылдық ойын :** « Монданақ » . **Ойын барысы:** Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады.Ортаға біреу шығады.Отырғандар тізерлеп: « Әне кетті монданақ,міне кетті монданақ » ,-деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды.Оны жасыра алмаған ойыншы ортаға шығады. **Балалардың өз бетімен ойнауы:** 1.Орта доп 2.Әткеншек тебу 3.Қуаласпақ	**Бақылау:** Алтын күзді бақылау. **Мақсаты:** Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау.Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату. Қуандырып біздерді, Мерекелі күз келді Кел жемісті алтын күз Кемелденсін халқымыз. Қимылдық ойын: « Жылғадан қарғып өтеміз » , « Қоян мен қасқыр » . Мақсаты:Ептілікке, жылдамдыққа бірлесіп ойнауға үйрету. **Еңбек** : « Таза алаң » **Мақсаты:** Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету. **Жеке жұмыс: « Отбасы мүшелері »** **Мақсаты:** Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету. **Қимылдық ойын:** « Көрші » . Мақсаты:Балалардың ептілікке , сезімталдық,кеңістікті бағдарлай білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту.Шапшаң қимылдап, жылдам жүгіруге үйрету. **Ойын барысы:** Балалар екі-екіден қол ұстасып , бірінің артына бірі тұрады.Олардың алдынан 3- 8 метр жерден сызық жүргізіледі.Ол сызықтың бойында торуылшы	**Бақылау:** Жәндіктерді бақылау. **Мақсаты:** Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады?Мінекей, құмырсқаларды қарандаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр. « Қыстың қамын жаз ойла » . **Еңбек** : Біздің алаң. **Мақсаты:** Ауладағы жапырақтарды жинау.Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету. **Жеке жұмыс: Тыйым сөздерді жаттату.** **Мақсаты:** « Суға түкірме « , « Нанды баспа » , « Дастархан басында кекірме » т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру. **Қимылдық ойын: « Итеріспек »** **Ойын барысы:** Ойын көгалда өткізіледі, үлкен шеңбер сызылады, ортаға екі ойыншы шығады.Егер бір аяқпен секіріп жүріп , екі баланың біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен қарсыласын шеңберден итеріп шығарса жеңгені. Аяғын жерге тигізіп алса, жеңілгені.Ойын жалғаса береді. **Балалардың өз бетімен ойнауы:** 1. Тығылыспақ. 2. Тартқышқа тартылу. 3.Допты қуалау.	**Бақылау:** Күнді бақылау. **Мақсаты:** Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле (жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу. **Қимылдық ойын:** « Таяқшадан аттап өт » , « Қуаласпақ » Мақсаты: Жылдамдыққа , ептілікке баулу. **Еңбек** : Гүл шоғы. **Мақсаты:** Алаңдағы жапырақтарды жинап , олардан әдемі гүл шоғын жасау. **Жеке жұмыс:** Е.Өтетілеуұлы . « Бағдаршам » **Мақсаты:** Бағдаршаммен таныстыру.Жолда жүру ережелерін түсіндіру. Е.Өтетілеуұлы « Бағдаршам » Сақта көше тәртібін Бағдаршамның ал « тілін » Біліпт алдым мен де: Жасыл жанса, демде Алға кетем лезде. Сары жанса , сабыр Сақтай тұрам әзір. Жанса қызыл шоқтай, Қаламын кілт тоқтай. **Қимылдық ойын: « Үрпек төбет »** **Мақсаты:** Тез жүгіре білуге үйрету, жылдамдыққа , батылдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы: Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол ортада отырады.Қалған балалар оған жай ғана жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді: Алдыңғы екі аяққа басын сұғып, Әнекей жалбыр төбет жатыр сұлық, Белгісіз жатқаны ұйықтап, яки қалғып, Момақан, сырт пішіні жуас салғырт Ояталық жақындап барайық та, Қайтер екен содан соң-қарайық та. Төбет орынан ұшып тұрып үре бастайды.Балалар қаша жөнеледі.Төбет

	отырғандарды күлдіруге тырысады.Белгілі уақытқа дейін өзінің осындай « өнерімен » ешкімді күлдірте алмаса, жеке адамның жанына барып , соны күлдіртуге күш салады.Әзіл-сықақтары әлсіз, әсерсіз болса, аузы-мұрнын қисайтып, түрлі қолайсыз қимылдар жасап күлдіруге әрекет етеді. Осы сәтте әлгі ойыншы үн шығармауға, ортадағы адамның сұрағына жауап бермеуге тырысады.Ал, сөйлеп , күліп қойса айыпкер саналады. Айыбы үшін өлең айтып би билейді.Айбын өтегеннен кейін ол ортаға шығып, ойынды басқарып кетеді. **Балалардың өз бетімен ойнауы:** 1. Әткеншек тебу. 2. Допты қуалау **.** **Тренинг:** « Біз біргеміз » .	**Тренинг:** « Бір шаңырақ астында » .	бір бала тұрады.Тәрбиешінің белгісімен ең артында тұрған бала, балалар тобының екі жағымен жүгірген бойы сызықтан өтіп қайтадан қол ұстасуы керек. Егер ұстап алса , қолынан жетектеп әкеліп , топтың алдына келіп тұрады.Ал қалған біреуі торуылшы болып, сызықтың үстінде қалады. Балалар жүгіріп келе жатқанда торуылшы оларға арқасын беріп , теріс қарап тұрады.Ортасында тұрған қасқыр қуып береді.Қолға түскен балалар ойыннан шығып қалып, келесі ойынға кіреді.Қасқырларды ұсталып қалған балалардың арасынан сайлайды. **Дербес ойындар.** **Тренинг:** « Біз татумыз »		оларды қуа жөнеледі.Балалардың бәрі жан-жаққа қашып тығылады.Төбет қайтадан ортаға отырады .Ойын жаңа бастаушымен қайта басталады. **Балалардың өз бетімен ойнауы:** **1.Төбешіктен-төбешікке секір.** **2.Күн мен түн** **Тренинг:** « Күн шуағы » **.**
Балаларды үйге қайтару	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «А» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі **4 -апта** 23-27 қазан 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Пж ойын: «Кім көп сөз айтады?» Шарты: Педагогтың артынан бірнеше сөзді қайталап айтады	Еркін ойын: « Бұл үйде кімдер тұрады?» Шарты: Қуыршақтарымен үй жасап ойнайды		Еркін ойын: «Бауын байла» Шарты: Фетрдан жасалған аяқ киімдердің бауын байлап ойнайды.	Еркін ойын: «Ертегілер елінде» Шарты: Саусақ театр арқылы ойнайды
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үстел үсті ойыны – пазл: «Әсем гүлдер бағы » Балалармен әсем гүлдер туралы әңгімелесу.	Құрылыс ойындары: «Біздің аула гүлдері»		Үстел үсті театры: «Раушан гүлдер» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.	Сюжеттік ойындар: «Қош иісті гүлдер» еркін сурет салу. Д/ойын: «Менің сүйікті гүлім»
Гимнастикалық жаттығу	Гимнастикалық жаттығу кешені № 4				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Табиғатым тамаша» Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса.	«Дала қандай тамаша» Дала қандай тамаша, Ақ мамыққа оранған. Ақ дастарқан жайғандай, Көз тоймайды қараса.		«Табиғат...» Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған. Сен күнсің көтерілген күліп қырдан. Сен көлсің, сен ормансың. Сен - бұлбұлсың, Адамға сұлулықты шын ұқтырған!	«Табиғатым тамаша» Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				

	Сөйлеуді дамыту **Тақырыбы** Күзгі жапырақтар **Міндеті:**, Дауысты дыбыстардың дыбысталуындағы ерекшеліктерді түсіндіру **Күзгі жапырақтар** Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырықық. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы.** «Алтын астық» **Міндеті:** өлеңді дауыс ырғағымен, логикалық екпінмен жаттауға дағдыландыру. **Жұмбақты шеш.** Ұзын мұртты сарылар, Қойнында дәні бар. (Бидай) . Не артық? Белгіле. Балаларға астық жинауға қатысы жоқ затты – себетті белгілетеді.		**Дене шынықтыру** **Тақырыбы «Біздің стадион»** **Міндеті::** Әртүрлі жүру түрлерімен жүруге үйретуді жалғастыру (аяқты айқастырып жүру, отырып және жартылай отырып жүру, артпен жүру – 4 метр), қолдарының үйлесімді ырғақпен қозғалу шеберліктерін (машықтарын) дамыту **Аяқты уқалау** (Б.қ. – малдас құрып отыру). Мақсаты: аяқтағы белсенді биологиялық нүктелерді уқалау. Аяқтың энергетикалық каналдарын тазалау. Сол аяқтың табанын алдына тартып, башпайларды уқалайды, башпай араларын сипалайды, башпайлардың арасын ашады. Өкшені қатты қысады, табанды сипалайды, шымшиды. Табандарын айналдырады, табанды алақандарымен шапалақтайды. Осылайша оң табанды уқалайд	**Математика негіздері** **Тақырыбы:** Дөңгелек және сопақша **Міндеті:**: сопақша геометриялық фигура туралы ұғым қалыптастыру **Топпен жұмыс** Педагог балаларға фигуралар жиынтығын – шеңберлерді, сопақшаларды, шаршыларды, тіктөртбұрыштарды таратады және өздерінің «моншақтарын» немесе өрнектерін жасауды ұсынады. Содан кейін, педагог өлшемі жақын шеңбер мен шаршыны, сопақша мен тіктөртбұрышты салыстыруды ұсынады. Балалар топпен жұмыс жасайды, фигуралардан өрнектер жасайды
Үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар *«Мысықтар мен балалар»*					
БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР Дауыстарын қайтала. Аң біткенмен алысқан Ақырады **арыстан:** **А-а-а-а-а-а** Нәзік дауысы қозының Естіледі алыстан: **Мә-ә-ә-ә-ә** Дөңгелетіп аузыңды, Жіңішкертіп даусыңды,			**Ойын:** ***«Мысықтар мен балалар»*** **Мақсаты:** Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке,алғырлыққа тәрбиелеу. **Ойынның шарты:** Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады. Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады.Балалар «кис-кис», деп шақырады.Мысықтар жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.		

Бұзаумын деп ойла да,
Дауысын оның қайтала:
Мо—о-о-о
(Балақай, жан жануарлардың дауыстарые сала отырып, кей дыбыстардың жуан кей дыбыстардың жіңішке айтылатынына зер сал)
Майлыаяқ.
Жайлау толы малды аяп,
Күзетіп жүр Майлыаяқ.
Жолатпайтын ешкімді,
Дауысы алыстан естілді:
(ақырын дауыспен) –р-р-р-р-р-р
«Тамақ жеймін ашпын д»,-деп,
«Қорқып иттер қашсын», -еп,
Күжірейтіп желкесін
Ырылдады қасқыр кеп:
(орташа дауыспен)-р-р-р-р-р-р
«Қорықпаймын сенен»,-деп,
«Сазайыңды берем»,-деп,
Дірілдетіп қасқырды
Айбатын ит асырды:
(қатты дауыспен) –р-р-р-р-р
«Мынау бәле екен» деп,
«Түбіме бұл жетер» деп,
Қорқып қасқыр жөнелді,
Қайтып келмес ол енді.
(Балақай, қасқырдан да қорықпайтын төбет иттердің болатынын сен білесің бе?
Өзара екі топқа бөлініңдер де, **қасқыр мен иттер** болып алдымен ақырын, сосын орташа, ең соңында қатты дауыспен «р» дыбысын созып айтыдар.)

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Сауат ашу негіздері **Тақырыбы** Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз **Міндеті:**: буын туралы түсініктерін қалыптастыру **Дидактикалық ойын: «Сөйлемдерді толықтыру».** Ойын шарты: балалар педагогтің бастаған сөйлемін жалғастырады және сол сөзді буынға бөліп созып айтады. – Өзімнің үлкен бауырым ... (а-ға) – Қыз құлағындағы әшекей ...(сыр-ға) – Ат тұяғындағы	**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы.** Ойнай отырып оқимыз **Міндеті:** буындардан сөз құрауға үйрету. **«Жоғалған буын» дидактикалық ойыны** **Шарты**: педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құраса болады. те -(геш), те -(рек), те -(мір), те -(сік), те -(тік). ор -(та), ор -(ман), ор -(ақ). өр -(мек), өр -(кеш), өр -(ле), өр -(мек-ші) **«Буынды қос» дидактикалық ойыны** – Балалар шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, буынды қосып,		**Көркем әдебиет** **Тақырыбы.** «Алтын астық» **Міндеті:** өлеңді дауыс ырғағымен, логикалық екпінмен жаттауға дағдыландыру. **Жұмбақты шеш.** Ұзын мұртты сарылар, Қойнында дәні бар. (Бидай) . Не артық? Белгіле. Балаларға астық жинауға қатысы жоқ затты – себетті белгілетеді.	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы «Менің үйім»** **Міндеті:** - Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға жаттықтыруды жалғастыру, допты алдыға, жоғары лақтыра білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту **Саусақ гимнастикасы: «Менің үйім»** «Тау басындағы үйді көріп тұрмын (алақандарыңды қосып, үй жасаңдар), оның айналасы жап-жасыл (қолдарыңмен толқын тәрізді қимылдар жасаңдар). Мынау – ағаш, мынау – бұталар (ағаш пен бұталарды бейнелеңдер). Мынау – хош иісті гүлдер (алақандарыңмен гүлдің қауызын жасаңдар). Үй қоршаумен қоршалған (ауада саусақтарымен ирек сызықтар сызады). Аула іші тап-таза (ауаны

		сөзді жалғастырады. Мысалы:(ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады.			сипаландар), қақпаны ашамыз (қақпаны ашқан тәрізді бейнелейді). Үйге қарай жүгіреміз (саусақтар «жүгірді»), есікті қағамыз: (жұдырықпен): түк-түк-түк. Есікке кім жақындап келе жатыр? (Алақанға құлақтарын тосады), Біз қонаққа келдік, көп базарлық әкелдік (қолды алдыға созып, бір нәрсе әкеле жатқандай бейнеленңдер)».

Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Сылдырмақпен сылдырлат»

Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары

«Жасыру» саусақ ойыны.

Ойын шарты: Қатысушылар алақанға қысқа қарындашты салады, жұдырықты жұмады және ашады.

Қысқа қарандаш аламыз, жұдырыққа қысып, жасырамыз.
Ал енді, келесі қолға жасырамыз.
Қарандашты қыса отырып,
Алақанды ауыстырамыз.
Бұл ойында баланың қол икемділігі, танымдық деңгейі артады.

«Салат» саусақ ойыны.

Сәбізді алып тазалаймыз, (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды)
Үккішпен үгіп майдалаймыз, (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды)
Қанттан сеуіп дәмдейміз, (саусақтардың ұшымен қант себеді)
Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді)
Дәруменге байыған. (алақанымен іштерін сипалап,
тойғандықтарын көрсетеді)

Ойын: «Сылдырмақпен сылдырлат »

Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

Ойынның шарты: 5-6 балалар аланның бір жағында сызықтың ар жағында тұрады. Қарама-қарсы жақта орындықтарда бір бірінен арақашықтығы бірдей болып сылдырмақтар /бал-ң санына сай/ жатады. «1-2-3, жүгіріңдер»- деген белгі бойынша балалар сылдырмақтарға қарай жүгіреді, жоғарыға көтереді де сылдырлатады. Бірінші жетіп, сылдырлатқан бала жеңіске жетеді. Сол балалар орындарына барады, басқа ойнаушылар қатысады.

Ұсыныс: Ойынды қиындатуға болады: кедергілерден секіртіп /жіптен, текшелерден, шеңберден өту, т.б./

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Тақырыбы** Ойнайық та ойлайық **Мақсаты** өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталау, білімдерін бекіту Суретте қай жыл	**Қазақ тілі** **Тақырыбы:** Неше? Санау **Мақсаты** сөйлемдерді дауыс ырғағымен түрлендіріп айтуға жаттықтыру . **Дидактикалық ойын:**		**Математика негіздері** **Тақырыбы** Шар, текше, цилиндр **Мақсаты** геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру **«Пішінді табыңдар»**	**Қоршаған орта** **Тақырыбы:** Менің елімнің салт-дәстүрі. **Мақсаты** ата-бабаларымыздан қалған салт-дәстүрді жоғалтпай әрі қарай жалғастыру керектігін түсіну; салт-дәстүрдің адам өміріндегі маңызы туралы

	мезгілі бейнеленген? Күз мезгілінің суретін аяқтап сал. Күздің белгілерін ата.	**«Кім тапқыр?».** Бірден онға дейін сандарды ретімен қою, санау.2 3 4 1 5 7 6 10 8 9 1 2 3 4 5 6 7 8 9 1010 9 8 7 6 5 4 3 2 1 **Ойын: «Баспалдақпен жоғары көтеру».** Басбармақ пен сұқ саусақтың көмегімен жоғары тура санау, төмен кері санау (қол моторикасын дамыту).		**дидактикалық ойыны.** Дорбада (мөлдір емес) әртүрлі геометриялық пішіндегі заттар бар. Тапсырманы күрделендіру үшін жүргізуші дорбадан нақты пішінді табуға тапсырма береді. Бұл ретте бала қажетті пішінді тапқанға дейін бірнеше пішінді кезек-кезек ұстап көреді. Балалардың әрқайсысында «Сиқырлы» дорбаның болуы орынды. Пішіндерді өзара салыстырып: «Шардың қабырғалары бар ма? Шар, текше домалайды ма?» – деген сұрақтарға жауап береді. Ойын ойнайды. Бала пішіндерді қолымен ұстап, сипалап, атауын атайды. Пішіндерді өзара салыстырады. Оларды қоршаған ортадағы заттармен салыстырады. Заттардың неге ұқсайтыны туралы қорытынды жасайды. Қызығушылық танытады, педагогті мұқият тыңдайды, ойын ережелерін орындайды	алғашқы түсініктерінің болуы. **«Үй сыртында қолағаш» ойыны.** Педагог ойын барысында қауіпсіздік шараларына назар аударады. Балалар дөңгелене қол ұстасып тұрады. Ойын бастаушы орамалды алып, балалардың сыртын айналып жүгіріп, былай дейді: «Үй сыртында қолағаш» ойыны. Педагог ойын барысында қауіпсіздік шараларына назар аударады. Балалар дөңгелене қол ұстасып тұрады. Ойын бастаушы орамалды алып, балалардың сыртын айналып жүгіріп, былай дейді: . Қол ұстасып тұрған балалар қолдарын ажыратпайды. Ол – есік ашпағанның белгісі. Ойын бастаушы: «Үй сыртында қолағаш Озам десең, ала қаш» – деп, өзі таңдаған баланың арқасынан орамалмен соғып қалып, орамалды тастай сала жүгіре жөнеледі. Орамал алған бала қарама-қарсы жақпен жүгіреді.

Үзіліс: Секіруге арналған ойындар «Көжектер» ойыны

Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары

«Кірпі» жаттығуы

Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады)
Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды).
Кіріп кетсе қолыңа,
Өкпелеме жарайма!

Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу.

Мақсаты : қол саусақтарының күрделі үйлесімді қимылдарын дамыту.

А) Алақанды үстелдің үстіне қоямыз. Балалар бірінші оң, содан кейін сол қолдың саусақтарын бір-бірден көтереді. Осы жаттығуды кері жасап, қайталайды.

Б) Алақандар үстелдің үстінде, балалар кезекпен екі қолдың саусақтарын шынашақтан бастап көтереді.

В) Балалар сұқ және ортаңғы саусақтарымен қаламды немесе қарындашты ұстайды. Осы саусақтарын бүгіп, қайтадан қалпына келтіреді., бұл жерде қаламды үлкен саусақтан төмен түсіп кетпеуін қадағалау керек.

Ойын: «Көжектер»

Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты салтына тәрбиелеу.

Шарты: Балалар шеңбер жасап тұрады. Бір бала “түлкі” болады. Қалғандары көжектер секіріп билеп жүреді. Түлкі сыбдырды естіп көжектерді қуады. Қаша алмай қалған көжектерді түлкі ұстап алады, ойын осылай қайталана береді.




4 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Шығармашылық бейнелеу әрекеті **Тақырыбы:** Сазбалшықтан жасалған табақ **Міндеті:** - тәрелкені салу ерекшеліктерін, оны ою-өрекпен безендірудің орындалу тәсілдерін үйрету --табақты мүсіндеу --геометриялық пішіндерден табақ қию -- Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. **Топтық жұмыстар**	**Қоршаған орта** **Тақырыбы** Жыл құстары **Міндеті:** Қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту **«Үшіншісі артық» атты дидактикалық ойынын** ұйымдастырады. Мақсаттары: балалардың құстардың алуан түрлілігі туралы білімдерін бекіту. Педагог құстардың аттарын араластырып, шатастырып айтады. Қатені байқаған бала қол шапалақтауы тиіс (торғай, қарға, шыбын, суықторғай және т.б.). Өзекті мәселе: Құстар бізге қандай пайда әкеледі? Талқылайды. «Зиянкес жәндіктер мен кеміргіштерді жояды» деген қорытынды жасайды. Сонымен қатар өсімдіктердің тұқымдарын таратып, олардың көбеюіне көмектеседі		**Музыка** **Тақырыбы** «Сабантойды тойлаймыз» **Міндеті:** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту **Музыка тыңдау:** «Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова) **Ән айту:** «Сабантой» (Е. Хасанғалиев) «Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Марш» (Е. Андосов) **Билер:** «Көңілді қолшатырлар биі (педагогтің таңдауымен) Ойындар, хороводтар: «Теңге алу» қазақтың ұлттық ойыны («Адай» Құрманғазы, үнтаспадан)	**Музыка** **Тақырыбы** «Сабантойды тойлаймыз» **Міндеті:** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту **Музыка тыңдау:** «Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова) **Ән айту:** «Сабантой» (Е. Хасанғалиев) «Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Марш» (Е. Андосов) **Билер:** «Көңілді қолшатырлар биі (педагогтің таңдауымен) Ойындар, хороводтар: «Теңге алу» қазақтың ұлттық ойыны («Адай» Құрманғазы, үнтаспадан
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.		Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	**Бақылау:** Тұманды бақылау. **Мақсаты:** Күздегі тұманды бақылау , тұманның қайдан пайда болатынын түсіндіру. **Еңбек** : Ағаштардың түптерін қопсыту. **Мақсаты:** Табиғатты аялай білуге , өсімдіктерге қамқор болуға , оларды күтіп – баптауға тәрбиелеу. **Жеке жұмыс: Мақал-мәтел.** Таза болса- табиғат,	**Бақылау:** Шықты бақылау. **Мақсаты:** Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы. **Еңбек** : Ағаш бұтақтарын жинау. **Мақсаты:** Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету. **Жеке жұмыс: « Менің Отаным » өлеңін жаттату.**		**Бақылау:** Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау. **Мақсаты:** Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деәсер ететіндігін түсіндіру. **Еңбек** : Біздің ойын алаңы **Мақсаты:** Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу. **Жеке жұмыс** : Жел тынымсыз гуілдеп, Болып кетті тым бұзық	**Бақылау:** Кемпірқосақты бақылау . **Мақсаты:** Күз ерекшеліктерін түсіндіре отырып , жаңбырдан кейін аспанда әшкейленген кемпірқосақ шығатыны туралы түсінік беру. Түстерін ажыратып айту. **Еңбек** : Біздің аула **Мақсаты:** Ауладағы ағаш бұтақтарын жинау .Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. **Жеке жұмыс** : Жұмбақ: Алдым да әр түрінен жібек жіптің ,

	Аман болар – адамзат . **Мақсаты:** Мақал жаттату арқылы баланың сөздік қорын жетілдіріп, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың табиғат , денсаулық туралы түсініктерін тереңдету. **Ойын: « Біз кішкене отбасы »** **Мақсаты:** Үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.Отбасы мүшелерін дұрыс атауға үйрету. **Қимылдық ойын: « Шымшық доп »** **Ойын барысы** : Алаңның ортасындағыбір тағанның үстіне ұзындығы 30 см, ені 6-7 тақтайшаны қисайтып қояды.Оның төменгі жағына кішкене доп қойылады.(Доп дұрыс орналасу үшін тақтайға ойыс жасап қою қажет).Ойнаушылавр тақтайшадан айналып тұрады.Басқарушы таңдап алынады.Ол тақтайшаның жоғарырақ тұрған бос шетін аяғымен теуіп қалғанда, доп жоғары секіріп кетеді.Ойнаушылар оны ұстап алады.Допты ұстап алған бала басқарушы болады да, ойын қайталанады. Ойынға бір мезгілде 5-6 баладан қатыса алады. **Балалардың өз бетімен ойынын ұйымдастыру:** **1.Жарысу.** **2.Төбешікке секіру.**	Отан – менің ата-анам, Отан-досым , бауырым. Отан-өлкем, астанам, Отан-туған ауылым. **Мақсаты:** Отанын сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу. Патриоттық сезімдерін арттыру. **Ойын:** « Қояндар секіреді » . **Мақсаты:** Қос аяқпен секіруге үйрету.Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. **Қимылдық ойын:** « Қаздар мен бақташы » . **Ойын барысы:** Ойыншылардың ішінен қасқыр мен бақташы таңдап алады.Басқа балалар болады.Ортадан бір сызық созылады.Ол-қаздардың үйі болады.Бақташы қаздарды жайып шығады.Олар далада жайылып жүреді. Бақташы: Қаздар, қаздар!? Қаздар: га,га,га Бақташы:тамақ жейсіңдер ме? Қаздар: иә, иә, иә. Бақташы: Ендеше ұшыңдар. Қаздар:жоқ , аш қасқыр бар Жібермейді ол жолда Бақташы: тез ұшыңдар қалайда ! Осы кезде қаздар қанаттарын қағып ұшып бақташыға қарай жүгіреді. Қасқыр ұстағандарын жинап қояды. Екі рет оянғандарында ауысып басқа балаларға кезек береді. Еркін ойындар. **Тренинг:** « Қаздар болып ұшайық » .		Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. **Мақсаты:** Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету.. **Қимылдық ойын:** « Айгөлек-ау, айгөлек » . **Мақсаты:** Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу. **Қимылдық ойын: « Фигура жасап шық »** **Ойын барысы** : Ойнаушылардың арасынан бастаушы таңдалынып алынады.Ол шеткірек тұрады. Балалардың қалғандары жүгіреді , бір аяғымен екінші аяғын шалыс баса (ирек жүріспен) алаң бойы секіреді. Тәрбиешінің сигналынан, дабыл қағу немесе « тоқта » деген сөзден кейін барлығын орындарына барып қозғалмай тұрады.Басқарушы барлық « фигураларды » айналып шығып , ең ұнайтынын таңдап алады. Енді басқарушы бала беруші болып саналады да, ал алдыңғы басқарушы қалған балаларға қосылады да , ойын қайталанады. **Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру:** Қуаласпақ. Тығылыспақ. **Тренинг: « Киіз үй » .**	Аспанға әшекейлеп Кесте тіктім. (Кемпірқосақ) **Мақсаты** : Түстерді ажырата білу. Балалардың ой – өрісін дамыту, есте сақтау қабілетін арттыру. **Қимылдық ойын: « Тышқан мен мысық » .** **Мақсаты:** Балаларды ептілікке , шапшаңдыққа үйрету. **Қимылдық ойын:** . « Қимақ » . **Ойын барысы:** Бұл ойынды жіп керіп , сол керілген жіпке әр түрлі ұзындықта кішкентай ойыншықтар байлап қояды.Ойын көңілді болу үшін ойыншының көзін байлап қояды.Ойын бастаушы оның қолына қайшы ұстатып, « осы ойыншықтан барда қалағаныңды қиып ал » ,-дейді.Ойыншы қиып алған ойыншығын алады.Егер бірінші рет қия алмаса , екінші рет әрекеттенуге болмайды. **Дербес ойындар:** **1.Әткеншек тебу.** **2.Ирек жолмен жүру.**
Балаларды үйге қайтару	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.		***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ

Мектепалды О «А» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі **1-апта** 06 - 10 қараша 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	«Дұрыс көрсет, ажырат» **Мақсаты**: Балалардың тағамдар мен ыдыстар туралы біледі, олардың атауларын айта алады.	**«Өзім және отбасым»** **Мақсаты**: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы айта алады бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсінеді	**«Мамандықтың бәрі жақсы»** **Мақсаты**: балалар әр түрлі мамандық иелерін біледі.	**«Бұны қай кезде киеді?»** **Мақсаты**: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндай алады	**Бақша да ма,бау да ма?** **Мақсаты**: Жемістер мен көкөністерді ажырата алады
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Шарикті үрлеу». (үстел үсті ойыны)	«Гүлді құрастыру»Топтық ойын	Жапырақ гүлін жасау	Фантикті жинау	Қағазды бүктеу,жазу
Гимнастикалық жаттығу	**Гимнастикалық жаттығу кешені № 5**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін	Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін	Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін	Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін	Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін
Білім беру ұйымының кестесі бойынша	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				

ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті: -** Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту Шаштараз Ұжымшарға жаңадан, Келген еді шаштараз. Өзі сондай таза адам, Өсіп кеткен шашқа араз Кім бөлмесе көңілін, Өсті екен деп баста шаш. Салақ болса кімде-кім, Соны ұнатпас шаштараз өлең ішінен түбірлес сөздерді тапқызу	**Көркем әдебиет** **Міндеті: -**диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру Балалар, суреттен нені көріп тұрсыңдар? – Мысық қалай дыбыстайды? – Ол нені жақсы көреді? – Бүгін «Мақтақыз бен мысық» атты қазақ халық ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегінің әңгімеден айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан құрастырады. Ертегіні оқып беріп, мазмұнын ашу Ертегі не туралы? – Мақтақыз не тауып алды? – Мақтақыз мысықты қалай жазалады? – Мысық қатық іздеп жүргенде нелерге кездеседі? – Мысық құйрығын қалай қайтарып алды?	**Математика негіздері** **Міндеті:** Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту – Қабырғадан қарап тұр, Уақытты санап тұр. (Сағат) Ағайынды екеуі Шеңбер бойы жүгірген. Аласа бойлы ағасы Бір айналып өтеді, Ұзынтұра інісі Сағат сайын өтеді. (Сағат тілдері.) – Сағат адамға нені білуге көмектеседі? (Уақытты.) Бүгін біз оқиғалардың ұзақтығы мен кезектілігін, яғни нені бұрын, нені кейін болғанын анықтап білеміз Педагог балалардың таңертең, күндіз, кешке, түнде не істейтіні туралы сұхбат жүргізеді. Ата-аналар балаларды балабақшаға қашан әкеледі және қашан алып кетеді? Балалар қай уақытта ұйықтайды, түскі тамағын қай кезде ішеді?	**Дене шынықтыру** **Міндеті: -** кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолды айналдырып алдымен төмен түсіріп, сонан соң көтеріп, түзу ұстап артқа жіберіп барып лақтыру шеберліктерін (машықтарын) дамыту Сызылған сызық бойына екі қатарға сап түзеп тұрады. Допты дұрыс ұстау қалпы: үш саусақпен доптың арт жағынан, бас бармақ және шынашақпен доптың екі жағынан ұстайды. Допты алысқа лақтыруға тырысады. Педагогтің бұйрығы бойынша допты жүгіріп барып алып келіп, саптың алдында тұрған баланың артына келіп тұрады. (4 рет)	**Математика негіздері** **Міндеті:** Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту уақыт ұғымдары туралы білімдерін қалыптастыру Сағаттың модельдерімен жұмыс Алдарыңызда жылжымалы тілі бар сағат моделі. Мен атаған уақытты сағат тілімен көрсету керек. Сағаттың 5 болғанын сағат тілімен қойыңдар. Сағат тілдерін қалай қойдыңдар? (Сағаттың қысқа тілі 5 цифрын, ал ұзыны 12-ні көрсетеді.)
Үзіліс : Жүгіруге арналған ойындар «Аюдың апанында»					
Тілді жаттықтыратын жаттығулар... **1. « Айнаға қарап жаттығу жасау»** ***2. Бағынбайтын тілді жазала.*** **Мақсаты:** Тіл еттерін бағынышты етіп, кең түрде жалпийтып ұстауға үйрету;	 	 	**Ойын: « Аюдың апанында»** **Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. **Ойынның шарты:** Бір жақта аюдың апаны болады. Екінші жақта балалар тұратын үй болады.Тәрбиеші аюды балалардың ішінен біреуін тағайындайды.Тәрбиеші: «Балалар қыдырып келіңдер»,- дегенде балалар үйлерінен шығып, саңырауқұлақ теріп, көбелек ұстап,орман қыдырады		

Бейнелеуі : Ауызды кішкене ашып, тілді астынғы ерінге салу керек. Ерінді еппен қимылдатып, мынадай дыбысты шығару керек: «пя-пя-пя». Жалпақ тілді қалыпты жағдайда ұстай отырып, ауызды ашып, 1-10 дейін санау. **Әдістемелік нұсқау** : Төменгі ерінді бұрап, астынғы тістерге тартпау керек; Тіл жалпақ болып , қырлары ауыздың бұрыштарына тимеу керек; Тілді ерінмен бірнеше рет, бір дем шығаруда шапалақтау керек. Бала демді бөгемеу керек. Жаттығудың орындауын былай бақылауға болады: мақтаны баланың аузына қарай әкеліп ұстау. Бала жаттығуды дұрыс істеп отырса, мақта ауытқып кетеді. Бұл жаттығу басқасымен қатар, бағытталған ауа ағынын істеп шығаруына мүмкіндік жасайды.			/еңкееді, түзеледі, басқа қозғалыс жасайды/. Олар дауыстап айтады: -Біз аюдың қасында Жеміс- жидек тереміз, Аю ұйықтамайды, Аю ырылдайды. «Ырылдайды»,- деген сөзден кейін аю үйлеріне қашып бара жатқан балаларды ұстай бастайды. Аюдың қолы тиген балалар акюдың апанында қалады. Бірнеше рет ұсталғаннан кейін аюдың рөліне басқа бала тағайындалады. Ойын 3-4 рет қайталанады. **Ұсыныс**: Ойынның басқа нұсқасы болуы мүмкін- екі аюмен ойнауға болады.	

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Сауат ашу негіздері **Міндеті:** Дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алу дағдыларын дамыту буындардан сөз құрауға үйрету **«Буынға бөл» дидактикалық жаттығуы** Балалар сөздерді буынға бөледі, неше буын бар екенін айтады. Буынға бөлуге болатын сөздер: күй-ші, би-ші, пы-сық, кі-ші, ә-кім, а-қын, ма-ман. **«Буынды қос» дидактикалық ойыны** – Балалар шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, буынды қосып, сөзді жалғастырады. Мысалы:(ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасау Дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру **«Кім білгіш?» дидактикалық ойыны** **Мысалы:** б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, щ, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н. Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. - Дауысты дыбыстарға қызыл текше; - дауыссыз дыбыстарға көк текше көтеру арқылы ажыратады	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру дыбыстық талдау туралы білімдерін жетілдіру . **«Айтылған дыбысқа сөз ойла» дидактикалық ойыны.** Дұрыс жауапқа педагог жұлдызша беріп отырады, ойын соңында жеңімпаз анықталады. 1-тапсырма. Педагог балаларға «д» дыбысы кезедесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. – Доп, дос, дорба, дән, дақыл, Дарын, дала, домбыра, Думан, дуадақ т.б. 2-тапсырма. Педагог балаларға «м» дыбысы кезедесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. – Мақта, мысық, моншақ, мал, малта, Маржан, магнит, мейіз, мол, мақұл т.б. 3-тапсырма. Педагог балаларға «т» дыбысы кезедесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. – Тарақ, тақия, тазы, тоқым, толық, толқын, темір, табақ, тиек, тара, тамақ, тал, тон, тұз т.б.	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу сюжет бойынша ертегіні сахналау Ертегі жүйесін сақтап сахналау Педагог ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналауды ұсынады. Сиқырлы қоржыннан алған ертегі кейіпкерлерінің суреті бойынша рөлдерге бөлінеді. Қалған балалар көрермен болады. Сахналау аяқталғанда көрермендерге қарап, иіледі. Көрермендер қол шапалақтайды. **Жұмбақты шеш.** Тонын киіп туған, Жалап бетін жуған. (Мысық)	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу Командалық қимыл-әрекеттерді орындай отырып есте сақтау мен зейінін жақсартуына жағдай жасау. Лек-легімен келіп, кедергілер алабынан өтуге, өз әрекеттерін командасымен үйлестіруге үйрету Тізбекпен кедергілер алабынан өту. Тізбек құрып, кедергілер алабының қасына келеді. (Кегельдер, доғалар, құрсаулар, жолақтар). Белгі бойынша кедергілер алабынан өтеді: кегельдерді айналып өтіп, доғалардың астынан өтіп, жолақтың үстімен жүгіріп өтеді. Нұсқау – тізбек шашырап кетпеуі керек

			Педагог бір баланы тақтаға «тал « сөзіне дыбыстық талдау жасатады. Қалған балалар орындарында жасайды.		

Үзіліс: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар « Дөңгелекті лақтыру »

Тіл ұстарту жаттығуы

1) Ша-ша-ша
   Жап жасыл шырша.
2) Ар-ар-ар
   Қандай аппақ қар.
3) Ыс-ыс-ыс
   Келіп қалды қыс.
4) Лар-лар-лар
   Далада ойнаиды балалар.

Ойын: « Дөңгелекті лақтыру »
Мақсаты: Балаларды белгіленген бағыты көздей білуге,ептілікке,шапшаңдыққа үйрету.
Ойынның шарты: Ойын дөңгелектерді көздеп лақтырудан тұрады,дөңгелектің диаметрі 15-20см. Ал таяқшаның ұзындығы 30-40см.
Балалар қатарға тұрып 1,5-2метр ара қашықтықта дөңгелектерді таяқшаға дәлдеп лақтырып кіргізу керек.Балалар ойынды бірін кейін бірі жалғастырып ойнай береді.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Міндеті**: -Шағын өлеңдер, санамақтар жаттату, -Шағын өлеңдер, санамақтар жаттату, санамақтар жаттау, тура және кері санау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету **Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?».** Бірден онға дейін сандарды ретімен қою, санау. 2 3 4 1 5 7 6 10 8 9 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 10 9 8 7 6 5 4 3 2 1 **Ойын: «Баспалдақпен жоғары көтеру».** Басбармақ пен сұқ саусақтың көмегімен жоғары тура санау, төмен кері санау (қол моторикасын дамыту). **Санамақ жаттау.** Бақшада жақсы аға Ойыншық береді. Бір балық, Екі шелек, Үш үйрек, Төрт түлкі, Бес бүркіт. 3-4 бала санамақты қайталайды**.**	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту апта күндерінің қазақша атауын дұрыс айту, есте сақтауға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну **Тақпақ «Апта күндері»** Апта деген атайдың Жеті бірдей ұлы бар. Біріншісі – дүйсенбі, Екіншісі – сейсенбі, Үшіншісі – сәрсенбі, Төртіншісі – бейсенбі, Бесіншісі – жұма, Алтыншысы – сенбі, Жетіншісі – жексенбі . **Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).** Ү-ү-ү-ү- дүүй-сенбі Ә-ә-ә- сәәр-сенбі Ұ-ұ-ұ- жұұ-ма	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр Еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып, тепе-теңдік сақтап және әдемі жүруді бекіту **Тепе-теңдік** «Түсіріп алма» ойын-жаттығуы: еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып жүру. Тепе-теңдіктерін сақтауға тырысады: дене бітімдерін түзу ұстап, бастарын төмен түсірмей, қолдарын екі жаққа созып, жіп үстімен жүреді	**Математика негіздері** **Міндеті:** Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), анықтау уақыт ұғымдары туралы білімдерін қалыптастыру **«Күн мен түн» дәстүрлі ойыны.** Педагог «күн» деген кезде, балалар секіреді, «түн» дегенде, тоқтап қалады. Балалар ережеге сәйкес орындайды\ «кеше», «бүгін», «ертең» сөздерін енгізу Балалардан кеше не болғанын еске түсіруді сұрайды. Ал бүгін не істеп жатыр? Ертең не істегілері келеді? 3 оқиға бейнеленген суреттер Мысалы, кеше олар ертегі оқыды, бүгін сурет салды, ертең олар гүлдерді суарады.	**Қоршаған орта** **Міндеті:** Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну заттар, олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру. ***«Көп ойла, сөз ойла» ойыны.*** *Балаларды екі топқа бөліп, топтағы ағаштан жасалған заттарды атауды және темірден жасалған заттарды атауды ұсынады.* *1-топ ағаштан жасалған заттарды атайды.* *2-топ темірден жасалған заттарды атайды.* *Қай топ көп сөз айтса, сол топ жеңімпаз деп танылады «Көп ойла, сөз ойла» ойыны.* *Балаларды екі топқа бөліп, топтағы ағаштан жасалған заттарды атауды және*

				Балалар сөздерді хормен қайталайды: кеше – ол өтіп кеткен. Бүгін – қазір болып жатыр. Ертең – ол болды.	*темірден жасалған заттарды атауды ұсынады. 1-топ ағаштан жасалған заттарды атайды. 2-топ темірден жасалған заттарды атайды. Қай топ көп сөз айтса, сол топ жеңімпаз деп танылады*

Үзіліс: Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар
«Оң жақта» .

Саусақ гимнастикасы
Саусақ ойындарын ойнату үшін алдымен балаларға қарапайым саусақ жаттығуларын жасату қажет. Саусақтары жаттыққан бала сөзді немесе өлеңді ойын қимылдарын тез орындап үйренеді.
1. «Кір жуамыз». Балалар жұдырығын қысып, «кір жуамыз» дегенде екі жұдырығын бір-біріне тигізбей қарама-қарсы қозғалтады.
2. Тары мен күрішті жинау. Балаға кішкене кесеге араластырылып салынған тары мен күріш беріледі. Тарыны бір кесеге, күрішті екінші кесеге салу тапсырылады.
3. Қуыршақтың белбеуін байла. Балаға қуыршақ және үш өрімді белбеу беріліп, «қуыршақтың белбеуін байла» деп тапсырма беріледі. Алғашында қиынсынса көмектесу керек. Біртіндеп жаттығу күрделенеді. Әрі қарай баланың өзі де қуыршақтың, кейін өзінің белбеуін, аяқ киімінің бауын еркін байлайтын болады.



Ойын: «Оң жақта»
Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру.
Ойын барысы: балалар кілемді жағалай отырады. Кілемнің барлық жағында 5-6 ойыншықтан орналасқан.
1 нұсқа: педагог балалардың оң қолдарын көрсетуін өтінеді. Кейін бір балаға ортаға шығып оң жағында қандай ойыншықтар тұрғанын атауын сұрайды. Ойын барысында келесі балалар да ойыншықтарды атайды, бірақ әр бала өз бағыттарын өзгертіп тұрады.
2 нұсқа: педагог не бала бір қатарда тұрған ойыншықтарды атап шығады да, кілемнің ортасында тұрған баладан оның оң жағында қандай ойыншықтар барын атауын өтінеді.
3 нұсқа: педагог бір баладан өзі атаған қатардағы ойыншықтардың (ойыншықтар атауын атайды) оң жағында орналасындай тұруын өтінеді.
Қажетті заттар: әртүрлі ойыншықтар.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Шығармашылық бейнелеу әрекеті **Міндеті: -** балаларды үй тұрмысына қажетті заттармен таныстыру; - Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу - аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру - Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру құмыра туралыбілімдерін жетілдіру, құмыраны сала	**Қоршаған орта** **Міндеті:** Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау Тұрмыстық бұйымдарды қолдану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға Дағдыландыру **«Қасиетіне қарай топтастыр» ойыны.** Педагог бір баланы шақырады. Ол бала теріс қарап үстел үстіндегі карточканы алады. Бала карточканы	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, , Балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу —Балалар, таза, ұқыпты бала деп қандай баланы айтамыз? –Енді «ұқыпты бала» дегенге мағынасы қарама-қарсы сөз айтыңдаршы? –Сендер өздеріңді қандай балаға жатқызар едіңдер? –Өздерің таза жүресіңдер ме?	**Музыка** **Міндеті: -**Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету динамикалық ерекшеліктерін ажырата білу **Музыка тыңдау**: «Аққу» (Н. Тілендиев, үнтаспа) Ән айту: «Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров) «Сабантой» (Е. Хасанғалиев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен) Билер: «Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан)	**Музыка** **Міндеті:** Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту**.** Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту **Музыка тыңдау:** «Аққу» (Н. Тілендиев, үнтаспа) Ән айту: «Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров) «Сабантой» (Е. Хасанғалиев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен) Билер: «Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан)

	білуге,мүсіндекге,жапсыруға, құрастыруға үйрету **Топтық жұмыстар**	алып, ондағы ненің суреті екенін айтады. (Әйнек) Педагог тағы үш баланы шығарады. Балалар үстел үстіндегі әйнектен жасалған заттарды бос орынға қояды. Мысалы, гүлсауыт, бокал, банкі. Тағы бір бала шығып, ағаштың суреті бар карточканы алады. Үш бала шығып, ағаштан жасалған заттарды бос орынға жинайды: қарындаш, ағаш тақтай, ағаш табақ. Келесі шыққан баланың карточкасындағы сурет – темір. Темірден жасалған тәрелке, шеге, қасықты топтастырып, бір жерге қояды. **«Адамға күнделікті жұмысын жеңілдететін нәрселерді тап» ойыны**. Педагог ойын ережелерін түсіндіреді. – Мен сендерге әртүрлі суреттерді көрсетемін. Егер суретте адамның күнделікті өмірде жұмысын жеңілдететін зат көрсетілсе, шапалақтайсыңдар, ал егер ол басқа зат болса, шапалақтамай, тыныш отырасыңдар. Педагог балаларға әртүрлі суреттерді көрсетеді: шар, кіржуғыш мәшине, автомобиль, жалауша, миксер, гүл,		Ойындар, хороводтар: «Аспаптардың дауысын ажырату»	Ойындар, хороводтар: «Аспаптардың дауысын ажырату»
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ **Ойын:***Жүретін саусақтар.* **Мақсаты:**Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту. **Керекті құралдар:** Суреттері бар кітапшалар. **Шарты:** Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады.				**Үстел үстінде ойналатын ойындар.** **Ойын: «Сарбаздарға не керек?»**(5-10 мин) **Мақсаты:** Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу. **Керекті құралдар:**ойынға керек ресурстар. **Мазмұны:** Ортаға 1 қатысушы шақырылады. Маңдайына сурет қойылады. Бұл суретті қарама – қарсы отырған бала мимика арқылы қатысушыға көрсетіп, түсіндіреді. Ал ойынға қатысушы оны табу керек болады.	
3 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
		Қазақ тілі **Міндеті -** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту қазақ тіліндегі сыпайы сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету . -Балалар, қандай сыпайы сөздер білесіңдер? Қазір бәріміз жағдаят шешейік. 1-жағдаят: Жанына екі баланы шығарып, екеуінің біреуіне ойыншық береді. – Досыңның ойыншығын сұрау үшін, оған қандай сыпайы сөз айтасың? Балалар жауап береді. 2-жағдаят: екі баланың біреуі екіншісіне ренжігені туралы.	**Дене шынықтыру** **Міндеті**: - Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау - Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіре білу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру, табанның алдыңғы жағымен таянып итерілулерін бекіту. **«Терек» (Қырғыз халқының ойыны).** Жүргізуші сайлайды. Ол – «терек». Жүргізуші шеңбер ортасында тұрады. Ойыншылар шеңбер бойында тұрып, түрлі қимыл-қозғалыстар жасайды. «Терек!» дегенде, жылдам орындарын ауыстырады.	**Математика негіздері** **Міндеті:** Топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау теңдік және теңсіздік туралы ұғым қалыптастыру. Педагог тақтаға ойыншықтың суреті бар плакат іледі. Ойыншықтарға қарайды, сол және оң жақтағы суреттерді салыстырады. Қайсысы көп, қайсысы аз? Қалай бірдей жасауға болады? Балалар салыстыру және теңестіру әдісін ұсынады.	**Қоршаған орта** **Міндеті:** Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау Жолда жүру ережесін сақтап жүруге тәрбиелеу **«Ұшқырлар мен тапқырлар» ойыны**. – Біздің топта кім ең ұшқыр ойлы және тез тапқыр екенін білгім келеді. Мен сендерге сұрақтар қоямын, кім дұрыс жауап айтса, қолын көтереді. Хормен берілген жауап қабылданбайды. Кім дұрыс жауап берсе, жұлдызша алады. Ойын соңында жұлдызшаларды санап, жеңімпазды анықтаймыз. Кімде жұлдызша көп болса, сол –

		– Егер байқамай досыңды ренжітіп алсаң, оған не айтасың? – Мен кешірім сұраймын. – «Кешір» деген сөзді айтамын. – Дұрыс, сыпайы сөздерді жиі айтатын балаларды әдепті бала деп атайды	Жүргізуші бос орынның біреуіне жылдам тұруға тырысады. Орынсыз қалған бала жүргізуші болады. Ойында бірде-бір рет орнын бермеген бала жеңімпаз атанады. «Ырғып секіру» (Татар халқының ойыны) (3 рет) Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру. Ойыншылар шеңбер бойына тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Жүргізуші: «Ырғып секір!» дегенде, ойыншылар жылдам бір аяқтарымен секіріп, орындарын ауыстырады. Жүргізуші де бір аяғымен секіріп, олардың біреуінің орнына тұрып алуға тырысады	Педагог тақтаның алдына шыққан балаларға бір сөренің екі жағында орналасқан заттардың арасында өзара бірмәнді сәйкестікті анықтауға көмектеседі. – Олар тең болуы үшін не істеу керек? – Дұрыс. Бір жағынан артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет. Артығының бар-жоғын білу үшін ойыншықтарды бір-бірінің астына қоямыз немесе жұптарды сызықпен жалғаймыз	жеңімпаз. – Автокөліктің қанша дөңгелегі бар? (Төрт). – Жаяужолда кім жүреді? (Жаяу жүргінші). – Көлікті кім басқарады? (Жүргізуші). – Екі жолдың қиылысы қалай аталады? (Жол қиылысы). – Жолдың жүріс бөлігі қай жақтан басталады? (Оң жақтан). – Жаяу жүргінші немесе жүргізуші жол ережесін бұзса не болуы мүмкін? (Апат немесе жол-көлік оқиғасы). – Бағдаршамның үстіңгі шамы қандай? (Қызыл). – Жаяу жүргіншілер өткеліндегі жолақтар қандай жануарды еске түсіреді? (Зебра/алаша атты еске түсіреді). – Жаяу жүргінші жер асты өткеліне қалай түсе алады? (Баспалдақпен). – Егер жаяужол болмаса, жаяу жүргінші қалай қозғалады? (Сол жақтан, қозғалысқа қарсы). – Қандай мәшинелер арнайы дыбыстық және жарық сигналдарымен жабдықталған? («Жедел жәрдем», өрт сөндіру және полиция мәшинелері). – Қауіп төнбеу үшін, қай жерде ойнау керек? (Аулада, балалар алаңында). Дұрыс жауаптарға жұлдызшалар беріліп, педагог ойынды қорытындылайды

Үзіліс

Психологиялық ойын:
Ойын: «Тыныштықты жақсы көретін патша»
Мақсаты: Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту.
Ойын шарты:
Патша шуды жек көреді, сондықтан ханзаданың көңіл - күйін бұзбау үшін барлығымыз шуламай тыныш қозғаламыз. Патша аяқтың ұшымен жүреді, оның жүрісі жеңіл, баяу. Бұл ролді бір бала атқарады.
Жүргізуші келесі сөзді айтады: «Барлық балалар, патшадан басқа бөлменің әр жеріне тұра қалады. Патша саусағын ауызына тигізіп, «Ш - ш - ш, ханзада келе жатыр!» деп, бөлмені аралай бастайды. Барлығы «қатып» қалу керек, ал патша әрқайсысын айналып шығады. Кез келген баланың қасына келіп, саусағын баланың мұрнына тигізеді. Сол бала аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Келесі балаға жақындаған патша саусағын баланың мұрнына тигізеді, ол бірінші баланың соңына тұрып, аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Сол тәртіппен ойын жалғаса береді. Барлық балалар патшаның артына жиналғаннан кейін, патша кез келген артындағы балаға

Аз қимылды ойын:
Ойын: «Құғыншыдан құтқару»
Мақсаты: балаларға тез бұлтарып жүгіру тәсілдерін меңгерту.
Ойын шарты:
Мазмұны: Алаңда үлкен шеңбер немесе төртбұрыш сызылып, ойнайтын жер алдын ала дайындалады. Ойыншылардың арасынан санамақ арқылы бір «құғыншы» сайланады. Ойын алаңнан шықпай, ішінде жүріп ойналады.
Мұғалімнің «Құғыншы табылды!» деген белгісінен кейін сайланған бала қолын жоғары көтеріп: «Мен құғыншы»! – деп айқайлайды да, балаларды қуа жөнеледі.
Құғыншының қолы тиген ойыншы қолын жоғары көтеріп , құғыншы болғанын білдіреді де, ойынды әрі қарай жалғастырады.
Бірақ ойыншылар құғыншыдан бір-бірін құтқаруларына болады. Ол үшін : қашып келе жатқан ойыншы мен құғыншы екеуінің арасынан кесіп жүгіріп өтсе;
Қашып келе жатқан ойыншыға қол тигізсе;
Қашып келе жатқан ойыншымен қол алысса, онда құғыншы сол ойыншыны қуады.

қарап, «Ш - ш - ш» дейді, сонда сол бала өз орнына тыныш, аяқ ұшымен оралады. Барлығы орнына тұрғаннан кейін ойын аяқталады.
"Қисық сурет" атты суретті жаттығу өткізіліп, оң және сол жарты шарлар басымдылығын анықтауға арналған қысқаша тест, сонымен қатар оптимистік бағдарды анықтауға арналған сауалнама алынды.

Ойынның ережесі:
1. Құғыншы қолын көтеріп: «Мен құғыншы» деп басқаларға ескерткеннен кейін ғана ойыншыларды ұстауына болады.
2. Ойын алаңынан шығып кеткен ойыншы ойыннан шығады.
Әдістемелік нұсқаулар.
Бұл ойынды ұйымдастыру үшін алаңды дұрыс таңдаған жөн. Ойыншылар жүгірген кезде бір-біріне немесе басқа заттарға соғылып қалмау үшін қадағалау керек.
Ойын қызықты өтуі үшін ойынныі мазмұнына әртүрлі қосымша тапсырмалар енгізуге болады.
Бір ойында бір құғыншы ғана емес, бірнеше құғыншы сайлауға болады.
Ойынның педагогикалық маңызы.
Ойынның педагогикалық маңызы өте зор. Ойыншылар жолдастықты іс жүзінде көрсете алады. Достары көп болғанның пайдасын көреді.Қауіптен қорықпай, қиыншылыққа қарсы тұруға дағдыланады.
Ойын барысында ойыншылар жүгіру жаттығуларын орындау тәсілдерін жетілдіреді. Өз қимыл –қозғалысын өзгелермен үйлестіруге үйренеді. Шапшаң, епті қимылдауға жаттығады.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Шығармашылық бейнелеу әрекеті **Міндеті:** - Балаларға мерекелердің мәнін түсіндіру, өз жұмысының нәтижесін бағалу -Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау -- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару -- Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру	**Қоршаған орта** **Міндеті:** Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау Жолда жүру ережесін сақтап жүруге тәрбиелеу **«Ұшқырлар мен тапқырлар» ойыны**. – Біздің топта кім ең ұшқыр ойлы және тез тапқыр екенін білгім келеді. Мен сендерге сұрақтар қоямын, кім дұрыс жауап айтса, қолын көтереді. Хормен берілген жауап қабылданбайды. Кім дұрыс жауап берсе, жұлдызша алады. Ойын соңында	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** - Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту «М» – «Н» дыбыстарын салыстыру «М» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. Ма-ма-ма – қыс деген бұл шалма. Ма-ма-ма – апорт тәтті алма. «Н» дыбысының дұрыс артикуляциясы: Ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл үстіңгі тістердің түбіне	**Музыка** **Міндеті:** - Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту -Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулардан қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету **Музыка тыңдау:** «Жаңа жыл» (Қ. Шілдебаев) Ән айту: Ақша қар» (Е. Өміров) «Шырша әні» (К. Қуатбаев)	**Музыка** **Міндеті:** - Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгертуге үйрету Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулардан қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету **Музыка тыңдау:** «Жаңа жыл» (Қ. Шілдебаев) Ән айту: Ақша қар» (Е. Өміров) «Шырша әні» (К. Қуатбаев)

	Жаңажылмерекесітуралытүсініктерін арттыру - Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру -- сюжеттік композициялар жасайды, оларды сәнді бөлшектермен толықтырады - Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау Жаңа жыл мерекесі туралы түсінік беру, қиялдау, елестету дағдыларын дамыту **Топтық жұмыс**	жұлдызшаларды санап, жеңімпазды анықтаймыз. Кімде жұлдызша көп болса, сол – жеңімпаз. – Автокөліктің қанша дөңгелегі бар? (Төрт). – Жаяужолда кім жүреді? (Жаяу жүргінші). – Көлікті кім басқарады? (Жүргізуші). – Екі жолдың қиылысы қалай аталады? (Жол қиылысы). – Жолдың жүріс бөлігі қай жақтан басталады? (Оң жақтан). – Жаяу жүргінші немесе жүргізуші жол ережесін бұзса не болуы мүмкін? (Апат немесе жол-көлік оқиғасы). – Бағдаршамның үстіңгі шамы қандай? (Қызыл). – Жаяу жүргіншілер өткеліндегі жолақтар қандай жануарды еске түсіреді? (Зебра/алаша атты еске түсіреді). – Жаяу жүргінші жер асты өткеліне қалай түсе алады? (Баспалдақпен). – Егер жаяужол болмаса, жаяу жүргінші қалай қозғалады? (Сол жақтан, қозғалысқа қарсы). – Қандай мәшинелер арнайы дыбыстық және жарық сигналдарымен жабдықталған? («Жедел жәрдем», өрт сөндіру және полиция мәшинелері). – Қауіп төнбеу үшін, қай жерде ойнау керек? (Аулада, балалар алаңында). Дұрыс жауаптарға жұлдызшалар беріліп, педагог ойынды қорытындылайды	тиеді. «Н» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. «Н» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіреді, сол сөздерді бірнеше рет қайталап айтады. **Дидактикалық ойын: «Суретті жалғастыр».** **Мақсаты**: Салынған суретті тез жалғастыру. Жылдамдыққа үйрету. Ашулы шалдың суретін бірінші болып жалғастырып, аяқта	Ақша қар» (Е. Өміров) «Шырша әні» (К. Қуатбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Сағат» (Е. Андосов) Билер: «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский үнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филип	Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Сағат» (Е. Андосов) Билер: «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский үнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)
Серуенге дайындық		Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен		*Қырауды бақылау* *Мақсаты: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, бұтақтарында, басқа заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда болады.*	*Мұз сүңгісін бақылау* *Мақсаты: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қортынды жасай білуге үйрету.* *Сұрақтар:* *Сумелек мұз жөнінде не айтуға болады?* *Ол қандай? (Сәбіз сияқты)* *Сумелек мұз қай жерде, пайда болады?*	***Қайың ағашын бақылау*** ***Мақсаты: қайың ағашының қысқы көркін бақылау.*** ***Балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу.*** ***Тапсырма:ағаш туралы суреттер бойынша шығармашылық әңгіме құрастыру. Әр балаға ағаш суреттері таратылады.*** ***Тақпақ:*** ***Ағаштар тұр жүдеп,*** ***Жапырақ сәні енеді.***	***Терезедегі өрнектерді бақылау*** ***Мақсаты: балаларға құбылысты түсіндіру. Олардың ойын толықтыру. Терезедегі өрнектердің қалай пайда болғаны жайында түсінік беру.*** ***Тапсырма: трафареттің көмегімен «Аяз атаның терезеге салған келемежді суреттері» атты ұжымдық жұмыс жасау.*** ***Тақпақ:*** ***Бір топ бала сырғанап,***

		Болжам: *Ағашқа қырау түссе, аяз болады.* *Тұман болса, күн жылынады.* *Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды.* *Жұмбақ:* *Қант сияқты ақ,* *Ұлпа боп жерде жатады. (қар)* *Қимылды ойын: «Суықторғайлар»* *Мақсаты: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу.* *Еңбек: бір біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету.*	*Күнгей жақта ма, әлде көлеңке жақта ма?* *Тақпақ :* *Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ,* *Қыстың өзі жасағандай бізді ойлап,* *Шаңғы теуіп жарысамыз желменен,* *Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап. Мұзафар Әлімбаев* *Қимылды ойын: «Үйсіз қалған қоян»* *Мақсаты: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру.* *Еңбек: «Мұз жерлерге құм себу»*	***Соғады жел үдеп,*** ***Қыстың кеп сәлемі.*** ***Жұмбақ: Жазда жатсаң көлеңкесіне алады,*** ***Қыста жақсаң, жаның рахат табады. (Ағаш)*** ***Қимылды ойын: «Апандағы аю»*** ***Мақсаты: зеректікке, ептілікке баулу.*** ***Еңбек: қайың ағашының түбіне қар жинау.***	***Барады әне жарысып.*** ***Қалды артта атырап*** ***Іздерінен қар ұшып*** ***Жеке жұмыс: қар атжалына секіріп шығу және одан жерге түсуге үйрету.*** ***Жорамал: қыс аязды болса – жаз ыстық болады.*** ***Жұмбақ:*** ***Отта жанбайды*** ***Суда батпайды. (Мұз)*** ***Қимылды ойын: «Айлакер түлкі»*** ***Мақсаты: оңды – солды жалтақтап қарай жүгіруге жаттығу.*** ***Еңбек: қардан бекініс жасауды үйрету.***
Балаларды үйге қайтару		***Ата –аналарға кеңес*** Балаңызға сеніңіз	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз:	***Ата –аналарға кеңес*** үйдегі жағдайда баланың өзіне қызмет етудің үйрете беріңіз:	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «А» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі **4-апта** 25 - 28 желтоқсан 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	«Ұннан жасалған тағамды ата» дидактикалық ойыны Мақсаты: нан-тоқаш өнімдері туралы білімдерін бекіту; нанға ұқыпты қарауға тәрбиелеу	«Төртінші артық» дидактикалық ойыны Мақсаты: артық затты (азық-түлік) табуға үйрету және себебін түсіндіру	Жаңылтпаш «Сіз бізді іздемеңіз ана: Біз қымыздықты қырыққабат сорпасына қосамыз» Мақсаты: барлық дыбысты айту арқылы жаңылтпашты анық айтуға үйрету	«Табиғат және адам» дидактикалық ойыны Мақсаты: адам жасаған және табиғат адамға не беретіні туралы білімді жүйелеу: балық, ет, көкөніс, жеміс, жидек, тұқым, жаңғақ	
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	
Балалардың дербес әрекеті (баяу	«Тазалықтың денсаулық үшін маңызы» әңгімелесу (үй-жайды	«Тәні саудың жаны сау» әңгімелесу	«Күн сайын ... тәртібі бойынша» ойлану-	«Біз гимнастиканы не үшін жасаймыз» әңгімелесу	

қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	дымқыл тазалау, өз бөлмесін ретке келтіру қажеттілігі туралы)	Мақсаты: мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру	әңгімелесу (режимді сақтаудың мәні туралы) әңгімелесу	(таңертеңгі гимнастиканың маңызы туралы)	
Гимнастикалық жаттығу	**Гимнастикалық жаттығу кешені № 9**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Түспен-эмоциямен «Менің көңіл-күйімді тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды өз мінездерімен күресуге үйретуді жалғастыру	Табиғаттағы мінез-құлық ережелері туралы альбом қарау «Қауіпсіз сөздер» дидактикалық ойыны Мақсаты: үш тілде сөз тіркестерін құруды үйрету	«Кір-қожалақ қыз» драма-ойын Мақсаты: ойын бейнелерінің қимыл мәнерлілігін дамыту	«Дені сау болу – бұл оңай» сурет салу Мақсаты: салауатты өмір салтының алғышарттарын қалыптастыру	«Кір-қожалақ қыз» драма-ойын Мақсаты: ойын бейнелерінің қимыл мәнерлілігін дамыту
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті:** Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, : «Сөз», «Сөйлем» деген не екенін түсіндіру. –Педагог балалардан қыс мезгілінде неше ай бар екенін сұрайды? Қыс мезгілі ұнай ма, несімен ұнайды? – деп сұрақ қойады. **Демонстрациялық материал**. –Ендеше, мына үлгі суретке қарап, әңгіме құрайық. Суретте қарап, көргендеріңді өз қиялдарыңмен толықтырып, әңгіме құрап көріңдер. –Суретке мұқият қарап, тақырып қойыңдар. Сендер суретте шанамен сырғанап жүрген балаларды, коньки теуіп жүрген баланы көріп отырсыңдар, балаларға ат қоя отырып, әңгіме құраңдар. «Бұл суреттің тақырыбын сендер қалай деп атайтын едіңдер?» деген ұсыныс айтады педагог. Педагог балалардың ойларын қорыта келе: «Бұл суреттің тақырыбын "Ажарлы қыс " деп атасақ қайтеді, келісесіңдер ме?» – деп сұрады. –Балалар "ажарлы " – сөзі «көрікті, әсем, тамаша, сұлу» деген мағынаны береді. Педагог қол көтеріп, әңгіме құрауға қызығушылық танытқан	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту өлеңді жаттату арқылы шығарманың эмоциялық-бейнелік мазмұнын қабылдауға жетелеу Педагог үстелге шыршаны, қуыршақ Аязата мен Ақшақарды қояды. – Жақында қандай мерекені қарсы аламыз? – Қандай мереке шыршасыз өтпейді? – Шырша қайда өседі? Қазір жылдың қай мезгілі? – Жаңа жыл мерекесі саған несімен ұнайды? – Бүгін ақын Сағи Жиенбаевтың «Жаңа жыл келді» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді Жұмбақты шеш. Жасыл ине киімім, Жайлаймын тау биігін. Жаңа жылды тойласаң, Төріндемін үйіңнің. (Шырша)	**Математика негіздері** **Міндеті -** Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру Топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру,  Теңестіруге немесе артығын білу үшін, ойыншықтарды бір-бірінің астына қояды,	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру Баланың кинестикалық (көру мен тыңдау арқылы қабылдауы) қабілеттерін дамыту **I.** «Қарда жүргіш мәшие»: бір тізбекпен жүреді. «Орман тұрғындары» жаттығулары: тізбекпен қоян, қасқыр, түлкінің жүрістерін салып жүреді. **II.** ЖДЖ ойын түрінде («орман алаңқайында жылынамыз») «Артымнан қайтала». Педагог жаттығуларды көрсетеді. Балалар жаттығуларды педагогтің көрсеткеніндей орындауға тырысады. Тыныс алу гимнастикасы: «Жел». •Қолды төмен түсіріп, аяқты алшақ қойып, мұрынмен дем алу. •Басты солға бұрып, ерінді жиырып алдыға шығарып үрлеу. •Басты түзу ұстап, дем алу, басты оңға бұрып, демді шығару. •Басты түзу ұстап, мұрын арқылы дем алу, ерінді жиырып алдыға шығарып үрлеу. •Басты төмен түсіріп, иекті кеудеге	

	балалардың бәрінің ойын тыңдайды. Жақсы әңгіме құраған баланы мақтайды	3. Жаңа жылды қарсы алу үшін қажетті заттарды шыршаға сызып қос	немесе жұптарын сызық арқылы қосады. Балалар ойыншықтарға саусақ тигізіп санайды. Цифр жазылған карточкаларды алады. Осы карточкаларды ойыншықтардың астына қояды. Ойыншықтардың тең санын салыстырып, артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет деген қорытындыға келеді	тигізу, дем шығару (қол білезіктерін айналдыру).	

Үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар «Допты қуып жет»

Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары:
Сыйқырлы айнаға қарап отырып, араның масаның , шегірткенің, жыланның дыбыстарын салып көр. Осы дыбыстарды Тынымсыз Тіл ұнатады ма соны байқа.
Ағайынды аралар.
Ағайында арарармыз,
Еңбек үшін жаралғанбыз.
-з-з-з-з-з
Шырын іздеп күні бойы
Гүл бақшаны аралаймыз
-з-з-з-з-з
(Үш саусағыңды түйістіріп, ұшып жүрген араларға ұқсат, әрбір екі жолдан кейін аралардың ызылдағанын сал.)
Жаман ара
Қалмай ұшып соңынан,
Ара қуды Мұратты.
-з-з-з-з
Шағып алып қолынан,
Досымызды жылатты.
-у-у-у-у
(Араның дауысы мен баланың ара шаққандағы дауысын сал)



2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Сауат ашу негіздері **Міндеті:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, жазу Ойындар арқылы логикалық ойлауларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту **Дидактикалық ойын: «Тиісті белгіні көтер»**	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазу дауысты, дауыссыз және сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау. **Дидактикалық жаттығу: "Жасырылған сөз"** **Шарты:** бала бір сөздің атын тура атамай, оны сипаттайды. Балалар сол сөзді табады.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:.** Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру Буынға бөлу, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату **Дидактикалық жаттығуы: «Буынға буын қос»** Педагог: -Мен сендерге	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту өлеңді жаттату арқылы шығарманың эмоциялық-бейнелік мазмұнын қабылдауға жетелеу Педагог үстелге шыршаны, қуыршақ Аязата мен Ақшақарды қояды. – Жақында қандай	

	– Дауысты, дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді араластырып айтамын, сендер тиісті қызыл, көк түсті жалаушаларды көтеріңдер. Мысалы: маймыл, ақ аю, ат, жолбарыс, түйе, бұзау, қасқыр, түлкі, қоян, арыстан, керік, тышқан, ит, доңыз, мысық, тай, қой, құлын, тауық, ешкі, лақ, сиыр, бота, қозы, көжек, бақа, ағаш, гүл, балық, қарға, арпа, арқан, ботқа, шаш, мақта, қағаз, базар, жапырақ, ит, үйшік, балта, балға, егеу, керует, қамшы, алқа, доп, керік, кекілік, бор, қорық, қоныс, тиін, марғау, жылан	Мысалы: “Ол күз мезгілінен кейін келеді”, “Ол келмесе, Аязата мен Ақшақар келмейді”. Жауабы: қыс. Мысалы: кітап, күз, теледидар, көбелек, терезе т.б.	сурет көрсетіп бірінші буынын айтамын, сендер екінші буынын айтасыңдар. Мысалы: (ал...ма, бақта...шы, қар...быз, қа...уын, қала...қай, қыза...нақ, қор...жын,дәп...тер, қа...лам, қай...шы, жыл...қы, бе...сік, бал...та, көр...пе, сә...біз, бара...бан, қо...зы, құмырс...қа, шы...бын, қо...ян, ал...мұрт, май..мыл, бал..та, бал..ға, пар..та, қызғал..дақ, түйме..дақ, ке..рует, кәм..пит, ке..се, ке..ме, қуыр..шақ т.б.)	мерекені қарсы аламыз? – Қандай мереке шыршасыз өтпейді? – Шырша қайда өседі? Қазір жылдың қай мезгілі? – Жаңа жыл мерекесі саған несімен ұнайды? – Бүгін ақын Сағи Жиенбаевтың «Жаңа жыл келді» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді Жұмбақты шеш. Жасыл ине киімім, Жайлаймын тау биігін. Жаңа жылды тойласаң, Төріндемін үйіңнің. (Шырша) 3. Жаңа жылды қарсы алу үшін қажетті заттарды шыршаға сызып қос.	

Үзіліс:

Саусақ ойындары **Ойын:*Су толтыру.*** **Мақсаты:**Қол ептілігін дамыту,ас ішкенде қалай отырып,қасықты қалай ұстайтынын,ыдыстар қалай тұратынын үйрету. **Керекті құралдар:**шұңқыр қасық,шұңқыр тәрелке мен күрешке. **Мазмұны:** Үстел үстіне шұңқыр ыдысқа су құйып қоямыз.Одан кейін 1-ші тәрбиеші өзі көрсетеді.Ыдыстағы суды қасықпен алып,ақырын төгіп алмай күрешкеге құямыз.Осы іс-әрекет бірнеше рет қайталанады.	***Саусақ ойыны: Жүретін саусақтар.*** **Мақсаты:**Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту. **Керекті құралдар:** Суреттері бар кітапшалар. **Шарты:** Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады.	**Дидактикалық ойын:** ***«Домино»*** **Мақсаты:** «Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту, пысықтау. Сәйкес көлікті тауып дұрыс атату, оның атқаратын қызметімен таныстыру. **Ойын шарты:** Суреттері сәйкес келетін карточкаларды біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. **Қажетті құралдар**: Бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлімдері 5×6см карточкалар.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Міндеті:** Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізу	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізу	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Түзу бағытта адымдап жүру 2.5 м арақашықтықта бір-біріне доп лақтырып,	**Математика негіздері** **Міндеті:** - - Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына,	

	сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру. **Дидактикалық ойын: «Не деу керек?»** – Тақпақтарды тыңдап, назар аударамыз. Қай жауабы дұрыс? Апаң сенің базардан Алма сатып әкелді. Ең үлкенін, жақсысын Саған таңдап әперді. Не деп айтып жеу керек? «Рақмет, апа!» – деу керек. Балалар жүр көшеде, Естілді шу-айғай. Сен де шықтың досыңды, Қағып кеттің байқамай. Мұндайда не деу керек? «Кешір досым», – деу керек. Осы келген бетіңде, Допты құдың жарыстың. Көшенің сол шетінде, Кезікті бір апайың, Ұмыттың сен не деу керек? «Сәлеметсіз бе!» – деу керек.	сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру. **Мақал-мәтелдерді жаттап ал.** Әдептілікті данадан үйрен. «Сіз» деген – әдеп, «Біз» деген – көмек. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. **Ойын «Сұраққа жауап бер».** – Сен әдепті баласың ба? – Иә. Мен әдепті баламын. – Досыңды ренжітсең, кешірім сұрайсың ба? – Иә. Досымды ренжітсем, кешірім сұраймын.	доптың ұшуын бақылауға, ұшып келе жатқан допты қолды бүккен күйде қағып алуға үйрету. Бөрене үстінде төрттағандап еңбектеуге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты үйлестіріп қозғай білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. «Сілеусін» – бөренеден түсу Бөренеден асықпай, сақтықпен түседі. Бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады. (4 рет)	сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту Ттапсырманы орындау үшін суреттерді қарау керек. – Қай топтағы заттардың арасына «=» белгісін қоюға болады? Бір алмадан себетке салады. Алмаларды әр себетпен сызып қосады. -Не артық? Не кем? – Алмұртты тәрелкіге салады. Алмұртты әр тәрелкемен сызып қосады. -Не артық? Не кем? Қорытынды жасайды	

Үзіліс:

«Гүлдерді күтеміз»ойыны **Мақсаты:**балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру. Гүлдердің түрлерін (көпжылдық, біржылдық, пияз тұқымдас, шөптекті, тұқымдас гүлдерді) ажырата білуге үйрету. Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсінеді. **Ойын шарты:** гүлдерді екіге бөлу,дала гүлдерін газонның қасына іліп,ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою , суреттер бойынша әңгімелету. 	***Қимылды ойын:*****«Ту».** **Мақсаты:** Топтағы қарым-қатынасты нығайту. **Ойынның шарты:** Балалар 3-4 топқа бөлінеді.Әр топтың ортасында 1 бала ту ұстап тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ойыншылар жан-жаққа жүгіріп, көздерін жұмып тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ту ұстаған балалар орындарын ауыстырады. Тәрбиеші «Өз туларыңды табыңдар» дегенде ойыншылар өз туларына қарай жүгіреді. Қай топ тез жиналады, сол топ жеңеді.(Тулардың түстері әр түрлі болу керек)	***Қимылды ойын:*** **«Шұңқырдағы қасқырлар»** **Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу. **Ойынның шарты:**Алаңның ортасында ұзын шұңқыр салынды.(1-1,5 метр)Шұңқырдың ортасында екі қасқыр тұрады. Қалған ойыншылар ешкі болады. Ешкілер алаңның бір жақ шетінде үйлерінде тұрады.Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ешкілер үйлерінен шығып, шұңқырдан секіріп өтіп, жайылымға барады. Қасқырлар шұңқырдан шықпай ешкілерді ұстап алу керек.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Шығармашылық бейнелеу әрекеті **Міндеті:** - Балаларға мерекелердің мәнін түсіндіру, өз жұмысының нәтижесін бағалу -Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау -- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару -- Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру Жаңажылмерекесітуралытүсінікт ерін арттыру - Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұтырға орналастыру -- сюжеттік композициялар жасайды, оларды сәнді бөлшектермен толықтырады - Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау Жаңа жыл мерекесі туралы түсінік беру, қиялдау, елестету дағдыларын дамыту **Топтық жұмыс**	**Қоршаған орта** **Міндеті:** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту жанды және жансыз заттардың түрлерін атап береді; бақылаулардың нәтижесін табиғат күнтізбесінен, суреттерден көрсетіп бере алады Табиғат – адамның көмегінсіз тіршілік етеді. Ал адамның қолымен жасалған заттардың бәрі табиғат нысаны болып табылмайды. Табиғатты: Жанды табиғат әлемі және жансыз табиғат әлемі деп екі үлкен бөлікке бөлуге болады. Содан соң педагог жанды табиғат дегеніміз не екенін анықтауға шақырады. Қуаныштың өтінішін орындап, терезе алдына келіп қоршаған ортаны эпизодтық бақылауға шақырады	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, . «Ажарлы қыс» үлгі суреті бойынша әңгіме құрауға үйрету **«Айырмашылығын тап».** Екі аққаланың суреті беріледі. Суретке қарап, аққалалардың айырмашылығын табу керек	**Музыка** **Міндеті:** -Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру Музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру. **Музыка тыңдау:** «Қыс» (А. Вивальди, үнтаспадан) Ән айту: «Ақша қар» (К. Қуатбаев) «Ақша қар» (Е. Өміров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен) Билер: «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский үнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Жылдам құрастыр» Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Жұбымен шеңбер бойымен жүру Баланың денсаулығын нығайтуға арналған жұмыстарды жалғастыру **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қасқыр мен лақтар». (3 рет)** **Ойын шартын** естеріне түсіреді. Қарама-қарсы жаққа тек белгіден кейін ғана жүгіреді. Залдың бір шетінде тұрады. Зал ортасында «қасқыр» тұрады. «Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке-ақ. Кетесің кейде секеңдеп, Байламаса көкем кеп». Белгіден кейін залдың екінші шетіне «лақтар» жүгіреді, «қасқыр» оларды ұстап алуға тырысады.
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	
Серуен	***Желді бақылау*** ***Мақсаты: желдің бағытын қалай, нелерарқылы анықтауға болатынды-ғын,баяу, жылдам сөздерінің мағнасын түсіндіру*** ***Сұрақ:*** ***- Желдің бағытын, күшін қалай біліп, анықтауға болады?*** ***- үй мұржаларынан шыққан түтіннен,*** ***- қағаздың ұзыншалау кішкентай кескінділерінен*** ***- орамалдардың қозғалысынан анықтап білуге болады.*** ***Көркем сөз*** ***Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр – жерге жауған нұр.***	*Аула сыпырушы еңбегімен танысу* *Мақсаты: аула сыпырушының қыс кезіндегіеңбегі, оның жұмысы туралы балалардыңтүсінігін толықтыру.* *Бағбандардың еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу.* *Тапсырма: «Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңілдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру.* *Тақпақ:* *Қолынакиіп қолғапты,* *Ауланы ағай сыпырды.* *Тазалап қарды мұздарды,* *Бәрімізге олжол ашты.* *Қимылды ойын: «Сауықшылар»(қысқы спорт ойындары.)*	*Мұз сүңгісін бақылау.* *Мақсаты: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қортынды жасай білуге үйрету.* *Тапсырма: «Сүмелек мұз» тақырыбына сурет салу.* *Сұрақтар:* *Сүмелек мұз жөнінде не айтуға болады?* *Ол қандай? Сәбіз сияқты* *Сүмелек мұз қай жерде, қалай пайда болады?* *Күнгей жақта ма, әлде терістік жақта ма?* *Олар қайдан пайда болады?*	***Қайың ағашын бақылау. (Қиялдау)*** ***Мақсаты: қайың ағашының қысқы көркін бақылау.*** ***Балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу.*** ***Тапсырма: ағаш туралы суреттер бойынша шығармашылық әңгіме құрастыру. Әр балаға суреттер таратылады.*** ***Көркем сөз*** ***Ағаштар тұр жүдеп,*** ***Жапырақ сәні енеді.*** ***Соғады жел үдеп,*** ***Қыстың кеп сәлемі.***	

	Қимылды ойын: «Әткеншек» ***Мақсаты: алғашқыда асықпай, сонан соң тез айналып жүгіру.*** ***Еңбек:алаңшаны көркейту үшін түрлі-түсті мұз кесінділерін дайындап қою.***	*Жеке жұмыс: «Кім алысқа секіреді?»* *Жүгіріп келіп ұзындыққа секіру.* *Жаңылтпаштар:* *Қаңтар айы болды, күн суытты* *Қалың қар жауды, боран соқты.* *Жапалақтап ақ қар жауды* *Еңбек: аула сыпырушыға балабақшаның ауласын сыпруға көмектесу*	*Осыдан қандай қортынды жасауға болады?* *Көркем сөз:* *Көл бетінде жатыр айдын –* *мұзойнақ,* *Қыстың өзі жасағандай бізді ойнап,* *Шаңғы теуіп жарысамыз желменен,* *Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап.* *Мұзафар Әлімбаев* *Қимылды ойын: «»Үйсіз қалған қоян* *Мақсаты: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру.*	***Еңбек: қайың ағашының түбіне қар жинау.*** ***Мақсаты: балаларға ағаштың түбін қармен жабудың сырын, пайдасын түсіндіру.*** ***Қимылды ойын: «Біз көңілді баламыз»*** ***Жеке жұмыс: «Жұмбақты шеш» сюжетті ойын ойнату.*** ***Жұмбақ:*** ***Жазда жатсаң көлеңкесінеалады,*** ***Қыста жақсаң, жаның рахат табады.*** ***Ағаш***	
Балаларды үйге қайтару	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «А» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі **1-апта** 8 – 12 қаңтар 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Д/ойын: «Қарап ал да есіңе сақта»** ***Мақсаты:*** балаларды көрген суреттерді есі не сақтап,көз алдына елестете отырып ,әр қайсысын ретімен атап шығуға ,үй жануарларының,аңдардын және құстардың жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. ***Көрнекіліктер***: үй жануарлары,аңдардың,құстардың суреттері.	**Д\ойын «Ғажайып қоржын»** **Мақсаты:** Балаларды заттарды тиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету. **Ойын шарты**: Қоржындағы затты сипап біліп атау. Бала затты дұрыс сипаттап бергеннен соң ғана зат қаптан алынып, балаларға көрсетіледі, ал дұрыс аталмаса қаптан алынбайды. **қажетті құралдар**: Ғажайып қоржын. Балалар санына сәйкес, таныс ойыншықтар.	**Д/ойын:«Экологиялық пирамида».** **Мақсаты**: Балаларды логикалық ойлай білуге, әр сатыны таңдауын негіздей отырып, экологиялық пирамида құрастыруға үйрету. Табиғаттағы барлық нысандардың өзара байланысын көре білуге баулу.	**Д/ойын: «Зоологиялық домино».** **Мақсаты:** Балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; ұғымталдыққа, зейін қоюшылыққа баулу. **Ойын ережелері:** Кімде-кім өз карточкаларын бірінші болып қойса, сол жеңімпаз болады. Жүрісті жіберіп алмай, карточканы дер кезінде қойып, мұқият болу.	**Д/ ойын:Не артық?** **Мақсаты**: Балаларды суретке қарап,оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. **Көрнекіліктер**:әр түрлі құстар мен үй жануарлары бейнеленген суреттер.
Жаттығу	Жаттығу кешені № 9				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Сәлем саған-Жер ана! Сәлем саған-Нұрлы күн! Аман-есен болайық, Бейбітшілік қалайық. Біз әдепті баламыз, Біз ерекше баламыз, Қонақтарды көргенде Амандасып аламыз.	Табиғат қандай тамаша, Тоймаймыз біз де тамсана. Балықтар шіркін жүзеді, Табиғаттың жыры көп, Табиғаттың сыры көп.	Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған. Сен күнсің көтерілген күліп қырдан. Сен көлсің, сен ормансың. Сен - бұлбұлсың, Адамға сұлулықты шын ұқтырған!	Табиғатқа қамқор боп, Байлығын біз қорғайық. Әдепті да, тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық.	Біз балдырған тең басқан, Дос құшағын елге ашқан. Тілегіміз тыныштық, Ашық болсын көк аспан. Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті:** -Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану : Әңгімемен таныстырып, мазмұнын айтуға үйрету –Бүгін қай күн? –Кеше қандай күн болды? –Ертең қандай күн болады? –Бүгін ауа райы қандай? –Табиғат өзгерістерін атайық Мақал-мәтелдер: 1. Ағаш – тамырымен, адам – достарымен мықты. 2. Адамға үш нәрсе көмек: шөл далада қазылған құдық, салынған көпір және жол бойына егілген ағаш. 3. Қарағайға қарап – тал өсер, Қатарына қарап – бала өсер. Педагог: – Балалар, сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар ма? Тақтаға ертегі мазмұнына байланысты сурет ілінеді. Алдымен балаларды екі топқа бөліп, бір топқа «шыршаның», екінші топқа «қайыңның» сөзін педагогтің соңынан қайталап отыруды ұсынысады. Педагог М.Төрежановтың «Біз де ойнаймыз» әңгімесін оқып береді.	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** - Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айт- әдеби шығарманы мәнерлеу құралдарына байланысты қабылдауға дағдыландыру Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: –Өлең қалай аталады? –Өлеңде не туралы айтылған? –Сағаң ұнады ма? –Жақсы деп қандай баланы айтамыз? Жаман әдет деп қандай әдетті айтамыз? –Сен қандай бала болғың келеді? Өлеңнің бірінші жолы қалай басталады? Педагог «Жақсы мен жаман» өлеңін эмоциямен 2-3 рет қайталап оқиды, бірге жаттайды. Педагог сөйлемнің басын оқып, балалар жалғастыратын жаттату тәсілін пайдаланады. 3-4 бала өлеңді жатқа айтады.	**Математика негіздері** **Міндеті:** - Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту : заттың бірнеше тең бөлікке бөлінуі туралы ұғым қалыптастыру **Практикалық жұмыс жүргізеді** Педагог балаларға қызыл және жасыл шеңберлерді көрсетеді. -Фигуралар қалай аталады? (дөңгелек) Қызыл дөңгелекті алып, екіге бүктейді, оны қиып бір-біріне беттестіреді, бөліктер бірбірінің үстіне қойылған кезде сәйкес келеді. -Дөңгелектер қандай бөліктерге бөлінді? (тең) -Неше бөлік шықты? (екі) -Бұл бөліктер "дөңгелектің жартысы" деп аталады. Уақыт беріп, дөңгелекті екі бөлікке қиюға көмектеседі. Педагог жасыл дөңгелекті алады. Екі рет бүктеп, тең төрт бөлікке қиып, бір-біріне беттестіріп сәйкес келетінін көрсетеді. - Дөңгелек қандай	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** -Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою Нақты қимыл-қозғалыс жасай білу қабілеттерін қалыптастыруды жалғастыру, анализатор орталықтарын белсендіруге мүмкіндік жасау І.«Құмырсқалар соқпақпен келеді». Шеңбер бойымен тізбектеле бағытты өзгертіп жүру және жүгіру. Бір тізбекпен жүру, орташа қарқынмен жүгіру. «Артқа бұрыл!» бұйрығы бойынша бағыттарын өзгертіп жүгіреді. Тізбектен шықпай қозғалыста қимылдарын үйлестіріп жүруге, жүгіруге тырысады. Заттар арасымен (томаршалар) және заттарды аттап жүру және жүгіру.	**Математика негіздері** **Міндеті:** - 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру **:** заттың бірнеше тең бөлікке бөлінуі туралы ұғым қалыптастыру **«Дөңгелекті құрастыр» ойынын өткізеді.** Балалар дөңгелек жасау үшін, бөліктерді қосады. Бөліктерден бүтін фигура жасайды. Қорытынды, фигураны бөліктерге бөлуге және бөліктерден жинауға болады. –Шаршының жартысын жасауға тырысыңыз –Оны қалай жасауға болады? (жиектерін сәйкестендіріп шаршыны екіге бүктейміз). Сосын 4 бөлікке. (жиектерін сәйкестендіріп шаршыны төртке бүктейміз) Қорытынды жасайды, тең бөліктер бір-бірінің үстіне қойылған кезде сәйкес келеді және олардың атауы бар (жарты, ширек). –Біз шаршының жартысын кескенде, қандай фигуралар шықты? (Екі кішкентай тіктөртбұрыш). –Ал шаршының төрттен бірі? (Ол да шаршылар, бірақ кішкентай). –Жартылар тең бе екенін тексерейік. Оларды бір-бірінің үстіне

			бөліктерге бөлінді? (тең) -Дөңгелектің неше бөлігі пайда болды? (төрт) –Бұл бөліктер «төрттен бір бөлік» деп аталады. Уақыт беріп, шеңбердің төрттен бір бөлігін қиюға көмектеседі. Сонымен қатар педагог қосымша қоңыр жолақты алады. –Қазір бұл жолақ бүтін болып тұр. Педагог жолақты 3 тең бөлікке бөліп бүктейді. Бөліктер бойынша қиып, бір-бірінің үстіне қояды, бұл бөліктердің сәйкес келетінін көрсетеді. -Жолақты қандай бөліктерге бөлдім? (тең) -Қанша бөлік шықты? (үш) –Бұл бөліктердің әрқайсысын "үштен бір бөлік" деп атайды. Балалар «үштен бір бөлік» деп қайталайды. Балалар хормен бөліктердің атауын қайталайды (жартысы, төрттен бір бөлік, үштен бір бөлік) Уақыт беріп, жолақтың үштен бір бөлігін қиюға көмектеседі.		қойыңыз. Фигуралар сәйкес пе? Рас, бұл біздің фигурамыздың тең бөліктері. Жарты және төрттен бір фигурадан бүтін фигураны жасайды. Фигураны тең емес бөліктерге кесуге болады. Педагог қарапайым геометриялық конструкторды таратады (суретті 5-6 бөлікке кесуге болады) және фигураны (суретті) бүктеуді сұрайды. Тіктөртбұрышты бөліктерге кесуге болады және т. б. Осыдан кейін ол парталарға өрнек немесе ою-өрнек шығаруды ұсынады, мысалы,мынадай Проблемалық сұрақ: Не көп: бүтін бе, әлде бөлік пе? Талқылайды, бүтін бөліктен көп деген қорытынды жасайды

Үзіліс:Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар
«Допты қуып жет»

Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары: Сыйқырлы айнаға қарап отырып, араның масаның , шегірткенің, жыланның дыбыстарын салып көр. Осы дыбыстарды Тынымсыз Тіл ұнатады ма соны байқа. Ағайынды аралар. Ағайында арарармыз, Еңбек үшін жаралғанбыз. -з-з-з-з-з Шырын іздеп күні бойы Гүл бақшаны аралаймыз -з-з-з-з-з (Үш саусағыңды түйістіріп, ұшып жүрген араларға ұқсат, әрбір екі жолдан кейін аралардың ызылдағанын сал.) Жаман ара			**Ойын:** ***«Допты қуып жет»*** **Мақсаты:** Балаларды ептіліке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету. **Ойынның шарты:** Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға

Қалмай ұшып соңынан, Ара қуды Мұратты. -з-з-з-з Шағып алып қолынан, Досымызды жылатты. -у-у-у-у (Араның дауысы мен баланың ара шаққандағы дауысын сал)					жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады. Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын.
2 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Сауат ашу негіздері **Міндеті:** Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу сөйлем құрауды үйретуді жалғастыру **«Артығын тап» ойынын ойнат**у. 1.Қыс, көктем, жаз, күз , үз. (үз) 2.Жел, жаңбыр, қар, боран, қуыршақ, бұршақ. (қуыршақ) 3.Шаңғы, коньки, шана, ана. (ана) 4.Әке, ана, ата, әже, аға, таға. (таға) 5. Таңқурай, құлпынай, бүлдірген, күлдірген. (күлдірген)	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** - Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. Сөйлем құрау, дыбыстық талдау жасау іскерліктерін қалыптастыру **Дидактикалық жаттығуы: «Сөзді аяқта»** –Мен сендерге сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтамын сендер соңғы буынды қосып сөзді аяқтап қайтадан айтасыңдар. Мысалы: аққа...ла, ба..ла, ба..нан, бан..тик, асқа..бақ, сә..біз, домбы..ра, қам..шы, балмұз..дақ, аялда..ма, дәріха..на, емха..на, балабақ..ша, бағдар..шам, қалам...сап, қыза..нақ, бұл..ақ, көзілді..рік, тоңазт..қыш, тер..ек, ша..тыр, ал..қа, апель..син, ау..ыл, ас...пан, қарын..дас, кер...ует, қа..зан, шаныш...қы, ба..лық, қал..қан, қаң..бақ, қа..мыр, шал..бар, кі..лем, жү..рек, жүге..рі, жұл..дыз. Әр дұрыс айтылған сөзге педагог жұлдызша беріп отырады. Ойын соңында жұлдызша саналып, жеңімпаз анықталады	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті: -**Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту **Дидактикалық ойын: «Буынды қос»(доппен)** – Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы:(ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады.	**Көркем әдебиет** **Міндеті: -** - Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту . әдеби шығарманы мәнерлеу құралдарына байланысты қабылдауға дағдыландыру –Суреттен кімді көріп тұрсың? (Баланы) – Балаға ат қояйықшы. (Арман) – Арман не істеді? –Ал мына суреттен кімді көріп тұрсың? (Саматты) – Ол не істеп тұр? –Салыстырайық, кімнің істеген іс-әрекеті дұрыс? –Иә, Саматқа қамқорлық жасау әдеті жетіспей тұр екен. Біз Самат сияқты балаларға көмектесіп, қамқор болып, жақсы істерді үйретіп жүрейік. Енді жақсы және жаман әдеттер туралы әңгімелесеміз. –Бүгін біз автор Рахым Тышқанбаевтың «Жақсы мен жаман» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. –Жақсы бала – тілалғыш, тәртіпті, ойыншықты сындырмай, күтіп ұстайды, ақылды, таза жүреді. Тіл алмайтын, ойыншықтарды сындыратын, өзінен кішіні, құрдастарын ренжітетін баланы жаман әдеті бар дейміз. Педагог тақпақты оқып беріп, жаттатады.	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** - - Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. - Нақты қимыл-қозғалыс жасай білу қабілеттерін қалыптастыруды жалғастыру, анализатор орталықтарын белсендіруге мүмкіндік жасау **«Тауға өрмелеп шығу».** Гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеуге жаттықтыру. Қауіпсіздік техникасын сақтайды. Гимнастикалық қабырғаға жақындап келеді, әртүрлі тәсілмен өрмелейді. Қол мен аяқты үйлесімді түрде қозғауға тырысады. Ең жоғарғы тепкішекке дейін шығып, ең төменгі тепкішекке дейін түседі. Тепе-теңдік – жерде созылып жатқан арқан үстімен басқа зат қойып, тепе-теңдік сақтап жүруге жаттықтыру. «Құмырсқаға үй тұрғызу»: поролон кірпіштерді қалап, үй тұрғызады.

				Жақсы мен жаман Жақсы бала ол анық, Істемейді шалалық. Тап-таза боп жуынып, Жүреді ол таранып.	

Үзіліс: Үстел үстінде ойналатын ойындар.

Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ **Ойын:***Жүретін саусақтар.* **Мақсаты:**Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту. **Керекті құралдар:** Суреттері бар кітапшалар. **Шарты:** Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады.		**Ойын: «Сарбаздарға не керек?»**(5-10 мин) **Мақсаты:** Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу. **Керекті құралдар:**ойынға керек ресурстар. **Мазмұны:** Ортаға 1 қатысушы шақырылады. Маңдайына сурет қойылады. Бұл суретті қарама – қарсы отырған бала мимика арқылы қатысушыға көрсетіп, түсіндіреді. Ал ойынға қатысушы оны табу керек болады.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Міндеті:** - Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру	**Қазақ тілі** **Міндеті -** - Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, шағын мәтін құруға жаттықтыру. Ойын жаттығуы: «Сен қайда тұрасың?».	**Дене шынықтыру** **Міндеті**: - Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ	**Математика негіздері** **Міндеті:** - Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару; қарапайым мысалдар мен есептерді шығару білігін қалыптастыру	**Қоршаған орта** **Міндеті: -** Өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу дүниетанымын дамытуға жағдай жасау; көптеген заттардың

	Сурет бойынша жұмыс. – Мынау – пәтер. Мынау не? – Мынау – пәтер (жеке-жеке жауап береді). – Пәтерде (үйде) бөлмелер бар. Мынау – бөлме. – Сенің пәтеріңде (үйіңде) неше бөлме бар? Бөлмелерді санайды. Суреттер арқылы әр бөлме (балалар бөлмесі, дәліз, асүй) қалай аталатынын айтады. Ондағы таныс заттарды естеріне түсірту. – Мынау – дәліз. Дә-ліз. Дәліз үлкен. Дәлізде шкаф тұр. Шкафта нелер болады? (Киім). – Мынау – балалар бөлмесі. Балалар бөлмесінде нелер бар? (Ойыншықтар, кітаптар). – Мынау қандай бөлме? – Мынау – асүй. Мынау – ... – Асүйде нелер бар? (Орындықтар, үстел, ыдыс ...)	Мнемо кесте арқылы әр бала қайда тұратынын айтады. – Қай көшеде, қандай үйде тұрасың? Педагог балалармен бірге мнемо кестедегі символдар нені білдіретінін талқылайды. – Мен ... (көшенің аты) көшесінде, 2 қабатты (көпқабатты) үйде тұрамын. – Сенің пәтеріңде (үйіңде) неше бөлме? – Сенің пәтеріңде (үйіңде) қандай бөлме бар? Суретпен жұмыс. – Мынау – балалар бөлмесі. Мынау қандай бөлме? – Мынау – балалар бөлмесі.	бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге және түсуге үйрету . І«Көңілді шарлардың» тапсырмасын балаларға айтады. Бір тізбекте жүреді, жүгіреді. Көңілді шар көрсеткен тапсырманы орындайды: жүгіріп келе жатып тоқтайды, бағыттарын өзгертіп жүгіреді. ІІ. ЖДЖ-ны текшемен орындайды (№2): Негізгі қимыл-қозғалыстарды топ болып орындайды № 2 сурет. Шұңқырға секіру: 30 см биік заттың үстінен белгіленген жерге дәл секіріп түсулерін бекіту (6 рет). Тепе-теңдіктерін сақтап, дене бітімдерін түзу ұстауларын қадағалау. Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. 30 см биік заттың үстінен белгіленген жерге дәл секіреді. Шеңбер ішіне аяқтың ұшымен түседі. Қолдарын еденге тигізбеуге тырысады	Үлестірмелі материалмен жұмыс. Практикалық жұмыс ұсынылады. Алдарыңа 5 дөңгелек қойыңдар. Үш дөңгелекті алып тастаңдар. Неше дөңгелек қалды? Педагог тақтаға сандар мен таңбаларды іледі. Жұптық жұмыс. Педагогті мұқият тыңдап, есептерді шығарады. Педагогтің нұсқауы бойынша фигураларды шығарады, қалғанын санайды, өздерінің іс- қимылдарын түсіндіреді. Демонстрациялық материалмен жұмыс Педагог 15-кестедегі суретті көрсетеді. Балалар демонстрациялық материалдың 21-кестедегі цифры бар карточканы көрсетеді	адам қолымен жасалатындығын түсіндіру; кез келген затқа ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу **Табиғи заттармен жұмыс**: түрлі өлі табиғат заттарын таратып беру. — Алдарыңдағы заттарды қара. Оларды ата. Оларды қайдан кездестіресің? **Ойын. «Ажырата біл!».** Ойын барысында мұғалім тірі және өлі табиғат заттарын араластырып айтады. Өлі табиғатты атағанда оқушылар қол соғу керек. Сонан кейін оның неге өлі табиғат екенін дәледдейді. Оқушылардың логикалық ойын дамытуға арналған сұрақтар мен тапсырмалар беру: -Су қыста қандай түрде кездеседі? -Суды қолға үйіп ұстауға бола ма? -Су қайнағанда неге йналады? -Мұз ерігенде не пайда болады? Осының негізінде өлі табиғатқа енетін су туралы не айтуға болады? Мұндай тапсырмалар сыныптағы оқушылардың ізденушілігін арттыру, сабаққа қызығушылығын тудыру . Мұндағы мақсат өлі табиғат заттарының бір күйден екінші күйге ауысатындығы туралы

					түсінуінің алғашқы шартын жасау.

Үзіліс: . Қозғалмалы зерек ойындар «Өзен»ойыны

Еліктеу ойындары:
“Кім жақсы айтады”

Р-р-р-ррр

Ы-ы-ыы-ыыы

Гүлдерді иіскейік. Балалар, біз өзімізді гүлдер бағында жүрміз деп елестетейік. Гүлдер әдемі және хош иісті болады. Кәне, гүлдерді иіскеп көрейікші. Жаттығу 2-3 рет қайталанады.

Ойын: «Өзен»
Кішкене өзен арқылы.
Мақсаты: балаларды ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Бірі бәрі үшін, Бәрі бір үшін. Сезімін қалыптастырады және достыққа тәрбиелейді.
Көрнекіліктер:тақтай,жіп.
Шарты: Тәрбиеші екі сызық сызады да (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – «өзен», - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: «Көпір арқылы жүруді үйренейік», - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, тәрбиеші балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Шығармашылық бейнелеу әрекеті **Міндеті:** -- Балаларды қазақтың қонақжайлылығымен таныстыру; -- Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану -- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру -- Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру мерекелік дастарханды бейнелей бідуге үйрету **Топтық жұмыс**	**Қоршаған орта** **Міндеті:** -Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. Балалардың «Өлі және тірі табиғат» тақырыбында білімдерін тереңдету, қоршаған орта жайлы танымдық әрекет шындау. Балалардың ақыл - ойын, түсінігін, білімін, табиғат туралы білімін, қызығушылығын зейінін дамыту. Тірі табиғат — олар өседі, көректенеді, тыныс алады, тұқым шашады. Оларға адамдар, жан — жануарлар, өсімдіктер, құстар, жемістер, көкөністер, балықтар жатады. Электронды оқулықтан көрсету. Өлі табиғат — көректенбейді, өспейді, тұқым шашпайды. Оларға су, тас, тау, күн, ай, құм жатады. Бірақ тіршілік атаулы оларсыз өмір сүрмейді.	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** -Балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға баулу Дидактикалық ойындар арқылы дыбыс туралы алған білімдерін бекіту. Дидактикалық ойын: «Берілген дыбысқа сөзді ата». Ойын шарты: Ойынды педагог бастап, бір сөзді айтады, сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, ойынды жалғастырушы бала сол дыбыстан басталатын жаңа сөз айтуы тиіс. Ойын осылай жалғасын табады. Педагог: Шырша	**Музыка** **Міндеті:** --Қазақ халқының би өнерімен таныстыру Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. **Музыка тыңдау**: «Вальс» (С. Майкапар) Ән айту: «Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев) «Ақша қар» (К. Қуатбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Аюлар биі» (Е. Тиличеева) Билер: «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Төмен және жоғары дыбыстар» ойыны Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)	**Музыка** **Міндеті:** - Балаларға «Қаражорға» биін билету Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. **Музыка тыңдау**: «Вальс» (С. Майкапар) Ән айту: «Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев) «Ақша қар» (К. Қуатбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Аюлар биі» (Е. Тиличеева) Билер: «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Төмен және жоғары дыбыстар» ойыны Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)

Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	**Бақылау:** Аязды бақылау. **Мақсаты:** Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жібе руі де мүмкін екенін, сол үшін де колғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру. **Еңбек:** Ауладағы қарды күрею.**Мақсаты:** Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету. **Қим.ойын**: «Сырғанақ тебу». **Мақсаты:** Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шанамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету. **Жеке жұмыс:** **(** Нұрали, Бекарыс, Тілекжан, Аяулым**)** Жұмбақ. Терезеге қонады, Әсем ою ояды.(Аяз). **Мақсаты:** Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау қабілет терін дамыту, сөздік қорларын молайту.	**Бақылау:** Мұзды бақылау. **Мақсаты:** Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру. **Еңбек:** Тайғанақ жерге құм себу. **Мақсаты:** Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне беріл ген тапсырманы тия-нақты орындауларын қадағалау. Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату. Жаңа жыл,жаңа жыл, Жаңа жылда-жаңа нұр.	**Бақылау:**Ауа-райын бақылау. **Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. **Еңбек:** «Таза алаң». **Мақсаты:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. **Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов «Күшік».** **Мақсаты:** Үдыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. Е.Өтетілеуов. «Күшік». Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап **Ойын:** «Қасқыр мен қаздар». **Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. **Қимылдық ойын:** «Тымпи-тымпи».	**Бақылау:** Қарды бақылау. **Мақсаты:** Қыс мезгілінің ерекшелік терін айту.Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тоңады, жылыға ериді.Ойлау қабілетін дамыту. **Тақпақ:** Аппақ көше, бар дала, Аппақ ой мен қыраттар. Ақ шатырлы қар қала, Ақ жамылып тұр бақтар. **Еңбек:** Ағаштар түбіне қар үю. **Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру. **Жеке жұмыс: «**Қыс қызығы»тақырыбында әңгіме құрату. (Абдубақыт, Айару, Данагүл, Дильназ) **Мақсаты:** Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету. **Ойын: «**Қардан түрлі бейнелер жасау». **Мақсаты:** Ойынға қызығушылығын арттыру.	**Бақылау:** Күнді бақылау. **Мақсаты:** Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. **Еңбек:** «Қыс қызығы». **Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) **Мақсаты:** Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықта-рын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру. **Қимылды ойын:**«Айгөлек». **Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшан-дыққа ,ептілікке баулу.
Балалар дың үйге қайтуы	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ

Мектепалды даярлық О «А» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2 -апта 15 – 19 қаңтар 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға жыл мезгілдеріндегі өзгерістерді, жыл айларын, апта күндерін ажыратып айта алады				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Д/ойын:«Ғажайып қоржын»** **Мақсаты:** Балаларды заттарды қолдарымен, сипаптиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету. **қажетті құралдар**: Ғажайып қоржын. Балалар санына сәйкес, таныс ойыншықтар.	**Д\ойын«Бұл қай кезде болады»** **Мақсаты:** Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау пысықтау тиісті белгілерін атату, тілдерін жетілдіру, танымдылықтарын, ұстамдылықтарын дамыту. **Қажетті құралдар:** Жыл мезгілдеріне байланысты 3-4 сурет	**Д/ойын:« Өз жұбыңды тап»** **Мақсаты:** Санды көру, есту және қимыл арқылы қабылдау қабілеттерін пысықтау. **Қажетті құралдар:** Цифрлар бала санына	**Д/ойын:«Қателесіп қалма?».** **Мақсаты**: Жылдам ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың күннің әр түрлі мезгілінде не істейтін туралы біліктерін нығайту. **Қажетті құралдар:** текше	Д/ ойын: «Гүл шоғын құрастыр». Мақсаты: Бақшада, далада, орманда өсетін гүлдерді дұрыс тауып, аттарын есте сақтауға үйрету. Ойынның ережелері. Гүлдің кімге арналғанын, Қайда өсетінің және қалай аталатынын көрсету.
Жаттығу	Жаттығу кешені № 10				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	Жер-Ана, сағанмыңалғыс, Сыйлайсыңбізгеқуаныш. Жазда, күзде, қыста да, Көркемсің көктем тұста да!	Көк аспанда күнқүлсін, Бірге күлсін бүлдіршін. Көк аспанда күн күлсін, Жерге ұдайы нұр құйсын. Көк аспанда күн күлсін, Ұл қолында ту жүрсін. Қыз қолында гүл жүрсін, Көк аспанда күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін.	Күндей жадырап, Айдай арайлап, Жұлдыздай жарқырап, Судай мөлдір таза көңілмен Бүгінгі күнді бастайық.	Жарқырап,күн де ашылды Айналаға гүл шашылды. Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Қайырлықүн! Бізсүйкімдібаламыз	Армысың шапағатты Күн-Ана! Армысың қайырымды Аспан-Ана! Армысың мейірімді Жер-Ана! Құт дарыт, бар әлемді жарылқа!
1 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
Мектепке дейінгі ұйым	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** -Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу	**Көркем әдебиет**	**Математика негіздері** **Міндеті:** - Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** - Гимнастикалық қабырғаға	**Математика негіздері** **Міндеті:** - Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін,

кестесі бойынша ҰІӘ	«Ақсақ құлан» аңызын мазмұны бойынша әңгімелету –Балалар, құлан – жылқы тектес жануар. –Сендер жылқыны білесіңдер ме? –Құланың да, жылқы сияқты, жалы бар, бірақ ол – жабайы жануар. Ертеде аң сияқты, құланды да аулап етін жеген. –Мен сендерге «Ақсақ құлан» аңызын оқып берейін. Аңыз – бұл түп нұсқасы болған оқиға. Ауыздан-ауызға ұмытылмай жеткен оқиғаны аңыз деп айтамыз. Қазір мен сендерге «Ақсақ құлан» аңызын мәнерлеп оқып беремін.	**Міндеті: -** Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. -Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру 1. Суретті қара. Ертегінің жүйесін сурет бойынша баянда. Ертегі кейіпкерлерінің қимыл-әрекетін және эмоциясын келтір. 2. Жұмбақты шеш. Ә дегеннен тап береді, Тап бергеннен қақ бөледі. (Балта) Ескегі бар, жүзбейді, Ұшудан үміт үзбейді. (Желдиірмен)	шығару; қарапайым мысалдар мен есептерді шығару білігін қалыптастыру Суретті қарайды, есеп құрастырады, шығарады. Педагог есеп құрастырудың үлгісін көрсетеді: аквариумда қызғылтсары түсті 3 балық және күлгін түсті 2 балық жүзіп жүрді. Аквариумда қанша балық жүзіп жүр? - Балалар үлгіге сүйене отырып, қалған суреттердегі тапсырмаларды құрастырады, шешеді, жауабын атайды. -Екінші аквариумда неше балық бар? Олар бірдей ме? -Үшінші аквариумда неше балық бар? Балалар сұрақтарға жауап береді. Аквариумдағы балықтарды санап, есеп құрастырады	қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею - Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге және түсуге үйрету Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге және түсуге үйрету, қол мен аяқты үйлестіріп қозғау шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру (тіркемелі адыммен адымдау, саты тепкішектерін қолмен ұстап).	ені мен жуандығын анықтай білу шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру **Проблемалық іздеу тапсырмасы:** Кәділердің ұзындығын қалай салыстыруға болады (бір-бірінің үстіне салу арқылы)? Педагог: Кәділерді сабағынан үзбей өлшеуге бола ма? Заттың ұзындығын өлшеуге арналған басқа да тәсілдер бар. Кез келген затты шартты өлшемнің көмегімен өлшеуге болады. Шартты өлшем ретінде таспаны, бауды, қаламды немесе кез келген басқа затты пайдалануға болады. Бүгін біз шартты өлшем ретінде жасыл қағаз таспаны пайдаланамыз. Менің қалай өлшейтінімді мұқият қараңдар. Екеуінің де бұрышын бір-біріне сәйкес келтіріп, шартты өлшемді кесіндінің үстіне саламын. Шартты өлшемнің шеті қай жерде болса, сол жерге белгі саламын. Келесі өлшем осы жерден басталады. Балалар өздерінің салыстыру тәсілдерін ұсынады. Балаларға кәділердің макеттері (муляждар, суреттер) беріледі және олар кәділерді ұзындығы бойынша салыстырады. Санайды. Осы кесіндінің неше шартты белгіге тең екенін санауды ұсынады. Кәдінің ұзындығын кім өлшейді? Кәді неше шартты өлшемге тең?
Үзіліс					
Саусақ ойындары **Ойын:*Су толтыру.*** **Мақсаты:**Қол ептілігін дамыту,ас ішкенде қалай отырып,қасықты қалай ұстайтынын,ыдыстар қалай тұратынын үйрету. **Керекті құралдар:**шұңқыр қасық,шұңқыр тәрелке мен күрешке. **Мазмұны:** Үстел үстіне шұңқыр ыдысқа су құйып қоямыз.Одан кейін 1-ші тәрбиеші өзі көрсетеді.Ыдыстағы суды қасықпен алып,ақырын төгіп алмай күрешкеге құямыз.Осы іс-әрекет бірнеше рет қайталанады.		***Саусақ ойыны: Жүретін саусақтар.*** **Мақсаты:**Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту. **Керекті құралдар:** Суреттері бар кітапшалар. **Шарты:** Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады.			
2 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Сауат ашу негіздері **Міндеті**: Буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін мен есте сақтауларын дамыту балалардың білімін бекіту **«Тиісті белгіні көтер» дидактикалық жаттығуы**	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** -Сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын бекіту Сөздерді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті: -** Сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Суреттер қандай дыбыстан басталатынын ауызша анықтауға үйрету, белгілермен қоршату, жасалу	**Көркем әдебиет** **Міндеті: -** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу Кейіпкерлердің іс-әрекетіне өз пікірін айта білуге баулу	**Дене шынықтыру** **Міндеті: -** - Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру - Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің

	Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызғылт сары дөңгелекті көтереді. «Кім көп сөз ойлап айтады?» дидактикалық ойыны – Н дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар, сөздерді шапалақпен буынға бөліндер, қанша буын атасындар. – Нан, нар, ну, нарын, немене, не, неге, нағыз, Нұрлан, Нұргүл, неке, нақ, неліктен. – Р дыбысынан басталатын сөз ойлаңдар. Кім көп сөз ойласа, соған бір фишкадан беріліп отырады. – Радио, рауғаш, рас, рет, резеңке, рең. Ойын соңында фишкаларды санап, жеңімпазды анықтайды	«Сөз жина» дидактикалық жаттығуы –Мен сендерге дыбыстар айтамын, сендер алақандарыңмен кесе жасап, дыбыстарды қағып алып отырыңдар. Айтылған дыбыстарды түсіріп немесе орнын ауыстырып алуға болмайды Жинаған дыбыстарыңнан сөз құрап айтасыңдар. Мысалы: - «а.л.м.а.», – «а.ғ.а.ш.», - «к.ұ.н.», - «қ.ұ.с.», «к.о.я.н.», - «с.и.ы.р.» ,- «а.с.ы.қ.» , - «е.с.і.к.», - «с.а.ғ.а.т.», - «т.а.б.а.қ.», - «ж.е.р.». –Балалар, сендер қандай тағамдарды ұнатасыңдар? –Балалар, денсаулыққа пайдалы тағамдармен тамақтану қажет. Ал А, В, С, Д, Е – осы адам ағзасына қажетті дәрумендердің атаулары. Біз оларды тағамдардан аламыз. А дәрумені өсу мен көру дәрумені деп атауға болады, себебі ол арқылы сен жақсы өсесің, ал көзің тамаша көреді.	жолдарын естеріне түсіру дағдыларын бекіту «Сөзді аяқта» дидактикалық жаттығуы Балалар мен сендерге соңғы буынын айтпай сөздер айтамын, сендер буынды қосып, сөзді айтасыңдар. Мысалы: кү...шік, көбе...лек, ба...нан, алжап...қыш, жұлдыз...ша, жылқы...шы, шах...мат, ине...лік, жолба...рыс, жас...тық, ағаш..тар, бақта..шы, береке...лі, күлкі...лі, күнба...ғыс, қабыр...ға, қам...шы, қама...жай, ора...мал, сүл...гі, жапа...лақ, отба...сы, жануар...лар, найза...ғай, сөм...ке, сыбыз...ғы, отша...шу, су...рет, жеміс...тер, жалау...ша, құмырс...қа т.б. Сөзді дұрыс айтқан балаларға педагог жұлдызша таратып отырады, ойын соңынан жеңімпаз анықталады	Педагог қорапшаның ішінен бір сурет алып шығады. – Суреттен нені көріп тұрсыңдар? (Балта) – Бұл не деп ойлайсыңдар? –Ол не үшін керек? Мұндай затты көргендерің бар ма? –Балалар, бүгін «Алтын балта» орыс халық ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегі ойдан, қиялдан туады Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: –Ертегі қалай аталады? –Кедей қайда барды? –Балта қайда түсіп кетті? –Балта не үшін қажет? –Диірменші қандай балталар ұсынды? –Диірменші неліктен кедейге алтын балтаны берді? –Бай не істеді? –Ертегі қалай аяқталды?	деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру **Қозғалыс ойындары: «Сағат»** Екі ойыншы бірдей қашықтықта шеңбер бойымен тұрып алып, белгі берілгенде бір бағытта жүгіріп, бірін-бірі қуып жетуге тырысады. Ойында жаттығуларды екі бағытта қайталау керек (сағат тілімен, сағат тіліне қарсы).

Үзіліс

Дидактикалық ойын: ***«Домино»*** **Мақсаты:** «Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту, пысықтау. Сәйкес көлікті тауып дұрыс атату, оның атқаратын қызметімен таныстыру. **Ойын шарты:** Суреттері сәйкес келетін карточкаларды біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. **Қажетті құралдар**: Бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлімдері 5×6см карточкалар.	**«Сүйікті қаламызға саяхат»** **Мақсаты**:Туып -өскен қаласы туралы білімдерін бекіту;үлкендер еңбегі,автокөліктер. **Ойынның барысы**:Тәрбиеші балаларды үш топқа бөліп,карточкаларды таратады.Содан соң қаланың көрікті жерлері,үлкендер еңбегі,автокөліктер туралы әңгімелеуге тапсырма береді.Балалар қолдарындағы карточка бойынша әңгіме құрастырады. Әңгімені мазмұнды айтқан топ жіңішке жетеді. Топтар қағаздарын алмастырып, ойынды әрі қарай жалғастырады.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Міндеті:** - Суреттер бойынша әңгіме құрастыру сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ретін сақтай отырып	**Қазақ тілі** **Міндеті --** Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен таныстыру Өз халқының тұрмыстық	**Дене шынықтыру** **Міндеті**: - Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып	**Математика негіздері** **Міндеті: -** Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және	**Қоршаған орта** **Міндеті: -** Табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату

	сөйлем құрауға жаттығуды жалғастыру **Ойын: «Қандай сөз артық?».** Педагог сөздерді айтады, балалар мұқият тыңдап қандай сөз артық екенін табады. Мысалы: кереует, үстел, нан, кілем. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.	заттарының ерекшеліктерін, қолөнерлерін, салт-дәстүрлерін таныстыру Қазақ халқының шеберлері асхана аспаптарын, тұрмыстық заттар, жиһаздар дайындауда қандай материалдарды қолданған баллаарға көрсету, Осы заттарды бояту.	желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Төбешіктен-төбешікке».** Ойыншылар еденге тақтайшаларды қойып, оның үстіне тұрады, сонан кейін екіншісін қояды. Осыдан кейін екінші тақтайшаға секіріп тұрады да, бірінші таяқшаны алып, оны алдыға тастайды. Осылайша залдың екінші шетіне дейін тақтайдан-тақтайға секіріп барады.	осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру**.** : шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру **Практикалық жұмыс** Педагог балаларға: көк және қызыл қағаз таспаларын таратады. Кішкентай жасыл таспа – шартты өлшем. Педагог балаларға: алдарыңдағы тәрелкелерде көк және қызыл қағаз таспалар жатыр. Тәжірибелік жолмен таспалардың қайсысы ұзынырақ екенін дәлелдеп көріңдер. –Таспалардың қайсысы ұзынырақ? –Неліктен қызыл таспа ұзынырақ? –Қызыл таспа неше шартты өлшемге тең? –Көк таспа неше шартты өлшемге тең? Қайсысы көбірек: 3 пе, немесе 4 пе? Шартты өлшемнің көмегімен таспалардың ұзындығын өлшейді. Қорытынды жасайды: қызыл таспа ұзынырақ, оның ұзындығы 4 шартты өлшемге тең. Көк таспа қысқарырақ, ол 3 шартты өлшемге тең. Тапсырмаларды орындап, өздерінің іс-қимылдарын түсіндіреді	Тірі, өлі табиғат туралы, денелер туралы ұғым беру. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу. **Табиғатты суреттеу**. Бұлардың бәрі бізді қоршаған табиғатқа жатады. Осы ағаштар табиғаттың қай түріне жатады? Тірі табиғат. Оны неліктен тірі табиғат деп атаймыз? Одан әрі саяхатымызды жалғастырамыз. Не естідіңдер? Тағы не көрдіңдер? Орман жануарлары. Олар да тірі табиғатқа жатады. Тірі табиғатқа жатады - адам. Осы тірі табиғаттың қажеттіліктерін атайық: ауа, тамақ, су, жарық, жылу. Одан әрі саяхатымызды жалғастырайық. Таудан сарқырап аққан өзенді көрдік. Енді табиғатта өлі денелер бар. Оларды тамашалайық. Күн, су, тау, тас, ауа, Бұлардың бәрі табиғи денелер. Бұдан басқа жасанды денелер болады, олар адам қолымен жасалады. Жасанды денелерге не жатады? Машина, үй, парта, кітап, т. б. Кез - келген денелер заттан тұрады. Мысалы: доп - дене, резеңке - зат, парта - дене, ағаш - зат, т. б. Қане, мына суреттен жасанды денелерді табайық. Ал осы табиғатта болып жатқанның барлығы табиғат құбылыстары. Табиғат құбылыстары: жаңбырдың жаууы, қардың жаууы, найзағай, кемпірқосақтың шығуы, жапырақтың түсуі, т. б
Үзіліс: . Жүгіруге арналған ойындар «Торғайларп мен мысық»					
Ойын: «Торғайлар мен мысық» Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.					

Шарты:Жерді шеңбермен белгілеу керек /5-6м.диаметрмен/. Ортада тәрбиешімен тағайындалған бала жүреді – ол мысық. Қалған балалар шеңбердің сыртында- олар торғайлар. Мысық ұйықтап қалады.Торғайлар шеңбердің ішіне дән жеуге кіреді. Мысық оянып кетеді де, торғайларды көріп, оларды ұстай бастайды. Торғайлар шеңберден шығуға асығады. Шеңбердің ішінен мысыққа ұсталған торғайлар, шеңбердің ортасында қалады. Мысық 2-3 торғайды ұстаған соң, тәрбиеші жаңа мысықты таңдайды. Ұсталған торғайлар басқа ойынаушыларға қосылады. Ойын 4-5 рет қайталанады.

Ұсыныс: мысық ақырын барыпторғайларды ұстайды (қатты ұстамай, ақырын ғана қолын тигізеді)

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Шығармашылық бейнелеу әрекеті **Міндеті:** - Балалардың қайың ағашы туралы білімдерін арттыру - - Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу -- Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің беру -- Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту қысқы ағашты бейнелей білуге үйрету **Топтық жұмыс**	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті: -**Монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту «Л» – «Р» дыбыстарын үйрету –Сендерге «Ақсақ құлан» аңызы ұнады ма? –Аңызда не туралы айтылған? –Ашуына тиген құлан әңгісі балаға не істеді? –Міне, балалар, аң екеш аңға да зәбір көрсетіп, қорлауға болмайды екен. –Аңыз әңгімедегі құлан сөзі орыс тілінде «кулан» деп айтылады. Әңгі – үйірді басқаратын, бастап жүретін айғыры –«Л» – дауыссыз дыбыс. –"Л" дыбысының буын арасында кездесуі. Ла-ла-ла – лақ. Лә-лә-лә – Ләззәт. Да-да-да – дала До-до-до – долана. Құ-лан. Құ-лақ	**Қоршаған орта** **Міндеті:** Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну Ауа,су,күн және олардың маңызы туралы балалардың білімдерін тереңдету.Ауа туралы ұғымды түсіндіру, су-тіршілік көзі екендігін, оның пайдасы туралы білімдерін кеңейту.Күннің жылуы мен жарық беретіндігін түсіндіру. **Ойын: «Сиқырлы көпіршіктер»** -Балалар Ертегі көрініс көрсету «Күн, жер, су, от және ауа» (ертегі) Бір күні Күн, жер, су, ауа қайсысы ең маңызды деп таласыпты. Күн: «Ең бірінші оянып мен өз шуақтарыммен жер планетадағы адамдарды, құс, аңдарды оятамын!» дейді. Жер: «Ия, ия, күн, сен жаңа өзің айттың жер планетасында тұратындар деп. Мен болмасам аңдар, жәндіктер, адамдар қайда өмір сүруші еді? Ағаштар, гүлдер қайда өсуші еді? Өзен, теңіз, мұхиттар қайда тасушы еді? Ең маңызды мені!» Ал мен болмасам,- таласқа су кірісті – балықтар, пингвиндер, су құстары болмаушы еді? Менсіз адамдар өмір сүре алмаушы еді. «Мен олардың үйлерін жылытамын» — таласқа от кірісті. «Сендер мен туралы ұмытып қалдыңдар!» — Ауа дауысын шығарды. Мен көрінбесем де адамдардан басқа, әр тірі зат өмір сүре алмайды! Менсіз отта болмайды. Бұл талас ұзаққа дейін созылды. Ешкім білмейді қашанға дейін созылатынын, егерде адам бұл әңгімеге кіріспесе. «Сендердің әрқайсысы маңызды. Сендерсіз жерде өмір болмаушы еді.» Адам тыныс алып, жерден астықты теріп, бұлақтан таза суды ішіп, үйіне кіріп отты жақты. Содан бері күн, су, жер, от, ауа бір бірімен таласпайды. — Балалар, сендер табиғатқа байланысты мақал-мәтелдер білесіңдер ме? — Тау бұлағымен сәнді, көл құрағымен сәнді. — Жер құтты болса, мал сүтті болады. — Жер – ана, ел – бала Дәйексөз: Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ,	**Музыка** **Міндеті:** -Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату **Музыка тыңдау: «Қыс» (Б. Ерзакович)** Ән айту: «Зырлайды шанамыз» (М. Маңғытаев) «Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт) Билер: «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың х.ә. (өңдеген М. Раухвергер) Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко	**Музыка** **Міндеті:** - Мәтінге сәйкес әнді сахналау Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату Музыка тыңдау: «Қыс» (Б. Ерзакович) Ән айту: «Зырлайды шанамыз» (М. Маңғытаев) «Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт) Билер: «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың х.ә. (өңдеген М. Раухвергер) Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко

			Мұны айтуға адамзаттың тілі жоқ. Балалар табиғатқа өз ризашылығын білдіреді. — Күн, сәуле шашқаның үшін рахмет! — Ағаш, көлеңкең үшін рахмет! — Жер, сағаң жомарттығың үшін рахмет! — Бұлт жаңбыр сепкенің үшін рахмет! — Таза ауа, сағаң рахмет! — Табиғат, сұлулығың үшін рахмет! — Құстар, тамылжыта салған әндерің үшін рахмет!		
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	**Бақылау:** Бұлтты бақылау. **Мақсаты**: Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру. Зәулімде тұрағы Тіреусіз тұрады.(Бұлт). **Еңбек:** Көшедегі қар жинаушы машинала- рдың жұмысын бақы лау.**Мақсаты:** Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту.Еңбекті дәріптей білуге үйрету. Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ,Ұстаған қолдарында таяғы жоқ.Күніне талай жерге кетер кезіп, Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. (Бұлт **Мақсаты**: Балаларға бұлт туралы түсінік қалыптастыра отырып, есте сақтау қабілетін дамыту. **Қим.ойын:** «Мені қуып жет». **Мақсаты:** Шапшаңдыққа үйрету. Денені ширату арқылы денсаулықты нығайту.	**Бақылау:** Мұзды бақылау. **Мақсаты:** Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру. **Еңбек:** Тайғанақ жерге құм себу. **Мақсаты:** Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне берілген тапсырманы тия-нақты орындауларын қадағалау. Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату. Жаңа жыл,жаңа жыл, Жаңа жылда-жаңа нұр. Жасыл шырша жанында Жадырап бар бала жүр. **Мақсаты:** Еске сақтау қабілетін дамыту, сөздерді қатесіз дұрыс айтуға үйрету. **Ойын:** «Тышқан мен мысық». **Мақсаты:** Шапшандыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету.	**Бақылау:**Ауа-райын бақылау. **Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. **Еңбек: «**Таза алаң». **Мақсаты:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. **Ойын:** «Қасқыр мен қаздар». **Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. **Қимылдық ойын:** «Тымпи-тымпи».	**Бақылау:** Мұздақты бақылау. **Мақсаты:** Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету. **Еңбек:** Ағаш түптеріне қар үю. **Мақсаты:** Еңбекқорлыққа үйрету. Жалқаулықтан аулақ болуға шақыру. **Жеке жұмыс:** Жұмбақ жатттату“ Отқа жанбас, Суға батпас” (**мұз**) **Мақсаты:** Мұз туралы түсінік беру. Жұмбақ жаттату арқылы сөздік қорын молату. Есте сақтау қабілетін дамыту. **Қимылдық ойын: «**Қазан». **Мақсаты:** Бірлесіп ойнауға шақыру. Балалардың көңілдерін көтеру.	**Бақылау:** Күнді бақылау. **Мақсаты:** Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. **Еңбек:** «Қыс қызығы». **Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) **Мақсаты:** Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықта-рын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру. **Қимылды ойын:** «Айгөлек». **Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшан- дыққа ,ептілікке баулу.
Балалардың үйге қайтуы	**Ата – аналарға кеңес беру:** екінші аяқ киім әкелуді қадағалау және балалардың тазалығы				

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «А» сыныбы
Балалардың жасы **5 жас**

Жоспардың құрылу кезеңі 3-апта 22– 26 қаңтар 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата –анамен әңгімелесу. Ата –аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.	**Ата-аналармен әңгіме**: Ата-аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата –аналарға керекті құрал – жабдықтарды әкелуін өтіну.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Қимылды ойын** «Ұшты-ұшты» **Мақсаты:** Балаларға әуеде ұшатын заттарды ажырата алуға үйрету. **Қоршаған ортамен таныстыру**	**Сюжеттік ойын** «Мен дәрігер боламын» **Мақсаты:** Балалар бір -бірімен ойнау арқылы өздерін дәрігер сезіне алады. **Сөйлеуді дамыту**	**Үстел-үсті ойын** «Әдемі үйшік» **Мақсаты**:Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады **Құрастыру**	**Сюжеттік ойын** «Шаштараз» **Мақсаты:**Балалар ойын арқылы шаш қиюшының еңбегін түсінеді. **Көркем әдебиет**	**Дидактикалық ойын «Сандар тізбегі» Мақсаты:** Сандарды тура және кері санай білуге үйрету **Математика негіздері**
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 10				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	**Д/ойын:«Ғажайып қоржын» Мақсаты:** Балаларды заттарды қолдарымен, сипаптиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету. **қажетті құралдар**: Ғажайып қоржын. Балалар санына сәйкес, таныс ойыншықтар.	**Д\ойын«Бұл қай кезде болады» Мақсаты:** Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау пысықтау тиісті белгілерін атату, тілдерін жетілдіру, танымдылықтарын, ұстамдылықтарын дамыту. **Қажетті құралдар:** Жыл мезгілдеріне байланысты 3-4 сурет	**Д/ойын:« Өз жұбыңды тап» Мақсаты:** Санды көру, есту және қимыл арқылы қабылдау қабілеттерін пысықтау. **Қажетті құралдар:** Цифрлар бала санына	**Д/ойын:«Қателесіп қалма?». Мақсаты**: Жылдам ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың күннің әр түрлі мезгілінде не істейтін туралы біліктерін нығайту. **Қажетті құралдар:** текше	**Д/ ойын: «Гүл шоғын құрастыр». Мақсаты**: Бақшада, далада, орманда өсетін гүлдерді дұрыс тауып, аттарын есте сақтауға үйрету. **Ойынның ережелері.** Гүлдің кімге арналғанын, Қайда өсетінің және қалай аталатынын көрсету.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту Міндеті: --Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді қолдану -. Әңгімені оқып, сұраққа жауап беруге үйрету. **«Торғайлар мен мысық» ойыны**. Педагог – «мысық», ал қалғандары «торғайлар» болады. Бөлмеде жағымды баяу әуен ойналады. «Торғайлар» алаңқайда секіріп, ұшып-қонып жүреді. Мысықтың дауысын естісімен «торғайлар» өз ұяларына ұша жөнеледі. Ұсталған «торғай» «мысық» болып	**Көркем әдебиет Міндеті:** - Себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату әңгіменің мағынасын интонациямен мазмұндауға дағдыландыру. 1.Оқиғаның жүйесін сурет бойынша баянда. Анасы мен қызы нені істеп отыр? Анасы мен қызы терезеден нені көрді? Торғайдың аузындағы не нәрсе? Сен қыздың орнында болсаң, не істер едің? 2.Мақтадан не жасалады? Сызып қос. 3.Жұмбақты шеш. Тау-тау ақ қар,	**Математика негіздері Міндеті:** - - Биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру **Өздерінің салыстыру тәсілдерін ұсынады.** Педагог балаларға мойынорағыштарды көзбен алдымен екеуден, одан кейін үшеуден салыстыруды ұсынады. Жауаптың толық болуы керек екеніне назар	**Дене шынықтыру Міндеті:** - Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; артқы жағынан қолды айқастырып көтеру, қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу - Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру, қол мен аяқ қозғалысын үйлесімді қозғау қабілеттерін жетілдіру Шлө әлемі «Қи қоңыз» ойын-жаттығуы. Еркін бағытта фитболдарды (доптарды) домалатуға жаттықтыру.	**Математика негіздері Міндеті:** - Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру **Ойын жаттығуы: «Кім биік, аласа немесе тең»** – Балалар, кімнің бойы биік, кімнің бойы аласа, кімнің бойы бірдей екенін қалай білесіңдер? Топтың жартысына жұптасып тұруды ұсынады. Топтың екінші жартысы жұптарды салыстырады;

	ауысады. Ойын осылай жалғаса береді Балалар, біз бүгін торғайлар туралы ойынды бекер ойнаған жоқпыз. Өйткені сендерге қазір жазушысы М.Зверевтің «Су торғайы» атты әңгімесін мәнерлеп оқып беремін. Әңгімені мәнерлеп оқиды. «Су торғайы» Қыстыгүні қатты аязда таудан аққан өзеннен бу шығып жатады. Екі жағаға көкпеңбек жалтыр мұз қатады. Өзеннің тек ортасы ғана мұзсыз. Осындай кезде шыр-шыр етіп, мұз үстінде жорғалап торғай жүреді. Ол – қайқы құйрық, кішкентай қара торғай. Торғай шолп етіп ағынды суға сүңгіп кетеді. Оның мөлдір судың түбінде жорғалап, тастардың ара-арасын шұқылап жүргенін анық көруге болады. Әне, ол пыр етіп қайтадан жағаға ұшып шықты. Тырнақтарының ұшына мұз қатып қалған. Оны да елең қылмастан зыр-зыр жорғалап, баяғысынша әндетумен болады. Бұл қандай ғажап құс! –Бұл құсты су торғайы дейді. Ол қысы-жазы бірдей жемін су түбінен табады.	Ерімейді ыстықта. (Мақта) .	аударады: (қызыл мойынорағыш ақ мойынорағыштан ұзынырақ, жасыл мойынорағыш қызыл мойынорағыштан қысқарырақ). Балалар мойынорағыштардың ұзындығын өлшеу бойынша практикалық жұмысқа қатысады. Оларды ұзындығы бойынша қалай салыстыруға болатынын кім біледі? Оларды бір-бірінің жанына осылай жақындатуға бола ма? (Қате жақындатуды көрсетеді). Тыңдайды, бір-біріне жақындату керек деп жауап береді. -Екеуінің шеті сәйкес келетіндей етіп жақындату керек. -Заттың ұзындығын өлшеудің және салыстырудың басқа тәсілдері бар ма? Бір-бірінің үстіне салу техникасын қолданамыз. Педагог өлшеу кезінде мойынорағыштың бір ұшы сәйкес келетініне көз жеткізеді. Педагог балалардың өткен ұйымдастырылған оқу қызметінде заттың ұзындығын шартты өлшеуіш арқылы өлшеп үйренгенін еске түсіреді. Шартты өлшеуіш ретінде қағаз жолағын ұсынады. Балалар шартты өлшеуішті пайдаланып нәтижелерін айтады, қызыл мойынорағыш ақтан ұзынырақ, жасыл мойынорағыш ақтан қысқарырақ. «Тең заттар» ұғымымен таныстыру. Педагог ұзындығы мен ені тең жолақтарды әр қолына ұстап, балаларға көрсетеді. -Қай жолақ ұзынырақ? Қалай тексеруге болады? Балалар талқылайды, өлшеу жолдарын ұсынады.	Фитболдарды зал бойымен домалатып жү реді. Доптарды қатты итермейд Батпақ әлемі Қимыл-қозғалыс ойыны: «Төбешіктен-төбешікке». Ойыншылар еденге тақтайшаларды қойып, оның үстіне тұрады, сонан кейін екіншісін қояды. Осыдан кейін екінші тақтайшаға секіріп тұрады да, бірінші таяқшаны алып, оны алдыға тастайды. Осылайша залдың екінші шетіне дейін тақтайдан-тақтайға секіріп барады. «Теңіз шуы» үнтаспасын тыңдайды.	одан кейін балалар орын алмастырады. Сұрақтарға жауап береді, бір-бірімізге жақын немесе бір-бірімізге арқамызды тақап тұрамыз.

			Педагог жолақтарды бір-бірінің үстіне салып, сәйкес екенін көрсетеді		
Үзіліс:					
Қимылды ойын: « Күн мен түн » Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. Ойын мазмұны: Балалар бірі « Күн», екіншісі « Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір-бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші « Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма-кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді.	Қимылды ойын:« Көги-гөк » Мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Ойын мазмұны: Тақпақ айтып, бір қызды « кемпір» етіп сайлайды. Қалғандары қаз болады. « Кемпір» шетке шығып тұрады, басқа ойыншылар қаздай тізіліп, бірінің соңынан бірі ұстап: Гөк, гөк, көги көк, Гөк, гөк, көги гөк. Гөк, гөк, көги гөк,-деп қаздың жүрісіне еліктей ақырын оң мен солға шайқалып, « кемпірдің» қасына келеді. Бірінші келген балаға беріп: « Жоғалтпаңдар!»-деп тапсырады. Балалар айнала жүріп, қайтадан қаздай тізіліп « кемпірге» келеді. « Кемпір» Әлгің қайда? Қалды сайда!-деп сұрайды. Балалар бәрі бірдей. Әлгің қайда?- Қалды сайда!-деп жауап береді. Олай болса сендердің біріңді алып қаламын, деп « кемпір» балаларға бас салады. Балалар тізбегін жазбай қаша жөнелуі керек. Қолға түскен біреуін « кемпір» қасына алып қала береді. Ойын барлық балаларды түгел ұстап болғанша қайта жалғаса береді.	Қимылды ойын: « Аққу-қаздар » Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. Ойын мазмұны: Алаңның бір шетіне қаздар тұратын үй белгіленеді, қарсы шетіне бақташы тұрады. Үйдің бір жақ бүйірінде қасқыр тұратын үңгір болады. Алаңның қалған жері жайылым болады. Бақташы қаздарды жайылымға қуып шығады, олар жайылып жүреді. Бақташы: Қаздар, қаздар, қаңқылдап, Барасыңдар қай жаққа. Қаздар: Айна көлі жалтылдап, Жатқан жасыл аймаққа. Бақташы: Біздің жерге түсе кет, Түсіп сусын іше кет. Қаздар: Сіздің жерге түсеміз Түсіп сусын ішеміз. Бақташы: Болсын онда жол жайлы! Қаздар: Бізге ол жаққа болмайды, Жолды тосып тұр сұр қасқыр. Бақташы: Олай болса, қалаған, Жақтарыңа бар аман. Қаздар қанаттарын жайып, жайылым арқылы үйлеріне ұшады, ал қасқыр үңгіршек жүгіріп шығып, оларды ұстауға тырысады. Ұсталған қаздар қасқырдың үңгіріне қарай жүреді. Бірнеше рет жүгірістен кейін қасқырдың ұстаған қаздарфын санайды. Ойын 3-4 рет қайталанады.	
2 - ұйымдастырылған іс-әрекет					

	Сауат ашу негіздері **Міндеті** - Төрт дыбысты сөзге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру Мақсаты: дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру. **Дидактикалық жаттығуы: «Белгі бер»** Педагог балаларға ұяң (д) дыбысын басқа дыбыстармен араластырып айтады, балалар (д) дыбысын естігенде, қол шапалақтап, дыбыс берулері керек. [А, Б, Д, Т, Р, Б, Л, Д, Ш, Г, Д, Б, К, Д У, Д, С, Д, Ч, Б, Д, Я, Ы, Ф, Д, Б, З, Д, Й, Д, Ц, Д, Б.] Сол сияқты басқа да дыбыстармен ойнатса болады. Дидактикалық жаттығу: «Кім зейінді?» – Балалар, алдарыңа көк түсті төртбұрыш, үшбұрыш, көк, сары және қызыл дөңгелектерді алыңдар. Мен сендерге қатаң дауыссыз дыбысты айтсам, көк төртбұрыштыны, үнді дауыссыз дыбысты айтсам, көк үшбұрышты, ұяң дауыссыз дыбысты айтсам, көк, жуан дауысты дыбысты айтсам, сары, жіңішке дауысты дыбысты айтсам, қызыл дөңгелекті көтересіңдер. Мысалы: « а-, -й-,-ц-,-у-,-к-,-е-,-н-,-г-,-ш-,-щ-,-з-,-х-,-ф-,-ы-,-в-,-а-,-п-,-р-,-о-,-л-,-д-,-ж-,-э,-я-,-ч-,-с-,-м-,-и-,-т-,-б-,-ю т.б.»	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** - Сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау**.** дыбыстық талдауды пысықтау Дидактикалық ойын: «Бірінші дыбысты қайтала»(доппен). Педагог бірінші дыбысын аныығырақ етіп, қандай да бір сөзді айтып, допты балаларға лақтырады, балалар бірінші дыбысты қайталап допты, педагогке кері лақтырады. (Ойынға барлық бала қатысады.) Мысалы: рррадио(р), ууылдырық(у), ааалма(а), қққасқыр(к), ммммақта(м), ққкияр(к), сссағат(с), қққыс(қ), ааалжапқыш(а), тттышқан(т), сссазан(с), өөөшіргіш(ө), жжжұлдыз(ж), жжжастық(ж), дддиректор(д), жжжарық(ж), шшшұлық(ш), ммммектеп(м), ууыз(у), тттиін(т), қққолшатыр(қ), бббақа(б), ииит(и), т.б	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** - - Сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау сөздің дыбыстық сызбасы туралы алған білімдерін бекіту –Бүгін біз дыбыстық сызбасы салынған карточкаға сәйкес келетін сөздерді табамыз. Біз сөзге дыбыстық талдау жасауды, сөздегі дыбыстардың түрін анықтауды үйрендік. Дыбыстық талдау жасау үшін, сөздегі дыбыстарды оқып, олардың дауысты, дауыссыз екенін анықтап аламыз, буынға бөлеміз, неше дыбыс, неше әріптен тұратын анықтаймыз. Содан кейін әр дыбысты тиісті дөңгелектермен белгілейміз. Алдарыңдағы дыбыстық сызбаға назар аударыңдар, не көріп тұрсыңдар? Барлық торкөздер тиісті белгілермен белгіленіп тұр. Қасында сурет бар. Ненің суреті? –Күннің суреті. –Бұл – күн сөзінің дыбыстық сызбасы екен. Келесі дыбыстық сызбаны қарайық. Ол жерде де барлық торкөздері белгіленген екен. Енді мен сендерге екі сурет көрсетейін. Бұлар – бақ пен гүл. Дыбыстық сызба осы екі суреттің қайсысына сәйкес келеді, тауып айтыңдар. Бұл – бақ сөзінің дыбыстық сызбасы екен. Дыбыстық сызбаны сөзге дұрыс таңдау үшін сөздің неше дыбыстан тұратынын, оның нешеуі дауысты, нешеуі дауыссыз екенін біліп алу керек. Дауысты дыбыс нешеу, дауыссыз дыбыс нешеу? Сөздегі дыбыс саны, сызбадағы дыбыс санына сәйкес келе ме? Сәйкес келетін дұрыс сызбаны таңдау керек**.**	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** -- Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну әңгіменің мағынасын интонациямен мазмұндауға дағдыландыру. **Педагог жұмбақ жасырады.** Қардай аппақ, мамықтай жұмсақ. Ол не? (Мақта) –Мақта жұмсақ, аппақ болады. Мақтадан киім дайындайды, көрпе жасайды. Бүгін біз мақта туралы Ыбырай Алтынсарин атамыздың «Бір уыс мақта» деген қызықты әңгімесімен танысамыз. Әңгіме болған оқиғаның желісі бойынша жазылады. Педагог әңгімені мәнерлеп оқып береді, мазмұнын түсіндіреді –Әңгіме қалай аталады? –Авторы кім? –Кішкентай қыз не істеп отырды? –Анасы қызына қандай ақыл айтты? –Қыз мақтаның қиқымын қайда лақтырды? –Оны не алып кетті? –Анасы оған не деді? –Әңгімені қалай аяқтауға болады?.	**Дене шынықтыру** **Міндеті: -**Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею **-** Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру, қол мен аяқ қозғалысын үйлесімді қозғау қабілеттерін жетілдіру Шөл әлемі «Қи қоңыз» ойын-жаттығуы. Еркін бағытта фитболдарды (доптарды) домалатуға жаттықтыру. Фитболдарды зал бойымен домалатып жүреді. Доптарды қатты итермейді. Батпақ әлемі Қимыл-қозғалыс ойыны: «Төбешіктен-төбешікке». Ойыншылар еденге тақтайшаларды қойып, оның үстіне тұрады, сонан кейін екіншісін қояды. Осыдан кейін екінші тақтайшаға секіріп тұрады да, бірінші таяқшаны алып, оны алдыға тастайды. Осылайша залдың екінші шетіне дейін тақтайдан-тақтайға секіріп барады. «Теңіз шуы» үнтаспасын тыңдайды.

Үзіліс:	
Қимылды ойын: **« Шарлармен алмасу »** **Мақсаты:** Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. **Ойын мазмұны:** Балалар орындықтарда дөңгеленіп отырады. Тәрбиеші қатар отырған екі балаға бір-бірден шар береді де ары қарай басқаларға ауыстырады (біреуі оңға, біреуі солға ұсынады). Шарлар бір-бірімен екі жақтан кездескенде балалар « Соқтығысты» деген сөзбен оларды соқтықтырады. Одан кейін балалар орындарынан тұрып, дөңгелекті айналып, қарсы жаққа барады, қалғандары орындықтарынан тұрып: « Жүгірдік, жүгірдік...,» деп дауыстайды. Балалар өз орындықтарына жүгіріп келіп: « Ол шарды басқа балаларға береді де ойын қайталанады. Бұл ойынды даладағы сазды алаңда өткізуге болады, онда балалар көк шөптің үстінде отырады	Қимылды ойын: « Кішкене өзен арқылы » Мақсаты: Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету,бірлікке,татулыққа тәрбиелеу Ойының шарты: Ойынға бір топ (6-8 адамнан) бала тартылады. Алаңда бір-бірінен 1,5-2м қашықтықта екі сызық сызылады. Бұл өзен. Ойнаушылар сызықтың жанында-өзеннің жағасында тұрады. Олар өзеннен анық сызылған дөңгелектер арқылы аяғын суламай, тастан-тасқа секіріп өтуі керек. Дөңгелектердің арасының қашықтығы балалардың оларға бірінен-біріне секіре алатындай болуы керек. Өзеннен қатарынан 2-3 бала өтеді, ал қалғандары тәрбиешімен бірге оларды бақылап тұрады. Секіре алмай, аяғын сулап алғандары оны күнге кептіруге кетеді-орындыққа отырады. Кейін олар ойынға қайтып араласады, тәрбиеші оларды қалай болса да мақтап, жағаның екінші жағына өтуге көмектеседі.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Қазақ тілі **Міндеті:** - Туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы айту Отан туралы түсініктерін кеңейту **Сөздік ойын: «Сұрақ-жауап»** – Сенің Отаның қалай аталады? – Менің Отаным – Қазақстан. – Қай қалада (ауылда) тұрасың? (Қаласының, ауылының атын айтады). – Отанымыздың бас қаласын ата?	**Қазақ тілі** **Міндеті** - - Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). ойын арқылы ойлау зейінін, білімдерін бекіту **«Білгенге – маржан». Бұл кезеңнің шарты сұрақтарға жылдам тез жауап беру керек.** – Мамандық иелерін ата? – Біздің Отанымыз қалай аталады? – Бөлмеде не бар? – Сыпайы сөздерді ата. – Таңертең не істейміз?	**Дене шынықтыру** **Міндеті**: - 5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). Отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыруға үйрету . «Кокостармен ойнаймыз» Отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыруға үйрету. Доп ұстаған қолды бастан асыра артқа жіберіп, доптың траекториясы алдыға, жоғары дұрыс ұшу үшін, бүгілген қолды түзу ұстап, допты лақтыру шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Доптың артынан залдың сол немесе оң жағынан жүгіріп барып алып келіп, сапқа тұрады. Допты сол қолмен лақтырады.	**Математика негіздері** **Міндеті:** Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптсатыру **«Бұл неге ұқсайды?» дидактикалық ойыны** –Қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттарды атаңдар. Балалар атайды, неге ұқсайтынын қорытындылайды **Практикалық жұмыс.**	**Қоршаған орта** **Міндеті:** - -Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту Өсімдіктер де жанды табиғатқа жататыны туралы түсініктерін қалыптастыру. Әлемде өмір сүріп жатырмыз. Айналаға қарасаң, бізді көптеген заттардың қоршап жатқанын білеміз, олар:неше түрлі әдемі ғимараттар, жолдар, көпірлер, ұшақ, жиһаздар және т.б.

	– Отанымыздың бас қаласы – Нұр-Сұлтан. – Қазақстан қандай мемлекет? – Қазақстан – тәуелсіз мемлекет	– Апта күндерін ата. т.б		Балалар үлестірме материалмен жұмыс істейді, сопақша мен шеңбердің геометриялық фигураларын зерттейді, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табады, бұрыштары мен қабырғасы жоқ, сопақша ұзартылған, бірақ шеңбер жоқ. –Балалар, қызыл сопақшаны аламыз, жиектеріне саусағымызбен жүргіземіз. Сопақшаның бұрыштары бар ма? Қабырғалары? Сопақша қандай фигураға ұқсайды? Қызыл сопақшаға жасыл шеңбер салыңыз. (Фигуралар бірдей мөлшерде болуы керек.) –Сіз не байқадыңыз? Олар бір-бірінен несімен ерекшеленеді? Сопақшаға ұқсас заттарды тауып, оларды атайды. –Сопақшаға қандай заттар ұқсас? (Сопақшаға ұқсас заттарды бейнелейтін суреттерді **көрсетеді.)** Балалар сопақшаға ұқсайтын заттарды табады**,** оларды атайды. –Енді балалар, қолдарыңызға сары тіктөртбұрышты аламыз. Жиектерін саусағымызбен жүргіземіз. Оның бұрыштары бар ма? Қанша бұрышы бар? Қабырғалары бар ма? Қанша қабырғасы бар? Тіктөртбұрыш пен шаршыны салыстырады, сұрақтарға жауап береді. –Тіктөртбұрыш қандай геометриялық фигураға ұқсайды? (Шаршыға.) – Сары тіктөртбұрышқа бірдей өлшемдегі жасыл шаршыны саламыз. –Бұл фигуралар несімен ерекшеленеді? –Бұл фигуралар несімен ұқсас? Балалар ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табады, шаршыда барлық қабырғалары тең, тіктөртбұрышта қарама-қарсықабырғалары тең. Тіктөртбұрыш пен шаршының 4 бұрышы, 4 қабырғасы бар.	-Бірақ айналамыздағы заттардың көпшілігі адамның көмегінсіз өздері пайда болған. -Оларға жер мен су, ағаштар мен жануарлар, күн мен аспан жатады, оларды бір сөзбен табиғат деп атаймыз. -Табиғаттың бір бөлігіне азық та, су да, киім де қажет емес, олар-тау-тас, ауа, ғаламшар, яғни жансыз табиғат. -Ал енді бір бөлігі -Балаларға әр жыл мезгіліне байланысты суреттер көрсетіледі. Жанды және жансыз табиғат арасында қандай байланыс бар? 1. Өсімдіктер немен тыныс алады. (ауа) 2. Өсімдіктің тыныс алатын және суды буландыратын мүшесін ата. (жапырақ) 3. Күн бізге не береді. (жарық) Олай болса, Ағаштар, Бұталар, Шөптесіндерді бір сөзбен не деп айтуға болады. – Өсімдіктер
Үзіліс: .					

Тіл дамытуға арналған жаттығулардың мақсаты:
Балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету, тілін дамыту
Шалқан: Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: **«О...о...о!»** деп таң қалды. Кәне, бізде айтып

Жыланның ысылы: Жылан қалай дыбыстайды?
Ыы..... Ыс – с – сссс



Жүгіруге арналған ойын: «Қайда жасырылғанын тап»
Мақсаты:
Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету,бірлікке,татулыққа тәрбиелеу
Ойының шарты: Балалар бөлменің бұрышында тұрады. Тәрбиеші жалаушаны тығатынын айтады. Балалар теріс қарап көзін жұмады,тәрбиеші жалаушаны тығып қояды да «болды» ,деген де балалар жалаушаны іздейді.Тапқан бала жалаушаны тығады.Ойын 2-3 рет қайталанады.
Жүгіруге арналған ойын: «Мысықтар мен балалар»
Мақсаты: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке,алғырлыққа тәрбиелеу.
Ойынның шарты: Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады. Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады.Балалар «кис-кис», деп шақырады.Мысықтар жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады.
Ойын 2-3 рет қайталанады.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Шығармашылық бейнелеу әрекеті **Міндеті:** - - Жыл мезгіліне салуда бере білу білігін бекіту - - Ойдан өзбетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. -- Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. - Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, мүмкіндік беру байланысты өзгерісті сурет қар кесегі суреті н салумүсіндеу,жапсыру,құрастырту **Топтық жұмыс**	**Қоршаған орта** **Міндеті:** - . -Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату Қысқы ағаштарды бұтағына ,діңіне қарап ажырата білуге үйрету. **Қыста ағаштар қандай күйде болады?** -Жапырағы бар ма? Қыста ағаштың күйі жапырағы жоқ,бұтақтарын қырау басып тұрады.Қар қалың жауса ағаш бұтақтары иіліп сәлем беріп тұрған тәрізді болады.Ағаш басына кейбір құстар ұя салады.Жазда тоқылдақ ағаштың діңіндегі зиян келтіретін құрт-құмырсқаны тазартады.Адамдар ақтап қояды.	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** - Өпитеттерді, салыстыруларды қолдану -«Ж» – «Ш» дыбыстарын таныстыру. Педагог балаларға әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар қояды. 1.Әңгімеде жылдың қай мезгілі? 2.Әңгімеде не туралы? 3.Су торғайын кім сипаттап береді? 4.Су торғайы жемін қайдан табады? 5.Су торғайын не үшін ғажап құсқа теңей Педагог әңгіме мазмұнын 5– 6 балаға қайталап айтқызады. –Балалалар, құстар үй құстары және жабайы құстар болып екіге бөлінеді. –Әңгімедегі су торғай қандай құсқа жатады деп ойлайсындар?	**Музыка** **Міндеті:** - Шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Музыканы тыңдай отырып, оның көңіл күйін ажырата білуге баулу. **Музыка тыңдау:** «Көңілді балалар әні» (Б. Дәлденбай) **Ән айту:** «Қыс келді» (Б. Жұмабекова) «Зырлайды шанамыз» (М. Маңғытаев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Марш» (Е. Андосов) **Билер:** «Қоян биі» (В. Питерцев) **Ойындар, хороводтар:** «Кешікпе» орыстың х.ә. (өңдеген М. Раухвергер)	**Музыка** **Міндеті:** Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету .- Музыканы тыңдай отырып, оның көңіл күйін ажырата білуге баулу. **Музыка тыңдау:** «Көңілді балалар әні» (Б. Дәлденбай) **Ән айту:** «Қыс келді» (Б. Жұмабекова) «Зырлайды шанамыз» (М. Маңғытаев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Марш» (Е. Андосов) **Билер:** «Қоян биі» (В. Питерцев) **Ойындар, хороводтар:** «Кешікпе» орыстың х.ә.

		Өлең: Ертеңгісін байқадым **М.Әлімбаев «Қыс келбеті»** Жердің беті ақ қырау Аққу мамық ұлпа қар, Дәл маржан деп айтамын, Жамылады қырқалар. Төгілуге шақ тұр-ау, Шымшып аяз бетіңді, Өзеніне,көліне Ширатады етіңді Әдемі ою ойыпты, Ағаштардың бәріне Алқа тағып қойыпты. Сергіту сәті: Табиғатты сүйеміз Қанат жаям жалма –жан Иіліп келіп қол созам Аяғымның ұшын	Қыстап қалатын құстар, жылы жаққа ұшып кететін құстар және жыртқыш құстар болып бөлінеді. –Жыртқыш құстарға қандай құстар жатады? Педагог балаларға суретін көрсетеді «Ш» дыбысын дұрыс естіп, ажыратуға арналған жаттығулар: 1)Ша-ша-ша – шана. Шу-шу-шу – шуда. Шы-шы-шы – шыны. Ше-ше-ше – шелек. Ши-ши-ши – шие. Шө-шө-шө – шөп		(өңдеген М. Раухвергер) :
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	**Бақылау:** Бұлтты бақылау. **Мақсаты:** Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру. Зәулімде тұрағы Тіреусіз тұрады.(Бұлт). **Еңбек:** Көшедегі қар жинаушы машинала- рдың жұмысын бақы лау.**Мақсаты:** Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту.Еңбекті дәріптей білуге үйрету. Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ,Ұстаған қолдарында таяғы жоқ.Күніне талай жерге кетер кезіп, Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. (Бұлт **Мақсаты**: Балаларға бұлт туралы түсінік қалыптастыра отырып, есте сақтау қабілетін дамыту. **Қим.ойын:** «Мені қуып жет». **Мақсаты:** Шапшаңдыққа үйрету. Денені ширату арқылы денсаулықты нығайту.	**Бақылау:** Мұзды бақылау. **Мақсаты:** Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру. **Еңбек:** Тайғанақ жерге құм себу. **Мақсаты:** Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне беріл ген тапсырманы тия- нақты орындауларын қадағалау. Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату. Жаңа жыл,жаңа жыл, Жаңа жылда-жаңа нұр. Жасыл шырша жанында Жадырап бар бала жүр. **Мақсаты:** Еске сақтау қабілетін дамыту, сөздерді қатесіз дұрыс айтуға үйрету. **Ойын:** «Тышқан мен мысық». **Мақсаты:** Шапшандыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету.	**Бақылау:**Ауа-райын бақылау. **Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. **Еңбек:** «Таза алаң». **Мақсаты:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа , кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. **Ойын:** «Қасқыр мен қаздар». **Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. **Қимылдық ойын:** «Тымпи-тымпи».	**Бақылау:** Мұздақты бақылау. **Мақсаты:** Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету. **Еңбек:** Ағаш түптеріне қар үю. **Мақсаты:** Еңбекқорлыққа үйрету. Жалқаулықтан аулақ болуға шақыру. **Жеке жұмыс:** Жұмбақ жатттату“ Отқа жанбас, Суға батпас” **(мұз)** **Мақсаты:** Мұз туралы түсінік беру. Жұмбақ жаттату арқылы сөздік қорын молату. Есте сақтау қабілетін дамыту. **Қимылдық ойын: «**Қазан». **Мақсаты:** Бірлесіп ойнауға шақыру. Балалардың көңілдерін көтеру.	**Бақылау:** Күнді бақылау. **Мақсаты:** Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. **Еңбек:** «Қыс қызығы». **Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) **Мақсаты:** Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықта- рын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру. **Қимылды ойын:** «Айгөлек». **Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшан-дыққа , ептілікке баулу.
Балалардың үйге қайтуы	*Ата –аналарға кеңес* Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	*Ата –аналарға кеңес* Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке	*Ата –аналарға кеңес* - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану.	*Ата –аналарға кеңес* Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды	*Ата –аналарға кеңес* - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№ 37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «А» сыныбы
Балалардың жасы **5 жас**
Жоспардың құрылу кезеңі 4-апта 29– 31 қаңтар 1-2ақпан 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата –анамен әңгімелесу. Ата – аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.	**Ата-аналармен әңгіме**: Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата –аналарға керекті құрал – жабдықтарды әкелуін өтіну.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**«Менің балабақшам»** Суреттер әлеміне саяхат	**«Пішіндерді орналастыр және суретін сал» ойыны** Мақсаты: Пішіндерді ұяшықтарға түстеріне және көлеміне сәйкес орналастырады. Дөңгелек пішінді мүсіндеу.	**«Өз үйін тап» ойыны** Мақсаты: үлкен – кіші ұғымдары туралы түсінік беру.	**«Өз орнын тап» ойыны** Мақсаты: түстерді тануға үйрету.	Үстел -үсті ойыны пазл: **«Үйшік құрастыр»** Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін дамыту.
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 10				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	Жер-Ана, сағанмыңалғыс, Сыйлайсыңбізгеқуаныш. Жазда, күзде, қыста да, Көркемсің көктем тұста да!	Көк аспанда күнкүлсін, Бірге күлсін бүлдіршін. Көк аспанда күн күлсін, Жерге ұдайы нұр құйсын. Көк аспанда күн күлсін, Ұл қолында ту жүрсін. Қыз қолында гүл жүрсін, Көк аспанда күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін.	Күндей жадырап, Айдай арайлап, Жұлдыздай жарқырап, Судай мөлдір таза көңілмен Бүгінгі күнді бастайық.	Жарқырап,күн де ашылды Айналаға гүл шашылды. Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Қайырлыкүн! Бізсүйкімдібаламыз	Армысың шапағатты Күн-Ана! Армысың қайырымды Аспан-Ана! Армысың мейірімді Жер-Ана! Құт дарыт, бар әлемді жарылқа!
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті**: - Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу – Қыс белгілері жайлы әңгімелесу. Балалар, осы қыс мезгілінің қызықтарын айта отырып әңгіме құрайық. Даладағы аппақ қар күмістей жарқ-жұрқ етеді. Қардың аппақ тазалығы сондай, бетіне ештең	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау. ертегі мазмұнын интонациямен мазмұндау арқылы сахналауға баулу. Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: Ертегі қалай аталады? Ертегі ұнады ма? Ертегіде не туралы айтылған? Қай кейіпкер саған ұнады? Орманда мысықпен бірге не өмір сүрді? Мысық қайда кетеді? Әтешті түлкі қалай алдады? Мысық әтешті қалай құтқарды? Түлкінің жасағаны дұрыс па? Есіңде сақта! Дос болсаң, берік бол, Досыңа серік бол.	**Математика негіздері** **Міндеті**: - Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру : геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптастыру «Сиқырлы дорба» ойыны. «Сиқырлы дорбада» - шар, текше, цилиндр, шаршы, үшбұрыш, шеңбер бар. Ал үстелде олардың	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** - Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді - Отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыруға үйрету. **«Кокостармен ойнаймыз»** Отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыруға үйрету. Доп ұстаған қолды бастан асыра артқа жіберіп, доптың траекториясы алдыға, жоғары дұрыс ұшу үшін, бүгілген қолды түзу ұстап, допты лақтыру	**Математика негіздері** **Міндеті:** -Пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы ұғымдарды қалыптастыру геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптсатыру **Ойын жаттығуы. «Пішінге ұқсас зат».** Жұптық жұмыс. Үстелдерде пішіндердің: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш жинақтары

	тастағың келмейді. Енді сендер осы қыс қызықтары туралы әңгіме құраңдар. Балалардың әңгімелерін тыңдайды. Өте жақсы тағы да кім құрап береді. Қыс мезгілінде сендер қармен көп ойнайтындарың ды әңгімелеріңнен байқадым. Қар туралы «Қар қандай?» ертегісін оқып берейін. **«Қар қандай?»** Бірде құстар дауласады. Олар қардың, кәдімгі қардың қандай болатынын анықтайды. Ұшып жүріп сұрақ қояды: Қар қандай болушы еді? Алтындай жарқырап тұрады, – дейді Таң. Көгілдір түсті, – дейді мұнтаздай көгілдір Аспан. Тастай суық, – деп жауап береді Үйрек, тұмсығын қанатының астына тыға түсіп. Жып-жылы шығар, – деп жауап қатады Тауық. Жеп-жеңіл! Сондай жеңіл! – деп шу ете қалады Жел. Сондай ауыр! Кереметтей ауыр! – деп күрсінеді ағаш Бұтақтары. Күмістей, әрине! – деп күлімсірейді аспандағы сұлу да сымбатты Ай. Жер-көкті шарлаған құстар алуан түрлі жауаптар естиді, бірақ олар әртүрлі болып шығады. Балалар қар қандай?– деген сұраққа әр қайсысы әртүрлі жауап берді, неге?	Педагог ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналауды ұсынады. Сиқырлы қоржыннан алынған ертегі кейіпкерлерінің суреттері бойынша рөлдерге бөлінеді	суреттері бар. Педагог ойын жағдайын жасайды: – Балалар, геометриялық фигуралар мен денелер өмір сүрген, бір патшалықта бақытсыздық болды. Зұлым сиқыршы сиқырлы таяқшаның бір соққысымен оның барлық тұрғындарын терең зыңданға жіберді. Оларды құтқарудың бірден – бір жолы – оның қандай зат екенін, қолымен ұстап, сипалау арқылы анықтап және оның суретін табу. Балалар кезек-кезек екі қолымен фигураларды ұстап қарап, оны дорбадан шығарады, оның суретін тауып, үстіне фигураны қояды. Балалар көздерін жұмып, әрқайсысы команда бойынша дорбадан заттарды алады. Қозғалыстар мәтін бойынша орындалады	шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Доптың артынан залдың сол немесе оң жағынан жүгіріп барып алып келіп, сапқа тұрады. Допты сол қолмен лақтырады.	салынған хатқалта жатыр.Тапсырманы түсіндіреді. Кез келген бала хатқалтадан пішінді шығарып,оны атайды,ал екінші бала қоршаған ортадағы осындай пішіндегі затты атайды.

Үзіліс: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар «Допты қуып жет»

Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары:
Сыйқырлы айнаға қарап отырып, араның масаның , шегірткенің, жыланның дыбыстарын салып көр. Осы дыбыстарды Тынымсыз Тіл ұнатады ма соны байқа.
Ағайынды аралар.
Ағайында арарармыз,
Еңбек үшін жаралғанбыз.
-з-з-з-з-з
Шырын іздеп күні бойы
Гүл бақшаны аралаймыз
-з-з-з-з-з
(Үш саусағыңды түйістіріп, ұшып жүрген араларға ұқсат, әрбір екі жолдан кейін аралардың ызылдағанын сал.)
Жаман ара
Қалмай ұшып соңынан,
Ара куды Мұратты.
-з-з-з-з
Шағып алып қолынан,
Досымызды жылатты.
-у-у-у-у
(Араның дауысы мен баланың ара шаққандағы дауысын сал)

Ойын: *«Допты қуып жет»*
Мақсаты: Балаларды ептіліке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.
Ойынның шарты:
Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады.
Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	. Сауат ашу негіздері **Міндеті** Жай сөйлемдерді сөздерге бөлу сөйлем, дыбыс туралы білімдерін пысықтау. **Дидактикалық ойын: « Көпше түрін айт»** – Мен сендерге допты лақтырып бір сөз айтамын, сендер сол сөздің көпше (көп) түрін айтып допты кері лақтырасыңдар. Мысалы: қыз-қыздар, ұл-ұлдар, аға-ағалар, дәптер-дәптерлер ,қозы-қозылар, жүзімжүзімдер, орындық-орындықтар, алма-алмалар, қоян-қояндар, түлкі- түлкілер, жіпжіптер, ине-инелер, көбелек-көбелектер, етік-етіктер, сақина- сақиналар, дыбысдыбыстар, мысық-мысықтар, қасқыр-қасқырлар, аю-аюлар, жылқы-жылқылар т.б. **Дидактикалық ойын: «Соңғы дыбысты ұста!»** Балалар бүгін біз шеңберде сөз тізбегін жасаймыз. Мен «құмыра» сөзін айтып бастаймын да, соңғы «а» дыбысын созып тұрамын, келесі бала соңғы дыбыстан басталатын сөз ойлап, қолмен ұстағандай қимыл жасайды, соңғы дыбысқа жаңа сөз айтып, соңғы дыбысты созып айтады. Балалар созып айтқан дыбысқа сөз айтып, ойынды жалғастырады (ойын осылай жалғасын табады). Мысалы: Құмыраааа - алмаааа - айраннн - наррр - раушаннн - найзағаййй - иннеее - ешкіііі - іззз - зырылдауық - қамшыыы - ыдыссс - сағаттт - тасбақааа - алтыбақаннн - наннн - намыссс - сазаннн - нағашыыы - ысқырықққ - қанттт т.б.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** - Дыбыстық талдау жасау дағдыларын пысықтау. дыбыстық талдау жасау дағдыларын пысықтау. Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша» Педагог дыбыстар айтады егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді. Дидактикалық жаттығу: «Тиісті белгіні көтер» Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда қызыл дөңгелекті көтереді.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру .дыбыстық талдау жасау дағдыларын пысықтау. **Дидактикалық ойын: «Сөз тізбегі»** Педагог бір сөз айтып допты балаларға лақтырады, допты қағып алған бала сол сөздің соңғы дыбысынан басталатын сөз айтып, допты бір балаға лақтырады. Ойын осылай жалғасын табады. Мысалы: (ана-арба-алмұрт- тарақ-қармақ- қалта- айран-нан-нағашы- ыдыс-сағыз- зәкір-рауғаш- шана-алтын-неге-етік-көмір т.б.)	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру ертегі мазмұнын интонациямен мазмұндау арқылы сахналауға баулу. Педагог балаларға жұмбақ жасырады: Бұрап қойған сағаттай, Айғайлайды таң атпай. (Әтеш) Жолбарысқа ұқсайды, Тек тышқанды ұстайды. (Мысық) Өзі айлакер, өзі бір қу, Жүрген жері айғай-шу. (Түлкі) Мысық, әтеш, түлкі туралы қандай ертегі білесіңдер? Бүгін біз «Мысық, әтеш және түлкі» деген орыс халық ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегініңөлеңнен айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан шығарады.	**Дене шынықтыру** **Міндеті: -**Гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет). - Іші толтырылған допты алысқа бір қолмен лақтыруға үйрету: қолды алдыға, жоғары созып, ширақ сермеп, доптың ұшу траекториясын дұрыс беру және бастапқы қалыпқа қайтадан тұра білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Іші толтырылған допты алысқа бір қолмен лақтыруға үйрету: қолды алдыға, жоғары созып, ширақ сермеп, доптың ұшу траекториясын дұрыс беру және бастапқы қалыпқа қайтадан тұра білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. (2 рет) Доптың артынан залдың сол немесе оң жағынан жүгіріп барып, алып келіп, сапқа тұрады. Допты сол қолмен лақтырады.
Үзіліс:					
Саусақ ойындары **Ойын:*Су толтыру.***		***Саусақ ойыны: Жүретін саусақтар.***		**Дидактикалық ойын:** ***«Домино»***	

Мақсаты:Қол ептілігін дамыту,ас ішкенде қалай отырып,қасықты қалай ұстайтынын,ыдыстар қалай тұратынын үйрету. **Керекті құралдар:**шұңқыр қасық,шұңқыр тәрелке мен күрешке. **Мазмұны:** Үстел үстіне шұңқыр ыдысқа су құйып қоямыз.Одан кейін 1-ші тәрбиеші өзі көрсетеді.Ыдыстағы суды қасықпен алып,ақырын төгіп алмай күрешкеге құямыз.Осы іс-әрекет бірнеше рет қайталанады.	**Мақсаты:**Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту. **Керекті құралдар:** Суреттері бар кітапшалар. **Шарты:** Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады.	**Мақсаты:** «Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту, пысықтау. Сәйкес көлікті тауып дұрыс атату, оның атқаратын қызметімен таныстыру. **Ойын шарты:** Суреттері сәйкес келетін карточкаларды біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. **Қажетті құралдар**: Бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлімдері 5×6см карточкалар.			
3 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Қазақ тілі **Міндеті:** Шағын өлеңдер тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру. **Тақпақ жатта.** **Мемлекеттік Елтаңба** Елтаңбамыз – ел беті, Төрге ілінер көрнекі. Анам таққан шолпыдай Дөп-дөңгелек, өрнекті.	**Қазақ тілі** **Міндеті -** Шағын өлеңдер тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру. **«Мнемо кестесі» бойынша** Мемлекеттік Елтаңбаны сипатта, сөйлем құра. – Елтаңбада шаңырақ бейнеленген. – Елтаңбада тұлпар бейнеленген. – Елтаңбада жұлдыз бейнеленген.	**Дене шынықтыру** **Міндеті**: - - Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр). Іші толтырылған допты алысқа бір қолмен лақтыруға үйрету: қолды алдыға, жоғары созып, ширақ сермеп, доптың ұшу траекториясын дұрыс беру және бастапқы қалыпқа қайтадан тұра білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. . **Антарктида** Антарктидада жыл бойы қыс болады. Пингвин – оның мекені. «Пингвиндер» ойын-жаттығуы Екі тіземен допты қысып алып жүру. Екі топқа бөлінеді. Екі топ екі тізбек болып тұрады. Бастаушы балалар екі тізе ортасына допты қысып, белгіленген жерге екі аяқпен секіріп барып, кері жүгіріп келіп, тізбектің соңына тұрады. Ойын осылай жалғаса береді.	**Математика негіздері** **Міндеті:** Көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға, графикалық диктантты орындауға үйрету геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптсатыру **«Шын немесе жалған» дидактикалық ойыны** Педагог зат пен форманы атайды. Мысалы, «доп дөңгелек», «қорап доп тәрізді». Егер мәлімдеме дұрыс болмаса, онда балалар қолын айқастыра көкірегіне қояды немесе бастарын шайқайды. Егер дұрыс болса – қол шапалақтайды.	**Қоршаған орта** **Міндеті**: -Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу Балалардың өсімдіктерге күтім жасау, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту **Практикалық жұмыс.** – Балалар, енді Қоянға өсімдіктерді қалай күту керек екендігін көрсетейік. Балалар алжапқыштарын киеді, қолдарына таяқшаларын, су сепкішті алады. – Өсімдік жақсы өсу үшін не керек? – Өсімдік жақсы өсу үшін ауа, жарық керек. Олай болса, өсімдіктерді жарық жерге қойып, өсімдіктерге күтім жасайық. Балалар екі- үштен бірігіп, топтағы өсімдіктердің топырағын қопсытып, су құяды. 1. Топырақты таяқшамен қопсытамыз. 2. Жапырақтарының шаңын жұмсақ шүберекпен сүртеміз. 3. Су құямыз. 4. Жапырақтарына су бүркеміз. – Өсімдіктердің жапырағы, тамырына зақым келтірмес үшін, күту жұмысын қалай орындадыңдар? – Мұқият, ұқыпты, баппен, мейіріммен. – Жарайсыңдар, балалар! Сендер Қоянға өсімдіктерді күтуді үйреттіңдер. Енді ол да өсімдіктер өсіретін болады. – Ал енді олар неге бөлме

					өсімдіктері деп аталады? – Өйткені олар бөлмеде өсіріледі.

Үзіліс: .

«Гүлдерді күтеміз»ойыны **Мақсаты:**балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру. Гүлдердің түрлерін (көпжылдық, біржылдық, пияз тұқымдас, шөптекті, тұқымдас гүлдерді) ажырата білуге үйрету. Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсінеді. **Ойын шарты:** гүлдерді екіге бөлу,дала гүлдерін газонның қасына іліп,ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою , суреттер бойынша әнгімелету. 	***Қимылды ойын:*«Ту».** **Мақсаты:** Топтағы қарым-қатынасты нығайту. **Ойынның шарты:** Балалар 3-4 топқа бөлінеді.Әр топтың ортасында 1 бала ту ұстап тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ойыншылар жан-жаққа жүгіріп, көздерін жұмып тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ту ұстаған балалар орындарын ауыстырады. Тәрбиеші «Өз туларыңды табыңдар» дегенде ойыншылар өз туларына қарай жүгіреді. Қай топ тез жиналады, сол топ жеңеді.(Тулардың түстері әр түрлі болу керек)	***Қимылды ойын:*** **«Шұңқырдағы қасқырлар»** **Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу. **Ойынның шарты:**Алаңның ортасында ұзын шұңқыр салынды.(1-1,5 метр)Шұңқырдың ортасында екі қасқыр тұрады. Қалған ойыншылар ешкі болады. Ешкілер алаңның бір жақ шетінде үйлерінде тұрады.Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ешкілер үйлерінен шығып, шұңқырдан секіріп өтіп, жайылымға барады. Қасқырлар шұңқырдан шықпай ешкілерді ұстап алу керек.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Шығармашылық бейнелеу әрекеті **Міндеті:** - - Балаларды ер адамға арналған баскиімнің түрлерімен, олардың ерекшеліктерімен, баскиімнің басқа да киімдерден өзгешелігімен таныстыру -аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру -жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру -- Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін - балаларға тымақты бейнелеп салуға,мүсіндеуге,жапсыруға,құрасты руға үйрету **Топтық жұмыс**	**Қоршаған орта** **Міндеті:** - .Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу Нанға деген ұқыпты қатынасқа тәрбиелеу, бидай өсіру мен нан өндіруге қатысатын адамдардың еңбегіне құрмет көрсету. Сурет салу икемділігін арттыру Нан неден жасалады екен? Ұн неден жасалады? Бидай қайда өседі? Бидайды кім өсіреді? Диқаншы дегеніміз кім? Диірменші дегеніміз кім? Наубайшы дегеніміз кім? Сатушы дегеніміз кім? Балалардың жауаптарын толықтырып,	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** - Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру -Қыс белгілері жайлы әңгімелесу. Балалар енді «қыс» сөзіне дыбыстық талдау жасату әріп қималарымен. Қ– дауыссыз дыбыс. Ы – дауысты дыбыс. С– дауыссыз дыбыс. Дауысты дыбысты қандай түспен белгілейміз? Ал дауыссыз дыбысты ше? **Дидактикалық ойын:** **«Қай мезгілде ойнаймыз?»** **Ойын шарты**: Шаңғы, асық, шана, доп, хоккей, секіргіш жіп суреттеріне қарап, қай мезгілде ойнайтынын айту**.**	**Музыка** **Міндеті:** Балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу Вальс музыкасының ырғағын өзге музыкалардан ажырата білуге ұмтылдыру. Музыка тыңдау: «Вальс» (Қ. Шілдебаев) Ән айту: «Айнала ақша қар» (И. Мамақов) «Қыс келді» (Б. Жұмабекова) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литва х.ә. (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев) Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын х.ә. (өңдеген Т. Попатенко)	**Музыка** **Міндеті:** - Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру Вальс музыкасының ырғағын өзге музыкалардан ажырата білуге ұмтылдыру :Музыка тыңдау: «Вальс» (Қ. Шілдебаев) Ән айту: «Айнала ақша қар» (И. Мамақов) «Қыс келді» (Б. Жұмабекова) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литва х.ә. (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев) Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын х.ә. (өңдеген Т. Попатенко)

		суреттер арқылы көрсетеді. Дикандар көктемде жерге бидай тұқымын себеді. Оны жаз бойы суарып, күтіп баптайды. Күз болған соң жайқалып піскен бидайды комбайнмен жинайды. Одан соң диірменші ұн етіп тартып, қапқа қаптайды. Қапталған ұнды наубайханаға жібереді. Наубайшылар ұннан түрлі тағамдар нан, бауырсақ, бәліш пісіреді. Дайын болған тағамдарды дүкенге жібереді. Мұның бәрі адамдардың еңбегі. Нан-адамның тіршілік корегі, дастарханға үлкен еңбекпен келеді. Сондықтан дастарханға зор еңбекпен келген нан тағамдарын қастерлеуіміз керек. Енді балалар, нанның суретін салайық.			
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	
Серуен	**Бақылау:** Бұлтты бақылау. **Мақсаты**: Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру. Зәулімде тұрағы Тіреусіз тұрады.(Бұлт). **Еңбек:** Көшедегі қар жинаушы машинала-рдың жұмысын бақы лау.**Мақсаты:** Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту.Еңбекті дәріптей білуге үйрету. Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ,Ұстаған қолдарында таяғы жоқ.Күніне талай жерге кетер кезіп, Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. (Бұлт **Мақсаты**: Балаларға бұлт туралы түсінік қалыптастыра отырып, есте сақтау қабілетін дамыту. **Қим.ойын:** «Мені қуып жет». **Мақсаты:** Шапшаңдыққа үйрету. Денені ширату арқылы денсаулықты нығайту.	**Бақылау:** Мұзды бақылау. **Мақсаты:** Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру. **Еңбек:** Тайғанақ жерге құм себу. **Мақсаты:** Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне беріл ген тапсырманы тия- нақты орындауларын қадағалау. Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату. Жаңа жыл,жаңа жыл, Жаңа жылда-жаңа нұр. Жасыл шырша жанында Жадырап бар бала жүр. **Мақсаты:** Еске сақтау қабілетін дамыту, сөздерді қатесіз дұрыс айтуға үйрету. **Ойын:** «Тышқан мен мысық». **Мақсаты:** Шапшандыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету.	**Бақылау:**Ауа-райын бақылау. **Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. **Еңбек: «**Таза алаң». **Мақсаты:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. **Ойын:** «Қасқыр мен қаздар». **Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. **Қимылдық ойын:** «Тымпи-тымпи».	**Бақылау:** Мұздақты бақылау. **Мақсаты:** Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету. **Еңбек:** Ағаш түптеріне қар үю. **Мақсаты:** Еңбекқорлыққа үйрету. Жалқаулықтан аулақ болуға шақыру. **Жеке жұмыс:** Жұмбақ жатттату“ Отқа жанбас, Суға батпас” (**мұз**) **Мақсаты:** Мұз туралы түсінік беру. Жұмбақ жаттату арқылы сөздік қорын молату. Есте сақтау қабілетін дамыту. **Қимылдық ойын: «**Қазан». **Мақсаты:** Бірлесіп ойнауға шақыру. Балалардың көңілдерін көтеру.	**Бақылау:** Күнді бақылау. **Мақсаты:** Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. **Еңбек:** «Қыс қызығы». **Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) **Мақсаты:** Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықта- рын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру. **Қимылды ойын:** «Айгөлек». **Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшан-дыққа , ептілікке баулу.
Балалардың үйге қайтуы	*Ата –аналарға кеңес* Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	*Ата –аналарға кеңес* Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	*Ата –аналарға кеңес* - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	*Ата –аналарға кеңес* Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	*Ата –аналарға кеңес* - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ

Мектепалды даярлық О «А» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі **2-апта** 12 – 16 ақпан 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Шарлармен жаттығулар орындау. Мақсаты: жаттығуларды орындайды. қызығушылығын білдіреді. (Топпен)	**Дидактикалық ойын «Кімде не бар?»** Мақсаты**:** Заттардың (шкаф,орындық т.б) аттарын дұрыс атай біледі.	**Дидактикалық ойын "Ғажайып қапшық"** Мақсаты: балалар ойыншықтардың атауларын айтады.	**Әңгімелесу :"Менің ойыншығым"** Мақсаты: Балалар тәрбиешінің сұрағына жеңіл сөздермен жауап береді.	**Дидактикалық ойын "Атын атап бер"** Мақсаты:түсі мен көлеміне қарамастан таныс заттарды таниды және көрсетеді.
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 9				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	**«Аспан»** Асапан ашық,көгілдір, Күн шуағын төгіп тұр! Қол ұстасқан біздерді, Тереземнен көріп тұр	**«Ақ тілек»** Адал жақсы ниетпен Бар адамға бақ тілеп. Жарып шыққан жүректен, Сөздің бәрі – Ақ тілек!	**«Сиқырлы таяқша»** Мен бәріңе Қуаныш тілеймін! Мен бәріңе Мейірім тілеймін! Мен бәріңе шуақты күн тілеймін! Мен бәріңе көңілді ойын тілеймін! Мен бәріңе Денсаулық тілеймін!	**«Қыс»** Боран соғар оң жақтан, Боран соғар сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ, Суық өтер қолғаптан.	**«Шана»** Тоңса біздің қолымыз, Қолғап киіп аламыз. Сарт, сарт, сарт Алақанды соғамыз. Тоңса біздің аяғымыз Етік киіп аламыз. Топ, топ, топ Топылдатып билейміз. Тоңса біздің денеміз Тонды киіп аламыз Зу, зу, зу Шанаменен зулаймыз
1 - ұйымдастырылған іс-әрекет					

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті** Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға баулу : Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. –Қыс мезгілінде неше ай бар? –Балалар, қыс мезгілінің үш айы да қарлы, аяз, ызғарлы суықпен өтеді. –Балалар, сендер қар қайтіп жауатынын білесіңдер ме? –Дұрыс, қар жапалақтап, түйіршектеніп те жауады. –Кәне, бәріміз бірге «жапалақтап», «түйіршектеніп» деген сөздерді қайталайық. –Балалар, қардың түсі аппақ, жер бетінде күмістей, жып-жылтыр болып жалтырап жатады. Қар – жұмсақ ұлпа Педагог өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнын түсіндіреді. **Қаңтар** Лебі мұздай ызғарлы, Алып келді қыс қарды. Қысқы түндер ұзарды, Ұзақ күндер қысқарды. Аяз сүйіп қарсы алған, Жердің аппақ тұлғасы. Басталады қаңтардан, Қыс айының ортасы	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** - - Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру театрландырылған ойындарға оң көзқарасын қалыптастыру. . Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі ұнады ма? – Ертегі не туралы? – Анасы тиінді жұмсап, қыздарын не үшін шақырды? – Тиін үлкен қызды неге айналдырды? Не үшін? – Тиін ортаншы қызды неге айналдырды? Не үшін? – Тиін кіші қызды неге айналдырды? Не үшін? – Қай қыздың әрекеті ұнады? Рөлге бөліп ойнау	**Математика негіздері** **Міндеті:** - Геометриялық денелерді тануды және атауды бекіту, заттардың белгілерін, салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын табу - **Ортаны модельдеу** Тақтада геометриялық фигуралардан бейнеленген ағаштар суреті ілінген, педагогтің үстелінде көлемді фигуралардан ғимараттар салынған. Геометриялық пішіндер елінде ағаштар да ерекше пішінге ие. – Ағаштардың суреттеріне қараңдар. Қандай геометриялық пішіндерді көріп тұрсыңдар?	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** - - Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); . Сапта тұрып бір-екі санаққа санауға және сапта тұрып түзелуге үйрету. 30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру. II. «Қатып қал!» ойын жаттығуы. Шашырап жүру, жүгіру. «Қатып қал!» бұйрығы бойынша бір орындарында қатып қалады. Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. Нөмірлері бойынша топ болып сапқа тұрады. 30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру. Нұсқау – екі аяқпен ширақ серпіліп, қолды алға шығарады. Заттардың жанында екі тізбекке тұрады. Топтарға ат қояды. Поролон текшелерден секіріп, құрсауды айналып өтіп, таяқшаны келесі балаға алып келіп, өзі тізбектің соңына тұрады. Келесі жолы топ болып секіріп барып, қайтарда жүгіріп қайтып келеді. Екі аяқпен ширақ серпіліп, қолды алға шығарады. Саптан шықпай, бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады.	**Математика негіздері** **Міндеті:** Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау. қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табу қабілетін қалыптастыру – Шағын топпен жұмыс «Затты тап» ойынын ойнайды. Балалар санамақ арқылы топтарға бөлінеді, топтарда талқылап, геометриялық денелерге ұқсайтын заттарды атайды. Әрбір дұрыс жауап үшін фишка алады. Жинақтағы геометриялық денелерді кезек-кезек көрсетіп, қандай заттардың оларға ұқсайтыны (осындай пішінге ие) туралы сұрайды. Фишкаларды ең көп жинаған топ жеңімпаз атанады

Үзіліс: Қимылды ойындар «Әуедегі атыс»

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЫНДАР
Мен қандай адаммын ?
Мақсаты: Топта жұмыс жүргізу үшін жағымды ахуал орнату, қарым - қатынастың белсенді стилін және кері байланыс немесе алу тәсілдерін меңгеру; Әр қатысушы өзінің жағымды , жағымсыз қасиеттерін айтады . Сол бойынша қорытынды жүргізіледі .

Ойын: «Әуедегі атыс» қимылды ойыны
Мақсаты: Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.
Ойынның шарты: Бұл сайыста оқушыларды екі топқа тең бөлесіз. 1-топқа бірыңғай қызыл түс (өз қалауыңыз бойынша да таңдауға болады), 2-топқа жасыл түсті үрленген шар беріп, екі команданың арасын түзу сызық етіп бормен сызып қоясыз. Музыка ырғағымен екі команда өз шарларын қарсылас команда жаққа лақтыру керек. Қай топ жылдам сол жеңіске жетеді.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Балалардың үйге қайтуы	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «А» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 2-апта 11 –15 наурыз 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту

			қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	жеуге үйретулерін ескерту.	
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Үстел үсті ойыны – пазл: «Әсем гүлдер бағы » Балалармен әсем гүлдер туралы әңгімелесу.	Құрылыс ойындары: «Біздің аула гүлдері»	Фотосуреттер қарастыру: «Гүлдер,гүлдер көп гүлдер» Фотосуретте бейнеленген ойын түрлерін атау.	Үстел үсті театры: «Раушан гүлдер» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.	Сюжеттік ойындар: «Қош иісті гүлдер» еркін сурет салу. Д/ойын: «Менің сүйікті гүлім»
Жаттығу	жаттығу кешені № 11				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	«Табиғатым тамаша» Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса.	«Дала қандай тамаша» Дала қандай тамаша, Ақ мамыққа оранған. Ақ дастарқан жайғандай, Көз тоймайды қараса.	«Табиғатқа қамқор боп» Табиғатқа қамқор боп, Байлығын біз қорғайық, Әдепті да,тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық.	«Табиғат...» Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған. Сен күнсің көтерілген күліп қырдан. Сен көлсің, сен ормансың. Сен - бұлбұлсың, Адамға сұлулықты шын ұқтырған!	«Дала қандай тамаша» Дала қандай тамаша, Ақ мамыққа оранған. Ақ дастарқан жайғандай, Көз тоймайды қараса.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті** Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану . Педагог балаларға сұрақ қою арқылы ертегі мазмұнын пысықтайды. –Ертегіде нелер жайлы айтылған? –Қасқыр мен Түлкі дос болған ба? –Екеуі жолдан не көрді? –Қасқыр Түлкіге не деді? –Сонда Түлкі не дейді? –Еттегі қақпанға қайсысы түседі? –Түлкі сияқты айлакер, қу болу керек пе? –Ертегі қызық бекен, сендерге	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту **Мақсаты** әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін қалыптастыру Педагог «Мен ғарышкер боламын» өлеңін екінші рет қайталап оқиды. – Өлеңнің бірінші жолы қалай басталады? Өлеңді эмоциямен 2-3 рет қайталайды, бірге жаттайды. Педагог сөйлемнің басын оқып, балалар жалғастыратын тәсілді қолданады. 3-4 бала өлеңді жатқа айтады. Дәптермен жұмыс: 1 Суретте не бейнеленген?	**Математика негіздері** **Міндеті:** 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен Педагог балаларды вагондар болуға шақырады. Он бала бір-біріне тіркесіп, пойыздың қозғалысын еліктейді. Балаларға 1-ден 10-ға дейін цифр жазылған карточкалар таратылады. Педагог басқа балаларға вагондарды 1-ден 10-ға дейін тура және кері санауды сұрайды. Вагондармен көрініс ойнатылады. Педагог вагондардың бір-бірден туннельге қарай кетіп	**Дене шынықтыру** **Міндеті**: - 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру «Желпуіш саламыз» Шаңғының ұшын 180 айнала қозғалып, бұрылады. «Тоннель». Алаң бойымен бағандарға байланған бауларды түрлі биіктікте тартып қою. Осы баулардың астымен өткенде биіктігіне байланысты әртүрлі әдісті пайдаланатынын ескеру керек. Балалардың қажетті	**Математика негіздері** **Міндеті -** 10 көлеміндегі сандарды салыстыру . **Карточкамен жұмыс Тақтада (демонстрациялық материал 21-кесте)** **1 -ден 10-ға дейін сандар қатары ретімен тұрады.** **Топтан екі баланы шақырады, олар цифрды тез және дұрыс қояды, тура және кері санайды. Бір бала санауды бастайды, екіншісі жалғастырады деген тәсілді пайдаланамыз**

	ұнады ма? Жалғастырта 3– 4 баладан сұрап шығады. Дидактикалық ойын: «Түлкінің құйрығын тап». Ойын шарты: балалар қима суретерден Түлкінің құйрығын тауып көрсетеді.	Бала нені армандап тұр? Ойыңды ортаға сал. Сенің ғарышкер болғың келе ме? Қандай ғарышкерлерді білесің? 2. Суретті бастырып сыз. Боя. Педагог үзік сызықтарды қосып сыздырып, боятады	жатқанын хабарлайды. Сандық сәуле бойынша педагог 1-ге азайту амалын көрсетеді.  **Сонымен** **10 – 1 = 9** **9 –1 = 8** **8 – 1 = 7** **7 – 1 = 6**	арақашықтықты, қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауын қадағалау керек	

Үзіліс: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар «Мысықтар мен балалар»

БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР

Дауыстарын қайтала.
Аң біткенмен алысқан
Ақырады **арыстан:**
А-а-а-а-а-а
Нәзік дауысы қозының
Естіледі алыстан:
Мә-ә-ә-ә-ә
Дөңгелетіп аузыңды,
Жіңішкертіп даусыңды,
Бұзаумын деп ойла да,
Дауысын оның қайтала:
Мө—ө-ө-ө
(Балақай, жан жануарлардың дауыстарые сала отырып, кей дыбыстардың жуан кей дыбыстардың жіңішке айтылатынына зер сал)
Майлыаяқ.
Жайлау толы малды аяп,
Күзетіп жүр Майлыаяқ.
Жолатпайтын ешкімді,
Дауысы алыстан естілді:
(ақырын дауыспен) –р-р-р-р-р-р-р
«Тамақ жеймін ашпын д»,-деп,
«Қорқып иттер қашсын», -еп,
Күжірейтіп желкесін
Ырылдады қасқыр кеп:
(орташа дауыспен)-р-р-р-р-р-р-р
«Қорықпаймын сенен»,-деп,
«Сазайыңды берем»,-деп,
Дірілдетіп қасқырды
Айбатын ит асырды:
(қатты дауыспен) –р-р-р-р-р-р
«Мынау бәле екен» деп,
«Түбіме бұл жетер» деп,
Қорқып қасқыр жөнелді,
Қайтып келмес ол енді.
(Балақай, қасқырдан да қорықпайтын төбет иттердің болатынын сен білесің бе?

Ойын: ***«Мысықтар мен балалар»***
Мақсаты: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке,алғырлыққа тәрбиелеу.
Ойынның шарты: Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады.
Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады.Балалар «кис-кис», деп шақырады.Мысықтар жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.

Өзара екі топқа бөлініңдер де, **қасқыр мен иттер** болып алдымен ақырын, сосын орташа, ең соңында қатты дауыспен «р» дыбысын созып айтыдар.)					
2 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Сауат ашу негіздері **Міндеті:** Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру Дидактикалық ойын: «Сөз жарыс» Педагог: Балалар, енді «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: киімдер, гүлдер, сандар т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға жұлдызша беріліп отырады). Жұлдызшаны санау арқылы жеңімпаз анықталады. Дидактикалық ойын: «Қағып ал» – Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып, допты лақтырамын. Сендер мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасыңдар Мысалы: қққасқыр(қ), ееетік(е), ттгүлкі(т), өөөрік(ө), бббалық(б), сссағат(с), ааалқа(а), жжжаз(ж), ммоншақ(м), ккқоңыз(қ), қққолшатыр(қ), бббілезік(б), жжжұлдызша(ж), ооотын(о), қққарға(қ), сссазан(с), шшшахмат(ш), ттгау(т), ккқерік(қ), әәәтеш(ә), ееесек(е), ттгүйе(т), ммандарин(м), қққобыз(қ), сссандық(с), ттгекемет(т), ееер(е), үүүзеңгі(ү), ааарба(а) т.б. – Қай дыбыстар созып	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру Дидактикалық ойын: Жоғалған дыбыс» – Мен сендерге суреттер көрсетіп бірінші дыбысты айтпай сөз айтамын, сендер жоғалған дыбысты жалғап толық сөзді айтасыңдар да допты кері бересіңдер. Мысалы:... ерезе (т), ...ілем (і)і, ...алық(б), ...үрек(ж), ...ақыт (б), уыршақ...(қ), ...омбыра (д), ...екемет (т), ...ышақ (п),... аймақ (қ), ...анан(б), ...ектеп(м), ...рік(ө), ...ияз(п) т.б.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Суреттен іс-әрекетті білдіретін сөздерді анықтап айта білуге, сөздердегі буын санын анықтауды жалғастыру «Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы (Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады) -ал буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: алма, алтын, алжапқыш, алға, аласа, ала, алқа, Алжан, алмас, алау, Альбина, ал т.б . -оқ буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: оқу, оқы, оқымысты, оқулық, оқ, оқыс, оқшаулау, оқтар т.б. -жа буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: жас, жалын, жалғыз, жат, Жайық , жарқыра, жалқау, жаура, жалау, Жамбыл, жалпылдақ, жалбыз, жаһүт, жау, жарайды, жалмауыз, т.б.	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Ғарышкер – аспан әлеміне ұшатын адамдар. Ғарышкер ғарышқа зымыранмен ұшады. Оны ғарышкеме деп атайды. Олар ғарышқа ұшып барып, аспан әлемін зерттейді. – Кім ғарышкер болғысы келеді? – Қандай ғарышкерлерді білесіңдер? Слайдтан қазақстандық ғарышкерлерді көрсетеді, атайды. – Бүгін біз ақын Жақан Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Педагог өлеңді оқып, мазмұнын түсіндіреді, жаттатады. Мен ғарышкер боламын Аспан, аспан, арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын, Мен ғарышкер боламын	**Дене шынықтыру** **Міндеті:.** Допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру Балалар залда бытырап жүреді. Бастаушының нұсқауларын бұлжытпай орындайды. Егер «жер» - десе қолдарын төмен түсіреді, егер «су» - десе қолдарын алға созып, суда малтаған сыңай көрсетеді, «ауа» - десе құстай ұшып бара жатқандай болады, «от» десе қолдарын созып, алға, артқа айналдыра бастайды.

	айтылмайды екен. Оларды қандай дыбыстар дейміз?				

Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Сылдырмақпен сылдырлат»

Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары **«Жасыру» саусақ ойыны.** **Ойын шарты**: Қатысушылар алақанға қысқа қарындашты салады, жұдырықты жұмады және ашады. Қысқа қарандаш аламыз, жұдырыққа қысып, жасырамыз. Ал енді, келесі қолға жасырамыз. Қарандашты қыса отырып, Алақанды ауыстырамыз. Бұл ойында баланың қол икемділігі, танымдық деңгейі артады. **«Салат» саусақ ойыны.** Сәбізді алып тазалаймыз, (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды) Үккішпен үгіп майдалаймыз, (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды) Қанттан сеуіп дәмдейміз, (саусақтардың ұшымен қант себеді) Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді) Дәруменге байыған. (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді)	 	**Ойын: «Сылдырмақпен сылдырлат »** **Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. **Ойынның шарты:** 5-6 балалар аланның бір жағында сызықтың ар жағында тұрады. Қарама-қарсы жақта орындықтарда бір бірінен арақашықтығы бірдей болып сылдырмақтар /бал-ң санына сай/ жатады. «1-2-3, жүгіріңдер»- деген белгі бойынша балалар сылдырмақтарға қарай жүгіреді, жоғарыға көтереді де сылдырлатады. Бірінші жетіп, сылдырлатқан бала жеңіске жетеді. Сол балалар орындарына барады, басқа ойнаушылар қатысады. **Ұсыныс**: Ойынды қиындатуға болады: кедергілерден секіртіп /жіптен, текшелерден, шеңберден өту, т.б./

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Міндеті:** -Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту	**Қазақ тілі** **Міндеті** - -Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту .	**Дене шынықтыру** **Міндеті**: - Допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу биіктіктегі арқанның үстінен	**Математика негіздері** **Міндеті** Саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару	**Қоршаған орта** **Міндеті:** Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу .

	Сюжеттік ойын: «Дүкен» Балалар кезекпен дүкенге келеді. Педагог – сатушы. Диалог үлгісі: – Сәлеметсіз бе! – Сәлеметсіз бе! – Кесе беріңізші. – Қандай кесе? – Үлкен, екі жасыл кесе. – Міне, кесе алыңыз. – Рақмет. Сау болыңыз. – Сау болыңыз. Үлгі бойынша балалар кезекпен ойнайды	**Дидактикалық ойын: «Сиқырлы дорба», ішінде** азық түлік (суреттер нан, сүт, май) бар. Сиқырлы дорбада не бар? Балалар дорбадан таныс азық түлікті (нан, сүт, май) алады, атайды. – Сиқырлы дорбаны көрейік, тағы не бар екен. Ол үшін дорбамызды сиқырлайық, дорба туралы жақсы сөздер айтыңдар: Дорба әдемі, дорба жақсы. 1, 2, 3, 4, 5 5, 4, 3, 2, 1 Міне, дорба ашылды! Педагог дорбаның екінші түбінен тағамдарды (суреттерді) алып, жаңа сөздермен таныстырады. Мынау – ет. – Мынау не? – Мынау – ет. – Мынау – жұмыртқа. Жұ-мырт-қа. – Мынау не? – Мынау – жұмыртқа. – Жұмыртқа – тағам. – Жұмыртқа – ... (тағам) – Мынау – ірімшік. І-рім-шік. – Мынау не? – Мынау – ірімшік. – Ірімшік дәмді. – Ірімшік дәмді ме? – Ірімшік дәмді. – Ірімшік – тағам. – Ірімшік не? – Ірімшік – тағам. – Мынау – қант. – Мынау не? – Мынау – қант.	секіріп өтудегі жоғары нәтижеге жету үшін ең тиімді жолдарын таңдай білуге үйрету. 40-30-20 см биіктіктегі арқанның астынан өту. Кедергінің биіктігіне қарай одан өту тәсілі таңдалады. Кедергінің биіктігіне қарай одан өту тәсілін таңдай отырып, барлық білім-біліктерін қолдануға тырысады. Арқанды іліп кетпес үшін өз қимылын қадағалап, мүмкіндігінше жұмырланады. (3 рет).	 5 – 1 7 – 1 4 – 1 **Ойын жаттығуы: «Жазбаны шеш».** Балалар карточкалардың көмегімен үстелде және тақтада математикалық жазбалар жасайды.	Сәуір айында қандай мереке бар, естеріңе түсіріңдерші? - Иә, бұл сәуір айында үлкен мереке бар. Ол – ғарышкерлер күні деп аталады. - Балалар аспаннан нелерді көруге болады? Әңгімемізді бастамас бұрын, мен сендермен мамандықтар жайында әңгімелескім келеді. Балалар, айтыңдаршы, сендер қандай мамандық түрлерін білесіңдер? (балалардың жауабы). Тәрбиеші: - Дұрыс айтасыңдар. Мұғалім, дәрігер, құрылысшы, жүргізуші, өрт сөндіруші, дүкенші, шаштараз тағы басқа көп мамандар бар екен. Әрбір мамандық адамзатқа өте қажет екен. Мысалы: дәрігер-адамдарды емдейді, мұғалім-балаларды оқытады, жүргізуші – көліктер жүргізеді, өрт сөндіруші – өрт сөндіреді. Ал бүгін біз сендермен тағы бір маман түрімен танысамыз – бұл ғарышкер - Ғарышкерлер дегеніміз кімдер? - Ғарышкерлер дегеніміз – олар ғарышқа, аспан әлеміне ұшатын адамдар Ойын: «Жұлдызды аспан әлемін құрастыру» Ойын шарты: балалардың алдына аспанд аболатын және жерде болатын денелердің арасынан тек аспанда болатын денелерді табу. Мысалы: гүл жерде, ай аспанда т.б. Үлестірмелі материалмен жұмыс: «Зымыран құрастыру. Әртүрлі геометриялық фигуралардан зымыран құрастыру. Зымыран туралы әңгімелеу. •

Үзіліс: Секіруге арналған ойындар «Көжектер» ойыны.

Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары **«Кірпі»** жаттығуы Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады) Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды).		***Ойын: «Көжектер»*** **Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды

Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарайма! **Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу.** **Мақсаты :** қол саусақтарының күрделі үйлесімді қимылдарын дамыту. А) Алақанды үстелдің үстіне қоямыз. Балалар бірінші оң, содан кейін сол қолдың саусақтарын бір-бірден көтереді. Осы жаттығуды кері жасап, қайталайды. Б) Алақандар үстелдің үстінде, балалар кезекпен екі қолдың саусақтарын шынашақтан бастап көтереді. В) Балалар сұқ және ортаңғы саусақтарымен қаламды немесе қарындашты ұстайды. Осы саусақтарын бүгіп, қайтадан қалпына келтіреді., бұл жерде қаламды үлкен саусақтан төмен түсіп кетпеуін қадағалау керек. Г) Үстелдің үстінде 10-15 қарындаш немесе есептік таяқшалар жатыр. Оларды бір-бірден алып қолға жинау керек. Содан кейін тура солай қайтадан үстелге қою керек. Екінші қолмен көмектесуге болмайды.	 	салауатты салтына тәрбиелеу. **Шарты:** Балалар шеңбер жасап тұрады. Бір бала “түлкі” болады. Қалғандары көжектер секіріп билеп жүреді. Түлкі сыбдырды естіп көжектерді қуады. Қаша алмай қалған көжектерді түлкі ұстап алады, ойын осылай қайталана береді.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Шығармашылық бейнелеу әрекеті **Міндеті: - - к**өктем мезгілі жайлы түсініктерін жетілдіру,көргендерін бейнелеу іс-әрекеті арқылы қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру -- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау - Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию - Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу **Топтық жұмыс**	**Қоршаған орта** Міндеті: Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну. . Жарайсыңдар балалар! Ендеше бүгінгі сабағымызда Еліміздің тұңғыш президенті жайында айтамыз. Тақтаға қараңдаршы, мына суретте кім бейнеленген? Балалар: - Нұрсұлтан Назарбаев! Тәрбиеші: - Дұрыс, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Ал, балалар ол кім екенін білесіңдер ме? Балалар: Ол біздің президентіміз! - Дұрыс, балалар! Ол Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті. Мақсатына жету үшін алдағы, Әубастан-ақ, дұрыс жолды таңдады. Сол азамат Нұрсұлтанның емес пе, Орындаған бабалардың арманын Күн өткен сайын құлпырып, Жайнадың гүлдей Астана, Елорда – менің Астанам,	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті: - -Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу** **–**Ай мен жұлдыздар әлемін ғарышкерлер зерттейді. Сендер қазақтың ғарышкерлерін білесіңдер ме? –Ғарышкер немен ұшады? –Ғарышкер қандай болу қажет? Педагог Ж.Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» өлеңін мәнерлеп оқып береді. Аспан, аспан арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын, Мен ғарышкер боламын! Ғарышкер мен де боламын, Боламын десем, боламын. Таудай үлкен талабым, Мен бармақтай баламын. Көктің жүзін барлаймын, Үлкен ғалым боламын, Боламын десем, боламын. (Ж.Смақо**в)** **–**Өлеңдегі бала кім болуды армандайды? –Өз арманына жетеді деп ойлайсыңдар ма? –Арманға жету үшін жақсы	**Музыка** **Міндеті: - Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету** Музыка тыңдау: «Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова) Ән айту: «Қайырлы таң» (Е. Өміров) «Наурыз тойы» (Т. Мұратов) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жеңіл би» (Т. Ломова) Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев) Ойындар, хороводтар: «Төлдер» (Д. Ботбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер)	**Музыка** **Міндеті -- Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұнын элементтерімен байланыстыру** Музыка тыңдау: «Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова) Ән айту: «Қайырлы таң» (Е. Өміров) «Наурыз тойы» (Т. Мұратов) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жеңіл би» (Т. Ломова) Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев) Ойындар, хороводтар: «Төлдер» (Д. Ботбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер)

		Елорда-менің бас қалам	оқып, спортпен айналысу керек. Яғни көп еңбектенген адам арманына жетеді. –Ал сендер өскенде кім болуды армандайсыңдар? –Ол үшін сендер көп білім алып, оқуларың керек. –Ал «Оқу – инемен құдық қазғандай». Педагог мақалды жаттап алуды ұсынады.		
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №8** **Бақылау**: **Топырақты бақылау** ***Мақсаты:*** *торф топырағының қыртысымен таныстыру .* ***Бақылау барысы*** Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяққиіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен(жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады.. **Зерттеу жұмысы** Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру. Құммен торфты салыстыру; Жер қыртысы қай жерде тез кебеді. **Еңбек** Ағаш түптері мен атызға торф тасу. *Мақсаты: торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.*	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №9** **Бақылау: Сутоғанды бақылау** ***Мақсаты****: мұздың қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.* ***Бақылау барысы*** Күн өткен сайын көктем қысты ысырып, өз жылуын алып келуде. Көктемнің ең бірінші жеңісі-жерді жібітеді. Алдымен қары еріген алаңқайлар пайда болады, өгей шөптер өсіп шығады. ал, екінші жеңісі-өзен-көлдердің ери бастауы. Жердегі, қар үйінділеріндегі қарлар еріп, сай-саланы қуалап, өзенге барып құяды. Өзен сулары көтеріліп, мұзды жарады. Жарылған мұздар ағыспен бір-біріне соқтығады. Мұздар жарылып, өзендер арнасынан асқан кезде ауа температурасы кенет төмендейді. Ал, сутоғандардағы мұздар ұзақ уақыт тұрады. Себебі онда ағыс жоқ, су қозғалмайды. Бұл жерде мұздар жарылмайды, біртіндеп ериді. **Зерттеу жұмысы.** Сутоғандағы мұздың қалыңдығын мұз өлшегіш құралмен өлшеу. Тоған бетіндегі мұздың еруін бақылау **Еңбек**	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №10** **Бақылау: Желді бақылау** ***Мақсаты:*** *- жел туралы түсініктерін бекіту;* *- жел түрлерін есте сақтау.* ***Бақылау барысы*** Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел) Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды: ♦ Желдің қандай түрлері болады? ♦ Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады.	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №11** **Бақылау: Тастарды бақылау** ***Мақсаты****: тастардың әртүрлілігімен және олардың қасиеттерімен таныстыру.* ***Бақылау барысы*** Балабақша ауласындағы ойын алаңындағы бір ағаштың түбіне әртүрлі тастар салынған қапшықты тығу. Қапшық тығылған ағашты суреттеп айту. Қапшық табылғаннан кейін балалармен әңгіме өткізу. Тастар әртүрлі болады. Оларды жәй тас деп айтуға болмайды, себебі әр тастың өз ерекшелігі болады. Кейбір тастар бағалы, ал жәй тастардың да пайдасы өте көп. Сұрақтар: *Тастардың қандай түрлерін білесіңдер? *Асыл тастарды не үшін пайдаланады? *Жәй тастарды қай жерде, не үшін пайдаланады? *Гранит, мрамор тастарды көрген жерлерің бар ма, оларды не үшін пайдаланады? Тәрбиеші балалар жауабын толықтырып, түсіндіреді.	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №12** **Бақылау: Ұшып келген құстарды бақылау** ***Мақсаты****: көктем құстары жайлы білімдерін бекіту. Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.* ***Бақылау барысы*** ***Көркем сөз «Ұя» Қ.Баянбаев*** Ұя жасап тақтайдан, Талға апарып байладым. Жыл құсының шаттанған, Күттім қашан сайрауын. Сол ұяны талдағы, Қараторғай мекендеп, Күні бойы сайрады, Жылы пәтер екен деп. Балаларға сұрақтар: *Балалар сендер қандай құстарды білесіңдер? *Жыл құстары деп неге айтамыз? *Құстар неге жылы жаққа ұшып кетеді? *Құстар туған жеріне қай уақытта ұшып келеді? *Ауламызға ұшып келген құстарға қандай қамқорлық жасау керек деп ойлайсыңдар? **Дидактикалық тапсырма:** Құстарды топқа бөл. Мақсаты: құстар суреттерін қыстап қалатын құстар және жыл құстары тобына бөліп, ұяларға орналастыру. **Еңбек:** Гүл егетін орынды тазалап, гүл отырғызуға дайындау. *Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген құпшыныстарын арттыру.*

		Ауланы қоқыстан, сынған бұталардан тазалау. *Мақсаты: ұлкендерге көмектесуге деген ынталарын тәрбиелеу.*	Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды. ♦Барынша қатты желдердің атын ата? *(дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)* ♦ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды) ♦Желдің ізін көруге болады ма? **Зерттеу жұмысы** Компас арқылы желдің бағытын анықтау. Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. **Еңбек** Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау *Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.*	*Балабақша ауласында, ғимарат құрлысында тастар бар ма? **Зерттеу жұмысы** Балабақша ауласынан түсі, көлемі әртүрлі тастарды тауып, жинау. **Еңбек** Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау. *Мақсаты:ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге,бастаған істі аяқтауға, біткен іске қуануға тәрбиелеу.*	
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру
Балалармен жеке жұмыс	**Жеке баламен жұмыс:** Сөйлеуді дамытудан **Мақсаты:** тілдің грамматикалық құрылымы бойынша қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	**Жаттығуы:** «Дұрыс, бұрыс» **Мақсаты:** Тәрбиеші . сөйлемдер айтады. Балалар дұрыс болса «дұрыс» деп, дұрыс емес болса «дұрыс емес» деп жауап береді.	**Музыкалық -ырғақтық жаттығулар**. Биік музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқынды таныс дене жаттығуларын орындату.	**ойын:**Көктем мезгілі туралы әңгімелесу. **Мақсаты:** Қарапайым сұрақтарға жауап береді.	**Жеке баламен жұмыс:** Сөйлеуді дамытудан Дәрумендер сөзін дұрыс айтуға үйрету.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап- тарды қарау және басқалар)	Қимылды ойын «Аққу-қаздар». Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау. Жаттығу ойыны Секіргіш жіппен жаттығу ойындары. Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету. Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай. Қара жерге де, қамқорлық керек.	Қимылды ойын «Қасқыр қақпан» Мақсаты: — белгі бойынша әрекет етуге үйрету; — ойын шартын сақтап ойнауға баулу; Жаттығу ойыны Ұзындыққа секіру. Мақсаты: ұзындыққа секіруге жаттықтыру.	**Қимылды ойын «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру. Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту. Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.**	Қимылды ойын. «Бәйге». Мақсаты: нысанаға тез жетуге деген құлшыныстарын, жеңіске деген құштарлықтарын арттыру. Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: секіргіш жіппен секіруге жаттықтыру.	**Қимылды ойын: «Ұшты ұшты». Мақсаты: зейіндерін дамыту, байқампаздыққа, тез ойлап, тез шешім қабылдауға үйрету. Жеке жұмыс Жаңылтпаштар жаттау: Үйір, үйір үйректі, Қаз маңғаз, Үйірге кім үйретті? Маңғаз қаз. Үйір, үйір үйректі, Әр кез маңғаз, Үйірге өзім үйреттім. Қаз маңғаз. Мақсаты: сөздік қорларын байыту. Тыйым сөздер: Құс ұясын бұзба. Құсқа тас атпа. Құс жұмыртқасын сындырма.**

Балалардың үйге қайтуы	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «А» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 3-апта 18 – 20 наурыз 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**		

Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.		
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Үстел үсті, саусақ және т.б. ойындар.** **«Суреттерді орналастыр»** **Ойынның мақсаты**: заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.	**Құрылыс ойындары**: «Еңбек құралдары», «Наубайхана құрастырамыз».	**Фотосуреттер қарастыру**: «Бидай мен қаңбақ» Фотосуретте бейнеленген ертегі желісі бойыншасурет арқылы орналастыру. «Бидай мен қаңбақ» суреті бойынша, әңгіме құрастырып айтып беруге үйрету.		
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені №12				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	«Бидай» Комбайынмен бидайды, Былай, былай жинайды. Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды? Қаптап ұшқан торғайдан, Оны былай қорғайды. Кіш, кіш, кіш... Қорғап қалған бидайды, Қамбаға әкеп жинайды.	«Ақ тілек» Адал жақсы ниетпен Бар адамға бақ тілеп. Жарып шыққан жүректен, Сөздің бәрі – Ақ тілек!	«Нанға біз тоямыз» Көктемде жерді жыртамыз, Тегістейміз тырмалап. Дәндерді оған егеміз, Жайқалып көктеп шықсын деп. Күз болғанда орамыз, Нанға біздер тоямыз.		
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті** Монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту Ғарышкер мамандығы туралы түсінік беру, тілдерін дамыту	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі туралы түсінігін қалыптастыру	**Математика негіздері** **Міндеті:** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру		

	Ғ» дыбысын буын ішінде келтіріп қайталату: Ға-ға-ға – жаға. Ғи-ғи-ғи – Сағи. Ғу-ғу-ғу – бұғу. Ғы-ғы-ғы – бұғы. «Ғ» дыбысын сөз ішінде келтіріп қайталату: Ғалым – қолғап. Тоғай – шаңғы. Сағыз – торғай. Сағат – қағаз. «Қ» – «Ғ» дыбыстарын тақпақ, жұмбақ, жаңылтпаш ішінде бекіту Дидактикалық ойын: «Мамандықты анықта». Шарты: суреттер бойынша мамандық түрлерін анықтап айтады	Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Атасы мен немересі не туралы сөйлесіп отыр? Жайлаудан қандай жануарларды көріп тұрсың? Ата. 2. Не артық? Қоршап сыз. 3. Киіз үйдің суретін сал. 4. Жұмбақты шеш. Ұқсайтын шеңберге Қабырғасы жиылып, керіледі. Жиһазы мол кең бөлме, Төбесінен жұлдыздар көрінеді. (Киіз үй)	**«Қайда барасың, нені табасың?» атты** дидактикалық ойынды ұсынады. Ойын мақсаты: ойын балаларды негізгі кеңістіктік бағыттарды (алға, артқа, оң жақ, сол жақ) анықтау және сөзбен айтуға, заттың кеңістікте орналасуын белгілеу үшін әртүрлі кеңістіктік терминдерді (іші, үсті, арты, асты және т.б.) пайдалануға жаттықтыру үшін жүргізеді. Ойын барысы. Педагог ойыншықтарды бөлменің әр жеріне тығып қояды. Мысалы: ойын барысы бойынша көзделген орналасу орнының оң жағында аюды, сол жағында шкафтың артына қуыршақты, кілемнің алдына допты, артына мәшинені. Ойынды бастаудан бұрын педагог балаларға бөлмеде тығылған ойыншықтарды табатындарын хабарлайды. Балалардың бірін шақырып алып, педагог оған былай дейді: Оң жаққа барсаң, аюды табасың, Сол жаққа барсаң, қуыршақты табасың. Алға қарай жүрсең, допты табасың, Артқа қарай жүрсең, мәшинені табасың. Қайда барғың келеді? Бала ойыншықты табады. Ойын 3-4 рет қайталанады. Бала бағытты ауызша атайды және жасырылған ойыншықты іздейді. Ойын жағдаятына тартылады. Термин сөздерді атайды, заттарды табады. Балалар ойынға қызығушылық танытад		
Үзіліс: Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Көршілеріңді ата»					
Саусақ гимнастика жаттығулары: 1. Шынжыр. Оң және сол қолдағы басбармақпен баланүйрек саусақтары түйісіп, жүзіктер секілді айқасып, шынжыр жасайды. 2. Піл: оң қол алақаны жайылып тұрады. Сол қол саусақтары бас бармақ пен кішкене бөбек артқы аяғы болса, баланүйрек саусақ пен шылдыр шүмек саусақ алдыңғы аяқтар, ал ортаңғы саусақ пілдің тұмсығы. 3. Доп: алақандар бір-бірімен жабысады. (доп пішінін жасайды). 4. Гүл: қолдар, саусақтар жоғары қарайды. Алақандар айшанақпен қосыла түптері өзара жанасады. Саусақтар ашылады. Осы жаттығуларды орындай отырып, мына өлең жолдарын айтады. Саусақтар шынжыр болады, Үзілмейді тартсаң да, Ал, піл келіп шынжырды, Үзіп кетті басқанда. Тұмсығымен доп іздеп, Ойнағысы келіп тұр. Достық үшін пілге мен, Гүл сыйлағым келіп тұр.	 	***Ойын:* «Көршілеріңді ата»** **Мақсаты:** кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту. **Жасы:** 5-6 жас аралығы **Қажетті заттар:** түрлі суреттер салынған қағаз беті. **Ойын барысы:** бұл үшін әр түрлі суреттер салынған қағаз беті пайдаланылады. **1 нұсқа:** педагог баладан қандай да бір затты атап, оның оң жағында, сал жағында, үстінде, астында не барын атауын сұрайды. **2 нұсқа:** педагог баладан қағаздың оң жақ жоғары бұрышында ненің суреті барын, беттің ортасында ненің суреті бары, т.с.с. сұрайды.		



2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Сауат ашу негіздері
Міндеті: Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру

Дидактикалық ойын: «Орамал тастамақ».
Педагог дыбысты айтып, бір баланың үстеліне орамал тастайды. Бала сол дыбысқа сөз ойлап тауып, қайта педагогке лақтыруы керек.
Мысалы: «а» алма, «о» оқ, «а» алқа «д» доп, «б» балық, «ж» жапалақ, «с»сағыз, «р» рауғаш, «у» уық, «к» кілем , «т» тарақ, «қ» қызылша, «ш» шырша, «а» асқабақ, «к» картоп,
«о» ожау, «ж» жаңбыр, «ш» шапалақ, «е» елік, «н» нағашы, «г» Гүлмира, «ш» шалғы, «щ» щетка, «з» зымыран, «ф» фабрика, «ы» ыдыстар, «п» парта, «л» лақ, «э» элеватор т.б.
.

Сауат ашу негіздері
Міндеті: Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру

Дидактикалық ойын: «Орамал тастамақ».
Педагог дыбысты айтып, бір баланың үстеліне орамал тастайды. Бала сол дыбысқа сөз ойлап тауып, қайта педагогке лақтыруы керек.
Мысалы: «а» алма, «о» оқ, «а» алқа «д» доп, «б» балық, «ж» жапалақ, «с»сағыз, «р» рауғаш, «у» уық, «к» кілем , «т» тарақ, «қ» қызылша, «ш» шырша, «а» асқабақ, «к» картоп, «о» ожау, «ж» жаңбыр, «ш» шапалақ, «е» елік, «н» нағашы, «г» Гүлмира, «ш» шалғы, «щ» щетка, «з» зымыран, «ф» фабрика, «ы» ыдыстар, «п» парта, «л» лақ, «э» элеватор т.б.

Сауат ашу негіздері
Міндеті Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру

Дидактикалық ойын: «Эстафета».
Педагог сөйлемді айтады, оны қайталайды, сөйтіп бірінші баланың алдына текше
немесе кішкене зат қояды, ол дереу бірінші сөзді айтады.
Педагог келесі балаға текше бергенде, ол екінші сөзді айтуы керек **...**

Үзіліс: Қимылды ойындар «Әуедегі атыс»

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЫНДАР

Мен қандай адаммын ?
Мақсаты: Топта жұмыс жүргізу үшін жағымды ахуал орнату, қарым - қатынастың белсенді стилін және кері байланыс немесе алу тәсілдерін меңгеру;
Әр қатысушы өзінің жағымды , жағымсыз қасиеттерін айтады . Сол бойынша қорытынды жүргізіледі .

Ойын: «Әуедегі атыс» қимылды ойыны
Мақсаты: Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.
Ойынның шарты: Бұл сайыста оқушыларды екі топқа тең бөлесіз. 1-топқа бірыңғай қызыл түс (өз қалауыңыз бойынша да таңдауға болады), 2-топқа жасыл түсті үрленген шар беріп, екі команданың арасын түзу сызық етіп бормен сызып қоясыз. Музыка ырғағымен екі команда өз шарларын қарсылас команда жаққа лақтыру керек. Қай топ жылдам сол жеңіске жетеді.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Қазақ тілі **Міндеті:** - Азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен жабдықтау тақпақты зейін қойып тыңдауға, оның ішінен таныс сөздерді табуға жаттықтыру **Ойын «Асханада».** Педагог асхана туралы түсініктеме береді: Асханада аспаз жұмыс істейді. Аспаз тамақ пісіреді. Асханада адамдар тамақ ішеді. Балалар кезекпен аспаз болады. Балалар тағамға (өздеріне таныс күнделікті тағамдар) тапсырыс береді. Аспаз ол тағамға қажетті азық түлікті таңдап алып атайды. Мысалы: – Мен палау жеймін. Палау беріңізші. (Аспаз ет, сәбіз, пияз, күріш суреттерін тауып атайды). – Рақмет. Палау дәмді болды	**Қазақ тілі** **Міндеті** - Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету ұлттық тағам түрлерімен таныстыру Балалар, әже бізге мына қоржынды беріп жіберіпті. Онда не бар екен? Дидактикалық ойын:«Ғажайып қоржын». Суреттермен жұмыс. Жаңа сөздермен таныстыру. Мынау – бауырсақ. – Мынау не? – Мынау – бауырсақ (балалар жеке, хормен, жай, жылдам айтады). – Бауырсақтың дәмі қандай? Сақ-сақ – дәмді бауырсақ. Сақ-сақ – жеймін бауырсақ Мынау – құрт. Құ-ұ-ұрт, құрт. «Құрт» сөзін жеке-жеке айтып жаттығады. – Мынау не? – Мынау – құрт. – Мынау – қымыз. Мынау не? – Мынау – қымыз. – Қымыз өте дәмді. – Қымыздың дәмі қандай? – Қымыз өте дәмді. – Мен қымыз ішемін. – Сен не ішесін? – Мен қымыз ішемін. – Мынау – шұбат. Шұ-ұ-ұ-бат. – Мынау не? – Мынау – шұбат. – Шұбат өте дәмді. – Шұбаттың дәмі қандай? – Шұбат өте дәмді. Балалар сөздерді және сөйлемдерді қайталайды. – Құрт, қымыз сөздерінде бірінші дыбыс қандай? – «Қ» дыбысы	**Дене шынықтыру** **Міндеті: -** Допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр Бала ағзасының кинестикалық (қимылды сезу) және кеңістіктік (ағзаның бөліктерін сезіну) факторларын, ұсақ моториканы қалыптастыру **«**Жаңылысқан ұтылады» «Доп» тақтайшасын көрсеткенде секіре жөнеледі, «тас» тақтайшасын көрсеткенде арқасын дөңгелетіп отыра қалады, «тырна» тақтайшасын көрсеткенде бір аяқпен тұра қалады. Топтарға бөлініп, негізгі жаттығуларды орындау. Қауіпсіздік ережелерін үнемі еске салып отыру керек. Топтардағы бастаушылардың дұрыс ауысып тұруын қадағалау. Арқанмен айналмалы жаттығуалар 1.Қайтпас қайсарлар» Арқандармен қырындап жүру. Аяқ басы еденде, өкшелерін арқан үстіне басып, қырындап жүру. Арқан үстіне аяғының өкшелерін қойып, аяғының басын жерге қойып, дұрыс жүруін қадағалау.		
Үзіліс: Аз қимылды ойындар «Жалауша»					

« Өкпені еріту » жаттығуы Тып- тыныш денеңізді бос ұстап отырыңыз .Өзіңізді қаракөлеңкеде театрда отырмын деп есептеңіз Алдыңыздағы шағын сахнаға (ең жек көретін, көргіңіз келмейтін) сіз кешіруге тиісті адамды қойыңыз. Мейлі ол сізді қазір ренжітсін , бұрын ренжітсін ,қазір өмірде бар болсын , әлде өмірден өтіп кетті ме , оған мән бермеңіз .Көз алдыңызға елестеткенде оның жағдайы жақсы , жүзіне күлкі үйірілген жағдайда болуы керек . Оны бақытты деп біліңіз . Бірнеше минут оның жүзін анық көз алдыңызда ұстап тұрыңыз . Сонан соң барып ол бейнемен қоштасыңыз . Сіз кешірген адам кетісімен сіз өзіңізді сахнаға қойыңыз. Өзіңізді де тек жақсы жағдайда елестетіңіз . Бақытты , күлкі үйірілген жүзбен тұрыңыз . Бұл әлемдегі жақсылық барлығыңызға да тең жететінін ұғыңыз .		**Ойын: «Жалауша»** **Ойынның мақсаты:** жарысып тез жүгіруге,қарсыласынан бұрын жалаушаны алуға жаттықтыру. Керекті құралдар: ысқырық,жалауша,бор,таяқша. **Мазмұны.** Сыныптағы балалар санау арқылы екі командаға бөлінеді.Олар ойын алаңының екі шетінде қарама-қарсы сап түзеп тұрады.Ойыншылардың дәл ортасынан диаметрі 1 метрлік шеңбер сызылады.Шеңбердің ортасына жалауша тігіледі.Жалаушаның қасында қолына ысқырық ұстаған ойын жүргізуші тұрады. Ойынның басталуына белгі берілгеннен кейін әр командадағы бірінші тұрған ойыншылар тез жүгіріп келіп, жалаушаны алдымен алуға тырысады.Егер ала алса, ол ойыншы команда есебіне ір ұпай қосады. Ал шеңберге екі бала да қатар келсе, олар өте сақ болулары керек, өйткені қай ойыншыға қарсыласының қолы бұрын тисе, оның жалаушаны алуға қақысы жоқ. Ойын осылай бірнеше рет жүріп,жеңіске жеткен команда анықталады. **Ойынның ережесі.** 1. Ойыншылар тұрған қатарларынан бір мезетте шығуын мұқият қадағалау қажет. 2. Шеңбердің сызығын басуға болмайды. 3. Шеңбер ішінен алған жалаушаны ойын жүргізушіге беріп, ойыншылар қайтадан тұрған орындарына жүгіріп кетеді. **Әдістемелік нұсқаулар.** Ойын қызықты өту үшін командаларды бір түзудің бойына тұрғызу керек. Ойын жүргізуші етіп сабаққа қатыса алмайтын оқушыларды немесе арнаулы төрешілерді тағайындауға болады.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Шығармашылық бейнелеу әрекеті **Міндеті:** - - күрделі пішіндегі бірнеше заттардың көлеміндегі айырмашылықты көре білуге үйрету, әуе ұшақтары, аспан планеталары туралы білімдерін жетілдіру -- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау - Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию - Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу –ұшақ суретін салуүмүсіндеу,жапсыру,құрастыру Топтық жұмыс	**Қоршаған орта** **Міндеті:** Туған өлке, ел, Отан оның маңызы туралы білімдерін кеңейту **Мақсаты Қазақстан – менің туған өлкем»** балаларды туған өлкесі Қазақстанның табиғатының сұлулығымен таныстыру. Туған жердің көрінісін қағазға түсіре білуге үйрету, өз еліне деген сүйіспеншілік пен патриоттыққа тәрбиелеу. Суретшінің бере білген көңіл - күйді сезіну қабілеттілігін қалыптастыру, табиғаттың әрбір құбылысы өзінше тамаша екендігін сезіну. Педагогтың әңгімесі: - Біздің сүйікті Отанымыз Қазақстанның кең байтақ екенін айтамыз. Созылып жатқан кең – дала, биікке аспандап көтерілген таулар, асау толқынын жағаға ұрып жатқан Каспий теңізі, Балқаш көлі, өзендер мен көлдер, шұлаған орман мен саябақтар. Жылдың қай мезгілі болса да, осының бәрі адам баласын толқытып қуантады. Бірақ ең негізгісі - туған табиғатымыздың әдемілігін байқай білуді үйрену, оның	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** - Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу Балаларға жайлау өлеңінің мазмұнын түсіндіру –Қандай үй жануарларын білесіңдер? –Оларды неге үй жануарлары деп атаймыз? –Үй жануарларының адамдарға пайдасы бар ма? –Ал осы жануарлардың төлдерін қалай атаймыз? –Төлдер ең алғашында немен қоректенеді? –Иә, дұрыс айтасыңдар, өз енелерінің сүтімен қоректенеді –Осы төрт түлік малдың бәрі жазда жайлауда болады. –Үй жануарлары жазда қайда болады? –Дұрыс айтасыңдар, жайлау – малға жайлы мекен. Жаздың күні жайлауда, Қандай жақсы ойнауға. Жүйрік желмен жарысып, Қозы, лақпен табысып, Көл бойында тыныгып, Күнге күйіп, шынығып, Жүресің сен жайрандап, Кең даланы сайрандап, Жайлау, жайлау – жасыл бақ, Мәз боламыз асыр сап. –Балалар, жайлау қандай екен?		

		қайталанбас сұлулығын сезіне білу. Табиғаттың кез - келген бұрышы өзгеше жақсы. Балалар мұқият тыңдайды. Соңдықтан суретшілер өздерінің шығармаларында қоңыр күзді, гүлдеген даланы, алғашқы қарды, қысқы саябақтардағы гүлзарларды, тағы да басқа көріністерді адам баласының қуануы мен таңқалдыру үшін бейнелейтінін білуге болады. Ақын М. Әлімбаевтың «Менің – Қазақстаным» өлеңін оқып беру. Педагог тақтаға А. Черкасскийдың «Қара ағаштар», А. Мамбеевтың «Қиіз үйде», Ә. Қастеевтің «Мұз айдыны - Медеу» атты шығармаларын іледі. Балаларға қазақ даласының көркемдігін, қазақ халқының киіз үйін, жайлауды қағазға бояу арқылы салдыруды ұсынады. Әр түрлі бояуларды таңдауды, қағаз бетіне дұрыс орналастыруды бақылайды. Балалар шығармалар туралы, туған өлкенің табиғатты туралы әңгімелеп береді.	–Суға шомылып, күнге күйіп шынығуға болады ма екен? .		
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.		
Серуен	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №13** **Бақылау: Бұлттарды бақылау** ***Мақсаты:*** *әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру* **Бақылау барысы** **Көркем сөз «Бұлт»** **Ә. Ақыпбекұлы** Бұлттың қайда тұрағы, Біле алмадым мұны әлі. Білерім көк аспанның Бұлт көшпелі бұлағы. **Тәрбиеші балаларға сұрақ береді.** ♦ Аспанға қараңдар, не көріп тұрсыңдар? ♦ Бүгінгі бұлттар қандай?	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №14** **Бақылау: Күнді бақылау** ***Мақсаты:*** *күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.* *Бақылау барысы* Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Үлкен алтын табақтан, Әлемге нұр таратқан. *(күн)* *Алауға оранып,* *Көкке өрлеп шығады.* *Бір айналып оралып,* *Көкжиекке бұғады. (күн)* Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады.	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №15** **Бақылау: Желді бақылау** ***Мақсаты:*** *- жел туралы түсініктерін бекіту;* *- жел түрлерін есте сақтау.* *Бақылау барысы* Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел) Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды: ♦ Желдің қандай түрлері болады? ♦ Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол		

	♦ Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма? ♦ Бұлт қай бағытқа жүзіп барады? **Еңбек** Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу *Мақсаты:* бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу.	*Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады? *Күн қай жақтан шығады? *Қай жаққа батады? *Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма? *Неге? **Зерттеу қызметі** Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме? Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? *(қоңыр түсті әйнекпен)* **Еңбек** Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу.. *Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.*	төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды. ♦Барынша қатты желдердің атын ата? *(дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)* ♦ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды) ♦Желдің ізін көруге болады ма? **Зерттеу жұмысы** Компас арқылы желдің бағытын анықтау. Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. **Еңбек** Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау *Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.*		
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру		
Балалармен жеке жұмыс	Жеке жұмыс Жаңылтпаш айту: «Ала бұлт ақ па, Ақ бұлт ақ па? Ала бұлт ақ емес, Ақ бұлт ақ» «Анау арал қай арал, Қайыңды арал, талды арал» Жұмбақ: Етек-жеңі жиналмай, Дауыл тұрса дым қалмай, Түйдектеліп көшеді, Тоз-тоз болып өшеді. (бұлт)	Мақал-мәтел: Сәуір болса күн күркірер, Күн күркіресе, көк дүркірер. Сәуірдегі жауын-сауып тұрған сауын	Қауіпсіздік ережелеріне үйрету		
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-	Қимылды ойын «Үйсіз қоян». Мақсаты: —бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету; — жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу.	Қимылды ойын «Күн мен түн». Мақсаты:күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу. Жаттығу ойыны Орнында тұрып ұзындыққа секіру. Мақсаты:секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту.	**Қимылды ойын «Кім жылдам?».** **Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.** **Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру.** **Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту.** **Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.**		

тарды қарау және басқалар)					
Балалардың үйге қайтуы	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.		

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «А» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 1-апта 1– 5 сәуір 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	**Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу**				

Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	**Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру**	**Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.**	**Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.**	**Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.**	**Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту**
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	***«Құрымдалған ойын» «Дұрыс көрсет, ажырат» Мақсаты: Балалардың тағамдар мен ыдыстар туралы біледі, олардың атауларын айта алады.***	***«Құрымдалған ойын» «Өзім және отбасым» Мақсаты: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы айта алады бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсінеді.***	***«Құрымдалған ойын» «Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты: балалар әр түрлі мамандық иелерін біледі.***	***«Құрымдалған ойын» «Бұны қай кезде киеді?» Мақсаты: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндай алады.***	***«Құрымдалған ойын» Бақша да ма,бау да ма? Мақсаты: Жемістер мен көкөністерді ажырата алады.***
Жаттығу	**Жаттығу кешені № 14**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	**«Психомоторлық жаттығу» Көздеріңді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір - біріңе жымиыңдар, Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар, Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер.**	**«Психомоторлық жаттығу» «Күлімдеген күн» Күн күлімдеп нұр төкті, Жақсы сөздер нұр септі, Еске сақтап кеңесті, Кел,қосылып айтайық бір-бірімізге..**	**«Психомоторлық жаттығу» «Табиғатпен үндестік» Шеңбер бойлап жүреміз, Әр гүлге көңіл бөлеміз. Сұлулық пен махаббатты Сезініп өмір сүреміз.**	**«Психомоторлық жаттығу» *«Біз әдепті баламыз»* Әдеп сақтап әманда, Әрбір адал адамға. Жасасаң бір қамқорлық, Қайтарады саған да.**	**«Психомоторлық жаттығу» Көңілденіп күлеміп, Бақытты боп жүремін. Бәрін біліп алатын, Мен ақылды баламын.**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті** Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту Мақсаты Балаларды ертегіні рөлдерге бөліп сахналату арқылы әртістік қабілеттерін дамыту. -Күшік пен мысық ертегісін есімізге түсірейік. –Енді осы ертегіні рөлдерге бөліп сахналайық (атрибуттарын кигізу). Марғау мысықтың баласы екенін түсіндіреді. Дидактикалық ойын: «Ертегі кейіпкерлерін тауып жүрісін сал». Ойын шарты: Ертегі кейіпкерлерінің жүрісін салады.	**Көркем әдебиет** **Міндеті**: Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. Суретте жиналған аңдарды ата. Арыстан аңдарды не үшін жинады? Аңдар арыстанның сұрағына қалай жауап берді? Көктемнің сәні не? Ойынды ортаға сал. 2. Қай суреттер көктемнің сәні дегенге сәйкес келеді? Белгіле. Педагог ертегіні сахналауды ұсынады. Бала сиқырлы қоржыннан қай аңның суретін алса, сол аңның қимылын көрсетіп, сөзін айтады. Басқа балалар көрермен болады	**Математика негіздері** **Міндеті:** Заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыру заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыру. Топтық практикалық жұмыс. Таразымен жұмыс. Заттарды салмағы бойынша салыстыру. Балаларға жұптарға бөлініп, үстелдерге өту ұсынылады. Жұптағы бір бала таразы табақшасына бір затты салады, екінші бала екінші затты салады, заттардың салмағы әртүрлі. Дәптермен жұмыс 1-тапсырманы жұмыс	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** - Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу Көлбеу тақтайға жүгіріп шығу, түсу, биіктегі салмақ түсіру, тірелу нүктесінде тепе-теңдік сақтауға дағдыландыру **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Аңшылар мен қояндар» Қозғалып бара жатқан нысананы «ату» кезіндегі қауіпсіздік ережелерін еске салады. Ойыншылар «аңшылар» мен «қояндарға» бөлінеді. «Аңшылар» сызықтың сыртына тұрады, ал**	**Математика негіздері** **Міндеті** Заттарды таразыға салмағы бойынша салыстыруға болатындығы туралы түсінікті бекіту заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыру. **Қай табақша төмен** түседі? Салмағы ауыр ма немесе жеңіл ме? Таразы бойынша қай табақша ауырырақ екенін анықтайды. Кім (не) ауырырақ? Блиц-сұрақ. Не ауыр – ашықхат па, қарындаш па? Таразы табақшаларын теңестіру үшін не істеу керек? Дәптермен жұмыс Педагог 2- тапсырманы орындауды сұрайды.

			дәптерінде орындауды ұсынады. – Суреттерге қарайды. Қандай заттар жеңіл екенін атайды. Әр жұптағы ауыр затты атайды және бояйды. Бұл тапсырманы қолда бар материалдардан таразы жасап, орындауға болады. Мысалы, қорап, пенал т.б заттарды тірек ретінде алып үстіне сызғышты орнатады. Салмақтары жеңіл және ауыр екі ойыншықды ойластырған таразының екі жағына салады. Балаларға әртүрлі таразы үлгілерін көрсетеді. 3–5 баладан кезек-кезек шықырып, оларға әртүрлі заттардың жұптарын өлшеуді ұсынады. Тапсырманы орындайды. Балалар заттардың жұптарын өздігінен өлшейді. Балалар «жеңіл», «ауыр» сөздерін қолдана отырып, өздерінің іс-әрекетін түсіндіреді	**«қояндар» сызықтардың ортасына тұрады. «Аңшылар» доппен «қояндарды» атып алуға тырысады. «Оқ тиген» қояндар ойыннан шығады. Барлық қояндарды атып алған соң командалар орнын ауыстырады**	Заттарды таразыға салады. Оларды жапсырады. Заттардың салмағы таразының орналасуына қарай анықталады:тең,жеңіл және ауыр. Сол жақтағы таразыға қарбыз бен қауынды салады, оң жақтағы таразыға – үш-үштен жеміс салады.
Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Торғайларп мен мысық»					
Сюжеті-рөлдік ойын Тақырыбы : «Хайуанбақ » Мақсаты: Ойын сюжетіне байланысты бірнеше топшаларға бөлініп,ойын аяқталған соң бір ұжымға жинала білу дағдысын қалыптастыру . Хайуанбақ жұмыскерлелерінің еңбектерін ,негізгі мамандықтарды түсініп: хайуанбақ директоры , мал дәрігері ,жол сілтеуші ,асхана жұмыскерлері ,топжорықшы аңдарға қызмет етудін негізгі жұмысымен таныстыру . Жағдаят: Хауанбаққа билет алу; Хайуанбақ жоспарымен танысу,жол жүру көлігін тандау ; Хауанбаққа топ жорық, жануарларды тамақтандыруды қадағалау, жинастыру;Дем алыс аланы. Орман тұрғындары сырқатанып қалды . Дәрігер Айболитқа хат жолдау, дәрігер Айболтын жолындағы кедергілер , Аңлардын сауығуы.		*Сюжеті-рөлдік ойын* Тақырыбы : «Сақтау қызметі» *(қайталау)* Мақсаты : Әлуметтік шығармашылық орта қалыптастыру ,ойынын сюжетіне байланысты топтарға бөлініп,ойын аяқталған соң бір ұжымға жинала білу әдетін қалыптастыру .Сақтау қызметкерлерінің жұмыстары,олардың күтпеген жағдай туғанда қажетілігі жайында түсінігін молайту .Балалардың сөйлеу тілін дамыту . Жағдаят: Дабыл бойынша шақыру; Жағдай болған жерді қарап,сақтау қызметкерлерін бірнеше топтарға бөлу; Арнайы техникалық құрал жабдықты пайдалану; Жазғырылғандарды құтқару Алғашы медециналық көмек көрсету ; Жағдай болған жерге керекті жабдықтарды жеткізу ; Тәрбиешінің іс-әрекеті: ТЖМ басшысы рөлінде жағдай болған жерге шығар алдында арнайы құрал-жабдықты естеріне түсіртіп,арнайы үйретілген иттермен бағыттаушыларды,жедел жәрдемді шақырады .	*Сюжеті-рөлдік ойын* Тақырыбы : «Мұражай» *(қайталау)* Мақсаты : Балаларды өз бетерінше рөлдерге бөлініп әрекет ету әдетін қалыптастыру.Ойында қоғамдық өмірдің көріністерін, мәдениеті ортада ұстамдылықты көрсете білу ,бір-біріне мейрімен қарауға үйретіп . Ойын барысында әңгімелесіп,сұрақ қоя білуге ,өз іс-әрекетерін көрсете білуге үйрету. Жағдаят: Мұражайға баруға дайындалу ; Жол сілтемелерді қарау; Мұражайды таңдау; Экспозицияларды хаттау; Топ жорық ; Жаңалау шеберханасы. Тәрбиешінің іс-әрекеті: Мұражай директоры рөлінде мұражай мен жұмыскерлерді басқарады.

Тәрбиешінің іс-әрекеті: Хайуанбақ директоры рөлінде аңдарға қорек керектігін,қамауды жөндеп,мал дәрігерін шақыруды ескереді, Балаларға дәрі-дәрмек жинап дәрігер Айболитқа хат жазуға көмектеседі Балалардың іс-әректі: хайуанбақ бойынша топжорық жүргізіп хайуанатар жайында әңгімелейді . Күзетші қамауларды тексеріп,келушілерге аңдарға қорек беруге болмайтындығын ескереді ,хайуанбақты күзетеді Жұмыскерлер жұмыс күнінің аяғында аңдармен мейірімді сөйлесіп,дәрумендер береді ,Кассир билеттер мен жол сілтемелерді сатып хайуанбақта жана аңдар пайда болғаның ескереді Дәрігер Айболит аңдар жаңбырдан кейін сырқатанып қалғанын естіп көмекке келеді,жолда кедергілер кездеседі жаңбырдан соң көл тасыпты ,айналып кліп көмек көрсетеді.Аңдар суығады . 	Балалардың іс-әректі: Сақтау қызметі диспетчер сызба бойынша жағдай боған жерде жанатын қызыл оттшаларды бақылап ,желі бойынша , қандай сақтау қыдметінін жұмыс атқаратынын қадағалайды ТЖМ әр түрлі жағдайдада ,әр уақыта ауа райы болжамына да қарамай қызмет көрсетеді,адамдарды табу үшін иттермен жұмыс істейді . Арнайы техника жүргізушісі зардап шекендері тамақ .киімен қамтамасыз етеді .Өртен сақтандыру қызметі өртті болдырмайды .Жедел жәрдем науқасттын шақыру бойынша қызмет көрсетеді Фотоға түсірушілер ТЖМ мен жағдай болған жерді фотаға түсіреді. 	Балалардың іс-әректі: Кассир билетерді сатады жолсілтемелерді үлестіреді , Мұражай жұмыскерлері экспонатарды тандап паспортар жасайды , экспозицияны хаттайды ю Суретшілер мұражайдын ашылу жарнамасын жасап, Өндеушілер ескі экспонатарды жөндейді Топ жорықшы мұражай бойынша келушілерді сүймелдеп экспонатар жайында әңгімелейді Келушілер билеттер сатып алып,бағдарламамен танысып ,экспонатарды қарап сұрақ Дүнгіршек жұмысшысы фотосуреттер,открыткалармен өнер альбомдарын сатады .Жүргізушілер экспонатарды әеліп ,көлікті қадағалайды.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Сауат ашу негіздері **Міндеті: -**Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру өткен тақырыптарды пысықтау. **Дидактикалық ойын: «Орамал тастамақ».** Педагог дыбысты айтып, бір баланың үстеліне орамал тастайды. Бала сол дыбысқа сөз ойлап тауып, қайта педагогке лақтыруы керек. Мысалы: «а» алма, «о» оқ, «а» алқа «д» доп, «б» балық, «ж» жапалақ, «с»сағыз, «р» рауғаш, «у» уық, «к» кілем , «т» тарақ, «қ» қызылша, «ш» шырша, «а» асқабақ, «к» картоп, «о» ожау, «ж» жаңбыр, «ш» шапалақ, «е» елік, «н» нағашы, «г» Гүлмира, «ш» шалғы, «щ»	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** -Сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау **с**өйлем туралы алған білімдерін пысықтау **...** **Дидактикалық жаттығу: «Сөйлемге қажетті сөзді қос»** – Мен сендерге бір сөзі жетпейтін сөйлем айтамын, ал сендер сөйлем дұрыс құрылу үшін, мағынасы бойынша келетін сөз қосуларың керек. Мысалы: Әкем балғамен шегені ... (шегеледі). Әжем шұлық ... (тоқыды). Көбелек гүлге ... (қонды). Бағдаршамда қызыл түс ... (жанды). Құрылысшы кірпіш ... (қалады).	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Сөйлем құрау және сөйлемді толықтыру, өз ойларын толық жеткізе білу дағдыларын жетілдіру сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау **Дидактикалық ойын: «Сөйлемді толықтыр»** **Мақсаты:** Сурет бойынша сөйлемдерді құрауға, жай сөйлемдерді толықтыруға үйрету. Көрнекілігі: «Аулада» тақырыбындағы мазмұнды сурет. Мазмұны: педагог балаларға суретті көрсетіп, жай сөйлемді құрап айтады, мысалы: Әсем ойнап жүр. Балалар сөйлемді	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу ертегіні мазмұндау арқылы театр мәдениетіне баулу. **Ол ертегі «Көктемнің сәні» деп аталады.** Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегі кейіпкерлерін салыстырып сипаттайды. Ертегінің өлеңнен айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан шығарады. Балаларға ертегіні толық оқып беріп, мазмұнын түсіндіреді Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі қалай аталады? Ертегі не туралы? – Арыстан аңдарды не үшін шақырды? – Қандай аңдар жиналды? – Арыстан қандай сұрақ қойды? – Аңдар не деп жауап берді?	**Дене шынықтыру** **Міндеті:.** Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату - Заттардың арасымен дұрыс жүгіруді жалғастыру. Өз денесін басқаруды, арқаннан ұстап салбырап тұруды, ептілік, өз бетімен әрекет ету, күштілікті дамыту. . **Текшелер мен сырық (ұзын ағаштармен) орындалатын негізгі қимылдарды орындау.** **Қауіпсіздік ережелерін еске саламыз: бір-біріне қарама-қарсы жүруге болмайды.** **Секірулер: сырықты жалғыз аяқпен секіріп, ілгері қарай айналып жүру. Секіргенде аяқтың басымен итеріліп, аяқтың басына**

	щетка, «з» зымыран, «ф» фабрика, «ы» ыдыстар, «п» парта, «л» лақ, «э» элеватор т.б.	Дәрігер науқасты ... (емдеді). Атам газет ... (оқыды). Балалар далада ... (ойнады). Әпкем ыдысты ... (жуды). Ағай күй ... (тартты).	қайталап, бір-екі сөзді қосып айтады, мысалы: Әсем аулада ойнап жүр. Келесі бала тағы бір-екі сөзді қосады. Әсем аулада досымен ойнап жүр.	– Елік дұрыс айтты ма? Көктемнің сәні деген – гүлдер, көбелектер, алғашқы ұшып келген құстар, күннің жылуы, мөлдір су, көкмайса шөп.	**қайта түсу.**

Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар « Көбелектер бақалар»

Ойын: «Алыптар мен ергежейлілер»
Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.
Ойынның шарты: Арнайы сызықпен қоршаған ойын алаңында балалар жүгіріп ойнап жүреді. “Алыптар” мен “құғыншымын” қолын жоғары көтереді де өзіне ең жақын жүрген ойыншыны қуа жөнеледі, “ергежейлілер” жүгіреді.
Ұсыныс: Егер қуып жетсе, екеуі орын ауыстырып, жаңа қуғыншы, ойынды әрі қарай жалғастырады.

Ойын: « Көбелектер бақалар»
Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жәндіктерге қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу.
Ойын барысы: Батпақтың шекарасы төртбұрышты етіп белгіленеді. Мұнда бақалар өмір сүреді. Гүлдерге көбелектер ұшып келіп қонады. Ұлдар бақа сияқты секіреді, қыздар көбелектер сияқты ұшады.
Ұсыныс: ойында көбелектер, бақалар болып балалар ойынаушылар қатысады, тәрбиеші де қатысады.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Міндеті:** Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету өз іс-әрекеттерін айта алуға үйрету Арман мен Сәуле диалог жүргізеді. – Сәуле, сен таңертең не істейсің? – Мен таңертең тұрамын. – Таң-ер-тең-ң тұ-ұ-ұ-ра-мын. Таңертең тұрамын (айнамен жұмыс). – Бе-ті-і-ім-ді-і-і жуа-мын – бетімді жуамын. – Ті-с-і-і-ім-ді-і-і та-за-лай-мын – тісімді тазалаймын. – Ша-шым-ды та-рай-мын – шашымды тараймын. – Жат-ты-ғу жа-сай-мын - жаттығу жасаймын. – Ки-і-м-і-і-м-д-і-і-і ки-е-мі-і-і-н – киімімді киемін. – Содан кейін анаммен балабақшаға барамын. Балалар қуыршақтардың	**Қазақ тілі** **Міндеті** - Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ұлттық ыдыстардың атауымен таныстыру **Ойын: «Сиқырлы қоржын». (** Ішінде кесе, қасық, тәрелке). Балалар таныс заттарды атайды, сұрақтарға жауап береді. Қандай кесе? Неше кесе? Түсі қандай? Қандай қасық? Қандай тәрелке? (Үлкен, кішкентай). Қоржынның екінші жағынан ұлттық ыдыстарды алып, жаңа сөздермен таныстыру, ұлттық ыдыстар туралы қысқаша мағлұмат беру. – Мынау – торсық. – Мынау не? (Жеке-жеке «торсық» сөзін дұрыс айтып жаттығып, естеріне сақтайды). – Торсық теріден жасалады. – Торсық неден жасалады? – Торсық теріден жасалады. – Мынау – тостаған. – Мынау не? – Мынау – тостаған. – Мынау қандай тостаған? (Үлкен, кішкентай). – Тостағанмен қымыз, айран ішеді. – Тостағанмен не ішеді? – Тостағанмен қымыз, айран ішеді. – Тостаған ағаштан жасалған.	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** - Допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу Заттардың арасымен дұрыс жүгіруді жалғастыру. Өз денесін басқаруды, арқаннан ұстап салбырап тұруды, ептілік, өз бетімен әрекет ету, күштілікті дамыту. **«Ең сақ кім екен?»** **Текшелерге көтеріп қойылған сырықтардың астынантүрлі әдіспен (шынтақтап жорғалап, еңбектеп, шалқалап жатып) залдың бір жағынан екінші жағына дейін өту.** **Түрлі әдіспен (шынтақтап жорғалап, еңбектеп, шалқалап жатып) залдың бір жағынан екінші жағына дейін өтеді. Сырықтың биіктігіне қарай тиімді әдісті таңдайды**	**Математика негіздері** **Міндеті** Заттарды таразыға салмағы бойынша салыстыруға болатындығы туралы түсінікті бекіту заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыру. Педагог 3- тапсырманы орындауды сұрайды. – Суреттерді қараңдар. Әр табақшадағы көгөністер мен жемістерді санаңдар. Санын жазыңдар. Педагог балалармен талқылайды, санайды, цифрын жазады. 4- тапсырма жеке орындалады. Педагог балаларға тапсырманы алгоритм бойынша бірге орындауды ұсынады: – Қарындашты нүктеге	**Қоршаған орта** **Міндеті:** -Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу Киіз үй жабдықтарымен таныстыру**.** . Балалар мына суретте ненің суретін көріп тұрсыңдар? — Киіз үй туралы не білесіңдер? — Кім киіз үйдің ішіне кіріп көрді? — Киіз үйді неден жасайды? — Киіз үй жабдықтарын білесіңдер ме? — Жарайсыңдар балалар. Жауап берген балаларды алтын жұлдызбен бағалау. — Балалар мен сендерге киіз үй туралы шағын мағлұмат беріп өтейін. — Киіз үй ауа райының

	(педагогтің) соңынан сөздер мен сөйлемдерді қайталайды. Сөздік ойын: «Жалғасын тап». Үлестірмелі материалдардың көмегімен сөйлемді толықтырады. Таңертең ... (тұрамын). Бетімді ... (жуамын). Тісімді ... (тазалаймын**).**	– Тостаған неден жасалған? – Тостаған ағаштан жасалған. – Мынау – ожау. – Мынау не? – Мынау – ожау. – Мынау – ұлттық ыдыстар. – Мыналар – нелер? – Мынау – ұлттық ыдыстар. Балалар сөздерді және сөйлемдерді тыңдап, қайталайды. – Тостаған, торсық сөздеріндегі бірінші дыбыс қандай? «Т» дыбысынан басталатын сөздер айтыңдаршы. (Табақ, тауық, тәрелке, тышқан, түлкі, Қима материалдармен жұмыс. Сөздерді бекітуге ойын: «Менде, сенде...». Балалар алдарындағы суреттерін атап, көршісінде ненің суреті екенін сұрайды. Мысалы**: Менде тостаған. Сенде не?**		қой. Бірінші тапсырмада көрсетілгендей 4 торкөзге жоғары сызық сыз. – Тоқта. – Шатаспау үшін, осы тапсырманы (жоғары 4 көрсеткіш сызық) сызып таста. – Келесі команданы қараймыз және оқимыз (торкөздердің саны мен бағыты). – Тапсырма бойынша жылжы, графикалық диктантта көрсетілгендей торкөздерді сыз. Қандай сурет шықты? Оны көрсет. Бұл ит**.**	қандай жағдайында да пайдалануға өте ыңғайлы. Ішіне жарық жақсы түседі, ауа алмасуы талапқа сай, жел, дауылға көп шайқалмайды. Киіз үйдің негізгі қаңқасын сүйегі деп атайды. Олар: кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық (жарма есігі). Кереге – киіз үйдің ағаштан жасалған жиналмалы торкөзді сүйегі. Шаңырақ – киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер. Уық – кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сырық. Киіз есік – сықырлауықты жауып, шаңырақ арқылы өткізіп байланады. Киіз есіктің сырты киіз, ортасы ши, астары жарық теріден жасалады. — Үй жиһаздарына да толық мағлұмат беріп өту. Абажа – тамақ пен ыдыс – аяқ сақталатын кебеженің үлкен түрі. Ағаштан жасалып, киізбен, былғарымен қапталған. Кебеже – сүт ет, құрт, шай салып сақтау үшін ағаштан жасап, өрнектеген үй жиһаздары. Әбдіре – зат сақтайтын үлкен сандық. Сырты қаңылтырмен әшекейленіп қапталады. Ағаш төсек – жату үшін пайдаланатын үй жиһаздары. Асадал – тамақ пен ыдыс – аяқ сақталатын кебеже. Жастықағаш – ерте кезде жастықтың астына салынатын ағаш тиянақ. Адалбақан – киім ілуге арналған үй жиһаздары. Жүкаяқ – үйде жүк астына қоятын ағаш зат. Сандық – киім — кешек, т.б. зат салуға арналған үй жиһаздары.

					Төсеніштер: Алаша, киіз, сырмақ. Тұскиіз – сәндік үшін төсектің тұсына тұратын үй бұйымы. Қоржын – екі жағын тең етіп тоқылған, не құрап тіккен зат салатын дорба. Аяққап – ыдыс – аяқ салатын қапшық. Екі бетін киізден тігіп, бетін о — — өрнек салып не кестелеп әшекейлейді. — Балалар, бізге білгішбек ағамыздан хат келіпті, қане бәріміз бірге ашып көрейік. Төрт топтың балаларына тапсырмалар жіберіпті. — Топпен жұмыс жасау. 1 – топ «Шаңырақ» Шаңырақтың суретін саласыңдар. 2 — топ «Уық» Киіз үй неше бөліктен тұрады санмен санап айтасыңдар. 3 – топ «Кереге» сендерге киіз үйді жабдықтары туралы әр түрлі пішіндер берілген киіз үйді құрастырыңдар. 4 – топ «Есік» Киіз үйдің ішіндегі үй жиһаздарын атаңдар.

Үзіліс: «. Секіруге арналған ойындар «Кесіртке»ойыны

Артикулыциялық жаттығулар:
Балықтар
Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді,
Үп-үлкен ағаш жағада жатты,
Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп
Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді,
Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп,
Ал төртіншісі тоңа бастады,
Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады,
-Жүзіндер мына жерден,
Әйтпесе жұтып қояды!

Ойын: «Жоғарыда–төменде, биік-аласа»
Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру
Жасы: 5-6 жас аралығы
Қажетті заттар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.
Ойын барысы: Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек.

 **«Тіс щеткасымен ойын» жаттығу.** **Ойын шарты:** Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады.					
4 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Шығармашылық бейнелеу әрекеті **Міндеті:** - балалардың ұлу туралы білімдерін жетілдіру -- Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік - қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию - Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу -ұлудың суретін салу,мүсіндеуүжапсыру,құрастыр **Топтық жұмыс**	**Қоршаған орта** **Міндеті:** Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту Балалардың бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіре отырып, ата дәстүрін танып білуге, ардақтауға құрметтеп мақтан тұтуға тәрбиелеу. . **Ата мен әжесінен сүйінші сұ**рап қыз бала жүгіріп келеді, сүйіншісін беріп, көршілерге қуанышты хабарды хабарлауға жұмсайды. Ата мен әже немерелі болдық деп қуанып, есім таңдап отырғанда, нәрестесін көтеріп келіні кіреді. Атасы немересін қолына алып, азан шақырып атын қояды. Тәрбиеші: Балаға ат қою рәсімі. Қазақтың салт-дәстүрлерінің бірі балаға ат қою. Ырымдап ат қою – қазақтың қанына сіңген дәстүр. Ал енді,тәрбиешілер сіздердің де есімдеріңізді ырымдап қойған болар, сол туралы айтып өтсеңіздер. (әр тәрбиеші өз есімдері жайлы айтып өтеді) Қазақтың балаға байланысты жасалынатын ырым-дәстүрлерін атап өту (тәрбиешілер балаға байланысты дәстүрлерін атап, соның ішінен бесікке салу дәстүрін көрсетеді) Бесікке салу рәсімінен көрініс. Баланы бесікке салу – салтанатты рәсім. Баланы бесікке салмас бұрын,	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** - Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру **.** Ертегіні мазмұны бойынша әңгімелету**.** **Ертегі**: «Қасқыр мен түлкі» (Педагог «Қасқыр мен түлкі» ертегісін оқып береді. Мазмұнын айтып түсіндіреді. Сонан соң ұл балаларға қасқырдың, қыздарға түлкінің сөзін қайталауды ұсынады). Ертеде бір Қасқыр мен Түлкі дос болыпты. Екеуі келе жатып жол үстінен бір кесек ет көреді. Екеуінің де жегісі келіпті. Қасқыр Түлкіге: –Сен жей ғой, досым, – депті. Түлкі арсаландап: –Менің аузым ораза ғой, сен-ақ жей ғой, – депті. Қасқыр етті жейін деп тұмсығын соза бергенде мойнын қақпан қауып алып, ет ұшып кетіпті. Түлкі етті қағып алып жеп қойыпты. Қасқыр: –Ей, досым-ау, сенің аузың ораза емес пе еді? – десе, Түлкі: –Оразам сенің мойныңа түсті ғой, – деп зыта жөнеліпті	**Музыка** **Міндеті:** - Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыт Балалардың қазақтың ұлттық ойынына деген қызығушылықтарын арттыру : Музыка тыңдау: «Ақ сиса» (Жаяу Мұса) Ән айту: «Наурыз тойы» (Т. Мұратов) «Көктем» (Д. Гусинцев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Аюлар биі» (Е. Тиличеева) Билер: «Қамажай» х.ә. (өңдеген Н. Меңдіғалиев) Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин) Музыкалық аспапта ойнау: «Сәулем-ай» қазақтың х.ә. (өңдеген Б. Дәлденбай)	**Музыка** **Міндеті** - Ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру. Балалардың қазақтың ұлттық ойынына деген қызығушылықтарын арттыру **: Музыка тыңдау:** **«Ақ сиса» (Жаяу Мұса)** **Ән айту:** **«Наурыз тойы» (Т. Мұратов)** **«Көктем» (Д. Гусинцев)** **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** **«Аюлар биі» (Е. Тиличеева) Билер:** **«Қамажай» х.ә. (өңдеген Н. Меңдіғалиев)** **Ойындар, хороводтар:** **«Үйшік» (В. Витлин)** **Музыкалық аспапта ойнау:** **«Сәулем-ай» қазақтың х.ә.** **(өңдеген Б. Дәлденбай**

		баланың бесігіне, жын – шайтан жоламас үшін аластайды. Баланы бесікке салмас бұрын «тыштырма рәсімі» жасалынады. Бесіктің тесігінен тәттілер өткізіледі. Жиналған адамдар қолдарын созып, бесіктің астына алақандарын жаяды. Өткізілген тәттілер олардың алақандарына түседі.Бесіктің астына әрбір тәтті түскен кезде ,бесікке салған адам басқаларға «тышты ма?» деп сұрайды. Сол кезде жиналған жұрт «тышты, тышты»деп айтады. Осылайша «тыштырма» рәсімі «тышты ма?» деген сөзден шыққан. Баланы бесікке бөлегеннен кейін «бесік жыры» айтылады. Бесік жыры –дегеніміз балаға әндетіп айтылатын әуен. Бесік жыры бала мазасыз болып, жылап жатқанда немесе ұйықтай алмағанда айтылады. Бесіктің құрал –жабдықтарын атап өту. «Ел боламын десең ,әуелі бесігіңді түзе» деп қазақ атамыз тектен текке айтпаса керек. Мақал-мәтелдер. Бала тәрбиесіне байланысты мақал-мәтелдерді сурет бойынша айту**.**			
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №3** **Бақылау: Мойыл бұтасын бақылау** *Мақсаты:* — Бұталар туралы білімдерін молайту; — Бақылай, зерттей білу қабылеттерін дамыту; — Табиғатты аялауға, қорғауға тәрбиелеу. *Бақылау барысы* **Тәрбиеші әңгімесі:** Мойыл әрі дәрілік, әрі сәндік өсімдік. Мойыл гүлдеген кезде әдемілігімен көздің жауын алып, хош иісі мұрының жарады. Мойыл мамыр, маусым айларында гүлдейді, ал, жемісі тамыз, қыркүйек айларында піседі. Қоңыр күзде мойылдың жемістері өте дәмді болады. Жаңа	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №4** **Бақылау: Тастарды бақылау** *Мақсаты: тастардың әртүрлілігімен және олардың қасиеттерімен таныстыру.* *Бақылау барысы* Балабақша ауласындағы ойын алаңындағы бір ағаштың түбіне әртүрлі тастар салынған қапшықты тығу. Қапшық тығылған ағашты суреттеп айту. Қапшық табылғаннан кейін балалармен әңгіме өткізу. Тастар әртүрлі болады. Оларды жәй тас деп айтуға болмайды, себебі әр тастың өз ерекшелігі болады. Кейбір тастар бағалы, ал жәй тастардың да пайдасы өте көп. Сұрақтар: *Тастардың қандай түрлерін білесіңдер?	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №5** **Бақылау: Бұлттарды бақылау** **Мақсаты***: өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға деген қызығушылықтарын арттыру.* *Бақылау барысы.* *Көркем сөз. «Бұлт»* *Ө. Ақыпбекұлы* *Бұлттың қайда тұрағы?* *Біле алмадым мұны әлі.* *Білерім көк аспанның,* *Бұлт-көшпелі бұлағы.* Тәрбиеші сұрақтары. ♦Бұлт дегеніміз не? ♦Бұлттардың түсі қандай болады?	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №6** **Бақылау: Желді бақылау** *Мақсаты:* *- жел туралы түсініктерін бекіту;* *- жел түрлерін есте сақтау.* *Бақылау барысы* Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел) Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды: ♦ Желдің қандай түрлері болады? ♦ Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №7** **Бақылау: Сутоғанды бақылау** *Мақсаты: мұздың қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.* *Бақылау барысы* Күн өткен сайын көктем қысты ысырып, өз жылуын алып келуде. Көктемнің ең бірінші жеңісі-жерді жібітеді. Алдымен қары еріген алаңқайлар пайда болады, өгей шөптер өсіп шығады. ал, екінші жеңісі-өзен-көлдердің ери бастауы. Жердегі, қар үйінділеріндегі қарлар еріп, сай-саланы қуалап, өзенге барып құяды. Өзен сулары көтеріліп, мұзды жарады.

	піскен жидектерінен қант қосып тәтті сусындар мен кисельдер жасайды. Сол сияқты мойыл жидектерінің емдік қасиеті де өте жоғары. Одан жасалған дәрілермен іш ауруларын, көз ауруларын, безгек ауруларын емдейді. Сондықтан да мойылды кеспей, сындырмай сақтаған жөн. Мойыл гүлдері өте әдемі болғанмен, оның гүл шоғын көп етіп алсаңыз басыңыз ауырады, егер өте қызықсаңыз, бұтасын сындырмай ғана, екі-үш гүлін пышақпен кесіп алып, суға салып қойсаңыз, сол да жеткілікті болады. Мойылды өзіңіз де сындырмаңыз, өзгеге де жол бермеңіз. Балаларға сұрақтар ♦ Мойыл ағашы қай уақытта гүлдейді? ♦ Мойылдың жемістері қай уақытта піседі? ♦ Мойыл жидектерінен не жасайды? ♦ Мойылдың басқа қандай қасиеті бар? ♦ Бұл ағашты не үшін сақтауымыз керек? **Еңбек** Үлкендерге ағаш отырғызуға көмектесу. *Мақсаты: ағаш отырғызу және оны өсіруге деген ынталарын ояту, табиғатты көркейтуге тәрбиелеу.*	*Асыл тастарды не үшін пайдаланады? *Жәй тастарды қай жерде, не үшін пайдаланады? *Гранит, мрамор тастарды көрген жерлерің бар ма, оларды не үшін пайдаланады? Тәрбиеші балалар жауабын толықтырып, түсіндіреді. *Балабақша ауласында, ғимарат құрлысында тастар бар ма? **Зерттеу жұмысы** Балабақша ауласынан түсі, көлемі әртүрлі тастарды тауып, жинау. **Еңбек** Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау. *Мақсаты:ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге,бастаған істі аяқтауға, біткен іске қуануға тәрбиелеу.*	♦Бұлттар неден тұрады? *(сан жетпейтін су тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен.)* ♦ бұлттардың қандай түрлерін білесіңдер? *(түйдек бұлттар, шарбы бұлттар, қат-қабат бұлттар, түнерген найзағайлы бұлттар)* ♦ Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек-түйдек болып тұрады) ♦ Шарбы бұлттар неге ұқсады? (ақ ұлпаға, мамыққа, жақсылап аңғарып қарасаң олардан таныс бейнелерді көруге болады) ♦ Ең үлкен бұлттар қай бұлттар? (түнерген найзағайлы бұлттар) ♦ Қандай бұлттар жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар, түнерген бұлттар) ♦Бұлттар неліктен аспанда жүреді? (оларды жел қуады) **Зерттеу жұмысы** Аспандағы қандай бұлттар екенін анықтау. Бір нәрсеге (өлі және тірі табиғатқа жататын) ұқсайтын бұлттарды табу. **Еңбек** Алаңды егу жұмыстарына дайындау; қоқыстарды жинау, сыпыру. *Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген ынталарын қалыптастыру..*	жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды. ♦Барынша қатты желдердің атын ата? *(дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)* ♦ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды) ♦Желдің ізін көруге болады ма? **Зерттеу жұмысы** Компас арқылы желдің бағытын анықтау. Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. **Еңбек** Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау *Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.*	Жарылған мұздар ағыспен бір-біріне соқтығады. Мұздар жарылып, өзендер арнасынан асқан кезде ауа температурасы кенет төмендейді. Ал, сутоғандардағы мұздар ұзақ уақыт тұрады. Себебі онда ағыс жоқ, су қозғалмайды. Бұл жерде мұздар жарылмайды, біртіндеп ериді. **Зерттеу жұмысы.** Сутоғандағы мұздың қалыңдығын мұз өлшегіш құралмен өлшеу. Тоған бетіндегі мұздың еруін бақылау **Еңбек** Ауланы қоқыстан, сынған бұталардан тазалау. *Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын тәрбиелеу.*
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру
Балалармен жеке жұмыс	**Жеке баламен жұмыс:** **Мақсаты:** балаларға сурет оқу қызметі бойынша қарандашты дұрыс ұстауға үйрету.	**Жеке баламен жұмыс:** **Мақсаты:**сөздерді дұрыс айтуды үйрету	**Жеке баламен жұмыс:** **Мақсаты:** Өлең, тақпақтар жаттату	**Жеке баламен жұмыс:** **Мақсаты:** Балалармен қарым - қатынаста болуын дағдыландыру	**Жеке баламен жұмыс:** **Мақсаты:** Балалардың есте сақтау қасиеттерін арттыру үшін, балаларға тақпақ жаттату

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап- тарды қарау және басқалар)	Қимылды ойын «Біздің аулада не өседі?». Мақсаты: ағаштар аттарын есте сақтауларын тиянақтау, аталған жерге тез жетуге, тез ойлауға, тез шешім қабылдауға баулу. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту Мақсаты: доп лақтыруға жаттықтыру. Мақал-мәтел: -Бір тал кессең, он тал ек.	Қимылды ойын. «Бәйге». Мақсаты: нысанаға тез жетуге деген құлшыныстарын, жеңіске деген құштарлықтарын арттыру. Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: секіргіш жіппен секіруге жаттықтыру.	**Қимылды ойын «Қасқыр қақпан».** **Мақсаты: ойын ережесін түсініп, шартын сақтап ойнауға, ептілікке, алғырлыққа баулу.** **Жеке жұмыс Математикалық жаттығулар.** **Мақсаты: тақ және жұп сандарды санай білу дағдыларын жетілдіру.** **Халық болжамы. Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады.**	Қимылды ойын «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру. Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту. Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.	**Қимылды ойын «Қасқыр қақпан»** **Мақсаты:** **— белгі бойынша әрекет етуге үйрету;** **— ойын шартын сақтап ойнауға баулу;** **Жаттығу ойыны Ұзындыққа секіру.** **Мақсаты: ұзындыққа секіруге жаттықтыру.**
Балалардың үйге қайтуы	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «А» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 2 -апта 8–12 сәуір 2023-2024оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Үстел үсті ойыны – пазл: «Әсем гүлдер бағы » Балалармен әсем гүлдер туралы әңгімелесу.	Құрылыс ойындары: «Біздің аула гүлдері»	Фотосуреттер қарастыру: «Гүлдер,гүлдер көп гүлдер» Фотосуретте бейнеленген ойын түрлерін атау.	Үстел үсті театры: «Раушан гүлдер» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.	Сюжеттік ойындар: «Қош иісті гүлдер» еркін сурет салу. Д/ойын: «Менің сүйікті гүлім»
Жаттығу	Жаттығу кешені № 15				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	«Табиғатым тамаша» Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса.	«Дала қандай тамаша» Дала қандай тамаша, Ақ мамыққа оранған. Ақ дастарқан жайғандай, Көз тоймайды қараса.	«Табиғатқа қамқор боп» Табиғатқа қамқор боп, Байлығын біз қорғайық, Әдепті да,тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық.	«Табиғат...» Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған. Сен күнсің көтерілген күліп қырдан. Сен көлсің, сен ормансың. Сен - бұлбұлсың, Адамға сұлулықты шын ұқтырған!	«Дала қандай тамаша» Дала қандай тамаша, Ақ мамыққа оранған. Ақ дастарқан жайғандай, Көз тоймайды қараса.
	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті** Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану Бала бойындағы шешендік қасиетті, сөздік қорларын дамыту. Педагог балаларға сұрақ қою арқылы ертегі мазмұнын пысықтайды. –Ертегіде нелер жайлы айтылған? –Қасқыр мен Түлкі дос болған ба? –Екеуі жолдан не көрді? –Қасқыр Түлкіге не деді? –Сонда Түлкі не дейді? –Еттегі қақпанға қайсысы түседі? –Түлкі сияқты айлакер, қу болу керек пе? –Ертегі қызық бекен, сендерге ұнады ма? Жалғастырта 3– 4 баладан сұрап шығады. Дидактикалық ойын: «Түлкінің құйрығын тап». Ойын шарты: балалар қима суретерден Түлкінің құйрығын тауып көрсетеді.	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін қалыптастыру Педагог «Мен ғарышкер боламын» өлеңін екінші рет қайталап оқиды. – Өлеңнің бірінші жолы қалай басталады? Өлеңді эмоциямен 2-3 рет қайталайды, бірге жаттайды. Педагог сөйлемнің басын оқып, балалар жалғастыратын тәсілді қолданады. 3-4 бала өлеңді жатқа айтады. Дәптермен жұмыс: 1 Суретте не бейнеленген? Бала нені армандап тұр? Ойыңды ортаға сал. Сенің ғарышкер болғың келе ме? Қандай ғарышкерлерді білесің? 2. Суретті бастырып сыз. Боя. Педагог үзік сызықтарды қосып сыздырып, боятады	**Математика негіздері** **Міндеті:** 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру. Педагог балаларды вагондар болуға шақырады. Он бала бір-біріне тіркесіп, пойыздың қозғалысын еліктейді. Балаларға 1-ден 10-ға дейін цифр жазылған карточкалар таратылады. Педагог басқа балаларға вагондарды 1-ден 10-ға дейін тура және кері санауды сұрайды. Вагондармен көрініс ойнатылады. Педагог вагондардың бір-бірден туннельге қарай кетіп жатқанын хабарлайды. Сандық сәуле бойынша педагог 1-ге азайту амалын көрсетеді.  **Сонымен** **10 – 1 = 9** **9 –1 = 8** **8 – 1 = 7** **7 – 1 = 6**	**Дене шынықтыру** **Міндеті**: - 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру Мақсаты Керілген баудың биіктігіне байланысты денені жинақтап жұмырлаудың түрлі тактикаларын қолдана білуін қалыптастыру «Желпуіш саламыз» Шаңғының ұшын 180 айнала қозғалып, бұрылады. «Тоннель». Алаң бойымен бағандарға байланған бауларды түрлі биіктікте тартып қою. Осы баулардың астымен өткенде биіктігіне байланысты әртүрлі әдісті пайдаланатынын ескеру керек. Балалардың қажетті арақашықтықты, қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауын қадағалау керек	**Математика негіздері** **Міндеті -** 10 көлеміндегі сандарды салыстыру 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру. **Карточкамен жұмыс Тақтада (демонстрациялық материал 21- кесте) 1 -ден 10-ға дейін сандар қатары ретімен тұрады.** **Топтан екі баланы шақырады, олар цифрды тез және дұрыс қояды, тура және кері санайды. Бір бала санауды бастайды, екіншісі жалғастырады деген тәсілді пайдаланамыз**

Үзіліс: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар «Мысықтар мен балалар»

БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР
Дауыстарын қайтала.
Аң біткенмен алысқан
Ақырады **арыстан:**
А-а-а-а-а-а
Нәзік дауысы қозының
Естіледі алыстан:
Мә-ә-ә-ә-ә
Дөңгелетіп аузыңды,
Жіңішкертіп даусыңды,
Бұзаумын деп ойла да,
Дауысын оның қайтала:

Ойын: ***«Мысықтар мен балалар»***
Мақсаты: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке,алғырлыққа тәрбиелеу.
Ойынның шарты: Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады.
Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады.Балалар «кис-кис», деп шақырады.Мысықтар жақындаған да балалар

Мө—ө-ө-ө (Балақай, жан жануарлардың дауыстарые сала отырып, кей дыбыстардың жуан кей дыбыстардың жіңішке айтылатынына зер сал) **Майлыааң.** Жайлау толы малды аяп, Күзетіп жүр Майлыааң. Жолатпайтын ешкімді, Дауысы алыстан естілді: **(ақырын дауыспен) –р-р-р-р-р-р** «Тамақ жеймін ашпын д»,-деп, «Қорқып иттер қашсын», -еп, Күжірейтіп желкесін Ырылдады қасқыр кеп: **(орташа дауыспен)-р-р-р-р-р-р** «Қорықпаймын сенен»,-деп, «Сазайыңды берем»,-деп, Дірілдетіп қасқырды Айбатын ит асырды: **(қатты дауыспен) –р-р-р-р-р** «Мынау бәле екен» деп, «Түбіме бұл жетер» деп, Қорқып қасқыр жөнелді, Қайтып келмес ол енді. (Балақай, қасқырдан да қорықпайтын төбет иттердің болатынын сен білесің бе? Өзара екі топқа бөлініңдер де, **қасқыр мен иттер** болып алдымен ақырын, сосын орташа, ең соңында қатты дауыспен «р» дыбысын созып айтыдар.)		алаңның екінші жағына қашып шығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Сауат ашу негіздері **Міндеті:** Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру Дидактикалық ойын: «Сөз жарыс» Педагог: Балалар, енді «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: киімдер, гүлдер, сандар т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға жұлдызша беріліп отырады). Жұлдызшаны санау арқылы жеңімпаз анықталады. Дидактикалық ойын: «Қағып ал» – Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып,	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру ... Дидактикалық ойын: Жоғалған дыбыс» – Мен сендерге суреттер көрсетіп бірінші дыбысты айтпай сөз айтамын, сендер жоғалған дыбысты жалғап толық сөзді айтасыңдар да допты кері бересіңдер. Мысалы:... ерезе (т), ...ілем (і)і, ...алық(б), ...үрек(ж), ...ақыт (б), уыршақ...(қ), ...омбыра (д), ...екемет (т), ...ышақ (п),... аймақ (қ), ...анан(б), ...ектеп(м), ...рік(ө), ...ияз(п) т.б.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Суреттен іс-әрекетті білдіретін сөздерді анықтап айта білуге, сөздердегі буын санын анықтауды жалғастыру дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру «Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы (Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады) -ал буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: алма, алтын, алжапқыш, алға, аласа, ала, алқа, Алжан, алмас, алау, Альбина, ал т.б . -оқ буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: оқу, оқы, оқымысты, оқулық, оқ, оқыс, оқшаулау, оқтар т.б. -жа буынынан басталатын	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өленді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін қалыптастыру Ғарышкер – аспан әлеміне ұшатын адамдар. Ғарышкер ғарышқа зымыранмен ұшады. Оны ғарышкеме деп атайды. Олар ғарышқа ұшып барып, аспан әлемін зерттейді. – Кім ғарышкер болғысы келеді? – Қандай ғарышкерлерді білесіңдер? Слайдтан қазақстандық ғарышкерлерді көрсетеді, атайды. – Бүгін біз ақын Жақан Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.	**Дене шынықтыру** **Міндеті:**. Допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру - 40-30-20 см биіктіктегі арқандардың астынан өту, 20-30 см биіктіктегі арқанның үстінен секіріп өтудегі жоғары нәтижеге жету үшін ең тиімді жолдарын таңдай білуге үйрету. Балалар залда бытырап жүреді. Бастаушының нұсқауларын бұлжытпай орындайды. Егер «жер» - десе қолдарын төмен түсіреді, егер «су» - десе қолдарын алға созып, суда малтаған сыңай көрсетеді, «ауа» - десе құстай ұшып бара жатқандай болады, «от» десе қолдарын созып, алға, артқа айналдыра бастайды

	допты лақтырамын. Сендер мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасыңдар Мысалы: қққасқыр(қ), ееетік(е), ттүлкі(т), өөөрік(ө), ббалық(б), сссағат(с), ааалқа(а), жжжаз(ж), ммоншақ(м), қққоңыз(қ), қққолшатыр(қ), ббілезік(б), жжжұлдызша(ж), ооотын(о), қққарға(қ), сссазан(с), шшшахмат(ш), ттау(т), кккерік(к), әәәтеш(ә), ееесек(е), ттүйе(т), ммандарин(м), қққобыз(қ), ссандық(с), ттекемет(т), ееер(е), үүүзеңгі(ү), ааарба(а) т.б. – Қай дыбыстар созып айтылмайды екен. Оларды қандай дыбыстар дейміз? .		сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: жас, жалын, жалғыз, жат, Жайық , жарқыра, жалқау, жаура, жалау, Жамбыл, жалпылдақ, жалбыз, жаһүт, жау, жарайды, жалмауыз, т.б.	Педагог өлеңді оқып, мазмұнын түсіндіреді, жаттатады. Мен ғарышкер боламын Аспан, аспан, арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын, Мен ғарышкер боламын	

Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Сылдырмақпен сылдырлат»

Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары **«Жасыру» саусақ ойыны.** **Ойын шарты**: Қатысушылар алақанға қысқа қарындашты салады, жұдырықты жұмады және ашады. Қысқа қарандаш аламыз, жұдырыққа қысып, жасырамыз. Ал енді, келесі қолға жасырамыз. Қарандашты қыса отырып, Алақанды ауыстырамыз. Бұл ойында баланың қол икемділігі, танымдық деңгейі артады. **«Салат» саусақ ойыны.** Сәбізді алып тазалаймыз, (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды) Үккішпен үгіп майдалаймыз, (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды) Қанттан сеуіп дәмдейміз, (саусақтардың ұшымен қант себеді) Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді) Дәруменге байыған. (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді)		**Ойын: «Сылдырмақпен сылдырлат »** **Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. **Ойынның шарты:** 5-6 балалар аланның бір жағында сызықтың ар жағында тұрады. Қарама-қарсы жақта орындықтарда бір бірінен арақашықтығы бірдей болып сылдырмақтар /бал-ң санына сай/ жатады. «1-2-3, жүгіріңдер»- деген белгі бойынша балалар сылдырмақтарға қарай жүгіреді, жоғарыға көтереді де сылдырлатады. Бірінші жетіп, сылдырлатқан бала жеңіске жетеді. Сол балалар орындарына барады, басқа ойнаушылар қатысады. **Ұсыныс**: Ойынды қиындатуға болады: кедергілерден секіртіп /жіптен, текшелерден, шеңберден өту, т.б./

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Міндеті:** -Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту	**Қазақ тілі** **Міндеті -** -Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту	**Дене шынықтыру** **Міндеті**: - Допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу	**Математика негіздері** Міндеті Саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау	**Қоршаған орта** **Міндеті:** Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу

	мәдениетті, сыпайы сөйлеуге тәрбиелеу. Сюжеттік ойын: «Дүкен» Балалар кезекпен дүкенге келеді. Педагог – сатушы. Диалог үлгісі: – Сәлеметсіз бе! – Сәлеметсіз бе! – Кесе беріңізші. – Қандай кесе? – Үлкен, екі жасыл кесе. – Міне, кесе алыңыз. – Рақмет. Сау болыңыз. – Сау болыңыз. Үлгі бойынша балалар кезекпен ойнайды	азық-түліктің қазақша атауларымен таныстыру. **Дидактикалық ойын: «Сиқырлы дорба», ішінде** азық түлік (суреттер нан, сүт, май) бар. Сиқырлы дорбада не бар? Балалар дорбадан таныс азық түлікті (нан, сүт, май) алады, атайды. – Сиқырлы дорбаны көрейік, тағы не бар екен. Ол үшін дорбамызды сиқырлайық, дорба туралы жақсы сөздер айтыңдар: Дорба әдемі, дорба жақсы. 1, 2, 3, 4, 5 5, 4, 3, 2, 1 Міне, дорба ашылды! Педагог дорбаның екінші түбінен тағамдарды (суреттерді) алып, жаңа сөздермен таныстырады. Мынау – ет. – Мынау не? – Мынау – ет. – Мынау – жұмыртқа. Жұ-мырт-қа. – Мынау не? – Мынау – жұмыртқа. – Жұмыртқа – тағам. – Жұмыртқа – ... (тағам) – Мынау – ірімшік. І-рім-шік. – Мынау не? – Мынау – ірімшік. – Ірімшік дәмді. – Ірімшік дәмді ме? – Ірімшік дәмді. – Ірімшік – тағам. – Ірімшік не? – Ірімшік – тағам.	Мақсаты 40-30-20 см биіктіктегі арқандардың астынан өту, 20-30 см биіктіктегі арқанның үстінен секіріп өтудегі жоғары нәтижеге жету үшін ең тиімді жолдарын таңдай білуге үйрету. 40-30-20 см биіктіктегі арқанның астынан өту. Кедергінің биіктігіне қарай одан өту тәсілі таңдалады. Кедергінің биіктігіне қарай одан өту тәсілін таңдай отырып, барлық білім-біліктерін қолдануға тырысады. Арқанды іліп кетпес үшін өз қимылын қадағалап, мүмкіндігінше жұмырланады. (3 рет).	арқылы теңдіктен теңсіздік шығару Мақсаты 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру. ☆ ☆ ☆ ☆ ☆ | – | 5 – 1 ○○○○○○ | – | 7 – 1 △ △ △ △ | – | 4 – 1 Ойын жаттығуы: «Жазбаны шеш». Балалар карточкалардың көмегімен үстелде және тақтада математикалық жазбалар жасайды.	Ғарыш, ғарышкер туралы түсініктерін қалыптастыру және мағлұмат беру. Балалардың сөздік қорларын байыту, 12-ші сәуір ғарышкерлер күні туралы түсінік беру, айналаны қоршаған орта жайында білімдерін кеңейту, үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. . Сәуір айында қандай мереке бар, естеріңе түсіріңдерші? - Иә, бұл сәуір айында үлкен мереке бар. Ол – ғарышкерлер күні деп аталады. - Балалар аспаннан нелерді көруге болады? Әңгімемізді бастамас бұрын, мен сендермен мамандықтар жайында әңгімелескім келеді. Балалар, айтыңдаршы, сендер қандай мамандық түрлерін білесіңдер? (балалардың жауабы). Тәрбиеші: - Дұрыс айтасыңдар. Мұғалім, дәрігер, құрылысшы, жүргізуші, өрт сөндіруші, дүкенші, шаштараз тағы басқа көп мамандар бар екен. Әрбір мамандық адамзатқа өте қажет екен. Мысалы: дәрігер-адамдарды емдейді, мұғалім-балаларды оқытады, жүргізуші – көліктер жүргізеді, өрт сөндіруші – өрт сөндіреді. Ал бүгін біз сендермен тағы бір маман түрімен танысамыз – бұл ғарышкер - Ғарышкерлер дегеніміз кімдер? - Ғарышкерлер дегеніміз – олар ғарышқа, аспан әлеміне ұшатын адамдар Ойын: «Жұлдызды аспан әлемін құрастыру» Ойын шарты: балалардың алдына аспанд аболатын және жерде болатын денелердің арасынан тек аспанда болатын денелерді табу. Мысалы: гүл жерде, ай аспанда т.б. Үлестірмелі материалмен жұмыс: «Зымыран құрастыру. Әртүрлі геометриялық фигуралардан зымыран құрастыру. Зымыран туралы әңгімелеу.

Үзіліс: Секіруге арналған ойындар «Көжектер» ойыны.

Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары **«Кірпі»** жаттығуы Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады) Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды). Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарайма! **Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу.** **Мақсаты :** қол саусақтарының күрделі үйлесімді қимылдарын дамыту.		***Ойын: «Көжектер»*** **Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты салтына тәрбиелеу. **Шарты:** Балалар шеңбер жасап тұрады. Бір бала “түлкі” болады. Қалғандары көжектер секіріп билеп жүреді. Түлкі сыбдырды естіп көжектерді қуады. Қаша алмай қалған көжектерді түлкі ұстап алады, ойын осылай қайталана береді.

А) Алақанды үстелдің үстіне қоямыз. Балалар бірінші оң, содан кейін сол қолдың саусақтарын бір-бірден көтереді. Осы жаттығуды кері жасап, қайталайды. Б) Алақандар үстелдің үстінде, балалар кезекпен екі қолдың саусақтарын шынашақтан бастап көтереді. В) Балалар сұқ және ортаңғы саусақтарымен қаламды немесе қарындашты ұстайды. Осы саусақтарын бүгіп, қайтадан қалпына келтіреді., бұл жерде қаламды үлкен саусақтан төмен түсіп кетпеуін қадағалау керек. Г) Үстелдің үстінде 10-15 қарындаш немесе есептік таяқшалар жатыр. Оларды бір-бірден алып қолға жинау керек. Содан кейін тура солай қайтадан үстелге қою керек. Екінші қолмен көмектесуге болмайды.		

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Шығармашылық бейнелеу әрекеті **Міндеті: - - к**өктем мезгілі жайлы түсініктерін жетілдіру,көргендерін бейнелеу іс-әрекеті арқылы қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру -- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау - Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию - Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу көктем мезгіілінің суретін салу,мүсіндеу ,жапсыру, құрастыру. **Топтық жұмыс**	**Қоршаған орта** **Міндеті:** Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну. Мақсаты Балаларға Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Тұңғыш президент екені туралы әңгімелеу, түсіндіру. Жарайсыңдар балалар! Ендеше бүгінгі сабағымызда Еліміздің тұңғыш президенті жайында айтамыз. Тақтаға қараңдаршы, мына суретте кім бейнеленген? Балалар: - Нұрсұлтан Назарбаев! Тәрбиеші: - Дұрыс, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Ал, балалар ол кім екенін білесіңдер ме? Балалар: Ол біздің президентіміз! - Дұрыс, балалар! Ол Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті. Мақсатына жету үшін алдағы, Әубастан-ақ, дұрыс жолды таңдады. Сол азамат Нұрсұлтанның емес пе, Орындаған бабалардың арманын Күн өткен сайын құлпырып, Жайнадың гүлдей Астана, Елорда – менің Астанам,	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті: - -Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу** Ғарышкер мамандығы туралы түсінік беру, тілдерін дамыту. –Ай мен жұлдыздар әлемін ғарышкерлер зерттейді. Сендер қазақтың ғарышкерлерін білесіңдер ме? –Ғарышкер немен ұшады? –Ғарышкер қандай болу қажет? Педагог Ж.Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» өлеңін мәнерлеп оқып береді. Аспан, аспан арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын, Мен ғарышкер боламын! Ғарышкер мен де боламын, Боламын десем, боламын. Таудай үлкен талабым, Мен бармақтай баламын. Көктің жүзін барлаймын, Үлкен ғалым боламын, Боламын десем, боламын. (Ж.Смақо**в)** **–**Өлеңдегі бала кім болуды армандайды? –Өз арманына жетеді деп ойлайсыңдар ма? –Арманға жету үшін жақсы оқып, спортпен айналысу керек. Яғни көп еңбектенген адам арманына жетеді.	**Музыка** **Міндеті: - Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету** : Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету. Музыка тыңдау: «Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова) Ән айту: «Қайырлы таң» (Е. Өміров) «Наурыз тойы» (Т. Мұратов) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жеңіл би» (Т. Ломова) Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев) Ойындар, хороводтар: «Төлдер» (Д. Ботбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер)	**Музыка** **Міндеті -- Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұнын элементтерімен байланыстыру** Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету.. Музыка тыңдау: «Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова) Ән айту: «Қайырлы таң» (Е. Өміров) «Наурыз тойы» (Т. Мұратов) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жеңіл би» (Т. Ломова) Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев) Ойындар, хороводтар: «Төлдер» (Д. Ботбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер)

		Елорда-менің бас қалам	–Ал сендер өскенде кім болуды армандайсыңдар? –Ол үшін сендер көп білім алып, оқуларың керек. –Ал «Оқу – инемен құдық қазғандай». Педагог мақалды жаттап алуды ұсынады.		
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №8** **Бақылау**: **Топырақты бақылау** ***Мақсаты:*** *торф топырағының қыртысымен таныстыру .* ***Бақылау барысы*** Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяққиіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен(жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады.. **Зерттеу жұмысы** Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру. Құммен торфты салыстыру; Жер қыртысы қай жерде тез кебеді. **Еңбек** Ағаш түптері мен атызға торф тасу. *Мақсаты: торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.*	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №9** **Бақылау: Сутоғанды бақылау** ***Мақсаты****: мұздың қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.* ***Бақылау барысы*** Күн өткен сайын көктем қысты ысырып, өз жылуын алып келуде. Көктемнің ең бірінші жеңісі-жерді жібітеді. Алдымен қары еріген алаңқайлар пайда болады, өгей шөптер өсіп шығады. ал, екінші жеңісі-өзен-көлдердің ери бастауы. Жердегі, қар үйінділеріндегі қарлар еріп, сай-саланы қуалап, өзенге барып құяды. Өзен сулары көтеріліп, мұзды жарады. Жарылған мұздар ағыспен бір-біріне соқтығады. Мұздар жарылып, өзендер арнасынан асқан кезде ауа температурасы кенет төмендейді. Ал, сутоғандардағы мұздар ұзақ уақыт тұрады. Себебі онда ағыс жоқ, су қозғалмайды. Бұл жерде мұздар жарылмайды, біртіндеп ериді. **Зерттеу жұмысы.** Сутоғандағы мұздың қалыңдығын мұз өлшегіш құралмен өлшеу. Тоған бетіндегі мұздың еруін бақылау **Еңбек** Ауланы қоқыстан, сынған бұталардан тазалау.	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №10** **Бақылау: Желді бақылау** ***Мақсаты:*** *- жел туралы түсініктерін бекіту;* *- жел түрлерін есте сақтау.* ***Бақылау барысы*** Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел) Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды: ♦ Желдің қандай түрлері болады? ♦ Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды.	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №11** **Бақылау: Тастарды бақылау** ***Мақсаты:*** *тастардың әртүрлілігімен және олардың қасиеттерімен таныстыру.* ***Бақылау барысы*** Балабақша ауласындағы ойын алаңындағы бір ағаштың түбіне әртүрлі тастар салынған қапшықты тығу. Қапшық тығылған ағашты суреттеп айту. Қапшық табылғаннан кейін балалармен әңгіме өткізу. Тастар әртүрлі болады. Оларды жәй тас деп айтуға болмайды, себебі әр тастың өз ерекшелігі болады. Кейбір тастар бағалы, ал жәй тастардың да пайдасы өте көп. Сұрақтар: *Тастардың қандай түрлерін білесіңдер? *Асыл тастарды не үшін пайдаланады? *Жәй тастарды қай жерде, не үшін пайдаланады? *Гранит, мрамор тастарды көрген жерлерің бар ма, оларды не үшін пайдаланады? Тәрбиеші балалар	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №12** **Бақылау: Ұшып келген құстарды бақылау** ***Мақсаты****: көктем құстары жайлы білімдерін бекіту. Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.* ***Бақылау барысы*** ***Көркем сөз «Ұя» Қ.Баянбаев*** Ұя жасап тақтайдан, Талға апарып байладым. Жыл құсының шаттанған, Күттім қашан сайрауын. Сол ұяны талдағы, Қараторғай мекендеп, Күні бойы сайрады, Жылы пәтер екен деп. Балаларға сұрақтар: *Балалар сендер қандай құстарды білесіңдер? *Жыл құстары деп неге айтамыз? *Құстар неге жылы жаққа ұшып кетеді? *Құстар туған жеріне қай уақытта ұшып келеді? *Ауламызға ұшып келген құстарға қандай қамқорлық жасау керек деп ойлайсыңдар? **Дидактикалық тапсырма:** Құстарды топқа бөл. Мақсаты: құстар суреттерін қыстап қалатын құстар және жыл құстары тобына бөліп, ұяларға орналастыру. **Еңбек:** Гүл егетін орынды тазалап, гүл отырғызуға дайындау. *Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген құпшыныстарын арттыру.*

		Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын тәрбиелеу.	♦Барынша қатты желдердің атын ата? *(дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)* ♦ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды) ♦Желдің ізін көруге болады ма? **Зерттеу жұмысы** Компас арқылы желдің бағытын анықтау. Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. **Еңбек** Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау *Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.*	жауабын толықтырып, түсіндіреді. *Балабақша ауласында, ғимарат құрлысында тастар бар ма? **Зерттеу жұмысы** Балабақша ауласынан түсі, көлемі әртүрлі тастарды тауып, жинау. **Еңбек** Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау. *Мақсаты:ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге,бастаған істі аяқтауға, біткен іске қуануға тәрбиелеу.*	
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру
Балалармен жеке жұмыс	**Жеке баламен жұмыс:** Сөйлеуді дамытудан **Мақсаты:** тілдің грамматикалық құрылымы бойынша қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	**Жаттығуы:** «Дұрыс, бұрыс» **Мақсаты:** Тәрбиеші . сөйлемдер айтады. Балалар дұрыс болса «дұрыс» деп, дұрыс емес болса «дұрыс емес» деп жауап береді.	**Музыкалық -ырғақтық жаттығулар**. Биік музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқынды таныс дене жаттығуларын орындату.	**ойын:**Көктем мезгілі туралы әңгімелесу. **Мақсаты:** Қарапайым сұрақтарға жауап береді.	**Жеке баламен жұмыс:** Сөйлеуді дамытудан Дәрумендер сөзін дұрыс айтуға үйрету.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап- тарды қарау және басқалар)	Қимылды ойын «Аққу-қаздар». Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау. Жаттығу ойыны Секіргіш жіппен жаттығу ойындары. Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету. Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай. Қара жерге де, қамқорлық керек.	Қимылды ойын «Қасқыр қақпан» Мақсаты: — белгі бойынша әрекет етуге үйрету; — ойын шартын сақтап ойнауға баулу; Жаттығу ойыны Ұзындыққа секіру. Мақсаты: ұзындыққа секіруге жаттықтыру.	**Қимылды ойын «Кім жылдам?».** **Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.** **Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру.** **Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту.** **Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.**	Қимылды ойын. «Бәйге». Мақсаты: нысанаға тез жетуге деген құлшыныстарын, жеңіске деген құштарлықтарын арттыру. Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: секіргіш жіппен секіруге жаттықтыру.	**Қимылды ойын: «Ұшты ұшты».** **Мақсаты: зейіндерін дамыту, байқампаздыққа, тез ойлап, тез шешім қабылдауға үйрету.** **Жеке жұмыс** **Жаңылтпаштар жаттау:** **Үйір, үйір үйректі,** **Қаз маңғаз,** **Үйірге кім үйретті? Маңғаз қаз.** **Үйір, үйір үйректі,** **Әр кез маңғаз,** **Үйірге өзім үйреттім.** **Қаз маңғаз.** **Мақсаты: сөздік қорларын байыту.** **Тыйым сөздер:** **Құс ұясын бұзба.** **Құсқа тас атпа.**
Балалардың үйге қайтуы	**Ата-аналарға кеңес** Бала тәрбиесіне назар аудару , ұлттық құндылықтарды отбасы мүшелерімен бірге дәріптеу.				

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «А» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 3 -апта 15 – 19 сәуір 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Үстел үсті, саусақ және т.б. ойындар.** **«Суреттерді орналастыр»** **Ойынның мақсаты**: заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.	**Құрылыс ойындары**: «Еңбек құралдары», «Наубайхана құрастырамыз».	**Фотосуреттер қарастыру**: «Бидай мен қаңбақ» Фотосуретте бейнеленген ертегі желісі бойыншасурет арқылы орналастыру. «Бидай мен қаңбақ» суреті бойынша, әңгіме құрастырып айтып беруге үйрету.	«Біз дәнбіз» дикан жерге дән екті (дән сепкен қимылды көрсетеді)Сіркіреп, жаңбыр жауды (қолдарын шапалақтайды) Жер бетіне көгеріп, бидай шықты (қолдарын жоғары көтереді)Жайлап самал жел есті (қолдарын ырғайды)	**Үстел үсті ойыны – пазл:** **«Бидай»** Комбайынмен бидайды, Былай, былай жинайды. Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды? Қаптап ұшқан торғайдан, Оны былай қорғайды. Кіш, кіш, кіш... Қорғап қалған бидайды, Қамбаға әкеп жинайды.
Жаттығу	Жаттығу кешені №16				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	«Бидай» Комбайынмен бидайды, Былай, былай жинайды. Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды? Қаптап ұшқан торғайдан, Оны былай қорғайды. Кіш, кіш, кіш... Қорғап қалған бидайды, Қамбаға әкеп жинайды.	«Ақ тілек» Адал жақсы ниетпен Бар адамға бақ тілеп. Жарып шыққан жүректен, Сөздің бәрі – Ақ тілек!	«Нанға біз тоямыз» Көктемде жерді жыртамыз, Тегістейміз тырмалап. Дәндерді оған егеміз, Жайқалып көктеп шықсын деп. Күз болғанда орамыз, Нанға біздер тоямыз.	«Көктем қандай тамаша!» Көркемдеген жер-көкті, Көктем қандай тамаша! Жерге әкеліп төсепті Алуан гүлді алаша.	«Көлбең, көлбең, көлеңкем» Көлбең, көлбең, көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем. Тасып піскен бидайды. Айтшы қалай жинайды? Комбайынмен бидайды, Былай, былай жинайды. Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды? Қаптап ұшқан торғайдан, Оны былай қорғайды. Кіш, кіш, кіш... Қорғап қалған бидайды, Қамбаға әкеп жинайды.
	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті** Монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту Ғ» дыбысын буын ішінде келтіріп қайталату: Ға-ға-ға – жаға. Ғи-ғи-ғи – Сағи. Ғу-ғу-ғу – бұғу. Ғы-ғы-ғы – бұғы. «Ғ» дыбысын сөз ішінде келтіріп қайталату: Ғалым – қолғап. Тоғай – шаңғы. Сағыз – торғай. Сағат – қағаз. «Қ» – «Ғ» дыбыстарын тақпақ, жұмбақ, жаңылтпаш ішінде бекіту Дидактикалық ойын: «Мамандықты анықта». Шарты: суреттер бойынша мамандық түрлерін анықтап айтады	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру әдеби кейіпкерді адамгершілік ережелері тұрғысынан бағалауға дағдыландыру Суретке қарап, әңгімеле. Суреттегі төлдердің көңіл күйі қандай? Көжекті қандай төлдер құттықтады? 2. Ұйқасын тап. Дамыл таппай бір мезет, Жортумен жүр ақ ..... (көжек) 3. Сен досыңның туған күніне не сыйлағың келеді? Суретін сал. 4. «Туған күніңмен құттықтаймын!» деген сөйлемді түрлі екпінде айт. Қалай айтқан дұрыс?	**Математика негіздері** **Міндеті:** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру **«Қайда барасың, нені табасың?» атты** дидактикалық ойынды ұсынады. Ойын мақсаты: ойын балаларды негізгі кеңістіктік бағыттарды (алға, артқа, оң жақ, сол жақ) анықтау және сөзбен айтуға, заттың кеңістікте орналасуын белгілеу үшін әртүрлі кеңістіктік терминдерді (іші, үсті, арты, асты және т.б.) пайдалануға жаттықтыру үшін жүргізеді. Ойын барысы. Педагог ойыншықтарды бөлменің әр жеріне тығып қояды. Мысалы: ойын барысы бойынша көзделген орналасу орнының оң жағында аюды, сол жағында шкафтың артына қуыршақты, кілемнің алдына допты, артына мәшинені. Ойынды бастаудан бұрын педагог балаларға бөлмеде тығылған ойыншықтарды табатындарын хабарлайды. Балалардың бірін шақырып алып, педагог оған былай дейді: Оң жаққа барсаң, аюды табасың, Сол жаққа барсаң, қуыршақты табасың. Алға қарай жүрсең, допты табасың, Артқа қарай жүрсең, мәшинені табасың. Қайда барғың келеді? Бала ойыншықты табады. Ойын 3-4 рет қайталанады. Бала бағытты ауызша атайды және жасырылған ойыншықты іздейді. Ойын жағдаятына тартылады. Термин сөздерді атайды, заттарды табады. Балалар ойынға қызығушылық танытады	**Дене шынықтыру** **Міндеті: -** Допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр Бала ағзасының кинестикалық (қимылды сезу) және кеңістіктік (ағзаның бөліктерін сезіну) факторларын, ұсақ мотериканы қалыптастыру **«**Жаңылысқан ұтылады» «Доп» тақтайшасын көрсеткенде секіре жөнеледі, «тас» тақтайшасын көрсеткенде арқасын дөңгелетіп отыра қалады, «тырна» тақтайшасын көрсеткенде бір аяқпен тұра қалады. Топтарға бөлініп, негізгі жаттығуларды орындау. Қауіпсіздік ережелерін үнемі еске салып отыру керек. Топтардағы бастаушылардың дұрыс ауысып тұруын қадағалау. Арқанмен айналмалы жаттығуалар 1.Қайтпас қайсарлар» Арқандармен қырындап жүру. Аяқ басы еденде, өкшелерін арқан үстіне басып, қырындап жүру. Арқан үстіне аяғының өкшелерін қойып, аяғының басын жерге қойып, дұрыс жүруін қадағалау.	**Математика негіздері** **Міндеті** Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру **Топтық жұмыс.** Балаларды топқа бөлу үшін педагог санамақ ұсынады. Топтардың әрқайсысына әртүрлі заттар (кестеге ұқсас) бейнеленген жұмыс парақтары таратылады. Педагог ойын жағдаятын ұйымдастырады (ойыншықтарды табуға көмектеседі). Педагог карточкадағы суреттің орналасуын айтады, мысалы, жоғарғы сөренің оң жағы. Балалар осы жерде бейнеленген затты атайды. Оған керісінше затты атайды, балалар оның да орналасуын атайды
Үзіліс: Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Көршілеріңді ата»					

Саусақ гимнастика жаттығулары: 1. Шынжыр. Оң және сол қолдағы басбармақпен баланүйрек саусақтары түйісіп, жүзіктер секілді айқасып, шынжыр жасайды. 2. Піл: оң қол алақаны жайылып тұрады. Сол қол саусақтары бас бармақ пен кішкене бөбек артқы аяғы болса, баланүйрек саусақ пен шылдыр шүмек саусақ алдыңғы аяқтар, ал ортаңғы саусақ пілдің тұмсығы. 3. Доп: алақандар бір-бірімен жабысады. (доп пішінін жасайды). 4. Гүл: қолдар, саусақтар жоғары қарайды. Алақандар айшанақпен қосыла түптері өзара жанасады. Саусақтар ашылады. Осы жаттығуларды орындай отырып, мына өлең жолдарын айтады. Саусақтар шынжыр болады, Үзілмейді тартсаң да, Ал, піл келіп шынжырды, Үзіп кетті басқанда. Тұмсығымен доп іздеп, Ойнағысы келіп тұр. Достық үшін пілге мен, Гүл сыйлағым келіп тұр. 	  	***Ойын:* «Көршілеріңді ата»** **Мақсаты:** кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту. **Жасы:** 5-6 жас аралығы **Қажетті заттар:** түрлі суреттер салынған қағаз беті. **Ойын барысы:** бұл үшін әр түрлі суреттер салынған қағаз беті пайдаланылады. **1 нұсқа:** педагог баладан қандай да бір затты атап, оның оң жағында, сал жағында, үстінде, астында не барын атауын сұрайды. **2 нұсқа:** педагог баладан қағаздың оң жақ жоғары бұрышында ненің суреті барын, беттің ортасында ненің суреті бары, т.с.с. сұрайды.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Сауат ашу негіздері **Міндеті:** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру Дидактикалық ойын: «Орамал тастамақ». Педагог дыбысты айтып, бір баланың үстеліне орамал тастайды. Бала сол дыбысқа сөз ойлап тауып, қайта педагогке лақтыруы керек. Мысалы: «а» алма, «о» оқ, «а» алқа «д» доп, «б» балық, «ж» жапалақ, «с»сағыз, «р» рауғаш, «у» уық, «к» кілем , «т» тарақ, «қ» қызылша, «ш» шырша, «а» асқабақ, «к» картоп, «о» ожау, «ж» жаңбыр, «ш» шапалақ, «е» елік, «н» нағашы, «г» Гүлмира, «ш» шалғы, «щ»	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру Дидактикалық ойын: «Эстафета». Педагог сөйлемді айтады, оны қайталайды, сөйтіп бірінші баланың алдына текше немесе кішкене зат қояды, ол дереу бірінші сөзді айтады. Педагог келесі балаға текше бергенде, ол екінші сөзді айтуы керек **...**	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Сөйлем құрау, дауысты дыбыстардың түрлерін анықтай отырып, буынға бөлу дағдыларын жетілдіру Ойын: «Сөздер тізбегі»(доппен) Педагог балаға допты беріп сөз айтады. Бала айтылған сөздің соңғы дыбысына сөз айтып, допты әрі қарай береді. Сөзді айтқанда бастапқы және соңғы дыбысты анық айту қажет. Сөздер тізбегін айту барысында нені анық айтып, нені мұқият тыңдадыңдар? (Дыбысты) Мысалы: шар-радио-ожау-уылдырық-қымыз-зәкір-рауғаш-шалма-алма-алтын- нан-нар-риза-алмұрт-тас-сағат-тарақ-қасық-қант-табақ-қалам-мама-апельсин- нағашы-ыдыс- **семсер т.б.)**	**Көркем әдебиет** Міндеті: Диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру Мақсаты әдеби кейіпкерді адамгершілік ережелері тұрғысынан бағалауға дағдыландыру Педагог балаларға жұмбақ жасырады. Көлеңкесінен қорқып, безектейді, Ал оның баласын көжек дейді. Ол не? (Қоян) – Балалар, көжек деген не? (Қоянның төлі) – Көжек қандай болады? (Көжек кішкентай, жүні	**Дене шынықтыру** **Міндеті:.** Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру 3.«Мың бұралып майысқан» – арқан төмендеген сайын, арқасын артқа шалқайтып тартылған арқаннан өтіп кетуде күш сынасады. Топтарға бөлініп, ең аласа бойы бар баламен өлшеп тартылған арқанның астынан өтеді. Тепе-теңдікті сақтап, артқа қарай тек қана арқанның тұсына келгенде қайырылып өтуге машықтанады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Арқаннан секіру» Ойыншылар шеңбер құрып тұрады. Шеңбердің ортасында бастаушы тұрып алып, арқанның бір ұшынан ұстап екінші ұшын жерге домалата отырып, айналдырады. Айналдыруды баяулап, тездетіп тұрады. Айналдырып тұрып, ойыншыларғы тигізуге тырысады. Ойыншылар

	щетка, «з» зымыран, «ф» фабрика, «ы» ыдыстар, «п» парта, «л» лақ, «э» элеватор т.б. .			жұп-жұмсақ, сүйкімді болады) – Бүгін Ботан Қошымовтың «Аққөжектің достары» ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Ертегіні ойдан, қиялдан шығарады. Педагог ертегіні оқып, мазмұнын ашады Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі ұнады ма? – Ертегі не туралы? – Ертегі қалай аталады? – Авторы кім? – Аққөжекті туған күнімен нелер құттықтап келді? – Аққөжектің көңіл күйі қандай болды? – Достар не істеді? – Жайлаудан Аққөжекті құттықтауға тағы қандай төлдер келді? !	аяғының дәл астына келген сәтте арқаннан секіріп, аяғын алып қашып үлгереді

Үзіліс: Қимылды ойындар «Әуедегі атыс»

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЫНДАР Мен қандай адаммын ? Мақсаты: Топта жұмыс жүргізу үшін жағымды ахуал орнату, қарым - қатынастың белсенді стилін және кері байланыс немесе алу тәсілдерін меңгеру; Әр қатысушы өзінің жағымды , жағымсыз қасиеттерін айтады . Сол бойынша қорытынды жүргізіледі .		Ойын: «Әуедегі атыс» қимылды ойыны Мақсаты: Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау. Ойынның шарты: Бұл сайыста оқушыларды екі топқа тең бөлесіз. 1-топқа бірыңғай қызыл түс (өз қалауыңыз бойынша да таңдауға болады), 2-топқа жасыл түсті үрленген шар беріп, екі команданың арасын түзу сызық етіп бормен сызып қоясыз. Музыка ырғағымен екі команда өз шарларын қарсылас команда жаққа лақтыру керек. Қай топ жылдам сол жеңіске жетеді.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Міндеті:** - Азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен жабдықтау тақпақты зейін қойып тыңдауға, оның ішінен таныс сөздерді табуға жаттықтыру	**Қазақ тілі** **Міндеті** - Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету ұлттық тағам түрлерімен	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** - Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею Допты себетке дұрыс лақтыруға, бастапқы қалыпқа тұруға, аяқты жазып барып доп	**Математика негіздері** **Міндеті** Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру	**Қоршаған орта** **Міндеті:** Туған өлке, ел, Отан оның маңызы туралы білімдерін кеңейту **Қазақстан – менің туған өлкем»** **Мақсаты:** балаларды туған өлкесі Қазақстанның табиғатының сұлулығымен таныстыру.

	Ойын «Асханада». Педагог асхана туралы түсініктеме береді: Асханада аспаз жұмыс істейді. Аспаз тамақ пісіреді. Асханада адамдар тамақ ішеді. Балалар кезекпен аспаз болады. Балалар тағамға (өздеріне таныс күнделікті тағамдар) тапсырыс береді. Аспаз ол тағамға қажетті азық түлікті таңдап алып атайды. Мысалы: – Мен палау жеймін. Палау беріңізші. (Аспаз ет, сәбіз, пияз, күріш суреттерін тауып атайды). – Рақмет. Палау дәмді болды	таныстыру Балалар, әже бізге мына қоржынды беріп жіберіпті. Онда не бар екен? Дидактикалық ойын:«Ғажайып қоржын». Суреттермен жұмыс. Жаңа сөздермен таныстыру. Мынау – бауырсақ. – Мынау не? – Мынау – бауырсақ (балалар жеке, хормен, жай, жылдам айтады). – Бауырсақтың дәмі қандай? Сақ-сақ – дәмді бауырсақ. Сақ-сақ – жеймін бауырсақ Мынау – құрт. Құ-ұ-ұрт, құрт. «Құрт» сөзін жеке-жеке айтып жаттығады. – Мынау не? – Мынау – құрт. – Мынау – қымыз. Мынау не? – Мынау – қымыз. – Қымыз өте дәмді. – Қымыздың дәмі қандай? – Қымыз өте дәмді. – Мен қымыз ішемін. – Сен не ішесін? – Мен қымыз ішемін. – Мынау – шұбат. Шұ-ұ-ұ-бат. – Мынау не? – Мынау – шұбат. – Шұбат өте дәмді. – Шұбаттың дәмі қандай? – Шұбат өте дәмді. Балалар сөздерді және сөйлемдерді қайталайды. – Құрт, қымыз сөздерінде бірінші дыбыс қандай? – «Қ» дыбысы	лақтыруға дағдыландыру Себетке доп лақтыру. Допты кеуде тұсында ұстап, төменнен доға сызады. Саусақтары жазылып, сермейді. Баскетбол қалқанынан 2 метр қашықтықта тізбектерге тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыстап тұрады. Аяқтарын тізеден аздап бүгеді. Аяқтарын иық деңгейіне қойып, бір аяғын аздап алдыға шығарады. Денесі алдыға итеріліп, бар салмақ екі аяққа бөлінеді. Қолдар шынтақтан аздап бүгіліп, кеуденің тұсында тұруы керек. Допты бір орында тұрып, екі қолмен кеудеден себетке лақтырады.	«Үстінде», «астында», ұғымдарын бекітуге педагог 4-тапсырманы орындауды ұсынады. Тапсырманы орындау алдында, практикалық жұмыс жасауға болады. Мысалы, қағаздан жапырақтар мен гүлдерді қиып, оларды бір-бірінің үстіне қояды. Жасаған жұмыстарын талқылайды. Содан кейін балалар дәптерде берілген суреттерді бояйды. «Фигура қайда жасырынды?» дидактикалық ойыны Педагог елестетілген шаршының бұрыштары мен қабырғалары және оның ортасында еденге ойыншықтарды жайып қояды. Жетекші бала кез келген ойыншықты шаршыдан алып, басқа балалардан қай заттың артында, алдыңғы жағында, оң жағында және т.б. орналасқандығын атауға шақырады. Балалар фигураны атамай, оның орналасуын сипаттайды	Туған жердің көрінісін қағазға түсіре білуге үйрету, өз еліне деген сүйіспеншілік пен патриоттыққа тәрбиелеу. Суретшінің бере білген көңіл - күйді сезіну қабілеттілігін қалыптастыру, табиғаттың әрбір құбылысы өзінше тамаша екендігін сезіну. Педагогтың әңгімесі: - Біздің сүйікті Отанымыз Қазақстанның кең байтақ екенін айтамыз. Созылып жатқан кең – дала, биікке аспандап көтерілген таулар, асау толқынын жағаға ұрып жатқан Каспий теңізі, Балқаш көлі, өзендер мен көлдер, шулаған орман мен саябақтар. Жылдың қай мезгілі болса да, осының бәрі адам баласын толқытып қуантады. Бірақ ең негізгісі - туған табиғатымыздың әдемілігін байқай білуді үйрену, оның қайталанбас сұлулығын сезіне білу. Табиғаттың кез - келген бұрышы өзгеше жақсы. Балалар мұқият тыңдайды. Соңдықтан суретшілер өздерінің шығармаларында қоңыр күзді, гүлдеген даланы, алғашқы қарды, қысқы саябақтардағы гүлзарларды, тағы да басқа көріністерді адам баласының қуануы мен таңқалдыру үшін бейнелейтінін білуге болады. Ақын М. Әлімбаевтың «Менің – Қазақстаным» өлеңін оқып беру. Педагог тақтаға А. Черкасскийдың «Қара ағаштар», А. Мамбеевтың «Қиіз үйде», Ә. Қастеевтің «Мұз айдыны - Медеу» атты шығармаларын іледі. Балаларға қазақ даласының көркемдігін, қазақ халқының киіз үйін, жайлауды қағазға бояу арқылы салдыруды ұсынады. Әр түрлі бояуларды таңдауды, қағаз бетіне дұрыс орналастыруды бақылайды. Балалар шығармалар туралы, туған өлкенің табиғатты туралы әңгімелеп береді.
Үзіліс: Аз қимылды ойындар «Жалауша»					

« Өкпені еріту » жаттығуы Тып- тыныш денеңізді бос ұстап отырыңыз .Өзіңізді қаракөлеңкеде театрда отырмын деп есептеңіз Алдыңыздағы шағын сахнаға (ең жек көретін, көргіңіз келмейтін) сіз кешіруге тиісті адамды қойыңыз. Мейлі ол сізді қазір ренжітсін , бұрын ренжітсін ,қазір өмірде бар болсын , әлде өмірден өтіп кетті ме , оған мән бермеңіз .Көз алдыңызға елестеткенде оның жағдайы жақсы , жүзіне күлкі үйірілген жағдайда болуы керек . Оны бақытты деп біліңіз . Бірнеше минут оның жүзін анық көз алдыңызда ұстап тұрыңыз . Сонан соң барып ол бейнемен қоштасыңыз . Сіз кешірген адам кетісімен сіз өзіңізді сахнаға қойыңыз. Өзіңізді де тек жақсы жағдайда елестетіңіз . Бақытты , күлкі үйірілген жүзбен тұрыңыз . Бұл әлемдегі жақсылық барлығыңызға да тең жететінін ұғыңыз .		**Ойын: «Жалауша»** **Ойынның мақсаты:** жарысып тез жүгіруге,қарсыласынан бұрын жалаушаны алуға жаттықтыру. Керекті құралдар: ысқырық,жалауша,бор,таяқша. **Мазмұны.** Сыныптағы балалар санау арқылы екі командаға бөлінеді.Олар ойын алаңының екі шетінде қарама-қарсы сап түзеп тұрады.Ойыншылардың дәл ортасынан диаметрі 1 метрлік шеңбер сызылады.Шеңбердің ортасына жалауша тігіледі.Жалаушаның қасында қолына ысқырық ұстаған ойын жүргізуші тұрады. Ойынның басталуына белгі берілгеннен кейін әр командадағы бірінші тұрған ойыншылар тез жүгіріп келіп, жалаушаны алдымен алуға тырысады.Егер ала алса, ол ойыншы команда есебіне ыр ұпай қосады. Ал шеңберге екі бала да қатар келсе, олар өте сақ болулары керек, өйткені қай ойыншыға қарсыласының қолы бұрын тисе, оның жалаушаны алуға қақысы жоқ. Ойын осылай бірнеше рет жүріп,жеңіске жеткен команда анықталады. **Ойынның ережесі.** 1. Ойыншылар тұрған қатарларынан бір мезетте шығуын мұқият қадағалау қажет. 2. Шеңбердің сызығын басуға болмайды. 3. Шеңбер ішінен алған жалаушаны ойын жүргізушіге беріп, ойыншылар қайтадан тұрған орындарына жүгіріп кетеді. **Әдістемелік нұсқаулар.** Ойын қызықты өту үшін командаларды бір түзудің бойына тұрғызу керек. Ойын жүргізуші етіп сабаққа қатыса алмайтын оқушыларды немесе арнаулы төрешілерді тағайындауға болады.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Шығармашылық бейнелеу әрекеті **Міндеті:** - Қазақ халқының сәндік өнері бойынша сурет салу, көлемді пішіндерді безендеруге үйрету - Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау -- ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию - Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу -сырмақтың суретін салуүмүсіндеу,жапсыру,құрастыру **Топтық жұмыс**	**Қоршаған орта** **Міндеті: -**Ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту алалардың туған жерін сүюге тәрбиелеу, қоршаған ортаға және отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. . Балалар сендер саяхатқа шыққанды ұнатасыңдарма? Мен сендерге сұрақ қоямын сендер жауабын айтыңдар. - Біздің мемлекетіміз қалай аталады? - Елордамыз қай қала? Дұрыс айтасыңдар балалар біз бүгін осы Астана қаласына саяхатқа барамыз. - Астана қаласына қандай көлікпен барғанды ұнатасыңдар? Олай болса балалар көзімізді жұмып, екі қолымызды жайып, өзімізді ұшақта отырғандай сезінейік. Әуен қойылады. Астана арман қала	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті: -** Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу Балаларға жайлау өлеңінің мазмұнын түсіндіру **–**Қандай үй жануарларын білесіңдер? –Оларды неге үй жануарлары деп атаймыз? –Үй жануарларының адамдарға пайдасы бар ма? –Ал осы жануарлардың төлдерін қалай атаймыз? –Төлдер ең алғашында немен қоректенеді? –Иә, дұрыс айтасыңдар, өз енелерінің сүтімен қоректенеді –Осы төрт түлік малдың бәрі жазда жайлауда болады. –Үй жануарлары жазда қайда болады? –Дұрыс айтасыңдар, жайлау – малға жайлы мекен. Жаздың күні жайлауда, Қандай жақсы ойнауға. Жүйрік желмен жарысып, Қозы, лақпен	**Музыка** **Міндеті:** - Дидактикалық ойындар арқылы балалардың есту қабілеттерін арттыру Дидактикалық ойындарарқылы балалардың есту қабілеттерін арттыру **:** Музыка тыңдау: «Айды әперші, апатай» (Е. Өміров) Ән айту: «Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов) «Қайырлы таң» (Е. Өміров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді би» (И. Штраус) Би шығармашылығы: Өз беттерінше би ойлап шығару. Ойындар, хороводтар: «Қанша дыбыс» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын х.ә. (өңдеген Т. Попатенко)	**Музыка** **Міндеті -** Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тыныстыдұрыс алу Мақсаты Дидактикалық ойындар арқылы балалардың есту қабілеттерін арттыру**.** **Музыка тыңдау:** «Айды әперші, апатай» (Е. Өміров) Ән айту: «Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов) «Қайырлы таң» (Е. Өміров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді би» (И. Штраус) Би шығармашылығы: Өз беттерінше би ойлап шығару. Ойындар, хороводтар: «Қанша дыбыс» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын х.ә. (өңдеген Т. Попатенко)

		Бағы бір жанған қала Тұрады ол жап-жас болып Мен үлкен болғанда да. Ал балалар көздерімізді ашамыз міне арман қала Астанаға да келіп жеттік. Ендеше Астана қаласының көрікті жерлерімен танысайық. Ақ орда -Елбасшымыз шетелден келген қонақтарды қабылдап, мәжілістер мен ресми жиындар өткізетін орын. Бәйтерек -Қазақстан мемлекетінің символы. Дүние жүзінде теңдесі жоқ,бірегей сәулетті ғимарат. Мұнда келушілер шыны шарда орналасқан жарық әрі кең көру залына панарамалық лифт арқылы көтеріледі. Биіктігі 97м. Мынау Бейбітшілік және келісім сарайы. «Нұр-Астана» мешіті.Қазақстан мен Татарстан Елбасылары қол жеткізген келісімге сәйкес бой көтерген Алланың үйі.	табысып, Көл бойында тынығып, Күнге күйіп, шынығып, Жүресің сен жайраңдап, Кең даланы сайрандап, Жайлау, жайлау – жасыл бақ, Мәз боламыз асыр сап. –Балалар, жайлау қандай екен? –Суға шомылып, күнге күйіп шынығуға болады ма екен? .		
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №13** **Бақылау: Бұлттарды бақылау** ***Мақсаты:*** *әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру* **Бақылау барысы** **Көркем сөз «Бұлт»** **Ә. Ақыпбекұлы** Бұлттың қайда тұрағы, Біле алмадым мұны әлі. Білерім көк аспанның Бұлт көшпелі бұлағы. **Тәрбиеші балаларға сұрақ береді.** ♦ Аспанға қараңдар, не көріп тұрсыңдар? ♦ Бүгінгі бұлттар қандай? ♦ Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма? ♦ Бұлт қай бағытқа жүзіп барады? **Еңбек**	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №14** **Бақылау: Күнді бақылау** ***Мақсаты:*** *күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.* *Бақылау барысы* Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Үлкен алтын табақтан, Әлемге нұр таратқан. *(күн)* *Алауға оранып,* *Көкке өрлеп шығады.* *Бір айналып оралып,* *Көкжиекке бұғады. (күн)* Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады. *Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады? *Күн қай жақтан шығады? *Қай жаққа батады? *Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма? *Неге?	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №15** **Бақылау: Желді бақылау** ***Мақсаты:*** *- жел туралы түсініктерін бекіту;* *- жел түрлерін есте сақтау.* *Бақылау барысы* Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел) Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды: ♦ Желдің қандай түрлері болады? ♦ Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №16** **Бақылау: Топырақты бақылау** ***Мақсаты:*** *торф топырағының қыртысымен таныстыру .* *Бақылау барысы* Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяққиіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен(жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады.. **Зерттеу жұмысы** Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру. Құммен торфты салыстыру; Жер қыртысы қай жерде тез кебеді. **Еңбек** Ағаш түптері мен атызға торф тасу.	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №17** **Бақылау: Жәндіктерді бақылау** ***Мақсаты:*** *«Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;* — Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. *Бақылау барысы* *Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:* -Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) -Қанды сорып сүліктей, Ызыңдап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) -Ызыңдап ән салып, Жұп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) -Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) -Тор тоқуға шебер-ақ,

	Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу *Мақсаты:* бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу.	**Зерттеу қызметі** Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме? Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? *(қоңыр түсті әйнекпен)* **Еңбек** Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу.. *Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.*	болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды. ♦Барынша қатты желдердің атын ата? *(дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)* ♦ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды) ♦Желдің ізін көруге болады ма? **Зерттеу жұмысы** Компас арқылы желдің бағытын анықтау. Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. **Еңбек** Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау *Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.*	*Мақсаты: торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.* **Қимылды ойын** «Аққу-қаздар». *Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау.* **Жаттығу ойыны** Секіргіш жіппен жаттығу ойындары. *Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету.* .	Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) **Тәрбиеші сұрақтары.** ♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ♦Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? *(көбелек, құрт т.б)* ♦ Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар) ♦ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) ♦ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? *(бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)* ♦ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? *(ара, жібек құрты, құмырсқа).* ♦ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа) ♦ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды) ♦ **Зерттеу жұмысы** Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау. **Еңбек:** Алаңды қоқыстардан тазалау. *Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.*
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру
Балалармен жеке жұмыс	Жеке жұмыс Жаңылтпаш айту: «Ала бұлт ақ па, Ақ бұлт ақ па? Ала бұлт ақ емес, Ақ бұлт ақ» «Анау арал қай арал, Қайыңды арал, талды арал» Жұмбақ: Етек-жеңі жиналмай, Дауыл тұрса дым қалмай,	Мақал-мәтел: Сәуір болса күн күркірер, Күн күркіресе, көк дүркірер. Сәуірдегі жауын-сауып тұрған сауын	Қауіпсіздік ережелеріне үйрету	Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай. Қара жерге де, қамқорлық керек	Бағдаршамның нақты қызметін үйрету

	Түйдектеліп көшеді, Тоз-тоз болып өшеді. (бұлт)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап- тарды қарау және басқалар)	Қимылды ойын «Үйсіз қоян». Мақсаты: —бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету; — жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу.	Қимылды ойын «Күн мен түн». Мақсаты:күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу. Жаттығу ойыны Орнында тұрып ұзындыққа секіру. Мақсаты:секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту.	**Қимылды ойын «Кім жылдам?».** **Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.** **Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру.** **Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту.** **Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.**	Қимылды ойын «Аққу-қаздар». Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау. Жаттығу ойыны Секіргіш жіппен жаттығу ойындары. Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету	**Қимылды ойын «Аюлар мен аралар».** **Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу.** **Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту.** **Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту.** **Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады.**
Балалардың үйге қайтуы	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «А» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 4-апта 22-26 сәуір 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**«Әдебиет орталығы»** **«Тату доспыз бәріміз»** тақырыбында сурет арқылы жұмыс жүргізу. Суретке қарап, әңгімелер құрайды. Туыспыз біз бәріміз, Бір Отанды сүйеміз. Бақытты елде туған соң, Бақытты өмір сүреміз! Өнер орталығы: әр ұлт өкілдерінің суретін салады.	Д/ойын: «Керісінше айт» Мақсаты: Балалардың сөздік қорына антоним сөздерін енгізу (жылы-суық, ыстық- суық, жарық - қараңғы және т.б.); айналаны қоршаған ортаны терең түсіне білу.	**«Бауырмал халық» Боямақпен жұмыс.** **Мақсаты**: Қазақ халқы бауырмал халық. Біздің елімізде тұрып жатқан орыс, корей, түрі т.б. халықтар біздің жеріміздің жер беріп, жылы құшақпен қарсы алған. Суретте берілген қазақ, орыс, өзбек, татар халқының ұлттық киімінің ерекшелігін айтып, сәйкес түспен бастырып, бояуды ұсынамын. Бақытты елде туған соң, Бақытты өмір сүреміз.	**Үстел- үсті ойын:** **«Пазлдарды құрастырамыз» «Әрқашан күн сәнбесін!»** **Мақсаты**:конструктормен,ес ептеу таяқшалармен өз еркімен құрастыру. Логикалық ойлау қабілетін дамыту. Көліктер жайлы әңгімелесу.	**Д/ойын: «Достық»** **Мақсаты**: 1 мамыр- Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу; **Ынтымақ**тыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға тәрбиелеу.
Жаттығу	Жаттығу кешені № 16				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	Мнемосхемамен «Дос»туралы мақал-мәтелдер Доссыз өмір-бос. Жүз сомың болғанша, Жүз досың болсын.	«Достық үйін құрамыз» Дөңгелене тұрамыз, Керегені құрамыз. Уықтар боп иіліп, Шаңыраққа киіліп, Достық үйін құрамыз.	«Болмасын еш тосқауыл» Жақсылыққа, бақытқа, Талпынған әр уақытта. Бала біткен дос, бауыр, Болмасын еш тосқауыл.	«Күлімде, Күн, күлімде» Күлімде, Күн, күлімде, Күлсін барлық бала шат! Берекелі бүгіндей Бейбіт болсын болашақ.	«Ағайынбыз бәріміз!» Ақпыз, қара, сарымыз, Ағайынбыз бәріміз. Ортақ болсын асар тау, Жеміс толы бақша- бау. Болсын жер мен су ортақ, Болсын бізге ну ортақ. Ақпыз, қара, сарымыз, Ағайынбыз бәріміз!

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру** Балаларды үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу Дидактикалық ойын: «Таңдап ал да, дауысын сал». Ойын шарты: Дәптер бойынша орындалады. Дәптердегі тапсырма орындалады.Үй жануарларының суретін таңдап алып, дауысын салып береді	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі туралы түсінігін қалыптастыру Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Атасы мен немересі не туралы сөйлесіп отыр? Жайлаудан қандай жануарларды көріп тұрсың? Ата. 2. Не артық? Қоршап сыз. 3. Киіз үйдің суретін сал. 4. Жұмбақты шеш. Ұқсайтын шеңберге Қабырғасы жиылып, керіледі. Жиһазы мол кең бөлме, Төбесінен жұлдыздар көрінеді. (Киіз үй)	**Математика негіздері** Міндеті: Алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту. осыған дейін не үйренгенімізді еске түсіреміз. Білімдерімізді жүйелеп көрсетеміз. Балалар жарысқа деген қызығушылықтарын көрсетеді. Топтарға бөлінеді: бірінші команда Әлияның командасы, екінші команда Сырымдікі тапсырма. Тақтадағы нүктелері бар жұпты – шаршылар карточкаларын қараңдар. Карточкаларды қарайды жұптасу жолын анықтайды, соңғы карточканы толықтырады. – Тақтадағы фишкаларға қараңдар. – Олардың ұқсастығы қандай? – Айырмашылығы неде? – Соңғы карточканы толықтыр. Балалар карточкаларды қарайды, жұптастыру принципін анықтайды, соңғы суретті салады: біріншісінде - бір нүкте, екіншісінде - 6 нүкте 	**Дене шынықтыру** **Міндеті: -** -Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру Гимнастикалық баспалдаққа өрмелеп, сатыдан-сатыға ауысу дағдыларын дамыту Гимнастикалық қабырғаға қиғаш өрмелеу. Қол мен аяқтың қимылын үйлестіру. Гимнастикалық қабырғамен жоғары өрмелеп, төмен қарай қиғаш түсу. Қолмен сатылардан ұстап алып отырады. Сосын аяқтарын сатыларға қояды. Қолды дұрыс қойып ұстау. Төрт саусақты үстінен, бас бармақты астынан қойып ұстайд	**Математика негіздері** Міндеті 10 көлемінде тура және кері санау, геометриялық пішіндер мен денелер атауын бекіту алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту. Топтар хормен тура және кері санайды. Бір санды аттап санайды. Балалар дауыстап тура және кері санайды, топтар бір саннан аттап санайды Суретті қараңдар. Неше пішін? Оларды атаңдар. Пішіндерді қарайды, шаршы екенін анықтап, санайды. 
Үзіліс:					

Дидактикалық ойын: «Кім болғым келеді?» Мақсаты: Мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы зейіндерін дамыту.Олар қандай заттармен қолданатыны жайлы түсінік беру. Ойынның шарты:Тәрбиеші картиналарды көрсете отырып,былай деп сұрайды, «Дәрігер не істейді? Жүргізуші не істейді? Мұғалім не істейді? Тігінші не істейді?» Балалар қай мамандық иесі екенін қандай құралдармен жұмыс істейтін жайлы айтады. Ықтимал күрделендіру:тез ойла Ойынның нұсқаулары:Балаларға мамандық иелерінің суреттері таратылып беріледі. 		**Ойын: «Оюларды құрастыр»** **Мақсаты:** Қазақ халқының қолданбалы сәндік өнері туралы балаларға түсінік беру. Ою-өрнектің түрлерімен таныстыру, ою-өрнектерді құрастыра білуге, түстердің үйлесілімділігін үйрету.Танымдық қабілеттерін арттыруБалалар өз елін, халқын сүюге қазақ өнерін құрметтеуге тәрбиелеу.Ұлттық мақтаныш сезіміз ояту.Эстетикалық талғамын ұштау. **Қолданатын көрнекіліктер:** Оюлардың қиылған суреттері **Ойын шарты:** Қазақтың ұлтық әр түрлі оюлармен сәндей білу,оюларды құрастырып аттарын атау.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Сауат ашу негіздері **Міндеті: -**Сөзде түсіп қалған тиісті дыбысты табу, қандай да бір дыбысқа сөз құрау секілді тапсырмалар арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру **С**ызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағыларын жетілдіру. Педагог: Балалар, енді «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: киімдер, гүлдер, сандар т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға жұлдызша беріліп отырады). Жұлдызшаны санау арқылы жеңімпаз анықталады.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру. **Дидактикалық ойын: «Қағып ал»** **–** Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып, допты лақтырамын. Сендер мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасыңдар Мысалы: қққасқыр(қ), ееетік(е), ттүлкі(т), өөөрік(ө), ббалық(б), ссағат(с), ааалқа(а), жжжаз(ж), ммоншақ(м), қққоңыз(қ), қққолшатыр(қ), бббілезік(б), жжжұлдызша(ж), ооотық(о), қққарға(қ), ссазан(с), шшшахмат(ш), ттау(т), ккқерік(к), әәәтеш(ә), ееесек(е), ттүйе(т), ммандарин(м), қққобыз(қ), ссандық(с), ттекемет(т), ееер(е), үүүзеңгі(ү), ааарба(а) т **...**	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** -Буынға буын қосып, сөз құрауға жаттықтыру арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Буынға буын қосып, сөз құрауға жаттықтыру арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру Дидактикалық жаттығу: «Буындардан сөз құра» – Балалар, мен буындар айтамын сендер сөз құраылатындай екінші буынды айтуларың керек. Мысалы: Мақ-та, жапа-лақ, дәп-тер, кар-топ, жыл-қы, ма-са, көбе-лек, домбы-ра, арыс-тан, қо-ян, май-мыл, жану-ар, жаң-быр, шал-бар, қыза-нақ, қырық-қабат, даң-ғыл, қоңы-рау, мек-теп, шал-қан, зымы-ран, тек-ше, теле-фон, жұл-дыз, қо-раз, қо-быз, қылқа-лам т.б. – Балалар, сендер балабақшаға келе жатқанда жолда, нелерді немесе кімдерді көресіңдер? Айтып беріңдерші	**Көркем әдебиет** Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі туралы түсінігін қалыптастыру Киіз үйді, киіз үй ішіндегі жиһаздардың, киіз, текемет суреттерін көрсету. – Суреттен не көріп тұрсыңдар? – Бүгін қазақ халқының ежелгі баспанасы – киіз үй туралы әңгімелейміз. Киіз үй – ата-бабамыздан келе жатқан асыл мұра. Киіз үй көшіп-қонып жүргенге өте қолайлы. Киіз үй тегіс, су баспайтын құрғақ жерге тігіледі. Қыста жылы, жазда салқын. Үйдің жабулары киізден жасалғандықтан, «киіз үй» деп атаған. – Бүгін біз ақын Қастек Баянбайдың «Киіз үй» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі. Айырықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Педагог өлеңді мәнерлеп оқып береді Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: – Өлең саған ұнады ма? – Авторы кім?	**Дене шынықтыру** Міндеті:. -3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). - Қимыл әрекеттердің еркін орындалуын, себетке допты аяқты бүгіп, жаза келе дәлдеп лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуді үйрету Баскетбол себетіне доп лақтыру. Допты кеуде деңгейінде ұстап, балалар қолдарын өзіне қарай төмен айналдырып, сосын түзете жазып жоғары көтереді де, қолының басы мен саусақтарын ашып, итерген қимыл жасайды. Доптан көзін алмай, шынтақтарын екі жаққа жібермей, жинап ұстайды. Баскетбол қалқанынан 2,5 метр қашықтықта тізбектерге тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыстап тұрады. Аяқтарын тізеден аздап бүгеді. Аяқтарын иық деңгейіне қойып, бір аяғын аздап алдыға шығарады. Денесі алдыға итеріліп, бар салмақ екі аяққа бөлінеді. Қолдар шынтақтан аздап бүгіліп, кеуденің тұсында тұруы керек. Допты бір орында тұрып, екі қолмен кеудеден себетке лақтырады.

				– Өлең қалай аталады? – Өлеңде не туралы айтылған? – Киіз үйдің пішіні қандай? Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: – Өлең саған ұнады ма? – Авторы кім? – Өлең қалай аталады? – Өлеңде не туралы айтылған? – Киіз үйдің пішіні қандай? !	

Үзіліс:

Саусақ ойыны: **« Тасбақа»**
Мақсаты: Ұсақ мотрикаңың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау.
1.Тасбақа
Тасбақа, тасбақа,
Тас астында тұрады.
Басын баяу шығарып,
Тиіссең кері тығады.

Жұдырықты түйіп, бас бармақты шығарады да, тасбақаны бейнелейді.. Өлең мазмұнына қарай саусақты кері жасырады. Осы тектес келесі өлеңдерге де қимыл жасауға болады.
Фонетикалық жаттығулар
Мақсаты: Фонетикалық жаттығуды орындау барысындағы басты міндетіміз баланың нақты дыбыстарды дыбыстауы барысында дұрыс тыныс алуын және артикуляциясын қадағалау болып табылады.
1.Баудағы кім?
Ара болсаң, ызыңда
З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж
Жұмыс істе, тығылма.
- Ара қалай дыбыстайды?
(з- з-з) - қатты\жай

2.Жыланның ысылы.
Жылан қалай дыбыстайды?

Психологиялық ойын:
Ойын: «Тыныштықты жақсы көретін патша»
Мақсаты: Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту.
Ойын шарты:
Патша шуды жек көреді, сондықтан ханзаданың көңіл - күйін бұзбау үшін барлығымыз шуламай тыныш қозғаламыз. Патша аяқтың ұшымен жүреді, оның жүрісі жеңіл, баяу. Бұл ролді бір бала атқарады. Жүргізуші келесі сөзді айтады: «Барлық балалар, патшадан басқа бөлменің әр жеріне тұра қалады. Патша саусағын ауызына тигізіп, «Ш - ш - ш, ханзада келе жатыр!» деп, бөлмені аралай бастайды. Барлығы «қатып» қалу керек, ал патша әрқайсысын айналып шығады. Кез келген баланың қасына келіп, саусағын баланың мұрнына тигізеді. Сол бала аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Келесі балаға жақындаған патша саусағын баланың мұрнына тигізеді, ол бірінші баланың соңына тұрып, аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Сол тәртіппен ойын жалғаса береді. Барлық балалар патшаның артына жиналғаннан кейін, патша кез келген артындағы балаға қарап, «Ш - ш - ш» дейді, сонда сол бала өз орнына тыныш, аяқ ұшымен оралады. Барлығы орнына тұрғаннан кейін ойын аяқталады.
"Қисық сурет" атты суретті жаттығу өткізіліп, оң және сол жарты шарлар басымдылығын анықтауға арналған қысқаша тест, сонымен қатар оптимистік бағдарды анықтауға арналған сауалнама алынды.

Аз қимылды ойын:
Ойын: «Қуғыншыдан құтқару»
Мақсаты: балаларға тез бұлтарып жүгіру тәсілдерін меңгерту.
Ойын шарты:
Мазмұны: Алаңда үлкен шеңбер немесе төртбұрыш сызылып, ойнайтын жер алдын ала дайындалады. Ойыншылардың арасынан санамақ арқылы бір «қуғыншы» сайланады. Ойын алаңнан шықпай, ішінде жүріп ойналады. Мұғалімнің «Қуғыншы табылды!» деген белгісінен кейін сайланған бала қолын жоғары көтеріп: «Мен қуғыншы»! – деп айқайлайды да, балаларды қуа жөнеледі.
Қуғыншының қолы тиген ойыншы қолын жоғары көтеріп , қуғыншы болғанын білдіреді де, ойынды әрі қарай жалғастырады.
Бірақ ойыншылар қуғыншыдан бір-бірін құтқаруларына болады. Ол үшін : қашып келе жатқан ойыншы мен қуғыншы екеуінің арасынан кесіп жүгіріп өтсе;
Қашып келе жатқан ойыншыға қол тигізсе;
Қашып келе жатқан ойыншымен қол алысса, онда қуғыншы сол ойыншыны қуады.
Ойынның ережесі:
1. Қуғыншы қолын көтеріп: «Мен қуғыншы» деп басқаларға ескерткеннен кейін ғана ойыншыларды ұстауына болады.
2. Ойын алаңынан шығып кеткен ойыншы ойыннан шығады.
Әдістемелік нұсқаулар.
Бұл ойынды ұйымдастыру үшін алаңды дұрыс таңдаған жөн. Ойыншылар жүгірген кезде бір-біріне немесе басқа заттарға соғылып қалмау үшін қадағалау керек.
Ойын қызықты өтуі үшін ойынныі мазмұнына әртүрлі қосымша тапсырмалар енгізуге болады.
Бір ойында бір қуғыншы ғана емес, бірнеше қуғыншы сайлауға болады.
Ойынның педагогикалық маңызы.

Ыс-с—ыс-сссс....

3.Шалқан. Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: **«О...о..о!»** деп таң қалды.



Ойынның педагогикалық маңызы өте зор. Ойыншылар жолдастықты іс жүзінде көрсете алады. Достары көп болғанның пайдасын көреді.Қауіптен қорықпай, қиыншылыққа қарсы тұруға дағдыланады.
Ойын барысында ойыншылар жүгіру жаттығуларын орындау тәсілдерін жетілдіреді. Өз қимыл –қозғалысын өзгелермен үйлестіруге үйренеді. Шапшаң, епті қимылдауға жаттығады.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қазақ тілі

Міндеті: Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру,- ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін, сөздерін мәнерлеп жеткізе білуге үйрету

Балалар, аналарың нанды қайдан алады? Дүкенге нан қайдан келеді білесіңдер ме?
Педагог «Нан қайдан шығады?» (М. Етекбаев) ертегісін балаларға ұсынады.
Иллюстрациялар көрсетіле отырып, ертегі оқылады.
Ертегі не туралы?
Жаңа сөздермен таныстыру.
– Мынау – сатушы. Са-ту-шы.
– Мынау кім?
– Мынау – сатушы.
– Сатушы нан сатады.
– Сатушы не істейді?
– Сатушы нан сатады.
– Мынау наубайшы. Нау – бай - шы.
– Мынау кім?
– Мынау – наубайшы.
– Наубайшы нан пісіреді.
– Наубайшы не пісіреді?
– Наубайшы нан пісіреді.
– Мынау – бидай.
– Мынау не?
– Мынау – бидай.
– Мынау – диірменші.
– Мынау кім?
– Мынау – диірменші.

Қазақ тілі

Міндеті - Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыр
сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, үй жануарлары мен төлдерін топтай алуға жаттықтыру,

Үнтаспадан жануарлардың дауыстары естіледі.
– Балалар бұл ненің даусы? Мәтін оқу. «Адам жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі, ит, мысықты күтіп-баптап өсіреді. Сол үшін үй жануарлары деп аталады. Үй жануарлары адамға көп пайда келтіреді. Жылқы – көлік, оны арба мен шанаға жегеді. Жылқының сүтін ашытып, қымыз жасайды. Қымыз – сусын. Сиыр, қой, түйе, ешкінің сүті мен еті – тамақ. Қой, түйе, ешкі жүнінен киім және тағы да басқа тұрмыстық заттар жасалады». – Мәтінде қандай таныс сөздер бар? – Қой, түйе, сиыр, ешкі, жылқы. – Үй жануарларының пайдасы қандай? – Үй жануарларының еті мен сүті бізге тамақ болады. Жүнінен киім т.б. заттар жасалады. –

Дене шынықтыру

Міндеті: - Екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет);
Қимыл әрекеттердің еркін орындалуын, себетке допты аяқты бүгіп, жаза келе дәлдеп лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуді үйрету

Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тұзақ» Ойыншылар бірінің ішінде бірі орналасқан екі шеңберге тұрады. Екі шеңбер екі бағытта қозғалады. Бастаушының белгісімен екі шеңбер бір уақытта тоқтап, ішкі шеңбердегі балалар қолдарын жоғары көтеріп, «қақпа» жасайды. Сыртқы шеңбердегі балалар «қақпадан» бір кіріп, бір шығып жүреді. Бастаушы тағы белгі бергенде ішкі шеңбер «қақпаны» күрт жабады да, шеңбер ішінде қалып қойған балалар тұзаққа түседі. Олар енді ішкі шеңберге қосылады. Ойын осылайша жалғаса береді.
Өзін-өзі уқалау:
«Балақан, қандай жақсы алақан!»

Математика негіздері

Міндеті Есеп шығару, заттарды салмағы бойынша салыстыру біліктерін бекіту
алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту.

Суретке қарап есептер құрастырып, мысалдар жазыңдар.

Қоршаған орта

Міндеті: Тірі және өлі табиғаттың маңыздылығын түсіну
Балалардың «Өлі және тірі табиғат» тақырыбында білімдерін тереңдету, қоршаған орта жайлы танымдық әрекет шындау.
Балалардың ақыл — ойын, түсінігін, білімін, табиғат туралы білімін, қызығушылығын зейінін дамыту.
.
Табиғат ананың хаты
Сәлеметсіз бе балалар! Мені барлық балалар жақсы біледі. Балалар осы «Өлі және тірі табиғатты» жайлы айтып беріңдерші, оларды зерттеп, санап, түрлерін атап, «Өлі және тірі табиғатты» жайлы қызықты ертегі әңгімелеп беріңдерші.
– Ал, балалар Табиғат ананың тапсырмасын орындаймызба?
Тәжірибе: Ыдыстағы құмды ұлғайтқыш әйнекпен қарау. Ұсақ бір — біріне жабыспайды. Ыдыстағы құмның жел тұрғанда ұшуы. Сок ішуге арналған түтікшемен құмды үрлеу, жеңіл, жел тұрса ұшады. Ыдыстағы құмға су құю. Ыдыстағы құмға, су құйса балшыққа айналады. Тасты бақылау. Су құйса да жылтырап жата береді, түрі түсі өзгермейді, майдаланып балшыққа айналмайды, жел үрлесе де қозғалмайды.
Ауыр зат. (Балалардың тәжірибе жасауы)
3) Ойын — ойнау, «Құм, тас, су. Басы «құм» дегенде әр жерде шашыраңқы болып отыру. «Тас»дегенде өз қолымен мүсін жасап тұра қалу, «су» дегенде толқын жасап қозғалу». (Балалар қимылмен көрсетеді)
Табиғат туралы мақал — мәтелдер:
Таза болса табиға

Үзіліс:

Сюжетті - рөлді ойын: **«Тігінші»**
Мақсаты: Балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру. Балалардың коммуникативті дағдыларын арттыру, бір - бірімен диалог арқылы сөйлесуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өзіне сенімді болуға, үлкендердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу.
Көрнекіліктер: Киімдер, бас киімдер, тігіншіге керек заттар(ине, метр, қайшы, жіп), іс машинасы, киім үлгілері, маталар.

Ойын барысы:
Ұйымдастыру кезеңі.
Өнерім қол ұшында,
Боламын мен тігінші
Тігіншінің ішінде,
Бас бармақтай бірінші.
Ойын: «Дұрысын тап»
Мақсаты: Мамандықтарға байланысты киім үлгілерін бір - біріне үйлестіру.
Тәрбиеші: Балалар әр мамандық иелері өздеріне сай киім киеді. Дәрігерлер ақ қалпақ пен халат кисе, ал құрылысшылар каска мен үстеріне арнайы халат киеді. Суреттегі киім үлгісі кімге лайықты екенін табыңдар.
Балалар өздері ойлап, белгілей бастайды, сызады.
Тәрбиеші: Балалар аспазшы не киеді?
Шаштараз не киеді?
Балалар белгілеп береді.
- Ендеше, сендер түсінген боларсыңдар. Бұл - ойынды біз не үшін ойнағанымызды түсіндіріңдер. Бүгін біз қандай ойын ойнайтынымызды білдіңдер.
Ойын:«Тігінші»
Тәрбиеші: Балалар тігіншілер не істейді? (киім тігеді)
Бірінші киім тігу үшін киініп алуымыз керек.
Балалар рөлдерді өздері бөліп алады. Бірі тігінші, бірі киім өлшеуші, бірі үтіктеуші болып бөлінеді. Айсара өзінің көйлегін қысқартып беруін сұрайды. Диляра қайшысын алып қиып, тігіп береді. Ал Сәния болса көйлекті үтіктеп береді. Келесі бала шалбар әкеледі. Одан қуыршаққа желетке тігеді. Ұшы жоқ қайшы болуы керек. Ойынды балалар өз қиялдары мен қалаулары бойынша әрі қарай жалғастырады. Бір - бірімен рөлдерді бөлісіп, ұйымшылдықпен ойнайды. Тәрбиеші әр уақытта балаларға көмек көрсетуі тиіс.

Артикуляциялық жаттығулар:
Ойын:« **Часы» «Сағат»**
Мақсаты: Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру.
Ата – аналармен бірлесе қарым – қатынас жасай отырып ортақ мақсатымызға жетеміз.
• ***«Сағат»*** – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек.
• ***«Саңырауқұлақ»*** - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.
«Дәмді тосап»
Мақсаты: жалпақ тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету.
Қысқаша сипаттамасы: Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу.
Әдістемелік нұсқау.
1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау кере.
2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.
3. Тіл оңға - солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек.
4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя - пя - пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген сон шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Шығармашылық бейнелеу әрекеті **Міндеті:** - - күрделі пішіндегі бірнеше заттардың көлеміндегі айырмашылықты көре білуге үйрету, әуе ұшақтары, аспан планеталары туралы білімдерін жетілдіру -- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін	**Қоршаған орта** Міндеті: Өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы бақылау Балаларға қоршаған ортадағы тірі және өлі табиғат туралы түсінік беру. Олардың бір-бірімен байланысы	**Сөйлеуді дамыту** Міндеті: - Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту Таңдаған ертегіні сахналау	**Музыка** **Міндеті: -** Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. **:**	**Музыка** **Міндеті -** Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.

	көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау - Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию - Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу –ұшақ суретін салуүмүсіндеу,жапсыру,құрастыру Топтық жұмыс	жайлы мағлұмат беру, танымдық әрекетін шыңда (Ыдысқа пияз отырғызу) Пияз туралы балаларға түсінік беремін. Біздің табиғат бұрышында көптеген әдемі, әсем гүлдер өсіп тұр бірақ соның ішінде денсаулыққа пайдалы пияз жоқ, сондықтан біз бүгін сендермен ыдысқа пиязды отырғызамыз деп, балаларға пиязды егу тәсілін көрсетемін. Ең алдыменен мына ыдысқа жер саламыз, одан кейін пиязды саламыз да, жермен жабамыз. Енді су құямыз, осы кезде1-2 баланы пиязды егуге шақырамын. Көрдіңдер ме балалар, тірі табиғат өлі табиғатсыз өспейді. 1-2 бала шығып пияз егуге көмектеседі. Біздің пиязымыз өсу үшін не керек екен? Енді еккен пиязымызды терезенің алдына қойып, күнде кезекпен суғарып, өсуін бақылып отырамыз. Өздерін бағалау Су, жер керек. Балалар, мына шырша жай тұрған жоқ? Балалар сендердің алдарыңда жұлдызша және дөңгелек пішіндер тұр. Бүгін сабаққа өте жақсы белсенді қатыстым деген бала жұлдызшаны, ал орташа қатыстым деген бала дөңгелекті шыршаға іледі. Қане балалар өздеріңді бағалап көріңдерші,- деймін. Балалар тақтада ілініп тұрған шыршаға не жұлдызшаны болмаса дөңгелекті алып іледі. Қараңдаршы балалар, шыршамыз қандай әдемі болды, деймін де сұрақ – жауап арқылы оқу іс-әрекетін қортындылаймын.		**Музыка тыңдау:** **«Көкек» (Х. Мұхамедова)** **Ән айту:** **«Көктем» (А. Жайымов)** **«Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов)** **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** **«Құстар» (Т. Ломова)** **Билер: «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан)** **Ойындар, хороводтар:** **«Не қалай шақырады?» (Музыкалық-дидактикалық ойын)** **Музыкалық аспапта ойнау:** **«Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников)**	**Музыка тыңдау:** **«Көкек» (Х. Мұхамедова)** **Ән айту:** **«Көктем» (А. Жайымов)** **«Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов)** **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** **«Құстар» (Т. Ломова)** **Билер: «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан)** **Ойындар, хороводтар:** **«Не қалай шақырады?» (Музыкалық-дидактикалық ойын) Музыкалық аспапта ойнау:** **«Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников)**
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

Серуен	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №18** **Бақылау: Бақбақ гүлін бақылау** ***Мақсаты:*** *бақбақ гүлі туралы білімдерін тиянақтау* (гүлдеудің алғашқы кезеңіне көңіл аудару); — табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру; — емдік өсімдіктер туралы білімдерін тиянақтау. ***Бақылау барысы*** ***Көркем сөз.*** *Аппақ, аппақ бақбақтар, Үлбіреген бақбақтар,* *Құдды киіз ақ үйлер.* *Парашюттен аумайды.* *Төнеді кеп жан-жақтан, Сәл-пәл самал жел* *соқса,* *Тамашалап сәбилер.* *Ақ ұлпалар заулайды.* *Кәдімгі бақбақ көктемнің тұңғышы. Халық оны «Жер күні», «денсаулық эликсирі» деп атайды. Бақбақ көп жылдық шөптес өсімдік. Олар көбінесе үлкен жүргінші жол бойында, егістікте, шабындықта, жаңа тыңая бастаған жерлерде өседі.* Бақбақтың гүлді сабақтары жапырақсыз, ең ұшында бір ірі гүл табақшасы болады. Бақбақ басын күн қызуына қарай бұрады. Күн батқан кезде гүл жапырақтары жабылып қалады, ал, таңертең күн сәулесімен бірге ашылады. Бақбақ-тың гүл оралғысы екі қабат. Сәуір айынан қыр-күйек айына дейін гүлдейді. Гүл жарып болған кезде гүлдері ұлпа үлпілдек «парашюттерге» ай-налады. Бақбақтың барлық бөлігі, әсіресе сабағы сүт сымаққа бай. Бақбақ дәрілік өсімдік. Дәрі жасау үшін бақбақтың тамырын, гүлін, жапырағын пайдаланады. Бақбақтан жасалған дәрілер тәбетті ашуға, ас қорытуға, қан қысымын түсіруге, қатты ісіктерді басуға, ыстықты түсіруге тағы басқа көптеген ауруларды емдеуге пайдаланады. Бақбақты ең қажет дәрілік өсімдік ретінде сақтап, қорғау керек. Балаларға сұрақтар. ♦ Бақбақ гүлінің түрі қандай?? ♦ Ол жылдың қай мезгілінде әдемі болып көрінеді?	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №19** **Бақылау: Жолжелкенді бақылау** ***Мақсаты****:емдік өсімдіктер туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамытуды жалғастыру. Жолжелкеннің ерекшелігі мен емдік қасиеті туралы білімдерін молайту.* ***Бақылау барысы*** ***Тәрбиеші әңгімесі*** *-Жолжелкен қазақстанның барлық жерінде өседі. Көше бойлап келе жатсаң жол жиегінде, өзен бойы, шалғындық алқаптарда көптеп кездеседі. Сондықтан да болар бұл өсімдікті «жолжелкен» деп атайтыны. Адам аяғы баспайтын жерлерде жолжелкенді кездестірмейсің. Күзде жолжелкеннің гүлдері тұқым шашқан кезде, ол аяқкиімге жабысып барып, басқа жерлерге дәннің түсуіне байланысты, кез келген жерде өсіп шығады. Жолжелкен маусымнан қыркүйек аралығында гүлдейді. Оның жапырақтарын маусым, шілде айларында жинайды. Жолжелкеннің жапыраған сабағымен қоса бүлдірмей алып, көлеңке жерде кептіреді. Жолжелкеннің жапырақтары дене сыртындағы аққан қанды тоқтатуға, күйген жараға, іріңді ісікке, шиқанға қолданылады. Жолжелкеннің шырынын жәндіктер шаққан жерге, асқазан ауруына, шаншуға, мұрыннан қан аққанда және дизентерияға пайдаланады.* *Балаларға сұрақтар:* ♦ Мамыр айын халықта қалайатайды? *(шешек айы)* ♦ Өсімдіктер қай жерде бар да, қай жерде жоқ? *(күннің көзі көп түскен жерде бар)* ♦ Көлеңке, ылғал жерлерге әлі шөп шықпаған, неге? (өйткені ло жер әлі салқын) ♦ Мамыр айындағы жаңбырдан соң шөптерде қандай өзгерістер болады? *(олар бұрынғыдан да жасылдана түседі)*	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №20** **Бақылау: Жәндіктерді бақылау** ***Мақсаты:*** *«Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;* — Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. ***Бақылау барысы*** ***Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:*** *Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) *Қанды сорып сүліктей, Ызыңдап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) *Ызыңдап ән салып, Жұп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) *Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) *Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) **Тәрбиеші сұрақтары.** ♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? *(көбелек, құрт т.б)* ♦ Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар) ♦ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) ♦ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? *(бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)* ♦ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? *(ара, жібек құрты, құмырсқа).* ♦ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа) ♦ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды)	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №21** **Бақылау: Ауа-райын бақылау** ***Мақсаты:****Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.* ***Бақылау барысы*** ***Көркем сөз.*** *А.Меңдібай* *Мамыр айы келгенде, Дала гүлге толады. Жайнап барлық атырап, Қызық-думан болады. Бақшамызда біз еккен, Гүл шоқтары гүлдейді. Жапырақтар сыбдырлап, «Қандай көркем, көр»-дейді.* Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді. ♦ Балалар, қараңдаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген?(көктем). ♦ *Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар? (қар еріп жатыр,жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр)* ♦ Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? *(күн жылығандықтан)* ♦ Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем) ♦ Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады) ♦ Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк) ♦ Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр). ♦ Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді? ♦ Жаңбыр қандай температурада жауады? ♦ Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды).	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №22** **Бақылау: Гүлзарды бақылау** ***Мақсаты:*** — Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту; — Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау; — Табиғатты сүюге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу. **Бақылау барысы** Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді ♦ Қандай үй гүлдерін білесіңдер? ♦ Қандай дала гүлдерін білесіңдер? ♦ Олардың қандай айырмашылығы бар? ♦ Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге? ♦ Сендердің үйлеріңде гүл бар ма? Қандай? ♦ Оларды қалай күтесіңдер? ♦ Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек? ♦ Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады? ♦ Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек? ♦ Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды? ♦ Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады? **Еңбек** Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту). *Мақсаты:* — Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау; — Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру.

	♦ Бақбақтың қандай лақап аттары бар? ♦ Бақбақты неге дәрілік өсімдік дейміз? **Зерттеу жұмыс:** Бақбақтың сабағын кесіп, сүт сияқты сұйықты қарау. **Еңбек.** Гүл егілген алаң айналасын тазалау. Мақсаты:Үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.	♦ Мына өсіп тұрған өсімдік қалай аталады? *(жолжелкен)* ♦ Оны неге олай атаған? ♦Жолжелкеннің қандай көмегі бар, кім біледі? **Зерттеу жұмысы** Лупа арқылы жолжелкен жапырақтарын қарау, ерекшеліктерін табу. Өгейшөппен жолжелкеннің айырмашылық-тары мен ұқсастықтарын айыру. **Еңбек:** Ойын алаңын тазалау. *Мақсаты:* бірлесе еңбек етуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. .	♦ **Зерттеу жұмысы** Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау. **Еңбек:** Алаңды қоқыстардан тазалау. *Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.* .	**Еңбек** Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу. *Мақсаты: кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру.*	
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру
Балалармен жеке жұмыс	Көктем мезгілінің белгілерін үйрету	Мақал-мәтел: Дана көптен, дәрі шөптен. Құнарлы шөп, қосымша сүт	Кһутем киім үлгілерін білуге үйрету	Көктем мезгіліндегі адам еңбегімен таныстыру	Көктем мезгіліндегі ауа райы құбылыстары жайлы бачндауға үйрету
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап- тарды қарау және басқалар)	Қимылды ойын «Өз гүліңді тап». Мақсаты: — түстерді айыра білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету. Жаттығу ойыны. Қимылдарын дамыту Мақсаты: - Қимыл белсенділіктерін арттыру; Ұзындыққа секіруге жаттықтыру.	Қимылды ойын: «Бәйге». Мақсаты: жеңіске деген құштарлықтарын арттыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны: Дыбыстар арқылы жүру Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау, берілген дыбыс ырғағына қарай қимыл жасау.	Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту. Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады	Қимылды ойын «Үшінші артық». Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту. Мақсаты: —Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру; —Қозғалыс координацияларын сақтау; Мақал-мәтел -Сәуір айы-су айы, Мамыр айы- гүл айы. -Көктемгі жауын артық болмас.	**Қимылды ойын** **«Қай топ тез жиналады?».** **Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру.** **Жаттығу ойыны «Құлап қалма».** **Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру.** **Мақал-мәтел:** **- Әр гүлдің иісі әр басқа.** **-Гүл-араға, бал-балаға.** **Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.**
Балалардың үйге қайтуы	**Ата-аналарға кеңес** Бала тәрбиесіне назар аудару , ұлттық құндылықтарды отбасы мүшелерімен бірге дәріптеу.				

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «А» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 1-апта 29-30 сәуір- 1 – 3 мамыр 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Ойын – жаттығу:** «Мен батырмын»; Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.	**Сюжетті-рөлдік ойын:** «Ел қорғауға әзірмін»; Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар.	.	**Ойын** «Кімнің үйі?» Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б.	***Үстел үсті ойындары*** ***Мозайка құрастыру*** Әскери техника туралы суреттер топтамасын қарастыру. «Батылдық пен қорқақтық дегеніміз не» тақырыбында әңгімелесу *Ұқсай ма, ұқсамай ма Балаларды заттарды салыстыруға, түс, түр, көлем, материалының ұқсастығын атауға үйрету; байқампаздық, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Табиғат бұрышында еңбек*
Жаттығу	Жаттығу кешені № 17				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	**Ел қорғайтын, ер ағалар»** Ел қорғайтын, ер ағалар, Ардағымыз, арымыз. Ерлер тойын, елдің тойын, Қарсы аламыз бәріміз!	**«Отан»** **Отан** - тарих, **Отан** - тіл, Жасаған елің, ер халқың. **Отан** - өлең, **Отан** - жыр, Көтерген көкке ел даңқын... **Отан** осы, достарым, Көңілге мұны түйе біл. «**Отан**» деп өс, жас қауым, Оны ардақтап, сүйе біл.	**«**	**«Ертеңгі ел қорғаны – мен болам!»** Жүреміз даңқты жолдармен, Қырандар бірге самғаған. Әзірге титтай болғанмен Ертеңгі ел қорғаны – мен болам!	**«Отан қорғаушылар дегеніміз кімдер?»** Балаларға 7 – мамыр Отан қорғаушылар күні мерекесін сезіндіру. *Қаламыздағы полиция қызметкерлері жайлы сөйлесу олардың суреттерін тамашалау*
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті:** -Шығармашылықпен	**Көркем әдебиет** **Міндеті .** Өлеңді жатқа,	**Математика негіздері** **Міндеті:** - Теңдік туралы		**Математика негіздері** **Міндеті** - Теңдік туралы түсінік

	әңгімелеп беруді жетілдіру - Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімесін мазмұны бойынша әңгімелеп айтуды үйрету Педагог: "Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш" әңгімесін оқып береді. Атасы мен баласы далада келе жатып, атасы баласынан сұрайды: –Анау өрмекшіні көрдің бе? Бала: –Көрдім, өрмек тоқып жүр. Ата: –Анау құмырсқаны көрдің бе? Бала: –Көрдім, аузында наның ұнтағы бар, кетіп барады. Ата: –Жоғары қара, аспанда не көрінеді? Бала: –Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында тістеген шөбі бар, – дейді. Сонда атасы былай дейді: –Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер – саған үлгі. Өрмекші маса мен шыбынды тұзақ құрып ұстаған соң, өзіне азық етеді. Құмырсқа балаларына тамақ алып бара жатыр. Қарлығаш балапандарына ұя салу үшін шөп жинап жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сен де жұмыс істеуге әдеттенуің керек. –Балалар, әңгіме сендерге ұнады ма? –Әңгіме не туралы айтылған? –Әңгімедегі кейіпкерлер қандай екен? –Енді осы әңгімені келген қонақтар бізге сахналап берсін.(Қонақтар сахналап айтып береді). –Балалар сендер буынға бөле аласыңдар. Әңгімедегі өрмекші, құмырсқа, қарлығаш сөздерін буынға бөліңдерші? –Неше буыннан тұрады? –Иә, дұрыс айтасыңдар. Бір дауысты дыбыс бір буынды құрайды. Ата, бала, құмырсқа, өрмекші, қарлығаш дегеннің бәрі – сөздер. Сөз буыннан тұрады. –Педагог әңгіме мазмұнын балалардан сұрайды.	мәнерлеп, интонациямен айту еліміздегі ұлт өкілдерінің мәдениеті туралы түсінігін қалыптастыру Жаттап ал. Бақытты елде туғанбыз, Бақытты өмір сүреміз. Педагог сөздің мазмұнын түсіндіреді. – Сендер Тәуелсіз Қазақстанның бақытты баласысыңдар. Елімізде бейбітшілік, сендердің ұйқыларың тыныш, отбасыларың аман, көршілермен тату тұрасыңдар. Бақытты өмір сүру деген – осы	түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау «артық», «кем», «тең» ұғымдарын қалыптастыру. . Ойын жаттығуы: «Сана» Педагог цифрлар және теңдік таңбасы бейнеленген карточкаларды, сондай-ақ нүктелер және сандық суреттер бейнеленген карточкаларды таратады. Бес нүкте бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды. Бес зат бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды. – Осы карточкалар туралы не айтуға болады? – Нүктелер санын, суреттегі заттардың санын белгілейтін карточканы салыңдар. Қандай цифрларды алдыңдар? Олар бірдей ме? Демек, 5=5, яғни нүктелер саны карточкада бейнеленген заттар санына тең деп айтуға болады. Нүктелер және заттар бейнеленген карточкаларды алады. Нүктелер саны суретте бейнеленген заттардың санына тең екенін айтады. «=» белгісін қоюға болады.		қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау «артық», «кем», «тең» ұғымдарын қалыптастыру. **1-тапсырманы** орындауды ұсынады, саны бірдей заттар тобын тауып, сызып қосады. Санын жазады. Педагог сұрайды: - Сол жақ жоғары суретке гүл жасау үшін, мозаиканың қанша түрлі-түсті бөлшектері қажет болды? (8) - Оң жақ төменгі суретте қанша мозаика бөлшектері бар? (8) - Осындай санды тауып, оны ұяшыққа жапсырыңыз. Осы екі суретті сызықпен қосыңыз. Мозаика бөлшектерінің саны туралы не айтуға болады? (саны тең) - Екінші қатардағы сол жақ суреттегі пазлдарды санаңыз. Олардың саны қанша? (7) - Пазлдары бар тағы сурет бар ма? Онда қанша бөлік бар? (4)
Үзіліс:					

Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ **Ойын:***Жүретін саусақтар.* **Мақсаты:**Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту. **Керекті құралдар:** Суреттері бар кітапшалар. **Шарты:** Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады.		**Үстел үстінде ойналатын ойындар.** **Ойын: «Сарбаздарға не керек?»**(5-10 мин) **Мақсаты:** Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу. **Керекті құралдар:**ойынға керек ресурстар. **Мазмұны:** Ортаға 1 қатысушы шақырылады. Маңдайына сурет қойылады. Бұл суретті қарама – қарсы отырған бала мимика арқылы қатысушыға көрсетіп, түсіндіреді. Ал ойынға қатысушы оны табу керек болады.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Сауат ашу негіздері **Міндеті** - Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыр алдыңғы оқу қызметтерінде алған білімдерін пысықтау. . Дидактикалық ойын: «Досыңды шақыр» – Балалар, көздеріңді жұмып, мына жағдайды елестетіңдер. Орманда досыңнан адасып қалдың. Сендер бір-біріңді табу үшін, не істер едіңдер? (Досымыздың атын атап шақырамыз). Мысалы: (Дастаааан! Серікбооооол! Айғаныыым! Айшаааа! Ернаааар! Балжааааан! Ардаааақ! Санжаааар! Беріііік! Мереееей! т.б.) – Балалар, сендер достарыңды шақырғанда, қай буынды созып айттыңдар? Дұрыс, ең соңғы буынды созып айттыңдар	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** - Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыр алдыңғы оқу қызметтерінде алған білімдерін пысықтау. . **Дидактикалық жаттығу: «Қайсысы дұрыс?»** – Балалар, мен бір дыбысын анығырақ созып, қандай да бір сөзді айтамын, ал сендер тура солай қайталаңдар. Қалай айту керек, қайсысы дұрыс екенін анықтаймыз. Мысалы: аааалжапқыш-алжапқыыыш, бааағдаршам-бағдаршааам, дәәәріхана-дәріханааа, қооойылым-қойылыыым, ААалпамыс-Алпамыыыс, шааапалақ-шапалаааақ, жааапырақ-жапалаааақ, дооомбыра-домбырааа, қоообыз- қобыыыз, жаааалбыз- жалбыыыз, қаасық-қасыыық, жаааарғанат-жарғанааат, жыыылқы-жылқыыы, тееекше-текшеее, баалапан- балапаан, бооотақан-ботақаан, көөөөзілдірік -көзілдіріік,	- **Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Сызба бойынша сөйлем құрау бойынша алған білімдерін бекіту дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру**.** Дидактикалық жаттығу: «Буындардан сөз құра» – Балалар, мен буындар айтамын сендер сөз құраылатындай екінші буынды айтуларың керек. Мысалы: Мақ-та, жапа-лақ, дәп-тер, кар-топ, жыл-қы, ма-са, көбе-лек, домбы-ра, арыс-тан, қо-ян, май-мыл, жану-ар, жаң-быр, шал-бар, қыза-нақ, қырық-қабат, даң-ғыл, қоңы-рау, мек-теп, шал-қан, зымы-ран, тек-ше, теле-фон, жұл-дыз, қо-раз, қо-быз, қылқа-лам т.б. – Балалар, сендер балабақшаға келе жатқанда жолда, нелерді немесе кімдерді көресіңдер? Айтып беріңдерші?		**Дене шынықтыру** **Міндеті:. -** гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет). отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), Қимыл әрекеттерді еркін орындауға, қалашықты ұратын таяқтың жер бауырлап ұшуына екпін беруге үйрету. Допты бір-біріне басынан асырып лақтыру, бір-біріне жоғарыдан алдыға қарай шұғыл лақтыруды жалғастыру **«**Баскетбол» Допты бір-біріне кеудеден лақтырып беру. Нұсқау – допты қағып алғанда мұқият болу керек, допты ұшып келе жатқанда көздеп, арақашықтықты тез мөлшерлеп, қажетті жаққа қозғалып, қағып алуға дайын тұру. Бір-бірінен 3 м қашықтыққа сап түзейді. Бастапқы қалыпқа дұрыс тұрады. Допты екі қолмен лақтырады. Лақтырған кезде қолдарын кеуде тұсында ұстап, шапшаң түзулеп, жоғары-алға траекториясымен жұбына береді. «Гимнастика» Тепе-теңдік сақтау – гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп, екінші аяғын орындықты жанай айналдырып барып аттап жүру. Жоғары көтерілген нысанада

		жаааапырақ-жапыраақ , көөрпе-көрпеее т.б			тұрып тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп, екінші аяғын орындықты жанай айналдырып барып аттап жүреді. Тепе-теңдік сақтау мен қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Үзіліс

Қабылдауды дамыту және қалыптастыру жаттығулары
Ойын: ***«Дыбыстарды анықта» жаттығуы***
Мақсаты: Балалардың фонетикалық дыбыстарды меңгерту, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.
Ойын шарты:
Фонематикалық айыруға қабілетін дамытуға арналған. Бұл қабілеттер оқуға, жазуға, шетел тілдеріне табысты оқытудың негізінде жатыр.
Балаға түрлі заттар бейнеленген суреттер ұсынылады (2-сурет). Баланың бұл затты білетіндігін тексеріңіз. Содан кейін сіз кез-келген сөзді айтыңыз және баладан сол дыбыстан басталатын затты көрсетуін өтініңіз. Мысалы, сіз «сүт» сөзін айтасыз, бала «сиыр» суретін көрсетеді, өйткені екі сөз де «с» әрпінен басталады.

«Достық» жаттығуы
Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос. (қолдың саусақтары өзара бірігеді)
Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз, (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)



Бір, екі, үш, төрт, бес, (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)
Қайтадан санауды бастаймыз.
Бір, екі, үш, төрт, бес,
Енді санауды аяқтадық. (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз).
Сергіту сәті
Санайық жаңаша
Бір, екі, үш!
Желбіре жалауша,
Достықта біздің күш.
Оң қолымда бес саусақ,

Сюжеттік-рөлдік ойын: «Әскери»
Мақсаты: ойын сюжетін шығармашылық түрде дамыту қабілетін қалыптастыру. Мектеп жасына дейінгі балаларда соғыстағы батырлар туралы нақты идеяларды, олардың Отан үшін жасаған ерліктерінің моральдық мәнін қалыптастыру. Балалардың бойында патриоттық сезімді, өз Отанына деген мақтаныш сезімін, адамдардың ерлігіне таңдануды тәрбиелеу.
Материал: сарбаздар мен әскери техникалар жиынтығы, медбикелерге арналған орамалдар.
Ойынға дайындық: әскери тақырыптағы суреттерді қарау, шығармаларды оқу: Л. Кассиль " бас Армия»,
"Кеңес сарбазына ескерткіш", Я.Друганский"сарбаздар не істей алады".
Ойынға атрибуттар жасау.
Барысы: Қарау иллюстрациялар ҰОС туралы.
– Бүгін біз бұл суреттерді оңай қарастырмаймыз. Бір салтанатты күні біздің еліміз өте маңызды және есте қаларлық мерекені атап өтеді. Бұл қандай мереке екенін кім біледі? (Жеңіс күні). Бұл төрт жылға созылған және халқымыздың жеңісімен аяқталған Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні. Бұл өте қорқынышты соғыс болды. Фашистер біздің елімізді басып алып, халқымызды құлдыққа алғысы келді, бірақ олар жетістікке жете алмады.Төрт жыл бойы, күн сайын, ай сайын, жыл сайын біздің халқымыз фашистік армиямен шайқасты. Және, ақырында, жеңіске жетті. Себебі әділеттілік үшін күресіп, соя Отанын, халқын қорғаған адам әрқашан жеңіске жетеді. Бүгін біз "әскери" ойынын ойнаймыз. Ол үшін рөлдерді бөлу керек. Біздің ойынның негізгі қатысушылары кім екенін айтыңыз (әскери, сарбаздар, командирлер, ұшқыштар).
Топтың орталығындағы әскери әрекеттер. Біз екі командаға бөлініп, өз орындарымызды аламыз.

Психологиялық ойын:
Ойын: «Атомдар мен молекулалар»
Мақсаты: Бұл ойынды өткізудегі мақсат, сіздердің ұжымдарыныздың бірлігін, ынтымақтастығын анықтау. Ал ойынның атом мен молекула деп аталуы тақырыпқа сай индиго балалардың ДНҚ құрылымының өзі басқа балалардан өзгеше. Яғни ағзасында хромосомалар құрылымы өзгерген.
Ойын шарты:
«Барлық ойыншылар кең, бос бөлменің ішінде ары-бері қалай болса солай жүреді, бұл уақытта олар атомдар болып есептеледі. Біздің білетініміздей атомдар молекулаларға айнала алады. Молекулада 3, 4, 5, атомдар бола алады. Ойыншыларға команда бойынша молекулаларға айналу керек. Егер жүргізуші үш десе ойыншылар үштен бірігуі қажет. Реакция бітті деген белгі бойынша қатысушылар қайтадан атомға айналады. Осылайша ойынды бірнеше қайталауға болады».



Сюжеттік-рөлдік ойын: «Әскери»

	Қазақ тілі **Тақырыбы** Жидектер **Міндеті** сөздік қорларын жидектердің атымен толықтыру **Ойын жаттығуы: «Бір сөзбен айт»** Таңқурай, қарақат, құлпынай бір сөзбен қалай аталады? Жидектер. Алма, өрік, құрма бір сөзбен қалай аталады? Жемістер. Қияр, қызанақ, сәбіз, пияз бір сөзбен қалай аталады? Көгөністер.	**Қазақ тілі** **Тақырыбы:** Ойнайық та ойлайық **Міндеті** өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталау, білімдерін бекіту . **Ойын ойнауға шақырады. «Қызық екен» ойыны** Балалар екі топқа бөлінеді. Педагог балаларға түрлі түсті суреті бар парақтарды таратады.Олар түсі бірдей парақтарды бір-бірімен біріктіреді. Екі топқа ортақ тапсырма беріледі, топтар кезекпен жауап береді. Әрбір жауап бір ұпай. **Тапсырма**. Күз тақырыбы бойынша сұрақтар: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ата? Күз айларын ата? Күз туралы тақпақ оқы? Сурет бойынша сөйлем құра. **Көкөністер.** Қандай көгөністерді	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** Отбасының күзгі еңбегі **Міндеті** , Тақырып бойынша ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту Сөйлеу үшін бізге қандай мүшелер көмектеседі? (Балалардың жауаптары тыңдалады). Иә, тіл, ауыз керек, онсыз түсінісу өте қиын. Педагог бір баланы тақтаға шығарып, картоп қазып жатқан, алма теріп жатқан, қияр, қызанақ жинап жатқан адамдардың қимыл-қозғалысын келтіреді. Қалған балалар табады Бірақ балаларға сөзсіз қимылмен түсіну қиындау болады, сөздің маңыздылығын түсінеді. Міне, қимылмен келтіргенмен толық, еңбек қозғалыстарын аша алмаймыз. Сондықтан да сөйлеу тілі өте маңызды. Әңгіме айту үшін сөз керек екен. Сөз дыбыстан құралады. Әңгімелесу	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** «Арыстан мен тышқан! **Міндеті** таныс сюжеттер бойынша қойылымды сахналауға дағдыландыру. 1. Суреттерді қара. Арыстан тышқанға не айтты? Тышқан арыстанға қалай көмектесті? Тышқанның тапқырлығы туралы өз ойыңды айт. Досыңмен диалог құр. 2. Суретте қандай аң жасырынып тұрғанын тап. Педагог балалардың суретте қандай аң жасырынып тұрғанын табуына көмектеседі. Жеке жұмыс жүргізеді.	**Шығармашылық бейнелеу әрекеті** **Тақырыбы:** Бидай масақтары **Міндеті:**- - балаларға дәнді дақылдардың түрлері туралы білім беру -- балалардың шығармашылық қабілетін дамыту,мүсіндеп мазмұнын бере білуді үйрету -Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию -- ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу **Топтық жұмыс**

		білесің? Артығын тап? (Қызанақ, сәбіз, алма, пияз) *қима суреттерден көрсету.* Сурет бойынша сөйлем құра.	арқылы бір- бірімізбен қарым-қатынас жасаймыз. Ойын: «Сөйлемей көрейікші» (үндемес ойыны ойналады). Педагог: «Орындарыңнан тұрыңдар», – деп ымдайды. Міне, көрдіңдер ме, сөзсіз өмір сүру өте қиын. Сондықтан да сөйлеу тілі өте маңызды		

Үзіліс: Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Жоғарыда–төменде, биік-аласа»

Артикуляциялық жаттығулар:

Балықтар

Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді,
Үп-үлкен ағаш жағада жатты,
Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп
Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді,
Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп,
Ал төртіншісі тоңа бастады,
Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады,
-Жүзіңдер мына жерден,
Әйтпесе жұтып қояды!

«Тіс щеткасымен ойын» жаттығу.

Ойын шарты: Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады.



Ойын: «Жоғарыда–төменде, биік-аласа»
Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру
Жасы: 5-6 жас аралығы
Қажетті заттар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.
Ойын барысы: Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Дене шынықтыру **Тақырыбы** «Ақылдылар» **Міндеті:** Эстафета элементтерін пайдаланып, қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру, бұйрық бойынша тапсырмаларды орындау шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру, өзінің жеке қызығушылықтарын команда қызығушылықтарына бағындыру **«Кім зейінді?»** ойын-жаттығуы. Педагогтің бұйрығы бойынша	**Музыка** **Тақырыбы** «Күзгі жаңбыр» **Міндеті:** Музыканың сипатын түсініп, эмоцияларын көрсете білуге дағдыландыру **Музыка тыңдау:** «Жаңбыр шақыру (Д. Ботбаев) Ән айту: «Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев) «Күзгі әуен» (А.	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы** Бізбен бірге және бізден артық орында» **Міндеті** Баланың қимыл-қозғалыс жүйесінің дамуына жағдай жасау. Әртүрлі жүру түрлерімен жүруге үйретуді жалғастыру (аяқты айқастырып жүру, отырып және жартылай отырып жүру **Ойын: «Орындарыңды ауыстырыңдар». (6 рет).** Зал ортасына арқан төсейді, осылайша зал екіге бөлінеді.	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы «Біз – болашақ әскерміз!»** **Міндеті -** Әртүрлі қимылдар тізбегін орындау дағдыларын дамыту. Бір-бірден қозғалыс кезінде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіріп, тізбекпен жүру, жүгіруді жалғастыру **«Бірінші бол!» (3 рет).** Жүргізушіні алмастырып	**Музыка** **Тақырыбы** Сабантойды тойлаймыз» **Міндеті** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту **Музыка тыңдау:** «Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова) **Ән айту:** «Сабантой» (Е. Хасанғалиев) «Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Марш» (Е. Андосов) **Билер:** «Көңілді қолшатырлар биі (педагогтің таңдауымен)

	тізбек және сапқа тұрады. Сапқа тұруды қыздар мен ұлдар бөлек орындайды. Педагогтің сол жағына қыздар, оң жағына ұлдар сап түзеп тұрады. Педагогтің бұйрықтарын жылдам орындап, сапты бұзбауға тырысады. Сызық алдына екі тізбекке тұрады	Досмағанбет) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңд. Т. Ломова) **Билер:** «Көңілді қолшатырлар» биі (педагогтің таңдауы бойынша) **Ойындар, хороводтар:** «Күн мен жаңбыр» ойыны	Әр команда залдың екі шетінде тұрады. «Қаш!» деген белгі бойынша өз алаңдарынан қарама-қарсы алаңға шашырап жүгіреді. Ойыншылары толық екінші алаңға өткен команда жеңімпаз атанады.	жүгіру. Педагогтің белгісімен аты аталған ойыншы ең алдыға тұра қалып, жүргізуші болып, жүгірісті басқа бағытта жалғастырады. Басқа баланың аты аталғанда сол бала жүргізуші болады. Осылайша олар ауысып отырады. Қолдарын кеудесіне дейін жоғары қарай алдыға қозғалтып, ішке тартып, шынтағымен артқа шығару керектігіне назар аударту. Нұсқау: қысқа қадамдар жасап, аяқ басымен аттап жүгіру.	Ойындар, хороводтар: «Теңге алу» қазақтың ұлттық ойыны («Адай» Құрманғазы, үнтаспадан)
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	**Бақылау:** Ауа-райын бақылау. **Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. **Еңбек: «** Таза алаң » . **Мақсаты:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. **Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов « Күшік » .** **Мақсаты:** Үдыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. Е.Өтетілеуов. « Күшік » . Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап **Ойын:** « Қасқыр мен қаздар » . **Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. **Қимылдық ойын:** « Тымпи-тымпи » . **Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. Ойын барысы:Тымпи-тымпи ойынын бастаушы дөңгеленіп отырған ортасына шығып: « Тым-тырыс, тымпи-тымпи » ,-дейді.Осы сәтте қалған адамдар үндемеуге тиіс.Ортаға шыққан адам әр түрлі әзіл, сықақ, қызықты әңгімелер айтып отырғандарды күлдіруге тырысады.Белгілі уақытқа дейін өзінің осындай « өнерімен » ешкімді күлдірте алмаса, жеке адамның жанына барып , соны күлдіртуге күш	**Бақылау:** Күзгі жапырақтарды бақылау. **Мақсаты:** Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. **Еңбек** : Жапырақтардан гүл шоғын жасау **Мақсаты:** Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. **Жеке жұмыс: « Күзгі жапырақ » тақпақ** Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей **Мақсаты:** Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту. **Ойын:** « Аю жүрген орманда » . **Мақсаты:** Қимыл қозғалысын дамыту **Қимылдық ойын :** « Монданақ » . **Ойын барысы:** Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады.Ортаға біреу шығады.Отырғандар тізерлеп: « Әне кетті монданақ,міне кетті монданақ » ,-деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды.Оны жасыра алмаған ойыншы ортаға шығады. **Балалардың өз бетімен ойнауы:** 1.Орта доп 2.Өткеншек тебу 3.Қуаласпақ **Тренинг:** « Бір шаңырақ астында » .	**Бақылау:** Алтын күзді бақылау. **Мақсаты:** Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау.Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату. Қуандырып біздерді, Мерекелі күз келді Кел жемісті алтын күз Кемелденсін халқымыз. Қимылдық ойын: « Жылғадан қарғып өтеміз » , « Қоян мен қасқыр » . Мақсаты:Ептілікке, жылдамдыққа бірлесіп ойнауға үйрету. **Еңбек** : « Таза алаң » **Мақсаты:** Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету. **Жеке жұмыс: « Отбасы мүшелері »** **Мақсаты:** Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету. **Қимылдық ойын:** « Көрші » . Мақсаты:Балалардың ептілікке , сезімталдық,кеңістікті бағдарлай білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту.Шапшаң қимылдап, жылдам жүгіруге үйрету. **Ойын барысы:** Балалар екі-екіден қол ұстасып , бірінің артына бірі тұрады.Олардың алдынан 3- 8 метр жерден сызық жүргізіледі.Ол сызықтың бойында торуылшы бір бала тұрады.Тәрбиешінің белгісімен ең артында тұрған бала, балалар тобының екі жағымен жүгірген бойы сызықтан өтіп қайтадан қол ұстасуы керек. Егер ұстап алса , қолынан жетектеп әкеліп , топтың алдына келіп тұрады.Ал қалған	**Бақылау:** Жәндіктерді бақылау. **Мақсаты:** Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады?Мінекей, құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр. « Қыстың қамын жаз ойла » . **Еңбек** : Біздің алаң. **Мақсаты:** Ауладағы жапырақтарды жинау.Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету. **Жеке жұмыс: Тыйым сөздерді жаттату.** **Мақсаты:** « Суға түкірме « , « Нанды баспа » , « Дастархан басында көкірме » т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру. **Қимылдық ойын: « Итеріспек »** **Ойын барысы:** Ойын көгалда өткізіледі, үлкен шеңбер сызылады, ортаға екі ойыншы шығады.Егер бір аяқпен секіріп жүріп , екі баланың біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен қарсыласын шеңберден итеріп шығарса жеңгені. Аяғын жерге тигізіп алса, жеңілгені.Ойын жалғаса береді. **Балалардың өз бетімен ойнауы:** 1. Тығылыспақ. 2. Тартқышқа тартылу. 3.Допты қуалау.	**Бақылау:** Күнді бақылау. **Мақсаты:** Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле (жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу. **Қимылдық ойын:** « Таяқшадан аттап өт » , « Қуаласпақ » Мақсаты: Жылдамдыққа , ептілікке баулу. **Еңбек** : Гүл шоғы. **Мақсаты:** Алаңдағы жапырақтарды жинап , олардан әдемі гүл шоғын жасау. **Жеке жұмыс:** Е.Өтетілеуұлы . « Бағдаршам » **Мақсаты:** Бағдаршаммен таныстыру.Жолда жүру ережелерін түсіндіру. Е.Өтетілеуұлы « Бағдаршам » Сақта көше тәртібін Бағдаршамның ал « тілін » Біліпт алдым мен де: Жасыл жанса, демде Алға кетем лезде. Сары жанса , сабыр Сақтай тұрам әзір. Жанса қызыл шоқтай, Қаламын кілт тоқтай. **Қимылдық ойын: « Үрпек төбет »** **Мақсаты:** Тез жүгіре білуге үйрету, жылдамдыққа , батылдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы: Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол ортада отырады.Қалған балалар оған жай ғана жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді: Алдыңғы екі аяққа басын сұғып, Әнекей жалбыр төбет жатыр сұлық, Белгісіз жатқаны ұйықтап, яки қалғып, Момақан, сырт пішіні жуас салғырт Ояталық жақындап барайық та, Қайтер екен содан соң-қарайық та. Төбет орынан ұшып тұрып үре бастайды.Балалар қаша жөнеледі.Төбет оларды қуа жөнеледі.Балалардың бәрі

	салады.Әзіл-сықақтары әлсіз, әсерсіз болса, аузы-мұрнын қисайтып, түрлі қолайсыз қимылдар жасап күлдіруге әрекет етеді. Осы сәтте әлгі ойыншы үн шығармауға, ортадағы адамның сұрағына жауап бермеуге тырысады.Ал, сөйлеп , күліп қойса айыпкер саналады. Айыбы үшін өлең айтып би билейді.Айбын өтегеннен кейін ол ортаға шығып, ойынды басқарып кетеді. **Балалардың өз бетімен ойнауы:** 1. Әткеншек тебу. 2. Допты қуалау **.** **Тренинг:** « Біз біргеміз » .		біреуі торуылшы болып, сызықтың үстінде қалады. Балалар жүгіріп келе жатқанда торуылшы оларға арқасын беріп , теріс қарап тұрады.Ортасында тұрған қасқыр қуып береді.Қолға түскен балалар ойыннан шығып қалып, келесі ойынға кіреді.Қасқырларды ұсталып қалған балалардың арасынан сайлайды. **Дербес ойындар.** **Тренинг:** « Біз татумыз »		жан-жаққа қашып тығылады.Төбет қайтадан ортаға отырады .Ойын жаңа бастаушымен қайта басталады. **Балалардың өз бетімен ойнауы:** **1.Төбешіктен-төбешікке секір.** **2.Күн мен түн** **Тренинг:** « Күн шуағы » **.**
Балаларды үйге қайтару	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «А» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі **4-апта** 24 - 28 қазан 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Пж ойын: «Кім көп сөз айтады?» Шарты: Педагогтың артынан бірнеше сөзді қайталап айтады	Еркін ойын: « Бұл үйде кімдер тұрады?» Шарты: Қуыршақтарымен үй жасап ойнайды	Құрылымдалған ойын: «Орнын тап» Шарты: Жемістер мен көкөністердің көлеңкесін табады	Еркін ойын: «Бауын байла» Шарты: Фетрдан жасалған аяқ киімдердің бауын байлап ойнайды.	Еркін ойын: «Ертегілер елінде» Шарты: Саусақ театр арқылы ойнайды
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үстел үсті ойыны – пазл: «Әсем гүлдер бағы » Балалармен әсем гүлдер туралы әңгімелесу.	Құрылыс ойындары: «Біздің аула гүлдері»	Фотосуреттер қарастыру: «Гүлдер,гүлдер көп гүлдер» Фотосуретте бейнеленген ойын түрлерін атау.	Үстел үсті театры: «Раушан гүлдер» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.	Сюжеттік ойындар: «Қош иісті гүлдер» еркін сурет салу. Д/ойын: «Менің сүйікті гүлім»
Гимнастикалық жаттығу	Гимнастикалық жаттығу кешені № 4				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Табиғатым тамаша» Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса.	«Дала қандай тамаша» Дала қандай тамаша, Ақ мамыққа оранған. Ақ дастарқан жайғандай, Көз тоймайды қараса.	«Табиғатқа қамқор боп» Табиғатқа қамқор боп, Байлығын біз қорғайық, Әдепті да,тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық.	«Табиғат...» Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған. Сен күнсің көтерілген күліп қырдан. Сен көлсің, сен ормансың. Сен - бұлбұлсың, Адамға сұлулықты шын ұқтырған!	«Табиғатым тамаша» Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Тақырыбы** Күзгі жапырақтар **Міндеті:** , Дауысты дыбыстардың	**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы** Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз	**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы.** Буынға бөлейік	**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы.** Ойнай отырып оқимыз	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы.** «Алтын астық»

	дыбысталуындағы ерекшеліктерді түсіндіру **Күзгі жапырақтар** Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырықық. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап	**Міндеті:** : буын туралы түсініктерін қалыптастыру **Дидактикалық ойын: «Сөйлемдерді толықтыру».** Ойын шарты: балалар педагогтің бастаған сөйлемін жалғастырады және сол сөзді буынға бөліп созып айтады. – Өзімнің үлкен бауырым ... (а-ға) – Қыз құлағындағы әшекей ...(сыр-ға) – Ат тұяғындағы темір ... (та-ға) – Қап-қара құс ... (қар-ға) – Шегені қағатын ... (бал-ға) – Ең үздік баға ...(бес) – Білім алатын құрал ... (кі-тап) – Дәптерге жазатын ... (қа-лам-сап). Өздерің жалғастырған сөздерді буынға сызба арқылы көрсетейік. Балалар тақтада жұмыс жасайды.	**Міндеті** сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіруді жалғастыр **«Буынға буын қос» дидактикалық жаттығуы** Мақсаты: басталған буынға буын қосып, сөз құрап , айта білуге, шапшаңдыққа, зейінділікке баулу. Көрнекілік: ұсақ жалаушалар, ойыншықтар. Ойын шарты: балалармен жеке-жеке немесе 2 топқа бөліп, өткізуге болады. Жылдам ойлап, келесі буынды табу. Педагог сөздің басқы буынын айтады, балалар сөзді тез аяқтайды. Ау- (ла). Ал- (ма). Са- (ра). Сә- (біз). Қа- (уын). Мысалы: үй-рек, бүр-кіт , қар-ға , тыр-на, тор-ғай, та-бақ , ә-теш, же-лім, қа-ғаз, қайшы, қа-лам, кі-тап. Ойын соңында, жеңімпаз бала, анықталып, мадақталады	**Міндеті** буындардан сөз құрауға үйрету. **«Жоғалған буын» дидактикалық ойыны Шарты**: педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құраса болады. те -(геш), те -(рек), те -(мір), те -(сік), те -(тік). ор -(та), ор -(ман), ор -(ақ). өр -(мек), өр -(кеш), өр -(ле), өр -(мек-ші) **«Буынды қос» дидактикалық ойыны** – Балалар шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, буынды қосып, сөзді жалғастырады. Мысалы:(ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады.	**Міндеті** өлеңді дауыс ырғағымен, логикалық екпінмен жаттауға дағдыландыру. **Жұмбақты шеш.** Ұзын мұртты сарылар, Қойнында дәні бар. (Бидай) . Не артық? Белгіле. Балаларға астық жинауға қатысы жоқ затты – себетті белгілетеді.

Үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар *«Мысықтар мен балалар»*

БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР
Дауыстарын қайтала.
Аң біткенмен алысқан
Ақырады **арыстан:**
А-а-а-а-а-а
Нәзік дауысы қозының
Естіледі алыстан:
Мә-ә-ә-ә-ә
Дөңгелетіп аузыңды,
Жіңішкертіп даусыңды,
Бұзаумын деп ойла да,
Дауысын оның қайтала:

Ойын: ***«Мысықтар мен балалар»***
Мақсаты: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке,алғырлыққа тәрбиелеу.
Ойынның шарты: Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады.
Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады.Балалар «кис-кис», деп шақырады.Мысықтар

Мо—о-о-о
(Балақай, жан жануарлардың дауыстарые сала отырып, кей дыбыстардың жуан кей дыбыстардың жіңішке айтылатынына зер сал)
Майлыааяқ.
Жайлау толы малды аяп,
Күзетіп жүр Майлыааяқ.
Жолатпайтын ешкімді,
Дауысы алыстан естілді:
(ақырын дауыспен) –р-р-р-р-р-р
«Тамақ жеймін ашпын д»,-деп,
«Қорқып иттер қашсын», -еп,
Күжірейтіп желкесін
Ырылдады қасқыр кеп:
(орташа дауыспен)-р-р-р-р-р-р
«Қорықпаймын сенен»,-деп,
«Сазайыңды берем»,-деп,
Дірілдетіп қасқырды
Айбатын ит асырды:
(қатты дауыспен) –р-р-р-р-р
«Мынау бәле екен» деп,
«Түбіме бұл жетер» деп,
Қорқып қасқыр жөнелді,
Қайтып келмес ол енді.
(Балақай, қасқырдан да қорықпайтын төбет иттердің болатынын сен білесің бе? Өзара екі топқа бөлініңдер де, **қасқыр мен иттер** болып алдымен ақырын, сосын орташа, ең соңында қатты дауыспен «р» дыбысын созып айтыдар.)

жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қоршаған орта
Тақырыбы: Менің елімнің салт-дәстүрі.
Міндеті ата-бабаларымыздан қалған салт-дәстүрді жоғалтпай әрі қарай жалғастыру керектігін түсіну; салт-дәстүрдің адам өміріндегі маңызы туралы алғашқы түсініктерінің болуы.

«**Үй сыртында қолағаш» ойыны.**
Педагог ойын барысында қауіпсіздік шараларына назар аударады. Балалар дөңгелене қол ұстасып тұрады. Ойын бастаушы орамалды алып, балалардың сыртын айналып жүгіріп,
былай дейді:
«Үй сыртында қолағаш» ойыны.
Педагог ойын барысында қауіпсіздік шараларына назар аударады. Балалар дөңгелене қол ұстасып тұрады. Ойын бастаушы орамалды алып, балалардың сыртын айналып жүгіріп,
былай дейді:

. Қол ұстасып тұрған балалар қолдарын ажыратпайды. Ол – есік ашпағанның белгісі. Ойын бастаушы:
«Үй сыртында қолағаш
Озам десең, ала қаш» – деп, өзі таңдаған баланың арқасынан орамалмен соғып қалып,

Математика негіздері
Тақырыбы: Дөңгелек және сопақша
Міндеті : сопақша геометриялық фигура туралы ұғым қалыптастыру

Топпен жұмыс Педагог балаларға фигуралар жиынтығын – шеңберлерді, сопақшаларды, шаршыларды, тіктөртбұрыштарды таратады және өздерінің «моншақтарын» немесе өрнектерін жасауды ұсынады. Содан кейін, педагог өлшемі жақын шеңбер мен шаршыны, сопақша мен тіктөртбұрышты салыстыруды ұсынады. Балалар топпен жұмыс жасайды, фигуралардан өрнектер жасайды.

Математика негіздері
Тақырыбы Шар, текше, цилиндр
Міндеті:
геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру

Ойын жаттығуы:
«Пішінді неге ұқсайды?» Суреттен шар, текше, цилиндрге ұқсас бейнеленген заттарды қарауға ұсынады. - Шар неге ұқсайды? (қарбыз, доп, глобус) - Цилиндр неге ұқсайды? (кружка, стақанға) -Текше неге ұқсайды? (текшелер, сыйлық қорапшасына). Кеңістіктік ұғымдарды дамытуға арналған ойын: «Фигураны атап көрсет» үш сөреге

Математика негіздері
Тақырыбы Шар, текше, цилиндр
Міндеті геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру

«Пішінді табыңдар» дидактикалық ойыны. Дорбада (мөлдір емес) әртүрлі геометриялық пішіндегі заттар бар. Тапсырманы күрделендіру үшін жүргізуші дорбадан нақты пішінді табуға тапсырма береді. Бұл ретте бала қажетті пішінді тапқанға дейін бірнеше пішінді кезек-кезек ұстап көреді. Балалардың әрқайсысында «Сиқырлы» дорбаның болуы орынды. Пішіндерді өзара салыстырып: «Шардың қабырғалары бар ма? Шар, текше домалайды ма?» – деген сұрақтарға жауап береді. Ойын ойнайды. Бала пішіндерді қолымен ұстап, сипалап, атауын атайды. Пішіндерді өзара

Қоршаған орта
Тақырыбы Жыл құстары
Міндеті Қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту

«Үшіншісі артық» атты дидактикалық ойынын ұйымдастырады.
Мақсаттары: балалардың құстардың алуан түрлілігі туралы білімдерін бекіту.
Педагог құстардың аттарын араластырып, шатастырып айтады. Қатені байқаған бала қол шапалақтауы тиіс (торғай, қарға, шыбын, суықторғай және т.б.).
Өзекті мәселе: Құстар бізге қандай пайда әкеледі? Талқылайды. «Зиянкес жәндіктер мен кеміргіштерді жояды» деген қорытынды жасайды. Сонымен қатар өсімдіктердің тұқымдарын

	орамалды тастай сала жүгіре жөнеледі. Орамал алған бала қарама-қарсы жақпен жүгіреді.		ойыншықтар қойылады, педагог сөренің жоғарғы оң жақ бұрышында орналасқан пішін бейнеленген карточканы көтеруді сұрайды. Екінші сөренің ортасында. Төменгі сөренің сол жағында және т.б. Балалар карточканы көтергеннен кейін пішіннің қалай аталатынын дауыстап айтуы қаже	салыстырады. Оларды қоршаған ортадағы заттармен салыстырады. Заттардың неге ұқсайтыны туралы қорытынды жасайды. Қызығушылық танытады, педагогті мұқият тыңдайды, ойын ережелерін орындайды	таратып, олардың көбеюіне көмектеседі

Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Сылдырмақпен сылдырлат»

Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары

«Жасыру» саусақ ойыны.

Ойын шарты: Қатысушылар алақанға қысқа қарындашты салады, жұдырықты жұмады және ашады. Қысқа қарандаш аламыз, жұдырыққа қысып, жасырамыз. Ал енді, келесі қолға жасырамыз.
Қарандашты қыса отырып,
Алақанды ауыстырамыз.
Бұл ойында баланың қол икемділігі, танымдық деңгейі артады.

«Салат» саусақ ойыны.

Сәбізді алып тазалаймыз, (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды)
Үккішпен үгіп майдалаймыз, (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды)
Қанттан сеуіп дәмдейміз, (саусақтардың ұшымен қант себеді)
Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді)
Дәруменге байыған. (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді)

Ойын: «Сылдырмақпен сылдырлат »

Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

Ойынның шарты: 5-6 балалар аланның бір жағында сызықтың ар жағында тұрады. Қарама-қарсы жақта орындықтарда бір бірінен арақашықтығы бірдей болып сылдырмақтар /бал-ң санына сай/ жатады. «1-2-3, жүгіріңдер»-деген белгі бойынша балалар сылдырмақтарға қарай жүгіреді, жоғарыға көтереді де сылдырлатады. Бірінші жетіп, сылдырлатқан бала жеңіске жетеді. Сол балалар орындарына барады, басқа ойнаушылар қатысады.

Ұсыныс: Ойынды қиындатуға болады: кедергілерден секіртіп /жіптен, текшелерден, шеңберден өту, т.б./

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Тақырыбы** Ойнайық та ойлайық **Міндеті** өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталау, білімдерін бекіту	**Қазақ тілі** **Тақырыбы:** Неше? Санау **Міндеті**	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** Күзгі жапырақтар **Міндеті** Дауысты	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** «Алтын астық» **Міндеті** өлеңді дауыс	**Шығармашылық бейнелеу әрекеті** **Тақырыбы:** Сазбалшықтан жасалған табақ

	Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Күз мезгілінің суретін аяқтап сал. Күздің белгілерін ата.	сөйлемдерді дауыс ырғағымен түрлендіріп айтуға жаттықтыру . **Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?».** Бірден онға дейін сандарды ретімен қою, санау.2 3 4 1 5 7 6 10 8 9 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 10 9 8 7 6 5 4 3 2 1 **Ойын: «Баспалдақпен жоғары көтеру».** Басбармақ пен сұқ саусақтың көмегімен жоғары турасанау, төмен кері санау (қол моторикасын дамыту).	дыбыстардың дыбысталуындағы ерекшеліктерді түсіндіру Өлеңде қай мезгіл бейнеленген? Не жайлы айтылған? Ақын жапырақтарды неге теңеген? Бұл өлеңнен жапырақтардың жерде алаша сияқты жататынын, алтындай жалтырайтынын, желмен түскен жапырақтар шашуға ұқсап шашылатынын, күз мезгілінің дарқан, кең екенін білдік. Күз мезгілі қандай? Күз мезгілінде айнала сары болады. Ағаш жапырақтары жерге судырап түседі. Жер бетін жапырақ жапқан. Бір жер сары, бір жер – қызғылт сары Керемет көрініс	ырғағымен, логикалық екпінмен жаттауға дағдыландыру Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: – Сендерге өлең ұнады ма? – Өлең шумақтарында не жайында айтылған? – Өлеңді кім жазған? – Алтын астық деген сөзді қалай түсінесің? – Астыққа не жатады? – Астық үлкен еңбектің арқасында келеді дегенді қалай түсінесің?	**Міндеті:**- тәрелкені салу ерекшеліктерін, оны ою- өрекпен безендірудің орындалу тәсілдерін үйрету --табақты мүсіндеу --геометриялық пішіндерден табақ қию -- Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. **Топтық жұмыстар**
Үзіліс: Секіруге арналған ойындар «Көжектер» ойыны.					

Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары

«Кірпі» жаттығуы

Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады)
Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды).
Кіріп кетсе қолыңа,
Өкпелеме жарайма!

Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу.

Мақсаты : қол саусақтарының күрделі үйлесімді қимылдарын дамыту.

А) Алақанды үстелдің үстіне қоямыз. Балалар бірінші оң, содан кейін сол қолдың саусақтарын бір-бірден көтереді. Осы жаттығуды кері жасап, қайталайды.

Б) Алақандар үстелдің үстінде, балалар кезекпен екі қолдың саусақтарын шынашақтан бастап көтереді.

В) Балалар сұқ және ортаңғы саусақтарымен қаламды немесе қарындашты ұстайды. Осы саусақтарын бүгіп, қайтадан қалпына келтіреді., бұл жерде қаламды үлкен саусақтан төмен түсіп кетпеуін қадағалау керек.

Г) Үстелдің үстінде 10-15 қарындаш немесе есептік таяқшалар жатыр. Оларды бір-бірден алып қолға жинау керек. Содан кейін тура солай қайтадан үстелге қою керек. Екінші қолмен көмектесуге болмайды.

Ойын: «Көжектер»

Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Eптілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты салтына тәрбиелеу.

Шарты: Балалар шеңбер жасап тұрады. Бір бала "түлкі" болады. Қалғандары көжектер секіріп билеп жүреді. Түлкі сыбдырды естіп көжектерді қуады. Қаша алмай қалған көжектерді түлкі ұстап алады, ойын осылай қайталана береді.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Дене шынықтыру **Тақырыбы «Біздің стадион»** **Міндеті:** Әртүрлі жүру түрлерімен жүруге үйретуді жалғастыру (аяқты айқастырып жүру, отырып және жартылай отырып жүру, артпен жүру – 4 метр), қолдарының үйлесімді ырғақпен қозғалу шеберліктерін (машықтарын) дамыту **Аяқты уқалау** (Б.қ. – малдас құрып отыру). Мақсаты: аяқтағы белсенді биологиялық нүктелерді уқалау. Аяқтың энергетикалық каналдарын тазалау. Сол аяқтың табанын алдына тартып, башпайларды уқалайды, башпай араларын сипалайды, башпайлардың арасын ашады. Өкшені қатты қысады, табанды сипалайды, шымшиды. Табандарын айналдырады, табанды алақандарымен шапалақтайды. Осылайша оң табанды уқалайды	**Музыка** **Тақырыбы** «Сабантойды тойлаймыз» **Міндеті:** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту **Музыка тыңдау:** «Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова) **Ән айту:** «Сабантой» (Е. Хасанғалиев) «Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Марш» (Е. Андосов) **Билер:** «Көңілді қолшатырлар биі (педагогтің таңдауымен) Ойындар, хороводтар: «Теңге алу» қазақтың ұлттық ойыны («Адай» Құрманғазы, үнтаспадан)	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы «Менің отбасым»** **Міндеті** Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға үйрету, күш секілді дене сапасын дамыту **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім жылдам?» (5 рет).** Төрт бағыттаушыны таңдап, оларға әртүрлі түсті орамал үлестіреді. Төрт тізбекке бағыттаушылардың (командирлердің) артында тұрады. Белгі бойынша көздерін жұмады. Бағыттаушы педагогтің көрсеткен жеріне барып тұрады да, орамалды көтереді. Ойыншылар өз бағыттаушыларын іздеп	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы «Менің үйім»** **Міндеті -** Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға жаттықтыруды жалғастыру, допты алдыға, жоғары лақтыра білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту **Саусақ гимнастикасы: «Менің үйім»** «Тау басындағы үйді көріп тұрмын (алақандарыңды қосып, үй жасаңдар), оның айналасы жап-жасыл (қолдарыңмен толқын тәрізді қимылдар жасаңдар). Мынау – ағаш, мынау – бұталар (ағаш пен бұталарды бейнелеңдер). Мынау – хош иісті гүлдер (алақандарыңмен гүлдің қауызын жасаңдар). Үй қоршаумен қоршалған (ауада саусақтарымен ирек сызықтар сызады).	**Музыка** **Тақырыбы** «Сабантойды тойлаймыз» **Міндеті** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту **Музыка тыңдау:** «Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова) **Ән айту:** «Сабантой» (Е. Хасанғалиев) «Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Марш» (Е. Андосов) **Билер:** «Көңілді қолшатырлар биі (педагогтің таңдауымен) Ойындар, хороводтар: «Теңге алу» қазақтың ұлттық ойыны («Адай» Құрманғазы, үнтаспадан)

			табады да оның артына тізбекке тұрады.	Аула іші тап-таза (ауаны сипалаңдар), қақпаны ашамыз (қақпаны ашқан тәрізді бейнелейді). Үйге қарай жүгіреміз (саусақтар «жүгірді»), есікті қағамыз: (жұдырықпен): түк-түк-түк. Есікке кім жақындап келе жатыр? (Алақанға құлақтарын тосады), Біз қонаққа келдік, көп базарлық әкелдік (қолды алдыға созып, бір нәрсе әкеле жатқандай бейнеленеңдер)».	
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	**Бақылау:** Тұманды бақылау. **Мақсаты:** Күздегі тұманды бақылау , тұманның қайдан пайда болатынын түсіндіру. **Еңбек** : Ағаштардың түптерін қопсыту. **Мақсаты:** Табиғатты аялай білуге , өсімдіктерге қамқор болуға , оларды күтіп – баптауға тәрбиелеу. **Жеке жұмыс: Мақал-мәтел.** Таза болса- табиғат, Аман болар – адамзат **.** **Мақсаты:** Мақал жаттату арқылы баланың сөздік қорын жетілдіріп, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың табиғат , денсаулық туралы түсініктерін тереңдету. **Ойын: « Біз кішкене отбасы »** **Мақсаты:** Үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.Отбасы мүшелерін дұрыс атауға үйрету. **Қимылдық ойын: « Шымшық доп »** **Ойын барысы** : Алаңның ортасындағыбір тағанның үстіне ұзындығы 30 см, ені 6-7 тақтайшаны қисайтып қояды.Оның төменгі жағына кішкене доп қойылады.(Доп дұрыс орналасу үшін тақтайға ойыс жасап қою қажет).Ойнаушылавр тақтайшадан айналып тұрады.Басқарушы таңдап алынады.Ол тақтайшаның жоғарырақ тұрған бос шетін аяғымен теуіп қалғанда, доп жоғары секіріп кетеді.Ойнаушылар оны ұстап алады.Допты ұстап алған бала басқарушы болады да, ойын қайталанады. Ойынға бір мезгілде 5-6 баладан қатыса алады. **Балалардың өз бетімен ойынын ұйымдастыру:** **1.Жарысу.** **2.Төбешікке секіру.**	**Бақылау:** Шықты бақылау. **Мақсаты:** Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы. **Еңбек** : Ағаш бұтақтарын жинау. **Мақсаты:** Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету. **Жеке жұмыс: « Менің Отаным » өленін жаттату.** Отан – менің ата-анам, Отан-досым , бауырым. Отан-өлкем, астанам, Отан-туған ауылым. **Мақсаты:** Отанын сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу. Патриоттық сезімдерін арттыру. **Ойын:** « Қояндар секіреді » . **Мақсаты:** Қос аяқпен секіруге үйрету.Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. **Қимылдық ойын:** « Қаздар мен бақташы » . **Ойын барысы:** Ойыншылардың ішінен қасқыр мен бақташы таңдап алады.Басқа балалар болады.Ортадан бір сызық созылады.Ол-қаздардың үйі болады.Бақташы қаздарды жайып шығады.Олар далада жайылып жүреді. Бақташы: Қаздар, қаздар!? Қаздар: га,га,га Бақташы:тамақ жейсіңдер ме? Қаздар: иә, иә, иә. Бақташы: Ендеше ұшыңдар. Қаздар:жоқ , аш қасқыр бар Жібермейді ол жолда Бақташы: тез ұшыңдар қалайда ! Осы кезде қаздар қанаттарын қағып ұшып бақташыға қарай жүгіреді. Қасқыр ұстағандарын жинап қояды. Екі рет оянғандарында ауысып басқа балаларға кезек береді. Еркін ойындар. **Тренинг:** « Қаздар болып ұшайық » .	**Бақылау:** Өткінші жаңбырды бақылау. **Мақсаты:** Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы , жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны , саяжайдағы көкөніс, жеміс – жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру. **Еңбек** : Ағаш түптерін қопсыту **Мақсаты:** Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. **Жеке жұмыс:** « Еңбекпен ел көгерер, Жаңбырмен жер көгерер » . **Мақсаты:** Мақал үйрету арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. **Қимылдық ойын** : « Допты қуып жет » . Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа ,ептілікке тәрбиелеу. **Қимылдық ойын: « Кім тезірек? »** **Мақсаты:** Секіргішпен секіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту,ептілікке тәрбиелеу. **Ойын барысы:** Балалар қолдарындағы секіргішпен алаңның бір жағына, бір-біріне бөгет жасамай сапқа тұрады.Олардан 15-20 қадам қашықтықта сызық сызылады немесе жалаушалар байланған жіп тартылады. Балалар келісілген сигнал бойынша бір мезгілде сызыққа бағыттала секіреді.Тәрбиеші сызықтың үстіне түскен баланы белгілеп алады. **Тренинг:** « Қолшатыр » .	**Бақылау:** Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау. **Мақсаты:** Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деәсер ететіндігін түсіндіру. **Еңбек** : Біздің ойын алаңы **Мақсаты:** Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбеққорлыққа баулу. **Жеке жұмыс** : Жел тынымсыз гүілдеп, Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. **Мақсаты:** Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету.. **Қимылдық ойын:** « Айгөлек-ау, айгөлек » . **Мақсаты:** Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, епті лікке баулу. **Қимылдық ойын: « Фигура жасап шық »** **Ойын барысы** : Ойнаушылардың арасынан бастаушы таңдалынып алынады.Ол шеткірек тұрады. Балалардың қалғандары жүгіреді , бір аяғымен екінші аяғын шалыс баса (ирек жүріспен) алаң бойы секіреді. Тәрбиешінің сигналынан, дабыл қағу немесе « тоқта » деген сөзден кейін барлығын орындарына барып қозғалмай тұрады.Басқарушы барлық « фигураларды » айналып шығып , ең ұнайтынын таңдап алады. Енді басқарушы бала беруші болып саналады да, ал алдыңғы басқарушы қалған балаларға қосылады да , ойын қайталанады. **Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру:** Қуаласпақ. Тығылыспақ. **Тренинг: « Киіз үй » .**	**Бақылау:** Кемпірқосақты бақылау . **Мақсаты:** Күз ерекшеліктерін түсіндіре отырып , жаңбырдан кейін аспанда әшкейленген кемпірқосақ шығатыны туралы түсінік беру. Түстерін ажыратып айту. **Еңбек** : Біздің аула **Мақсаты:** Ауладағы ағаш бұтақтарын жинау .Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. **Жеке жұмыс** : Жұмбақ: Алдым да әр түрінен жібек жіптің , Аспанға әшекейлеп Кесте тіктім. (Кемпірқосақ) **Мақсаты** : Түстерді ажырата білу. Балалардың ой – өрісін дамыту, есте сақтау қабілетін арттыру. **Қимылдық ойын: « Тышқан мен мысық » .** **Мақсаты:** Балаларды епті лікке , шапшаңдыққа үйрету. **Қимылдық ойын:** . « Қимақ » . **Ойын барысы:** Бұл ойынды жіп керіп , сол керілген жіпке әр түрлі ұзындықта кішкентай ойыншықтар байлап қояды.Ойын көңілді болу үшін ойыншының көзін байлап қояды.Ойын бастаушы оның қолына қайшы ұстатып, « осы ойыншықтан барда қалағаныңды қиып ал » ,- дейді.Ойыншы қиып алған ойыншығын алады.Егер бірінші рет қия алмаса , екінші рет әрекеттенуге болмайды. **Дербес ойындар:** **1.Өткеншек тебу.** **2.Ирек жолмен жүру.**
	Ата –аналарға кеңес	***Ата –аналарға кеңес***	***Ата –аналарға кеңес***	***Ата –аналарға кеңес***	***Ата –аналарға кеңес***

Балаларды үйге қайтару	Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «А» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі **1-апта** 07 - 11 қараша 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	«Дұрыс көрсет, ажырат» **Мақсаты**: Балалардың тағамдар мен ыдыстар туралы біледі, олардың атауларын айта алады.	**«Өзім және отбасым»** **Мақсаты**: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы айта алады бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсінеді	**«Мамандықтың бәрі жақсы»** **Мақсаты**: балалар әр түрлі мамандық иелерін біледі.	**«Бұны қай кезде киеді?»** **Мақсаты**: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндай алады	**Бақша да ма,бау да ма?** **Мақсаты**: Жемістер мен көкөністерді ажырата алады
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Шарикті үрлеу». (үстел үсті ойыны)	«Гүлді құрастыру»Топтық ойын	Жапырақ гүлін жасау	Фантикті жинау	Қағазды бүктеу,жазу
Гимнастикалық жаттығу	**Гимнастикалық жаттығу кешені № 5**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін	Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін	Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін	Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін	Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті: -** Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту Түбірлес сөздердің мағынасын түсіндіру	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Дидактикалық ойындар арқылы буындардан	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** үш дыбысты сөздерге	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Дыбысты талдау жасату арқылы дауысты,	**Көркем әдебиет** **Міндеті: -**диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру

	Шаштараз Ұжымшарға жаңадан, Келген еді шаштараз. Өзі сондай таза адам, Өсіп кеткен шашқа араз Кім бөлмесе көңілін, Өсті екен деп баста шаш. Салақ болса кімде-кім, Соны ұнатпас шаштараз өлең ішінен түбірлес сөздерді тапқызу	сөз құрай алу дағдыларын дамыту буындардан сөз құрауға үйрету **«Буынға бөл» дидактикалық жаттығуы** Балалар сөздерді буынға бөледі, неше буын бар екенін айтады. Буынға бөлуге болатын сөздер: күй-ші, би-ші, пы-сық, кі-ші, ә-кім, а-қын, ма-ман. **«Буынды қос» дидактикалық ойыны** – Балалар шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, буынды қосып, сөзді жалғастырады. Мысалы:(ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады	дыбыстық талдау жасау Дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру **«Кім білгіш?» дидактикалық ойыны** **Мысалы:** б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, щ, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н. Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. - Дауысты дыбыстарға қызыл текше; - дауыссыз дыбыстарға көк текше көтеру арқылы ажыратады	дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру дыбыстық талдау туралы білімдерін жетілдіру . **«Айтылған дыбысқа сөз ойла» дидактикалық ойыны.** Дұрыс жауапқа педагог жұлдызша беріп отырады, ойын соңында жеңімпаз анықталады. 1-тапсырма. Педагог балаларға «д» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. – Доп, дос, дорба, дән, дақыл, Дарын, дала, домбыра, Думан, дуадақ т.б. 2-тапсырма. Педагог балаларға «м» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. – Мақта, мысық, моншақ, мал, малта, Маржан, магнит, мейіз, мол, мақұл т.б. 3-тапсырма. Педагог балаларға «т» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. – Тарақ, тақия, тазы, тоқым, толық, толқын, темір, табақ, тиек, тара, тамақ, тал, тон, тұз т.б. Педагог бір баланы тақтаға «тал « сөзіне дыбыстық талдау жасатады. Қалған балалар орындарында жасайды.	ертегі мазмұнын ойнату арқылы театр мәдениетіне баулу Балалар, суреттен нені көріп тұрсыңдар? – Мысық қалай дыбыстайды? – Ол нені жақсы көреді? – Бүгін «Мақтақыз бен мысық» атты қазақ халық ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегінің әңгімеден айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан құрастырады. Ертегіні оқып беріп, мазмұнын ашу Ертегі не туралы? – Мақтақыз не тауып алды? – Мақтақыз мысықты қалай жазалады? – Мысық қатық іздеп жүргенде нелерге кездеседі? – Мысық құйрығын қалай қайтарып алды?

Үзіліс : Жүгіруге арналған ойындар «Аюдың апанында»

Тілді жаттықтыратын жаттығулар...

1. « Айнаға қарап жаттығу жасау»
2. *Бағынбайтын тілді жазала.*
Мақсаты: Тіл еттерін бағынышты етіп, кең түрде жалпийтып ұстауға үйрету;
Бейнелеуі : Ауызды кішкене ашып, тілді астынғы ерінге салу керек. Ерінді еппен қимылдатып, мынадай дыбысты шығару керек: «пя-пя-пя». Жалпақ тілді қалыпты жағдайда ұстай отырып, ауызды ашып, 1-10 дейін санау.
Әдістемелік нұсқау :
Төменгі ерінді бұрап, астынғы тістерге тартпау керек;
Тіл жалпақ болып , қырлары ауыздың бұрыштарына тимеу керек;
Тілді ерінмен бірнеше рет, бір дем шығаруда шапалақтау керек. Бала демді бөгемеу керек. Жаттығудың орындауын былай бақылауға болады: мақтаны баланың аузына қарай әкеліп ұстау. Бала жаттығуды дұрыс істеп отырса, мақта ауытқып кетеді. Бұл жаттығу басқасымен қатар, бағытталған ауа ағынын істеп шығаруына мүмкіндік жасайды.

Ойын: « Аюдың апанында»
Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.
Ойынның шарты: Бір жақта аюдың апаны болады. Екінші жақта балалар тұратын үй болады.Тәрбиеші аюды балалардың ішінен біреуін тағайындайды.Тәрбиеші: «Балалар қыдырып келіңдер»,- дегенде балалар үйлерінен шығып, саңырауқұлақ теріп, көбелек ұстап,орман қыдырады /еңкееді, түзеледі, басқа қозғалыс жасайды/. Олар дауыстап айтады:
-Біз аюдың қасында
Жеміс- жидек тереміз,
Аю ұйықтамайды,
Аю ырылдайды.
«Ырылдайды»,- деген сөзден кейін аю үйлеріне қашып бара жатқан балаларды ұстай бастайды. Аюдың қолы тиген балалар акюдың апанында қалады. Бірнеше рет ұсталғаннан кейін аюдың рөліне басқа бала тағайындалады. Ойын 3-4 рет қайталанады.
Ұсыныс: Ойынның басқа нұсқасы болуы мүмкін- екі аюмен ойнауға болады.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қоршаған орта	**Математика негіздері**	**Математика негіздері**	**Математика негіздері**	**Қоршаған орта**

	Міндеті: Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну заттар, олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру. ***«Көп ойла, сөз ойла» ойыны.*** *Балаларды екі топқа бөліп, топтағы ағаштан жасалған заттарды атауды және темірден жасалған заттарды атауды ұсынады.* *1-топ ағаштан жасалған заттарды атайды.* *2-топ темірден жасалған заттарды атайды.* *Қай топ көп сөз айтса, сол топ жеңімпаз деп танылады* *«Көп ойла, сөз ойла» ойыны.* *Балаларды екі топқа бөліп, топтағы ағаштан жасалған заттарды атауды және темірден жасалған заттарды атауды ұсынады.* *1-топ ағаштан жасалған заттарды атайды.* *2-топ темірден жасалған заттарды атайды.* *Қай топ көп сөз айтса, сол топ жеңімпаз деп танылады*	**Міндеті:** Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту : уақыт ұғымдары туралы білімдерін қалыптастыру – Қабырғадан қарап тұр, Уақытты санап тұр. (Сағат) Ағайынды екеуі Шеңбер бойы жүгірген. Аласа бойлы ағасы Бір айналып өтеді, Ұзынтұра інісі Сағат сайын өтеді. (Сағат тілдері.) – Сағат адамға нені білуге көмектеседі? (Уақытты.) Бүгін біз оқиғалардың ұзақтығы мен кезектілігін, яғни ненің бұрын, ненің кейін болғанын анықтап білеміз Педагог балалардың таңертең, күндіз, кешке, түнде не істейтіні туралы сұхбат жүргізеді. Ата-аналар балаларды балабақшаға қашан әкеледі және қашан алып кетеді? Балалар қай уақытта ұйықтайды, түскі тамағын қай кезде ішеді?	**Міндеті:** Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту уақыт ұғымдары туралы білімдерін қалыптастыру Сағаттың модельдерімен жұмыс Алдарыңызда жылжымалы тілі бар сағат моделі. Мен атаған уақытты сағат тілімен көрсету керек. Сағаттың 5 болғанын сағат тілімен қойыңдар. Сағат тілдерін қалай қойдыңдар? (Сағаттың қысқа тілі 5 цифрын, ал ұзыны 12-ні көрсетеді.)	**Міндеті:** Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), анықтау уақыт ұғымдары туралы білімдерін қалыптастыру **«Күн мен түн» дәстүрлі ойыны.** Педагог «күн» деген кезде, балалар секіреді, «түн» дегенде, тоқтап қалады. Балалар ережеге сәйкес орындайды\ «кеше», «бүгін», «ертең» сөздерін енгізу Балалардан кеше не болғанын еске түсіруді сұрайды. Ал бүгін не істеп жатыр? Ертең не істегілері келеді? 3 оқиға бейнеленген суреттер Мысалы, кеше олар ертегі оқыды, бүгін сурет салды, ертең олар гүлдерді суарады. Балалар сөздерді хормен қайталайды: кеше – ол өтіп кеткен. Бүгін – қазір болып жатыр. Ертең – ол болды.	**Міндеті:** Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау Тұрмыстық бұйымдарды қолдану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға Дағдыландыру **«Қасиетіне қарай топтастыр» ойыны.** Педагог бір баланы шақырады. Ол бала теріс қарап үстел үстіндегі карточканы алады. Бала карточканы алып, ондағы ненің суреті екенін айтады. (Әйнек) Педагог тағы үш баланы шығарады. Балалар үстел үстіндегі әйнектен жасалған заттарды бос орынға қояды. Мысалы, гүлсауыт, бокал, банкі. Тағы бір бала шығып, ағаштың суреті бар карточканы алады. Үш бала шығып, ағаштан жасалған заттарды бос орынға жинайды: қарындаш, ағаш тақтай, ағаш табақ. Келесі шыққан баланың карточкасындағы сурет – темір. Темірден жасалған тәрелке, шеге, қасықты топтастырып, бір жерге қояды. **«Адамға күнделікті жұмысын жеңілдететін нәрселерді тап» ойыны**. Педагог ойын ережелерін түсіндіреді. – Мен сендерге әртүрлі суреттерді көрсетемін. Егер суретте адамның күнделікті өмірде жұмысын жеңілдететін зат көрсетілсе, шапалақтайсыңдар, ал егер ол басқа зат болса, шапалақтамай, тыныш отырасыңдар. Педагог балаларға әртүрлі суреттерді көрсетеді: шар, кіржуғыш мәшине, автомобиль, жалауша, миксер, гүл, электр пеші
Үзіліс: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар « Дөңгелекті лақтыру »					

Тіл ұстарту жаттығуы

1) Ша-ша-ша
Жап жасыл шырша.

2) Ар-ар-ар
Қандай аппақ қар.

3) Ыс-ыс-ыс
Келіп қалды қыс

4) Лар-лар-лар
Далада ойнаиды балалар.

Ойын: « Дөңгелекті лақтыру »
Мақсаты: Балаларды белгіленген бағыты көздей білуге,ептілікке,шапшаңдыққа үйрету.
Ойынның шарты: Ойын дөңгелектерді көздеп лақтырудан тұрады,дөңгелектің диаметрі 15-20см. Ал таяқшаның ұзындығы 30-40см.
Балалар қатарға тұрып 1,5-2метр ара қашықтықта дөңгелектерді таяқшаға дәлдеп лақтырып кіргізу керек.Балалар ойынды бірін кейін бірі жалғастырып ойнай береді.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қазақ тілі
Міндеті: -Шағын өлеңдер, санамақтар жаттату,
-Шағын өлеңдер, санамақтар жаттату, санамақтар жаттау, тура және кері санау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету

Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?».
Бірден онға дейін сандарды ретімен қою, санау.
2 3 4 1 5 7 6 10 8 9 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 10 9 8 7 6 5 4 3 2 1

Ойын: «Баспалдақпен жоғары көтеру».
Басбармақ пен сұқ саусақтың көмегімен жоғары тура санау, төмен кері санау (қол моторикасын дамыту).

Санамақ жаттау.
Бақшада жақсы аға
Ойыншық береді.
Бір балық,
Екі шелек,
Үш үйрек,
Төрт түлкі,
Бес бүркіт.

3-4 бала санамақты қайталайды.

Қазақ тілі
Міндеті: Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту
апта күндерінің қазақша атауын дұрыс айту, есте сақтауға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну

Тақпақ «Апта күндері»
Апта деген атайдың
Жеті бірдей ұлы бар.
Біріншісі – дүйсенбі,
Екіншісі – сейсенбі,
Үшіншісі – сәрсенбі,
Төртіншісі – бейсенбі,
Бесіншісі – жұма,
Алтыншысы – сенбі,
Жетіншісі – жексенбі .

Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).
Ү-ү-ү-ү- дүүй-сенбі
Ә-ә-ә- сәәр-сенбі
Ұ-ұ-ұ- жұұ-ма

Сөйлеуді дамыту
Міндеті: Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, Балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу

–Балалар, таза, ұқыпты бала деп қандай баланы айтамыз?
–Енді «ұқыпты бала» дегенге мағынасы қарама-қарсы сөз айтыңдаршы?
–Сендер өздеріңді қандай балаға жатқызар едіңдер?
–Өздерің таза жүресіңдер ме?

Көркем әдебиет
Міндеті: Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу
сюжет бойынша ертегіні сахналау
Ертегі жүйесін сақтап сахналау
Педагог ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналауды ұсынады. Сиқырлы қоржыннан
алған ертегі кейіпкерлерінің суреті бойынша рөлдерге бөлінеді. Қалған балалар көрермен
болады. Сахналау аяқталғанда көрермендерге қарап, иіледі. Көрермендер қол шапалақтайды.

Жұмбақты шеш.
Тонын киіп туған,
Жалап бетін жуған.
(Мысық)

Шығармашылық бейнелеу әрекеті
Міндеті: - балаларды үй тұрмысына қажетті заттармен таныстыру;
- Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу
- аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру
- Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру
- құмыра туралыбілімдерін жетілдіру, құмыраны сала
білуге,мүсіндекге,жапсыруға, құрастыруға үйрету

Топтық жұмыстар

Үзіліс: Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар
«Оң жақта» .

Саусақ гимнастикасы
Саусақ ойындарын ойнату үшін алдымен балаларға қарапайым саусақ жаттығуларын жасату қажет. Саусақтары жаттыққан бала сөзді немесе өлеңді ойын қимылдарын тез орындап үйренеді.
1. «Кір жуамыз». Балалар жұдырығын қысып, «кір жуамыз» дегенде екі жұдырығын бір-біріне тигізбей қарама-қарсы қозғалтады.
2. Тары мен күрішті жинау. Балаға кішкене кесеге араластырылып салынған тары мен күріш беріледі. Тарыны бір кесеге, күрішті екінші кесеге салу тапсырылады.
3. Қуыршақтың белбеуін байла. Балаға қуыршақ және үш өрімді белбеу беріліп, «қуыршақтың белбеуін байла» деп тапсырма беріледі. Алғашында қиынсынса көмектесу керек. Біртіндеп жаттығу күрделенеді. Әрі қарай баланың өзі де қуыршақтың, кейін өзінің белбеуін, аяқ киімінің бауын еркін байлайтын болады.



Ойын: «Оң жақта»
Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру.
Ойын барысы: балалар кілемді жағалай отырады. Кілемнің барлық жағында 5-6 ойыншықтан орналасқан.
1 нұсқа: педагог балалардың оң қолдарын көрсетуін өтінеді. Кейін бір балаға ортаға шығып оң жағында қандай ойыншықтар тұрғанын атауын сұрайды. Ойын барысында келесі балалар да ойыншықтарды атайды, бірақ әр бала өз бағыттарын өзгертіп тұрады.
2 нұсқа: педагог не бала бір қатарда тұрған ойыншықтарды атап шығады да, кілемнің ортасында тұрған баладан оның оң жағында қандай ойыншықтар барын атауын өтінеді.
3 нұсқа: педагог бір баладан өзі атаған қатардағы ойыншықтардың (ойыншықтар атауын атайды) оң жағында орналасындай тұруын өтінеді.
Қажетті заттар: әртүрлі ойыншықтар.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Дене шынықтыру **Міндеті: -** кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолды айналдырып алдымен төмен түсіріп, сонан соң көтеріп, түзу ұстап артқа жіберіп барып лақтыру шеберліктерін (машықтарын) дамыту Сызылған сызық бойына екі қатарға сап түзеп тұрады. Допты дұрыс ұстау қалпы: үш саусақпен доптың арт жағынан, бас бармақ және шынашақпен доптың екі жағынан ұстайды. Допты алысқа лақтыруға тырысады. Педагогтің бұйрығы бойынша допты жүгіріп барып алып келіп, саптың алдында тұрған баланың артына келіп тұрады. (4 рет)	**Музыка** **Міндеті: -**Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету динамикалық ерекшеліктерін ажырата білу **Музыка тыңдау**: «Аққу» (Н. Тілендиев, үнтаспа) Ән айту: «Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров) «Сабантой» (Е. Хасанғалиев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен) Билер: «Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Аспаптардың дауысын ажырату»	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу Командалық қимыл-әрекеттерді орындай отырып есте сақтау мен зейінін жақсартуына жағдай жасау. Лек-легімен келіп, кедергілер алабынан өтуге, өз әрекеттерін командасымен үйлестіруге үйрету Тізбекпен кедергілер алабынан өту. Тізбек құрып, кедергілер алабының қасына келеді. (Кегельдер, доғалар, құрсаулар, жолақтар). Белгі бойынша кедергілер алабынан өтеді: кегельдерді айналып өтіп, доғалардың астынан өтіп, жолақтың үстімен жүгіріп өтеді. Нұсқау – тізбек шашырап кетпеуі керек	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр Еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып, тепе-теңдік сақтап және әдемі жүруді бекіту **Тепе-теңдік** «Түсіріп алма» ойын-жаттығуы: еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып жүру. Тепе-теңдіктерін сақтауға тырысады: дене бітімдерін түзу ұстап, бастарын төмен түсірмей, қолдарын екі жаққа созып, жіп үстімен жүреді	**Музыка** **Міндеті:** Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту**.** Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту **Музыка тыңдау:** «Аққу» (Н. Тілендиев, үнтаспа) Ән айту: «Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров) «Сабантой» (Е. Хасанғалиев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен) Билер: «Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Аспаптардың дауысын ажырату»
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	***Бақылау: Шықты бақылау.*** ***Мақсаты: Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы.*** ***Еңбек : Ағаш бұтақтарын жинау.*** ***Мақсаты: Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету.*** ***Жеке жұмыс: « Менің Отаным » өлеңін жаттату.*** ***Отан – менің ата-анам,*** ***Отан-досым , бауырым.*** ***Отан-өлкем, астанам,*** ***Отан-туған ауылым.*** ***Мақсаты: Отанын сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу.*** ***Патриоттық сезімдерін арттыру.*** ***Ойын: « Қояндар секіреді » .*** ***Мақсаты: Қос аяқпен секіруге үйрету.Ептілікке, шапшаңдыққа баулу.***	*Бақылау: Өткінші жаңбырды бақылау.* *Мақсаты: Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру.* *Жаңбырдың пайдасы , жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны , саяжайдағы көкөніс, жеміс – жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру.* *Еңбек : Ағаш түптерін қопсыту.* *Мақсаты: Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру.* *Жеке жұмыс: « Еңбекпен ел көгерер,* *Жаңбырмен жер көгерер » .* *Мақсаты: Мақал үйрету арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ*	*Бақылау: Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау.* *Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деәсер ететіндігін түсіндіру.* *Еңбек : Біздің ойын алаңы* *Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу.* *Жеке жұмыс : Жел тынымсыз гуілдеп,* *Болып кетті тым бұзық* *Шуылдайды тал терек,* *Жапырағын жұлғызып.* *Мақсаты: Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету..* *Қимылдық ойын: « Айгөлек-ау, айгөлек » .* *Мақсаты: Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.*	***Бақылау: Ауа-райын бақылау.*** ***Мақсаты: Күннің қанша градусқа төмендегенін бақылау. Күзгі табиғат құбылыстарын түсіндіру.*** ***Еңбек : Гүл тұқымдарын жинау.*** ***Мақсаты: Гүлдің тұқымнан өсетінін түсіндіру, көктемде тұқымды гүлзарларға себетіндігіміз, тұқымнан гүл өсетіндігін түсіндіру.*** ***Жеке жұмыс: Сипап өткен самалға,*** ***Тербеледі сары алма.*** ***Көз салып едім бақшаға,*** ***Қауын біткен сары ала.*** ***Дидактикалық ойын: « Жемістер мен көкөністер » .*** ***Мақсаты: Жемістер мен көкөністерді ажырату.Олардың адам ағзасына тигізер пайдасын түсіндіру.*** ***Қимылдық ойын: « Тышқан мен мысық »***	***Бақылау: Көгершінді бақылау.*** ***Мақсаты: Балаларға көгершінің немен қоректенетіні, қайда мекендейтіні , тұмсығы дене пішіні түсі, қалай дыбыстайтынын үйретіп , оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.*** ***Еңбек : Ауладағы құстарға жем беру.*** ***Мақсаты: . Табиғатты аялай білуге , құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.*** ***Жеке жұмыс: Жылы жаққа ұшпайтын Біздің жақта қыстайтын*** ***Құстар жүрсе жуықта,*** ***Жем шашуды ұмытпа!*** ***Мақсаты: Балаларға тақпақ жаттата отырып , есте сақтау қабілеттерін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге мүмкіндік туғызу.*** ***Ойын: « Шымшық доп » .*** ***Мақсаты: Допты қатты тебуге, оны ұстап алуға үйрету.Ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.*** ***Қимылдық ойын: « Ұстаушы, лентаны ал » .***

	Қимылдық ойын: « Қаздар мен бақташы » . ***Ойын барысы: Ойыншылардың ішінен қасқыр мен бақташы таңдап алады.Басқа балалар болады.Ортадан бір сызық созылады.Ол-қаздардың үйі болады.Бақташы қаздарды жайып шығады.Олар далада жайылып жүреді.*** ***Бақташы: Қаздар, қаздар!?*** ***Қаздар: га,га,га*** ***Бақташы:тамақ жейсіңдер ме?*** ***Қаздар: иә, иә, иә.*** ***Бақташы: Ендеше ұшыңдар.*** ***Қаздар:жоқ , аш қасқыр бар Жібермейді ол жолда*** ***Бақташы: тез ұшыңдар қалайда ! Осы кезде қаздар қанаттарын қағып ұшып бақташыға қарай жүгіреді.*** ***Қасқыр ұстағандарын жинап қояды. Екі рет оянғандарында ауысып басқа балаларға кезек береді.*** ***Еркін ойындар.*** ***Тренинг: « Қаздар болып ұшайық » .***	*арқылы баратындығын түсіндіру.* *Қимылдық ойын : « Допты қуып жет » .* *Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа , ептілікке тәрбиелеу.* *Қимылдық ойын: « Кім тезірек? »* *Мақсаты: Секіргішпен секіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту, ептілікке тәрбиелеу.* *Ойын барысы: Балалар қолдарындағы секіргішпен алаңның бір жағына, бір-біріне бөгет жасамай сапқа тұрады.Олардан 15-20 қадам қашықтықта сызық сызылады немесе жалаушалар байланған жіп тартылады.* *Балалар келісілген сигнал бойынша бір мезгілде сызыққа бағыттала секіреді.Тәрбиеші сызықтың үстіне түскен баланы белгілеп алады.* *Тренинг: « Қолшатыр » .*	*Қимылдық ойын: « Фигура жасап шық »* *Ойын барысы : Ойнаушылардың арасынан бастаушы таңдалынып алынады.Ол шеткірек тұрады. Балалардың қалғандары жүгіреді , бір аяғымен екінші аяғын шалыс баса (ирек жүріспен) алаң бойы секіреді. Тәрбиешінің сигналынан, дабыл қағу немесе « тоқта » деген сөзден кейін барлығын орындарына барып қозғалмай тұрады.Басқарушы барлық « фигураларды » айналып шығып , ең ұнайтынын таңдап алады. Енді басқарушы бала беруші болып саналады да, ал алдыңғы басқарушы қалған балаларға қосылады да , ойын қайталанады.* *Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру:* *Қуаласпақ.* *Тығылыспақ.* *Тренинг: « Киіз үй » .*	***Мақсаты: Балаларды тату ойнауға үйрету .Тез жүгіруге , ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.*** ***Қимылдық ойын: . « Доппен ұрып алу » .*** ***Ойын барысы: Балалар дөңгеленіп тұрады.Тәрбиеші жүргізушіні таңдап алады да , допты береді. « Бір, екі , үш » дегенде балалар жан-жаққа қашады.*** ***Жүргізуші доппен ұрады.Кімге тисе сол ойыннан шығады:Ойын осылай жалғасады.*** ***Еркін ойын:*** ***« Қуыршақты киіндіреміз » .*** ***« Отбасы »*** ***Тренинг: « Біз көңілді балалар » .***	***Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа , тапқырлыққа , жылдам шешім қабылдауға үйрету.*** ***Ойын барысы: Ойнаушылар шеңбер жасап тұрады, ұстаушыны таңдап алады.Ұстаушыдан басқасы түсті матаның немесе лентаның қиындысын алады да, оны мойынынан айқара айналдыра байлайды.*** ***Ұстаушы шеңбердің ортасында тұрады.Тәрбиешінің « Жүгір » деген сигналы бойынша балалар бет-бетімен алаңға кетеді.Ұстаушы ойнаушылардың соңынан жүгіріп, біреуінің лентасын суырып алуға тырысады.Лентасынан айрылғандар уақытша бір жаққа шығып тұрады.Тәрбиешінің: « Бір, екі, үш, тездете шеңберге жүгір! » деген сигналы бойынша балалар шеңбер құрып тұрады. Ұстаушышы алынған ленталардың санын есептеп, оны балаларға қайтып береді.Ойынвн жаңадан ұстаушы тағайындаудан басталып , қайталанады.*** ***Тренинг: « Құс болып ұшайық »***
Балаларды үйге қайтару	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ

Мектепалды даярлық О «А» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі **2-апта** 14 - 18 қараша 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Балаларды қабылдау Демалыс күндерін қалай өткізгендерін сұрау Тазалық шараларын жүргізу. Еңбек тапсырмасы:Гүлдердіңшаңын сүрту «Мен өскенде кім боламын?» деген сұраққа жауап алу. Д/о:Бұл құрал қай мамандық иесінікі?	Ата аналары қандай маман иесі екенін әңгімелесу Сурет бойынша әңгіме құрастыру, жұмбақ шешу. Д/о: «Заттарды ажырат». Еңбек тапсырмасы:Кітап сөрелерін сүрту,жинастыру	Д/о «Суреттерді орналастыр» «Балабақша қызметкерлері» тақырыбында әңгімелесу Мақсаты: үлкендердің еңбектерін бағалауға үйрету Еңбек тапсырмасы: Табиғат бұрышын жинастыру,балықтарға жем беру	Суретке қарап әңгімеге тарту «Кім жоқ?» ойыны. Балаларға мамандықтар суреті көрсетіледі. Көздерін жұмуды ұсынып, бір суретті жасырады. Қандай мамандық жоқ екенін табады. Еңбек тапсырмасы: Шығармашылық бұрышын жинастыру,қарындаштарды ұштау	Үстел үсті Қысқыштармен ойналатын ойын «Балабақшада кім еңбек етеді» тақырыбында мазмұнды суреттер ұсыну. Еңбек тапсырмасы: Ойыншық сөрелерін жинау,сүрту,сынған ойыншықтарды қоқысқа тастау
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Үстел үсті, саусақ және т.б. ойындар.** «Суреттерді орналастыр» Ойынның мақсаты: заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.	**Құрылыс ойындары:** «Еңбек құралдары», «Наубайхана құрастырамыз».	**Фотосуреттер қарастыру:** **«Бидай мен қаңбақ»** Фотосуретте бейнеленген ертегі желісі бойыншасурет арқылы орналастыру. **«Бидай мен қаңбақ»** суреті бойынша, әңгіме құрастырып айтып беруге үйрету.	**«Біз дәнбіз»** дикан жерге дән екті (дән сепкен қимылды көрсетеді)Сіркіреп, жаңбыр жауды (қолдарын шапалақтайды) Жер бетіне көгеріп, бидай шықты (қолдарын жоғары көтереді)Жайлап самал жел есті (қолдарын ырғайды)	**Үстел үсті ойыны – пазл:** **«Бидай»** Комбайынмен бидайды, Былай, былай жинайды. Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды? Қаптап ұшқан торғайдан, Оны былай қорғайды. Кіш, кіш, кіш... Қорғап қалған бидайды, Қамбаға әкеп жинайды.
Гимнастикалық жаттығу	Гимнастикалық жаттығу кешені № 5				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**«Бидай»** Комбайынмен бидайды, Былай, былай жинайды. Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды? Қаптап ұшқан торғайдан, Оны былай қорғайды. Кіш, кіш, кіш... Қорғап қалған бидайды, Қамбаға әкеп жинайды.	**«Ақ тілек»** Адал жақсы ниетпен Бар адамға бақ тілеп. Жарып шыққан жүректен, Сөздің бәрі – Ақ тілек!	**«Нанға біз тоямыз»** Көктемде жерді жыртамыз, Тегістейміз тырмалап. Дәндерді оған егеміз, Жайқалып көктеп шықсын деп. Күз болғанда орамыз, Нанға біздер тоямыз.	**«Көлбең, көлбең, көлеңкем»** Көлбең, көлбең, көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем. Тасып піскен бидайды. Айтшы қалай жинайды? Комбайынмен бидайды, Былай, былай жинайды. Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды? Қаптап ұшқан торғайдан	**«Күлімде, Күн, күлімде»** Күлімде, Күн, күлімде, Күлсін барлық бала шат! Берекелі бүгіндей Бейбіт болсын болашақ
Білім беру ұйымының кестесі бойынша	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту	**Сауат ашу негіздері**	**Сауат ашу негіздері**	**Сауат ашу негіздері**	**Көркем әдебиет**

ұйымдастырылған іс-әрекет	**Міндеті:** Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару Дауыссыз дыбыстар. Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарды жалпылама түсіндіру; Қ.Мырза Әлидің **«Ең тәтті дүние»** әңгімесін мәнерлеп оқу **«Таңдап ал да, атын айт».** **Ойын шарты:** Аңдар мен жануарлардың қиынды суреттері ішінен біреуін таңдап алып, атын айтады және оның жүрісін салып береді	**Міндеті: -** Балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту дыбыстық талдау жасайды **Дыбыстармен жұмыс.** **«Дұрыс көрсет» дидактикалық жаттығуы** Балалар мен сендерге сөздер айтамын ал сендер сөз үш дыбыстан тұрса, үш цифрын, егер сөз екі дыбыстан тұрса, екі цифрын көтересіңдер. Мысалы: тай, май, су, бор, қол, бу, жақ, тақ, ақ, қар, лақ, ту, көл, ал, бал, жал, ол, ит, құс, он, сан, ар, бір, тұр, іл, ыр, ор, көр, із, көз, төз, мұз, шөп, көк, ұлу, сүт, үкі, би, қи, ұр, қал, бау, ау, уақ, ай т.б	**Міндеті:** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру сөздердің әртүрлі дыбыстардан тұратынын **«Кім алғыр» дидактикалық ойыны** – Балалар, алдарыңда көк түсті төртбұрыш, дөңгелек, үшбұрыш бар. Мен сендерге дауыссыз дыбыстарды айтамын, сендер дыбыс қатаң болса, көк төртбұрышты, ұяң болса, көк дөңгелекті, үнді болса, көк үшбұрышты көтересіңдер. Мысалы: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, h, ф, х, ц, ч, ш, у	**Міндеті:** Тақырыпқа сай дидактикалық ойындар арқылы дыбыс және дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау . дыбыстарды ажыратады **«Тиістісін көтер» дидактикалық ойыны** Педагог дауысты жуан және жіңішке дыбыстарды айтады, балалар қандай дыбыс екенін ажыратып, дауысты жуан дыбысқа сары түсті дөңгелекті, дауысты жіңішке дыбыстарға қызғылт сары түсті дөңгелекті көтереді. Мысалы: жуан дауысты дыбыстар – а, о, ұ, ы, у; жіңішке дауысты дыбыстар – ә, ө, е, э, і, и, ү, у.	**Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту өлеңді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру Ермек Өтетілеуұлының «Әдептілік әлемі» өлеңімен танысамыз. **Әдептілік әлемі** Қарсы ал ерте күн көзін, Төсегіңді жина өзің. Асықпай іш тамақты, Жина аяқ-табақты. Пышақты ұста оң қолмен, Шанышқыны сол қолмен, Нанды үгітпе, қадірле, Қабығымен бәрін же.

Үзіліс :

Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ **Ойын:***Жүретін саусақтар.* **Мақсаты:**Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту. **Керекті құралдар:** Суреттері бар кітапшалар. **Шарты:** Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады.		**Үстел үстінде ойналатын ойындар.** **Ойын: «Жуылмаған жемістер»**(5-10 мин) **Мақсаты:**Балалардың мәдени – эстетикалық талғамдарын байыту,жемістерді атай алу және олардан қандай тағам жасай алуға болатынын үйрету. **Керекті құралдар:**Кез-келген жеміс(сәбіз,картоп),қатты ысқыш,шұңқыр ыдыс. **Мазмұны:** Ортаға үстел қойып,сол үстел үстіне әкелген сәбіз бен картопты көрсетеміз.Одан кейін оны щеткамен қалай жууға болатынын көрсетеді.Балаларды кезек-кезек шақырып алып,оларға жемісті жуғызып,артынан сол жемістерден салат жасалады.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қоршаған орта **Міндеті:** Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну көлік түрлерімен таныстыруды жалғастырып, олардың қарапайым құрылысы және қажеттілігі жайлы түсіндіру **Демонстрациялық материалмен жұмыс**.	**Математика негіздері** **Міндеті: :** - апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту апта күндері туралы білімдерін қалыптастыру Педагог аттары апта күндеріне сәйкес келетін ағайындылармен ойын ойнауға шақырады: дүйсенбі ... жексенбі. Ағайынды апта күндері	**Математика негіздері** **Міндеті:** - апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту Уақыт туралы ұғымдарды қалыптастыру жұмысын жалғастыру	**Математика негіздері** **Міндеті:**- апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту сандық және реттік санау дағдыларын жетілдіру. Жұмбақ Жаңбыр жауып басылды, Аспан шәйдай ашылды. Қызыл, сары, жасылды, Көк те бір зат асылды.	**Қоршаған орта** **Міндеті:**- -Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту мамандық түрлері, олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру – Қандай мамандық иелері бейнеленген? Суретте суретші, дәрігер, мұғалім,

	– Мынау қандай мәшине? – Өртсөндіргіш мәшинесі. – Ол не істейді? – Өрт сөндіреді. – Мынау қандай мәшине? – Жедел жәрдем мәшинесі. – Ол қандай қызмет көрсетеді? – Жедел жәрдем дәрігері ауырған адамдарға көмек көрсетеді. – Мына мәшинелер қалай аталады? Қандай қызмет көрсетуге арналған? – Апаттық мәшине, полиция мәшинесі. – Бұл көліктер арнайы көліктер деп аталады. Олар адамдарға шұғыл көмек көрсетеді. Бұл мәшинелер арнайы жабдықталған. Жедел жәрдем мәшинесінде қандай құрал-жабдық болады? – Дәрі-дәрмек, оттегі (ауа) толтырылған баллоны т.б. – Суреттен тағы қандай мәшинелерді көріп тұрсыңдар? – Жүк көлігі т.б. – Олардың ең басты қызметі қандай? – Жүк тасу. Бұл көліктерді құрылыста да қолданады. – Мына көліктерді атаңдар. – Автобус, пойыз, ұшақ, кеме. – Бұлардың ортақ атауын табыңдар. – Жолаушылар көлігі. – Жолаушылар көлігі не үшін қажет? – Жолаушылар көлігі адамдарды бір жерден екінші жерге жеткізеді. – Алыс жерлерге қандай көлікпен жетеміз? – Алыс жерлерге ұшақ, кеме, автобус, пойызбен жетеміз. – Ал қоғамдық көлікке не жатады? – Қоғамдық көлікке автобус, троллейбус, трамвай жатады. – Қоғамдық көлікте тәртіп ережелері болатынын білесіңдер ме? Қандай тәртіп ережелерін білесіңдер?	бейнеленген суреттерді қарайды. Оларды санайды (7). Атауы мен ретін хормен қайталауды сұрайды: дүйсенбі – бірінші күн, сейсенбі – екінші күн. Педагог ағайынды апта күндері әрқашан рет-ретімен келетінін айтады. Олардың реттілігін жаттап алу керек. Одан кейін күндерге реттік нөмірлер тағайындауды сұрайды және олардың астына 1-ден 7-ге дейін цифрлар жазылған карточкаларды қояды. Олардың атауларын қайталайды. Ойын жаттығуы: «Дұрыс ата» Педагог цифрды көрсетеді, балалар апта күндерін атайды	Ойын жаттығуы: «Ұқыпты бол» Педагог ойын шартын түсіндіреді:мен апта күндерін атаймын, сендер алақан соғасыңдар. Аптаның Сәрсенбі күнін атағанда алақан соқпайсыңдар	(Кемпірқосақ) Кемпірқосақтың неше түсі бар? Апта күндеріндей Кемпірқосақтың да жеті түсі бар Апта күндерін кемпірқосақтың түсімен бояу **«Келесі апта күнін ата» (доппен) дидактикалық ойыны** Балалар шеңберге тұрады. Бір бала допты лақтырады, аптаның күнін атайды. Екінші бала допты ұстап алып, аптаның келесі күнін атауы керек	шахтер бейнеленген. Балалар мамандық иелерін атайды. Балалар жауаптардың ортақ атауы – мамандық екенін табуы керек. – Қалай ойлайсыңдар, кім қайда жұмыс істейді? – Суретші шеберханада сурет салады. Дәрігер ауруханада, адамдарды емдейді. Мұғалім мектепте, балаларға білім береді. – Ал сендердің ата-аналарың қайда жұмыс істейді? Балалар ата-аналарының қайда жұмыс істейтінін, қандай мамандық иелері екенін айтады. – Балалар, мен тағы бір мамандық иесін атағым келіп тұр. Ол мұғалім де болады, пойызды да жүргізеді, ұшқыш та бола алады, кішкентай баланы да ойната алады, бірақ үнемі экранда жүреді. Оның кім екенін білесіңдер ме? – Ол – актер. – Енді барлықтарың актер боласыңдар. Кім мамандық иелерін қимылмен, ыммен көрсетеді? Балалар оларды қимылмен бейнелейді. – Балалар, сендер үлкен болып өскенде әрқайсысың мамандық таңдайсыңдар. Сендер өздеріңнің болашақтарыңды қалай қиялдайсыңдар? Сенің қиялыңдағы болашаққа қандай мамандықтар керек? Балалар өздерінің кім болғысы келетіндігі туралы әңгімелеп, қиялындағы әлемде ол таңдаған мамандықтың қалай өзгеретіндігі туралы ойларын ортаға салады.
Үзіліс:					

Сюжеттік - рөлді ойын:* «Көше»** ***Мақсаты:Балаларға бағдаршамның атқаратын жұмысын, автобусқа міну, көшеден өту ережелерін үйрету. ***Жағдаят:*** **Бағдарламалық мазмұны:** 1.Балаларға көліктердің түрлері, жүргізушілердің еңбегі және көше қозғалыстарының ережесі туралы түсінік беру. Көше ережелерінің белгілерін түсінуге, ажырата білуге үйрету, көше қозғалыстарының ережелері жайлы білімдерін кеңейту. 2.Көше қозғалыстарының негізгі ережелеріне бағына білуге тәрбиелеу. Ойын атрибуттарын жасау, реттеушіні, жаяуларды, жүргізушілердің рөлін ойнауды уйрету. **Атрибуттар:** түрлі көліктер, коляскалар, велосипедтер, бағдаршам, белгілер, реттеушінің жұмыс киімі, жаяуларға арналған белгілер, жаяулар, жүргізушінің куәлігі,реттеушінің таяғы. Қатысушылар: полиция-реттеушісі, МАИ инспекторы, жүргізушілер, жаяулар. 	***Саусақ ойындары*** **Ойын:« Су толтыру»** ***Мақсаты:*** Қол ептілігін дамыту,ас ішкенде қалай отырып,қасықты қалай ұстайтынын,ыдыстар қалай тұратынын үйрету. **Керекті құралдар:**шұңқыр қасық,шұңқыр тәрелке мен күрешке. **Мазмұны:** Үстел үстіне шұңқыр ыдысқа су құйып қоямыз.Одан кейін 1-ші тәрбиеші өзі көрсетеді.Ыдыстағы суды қасықпен алып,ақырын төгіп алмай күрешкеге құямыз.Осы іс-әрекет бірнеше рет қайталанады. **Тіл дамыту жаттығуы**	***Саусақ ойыны:* «Не өзгерді?»** ***Мақсаты:*** Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру. **Көнекіліктер:** Жеміс пен көкөністің мульяжы. **Ойын барысы:** Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бір-екі түрін араластырып қойып. Балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністің арасынан біреуін алып жасырып қояды. Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. Ойын осылай жалғасады, барлық балалармен бірге ойналады.   **Тіл дамыту жаттығуы**	**Психологиялық ойын:** **Ойын: «Атомдар мен молекулалар»** **Мақсаты:** Бұл ойынды өткізудегі мақсат, сіздердің ұжымдарыныздың бірлігін, ынтымақтастығын анықтау. Ал ойынның атом мен молекула деп аталуы тақырыпқа сай индиго балалардың ДНҚ құрылымының өзі басқа балалардан өзгеше. Яғни ағзасында хромосомалар құрылымы өзгерген. ***Ойын шарты:*** «Барлық ойыншылар кең, бос бөлменің ішінде ары-бері қалай болса солай жүреді, бұл уақытта олар атомдар болып есептеледі. Біздің білетініміздей атомдар молекулаларға айнала алады. Молекулада 3, 4, 5, атомдар бола алады. Ойыншыларға команда бойынша молекулаларға айналу керек. Егер жүргізуші үш десе ойыншылар үштен бірігуі қажет. Реакция бітті деген белгі бойынша қатысушылар қайтадан атомға айналады. Осылайша ойынды бірнеше қайталауға болады». 	**Қабылдауды дамыту және қалыптастыру жаттығулары** **Ойын: *«Дыбыстарды анықта» жаттығуы*** ***Мақсаты:*** Балалардың фонетикалық дыбыстарды менгерту, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. ***Ойын шарты:*** Фонематикалық айыруға қабілетін дамытуға арналған. Бұл қабілеттер оқуға, жазуға, шетел тілдеріне табысты оқытудың негізінде жатыр. Балаға түрлі заттар бейнеленген суреттер ұсынылады (2-сурет). Баланың бұл затты білетіндігін тексеріңіз. Содан кейін сіз кез-келген сөзді айтыңыз және баладан сол дыбыстан басталатын затты көрсетуін өтініңіз. Мысалы, сіз «сүт» сөзін айтасыз, бала «сиыр» суретін көрсетеді, өйткені екі сөз де «с» әрпінен басталады. 

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Міндеті:** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту **Сөйлемдерді тыңда**. Балалар әр апта күнінде не істеді? Суреттен көрсет. Балалар дүйсенбіде доп ойнады. Сейсенбі күні серуенге шықты. Сәрсенбіде сурет салды.	**Қазақ тілі** **Міндеті**: Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру **Ғажайып сәт**. Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** -бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру Дауыссыз дыбыстарды ажырата білу дағдыларын дамыту «Ең тәтті дүние» әңгімесін Рөлге ойнау. **Жаңылтпаш жаттау** Педагог жаңылтпашты қайталау арқылы балалардың	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** -Өленді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Әдептілікке, кішіпейілділікке, сыпайылыққа тәрбиелеу Педагог «Әдептілік әлемі» өлеңін екінші қайтара оқып, мнемокесте бойынша жаттатады **Дидактикалық ойын:**	**Шығармашылық бейнелеу әрекеті** **Міндеті:** - балалардың қоршаған ортадан алған әсерлерін көрсете білуге үйрету, Қазақстанның кең байтақ екенін түсіндіріп, білімдерін кеңейту; - Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу. - Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен

	Бейсенбіде би билеп, ән салды. Жұмада жидек терді. Сенбіде кино көрді. Жексенбіде үйлерінде демалды. Балалар осылай бір аптаны өткізді. Педагог сөйлемдерді оқиды, мазмұнын түсіндіреді. Апта күндерін бірнеше рет қайталатып айтқызады: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі	– Сәлеметсіздер ме?! Қуыршақтар хат алып келеді. Педагог: Қараңдаршы, бізге хат келіпті (ішінде алдын ала салынған балалардың ата-аналарының суреті). – Қандай керемет, мына суретте кім бар? Бала отбасы мүшелерінің фотосуреттерін тауып, олар туралы әңгімелейді	тілін жаттықтырады. Қай тай лақтай? Қай лақ бармақтай?	**«Не істеу керек?»** **Ойын шарты:** Сұрақтарға жауап алу арқылы балаларды әдептілікке жетелеу. – Үлкен кісіні ... керек. – Үлкендердің ... алу керек. – Кішілерге ... керек. – Ойыншықтарды ... керек	бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару - Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану. Сюжеттік композицияларды салдырып.мүсіндепп,жапсырып,құрастыру **Топтық жұмыс**

Үзіліс: .

Аз қимылды ойын:«Кім алысқа» **Мақсаты :** Жүгіру арқылы балалардың аяқ бұлшықеттерін дамытып, жетілдіру. Мәре ұғымын түсіндіру. Шапшаңдылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу. **Ойын шарты:** Балалар ойынды ұлдар мен қыздар болып ойнайды. Ең алдымен ұлдар арасында, содан қыздар арасында жүгіріп, мәреге жетулері керек. Белгіленген мәреге жеткен ұл мен қызды мадақтау. Содан екі жеңімпазды жарыстыра жүгірту, мәреге ең бірінші болып жеркен баланы жеңімпаз ретінде таниды. 	***Қимылды ойын:*****«Сақинаны лақтыр»** **Мақсаты** : Балалардың қол бұлшықеттері мен көздің жақсы көруін жетілдіріп, жақсарту. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Тепе –теңдікті, дәлдікті сақтай білуге тәрбиелеу. **Ойынның шарты :** Балалар ойынды кезектесіп ойнайды. Балалардан 20-30 метрдей қашықтықта сақинаны тізетін зат қойылады, ал балаларға ойыншық сақиналар таратылады. Балалар көздеп тұрып, сақиналарды таяқшаға кигізулері керек. 	**Сюжетті-рөлді ойын:** **« Құрылысшы »** **Мақсаты:** Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру. **Тәрбиешінің іс-әректі:** Қаншама үйлер, мектеп, балабақшаны құрылысшылар салатынын түсіндіру. Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету. Құрылысшы маманының еңбегі зор екенін саналарына сіңіру. Еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу. 	***Қимылды ,еңбек ойын:*** **«Ойын алаңын тазалау »** **Мақсаты:** Балаларды білесіп жұмыс істеуге, тазалыққа үйрету. **Құралдар:** Сыпыртқы, күрек, қап; **Ойын шарты:** Қыздар ойын алаңын сыпырады, ал ұлдар қоқысты күрекпен қапқа салады. Тәрбиешінің басшылығымен қапты қоқысқа төгеді. Жеке жұмыс Камиллаға қазақша қыс туралы тақпақты **Жаттату:** Қандай қызық қыс деген, Бәрін шебер істеген. Бақша, бауды, тауды да Бояған аппақ түспенен. 	***Қимылды ойын:*** **«Күн мен жаңбыр»** **Мақсаты:** Жүгіру арқылы балалардың аяқ бұлшықеттерін дамытып, жетілдіру. **Ойынның шарты:** Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды. Тәрбиеші: «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер», - дейді, ойын қайта басталады.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Дене шынықтыру **Міндеті: -** гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту. Алма-кезек адымдап өрмелеу, тепкішектерден дұрыс ұстау, қауіпсіздік техникасына басты назар аудару қажет. (4 рет)	**Музыка** **Міндеті:** -Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату **Музыка тыңдау:** «Асқақта, Астана» (А. Әлиев) Ән айту: «Астана» (А. Досмағанбет) «Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай) «Құстар» (Т. Ломова) Билер: «Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Мен күйшімін»	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** - әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту Өзінің денсаулығына және отбасы мүшелерінің денсаулығына қамқорлықпен қарау керектігін түсіндіру Құрсаумен орындалатын құрсауды айналдыру, құрсауды тігінен қойып айналдыру, қолдың моторикасын, шапшаңдық секілді дене сапасын дамытады	**Дене шынықтыру** **Міндеті: -** Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру - Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты қозғау (айналдыра және тік, адымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін жетілдіру Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты қозғау (айналдыра және тік, адымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін жетілдіру. **Ойын жаттығуы: «Допты қағып ал!»** Допты жоғары лақтырып, қолды артқа жіберіп шапалақтап, допты саусақтарын ашып, қайтадан қағып алады.	**Музыка** **Міндеті:** Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату Музыка тыңдау: «Асқақта, Астана» (А. Әлиев) Ән айту: «Астана» (А. Досмағанбет) «Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай) «Құстар» (Т. Ломова) Билер: «Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Мен күйшімін»
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	*Күнді бақылау* *Мақсаты: Балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыру: күнің қысқаруы, түннің ұзаруы түсінік беру.* *Бақылау: Серуен алдыңда балалардың көңіл – күй көтере отырып, бүгін күн ашық, бірақ күн ыстық емес, жаздағыдай қатты қыздырмайды.* *Тәрбиеші күннің ауысып, орналасқан жерін байқатады; (күндіз және кешкілікте) күннің шығуын, батуын бақылау; күн сәулесінің терезеге түсуі бойынша күннің орналасуын белгілеу.* *Жұмбақ: Ақ сандығым ашылды*	*Ағаштарды бақылау* *Мақсаты: күзгі табиғат құбылыстарымен таныстыру, күзгі ағаштарға назарларын аудару. Күзгі ағаштардың ерекшелігімен таныстыру. Сұрақ – жауап арқылы сөздік қорларын, ой –өрісін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, адамгершілік сезімге тәрбиелеу.* *Көркем сөз:* *Ұшты талдан жапырақ* *Сары көбелек секілді* *Аспанда жай шатырлап* *Тамшы жерге секірді* *Тақпақ:* *Алтын, сары, қызыл, көк,*	*Шықты бақылау* *Мақсаты: Балаларды табиғат құбылысы шықпен таныстыру.* *Бақылау: Неге шөп дымқыл? Бұл дымқылдық қайдан келді деп ойлайсындар? Бұл қандай құбылыс? (Шық) Ол қалай пайда болды? (күн ұясына батқаннан кейін жер, шөп, жапырақтар суып шық пайда болады.* *Шық - бұл түнгі өсімдіктердің беті және топырақтарда жиналған дымның тамшысы; Шық қандай ауа -райында пайда болады? Ашық күні ме ,әлде бұлтты күні бола ма?(шық ашық күні пайда болады, бұлтты күні болмайды.)* *Жұмбақ:*	*Күзгі аспанды, бұлтты бақылау* *Мақсаты: Өлі табиғат аспан туралы түсінік беру; аспанның әсемдігін бақылауды қалыптастыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту, аспанның ашықтығы туралы білімдерін жетілдіру.Бұлт туралы түсінік беру.* *Аспанның түсі күзде қалай өзгереді? (аспан кеңейген сияқты, жақсы көрінеді, жоғарғы жағы қою күлгін, ал шеттері ақшыл).* *Түнде және күндіз аспанда не пайда болады? (Аспан ашық: күндіз – Күн, кешке – ай және жұлдыздар)* *Болжам: аспанда бірнеше күн ақ бұлттар пайда болса- күннің суытқаны.*	*Аула тазалаушыны бақылау* *Мақсаты: Балаларға аула тазалаушы еңбегі жөнінде мағлұмат беру. Үлкендер еңбегін бағалай білуге. Қоршаған ортаны таза ұстау мақсатында азда болса өз үлестерін қосуға тәрбиелеу.* *Көркем сөз:* *Қамымызды ойлайды* *Тазалайды жинайды* *Құрметтейміз бәріміз* *Тазалықшы ағайды* *Қараңдаршы , жолдарда қаншама жапырақтар жатыр. Ол жапырақты кім тазалайды?* *Аула тазалаушы қандай еңбек етеді. Ол кісінің қолында қандай құралдары бар?*

	Ішінен жібек шашылды (күннің көзі) *Аспандағы алып доп* *Жарқырайды жарық боп (күн)* *Көркем сөз:* *Күз де келді, күз келді* *Күдерін жаз үзгенді* *Күз де келді, күз келді* *Көкте бұлттар жүзді енді.* *Күз де келді, күз келді* *Құстар мекен іздеді. Қ. Мырзалиев* *Қимылды ойын: «Қоңыздар»* *Еңбек: құмсалғышты жапырақтардан тазарту.*	*Алуан – алуан жапырақ.* *Күзгі бақта күлімдеп,* *Көз тартады атырап.* *Қозғалмалы ойын: «Өз жұбынды тап»* *Мақсаты: Балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша мәтіннің сөзіне сай қимыл қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту* *Алаңдағы еңбек: «Кім көп жапырақ жинады?»*	*Мөлдіреген жүзімді,* *Ұстап едім, езілді. (Шық)* *Таңертең бар, кешке жоқ* *Кеш түгелі түсте жоқ* *Мен әдемі моншақпын* *Ірі емеспін, ұсақпын,* *Мойнына ешкім тағa алмас (Шық)* *Қозғалмалы ойын: «Мысық пен торғайлар»* *Алаңдағы еңбек: құраған өсімдіктерді жинау.*	*Жұмбақтар:* *Аспаннан домалап, көп моншақ төгілді,* *Бусанды бар алып, терледі, керілді.* *Бұл не? (Жаңбыр)* *Күндер қысқарады, түндер ұзарады* *Кім біледі, кім айтады бұл қай кезде болады? (Күз)* *Жұмбақ:* *Көлігі жоқ, көшеді,* *Өзін кезбе деседі. (бұлт)* *Қозғалмалы ойын: «Орамал тастау».* *Алаңдағы еңбек: Құмсалғышты қоқыстан тазарту. (жапырақ, қағаздарды жинау)*	*Біз өз ауламызды, тұратын жеріміздің ластауымыз керек пе?* *Үлкендер еңбегін қалай бағалауымыз керек?* *Мақсаты: қоқыстарды белгіленген орынға жинауға, үлкендерге көмек көрсете білуге тәрбиелеу; аула тазалаушының құралымен танып, білу.* *Қимыл – қозғалыс ойын: «Жапалақ»* *Мақсаты: Баланы біраз уақытқа дейін қозғалмай тұруға және мұқият тыңдай білуді үйретеді.* *Еңбек алаңында жұмыс істеу: қоқыстарды белгіленге орынға жинау*
Балаларды үйге қайтару	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ

Мектепалды даярлық О «А» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі **3-апта** 21 - 25 қараша 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Демалыс күнін қалай өткізгенін сұрау Сыйластық туралы өз ойларын сұрау Ойын: «Мен қандаймын?» (Бір қыз, бір ұл болып араласып тұрады.Көршісіне « Мен сені сыйлаймын, сенімен достасқым келеді» деп, оның қолын қысады.)	Мейірімділік туралы әңгімелесу. Күлімдеген күн мейірімді! Кіршіксіз ақ қар мейірімді! Таза мөлдір су мейірімді! Бәрімізді көтеріп тұрған жер мейірімді! Аяулы анам мейірімді! Қамқоршы апам мейірімді! Еңбек тапсырмасы:Балықтарға жем беру Ойын: «Мейірімділік жібі» (Балалар бір - бірлеріне жіпті беріп, тілектер айтады. Ақырғы бала жіп орамын мұғалімге беріп, өз тілегін айтады)	« Бізде кім жақсы» ойыны. Шарты: Балалар шеңбер бойымен жүреді, педагог балалардан «Кім жақсы» деп сұрайды. Балалар баланың атын айтып, сипаттайды Еңбек тапсырмасы: Ойыншықтарды жинау	«Өз отбасыңдағы қуанышты кездесулер» туралы айтып беру. Еңбек тапсырмасы: Ойыншықтарды жуу,сөреге жинау Ойын: «Мейірімділік гүлін» құрастыру (Балалар әр түрлі мейірімді сөздер айтып гүл күлтелерін құрастырады)	«Қуаныш сыйлау» Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю,шаңдарын сүрту. Ойын: **«Күншуақ»** Күлімдеген күн мейірімді, Кіршіксіз қар мейірімді. Таза мөлдір су мейірімді, Мәпелеген ата-ана мейірімді.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Жан-жануарларға мейірімді болу туралы пікірлесу, мақал- мәтел жаттау.Суретті кітапшаларды бояу.	« Мейірімді бала туралы әңгімелеп бер»Мақсаты: сөздік қорын дамыту.	«Сыйластық» туралы әңгімелесу.Мақсаты: сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.	« Сөйлемді аяқта» Менің досым.....(сыпайы, қайырымды, ақылды, аққөңіл)Сөздік қорын дамыту, шағын әңгіме құрастыруға үйрету.	Д/О «Достық неден басталады»Шарты: мен сендерге достық туралы сөздер айтамын оған иә немесе жоқ деп шапшаң жауап бересіңдер.
Гимнастикалық жаттығу	Гимнастикалық жаттығу кешені № 6				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Жылы сөздер ойыны» Шарты: балалар шеңбер бойымен тұрады, достарына жылы сөздерін айтады.	Сыпайы болу үшін қандай бала болу керек? Әңгімелесу, өз ойларымен бөлісу	**« Менің досым»ойыны** Шарты: допты лақтырып, қағып алған баладан педагок досының қандай жақсы қылықтары барын сұрау, мақал- мәтел, тақпақ сұрайды.	«Менің айтуым бойынша». Шарты: педагог бір баланы айтып сипаттайды. Соның қай бала екенін балалар айтады.	- Мейірімділікті қалай көрсетуге болады? -Жақсы көретін жан - жануарларың бар ма? Сұрақ-жауап
	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ойын барысында бекіту Әжесі қайсысы жақсы көреді" әңгімесін мәнерлеп оқу **Дидактикалық ойын:** **«Дауысты дыбыстарды ата».** **Ойын шарты:** Педагог дыбыстарды айтып отырады, балалар дауысты дыбыс кездессе, қолдарын шапалақтайды. Дауыссыз дыбыс кездессе, тыныш отырады	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** үш-төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру **«Жалауша» дидактикалық ойыны** – Балалар, мен сендерге дыбыс айтып, сол дыбысы бар сөздерді айтамын. Егер дыбыс сөз басында болса, қызыл жалаушаны, сөз соңында болса, көк жалаушаны, сөз ортасында болса, екі жалаушаны да желбіретесіңдер. Мысалы: (Е) етік, керік, себет, серке, Берік, ет, ер, елік, текемет, ел, тер, Ерлан, тәрелке, ешкі, күлтеше, жүрек, тірек, бәтеңке, есік т.б. (Ә) әтеш, бәтеңке, бәсіре, бәліш, әтір, әңгелек, әміре, Кәмилә, Кәмшат, әйнек, мәсі т.б. (Ұ) ұршық, ұлу, ұшақ, ұзын, құмыра, ұн, құндыз, құлып, Ұлжан, ұлпа, құс, ұрыс, ұрық, ұмыт, ұқыпты, құм т.б.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру **«Ж дыбысы бар сөз айт» ойын-жаттығуы** Педагог балаларға «ж» дыбысы ортасында келетін сөз ойлап айтуларын сұрайды. Мысалы: Ажар, қоржын, Қожа, Бағжан т.б. «Ж» дыбысы сөз басында келетін сөз ойла: жапалақ, жаз, жадыра, жайлау, жалқы, жалбыз, жан, жоқ, жоғал, жұлдыз, жолақ, жомарт, жұт, жорық, жол, жалпақ, жаным т.б	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті: -** Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын жетілдіру**.** дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру **«Дауысты дыбысты сөз қос» дидактикалық ойыны** – Мен сөз айтамын, сендер сол сөзге дауысты дыбыстан басталатын сөз жалғауларын керек, мағынасы бойынша ұқсайтын сөз болу керек. Алма ...(үлкен), қой ... (арық), домалық ... (өрік), жасыл ... (жапырақ), тәтті ... (ірімшік), сары ... (өрік), кішкентай ... (ұлу), әдемі ... (әтеш), жылы ... (етік), мықты ... (экскаватор), ұзын ... (уық), жаман ... (ит), пайдалы ...(кітап), мүйізді ... (жануар), ашты ...(алма) т.б.	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау ертегі мазмұнын ойнату арқылы театр мәдениетіне баулу -Балалар, бүгін «Ақымақ қасқыр» ертегісімен танысамыз. Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі қалай аталады? – Қасқыр жайылып жүрген нені көрді? – Қой қасқырға не деп жауап берді? Қалай құтылды? – Қасқырға тағы не жолығады? – Ешкі қасқырдан қалай құтылады? – Ертегі қалай аяқталды?
Үзіліс : Жүгіруге арналған ойындар «Қайда жасырылғанын тап», «Мысықтар мен балалар»					
Тіл дамытуға арналған жаттығулардың мақсаты: Балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету, тілін дамыту **Шалқан:** Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: **«О...о...о!»** деп таң қалды. Кәне, бізде айтып **Жыланның ысылы:** Жылан қалай дыбыстайды? Ыы.....Ыс – с – сссс 	 	**Жүгіруге арналған ойын: «Қайда жасырылғанын тап»** **Мақсаты:** Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету,бірлікке,татулыққа тәрбиелеу **Ойының шарты:** Балалар бөлменің бұрышында тұрады. Тәрбиеші жалаушаны тығатынын айтады. Балалар теріс қарап көзін жұмады,тәрбиеші жалаушаны тығып қояды да «болды» ,деген де балалар жалаушаны іздейді.Тапқан бала жалаушаны тығады.Ойын 2-3 рет қайталанады. **Жүгіруге арналған ойын: «Мысықтар мен балалар»** **Мақсаты:** Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке,алғырлыққа тәрбиелеу. **Ойынның шарты:** Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады. Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады.Балалар «кис-кис», деп шақырады.Мысықтар жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады. Ойын 2-3 рет қайталанады. 	
2 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Қоршаған орта	**Математика негіздері**	**Математика негіздері**	**Математика негіздері**	**Қоршаған орта**

	Міндеті: Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек туралы жалпы түсініктерін бекіту арқылы балалардың сөздік қорын байыту. **Ойын сәті**. Педагог беті жабық себет алып шығады. – Менің қолымдағы себетте өте дәмді, біздің дастарқанымыздан күнде көретін, балаларға өте пайдалы тағам. Ол қандай тағам? (Себет толған сүт, айран, қатық, ірімшік т.б. өнімдері). Біздің бәріміз дәмді және пайдалы сүтті жақсы көреміз. – Қандай малдың сүтін шайға қосамыз, ішеміз? (Сиырдың). – Сиырды сауатын адамдар қалай аталады? (Сауыншылар). – Сауыншылар сиырды сауады. Сауылған сүт ыдыстарға құйылады. Сүтті арнайы зауыттарға әкеледі. Сол жерде сүттен май, қаймақ, айран, сүзбе дайындалады. Сүтті арнайы құрылғыларда өңдейді, өнімдерді әртүрлі ыдыстарға құяды, сүт өңдейтін аппараттарды, контейнерді маман басқарады. Содан кейін дайын болған сүт өнімдерін дүкендерге жеткізіледі (демонстрациялық материалдардағы суреттер).	**Міндеті:** Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру . **Ойын сәті.** Әлия мен Сырым **«Бұл қашан болады?»** деген жұмбақ шешуді ұсынады. – Бұл қашан болады? Күн суық, жаңбыр жиі жауады. Жапырақтар сарғайып, жерге үзіліп түседі. Құстар жылы жақтарға ұшып кетеді. Адамдар жеміс-жидек пен көкөністерді жинап алады. – Бұл қашан болады? Далада аяз болады, қар жауады. Үлпілдек қар жауса, одан аққала соғуға болады. Сусылдақ қар да жауады. Өзен-көлдердің суы мұз болып қатады. Мұз қатты, салқын және тайғанақ – Бұл қашан болады? Күн жылынып, қар ери бастайды, жылғалардан су ағады. Жерде шөп және алғашқы гүлдер шығады, ағаштар бүршік атып, жапырақ жаяды. Жылы жақтардан құстар оралып, ұя салады. – Бұл қашан болады? Күн ыстық болады. Өсімдіктер гүл атады. Адамдар өзен-суларға шомылады. Құстардың ұяларында балапандар пайда болады	**Міндеті:** Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру Демонстрациялық материалмен жұмыс Педагог қуыршақты жыл мезгіліне сай киіндіруді ұсынады. Тақтадағы баланың суреті бойынша маусымға қарай киім таңдауға көмек көрсету. Қуыршақтың есімін қойып, жыл мезгіліне сай киіндіруге көмектеседі. – Далада күн суық болғанда қалай киіну керек? Ал күн ыстық болғанда ше? Педагог жыл мезгілінің суретін көрсетеді, балалар қуыршаққа киім таңдайды.	**Міндеті:** Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру **«Жыл бойы»** Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды: – Ақпан жыл ішінде нешінші ай? – Жылдың соңғы айы қандай? – Қазаннан кейінгі қандай ай? – Жаз айларын ата және т.б. Ай аттарын есіңде сақта. – Әр жыл мезгілінде неше ай бар?	**Міндеті:** Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау Адам еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу **Ойын «Кім жылдам?»** . Педагог екі балаға тапсырма береді, олар жылдам сол тапсырманы орындаулары керек. Мысалы резеңке, кішкентай аю ойыншығын әкел. Үлкен, жұмсақ қоян ойыншығын әкел. Сәуле балаларға сұрақ қояды: Ойыншықтармен қалай ойнау керек? Балалар өз ойларын айтады
Үзіліс:					

Қимылды ойын: **« Күн мен түн »** **Мақсаты:** Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. **Ойын мазмұны:** Балалар бірі « Күн», екіншісі « Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір-бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші « Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма-кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді.	**Қимылды ойын:« Көги-гөк »** **Мақсаты:** Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. **Ойын мазмұны:** Тақпақ айтып, бір қызды « кемпір» етіп сайлайды. Қалғандары қаз болады. « Кемпір» шетке шығып тұрады, басқа ойыншылар қаздай тізіліп, бірінің соңынан бірі ұстап: Гөк, гөк, көги көк, Гөк, гөк, көги гөк. Гөк, гөк, көги гөк,-деп қаздың жүрісіне еліктей ақырын оң мен солға шайқалып, « кемпірдің» қасына келеді. Бірінші келген балаға беріп: « Жоғалтпаңдар!»-деп тапсырады. Балалар айнала жүріп, қайтадан қаздай тізіліп « кемпірге» келеді. « Кемпір» Әлгің қайда? Қалды сайда!-деп сұрайды. Балалар бәрі бірдей. Әлгің қайда?- Қалды сайда!-деп жауап береді. Олай болса сендердің біріңді алып қаламын, деп « кемпір» балаларға бас салады. Балалар тізбегін жазбай қаша жөнелуі керек. Қолға түскен біреуін « кемпір» қасына алып қала береді. Ойын барлық балаларды түгел ұстап болғанша қайта жалғаса береді.	**Қимылды ойын:** **« Аққу-қаздар »** **Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. **Ойын мазмұны:** Алаңның бір шетіне қаздар тұратын үй белгіленеді, қарсы шетіне бақташы тұрады. Үйдің бір жақ бүйірінде қасқыр тұратын үңгір болады. Алаңның қалған жері жайылым болады. Бақташы қаздарды жайылымға қуып шығады, олар жайылып жүреді. **Бақташы:** Қаздар, қаздар, қаңқылдап, Барасыңдар қай жаққа. Қаздар: Айна көлі жалтылдап, Жатқан жасыл аймаққа. Бақташы: Бізден жерге түсе кет, Түсіп сусын іше кет. Қаздар: Сіздің жерге түсеміз Түсіп сусын ішеміз. Бақташы: Болсын онда жол жайлы! Қаздар: Бізге ол жаққа болмайды, Жолды тосып тұр сұр қасқыр. Бақташы: Олай болса, қалаған, Жақтарыңа бар аман. Қаздар қанаттарын жайып, жайылым арқылы үйлеріне ұшады, ал қасқыр үңгіршек жүгіріп шығып, оларды ұстауға тырысады. Ұсталған қаздар қасқырдың үңгіріне қарай жүреді. Бірнеше рет жүгірістен кейін қасқырдың ұстаған қаздарфын санайды. Ойын 3-4 рет қайталанады.	**Қимылды ойын:** **« Шарлармен алмасу »** **Мақсаты:** Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. **Ойын мазмұны:** Балалар орындықтарда дөңгеленіп отырады. Тәрбиеші қатар отырған екі балаға бір-бірден шар береді де ары қарай басқаларға ауыстырады (біреуі оңға, біреуі солға ұсынады). Шарлар бір-бірімен екі жақтан кездескенде балалар « Соқтығысты» деген сөзбен оларды соқтықтырады. Одан кейін балалар орындарынан тұрып, дөңгелекті айналып, қарсы жаққа барады, қалғандары орындықтарынан тұрып: « Жүгірдік, жүгірдік...,» деп дауыстайды. Балалар өз орындықтарына жүгіріп келіп: « Ол шарды басқа балаларға береді де ойын қайталанады. Бұл ойынды даладағы сазды алаңда өткізуге болады, онда балалар көк шөптің үстінде отырады	**Қимылды ойын:** **« Кішкене өзен арқылы »** **Мақсаты:** Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету,бірлікке,татулыққа тәрбиелеу **Ойынның шарты:** Ойынға бір топ (6-8 адамнан) бала тартылады. Алаңда бір-бірінен 1,5-2м қашықтықта екі сызық сызылады. Бұл өзен. Ойнаушылар сызықтың жанында-өзеннің жағасында тұрады. Олар өзеннен анық сызылған дөңгелектер арқылы аяғын суламай, тастан-тасқа секіріп өтуі керек. Дөңгелектердің арасының қашықтығы балалардың оларға бірінен-біріне секіре алатындай болуы керек. Өзеннен қатарынан 2-3 бала өтеді, ал қалғандары тәрбиешімен бірге оларды бақылап тұрады. Секіре алмай, аяғын сулап алғандары оны күнге кептіруге кетеді-орындыққа отырады. Кейін олар ойынға қайтып араласады, тәрбиеші оларды қалай болса да мақтап, жағаның екінші жағына өтуге көмектеседі.
3 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Қазақ тілі **Міндеті:** Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу -тақпақ, мақал-мәтел жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету **Тақпақ жаттау**. Педагог отбасы мүшелерін қайталап, тақпақты бірге қимылмен жасап, жаттауды ұсынады. Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық екеуміз, Басбармақ – әкем, Балаң үйрек – анам, Ортан терек – ағам, Шылдыр шүмек – мен, Кішкентай бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. **Мақал-мәтілдерді жаттап ал.** Отан отбасынан басталады. Баланың бас ұстазы – ата-ана.	**Қазақ тілі** **Міндеті:** қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. . **Балаларға «Ғажайып алаң» ойынын ойнауға шақыру** Балалар барабанды айналдыра отырып, ұпай жинайды, сұрақтарға жауап береді, тапсырмаларды орындайды. Бірінші тапсырма: Санамақты еске түсіру, отбасы мүшелерін атау. Атам, әжем, Әкем, шешем. Әпкем, сіңілім, Ағам, інім және мен. Бір үйде біз нешеуміз?	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** -әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу әңгіменің мазмұнын, мақал-мәтелдің мағынасын, алғашқы көмектің қажеттілігін түсіндіру **Мақал-мәтелдерді қайталау.** 1.Анаға бала алтыннан да қымбат. 2.Жаны саудың – тәні сау. 3.Ата – балаға сыншы. 4.Ата – бәйтерек, Бала – жапырақ	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру Жағымды мінез-құлық қалыптастыру Дидактикалық ойын: «Жануардың дауысын сал». Қасқырдың дауысын сал – у-у-у-у. Ешкінің дауысын сал – бе-е-е. Қойдың дауысын сал – мә-ә-ә. Педагог ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналауды ұсынады. Сиқырлы қоржыннан	**Шығармашылық бейнелеу әрекеті** **Міндеті:** - ертегі желісі бойынша сурет салуға үйрету - Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау - Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру - Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару - ертегі желісі бойынша сурет салуға, мүсіндеуге,жапсыруға,құрастыруға үйрету **Топтық жұмыс**

		Кел, санайық екеуміз		алған ертегі кейіпкерлерінің суреті бойынша рөлдерге бөлінеді. Қалған балалар көрермен болады. Сахналау аяқталғанда көрермендерге бастарын иеді. Көрермендер қол шапалақтайды	

Үзіліс: . Секіруге арналған қозғалмалы ойын: «Сызықтан секіру»

Тіл дамытуға арналған жаттығулардың мақсаты:
Балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету, тілін дамыту
1.Т: Күй сандықты ашайық
Б до- до- до
Т: тілдерін біз бастайық
Б: ре - ре - ре
Т: бас дыбысты бастайық
Б: ми - ми - ми
Г Жайлап әнге салайық
Б: до - до - до
2. Шалқып шығар сонда күй
Б: фа - фа - фа
Т: Бәрі до - дан басталар
Б: до- до -до
Т: До -ны қоштар басқалар
Б: До, ре, ми, фа, соль,ля , си, до



Секіруге арналған ойын: «Сызықтан секіру»
Ойынның мақсаты: Қос аяқтап секіру тәсілдерін үйрету.
Мазмұны: Ойын алаңының бір шетінен түзу сызық сызылады. Сыныптағы оқушылар санау арқылы төрт командаға бөлініп, олардың біріншілері сол сызықтың үстінде тұрады. Осы сызықтан 4-5 қашықтықта бір-бірінен ара қашықтығы 40-50 см болатындай өзара параллель 8-10 сызық жүргізіледі. Мұғалімнің белгісі бойынша әр команданың бірінші тұрған ойыншысы бірінші сызыққа дейін жүгіріп келіп , аяқтарын біріктіріп ұстап, паралелль сызықтардан қос аяқтап секіріп өтеді де, қайтып келіп, тізбектің артына барып тұрады.
Мұғалім секіріп өткен балалардың секіру әдістерін бағалап, басқа ойыншыларды көмекке шақырады. Бұдан соң келесі қатардағы төрт ойыншы секіріп өтеді.
Ойын осылай барлық ойыншылар секіріп өткенше жалғасабереді. Ойынның соңында әр қатардағы қос аяқтап жақсы секіретін балалардың аты аталады. Ойынды бірнеше рет қайталап ойнатуға болады.
Ойынның ережесі
1. Ойыншылардың тез секіргені емес, дұрыс секіргені бағаланады.
2. Секіру кезінде балалар арасындағы ара қашықтықтар сақталуы керек.
3. Оқулықта көрсетілген секіру техникасы орындалуға тиіс.
Әдістемелік нұсқаулар.
Ойынды 1-2 рет өткізгеннен кейін, сыныптағы қос аяқтап секіру техникасын жақсы меңгерген екі-үш баланың секіргенін басқа ойыншыларға көрсетіп , басқа ойыншылардан солар сияқты секіруді талап ету керек.
Ойынның педагогикалық маңызы.
Секіру жаттығулары бала аяқтарының бұлшық еттерінің ,қарын, арқа,бұлшық еттерінің жетілуіне ықпалын тигізеді. Қимыл-қозғалыс әдістерін көбейтіп, қимыл сапаларының үйлесімі артады. Бала өз күшіне сенуге үйренеді.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Дене шынықтыру **Міндеті:** екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта жүру	**Музыка** **Міндеті:** -Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен секңру арақашықтығы 70 см заттардың арасымен оң	**Дене шынықтыру** **Міндеті**: бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру Бір құрсаудан екінші құрсауға бір және екі аяқпен секірулерін жетілдіру	**Музыка** **Міндеті:** -домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, таныстыру. Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру,

	екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру	**Музыка тыңдау**: «Туған ел» (Л. Хамиди) Ән айту: «Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев) «Астана» (А. Досмағанбет) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жаса, Қазақстан» (үнтаспада) «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) «Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Ноталарды орналастыр» («Дидактикалық ойындар» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай)	және сол аяқпен кезекпен секіру Арақашықтығы 70 см заттардың арасымен оң және сол аяқпен кезекпен секіруді жетілдіру. (3 рет) **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Еденде тұрып қалма». (4 рет)** Ұстаушы бала таңдалады. Қалған балалар биіктігі 30 см заттардың үстінде тұрады. Балалар секіріп түсіп, зал ішінде жүгіріп жүреді. Педагогтің: «Ұста!» деген бұйрығы бойынша орындарына жүгіреді. Ұстаушы бала секіріп орындарына шыға алмаған балаларды ұстайды. Ұсталған балалар бір шетте отырады	«**Классиктер»:** бір құрсаудан екінші құрсауға бір және екі аяқпен секірулерін жетілдіру. Нұсқау: аяқтарының ұшымен жұлқи серпілу; жерді табанымен толық баспайды. (3 рет)	оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту **Музыка тыңдау:** «Туған ел» (Л. Хамиди) Ән айту: «Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев) «Астана» (А. Досмағанбет) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жаса, Қазақстан» (үнтаспада) «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) «Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Ноталарды орналастыр» («Дидактикалық ойындар» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай)
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	***Күзгі желді бақылау*** ***Мақсаты: балаларды табиғат құбылыстары,желдің соғуын,желдің бағытын,жылдамдығын бақылауға ажырата білуге үйрету.*** ***Тәрбиеші балалармен қай жақтан жел соғып тұрғанын бақылайды. Күндіз аспанда қалықтап бара жатқан бұлттарды бақылау. Жапырақтардың желден сыбдырлағанын тыңдау. Қағаздан жасаған таспа(лента), неге сыбдырлайды? (соққан желден қозғалып сылдырлайды) . Жерге түскен жапырақтарды, жоғары қарай лақтырып бақылау. Балалармен желді күні бұлттардың қозғалысын бақылауға болады .Желдің қатты соғуын анықтау үшін олармен ойын ойнатамыз айналма (вертушка), желбіреуішпен.*** ***Көркем сөз:*** ***- Бұлт-ау көктен төнесің,*** ***Қайдан көшіп келесің,*** ***- Мухит үрлесе, желемін!***	*Гүлзарларды бақылау* *Мақсаты: Гүлдер туралы білімдерін бекіту, гүлдерді ажырата білуге. Олардың өсетіні, құрайтыны туралы түсінік қалыптастыру .* *Бақылау* *Күн жылы болып, күн сәулесі көп жылуын шашып және су құйылып тұрғанда гүлзарларда өсімдіктер жақсы өсіп, гүлдейді. Күзде күн суып, күн қысқарып, жер дымқыл тартып, бірақ жылу аз болып гүлдер солып, олардың орнына ұрықтар пайда болады, ол ұрықтардан көктемде жаңа өсімдік шығады.* *Тақпақ:* *Гүл өсірем үйде* *Су құямын күнде* *Гүл күткенді біледі* *Бойын сылап сүйеді* *Күнде гүлін ашады* *Жұпарын маған шашады* *Ө.Тұрманжанов*	*Күзгі жәндіктерді бақылау* *Мақсаты: күздегі жәндіктедің жүріс-тұрыстарын жүйелі түрде бақылауды қалыптастыру.* *Бақылау: шөп үстінде секіріп жүрген шегіртке қайда кетті? Қаңқыз неге көрінбейді Неге қоңыздар мен көбелектер көрінбейді? (олар тығылып қалды). Кімнен немесе неден тығылып қалды? (оларға суық болды) Олар қайда тығылды? (ағаштардың діңгектер жырығына, үйлердің тесіктеріне) Онда олар не істейді? (ұйықтайды). Жәндіктер тығылған жерлерді табу және олар қыстың қатты суығында өліп қалмас үшін не істеуге болады? (ағаштың қабығына, түскен жапырақтарды астынан). Жерден құрғақ жапырақтарды жинап және оны себу.* *Көркем сөз: «Көбелек»* *Көбелек –ау, көбелек!* *Әдемісің керемет*	***Маусымдық өзгерістерді бақылау*** ***Мақсаты: маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту. Жазда күн ыстық, ал күзде таңертең күн салқын болып, түсте ыстық болады. Адамдар қысқа дайындалады. Құстар жылы жаққа ұшады.*** ***Тақпақ:*** ***Күзде жауын. Бұлт. Тұман*** ***Сары жапырақ жауады.*** ***Сары құйын үйтқыған*** ***Сапырады ауаны*** ***Тапталады табанға*** ***Судыр- судыр жапырақ*** ***Өрттей сары бояуға*** ***Малынғандай атырап. М. Әлімбаев*** ***Қозғалмалы ойын: «Ұшақтар».***	***Жаңбырды бақылау*** ***Мақсаты: Тірі және өлі табиғат арасындағы өзгерістерді бақылауды жалғастыру.*** ***Жазда жаңбыр қатты жауады бірақ қысқа және жылы болады. Ал күзде жаңбыр жиі жауып, суық боп келеді. Бұл кезде адамдар қолшатырдың астында тығылса, құстар ұяларына, ағаштың жапырағының астына жасырынады.*** ***Жаңбырлы күнді терезеден бақылау. Жаңбырдың терезені тарсылдатқанын тыңдап, тамшылардың терезе келіп түсіп аққанын тамашалау. Жолдарда кандай шалшық сулар пайда болғанын көру. Бүгін ауа-райы қандай? (Жаңбырлы, күн бұлыңғыр), Жаңбыр жиі жауып, күн суып, сіркіреп, жерде шалшық сулар пайда болды. Жаңбырлы күнде жерді бақылау: ол қап қара, жабысқақ, сулы. Адамдардың киімдеріне көңіл бөлейік: (жауын өткізбейтін плащ, резенке етік, қолдарына қол шатыр ұстаған) . Адамдар неге осылай киінген?***

	Жел үрлесе желемін! ***Қимыл – қозғалыс ойын «Ұшақтар».*** ***Мақсаты : әр –түрлі бағытта жүгіріп жүруге үйрету, бір – бірін қағып соқпай жүруге үйрету.*** ***Белгі бойынша жүріп тоқтауға жаттықтыру.*** ***Алаңдағы еңбек . Екі топқан бөлініп ұшқан жапырақтарды шелек жинау.***	*Қимыл – қозғалыс ойын «Мысық пен торғайлар».* *Мақсаты: жүруге, жүгіруге, шапшаңдыққа үйрету,* *Еңбек алаңында жұмыс істеу : Гүл ұрықтарын сіріңке қорапшасына жинау.*	*Гүлге келіп қона ғой* *Өзің де гүл бола ғой.* *Қозғалмалы ойын: «Иненіктің әні»* *Мақсаты: сөздерді байланыстыра сөйлеуге, ырғақты, қимыл-қозғалыс үйлесімділігін жетілдіру.* *Еңбек алаңында жұмыс істе*	***Мақсаты: Шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.*** ***Алаңдағы еңбек: құстарға жемсалғыш жасау.***	***Тақпақ*** ***Жаңбыр, жаңбыр, жауа бер!*** ***Сенен бақша, бауөнер*** ***Жадырасын туған жер*** ***Күміс моншақтама бер*** ***Қозғалмалы ойын: «Соқыр теке қоңырауымен»*** ***Мақсаты: балалардың көңіл күйін көтеру.*** ***Алаңдағы еңбек: құстарға жемсалғыш жасау.***
Балаларды үйге қайтару	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ

Мектепалды даярлық О «А» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі **4-апта** 28 - 30 қараша 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі 01.12**	**Жұма 02.12**
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Балаларды қабылдау Қалай демалғандарын сұрау.Тазалықтарын тексеру. Еңбек тапсырмасы:Ойыншықтарды жуу,сөреге жинау	Ойын: «Ғажайып қоржын» атты ойын ойнаймыз. Ойынның шарты бойынша көздеріңді жұмып қоржыннан кез - келген ойыншықты аласыңдар. Алған ойыншықтарыңның атын, неден жасалғанын, түсін, қатты, жұмсақ екенін айтып, жақсы мейірімді тілек білдіресіңдер. Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю,түбін қопсыту	Ойыншықтар күтімі жайлы әңгімелесу,жұмбақтар шешу Еңбек тапсырмасы:балықтардың суын тазалау, жем беру. «Қандай ойыншық жоқ» Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту	«Ойыншықтар бізге ренжімеу үшін не істеуіміз керек?» Ойын. Шарты:Балалар оларды лақтырмаймыз сындырмаймыз, жуамыз. Біздің топта ойыншықтардың өз орны бар. Біз ойнап болғаннан кейін, оларды жинап орнына апарамыз. Олар бізге ренжімейді. Еңбек тапсырмасы: Қуыршақтардың киімдерін жуу	Фотасуреттер қарастыру «Менің ойыншықтарым» Фотосуретте бейнеленген ойыншықтарды атап беру Еңбек тапсырмасы: Топты жинастыру,сөрелердің шаңдарын сүрту
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Ойыншықты тап» Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.	"Ойыншықтар дүкенінде" Мақсаты: Дүкенде озін дұрыс ұстай білуге тәрбиелеу.	«Аурухана» Мақсаты: Өздіктерінен рөл дерді бөле білуге үйрету. Қызығушылықтарын арттыру. Бір-біріне деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	Паравоз» Мақсаты: Балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып паравоз сияқты жүруге, өлең жолдарын қайталап айтуға үйрету.	Допты қуып жет Ойын мақсаты: балаларды шыдамды,сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауаға,тез жүгіругі,түсетерінің көлемін ажырата білуге баулу.
Гимнастикалық жаттығу	**Гимнастикалық жаттығу кешені № 6**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Қуыршақ қонаққа дайындалуда» Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.	«Ойыншықтар» деген сөзге сөйлем құрастыру. Ойыншықтар сөзіне дыбыстық талдау жасау.	«Ойыншықтар айтысы»әңгімесін оқу. Сұрақ-жауап	**«Не жоқ?»** ойынын ойнайық. Ойын ұйымдастыру, балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту.	*«Дидактикалық тапсырма» « Кім жылдам» сурет құрастыру./машина, доп, қуыршақты киіндіру/*
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту	**Сауат ашу негіздері**	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** -Берілген	**Сауат ашу негіздері**	**Көркем әдебиет**

	Міндеті: табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау Дыбыстарды дұрыс айтып, қандай дыбыс екенін анықтай білу қабілеттерін дамыту. **«Қысқа дайындық»** әңгімесімен таныс Мақал-мәтел: 1.Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей. 2.Еңбек түбі – береке, Көптің түбі – мереке. 3.Бейнетсіз рақат жоқ	**Міндеті:** «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» ойыны арқылы логикалық ойлауларын дамыту Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын жетілдіру. **«Сөзді буынға бөл» дидактикалық ойыны** Педагог қандай да бір сөзді айтады, балалар қолдарын шапалақтап, сөзді буынға бөледі. Осы сөзде неше буын бар екенін айтады. Кітап, қалам, дәптер, қарындаш, өшіргіш, бес, мектеп.	дыбысқа сөз ойлап айта білуге жаттықтыру. Дыбыстар туралы сұрақтарға жауап алу арқылы жылдам ойлауға және ойларын дұрыс жеткізе алуға жаттықтыру **Дидактикалық ойын: «Кім білгіш?»** Мысалы: б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, щ, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н. Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. Дауысты дыбыстарға қызыл текшені; - дауыссыз дыбыстарға көк текшені көтеру арқылы ажыратады	**Міндеті:.** -. Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту **«Буынды айтып сөз құра» дидакикалық ойыны** **Ойын шарты:** педагог айтқан буынға балалар сөз құрап айтады. Мысалы: На... , та... , қа..., жа..., ал..., мон..., ке..., те..., шал...,қар..., қа..., пи.., бә... т.б.	**Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту өлеңді дауыс ырғағымен, логикалық екпінмен жаттауға дағдыландыру - Бүгін ақын Абдрахман Асылбековтың «Қыс» өлеңімен танысамыз **Қыс** Қандай қызық қыс деген, Бәрін шебер істеген. Бақша-бауды, тауды да Бояған ақ түспенен, Қыс дегенің ақ қана, Үлбіреген мақта ма? Тыным таппай күнұзақ, Тұрғызады аққала

Үзіліс : Кеңістіктікті бағдарлау дағдысын қалыптастыру ойындары

Артикулляциялық тіл жаттығулары **Тілге арналған:** Суретті тіл ұстарту Ша – ша – ша Айшаның шанасы тама (ша) Са – са – са Қасқыр соқты Мұ (са) Ол – ол – ол Ағашта лимон м(ол) Ра – ра – ра Дүкеннен нан алды Са (ра) Із – із – із Тамаққа қосты сәб(із) Жу – жу – жу Ыдысты тазалап (жу) **«Ат шауып келеді»** **«Ат шауып келеді»** – ауызды кең ашып тілді таңдайға жапсыру – айыру немесе таңдай қағу. Аталған жаттығулардан тек әрдыбысқа керекті жаттығулар алынады **«Грибок» «Саңырауқұлақ»** **«Саңырауқұлақ»** -ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.	**Кеңістіктікті бағдарлау дағдысын қалыптастыру ойын: «Мен қайда отырамын...»** **Мақсаты:** кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру **Қажетті заттар:** жұп суреттер, не балалардың жеке заттары **Ойын барысы:** аталмыш ойынды ұйымдастырылған оқу қызметінің алдында балаларды отырғызу үшін де пайдалануға болады. Барлық бала ортаға шығады. Үстел үстінде суреттер топтамасы жатады. Педагог әр балаға қай жерге отыру керектігі жөнінде нұсқау береді. Бала болса қолындағы суретпен салыстыра отырып, нұсқаудың дұрыстығын тексереді. Мысалы, Айгүл, есік алдындағы, терезенің сол жағындағы үстелге келіп, оң жағына отыр. Марат, педагог үстелі мен шкаф ортасында тұрған үстелге келіп, сол жағына отыр, т.с.с.	**Кеңістіктікті бағдарлау дағдысын қалыптастыру ойын: «Кеме»** **Мақсаты:** кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру **Қажетті заттар:** орындықтар, жануарлар суреттері, ойыншық жануарлар. **Ойын барысы:** бөлменің бір жағына 3-4 қатарға үш-үштен бір-бірінен бірдей қашықтықта орындықтар орналастырылады. Орындықтар теңіздегі «аралдар». Ал әр бала кезекпен кезек «кеме» болады. Әр «аралда» түрлі суреттер жасырылған (ойыншық жануар не түрлі жануарлардың суреттері). Кеме болған бала қай жануарға баратынын айтады. Педагог болса ол жануардың қай аралда жасырынып тұрғаны жөнінде бағдар береді. Бала болса педагог бағдарлаған «аралды» тауып, педагогтың жауабының дұрыстығына көз жеткізуі керек. **1 нұсқа:** педагог тапсырманы ретімен береді. Берілген нұсқау барысында баланың тұрған нүктесі ескеріледі. Мысалы: алдағы екі аралдан жүріп өт, енді солға бұрылып, тағы бір аралдан өт, оңға бұрылып тағы бір аралдан өт те, атаған жануарыңды ізде. **2 нұсқа:** педагог қажет «аралдың» орынын өзге аралдармен бағыттай отырып айтады. Мысалы, бұл «арал» көк түсті, ол сол жақта орналасқан, оның алдында ақ түсті «арал» бар. **3 нұсқа:** педагог балаға «аралдың» орналасқан жерінің сызбасын бере отырып, сызба бойынша балаға қажетті «аралды» көрсетеді. Бала өзіне қажетті «аралды» сызбаға қарай отырып дұрыс табуы қажет. Мысылы, сызбада (3х3) қажетті «арал» оң жақта, жоғарыда орналасқан., т.с.с.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қоршаған орта **Міндеті:** Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарауға баулу Заттардың адам өміріндегі маңызын түсіндіру арқылы оларды топтастыра білу дағдыларын арттыру	**Математика негіздері** **Міндеті:** заттардың салмағы «жеңіл», «ауыр» туралы ұғым қалыптастыру : заттардың салмағы «жеңіл», «ауыр» туралы ұғым қалыптастыру -Бүгін біз заттарды	**Математика негіздері** **Міндеті:** - «жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалану арқылы салыстыруға үйрету; заттарды қолға алып, салмағы бойынша салыстыруға және өлшемі бойынша салмағын анықтауға үйрету «жеңіл – ауыр» сөздерін	**Математика негіздері** **Міндеті:** -«жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалана отырып, салыстыруды үйрету салмағына қарай тең және тең емес заттар туралы білігін қалыптастыру **Эксперименттік іс-әрекет** Табақшаның тепе-теңдігі балаларға массаның теңдігін	**Қоршаған орта** **Міндеті:** Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге баулу -мамандық иелеріне құрметпен қарауға, еңбектерін бағалауға тәрбиелеу **«Не үшін керек?» ойыны**

	Балалар, айналаға қараңдаршы, бізді нелер қоршап тұр? (Әртүрлі заттар). Бізді қоршаған заттар бір ғана материалдан жасалған жоқ. Қолданылуына байланысты оларды әртүрлі материалдан жасайды, олар жұмсақ, қатты, ауыр, жеңіл, кедір-бұдыр немесе теп-тегіс болуы мүмкін. Әр заттың өзіндік мақсаты бар және ол бір нәрсеге қажет. Мысалы, үстел жазу үшін немесе оған тамақтану үшін қажет. Адамдар орындықтарда отырады, электр немесе газ плитасында тамақ пісіреді. Адам жұмыс істейтін заттар бар, сонымен қатар адамның күнделікті өмірдегі жұмысын жеңілдететін заттар бар. Қалай ойлайсыңдар, бұл заттарды кімдер жасайды? – Оларды ересек адамдар жасайды. – Ал бұл заттарды жасау үшін материалдарды қайдан алады? – Әрине, табиғаттан алады. – Күнделікті көріп жүрген үй жиһаздары неден жасалады? – Ағаштан, темірден жасалады.	салмағы (массасы) бойынша салыстырамыз. Ол үшін қандай сөздерді қолданамыз? (Ауыр және жеңіл). **Ойын тапсырмасы: «Ауыр және жеңіл заттарды табу».** Бөлмеден ауыр және жеңіл заттарды табуды сұрайды, сол арқылы балалардың салмақ туралы ұғымдарын анықтайды. Балалар ауыр және жеңіл заттарды табады: үстел, шкаф, орындықтар	пайдалану арқылы салыстыруға үйрету Эксперименттік іс-әрекет Педагог кейбір материалдарды өлшеуге ұсынады. / Балалардың үстелдерінде заттары бар: металл және жеңіл ұлпа, мақта, қауырсындар /Педагог алақанға салуды сұрайды. Сол және оң жақ қолымда не бар? (Сол жақ алақанда мақта, оң жақта металл гайкасы). Не жеңіл? Не ауыр? (мақта жеңіл, ал металл ауыр). Ал енді терең дем алып, алдымен мақтаны үрлеңіз. Не болды? (Мақта ұшып кетті). Енді металл заттарды үрлеңіз. Олармен күресу оңай ма? (Гайкілер қозғалмайды). Неліктен? (Гайка ауыр, ол – металл. Металл мақтаға қарағанда ауыр, ал мақта металдан жеңіл дегенді білдіреді).	көрсетеді. Балалар қолдарындағы жолдорбалардың массасын салыстырады, таразыда үлкен массасы бар табақша төмен түсіп жатқанын бақылайды. Педагог екінші жолдорбаны ұқсас заттармен толтырады. Жолдорбалардың массасының теңдігі таразы табақшасымен тексеріледі. Әрі қарай, өлшемі бойынша үлкен, бірақ жеңіл зат, кішкентай, бірақ ауыр заттармен сәйкестендіруді ұсынады: өлшемі бойынша үлкен шарды, металл шарикпен немесе доппен сәйкестендіреді. Балалар бақылап, қорытынды жасайды. -Заттың салмағы өлшеміне байланысты ма? Салмақ өлшемге байланысты емес -Қалай тексеруге болады? Қорытындылайды, массаның өлшемге байланысты емес екендігі туралы қорытынды жасайды.	Педагог карточкаларды көрсетеді, ал балалар бұл заттардың кір жуушы апайға не үшін қажет екенін түсіндіреді. Олар: кіржуғыш мәшине, үтік, үтіктеу тақтасы, киім кептіргіш, балалар сабыны, кіржуғыш ұнтағы

Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Өзіңе жұп тап», «Ұшатын құстар »

Ойын: «Ұшатын құстар»
Мақсаты: Балаларды табиғат құбылыстарын салыстыра білуге үйрету, және қырағылыққа тәрбиелеу, құстар сияқты ұша білу қабілеттерін бақылау, тәрбиешінің берген белгісін тиянақты тыңдай білуге үйрету.
Ойынның шарты: Алаңның бір жағында құстар ұшып жүреді. Тәрбиеші құстар ұшты дегенде, қанаттарын желпіп алаңда құстар ұшады. Тәрбиеші дауыл соқты дегенде құстар ұшып барып қабырғадағы сатыларға шығып алады, ал тәрбиеші дауыл басылды дегенде сатыдан түседі де ұшуларын жалғастырады. Ойын 3-4

Ойын: «Өзіңе жұп тап»
Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту.
Ойын барысы: Тәрбиеші ойнаушыларға негізгі түстен бір -бір жалаудан таратады. Даңғыраның белгісімен, шапалақпен – жалауын көтеріп алаңда жүгіреді. Келесі белгімен – даңғыраны бірнеше ұрғылаумен, шапалақпен, «Өзіңе жұп тап»- деген сөзбен, түстері бірдей жалаулары бар балалар жұп құрады. Әр жұп өз беттерімен фигура жасайды. Жұпсыз қалғандарға ойнаушылар мынадай сөздер айтады: «Арман, Арман, аузыңды ашпай, тезірек жұбыңды таба ғой». Содан кейін белгі бойынша баолығы алға жүгіріп келеді: 5-6 рет ойын қайталанады.

рет қайталанады.		**Ұсыныс:** ойында тақ сан ойынаушылар қатысады, тәрбиеші де қатысады. Тәрбиешіде әртүрлі түсті жалаулар болуы керек: ойын қайталанғанда балалардың жалаулары ауысады. Ойыншықтар белгі бойынша өздеріне жұп таңдайды.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Міндеті:** ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету отбасы мүшелерін ажыратып, сөз тіркестерін дұрыс қолданып, байланыстырып сөйлейді. **«Ғажайып алаң» ойыны** Отбасымен түскен суреттер, фотоальбоммен жұмыс. Балалар өздеріне таныс сөздерді атайды және сөздерден сөйлем құрайды. – Мынау – менің отбасым. Мынау – ата. Атамның аты – ... . Атам теледидар көреді. – Мынау – менің әжем. Әжемнің аты – ... . Әжем ән айтады. – Мынау – менің әкем. Әкемнің аты – ... . Әкем ойыншық берді. – Мынау – менің анам. Анамның аты – ... . Анам тамақ пісіреді. Біз тату тұрамыз	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру таныс сөздерді күнделікті өмірде қолданады, мақал-мәтел айтады . **«Ғажайып алаң» ойыны** Екінші тапсырма: Отбасы туралы қандай мақал білесіңлер? Балалар мақалдарды естеріне түсіреді. 1. Отан отбасынан басталады. 2. Баланың бас ұстазы – ата-ана. 3. Інісі бардың – тынысы бар, Ағасы бардың – жағасы бар. 4.Аға әдепті болса, іні әдепті, Апа әдепті болса, сіңлі әдепті.	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** сын есімдер мен үстеулерді қолдану бірінің ойын бірі келген жерінен жалғастырып айтуды біледі **Дидактикалық ойын: «Қандай дыбыс екенін анықта».** **Ойын шарты:** Педагог дыбысты айтады. Ал балалар дыбыстың дауысты, дауыссыз екенін анықтап берулері қажет. Бірінші болып қол көтерген бала жауап беру құқығына ие болып, жауап берген бала келесі балаға басқа дыбысты айтады	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Табиғаттың әдемілігін сезіне білу 1. Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Қыста табиғатта қандай өзгерістер болады? Сурет бойынша қыс туралы әңгіме құра. Балалардың көңіл күйі қандай? Қыс мезгілінде қандай ойындарды ойнайсың? 2. Кім қайда ойнайды? Сызып қос. 3. Жұмбақты шеш. Ақ көрпесін түйықтап, Қыстай жатар ұйықтап. (Қар) Интерактивті тақтамен жұмыс: «**Қайсысы артық?» ойыны.** **Ойын шарты:** Тақтаға әр мезгілдің киімдері ілінеді. Осылардың ішінен артық киімді табады	**Шығармашылық бейнелеу әрекеті** **Міндеті:** - балаларды елестете отырып сурет салу тәсілдерімен таныстыру - Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). - Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу - Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру - балаларды елестете отырып сурет салу тәсілдерімен мүсіндеудің әртүрлі әдістерін, жапсыруда заттардың өлшемін, Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білу **Топтық жұмыс**

Үзіліс: . Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Қалай жүріп, нені тапқың келеді?» (қайталау

Артикуляциялық жаттығулар *(қайталау)*

«Терезе»-балаға аузын кең ашып «Ыстық» деп айтуын сұраңыз, ал сосын еріндерін кішкене жауып «суық» деп айтқызыңыз.

2. «Пілдің тұмсығы» - еріндер біріктірілген және алға қарай қатты созылады

Ойын: «Қалай жүріп, нені тапқың келеді?» *(қайталау)*

Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру

Жасы: 5-6 жас аралығы

Қажетті заттар: ойыншықтар немесе суреттері.

Ойын барысы: педагог ойыншықтарды топтың әр жеріне қояды: баланың оң жағына-машина, сол жағына-доп, алдына-қуыршақ, артына-зымыран қойып былай дейді: «алдында қуыршақ, оң жағында машина, сол жағында доп, артында зымыран, қалай жүріп, нені тапқың келеді?»

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Дене шынықтыру **Міндеті:** алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секір алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секір Қимыл-қозғалыс ойыны: «Еденде тұрып қалма». (4 рет) Ұстаушы бала таңдалады. Қалған балалар биіктігі 30 см заттардың үстінде тұрады. Балалар секіріп түсіп, зал ішінде жүгіріп жүреді. Педагогтің: «Ұста!» деген бұйрығы бойынша орындарына жүгіреді. Ұстаушы бала секіріп орындарына шыға алмаған балаларды ұстайды. Ұсталған балалар бір шетте отырады	**Музыка** **Міндеті:** Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату **Музыка тыңдау:** «Қазақстан жалауы» (Д. Омаров) Ән айту: «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова) «Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жаса, Қазақстан» (үнтаспада) «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай)	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру **Ойын жаттығуы:** **«Допты қағып ал!»** Допты жоғары лақтырып, қолды артқа жіберіп шапалақтап, допты саусақтарын ашып, қайтадан қағып алады	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Лақтыру, қағып алу, домалату: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұру «Баскетбол» – допты оң және сол қолдың саусақ ұштарымен еденге кезекпен ұруға үйрету. Нұсқау – бастапқы қалыпты дұрыс қабылдау, допты алақанмен соқпау. Допды еденге бір қолмен соғады, еденнен ыршыған допты саусақтарын ашқан күйде күтіп алады. Тапсырманы орындап болғаннан кейін допты себетке салады	**Музыка** **Міндеті:** Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату **Музыка тыңдау:** «Қазақстан жалауы» (Д. Омаров) Ән айту: «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова) «Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жаса, Қазақстан» (үнтаспада) «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	***Ауаны бақылау*** ***Мақсаты:Балаларды табиғаттың бір құрамдас бөлігі ауамен, және оның қасиеттерімен таныстыру.*** ***Біз немен демаламыз? Бірінші. Терең - демді ішке тартып, содан соң оны қайта шығарайық. Қалай ойлайсыңдар біз нені шығардық? (ауаны). Ауа деген не? Кімде – кім оны көрдіме? (біз оны көрмейміз, бірақ әрдайым біздің қасымызда) Неге біз оны көрмейміз? (ауа – жеңіл, көзге көрінбейді) Бідің демалатынымызды қалай тексереміз? Алақанымызды бірінші аузымызға апарым, содан соң мұрынға апарып демалыңыз. Сендер не сездіңдер? (алақанымыз жылынды, біздің демалысымыздан)*** ***Жұмбақ.*** ***Көзге ілінбейді,*** ***Жұтсаң білінбейді. (Ауа)*** ***Қозғалмалы ойын: «Қоңыздар»*** ***Мақсаты:Балаларды жан- жақты жүгіруге , белгі бойынша қозғалысты өзгертуге назар аударуға үйрету.*** ***Еңбек әрекеті: Сынған бұтақтарды және жапырақтарды жинау.***	*Бақшадағы өсімдіктерді бақылау* *Мақсаты: Бақшада өсетін өсімдіктерді ажырату, олардың адамға пайдасы, адамдардың қысқа дайындығы туралы түсінік беру.* *Болжам:Сарымсақтың қабығы қалың болса – қыстың аяз болғаны.* *Тақпақ:* *Апорт деген тәтті алма* *Өседі ол бақтарда* *Апорт деген тәтті алма* *Өседі ол бақтарда.* *Жұмбақ:* *Балалармен достасып,* *Жазда бақты қорғайды,* *Күзде кетер қоштасып,* *Кім біледі .. (торғайды)?* *Қозғалмалы ойын: «Ұшақтар».* *Мақсаты: жылдамдыққа, шапшаңдыққа үйрет, достастыққа тәрбиелеу..* *Алаңдағы еңбек: құраған өсімдіктерді жинау*	*Ағаштар мен бұталарға бақылау* *Мақсаты: Алаңдағы бұтақтармен ағаштарға бақылау жасау. Өсімдіктердің ұқсастығы мен ерекшелігін ажыратуға үйрету.* *Жапырақтары түсіп жатқанына, алуан түске енуне назар аудару.* *Болжам: күзде жапырақтар ерте түссе, қыстың суық болады, сонымен катар қыс ерте басталады.* *Мақал-мәтел: Күздей бер, күздей берсең үзбей бер.* *Тақпақ «Қарағай»* *Көкке бойын созады,* *Көпке қолын созады.* *Кең құшағын ашады,* *Көлеңкесін тосады* *Көп қарағай,қарағай* *Мейірбанды анадай.* *Жұмбақ: Жазда тұрып жоғары Күзде жерге қонады (Жапырақ)* *Қозғалмалы ойын: «Тығылмақ»* *Мақсаты: шапшаңдыққа, ептілікке жетілдіру.* *Алаңдағы еңбек: Ағаштардан түскен әдемі жапырақтарды жинап, олардан жапсыра*	***Ауа-райын бақылау*** ***Мақсаты: Қазан айындағы ауа- райын бақылау.Өзіне тән белгілерін анықтап отыру.*** ***Тәрбиеші балалармен бірге бақылау жасайды, қазан айында алғашқы суық түседі. Таңертең үйдің шатыры шөп, жолдың шеттері күннің шуағына жылтырап тұрады. Уақыт өте келе суық пайда болады.*** ***Болжам: қарға қаңқылдап тоқтаусыз секіріп жүрсе – жаңбыр жауады.*** ***Тақпақ: «Мөлдір тамшылар»*** ***Бұллар жабағы*** ***Көкті жабады*** ***Күзгі тамшылар*** ***Тамады, тамады. Ү.Есдәулетов.*** ***Жұмбақ:*** ***Көзіжасты- жылауық, келе жатыр бір алып*** ***Жабырқаса жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт)*** ***Қозғалмалы ойын: Торғай мен мысық»*** ***Мақсаты:Балалардың қимыл – қозғалыстарын арттырып, ептілікке баулу.***	**Маусымдық өзгерістерді бақылау** ***Мақсаты: маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту. Жазда күн ыстық, ал күзде таңертең күн салқын болып, түсте ыстық болады. Адамдар қысқа дайындалады. Құстар жылы жаққа ұшады.*** ***Тақпақ:*** ***Күзде жауын. Бұлт. Тұман*** ***Сары жапырақ жауады.*** ***Сары құйын үйтқыған*** ***Сапырады ауаны*** ***Тапталады табанға*** ***Судыр- судыр жапырақ*** ***Өрттей сары бояуға*** ***Малынғандай атырап. М. Әлімбаев*** ***Қозғалмалы ойын: «Ұшақтар».*** ***Мақсаты: Шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.*** ***Алаңдағы еңбек: құстарға жемсалғыш жасау.***

			отырып бір бейне жасау. (балық, қоян, кірпі)	***Алаңдағы еңбек: гүлдердің тұқымдарын жинау.***	
Балаларды үйге қайтару	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ

Мектепалды даярлық О «А» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі **1-апта** 05 - 09 желтоқсан 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Тақпақ жаттау. Мен анамнан қалмаймын! Онсыз ешқайда бармаймын! Айтыңдаршы, менсіз Жарты күн өмір мүмкін бе? Анаммен бірге ас үйде де, Істерге бірге барамыз, Екеуміз мультикті бірге көреміз, Алмұртты бөліп жейміз.	**Психогимнастика** **«Бүгін өзіңді қалай сезінесің?»** Балаларға әртүрлі көңіл-күй реңктері бейнеленген карта ұсынылады. Балалар оның көңіл-күйіне, досының, анасының, мысықтың және т. б. көңіл-күйіне ұқсас біреуін таңдайды	**Саусақ гимнастикасы** **Фигураларды орындау** **Мақсаты:** ұсақ моториканы дамыту. «Үйшік» Құбыр және шатыры бар үй тұр, Мен балконға серуенуге шықтым. «Көзілдірік» Әжей көзілдірік киді Немересін көрді. «Орындық» Аяғы, арқасы және орындық – Міне, таңқаларлық орындық	**Психогимнастика** «Жақсы көңіл-күй» Анам дүкенге барды: «Печенье мен кәмпит сатып аламын», - деді ол. «Бірге шай ішіп, бассейнге барамыз». Бала қуаныштан секіре бастады. Осы кезде музыка естіледі. Белсенді қозғалыстар: жүру, секіру. Мимика: күлімсіреу.	**Саусақ гимнастикасы** Біз базарға бардық, Алмұрт пен құрма көп, Лимон, апельсин бар, Қауын, қара өрік, мандарин. Біз қарбыз сатып алдық, Бұл ең дәмді жүк. (Өлеңнің әр жолында саусақтарды біріктіру, бірақ алақан біріктірілмейді.)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**«Зат не үшін қажет?» дидактикалық ойын** **Мақсаты**: балалардың тапқырлығын, белсенділігін және ойлау дербестігін дамыту; балалардың тұрмыстық заттардың, құралдардың маңызы туралы білімін бекіту; оларға ұқыпты қарауға тәрбиелеу (қоршаған ортамен танысу +сөйлеуді дамыту	**«Әрекетті бағала» дидактикалық ойыны.** **Мақсаты**: сюжеттік суреттердің көмегімен балалардың жақсы және жаман істер туралы идеяларын дамыту; іс-әрекеттерді сипаттау және бағалау; сезімталдыққа, қайырымдылыққа тәрбиелеу.	**«Қармақ» ойыны** **Мақсаты**: орнында секіру жаттығулары;ептілікті, қимылдарды үйлестіруді, зейінді дамыту	**«Бөлшектен үй құрастыр» дидактикалық ойын** **Мақсаты**: үй мен автобустың бөліктерін табуға үйрету; балалардың шеңбер, шаршы, тіктөртбұрыш туралы білімдерін бекіту; зейінді, көзді, табандылықты дамыту	**«Әрекетті таңда» дидактикалық ойыны** **Мақсаты**: балалар сөздігінде етістікті белсендіруді жалғастыру
Гимнастикалық жаттығу	**Гимнастикалық жаттығу кешені № 7**				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Әңгіме «Адам қандай болуы керек?»** **Мақсаты**: адамның жеке басының кейбір қасиеті туралы білімді бекіту (мейірімділік, жауаптылық, адамгершілік, адалдық)	**«Адам неге сенуі керек?» ойыны** ***(Доппен шеңберде)*** **Мақсаты**: адамның өмірі жақсаруы үшін оған не сену керектігін білу. Өйткені, өмір игі істерге беріледі	**«Мен кіммін?»** **Мақсаты**: туыстық байланыстарды білу (кім кімге керек): Мен анамын, ал сен маған кімсің? Кімнің үлкен, кімнің кіші екенін атай білу	**«Өз қорқыныштарың туралы айт» жаттығуы** **Мақсаты**: балалардағы нақты қорқыныштарды анықтау; өз қорқыныштары туралы ашық айту қабілетін дамыту	**Балалардың жұмбақ ойлап шығаруы** **Мақсаты**: адам туралы жұмбақтар жасауға үйрету (дене мүшелері, ішкі органдар туралы); сөздік қорын кеңейту
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті:** Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, Дауыссыз дыбыстардың дыбысталу ерекшеліктерін түсіндіру Қазір біз "Алғашқы қар " өлеңімен танысамыз О, керемет, керемет! \ Бейне аппақ көбелек. Ақша қар жай көлбеңдеп, Қонып жатыр жерге кеп. Дидактикалық ойын: «Дыбыстарды дауыстап айтайық». А-а-а, ә-ә-ә. Дауыссыз дыбыстарды айтқызып қатаң, ұяң, үнді дыбыстарды тапқызу: б, в, г т.б.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту «Жұп құр» ойын-жаттығуы Педагог тақтаға шеңбер бойымен бір дыбыстан басталатын екі суреттен тақтаға іліп шығады, балаларға екі бірдей дыбыстан басталатын суреттерді қосуға тапсырма беріледі. Педагог тапсырманы орындау үшін, балаларды кезекпен тақтаға шығарады. Мысалы: алма-алмұрт, қызанақ-қызылша, етік-емізік, тақия-тарақ, от-орындық, керует-күрек, сағат-сағыз, қоян-қоңыз, ит-ине	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту «Буынды айтып сөз құра» дидакикалық ойыны Ойын шарты: педагог айтқан буынға балалар сөз құрап айтады. Мысалы: На... , та... , қа..., жа..., ал..., мон..., ке..., те..., шал...,қар..., қа..., пи.., бә...	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Кері іс-әрекетті айт» ойыны арқылы сөйлем құрату арқылы шығармашылықпен ойлауларын дамыту сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту 1. Суретте бейнеленген заттарды ата. Сөзде қанша дыбыс болса, сонша дөңгелек сал. 2. Сөздерді буынға бөл. Бір буынды сөзді бір терезелі, екі буынды сөзді екі терезелі, үш буынды сөзді үш терезелі үймен сәйкестендір. Педагог суреттерді буынның санына қарай өз үйшіктеріне қосуға тапсырма береді, неше буыннан тұрса, сонша терезелі үйге қосу қажет	**Көркем әдебиет** **Міндеті: -** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту Өлең қалай аталады? – Авторы кім? – Сендерге өлең ұнады ма? – Өлеңде не туралы айтылған? – Еліміздің қандай рәміздері бар? – «Тәуелсіздік» деген сөзді қалай түсінесің? «Тәуелсіз Қазақстан» өлеңін мәнерлеп қайталап оқиды. – Өлеңнің бірінші жолы қалай басталады? Педагог сөйлемнің басын оқып, балалар жалғастыратын әдісті пайдаланады. Өлеңді эмоциямен 2-3 рет қайталайды. 3-4 бала өлеңді жатқа айтады
	Үзіліс : «Әуедегі атыс»				
	ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЫНДАР **Мен қандай адаммын ?** **Мақсаты:** Топта жұмыс жүргізу үшін жағымды ахуал орнату, қарым - қатынастың белсенді стилін және кері байланыс немесе алу тәсілдерін меңгеру; Әр қатысушы өзінің жағымды , жағымсыз қасиеттерін айтады . Сол бойынша қорытынды жүргізіледі .			**Ойын: «Әуедегі атыс» қимылды ойыны** **Мақсаты:** Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау. **Ойынның шарты:** Бұл сайыста оқушыларды екі топқа тең бөлесіз. 1-топқа бірыңғай қызыл түс (өз қалауыңыз бойынша да таңдауға болады), 2-топқа жасыл түсті үрленген шар беріп, екі команданың арасын түзу сызық етіп бормен сызып қоясыз. Музыка ырғағымен екі команда өз шарларын қарсылас команда жаққа лақтыру керек. Қай топ жылдам сол жеңіске жетеді.	
	2 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Қоршаған орта	**Математика негіздері** **Міндеті:** -заттардың салмағын өлшемі бойынша	**Математика негіздері** **Міндеті:** қағаз парағын тең және тең емес	**Математика негіздері** **Міндеті:** Бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден	**Қоршаған орта** **Міндеті:** Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету.

	Міндеті: Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау —ұлттық ойындарға қызығушылықтарын арттыру -Балалар ,татулық дегенді қалай түсінесіңдер? -Татулық-достар арасындағы ең керемет қасиет. Тату балалар бір-бірін тыңдайды,ойыншықтармен бөліседі,ренжіспейді,тату-тәтті ойнайды. Сондықтан достық татулықтан басталады. -Бүгін біз бірігіп «Хан талапай» асық ойынын ойнаймыз.	анықтауды үйрету; заттың салмағы оның өлшеміне байланысты емес, деген ұғым беру салмағына қарай тең және тең емес заттар туралы білігін қалыптастыру «Ауыр – жеңіл», «бірдей» дидактикалық ойыны. Педагог балаларға сыныпта бар заттарды қолға қойып, салыстырып, заттардың қайсысы жеңілірек, қайсысы ауырлау екенін салыстырып білуді ұсынады: кітап және қарындаш, тас және қағаз парағы, текше және кесек, әуе шары және футбол добы, моншақ және шеге, шеге және дән және т.с.с. Сондай-ақ салмағы бірдей жұптарды анықтауды ұсынады. «Өлшеу» бойынша жұптық жұмыс. Балалар тапсырманы орындайды.Тексерген кезде жұптардың әрқайсысы өз жауабын түсіндіреді	бөліктерге бөлу «бүтін және бөлік» туралы ұғым қалыптастыру. Педагог суреттерді көрсетеді, балалар бүтін немесе бөлік деп айтады. Бүтін алманы, текшелер жиынтығын көрсетеді, содан соң бөліктерін-жарты, төрттен бір бөлігін. Балалар атайды	пішіндерді жинап, құрастыру . Бөліктерден бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету Бүтін мен бөліктердің үстінен саусақтарымен жүргізеді. Практикалық жұмыс жүргізеді, сұрақтарға жауап береді. - Алма қандай бөліктерге бөлінген? (Жоғарыда алма екі бөлікке, төменде төрт бөлікке бөлінген). - Барлық бөліктерін біріктірсе, не болады? (Бүтін) - Алманың екіден бір бөлігін, төрттен бір бөлігін, басқаша қалай атауға болады? (Жарты, ширек.) Педагог мұны «+» белгісінің көмегімен көрсетеді. Екінші суретте алманың төрт бөлігінен бір бөлігін алады, қанша бөлік қалады?	еліміздің рәміздері туралы білімдерін толықтыру. **Әңгіме өткізу**. – Мемлекеттік рәміздерге не жатады? – Мемлекеттік Елтаңба. – Мемлекеттік Ту. – Мемлекеттік Гимн Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көгілдір түсті. Мемлекеттік Тудағы көгілдір түс Қазақстан халқының жеке мемлекет болуға ұмтылған ниет-тілегінің тазалығын, асқақтығын көрсетеді. Нұрға малынған алтын күн тыныштық пен байлықты бейнелейді. Қанатын жайған қыран құс – билік, айбындылық бейнесі

Үзіліс: Аз қимылды ойындар «Жалауша»

« Өкпені еріту » жаттығуы

Тып- тыныш денеңізді бос ұстап отырыңыз .Өзіңізді қаракөленкеде театрда отырмын деп есептеңіз Алдыңыздағы шағын сахнаға (ең жек көретін, көргіңіз келмейтін) сіз кешіруге тиісті адамды қойыңыз. Мейлі ол сізді қазір ренжітсін , бұрын ренжітсін ,қазір өмірде бар болсын , әлде өмірден өтіп кетті ме , оған мән бермеңіз .Көз алдыңызға елестеткенде оның жағдайы жақсы , жүзіне күлкі үйірілген жағдайда болуы керек . Оны бақытты деп біліңіз . Бірнеше минут оның жүзін анық көз алдыңызда ұстап тұрыңыз . Сонан соң барып ол бейнемен қоштасыңыз . Сіз кешірген адам кетісімен сіз өзіңізді сахнаға қойыңыз. Өзіңізді де тек жақсы жағдайда елестетіңіз . Бақытты , күлкі үйірілген жүзбен тұрыңыз . Бұл әлемдегі жақсылық барлығыңызға да тең жететінін ұғыңыз .



Ойын: «Жалауша»

Ойынның мақсаты: жарысып тез жүгіруге,қарсыласынан бұрын жалаушаны алуға жаттықтыру.

Керекті құралдар: ысқырық,жалауша,бор,таяқша.

Мазмұны.

Сыныптағы балалар санау арқылы екі командаға бөлінеді.Олар ойын алаңының екі шетінде қарама-қарсы сап түзеп тұрады.Ойыншылардың дәл ортасынан диаметрі 1 метрлік шеңбер сызылады.Шеңбердің ортасына жалауша тігіледі.Жалаушаның қасында қолына ысқырық ұстаған ойын жүргізуші тұрады.

Ойынның басталуына белгі берілгеннен кейін әр командадағы бірінші тұрған ойыншылар тез жүгіріп келіп, жалаушаны алдымен алуға тырысады.Егер ала алса, ол ойыншы команда есебіне бір ұпай қосады.

Ал шеңберге екі бала да қатар келсе, олар өте сақ болулары керек, өйткені қай ойыншыға қарсыласының қолы бұрын тисе, оның жалаушаны алуға қақысы жоқ.

Ойын осылай бірнеше рет жүріп,жеңіске жеткен команда анықталады.

Ойынның ережесі.

1.Ойыншылар тұрған қатарларынан бір мезетте шығуын мұқият қадағалау қажет.

2. Шеңбердің сызығын басуға болмайды.

3. Шеңбер ішінен алған жалаушаны ойын жүргізушіге беріп, ойыншылар қайтадан тұрған орындарына жүгіріп кетеді.

Әдістемелік нұсқаулар.

Ойын қызықты өту үшін командаларды бір түзудің бойына тұрғызу керек. Ойын жүргізуші

			етіп сабаққа қатыса алмайтын оқушыларды немесе арнаулы төрешілерді тағайындауға болады.		
3 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Қазақ тілі **Міндеті**: - Өз бетінше қарым-қатынас жасауға баулу тақырып бойынша сөздер үйрету, сөзді саналы түрде есте сақтауға жаттықтыру Мынау не? – Бұл – балабақша. – Балалар қайда келді? – Балалар балабақшаға келді. – Балалар не істеп жүр? – Балабақша ауласында ойнап жүр. – Саған балабақшада көңілді ме? – Иә, балабақшада көңілді. Балабақшада балалар көп. Олар бір-бірімен дос. – Дос, дос-ы-ң, се-н-і-ң до-сың. Ме-н-і-ң до-сым. Артем, сен кіммен ойнайсың? Артем, Арлан сенің досың ба? – Иә. Менің досым – Арлан. – Артем, Арлан – достар. – Достар қалай ойнайды? – Достар тату ойнайды	**Қазақ тілі** **Міндеті С**ұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу тақырып бойынша сөздер үйрету, сөзді саналы түрде есте сақтауға жаттықтыру Дидактикалық ойын: «Өзіңнің досың туралы әңгімеле». Балалар өздері туралы және достары туралы әңгімелеу. Менің атым – Наташа. Мен бес жастамын. Менің досымның аты – Сәуле. Біз тату ойнаймыз. Менің атым – Артем. Мен бес жастамын. Менің достарымның аттары – Арлан, Рома. Біз достарымызбен татумыз. (Балалар қайталайды).	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру Дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу Педагог: 1.Балалар, табиғатты сүю – парыз. Сүю үшін – қорғау парыз. 2.Адамдардың табиғатсыз күні жоқ Оны айтуға табиғаттың тілі жоқ Педагог балаларға сұрақтар қояды. Алғашқы қар. –Өлеңді тыңдағанда көз алдыларыңа не елестеді? –Бір сөзбен айтқанда, қысқы табиғат. Бұны сурет жанрында «пейзаж» деп айтады. –Өлеңде автор қарды неге теңейді? –Қарды түсі мен түріне қарап тағы неге теңеуге болады? –Сендерге өлең ұнады ма? –Өлеңнің қай жолдарын қайта тыңдағыларың келеді, қандай жолдары сендерде ерекше әсер қалдырды? –Мен қазір өлең жолдарын қайталап оқимын, сендер қайталап айтыңдар. –Енді осы өлеңді қайталап отырып естеріңе сақтап қалуға тырысыңдар. Педагог суретке қарап қайталау арқылы өлең жолдарын жаттатады	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту Біз қай республикада тұрамыз? – Қазақстан Республикасының астанасы қай қала? – Қазақстанның жері үлкен, табиғаты бай, көп ұлтты, егемен мемлекет. Еліміздің мақтана алатын мемлекеттік рәміздері бар. Ол – Туы, Елтаңбасы, Гимні. Біз – тәуелсіз елдің бақытты ұландарымыз. – Бүгін ақын Оразақын Асқардың «Тәуелсіз Қазақстан» атты өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Педагог «Тәуелсіз Қазақстан» өлеңін мәнерлеп оқиды	**Шығармашылық бейнелеу әрекеті** **Міндеті:** - - Қазақ халқының ұлттық қиімдері мен ою- өрнектері туралы білімдерін кеңейту - Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндеу Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану - Қағаз цилиндрлерден (тақия, сәукеле, кимешек және т.б.) және қолғап құрастыру **Топтық жұмыстар**
Үзіліс: «Торғайлар мен тор» қимылды ойыны					

Тіл гимнастикасы **«Р»-ға тілің келе ме?** **Қаламқасқа «тұр», - деші,** **Қарындашқа «жүр», - деші.** **«Қара қарындашты** **Қаламқас алып тұр», - деші,** **Ал енді өзің-ақ** **«Р-р-р-р», - деші.**	**Ойын: «Торғайлар мен тор»** қимылды ойыны **Мақсаты:** Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау. **Ойынның шарты:**Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топ алаңның ортасында қол ұстасып шеңбер құрып айналып жүреді. Сол топ тор болып саналады. Екінші топ-торғайлар. Тәрбиеші торды ашыңдар дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын көтереді.(Қол ұстасып айналып жүреді) Торғайлар шеңбердің ішіне кіреді, тез қайта шығуға тырысады. Тәрбиеші «торды жабыңдар» дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын түсіреді. Тордың ішінде қалып қойған балалар шеңберге қосылады. Сөйтіп 1-3 торғай қалғанша ойнайды.	

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Дене шынықтыру **Міндеті: -** ; Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату Балалар арасындағы достық қарым-қатынасты орнатуға және ұжымның ұйымшыл болуына жағдай жасау. Допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұруды жаттықтыруға жалғастыру	**Музыка** **Міндеті:** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, **Музыка тыңдау:** «Алатау» (Н. Тілендиев, үнтаспадан) Ән айту: «Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова) «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна» орыс х.ә. (өңдеген М. Раухвергер) Билер: «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Шаңырақ» ойыны	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу Доппен орындалатын жаттығулардың маңызы туралы түсініктерін толықтыру және жалпы қозғалыстар туралы танымдық көзқарастарын дамыту Негізгі қимыл-қозғалыстарды алмастыру тәсілімен орындау: «Баскетбол» – допты оң және сол қолдың саусақ ұштарымен еденге кезекпен ұруға үйрету. Нұсқау – бастапқы қалыпты дұрыс қабылдау, допты алақанмен соқпау. Допды еденге бір қолмен соғады, еденнен ырғыған допты саусақтарын ашқан күйде күтіп алады. Тапсырманы орындап болғаннан кейін допты себетке салады.	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру Доппен орындалатын жаттығулардың маңызы туралы түсініктерін толықтыру және жалпы қозғалыстар туралы танымдық көзқарастарын дамыту Қимыл-қозғалыс ойыны: «Еденде тұрып қалма». (4 рет) Ұстаушы бала таңдалады. Қалған балалар биіктігі 30 см заттардың үстінде тұрады. Балалар секіріп түсіп, зал ішінде жүгіріп жүреді. Педагогтің: «Ұста!» деген бұйрығы бойынша орындарына жүгіреді. Ұстаушы бала секіріп орындарына шыға алмаған балаларды ұстайды. Ұсталған балалар бір шетте отырады	**Музыка** **Міндеті:** Ән айту дағдыларын қалыптастыру Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, **Музыка тыңдау:** «Алатау» (Н. Тілендиев, үнтаспадан) Ән айту: «Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова) «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна» орыс х.ә. (өңдеген М. Раухвергер) Билер: «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Шаңырақ» ойыны Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай) »
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

Серуен	***Аспанды бақылау*** ***Мақсаты:табиғаттың әдемілігін сезініп, «аспан» сөзімен таныстыру, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, тілдерін дамыту.*** ***Тәрбиеші балалардың назарын аспанға аударады. Аспанның түсі ашық, көгілдір екендігін, онда ақ бұлттар, қалқиды. Олардың пішіндері әр түрлі болады, бұлттарды жел қозғайды.*** ***Жұмбақ: Бір түкті кілем Бір түксіз кілем (жер, аспан)*** ***Мақал – мәтелдер: Қарға қарқылдаса, қысты шақырады, Қаз қаңқылдаса, жазды шақырады.*** ***Тақпақ «Аспанда»*** ***Аспан бұлтқа толып кетті.*** ***Бұлттар түлік болып кетті.*** ***Бір бұлт шықты бие болып*** ***Бір бұлт шықты түйе болып*** ***Қозғалмалы ойын. «Ұшты-ұшты»*** ***Мақсаты: заттарды ажыратуға, аттарын есте ұстауға шапшаңдыққа зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.*** ***Еңбек әрекет: Жолдарды қардан тазарту.***	*Желді бақылау* *Мақсаты:балаларды табиғат құбылыстары, желдің соғуын, желдің бағытын, жылдамдығын бақылауға ажырата білуге үйрету.* *Тәрбиеші балалармен қай жақтан жел соғып тұрғаның бақылайды. Күндіз аспанда қалықтап бара жатқан бұлттарды бақылау, ағаш бұтақтарының қозғалысын бақылау.* *Жұмбақ: Қанаты жоқ-ұшады Аяғы жоқ-қашады. (Жел)* *Тақпақ:* *Жел тынымсыз гуілдеп* *Болып кетті тым бұзық* *Шуылдайды тал, терек,* *Жапырағын жұлғызып.* *Қозғалмалы ойын: «Жел мен бұлттар»* *Еңбек: өсімдіктерді,көшеттерді қармен жабу.* *Мақсаты: өсімдікке деген қамқорлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу*	*Күнді бақылау* *Мақсаты: балаларға адамдар, жануарлар мен өсімдіктер әлемі үшін күннің маңызы зор екендігін ұғындыру. Байқампаздық, бақылай білу қабілеттерін дамыту. Қыста күн қысқарады, жылуы аз болады, сондықтан қыста күн суық болатындығы туралы түсінік беру.* *Жұмбақ:* *Жұрттың бәрі соны сүйеді,* *Бірақ оған қарағысы келмейді. (Күн)* *Болжамдар: Түнде ай жарқырап тұрса немесе аспанда жұлдыздар көп болса, ертең күн ашық,жылы болады.* *Тақпақ:* *Шұғылалы күніміз* *Бақшамызға барамыз* *Күнге қарап жайқалып* *Біз өсіп бармыз.* *Қимыл-қозғалыс ойыны: «Түрлі-түсті автомобильдер»* *Еңбек: бұтақтардың түбін тазарту*	***Су бетіне қатқан мұзды бақылау*** ***Мақсаты: Судың әр түрлі қасиетімен таныстыру, табиғатта болатын өзгешеліктерді бақылай білуге үйрету, табиғатты аялауға тәрбиелеу, сөздік қорларын дамыту.*** ***Тәрбиеші балалрдың назарын жердегі кішкентай көлшіктерге аударады, бетіне жұқа мөлдір мұз қатып қалған. Кейбір көлшіктерден күзден қалған жапырақтарды байқауға болады. Мұзды аяқ киімдеріңмен жарып көріңдер. (ол жұқа, тез сынады) Егер мұзды лақтырса, олар ұсақ бөліктерге бөлінеді. (мұз қатты). Егер мұзды қолға ұстасақ, ол еріп кетеді.*** ***Жұмбақ: Отқа жанбас-суға батпас (мұз)*** ***Болжам: егер қыста қар аз және күн суық болса, жаз құрғақ және ыстық болады.*** ***Қозғалмалы ойын: «Түлкі мен қаздар»*** ***Мақсаты: ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.*** ***Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қоян мен аңшы».*** ***Еңбек: есік алдын сыпырушы ағайға көмек көрсету мұз жолдың үстіне құм себу.***	***Қарды бақылау*** ***Мақсаты: Қоршаған ортаның әсемдігін сезіне білуге үйрету; қардың қасиетімен таныстыру. Терезеден жауып тұрған қарды бақылау. Қар ұлпаларына қараңдаршы, олар әр түрлі пішінде біреуі үлкен кесек болса, тағы бірі орташа,кішкентай яғни қаршықтар әртүрлі пішінді екен. Қар бізге терезеден жылтырап көрінеді. Олардың әдемі пішінін тамашаландар.*** ***Жұмбақ: Жылт-жылт етеді,*** ***Ұстасақ еріп кетеді. (қар)*** ***Болжам: көп қар- көп нан.*** ***Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қоян мен аңшы».*** ***Еңбек: тәжірибе жасаған үстел үстін жинастыру.***
Балаларды үйге қайтару	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ

Мектепалды даярлық О «А» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі **2-апта** 12 – 16 желтоқсан 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	«Мүсін» ойыны **Мақсаты**: қимылды үйлестіруді, есту қабілетін, физикалық қасиетін, ережелерге сәйкес ойнау қабілетін дамыту	**«Бәрі қалай аяқталды?» ойыны** **Мақсаты**: есте сақтау қабілетін, ақыл-ой қабілетін дамыту; баланың сөздік қорын толықтыру	«**Не жоғалды?» ойыны** **Мақсаты**: зейінді, есте сақтауды дамыту	**«Балалардың тәртібі қатаң» ойыны** **Мақсаты**: сигнал бойынша әрекет ету қабілетін, физикалық қасиеттерін дамыту	**«Сен қалай өмір сүресің» ойыны** **Мақсаты**: балаларда қимылды дұрыс сипаттау және бір уақытта сөйлеу, ойлау дағдысы, қозғалысты үйлестіру қабілетін дамыту
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**«Бұл не үшін?» дидактикалық ойын** **Мақсаты**: Жыл мезгілдері мен тиісті айларды атауға үйрету	**«Жануарды тамақтандыр» дидактикалық ойыны** **Мақсаты**: сөздерді бөліктерге бөлуге, сөздің әр бөлігін бөлек айтуға үйрету	**Өзіңе жұп тап» дидактикалық ойыны** **Мақсаты**: балаларды сөздердің дыбысын тыңдауға үйрету; сөздерді өз бетінше атауға және олардағы дыбыстардың нақты айтылуына жаттығу	**«Бұл нені білдіреді?» дидактикалық ойын** **Мақсаты**: балаларды сөздерді мағынасына қарай топтастыруға, сөздердің тікелей және бейнелі мағынасын түсінуге үйрету	«**Кім көп сөз ойлап табады» дидактикалық ойыны** **Мақсаты**: сөздікті белсендіру; ой-өрісін кеңейту

Гимнастикалық жаттығу	Гимнастикалық жаттығу кешені № 7				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**«Ұннан жасалған тағамды ата» дидактикалық ойыны** **Мақсаты**: нан-тоқаш өнімдері туралы білімдерін бекіту; нанға ұқыпты қарауға тәрбиелеу	**«Төртінші артық» дидактикалық ойыны** **Мақсаты**: артық затты (азық-түлік) табуға үйрету және себебін түсіндіру	**Жаңылтпаш** «Сіз бізді іздемеңіз ана: Біз қымыздықты қырыққабат сорпасына қосамыз» **Мақсаты**: барлық дыбысты айту арқылы жаңылтпашты анық айтуға үйрету	**«Табиғат және адам» дидактикалық ойыны** **Мақсаты**: адам жасаған және табиғат адамға не беретіні туралы білімді жүйелеу: балық, ет, көкөніс, жеміс, жидек, тұқым, жаңғақ	**«Сипаттама арқылы біл» дидактикалық ойыны** **Мақсаты**: сипаттама бойынша тамақ өнімдерін тануға үйрету
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті:** Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу Сөйлем түрлерін ажырата білуге үйрету. Дауыс ырғағына қарай оларды ажырата білу іскерлігін дамыту **Менің Отаным** Әйнегі – күн, Шатыры – аспан, Кең далам асқақ. Төсі толған егін, Көлдері күміс шашқан, Қазақстан Республикам менің!	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен атай білу дағдыларын бекіту сызба бойынша сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен атай білу дағдыларын бекіту. **«Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы** **(**Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға фишка беріп отырады) – Айсұлу бізге -та буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: тарақ, тамыз, тал, табыс, тап, тапқыр, тау, тауық, таутеке, тазы, тамызық, таға, тақылдақ, таң -ба буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: балық, батпақ, бақа, бағдат, бақ, бақ-бақ, банка, бақыр, Бағжан, байғазы, бай, байлық, базар, Базаргүл, балшық -са буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: сағыз, сабын, салт, Самал, сарай, сары, сай, самал, сал, сауық, сауыншы, сатушы, сауап, сауықшыл, сан Ойын соңында фишкасы ең көп бала жеңімпаз болады	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру, сөйлем сөздерден тұратынын түсіну әр дыбыстың сөздегі орны аса маңызды екенін түсіндіру. **«Дыбыстың сөздегі орнын тап» дидактикалық жаттығуы** Педагог сөз сызбасын тақтаға іледі. – Балалар, піл, апа, қап сөздерінде «п» дыбысы қай жерде орналасқанын табайық. Сызбаларға белгілейік. Балалар піл сөзінде «п» дыбысының бірінші тұрғанын, апа сөзінде ортасында тұрғанын, қап сөзінде соңында тұрғанын айтады	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу . Балаларды дыбыстың сөздегі орнын таба білуге үйрету. **«Дұрыс тап» дидактикалық ойыны** – Балалар, мен тақтаға сызба ілемін, сендер мен айтқан дыбыс сөздің қай жерінде тұрғанын, яғни басында, ортасында, соңында тұрғанын тауып, төртбұрышты бояйсыңдар. Сендер бір төртбұрыштың бір дыбыс екенін білесіңдер. Л дыбысын орнан анықтаймыз. Мысалы: (п) піл, апа, қап. Есімізде сақтаймыз: берілген дыбыс сөздің басында, ортасында, соңында болуы мүмкін	
Үзіліс :					

Сюжетті-рөлді ойын: **Тақырыбы: «Экологтар.Бағбандар»** ***Мақсаты:*** Қолайлы жағдай жасау, әлеуметтік шабыттарын мадақтау, ойын сюжетіне байланысты шағын топтарға бөлу, тіл этикетін дамыту.Экологтар жұмысының ізгі бағыттағы жұмыстары және оның табиғатты қорғаудағы, әлеуметтік мәні туралы түсініктерін кеңейту. ***Жағдаят:*** Объектыны таңдау, Картамен жұмыс, бақ орнататын жерді таңдау Экологиялық паспортарды қарау;Эклогиялық жағдайларды зерттеу Айыппұл төлету;Экологиялық жағдаятарды түзету жұмыстары;Суретке түсіру, суретке түсірудің бұзылуы, суретшімен кездесу. өсімдіктерді бейнелеу. 	**Сюжетті-рөлді ойын:** **Тақырыбы: «Зертеушілер»** ***Мақсаты:*** Ойнатылытын ойынын этапатарынын біліктілігін бекіту. Зерттеуге керекті заттар мен құрал-жабдықтарды ,сонымен қатар заттар ауыстырушыларын табуға үйрету .Рөлдерге бөлініп ,бөлінген рөл бойынша әрекет ету әдетін қалыптастырып . Зерттеу жұмысшыларының жұмысы қызықты әрі қиын екенін түсіндіріп .Ойындық диологты моделдеуге үйрету. ***Жағдаят:*** Зерттеу обьектісін тандау; Зертхананы құру ; Проведение опытной работы; Фотоға түсіру , аралық нәтижелердің түсірілімі;байқау нәтижелерін жұрналға жазу; ғылыми кеңес;зерттеу нәтижесін шығару. 	***Сюжеттік ойын:*** **Тақырыбы:«Дәмхана. Макдоналдс. Пиццерия» сюжетті – рөлдік ойын** **Мақсаты :** Азық-түлікпен жұмыс істейтін жұмыскерлердің еңбегі жайында түсініктерін молайту. Балаларға рөлдерге бөлініп,сол рөл бойынша әрекет етуге үйрету,өздеріне керекті нәрсені құруға үйретіп ,балалардын мейірімділік қарым-қатынасын орнату .Балаларға ойында қоршаған ортадан алған білімдерін көрсете білуге үйрету . **Жағдаят:** Үстелді таңдау; Ас мәзірімен танысу; Тапсырысты қабылдау ; Тапсырысты орындау; Менеджермен жұмыс (шағым,алғыстар); Тапсырысқа төлеу; Үстелді жинап ,ыдыс аяқ жуу. 		

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қоршаған орта **Міндеті:** Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау Жол белгілерінің қауіпсіздік сақтаудағы маңызды екенін әңгімелей білуге баулу **Жұмбақ жасыру.** Өзі сөйлей білмейді, Бірақ «Тоқта, жүр!» – дейді. – Бағдаршам. **«Бағдаршам» ойыны** **Жүргізуші**: – Мен қызыл түсті көрсеткенде, орындарыңнан тұрасыңдар, сары түсті көрсеткенде, шапалақ ұрасыңдар, жасыл түсті көрсеткенде, бір орындарыңда тұрып жүресіңдер. – Көшеге шыққанда неге мән беру керек? – Жол белгілеріне мән беру керек.	**Математика негіздері** **Міндеті:** Теңдік туралы түсінік қалыптастыру «артық», «кем», «тең» ұғымдарын қалыптастыру. **Ойын жаттығуы: «Сана»** Педагог цифрлар және теңдік таңбасы бейнеленген карточкаларды, сондай-ақ нүктелер және сандық суреттер бейнеленген карточкаларды таратады. Бес нүкте бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды. Бес зат бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды. – Осы карточкалар туралы не айтуға болады? – Нүктелер санын, суреттегі заттардың санын белгілейтін карточканы салыңдар. Қандай цифрларды алдыңдар? Олар бірдей ме? Демек, 5=5, яғни нүктелер саны карточкада бейнеленген заттар санына тең деп айтуға болады. Нүктелер және заттар бейнеленген карточкаларды алады. Нүктелер саны суретте	Математика негіздері **Міндеті:** - Әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру Балаларды «=» белгісімен, оның мәнімен таныстыру; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау; санау, салыстыру, санды цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту 1-тапсырма орындауды ұсынады, саны бірдей заттар тобын тауып, сызып қосады. Санын жазады. - Сол жақ жоғары суретке гүл жасау үшін, мозаиканың қанша түрлі-түсті бөлшектері қажет болды? (8) - Оң жақ төменгі суретте қанша мозаика бөлшектері бар? (8) - Осындай санды тауып, оны ұяшыққа жапсырыңыз. Осы	**Математика негіздері** **Міндеті** Әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру Балаларды «=» белгісімен, оның мәнімен таныстыру; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау; санау, салыстыру, санды цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту тапсырма Педагог пазл бөліктерін санауға, сәйкес санмен байланыстыруға ұсынады. Сосын қай бөлшек көбірек болса, сол бөлшектерді әртүрлі түстермен бояуды сұрайды. Балалар бөлшектерді санайды сәйкес цифрмен сызып қосады	

		бейненленген заттардың санына тең екенін айтады. «=» белгісін қоюға болады.	екі суретті сызықпен қосыңыз. Мозаика бөлшектерінің саны туралы не айтуға болады? (саны тең) - Екінші қатардағы сол жақ суреттегі пазлдарды санаңыз. Олардың саны қанша? (7) - Пазлдары бар тағы сурет бар ма? Онда қанша бөлік бар? (4) - Оларды тең деп айтуға бола ма? (жоқ) - Суреттегі пазл бөліктерінің саны қанша болса, сонша Лего конструкторының бөлшектері бейненленген суреттерді табыңыз. Цифрды жапсырады. Санына қарай жұптастырады. Балалар тапсырманы орындайды, салыстырады.		

Үзіліс:

Дидактикалық ойын: «Кім болғым келеді?»
Мақсаты: Мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы зейіндерін дамыту.Олар қандай заттармен қолданатыны жайлы түсінік беру.
Ойынның шарты:Тәрбиеші картиналарды көрсете отырып,былай деп сұрайды, «Дәрігер не істейді? Жүргізуші не істейді? Мұғалім не істейді? Тігінші не істейді?» Балалар қай мамандық иесі екенін қандай құралдармен жұмыс істейтін жайлы айтады.
Ықтимал күрделендіру:тез ойла
Ойынның нұсқаулары:Балаларға мамандық иелерінің суреттері таратылып беріледі.

Ойын: «Оюларды құрастыр»
Мақсаты: Қазақ халқының қолданбалы сәндік өнері туралы балаларға түсінік беру. Ою-өрнектің түрлерімен таныстыру, ою-өрнектерді құрастыра білуге, түстердің үйлесілімділігін үйрету.Танымдық қабілеттерін арттыруБалалар өз елін, халқын сүюге қазақ өнерін құрметтеуге тәрбиелеу.Ұлттық мақтаныш сезіміз ояту.Эстетикалық талғамын ұштау.
Қолданатын көрнекіліктер: Оюлардың қиылған суреттері
Ойын шарты: Қазақтың ұлтық әр түрлі оюлармен сәндей білу,оюларды құрастырып аттарын атау.



3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Міндеті:** - Мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету **Ойын: Кім не істейді?**	**Қазақ тілі** **Міндеті**: Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** - Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу Сөйлем түрлерін ажырата білуге үйрету. Дауыс ырғағына қарай оларды ажырата білу іскерлігін дамыту	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** - -Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру сюжеттік бірізділікті сақтап, көңіл күймен, қисынды мазмұндауға дағдыландыру Қазақстанның жері кең-байтақ, табиғаты бай, егемен мемлекет. Қазақстанның	

	Ұшқыш ұшады. Ғарышкер ұшады. Дәрігер емдейді. Құрылысшы үй салады. Сатушы сатады. Балалар сөйлемдерді қайталайды. «Кім болып істейді?» сұрағымен таныстырады. Ата-аналарының кім болып істейтінін сұрайды. – Сенің әкең кім болып істейді? Сенің анаң кім болып істейді? Балалар Менің есімдігін жауаптарында қолданады. Ата-аналарының мамандықтарын атайды. – Менің әкем құрылысшы болып істейді. – Менің анам дәрігер болып істейді.	байқауға үйрету **Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).** Ұ-ұ-ұш- ұш-қыш – ұшқыш. Ә-ә-ә-дә-рі-і-і-гер – дәрігер. Қ-қ-қ-ұ-ұ-құ-құр-ыл-ыс-шы – құрылысшы. Ғ-ғ-ғ-ғ- ға-ға-рыш-кер- ғарышкер **Жаңылтпашпен таныстыру.** Ұшқыш меңгергенді Дәрігер меңгере ала ма? Дәрігер меңгергенді Ұшқыш меңгере ала ма? Жаңылтапшты қатты және ақырын әрі жылдам айтқызу	Сөйлемдердің үш түрі болады. Біріншісі – хабарлы сөйлем. Бір нәрсені хабарлап айтады. Сөйлем соңынан нүкте қойылады. Мысалы: Менің Отаным – Қазақстан **Дидактикалық ойын: «Қажетті тыныс белгілерін қой».** **Ойын шарты**: Берілген суреттердің мағынасына байланысты құрастырылған сөйлемдердің тыныс белгілерін қою	астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы Сарыарқа даласында, Есілдің жағасында орналасқан (картадан көрсету). Біз – Қазақстан азаматы екендігімізді мақтан етеміз. Қазақстан – біздің Отанымыз. Педагог «Тәуелсіздік күні» слайдын көрсетіп, әңгімелейді. – Бүгін Әлия Дәулеткелдінің «Тәуелсіздігіміз мәңгілік» атты әңгімесімен танысамыз. Әңгіме – болған оқиғаның желісі бойынша жазылады. Педагог әңгімені оқиды, мазмұнын түсіндіреді (қосымшаны қараңыз).	

Үзіліс:

Сюжеттік ойын:

Тақырыбы: «Сән ателесі»

Мақсаты: Балаларға суреттен көрген киімдердің аттарын атап,киімдер мен ұлтық киімдерді ажыратып топтастыруға баулу, мата түрлерін ажырата алуға үйрету,қайсынан қандай киім тігеді жайлы түсіндіру.

Көрнекілік: жаңаша киімдер,ұлттық киімдер

Ойын барысы : бірнеше матаның қиықтары алып,қайсысынан қандай киім тігуге болатындығын тауып,суретке бейнеленген киімнің тұсына қоюды ұсынады.

Сюжеттік ойын:

Тақырыбы: «Азық - түлік дүкені»

Мақсаты: Балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу.

Қажетті атрибуттар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, папье-машеден жасалынған тағам түрлері, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер.

Ойын шарты. Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатып, әбден жаттыққаннан кейін үш дүкенді қатар ашып ойынды күрделендіру. Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир, қалғандары тұтынушылар.

Тәрбиеші ойын ережесін түсіндіреді. Ереже бойынша сатушылар да, тұтынушылар да бір-бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рахмет айтуды ұмытпауы керек. Сатушыда өз кезегінде «Тағы да келіп тұрыңыз», - деп ілтипат білдіреді.

Бірінші ойыншық дүкенін ұйымдастыру. Ойыншық сөресінің жанына үстел қойылып сөреде «Дүкен» деген жазу ілулі тұрады. Кассирдің алдында есепшот, ақша салатын қорап, ақ қағаз, қарындаш. Ойыншық алғысы келген балалар ең әуелі кассирге ақшасын төлейді. Не алғысы келетінін айтады. Кассир чек жазып береді. Чекті алып сатушыға береді. Сатушы «тағы да келіп тұрыңыз» - дейді.

Тәрбиеші ойынға жалпы басшылық жасайды.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Дене шынықтыру **Міндеті: -** Допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу Баланы сезіну (сенсорлы) үдерістері арқылы және қимыл- қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау **«Допты еденге соқ»**. Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. Төрт тізбекке тұрады: екі тізбек залдың бір шетіне, екі тізбек оларға қарама-қарсы тұрады. Алғашқы екі тізбектегі балалар допты еденге соғып жүріп, қарама-қарсы тұрған екі тізбекке дейін келеді. Допты оларға беріп, өздері олардың арттарына барып тұрады. Допты алған балалар залдың екінші шетіне допты еденге соғып алып жүреді. Допты қатты соқпайды, саусақтарын ашып ұстайды. Нұсқау – допты тура алдыға бағыттамай, сәл шет жақпен алып жүру (өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі мүмкін). Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін болса, онда оң аяқтың ұшының оң жағынан алып жүру қажет	**Музыка** **Міндеті:** Әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру **Музыка тыңдау:** «Желтоқсан» (П. **Чайковский)** **Ән айту**: «Шырша әні» (К. Қуатбаев) «Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер) Билер: «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Айналмалы дөңгелек» («Дидактикалық ойындар» жинағы) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай)	**Дене шынықтыру** **Міндеті: -** Допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр). Малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алуға үйрету **«Қазан» –** 2,5 м арақашықтықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды (асықтарды) лақтыру. Б.қ.: аяқты иық деңгейінен алшақ қою: оң аяқты артқа жіберіп, оң қолды шынтақтан жартылай бүгіп, кеуде тұсында ұстап тұру. Асықты лақтырар алдында алдымен қолды төмен түсіріп, сонан соң артқа жібереді, ал лақтыру кезінде қолды алдыға жіберіп, жоғары көтеріп, сонан соң асықты лақтырады. Құрсауларды (4 құрсау) айнала шеңберге тұрады. «Қазан» ішіне көп асық тастаған бала жеңімпаз атанады	**Дене шынықтыру** **Міндеті: -** Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, Гимнастикалық орындық үстінде асықтарды алдында, артында ұстап, тепе-теңдік сақтап жүру **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Үшінші артық» (3 рет)** Бір-бірінің желкелерінен қарап, екі-екіден үлкен шеңбер құрып тұрады. Жұптардың арақашықтығы – 2-3 адым. «Артық» ойыншы қашады, жүргізуші оны қуады. «Артық» бала кез келген жұптың алдына тұра қалады, енді қатарда үшінші болып тұрған бала қашады. Жүргізушіге ұстатпауға тырысады	
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	***Судың қатқанын бақылау*** ***Мақсаты: судың құрамымен таныстыру,табиғатта пайда болатын құбылыстар туралы түсінік беру.*** ***Тәрбиеші қатқақ суға балалардың назарын аударады. Олар қайдан пайда болды?*** ***Болжамдар: желтоқсанда қар көп болса- сол жылы егін мол болады.*** ***Тақпақ:*** ***Қар жатыр аппақ*** ***Ойнауға жақсы-ақ*** ***Осындай шақта*** ***Кім үйде жатпақ?*** ***Жұмбақ:Қолы жоқ сурет салады, Аузы жоқ тістеп алады.*** ***(Аяз)*** ***Қозғалмалы ойын: «Кімдікі алыс».***	*Тоғайларды бақылау* *Мақсаты: Қыстағы өсімдіктердің тіршілігін, келбетін бақылауға, сипаттауға үйрету. Ағаштардың айырмашылығын, ұқсастықтарын ажырата білуге, көлеңкесіне қарап тоғайларды ажыратуды үйрету;* *Тоғайлар мен бұтарларға қараңдаршы. Ең әдемі тоғай немесе бұтаны тауып, оны сипаттайық. Қыста тоғайлар тыныштық күйде болады, яғни ұйықтайды. Тоғайдың түбіне, бұтақтарына, құрылысына, түсіне қарап, бақылау жүргізу.* *Болжам: қар ағашқа жабысса – жылы болады.*	*Ағаштар мен бұтақтарды бақылау* *Мақсаты: Өсімдіктердің ұқсастығы мен ерекшелігін ажыратуға үйрету.* *Жапырақсыз қалған өсімдікке назар аудару. Әсіресе қысты күні ағаштар мен бұталардың айырмашылығын жақсы көруге болатындығы туралы түсінік беру.* *Өсімдіктердің бір біріне ұқсастығы мен ерекшеліктерін табыңдар. Ауладан өздеріңе таныс өсімдікті тауып, атын атаңдар. Қастарына жақындап барып, қолдарыңмен ұстап сипаттап беріңдер.* *Болжам: қыста қар қалың болса, жазда егістік мол болады.* *Мақал-мәтел: Аяз мықты болса, мұрның қызарады.* *Тақпақ: «Қарағай»* *Көкке бойын созады,* *Көпке қолын созады.* *Кең құшағын ашады,*	***Қар үстіндегі іздерді бақылау*** ***Мақсаты: балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге үйрету.*** ***Балаларды байқағыш, ойлау қасиеттерін қалыптастырып, толықтыра түсу.*** ***Қар үстіндегі іздерге назар аударып, оны анықтай білуге көңіл қою. Ауа райының қай кезінде іздер жақсы көрінеді?*** ***Тақпақ:*** ***Ақ киімді денелі, ақ сақалды,*** ***Соқыр, мылқау танымас тірі жанды,*** ***Үсті – басы ақ қырау түсі суық,***	***Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу*** ***Мақсаты: балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу.*** ***Балаларға қар ұлпасын қағып алып, зейін қойып, анықтауды ұсыну. Қар ұшқыны алты қанаттан тұрады, олар бір—біріне өте ұқсас келеді.*** ***Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. Су буы өте жоғары көтеріледі, жоғарыда ауаның температурасы өте төмен болғандықтан, су буларынан кішкентай ғана мұз қиыршықтары пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға айналады, сөйтіп қар ұшқындары жерге түседі.*** ***Тақпақ:*** ***Жазда көлге мұз қатты,*** ***Табанымды мұздатты.***

	Мақсаты: Икемділігін, күшін дамыту. ***Еңбек: есік алдын сыпырушы ағайға көмек көрсету мұз жолдың үстіне құм себу.***	*Мақал- мәтел: «Бір тал кессең – он тал ек»* *Тақпақ:* *Қазақ жері –сәніміз* *Мәуесі мол бағымыз* *Саясында жетілер* *Балдай бала шағымыз.* *Қозғалмалы ойындар: «Қояндар мен аю»* *Еңбек: Тоғайларды қармен жабу.*	*Көлеңкесін тосады* *Көп қарағай,қарағай* *Мейірбанды анадай.* *Қозғалмалы ойын: «Аңшы және қояндар»* *Еңбек әрекеті: Тал түбі мен бұталардың түбіне қарларды үйіп жинау*	***Басқан жері сықырлап келіп қалды. (Абай)*** ***Мақал: Жемберсең қыста құсқа- сауабы тиер оның жазда.*** ***Қимылды ойын: «Ақ қоян»*** ***Мақсаты: балалардыептілікке баулу.*** ***Жеке жұмыс: бір құстың лабиринттен шығу жолы туралы ертегіні ойластыру.*** ***Еңбек: құстар үшін жемсалғыш жасап, оны ағашқа іліп қою, жем салу***	***Мұз ойылып кетті тез,*** ***Күліп едік, біз қатты.*** ***Қимылды ойын «Ортаға түспек»*** ***Мақсаты: тез жүгіріп секіруге, ептілікке үйрету.*** ***Еңбек: қар атжалдарын жасауға балаларды үйрету.***
Балаларды үйге қайтару	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз .	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «А» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі **3-апта** 19 – 23 желтоқсан 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	«Түсті табу» дидактикалық ойыны Мақсаты: белгілі бір түсті киімдерді табу және атау дағдыларын бекіту	«Ауа-райы қандай?» дидактикалық ойын Мақсаты: «Ауа-райы» (қарлы, аязды, суық, күншуақты, желді) сөзінің анықтамасын таңдауға үйрету	«Жақсы-жаман» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды табиғаттағы қайшылықтарды, құбылыстардың екіұштылығын, тірі мен жансыз арасындағы байланысты көруге үйрету; сөйлеуді дамыту.	Жұмбақты тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: күздің аяғында жансыз табиғат туралы білімді бекіту; ойлау, шығармашылық қиялды дамыту	«Шуылдақ» деген не?» дидактикалық ойын Мақсаты: шығармашылық дағдыларды қалыптастыру, заттарды шығармашылық түрлендіруді жүзеге асыру мүмкіндігі
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**«Лото» дидактикалық ойыны** **Мақсаты**: үлгі бойынша бірдей пәндерді тауып, оларды айту	**«Болады-болмайды» доп ойыны** **Мақсаты**: есте сақтау, ойлау, реакция жылдамдығын дамыту	**«Сол формадағы затты тап» дидактикалық ойыны** **Мақсаты:** пәндер формасы туралы түсінікті нақтылау	**«Маймылдар» ойыны** **Мақсаты**: шеңбер бойымен жүруге жаттығу, қозғалыстарды мәтінмен үйлестіру	**«Ұқсас - ұқсас емес» дидактикалық ойыны** **Мақсаты**: заттарды салыстыруға үйрету; олардан айырмашылықтың белгілерін табу; ұқсастық, сипаттама бойынша заттарды тану
Гимнастикалық жаттығу	Гимнастикалық жаттығу кешені № 8				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Табиғи тісті одан әрі сақтау үшін саған...керек» ойын жағдайлары	Түспен-эмоциямен «Менің көңіл-күйімді тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды өз мінездерімен күресуге үйретуді жалғастыру	Табиғаттағы мінез-құлық ережелері туралы альбом қарау «Қауіпсіз сөздер» дидактикалық ойыны Мақсаты: үш тілде сөз тіркестерін құруды үйрету	«Кір-қожалақ қыз» драма-ойын Мақсаты: ойын бейнелерінің қимыл мәнерлілігін дамыту	«Дені сау болу – бұл оңай» сурет салу Мақсаты: салауатты өмір салтының алғышарттарын қалыптастыру
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті:** Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу «М» – «Н» дыбыстарын салыстыру; Қыс Ақ киімді, денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау, танымас тірі	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру өткен тақырыптарда алған білімдерін пысықтау	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Геометриялық фигуралардың сыртын шетке	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** -Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару әңгіменің мағынасын интонациямен мазмұндауға жетелеу. **Жұмбақты шеш.**

	жанды. Үсті-басы ақ қырау, түсі суық, Басқан жері сықырлап, келіп қалды. –Өленді оқып жатқанда көз алдарыңа кімді елестеттіңдер? –Иә, балалар, Абай атамыз өленде қысты үлкен қарияға, яғни шалға теңеп отыр. –Қалай ойлайсыңдар, қарияны Абай атамыз не үшін ашулы, соқыр, мылқау түрінде бейнелеген. –Қыс мезгіліне қай кезде дайындалуымыз керек? –Қыстың қаһарына ұшырамас үшін адамдар не істейді? –Ауыл адамдары малдарын қысқа қалай дайындайды? –Иә, дұрыс айтасыңдар.	**«Жалпы атауын айт» дидактикалық ойыны** 1.Тәрелке, құмыра, кесе, шанышқы – ... (ыдыстар). 2. Басбармақ, балаң үйрек, ортан терек, кішкене бөбек, шылдыр шүмек – ... (саусақтар) 3. Күрте, пальто, тон, плащ – ... (киім). 4. Құлақшын, қалпақ, малақай – ... (баскиім).	**«Буынды қос» дидактикалық ойыны (доппен)** – Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы: (ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады. «Бір буыннан басталатын бірнеше сөз» дидактикалық ойыны Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құрауға жарысады. Сөз айтқан балаларға жұлдызшы беріліп отырады. Қай топ бір буыннан ең көп сөз айтады екен. Мысалы: (те-) те-(геш) , те-(рек), те-(мір), те-(тік), көр-(пе), (ор-) ор-(та), ор-(ман), о-(рақ), (өр-) өр-(мек), өр-(кеш), өр-(ле), өр-(мек-ші), өр(т), (да-) да(мыл-да), да(был), да(қыл), да(уыс), Да(риға), Дә(рия).	шығармай бастыру, бояу Ойындар арқылы шапшаңдық, төзімділік секілді қасиеттерін дамыту **«Сөзді аяқта» дидактикалық жаттығуы** – Мен сендерге сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтамын, сендер соңғы буынды қосып, сөзді аяқтап қайтадан айтасыңдар. Мысалы: аққа...ла, ба...ла, ба...нан, бан...тик, асқа...бақ, сә...біз, домбы...ра, қам...шы, балмұз...дақ, аялда...ма, дәріха...на, емха...на, балабақ...ша, бағдар...шам, қа...лам, қыза...нақ, бұл...ақ, көзілді...рік, тоңазыт...қыш, тоқыл...дақ, тер...ек, ша...тыр, ал...қа, апель...син, ау...ыл, ас...пан, қарын..дас, кер...ует, қа...зан, шаныш...қы, ба...лық, қал...қан, қаң...бақ, қа...мыр, шал...бар, кі...лем, жү...рек, жүге...рі, жұл...дыз	Тоқылдатып, мазаны ап, Ағаштарды тазалап, Ормандарды емдейді, Зиянкесті жазалап. (Тоқылдақ) 3. Суретте қай құс жасырынған? Боя. 4. Үйқасын тап. Тұмсығымен шымшып, Құрт тереді ... . (Шымшық) **Ойын-жаттығу: «Қыстап қалатын және ұшып келетін құстар».** **Мақсаты:** балаларды қыстап қалатын құстар мен жыл құстарын айыра білуге үйрету. Балалардың сөйлеу тілін белсендіру. Материал: қыстап қалатын құстар мен жыл құстары бейнеленген иллюстрациялар. Сипаты:балалар екі топқа бөлінеді, бірінші топ жыл құстары бейнеленген суреттерді, ал екінші топ қыстап қалатын құстар бейнеленген суреттерді жинайды. Ойыннан кейін жыл құстары панно түрінде орналастырылады

Үзіліс :

Сюжетті - рөлді ойын: **«Тігінші»**
Мақсаты: Балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру. Балалардың коммуникативті дағдыларын арттыру, бір - бірімен диалог арқылы сөйлесуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өзіне сенімді болуға, үлкендердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу.
Көрнекіліктер: Киімдер, бас киімдер, тігіншіге керек заттар(ине, метр, қайшы, жіп), іс машинасы, киім үлгілері, маталар.

Ойын барысы:
Ұйымдастыру кезеңі.
Өнерім қол ұшында,
Боламын мен тігінші
Тігіншінің ішінде,
Бас бармақтай бірінші.
Ойын: «Дұрысын тап»
Мақсаты: Мамандықтарға байланысты киім үлгілерін бір - біріне үйлестіру.

Артикуляциялық жаттығулар:
Ойын: **« Часы» «Сағат»**
Мақсаты: Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру. Ата – аналармен бірлесе қарым – қатынас жасай отырып ортақ мақсатымызға жетеміз.
• ***«Сағат»*** – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек.
• ***«Саңырауқұлақ»*** - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.
«Дәмді тосап»
Мақсаты: жалпақ тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету.
Қысқаша сипаттамасы: Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу.
Әдістемелік нұсқау.

Тәрбиеші: Балалар әр мамандық иелері өздеріне сай киім киеді. Дәрігерлер ақ қалпақ пен халат кисе, ал құрылысшылар каска мен үстеріне арнайы халат киеді. Суреттегі киім үлгісі кімге лайықты екенін табыңдар.
Балалар өздері ойлап, белгілей бастайды, сызады.
Тәрбиеші: Балалар аспазшы не киеді?
Шаштараз не киеді?
Балалар белгілеп береді.
- Ендеше, сендер түсінген боларсыңдар. Бұл - ойынды біз не үшін ойнағанымызды түсіндіріңдер. Бүгін біз қандай ойын ойнайтынымызды білдіңдер.

Ойын:«Тігінші»

Тәрбиеші: Балалар тігіншілер не істейді? (киім тігеді)
Бірінші киім тігу үшін киініп алуымыз керек.
Балалар рөлдерді өздері бөліп алады. Бірі тігінші, бірі киім өлшеуші, бірі үтіктеуші болып бөлінеді. Айсара өзінің көйлегін қысқартып беруін сұрайды. Диляра қайшысын алып қиып, тігіп береді. Ал Сәния болса көйлекті үтіктеп береді. Келесі бала шалбар әкеледі. Одан қуыршаққа желетке тігеді. Ұшы жоқ қайшы болуы керек. Ойынды балалар өз қиялдары мен қалаулары бойынша әрі қарай жалғастырады. Бір - бірімен рөлдерді бөлісіп, ұйымшылдықпен ойнайды. Тәрбиеші әр уақытта балаларға көмек көрсетуі тиіс.

1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау кере.
2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.
3. Тіл оңға - солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек.
4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя - пя - пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген сон шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек.

Саусақ ойыны: « **Тасбақа»**
Мақсаты: Ұсақ мотриканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді.
саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау.

1.Тасбақа
Тасбақа, тасбақа,
Тас астында тұрады.
Басын баяу шығарып,
Тиіссең кері тығады.

Жұдырықты түйіп, бас бармақты шығарады да, тасбақаны бейнелейді.. Өлең мазмұнына қарай саусақты кері жасырады. Осы тектес келесі өлеңдерге де қимыл жасауға болады.

Фонетикалық жаттығулар
Мақсаты: Фонетикалық жаттығуды орындау барысындағы басты міндетіміз баланың нақты дыбыстарды дыбыстауы барысында дұрыс тыныс алуын және артикуляциясын қадағалау болып табылады.**1.Баудағы кім?** Ара болсаң, ызында

З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж
Жұмыс істе, тығылма.
- Ара қалай дыбыстайды?
(з- з-з) - қатты\жай

2.Жыланның ысылы.
Жылан қалай дыбыстайды? Ыс-с—ыс-сссс....



3.Шалқан. Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: «**О...о...о**!» деп таң қалды.



2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қоршаған орта	**Математика негіздері**	**Математика негіздері**	**Математика негіздері**	**Қоршаған орта**
	Міндеті: -Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу	**Міндеті:** 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға	**Міндеті:** 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?»	**Міндеті:** Топтарды санау және	**Міндеті:** Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау

	жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, арналған жол) білу Бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту Көшедегі тәртіп ережесін қатаң сақтауға, жолда зейінді болуға дағдыландыру «Жолдан өту» ойыны. Шарты: балалар «жолақ жолдан» өтеді. Педагог «Солға қараймыз!», «Оңға қараймыз!» – деп бұйырады. Содан соң «Солға қараймыз. Жолдың ортасына дейін жетеміз. Оңға қараймыз. Өтеміз», – деп әрбір іс-әрекетті сөзбен жеткізіп отырады. Балалар педагогтің көмегінсіз тағы да «жолдан» өтеді **Топтық жұмыс. «Жол белгілерін табу» ойыны.** Санамақ бойынша балалар екі топқа бөлінеді. – Мен сендерге жол ережелерінің белгілерін дайындап қойып едім. Бірақ олар басқа суреттермен араласып кетті. Әр топ жол белгілерін дұрыс тауып алу керек. Қай топ тез табады, сол жеңіске шығады. Жағдаятты шешу: «Қайсар бүгін үйден шығып, футбол	жаттықтыру 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру. Әлия мен Сырым балаларға пойызбен саяхат жасауды ұсынады. Педагог балаларды вагондар болуға шақырады. Он бала бір-біріне тіркесіп, пойыздың қозғалысын еліктейді. Балаларға 1-ден 10-ға дейін цифр жазылған карточкалар таратылады. Педагог басқа балаларға вагондарды 1-ден 10-ға дейін тура және кері санауды сұрайды. Вагондармен көрініс ойнатылады. Педагог вагондардың бір-бірден туннельге қарай кетіп жатқанын хабарлайды	сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру Келесі санды 1-ді қосу арқылы және 1-ді азайту арқылы алу тәсілімен таныстыру Сандық сәуле бойынша педагог 1-ге азайту амалын көрсетеді. Сонымен 10 – 1 = 9 9 –1 = 8 8 – 1 = 7 7 – 1 = 6	салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау теңдік және теңсіздік туралы ұғым қалыптастыру. Педагог тақтаға ойыншықтың суреті бар плакат іледі. Ойыншықтарға қарайды, сол және оң жақтағы суреттерді салыстырады. Қайсысы көп, қайсысы аз? Қалай бірдей жасауға болады? Балалар салыстыру және теңестіру әдісін ұсынады. Педагог тақтаның алдына шыққан балаларға бір сөренің екі жағында орналасқан заттардың арасында өзара бірмәнді сәйкестікті анықтауға көмектеседі. – Олар тең болуы үшін не істеу керек? – Дұрыс. Бір жағынан артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет. Артығының бар-жоғын білу үшін ойыншықтарды бір-бірінің астына қоямыз немесе жұптарды сызықпен жалғаймыз	Жолда жүру ережесін сақтап жүруге тәрбиелеу **«Ұшқырлар мен тапқырлар» ойыны**. – Біздің топта кім ең ұшқыр ойлы және тез тапқыр екенін білгім келеді. Мен сендерге сұрақтар қоямын, кім дұрыс жауап айтса, қолын көтереді. Хормен берілген жауап қабылданбайды. Кім дұрыс жауап берсе, жұлдызша алады. Ойын соңында жұлдызшаларды санап, жеңімпазды анықтаймыз. Кімде жұлдызша көп болса, сол – жеңімпаз. – Автокөліктің қанша дөңгелегі бар? (Төрт). – Жаяужолда кім жүреді? (Жаяу жүргінші). – Көлікті кім басқарады? (Жүргізуші). – Екі жолдың қиылысы қалай аталады? (Жол қиылысы). – Жолдың жүріс бөлігі қай жақтан басталады? (Оң жақтан). – Жаяу жүргінші немесе жүргізуші жол ережесін бұзса не болуы мүмкін? (Апат немесе жол-көлік оқиғасы). – Бағдаршамның үстіңгі шамы қандай? (Қызыл). – Жаяу жүргіншілер өткеліндегі жолақтар қандай жануарды еске түсіреді? (Зебра/алаша атты еске түсіреді). – Жаяу жүргінші жер асты өткеліне қалай түсе алады? (Баспалдақпен). – Егер жаяужол болмаса, жаяу жүргінші қалай қозғалады? (Сол жақтан, қозғалысқа қарсы). – Қандай мәшинелер арнайы дыбыстық және жарық сигналдарымен жабдықталған? («Жедел жәрдем», өрт сөндіру және полиция мәшинелері). – Қауіп төнбеу үшін, қай жерде ойнау керек? (Аулада, балалар алаңында). Дұрыс жауаптарға жұлдызшалар беріліп, педагог ойынды қорытындылайды

	ойнағысы келді, бірақ аулада ешкім болмады, Қайсар допты лақтырып жіберді, ол жолға қарай домалап кетті. Өткен-кеткендер Қайсарға ұрыса бастады, бірақ Қайсар таңғалды, өйткені ол үлкендердің неге ұрысқанын түсінбеді». Балалар педагогпен бірге жол жағдайын талдайды, қауіпсіздік ережелерін еске түсіреді				

Үзіліс:

Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ **Ойын:***Жүретін саусақтар.* **Мақсаты:**Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту. **Керекті құралдар:** Суреттері бар кітапшалар. **Шарты:** Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады.		**Үстел үстінде ойналатын ойындар.** **Ойын: «Сарбаздарға не керек?»**(5-10 мин) **Мақсаты:** Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу. **Керекті құралдар:**ойынға керек ресурстар. **Мазмұны:** Ортаға 1 қатысушы шақырылады. Маңдайына сурет қойылады. Бұл суретті қарама – қарсы отырған бала мимика арқылы қатысушыға көрсетіп, түсіндіреді. Ал ойынға қатысушы оны табу керек болады.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Міндеті:** Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету 1.Мамандықтарды ата. Олар не істейді? Сөйлем құра. Кімге қандай құрал керек? Сызып қос	**Қазақ тілі** **Міндеті -** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту қазақ тіліндегі сыпайы сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету . -Балалар, қандай сыпайы сөздер білесіңдер? Қазір бәріміз жағдаят шешейік. 1-жағдаят: Жанына екі баланы шығарып, екеуінің біреуіне ойыншық береді. – Досыңның ойыншығын сұрау үшін, оған қандай сыпайы сөз айтасың? Балалар жауап береді. 2-жағдаят: екі баланың біреуі екіншісіне ренжігені туралы.	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті: -** Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту «М» – «Н» дыбыстарын салыстыру «М» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. Ма-ма-ма – қыс деген бұл шалма. Ма-ма-ма – апорт тәтті алма. «Н» дыбысының дұрыс артикуляциясы: Ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл үстіңгі тістердің түбіне тиеді. «Н» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. «Н»	**Көркем әдебиет** **Міндеті: -** -Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту -Кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну - Құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар? – Орманда қандай құстар өмір сүреді? – Тоқылдақ не істеп жатыр? – Тоқылдақтың тұмсығы өткір, мықты. Ағашты тесіп, құрттарды теріп жейді. Құйрығы қатты, ұзын. Оны «орман дәрігері» деп атайды. Тоқылдақтың, құстардың пайдасы өте	**Шығармашылық бейнелеу әрекеті** **Міндеті:** - Балаларға мерекелердің мәнін түсіндіру, өз жұмысының нәтижесін бағалу -Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау -- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару -- Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру Жаңажылмерекесітуралытүсініктерін арттыру - Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру -- сюжеттік композициялар жасайды, оларды сәнді бөлшектермен толықтырады - Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау - Жаңа жыл мерекесі туралы түсінік беру, қиялдау, елестету дағдыларын дамыту

		– Егер байқамай досыңды ренжітіп алсаң, оған не айтасың? – Мен кешірім сұраймын. – «Кешір» деген сөзді айтамын. – Дұрыс, сыпайы сөздерді жиі айтатын балаларды әдепті бала деп атайды	дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіреді, сол сөздерді бірнеше рет қайталап айтады. **Дидактикалық ойын: «Суретті жалғастыр».** **Мақсаты**: Салынған суретті тез жалғастыру. Жылдамдыққа үйрету. Ашулы шалдың суретін бірінші болып жалғастырып, аяқта	көп. Бүгін осы құстар туралы жазушы Максим Зверевтің «Орман емшілері» әңгімесімен танысамыз. Әңгіме – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Әңгіменің басқа жанрлардан ерекшелігі – болған оқиғаны қысқа баяндайды. Әңгімені мәнерлеп оқып, мазмұнын айтып береді (қосымшаны қараңыз).	**Топтық жұмыс**

Үзіліс: .

Психологиялық ойын:
Ойын: «Тыныштықты жақсы көретін патша»
Мақсаты: Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту.
Ойын шарты:
Патша шуды жек көреді, сондықтан ханзаданың көңіл - күйін бұзбау үшін барлығымыз шуламай тыныш қозғаламыз. Патша аяқтың ұшымен жүреді, оның жүрісі жеңіл, баяу. Бұл ролді бір бала атқарады.
Жүргізуші келесі сөзді айтады: «Барлық балалар, патшадан басқа бөлменің әр жеріне тұра қалады. Патша саусағын ауызына тигізіп, «Ш - ш - ш, ханзада келе жатыр!» деп, бөлмені аралай бастайды. Барлығы «қатып» қалу керек, ал патша әрқайсысын айналып шығады. Кез келген баланың қасына келіп, саусағын баланың мұрнына тигізеді. Сол бала аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Келесі балаға жақындаған патша саусағын баланың мұрнына тигізеді, ол бірінші баланың соңына тұрып, аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Сол тәртіппен ойын жалғаса береді. Барлық балалар патшаның артына жиналғаннан кейін, патша кез келген артындағы балаға қарап, «Ш - ш - ш» дейді, сонда сол бала өз орнына тыныш, аяқ ұшымен оралады. Барлығы орнына тұрғаннан кейін ойын аяқталады.
"Қисық сурет" атты суретті жаттығу өткізіліп, оң және сол жарты шарлар басымдылығын анықтауға арналған қысқаша тест, сонымен қатар оптимистік бағдарды анықтауға арналған сауалнама алынды.

Аз қимылды ойын:
Ойын: «Қуғыншыдан құтқару»
Мақсаты: балаларға тез бұлтарып жүгіру тәсілдерін меңгерту.
Ойын шарты:
Мазмұны: Алаңда үлкен шеңбер немесе төртбұрыш сызылып, ойнайтын жер алдын ала дайындалады. Ойыншылардың арасынан санамақ арқылы бір «қуғыншы» сайланады. Ойын алаңнан шықпай, ішінде жүріп ойналады.
Мұғалімнің «Қуғыншы табылды!» деген белгісінен кейін сайланған бала қолын жоғары көтеріп: «Мен қуғыншы»! – деп айқайлайды да, балаларды қуа жөнеледі.
Қуғыншының қолы тиген ойыншы қолын жоғары көтеріп , қуғыншы болғанын білдіреді де, ойынды әрі қарай жалғастырады.
Бірақ ойыншылар қуғыншыдан бір-бірін құтқаруларына болады. Ол үшін : қашып келе жатқан ойыншы мен қуғыншы екеуінің арасынан кесіп жүгіріп өтсе;
Қашып келе жатқан ойыншыға қол тигізсе;
Қашып келе жатқан ойыншымен қол алысса, онда қуғыншы сол ойыншыны қуады.
Ойынның ережесі:
1. Қуғыншы қолын көтеріп: «Мен қуғыншы» деп басқаларға ескерткеннен кейін ғана ойыншыларды ұстауына болады.
2. Ойын алаңынан шығып кеткен ойыншы ойыннан шығады.
Әдістемелік нұсқаулар.
Бұл ойынды ұйымдастыру үшін алаңды дұрыс таңдаған жөн. Ойыншылар жүгірген кезде бір-біріне немесе басқа заттарға соғылып қалмау үшін қадағалау керек.
Ойын қызықты өтуі үшін ойынның мазмұнына әртүрлі қосымша тапсырмалар енгізуге болады.
Бір ойында бір қуғыншы ғана емес, бірнеше қуғыншы сайлауға болады.
Ойынның педагогикалық маңызы.
Ойынның педагогикалық маңызы өте зор. Ойыншылар жолдастықты іс жүзінде көрсете алады. Достары көп болғанның пайдасын көреді.Қауіптен қорықпай, қиыншылыққа қарсы тұруға дағдыланады.
Ойын барысында ойыншылар жүгіру жаттығуларын орындау тәсілдерін жетілдіреді. Өз қимыл –қозғалысын өзгелермен үйлестіруге үйренеді. Шапшаң, епті қимылдауға жаттығады.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Дене шынықтыру	**Музыка**	**Дене шынықтыру**	**Дене шынықтыру**	**Музыка**

	Міндеті: Бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру Қимыл әрекеттің дұрыс басталуының кепілі болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуге, шайбаны ілгері бағытта ұш **Мерген имек ағаш». (3 рет)** Алаңқайдың ортасында текше тұр. Оны имек ағашпен бір ойыншы қорғайды. Қалған ойыншылар текшеге шайбаны имек ағаштарымен атып, тигізуге тырысады. Имек ағаштың қыры толық мұзды жататындай етіп ұстауын қадағалайды. Ойыншылар санын біртіндеп арттыра отырып, заттардың арасымен жүгіру. (5 рет) Арақашықтығы 1м 5 конусты алаңның ортасына қояды. Конустарды аралап жүгіретін ойыншы саны қима қағаздарға жазылған сандар арқылы анықталады. Әр команданың ойыншылары конустардың арасымен педагог белгісі бойынша жүгіре бастайды.ыруға үйрету	**Міндеті:** - Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту -Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулардан қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету **Музыка тыңдау:** «Жаңа жыл» (Қ. Шілдебаев) Ән айту: Ақша қар» (Е. Өміров) «Шырша әні» (К. Қуатбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Сағат» (Е. Андосов) Билер: «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский үнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)	**Міндеті:** -Орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру - 3 м арақашықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды лақтыруға үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Асық алу».** Шашырап жүреді, жүгіреді, педагогтің бұйрығымен жерден асықтарды алады. «Асық лақтыру» – дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға асықтарды лақтыру (арақашықтығы – 3 метр) Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінен сәл ашық қойылады, оң аяқты арт жаққа жіберу, оң қол шынтақтан бүгіліп, кеуде тұсында. Асықты лақтырғанда оң қол төмен түсіріліп, төмен, артқа жіберіледі. Асықты қолды алдыға созып, сонан соң жоғары көтеріп лақтырады	**Міндеті**: - Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау - Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіре білу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру, табанның алдыңғы жағымен таянып итерілулерін бекіту. **«Терек» (Қырғыз халқының ойыны).** Жүргізуші сайлайды. Ол – «терек». Жүргізуші шеңбер ортасында тұрады. Ойыншылар шеңбер бойында тұрып, түрлі қимыл-қозғалыстар жасайды. «Терек!» дегенде, жылдам орындарын ауыстырады. Жүргізуші бос орынның біреуіне жылдам тұруға тырысады. Орынсыз қалған бала жүргізуші болады. Ойында бірде-бір рет орын бермеген бала жеңімпаз атанады. «Ырғып секіру» (Татар халқының ойыны) (3 рет) Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру. Ойыншылар шеңбер бойына тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Жүргізуші: «Ырғып секір!» дегенде, ойыншылар жылдам бір аяқтарымен секіріп, орындарын ауыстырады. Жүргізуші де бір аяғымен секіріп, олардың біреуінің орнына тұрып алуға тырысады.	**Міндеті:** - Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгертуге үйрету Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулардан қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету **Музыка тыңдау:** «Жаңа жыл» (Қ. Шілдебаев) Ән айту: Ақша қар» (Е. Өміров) «Шырша әні» (К. Қуатбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Сағат» (Е. Андосов) Билер: «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский үнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	

Серуен	***Қар жауып тұрған құбылысты бақылау*** ***Мақсаты: қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды күнде қар жеңіл болады, олар ауада би билегендей, жылырақ күнде қар ауырлау тартады,- қалықтап жерге түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады.*** ***Тақпақ :*** ***Есік алды тайғанақ жата берсін.*** ***Біз оған теуіп жүрміз сырғанақ,*** ***Шыға беріп жалтақтай,*** ***Ұшып түсті қалпақтай.*** ***Қимылды ойын: «Аңшы мен қояндар»*** ***Мақсаты: жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру.*** ***Жеке жұмыс: «Адасқан қар қиыршықтары» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастыру.*** ***Жұмбақ: Құм сияқты ұсақ болғанымен, жер бетін жауып үлгереді. (қар) Еңбек: Тәрбиеші жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарды жинаса, енді бірі оны тасиды, шанаға артады, ұжым болып бәрі қарды тазалауға қатысады.***	***Қырауды бақылау*** ***Мақсаты: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, бұтақтарында, басқа заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда болады.*** ***Болжам:*** ***Ағашқа қырау түссе, аяз болады. Тұман болса, күн жылынады. Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды.*** ***Жұмбақ:*** ***Қант сияқты ақ,*** ***Ұлпа боп жерде жатады. (қар)*** ***Қимылды ойын:*** ***«Суықторғайлар»*** ***Мақсаты: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу.*** ***Еңбек: бір біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету.***	***Мұз сүңгісін бақылау*** ***Мақсаты: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қортынды жасай білуге үйрету.*** ***Сұрақтар:*** ***Сүмелек мұз жөнінде не айтуға болады?*** ***Ол қандай? (Сәбіз сияқты)*** ***Сүмелек мұз қай жерде, пайда болады?*** ***Күнгей жақта ма, әлде көлеңке жақта ма?*** ***Тақпақ :*** ***Көл бетінде жатыр айдын –*** ***мұзойнақ,*** ***Қыстың өзі жасағандай бізді ойлап,*** ***Шаңғы теуіп жарысамыз желменен,*** ***Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап. Мұзафар Әлімбаев*** ***Қимылды ойын: «Үйсіз қалған қоян»*** ***Мақсаты: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру.*** ***Еңбек: «Мұз жерлерге құм себу»***	***Қайың ағашын бақылау*** ***Мақсаты: қайың ағашының қысқы көркін бақылау.*** ***Балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу.*** ***Тапсырма:ағаш туралы суреттер бойынша шығармашылық әңгіме құрастыру. Әр балаға ағаш суреттері таратылады.*** ***Тақпақ:*** ***Ағаштар тұр жүдеп,*** ***Жапырақ сәні енеді.*** ***Соғады жел үдеп,*** ***Қыстың кеп сәлемі.*** ***Жұмбақ: Жазда жатсаң көлеңкесіне алады,*** ***Қыста жақсаң, жаның рахат табады. (Ағаш)*** ***Қимылды ойын:*** ***«Апандағы аю»*** ***Мақсаты: зеректікке, ептілікке баулу.*** ***Еңбек: қайың ағашының түбіне қар жинау.***	***Терезедегі өрнектерді бақылау*** ***Мақсаты: балаларға құбылысты түсіндіру. Олардың ойын толықтыру. Терезедегі өрнектердің қалай пайда болғаны жайында түсінік беру.*** ***Тапсырма: трафареттің көмегімен «Аяз атаның терезеге салған келемежді суреттері» атты ұжымдық жұмыс жасау.*** ***Тақпақ:*** ***Бір топ бала сырғанап,*** ***Барады әне жарысып.*** ***Қалды артта атырап*** ***Іздерінен қар ұшып*** ***Жеке жұмыс: қар атжалына секіріп шығу және одан жерге түсуге үйрету.*** ***Жорамал: қыс аязды болса – жаз ыстық болады.*** ***Жұмбақ:*** ***Отта жанбайды*** ***Суда батпайды. (Мұз)*** ***Қимылды ойын: «Айлакер түлкі»*** ***Мақсаты: оңды – солды жалтақтап қарай жүгіруге жаттығу.*** ***Еңбек: қардан бекініс жасауды үйрету.***
Балаларды үйге қайтару	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ

Мектепалды даярлық О «А» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі **4-апта** 26 - 30 желтоқсан 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	«Ұннан жасалған тағамды ата» дидактикалық ойыны Мақсаты: нан-тоқаш өнімдері туралы білімдерін бекіту; нанға ұқыпты қарауға тәрбиелеу	«Төртінші артық» дидактикалық ойыны Мақсаты: артық затты (азық-түлік) табуға үйрету және себебін түсіндіру	Жаңылтпаш «Сіз бізді іздемеңіз ана: Біз қымыздықты қырыққабат сорпасына қосамыз» Мақсаты: барлық дыбысты айту арқылы жаңылтпашты анық айтуға үйрету	«Табиғат және адам» дидактикалық ойыны Мақсаты: адам жасаған және табиғат адамға не беретіні туралы білімді жүйелеу: балық, ет, көкөніс, жеміс, жидек, тұқым, жаңғақ	«Сипаттама арқылы біл» дидактикалық ойыны Мақсаты: сипаттама бойынша тамақ өнімдерін тануға үйрету
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Тазалықтың денсаулық үшін маңызы» әңгімелесу (үй-жайды дымқыл тазалау, өз бөлмесін ретке келтіру қажеттілігі туралы)	«Тәні саудың жаны сау» әңгімелесу Мақсаты: мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру	«Күн сайын ... тәртібі бойынша» ойлану-әңгімелесу (режимді сақтаудың мәні туралы) әңгімелесу	«Біз гимнастиканы не үшін жасаймыз» әңгімелесу (таңертеңгі гимнастиканың маңызы туралы)	«Бұлар қауіпті заттар» әңгімелесу. Қауіптер туралы иллюстрация қарау
Гимнастикалық жаттығу	**Гимнастикалық жаттығу кешені № 8**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық					
Білім беру ұйымының кестесі бойынша	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті:** Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын,	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Тамшы тәрізді пішіндерді олардың	**Сауат ашу негіздері**	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту

ұйымдастырылған іс-әрекет	нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, «Сөз», «Сөйлем» деген не екенін түсіндіру. –Педагог балалардан қыс мезгілінде неше ай бар екенін сұрайды? Қыс мезгілі ұнай ма, несімен ұнайды? – деп сұрақ қойады. **Демонстрациялық материал**. –Ендеше, мына үлгі суретке қарап, әңгіме құрайық. Суретте қарап, көргендеріңді өз қиялдарыңмен толықтырып, әңгіме құрап көріңдер. –Суретке мұқият қарап, тақырып қойыңдар. Сендер суретте шанамен сырғанап жүрген балаларды, коньки теуіп жүрген баланы көріп отырсыңдар, балаларға ат қоя отырып, әңгіме құрандар. «Бұл суреттің тақырыбын сендер қалай деп атайтын едіңдер?» деген ұсыныс айтады педагог. Педагог балалардың ойларын қорыта келе: «Бұл суреттің тақырыбын "Ажарлы қыс " деп атасақ қайтеді, келісесіңдер ме?» – деп сұрады. –Балалар "ажарлы " – сөзі «көрікті, әсем, тамаша, сұлу» деген мағынаны береді. Педагог қол көтеріп, әңгіме құрауға қызығушылық танытқан балалардың бәрінің ойын тыңдайды. Жақсы әңгіме құраған баланы мақтайды	толқынды, ирек сызықтарды, жазу Ойындар арқылы логикалық ойлауларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту **Дидактикалық ойын: «Тиісті белгіні көтер»** – Дауысты, дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді араластырып айтамын, сендер тиісті қызыл, көк түсті жалаушаларды көтеріңдер. Мысалы: маймыл, ақ аю, ат, жолбарыс, түйе, бұзау, қасқыр, түлкі, қоян, арыстан, керік, тышқан, ит, доңыз, мысық, тай, қой, құлын, тауық, ешкі, лақ, сиыр, бота, қозы, көжек, бақа, ағаш, гүл, балық, қарға, арпа, арқан, ботқа, шаш, мақта, қағаз, базар, жапырақ, ит, үйшік, балта, балға, егеу, керует, қамшы, алқа, доп, керік, кекілік, бор, қорық, қоныс, тиін, марғау, жылан	арасындағы арақашықтықты сақтап жазу дауысты, дауыссыз және сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау. **Дидактикалық жаттығу: “Жасырылған сөз”** **Шарты:** бала бір сөздің атын тура атамай, оны сипаттайды. Балалар сол сөзді табады. Мысалы: “Ол күз мезгілінен кейін келеді”, “Ол келмесе, Аязата мен Ақшақар келмейді”. Жауабы: қыс. Мысалы: кітап, күз, теледидар, көбелек, терезе т.б.	**Міндеті:.** Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру Буынға бөлу, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату **Дидактикалық жаттығуы: «Буынға буын қос»** Педагог: -Мен сендерге сурет көрсетіп бірінші буынын айтамын, сендер екінші буынын айтасыңдар. Мысалы: (ал...ма, бақта...шы, қар...быз, қа...уын, қала...қай, қыза...нақ, қор...жын,дәп...тер, қа...лам, қай...шы, жыл...қы, бе...сік, бал...та, көр...пе, сә...біз, бара...бан, қо...зы, құмырс...қа, шы...бын, қо...ян, ал...мұрт, май..мыл, бал..та, бал..ға, пар..та, қызғал..дақ, түйме..дақ, ке..рует, кәм..пит, ке..се, ке..ме, қуыр..шақ т.б.)	өлеңді жаттату арқылы шығарманың эмоциялық-бейнелік мазмұнын қабылдауға жетелеу **Жаңа жыл келді** Жаңа жыл да келеді Бізге қарай жылыстап. Өлең де әзір, ән де әзір, Ойын да әзір, бәрі әзір. Кел, Жаңа жыл, біздерге, Кел, Жаңа жыл, Жаңа жыл! Сөздік жұмыс: жылыстап – ақырындап, біртіндеп әзір – дайын

Үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар «Допты қуып жет»

Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары:
Сыйқырлы айнаға қарап отырып, араның масаның , шегірткенің, жыланның дыбыстарын салып көр. Осы дыбыстарды Тынымсыз Тіл ұнатады ма соны байқа.
Ағайынды аралар.
Ағайында арарармыз,
Еңбек үшін жаралғанбыз.
-з-з-з-з-з
Шырын іздеп күні бойы
Гүл бақшаны аралаймыз
-з-з-з-з-з
(Үш саусағыңды түйістіріп, ұшып жүрген араларға ұқсат, әрбір екі жолдан кейін аралардың ызылдағанын сал.)
Жаман ара
Қалмай ұшып соңынан,
Ара қуды Мұратты.
-з-з-з-з
Шағып алып қолынан,
Досымызды жылатты.
-у-у-у-у
(Араның дауысы мен баланың ара шаққандағы дауысын сал)

Ойын: ***«Допты қуып жет»***
Мақсаты: Балаларды ептіліке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.
Ойынның шарты:
Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады.
Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қоршаған орта **Міндеті:** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту жанды және жансыз заттардың түрлерін атап береді; бақылаулардың нәтижесін табиғат күнтізбесінен, суреттерден көрсетіп бере алады Табиғат – адамның көмегінсіз тіршілік етеді. Ал адамның қолымен жасалған заттардың бәрі табиғат нысаны болып табылмайды. Табиғатты: Жанды табиғат әлемі және жансыз табиғат әлемі деп екі үлкен бөлікке бөлуге болады. Содан соң педагог жанды табиғат дегеніміз не екенін анықтауға шақырады. Қуаныштың өтінішін орындап, терезе алдына келіп қоршаған ортаны эпизодтық бақылауға шақырады	**Математика негіздері** **Міндеті -** Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру Топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру,  Теңестіруге немесе артығын білу үшін, ойыншықтарды бір- бірінің астына қояды, немесе жұптарын сызық арқылы қосады. Балалар ойыншықтарға саусақ тигізіп санайды. Цифр жазылған карточкаларды алады. Осы карточкаларды ойыншықтардың астына қояды. Ойыншықтардың тең санын салыстырып, артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет деген қорытындыға келеді	**Математика негіздері** **Міндеті:** - - Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту Ттапсырманы орындау үшін суреттерді қарау керек. – Қай топтағы заттардың арасына «=» белгісін қоюға болады? Бір алмадан себетке салады. Алмаларды әр себетпен сызып қосады. -Не артық? Не кем? – Алмұртты тәрелкіге салады. Алмұртты әр тәрелкемен сызып қосады. -Не артық? Не кем? Қорытынды жасайды	**Математика негіздері** **Міндеті:** - Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту **«Сонша жина» дидактикалық ойыны** Балалар топқа бөлінеді. Әр топта үстелде біртекті заттар жиынтығы бар (текшелер, «Лего» бөлшектері, геометриялық фигуралар, бұршақтар, қыстырғыш немесе басқа материалдар). Ойынды былай түрлендіруге болады, жүргізуші көзін жұмып, саны бар карточканы шығарады, содан кейін кез-келген топтағы заттарды санайды және нөмірін атайды. Балалар ойынға қатысады. Балалардың бірі – жүргізуші 1-ден 10-ға дейінгі карточканы көрсетеді, балалар сонша заттарды орналастырады	**Қоршаған орта** **Міндеті:** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту Балаларды «жансыз табиғат» түсінігімен таныстыру, жансыз табиғаттағы адам қолымен жасалған заттарды айыра білуге үйрету Күрделі сұрақ: Қолдан адам қолымен жасалған әлемге қандай заттар жатады деп ойлайсыңдар? Балалар терезеден не көріп тұрғандарын атап береді. Табиғатқа – ағаштар да, аспан да, шөп те, ауа да, адам да жатады деген ұйғарымға келеді. Топтағы жанды заттарды атап көрсетеді. Үстелдің неліктен жансыз затқа жататынын дәлелдейді. Тірі ағзаның қандай әрекеттер жасайтынын, мәселен, тыныстайтынын, тамақтанатынын, өсетінін, көбейетінін айтып береді. Педагогтің көмегімен қолдан жасалған (жансыз) әлемге киім, аяққиім, ыдыс-аяқ, жиһаз т.б. жататынын түсіндіреді

Үзіліс:

Саусақ ойындары **Ойын:*Су толтыру.*** **Мақсаты:**Қол ептілігін дамыту,ас ішкенде қалай отырып,қасықты қалай ұстайтынын,ыдыстар қалай тұратынын үйрету. **Керекті құралдар:**шұңқыр қасық,шұңқыр тәрелке мен күрешке. **Мазмұны:** Үстел үстіне шұңқыр ыдысқа су құйып қоямыз.Одан кейін 1-ші тәрбиеші өзі көрсетеді.Ыдыстағы суды қасықпен алып,ақырын төгіп алмай күрешкеге құямыз.Осы іс-әрекет бірнеше рет қайталанады.	***Саусақ ойыны: Жүретін саусақтар.*** **Мақсаты:**Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту. **Керекті құралдар:** Суреттері бар кітапшалар. **Шарты:** Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады.	**Дидактикалық ойын:** ***«Домино»*** **Мақсаты:** «Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту, пысықтау. Сәйкес көлікті тауып дұрыс атату, оның атқаратын қызметімен таныстыру. **Ойын шарты:** Суреттері сәйкес келетін карточкаларды біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. **Қажетті құралдар**: Бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлімдері 5×6см карточкалар.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Қазақ тілі **Міндеті:** Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізу сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру. **Дидактикалық ойын: «Не деу керек?»** – Тақпақтарды тыңдап, назар аударамыз. Қай жауабы дұрыс? Апаң сенің базардан Алма сатып әкелді. Ең үлкенін, жақсысын Саған таңдап әперді. Не деп айтып жеу керек? «Рақмет, апа!» – деу керек. Балалар жүр көшеде, Естілді шу-айғай. Сен де шықтың досыңды, Қағып кеттің байқамай. Мұндайда не деу керек? «Кешір досым», – деу керек. Осы келген бетіңде, Допты құдың жарыстың. Көшенің сол шетінде, Кезікті бір апайың, Ұмыттың сен не деу керек? «Сәлеметсіз бе!» – деу керек.	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізу сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру. **Мақал-мәтелдерді жаттап ал.** Әдептілікті данадан үйрен. «Сіз» деген – әдеп, «Біз» деген – көмек. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. **Ойын «Сұраққа жауап бер».** – Сен әдепті баласың ба? – Иә. Мен әдепті баламын. – Досыңды ренжітсең, кешірім сұрайсың ба? – Иә. Досымды ренжітсем, кешірім сұраймын.	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, «Ажарлы қыс» үлгі суреті бойынша әңгіме құрауға үйрету **«Айырмашылығын тап».** Екі аққаланың суреті беріледі. Суретке қарап, аққалалардың айырмашылығын табу керек	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту өлеңді жаттату арқылы шығарманың эмоциялық-бейнелік мазмұнын қабылдауға жетелеу Педагог үстелге шыршаны, қуыршақ Аязата мен Ақшақарды қояды. – Жақында қандай мерекені қарсы аламыз? – Қандай мереке шыршасыз өтпейді? – Шырша қайда өседі? Қазір жылдың қай мезгілі? – Жаңа жыл мерекесі саған несімен ұнайды? – Бүгін ақын Сағи Жиенбаевтың «Жаңа жыл келді» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді Жұмбақты шеш. Жасыл ине киімім, Жайлаймын тау биігін. Жаңа жылды тойласаң, Төріндемін үйіңнің. (Шырша) 3. Жаңа жылды қарсы алу үшін қажетті заттарды шыршаға сызып қос.	**Шығармашылық бейнелеу әрекеті** **Міндеті:** - Жаңа жыл кешінің аса сыйлы қонағы – Аязатаның қалай пайда болғанымен таныстыру -- Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру - бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану - бірнеше бөліктерден бейнелерді құрастырады - қоршаған ортадағы болмысты елестеу арқылы сурет салу дағдыларны қалыптастыру. Олардың сипаттамалық белгілерін байқауға үйрету. Аязатаның бейнесін салуды үйрету **Топтық жұмыс**
Үзіліс:					

«Гүлдерді күтеміз»ойыны **Мақсаты:**балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру. Гүлдердің түрлерін (көпжылдық, біржылдық, пияз тұқымдас, шөптекті, тұқымдас гүлдерді) ажырата білуге үйрету. Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсінеді. **Ойын шарты:** гүлдерді екіге бөлу,дала гүлдерін газонның қасына іліп,ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою , суреттер бойынша әңгімелету. 	***Қимылды ойын:*****«Ту».** **Мақсаты:** Топтағы қарым-қатынасты нығайту. **Ойынның шарты:** Балалар 3-4 топқа бөлінеді.Әр топтың ортасында 1 бала ту ұстап тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ойыншылар жан-жаққа жүгіріп, көздерін жұмып тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ту ұстаған балалар орындарын ауыстырады. Тәрбиеші «Өз туларыңды табыңдар» дегенде ойыншылар өз туларына қарай жүгіреді. Қай топ тез жиналады, сол топ жеңеді.(Тулардың түстері әр түрлі болу керек)	***Қимылды ойын:*** **«Шұңқырдағы қасқырлар»** **Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу. **Ойынның шарты:**Алаңның ортасында ұзын шұңқыр салынды.(1-1,5 метр)Шұңқырдың ортасында екі қасқыр тұрады. Қалған ойыншылар ешкі болады. Ешкілер алаңның бір жақ шетінде үйлерінде тұрады.Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ешкілер үйлерінен шығып, шұңқырдан секіріп өтіп, жайылымға барады. Қасқырлар шұңқырдан шықпай ешкілерді ұстап алу керек.		
4 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Дене шынықтыру **Міндеті:** Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру Баланың кинестикалық (көру мен тыңдау арқылы қабылдауы) қабілеттерін дамыту **I.**«Қарда жүргіш мәшие»: бір тізбекпен жүреді. «Орман тұрғындары» жаттығулары: тізбекпен қоян, қасқыр, түлкінің жүрістерін салып жүреді. II.ЖДЖ ойын түрінде («орман алаңқайында жылынамыз») «Артымнан қайтала». Педагог жаттығуларды көрсетеді. Балалар жаттығуларды педагогтің көрсеткеніндей орындауға тырысады. Тыныс алу гимнастикасы: «Жел». •Қолды төмен түсіріп, аяқты алшақ қойып, мұрынмен дем алу. •Басты солға бұрып, ерінді жиырып алдыға шығарып үрлеу. •Басты түзу ұстап, дем алу, басты оңға бұрып, демді шығару. •Басты түзу ұстап, мұрын	**Музыка** **Міндеті:** -Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру Музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру. **Музыка тыңдау:** «Қыс» (А. Вивальди, үнтаспадан) Ән айту: «Ақша қар» (К. Қуатбаев) «Ақша қар» (Е. Өміров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен) Билер: «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский үнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Жылдам құрастыр» Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Түзу бағытта адымдап жүру 2.5 м арақашықтықта бір-біріне доп лақтырып, доптың ұшуын бақылауға, ұшып келе жатқан допты қолды бүккен күйде қағып алуға үйрету. Бөрене үстінде төрттағандап еңбектеуге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты үйлестіріп қозғай білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. «Сілеусін» – бөренеден түсу Бөренеден асықпай, сақтықпен түседі. Бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады. (4 рет)	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Жұбымен шеңбер бойымен жүру Баланың денсаулығын нығайтуға арналған жұмыстарды жалғастыру **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қасқыр мен лақтар». (3 рет)** **Ойын шартын** естеріне түсіреді. Қарама-қарсы жаққа тек белгіден кейін ғана жүгіреді. Залдың бір шетінде тұрады. Зал ортасында «қасқыр» тұрады. «Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке-ақ. Кетесің кейде секеңдеп, Байламаса көкем кеп». Белгіден кейін залдың екінші шетіне «лақтар» жүгіреді, «қасқыр» оларды ұстап алуға тырысады.	**Музыка** **Міндеті:** -Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу Музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру. **Музыка тыңдау:** «Қыс» (А. Вивальди, үнтаспадан) Ән айту: «Ақша қар» (К. Қуатбаев) «Ақша қар» (Е. Өміров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен) Билер: «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский үнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Жылдам құрастыр» Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)

	арқылы дем алу, ерінді жиырып алдыға шығарып үрлеу. •Басты төмен түсіріп, иекті кеудеге тигізу, дем шығару (қол білезіктерін айналдыру).				
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Жағдай болған жерді қарап,сақтау қызметкерлерін бірнеше топтарға бөлу;
Арнайы техникалық құрал жабдықты пайдалану;
Жазғырылғандарды құтқару Алғашы медециналық көмек көрсету ;
Жағдай болған жерге керекті жабдықтарды жеткізу ;
Тәрбиешінің іс-әрекеті: ТЖМ басшысы рөлінде жағдай болған жерге шығар алдында арнайы құрал-жабдықты естеріне түсіртіп,арнайы үйретілген иттермен бағыттаушыларды,жедел жәрдемді шақырады .
Балалардың іс-әректі: Сақтау қызметі диспетчер сызба бойынша жағдай боған жерде жанатын қызыл оттшаларды бақылап ,желі бойынша , қандай сақтау қыдметінін жұмыс атқаратынын қадағалайды
ТЖМ әр түрлі жағдайдада ,әр уақыта ауа райы болжамына да қарамай қызмет көрсетеді,адамдарды табу үшін иттермен жұмыс істейді .
Арнайы техника жүргізушісі зардап шекендері тамақ .киімен қамтамасыз етеді .Өртен сақтандыру қызметі өртті болдырмайды .Жедел жәрдем науқасттын шақыру бойынша қызмет көрсетеді
Фотоға түсірушілер ТЖМ мен жағдай болған жерді фотаға түсіреді.

Сюжеті-рөлдік ойын
Тақырыбы : «Мұражай» *(қайталау)*
Мақсаты : Балаларды өз бетеріншe рөлдерге бөлініп әрекет ету әдетін қалыптастыру.Ойында қоғамдық өмірдін көріністерін, мәдениеті ортада ұстамдылықты көрсете білу ,бір-біріне мейірімен қарауға үйретіп . Ойын барысында әңгімелесіп,сұрақ қоя білуге ,өз іс-әрекетерін көрсете білуге үйрету.
Жағдаят: Мұражайға баруға дайындалу ;
Жол сілтемелерді қарау;
Мұражайды таңдау;
Экспозицияларды хаттау;
Топ жорық ;
Жаңалау шеберханасы.
Тәрбиешінің іс-әрекеті: Мұражай директоры рөлінде мұражай мен жұмыскерлерді басқарады.
Балалардың іс-әректі: Кассир билетерді сатады жолсілтемелерді үлестіреді , Мұражай жұмыскерлері экспонатарды тандап паспортар жасайды , экспозицияны хаттайды ю Суретшілер мұражайдын ашылу жарнамасын жасап,
Өңдеушілер ескі экспонатарды жөндейді
Топ жорықшы мұражай бойынша келушілерді сүймелдеп экспонатар жайында әңгімелейді
Келушілер билеттер сатып алып,бағдарламамен танысып ,экспонатарды қарап сұрақ
Дүңгіршек жұмысшысы фотосуреттер,открыткалармен өнер альбомдарын сатады
.Жүргізушілер экспонатарды әліп ,көлікті қадағалайды.

кездеседі жаңбырдан соң көл тасыпты ,айналып кліп көмек көрсетеді.Аңдар суығады . 		

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қоршаған орта **Міндеті: -**Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу **Мақсаты** Киіз үй жабдықтарымен таныстыру**.** **.** Балалар мына суретте ненің суретін көріп тұрсыңдар? — Киіз үй туралы не білесіңдер? — Кім киіз үйдің ішіне кіріп көрді? — Киіз үйді неден жасайды? — Киіз үй жабдықтарын білесіңдер ме? — Жарайсыңдар балалар. Жауап берген балаларды алтын жұлдызбен бағалау. — Балалар мен сендерге киіз үй туралы шағын мағлұмат беріп өтейін. — Киіз үй ауа райының қандай жағдайында да пайдалануға өте ыңғайлы. Ішіне жарық жақсы түседі, ауа алмасуы талапқа сай, жел, дауылға көп шайқалмайды. Киіз үйдің негізгі қаңқасын сүйегі деп атайды. Олар: кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық (жарма есігі). Кереге – киіз үйдің ағаштан жасалған жиналмалы торкөзді сүйегі. Шаңырақ – киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер. Уық – кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сырық. Киіз есік – сықырлауықты жауып, шаңырақ арқылы өткізіп байланады. Киіз есіктің сырты киіз, ортасы ши, астары жарық теріден жасалады. — Үй жиһаздарына да толық мағлұмат беріп өту. Абажа – тамақ пен ыдыс – аяқ сақталатын кебеженің үлкен түрі. Ағаштан жасалып, киізбен, былғарымен қапталған. Кебеже – сүт ет, құрт, шай салып сақтау үшін ағаштан жасап, өрнектеген үй жиһаздары. Әбдіре – зат сақтайтын үлкен сандық. Сырты қаңылтырмен әшекейленіп қапталады. Ағаш төсек – жату үшін пайдаланатын үй	**Математика негіздері** **Міндеті:** Заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыру **Мақсаты** заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыру. Топтық практикалық жұмыс. Таразымен жұмыс. Заттарды салмағы бойынша салыстыру. Балаларға жұптарға бөлініп, үстелдерге өту ұсынылады. Жұптағы бір бала таразы табақшасына бір затты салады, екінші бала екінші затты салады, заттардың салмағы әртүрлі. Дәптермен жұмыс 1-тапсырманы жұмыс дәптерінде орындауды ұсынады. – Суреттерге қарайды. Қандай заттар жеңіл екенін атайды. Әр жұптағы ауыр затты атайды және бояйды. Бұл тапсырманы қолда бар материалдардан таразы жасап, орындауға болады. Мысалы, қорап, пенал т.б заттарды тірек ретінде алып үстіне сызғышты орнатады. Салмақтары жеңіл және ауыр екі ойыншықты	**Математика негіздері** **Міндеті** Заттарды таразыға салмағы бойынша салыстыруға болатындығы туралы түсінікті бекіту **Мақсаты:** заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыру. **Қай табақша төмен** түседі? Салмағы ауыр ма немесе жеңіл ме? Таразы бойынша қай табақша ауырырақ екенін анықтайды. Кім (не) ауырырақ? Блиц-сұрақ. Не ауыр – ашықхат па, қарындаш па? Таразы табақшаларын теңестіру үшін не істеу керек? Дәптермен жұмыс Педагог 2-тапсырманы орындауды сұрайды. Заттарды таразыға салады. Оларды жапсырады. Заттардың салмағы таразының орналасуына қарай анықталады:тең,жеңі	**Математика негіздері** **Міндеті** Заттарды таразыға салмағы бойынша салыстыруға болатындығы туралы түсінікті бекіту **Мақсаты** заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыру. Педагог 3- тапсырманы орындауды сұрайды. – Суреттерді қараңдар. Әр табақшадағы көгөністер мен жемістерді санаңдар. Санын жазыңдар. Педагог балалармен талқылайды, санайды, цифрын жазады. 4- тапсырма жеке орындалады. Педагог балаларға тапсырманы алгоритм бойынша бірге орындауды ұсынады: – Қарындашты нүктеге қой. Бірінші тапсырмада көрсетілгендей 4 торкөзге жоғары сызық сыз. – Тоқта. – Шатаспау үшін, осы тапсырманы (жоғары 4 көрсеткіш сызық) сызып таста. – Келесі команданы қараймыз және оқимыз (торкөздердің саны мен бағыты). – Тапсырма бойынша жылжы, графикалық диктантта көрсетілгендей	**Қоршаған орта** **Міндеті:** Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту **Мақсаты** Балалардың бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіре отырып, ата дәстүрін танып білуге, ардақтауға құрметтеп мақтан тұтуға тәрбиелеу. **.** **Ата мен әжесінен сүйінші сұ**рап қыз бала жүгіріп келеді, сүйіншісін беріп, көршілерге қуанышты хабарды хабарлауға жұмсайды. Ата мен әже немерелі болдық деп қуанып, есім таңдап отырғанда, нәрестесін көтеріп келіні кіреді. Атасы немересін қолына алып, азан шақырып атын қояды. Тәрбиеші: Балаға ат қою рәсімі. Қазақтың салт-дәстүрлерінің бірі балаға ат қою. Ырымдап ат қою – қазақтың қанына сіңген дәстүр. Ал енді,тәрбиешілер сіздердің де есімдеріңізді ырымдап қойған болар, сол туралы айтып өтсеңіздер. (әр тәрбиеші өз есімдері жайлы айтып өтеді) Қазақтың балаға байланысты жасалынатын ырым-дәстүрлерін атап өту (тәрбиешілер балаға байланысты дәстүрлерін атап, соның ішінен бесікке салу дәстүрін көрсетеді) Бесікке салу рәсімінен көрініс. Баланы бесікке салу – салтанатты рәсім. Баланы бесікке салмас бұрын, баланың бесігіне, жын – шайтан жоламас үшін аластайды. Баланы бесікке салмас бұрын «тыштырма рәсімі» жасалынады. Бесіктің тесігінен тәттілер өткізіледі. Жиналған адамдар қолдарын созып, бесіктің астына алақандарын жаяды. Өткізілген тәттілер олардың алақандарына түседі.Бесіктің астына әрбір тәтті түскен кезде ,бесікке салған адам басқаларға «тышты ма?» деп сұрайды. Сол кезде жиналған жұрт «тышты, тышты»деп айтады. Осылайша «тыштырма» рәсімі «тышты ма?» деген сөзден шыққан. Баланы бесікке бөлегеннен кейін «бесік жыры» айтылады. Бесік жыры –дегеніміз балаға әндетіп айтылатын әуен. Бесік жыры бала мазасыз болып, жылап жатқанда немесе ұйықтай

	жиһаздары. Асадал – тамақ пен ыдыс – аяқ сақталатын кебеже. Жастықағаш – ерте кезде жастықтың астына салынатын ағаш тиянақ. Адалбақан – киім ілуге арналған үй жиһаздары. Жүкаяқ – үйде жүк астына қоятын ағаш зат. Сандық – киім — кешек, т.б. зат салуға арналған үй жиһаздары. Төсеніштер: Алаша, киіз, сырмақ. Тұскиіз – сәндік үшін төсектің тұсына тұратын үй бұйымы. Қоржын – екі жағын тең етіп тоқылған, не құрап тіккен зат салатын дорба. Аяққап – ыдыс – аяқ салатын қапшық. Екі бетін киізден тігіп, бетін о — — өрнек салып не кестелеп әшекейлейді. — Балалар, бізге білгішбек ағамыздан хат келіпті, қане бәріміз бірге ашып көрейік. Төрт топтың балаларына тапсырмалар жіберіпті. — Топпен жұмыс жасау. 1 – топ «Шаңырақ» Шаңырақтың суретін саласыңдар. 2 — топ «Уық» Киіз үй неше бөліктен тұрады санмен санап айтасыңдар. 3 – топ «Кереге» сендерге киіз үйді жабдықтары туралы әр түрлі пішіндер берілген киіз үйді құрастырыңдар. 4 – топ «Есік» Киіз үйдің ішіндегі үй жиһаздарын атаңдар.	ойластырған таразының екі жағына салады. Балаларға әртүрлі таразы үлгілерін көрсетеді. 3–5 баладан кезек-кезек шықырып, оларға әртүрлі заттардың жұптарын өлшеуді ұсынады. Тапсырманы орындайды. Балалар заттардың жұптарын өздігінен өлшейді. Балалар «жеңіл», «ауыр» сөздерін қолдана отырып, өздерінің іс-әрекетін түсіндіреді	л және ауыр. Сол жақтағы таразыға қарбыз бен қауынды салады, оң жақтағы таразыға – үш-үштен жеміс салады.	торкөздерді сыз. Қандай сурет шықты? Оны көрсет. Бұл ит.	алмағанда айтылады. Бесіктің құрал –жабдықтарын атап өту. «Ел боламын десең ,әуелі бесігіңді түзе» деп қазақ атамыз тектен текке айтпаса керек. Мақал-мәтелдер. Бала тәрбиесіне байланысты мақал- мәтелдерді сурет бойынша айту.

Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар « Көбелектер бақалар»

Ойын: «Алыптар мен ергежейлілер»
Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. **Ойынның шарты:** Арнайы сызықпен қоршаған ойын алаңында балалар жүгіріп ойнап жүреді. “Алыптар” мен “қуғыншымын” қолын жоғары көтереді де өзіне ең жақын жүрген ойыншыны қуа жөнеледі, “ергежейлілер” жүгіреді.
Ұсыныс: Егер қуып жетсе, екеуі орын ауыстырып, жаңа қуғыншы, ойынды әрі қарай жалғастырады.



Ойын: « Көбелектер бақалар»
Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жәндіктерге қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу.
Ойын барысы: Батпақтың шекарасы төртбұрышты етіп белгіленеді. Мұнда бақалар өмір сүреді. Гүлдерге көбелектер ұшып келіп қонады. Ұлдар бақа сияқты секіреді, қыздар көбелектер сияқты ұшады.
Ұсыныс: ойында көбелектер, бақалар болып балалар ойнаушылар қатысады, тәрбиеші де қатысады.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Міндеті:** Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге	**Қазақ тілі** **Міндеті -** Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру **Мақсаты** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ұлттық ыдыстардың атауымен	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** - Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру **Мақсаты** . Ертегіні мазмұны	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу **Мақсаты ертегіні мазмұндау арқылы театр мәдениетіне**	**Шығармашылық бейнелеу әрекеті** **Міндеті:** - балалардың ұлу туралы білімдерін жетілдіру -- Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін

	үйрету **Мақсаты** өз іс-әрекеттерін айта алуға үйрету Арман мен Сәуле диалог жүргізеді. – Сәуле, сен таңертең не істейсің? – Мен таңертең тұрамын. – Таң-ер-тең- ң тұ-ұ-ұ-ра-мын. Таңертең тұрамын (айнамен жұмыс). – Бе-ті-і-ім-ді-і-і жуа-мын – бетімді жуамын. – Ті-с-і-і-ім-ді-і-і та-за-лай-мын – тісімді тазалаймын. – Ша-шым-ды та-рай-мын – шашымды тараймын. – Жат-ты- ғу жа-сай-мын - жаттығу жасаймын. – Ки-і-м-і-і-м-д-і-і-і ки-е-мі-і-і-н – киімімді киемін. – Содан кейін анаммен балабақшаға барамын. Балалар қуыршақтардың (педагогтің) соңынан сөздер мен сөйлемдерді қайталайды. Сөздік ойын: «Жалғасын тап». Үлестірмелі материалдардың көмегімен сөйлемді толықтырады. Таңертең ... (тұрамын). Бетімді ... (жуамын). Тісімді ... (тазалаймын**).**	таныстыру **Ойын: «Сиқырлы қоржын». (** Ішінде кесе, қасық, тәрелке). Балалар таныс заттарды атайды, сұрақтарға жауап береді. Қандай кесе? Неше кесе? Түсі қандай? Қандай қасық? Қандай тәрелке? (Үлкен, кішкентай). Қоржынның екінші жағынан ұлттық ыдыстарды алып, жаңа сөздермен таныстыру, ұлттық ыдыстар туралы қысқаша мағлұмат беру. – Мынау – торсық. – Мынау не? (Жеке-жеке «торсық» сөзін дұрыс айтып жаттығып, естеріне сақтайды). – Торсық теріден жасалады. – Торсық неден жасалады? – Торсық теріден жасалады. – Мынау – тостаған. – Мынау не? – Мынау – тостаған. – Мынау қандай тостаған? (Үлкен, кішкентай). – Тостағанмен қымыз, айран ішеді. – Тостағанмен не ішеді? – Тостағанмен қымыз, айран ішеді. – Тостаған ағаштан жасалған. – Тостаған неден жасалған? – Тостаған ағаштан жасалған. – Мынау – ожау. – Мынау не? – Мынау – ожау. – Мынау – ұлттық ыдыстар. – Мыналар – нелер? – Мынау – ұлттық ыдыстар. Балалар сөздерді және сөйлемдерді тыңдап, қайталайды. – Тостаған, торсық сөздеріндегі бірінші дыбыс қандай? «Т» дыбысынан басталатын сөздер айтыңдаршы. (Табақ, тауық, тәрелке, тышқан, түлкі, Қима материалдармен жұмыс. Сөздерді бекітуге ойын: «Менде, сенде...». Балалар алдарындағы суреттерін атап, көршісінде ненің суреті екенін сұрайды. Мысалы**: Менде тостаған. Сенде не?**	бойынша әңгімелету**.** **Ертегі**: «Қасқыр мен түлкі» (Педагог «Қасқыр мен түлкі» ертегісін оқып береді. Мазмұнын айтып түсіндіреді. Сонан соң ұл балаларға қасқырдың, қыздарға түлкінің сөзін қайталауды ұсынады). Ертеде бір Қасқыр мен Түлкі дос болыпты. Екеуі келе жатып жол үстінен бір кесек ет көреді. Екеуінің де жегісі келіпті. Қасқыр Түлкіге: –Сен жей ғой, досым, – депті. Түлкі арсалаңдап: –Менің аузым ораза ғой, сен-ақ жей ғой, – депті. Қасқыр етті жейін деп тұмсығын соза бергенде мойнын қақпан қауып алып, ет ұшып кетіпті. Түлкі етті қағып алып жеп қойыпты. Қасқыр: –Ей, досым-ау, сенің аузың ораза емес пе еді? – десе, Түлкі: –Оразам сенің мойныңа түсті ғой, – деп зыта жөнеліпті	**баулу.** **Ол ертегі «Көктемнің сәні» деп аталады.** Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегі кейіпкерлерін салыстырып сипаттайды. Ертегінің өлеңнен айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан шығарады. Балаларға ертегіні толық оқып беріп, мазмұнын түсіндіреді Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі қалай аталады? Ертегі не туралы? – Арыстан аңдарды не үшін шақырды? – Қандай аңдар жиналды? – Арыстан қандай сұрақ қойды? – Аңдар не деп жауап берді? – Елік дұрыс айтты ма? Көктемнің сәні деген – гүлдер, көбелектер, алғашқы ұшып келген құстар, күннің жылуы, мөлдір су, көкмайса шөп**.**	қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік - қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию - Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу **Мақсаты**-ұлудың суретін салу,мүсіндеуүжапсыру,құрастыру **Топтық жұмыс**
Үзіліс: «. Секіруге арналған ойындар «Кесіртке»ойыны					
Артикуляциялық жаттығулар: Балықтар Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді, Үп-үлкен ағаш жағада жатты, Балық: «Мына жерде сұңғу оңай»- деп Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді, Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп, Ал төртіншісі тоңа бастады, Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады, -Жүзіндер мына жерден,				Ойын: «Жоғарыда–төменде, биік-аласа» Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру Жасы: 5-6 жас аралығы Қажетті заттар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған. Ойын барысы: Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек**.**	

Әйтпесе жұтып қояды!



«Тіс щеткасымен ойын» жаттығу.
Ойын шарты: Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейінінің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады.





4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Дене шынықтыру **Міндеті:** - Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу **Мақсаты** Көлбеу тақтайға жүгіріп шығу, түсу, биіктегі салмақ түсіру, тірелу нүктесінде тепе-теңдік сақтауға дағдыландыру **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Аңшылар мен қояндар» Қозғалып бара жатқан нысананы «ату» кезіндегі қауіпсіздік ережелерін еске салады. Ойыншылар «аңшылар» мен «қояндарға» бөлінеді. «Аңшылар» сызықтың сыртына тұрады, ал «қояндар» сызықтардың ортасына тұрады. «Аңшылар» доппен «қояндарды» атып алуға тырысады. «Оқ тиген» қояндар ойыннан шығады. Барлық қояндарды атып алған соң командалар орнын ауыстырады**	**Музыка** **Міндеті:** - Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыт **Мақсаты** Балалардың қазақтың ұлттық ойынына деген қызығушылықтарын арттыру : Музыка тыңдау: «Ақ сиса» (Жаяу Мұса) Ән айту: «Наурыз тойы» (Т. Мұратов) «Көктем» (Д. Гусинцев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Аюлар биі» (Е. Тиличеева) Билер: «Қамажай» х.ә. (өңдеген Н. Меңдіғалиев) Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин) Музыкалық аспапта ойнау: «Сәулем-ай» қазақтың х.ә. (өңдеген Б. Дәлденбай)	**Дене шынықтыру** **Міндеті:.** Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату **Мақсаты** - Заттардың арасымен дұрыс жүгіруді жалғастыру. Өз денесін басқаруды, арқаннан ұстап салбырап тұруды, ептілік, өз бетімен әрекет ету, күштілікті дамыту. . **Текшелер мен сырық (ұзын ағаштармен) орындалатын негізгі қимылдарды орындау.** **Қауіпсіздік ережелерін еске саламыз: бір-біріне қарама-қарсы жүруге болмайды.** **Секірулер: сырықты жалғыз аяқпен секіріп, ілгері қарай айналып жүру. Секіргенде аяқтың басымен итеріліп, аяқтың басына қайта түсу.**	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** - Допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу **Мақсаты** Заттардың арасымен дұрыс жүгіруді жалғастыру. Өз денесін басқаруды, арқаннан ұстап салбырап тұруды, ептілік, өз бетімен әрекет ету, күштілікті дамыту. **«Ең сақ кім екен?»** **Текшелерге көтеріп қойылған сырықтардың астынан түрлі әдіспен (шынтақтап жорғалап, еңбектеп, шалқалап жатып) залдың бір жағынан екінші жағына дейін өту.** **Түрлі әдіспен (шынтақтап жорғалап, еңбектеп, шалқалап жатып) залдың бір жағынан екінші жағына дейін өтеді. Сырықтың биіктігіне қарай тиімді әдісті таңдайды.**	**Музыка** **Міндеті** - Ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру. **Мақсаты** Балалардың қазақтың ұлттық ойынына деген қызығушылықтарын арттыру **: Музыка тыңдау:** **«Ақ сиса» (Жаяу Мұса)** **Ән айту:** **«Наурыз тойы» (Т. Мұратов)** **«Көктем» (Д. Гусинцев)** **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** **«Аюлар биі» (Е. Тиличеева)** **Билер: «Қамажай» х.ә. (өңдеген Н. Меңдіғалиев) Ойындар, хороводтар:** **«Үйшік» (В. Витлин)** **Музыкалық аспапта ойнау:** **«Сәулем-ай» қазақтың х.ә.** **(өңдеген Б. Дәлденбай**
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №3** **Бақылау: Мойыл бұтасын бақылау**	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №4** **Бақылау: Тастарды бақылау**	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №5** **Бақылау: Бұлттарды бақылау**	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №6** **Бақылау: Желді бақылау**	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №7** **Бақылау: Сутоғанды бақылау**

	Мақсаты: — Бұталар туралы білімдерін молайту; — Бақылай, зерттей білу қабылеттерін дамыту; — Табиғатты аялауға, қорғауға тәрбиелеу. *Бақылау барысы* **Тәрбиеші әңгімесі:** Мойыл әрі дәрілік, әрі сәндік өсімдік. Мойыл гүлдеген кезде әдемілігімен көздің жауын алып, хош иісі мұрыныңды жарады. Мойыл мамыр, маусым айларында гүлдейді, ал, жемісі тамыз, қыркүйек айларында піседі. Қоңыр күзде мойылдың жемістері өте дәмді болады. Жаңа піскен жидектерінен қант қосып тәтті сусындар мен кисельдер жасайды. Сол сияқты мойыл жидектерінің емдік қасиеті де өте жоғары. Одан жасалған дәрілермен іш ауруларын, көз ауруларын, безгек ауруларын емдейді. Сондықтан да мойылды кеспей, сындырмай сақтаған жөн. Мойыл гүлдері өте әдемі болғанмен, оның гүл шоғын көп етіп алсаңыз басыңыз ауырады, егер өте қызықсаңыз, бұтасын сындырмай ғана, екі-үш гүлін пышақпен кесіп алып, суға салып қойсаңыз, сол да жеткілікті болады. Мойылды өзіңіз де сындырмаңыз, өзгеге де жол бермеңіз. Балаларға сұрақтар ♦ Мойыл ағашы қай уақытта гүлдейді? ♦ Мойылдың жемістері қай уақытта піседі? ♦ Мойыл жидектерінен не жасайды? ♦ Мойылдың басқа қандай қасиеті бар? ♦ Бұл ағашты не үшін сақтауымыз керек? **Еңбек** Үлкендерге ағаш отырғызуға көмектесу. *Мақсаты: ағаш отырғызу және оны өсіруге деген ынталарын ояту, табиғатты көркейтуге тәрбиелеу.*	*Мақсаты: тастардың әртүрлілігімен және олардың қасиеттерімен таныстыру.* *Бақылау барысы* Балабақша ауласындағы ойын алаңындағы бір ағаштың түбіне әртүрлі тастар салынған қапшықты тығу. Қапшық тығылған ағашты суреттеп айту. Қапшық табылғаннан кейін балалармен әңгіме өткізу. Тастар әртүрлі болады. Оларды жәй тас деп айтуға болмайды, себебі әр тастың өз ерекшелігі болады. Кейбір тастар бағалы, ал жәй тастардың да пайдасы өте көп. Сұрақтар: *Тастардың қандай түрлерін білесіңдер? *Асыл тастарды не үшін пайдаланады? *Жәй тастарды қай жерде, не үшін пайдаланады? *Гранит, мрамор тастарды көрген жерлерің бар ма, оларды не үшін пайдаланады? Тәрбиеші балалар жауабын толықтырып, түсіндіреді. *Балабақша ауласында, ғимарат құрлысында тастар бар ма? **Зерттеу жұмысы** Балабақша ауласынан түсі, көлемі әртүрлі тастарды тауып, жинау. **Еңбек** Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау. *Мақсаты:ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге,бастаған істі аяқтауға, біткен іске қуануға тәрбиелеу.*	**Мақсаты***: өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға деген қызығушылықтарын арттыру.* *Бақылау барысы.* *Көркем сөз. «Бұлт»* *Ө. Ақыпбекұлы* *Бұлттың қайда тұрағы?* *Біле алмадым мұны әлі.* *Білерім көк аспанның,* *Бұлт-көшпелі бұлағы.* Тәрбиеші сұрақтары. ♦Бұлт дегеніміз не? ♦Бұлттардың түсі қандай болады? ♦Бұлттар неден тұрады? *(сан жетпейтін су тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен.)* ♦ бұлттардың қандай түрлерін білесіңдер? *(түйдек бұлттар, шарбы бұлттар, қат-қабат бұлттар, түнерген найзағайлы бұлттар)* ♦ Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек-түйдек болып тұрады) ♦ Шарбы бұлттар неге ұқсады? (ақ ұлпаға, мамыққа, жақсылап аңғарып қарасаң олардан таныс бейнелерді көруге болады) ♦ Ең үлкен бұлттар қай бұлттар? (түнерген найзағайлы бұлттар) ♦ Қандай бұлттар жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар, түнерген бұлттар) ♦Бұлттар неліктен аспанда жүреді? (оларды жел қуады) **Зерттеу жұмысы** Аспандағы қандай бұлттар екенін анықтау. Бір нәрсеге (өлі және тірі табиғатқа жататын) ұқсайтын бұлттарды табу. **Еңбек** Алаңды егу жұмыстарына дайындау; қоқыстарды жинау, сыпыру. *Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген ынталарын қалыптастыру..*	*Мақсаты:* *- жел туралы түсініктерін бекіту;* *- жел түрлерін есте сақтау.* *Бақылау барысы* Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел) Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды: ♦ Желдің қандай түрлері болады? ♦ Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды. ♦Барынша қатты желдердің атын ата? *(дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)* ♦ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды) ♦Желдің ізін көруге болады ма? **Зерттеу жұмысы** Компас арқылы желдің бағытын анықтау. Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. **Еңбек** Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау *Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.*	*Мақсаты: мұздың қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.* *Бақылау барысы* Күн өткен сайын көктем қысты ысырып, өз жылуын алып келуде. Көктемнің ең бірінші жеңісі-жерді жібітеді. Алдымен қары еріген алаңқайлар пайда болады, өгей шөптер өсіп шығады. ал, екінші жеңісі-өзен-көлдердің ери бастауы. Жердегі, қар үйінділеріндегі қарлар еріп, сай-саланы қуалап, өзенге барып құяды. Өзен сулары көтеріліп, мұзды жарады. Жарылған мұздар ағыспен бір-біріне соқтығады. Мұздар жарылып, өзендер арнасынан асқан кезде ауа температурасы кенет төмендейді. Ал, сутоғандардағы мұздар ұзақ уақыт тұрады. Себебі онда ағыс жоқ, су қозғалмайды. Бұл жерде мұздар жарылмайды, біртіндеп ериді. **Зерттеу жұмысы.** Сутоғандағы мұздың қалыңдығын мұз өлшегіш құралмен өлшеу. Тоған бетіндегі мұздың еруін бақылау **Еңбек** Ауланы қоқыстан, сынған бұталардан тазалау. *Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын тәрбиелеу*.
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру
Балалармен жеке жұмыс	**Жеке баламен жұмыс:** **Мақсаты:** балаларға сурет оқу қызметі бойынша қарандашты дұрыс ұстауға үйрету.	**Жеке баламен жұмыс:** **Мақсаты:**сөздерді дұрыс айтуды үйрету	**Жеке баламен жұмыс:** **Мақсаты:** Өлең, тақпақтар жаттату	**Жеке баламен жұмыс:** **Мақсаты:** Балалармен қарым - қатынаста болуын дағдыландыру	**Жеке баламен жұмыс:** **Мақсаты:** Балалардың есте сақтау қасиеттерін арттыру үшін, балаларға тақпақ жаттату

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап- тарды қарау және басқалар)	Қимылды ойын «Біздің аулада не өседі?». Мақсаты: ағаштар аттарын есте сақтауларын тиянақтау, аталған жерге тез жетуге, тез ойлауға, тез шешім қабылдауға баулу. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту Мақсаты: доп лақтыруға жаттықтыру. Мақал-мәтел: -Бір тал кессең, он тал ек.	Қимылды ойын. «Бәйге». Мақсаты: нысанаға тез жетуге деген құлшыныстарын, жеңіске деген құштарлықтарын арттыру. Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: секіргіш жіппен секіруге жаттықтыру.	**Қимылды ойын «Қасқыр қақпан». Мақсаты: ойын ережесін түсініп, шартын сақтап ойнауға,ептілікке, алғырлыққа баулу. Жеке жұмыс Математикалық жаттығулар. Мақсаты: тақ және жұп сандарды санай білу дағдыларын жетілдіру. Халық болжамы. Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады.**	Қимылды ойын «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру. Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту. Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.	**Қимылды ойын «Қасқыр қақпан» Мақсаты: — белгі бойынша әрекет етуге үйрету; — ойын шартын сақтап ойнауға баулу; Жаттығу ойыны Ұзындыққа секіру. Мақсаты: ұзындыққа секіруге жаттықтыру.**
Балалардың үйге қайтуы	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «А» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 2-апта 10 –14 сәуір 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Үстел үсті ойыны – пазл: «Әсем гүлдер бағы » Балалармен әсем гүлдер туралы әңгімелесу.	Құрылыс ойындары: «Біздің аула гүлдері»	Фотосуреттер қарастыру: «Гүлдер,гүлдер көп гүлдер» Фотосуретте бейнеленген ойын түрлерін атау.	Үстел үсті театры: «Раушан гүлдер» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.	Сюжеттік ойындар: «Қош иісті гүлдер» еркін сурет салу. Д/ойын: «Менің сүйікті гүлім»
Гимнастикалық жаттығу	Гимнастикалық жаттығу кешені № 11				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	«Табиғатым тамаша» Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса.	«Дала қандай тамаша» Дала қандай тамаша, Ақ мамыққа оранған. Ақ дастарқан жайғандай, Көз тоймайды қараса.	«Табиғатқа қамқор боп» Табиғатқа қамқор боп, Байлығын біз қорғайық, Әдепті да,тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық.	«Табиғат...» Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған. Сен күнсің көтерілген күліп қырдан. Сен көлсің, сен ормансың. Сен - бұлбұлсың, Адамға сұлулықты шын ұқтырған!	«Дала қандай тамаша» Дала қандай тамаша, Ақ мамыққа оранған. Ақ дастарқан жайғандай, Көз тоймайды қараса.
	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті** Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану **Мақсаты** Бала бойындағы шешендік қасиетті, сөздік қорларын дамыту. Педагог балаларға сұрақ қою арқылы ертегі мазмұнын пысықтайды. –Ертегіде нелер жайлы айтылған? –Қасқыр мен Түлкі дос болған ба? –Екеуі жолдан не көрді? –Қасқыр Түлкіге не деді? –Сонда Түлкі не дейді? –Еттегі қақпанға қайсысы түседі? –Түлкі сияқты айлакер, қу болу керек пе? –Ертегі қызық бекен, сендерге ұнады ма? Жалғастырта 3– 4 баладан сұрап шығады. Дидактикалық ойын: «Түлкінің құйрығын тап». Ойын шарты: балалар қима суретерден Түлкінің құйрығын тауып көрсетеді.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру **Мақсаты** дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру Дидактикалық ойын: «Сөз жарыс» Педагог: Балалар, енді «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: киімдер, гүлдер, сандар т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға жұлдызша беріліп отырады). Жұлдызшаны санау арқылы жеңімпаз анықталады. Дидактикалық ойын: «Қағып ал» – Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып, допты лақтырамын. Сендер мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасыңдар Мысалы: қққасқыр(қ), ееетік(е), ттүлкі(т), өөөрік(ө), ббалық(б), сссағат(с), ааалқа(а), жжжаз(ж), ммоншақ(м), қққоңыз(қ), қққолшатыр(қ), бббілезік(б), жжжұлдызша(ж), ооотын(о), қққарға(қ), сссазан(с), шшшахмат(ш), ттау(т), кккерік(к), әәәтеш(ә), ееесек(е), ттүйе(т), ммандарин(м), қққобыз(қ), сссандық(с), ттекемет(т), ееер(е), үүүзеңгі(ү), аарба(а) т.б. – Қай дыбыстар созып айтылмайды екен. Оларды қандай дыбыстар дейміз?	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру **Мақсаты** дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру ... Дидактикалық ойын: Жоғалған дыбыс» – Мен сендерге суреттер көрсетіп бірінші дыбысты айтпай сөз айтамын, сендер жоғалған дыбысты жалғап толық сөзді айтасыңдар да допты кері бересіңдер. Мысалы:... ерезе (т), ...ілем (і)і, ...алық(б), ...үрек(ж), ...ақыт (б), уыршақ...(қ), ...омбыра (д), ...екемет (т), ...ышақ (п),... аймақ (қ), ...анан(б), ...ектеп(м), ...рік(ө), ...ияз(п) т.б.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Суреттен іс-әрекетті білдіретін сөздерді анықтап айта білуге, сөздердегі буын санын анықтауды жалғастыру **Мақсаты** дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру «Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы (Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады) -ал буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: алма, алтын, алжапқыш, алға, аласа, ала, алқа, Алжан, алмас, алау, Альбина, ал т.б . -оқ буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: оқу, оқы, оқымысты, оқулық, оқ, оқыс, оқшаулау, оқтар т.б. -жа буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: жас, жалын, жалғыз, жат, Жайық , жарқыра, жалқау, жаура, жалау, Жамбыл, жалпылдақ, жалбыз, жаһұт, жау, жарайды, жалмауыз, т.б.	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өленді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту **Мақсаты** әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін қалыптастыру Педагог «Мен ғарышкер боламын» өленін екінші рет қайталап оқиды. – Өленнің бірінші жолы қалай басталады? Өленді эмоциямен 2-3 рет қайталайды, бірге жаттайды. Педагог сөйлемнің басын оқып, балалар жалғастыратын тәсілді қолданады. 3-4 бала өленді жатқа айтады. Дәптермен жұмыс: 1 Суретте не бейнеленген? Бала нені армандап тұр? Ойыңды ортаға сал. Сенің ғарышкер болғың келе ме? Қандай ғарышкерлерді білесің? 2. Суретті бастырып сыз. Боя. Педагог үзік сызықтарды қосып сыздырып, боятады

Үзіліс: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар «Мысықтар мен балалар»

БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР

Дауыстарын қайтала.
Аң біткенмен алысқан
Ақырады **арыстан:**
А-а-а-а-а-а
Нәзік дауысы қозының
Естіледі алыстан:
Мә-ә-ә-ә-ә
Дөңгелетіп аузыңды,
Жіңішкертіп даусыңды,
Бұзаумын деп ойла да,
Дауысын оның қайтала:
Мө—ө-ө-ө
(Балақай, жан жануарлардың дауыстарые сала отырып, кей дыбыстардың жуан кей дыбыстардың жіңішке айтылатынына зер сал)

Ойын: ***«Мысықтар мен балалар»***
Мақсаты: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке,алғырлыққа тәрбиелеу.
Ойынның шарты: Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады.
Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады.Балалар «кис-кис», деп шақырады.Мысықтар жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.

Майлыаяқ.
Жайлау толы малды аяп,
Күзетіп жүр Майлыаяқ.
Жолатпайтын ешкімді,
Дауысы алыстан естілді:
(ақырын дауыспен) –р-р-р-р-р-р
«Тамақ жеймін ашпын д»,-деп,
«Қорқып иттер қашсын», -еп,
Күжірейтіп желкесін
Ырылдады қасқыр кеп:
(орташа дауыспен)-р-р-р-р-р-р
«Қорықпаймын сенен»,-деп,
«Сазайыңды берем»,-деп,
Дірілдетіп қасқырды
Айбатын ит асырды:
(қатты дауыспен) –р-р-р-р-р
«Мынау бәле екен» деп,
«Түбіме бұл жетер» деп,
Қорқып қасқыр жөнелді,
Қайтып келмес ол енді.
(Балақай, қасқырдан да қорықпайтын төбет иттердің болатынын сен білесің бе?
Өзара екі топқа бөлініңдер де, **қасқыр мен иттер** болып алдымен ақырын, сосын орташа, ең соңында қатты дауыспен «р» дыбысын созып айтыдар.)

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қоршаған орта
Міндеті: Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу
Мақсаты Ғарыш, ғарышкер туралы түсініктерін қалыптастыру және мағлұмат беру. Балалардың сөздік қорларын байыту, 12-ші сәуір ғарышкерлер күні туралы түсінік беру, айналаны қоршаған орта жайында білімдерін кеңейту, үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. .

Сәуір айында қандай мереке бар, естеріңе түсіріңдерші?
- Иә, бұл сәуір айында үлкен мереке бар. Ол – ғарышкерлер күні деп аталады.
- Балалар аспаннан нелерді көруге болады?

Әңгімемізді бастамас бұрын, мен сендермен мамандықтар жайында әңгімелескім келеді. Балалар, айтыңдаршы, сендер қандай мамандық түрлерін білесіңдер?
(балалардың жауабы).
Тәрбиеші:
- Дұрыс айтасыңдар. Мұғалім, дәрігер, құрылысшы, жүргізуші, өрт сөндіруші, дүкенші, шаштараз тағы басқа көп мамандар бар екен. Әрбір мамандық адамзатқа өте қажет екен.
Мысалы: дәрігер-адамдарды емдейді, мұғалім-балаларды оқытады, жүргізуші – көліктер

Математика негіздері
Міндеті: 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру.
Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен
Мақсаты 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру.

Педагог балаларды вагондар болуға шақырады. Он бала бір-біріне тіркесіп, пойыздың қозғалысын еліктейді. Балаларға 1-ден 10-ға дейін цифр жазылған карточкалар таратылады. Педагог басқа балаларға вагондарды 1-ден 10-ға дейін тура және кері санауды сұрайды. Вагондармен көрініс ойнатылады. Педагог вагондардың бір-бірден түннельге қарай

Математика негіздері
Міндеті - 10 көлеміндегі сандарды салыстыру
Мақсаты: 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру.

Карточкамен жұмыс Тақтада (демонстрациялық материал 21-кесте)
1 -ден 10-ға дейін сандар қатары ретімен тұрады.
Топтан екі баланы шақырады, олар цифрды тез және дұрыс қояды, тура және кері санайды. Бір бала санауды бастайды, екіншісі жалғастырады деген тәсілді пайдаланамыз

Математика негіздері
Міндеті Саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару
Мақсаты 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру.

□ – □
5 – 1

□ – □
7 – 1

□ – □
4 – 1
Ойын жаттығуы: «Жазбаны шеш». Балалар карточкалардың көмегімен үстелде және тақтада математикалық жазбалар жасайды.

Қоршаған орта
Міндеті: Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну.
Мақсаты Балаларға Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Тұңғыш президент екені туралы әңгімелеу, түсіндіру.

Жарайсыңдар балалар! Ендеше бүгінгі сабағымызда Еліміздің тұңғыш президенті жайында айтамыз. Тақтаға қараңдаршы, мына суретте кім бейнеленген?
Балалар:
- Нұрсұлтан Назарбаев!
Тәрбиеші:
- Дұрыс, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Ал, балалар ол кім екенін білесіңдер ме?
Балалар:
Ол біздің президентіміз!
- Дұрыс, балалар! Ол Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті.
Мақсатына жету үшін алдағы, Әубастан-ақ, дұрыс жолды таңдады. Сол азамат Нұрсұлтанның емес пе, Орындаған бабалардың арманын

	жүргізеді, өрт сөндіруші – өрт сөндіреді. Ал бүгін біз сендермен тағы бір маман түрімен танысамыз – бұл ғарышкер - Ғарышкерлер дегеніміз кімдер? - Ғарышкерлер дегеніміз – олар ғарышқа, аспан әлеміне ұшатын адамдар Ойын: «Жұлдызды аспан әлемін құрастыру» Ойын шарты: балалардың алдына аспанд аболатын және жерде болатын денелердің арасынан тек аспанда болатын денелерді табу. Мысалы: гүл жерде, ай аспанда т.б. Үлестірмелі материалмен жұмыс: «Зымыран құрастыру. Әртүрлі геометриялық фигуралардан зымыран құрастыру. Зымыран туралы әңгімелеу. .	кетіп жатқанын хабарлайды. Сандық сәуле бойынша педагог 1-ге азайту амалын көрсетеді.  **Сонымен** **10 – 1 = 9** **9 –1 = 8** **8 – 1 = 7** **7 – 1 = 6**			Күн өткен сайын құлпырып, Жайнадың гүлдей Астана, Елорда – менің Астанам, Елорда-менің бас қалам

Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Сылдырмақпен сылдырлат»

Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары

«Жасыру» саусақ ойыны.

Ойын шарты: Қатысушылар алақанға қысқа қарындашты салады, жұдырықты жұмады және ашады.

Қысқа қарандаш аламыз, жұдырыққа қысып, жасырамыз.
Ал енді, келесі қолға жасырамыз.
Қарандашты қыса отырып,
Алақанды ауыстырамыз.
Бұл ойында баланың қол икемділігі, танымдық деңгейі артады.

«Салат» саусақ ойыны.

Сәбізді алып тазалаймыз, (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды)
Үккішпен үгіп майдалаймыз, (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды)
Қанттан сеуіп дәмдейміз, (саусақтардың ұшымен қант себеді)
Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді)
Дәруменге байыған. (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді)



Ойын: «Сылдырмақпен сылдырлат »

Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

Ойынның шарты: 5-6 балалар аланның бір жағында сызықтың ар жағында тұрады. Қарама-қарсы жақта орындықтарда бір бірінен арақашықтығы бірдей болып сылдырмақтар /бал-ң санына сай/ жатады. «1-2-3, жүгіріңдер»- деген белгі бойынша балалар сылдырмақтарға қарай жүгіреді, жоғарыға көтереді де сылдырлатады. Бірінші жетіп, сылдырлатқан бала жеңіске жетеді. Сол балалар орындарына барады, басқа ойнаушылар қатысады.

Ұсыныс: Ойынды қиындатуға болады: кедергілерден секіртіп /жіптен, текшелерден, шеңберден өту, т.б./

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Міндеті:** -Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту **Мақсаты** мәдениетті, сыпайы сөйлеуге тәрбиелеу. Сюжеттік ойын: «Дүкен» Балалар кезекпен дүкенге келеді. Педагог – сатушы. Диалог үлгісі: – Сәлеметсіз бе! – Сәлеметсіз бе! – Кесе беріңізші. – Қандай кесе? – Үлкен, екі жасыл кесе. – Міне, кесе алыңыз. – Рақмет. Сау болыңыз. – Сау болыңыз. Үлгі бойынша балалар кезекпен ойнайды	**Қазақ тілі** **Міндеті -** -Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту **Мақсаты** азық-түліктің қазақша атауларымен таныстыру**.** **Дидактикалық ойын: «Сиқырлы дорба», ішінде** азық түлік (суреттер нан, сүт, май) бар. Сиқырлы дорбада не бар? Балалар дорбадан таныс азық түлікті (нан, сүт, май) алады, атайды. – Сиқырлы дорбаны көрейік, тағы не бар екен. Ол үшін дорбамызды сиқырлайық, дорба туралы жақсы сөздер айтыңдар: Дорба әдемі, дорба жақсы. 1, 2, 3, 4, 5 5, 4, 3, 2, 1 Міне, дорба ашылды! Педагог дорбаның екінші түбінен тағамдарды (суреттерді) алып, жаңа сөздермен таныстырады. Мынау – ет. – Мынау не? – Мынау – ет. – Мынау – жұмыртқа. Жұ-мырт-қа. – Мынау не? – Мынау – жұмыртқа. – Жұмыртқа – тағам. – Жұмыртқа – ... (тағам) – Мынау – ірімшік. І-рім-шік. – Мынау не? – Мынау – ірімшік. – Ірімшік дәмді. – Ірімшік дәмді ме? – Ірімшік дәмді. – Ірімшік – тағам. – Ірімшік не? – Ірімшік – тағам. – Мынау – қант. – Мынау не? – Мынау – қант.	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті: - -Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу** **Мақсаты** Ғарышкер мамандығы туралы түсінік беру, тілдерін дамыту. **–**Ай мен жұлдыздар әлемін ғарышкерлер зерттейді. Сендер қазақтың ғарышкерлерін білесіңдер ме? –Ғарышкер немен ұшады? –Ғарышкер қандай болу қажет? Педагог Ж.Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» өлеңін мәнерлеп оқып береді. Аспан, аспан арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын, Мен ғарышкер боламын! Ғарышкер мен де боламын, Боламын десем, боламын. Таудай үлкен талабым, Мен бармақтай баламын. Көктің жүзін барлаймын, Үлкен ғалым боламын, Боламын десем, боламын. (Ж.Смақо**в)** **–**Өлеңдегі бала кім болуды армандайды? –Өз арманына жетеді деп ойлайсыңдар ма? –Арманға жету үшін жақсы оқып, спортпен айналысу керек. Яғни көп еңбектенген адам арманына жетеді. –Ал сендер өскенде кім болуды армандайсыңдар? –Ол үшін сендер көп білім алып, оқуларың керек. –Ал «Оқу – инемен құдық қазғандай». Педагог мақалды жаттап алуды ұсынады.	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту **Мақсаты** әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін қалыптастыру Ғарышкер – аспан әлеміне ұшатын адамдар. Ғарышкер ғарышқа зымыранмен ұшады. Оны ғарышкеме деп атайды. Олар ғарышқа ұшып барып, аспан әлемін зерттейді. – Кім ғарышкер болғысы келеді? – Қандай ғарышкерлерді білесіңдер? Слайдтан қазақстандық ғарышкерлерді көрсетеді, атайды. – Бүгін біз ақын Жақан Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Педагог өлеңді оқып, мазмұнын түсіндіреді, жаттатады. Мен ғарышкер боламын Аспан, аспан, арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын, Мен ғарышкер боламын **!**	**Шығармашылық бейнелеу әрекеті** **Міндеті: - - к**өктем мезгілі жайлы түсініктерін жетілдіру,көргендерін бейнелеу іс-әрекеті арқылы қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру -- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау - Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию - Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу **Мақсаты-** көктем мезгіілінің суретін салу,мүсіндеу ,жапсыру, құрастыру. **Топтық жұмыс**
Үзіліс: Секіруге арналған ойындар «Көжектер» ойыны.					

Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары **«Кірпі»** жаттығуы Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады) Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды). Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарайма! **Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу.** **Мақсаты :** қол саусақтарының күрделі үйлесімді қимылдарын дамыту. А) Алақанды үстелдің үстіне қоямыз. Балалар бірінші оң, содан кейін сол қолдың саусақтарын бір-бірден көтереді. Осы жаттығуды кері жасап, қайталайды. Б) Алақандар үстелдің үстінде, балалар кезекпен екі қолдың саусақтарын шынашақтан бастап көтереді. В) Балалар сұқ және ортаңғы саусақтарымен қаламды немесе қарындашты ұстайды. Осы саусақтарын бүгіп, қайтадан қалпына келтіреді., бұл жерде қаламды үлкен саусақтан төмен түсіп кетпеуін қадағалау керек. Г) Үстелдің үстінде 10-15 қарындаш немесе есептік таяқшалар жатыр. Оларды бір-бірден алып қолға жинау керек. Содан кейін тура солай қайтадан үстелге қою керек. Екінші қолмен көмектесуге болмайды.		***Ойын: «Көжектер»*** **Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты салтына тәрбиелеу. **Шарты:** Балалар шеңбер жасап тұрады. Бір бала “түлкі” болады. Қалғандары көжектер секіріп билеп жүреді. Түлкі сыбдырды естіп көжектерді қуады. Қаша алмай қалған көжектерді түлкі ұстап алады, ойын осылай қайталана береді. 		
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Сөздік тренинг ойыны: «Болады-болмайды»** тренингі(оқушылар шеңберге тұрады, мұғалім болатын нәрселерді айтқанда оқушылар қолдарын үш рет шапалақтайды, ал болмайтын нәрселерді айтқанда қолдарын бір рет шапалақтайды)-Мейірімді болуға .... (болады), Кешірімді болуға .... (болады), Қатыгез болуға .... (болмайды), Тәртіпті болуға .... (болады),	**Үстел үсті ойындары: «Мейірімділік гүлін»** құрастыру Балаларға түрлі-түсті қағаздан әртүрлі гүлдерді қиып, жапсырмалайды. Фотосуреттер қарау. **Еңбек тапсырмасы**:Гүлдерге су құю,шаңдарын сүрту	**Ойын: «Мейірімділік жібі»** **Шарты:** Сендер дөңгелене жайғасып отырыңдар. Мен мына қолымдағы жіп орамын қасымда отырғанға беремін, жәй бермеймін, Кімнің немесе ненің мейірімді екендігін айтып беремін. Ал сендер болса, дәл осылай келесі балаға бересіңдер. **Еңбек тапсырмасы**:Балықтарға жем беру	**Жануарларға мейірімді болу туралы әңгімелесу** *Қайда барғынымызды айтпаймыз, не істегенімізді көрсетеміз* *Әрекетті сөзбен айтуға үйрету; етістік тұлғалы сөздерді дұрыс қолдану (шақ, жақ); шығармашылық қиялын, тапқырлығын дамыту.* Еңбек тапсырмасы:	**Қоршаған ортаны қорғау оған мейіріммен қарауға тәрбиелеу балармен шағын әңгіме жүргізу** *Осылай бола ма?* *Логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, айнымалы пікірді байқауға тәрбиелеу.* *Ойын ережесі. Кім өтірік әңгімені байқаса, сол неге бұлай* болмайтынын дәлелдеуі керек. Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю
Гимнастикалық жаттығу	Гимнастикалық жаттығу кешені № 14				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	***«Біз бақытты баламыз»*** Кел,шеңберге тұрайық, Қолымызды ұстайық. Күлімдейік күлейік, Тату болып жүрейік.	Мейірімділік-асыл қасиетіміз, Жүректегі таза ақ ниетіміз. Жан дүние кілті, Шаттық пенен күлкі. Биік ұстап соны, Қадірлейік біз!	***«Нәр алып»*** Аман-есен болайық, Бейбітшілік қалайық! Күнге қарап шуақтанып, Суға қарап нәр алып, Табиғаттан шабыттанып, Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік.	***«Қуан,шаттан!»*** Қуан, шаттан! Қуан, шаттан! Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін.	***«Қайырлы таң!»*** Қайырлы таң! Ормандар мен далалар. Қайырлы таң! Достасқан бар Балалар, Қайырлы таң! Жора-жолдас,ұл мен қыз!
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті** Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу **Мақсаты .** Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру –Балалар, мен сендерге «Ай, Күн және	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті: -** Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту **Мақсаты** Сөздердің жалпы атауын атауға,	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** - Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту **Мақсаты** Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту **Мақсаты** Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық	**Көркем әдебиет** **Міндеті .** Өленді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту **Мақсаты** өленді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру. Өленді екінші рет қайталап оқып, бірге жаттайды

	Қораз» туралы аңыз оқып берейін: Бұл өте ертеде болыпты, содан бері қанша жыл өткенін есептеп айтуға сан жетпейді екен. Аспанда ағайынды үшеу: Күн, Ай және Қораз тұрыпты. Бірде ең үлкені Күн адамдарға жарық сәуле шашуға кеткенде, үйде Ай мен Қораз қалыпты. Ай барып тұрған сотанақ екен. Қоразға тыным бермей, ақыры тәжінен ұстап алып, жерге тастап жіберіпті. Қайта оралған Күн болған оқиғаны біліпті. Ойланып отырып, былай депті: «Менің байқауымша, сенің ешқиммен сыйысып, тыныш отыра алатын түрің жоқ екен. Қайтып бетіңді көрмеймін. Бұдан былай мен аспанда күндіз ғана жүремін, ал сен тек түнде шығасың», – депті. Содан бері Қораз қызарып шығып келе жатқан Күн ағасын көргенде: «Қо-қо-қоқ!» –деп айғайлайтын болыпты. Онысы «Қайырлы таң, мейірімді аға!» – дегені екен. Ал Күн батып, Ай көріне бастағанда, Қораз үйшігіне тезірек кіріп алуға асығатын көрінеді. Педагог айтылған аңыз бойынша балаларға сұрақтар қояды. –Аңызда нелер туралы айтылған? –Күн жарық сәуле шашуға кеткенде ай не істейді? –Мән жайды түсінген Күн Айға не дейді? –Екеуі қалай келіседі? –Күн шығып келе жатқанда Қораз не істейді? –Түн батып ай шыққанда ше?	дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту. – Мен сендерге суреттер көрсетіп бірінші дыбысты айтпай сөз айтамын, сендер жоғалған дыбысты жалғап толық сөзді айтасыңдар да допты кері бересіңдер. Мысалы:... ерезе (т), ...ілем (і)і, ...алық(б), ...үрек(ж), ...ақыт (б), уыршақ...(қ), ...омбыра (д), ...екемет (т), ...ышақ (п),... аймақ (қ), ...анан(б), ...ектеп(м), ...рік(ө), ...ияз(п) т.б	талдау жасауды үйретуді меңгерту . «Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы (Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады) -ал буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: алма, алтын, алжапқыш, алға, аласа, ала, алқа, Алжан, алмас, алау, Альбина, ал т.б . -оқ буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: оқу, оқы, оқымысты, оқулық, оқ, оқыс, оқшаулау, оқтар т.б. -жа буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: жас, жалын, жалғыз, жат, Жайық , жарқыра, жалқау, жаура, жалау, Жамбыл, жалпылдақ, жалбыз, жаһұт, жау, жарайды, жалмауыз	талдау жасауды үйретуді меңгерту Бұлт сөзіне дыбыстық талдау. Бұлт – 1 буын, 4 дыбыс. б – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. ұ – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.	Педагог балаларға өлең жолдарын шабытты түрде айтқызады (3-4 балаға). Атасы немерелерімен қайда барды? Балаларға ат қойып, олардың атасымен саябаққа барғаны туралы әңгіме құра. 2. Суретке қара. Балалар қандай ойын ойнап жүр? Сен қандай ойын ойнағанды жақсы көресің? 3. Жұмбақты шеш. Қойны толы жеміске, Көк майсалы егісте Көбелек қуып ойнайтын Қай мезгіл деп ойлайсың? (Жаз)
Үзіліс:					
			**Ойын: « Масаны ұста»** **Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. **Шарты:** Ойнаушылар бір-бірінен қол созымдай жерде дөңгеленіп, бетін ортаға беріп тұрады. Тәрбиеші ортада тұрады, оның қолында шыбық (ұзындығы 1-1,5 м) оған картон қағаздан жасап жіпке байланған маса ұзындығы 0,5м бар. Тәрбиеші масаны шыбықпен балалардан жоғарылау етіп айналдырып өтеді. Маса үстерінен ұшып бара жатқан кезде, балалар оны ұстауға тырысып, секіреді. Масаны кім ұстаса: «Мен ұстадым» , - дейді. Бұдан кейін тәрбиеші шыбықпен балалардың үстінен тағы да айналдырады. Ойынды қайталап бастар алдында тәрбиеші балаларға 1-2 қадам кейін шегіну керек екенін ескерту керек, өйткені балалар масаны ұстаймыз деп секірген кезде шеңберді аздап тарылтады. Шыбықпен масаны айналдырған кезде, тәрбиеші балалар масаны ұстап алатындай биіктікте, біресе жоғарлатып, біресе төмендетіп тұруы керек. **Ұсыныс:** Егер ойнаушылар тобы шағындау болса, тәрбиеші картон маса байланған шыбықты ұстап алға қарай жүгіруіне болады, ал балалар оны қуып жетуге тырысады.	
2 - ұйымдастырылған іс-әрекет					

	Қоршаған орта **Міндеті: -** Өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек ету **Мақсаты** алалардың еңбекке деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет етуге үйрету Арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу. Балаларды жұмысты бастап оны аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу. Балабақшадағы еңбек жұмыстарына қатысу, ұжымдық еңбекке үйрету. Ертегі, әңгімелерді кейіпкерлер арқылы «Еңбек түбі — зейнет» екенін түсіндіру. Үлкендер еңбегін құрметтеуге баулу. Мысалы: «Бір уыс мақта», «Бұзау бақтым», «Көйлекті маған кім берді?», «Қайдан келдің, бауырсақ?» деген әңгімелер арқылы барлық заттардың еңбекпен келетіндігін түсіндіру. Үлкендерге көмек көрсетуге (тәрбиешіге, оның көмекшісіне, ата-аналарына), оларға ықыласпен қарауға тәрбиелеп, сондай-ақ, олардың еңбектерінің нәтижесіне ұқыпты қарауға ынталандыру. Топ бөлмесі мен балабақша ауласында тазалық сақтауға және үлкендердің тапсырмаларын орындауға, бастаған ісін соңына дейін жеткізуге үйрету.	**Математика негіздері** **Міндеті:** Фигулардың атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту **Мақсаты** геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптсатыру . Балалалар геометриялық денелерді және текше, шар, цилиндр пішініне ұқсайтын заттарды атайды. «Бұл неге ұқсайды?» дидактикалық ойыны – Қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттарды атаңдар. Балалар атайды, неге ұқсайтынын қорытындылайды	**Математика негіздері** **Міндеті** Көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу **Мақсаты** геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптсатыру «Сиқырлы дорба» ойыны. «Сиқырлы дорбада» - шар, текше, цилиндр, шаршы, үшбұрыш, шеңбер бар. Ал үстелде олардың суреттері бар. Педагог ойын жағдайын жасайды: – Балалар, геометриялық фигуралар мен денелер өмір сүрген, бір патшалықта бақытсыздық болды. Зұлым сиқыршы сиқырлы таяқшаның бір соққысымен оның барлық қандай зат екенін, қолымен ұстап, сипалау арқылы анықтап және оның суретін табу. Балалар кезек-кезек екі қолымен фигураларды ұстап қарап, оны дорбадан шығарады, оның суретін тауып, үстіне фигураны қояды. Балалар көздерін жұмып, әрқайсысы команда бойынша дорбадан заттарды алады. Қозғалыстар мәтін бойынша орындалады. Педагог 2- тапсырманы орындауға ұсынады. – Шарды көрсетіңіз. Оны қызыл түспен бояңыз. Текшені көрсетіңіз. Оны көк түспен бояңыз. Цилиндрді көрсетіңіз. Оны сары түспен бояңыз	**Математика негіздері** **Міндеті** Геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптсатыру **Мақсаты** геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптсатыру. тапсырманы дәптерде өздігінен орындауды ұсынады. Педагогтің нұсқауларын тыңдап, практикалық жұмысты орындайды. Балалар практикалық жұмысты орындап, заттарды тексеріп, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын табады, сұрақтарға жауап береді. Ұйымдастырылған оқу қызметі үшін пластиктен, ағаштан немесе басқа материалдан жасалған көлемді фигураларды, картоннан, фанерадан жасалған жазық фигураларды табу керек. Балалар қолдарына алып, жазық және көлемді фигураның арасындағы айырмашылықтарды атайды. Педагог 2-тапсырманы орындауға ұсынады. Суреттердегі заттарды қарайды және атайды. – Бұл неге ұқсайды? Сызып қосады. Балалар өздігінен тапсырмаларды орындайды ·	**Қоршаған орта** **Міндеті:** Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту. **Мақсаты** бөлме өсімдіктерін күту ережелерімен таныстыру Бүгін біз бөлме өсімдіктерімен таныс боламыз. Өсімдік өмір сәні, табиғат көркі, дәрі-дәрмек. Олар біздің бөлмемізді тек әдемі етіп көрік бере қоймай, бөлменің, үйдің ауасын тазартады. Бізге қуаныш сыйлайды, көңіліміз көтеріңкі болады екен. Олардың көптеген түрлері болады. -Мынау қазтамақ. Ол бөлме өсімдігі. -Мынау фикус. Жапырағы жасыл, көлемі үлкен. Ол бөлме ауасын жақсы тазартады. Гүлдердің тамыры, сабағы, жапырағы, гүлі болады.(тәрбиеші көрсетеді) - Балалар біз тамақ ішсек, күшіміз көп болады, бойымыз өседі. Сол сияқты өсімдіктер адам сияқты тамақ ішпесе, ауырып қалады. Оларды су құйып, күтіп,баптап тұру қажет екен. Тәрбиеші көрсете отырып, күту ережелерімен таныстырады: - Гүлдердің жапырақтарының
Үзіліс: Қимыл-қозғалысқа арналған ойындар **«Кім көп таспа жинайды?»**					
		1.Ойын:“Кім көп таспа жинайды? ” **Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жылдам қимылдауға тәрбиелеу. **Шарты:** Балалар шашылып қалған таспаларды арнайы ыдысқа жинайды. Таспаны ең көп жинаған бала жеңіске жетеді.			

2.Ойын:“Айна ”
Мақсаты: Баланың зейіні мен байқампаздығын әрі әр түрлі дене қимылдарын жетілдіру.
Шарты:Әр бала – «айна» болады. Жүргізуші әр айнаға бір барып, сол «айнаға» қарап, түрлі қимылдар жасайды. «Айна – бала» сол қимылдарды үлгіріп, әрі дәл қайталауы керек. Ең дұрыс «айна-бала» - жүргізуші болады. Ойын осылай қайталана береді.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қазақ тілі
Міндеті -Шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу -Шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру. (кірікт.08.05)
Мақсаты ертегі арқылы сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру

Қазақстанның таулы қыратында барыс мекендейді. Барыс Алматы қаласының төлтаңбасында бейнеленген.
«Қазақстан барысы» ертегісін интербелсенді тақтада көрсетеді.
Ертегі ұнады ма?
– Ертегідегі таныс жабайы жануарларды ата? (Аю, қоян, қасқыр).
– Ертегідегі үй жануарларын ата? (Ит, қой).
Педагог қима материал бойынша жаңа сөздермен таныстырады.
– Мынау – барыс. Мынау не?
– Мынау – барыс.
– Барыс жаттығулар жасады.
– Барыс не істейді?
– Барыс жаттығулар жасады.
– Мынау – борсық. Мынау не?
– Мынау – борсық.

Қазақ тілі
Міндеті - -5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табу -Берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу. **(кірікт.09.05)**
Мақсатыжыл құстардың қазақша атауларымен таныстыру.

Көктемде құстар келеді.
– Көктемде не келеді?
– Көктемде құстар келеді.
– Мынау – қараторғай. Мынау не?
– Мынау – қараторғай. (Жеке, хормен айтып жаттығады).
– Көктемде қараторғай келеді.
– Көктемде қандай құс келеді?
– Көктемде қараторғай келеді.
– Мынау – қарлығаш.
– Мынау не?
– Мынау – ... (қарлығаш).
Балалар «қарлығаш» сөзін айтып жаттығады, естеріне сақтайды.
– Көктемде қарлығаш ұшып келеді.
– Көктемде ... (қарлығаш) ұшып келеді.
– Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді.
– Көктемде келетін құстарды қалай атайды?
– Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді.
Педагог шағын мәтінді оқиды. Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. Жыл құстары: қарлығаш, қараторғай. Құстар – адамға дос. Оларға біз де қамқор болуымыз керек.

Сөйлеуді дамыту
Міндеті: - Монологты байланыстырып құра білу
Мақсаты . . Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру

Мақал-мәтел:
Жақсы – ай мен күндей, әлемге бірдей.
Дидактикалық ойын:
«Дыбыстың орнын анықта» (ауызша орындалады).
Ойын шарты: Педагог бір дыбысты айтады да, сол дыбыс кездесетін сөздерді айтады. Балалар «Қ» дыбысы сөздің басында тұрса бір рет қол шапалақтайды, егер дыбыс сөз ортасында тұрса, екі рет шапалақ ұрады, ал сөз соңында тұрса, үш рет шапалақ ұрулары керек.
«Қ» – қала, аққала, сандық.
«М» – моншақ, отырмын, өшірдім

Көркем әдебиет
Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту
Мақсаты өлеңді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру.

Көктемнен кейін қандай жыл мезгілі келеді?
– Жаз мезгілінде қандай өзгерістер болады?
– Жаз мезгілі несімен ұнайды?
– Жаз мезгілінің бірінші күні, бірінші мерекесі – «Балаларды қорғау күні».
– Балалар, сендер болашақта елімізді, жерімізді қорғайтын азаматсыңдар. Бұл – сендердің мерекелерің.
– Бүгін біз ақын Қасым Аманжоловтың «Бала – біздің болашақ» атты өлеңімен танысамыз.

Өлең ұнады ма?
– Авторы кім?
– Өлеңде не туралы айтылған?
– Болашақта сен қандай болғың келеді?
– Өлеңде қандай ұйқас сөздер бар?

Шығармашылық бейнелеу әрекеті
Міндеті: - адамныңжалпы денекұрылысын анықтап,жаттығу кезіндегі қолдарының,аяқтарының өзгерісін беруге үйрету,
-- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу
-- Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу
-- Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу
Мақсаты- балалардың жаттығу жасап жатқан суретін салу,мүсіндеу,жапсыру, құрастыру

Топтық жұмыс

	– Борсық жаттығулар жасады. **– Борсық не істеді?** **– Борсық жаттығулар жасады.** **– Қар барысы мен борсық жарысқа қатысты**	**Балалар**			

Үзіліс: Секіруге арналған ойындар «Табан балық және шортан»ойыны.

Дыбыс артикуляциясын дамытуға арналған
Кім қалай дыбыстайды?
(баламен жеке жұмыс - түрліше тембрлік құбылыста айту)
- А, аа, аа, а, а, аааааа ..... (қуанышты дауыспен).
- Ааа, аа, а, а, ааа .... (аянышты дауыспен).
- А, аа, аааа, а, ааа .....(таң қалған дауыспен). 1 минут жұмыс істеңіз.

Екінші баламен (и), үшінші баламен (о) дыбысымен жұмыс істеуге болады.
Фонетикалық жаттығуларды екінші тілді (орыс тілі, ағылшын тілі, француз тілі т.б) үйрету мақсатына қарай да қолдануға болады. Ол үшін педагог қандай дыбысқа аса мән беру қажет екендігін анықтап алуы тиіс.

Дикциялық жаттығу
Барлық жоғарыда аталған міндеттерді кешенді шешеді. Балалар қандай да бір сөйлемді, жаттамақты, жаңылтпашты айтқанда, дұрыс тыныс, дем ала білуі, дәл артикуляция жасауы және жеке дыбысты, сондай-ақ буынды, сөзді анық айтуы қажет.
Жаңылтпаш арқылы бала жылдам ойлауға, жаңылмай тез қайталап айтуға, кекештенбей, қысылмай, анық сөйлеуге үйренеді.
Халық ауыз әдебиетінде жаңылтпаштар топтамасы молынан жинақталған. Мәселен, бірқатар жаңылтпашты айтып көрелік.

Суда сең келеді,
Сегіз серке тең келеді.

Ойын:"Табан балық және шортан"
Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.
Шарты: Бір баланы шортан етіп белгілейді. Ойнаушылардың қалғаны екіге бөлінеді: олардың бір тобы — ұсақ тастар, олардан шеңбер жасалады, екінші тобы — табан балық олар шеңбердің ішінде жүзеді. Шортан шеңбердің сыртында жүреді.
Тәрбиешінің «Шортан!» деген белгісі бойынша ол тездетіп, табан балықты ұстау үшін шеңберге жүгіреді. Ал табан балық орын алуға, ойнаушылардың біреуінің артынан тұруға және отыруға асығады (табан, балық шортаннан қашып, ұсақ тастарға барып тығылады). Шортан әлі тығылып үлгермеген табан балықтарды ұстайды. Ұсталғандар шеңбердің сыртына кетеді.
Ұсыныс: Ойын 3-4 рет жүргізіледі де, содан кейін ұсталғандардың саны есептеледі Кейін шортанды жаңадан белгілейді. Шеңбер жасап тұрған және шеңбердің ішінде жүрген балалар орындарын ауыстырады да, ойын қайталанады.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Дене шынықтыру **Міндеті:** - Қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту **Мақсаты** Баскетбол ойыны қимылдарын; допты бір қолмен соғу күшін мөлшерлеп, аяққа таяу еденге соғып жүргізуді **«Баскетбол»** **Допты бір қолмен жүргізу. Нұсқау – допты саусақтардың басымен ғана ақырын соғып, аяғының жанына ұру.** **Допты оң қолмен еденге соғып, екі қолмен қағып алады. Допты соққанда күшін доп кеуде деңгейіне ғана ұшатындай етіп мөлшерлейді**	**Музыка** **Міндеті:** - Балаларға опера, балет туралы мағлұмат беру **Мақсаты** Балаларға опера, балет туралы мағлұмат беру **Музыка тыңдау:** «Қыз Жібек» операсынан үзінді (үнтаспа, Е. Брусиловский) Ән айту: «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев) «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) Музыкалық-ырғақтық қимылдар «Бақытты балалық шақ» («Мен бақыттыбаламын»«Полька» (М. Красев) Билер: «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин) Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер)	**Дене шынықтыру** **Міндеті:.** Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру **Мақсаты .** Талдау жүйелерінің белсендендіруіне жағдай жасау. Түрлі қимыл әрекеттерді орындағанда тізбектегі өз әрекетін өзге ойыншыларының қимылдарымен үйлестіре білуін қалыптастыру «Отарға шапқан қасқыр» (Қырғыз ойыны). (4 рет) Қасқыр тек соңғы лақты ұстай алады. Ұсталған лақтарды басқа жерге қамап қояды. Егер қасқыр лақты ұзақ уақыт ұстай алмаса, басқа қасқыр сайланады. Ойыншылар бірінің артына бірі тұрып, ұзын тізбек құрайды. Бір-бірін шынтағынан ұстайды. Бұл – лақтар. Ең бірінші болып олардың бастаушысы тұрады. Бір ойыншы қасқыр болады. Қасқыр ақырындап, оны алдап келіп, соңғы лақты ұстап алуы керек.	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** - Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру **Мақсаты .** Баланың қимыл-қозғалыс жүйесі мен арнайы даму факторларын интеграциялау, қолға арналған жаттығуларды жүріп келе жатып орындау, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіре отырып үзіліссіз баяу жүгіру дағдыларын қалыптастыру**.** Доппен орындалатын жаттығуларды орындағанда жұпта әрекет ету мен допты сезе білу қажет. 1.Қолына доп алып 3 метр қашықтықта жүгіру. 2.Аяқ басының арасына доп қыстырып жүру. 3.Допты тізесімен қысып, қолдары мен аяғының ұшына тіреніп жорғалау. 4.Допты бір қолмен, екі қолмен домалату. 5.Допты артқа лақтыру. Нұсқауларды орындап, бастапқы	**Музыка** **Міндеті** - Музыка арқылы балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеу **Мақсаты М**узыка арқылы балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеу **Музыка тыңдау:** «Ел қорғауға әзірміз» (К. Қуатбаев) Ән айту: «Момышұлы Бауыржан» (Е. Өміров) «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жеңіс күні» Б. Бейсенова (үнтаспада) «Ағаш ат» (Б. Қыдырбекова) Билер: «Полька» эстон халық биі Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың х.ә. (өңдеген М. Раухвергер) Музыкалықаспаптаойнау: «Құлыншақ» (С. Урбах)

			Ал бастаушы болса, қасқыр қай жақтан айналса, сол жаққа тұра қалып, оған кедергі жасайды.	қалыпқа тұруды дұрыс орындауға тырысады. Жаттығуды орындаған соң, қолдарын белге қойып, артпен жүріп өз орнына келеді. Барлық жаттығулар орындалып біткенше қимылдарын басқарып, денесін тік ұстауға тырысады	
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	**Мамыр** **Серуен-Бақылау №10** **Бақылау: Кемпірқосақты бақылау** ***Мақсаты:*** әлі табиғаттың бір бөлігі ретінде кемпірқосақ туралы түсініктерін қалыптас-тыруды жалғастыру. **Бақылау барысы** Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады. Жарқылдан соң жаңағы, Суға бөкті бар алап. Көкте түрлі жолақты, Өрнек тұрды ғаламат. (кемпірқосақ) Жаңбыр жуды жерімді, Көкте өрмек керілді. (кемпірқосақ) Жаңбыр жауып, күннің көзі көрініп тұрған мезгілде аспаннан кемпірқосақты байқауға болады. Ол жаңбыр тамшылары арасынан күннің сәулесі өткен уақытта көрінеді. Жаңбыр тамшылары неғұрлым үлкен болса, кемпірқосақ соғұрлым анық көрінеді. Кемпірқосақта жеті түс бар: қызыл, қызғылт, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін. Бұлар барлық уақытта осы бір ретпен орналасады. Балаларға сұрақтар: ♦ Кемпірқосақ қай уақытта пайда болады ? **I** ♦ Ол қай уақытта жоғалады? ♦ Кемпірқосақ қандай құбылыс, қалай пайда болады? **Тәрбиеші балаларға тапсырма береді.** Асфальт бетіне түрлі-түсті борлармен кемпірқосақтың суретін салу. **Еңбек:** Балабақша ауласын қоқыстан тазалау. *Мақсаты*: аула тазалаушыға көмек беру, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.	**Мамыр** **Серуен-Бақылау №11** **Бақылау:** **Найзағайды бақылау** ***Мақсаты:***«Найзағай» ұғымымен таныстыру; Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру; Сөздік қорларын байыту; Бақылағыштықтарын дамыту. **Бақылау барысы** Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады Аспанда от қамшы осады, Ащы үнін ышқынып қосады. Дүрліктіріп алапты, Шақпақ тастың жарқылы, Бұлт көрпесін жыртады. Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен? Найзағай қай кезде ойнайды? Аспан неге күркірейді? Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады? (жаңбыр жауады) Найзағай ойнап, жаңбыр жауғанда құрт-құмырсқалар не істейді? (індері мен илеулеріне тығылады) Қалай ойлайсыңдар, найзағай неден пайда болады? Ауа-райы нашар болған кезде бұлттар арасында электр тогы жиналады. Найзағай-бұл үлкен электр тогының ұшқыны. Ұшқындар айналадағы ауаны қыздырады. Ыстық ауа салқын ауамен соқтығысады да, күннің күркіреуі пайда болады.күн күркіреген кездегі найзағай өте қауіпті. Найзағай жалғыз тұрған, биік заттарға жиі түседі. Сондықтан да найзағай ойнап тұрған кезде ағаштың астына тұруға болмайды. **Зерттеу қызметі** Жәй жаңбыр мен найзағайлы жаңбырды салыстыру, ұқсастықтыры мен айырмашылықтарын табу. «Найзағайлы жаңбыр» Ө. Ақыпбекұлы Нөсерлеп жаңбыр басталды, Науада қалқып қақ қалды. Найзағай тынбай жарқылдап,	**Мамыр** **Серуен-Бақылау №12** **Бақылау: Жәндіктерді бақылау** ***Мақсаты:*** «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. **Бақылау барысы** **Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:** Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) - Қанды сорып сүліктей, Ызыңдап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) - Ызыңдап ән салып, Жұп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) **Тәрбиеші сұрақтары.** ♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? *(көбелек, құрт т.б)* Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар) Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) Жәндіктер қайда тіршілік етеді? *(бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)* Қандай жәндіктердің пайдасы бар? *(ара, жібек құрты, құмырсқа).*	**Мамыр** **Серуен-Бақылау №13** **Бақылау:** **Топырақты бақылау** **Мақсаты:** *торф топырағының қыртысымен таныстыру .* **Бақылау барысы** Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяққиіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен(жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады.. **Зерттеу жұмысы** Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру. Құммен торфты салыстыру; Жер қыртысы қай жерде тез кебеді. **Еңбек** Ағаш түптері мен атызға торф тасу. *Мақсаты: торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.*	**Мамыр** **Серуен-Бақылау №14** **Бақылау: Желді бақылау** **Мақсаты:** *- жел туралы түсініктерін бекіту;* *- жел түрлерін есте сақтау.* **Бақылау барысы** Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел) Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды: Желдің қандай түрлері болады? Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды. ♦ Барынша қатты желдердің атын ата? *(дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)* ♦ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды) ♦ Желдің ізін көруге болады ма? **Зерттеу жұмысы** Компас арқылы желдің бағытын анықтау. Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. **Еңбек** Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау *Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.*

		Нөсер тұр құйып сатырлап. Найзағайлы жаңбырды қалай атайды екен? (нөсер) **Еңбек** 1 топ- ауланы тырмамен тазалау; 2 топ-қоқыстарды шығару *Мақсаты:* Шағын топтарға бөлініп жұмыс істеуге үйрету; Ұжыммен жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру.	Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа) Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды) **Зерттеу жұмысы** Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау. **Еңбек:** Алаңды қоқыстардан тазалау. *Мақсаты:* үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.		
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	**Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру**	**Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру**	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру
Балалармен жеке жұмыс	«Бақыт деген не өзі?» Бақыт деген, шырағым Мынау әсем тұрағың. Ну ормандар, гүл бағы, Күннің күліп тұрғаны БАҚЫТ- дәні далаңның. «Ботам» деуі әжеңнің, Тыныштығы әлемні жаттау	Мен де балғын гүлмін Автор. М. Байсариева Арасында гүлдің Ойнап бүгін жүрдім Қызыл, көкшіл, сары Әп-әдемі бәрі жаттату	Нұрмұхаммед пен Олжасқа түстерді атап айту.	Балаларға жапырақтың түстерін ажыраттыру.	Балаларға дөңгелек пішіндер салғызу.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-тарды қарау және басқалар)	Қимылды ойын «Қасқыр қақпан». Мақсаты: Ойын шартының дұрыс орындалуын бақылау, ойын кезінде байқампаз болуға баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: арқасымен алға қарай жүруге жаттықтыру. Халық болжамы. Кемпірқосақ кешке көрінсе, ертесіне күн ашық болады	**Қимылды ойын** **«Өз ағашыңды тап».** **Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, байқағыш және жылдам болуға үйрету.** **Жаттығу ойыны «Ағаштан ағашқа дейін».** **Мақсаты: екі аяқпен және бір аяқпен секіруге жаттықтыру**	**Қимылды ойын «Аюлар мен аралар».** **Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу.** **Жаттығу ойыны:** **Қимылдарын дамыту.** **Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту.** **Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады.**	**Қимылды ойын** **«Аққу-қаздар».** **Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау.** **Жаттығу ойыны** **Секіргіш жіппен жаттығу ойындары.** **Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету.** **Мақал-мәтел:** **Жері байдың-елі бай.** **Қара жерге де, қамқорлық керек.**	**Қимылды ойын «Кім жылдам?».** **Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.** **Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру.** **Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту.** **Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.**
Балалардың үйге қайтуы	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «А» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 4-апта 22 – 26 мамыр 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	**Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту**	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Балалардың білімдерін тереңдету мақсатында аспан әлемі жайында бейнетаспадан үзінді көрсетіп, жалпы түсінік беру. **Дидактикалық ойын.** **"Атын атап бер"** **Мақсаты:** көктем гүлдері туралы білімдерін бекіту Табиғат бұрышында еңбек ету.	**Дидактикалық ойын:** «Геометриялық пішіндерден құрастыр». Геометриялық пішіндерден зымыранды құрастырады. Табиғат бұрышында еңбек ету. **«Суреттерді құрастыр»** Апта тақырыбы бойынша суреттерді құрастыру Шығармашылық бұрышында еңбек ету.	**Дидактикалық ойын:** «Геометриялық пішіндерден құрастыр». Геометриялық пішіндерден зымыранды құрастырады. Табиғат бұрышында еңбек ету. **«Суреттерді құрастыр»** Апта тақырыбы бойынша суреттерді құрастыру Шығармашылық бұрышында еңбек ету.	Балалардың білімдерін тереңдету мақсатында аспан әлемі жайында бейнетаспадан үзінді көрсетіп, жалпы түсінік беру. **Дидактикалық ойын.** **"Атын атап бер"** **Мақсаты:** көктем гүлдері туралы білімдерін бекіту Табиғат бұрышында еңбек ету.	**Дидактикалық ойын:** «Геометриялық пішіндерден құрастыр». Геометриялық пішіндерден зымыранды құрастырады. Табиғат бұрышында еңбек ету. **«Суреттерді құрастыр»** Апта тақырыбы бойынша суреттерді құрастыру Шығармашылық бұрышында еңбек ету.
Гимнастикалық жаттығу	Жаттығу кешені № 14				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	**«Құмырсқа» өлеңі** Ұзын мұртты құмырсқа, Келе жатты жұмысқа. Алды допты қолына, Қойды допты орнына. Онға, солға қарады, Үлкен тау деп ойлады. **Мақсаты**:Сөздердегі дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды (п-б, т-д, ғ-г, с-з-ц) анық айтуларын қалыптастыру.	*Құмырсқа» өлеңі* *Ұзын мұртты құмырсқа,* *Келе жатты жұмысқа.* *Алды допты қолына,* *Қойды допты орнына.* *Онға, солға қарады,* *Үлкен тау деп ойлады.* *Мақсаты:Сөздердегі дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды (п-б, т-д, ғ-г, с-з-ц) анық айтуларын қалыптастыру*	**. «Армысыз!»** Армысыз,кайырымды Аспан ата! Армысыз,мейірімді Жер ана! Армысыз, шұғылалы Алтын күн! Амансын ба, Алтын күн! Амансын ба,Көк аспан! Амансын ба,достарым! Аманбысыз,апай!	. «Армысыз!» Армысыз,кайырымды Аспан ата! Армысыз,мейірімді Жер ана! Армысыз, шұғылалы Алтын күн! Амансын ба, Алтын күн! Амансын ба,Көк аспан! Амансын ба,достарым! Аманбысыз,апай!	. «Армысыз!» Армысыз,кайырымды Аспан ата! Армысыз,мейірімді Жер ана! Армысыз, шұғылалы Алтын күн! Амансын ба, Алтын күн! Амансын ба,Көк аспан! Амансын ба,достарым! Аманбысыз,апай!
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті** Әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** - Сөздегі дыбыстың орнын табуға, дауысты, дауыссыз	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** - Сөздегі дыбыстың орнын табуға, дауысты, дауыссыз	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Жазу парағында бағдарлай жоларалық кеңістікті ажырата білу білу, жазу жолы	**Көркем әдебиет** **Міндеті** . Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу

	Мақсаты Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру –Балалар, түлкіні жыртқыш аң десек, ал қоян жыртқыш аң емес. –Қоян – өте қорқақ аң, қоянды үйде де асырауға болады. Қазір осы қоян мен түлкі туралы орыс халқының ертегісімен танысамыз. Педагог мәнерлеп оқиды. Түлкі мен Қоян Әуелде түлкінің құйрығы жоқ еді. Қасқырмен тату тұрмаған соң үнемі қашып жүреді екен. Жүрген ізін жасыра алмай қиналыпты. Сол үшін Қасқыр Түлкінің артына еріп, аңдып жүріп, оның ініне түсіпті. Түлкі інінің екінші тесігінен шығып кетіпті. Шығып кетпесе, Қасқыр Түлкіні өлтіріп тастар еді. Түлкі орманда келе жатып, ағаш түбінде отырған Қоянды көреді. Ол мезгілде Қояндардың құйрығы ұзын, жүгірулеріне кедергі келтіреді екен. Сол жерде Қоян өзін ұстап алған Түлкіге: «Мені өлтірме, құйрығымды сыйға берейін», – деп жалыныпты. Міне, содан бері Түлкінің құйрығы ұзын, ал Қоянның құйрығы қысқа болып қалыпты. Педагог: –Ертегі сендерге ұнады ма? –Ертегі де нелер туралы айтылған? –Ерте заманда Түлкінің құйрығы қандай болыпты? –Түлкі Қасқырмен тату тұрмаған соң не істеген? –Бір күні не болыпты? –Түлкі қалай құтылып кетіпті? –Әлден соң ағаш арасына кірген Түлкі нені көреді? –Сол жерде Қоян өзін ұстап алған Түлкіге не депті? –Иә, балалар, содан бері Түлкінің құйрығы ұзын болыпты, ал Қоянның **құйрығы қысқа болып қалыпты.**	дыбыстарды, жуан-жіңішке дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру **Мақсаты** . алдыңғы оқу қызметтерінде алған білімдерін пысықтау. Дидактикалық ойын «Жоғалған дыбыс» – Мен сендерге суреттерді көрсетіп, суреттің атауын бастапқы дыбысын дыбыстамай айтамын, ал сендер менің қатемді түзеп, жоғалған дыбысты қосып сөзді толық айтуларың керек. Мысалы: - ...олбарыс(ж), ...ысық(м), ...аймыл(м), ...асбақа(т), ...ышқан(т), ...рыстан(а), ...арабан(б), ...әріхана(д), ...арандаш(қ), ...аламсап(қ), ...өзілдірік(к), ...үшік(к), ...втобус(а), ...роллейбус(т), ...лдаркөсе(А), ...алапан(б), ...айық(қ), ...асқыр(қ), ...ағдаршам(б), ...артоп(к), ...әбіз(с), ...ызанақ(к), ...ырыққабат(қ), ...сқабақ(а), ...армақ(қ), ...йыншық(о), ...квариум(а), ...ақта(т), ...уыршақ(қ), ...елосипед(в), ...амокат(с) т.б.	дыбыстарды, жуан-жіңішке дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру **Мақсаты** алдыңғы оқу қызметтерінде алған білімдерін пысықтау. . – Балалар, мен бір дыбысын анығырақ созып, қандай да бір сөзді айтамын, ал сендер тура солай қайталаңдар. Қалай айту керек, қайсысы дұрыс екенін анықтаймыз. Мысалы: ааалжапқыш-алжапқыыыш, баағдаршам-багдаршаааам, дәәәріхана-дәріханааа, қооойылым-қойылыыым, ААалпамыс-Алпамыыыс, шаааапалақ-шапалаааақ, жаааапырақ-жапалаааақ, дооомбыра-домбырааа, қоообыз- қобыыыз, жаааалбыз- жалбыыыз, қаааасық-қасыыық, жаааарғанат-жарғанааат, жыыылқы-жылқыыы, тееекше-текшеее, баааапан- балапаааан, бооооотақан-ботақааан, көөөөзілдірік -көзілдіріііік, жаааапырақ-жапыраааақ , көөөрпе-көрпееет.б. Дидактикалық ойын: «Досыңды шақыр» – Балалар, көздеріңді жұмып, мына жағдайды елестетіңдер. Орманда досыңнан адасып қалдың. Сендер бір-біріңді табу үшін, не істер едіңдер? (Досымыздың атын атап шақырамыз). Мысалы: (Дастаааан! Серікбооооол! Айғаныыыым! Айшааaа! Ернааaар! Балжааaан! Ардаааaқ! Санжааaар! Берііііік! Мереееей! т.б.) – Балалар, сендер достарыңды шақырғанда, қай буынды созып айттыңдар? Дұрыс, ең соңғы буынды созып айттыңдар	мен **Мақсаты** дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру. Дидактикалық ойын: «Қағып ал» – Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып, допты лақтырамын. Сендер мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасыңдар Мысалы: қққасқыр(қ), ееетік(е), ттүлкі(т), өөөрік(ө), бббалық(б), сссағат(с), ааалқа(а), жжжаз(ж), ммоншақ(м), қққоңыз(қ), қққолшатыр(қ), ббблезік(б), жжжұлдызша(ж), ооотын(о), қққарға(қ), сссазан(с), шшшахмат(ш), ттаау(т), ккккерік(к), әәәтеш(ә), ееесек(е), ттүйе(т), ммандарин(м), қққобыз(қ), сссандық(с), ттекемет(т), ееер(е), үүүзеңгі(ү), ааарба(а) т.б. – Қай дыбыстар созып айтылмайды екен. Оларды қандай дыбыстар дейміз? Дидактикалық жаттығу: «Буындардан сөз құра» – Балалар, мен буындар айтамын сендер сөз құраылатындай екінші буынды айтуларың керек. Мысалы: Мақ-та, жапа-лақ, дәп-тер, кар-топ, жыл-қы, ма-са, көбе-лек, домбы-ра, арыс-тан, қо-ян, май-мыл, жану-ар, жаң-быр, шал-бар, қыза-нақ, қырық-қабат, даң-ғыл, қоңы-рау, мек-теп, шал-қан, зымы-ран, тек-ше, теле-фон, жұл-дыз, қо-раз, қо-быз, қылқа-лам т.б. – Балалар, сендер балабақшаға келе жатқанда жолда, нелерді немесе кімдерді көресіңдер? Айтып беріңдерші?	**Мақсаты** театрландырылған өнердің тәсілдері мен жанрларын меңгерту Дидактикалық ойын: «Бұл қай ертегі?» Ойын шарты: Таныс ертегінің кейіпкерлерін тану, қимыл-қозғалысын айту. Сиқырлы қоржынға ертегі кейіпкерлеріне ұқсас ойыншықтар салынады. Педагогтің ұсынысымен бір бала шығып, қоржын ішінен бір ойыншықты алады, оны сипаттайды. – Бұл қандай жануар? – Қандай ертегіде кездеседі? Қазір, балалар, сендер үш топқа – бәйтерек, көгершіндер, қарлығаштар тобына бөлінесіңдер. – Тақтадан не көріп тұрсыңдар? (Ұяшықтар, слайдтан көрсетеді) – Әр ұяшықта сандар бар. – Ұяшық санын айтса, ұяшық ашылады. – Ұяшықтан ертегінің суреті шығады. Сендер қай ертегі екенін тауып, сол тапқан ертегіні рөлге бөліп, сахналап көрсетесіңдер. Ол үшін қуыршақтарды, саусағымызды, ойыншықтар мен музыкалық тәсілдерді қолданамыз. Әр топ өзі таңдаған ертегіні көрсетеді
	Үзіліс:				

Саусақ гимнастикасы

Саусақ ойындарын ойнату үшін алдымен балаларға қарапайым саусақ жаттығуларын жасату қажет. Саусақтары жаттыққан бала сөзді немесе өлеңді ойын қимылдарын тез орындап үйренеді.

Тасбақа.

Тасбақа, тасбақа,
Тас астында тұрады.
Басын баяу шығарып,
Тиіссең кері тығады.



Психологиялық ойын:
«Суреттерді аяқтайық» жаттығуы.
Мақсаты:
Оқушылардың логикалық ойлауын , көру арқылы есте сақтауын , ойша жұмыс істей білуін дамыту .
Ойын шарты: Алдын-ала тақтаға мысықтың және қоянның құлақтары салынған плакат ілініп дайындалады . Оқушылардың көздері шарфпен байланады да , олар кезек-кезекпен шығып , бірі денесін , бірі басын , бірі аяғын салады , осылайша жалғаса береді .

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қоршаған орта
Міндеті: - -Құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау**.**
Мақсаты Құстар туралы, олардың тіршілігі мен пайдасы туралы түсінік беру.Үш тілді меңгеруге, бүтін және бөліктерді салыстырып, есептер құрастыруға, мүсіндей білуге үйрету.

Құстар біздің досымыз.Біз оларға қамқор болуымыз керек. Құстар бізге не береді?

Олай болса, сол жұмырқа арқылы біз бүгін кішкентай ғана әтештің бейнесін жасап үйренеміз. Табиғи материалдар мен қажетсіз нәрселерді қолданамыз. Балаларға тәрбиеші әтештің жасалу жолдарын үйретіп, жасатады.
Дидактикалық ойын:
«Балапандар»
Мақсаты: Ұқыптылыққа, шапшаңдыққа, зейінділікке тәрбиелеу.
Ойынның шарты: Қай құстың балапандары екенін табуып, сол қорапшаға салу керек

Математика негіздері
Міндеті: Пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы ұғымдарды қалыптастыру
Мақсаты Пішіндердің атауларын: денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш,.

Педагог заттардың контурын тиісті түспен бояуды ұсынады. Арттық затты тауып, атау керек. Балалар тапсырманы орындайды, артық затты тауып оны бояйды – қалпақ.
«Шын немесе жалған» дидактикалық ойыны
Педагог зат пен форманы атайды. Мысалы, «доп дөңгелек», «қорап доп тәрізді». Егер мәлімдеме дұрыс болмаса, онда балалар қолын айқастыра көкірегіне қояды немесе бастарын шайқайды. Егер дұрыс болса – қол шапалақтайды

Математика негіздері
Міндеті Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды бекіту
Мақсаты Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету

Шағын топтармен жұмыс.
«Суретті тап» дидактикалық ойыны Карточкалармен жұмыс ұсынады:
Әрбір топта суреттері бар карточкаларды қарандар. Одан кейін, мысалы, оң жақтағы жоғарғы бұрышта орналасқан суретті көрсетуді (фишкамен жабуды) ұсынады. Жаттығу бірнеше рет қайталанады. Мұқият тыңдап, заттардың орналасуын атайды. Карточкаларды қарайды. Педагогтің нұсқауы бойынша іс-қимыл жасайды

Математика негіздері
Міндеті Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды бекіту
Мақсаты Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету

1-тапсырманы орындауды ұсынады.
Суретке қарайды. Сөреде тұрған ойыншықтардың орналасуын айтады.
– Маймыл қандай сөреде отыр? (Оң жақтағы жоғарғы.)
– Оның жанында қандай заттар бар? (Бұл сөреде басқа заттар жоқ.)
– Кітаптардың үстіңгі жағында, астыңғы жағында нелер тұр?
Жоғары – төмен, оң жақ – сол жақ сөздеріне сұрақ құрастыру. Педагог балалардан досының сұрақтарына жауап беруін сұрайды..

Қоршаған орта
Міндеті: Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру
Мақсаты Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру.
2. Жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге жол ережесінің белгілерімен таныстыру.
3. Балаларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу

Жұмбақтарды шешу:
Жұмбақтар
1. Ала таяқ ұстаған,
Жол тәртібін нұсқаған. (Полиция қызметкері)
2. Көше бойлап аяңдайды,
Адам тасып, аялайды. (Автобус)
3. Көліктің қаншасын үстінен өткізген,
Іргеден басталып, алысқа жеткізген. (Жол)
4. Жоқ өзінде бас та, ауыз да, құлақ та,
Бақырайған үш көзі бар бірақ та. (Бағдаршам)
5. Арқаным бар тым ұзын,
Ала - алмайсың бір үзім.
Табыңдаршы, балалар,
Бұл жұмбақтың шешуін. (Жол)
6. Өзі сөйлей білмейді,
Бірақ «Тоқта, жүр!» дейді. (Бағдаршам)
Тәрбиеші: Бағдаршам өмірімізді жазымнан сақтандыратын көмекшіміз. Оның сырын біліп

			Талқылап, сұрақтарға жауап береді		алу баршамызға керек. - Біздің қаламызда, сол сияқты біздің еліміздің қала, ауылдарына бәріне ортақ көше қатынас ережесі енгізілген. Бұл ережені оқушылар да, үлкендер де, яғни барлық жүргізушілер, көлік жүргізетін жүргізушілер де бұлжытпай орындауы керек. - Балалар, сендер көшеде жүру ережесін білесің дер ме екен, көрейік. Мынадай сұрақтарға жауап беріңдерші. - Жиек жол деген не? (Адамдар жаяу жүретін көше жиегіндегі тар жол) - Жаяу адамға қай жермен жүруге болмайды? (Көлік жүретін көшенің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді). (Тақтада) Қызыл – тоқта! Сары - сақтан! Жасыл - жол ашық! 1 -: Қызыл көзін ашқанда, Сынық сүйем баспа алға! 2 -: сары көзін ашқанда, Қарап қалма аспанға! 3 -: Жасыл көзін ашқанда, Өте бергін, жасқанба! (Балалар бағдаршам сигналдарын қолдарына ұстап, кезегі келгенде көрсетіп тұрады).
Үзіліс:					
				**Қимылды жүгіруге арналған ойын:«Жалғыз аяқ жолмен»** **Мақсаты:** ес, зейін, тыныс алу ырғағын дамыту. **Ойынның шарты:** Тәрбиеші өзіне балаларды шақырады да суретті көрсетіп, жолдың қандай түзу екеніне назар аударады (аралығы см екі қатар сызық). Бұдан кейін балаларға, сызықтан шықпастан, осы жол бойымен қыдыруды ұсынады. Балалар бірінің артынан бірі бір бағытпен жүреді де, сол тәртіппен қайта қайтады. Бұл ойынды учаскеде өткізген жақсы. Балалардың бір-бірімен соқтықпасы үшін, ойынға бір мезгілде 5-6 адам қатыстырылады. Күзде учаскедегі жолды ағашқа қарай бағыттап, балаларға сол жолмен жүріп отырып 2-3 жапырақ әкеліңдер деп ұсынған жақсы болады. **Ұсыныс:** бұл тапсырма ойынды жандандыра түседі. Ойын үйдің ішінде өткізілгенде, жолдың аяқталар жеріне жалаулар немесе басқа ойыншықтар қою керек, балалар оларды алып келеді. -	
3 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Қазақ тілі **Міндеті** Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесу	**Қазақ тілі** **Міндеті** - Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** - Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру	**Шығармашылық бейнелеу әрекеті** **Міндеті:** - балалардың сәндік-қолданбалы өнер туралы

	Дене шынықтыру **Тавқырыбы**: «Күзгі орманда» **Міндеті:** модульдер үстімен (із салынған парақтар, арқан т.б.) тепе-теңдік сақтап қалай жүру керектігін, күзгі табиғаттың кереметтігін түсіндіру Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қасқыр мен лақтар» (4 рет). Шарты: қарама-қарсы жаққа тек белгіден кейін жүгіру қажет.	**Музыка** **Тақырыбы:** «Көңілді ырғақтар» **Міндеті:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау Музыка тыңдау: «Вальс» (Қ. Шілдебаев), «Полька» (М. Красев), «Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев) Ән айту: «Мен өнерлі баламын» (М.	**Дене шынықтыру** **Тавқырыбы:** «Ұлттық ойындар» **Міндеті:** Дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды лақтыруға үйрету «Тастар» (орыс халқының ойыны) «Өкшемен отырып»	**Дене шынықтыру** **Тавқырыбы:** «Қалай спортшы болуға болады?» **Міндеті:** алақан мен тізеге таянып, гимнастикалық орындық үстінде еңбектеу, сапты бұзбай және бағыттарын сақтап, қайта сап түзеп жүру машықтарын арттыру Зейіндерін жаттықтыру. (5 рет) Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім зейінді?» Ойынның шартын түсіндіреді. Капитанның артынан	**Музыка** **Тақырыбы:** «Біздің аспаптар» **Міндеті:** Ұлттық домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру Ән айту: «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров)

	Залдың бір шетінде сап түзеп тұрады. «Қасқыр» зал ортасында орналасады. *«Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке-ақ.* *Кетесің кейде секеңдеп,* *Байламаса көкем кеп».*	Омаров) «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Биімді қайтала» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен) Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: «Ән салған кім?» (А. Райымқұлова)	бастапқы қалпы бойынша ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру, жоғары лақтыру. Өкшемен отырып, ұсақ тастарды жоғары лақтырып, оны алақандарымен қағып алады. Ал келесі лақтырғанда алақандарын теріс қойып, тастарды қағып алуға тырысады	төрт тізбекке тұру. Спорт түрлеріне байланысты төрт командаға бөлінеді (балалардың қалауы бойынша). Капитандардың қолдарында доп болады (төрт капитан – төрт түсті доп). Балалар зал бойынша жүгіріп жүріп, белгі берілгенде тізбекке келіп тұрады. Сонан соң көздерін жұмады, осы кезде капитандар орындарын стырады. Белгі бойынша өз капитандарын жылдам табулары және капитанның артына бір тізбекке тұрулары тиіс немесе малдас құрып отырады, өкшемен отырады	Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (В. Дешевов) **Билер:** «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш», «Жұптасу биі» (чех х. әуені) Музыкалық аспапта ойнау: «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай)
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Еңбек	Топты жинастыру	Еден жуушыға көмектесу	Гүлдерге су құю	Ойыншықтарды жинау	Гүлдің түбін қопсыту
	Мақсаты:-балаларды еңбекке баулу,ересектердің еңбегін бағалау				
Қимылды ойындар	«Бір аяқпен жолдан секіру»	« Құнан шабысы»	«Такси»	: «Оқтау тартыс»	«Көбелекті ұстап алу»
	Мақсаты:-балаларды ойын ережесін дұрыс орындауға үйрету,ептілікке ,шапшаңдыққа тәрбиелеу				
Жеке жұмыс	Алиханға үнді дыбысты (Р) дұрыс дыбыстауды қалыптастыруға жұмыс жасау.	Мединаға қатаң дыбысты (Қ) дұрыс дыбыстауды қалыптастыруға жұмыс жасау.	Нұрмұхаммедке 5-ке дейін кері қарай санауды бекіту. Геометриялық пішіндерді дұрыс атап, ажырата білуге үйрету	Нұрмұхаммедке «Ойыншықтар» өлеңін тыңдап, «ойыншықтар» сөзін дұрыс айтуға , «ойыншықтар» туралы әңгіме құрастыруға үйрету.	Нұрмұхаммедке жыл мезгілі туралы білімін жетілдіру
Балаларды үйге қайтару	***Ата –аналарға кеңес*** - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.	***Ата –аналарға кеңес*** Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «ə» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі **V-апта** 26- 30 қыркүйек 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Пж ойын: «Вагондарға дөңгелек таңдау» **Шарты:** суреттердегі вагондарға түсіне қарай дөңгелек таңдайды.	**Еркін ойын:** «Шкафқа жасыру» Шарты: Шкафқа бір бала ойыншық жасырады, қалған балалар табады.	**Пж ойын: «Қайтала»** Шарты: Педагогтың артынан пішіндерді сіріңке шимен қайталайды.	**Пж ойын: «Ойыншықты тап»** Шарты: Жасырылған ойыншықты табады.	**Еркін ойын: «Сенде не бар?»** Шарты: Қалаған ойыншықтарымен бір-бірімен бөлісіп ойнайды.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үстел үсті, саусақ және т.б.ойындар.	Құрылыс ойындары	«Мен спортшымын ».Фотосуретте бейнеленген Суреттерді атау	Әңгімелесу. Спортп не үшін керек? әңгімелеп беру	Сурет салу. «Футболшы»
Гимнастикалық жаттығу	Гимнастикалық жаттығу кешені № 3				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Пікір алмасу сұрақтары: Мектепте оқитын аға, әпкелерің бар ма?	Пікір алмасу сұрақтары: Өзіңнің мектебіңнің ауласында қандай өсімдіктер өседі?	Қарға қалай дыбыстайды? Балалар қарғаның дыбысын келтіреді. Балалар қарға құсы туралы әңгімелеседі.	Пікір алмасу сұрақтары. Суреттегі оқу құралдарын ата! Қай заттар сөмкеге салынбай қалды?	Мектеп сендерге ұнай ма? Мектептен не үйрендіңдер?
1 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Сөйлеуді дамыту **Тақырыбы:** «Күз бояуы» **Міндеті:** Балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту, күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу **Күз бояуы (жаттау)** Самал қозғап қалғанда, Үзіледі сары алма, Шолып едім ақшаны,	**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** «Біз нені үйрендік?» **Міндеті:** дауысты дыбыстар туралы білгенін айту «О» дыбысы бар суреттерді қорша	**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** «Біз нені үйрендік,нені білдік?» **Міндеті:** тапсырмалар орындау арқылы дыбыстар орнын тапқызуға үйрету. Суреттермен жұмыс А дыбысынан басталатын екі жемісті тап ,сызып қос.	**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** «Қатаң дауыссыз дыбыстар» **Міндеті:** Тапсырмаларды орындату арқылы зейіндерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** «Шаруа мен аю» (орыс халық ертегісі) **Міндеті**: - диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру - Суретте қай ертегі бейнеленген? Шаруа аюға не айтып тұр?

	Қауын біткен сап-сары. Көрінеді шалғайдан, Бел-белестер сарғайған. Сары жапырақ төгілген Тоғайды да көрдім мен. Таза жездей жинаған, Сары бояу айналам.		А дыбысынан басталатын жануарды тап А дыбысынан басталатын екі өсімдікті тап	Суреттермен жұмыс қатаң дауыссыз сөздерден басталатын сөдерді атау	Ойынды білдір. Ертегі арқылы қандай ой түйдің? Ертегі қалай аяқталады? Ертегідегі адам мен аюдың іс-әрекетін салыстыр.

Үзіліс Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Жоғарыда–төменде, биік-аласа»

Артикуляциялық жаттығулар:

Балықтар

Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді,
Үп-үлкен ағаш жағада жатты,
Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп
Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді,
Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп,
Ал төртіншісі тоңа бастады,
Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады,
-Жүзіндер мына жерден,
Әйтпесе жұтып қояды!



«Тіс щеткасымен ойын» жаттығу.

Ойын шарты: Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады.

Ойын: «Жоғарыда–төменде, биік-аласа»
Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру
Жасы: 5-6 жас аралығы
Қажетті заттар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.
Ойын барысы: Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қоршаған ортамен танысу **Тақырыбы:** «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері» **Міндеті:** Еліміздің рәміздері туралы білімдерін толықтыру.Әр рәміздің мән-мағынасын түсіндіру арқылы сөйлеу тілдерін дамыту Демонстрациялық материалдармен жұмыс: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көгілдір түсті. Мемлекеттік Тудағы көгілдір түс Қазақстан халқының жеке мемлекет болуға ұмтылған ниет-тілегінің тазалығын, асқақтығын көрсетеді. Нұрға малынған алтын күн	**Математика негіздері** **Тақырыбы:** 7, 8, 9 сандары» **Міндеті:** 7, 8, 9 сандарын санату, заттарды санау дағдыларын дамыту Балалар суретті қарайды. Шалғында нелер жайылып жүр? Шалғында қандай гүлдер гүлдейді? Енді шалғында жайылып жүрген жылқыларды (қойларды) санаймыз. Аспанда қанша бұлт бар? Қажетті цифрды жапсырыңдар.	**Математика негіздері** Тақырыбы: 7, 8, 9 сандары» **Міндеті**: дұрыс санау мен зейін мен логикалық ойлауды дамыту.Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту Балалар суретті қарайды. Шалғында нелер жайылып жүр? Шалғында қандай гүлдер гүлдейді? Енді шалғында жайылып жүрген жылқыларды (қойларды) санаймыз. Аспанда қанша бұлт бар? Қажетті цифрды жапсырыңдар. 4-тапсырма. Сандарды реті	**Математика негіздері** **Тақырыбы: 7, 8, 9 сандары»** Міндеті: -7,8,9 сандарын заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды санау дағдысын жетілдіру Суреттерді сандармен сәйкестендір	**Қоршаған ортамен танысу** **Тақырыбы:** «Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді?» **Міндеті:** Жабайы жануарлардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту Педагог балаларға тапсырманы «ВЕНН ДИАГРАММАСЫ»техникасының көмегімен орындауды ұсынады: «Сен жануарлар туралы не білесің?» дидактикалық ойыны. Тапсырманы түсіндіреді: Сиыр мен қасқырдың арасында айырмашылықтар да, ұқсастықтар да бар. Қызыл бұрышқа қасқырдың тіршілігіне қатысы бар

	тыныштық пен байлықты бейнелейді. Қанатын жайған қыран құс – билік, айбындылық бейнесі. Балалар Елтаңба суретінен не көріп тұрғандарын айтады	4-тапсырма. Сандарды реті бойынша сызып қосу тапсырылады	бойынша сызып қосу тапсырылады		карточкаларды қойып, сөздерді жазыңдар (орман, тырнақтар, қасқырдың аузы, азу тіс, жыртқыш). Ал жасыл бұрышқа – сиырдың тіршілігіне қатысы барларын жазыңдар (пішен, шөп, сүт, ет, мүйіз, құйрық, бұзау, му- му...). Сары секторға жануарларға тән ортақ белгілерді жазыңдар (мәселен, жүн қаптаған). 5 минут уақыт беріледі. Топтасып/шағын топпен жұмыс істеу. Диаграмманы балалар өз бетінше толтырады. Содан соң оған білетін мәліметтерін қосады немесе берілген ақпараттарды дұрыстайды.

Үзіліс Жабық және ашық кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар Ойын: «Тығылыспақ»

Саусақтарға арналған гимнастикалық жаттығулар:
Қысқыштармен ойналатын ойын
Ойын шарты: Түрлі-түсті қатты қағаздардан дөңгелектер жасап, сондай түсті қысқыштарды қыстырса, гүлдер пайда болады. Ол баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді.
«Жаңғақтармен ойын »

Ойын шарты: балалардың әрқайсысына жаңғақтар таратылады. Жаңғақты алақанның арасына салып, айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жаттықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды.



Ойын: «Тығылыспақ»
Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту
Жасы: 5-6 жас аралығы
Қажетті заттар:
Ойын барысы: барлық балалар екі топқа бөлініп, топ басшылары тағайындалады. Санамақ арқылы қай топтың жасырынып, қай топтың іздейтіні анықталады. Ойынға «қала», яғни барлық ойыншылар жиналатын жер (ағаш, жар, есік, т.с.с.) таңдалынады. Жасырынатын топты топ басшылары жасырып, өзі қайтадан бұрынғы орнына оралады да, қарсылас топтың қай бағытта қозғалғанын «біз қазір .....(қай жер екенін)» айтып отырады. Ал жасырынған топ болса осы көмекті пайдалана отырып, жасырынған жерде отырады, ыңғайлы сәт туғанда «қаланы» жаулап алады. Егер іздеушілер жасырынушы топтың бір қатысушысын байқап қалса, онда оның аты мен жасырынған жерін дауыстап айтады да, барлығы «қалаға» қарай жүгіреді. «Қалаға» бірінші жеткен топқа ұпай беріледі. Жасырынған топ мүшелері іздеуші топ өздерін таппастан бұрын «қалаға» бірінші жетіп, ұпай ала алады.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі Тақырыбы: «Алтын күз» **Міндеті:** Балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту, күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу Демонстрациялық материалдармен жұмыс. Педагог шағын мәтін құрайды. Қазір жылдың күз мезгілі. Күзде жапырақтар сарғаяды, түседі. Сондықтан алтын күз деп айтады. Күзде салқын болады. Жаңбыр	**Қазақ тілі** **Тақырыбы:** «Көкөністер» **Міндеті:** көкөністер туралы жұмбақ шешу, ойлау қабілеттерін арттыру «Дүкен» ойыны. Қима материалдармен жұмыс. Көгөністердің қазақша атауын қайталау, есте сақтау. Санамақпен сатушыны таңдайды. Балалар дүкенге келеді. Диалог: – Сәлеметсіз бе! –	**Сөйлеулі дамыту** **Тақырыбы:** «Күз бояуы» **Міндеті:** - Өлең тыңдау арқылы, әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту.Күздің жомарт, мырза екенін айтып, мейірбандыққа тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын: «Кімде не бар?»** **Ойын шарты**: Бір бала қолына жасырған затты сипаттайды. Сипатталған затты қалған балалар табу	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** «Шаруа мен аю» (орыс халық ертегісі) **Міндеті:** - Ертегіні мазмұндауда балалардың кабілеттілігін калыптастыру. Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыстіршілігі арқылы еңбекке баулу **Жұмбақ** Балпаң-балпаң басады, Қыр-жотадан асады.	**Шығармашылық бейнелеу әрекеті (сурет салу,мүсіндеу,жапсыру,құрастыру)** **Тақырыбы:** «Жаңбырлы күн» **Міндеті:- -** балаларды табиғат құбылыстарын бақылай отырып өз сезімдерін бейнелей білуге үйрету, жаңбыр тамшыларын қағаз бетіндегі жазықтықты дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру -маусымдық өзгерістер туралы

	жауады. Күзде құстар ұшып кетеді. Күз айлары: қыргүйек, қазан, қараша. Қима материалдермен жұмыс. Мынау – жапырақ. – Мынау не? – Мынау – жапырақ. – Жапырақ сары. – Жапырақ қандай? – Жапырақ сары. – Алтын күз. – Қандай күз? – Алтын күз. Балалар сөздерді, мәтінді қайталайды	Сәлеметсіз бе! – Маған қияр беріңізші. – Алыңыз. – Рақмет. Сау болыңыз. Ойынды күрделендіруге болады. Балалар көгөністі сипаттайды. Сатушы оның қандай көгөніс екенін табады.	керек. Педагог: Балалар, сендер дүкенге барғанда әртүрлі заттарды, жаңа айтқан жемістер мен көгөністерді көресіңдер. Сол заттарды сатып алуға болады. Ал сатып ала алмайтын заттар да бар екен. Сендер дәптермен жұмыс жасағанда көресіңдер. Дәптермен жұмыс: Дәптердегі тапсырма бойынша орындалады. Балалар, сендер күз мезгіліндегі ерекшеліктерді жақсы біледі екенсіңдер.	Паналайды үңгірді, Іздемейді тасаны. (Аю) **Ертегіні оқу** – Ертегі қалай аталады? – Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті? – Шаруаға не келді? – Аю шаруаны қалай қорқытты? – Олар қалай келісті? – Шаруа не екті? – Аюға қай жағын берді? – Келесі жылы шаруа не екті? – Аю не нәрсені білмеді?	білімін кеңейту;:балалардың қиялын, ойлау қабілетін дамыту -- жапсырудың әдіс-тәсілдерін үйрету; өз беттерімен жұмыс істеу дағдыларын дамыту; қайшымен жұмыс істей білу қабілеттерін арттыру -- қағаздан құрастыруға үйретуде түрлі бағытта: тегістеп бүктеу, шаршы қағазды бүктеубіліктерін қалыптастыру **Топтық жұмыстар**

Үзіліс Жүгіруге арналған ойындар « Көбелектер бақалар»

Ойын: «Алыптар мен ергежейлілер»
Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.
Ойынның шарты: Арнайы сызықпен қоршаған ойын алаңында балалар жүгіріп ойнап жүреді. “Алыптар” мен “қуғыншымын” қолын жоғары көтереді де өзіне ең жақын жүрген ойыншыны қуа жөнеледі, “ергежейлілер” жүгіреді.
Ұсыныс: Егер қуып жетсе, екеуі орын ауыстырып, жаңа қуғыншы, ойынды әрі қарай жалғастырады.



Ойын: « Көбелектер бақалар»
Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жәндіктерге қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу.
Ойын барысы: Батпақтың шекарасы төртбұрышты етіп белгіленеді. Мұнда бақалар өмір сүреді. Гүлдерге көбелектер ұшып келіп қонады.
Ұлдар бақа сияқты секіреді, қыздар көбелектер сияқты ұшады.
Ұсыныс: ойында көбелектер, бақалар болып балалар ойнаушылар қатысады, тәрбиеші де қатысады.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Дене шынықтыру **Тақырыбы:** «Менің сүйікті жануарларым» **Міндеті:** музыка әуенімен нұсқауларды аса дәлдікпен орындау машықтарын, секіру машықтарын арттыру «Қазақстан жануарлары» ойын-	**Музыка** **Тақырыбы:** «Біздің аспаптар» **Міндеті:** -. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау Ән айту: «Балдырғандар әні» (Г.	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Дене қабілеттерін дамыту» **Міндеті:** бөрененің үстімен оң-сол жанына қарай қырындап жүріп өтуде тепе-теңдік сақтауға үйрете түсу – дене бітімінің ақауларының алдын алу	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Доппен ойнап, көңіліңді көтер!» **Міндеті:** допты жоғары лақтырып, еденге түсіп, қайтадан ыршыған допты екі қолмен қағып алу, жоғарыға лақтырған допты саусақтарды ашып, допты қағып алу	**Музыка** **Тақырыбы:** «Күзгі серуен» **Міндеті:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру Музыка тыңдау:

	жаттығуы – (музыка әуеніне сай әртүрлі жануарлардың жүрісін салады). Тізбекте бір-бірден тұрып, аңдардың жүрісін, жүгірісін салып жүреді, жүгіреді, түрлі тапсырмаларды орындайды. Бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады	Жотаева) «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (В. Дешевов) **Билер:** «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш», «Жұптасу биі» (чех х. әуені) Музыкалық аспапта ойнау: «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай)	**Тепе-теңдік сақтау** – беті сүргіленген бөрененің үстімен оң-сол жанына қарай қырындап (сүйем қадам жасап) жүріп өту. (4 рет) Жүрген кезде қолдарын түрлі сәйкес тәсілдермен ұстау ұсынылады. Жерден көтерілген бөрененің үстімен жүріп өтуде динамикалық тепе-теңдік сақтау – денені түзу ұстау, еңкеймей басын жоғары ұстап, алға қарап, аяқты алдымен басын басып, сосын толық табанына басу керектігіне басты назар аудару керек	машықтарын жетілдіру Допты жоғары лақтыру, жерге түсіп қайтадан ыршыған допты екі қолмен қағып алу. (5 рет) Допты алды жақтан жоғары лақтырып, саусақтарды ашқан күйде оны қағып алып, допты кеудеге қысу. Жаттығуды жаппай орындау (топ болып) әдісімен орындайды. Допты басының артына лақтырмауға, бір орындарында қозғалмай тұруға тырысады. Егер доп домалап кетсе, оны қолға береді. Допты себетке апарып салып (алдымен бірінші тізбектің балалары, сонан соң екінші тізбектің балалары орындайды), орындарына барып тұрады	«Қазан» (П. Чайковский) Ән айту: Күзгі әуен» (А. Досмағанбет) «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (Е. Андосов) **Билер:** «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш», («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: Ән-ойын "Етек-етек" (Т. Сарыбаева)
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Еңбек	Қоқыстарды жинау	Ағаштарды жинақтау	Сары жапырақтарды жинау	Құстарға жем шашу	Киімдерді жинақтау
	Мақсаты:-балаларды еңбекке баулу,ересектердің еңбегін бағалау				
Қимылды ойындар	«Кең қадам»	«Тыныш жүгіріп өт»	: «Үшты-үшты»	«Аталған ағашқа жүгіріп бар»	«Белгіні тыңда»
	Мақсаты:-балаларды ойын ережесін дұрыс орындауға үйрету, ептілікке ,шапшаңдыққа тәрбиелеу				
Жеке жұмыс	Балаларға өз отбасыларының дәстүрлері туралы сюжет салуды ұсынады	Қандай геометриялық фигураларды білесің? Қағаз үлгі дегеніміз не?	Сөйлемдерді интонация бойынша ажырата отырып (хабарлы,сұраулы, лепті), сөйлеу барысында қолдану	Үй жануарлары тіршілігі үшін қажетті жағдайларды атап бер?	Туған күнге қандай
Балаларды үйге қайтару	***Ата –аналарға кеңес*** - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйреніседі, тіл табысатын болады.	***Ата –аналарға кеңес*** Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ

Мектепалды даярлық О «ə» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі **1-апта** 3 - 7 қазан 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	«Біз бақытты баламыз» Кел,шеңберге тұрайық, Қолымызды ұстайық. Күлімдейік күлейік, Тату болып жүрейік.	***«Мен әдепті баламын»*** Амандасу үлкенге, Тәрбиенің басы ғой. Ал,көнеки бәріміз, Сәлем дейік үлкенге.	***«Нәр алып»*** Аман-есен болайық, Бейбітшілік қалайық! Күнге қарап шуақтанып, Суға қарап нәр алып, Табиғаттан шабыттанып, Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік.	***«Қуан,шаттан!»*** Қуан, шаттан! Қуан, шаттан! Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін.	***«Қайырлы таң!»*** Қайырлы таң! Ормандар мен далалар. Қайырлы таң! Достасқан бар Балалар, Қайырлы таң! Жора-жолдас,ұл мен қыз!
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Үстел үсті ойыны – пазл: «Жыл мезгілдері »** Балалармен қыс мезгілі туралы әңгімелесу.	**Құрылыс ойындары:** «Қардан үйшік жасаймыз»	**Фотосуреттер қарастыру:** «Қысқы ойындар түрлері» Фотосуретте бейнеленген ойын түрлерін атау.	**Үстел үсті театры:** «Ғажайып қыс» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.	**Сюжеттік ойындар: «Қыстың қызықты сәттері»** еркін сурет салу. **Д/ойын**: «Қар»
Гимнастикалық жаттығу	Гимнастикалық жаттығу кешені № 3				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Жылулық сәті:** Апам мені «Айым»-дейді, Мен мұнайсам,уайым жейді. Апам мені «Күнім»-дейді, Мен қуансам күлім -дейді.	**Жылулық сәті:** Қуанамыз күлеміз, Бар әлемде сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достарымен бір жүреміз.	**Жылулық сәті:** Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөгеленген шеңберді.	**Жылулық сәті:** Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз.	**Жылулық сәті:** Достар бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге Қуанышпен еніңдер.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Тақырыбы.** Менің атам **Міндеті:** Суретке қарап, әңгіме құрауды, буынға бөлуді дамыту **Дидактикалық ойын:** **«Отбасы мүшелерін ата»** Ойын шарты: жұмыс	**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы.** «Қатаң дауыссыз дыбыстар» **Міндеті:** - Қатаң дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату. **«Кім көп сөз ойлайды» дидактикалық ойыны**	**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы.** Ұяң дауыссыз дыбыстар **Міндеті** ұяң дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту. **«Дыбыс бер» дидактикалық жаттығуы** – Мен сендерге сөздер айтамын, ұяң дауыстыдан басталған сөзді естісеңдер,	**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы.** Үнді дауыссыз дыбыстар **Міндеті:**- үнді дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту. «Сөзге үнді дыбыстан басталатын сөз қос» дидактикалық жаттығуы –	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы.** «Менің ойыншықтарым» (өлеңді жаттау) **Міндеті** өлеңді жаттау арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру.

	дәптеріндегі тапсырма орындалады. Суреттегі отбасы мүшелерінің атап, шапалақ ұру арқылы буынға бөледі. Педагог әр буында бір дауысты дыбыс болатынын балалардың естеріне салады	– К дыбысынан басталатын сөздер ойлап айтыңдар. – Кітап, кілем, кім, кілт, киіз. – Т дыбысынан басталатын сөздерге мысал келтіріңдер. – Таға, тарақ, тау, тиін, темір, тұлпар, тоқ, тоқылдақ, тотықұс, торсық, теңіз, тіс.	қол шапалақтайсыңдар. – Парта, балық, вагон, сәбіз, тарақ, доп, жалау, шырша, таға, домбыра, гүл, бәтеңке. «Сөзге ұяң дауыссыздан басталатын сөзді қос» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер мағынасы бойынша келетін, ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын сөзді жалғап айтуларың керек. Мысалы: үстел ...(биік), қоян ... (жүйрік), сағат ... (домалақ), қызыл ...(доп), ала ...(жолбарыс), ақ-қара ... (жолақ), әдемі ... (гүл), ұзын ... (вагон), бақылдауық ... (бақа), білімді ... (ғалым), жайылып жүр ... (жылқы), күмбірлеген ...(домбыра), желбірейді ...(жалау), зымыран ... (ұшты), әдемі ... (зырылдауық) т.б	Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер сол сөзге мазмұны сәйкес келетін, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз жалғауларың керек. Мысалы: сүйкімді ... (мысық), жүйрік ... (лақ), дәмді ... (нан), әдемі ... (раушан), дәмді ... (рауғаш), қағаз ... (умаждалған), атам ... (риза), бала ... (малтыды), ақылды ... (мұғалім), үлкен ... (үй), әкем ... (риза), киіз үйдің (уығы), ... жайылды (мал) т.б.	**Дидактикалық ойын: «Бұл қандай ойыншық?»** **Ойын шарты**: Қоржын ішінде бірнеше ойыншық болады. Балалар қоржынға қолын салып, көрмей, сипап сезу арқылы қандай ойыншық екенін табады. Ойыншық туралы өз ойын айтады.
Үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар *«Лақтыр да,қағып ал»*					
Суретті тіл ұстарту: **Ша – ша – ша** Айшаның шанасы **тама (ша)** **Са – са – са** Қасқыр соқты **Мұ (са)** **Ол – ол – ол** Ағашта лимон **м(ол)** **Ра – ра – ра** Дүкеннен нан алды **Са (ра)** **Із – із – із** Тамаққа қосты **сәб(із)** **Жу – жу – жу** Ыдысты тазалап **(жу)**					**Ойын: *«Лақтыр да,қағып ал»*** **Мақсаты:** Балаларды ептіліке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету. **Ойынның шарты:** Балалар алаңда еркін орналасады әр біреуінің қолында бір-бір доптан болады.Тәрбиешінің «баста»,- деген белгісі бойынша балалар допты жоғарыға лақтырып қағып алады.Әр бала неше рет лақтырып қағып ала алады,соны санайды.
2 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Қоршаған орта **Тақырыбы:** Тұрмыстық техника, оның қажеттілігі. **Міндеті:** Тұрмыстық техника, оның қажеттілігі. **«Көп ойла, сөз ойла» ойыны**. Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ үй жиһаздарын атайды. Екінші топ тұрмыстық техника заттарын атайды. Қай топ көп сөз айтса, сол топ жеңімпаз атанады .	**Математика негіздері** **Тақырыбы:** 10 саны **Міндеті:**- 0 және 10 сандарының құрамы және олардың жазылуы туралы білімін қалыптастыру **Ойын жаттығуы: «Дұрыс көрсет».** Сан мен цифрдың арақатынасы туралы 15-кестедегі сандық суреттермен жұмыс жасайды. Балалар 21-кестедегі демонстрациялық материалдан саны бар карточканы көрсетеді. – Адамның қолында неше саусақ бар? (10 саусақ).	**Математика негіздері** **Тақырыбы** 10 саны **Міндеті:** 10 санының жазбасын заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды санау және ретімен санау, тура және кері санау дағдыларын жетілдіру; 10 санын дұрыс тануға және бейнелеуге үйрету. Ойын жаттығуы: «Сана» Педагог ойыншыларға 1-ден 10-ға дейін санауды ұсынады. Бұны тура санау деп атайды. 10-нан 1-ге дейін кері санауды ұсынады. Бұны кері санау деп атайды. Ойыншыларды ретімен: бірінші, екінші, үшінші....онынші, және кері: онынші, тоғызынші, сегізінші, санауын сұрайды	**Математика негіздері** **Тақырыбы З**аттарды өлшемі бойынша салыстыру **Міндеті** - заттарды өлшемі бойынша салыстыру біліктілігін қалыптастыру **Практикалық жұмыс** Кесілген парақтарды балаларға жұппен немесе топпен таратады. Парақты жіктеуге арналған тапсырма: көлемі бойынша үлкен және кіші; түсі бойынша – сары, қызыл, жасыл.	**Қоршаған орта** **Тақырыбы:** Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме? **Міндеті:**- Күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырата білуге үйрету. **«Қайсысының жапырағы екенін тап» атты дидактикалық ойын** ойнауға шақырады (әліппе-дәптердегі тапсырма). **Мақсаттары**: Балаларды ағашты жапырағына қарап тануға үйрету. Ағаштар мен бұталардан түскен жапырақтарды жинау. Педагог жапырақтың қандай ағаштан

					немесе бұтадан түскенін анықтауды, түспеген жапырақтарға қарап дәлелдеуді (ұқсастығын табуды) ұсынады. Ойын аяқталған кезде педагог мынадай уәде береді: (Педагог уәделерді айтып тұрады, балалар қайталайды). Ағаштардың бұтақтарын жұлмауға уәде береміз! Ағаштарды суғаруға уәде береміз! Ағаш жапырақтарын жұлмауға уәде береміз! Ағаштың қабығын сыдырмауға уәде береміз! Ағаштардың түбін қопсытуға уәде береміз! Ағаш діңдерін әктеуге! Айғайлап құстарды үркітпеуге уәде береміз
Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Айдаһардың құйрығы»					
Тілді жаттықтыратын тақпақ Кім келді? Қане, қане кім келді? **Біз, біз, біз!** Апа, апа бұл сіз бе? **Иә, иә, иә!** Әке, әке бұл сіз бе? **Иә, иә, иә!** Ағатайым бұл сіз бе? **Иә, иә, иә!** Қарындасым бұл сен бе? **Иә, иә, иә!** Біздер тату жан ұя **Иә, иә, иә!**				**Ойын: «Айдаһардың құйрығы»** **Мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады. **Ойынның шарты:** Өте қызық ойын! Ойынға қатысушылар бірінің артына бірі тізбектеле белдерінен ұстап тұрады. Ең бірінші тұрған бала - «айдаһардың басы». Ең соңғысы – «құйрығы» болады. «Айдаһардың басы» ең күрделі жолдармен жүре отырып өз «құйрығын» ұстап алуға тырысады. **Ұсыныс**: Оның мақсаты – ұстап алу, «құйрықтың» мақсаты ұстатпау, қайткені де қашып құтылу. Егер «құйрық» ұсталып қалса, ол – «бас» болады. Ойын өз жалғасын табады.	
3 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Қазақ тілі **Тақырыбы**: **Көкөністер** **Міндеті** жаңа сөздердегі дыбыстарды дұрыс айтуға машықтандыру, жаттықтыру **Ойын: «Кім жылдам?» себетке көгөністерді жинайды, атайды, сипаттайды.** **«Жеміс-көгөніс дүкені»** демонстрациялық материалдармен жұмыс. Балалар суретке қарап, дүкенде қандай көгөніс сатылатынын атайды. Педагог	**Қазақ тілі** **Тақырыбы:** Жемістер **Міндеті** күнделікті жиі қолданылатын жемістердің атын білуге үйрету **Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын». Қоржынның екінші жағын ашады.** *Педагог жемістерді бір-бірлеп алады, жаңа сөздермен таныстырады.* Күз мезгілінде жемістер піседі.	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** Менің атам. **Міндеті** Сұрақтарға жауап бергізу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту Е.Өтетілеуұлының **«Бес саусақ» өлеңін** педагог мәнерлеп оқиды. Басбармағым – атам, үйдің данасы, Балаң үйрек – әжем, ошақ анасы. Ортан терек – әкем,отау панасы,	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** Менің ойыншықтарым» (өлеңді жаттау) **Міндеті** Өлең тілінің бейнелілігін сезінуге баулу Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: – Өлең ұнады ма? – Авторы кім? – Бұл өлеңде не туралы айтылған? – Қандай ойыншықтар туралы	**Шығармашылық бейнелеу әрекеті** **Тақырыбы:** Қоржынды сәндейміз **Міндеті:**- қазақ оюларының көп түрлілігі туралы түсініктерін кеңейту, балаларға қоржынды салу техникасы мен оны әшекейлеу ерекшеліктері туралы білім беру; - аталған заттардан қалауы бойынша

	алдымен өзі айтады: Дүкенде қияр бар. Дүкенде қызанақ бар	Мынау – өрік. Ік-ік – міне, өрік. Мынау не? Мынау – өрік. Өрік – жеміс. Өрік не? Өрік – жеміс. Өрік дәмді. Өрік қандай? Өрік дәмді. Мынау – анар	Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары, Титтей бөбек – мен, бәрінің базары	сөз болады? – Сенде қандай ойыншықтар бар? – Саған қандай ойыншық ұнайды? – Мынау – құлыншақ. Құлыншақтың түсі қандай? – Құлыншақтың жалы қайда болады? – Сен құлыншақты қайдан көрдің? – Құлыншақ туралы не білетініңді әңгімелеп бер	мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру -Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру -- Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру **Топтық жұмыс**
Үзіліс: Қозғалмалы зерек ойындар «Жер,су,ауа »ойыны.					
«Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата» **Мақсаты:**Қассиетіне қарай:қар мен жаңбырды ажырата білу,табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту,қатты,жұмсақ,ериді,буға айналады. **Көрнекіліктер:**қар мен жаңбыр бейнеленген суреттер. **Ойын барысы:** Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп,олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек. 	 		***Ойын: «Жер,су,ауа»*** **Мақсаты:** балаларға берілген тапсырманы тез шешуге,жылдам жауап беруге,жерде ,ауада,суда не болатынны дұрыс айтуға төселдіру,қоршаған ортаға қамқорлық сезімен тәрбиелеу. **Көрнекіліктер:**асық **Шарты:**балалар дөңгелеіп отырады.Бір бала ортаға шығып балалардыі кез келгінене асық лақтырып жібереді де жер су ауа деген сөздің бірін айтады.Егер бала жер десе асықты қағып алған сезіммен тәбиелеу.Біл бала отатаға шығып,балалардың кез келгеніне асықта лақтырып жібреді де жер, су ауа деген сөздік бірін айтады.Егер бала жер десе,асықты қағып алған бала жерде тіршілік ететін құстарды,адамдарды,өсімдіктерді атайды.Ал су сөзі айтылса,балық балардың аты аталады.Ауа дегенде құстарды айтуы тиіс. Осылй ойын жалғаса береді.	
4 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Дене шынықтыру **Тақырыбы** «Біз әртүрліміз» **Міндеті:** Жерде созылып жатқан арқан үстінде бір бүйірмен динамикалық тепе- теңдікті сақтап жүруге үйретуді жалғастыру	**Музыка** **Тақырыбы** «Күзгі серуен» **Міндеті:** Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы** «Зейінді боламыз» **Міндеті** Өздерінің зейіндерін шоғырландыра алу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыруды, қимыл-қозғалыс үйлесімділіктерін	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы** «Бірінші бол!» **Міндеті** -Қолды еркін қозғап, жүргізуші мен	**Музыка** **Тақырыбы** «Күз – жомарт» **Міндеті** Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру

	Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мысық пен торғайлар» (4 рет) . «Торғайлар» орындықта, гимнастикалық қабырғаның тепкішегінде отырады. Балалар торғайлардың қимылын ым-ишарамен көрсетіп отырады. Белгі бойынша «мысық» келіп, «торғайларды» қуады. Олар бағыттарын өзгертіп қашады. Ұсталғандар ойыннан шығады	ажырату, әсерлі реңктерін ажырату **Музыка тыңдау:** «Қазан» (П. Чайковский) Ән айту Күзгі әуен» (А. Досмағанбет) «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (Е. Андосов) **Билер:** «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш», («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: Ән-ойын "Етек-етек" (Т. Сарыбаева)	дамытуды және анализатор жүйелерін біріктіруді қалыптастыруды жалғастыру **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Қасқырға қақпан» (4 рет). Шеңберде қол ұстасып тұрады. Бұл – аңшылардың қақпанын құруы. Белгі бойынша «аңшылар» қолдарын көтереді, «қасқырлар» әртүрлі бағытта еңбектеп жүреді. «Аңшылар»:	бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді үйрету. Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қолдарымен секіртпені шеңбер бойымен және тік айналдыра білу іскерліктерін дамыту Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тығылмақ» (3 рет). Ойыншылар шеңбер бойына тұрады. Көзі байланған жүргізуші ортада тұрады. Педагогтің белгісі бойынша балаларды тауып ұстауға тырысады, ал балалар зал ішінде әртүрлі бағытта ақырын қозғалып жүреді.	**Музыка тыңдау:** «Саржайлау» (Тәттімбет) Ән айту: «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет) «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жеңіл би» (Т. Ломова) Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Қандай ырғақ» (К. Қуатбаев)
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Жапалақ»					
Серуен	Тіл жаттығулары: ***«Аударыспақ»*** **Мақсаты:** -әр түрлі түстерді қайталап бекіту; -сөздік қорын байыту; -дыбыстарды дұрыс және анық айтып бекіту; -балаларды : «Қандай?», «Не істейді?» т.б. сұрақтарға толық, сөйлеммен жауап беруді үйрету; -заттардың түрін, түсін, дәмін, пішінін дұрыс айтып қайталау; -дыбыстың сөздегі орынын тауып айту; -балаларға сөз тіркестерін және сөйлемдерді құрастырып айтып үйрету; -балалардың еске сақтау, есту, ойлау қабілеттерін және зейіндерін дамыту; -қолдың ұсақ моторикасын дамыту;	 	***Ойын: «Жапалақ»*** **Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. **Шарты:** «Жапалақ» сайланады, ол барлық ойнаушылардан алысқа тұрады. Өзінің «ұясына». Басқа ойнаушылар жан-жаққа тарап кетеді. «Жапалақ»: «Күн туды, барлығымыз оянамыз!» дейді, сол сәтте барлығы жүгіріп, қимылдайды. «Жапалақ»: «Түн болды, барлығын қимылдамандар, жапалақ ұшады!» дегенде барлық ойнаушы балалар тыныш тұрып, қимылдамаулары керек. «Жапалақ» балалардың арасында жүріп, қимылдаған бір-екі баланы өз ұясына әкетеді. Бір бала қалғанша ойын жалғасады.	

Балаларды үйге қайтару	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ

Мектепалды даярлық О «ә» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі **2-апта** 10 - 14 қазан 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Үстел үсті, саусақ және т.б.ойындар.	Құрылыс ойындары	«Мен спортшымын ». Фотосуретте бейнеленген Суреттерді атау	Әңгімелесу. Спортп не үшін керек? әңгімелеп беру	Сурет салу. «Футболшы»
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**«Сәлемдесу айнасы»** Дене қызуларын мен тазалығын тексеру Дене шынықтыру шаралары. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау.	**Сюжетті-рөлдік ойын:** «Қалай тамақтанамыз» Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар.	**Ойын– жаттығу:** «Жуыну» Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылыс материалдарымен ойындар	**Ойын «Кімнің заттары?»** (жақын адамдарының заттарын анықтау); Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б.	**Сюжеттікойындар: «Менің күн тәртібім»,** Айболит ертегісінен үзінді оқып беру; «Айболит кеңесі»үстел үсті театры және т.б.
Гимнастикалық жаттығу	Гимнастикалық жаттығу кешені № 4				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	***«Біз бақытты баламыз»*** Кел,шеңберге тұрайық, Қолымызды ұстайық. Күлімдейік күлейік, Тату болып жүрейік	***«Мен әдепті баламын»*** Амандасу үлкенге, Тәрбиенің басы ғой. Ал,кәнеки бәріміз, Сәлем дейік үлкенге.	***«Нәр алып»*** Аман-есен болайық, Бейбітшілік қалайық! Күнге қарап шуақтанып, Суға қарап нәр алып, Табиғаттан шабыттанып, Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік.	***«Қуан,шаттан!»*** Қуан, шаттан! Қуан, шаттан! Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін.	***«Қайырлы таң!»*** Қайырлы таң! Ормандар мен далалар. Қайырлы таң! Достасқан бар Балалар, Қайырлы таң! Жора-жолдас,ұл мен қыз!
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы. Қорыққанға қос көрінеді (ертегі) **Міндеті:** «Г» – «К» дыбыстарымен таныстыру **. Қорыққанға қос көрінеді** ертегісісін оқу **Дидактикалық ойын:**	**Сауат ашу негіздері Тақырыбы.** «Үнді дауыссыз дыбыстар **Міндеті:** Үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға үйрету **«Кім көп сөз айтады» дидактикалық ойыны –**	**Сауат ашу негіздері Тақырыбы.** Біз нені үйрендік нені білдік? **Міндеті** дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту. **«Дұрыс көрсет» дидактикалық ойыны**	**Сауат ашу негіздері Тақырыбы.** Біз нені үйрендік нені білдік? **Міндеті** б. Дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратуға жаттығулар жасату, қатаң, ұяң, үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату	**Көркем әдебиет Тақырыбы.** «Менің елімнің рәміздері» **Міндеті** әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыт – Өлең қалай аталады? – Авторы кім?

	«Белгілі дыбысқа сөз таңда». **Ойын шарты:** Ертегідегі кейіпкерлердің бас әрпіне сөз ойлап айтады. Мысалы: «Әже» сөзіндегі «Ә» дыбысына; «Қыз» дегендегі «Қ» дыбысына; «Тауық» және «тышқан» деген сөздегі «Т» дыбысына сөз ойлайды	Балалар, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз айтуларың керек. Кім көп сөз ойлап айтады, соған фишка беріліп отырады. Ойын соңында жеңімпаз анықталады. Педагог балаларға көмек ретінде тақтаға үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын бір суреттен іліп қояды. Мысалы, лақ, мысық, нан, радио, уық, аң, үй. «Сөзге үнді дыбыстан басталатын сөз қос» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер сол сөзге мазмұны сәйкес келетін, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз жалғауларың керек. Мысалы: сүйкімді ... (мысық), жүйрік ... (лақ), дәмді ... (нан), әдемі ... (раушан), дәмді ... (рауғаш), қағаз ... (умаждалған), атам ... (риза), бала ... (малтыды), ақылды ... (мұғалім), үлкен ... (үй), әкем ... (риза), киіз үйдің (уығы), ... жайылды (мал	Педагог балаларға дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтады, балалар сөз қатаң дыбыстан басталса, көк төртбұрыш, ұяң дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті дөңгелекті, ал егер сөз үнді дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті үшбұрышты көрсетеді және қандай дауыссыз дыбыс екенін атап береді.	**«Буынды өзгерт» дидактикалық жаттығуы** – Мен сендерге қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын буындар айтамын, ал сендер қатаң дауыссыз дыбыстарды ұяң немесе үнді дауыссыз дыбыстарға ауыстырып айтасыңдар. Мысалы: па-ба, фа-ва, ка-га, қо-ғо, то-до, ше-же, са-за, ха-ма, һа-ла, ца-на, чо-ро, ще-уе, хо-йо	– Сендерге өлең ұнады ма? – Өлеңде не туралы айтылған? – Еліміздің қандай рәміздері бар?

Үзіліс : Жүгіруге арналған ойындар «Торғайларп мен мысық»



Ойын: «Торғайлар мен мысық»
Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.
Шарты:Жерді шеңбермен белгілеу керек /5-6м.диаметрмен/. Ортада тәрбиешімен тағайындалған бала жүреді – ол мысық. Қалған балалар шеңбердің сыртында- олар торғайлар. Мысық ұйықтап қалады.Торғайлар шеңбердің ішіне дән жеуге кіреді. Мысық оянып кетеді де, торғайларды көріп, оларды ұстай бастайды. Торғайлар шеңберден шығуға асығады. Шеңбердің ішінен мысыққа ұсталған торғайлар, шеңбердің ортасында қалады. Мысық 2-3 торғайды ұстаған соң, тәрбиеші жаңа мысықты таңдайды. Ұсталған торғайлар басқа ойынаушыларға қосылады. Ойын 4-5 рет қайталанады.
Ұсыныс: мысық ақырын барыпторғайларды ұстайды (қатты ұстамай, ақырын ғана қолын тигізеді)

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қоршаған орта **Тақырыбы:** Арнайы көліктер. Жүк және жолаушылар көліктері **Міндеті:** арнайы көлік түрлерінің не үшін қажет екенін түсіну; арнайы көліктер	**Математика негіздері** **Тақырыбы:** Заттарды өлшемі бойынша салыстыру **Міндеті** заттарды өлшемі бойынша салыстыру біліктілігін қалыптастыру.	**Математика негіздері** **Тақырыбы** Ұзындық. Шартты өлшеуішті пайдаланып, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру.	**Математика негіздері** **Тақырыбы** Ұзындық. Шартты өлшеуішті пайдаланып, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру.	**Қоршаған орта** **Тақырыбы:** Арнайы көліктер. Жүк және жолаушылар көліктері **Міндеті-** Көлік түрлерімен таныстыруды жалғастыру, олардың

	мен жай көліктердің мақсат-міндетін ажырата алу **«Мәшине жабдықтары» ойыны**. Педагог мәшине жабдықтарын айтады, балалар сол құралдың дыбысын келтіреді. .	Педагог 1-тапсырманы орындауды ұсынады. Суретке қарап, не бейнеленгенін айтады. Барлық заттардың көлемі бірдей ме? Үлкен заттарды – көк, кішкентай заттарды – қызыл түспен қоршап сызады. 2-тапсырманы орындайды. Заттарды қарайды, оларды белгілеріне қарай бөледі: түсі мен өлшемі. Осы екі белгіге сәйкес суреттерді жапсырады. Заттардың орналасуын сипаттайды. Педагог жеке жұмыс жүргізеді	**Міндеті:** : ұзындық – заттардың созылыңқы болу қасиеті туралы, ұзындық туралы түсінік қалыптастыру. **Ойын жаттығуы: «Ретімен орналастыр»** Педагог «Түрлі түсті Куйзенер санау таяқшалар» жиынтықтан таяқшалар таратады, оларды ұзындықтарының өсу ретімен орналастыруды ұсынады. Балалар тапсырманы орындайды. Педагог балалардан таяқшаларды қалай орналасқанын сұрайды, қайсысы ұзын, қайсысы қысқа екенін білді. Балалар таяқшаларды бір-біріне жақындату арқылы деп түсіндіреді. Педагог бір-бірінің үстіне салу тәсілі арқылы да заттың қайсысы ұзын немесе қысқа екенін өлшеуге болатындығын қосымша айтады. Көрсетеді.	**Міндеті** - ұзындық – заттардың созылыңқы болу қасиеті туралы, ұзындық туралы түсінік қалыптастыру. Логикаға арналған ойын жаттығулары. Балалардың түсінігін тексеру және білімін түзету үшін мынадай үлгіде логикалық тапсырма ұсынуға болады: 1. Қызыл қарындаш жасыл қарындаштан ұзынырақ, жасыл қарындаш көгілдірден ұзынырақ. Ең қысқа қарындаш қандай? 2. Жасыл таспа көгілдірден жіңішкерек, көгілдір қызылдан жіңішкерек. Ең жалпақ таспа қайсысы?	қарапайым құрылысы және қажеттілігі жайлы ақпарат беру. ***«Сөйлемді дұрыс құрастыр» ойыны.*** Тәрбиеші сөздерді айтады, балалар сөздерді орнына қойып, дұрыс сөйлем құрастыру керек. Көше, жол, жүреді, мәшине Аспан, ұшады, биік, ұшақ. Мәшине, аурухана, тоқтады, жедел жәрдем. Толқында, кеме, жүзеді, теңіз
Үзіліс: Қимыл-қозғалысқа арналған ойындар «Күн мен түн»					
      	**Ойын:“Күн мен түн”** **Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. **Шарты:“**Күн” мен “Түн” деген екі топ алаң ортасындағы сызықтан 1,5-2м арақашықтықта бір-біріне арқасымен қарап тұрады. Жүргізуші біресе бір, біресе екінші топты атайды. Аталған топ сол сәтте өз үйіне жүгіреді. Басқа топ ойыншылары айналып, қашып бара жатқан қатысушыларды ұстап қалуға тырысады. Содан соң топтар орнына қайта оралады. Ұсталған ойыншылар саны есептелінеді. Жүгіріс бірнеше рет қайталанады. Өзге топтың ойыншыларын көп ұстаған топ жеңіске жетеді. **Ереже:** 1.Өз үйіне белгі берілмей тұрып жүгіруге тыйым салынады. 2. Тек үйдің сызығына дейін ғана ұстауға болады. 3. Ұсталған ойыншылар есептелген соң қайтадан ойынға кіреді.			
3 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Қазақ тілі **Тақырыбы** Жемістер **Міндеті** күнделікті жиі қолданылатын жемістердің атын білуге үйрету.	**Қазақ тілі** **Тақырыбы:** Жидектер **Міндеті** сөздік қорларын жидектердің атымен толықтыру.	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** **Міндеті** , «Г» – «К» дыбыстарымен таныстыру	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** «Менің елімнің рәміздері» **Міндеті** сюжеттік бірізділікті сақтап, көңіл	**Шығармашылық бейнелеу әрекеті** **Тақырыбы:** Автобус **Міндеті:** - балаларға кеңістік туралы, кеңістікте бағдарлау туралы білім беру;

	Сөздік ойын: «Мен қай жемісті көрсеттім». Педагог себеттен жемістерді алып көрсетеді,балалар атын атайды	. **Ойын жаттығуы: «Бір сөзбен айт»** Таңқурай, қарақат, құлпынай бір сөзбен қалай аталады? Жидектер. Алма, өрік, құрма бір сөзбен қалай аталады? Жемістер. Қияр, қызанақ, сәбіз, пияз бір сөзбен қалай аталады? Көгөністер	**Қорыққанға қос көрінеді** ертегісісін театрландыру деген сөздегі «Т» дыбысына сөз ойлайды	күймен, қисынды мазмұндауға дағдыландыр Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын белгіле. Суретті аяқтап, сал. Боя. . Мақалдың мағынасын түсініп ал. Егемен елдің еңсесі биік. Педагог мақалдың мағынасын түсіндіреді. Біздің еліміз ешкімге тәуелді емес, өз Туы, Гимні, Елтаңбасы бар, дербес мемлекет. Сондықтан еңсесі биік	- заттың пішіні туралы білімдерін жетілдіру,мүсіндету -- жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу - ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу **Топтық жқмыс.**
Үзіліс: Секіруге арналған ойындар «Кесіртке»ойыны.					
	  	**Ойын:“Кесіртке”** **Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. **Шарты:**Бір ойыншылар созылған қол арақашықтығында шеңбер құрады, олардың қолында доп. Басқа топ шеңбер ішінде бағана болып тұрады. Бағыттаушы ойыншы- кесірткенің “басы”, соңғы ойыншы- кесірткенің “құйрығы”. Қолында добы бар ойыншылар бүкіл бағананы – кесірткені құйрығынан бастап өлтіруі керек. Кесіртке құйрығын қорғау мақсатында өлтіргелі жатқан ойыншылар добынан қашуға болады. Ойын уақытпен беріледі. Кесірткені аз уақытта өлтірген топ – жеңімпаз болып есептеледі			
4 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Дене шынықтыру **Тақырыбы «**Командалық эстафеталар» (таза ауада) **Міндеті:** Тізбекпен жүру**,** жүгіруге, құрсаудан-құрсауға өтуге жаттықтыру. Қозғалыс кезіндегі қол мен аяқтың қимылдарын жалғастыру **«Жолақтарға аттап секіру» (3 рет).** Ені 50 см жолақтардың үстінде секіріп басып жүру. Жерден екі аяқпен бірдей екпіндеп итерілу керектігіне назар аудару. Белгі бойынша ойыншылар бір-бірден жолақтан-жолаққа секіре	**Музыка** **Тақырыбы** «Күз – жомарт» **Міндеті:** Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру Музыка тыңдау: «Саржайлау» (Тәттімбет) Ән айту: «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет) «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жеңіл би» (Т. Ломова) Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар:	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы** «Ерекше сабақтар» **Міндеті** Бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруге үйретуді жалғастыру, қолдарын еркін, үйлесімді қозғап, ырғақпен, қарқынды баяулатпай жүгіре білу іскерліктерін дамыту «Әртүрлі білімдер сабағы» **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мен білемін»** Допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Допты «Мен бес қаланың атын білемін» деген сөздермен қағып алады. Допты жоғары	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы** Акробат болғым келеді» **Міндеті -** Өздерінің зейіндерін шоғырландыра алу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыруды, қимыл-қозғалыс ілесімділіктерін дамытуды және анализатор жүйелерін біріктіруді қалыптастыруды жалғастыру **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қарлығаш» (5 рет).** Зал ішіне ойыншылардың санына қарай құрсауларды – «ұяларды» орналастырады. Ойыншылар – «қарлығаштар». Олар зал ішінде қолдарын сермеп	**Музыка** **Тақырыбы**««Күзгі жаңбыр» **Міндеті** Музыканың сипатын түсініп, эмоцияларын көрсете білуге дағдыландыру **Музыка тыңдау:** «Жаңбыр шақыру (Д. Ботбаев) Ән айту: «Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев) «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литва халық әуені Билер: «Көңілді қолшатырлар» биі (педагогтің таңдауы бойынша) **Ойындар, хороводтар:** «Күн мен жаңбыр» ойыны

	бастайды. Дұрыс орындаған ойыншылар ұпай жинайды	«Қандай ырғақ» (К. Қуатбаев)	лақтыруға тырысады, допты қағып алар кезде саусақтарын еркін ұстайды. Жандарындағы балаларға кедергі келтірмейтіндей сөздерді ақырын айтады	жүгіріп жүреді. «Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!» деген бұйрық бойынша «ұяларына келіп қонады».	
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	**Бақылау:**Жаңбырды бақылау. **Міндеті:**Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру.Мысалы;Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр. **Еңбек**:Ағаш түптерін қопсыту. **Мақсаты:**Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау. **Жеке жұмыс:** Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр) **Мақсаты:**Жұмбақ жаттатаотырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру. **Ойын:** «Айгөлек-ау айгөлек». **Мақсаты:**Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу. **Қимылдық ойын:** «Сұр қоян». **Ойын барысы:**Ойыншылардың біреуі қоян болады.Барлық қалған балалар дөңгеленіп тұрады.Қоян дөңгелектің ортасынан орын алады.Балалар тәрбиешімен бірге мынадай өлең айтады: Бармақ болып тоғайға сұр көжек, Жуынып жатыр бүгжеңдеп: Тұмсығын жуды,	**Бақылау:** Бұлтты бақылау. **Міндеті:** Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлииарды ажырату **.** **Еңбек** :Ауладағы гүлдерді суару. **Мақсаты:** Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу. **Жеке жұмыс:** Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) **Мақсаты:** Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру. **Ойын:** « Кімге қандай құрал керек? » **Мақсаты:** Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу. **Қимылдық ойын:** « Соқыр теке » . **Ойын барысы:** Соқыртеке кең бөлмеде , аулада ойнауға болатын қызықты ойын.Шеңбер сызылып , оның ортасына көзі байланған « соқыртеке » жіберіледі.Қалғандары оны « соқыртеке бақ-бақ » ,- деп мазақтап түртіп қашады.Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс.Егер соқыртеке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады.Дәл тапса ұсталған адамның көзі	**Бақылау:** Жылы жаққа қайтқан тырналарды бақылау. **Міндеті** Күзде тырналардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру. **Еңбек** : Құстарға жем сауыт жасау. **Мақсаты:** Құстарға қамқорлық қарауға , аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** Сап-сары боп келе жатқан , Сезді мекен күзді олар . Қарлығаштар ұшып кетті, Ұшып кетті тырналар. **Мақсаты:** Балалардың сөздік қорларын молайтып , тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру. **Дидактикалық ойын:** « Күзде не киеміз? » **Мақсаты:** Күз мезгіліне байланысты адамдардың киімкию үлгісін көрсете түсіндіру. **Қимылдық ойын:** « Аттамақ » . Мақсаты:Денені шынықтыру, шапшаңдыққа , ептілікке баулу. **Ойын барысы:** Бұл ойында үш жіпті керіп ұстап тұрады.Бріншісі-төмен ,оны аттап өту керек, екінші-биік, оны еңкейіп, үшіншісіінен тағы да аттап өту керек.Әуелі ойыншыны алып келіп, осы жіптерден өткізіп , содан соң көзін байлап, бір айналдырып қояберу керек.Ойын басқарушының белгісімен	**Бақылау:** Желді бақылау. **Міндеті:** Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру **.** **Еңбек** : « Әдемі гүлдер » **Мақсаты:** Гүлзардағы гүлдерді суару.Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту. **Жеке жұмыс:** Тақпақ. « Жел » **Мақсаты:** Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. **Қимылдық ойын:** « Айгөлек-ау, айгөлек » . **Мақсаты:** Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу. **Қимылдық ойын:** « Орамал тастау » . **Ойын барысы:** Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады.Ойын бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған,ұруға ыңғайлы болады.Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді.Егер қайта айналып	**Бақылау:** Көшедегі машиналарды бақылау. **Міндеті:** Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру.Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету. **Еңбек** : Ағаш түптерін қопсыту, су құю. **Мақсаты:** Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету. **Жеке жұмыс:** « Алтын күз » тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу Мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қоыр молайту. **Қимылдық ойын:** « Ақ қояным » **Мақсаты:** Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру. **Қимылдық ойын:** « Ұшты-ұшты » **Ойын барысы:** « Осы кезде ұшты-ұшты қазан ұшты, ұшты-ұшты қабан ұшты » ,- дейді. Осы кезде ұшпайтын нәресеге қолын көтерген кісі айыпты болып есептеледі.Ұшатын және ұшпайтын нәрселер жұртты жаңылту мақсатында әдейі арба-қарға,үйрек-бүйрек, кептер-кепсер, көже- шөже, іркіт- бүркіт болып айтылады.Есек ұшты, есік ұшты, етік ұшты, бесік ұшты деп ұзақ айтылып келіп, шөмеле

	Құйрығын жуды, Құлағына жуды-түртінді, Құп-құрғақ боп сүртінді. Қоян өзіне байланысты қимылдардың бәрін жасайды:тұмсығын, құйрығын , құлағын жуады, бәрін сүртеді.Қос аяқтап кіріп, дөңгеленіп тұрғандардың біреуіне жақындай береді(қонаққа келе жатыр). Ол бала қоянмен ауысқандаойын аяқталады.	байланып « соқыртек » болады.Ойынщылардың көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап , шұңқырға , бағанаға қарай бағыттайды.Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді. **Дербес ойындар:** 1.Әткіншектебу. 2. Тартылғышқа тартылу. **Тренинг:** « Біз тату баламыз » .	жіпті керіп ұстап тұрған адамдар жіпті жинап , алады, ал ойыншы өзінше әрекеттеніп аттап жүреді. 1.Сазбалшықтан « қала » құрастырайық. 2. « Тәтті тоқаштар » пісірейік **.** **Тренинг :** « Тырналар болып ұшайық » .	келгенде әлгі адам өзінің сырт жағында қалған орамалды байқамаса, басқаоушы оны орамалмен ұрғылайды.Ал, егер отырған адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса , бастаушыны қууға тиіс.Ойыншыдан қашып жүрген бастаушы босап қалғанорынға келіп отырады. **Дербес ойындар:** 1. « Желмен жарысайық » 2. « Менің әдемі үйім » (құрастыру) **Тренинг:** « Қолшатыр астында » .	ұшты, бөдене ұшты деп жаңылыстыруға болады. **Дербес ойындар:** **« Тәтті тоқаштар » пісірейік** **« Мені қуып жет » .** **Тренинг: « Шаңырақ »**
Балаларды үйге қайтару	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «ә» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі **3-апта** 17 - 21 қазан 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Пж ойын: «Кім көп сөз айтады?» Шарты: Педагогтың артынан бірнеше сөзді қайталап айтады	Еркін ойын: « Бұл үйде кімдер тұрады?» Шарты: Қуыршақтарымен үй жасап ойнайды	Құрылымдалған ойын: «Орнын тап» Шарты: Жемістер мен көкөністердің көлеңкесін табады	Еркін ойын: «Бауын байла» Шарты: Фетрдан жасалған аяқ киімдердің бауын байлап ойнайды.	Еркін ойын: «Ертегілер елінде» Шарты: Саусақ театр арқылы ойнайды
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Шығармашылық ойыны: Фотосуреттер қарастыру Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі» Фотосуретте балалар қандай көмек көрсеткендерің айтып беру.	Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ. 1.Бірім, екім, Алма текім. Сапар айым, Сар шымшық. Балтаңды ал да, Жүгіріп шық. 2.Біз санайық санамақ, Саусақтарды даралап. Бас бармағым алғашқы, Балан үйрек жалғасы.	Суретті жұмбақтар ойыны : Балалардың арасынан бір бастаушы таңдалады, қалғандары отырады. Мұғалім үлкен қораптан кішкентай неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені сөзбен сипаттап жасыруды ұсынады. Бастаушы суретті карточканы алып, балаларға көрсетпей, ондағы бейнені, затты сипаттап, суреттейді. Балалар түрлі жауаптар айтып, не бейнеленгенін тауып алу керек. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады.	Саусақ ойыны : «Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі» Балалармен жәндіктер мен қосмекенділер туралы әңгімелесу.	Үстел үсті театр ойыны : «Қосмекенділер әлемі» тақырыптар бойынша сюжетті суреттер қарастыру. Балалармен құстар туралы әңгімелесу.
Гимнастикалық жаттығу	Гимнастикалық жаттығу кешені № 4				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Психоморторлық жаттығу» Көздеріңді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір - біріңе жымыңдар, Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар, Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер.	«Психоморторлық жаттығу» «Күлімдеген күн» Күн күлімдеп нұр төкті, Жақсы сөздер нұр септі, Еске сақтап кеңесті, Кел,қосылып айтайық бір-бірімізге..	«Психоморторлық жаттығу» «Табиғатпен үндестік» Шеңбер бойлап жүреміз, Әр гүлге көңіл бөлеміз. Сұлулық пен махаббатты Сезініп өмір сүреміз.	«Психоморторлық жаттығу» *«Біз әдепті баламыз»* Әдеп сақтап әманда, Әрбір адал адамға. Жасасаң бір қамқорлық, Қайтарады саған да.	«Психоморторлық жаттығу» Көңілденіп күлеміп, Бақытты боп жүремін. Бәрін біліп алатын, Мен ақылды баламын.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту	**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы** Дыбыстар әлемі	**Сауат ашу негіздері**	**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы.** Буын	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы.** «Арыстан мен тышқан!

	Тақырыбы Отбасының күзгі еңбегі **Міндеті:** Тақырып бойынша ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту Педагог күз мезгілінің суретіне қарап, әңгіме құрайды: «Күз мезгілі, бақшаның іші сары алтындай жарқырап тұр. Ағаштардан түскен жапырақтар жерде саудырап жатыр». Жапырақтардың түстері қандай? Бақшада кімдер жүр? Бақшадағы балаларға ат қойыңдаршы? Бақшада балалар не істеп жүр? Әкесі мен анасы не жинап жүр? Балалар суретке қарап, әңгіме құрайды	**Міндеті:** дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту Падагог оқу қызметін **«Не қалай дыбыстайды?» ойыны** арқылы бастайды. Балаларға сұрақтар қойылады, балалар жауап беріп, әр құстың даусын салады. 1. Әтеш қалай дыбыстайды? – .. 2. Қарға қалай дыбыстайды? – . 3. Бұлбұл қалай дыбыстайды? – . 4. Аққу қалай дыбыстайды? – 5. Торғай қалай дыбыстайды? –	**Тақырыбы.** Дыбыстар әлемі **Міндеті** дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту Лашын көкте самғайды, Лашын көкті шарлайды. – Өлең не туралы және қай дыбыс қайталанып тұр? [Л] дауысты ма, дауыссыз ба? Қай дыбысқа жататынын анықта? Жасалу жолына мән бер. (үнді дауыссыз дыбыс) Педагог құстарға байланысты тыйым сөздермен таныстырады. 1. Құстың ұясын бұзба, 2. Ағашты сындырма. 3. Құстардың жұмыртқасын сындырма. 4. Құсқа тас лақтырма	**Міндеті** сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру. **«Сөз жарыс» дидактикалық ойыны** – Балалар, «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: ыдыстар, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады). Қаламдарды санау арқылы жеңімпаз анықталады.	**Міндеті** таныс сюжеттер бойынша қойылымды сахналауға дағдыландыру **Жұмбақ ойын: «Айна».** Педагог бір кейіпкердің қимылын, көңіл күйін көрсетеді. Балалар педагог салған кейіпкердің көңіл күйін қайталайды. Қандай кейіпкер екенін табады. Педагогті балалар ауыстырып ойнауына болады. Педагог ертегіні драмалық театр арқылы сахналауды ұсынады. Сиқырлы қоржыннан алған ертегі кейіпкерлерінің суреті бойынша рөлдерге бөлінеді. Ертегіні драмалауда сиқырлы қоржыннан текшелер таңдап алады. Педагог балаларды безендірілген сахна алаңына шақырады. Қоржыннан театр костюмдерін шығарып, кигізеді. Қалған балалар көрермен болады. Сахналау аяқталған соң балалар көрермендерге иіледі. Көрермендер қол шапалақтайды

Үзіліс : Жабық және ашық кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар **Ойын: «Тығылыспақ»**

Саусақтарға арналған гимнастикалық жаттығулар:
Қысқыштармен ойналатын ойын
Ойын шарты: Түрлі-түсті қатты қағаздардан дөңгелектер жасап, сондай түсті қысқыштарды қыстырса, гүлдер пайда болады. Ол баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді.
«Жаңғақтармен ойын »
Ойын шарты: балалардың әрқайсысына жаңғақтар таратылады. Жаңғақты алақанның арасына салып, айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жаттықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды.

Ойын: «Тығылыспақ»
Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту
Жасы: 5-6 жас аралығы
Қажетті заттар:
Ойын барысы: барлық балалар екі топқа бөлініп, топ басшылары тағайындалады. Санамақ арқылы қай топтың жасырынып, қай топтың іздейтіні анықталады. Ойынға «қала», яғни барлық ойыншылар жиналатын жер (ағаш, жар, есік, т.с.с.) таңдалынады. Жасырынатын топты топ басшылары жасырып, өзі қайтадан бұрынғы орнына оралады да, қарсылас топтың қай бағытта қозғалғанын «біз қазір .....(қай жер екенін)» айтып отырады. Ал жасырынған топ болса осы көмекті пайдалана отырып, жасырынған жерде отырады, ыңғайлы сәт туғанда «қаланы» жаулап алады. Егер іздеушілер жасырынушы топтың бір қатысушысын байқап қалса, онда оның аты мен жасырынған жерін дауыстап айтады да, барлығы «қалаға» қарай жүгіреді. «Қалаға» бірінші жеткен топқа ұпай беріледі. Жасырынған топ мүшелері іздеуші топ өздерін таппастан бұрын «қалаға» бірінші жетіп, ұпай ала алады.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қоршаған орта	**Математика негіздері** **Тақырыбы**: Дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш,	**Математика негіздері** **Тақырыбы** Дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш,	**Математика негіздері** **Тақырыбы** Дөңгелек және сопақша	**Қоршаған орта** **Тақырыбы** Менің елімнің салт-дәстүрі **Міндеті** ата-бабаларымыздан қалған

	Тақырыбы: Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме? **Міндеті** Күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырата білуге үйрету. **«Қайсысының жапырағы екенін тап» атты дидактикалық ойын** ойнауға шақырады (әліппе-дәптердегі тапсырма). Мақсаттары: Балаларды ағашты жапырағына қарап тануға үйрету. Ағаштар мен бұталардан түскен жапырақтарды жинау. Педагог жапырақтың қандай ағаштан немесе бұтадан түскенін анықтауды, түспеген жапырақтарға қарап дәлелдеуді (ұқсастығын табуды) ұсынады. Ойын аяқталған кезде педагог мынадай уәде береді: (Педагог уәделерді айтып тұрады, балалар қайталайды). *Ағаштардың бұтақтарын жұлмауға уәде береміз!* *Ағаштарды суғаруға уәде береміз!* *Ағаш жапырақтарын жұлмауға уәде береміз!* *Ағаштың қабығын сыдырмауға уәде береміз! Ағаштардың түбін қопсытуға уәде береміз!* *Ағаш діңдерін әктеуге!* *Айғайлап құстарды үркітпеуге уәде береміз!*	үшбұрыш **Міндеті** геометриялық фигуралардан модельдеу біліктілігін қалыптастыру Бұл не? (Шаршы.) – Оның жиектерін саусағыңмен жүргіз. Саусағыңды дайында. Саусағыңмен солдан оңға қарай жүргізесің, бұрышқа жетіп бұрыласың, саусақпен жоғарыдан төменге түсесің, бұрыласың, саусағың оңнан солға қарай жүреді, бұрышқа жетіп төменнен жоғарыға саусағыңды жүргізесің. (Әр баланың үстелінде белгілі бір түрдегі фигуралар жиынтығы бар.) – Біз саусағымызбен нені қоршап жүргіздік? (Шаршы.) – Тіктөртбұрышты көрсетеді, атайды, бұл геометриялық фигура – тіктөртбұрыш. – Оның жиектерін саусағыңмен жүргіз. Саусағыңды дайында... – Тіктөртбұрыш пен шаршының не айырмашылығы бар? Шаршыны тіктөртбұрышпен беттестіреді. – Қараңдар, бір қабырғалары бірдей, ал басқа екі қабырғалары әртүрлі. Тіктөртбұрыштың қабырғалары шаршыға қарағанда ұзынырық	үшбұрыш **Міндеті**: геометриялық фигуралардан модельдеу біліктілігін қалыптастыру . «Сипаттап табу» дидактикалық ойыны Балалар топтағы кез келген затты, оның қандай геометриялық пішінге ұқсайтынын, түсін сипаттайды. Қалған балалар шешуін тауып, затты атайды	**Міндеті** сопақша геометриялық фигура туралы ұғым қалыптастыру «Көліктерді гаражға кіргізу» дидактикалық ойыны. Балаларға геометриялық фигуралар таратылады. Балаларға ойын ережелері түсіндіріледі. Өздеріңді мәшинемін деп елестетіңдер, ал геометриялық пішіндер – «мәшинелердің нөмірлері», «гараждар» – белгілер – геометриялық фигуралар бейнеленген орындықтар. Белгі бойынша «мәшинелер» топ бойынша жүріп өтіп, гаражға «кіреді». «Мәшинедегі» гометриялық фигура «гараждағы» фигурамен бірдей болуы тиіс. Орындықтардың орындары ауыстырылады. Ойын қайталанады.	салт-дәстүрді жоғалтпай әрі қарай жалғастыру керектігін түсіну; салт-дәстүрдің адам өміріндегі маңызы туралы алғашқы түсініктерінің болуы. **«Бесікке бөлеу» ойыны** Педагог алдын ала дайындаған қуыршақты, бесікті алып шығады. Бір қызды қасына шақырады. Кішкентай қыз бесікке қуыршақты жатқызып, бөлейді, тербетеді. Бесік Айтайын әлди өлеңін, Қуанышым, өлеңім. Ұйықта, ұйықта, бөбегім. Әлі өзің жетексіз, Батыл басып кетерсің. Оқу оқып, білім ап, Мақсатыңа жетерсің жырын айтады:
Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар « Көбелектер бақалар»					

Ойын: «Алыптар мен ергежейлілер» **Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. **Ойынның шарты:** Арнайы сызықпен қоршаған ойын алаңында балалар жүгіріп ойнап жүреді. “Алыптар” мен “құғыншымын” қолын жоғары көтереді де өзіне ең жақын жүрген ойыншыны қуа жөнеледі, “ергежейлілер” жүгіреді. **Ұсыныс:** Егер қуып жетсе, екеуі орын ауыстырып, жаңа құғыншы, ойынды әрі қарай жалғастырады. 	 	 	**Ойын: « Көбелектер бақалар»** **Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жәндіктерге қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу. **Ойын барысы:** Батпақтың шекарасы төртбұрышты етіп белгіленеді. Мұнда бақалар өмір сүреді. Гүлдерге көбелектер ұшып келіп қонады. Ұлдар бақа сияқты секіреді, қыздар көбелектер сияқты ұшады. **Ұсыныс:** ойында көбелектер, бақалар болып балалар ойынаушылар қатысады, тәрбиеші де қат ысады.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Тақырыбы** Жидектер **Міндеті** сөздік қорларын жидектердің атымен толықтыру **Ойын жаттығуы: «Бір сөзбен айт»** Таңқурай, қарақат, құлпынай бір сөзбен қалай аталады? Жидектер. Алма, өрік, құрма бір сөзбен қалай аталады? Жемістер. Қияр, қызанақ, сәбіз, пияз бір сөзбен қалай аталады? Көгөністер.	**Қазақ тілі** **Тақырыбы:** Ойнайық та ойлайық **Міндеті** өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталау, білімдерін бекіту . **Ойын ойнауға шақырады. «Қызық екен» ойыны** Балалар екі топқа бөлінеді. Педагог балаларға түрлі түсті суреті бар парақтарды таратады.Олар түсі бірдей парақтарды бір-бірімен біріктіреді. Екі топқа ортақ тапсырма беріледі, топтар кезекпен жауап береді. Әрбір жауап бір ұпай. **Тапсырма**. Күз тақырыбы бойынша сұрақтар: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ата? Күз айларын ата? Күз туралы тақпақ оқы? Сурет бойынша сөйлем құра. **Көкөністер.** Қандай көгөністерді	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** Отбасының күзгі еңбегі **Міндеті** , Тақырып бойынша ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту Сөйлеу үшін бізге қандай мүшелер көмектеседі? (Балалардың жауаптары тыңдалады). Иә, тіл, ауыз керек, онсыз түсінісу өте қиын. Педагог бір баланы тақтаға шығарып, картоп қазып жатқан, алма теріп жатқан, қияр, қызанақ жинап жатқан адамдардың қимыл-қозғалысын келтіреді. Қалған балалар табады Бірақ балаларға сөзсіз қимылмен түсіну қиындау болады, сөздің маңыздылығын түсінеді. Міне, қимылмен келтіргенмен толық, еңбек қозғалыстарын аша алмаймыз. Сондықтан да сөйлеу тілі өте маңызды. Әңгіме айту үшін сөз керек екен. Сөз дыбыстан құралады. Әңгімелесу	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** «Арыстан мен тышқан! **Міндеті** таныс сюжеттер бойынша қойылымды сахналауға дағдыландыру. 1. Суреттерді қара. Арыстан тышқанға не айтты? Тышқан арыстанға қалай көмектесті? Тышқанның тапқырлығы туралы өз ойыңды айт. Досыңмен диалог құр. 2. Суретте қандай аң жасырынып тұрғанын тап. Педагог балалардың суретте қандай аң жасырынып тұрғанын табуына көмектеседі. Жеке жұмыс жүргізеді.	**Шығармашылық бейнелеу әрекеті** **Тақырыбы:** Бидай масақтары **Міндеті:**- - балаларға дәнді дақылдардың түрлері туралы білім беру -- балалардың шығармашылық қабілетін дамыту,мүсіндеп мазмұнын бере білуді үйрету -Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию -- ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу **Топтық жұмыс**

		білесің? Артығын тап? (Қызанақ, сәбіз, алма, пияз) *қима суреттерден көрсету.* Сурет бойынша сөйлем құра.	арқылы бір- бірімізбен қарым-қатынас жасаймыз. Ойын: «Сөйлемей көрейікші» (үндемес ойыны ойналады). Педагог: «Орындарыңнан тұрыңдар», – деп ымдайды. Міне, көрдіңдер ме, сөзсіз өмір сүру өте қиын. Сондықтан да сөйлеу тілі өте маңызды		

Үзіліс: Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Жоғарыда–төменде, биік-аласа»

Артикуляциялық жаттығулар:

Балықтар

Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді,
Үп-үлкен ағаш жағада жатты,
Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп
Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді,
Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп,
Ал төртіншісі тоңа бастады,
Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады,
-Жүзіндер мына жерден,
Әйтпесе жұтып қояды!

«Тіс щеткасымен ойын» жаттығу.

Ойын шарты: Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады.



Ойын: «Жоғарыда–төменде, биік-аласа»
Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру
Жасы: 5-6 жас аралығы
Қажетті заттар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.
Ойын барысы: Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Дене шынықтыру **Тақырыбы** «Ақылдылар» **Міндеті:** Эстафета элементтерін пайдаланып, қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру, бұйрық бойынша тапсырмаларды орындау шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру, өзінің жеке қызығушылықтарын команда қызығушылықтарына бағындыру **«Кім зейінді?»** ойын-жаттығуы. Педагогтің бұйрығы бойынша	**Музыка** **Тақырыбы** «Күзгі жаңбыр» **Міндеті:** Музыканың сипатын түсініп, эмоцияларын көрсете білуге дағдыландыру **Музыка тыңдау:** «Жаңбыр шақыру (Д. Ботбаев) Ән айту: «Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев) «Күзгі әуен» (А.	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы** Бізбен бірге және бізден артық орында» **Міндеті** Баланың қимыл-қозғалыс жүйесінің дамуына жағдай жасау. Әртүрлі жүру түрлерімен жүруге үйретуді жалғастыру (аяқты айқастырып жүру, отырып және жартылай отырып жүру **Ойын: «Орындарыңды ауыстырыңдар». (6 рет).** Зал ортасына арқан төсейді, осылайша зал екіге бөлінеді.	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы «Біз – болашақ әскерміз!»** **Міндеті -** Әртүрлі қимылдар тізбегін орындау дағдыларын дамыту. Бір-бірден қозғалыс кезінде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіріп, тізбекпен жүру, жүгіруді жалғастыру **«Бірінші бол!» (3 рет).** Жүргізушіні алмастырып	**Музыка** **Тақырыбы** Сабантойды тойлаймыз» **Міндеті** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту **Музыка тыңдау:** «Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова) **Ән айту:** «Сабантой» (Е. Хасанғалиев) «Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Марш» (Е. Андосов) **Билер:** «Көңілді қолшатырлар биі (педагогтің таңдауымен)

	тізбек және сапқа тұрады. Сапқа тұруды қыздар мен ұлдар бөлек орындайды. Педагогтің сол жағына қыздар, оң жағына ұлдар сап түзеп тұрады. Педагогтің бұйрықтарын жылдам орындап, сапты бұзбауға тырысады. Сызық алдына екі тізбекке тұрады	Досмағанбет) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңд. Т. Ломова) **Билер:** «Көңілді қолшатырлар» биі (педагогтің таңдауы бойынша) **Ойындар, хороводтар:** «Күн мен жаңбыр» ойыны	Әр команда залдың екі шетінде тұрады. «Қаш!» деген белгі бойынша өз алаңдарынан қарама-қарсы алаңға шашырап жүгіреді. Ойыншылары толық екінші алаңға өткен команда жеңімпаз атанады.	жүгіру. Педагогтің белгісімен аты аталған ойыншы ең алдыға тұра қалып, жүргізуші болып, жүгірісті басқа бағытта жалғастырады. Басқа баланың аты аталғанда сол бала жүргізуші болады. Осылайша олар ауысып отырады. Қолдарын кеудесіне дейін жоғары қарай алдыға қозғалтып, ішке тартып, шынтағымен артқа шығару керектігіне назар аударту. Нұсқау: қысқа қадамдар жасап, аяқ басымен аттап жүгіру.	Ойындар, хороводтар: «Теңге алу» қазақтың ұлттық ойыны («Адай» Құрманғазы, үнтаспадан)
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	**Бақылау:** Ауа-райын бақылау. **Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. **Еңбек: «** Таза алаң » . **Мақсаты:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. **Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов « Күшік » .** **Мақсаты:** Үдыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. Е.Өтетілеуов. « Күшік » . Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап **Ойын:** « Қасқыр мен қаздар » . **Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. **Қимылдық ойын:** « Тымпи-тымпи » . **Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. Ойын барысы:Тымпи-тымпи ойынын бастаушы дөңгеленіп отырған ортасына шығып: « Тым-тырыс, тымпи-тымпи » ,-дейді.Осы сәтте қалған адамдар үндемеуге тиіс.Ортаға шыққан адам әр түрлі әзіл, сықақ, қызықты әңгімелер айтып отырғандарды күлдіруге тырысады.Белгілі уақытқа дейін өзінің осындай « өнерімен » ешкімді күлдірте алмаса, жеке адамның жанына барып , соны күлдіртуге күш	**Бақылау:** Күзгі жапырақтарды бақылау. **Мақсаты:** Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. **Еңбек** : Жапырақтардан гүл шоғын жасау **Мақсаты:** Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. **Жеке жұмыс: « Күзгі жапырақ » тақпақ** Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей **Мақсаты:** Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту. **Ойын:** « Аю жүрген орманда » . **Мақсаты:** Қимыл қозғалысын дамыту **Қимылдық ойын :** « Монданақ » . **Ойын барысы:** Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады.Ортаға біреу шығады.Отырғандар тізерлеп: « Әне кетті монданақ,міне кетті монданақ » ,-деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды.Оны жасыра алмаған ойыншы ортаға шығады. **Балалардың өз бетімен ойнауы:** 1.Орта доп 2.Өткеншек тебу 3.Қуаласпақ **Тренинг:** « Бір шаңырақ астында » .	**Бақылау:** Алтын күзді бақылау. **Мақсаты:** Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау.Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату. Қуандырып біздерді, Мерекелі күз келді Кел жемісті алтын күз Кемелденсін халқымыз. Қимылдық ойын: « Жылғадан қарғып өтеміз » , « Қоян мен қасқыр » . Мақсаты:Ептілікке, жылдамдыққа бірлесіп ойнауға үйрету. **Еңбек** : « Таза алаң » **Мақсаты:** Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету. **Жеке жұмыс: « Отбасы мүшелері »** **Мақсаты:** Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету. **Қимылдық ойын:** « Көрші » . Мақсаты:Балалардың ептілікке , сезімталдық,кеңістікті бағдарлай білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту.Шапшаң қимылдап, жылдам жүгіруге үйрету. **Ойын барысы:** Балалар екі-екіден қол ұстасып , бірінің артына бірі тұрады.Олардың алдынан 3- 8 метр жерден сызық жүргізіледі.Ол сызықтың бойында торуылшы бір бала тұрады.Тәрбиешінің белгісімен ең артында тұрған бала, балалар тобының екі жағымен жүгірген бойы сызықтан өтіп қайтадан қол ұстасуы керек. Егер ұстап алса , қолынан жетектеп әкеліп , топтың алдына келіп тұрады.Ал қалған	**Бақылау:** Жәндіктерді бақылау. **Мақсаты:** Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады?Мінекей, құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр. « Қыстың қамын жаз ойла » . **Еңбек** : Біздің алаң. **Мақсаты:** Ауладағы жапырақтарды жинау.Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету. **Жеке жұмыс: Тыйым сөздерді жаттату.** **Мақсаты:** « Суға түкірме « , « Нанды баспа » , « Дастархан басында көкірме » т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру. **Қимылдық ойын: « Итеріспек »** **Ойын барысы:** Ойын көгалда өткізіледі, үлкен шеңбер сызылады, ортаға екі ойыншы шығады.Егер бір аяқпен секіріп жүріп , екі баланың біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен қарсыласын шеңберден итеріп шығарса жеңгені. Аяғын жерге тигізіп алса, жеңілгені.Ойын жалғаса береді. **Балалардың өз бетімен ойнауы:** 1. Тығылыспақ. 2. Тартқышқа тартылу. 3.Допты қуалау.	**Бақылау:** Күнді бақылау. **Мақсаты:** Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле (жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу. **Қимылдық ойын:** « Таяқшадан аттап өт » , « Қуаласпақ » Мақсаты: Жылдамдыққа , ептілікке баулу. **Еңбек** : Гүл шоғы. **Мақсаты:** Алаңдағы жапырақтарды жинап , олардан әдемі гүл шоғын жасау. **Жеке жұмыс:** Е.Өтетілеуұлы . « Бағдаршам » **Мақсаты:** Бағдаршаммен таныстыру.Жолда жүру ережелерін түсіндіру. Е.Өтетілеуұлы « Бағдаршам » Сақта көше тәртібін Бағдаршамның ал « тілін » Біліпт алдым мен де: Жасыл жанса, демде Алға кетем лезде. Сары жанса , сабыр Сақтай тұрам әзір. Жанса қызыл шоқтай, Қаламын кілт тоқтай. **Қимылдық ойын: « Үрпек төбет »** **Мақсаты:** Тез жүгіре білуге үйрету, жылдамдыққа , батылдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы: Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол ортада отырады.Қалған балалар оған жай ғана жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді: Алдыңғы екі аяққа басын сұғып, Әнекей жалбыр төбет жатыр сұлық, Белгісіз жатқаны ұйықтап, яки қалғып, Момақан, сырт пішіні жуас салғырт Ояталық жақындап барайық та, Қайтер екен содан соң-қарайық та. Төбет орынан ұшып тұрып үре бастайды.Балалар қаша жөнеледі.Төбет оларды қуа жөнеледі.Балалардың бәрі

	салады.Әзіл-сықақтары әлсіз, әсерсіз болса, аузы-мұрнын қисайтып, түрлі қолайсыз қимылдар жасап күлдіруге әрекет етеді. Осы сәтте әлгі ойыншы үн шығармауға, ортадағы адамның сұрағына жауап бермеуге тырысады.Ал, сөйлеп , күліп қойса айыпкер саналады. Айыбы үшін өлең айтып би билейді.Айбын өтегеннен кейін ол ортаға шығып, ойынды басқарып кетеді. **Балалардың өз бетімен ойнауы:** 1. Әткеншек тебу. 2. Допты қуалау **.** **Тренинг:** « Біз біргеміз » .		біреуі торуылшы болып, сызықтың үстінде қалады. Балалар жүгіріп келе жатқанда торуылшы оларға арқасын беріп , теріс қарап тұрады.Ортасында тұрған қасқыр қуып береді.Қолға түскен балалар ойыннан шығып қалып, келесі ойынға кіреді.Қасқырларды ұсталып қалған балалардың арасынан сайлайды. **Дербес ойындар.** **Тренинг:** « Біз татумыз »		жан-жаққа қашып тығылады.Төбет қайтадан ортаға отырады .Ойын жаңа бастаушымен қайта басталады. **Балалардың өз бетімен ойнауы:** **1.Төбешіктен-төбешікке секір.** **2.Күн мен түн** **Тренинг:** « Күн шуағы » **.**
Балаларды үйге қайтару	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «ә» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі **4-апта** 24 - 28 қазан 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Пж ойын: «Кім көп сөз айтады?» Шарты: Педагогтың артынан бірнеше сөзді қайталап айтады	Еркін ойын: « Бұл үйде кімдер тұрады?» Шарты: Қуыршақтарымен үй жасап ойнайды	Құрылымдалған ойын: «Орнын тап» Шарты: Жемістер мен көкөністердің көлеңкесін табады	Еркін ойын: «Бауын байла» Шарты: Фетрдан жасалған аяқ киімдердің бауын байлап ойнайды.	Еркін ойын: «Ертегілер елінде» Шарты: Саусақ театр арқылы ойнайды
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үстел үсті ойыны – пазл: «Әсем гүлдер бағы » Балалармен әсем гүлдер туралы әңгімелесу.	Құрылыс ойындары: «Біздің аула гүлдері»	Фотосуреттер қарастыру: «Гүлдер,гүлдер көп гүлдер» Фотосуретте бейнеленген ойын түрлерін атау.	Үстел үсті театры: «Раушан гүлдер» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.	Сюжеттік ойындар: «Қош иісті гүлдер» еркін сурет салу. Д/ойын: «Менің сүйікті гүлім»
Гимнастикалық жаттығу	Гимнастикалық жаттығу кешені № 4				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Табиғатым тамаша» Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса.	«Дала қандай тамаша» Дала қандай тамаша, Ақ мамыққа оранған. Ақ дастарқан жайғандай, Көз тоймайды қараса.	«Табиғатқа қамқор боп» Табиғатқа қамқор боп, Байлығын біз қорғайық, Әдепті да,тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық.	«Табиғат...» Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған. Сен күнсің көтерілген күліп қырдан. Сен көлсің, сен ормансың. Сен - бұлбұлсың, Адамға сұлулықты шын ұқтырған!	«Табиғатым тамаша» Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Тақырыбы** Күзгі жапырақтар **Міндеті:** , Дауысты дыбыстардың	**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы** Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз	**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы.** Буынға бөлейік	**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы.** Ойнай отырып оқимыз	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы.** «Алтын астық»

	дыбысталуындағы ерекшеліктерді түсіндіру **Күзгі жапырақтар** Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырықық. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап	**Міндеті:** : буын туралы түсініктерін қалыптастыру **Дидактикалық ойын: «Сөйлемдерді толықтыру».** Ойын шарты: балалар педагогтің бастаған сөйлемін жалғастырады және сол сөзді буынға бөліп созып айтады. – Өзімнің үлкен бауырым ... (а-ға) – Қыз құлағындағы әшекей ...(сыр-ға) – Ат тұяғындағы темір ... (та-ға) – Қап-қара құс ... (қар-ға) – Шегені қағатын ... (бал-ға) – Ең үздік баға ...(бес) – Білім алатын құрал ... (кі-тап) – Дәптерге жазатын ... (қа-лам-сап). Өздерің жалғастырған сөздерді буынға сызба арқылы көрсетейік. Балалар тақтада жұмыс жасайды.	**Міндеті** сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіруді жалғастыр **«Буынға буын қос» дидактикалық жаттығуы** Мақсаты: басталған буынға буын қосып, сөз құрап , айта білуге, шапшаңдыққа, зейінділікке баулу. Көрнекілік: ұсақ жалаушалар, ойыншықтар. Ойын шарты: балалармен жеке-жеке немесе 2 топқа бөліп, өткізуге болады. Жылдам ойлап, келесі буынды табу. Педагог сөздің басқы буынын айтады, балалар сөзді тез аяқтайды. Ау- (ла). Ал- (ма). Са- (ра). Сә- (біз). Қа- (уын). Мысалы: үй-рек, бүр-кіт , қар-ға , тыр-на, тор-ғай, та-бақ , ә-теш, же-лім, қа-ғаз, қайшы, қа-лам, кі-тап. Ойын соңында, жеңімпаз бала, анықталып, мадақталады	**Міндеті** буындардан сөз құрауға үйрету. **«Жоғалған буын» дидактикалық ойыны Шарты**: педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құраса болады. те -(геш), те -(рек), те -(мір), те -(сік), те -(тік). ор -(та), ор -(ман), ор -(ақ). өр -(мек), өр -(кеш), өр -(ле), өр -(мек-ші) **«Буынды қос» дидактикалық ойыны** – Балалар шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, буынды қосып, сөзді жалғастырады. Мысалы:(ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады.	**Міндеті** өлеңді дауыс ырғағымен, логикалық екпінмен жаттауға дағдыландыру. **Жұмбақты шеш.** Ұзын мұртты сарылар, Қойнында дәні бар. (Бидай) . Не артық? Белгіле. Балаларға астық жинауға қатысы жоқ затты – себетті белгілетеді.

Үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар *«Мысықтар мен балалар»*

БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР
Дауыстарын қайтала.
Аң біткенмен алысқан
Ақырады **арыстан:**
А-а-а-а-а-а
Нәзік дауысы қозының
Естіледі алыстан:
Мә-ә-ә-ә-ә
Дөңгелетіп аузыңды,
Жіңішкертіп даусыңды,
Бұзаумын деп ойла да,
Дауысын оның қайтала:

Ойын: ***«Мысықтар мен балалар»***
Мақсаты: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке,алғырлыққа тәрбиелеу.
Ойынның шарты: Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады.
Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады.Балалар «кис-кис», деп шақырады.Мысықтар

Мо—о-о-о
(Балақай, жан жануарлардың дауыстарые сала отырып, кей дыбыстардың жуан кей дыбыстардың жіңішке айтылатынына зер сал)
Майлыааяқ.
Жайлау толы малды аяп,
Күзетіп жүр Майлыааяқ.
Жолатпайтын ешкімді,
Дауысы алыстан естілді:
(ақырын дауыспен) –р-р-р-р-р-р
«Тамақ жеймін ашпын д»,-деп,
«Қорқып иттер қашсын», -еп,
Күжірейтіп желкесін
Ырылдады қасқыр кеп:
(орташа дауыспен)-р-р-р-р-р-р
«Қорықпаймын сенен»,-деп,
«Сазайыңды берем»,-деп,
Дірілдетіп қасқырды
Айбатын ит асырды:
(қатты дауыспен) –р-р-р-р-р
«Мынау бәле екен» деп,
«Түбіме бұл жетер» деп,
Қорқып қасқыр жөнелді,
Қайтып келмес ол енді.
(Балақай, қасқырдан да қорықпайтын төбет иттердің болатынын сен білесің бе? Өзара екі топқа бөлініңдер де, **қасқыр мен иттер** болып алдымен ақырын, сосын орташа, ең соңында қатты дауыспен «р» дыбысын созып айтыдар.)

жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қоршаған орта
Тақырыбы: Менің елімнің салт-дәстүрі.
ұйымдастырылған іс-әрекет	**Міндеті:** Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару Дауыссыз дыбыстар. Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарды жалпылама түсіндіру; Қ.Мырза Әлидің **«Ең тәтті дүние»** әңгімесін мәнерлеп оқу **«Таңдап ал да, атын айт».** **Ойын шарты:** Аңдар мен жануарлардың қиынды суреттері ішінен біреуін таңдап алып, атын айтады және оның жүрісін салып береді	**Міндеті: -** Балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту дыбыстық талдау жасайды **Дыбыстармен жұмыс.** **«Дұрыс көрсет» дидактикалық жаттығуы** Балалар мен сендерге сөздер айтамын ал сендер сөз үш дыбыстан тұрса, үш цифрын, егер сөз екі дыбыстан тұрса, екі цифрын көтересіңдер. Мысалы: тай, май, су, бор, қол, бу, жақ, тақ, ақ, қар, лақ, ту, көл, ал, бал, жал, ол, ит, құс, он, сан, ар, бір, тұр, іл, ыр, ор, көр, із, көз, төз, мұз, шөп, көк, ұлу, сүт, үкі, би, қи, ұр, қал, бау, ау, уақ, ай т.б	**Міндеті:** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру сөздердің әртүрлі дыбыстардан тұратынын **«Кім алғыр» дидактикалық ойыны** – Балалар, алдарыңда көк түсті төртбұрыш, дөңгелек, үшбұрыш бар. Мен сендерге дауыссыз дыбыстарды айтамын, сендер дыбыс қатаң болса, көк төртбұрышты, ұяң болса, көк дөңгелекті, үнді болса, көк үшбұрышты көтересіңдер. Мысалы: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, h, ф, х, ц, ч, ш, у	**Міндеті:** Тақырыпқа сай дидактикалық ойындар арқылы дыбыс және дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау . дыбыстарды ажыратады **«Тиістісін көтер» дидактикалық ойыны** Педагог дауысты жуан және жіңішке дыбыстарды айтады, балалар қандай дыбыс екенін ажыратып, дауысты жуан дыбысқа сары түсті дөңгелекті, дауысты жіңішке дыбыстарға қызғылт сары түсті дөңгелекті көтереді. Мысалы: жуан дауысты дыбыстар – а, о, ұ, ы, у; жіңішке дауысты дыбыстар – ә, ө, е, э, і, и, ү, у.	**Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту өлеңді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру Ермек Өтетілеуұлының «Әдептілік әлемі» өлеңімен танысамыз. **Әдептілік әлемі** Қарсы ал ерте күн көзін, Төсегіңді жина өзің. Асықпай іш тамақты, Жина аяқ-табақты. Пышақты ұста оң қолмен, Шанышқыны сол қолмен, Нанды үгітпе, қадірле, Қабығымен бәрін же.

Үзіліс :

Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ **Ойын:***Жүретін саусақтар.* **Мақсаты:**Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту. **Керекті құралдар:** Суреттері бар кітапшалар. **Шарты:** Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады.		**Үстел үстінде ойналатын ойындар.** **Ойын: «Жуылмаған жемістер»**(5-10 мин) **Мақсаты:**Балалардың мәдени – эстетикалық талғамдарын байыту,жемістерді атай алу және олардан қандай тағам жасай алуға болатынын үйрету. **Керекті құралдар:**Кез-келген жеміс(сәбіз,картоп),қатты ысқыш,шұңқыр ыдыс. **Мазмұны:** Ортаға үстел қойып,сол үстел үстіне әкелген сәбіз бен картопты көрсетеміз.Одан кейін оны щеткамен қалай жууға болатынын көрсетеді.Балаларды кезек-кезек шақырып алып,оларға жемісті жуғызып,артынан сол жемістерден салат жасалады.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қоршаған орта **Міндеті:** Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну көлік түрлерімен таныстыруды жалғастырып, олардың қарапайым құрылысы және қажеттілігі жайлы түсіндіру **Демонстрациялық материалмен жұмыс**.	**Математика негіздері** **Міндеті: :** - апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту апта күндері туралы білімдерін қалыптастыру Педагог аттары апта күндеріне сәйкес келетін ағайындылармен ойын ойнауға шақырады: дүйсенбі ... жексенбі. Ағайынды апта күндері	**Математика негіздері** **Міндеті:** - апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту Уақыт туралы ұғымдарды қалыптастыру жұмысын жалғастыру	**Математика негіздері** **Міндеті:**- апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту сандық және реттік санау дағдыларын жетілдіру. Жұмбақ Жаңбыр жауып басылды, Аспан шәйдай ашылды. Қызыл, сары, жасылды, Көк те бір зат асылды.	**Қоршаған орта** **Міндеті:**- -Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту мамандық түрлері, олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру – Қандай мамандық иелері бейнеленген? Суретте суретші, дәрігер, мұғалім,

	– Мынау қандай мәшине? – Өртсөндіргіш мәшинесі. – Ол не істейді? – Өрт сөндіреді. – Мынау қандай мәшине? – Жедел жәрдем мәшинесі. – Ол қандай қызмет көрсетеді? – Жедел жәрдем дәрігері ауырған адамдарға көмек көрсетеді. – Мына мәшинелер қалай аталады? Қандай қызмет көрсетуге арналған? – Апаттық мәшине, полиция мәшинесі. – Бұл көліктер арнайы көліктер деп аталады. Олар адамдарға шұғыл көмек көрсетеді. Бұл мәшинелер арнайы жабдықталған. Жедел жәрдем мәшинесінде қандай құрал-жабдық болады? – Дәрі-дәрмек, оттегі (ауа) толтырылған баллоны т.б. – Суреттен тағы қандай мәшинелерді көріп тұрсыңдар? – Жүк көлігі т.б. – Олардың ең басты қызметі қандай? – Жүк тасу. Бұл көліктерді құрылыста да қолданады. – Мына көліктерді атаңдар. – Автобус, пойыз, ұшақ, кеме. – Бұлардың ортақ атауын табыңдар. – Жолаушылар көлігі. – Жолаушылар көлігі не үшін қажет? – Жолаушылар көлігі адамдарды бір жерден екінші жерге жеткізеді. – Алыс жерлерге қандай көлікпен жетеміз? – Алыс жерлерге ұшақ, кеме, автобус, пойызбен жетеміз. – Ал қоғамдық көлікке не жатады? – Қоғамдық көлікке автобус, троллейбус, трамвай жатады. – Қоғамдық көлікте тәртіп ережелері болатынын білесіңдер ме? Қандай тәртіп ережелерін білесіңдер?	бейнеленген суреттерді қарайды. Оларды санайды (7). Атауы мен ретін хормен қайталауды сұрайды: дүйсенбі – бірінші күн, сейсенбі – екінші күн. Педагог ағайынды апта күндері әрқашан рет-ретімен келетінін айтады. Олардың реттілігін жаттап алу керек. Одан кейін күндерге реттік нөмірлер тағайындауды сұрайды және олардың астына 1-ден 7-ге дейін цифрлар жазылған карточкаларды қояды. Олардың атауларын қайталайды. Ойын жаттығуы: «Дұрыс ата» Педагог цифрды көрсетеді, балалар апта күндерін атайды	Ойын жаттығуы: «Ұқыпты бол» Педагог ойын шартын түсіндіреді:мен апта күндерін атаймын, сендер алақан соғасыңдар. Аптаның Сәрсенбі күнін атағанда алақан соқпайсыңдар	(Кемпірқосақ) Кемпірқосақтың неше түсі бар? Апта күндеріндей Кемпірқосақтың да жеті түсі бар Апта күндерін кемпірқосақтың түсімен бояу **«Келесі апта күнін ата» (доппен) дидактикалық ойыны** Балалар шеңберге тұрады. Бір бала допты лақтырады, аптаның күнін атайды. Екінші бала допты ұстап алып, аптаның келесі күнін атауы керек	шахтер бейнеленген. Балалар мамандық иелерін атайды. Балалар жауаптардың ортақ атауы – мамандық екенін табуы керек. – Қалай ойлайсыңдар, кім қайда жұмыс істейді? – Суретші шеберханада сурет салады. Дәрігер ауруханада, адамдарды емдейді. Мұғалім мектепте, балаларға білім береді. – Ал сендердің ата-аналарың қайда жұмыс істейді? Балалар ата-аналарының қайда жұмыс істейтінін, қандай мамандық иелері екенін айтады. – Балалар, мен тағы бір мамандық иесін атағым келіп тұр. Ол мұғалім де болады, пойызды да жүргізеді, ұшқыш та бола алады, кішкентай баланы да ойната алады, бірақ үнемі экранда жүреді. Оның кім екенін білесіңдер ме? – Ол – актер. – Енді барлықтарың актер боласыңдар. Кім мамандық иелерін қимылмен, ыммен көрсетеді? Балалар оларды қимылмен бейнелейді. – Балалар, сендер үлкен болып өскенде әрқайсысың мамандық таңдайсыңдар. Сендер өздеріңнің болашақтарыңды қалай қиялдайсыңдар? Сенің қиялыңдағы болашаққа қандай мамандықтар керек? Балалар өздерінің кім болғысы келетіндігі туралы әңгімелеп, қиялындағы әлемде ол таңдаған мамандықтың қалай өзгеретіндігі туралы ойларын ортаға салады.
Үзіліс:					

Сюжеттік - рөлді ойын:* «Көше»** ***Мақсаты:Балаларға бағдаршамның атқаратын жұмысын, автобусқа міну, көшеден өту ережелерін үйрету. ***Жағдаят:*** **Бағдарламалық мазмұны:** 1.Балаларға көліктердің түрлері, жүргізушілердің еңбегі және көше қозғалыстарының ережесі туралы түсінік беру. Көше ережелерінің белгілерін түсінуге, ажырата білуге үйрету, көше қозғалыстарының ережелері жайлы білімдерін кеңейту. 2.Көше қозғалыстарының негізгі ережелеріне бағына білуге тәрбиелеу. Ойын атрибуттарын жасау, реттеушіні, жаяуларды, жүргізушілердің рөлін ойнауды уйрету. **Атрибуттар:** түрлі көліктер, коляскалар, велосипедтер, бағдаршам, белгілер, реттеушінің жұмыс киімі, жаяуларға арналған белгілер, жаяулар, жүргізушінің куәлігі,реттеушінің таяғы. Қатысушылар: полиция-реттеушісі, МАИ инспекторы, жүргізушілер, жаяулар. 	***Саусақ ойындары*** **Ойын:« Су толтыру»** ***Мақсаты:*** Қол ептілігін дамыту,ас ішкенде қалай отырып,қасықты қалай ұстайтынын,ыдыстар қалай тұратынын үйрету. **Керекті құралдар:**шұңқыр қасық,шұңқыр тәрелке мен күрешке. **Мазмұны:** Үстел үстіне шұңқыр ыдысқа су құйып қоямыз.Одан кейін 1-ші тәрбиеші өзі көрсетеді.Ыдыстағы суды қасықпен алып,ақырын төгіп алмай күрешкеге құямыз.Осы іс-әрекет бірнеше рет қайталанады. **Тіл дамыту жаттығуы**	***Саусақ ойыны:* «Не өзгерді?»** ***Мақсаты:*** Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру. **Көнекіліктер:** Жеміс пен көкөністің мульяжы. **Ойын барысы:** Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бір-екі түрін араластырып қойып. Балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністің арасынан біреуін алып жасырып қояды. Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. Ойын осылай жалғасады, барлық балалармен бірге ойналады.   **Тіл дамыту жаттығуы**	**Психологиялық ойын:** **Ойын: «Атомдар мен молекулалар»** **Мақсаты:** Бұл ойынды өткізудегі мақсат, сіздердің ұжымдарыныздың бірлігін, ынтымақтастығын анықтау. Ал ойынның атом мен молекула деп аталуы тақырыпқа сай индиго балалардың ДНҚ құрылымының өзі басқа балалардан өзгеше. Яғни ағзасында хромосомалар құрылымы өзгерген. ***Ойын шарты:*** «Барлық ойыншылар кең, бос бөлменің ішінде ары-бері қалай болса солай жүреді, бұл уақытта олар атомдар болып есептеледі. Біздің білетініміздей атомдар молекулаларға айнала алады. Молекулада 3, 4, 5, атомдар бола алады. Ойыншыларға команда бойынша молекулаларға айналу керек. Егер жүргізуші үш десе ойыншылар үштен бірігуі қажет. Реакция бітті деген белгі бойынша қатысушылар қайтадан атомға айналады. Осылайша ойынды бірнеше қайталауға болады». 	**Қабылдауды дамыту және қалыптастыру жаттығулары** **Ойын: *«Дыбыстарды анықта» жаттығуы*** ***Мақсаты:*** Балалардың фонетикалық дыбыстарды менгерту, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. ***Ойын шарты:*** Фонематикалық айыруға қабілетін дамытуға арналған. Бұл қабілеттер оқуға, жазуға, шетел тілдеріне табысты оқытудың негізінде жатыр. Балаға түрлі заттар бейнеленген суреттер ұсынылады (2-сурет). Баланың бұл затты білетіндігін тексеріңіз. Содан кейін сіз кез-келген сөзді айтыңыз және баладан сол дыбыстан басталатын затты көрсетуін өтініңіз. Мысалы, сіз «сүт» сөзін айтасыз, бала «сиыр» суретін көрсетеді, өйткені екі сөз де «с» әрпінен басталады. 

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Міндеті:** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту **Сөйлемдерді тыңда**. Балалар әр апта күнінде не істеді? Суреттен көрсет. Балалар дүйсенбіде доп ойнады. Сейсенбі күні серуенге шықты. Сәрсенбіде сурет салды.	**Қазақ тілі** **Міндеті**: Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру **Ғажайып сәт**. Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** -бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру Дауыссыз дыбыстарды ажырата білу дағдыларын дамыту «Ең тәтті дүние» әңгімесін Рөлге ойнау. **Жаңылтпаш жаттау** Педагог жаңылтпашты қайталау арқылы балалардың	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** -Өленді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Әдептілікке, кішіпейілділікке, сыпайылыққа тәрбиелеу Педагог «Әдептілік әлемі» өлеңін екінші қайтара оқып, мнемокесте бойынша жаттатады **Дидактикалық ойын:**	**Шығармашылық бейнелеу әрекеті** **Міндеті:** - балалардың қоршаған ортадан алған әсерлерін көрсете білуге үйрету, Қазақстанның кең байтақ екенін түсіндіріп, білімдерін кеңейту; - Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу. - Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен

	Бейсенбіде би билеп, ән салды. Жұмада жидек терді. Сенбіде кино көрді. Жексенбіде үйлерінде демалды. Балалар осылай бір аптаны өткізді. Педагог сөйлемдерді оқиды, мазмұнын түсіндіреді. Апта күндерін бірнеше рет қайталатып айтқызады: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі	– Сәлеметсіздер ме?! Қуыршақтар хат алып келеді. Педагог: Қараңдаршы, бізге хат келіпті (ішінде алдын ала салынған балалардың ата-аналарының суреті). – Қандай керемет, мына суретте кім бар? Бала отбасы мүшелерінің фотосуреттерін тауып, олар туралы әңгімелейді	тілін жаттықтырады. Қай тай лақтай? Қай лақ бармақтай?	**«Не істеу керек?»** **Ойын шарты:** Сұрақтарға жауап алу арқылы балаларды әдептілікке жетелеу. – Үлкен кісіні ... керек. – Үлкендердің ... алу керек. – Кішілерге ... керек. – Ойыншықтарды ... керек	бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару - Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану. Сюжеттік композицияларды салдырып.мүсіндепп,жапсырып,құрастыру **Топтық жұмыс**

Үзіліс: .

Аз қимылды ойын:«Кім алысқа» **Мақсаты :** Жүгіру арқылы балалардың аяқ бұлшықеттерін дамытып, жетілдіру. Мәре ұғымын түсіндіру. Шапшаңдылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу. **Ойын шарты:** Балалар ойынды ұлдар мен қыздар болып ойнайды. Ең алдымен ұлдар арасында, содан қыздар арасында жүгіріп, мәреге жетулері керек. Белгіленген мәреге жеткен ұл мен қызды мадақтау. Содан екі жеңімпазды жарыстыра жүгірту, мәреге ең бірінші болып жеркен баланы жеңімпаз ретінде таниды. 	***Қимылды ойын:*****«Сақинаны лақтыр»** **Мақсаты** : Балалардың қол бұлшықеттері мен көздің жақсы көруін жетілдіріп, жақсарту. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Тепе –теңдікті, дәлдікті сақтай білуге тәрбиелеу. **Ойынның шарты :** Балалар ойынды кезектесіп ойнайды. Балалардан 20-30 метрдей қашықтықта сақинаны тізетін зат қойылады, ал балаларға ойыншық сақиналар таратылады. Балалар көздеп тұрып, сақиналарды таяқшаға кигізулері керек. 	**Сюжетті-рөлді ойын:** **« Құрылысшы »** **Мақсаты:** Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру. **Тәрбиешінің іс-әректі:** Қаншама үйлер, мектеп, балабақшаны құрылысшылар салатынын түсіндіру. Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету. Құрылысшы маманының еңбегі зор екенін саналарына сіңіру. Еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу. 	***Қимылды ,еңбек ойын:*** **«Ойын алаңын тазалау »** **Мақсаты:** Балаларды білесіп жұмыс істеуге, тазалыққа үйрету. **Құралдар:** Сыпыртқы, күрек, қап; **Ойын шарты:** Қыздар ойын алаңын сыпырады, ал ұлдар қоқысты күрекпен қапқа салады. Тәрбиешінің басшылығымен қапты қоқысқа төгеді. Жеке жұмыс Камиллаға қазақша қыс туралы тақпақты **Жаттату:** Қандай қызық қыс деген, Бәрін шебер істеген. Бақша, бауды, тауды да Бояған аппақ түспенен. 	***Қимылды ойын:*** **«Күн мен жаңбыр»** **Мақсаты:** Жүгіру арқылы балалардың аяқ бұлшықеттерін дамытып, жетілдіру. **Ойынның шарты:** Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды. Тәрбиеші: «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер», - дейді, ойын қайта басталады.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Дене шынықтыру **Міндеті: -** гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту. Алма-кезек адымдап өрмелеу, тепкішектерден дұрыс ұстау, қауіпсіздік техникасына басты назар аудару қажет. (4 рет)	**Музыка** **Міндеті:** -Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату **Музыка тыңдау:** «Асқақта, Астана» (А. Әлиев) Ән айту: «Астана» (А. Досмағанбет) «Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай) «Құстар» (Т. Ломова) Билер: «Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Мен күйшімін»	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** - әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту Өзінің денсаулығына және отбасы мүшелерінің денсаулығына қамқорлықпен қарау керектігін түсіндіру Құрсаумен орындалатын құрсауды айналдыру, құрсауды тігінен қойып айналдыру, қолдың моторикасын, шапшаңдық секілді дене сапасын дамытады	**Дене шынықтыру** **Міндеті: -** Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру - Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты қозғау (айналдыра және тік, адымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін жетілдіру Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты қозғау (айналдыра және тік, адымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін жетілдіру. **Ойын жаттығуы: «Допты қағып ал!»** Допты жоғары лақтырып, қолды артқа жіберіп шапалақтап, допты саусақтарын ашып, қайтадан қағып алады.	**Музыка** **Міндеті:** Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату Музыка тыңдау: «Асқақта, Астана» (А. Әлиев) Ән айту: «Астана» (А. Досмағанбет) «Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай) «Құстар» (Т. Ломова) Билер: «Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Мен күйшімін»
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	*Күнді бақылау* *Мақсаты: Балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыру: күнің қысқаруы, түннің ұзаруы түсінік беру.* *Бақылау: Серуен алдыңда балалардың көңіл – күй көтере отырып, бүгін күн ашық, бірақ күн ыстық емес, жаздағыдай қатты қыздырмайды.* *Тәрбиеші күннің ауысып, орналасқан жерін байқатады; (күндіз және кешкілікте) күннің шығуын, батуын бақылау; күн сәулесінің терезеге түсуі бойынша күннің орналасуын белгілеу.* *Жұмбақ: Ақ сандығым ашылды*	*Ағаштарды бақылау* *Мақсаты: күзгі табиғат құбылыстарымен таныстыру, күзгі ағаштарға назарларын аудару. Күзгі ағаштардың ерекшелігімен таныстыру. Сұрақ – жауап арқылы сөздік қорларын, ой –өрісін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, адамгершілік сезімге тәрбиелеу.* *Көркем сөз:* *Ұшты талдан жапырақ* *Сары көблек секілді* *Аспанда жай шатырлап* *Тамшы жерге секірді* *Тақпақ:* *Алтын, сары, қызыл, көк,*	*Шықты бақылау* *Мақсаты: Балаларды табиғат құбылысы шықпен таныстыру.* *Бақылау: Неге шөп дымқыл? Бұл дымқылдық қайдан келді деп ойлайсыңдар? Бұл қандай құбылыс? (Шық) Ол қалай пайда болды? (күн ұясына батқаннан кейін жер, шөп, жапырақтар суып шық пайда болады.* *Шық - бұл түнгі өсімдіктердің беті және топырақтарда жиналған дымның тамшысы; Шық қандай ауа -райында пайда болады? Ашық күні ме ,әлде бұлтты күні бола ма?(шық ашық күні пайда болады, бұлтты күні болмайды.)* *Жұмбақ:*	*Күзгі аспанды, бұлтты бақылау* *Мақсаты: Өлі табиғат аспан туралы түсінік беру; аспанның әсемдігін бақылауды қалыптастыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту, аспанның ашықтығы туралы білімдерін жетілдіру.Бұлт туралы түсінік беру.* *Аспанның түсі күзде қалай өзгереді? (аспан кеңейген сияқты, жақсы көрінеді, жоғарғы жағы қою күлгін, ал шеттері ақшыл).* *Түнде және күндіз аспанда не пайда болады? (Аспан ашық: күндіз – Күн, кешке – ай және жұлдыздар)* *Болжам: аспанда бірнеше күн ақ бұлттар пайда болса- күннің суытқаны.*	*Аула тазалаушыны бақылау* *Мақсаты: Балаларға аула тазалаушы еңбегі жөнінде мағлұмат беру. Үлкендер еңбегін бағалай білуге. Қоршаған ортаны таза ұстау мақсатында азда болса өз үлестерін қосуға тәрбиелеу.* *Көркем сөз:* *Қамымызды ойлайды* *Тазалайды жинайды* *Құрметтейміз бәріміз* *Тазалықшы ағайды* *Қараңдаршы , жолдарда қаншама жапырақтар жатыр. Ол жапырақты кім тазалайды?* *Аула тазалаушы қандай еңбек етеді. Ол кісінің қолында қандай құралдары бар?*

	Ішінен жібек шашылды (күннің көзі) *Аспандағы алып доп* *Жарқырайды жарық боп (күн)* *Көркем сөз:* *Күз де келді, күз келді* *Күдерін жаз үзгенді* *Күз де келді, күз келді* *Көкте бұлттар жүзді енді.* *Күз де келді, күз келді* *Құстар мекен іздеді. Қ. Мырзалиев* *Қимылды ойын: «Қоңыздар»* *Еңбек: құмсалғышты жапырақтардан тазарту.*	*Алуан – алуан жапырақ.* *Күзгі бақта күлімдеп,* *Көз тартады атырап.* *Қозғалмалы ойын: «Өз жұбынды тап»* *Мақсаты: Балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша мәтіннің сөзіне сай қимыл қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту* *Алаңдағы еңбек: «Кім көп жапырақ жинады?»*	*Мөлдіреген жүзімді,* *Ұстап едім, езілді. (Шық)* *Таңертең бар, кешке жоқ* *Кеш түгелі түсте жоқ* *Мен әдемі моншақпын* *Ірі емеспін, ұсақпын,* *Мойнына ешкім тағa алмас (Шық)* *Қозғалмалы ойын: «Мысық пен торғайлар»* *Алаңдағы еңбек: құраған өсімдіктерді жинау.*	*Жұмбақтар:* *Аспаннан домалап, көп моншақ төгілді,* *Бусанды бар алып, терледі, керілді.* *Бұл не? (Жаңбыр)* *Күндер қысқарады, түндер ұзарады* *Кім біледі, кім айтады бұл қай кезде болады? (Күз)* *Жұмбақ:* *Көлігі жоқ, көшеді,* *Өзін кезбе деседі. (бұлт)* *Қозғалмалы ойын: «Орамал тастау».* *Алаңдағы еңбек: Құмсалғышты қоқыстан тазарту. (жапырақ, қағаздарды жинау)*	*Біз өз ауламызды, тұратын жеріміздің ластауымыз керек пе?* *Үлкендер еңбегін қалай бағалауымыз керек?* *Мақсаты: қоқыстарды белгіленген орынға жинауға, үлкендерге көмек көрсете білуге тәрбиелеу; аула тазалаушының құралымен танып, білу.* *Қимыл – қозғалыс ойын: «Жапалақ»* *Мақсаты: Баланы біраз уақытқа дейін қозғалмай тұруға және мұқият тыңдай білуді үйретеді.* *Еңбек алаңында жұмыс істеу: қоқыстарды белгіленге орынға жинау*
Балаларды үйге қайтару	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ

Мектепалды даярлық О «ә» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі **3-апта** 21 - 25 қараша 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Демалыс күнін қалай өткізгенін сұрау Сыйластық туралы өз ойларын сұрау Ойын: «Мен қандаймын?» (Бір қыз, бір ұл болып араласып тұрады.Көршісіне « Мен сені сыйлаймын, сенімен достасқым келеді» деп, оның қолын қысады.)	Мейірімділік туралы әңгімелесу. Күлімдеген күн мейірімді! Кіршіксіз ақ қар мейірімді! Таза мөлдір су мейірімді! Бәрімізді көтеріп тұрған жер мейірімді! Аяулы анам мейірімді! Қамқоршы апам мейірімді! Еңбек тапсырмасы:Балықтарға жем беру Ойын: «Мейірімділік жібі» (Балалар бір - бірлеріне жіпті беріп, тілектер айтады. Ақырғы бала жіп орамын мұғалімге беріп, өз тілегін айтады)	« Бізде кім жақсы» ойыны. Шарты: Балалар шеңбер бойымен жүреді, педагог балалардан «Кім жақсы» деп сұрайды. Балалар баланың атын айтып, сипаттайды Еңбек тапсырмасы: Ойыншықтарды жинау	«Өз отбасыңдағы қуанышты кездесулер» туралы айтып беру. Еңбек тапсырмасы: Ойыншықтарды жуу,сөреге жинау Ойын: «Мейірімділік гүлін» құрастыру (Балалар әр түрлі мейірімді сөздер айтып гүл күлтелерін құрастырады)	«Қуаныш сыйлау» Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю,шаңдарын сүрту. Ойын: **«Күншуақ»** Күлімдеген күн мейірімді, Кіршіксіз қар мейірімді. Таза мөлдір су мейірімді, Мәпелеген ата-ана мейірімді.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Жан-жануарларға мейірімді болу туралы пікірлесу, мақал- мәтел жаттау.Суретті кітапшаларды бояу.	« Мейірімді бала туралы әңгімелеп бер»Мақсаты: сөздік қорын дамыту.	«Сыйластық» туралы әңгімелесу.Мақсаты: сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.	« Сөйлемді аяқта» Менің досым.....(сыпайы, қайырымды, ақылды, аққөңіл)Сөздік қорын дамыту, шағын әңгіме құрастыруға үйрету.	Д/О «Достық неден басталады»Шарты: мен сендерге достық туралы сөздер айтамын оған иә немесе жоқ деп шапшаң жауап бересіңдер.
Гимнастикалық жаттығу	Гимнастикалық жаттығу кешені № 6				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Жылы сөздер ойыны» Шарты: балалар шеңбер бойымен тұрады, достарына жылы сөздерін айтады.	Сыпайы болу үшін қандай бала болу керек? Әңгімелесу, өз ойларымен бөлісу	**« Менің досым»ойыны** Шарты: допты лақтырып, қағып алған баладан педагок досының қандай жақсы қылықтары барын сұрау, мақал- мәтел, тақпақ сұрайды.	«Менің айтуым бойынша». Шарты: педагог бір баланы айтып сипаттайды. Соның қай бала екенін балалар айтады.	- Мейірімділікті қалай көрсетуге болады? -Жақсы көретін жан - жануарларың бар ма? Сұрақ-жауап
	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ойын барысында бекіту Әжесі қайсысы жақсы көреді" әңгімесін мәнерлеп оқу **Дидактикалық ойын:** **«Дауысты дыбыстарды ата».** **Ойын шарты:** Педагог дыбыстарды айтып отырады, балалар дауысты дыбыс кездессе, қолдарын шапалақтайды. Дауыссыз дыбыс кездессе, тыныш отырады	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** үш-төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру **«Жалауша» дидактикалық ойыны** – Балалар, мен сендерге дыбыс айтып, сол дыбысы бар сөздерді айтамын. Егер дыбыс сөз басында болса, қызыл жалаушаны, сөз соңында болса, көк жалаушаны, сөз ортасында болса, екі жалаушаны да желбіретесіндер. Мысалы: (Е) етік, керік, себет, серке, Берік, ет, ер, елік, текемет, ел, тер, Ерлан, тәрелке, ешкі, күлтеше, жүрек, тірек, бәтеңке, есік т.б. (Ә) әтеш, бәтеңке, бәсіре, бәліш, әтір, әңгелек, әміре, Кәмилә, Кәмшат, әйнек, мәсі т.б. (Ұ) ұршық, ұлу, ұшақ, ұзын, құмыра, ұн, құндыз, құлып, Ұлжан, ұлпа, құс, ұрыс, ұрық, ұмыт, ұқыпты, құм т.б.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру **«Ж дыбысы бар сөз айт» ойын-жаттығуы** Педагог балаларға «ж» дыбысы ортасында келетін сөз ойлап айтуларын сұрайды. Мысалы: Ажар, қоржын, Қожа, Бағжан т.б. «Ж» дыбысы сөз басында келетін сөз ойла: жапалақ, жаз, жадыра, жайлау, жалқы, жалбыз, жан, жоқ, жоғал, жұлдыз, жолақ, жомарт, жұт, жорық, жол, жалпақ, жаным т.б	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті: -** Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын жетілдіру**.** дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру **«Дауысты дыбысты сөз қос» дидактикалық ойыны** – Мен сөз айтамын, сендер сол сөзге дауысты дыбыстан басталатын сөз жалғауларын керек, мағынасы бойынша ұқсайтын сөз болу керек. Алма ...(үлкен), қой ... (арық), домалық ... (өрік), жасыл ... (жапырақ), тәтті ... (ірімшік), сары ... (өрік), кішкентай ... (ұлу), әдемі ... (әтеш), жылы ... (етік), мықты ... (экскаватор), ұзын ... (уық), жаман ... (ит), пайдалы ...(кітап), мүйізді ... (жануар), ашты ...(алма) т.б.	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау ертегі мазмұнын ойнату арқылы театр мәдениетіне баулу -Балалар, бүгін «Ақымақ қасқыр» ертегісімен танысамыз. Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі қалай аталады? – Қасқыр жайылып жүрген нені көрді? – Қой қасқырға не деп жауап берді? Қалай құтылды? – Қасқырға тағы не жолығады? – Ешкі қасқырдан қалай құтылады? – Ертегі қалай аяқталды?

Үзіліс : Жүгіруге арналған ойындар «Қайда жасырылғанын тап», «Мысықтар мен балалар»

Тіл дамытуға арналған жаттығулардың мақсаты:
Балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету, тілін дамыту
Шалқан: Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: **«О...о...о!»** деп таң қалды. Кәне, бізде айтып

Жыланның ысылы: Жылан қалай дыбыстайды?
Ыы.....Ыс – с – сссс





Жүгіруге арналған ойын: «Қайда жасырылғанын тап»
Мақсаты:
Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету,бірлікке,татулыққа тәрбиелеу
Ойының шарты: Балалар бөлменің бұрышында тұрады.
Тәрбиеші жалаушаны тығатынын айтады. Балалар теріс қарап көзін жұмады,тәрбиеші жалаушаны тығып қояды да «болды» ,деген де балалар жалаушаны іздейді.Тапқан бала жалаушаны тығады.Ойын 2-3 рет қайталанады.
Жүгіруге арналған ойын: «Мысықтар мен балалар»
Мақсаты: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке,алғырлыққа тәрбиелеу.
Ойынның шарты: Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады.
Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады.Балалар «кис-кис», деп шақырады.Мысықтар жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады.
Ойын 2-3 рет қайталанады.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қоршаған орта	**Математика негіздері**	**Математика негіздері**	**Математика негіздері**	**Қоршаған орта**

	Міндеті: Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек туралы жалпы түсініктерін бекіту арқылы балалардың сөздік қорын байыту. **Ойын сәті**. Педагог беті жабық себет алып шығады. – Менің қолымдағы себетте өте дәмді, біздің дастарқанымыздан күнде көретін, балаларға өте пайдалы тағам. Ол қандай тағам? (Себет толған сүт, айран, қатық, ірімшік т.б. өнімдері). Біздің бәріміз дәмді және пайдалы сүтті жақсы көреміз. – Қандай малдың сүтін шайға қосамыз, ішеміз? (Сиырдың). – Сиырды сауатын адамдар қалай аталады? (Сауыншылар). – Сауыншылар сиырды сауады. Сауылған сүт ыдыстарға құйылады. Сүтті арнайы зауыттарға әкеледі. Сол жерде сүттен май, қаймақ, айран, сүзбе дайындалады. Сүтті арнайы құрылғыларда өңдейді, өнімдерді әртүрлі ыдыстарға құяды, сүт өңдейтін аппараттарды, контейнерді маман басқарады. Содан кейін дайын болған сүт өнімдерін дүкендерге жеткізіледі (демонстрациялық материалдардағы суреттер).	**Міндеті:** Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру . **Ойын сәті.** Әлия мен Сырым **«Бұл қашан болады?»** деген жұмбақ шешуді ұсынады. – Бұл қашан болады? Күн суық, жаңбыр жиі жауады. Жапырақтар сарғайып, жерге үзіліп түседі. Құстар жылы жақтарға ұшып кетеді. Адамдар жеміс-жидек пен көкөністерді жинап алады. – Бұл қашан болады? Далада аяз болады, қар жауады. Үлпілдек қар жауса, одан аққала соғуға болады. Сусылдақ қар да жауады. Өзен-көлдердің суы мұз болып қатады. Мұз қатты, салқын және тайғанақ – Бұл қашан болады? Күн жылынып, қар ери бастайды, жылғалардан су ағады. Жерде шөп және алғашқы гүлдер шығады, ағаштар бүршік атып, жапырақ жаяды. Жылы жақтардан құстар оралып, ұя салады. – Бұл қашан болады? Күн ыстық болады. Өсімдіктер гүл атады. Адамдар өзен-суларға шомылады. Құстардың ұяларында балапандар пайда болады	**Міндеті:** Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру Демонстрациялық материалмен жұмыс Педагог қуыршақты жыл мезгіліне сай киіндіруді ұсынады. Тақтадағы баланың суреті бойынша маусымға қарай киім таңдауға көмек көрсету. Қуыршақтың есімін қойып, жыл мезгіліне сай киіндіруге көмектеседі. – Далада күн суық болғанда қалай киіну керек? Ал күн ыстық болғанда ше? Педагог жыл мезгілінің суретін көрсетеді, балалар қуыршаққа киім таңдайды.	**Міндеті:** Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру **«Жыл бойы»** Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды: – Ақпан жыл ішінде нешінші ай? – Жылдың соңғы айы қандай? – Қазаннан кейінгі қандай ай? – Жаз айларын ата және т.б. Ай аттарын есіңде сақта. – Әр жыл мезгілінде неше ай бар?	**Міндеті:** Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау Адам еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу **Ойын «Кім жылдам?»** . Педагог екі балаға тапсырма береді, олар жылдам сол тапсырманы орындаулары керек. Мысалы резеңке, кішкентай аю ойыншығын әкел. Үлкен, жұмсақ қоян ойыншығын әкел. Сәуле балаларға сұрақ қояды: Ойыншықтармен қалай ойнау керек? Балалар өз ойларын айтады
Үзіліс:					

Қимылды ойын: **« Күн мен түн »** **Мақсаты:** Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. **Ойын мазмұны:** Балалар бірі « Күн», екіншісі « Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір-бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші « Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма-кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді.	**Қимылды ойын:« Көги-гөк »** **Мақсаты:** Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. **Ойын мазмұны:** Тақпақ айтып, бір қызды « кемпір» етіп сайлайды. Қалғандары қаз болады. « Кемпір» шетке шығып тұрады, басқа ойыншылар қаздай тізіліп, бірінің соңынан бірі ұстап: Гөк, гөк, көги көк, Гөк, гөк, көги гөк. Гөк, гөк, көги гөк,-деп қаздың жүрісіне еліктей ақырын оң мен солға шайқалып, « кемпірдің» қасына келеді. Бірінші келген балаға беріп: « Жоғалтпаңдар!»-деп тапсырады. Балалар айнала жүріп, қайтадан қаздай тізіліп « кемпірге» келеді. « Кемпір» Әлгің қайда? Қалды сайда!-деп сұрайды. Балалар бәрі бірдей. Әлгің қайда?- Қалды сайда!-деп жауап береді. Олай болса сендердің біріңді алып қаламын, деп « кемпір» балаларға бас салады. Балалар тізбегін жазбай қаша жөнелуі керек. Қолға түскен біреуін « кемпір» қасына алып қала береді. Ойын барлық балаларды түгел ұстап болғанша қайта жалғаса береді.	**Қимылды ойын:** **« Аққу-қаздар »** **Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. **Ойын мазмұны:** Алаңның бір шетіне қаздар тұратын үй белгіленеді, қарсы шетіне бақташы тұрады. Үйдің бір жақ бүйірінде қасқыр тұратын үңгір болады. Алаңның қалған жері жайылым болады. Бақташы қаздарды жайылымға қуып шығады, олар жайылып жүреді. **Бақташы:** Қаздар, қаздар, қаңқылдап, Барасыңдар қай жаққа. Қаздар: Айна көлі жалтылдап, Жатқан жасыл аймаққа. Бақташы: Бізден жерге түсе кет, Түсіп сусын іше кет. Қаздар: Сіздің жерге түсеміз Түсіп сусын ішеміз. Бақташы: Болсын онда жол жайлы! Қаздар: Бізге ол жаққа болмайды, Жолды тосып тұр сұр қасқыр. Бақташы: Олай болса, қалаған, Жақтарыңа бар аман. Қаздар қанаттарын жайып, жайылым арқылы үйлеріне ұшады, ал қасқыр үңгіршек жүгіріп шығып, оларды ұстауға тырысады. Ұсталған қаздар қасқырдың үңгіріне қарай жүреді. Бірнеше рет жүгірістен кейін қасқырдың ұстаған қаздарфын санайды. Ойын 3-4 рет қайталанады.	**Қимылды ойын:** **« Шарлармен алмасу »** **Мақсаты:** Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. **Ойын мазмұны:** Балалар орындықтарда дөңгеленіп отырады. Тәрбиеші қатар отырған екі балаға бір-бірден шар береді де ары қарай басқаларға ауыстырады (біреуі оңға, біреуі солға ұсынады). Шарлар бір-бірімен екі жақтан кездескенде балалар « Соқтығысты» деген сөзбен оларды соқтықтырады. Одан кейін балалар орындарынан тұрып, дөңгелекті айналып, қарсы жаққа барады, қалғандары орындықтарынан тұрып: « Жүгірдік, жүгірдік...,» деп дауыстайды. Балалар өз орындықтарына жүгіріп келіп: « Ол шарды басқа балаларға береді де ойын қайталанады. Бұл ойынды даладағы сазды алаңда өткізуге болады, онда балалар көк шөптің үстінде отырады	**Қимылды ойын:** **« Кішкене өзен арқылы »** **Мақсаты:** Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету,бірлікке,татулыққа тәрбиелеу **Ойының шарты:** Ойынға бір топ (6-8 адамнан) бала тартылады. Алаңда бір-бірінен 1,5-2м қашықтықта екі сызық сызылады. Бұл өзен. Ойнаушылар сызықтың жанында-өзеннің жағасында тұрады. Олар өзеннен анық сызылған дөңгелектер арқылы аяғын суламай, тастан-тасқа секіріп өтуі керек. Дөңгелектердің арасының қашықтығы балалардың оларға бірінен-біріне секіре алатындай болуы керек. Өзеннен қатарынан 2-3 бала өтеді, ал қалғандары тәрбиешімен бірге оларды бақылап тұрады. Секіре алмай, аяғын сулап алғандары оны күнге кептіруге кетеді-орындыққа отырады. Кейін олар ойынға қайтып араласады, тәрбиеші оларды қалай болса да мақтап, жағаның екінші жағына өтуге көмектеседі.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Міндеті:** Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу -тақпақ, мақал-мәтел жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету **Тақпақ жаттау**. Педагог отбасы мүшелерін қайталап, тақпақты бірге қимылмен жасап, жаттауды ұсынады. Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық екеуміз, Басбармақ – әкем, Балаң үйрек – анам, Ортан терек – ағам, Шылдыр шүмек – мен, Кішкентай бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. **Мақал-мәтілдерді жаттап ал.** Отан отбасынан басталады. Баланың бас ұстазы – ата-ана.	**Қазақ тілі** **Міндеті:** қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. . **Балаларға «Ғажайып алаң» ойынын ойнауға шақыру** Балалар барабанды айналдыра отырып, ұпай жинайды, сұрақтарға жауап береді, тапсырмаларды орындайды. Бірінші тапсырма: Санамақты еске түсіру, отбасы мүшелерін атау. Атам, әжем, Әкем, шешем. Әпкем, сіңілім, Ағам, інім және мен. Бір үйде біз нешеуміз?	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** -әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу әңгіменің мазмұнын, мақал-мәтелдің мағынасын, алғашқы көмектің қажеттілігін түсіндіру **Мақал-мәтелдерді қайталау.** 1.Анаға бала алтыннан да қымбат. 2.Жаны саудың – тәні сау. 3.Ата – балаға сыншы. 4.Ата – бәйтерек, Бала – жапырақ	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру Жағымды мінез-құлық қалыптастыру Дидактикалық ойын: «Жануардың дауысын сал». Қасқырдың дауысын сал – у-у-у-у. Ешкінің дауысын сал – бе-е-е. Қойдың дауысын сал – мә-ә-ә. Педагог ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналауды ұсынады. Сиқырлы қоржыннан	**Шығармашылық бейнелеу әрекеті** **Міндеті:** - ертегі желісі бойынша сурет салуға үйрету - Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау - Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру - Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару - ертегі желісі бойынша сурет салуға, мүсіндеуге,жапсыруға,құрастыруға үйрету **Топтық жұмыс**

		Кел, санайық екеуміз		алған ертегі кейіпкерлерінің суреті бойынша рөлдерге бөлінеді. Қалған балалар көрермен болады. Сахналау аяқталғанда көрермендерге бастарын иеді. Көрермендер қол шапалақтайды	

Үзіліс: . Секіруге арналған қозғалмалы ойын: «Сызықтан секіру»

Тіл дамытуға арналған жаттығулардың мақсаты:
Балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету, тілін дамыту
1.Т: Күй сандықты ашайық
Б до- до- до
Т: тілдерін біз бастайық
Б: ре - ре - ре
Т: бас дыбысты бастайық
Б: ми - ми - ми
Г Жайлап әнге салайық
Б: до - до - до
2. Шалқып шығар сонда күй
Б: фа - фа - фа
Т: Бәрі до - дан басталар
Б: до- до -до
Т: До -ны қоштар басқалар
Б: До, ре, ми, фа, соль,ля , си, до



Секіруге арналған ойын: «Сызықтан секіру»
Ойынның мақсаты: Қос аяқтап секіру тәсілдерін үйрету.
Мазмұны: Ойын алаңының бір шетінен түзу сызық сызылады. Сыныптағы оқушылар санау арқылы төрт командаға бөлініп, олардың біріншілері сол сызықтың үстінде тұрады. Осы сызықтан 4-5 қашықтықта бір-бірінен ара қашықтығы 40-50 см болатындай өзара параллель 8-10 сызық жүргізіледі. Мұғалімнің белгісі бойынша әр команданың бірінші тұрған ойыншысы бірінші сызыққа дейін жүгіріп келіп , аяқтарын біріктіріп ұстап, паралелль сызықтардан қос аяқтап секіріп өтеді де, қайтып келіп, тізбектің артына барып тұрады.
Мұғалім секіріп өткен балалардың секіру әдістерін бағалап, басқа ойыншыларды көмекке шақырады. Бұдан соң келесі қатардағы төрт ойыншы секіріп өтеді.
Ойын осылай барлық ойыншылар секіріп өткенше жалғасабереді. Ойынның соңында әр қатардағы қос аяқтап жақсы секіретін балалардың аты аталады. Ойынды бірнеше рет қайталап ойнатуға болады.
Ойынның ережесі
1. Ойыншылардың тез секіргені емес, дұрыс секіргені бағаланады.
2. Секіру кезінде балалар арасындағы ара қашықтықтар сақталуы керек.
3. Оқулықта көрсетілген секіру техникасы орындалуға тиіс.
Әдістемелік нұсқаулар.
Ойынды 1-2 рет өткізгеннен кейін, сыныптағы қос аяқтап секіру техникасын жақсы меңгерген екі-үш баланың секіргенін басқа ойыншыларға көрсетіп , басқа ойыншылардан солар сияқты секіруді талап ету керек.
Ойынның педагогикалық маңызы.
Секіру жаттығулары бала аяқтарының бұлшық еттерінің ,қарын, арқа,бұлшық еттерінің жетілуіне ықпалын тигізеді. Қимыл-қозғалыс әдістерін көбейтіп, қимыл сапаларының үйлесімі артады. Бала өз күшіне сенуге үйренеді.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Дене шынықтыру **Міндеті:** екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта жүру	**Музыка** **Міндеті:** -Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен секңру арақашықтығы 70 см заттардың арасымен оң	**Дене шынықтыру** **Міндеті**: бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру Бір құрсаудан екінші құрсауға бір және екі аяқпен секірулерін жетілдіру	**Музыка** **Міндеті:** -домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, таныстыру. Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру,

	екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру	**Музыка тыңдау**: «Туған ел» (Л. Хамиди) Ән айту: «Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев) «Астана» (А. Досмағанбет) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жаса, Қазақстан» (үнтаспада) «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) «Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Ноталарды орналастыр» («Дидактикалық ойындар» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай)	және сол аяқпен кезекпен секіру Арақашықтығы 70 см заттардың арасымен оң және сол аяқпен кезекпен секіруді жетілдіру. (3 рет) **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Еденде тұрып қалма». (4 рет)** Ұстаушы бала таңдалады. Қалған балалар биіктігі 30 см заттардың үстінде тұрады. Балалар секіріп түсіп, зал ішінде жүгіріп жүреді. Педагогтің: «Ұста!» деген бұйрығы бойынша орындарына жүгіреді. Ұстаушы бала секіріп орындарына шыға алмаған балаларды ұстайды. Ұсталған балалар бір шетте отырады	«**Классиктер»:** бір құрсаудан екінші құрсауға бір және екі аяқпен секірулерін жетілдіру. Нұсқау: аяқтарының ұшымен жұлқи серпілу; жерді табанымен толық баспайды. (3 рет)	оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту **Музыка тыңдау:** «Туған ел» (Л. Хамиди) Ән айту: «Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев) «Астана» (А. Досмағанбет) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жаса, Қазақстан» (үнтаспада) «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) «Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Ноталарды орналастыр» («Дидактикалық ойындар» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай)
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	***Күзгі желді бақылау*** ***Мақсаты: балаларды табиғат құбылыстары,желдің соғуын,желдің бағытын,жылдамдығын бақылауға ажырата білуге үйрету.*** ***Тәрбиеші балалармен қай жақтан жел соғып тұрғанын бақылайды. Күндіз аспанда қалықтап бара жатқан бұлттарды бақылау. Жапырақтардың желден сыбдырлағанын тыңдау. Қағаздан жасаған таспа(лента), неге сыбдырлайды? (соққан желден қозғалып сылдырлайды) . Жерге түскен жапырақтарды, жоғары қарай лақтырып бақылау. Балалармен желді күні бұлттардың қозғалысын бақылауға болады .Желдің қатты соғуын анықтау үшін олармен ойын ойнатамыз айналма (вертушка), желбіреуішпен.*** ***Көркем сөз:*** ***- Бұлт-ау көктен төнесің,*** ***Қайдан көшіп келесің,*** ***- Мухит үрлесе, желемін!***	*Гүлзарларды бақылау* *Мақсаты: Гүлдер туралы білімдерін бекіту, гүлдерді ажырата білуге. Олардың өсетіні, құрайтыны туралы түсінік қалыптастыру .* *Бақылау* *Күн жылы болып, күн сәулесі көп жылуын шашып және су құйылып тұрғанда гүлзарларда өсімдіктер жақсы өсіп, гүлдейді. Күзде күн суып, күн қысқарып, жер дымқыл тартып, бірақ жылу аз болып гүлдер солып, олардың орнына ұрықтар пайда болады, ол ұрықтардан көктемде жаңа өсімдік шығады.* *Тақпақ:* *Гүл өсірем үйде* *Су құямын күнде* *Гүл күткенді біледі* *Бойын сылап сүйеді* *Күнде гүлін ашады* *Жұпарын маған шашады* *Ө.Тұрманжанов*	*Күзгі жәндіктерді бақылау* *Мақсаты: күздегі жәндіктедің жүріс-тұрыстарын жүйелі түрде бақылауды қалыптастыру.* *Бақылау: шөп үстінде секіріп жүрген шегіртке қайда кетті? Қаңқыз неге көрінбейді Неге қоңыздар мен көбелектер көрінбейді? (олар тығылып қалды). Кімнен немесе неден тығылып қалды? (оларға суық болды) Олар қайда тығылды? (ағаштардың діңгектер жырығына, үйлердің тесіктеріне) Онда олар не істейді? (ұйықтайды). Жәндіктер тығылған жерлерді табу және олар қыстың қатты суығында өліп қалмас үшін не істеуге болады? (ағаштың қабығына, түскен жапырақтарды астынан). Жерден құрғақ жапырақтарды жинап және оны себу.* *Көркем сөз: «Көбелек»* *Көбелек –ау, көбелек!* *Әдемісің керемет*	***Маусымдық өзгерістерді бақылау*** ***Мақсаты: маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту. Жазда күн ыстық, ал күзде таңертең күн салқын болып, түсте ыстық болады. Адамдар қысқа дайындалады. Құстар жылы жаққа ұшады.*** ***Тақпақ:*** ***Күзде жауын. Бұлт. Тұман*** ***Сары жапырақ жауады.*** ***Сары құйын үйтқыған*** ***Сапырады ауаны*** ***Тапталады табанға*** ***Судыр- судыр жапырақ*** ***Өрттей сары бояуға*** ***Малынғандай атырап. М. Әлімбаев*** ***Қозғалмалы ойын: «Ұшақтар».***	***Жаңбырды бақылау*** ***Мақсаты: Тірі және өлі табиғат арасындағы өзгерістерді бақылауды жалғастыру.*** ***Жазда жаңбыр қатты жауады бірақ қысқа және жылы болады. Ал күзде жаңбыр жиі жауып, суық боп келеді. Бұл кезде адамдар қолшатырдың астында тығылса, құстар ұяларына, ағаштың жапырағының астына жасырынады.*** ***Жаңбырлы күнді терезеден бақылау. Жаңбырдың терезені тарсылдатқанын тыңдап, тамшылардың терезе келіп түсіп аққанын тамашалау. Жолдарда кандай шалшық сулар пайда болғанын көру. Бүгін ауа-райы қандай? (Жаңбырлы, күн бұлыңғыр), Жаңбыр жиі жауып, күн суып, сіркіреп, жерде шалшық сулар пайда болды. Жаңбырлы күнде жерді бақылау: ол қап қара, жабысқақ, сулы. Адамдардың киімдеріне көңіл бөлейік: (жауын өткізбейтін плащ, резенке етік, қолдарына қол шатыр ұстаған) . Адамдар неге осылай киінген?***

Балаларды үйге қайтару	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ

Мектепалды даярлық О «ә» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі **2-апта** 12 – 16 желтоқсан 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	«Мүсін» ойыны **Мақсаты**: қимылды үйлестіруді, есту қабілетін, физикалық қасиетін, ережелерге сәйкес ойнау қабілетін дамыту	**«Бәрі қалай аяқталды?» ойыны** **Мақсаты**: есте сақтау қабілетін, ақыл-ой қабілетін дамыту; баланың сөздік қорын толықтыру	«**Не жоғалды?» ойыны** **Мақсаты**: зейінді, есте сақтауды дамыту	**«Балалардың тәртібі қатаң» ойыны** **Мақсаты**: сигнал бойынша әрекет ету қабілетін, физикалық қасиеттерін дамыту	**«Сен қалай өмір сүресің» ойыны** **Мақсаты**: балаларда қимылды дұрыс сипаттау және бір уақытта сөйлеу, ойлау дағдысы, қозғалысты үйлестіру қабілетін дамыту
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**«Бұл не үшін?» дидактикалық ойын** **Мақсаты**: Жыл мезгілдері мен тиісті айларды атауға үйрету	**«Жануарды тамақтандыр» дидактикалық ойыны** **Мақсаты**: сөздерді бөліктерге бөлуге, сөздің әр бөлігін бөлек айтуға үйрету	**Өзіңе жұп тап» дидактикалық ойыны** **Мақсаты**: балаларды сөздердің дыбысын тыңдауға үйрету; сөздерді өз бетінше атауға және олардағы дыбыстардың нақты айтылуына жаттығу	**«Бұл нені білдіреді?» дидактикалық ойын** **Мақсаты**: балаларды сөздерді мағынасына қарай топтастыруға, сөздердің тікелей және бейнелі мағынасын түсінуге үйрету	«**Кім көп сөз ойлап табады» дидактикалық ойыны** **Мақсаты**: сөздікті белсендіру; ой-өрісін кеңейту

Гимнастикалық жаттығу	Гимнастикалық жаттығу кешені № 7				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**«Ұннан жасалған тағамды ата» дидактикалық ойыны** **Мақсаты**: нан-тоқаш өнімдері туралы білімдерін бекіту; нанға ұқыпты қарауға тәрбиелеу	**«Төртінші артық» дидактикалық ойыны** **Мақсаты**: артық затты (азық-түлік) табуға үйрету және себебін түсіндіру	**Жаңылтпаш** «Сіз бізді іздемеңіз ана: Біз қымыздықты қырыққабат сорпасына қосамыз» **Мақсаты**: барлық дыбысты айту арқылы жаңылтпашты анық айтуға үйрету	**«Табиғат және адам» дидактикалық ойыны** **Мақсаты**: адам жасаған және табиғат адамға не беретіні туралы білімді жүйелеу: балық, ет, көкөніс, жеміс, жидек, тұқым, жаңғақ	**«Сипаттама арқылы біл» дидактикалық ойыны** **Мақсаты**: сипаттама бойынша тамақ өнімдерін тануға үйрету
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті:** Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу Сөйлем түрлерін ажырата білуге үйрету. Дауыс ырғағына қарай оларды ажырата білу іскерлігін дамыту **Менің Отаным** Әйнегі – күн, Шатыры – аспан, Кең далам асқақ. Төсі толған егін, Көлдері күміс шашқан, Қазақстан Республикам менің!	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен атай білу дағдыларын бекіту сызба бойынша сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен атай білу дағдыларын бекіту. **«Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы** **(**Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға фишка беріп отырады) – Айсұлу бізге -та буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: тарақ, тамыз, тал, табыс, тап, тапқыр, тау, тауық, таутеке, тазы, тамызық, таға, тақылдақ, таң -ба буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: балық, батпақ, бақа, бағдат, бақ, бақ-бақ, банка, бақыр, Бағжан, байғазы, бай, байлық, базар, Базаргүл, балшық -са буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: сағыз, сабын, салт, Самал, сарай, сары, сай, самал, сал, сауық, сауыншы, сатушы, сауап, сауықшыл, сан Ойын соңында фишкасы ең көп бала жеңімпаз болады	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру, сөйлем сөздерден тұратынын түсіну әр дыбыстың сөздегі орны аса маңызды екенін түсіндіру. **«Дыбыстың сөздегі орнын тап» дидактикалық жаттығуы** Педагог сөз сызбасын тақтаға іледі. – Балалар, піл, апа, қап сөздерінде «п» дыбысы қай жерде орналасқанын табайық. Сызбаларға белгілейік. Балалар піл сөзінде «п» дыбысының бірінші тұрғанын, апа сөзінде ортасында тұрғанын, қап сөзінде соңында тұрғанын айтады	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу . Балаларды дыбыстың сөздегі орнын таба білуге үйрету. **«Дұрыс тап» дидактикалық ойыны** – Балалар, мен тақтаға сызба ілемін, сендер мен айтқан дыбыс сөздің қай жерінде тұрғанын, яғни басында, ортасында, соңында тұрғанын тауып, төртбұрышты бояйсыңдар. Сендер бір төртбұрыштың бір дыбыс екенін білесіңдер. Л дыбысын орнан анықтаймыз. Мысалы: (п) піл, апа, қап. Есімізде сақтаймыз: берілген дыбыс сөздің басында, ортасында, соңында болуы мүмкін	
Үзіліс :					

Сюжетті-рөлді ойын: **Тақырыбы: «Экологтар.Бағбандар»** ***Мақсаты:*** Қолайлы жағдай жасау, әлеуметтік шабыттарын мадақтау, ойын сюжетіне байланысты шағын топтарға бөлу, тіл этикетін дамыту.Экологтар жұмысының ізгі бағыттағы жұмыстары және оның табиғатты қорғаудағы, әлеуметтік мәні туралы түсініктерін кеңейту. ***Жағдаят:*** Объектыны таңдау, Картамен жұмыс, бақ орнататын жерді таңдау Экологиялық паспортарды қарау;Эклогиялық жағдайларды зерттеу Айыппұл төлету;Экологиялық жағдаятарды түзету жұмыстары;Суретке түсіру, суретке түсірудің бұзылуы, суретшімен кездесу. өсімдіктерді бейнелеу. 	**Сюжетті-рөлді ойын:** **Тақырыбы: «Зертеушілер»** ***Мақсаты:*** Ойнатылытын ойынын этапатарынын біліктілігін бекіту. Зерттеуге керекті заттар мен құрал-жабдықтарды ,сонымен қатар заттар ауыстырушыларын табуға үйрету .Рөлдерге бөлініп ,бөлінген рөл бойынша әрекет ету әдетін қалыптастырып . Зерттеу жұмысшыларының жұмысы қызықты әрі қиын екенін түсіндіріп .Ойындық диологты моделдеуге үйрету. ***Жағдаят:*** Зерттеу обьектісін тандау; Зертхананы құру ; Проведение опытной работы; Фотоға түсіру , аралық нәтижелердің түсірілімі;байқау нәтижелерін жұрналға жазу; ғылыми кеңес;зерттеу нәтижесін шығару. 	***Сюжеттік ойын:*** **Тақырыбы:«Дәмхана. Макдоналдс. Пиццерия» сюжетті – рөлдік ойын** **Мақсаты :** Азық-түлікпен жұмыс істейтін жұмыскерлердің еңбегі жайында түсініктерін молайту. Балаларға рөлдерге бөлініп,сол рөл бойынша әрекет етуге үйрету,өздеріне керекті нәрсені құруға үйретіп ,балалардын мейрімділік қарым-қатынасын орнату .Балаларға ойында қоршаған ортадан алған білімдерін көрсете білуге үйрету . **Жағдаят:** Үстелді таңдау; Ас мәзірімен танысу; Тапсырысты қабылдау ; Тапсырысты орындау; Менеджермен жұмыс (шағым,алғыстар); Тапсырысқа төлеу; Үстелді жинап ,ыдыс аяқ жуу. 		

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қоршаған орта **Міндеті:** Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау Жол белгілерінің қауіпсіздік сақтаудағы маңызды екенін әңгімелей білуге баулу **Жұмбақ жасыру.** Өзі сөйлей білмейді, Бірақ «Тоқта, жүр!» – дейді. – Бағдаршам. **«Бағдаршам» ойыны** **Жүргізуші**: – Мен қызыл түсті көрсеткенде, орындарыңнан тұрасыңдар, сары түсті көрсеткенде, шапалақ ұрасыңдар, жасыл түсті көрсеткенде, бір орындарыңда тұрып жүресіңдер. – Көшеге шыққанда неге мән беру керек? – Жол белгілеріне мән беру керек.	**Математика негіздері** **Міндеті:** Теңдік туралы түсінік қалыптастыру «артық», «кем», «тең» ұғымдарын қалыптастыру. **Ойын жаттығуы: «Сана»** Педагог цифрлар және теңдік таңбасы бейнеленген карточкаларды, сондай-ақ нүктелер және сандық суреттер бейнеленген карточкаларды таратады. Бес нүкте бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды. Бес зат бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды. – Осы карточкалар туралы не айтуға болады? – Нүктелер санын, суреттегі заттардың санын белгілейтін карточканы салыңдар. Қандай цифрларды алдыңдар? Олар бірдей ме? Демек, 5=5, яғни нүктелер саны карточкада бейнеленген заттар санына тең деп айтуға болады. Нүктелер және заттар бейнеленген карточкаларды алады. Нүктелер саны суретте	Математика негіздері **Міндеті:** - Әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру Балаларды «=» белгісімен, оның мәнімен таныстыру; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау; санау, салыстыру, санды цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту 1-тапсырма орындауды ұсынады, саны бірдей заттар тобын тауып, сызып қосады. Санын жазады. - Сол жақ жоғары суретке гүл жасау үшін, мозаиканың қанша түрлі-түсті бөлшектері қажет болды? (8) - Оң жақ төменгі суретте қанша мозаика бөлшектері бар? (8) - Осындай санды тауып, оны ұяшыққа жапсырыңыз. Осы	**Математика негіздері** **Міндеті** Әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру Балаларды «=» белгісімен, оның мәнімен таныстыру; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау; санау, салыстыру, санды цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту тапсырма Педагог пазл бөліктерін санауға, сәйкес санмен байланыстыруға ұсынады. Сосын қай бөлшек көбірек болса, сол бөлшектерді әртүрлі түстермен бояуды сұрайды. Балалар бөлшектерді санайды сәйкес цифрмен сызып қосады	

		бейнеленген заттардың санына тең екенін айтады. «=» белгісін қоюға болады.	екі суретті сызықпен қосыңыз. Мозаика бөлшектерінің саны туралы не айтуға болады? (саны тең) - Екінші қатардағы сол жақ суреттегі пазлдарды санаңыз. Олардың саны қанша? (7) - Пазлдары бар тағы сурет бар ма? Онда қанша бөлік бар? (4) - Оларды тең деп айтуға бола ма? (жоқ) - Суреттегі пазл бөліктерінің саны қанша болса, сонша Лего конструкторының бөлшектері бейнеленген суреттерді табыңыз. Цифрды жапсырады. Санына қарай жұптастырады. Балалар тапсырманы орындайды, салыстырады.		

Үзіліс:

Дидактикалық ойын: «Кім болғым келеді?»
Мақсаты: Мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы зейіндерін дамыту.Олар қандай заттармен қолданатыны жайлы түсінік беру.
Ойынның шарты:Тәрбиеші картиналарды көрсете отырып,былай деп сұрайды, «Дәрігер не істейді? Жүргізуші не істейді? Мұғалім не істейді? Тігінші не істейді?» Балалар қай мамандық иесі екенін қандай құралдармен жұмыс істейтін жайлы айтады.
Ықтимал күрделендіру:тез ойла
Ойынның нұсқаулары:Балаларға мамандық иелерінің суреттері таратылып беріледі.

Ойын: «Оюларды құрастыр»
Мақсаты: Қазақ халқының қолданбалы сәндік өнері туралы балаларға түсінік беру. Ою-өрнектің түрлерімен таныстыру, ою-өрнектерді құрастыра білуге, түстердің үйлесілімділігін үйрету.Танымдық қабілеттерін арттыруБалалар өз елін, халқын сүюге қазақ өнерін құрметтеуге тәрбиелеу.Ұлттық мақтаныш сезіміз ояту.Эстетикалық талғамын ұштау.
Қолданатын көрнекіліктер: Оюлардың қиылған суреттері
Ойын шарты: Қазақтың ұлтық әр түрлі оюлармен сәндей білу,оюларды құрастырып аттарын атау.



3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Міндеті:** - Мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету **Ойын: Кім не істейді?**	**Қазақ тілі** **Міндеті**: Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** - Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу Сөйлем түрлерін ажырата білуге үйрету. Дауыс ырғағына қарай оларды ажырата білу іскерлігін дамыту	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** - -Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру сюжеттік бірізділікті сақтап, көңіл күймен, қисынды мазмұндауға дағдыландыру Қазақстанның жері кең-байтақ, табиғаты бай, егемен мемлекет. Қазақстанның	

	Ұшқыш ұшады. Ғарышкер ұшады. Дәрігер емдейді. Құрылысшы үй салады. Сатушы сатады. Балалар сөйлемдерді қайталайды. «Кім болып істейді?» сұрағымен таныстырады. Ата-аналарының кім болып істейтінін сұрайды. – Сенің әкең кім болып істейді? Сенің анаң кім болып істейді? Балалар Менің есімдігін жауаптарында қолданады. Ата-аналарының мамандықтарын атайды. – Менің әкем құрылысшы болып істейді. – Менің анам дәрігер болып істейді.	байқауға үйрету **Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).** Ұ-ұ-ұш- ұш-қыш – ұшқыш. Ә-ә-ә-дә-рі-і-і-гер – дәрігер. Қ-қ-қ-ұ-ұ-құ-құр-ыл-ыс-шы – құрылысшы. Ғ-ғ-ғ-ғ- ға-ға-рыш-кер- ғарышкер **Жаңылтпашпен таныстыру.** Ұшқыш меңгергенді Дәрігер меңгере ала ма? Дәрігер меңгергенді Ұшқыш меңгере ала ма? Жаңылтапшты қатты және ақырын әрі жылдам айтқызу	Сөйлемдердің үш түрі болады. Біріншісі – хабарлы сөйлем. Бір нәрсені хабарлап айтады. Сөйлем соңынан нүкте қойылады. Мысалы: Менің Отаным – Қазақстан **Дидактикалық ойын: «Қажетті тыныс белгілерін қой».** **Ойын шарты**: Берілген суреттердің мағынасына байланысты құрастырылған сөйлемдердің тыныс белгілерін қою	астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы Сарыарқа даласында, Есілдің жағасында орналасқан (картадан көрсету). Біз – Қазақстан азаматы екендігімізді мақтан етеміз. Қазақстан – біздің Отанымыз. Педагог «Тәуелсіздік күні» слайдын көрсетіп, әңгімелейді. – Бүгін Әлия Дәулеткелдінің «Тәуелсіздігіміз мәңгілік» атты әңгімесімен танысамыз. Әңгіме – болған оқиғаның желісі бойынша жазылады. Педагог әңгімені оқиды, мазмұнын түсіндіреді (қосымшаны қараңыз).	

Үзіліс:

Сюжеттік ойын:

Тақырыбы: «Сән ательесі»

Мақсаты: Балаларға суреттен көрген киімдердің аттарын атап,киімдер мен ұлтық киімдерді ажыратып топтастыруға баулу, мата түрлерін ажырата алуға үйрету,қайсынан қандай киім тігеді жайлы түсіндіру.

Көрнекілік: жаңаша киімдер,ұлттық киімдер

Ойын барысы : бірнеше матаның қиықтары алып,қайсысынан қандай киім тігуге болатындығын тауып,суретке бейнеленген киімнің тұсына қоюды ұсынады.

Сюжеттік ойын:

Тақырыбы: «Азық - түлік дүкені»

Мақсаты: Балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу.

Қажетті атрибуттар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, папье-машеден жасалынған тағам түрлері, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер.

Ойын шарты. Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатып, әбден жаттыққаннан кейін үш дүкенді қатар ашып ойынды күрделендіру. Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир, қалғандары тұтынушылар.

Тәрбиеші ойын ережесін түсіндіреді. Ереже бойынша сатушылар да, тұтынушылар да бір-бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рахмет айтуды ұмытпауы керек. Сатушыда өз кезегінде «Тағы да келіп тұрыңыз», - деп ілтипат білдіреді.

Бірінші ойыншық дүкенін ұйымдастыру. Ойыншық сөресінің жанына үстел қойылып сөреде «Дүкен» деген жазу ілулі тұрады. Кассирдің алдында есепшот, ақша салатын қорап, ақ қағаз, қарындаш. Ойыншық алғысы келген балалар ең әуелі кассирге ақшасын төлейді. Не алғысы келетінін айтады. Кассир чек жазып береді. Чекті алып сатушыға береді. Сатушы «тағы да келіп тұрыңыз» - дейді.

Тәрбиеші ойынға жалпы басшылық жасайды.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Дене шынықтыру **Міндеті: -** Допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу Баланы сезіну (сенсорлы) үдерістері арқылы және қимыл- қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау **«Допты еденге соқ»**. Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. Төрт тізбекке тұрады: екі тізбек залдың бір шетіне, екі тізбек оларға қарама-қарсы тұрады. Алғашқы екі тізбектегі балалар допты еденге соғып жүріп, қарама-қарсы тұрған екі тізбекке дейін келеді. Допты оларға беріп, өздері олардың арттарына барып тұрады. Допты алған балалар залдың екінші шетіне допты еденге соғып алып жүреді. Допты қатты соқпайды, саусақтарын ашып ұстайды. Нұсқау – допты тура алдыға бағыттамай, сәл шет жақпен алып жүру (өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі мүмкін). Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін болса, онда оң аяқтың ұшының оң жағынан алып жүру қажет	**Музыка** **Міндеті:** Әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру **Музыка тыңдау:** «Желтоқсан» (П. **Чайковский)** **Ән айту**: «Шырша әні» (К. Қуатбаев) «Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер) Билер: «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Айналмалы дөңгелек» («Дидактикалық ойындар» жинағы) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай)	**Дене шынықтыру** **Міндеті: -** Допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр). Малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алуға үйрету **«Қазан» –** 2,5 м арақашықтықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды (асықтарды) лақтыру. Б.қ.: аяқты иық деңгейінен алшақ қою: оң аяқты артқа жіберіп, оң қолды шынтақтан жартылай бүгіп, кеуде тұсында ұстап тұру. Асықты лақтырар алдында алдымен қолды төмен түсіріп, сонан соң артқа жібереді, ал лақтыру кезінде қолды алдыға жіберіп, жоғары көтеріп, сонан соң асықты лақтырады. Құрсауларды (4 құрсау) айнала шеңберге тұрады. «Қазан» ішіне көп асық тастаған бала жеңімпаз атанады	**Дене шынықтыру** **Міндеті: -** Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, Гимнастикалық орындық үстінде асықтарды алдында, артында ұстап, тепе-теңдік сақтап жүру **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Үшінші артық» (3 рет)** Бір-бірінің желкелерінен қарап, екі-екіден үлкен шеңбер құрып тұрады. Жұптардың арақашықтығы – 2-3 адым. «Артық» ойыншы қашады, жүргізуші оны қуады. «Артық» бала кез келген жұптың алдына тұра қалады, енді қатарда үшінші болып тұрған бала қашады. Жүргізушіге ұстатпауға тырысады	
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	***Судың қатқанын бақылау*** ***Мақсаты: судың құрамымен таныстыру,табиғатта пайда болатын құбылыстар туралы түсінік беру.*** ***Тәрбиеші қатқақ суға балалардың назарын аударады. Олар қайдан пайда болды?*** ***Болжамдар: желтоқсанда қар көп болса- сол жылы егін мол болады.*** ***Тақпақ:*** ***Қар жатыр аппақ*** ***Ойнауға жақсы-ақ*** ***Осындай шақта*** ***Кім үйде жатпақ?*** ***Жұмбақ:Қолы жоқ сурет салады,*** ***Аузы жоқ тістеп алады.*** ***(Аяз)*** ***Қозғалмалы ойын: «Кімдікі алыс».***	*Тоғайларды бақылау* *Мақсаты: Қыстағы өсімдіктердің тіршілігін, келбетін бақылауға, сипаттауға үйрету. Ағаштардың айырмашылығын, ұқсастықтарын ажырата білуге, көлеңкесіне қарап тоғайларды ажыратуды үйрету;* *Тоғайлар мен бұтарларға қараңдаршы. Ең әдемі тоғай немесе бұтаны тауып, оны сипаттайық. Қыста тоғайлар тыныштық күйде болады, яғни ұйықтайды. Тоғайдың түбіне, бұтақтарына, құрылысына, түсіне қарап, бақылау жүргізу.* *Болжам: қар ағашқа жабысса – жылы болады.*	*Ағаштар мен бұтақтарды бақылау* *Мақсаты: Өсімдіктердің ұқсастығы мен ерекшелігін ажыратуға үйрету.* *Жапырақсыз қалған өсімдікке назар аудару. Әсіресе қысты күні ағаштар мен бұталардың айырмашылығын жақсы көруге болатындығы туралы түсінік беру.* *Өсімдіктердің бір біріне ұқсастығы мен ерекшеліктерін табыңдар. Ауладан өздеріңе таныс өсімдікті тауып, атын атаңдар. Қастарына жақындап барып, қолдарыңмен ұстап сипаттап беріңдер.* *Болжам: қыста қар қалың болса, жазда егістік мол болады.* *Мақал-мәтел: Аяз мықты болса, мұрның қызарады.* *Тақпақ: «Қарағай»* *Көкке бойын созады,* *Көпке қолын созады.* *Кең құшағын ашады,*	***Қар үстіндегі іздерді бақылау*** ***Мақсаты: балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге үйрету.*** ***Балаларды байқағыш, ойлау қасиеттерін қалыптастырып, толықтыра түсу.*** ***Қар үстіндегі іздерге назар аударып, оны анықтай білуге көңіл қою. Ауа райының қай кезінде іздер жақсы көрінеді?*** ***Тақпақ:*** ***Ақ киімді денелі, ақ сақалды,*** ***Соқыр, мылқау танымас тірі жанды,*** ***Үсті – басы ақ қырау түсі суық,***	***Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу*** ***Мақсаты: балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу.*** ***Балаларға қар ұлпасын қағып алып, зейін қойып, анықтауды ұсыну. Қар ұшқыны алты қанаттан тұрады, олар бір—біріне өте ұқсас келеді.*** ***Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. Су буы өте жоғары көтеріледі, жоғарыда ауаның температурасы өте төмен болғандықтан, су буларынан кішкентай ғана мұз қиыршықтары пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға айналады, сөйтіп қар ұшқындары жерге түседі.*** ***Тақпақ:*** ***Жазда көлге мұз қатты,*** ***Табанымды мұздатты.***

	Мақсаты: Икемділігін, күшін дамыту. ***Еңбек: есік алдын сыпырушы ағайға көмек көрсету мұз жолдың үстіне құм себу.***	*Мақал- мәтел: «Бір тал кессең – он тал ек»* *Тақпақ:* *Қазақ жері –сәніміз* *Мәуесі мол бағымыз* *Саясында жетілер* *Балдай бала шағымыз.* *Қозғалмалы ойындар: «Қояндар мен аю»* *Еңбек: Тоғайларды қармен жабу.*	*Көлеңкесін тосады* *Көп қарағай,қарағай* *Мейірбанды анадай.* *Қозғалмалы ойын: «Аңшы және қояндар»* *Еңбек әрекеті: Тал түбі мен бұталардың түбіне қарларды үйіп жинау*	***Басқан жері сықырлап келіп қалды. (Абай)*** ***Мақал: Жемберсең қыста құсқа- сауабы тиер оның жазда.*** ***Қимылды ойын: «Ақ қоян»*** ***Мақсаты: балаларды ептілікке баулу.*** ***Жеке жұмыс: бір құстың лабиринттен шығу жолы туралы ертегіні ойластыру.*** ***Еңбек: құстар үшін жемсалғыш жасап, оны ағашқа іліп қою, жем салу***	***Мұз ойылып кетті тез,*** ***Күліп едік, біз қатты.*** ***Қимылды ойын «Ортаға түспек»*** ***Мақсаты: тез жүгіріп секіруге, ептілікке үйрету.*** ***Еңбек: қар атжалдарын жасауға балаларды үйрету.***
Балаларды үйге қайтару	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз .	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «ə» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі **3-апта** 19 – 23 желтоқсан 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	«Түсті табу» дидактикалық ойыны Мақсаты: белгілі бір түсті киімдерді табу және атау дағдыларын бекіту	«Ауа-райы қандай?» дидактикалық ойын Мақсаты: «Ауа-райы» (қарлы, аязды, суық, күншуақты, желді) сөзінің анықтамасын таңдауға үйрету	«Жақсы-жаман» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды табиғаттағы қайшылықтарды, құбылыстардың екіұштылығын, тірі мен жансыз арасындағы байланысты көруге үйрету; сөйлеуді дамыту.	Жұмбақты тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: күздің аяғында жансыз табиғат туралы білімді бекіту; ойлау, шығармашылық қиялды дамыту	«Шуылдақ» деген не?» дидактикалық ойын Мақсаты: шығармашылық дағдыларды қалыптастыру, заттарды шығармашылық түрлендіруді жүзеге асыру мүмкіндігі
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**«Лото» дидактикалық ойыны Мақсаты**: үлгі бойынша бірдей пәндерді тауып, оларды айту	**«Болады-болмайды» доп ойыны Мақсаты**: есте сақтау, ойлау, реакция жылдамдығын дамыту	**«Сол формадағы затты тап» дидактикалық ойыны Мақсаты:** пәндер формасы туралы түсінікті нақтылау	**«Маймылдар» ойыны Мақсаты**: шеңбер бойымен жүруге жаттығу, қозғалыстарды мәтінмен үйлестіру	**«Ұқсас - ұқсас емес» дидактикалық ойыны Мақсаты**: заттарды салыстыруға үйрету; олардан айырмашылықтың белгілерін табу; ұқсастық, сипаттама бойынша заттарды тану
Гимнастикалық жаттығу	Гимнастикалық жаттығу кешені № 8				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Табиғи тісті одан әрі сақтау үшін саған...керек» ойын жағдайлары	Түспен-эмоциямен «Менің көңіл-күйімді тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды өз мінездерімен күресуге үйретуді жалғастыру	Табиғаттағы мінез-құлық ережелері туралы альбом қарау «Қауіпсіз сөздер» дидактикалық ойыны Мақсаты: үш тілде сөз тіркестерін құруды үйрету	«Кір-қожалақ қыз» драма-ойын Мақсаты: ойын бейнелерінің қимыл мәнерлілігін дамыту	«Дені сау болу – бұл оңай» сурет салу Мақсаты: салауатты өмір салтының алғышарттарын қалыптастыру
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті:** Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу «М» – «Н» дыбыстарын салыстыру; Қыс Ақ киімді, денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау, танымас тірі	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру өткен тақырыптарда алған білімдерін пысықтау	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Геометриялық фигуралардың сыртын шетке	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** -Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару әңгіменің мағынасын интонациямен мазмұндауға жетелеу. **Жұмбақты шеш.**

	жанды. Үсті-басы ақ қырау, түсі суық, Басқан жері сықырлап, келіп қалды. –Өленді оқып жатқанда көз алдарыңа кімді елестеттіңдер? –Иә, балалар, Абай атамыз өленде қысты үлкен қарияға, яғни шалға теңеп отыр. –Қалай ойлайсыңдар, қарияны Абай атамыз не үшін ашулы, соқыр, мылқау түрінде бейнелеген. –Қыс мезгіліне қай кезде дайындалуымыз керек? –Қыстың қаһарына ұшырамас үшін адамдар не істейді? –Ауыл адамдары малдарын қысқа қалай дайындайды? –Иә, дұрыс айтасыңдар.	**«Жалпы атауын айт» дидактикалық ойыны** 1.Тәрелке, құмыра, кесе, шанышқы – ... (ыдыстар). 2. Басбармақ, балаң үйрек, ортан терек, кішкене бөбек, шылдыр шүмек – ... (саусақтар) 3. Күрте, пальто, тон, плащ – ... (киім). 4. Құлақшын, қалпақ, малақай – ... (баскиім).	**«Буынды қос» дидактикалық ойыны (доппен)** – Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы: (ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады. «Бір буыннан басталатын бірнеше сөз» дидактикалық ойыны Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құрауға жарысады. Сөз айтқан балаларға жұлдызшы беріліп отырады. Қай топ бір буыннан ең көп сөз айтады екен. Мысалы: (те-) те-(геш) , те-(рек), те-(мір), те-(тік), көр-(пе), (ор-) ор-(та), ор-(ман), о-(рақ), (өр-) өр-(мек), өр-(кеш), өр-(ле), өр-(мек-ші), өр(т), (да-) да(мыл-да), да(был), да(қыл), да(уыс), Да(риға), Дә(рия).	шығармай бастыру, бояу Ойындар арқылы шапшаңдық, төзімділік секілді қасиеттерін дамыту **«Сөзді аяқта» дидактикалық жаттығуы** – Мен сендерге сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтамын, сендер соңғы буынды қосып, сөзді аяқтап қайтадан айтасыңдар. Мысалы: аққа...ла, ба...ла, ба...нан, бан...тик, асқа...бақ, сә...біз, домбы...ра, қам...шы, балмұз...дақ, аялда...ма, дәріха...на, емха...на, балабақ...ша, бағдар...шам, қа...лам, қыза...нақ, бұл...ақ, көзілді...рік, тоңазыт...қыш, тоқыл...дақ, тер...ек, ша...тыр, ал...қа, апель...син, ау...ыл, ас...пан, қарын..дас, кер...ует, қа...зан, шаныш...қы, ба...лық, қал...қан, қаң...бақ, қа...мыр, шал...бар, кі...лем, жү...рек, жүге...рі, жұл...дыз	Тоқылдатып, мазаны ап, Ағаштарды тазалап, Ормандарды емдейді, Зиянкесті жазалап. (Тоқылдақ) 3. Суретте қай құс жасырынған? Боя. 4. Үйқасын тап. Тұмсығымен шымшып, Құрт тереді ... . (Шымшық) **Ойын-жаттығу: «Қыстап қалатын және ұшып келетін құстар».** **Мақсаты:** балаларды қыстап қалатын құстар мен жыл құстарын айыра білуге үйрету. Балалардың сөйлеу тілін белсендіру. Материал: қыстап қалатын құстар мен жыл құстары бейнеленген иллюстрациялар. Сипаты:балалар екі топқа бөлінеді, бірінші топ жыл құстары бейнеленген суреттерді, ал екінші топ қыстап қалатын құстар бейнеленген суреттерді жинайды. Ойыннан кейін жыл құстары панно түрінде орналастырылады

Үзіліс :

Сюжетті - рөлді ойын: **«Тігінші»**
Мақсаты: Балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру. Балалардың коммуникативті дағдыларын арттыру, бір - бірімен диалог арқылы сөйлесуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өзіне сенімді болуға, үлкендердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу.
Көрнекіліктер: Киімдер, бас киімдер, тігіншіге керек заттар(ине, метр, қайшы, жіп), іс машинасы, киім үлгілері, маталар.

Ойын барысы:
Ұйымдастыру кезеңі.
Өнерім қол ұшында,
Боламын мен тігінші
Тігіншінің ішінде,
Бас бармақтай бірінші.
Ойын: «Дұрысын тап»
Мақсаты: Мамандықтарға байланысты киім үлгілерін бір - біріне үйлестіру.

Артикуляциялық жаттығулар:
Ойын: **« Часы» «Сағат»**
Мақсаты: Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру. Ата – аналармен бірлесе қарым – қатынас жасай отырып ортақ мақсатымызға жетеміз.
• ***«Сағат»*** – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек.
• ***«Саңырауқұлақ»*** - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.
«Дәмді тосап»
Мақсаты: жалпақ тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету.
Қысқаша сипаттамасы: Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу.
Әдістемелік нұсқау.

Тәрбиеші: Балалар әр мамандық иелері өздеріне сай киім киеді. Дәрігерлер ақ қалпақ пен халат кисе, ал құрылысшылар каска мен үстеріне арнайы халат киеді. Суреттегі киім үлгісі кімге лайықты екенін табыңдар.
Балалар өздері ойлап, белгілей бастайды, сызады.
Тәрбиеші: Балалар аспазшы не киеді?
Шаштараз не киеді?
Балалар белгілеп береді.
- Ендеше, сендер түсінген боларсыңдар. Бұл - ойынды біз не үшін ойнағанымызды түсіндіріңдер. Бүгін біз қандай ойын ойнайтынымызды білдіңдер.

Ойын:«Тігінші»

Тәрбиеші: Балалар тігіншілер не істейді? (киім тігеді)
Бірінші киім тігу үшін киініп алуымыз керек.
Балалар рөлдерді өздері бөліп алады. Бірі тігінші, бірі киім өлшеуші, бірі үтіктеуші болып бөлінеді. Айсара өзінің көйлегін қысқартып беруін сұрайды. Диляра қайшысын алып қиып, тігіп береді. Ал Сәния болса көйлекті үтіктеп береді. Келесі бала шалбар әкеледі. Одан қуыршаққа желетке тігеді. Ұшы жоқ қайшы болуы керек. Ойынды балалар өз қиялдары мен қалаулары бойынша әрі қарай жалғастырады. Бір - бірімен рөлдерді бөлісіп, ұйымшылдықпен ойнайды. Тәрбиеші әр уақытта балаларға көмек көрсетуі тиіс.

1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау кере.
2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.
3. Тіл оңға - солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек.
4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя - пя - пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген сон шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек.

Саусақ ойыны: « **Тасбақа»**
Мақсаты: Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді.
саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау.

1.Тасбақа
Тасбақа, тасбақа,
Тас астында тұрады.
Басын баяу шығарып,
Тиіссең кері тығады.

Жұдырықты түйіп, бас бармақты шығарады да, тасбақаны бейнелейді.. Өлең мазмұнына қарай саусақты кері жасырады. Осы тектес келесі өлеңдерге де қимыл жасауға болады.

Фонетикалық жаттығулар
Мақсаты: Фонетикалық жаттығуды орындау барысындағы басты міндетіміз баланың нақты дыбыстарды дыбыстауы барысында дұрыс тыныс алуын және артикуляциясын қадағалау болып табылады.**1.Баудағы кім?** Ара болсаң, ызында

З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж
Жұмыс істе, тығылма.
- Ара қалай дыбыстайды?
(з- з-з) - қатты\жай

2.Жыланның ысылы.
Жылан қалай дыбыстайды? Ыс-с—ыс-сссс....



3.Шалқан. Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: «**О...о...о**!» деп таң қалды.



2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қоршаған орта	**Математика негіздері**	**Математика негіздері**	**Математика негіздері**	**Қоршаған орта**
	Міндеті: -Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу	**Міндеті:** 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға	**Міндеті:** 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?»	**Міндеті:** Топтарды санау және	**Міндеті:** Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау

	жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, арналған жол) білу Бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту Көшедегі тәртіп ережесін қатаң сақтауға, жолда зейінді болуға дағдыландыру «Жолдан өту» ойыны. Шарты: балалар «жолақ жолдан» өтеді. Педагог «Солға қараймыз!», «Оңға қараймыз!» – деп бұйырады. Содан соң «Солға қараймыз. Жолдың ортасына дейін жетеміз. Оңға қараймыз. Өтеміз», – деп әрбір іс-әрекетті сөзбен жеткізіп отырады. Балалар педагогтің көмегінсіз тағы да «жолдан» өтеді **Топтық жұмыс. «Жол белгілерін табу» ойыны.** Санамақ бойынша балалар екі топқа бөлінеді. – Мен сендерге жол ережелерінің белгілерін дайындап қойып едім. Бірақ олар басқа суреттермен араласып кетті. Әр топ жол белгілерін дұрыс тауып алу керек. Қай топ тез табады, сол жеңіске шығады. Жағдаятты шешу: «Қайсар бүгін үйден шығып, футбол	жаттықтыру 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру. Әлия мен Сырым балаларға пойызбен саяхат жасауды ұсынады. Педагог балаларды вагондар болуға шақырады. Оң бала бір-біріне тіркесіп, пойыздың қозғалысын еліктейді. Балаларға 1-ден 10-ға дейін цифр жазылған карточкалар таратылады. Педагог басқа балаларға вагондарды 1-ден 10-ға дейін тура және кері санауды сұрайды. Вагондармен көрініс ойнатылады. Педагог вагондардың бір-бірден туннельге қарай кетіп жатқанын хабарлайды	сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру Келесі санды 1-ді қосу арқылы және 1-ді азайту арқылы алу тәсілімен таныстыру Сандық сәуле бойынша педагог 1-ге азайту амалын көрсетеді. Сонымен 10 – 1 = 9 9 –1 = 8 8 – 1 = 7 7 – 1 = 6	салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау теңдік және теңсіздік туралы ұғым қалыптастыру. Педагог тақтаға ойыншықтың суреті бар плакат іледі. Ойыншықтарға қарайды, сол және оң жақтағы суреттерді салыстырады. Қайсысы көп, қайсысы аз? Қалай бірдей жасауға болады? Балалар салыстыру және теңестіру әдісін ұсынады. Педагог тақтаның алдына шыққан балаларға бір сөренің екі жағында орналасқан заттардың арасында өзара бірмәнді сәйкестікті анықтауға көмектеседі. – Олар тең болуы үшін не істеу керек? – Дұрыс. Бір жағынан артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет. Артығының бар-жоғын білу үшін ойыншықтарды бір-бірінің астына қоямыз немесе жұптарды сызықпен жалғаймыз	Жолда жүру ережесін сақтап жүруге тәрбиелеу **«Ұшқырлар мен тапқырлар» ойыны**. – Біздің топта кім ең ұшқыр ойлы және тез тапқыр екенін білгім келеді. Мен сендерге сұрақтар қоямын, кім дұрыс жауап айтса, қолын көтереді. Хормен берілген жауап қабылданбайды. Кім дұрыс жауап берсе, жұлдызша алады. Ойын соңында жұлдызшаларды санап, жеңімпазды анықтаймыз. Кімде жұлдызша көп болса, сол – жеңімпаз. – Автокөліктің қанша дөңгелегі бар? (Төрт). – Жаяужолда кім жүреді? (Жаяу жүргінші). – Көлікті кім басқарады? (Жүргізуші). – Екі жолдың қиылысы қалай аталады? (Жол қиылысы). – Жолдың жүріс бөлігі қай жақтан басталады? (Оң жақтан). – Жаяу жүргінші немесе жүргізуші жол ережесін бұзса не болуы мүмкін? (Апат немесе жол-көлік оқиғасы). – Бағдаршамның үстіңгі шамы қандай? (Қызыл). – Жаяу жүргіншілер өткеліндегі жолақтар қандай жануарды еске түсіреді? (Зебра/алаша атты еске түсіреді). – Жаяу жүргінші жер асты өткеліне қалай түсе алады? (Баспалдақпен). – Егер жаяужол болмаса, жаяу жүргінші қалай қозғалады? (Сол жақтан, қозғалысқа қарсы). – Қандай мәшинелер арнайы дыбыстық және жарық сигналдарымен жабдықталған? («Жедел жәрдем», өрт сөндіру және полиция мәшинелері). – Қауіп төнбеу үшін, қай жерде ойнау керек? (Аулада, балалар алаңында). Дұрыс жауаптарға жұлдызшалар беріліп, педагог ойынды қорытындылайды

	ойнағысы келді, бірақ аулада ешкім болмады, Қайсар допты лақтырып жіберді, ол жолға қарай домалап кетті. Өткен-кеткендер Қайсарға ұрыса бастады, бірақ Қайсар таңғалды, өйткені ол үлкендердің неге ұрысқанын түсінбеді». Балалар педагогпен бірге жол жағдайын талдайды, қауіпсіздік ережелерін еске түсіреді				

Үзіліс:

Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ **Ойын:***Жүретін саусақтар.* **Мақсаты:**Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту. **Керекті құралдар:** Суреттері бар кітапшалар. **Шарты:** Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады.		**Үстел үстінде ойналатын ойындар.** **Ойын: «Сарбаздарға не керек?»**(5-10 мин) **Мақсаты:** Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу. **Керекті құралдар:**ойынға керек ресурстар. **Мазмұны:** Ортаға 1 қатысушы шақырылады. Маңдайына сурет қойылады. Бұл суретті қарама – қарсы отырған бала мимика арқылы қатысушыға көрсетіп, түсіндіреді. Ал ойынға қатысушы оны табу керек болады.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Міндеті:** Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету 1.Мамандықтарды ата. Олар не істейді? Сөйлем құра. Кімге қандай құрал керек? Сызып қос	**Қазақ тілі** **Міндеті -** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту қазақ тіліндегі сыпайы сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету . -Балалар, қандай сыпайы сөздер білесіңдер? Қазір бәріміз жағдаят шешейік. 1-жағдаят: Жанына екі баланы шығарып, екеуінің біреуіне ойыншық береді. – Досыңның ойыншығын сұрау үшін, оған қандай сыпайы сөз айтасың? Балалар жауап береді. 2-жағдаят: екі баланың біреуі екіншісіне ренжігені туралы.	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті: -** Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту «М» – «Н» дыбыстарын салыстыру «М» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. Ма-ма-ма – қыс деген бұл шалма. Ма-ма-ма – апорт тәтті алма. «Н» дыбысының дұрыс артикуляциясы: Ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл үстіңгі тістердің түбіне тиеді. «Н» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. «Н»	**Көркем әдебиет** **Міндеті: -** -Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту -Кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну - Құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар? – Орманда қандай құстар өмір сүреді? – Тоқылдақ не істеп жатыр? – Тоқылдақтың тұмсығы өткір, мықты. Ағашты тесіп, құрттарды теріп жейді. Құйрығы қатты, ұзын. Оны «орман дәрігері» деп атайды. Тоқылдақтың, құстардың пайдасы өте	**Шығармашылық бейнелеу әрекеті** **Міндеті:** - Балаларға мерекелердің мәнін түсіндіру, өз жұмысының нәтижесін бағалу -Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау -- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару -- Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру Жаңажылмерекесітуралытүсініктерін арттыру - Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру -- сюжеттік композициялар жасайды, оларды сәнді бөлшектермен толықтырады - Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау - Жаңа жыл мерекесі туралы түсінік беру, қиялдау, елестету дағдыларын дамыту

		– Егер байқамай досыңды ренжітіп алсаң, оған не айтасың? – Мен кешірім сұраймын. – «Кешір» деген сөзді айтамын. – Дұрыс, сыпайы сөздерді жиі айтатын балаларды әдепті бала деп атайды	дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіреді, сол сөздерді бірнеше рет қайталап айтады. **Дидактикалық ойын: «Суретті жалғастыр».** **Мақсаты**: Салынған суретті тез жалғастыру. Жылдамдыққа үйрету. Ашулы шалдың суретін бірінші болып жалғастырып, аяқта	көп. Бүгін осы құстар туралы жазушы Максим Зверевтің «Орман емшілері» әңгімесімен танысамыз. Әңгіме – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Әңгіменің басқа жанрлардан ерекшелігі – болған оқиғаны қысқа баяндайды. Әңгімені мәнерлеп оқып, мазмұнын айтып береді (қосымшаны қараңыз).	**Топтық жұмыс**

Үзіліс: .

Психологиялық ойын:
Ойын: «Тыныштықты жақсы көретін патша»
Мақсаты: Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту.
Ойын шарты:
Патша шуды жек көреді, сондықтан ханзаданың көңіл - күйін бұзбау үшін барлығымыз шуламай тыныш қозғаламыз. Патша аяқтың ұшымен жүреді, оның жүрісі жеңіл, баяу. Бұл ролді бір бала атқарады.
Жүргізуші келесі сөзді айтады: «Барлық балалар, патшадан басқа бөлменің әр жеріне тұра қалады. Патша саусағын ауызына тигізіп, «Ш - ш - ш, ханзада келе жатыр!» деп, бөлмені аралай бастайды. Барлығы «қатып» қалу керек, ал патша әрқайсысын айналып шығады. Кез келген баланың қасына келіп, саусағын баланың мұрнына тигізеді. Сол бала аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Келесі балаға жақындаған патша саусағын баланың мұрнына тигізеді, ол бірінші баланың соңына тұрып, аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Сол тәртіппен ойын жалғаса береді. Барлық балалар патшаның артына жиналғаннан кейін, патша кез келген артындағы балаға қарап, «Ш - ш - ш» дейді, сонда сол бала өз орнына тыныш, аяқ ұшымен оралады. Барлығы орнына тұрғаннан кейін ойын аяқталады.
"Қисық сурет" атты суретті жаттығу өткізіліп, оң және сол жарты шарлар басымдылығын анықтауға арналған қысқаша тест, сонымен қатар оптимистік бағдарды анықтауға арналған сауалнама алынды.

Аз қимылды ойын:
Ойын: «Қуғыншыдан құтқару»
Мақсаты: балаларға тез бұлтарып жүгіру тәсілдерін меңгерту.
Ойын шарты:
Мазмұны: Алаңда үлкен шеңбер немесе төртбұрыш сызылып, ойнайтын жер алдын ала дайындалады. Ойыншылардың арасынан санамақ арқылы бір «қуғыншы» сайланады. Ойын алаңнан шықпай, ішінде жүріп ойналады.
Мұғалімнің «Қуғыншы табылды!» деген белгісінен кейін сайланған бала қолын жоғары көтеріп: «Мен қуғыншы»! – деп айқайлайды да, балаларды қуа жөнеледі.
Қуғыншының қолы тиген ойыншы қолын жоғары көтеріп , қуғыншы болғанын білдіреді де, ойынды әрі қарай жалғастырады.
Бірақ ойыншылар қуғыншыдан бір-бірін құтқаруларына болады. Ол үшін : қашып келе жатқан ойыншы мен қуғыншы екеуінің арасынан кесіп жүгіріп өтсе;
Қашып келе жатқан ойыншыға қол тигізсе;
Қашып келе жатқан ойыншымен қол алысса, онда қуғыншы сол ойыншыны қуады.
Ойынның ережесі:
1. Қуғыншы қолын көтеріп: «Мен қуғыншы» деп басқаларға ескерткеннен кейін ғана ойыншыларды ұстауына болады.
2. Ойын алаңынан шығып кеткен ойыншы ойыннан шығады.
Әдістемелік нұсқаулар.
Бұл ойынды ұйымдастыру үшін алаңды дұрыс таңдаған жөн. Ойыншылар жүгірген кезде бір-біріне немесе басқа заттарға соғылып қалмау үшін қадағалау керек.
Ойын қызықты өтуі үшін ойынның мазмұнына әртүрлі қосымша тапсырмалар енгізуге болады.
Бір ойында бір қуғыншы ғана емес, бірнеше қуғыншы сайлауға болады.
Ойынның педагогикалық маңызы.
Ойынның педагогикалық маңызы өте зор. Ойыншылар жолдастықты іс жүзінде көрсете алады. Достары көп болғанның пайдасын көреді.Қауіптен қорықпай, қиыншылыққа қарсы тұруға дағдыланады.
Ойын барысында ойыншылар жүгіру жаттығуларын орындау тәсілдерін жетілдіреді. Өз қимыл –қозғалысын өзгелермен үйлестіруге үйренеді. Шапшаң, епті қимылдауға жаттығады.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Дене шынықтыру	**Музыка**	**Дене шынықтыру**	**Дене шынықтыру**	**Музыка**

Қимылды ойын: **« Шарлармен алмасу »** **Мақсаты:** Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. **Ойын мазмұны:** Балалар орындықтарда дөңгеленіп отырады. Тәрбиеші қатар отырған екі балаға бір-бірден шар береді де ары қарай басқаларға ауыстырады (біреуі оңға, біреуі солға ұсынады). Шарлар бір-бірімен екі жақтан кездескенде балалар « Соқтығысты» деген сөзбен оларды соқтықтырады. Одан кейін балалар орындарынан тұрып, дөңгелекті айналып, қарсы жаққа барады, қалғандары орындықтарынан тұрып: « Жүгірдік, жүгірдік...,» деп дауыстайды. Балалар өз орындықтарына жүгіріп келіп: « Ол шарды басқа балаларға береді де ойын қайталанады. Бұл ойынды даладағы сазды алаңда өткізуге болады, онда балалар көк шөптің үстінде отырады	Қимылды ойын: « Кішкене өзен арқылы » Мақсаты: Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету,бірлікке,татулыққа тәрбиелеу Ойының шарты: Ойынға бір топ (6-8 адамнан) бала тартылады. Алаңда бір-бірінен 1,5-2м қашықтықта екі сызық сызылады. Бұл өзен. Ойнаушылар сызықтың жанында-өзеннің жағасында тұрады. Олар өзеннен анық сызылған дөңгелектер арқылы аяғын суламай, тастан-тасқа секіріп өтуі керек. Дөңгелектердің арасының қашықтығы балалардың оларға бірінен-біріне секіре алатындай болуы керек. Өзеннен қатарынан 2-3 бала өтеді, ал қалғандары тәрбиешімен бірге оларды бақылап тұрады. Секіре алмай, аяғын сулап алғандары оны күнге кептіруге кетеді-орындыққа отырады. Кейін олар ойынға қайтып араласады, тәрбиеші оларды қалай болса да мақтап, жағаның екінші жағына өтуге көмектеседі.				
3 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Қазақ тілі **Міндеті:** - Туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы айту Отан туралы түсініктерін кеңейту **Сөздік ойын: «Сұрақ-жауап»** – Сенің Отаның қалай аталады? – Менің Отаным – Қазақстан. – Қай қалада (ауылда) тұрасың? (Қаласының, ауылының атын айтады). – Отанымыздың бас қаласын ата? – Отанымыздың бас қаласы – Нұр-Сұлтан. – Қазақстан қандай мемлекет? – Қазақстан – тәуелсіз мемлекет	**Қазақ тілі** **Міндеті** - - Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). ойын арқылы ойлау зейінін, білімдерін бекіту **«Білгенге – маржан». Бұл кезеңнің шарты сұрақтарға жылдам тез жауап беру керек.** **–** Мамандық иелерін ата? – Біздің Отанымыз қалай аталады? – Бөлмеде не бар? – Сыпайы сөздерді ата. – Таңертең не істейміз? – Апта күндерін ата. т.б	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** - Өпитеттерді, салыстыруларды қолдану -«Ж» – «Ш» дыбыстарын таныстыру. Педагог балаларға әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар қояды. 1.Әңгімеде жылдың қай мезгілі? 2.Әңгімеде не туралы? 3.Су торғайын кім сипаттап береді**?** 4.Су торғайы жемін қайдан табады? 5.Су торғайын не үшін ғажап құсқа теңеді Педагог әңгіме мазмұнын 5– 6 балаға қайталап айтқызады. –Балалалар, құстар үй құстары және жабайы құстар болып екіге бөлінеді. –Әңгімедегі су торғай қандай құсқа жатады деп ойлайсындар? Қыстап қалатын құстар, жылы жаққа ұшып кететін құстар және жыртқыш құстар болып бөлінеді. –Жыртқыш құстарға қандай құстар жатады? Педагог балаларға суретін көрсетеді «Ш» дыбысын дұрыс естіп, ажыратуға арналған жаттығулар: 1)Ша-ша-ша – шана. Шу-шу-шу – шуда. Шы-шы-шы – шыны. Ше-ше-ше – шелек. Ши-ши-ши – шие. Шө-шө-шө – шөп	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** -- Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну әңгіменің мағынасын интонациямен мазмұндауға дағдыландыру. **Педагог жұмбақ жасырады.** Қардай аппақ, мамықтай жұмсақ. Ол не? (Мақта) –Мақта жұмсақ, аппақ болады. Мақтадан киім дайындайды, көрпе жасайды. Бүгін біз мақта туралы Ыбырай Алтынсарин атамыздың «Бір уыс мақта» деген қызықты әңгімесімен танысамыз. Әңгіме болған оқиғаның желісі бойынша жазылады. Педагог әңгімені мәнерлеп оқып береді, мазмұнын түсіндіреді –Әңгіме қалай аталады? –Авторы кім? –Кішкентай қыз не істеп отырды? –Анасы қызына қандай ақыл айтты? –Қыз мақтаның қиқымын қайда лақтырды? –Оны не алып кетті? –Анасы оған не деді? –Әңгімені қалай аяқтауға болады?.	**Шығармашылық бейнелеу әрекеті** **Міндеті:** - - Жыл мезгіліне салуда бере білу білігін бекіту - - Ойдан өзбетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. -- Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. - Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, мүмкіндік беру байланысты өзгерісті сурет - қар кесегі суреті н салумүсіндеу,жапсыру,құрасты рту **Топтық жұмыс**
Үзіліс: .					

Тіл дамытуға арналған жаттығулардың мақсаты:
Балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету, тілін дамыту
Шалқан: Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: **«О...о...о!»** деп таң қалды. Кәне, бізде айтып

Жыланның ысылы: Жылан қалай дыбыстайды?
Ыы.....Ыс – с – сссс





Жүгіруге арналған ойын: «Қайда жасырылғанын тап»
Мақсаты:
Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету,бірлікке,татулыққа тәрбиелеу
Ойының шарты: Балалар бөлменің бұрышында тұрады. Тәрбиеші жалаушаны тығатынын айтады. Балалар теріс қарап көзін жұмады,тәрбиеші жалаушаны тығып қояды да «болды» ,деген де балалар жалаушаны іздейді.Тапқан бала жалаушаны тығады.Ойын 2-3 рет қайталанады.
Жүгіруге арналған ойын: «Мысықтар мен балалар»
Мақсаты: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке,алғырлыққа тәрбиелеу.
Ойынның шарты: Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады. Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады.Балалар «кис-кис», деп шақырады.Мысықтар жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады.
Ойын 2-3 рет қайталанады.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Дене шынықтыру
Міндеті: - Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; артқы жағынан қолды айқастырып көтеру, қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу
- Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру, қол мен аяқ қозғалысын үйлесімді қозғау қабілеттерін жетілдіру

Шлө әлемі
«Қи қоңыз» ойын-жаттығуы. Еркін бағытта фитболдарды (доптарды) домалатуға жаттықтыру. Фитболдарды зал бойымен домалатып жүреді. Доптарды қатты итермейд
Батпақ әлемі
Қимыл-қозғалыс ойыны: «Төбешіктен-төбешікке». Ойыншылар еденге тақтайшаларды қойып, оның үстіне тұрады, сонан кейін екіншісін қояды. Осыдан кейін екінші тақтайшаға секіріп тұрады да, бірінші таяқшаны алып, оны алдыға тастайды. Осылайша залдың екінші шетіне дейін тақтайдан-тақтайға секіріп барады. «Теңіз шуы» үнтаспасын тыңдайды.

Музыка
Міндеті: - Шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.
Музыканы тыңдай отырып, оның көңіл күйін ажырата білуге баулу.

Музыка тыңдау:
«Көңілді балалар әні» (Б. Дәлденбай) **Ән айту:**
«Қыс келді» (Б. Жұмабекова)
«Зырлайды шанамыз»
(М. Маңғытаев)
Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (Е. Андосов) **Билер:**
«Қоян биі» (В. Питерцев)
Ойындар, хороводтар:
«Кешікпе» орыстың х.ә.
(өңдеген М. Раухвергер)

Дене шынықтыру
Міндеті: -Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею
- Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру, қол мен аяқ қозғалысын үйлесімді қозғау қабілеттерін жетілдіру

Шөл әлемі
«Қи қоңыз» ойын-жаттығуы. Еркін бағытта фитболдарды (доптарды) домалатуға жаттықтыру. Фитболдарды зал бойымен домалатып жүреді. Доптарды қатты итермейді.
Батпақ әлемі
Қимыл-қозғалыс ойыны: «Төбешіктен-төбешікке». Ойыншылар еденге тақтайшаларды қойып, оның үстіне тұрады, сонан кейін

Дене шынықтыру
Міндеті: - 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).
Отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыруға үйрету
.
«Кокостармен ойнаймыз»
Отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыруға үйрету. Доп ұстаған қолды бастан асыра артқа жіберіп, доптың траекториясы алдыға, жоғары дұрыс ұшу үшін, бүтілген қолды түзу ұстап, допты лақтыру шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру.
Доптың артынан залдың сол немесе оң жағынан жүгіріп барып алып келіп, сапқа тұрады. Допты сол қолмен лақтырады.

Музыка
Міндеті: Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету .-
Музыканы тыңдай отырып, оның көңіл күйін ажырата білуге баулу.

Музыка тыңдау:
«Көңілді балалар әні» (Б. Дәлденбай) **Ән айту:**
«Қыс келді» (Б. Жұмабекова)
«Зырлайды шанамыз»
(М. Маңғытаев)
Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (Е. Андосов) **Билер:**
«Қоян биі» (В. Питерцев)
Ойындар, хороводтар:
«Кешікпе» орыстың х.ә.
(өңдеген М. Раухвергер)
:

			екіншісін қояды. Осыдан кейін екінші тақтайшаға секіріп тұрады да, бірінші таяқшаны алып, оны алдыға тастайды. Осылайша залдың екінші шетіне дейін тақтайдан-тақтайға секіріп барады. «Теңіз шуы» үнтаспасын тыңдайды.		
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	**Бақылау:** Бұлтты бақылау. **Мақсаты**: Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру. Зәулімде тұрағы Тіреусіз тұрады.(Бұлт). **Еңбек:** Көшедегі қар жинаушы машинала- рдың жұмысын бақы лау.**Мақсаты:** Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту.Еңбекті дәріптей білуге үйрету. Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ,Ұстаған қолдарында таяғы жоқ.Күніне талай жерге кетер кезіп, Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. (Бұлт **Мақсаты**: Балаларға бұлт туралы түсінік қалыптастыра отырып, есте сақтау қабілетін дамыту. **Қим.ойын:** «Мені қуып жет». **Мақсаты:** Шапшаңдыққа үйрету. Денені ширату арқылы денсаулықты нығайту.	**Бақылау:** Мұзды бақылау. **Мақсаты:** Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру. **Еңбек:** Тайғанақ жерге құм себу. **Мақсаты:** Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне беріл ген тапсырманы тия- нақты орындауларын қадағалау. Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату. Жаңа жыл,жаңа жыл, Жаңа жылда-жаңа нұр. Жасыл шырша жанында Жадырап бар бала жүр. **Мақсаты:** Еске сақтау қабілетін дамыту, сөздерді қатесіз дұрыс айтуға үйрету. **Ойын:** «Тышқан мен мысық». **Мақсаты:** Шапшандыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету.	**Бақылау:**Ауа-райын бақылау. **Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. **Еңбек: «**Таза алаң». **Мақсаты:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. **Ойын:** «Қасқыр мен қаздар». **Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. **Қимылдық ойын:** «Тымпи-тымпи».	**Бақылау:** Мұздақты бақылау. **Мақсаты:** Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету. **Еңбек:** Ағаш түптеріне қар үю. **Мақсаты:** Еңбекқорлыққа үйрету. Жалқаулықтан аулақ болуға шақыру. **Жеке жұмыс:** Жұмбақ жатттату“ Отқа жанбас, Суға батпас” (**мұз**) **Мақсаты:** Мұз туралы түсінік беру. Жұмбақ жаттату арқылы сөздік қорын молату. Есте сақтау қабілетін дамыту. **Қимылдық ойын: «**Қазан». **Мақсаты:** Бірлесіп ойнауға шақыру. Балалардың көңілдерін көтеру.	**Бақылау:** Күнді бақылау. **Мақсаты:** Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. **Еңбек:** «Қыс қызығы». **Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) **Мақсаты:** Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықта- рын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру. **Қимылды ойын:** «Айгөлек». **Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшан-дыққа , ептілікке баулу.
Балалардың үйге қайтуы	*Ата –аналарға кеңес* Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	*Ата –аналарға кеңес* Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	*Ата –аналарға кеңес* - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	*Ата –аналарға кеңес* Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	*Ата –аналарға кеңес* - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «ə» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 4-апта 30– 31 қаңтар 1-3 ақпан 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата –анамен әңгімелесу. Ата – аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.	**Ата-аналармен әңгіме**: Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата –аналарға керекті құрал – жабдықтарды әкелуін өтіну.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**«Менің балабақшам»** Суреттер әлеміне саяхат	**«Пішіндерді орналастыр және суретін сал» ойыны** Мақсаты: Пішіндерді ұяшықтарға түстеріне және көлеміне сәйкес орналастырады. Дөңгелек пішінді мүсіндеу.	**«Өз үйін тап» ойыны** Мақсаты: үлкен – кіші ұғымдары туралы түсінік беру.	**«Өз орнын тап» ойыны** Мақсаты: түстерді тануға үйрету.	Үстел -үсті ойыны пазл: **«Үйшік құрастыр»** Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін дамыту.
Гимнастикалық жаттығу	жаттығу кешені № 10				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	Жер-Ана, сағанмыңалғыс, Сыйлайсыңбізгекуаныш. Жазда, күзде, қыста да, Көркемсің көктем тұста да!	Көк аспанда күнкүлсін, Бірге күлсін бүлдіршін. Көк аспанда күн күлсін, Жерге ұдайы нұр құйсын. Көк аспанда күн күлсін, Ұл қолында ту жүрсін. Қыз қолында гүл жүрсін, Көк аспанда күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін.	Күндей жадырап, Айдай арайлап, Жұлдыздай жарқырап, Судай мөлдір таза көңілмен Бүгінгі күнді бастайық.	Жарқырап,күн де ашылды Айналаға гүл шашылды. Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Қайырлыкүн! Бізсүйкімдібаламыз	Армысың шапағатты Күн-Ана! Армысың қайырымды Аспан-Ана! Армысың мейірімді Жер-Ана! Құт дарыт, бар әлемді жарылқа!
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті**: - Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу – Қыс белгілері жайлы әңгімелесу. Балалар, осы қыс мезгілінің қызықтарын айта отырып әңгіме құрайық. Даладағы аппақ қар күмістей жарқ-жұрқ етеді. Қардың аппақ тазалығы сондай, бетіне	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Жай сөйлемдерді сөздерге бөлу сөйлем, дыбыс туралы білімдерін пысықтау. **Дидактикалық ойын: « Көпше түрін айт»** – Мен сендерге допты лақтырып бір сөз айтамын, сендер сол сөздің көпше (көп) түрін айтып допты кері лақтырасыңдар. Мысалы: қыз-қыздар, ұл-ұлдар, аға-ағалар, дәптер-дәптерлер ,қозы-қозылар, жүзімжүзімдер, орындық-орындықтар, алма-алмалар, қоян-қояндар, түлкі- түлкілер, жіпжіптер, ине-инелер, көбелек-көбелектер, етік-етіктер, сақина- сақиналар, дыбысдыбыстар, мысық-мысықтар, қасқыр-қасқырлар, аю-аюлар, жылқы-жылқылар т.б. **Дидактикалық ойын: «Соңғы дыбысты ұста!»** Балалар бүгін біз шеңберде сөз тізбегін жасаймыз. Мен «құмыра» сөзін айтып	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** - Дыбыстық талдау жасау дағдыларын пысықтау. дыбыстық талдау жасау дағдыларын пысықтау. Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша» Педагог дыбыстар айтады егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді. Дидактикалық жаттығу: «Тиісті белгіні көтер» Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда сары түсті	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру дыбыстық талдау жасау дағдыларын пысықтау. **Дидактикалық ойын: «Сөз тізбегі»** Педагог бір сөз айтып допты балаларға лақтырады, допты қағып алған бала сол сөздің соңғы дыбысынан басталатын сөз айтып, допты бір балаға лақтырады. Ойын осылай жалғасын табады. Мысалы: (ана-арба-алмұрт- тарақ- қармақ-қалта- айран-нан-нағашы-	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау. ертегі мазмұнын интонациямен мазмұндау арқылы сахналауға баулу. Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: Ертегі қалай аталады? Ертегі ұнады ма? Ертегіде не туралы айтылған? Қай кейіпкер саған ұнады? Орманда мысықпен бірге не өмір сүрді? Мысық қайда кетеді? Әтешті түлкі қалай алдады? Мысық әтешті қалай құтқарды? Түлкінің жасағаны дұрыс па? Есіңде сақта! Дос болсаң, берік бол, Досыңа серік бол.

	ештең тастағың келмейді. Енді сендер осы қыс қызықтары туралы әңгіме құраңдар. Балалардың әңгімелерін тыңдайды. Өте жақсы тағы да кім құрап береді. Қыс мезгілінде сендер қармен көп ойнайтындарың ды әңгімелеріңнен байқадым. Қар туралы «Қар қандай?» ертегісін оқып берейін. **«Қар қандай?»** Бірде құстар дауласады. Олар қардың, кәдімгі қардың қандай болатынын анықтайды. Ұшып жүріп сұрақ қояды: Қар қандай болушы еді? Алтындай жарқырап тұрады, – дейді Таң. Көгілдір түсті, – дейді мұнтаздай көгілдір Аспан. Тастай суық, – деп жауап береді Үйрек, тұмсығын қанатының астына тыға түсіп. Жып-жылы шығар, – деп жауап қатады Тауық. Жеп-жеңіл! Сондай жеңіл! – деп шу ете қалады Жел. Сондай ауыр! Кереметтей ауыр! – деп күрсінеді ағаш Бұтақтары. Күмістей, әрине! – деп күлімсірейді аспандағы сұлу да сымбатты Ай. Жер-көкті шарлаған құстар алуан түрлі жауаптар естиді, бірақ олар әртүрлі болып шығады. Балалар қар қандай?– деген сұраққа әр қайсысы әртүрлі жауап берді, неге?	бастаймын да, соңғы «а» дыбысын созып тұрамын, келесі бала соңғы дыбыстан басталатын сөз ойлап, қолмен ұстағандай қимыл жасайды, соңғы дыбысқа жаңа сөз айтып, соңғы дыбысты созып айтады. Балалар созып айтқан дыбысқа сөз айтып, ойынды жалғастырады (ойын осылай жалғасын табады). Мысалы: Құмыраааа - алмааа - айраннн - наррр - раушаннн - найзағаййй - иннеее - ешкііі - іззз - зырылдауық - қамшыыы - ыдыссс - сағаттт - тасбақааа - алтыбақаннн - наннн - намыссс - сазаннн - нағашыыы - ысқырықққ - қанттт т.б.	дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда қызыл дөңгелекті көтереді.	ыдыс-сағыз- зәкір-рауғаш- шана-алтын-неге-етік-көмір т.б.)	Педагог ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналауды ұсынады. Сиқырлы қоржыннан алынған ертегі кейіпкерлерінің суреттері бойынша рөлдерге бөлінеді

Үзіліс: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар «Допты қуып жет»

Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары:

Сыйқырлы айнаға қарап отырып, араның масаның , шегірткенің, жыланның дыбыстарын салып көр. Осы дыбыстарды Тынымсыз Тіл ұнатады ма соны байқа.

Ағайынды аралар.
Ағайында арарармыз,
Еңбек үшін жаралғанбыз.
-з-з-з-з-з
Шырын іздеп күні бойы
Гүл бақшаны аралаймыз
-з-з-з-з-з
(Үш саусағыңды түйістіріп, ұшып жүрген араларға ұқсат, әрбір екі жолдан кейін аралардың ызылдағанын сал.)
Жаман ара
Қалмай ұшып соңынан,
Ара қуды Мұратты.
-з-з-з-з
Шағып алып қолынан,
Досымызды жылатты.
-у-у-у-у
(Араның дауысы мен баланың ара шаққандағы дауысын сал)

Ойын: *«Допты қуып жет»*

Мақсаты: Балаларды ептіліке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.

Ойынның шарты:

Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады.

Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	. **Қоршаған орта** **Міндеті**: -Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу Балалардың өсімдіктерге күтім жасау, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту **Практикалық жұмыс.** – Балалар, енді Қоянға өсімдіктерді қалай күту керек екендігін көрсетейік. Балалар алжапқыштарын киеді, қолдарына таяқшаларын, су сепкішті алады. – Өсімдік жақсы өсу үшін не керек? – Өсімдік жақсы өсу үшін ауа, жарық керек. Олай болса, өсімдіктерді жарық жерге қойып, өсімдіктерге күтім жасайық. Балалар екі- үштен бірігіп, топтағы өсімдіктердің топырағын қопсытып, су құяды. 1. Топырақты таяқшамен қопсытамыз. 2. Жапырақтарының шаңын жұмсақ шүберекпен сүртеміз. 3. Су құямыз. 4. Жапырақтарына су бүркеміз. – Өсімдіктердің жапырағы, тамырына зақым келтірмес үшін, күту жұмысын қалай орындадыңдар? – Мұқият, ұқыпты, баппен, мейіріммен. – Жарайсыңдар, балалар! Сендер Қоянға өсімдіктерді күтуді үйреттіңдер. Енді ол да өсімдіктер өсіретін болады. – Ал енді олар неге бөлме өсімдіктері деп аталады? – Өйткені олар бөлмеде өсіріледі.	**Математика негіздері** **Міндеті**: - Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптастыру «Сиқырлы дорба» ойыны. «Сиқырлы дорбада» - шар, текше, цилиндр, шаршы, үшбұрыш, шеңбер бар. Ал үстелде олардың суреттері бар. Педагог ойын жағдайын жасайды: – Балалар, геометриялық фигуралар мен денелер өмір сүрген, бір патшалықта бақытсыздық болды. Зұлым сиқыршы сиқырлы таяқшаның бір соққысымен оның барлық тұрғындарын терең зыңданға жіберді. Оларды құтқарудың бірден – бір жолы – оның қандай зат екенін, қолымен ұстап, сипалау арқылы анықтап және оның суретін табу. Балалар кезек-кезек екі қолымен фигураларды ұстап қарап, оны дорбадан шығарады, оның суретін тауып, үстіне фигураны қояды. Балалар көздерін жұмып, әрқайсысы команда бойынша дорбадан заттарды алады. Қозғалыстар мәтін бойынша орындалады	**Математика негіздері** **Міндеті:** -Пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы ұғымдарды қалыптастыру геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптсатыру **Ойын жаттығуы. «Пішінге ұқсас зат»**. Жұптық жұмыс. Үстелдерде пішіндердің: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш жинақтары салынған хатқалта жатыр.Тапсырманы түсіндіреді. Кез келген бала хатқалтадан пішінді шығарып,оны атайды,ал екінші бала қоршаған ортадағы осындай пішіндегі затты атайды.	**Математика негіздері** **Міндеті:** Көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға, графикалық диктантты орындауға үйрету геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптсатыру **«Шын немесе жалған» дидактикалық ойыны** Педагог зат пен форманы атайды. Мысалы, «доп дөңгелек», «қорап доп тәрізді». Егер мәлімдеме дұрыс болмаса, онда балалар қолын айқастыра көкірегіне қояды немесе бастарын шайқайды. Егер дұрыс болса – қол шапалақтайды.	**Қоршаған орта** **Міндеті:** - .Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу Нанға деген ұқыпты қатынасқа тәрбиелеу, бидай өсіру мен нан өндіруге қатысатын адамдардың еңбегіне құрмет көрсету. Сурет салу икемділігін арттыру Нан неден жасалады екен? Ұн неден жасалады? Бидай қайда өседі? Бидайды кім өсіреді? Диқаншы дегеніміз кім? Диірменші дегеніміз кім? Наубайшы дегеніміз кім? Сатушы дегеніміз кім? Балалардың жауаптарын толықтырып, суреттер арқылы көрсетеді. Диқандар көктемде жерге бидай тұқымын себеді. Оны жаз бойы суарып, күтіп баптайды. Күз болған соң жайқалып піскен бидайды комбайнмен жинайды. Одан соң диірменші ұн етіп тартып, қапқа қаптайды. Қапталған ұнды наубайханаға жібереді. Наубайшылар ұннан түрлі тағамдар нан, бауырсақ, бәліш пісіреді. Дайын болған тағамдарды дүкенге жібереді. Мұның бәрі адамдардың еңбегі. Нан-адамның тіршілік көрегі, дастарханға үлкен еңбекпен келеді. Сондықтан дастарханға зор еңбекпен келген нан тағамдарын қастерлеуіміз керек. Енді балалар, нанның суретін салайық.
Үзіліс:					
Саусақ ойындары **Ойын:*Су толтыру.*** **Мақсаты:**Қол ептілігін дамыту,ас ішкенде қалай отырып,қасықты қалай ұстайтынын,ыдыстар қалай тұратынын үйрету. **Керекті құралдар:**шұңқыр қасық,шұңқыр тәрелке мен күрешке.		***Саусақ ойыны: Жүретін саусақтар.*** **Мақсаты:**Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту. **Керекті құралдар:** Суреттері бар кітапшалар. **Шарты:** Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады.		**Дидактикалық ойын:** ***«Домино»*** **Мақсаты:** «Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту, пысықтау. Сәйкес көлікті тауып дұрыс атату, оның атқаратын қызметімен таныстыру. **Ойын шарты:** Суреттері сәйкес келетін карточкаларды біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.

Мазмұны: Үстел үстіне шұңқыр ыдысқа су құйып қоямыз.Одан кейін 1-ші тәрбиеші өзі көрсетеді.Ыдыстағы суды қасықпен алып,ақырын төгіп алмай күрешкеге құямыз.Осы іс-әрекет бірнеше рет қайталанады.		**Қажетті құралдар**: Бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлімдері 5×6см карточкалар.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Міндеті:** Шағын өлеңдер тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру. **Тақпақ жатта.** Мемлекеттік Елтаңба Елтаңбамыз – ел беті, Төрге ілінер көрнекі. Анам таққан шолпыдай Дөп-дөңгелек, өрнекті.	**Қазақ тілі** **Міндеті** - Шағын өлеңдер тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру. **«Мнемо кестесі» бойынша** Мемлекеттік Елтаңбаны сипатта, сөйлем құра. – Елтаңбада шаңырақ бейнеленген. – Елтаңбада тұлпар бейнеленген. – Елтаңбада жұлдыз бейнеленген.	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** - Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру -Қыс белгілері жайлы әңгімелесу. Балалар енді «қыс» сөзіне дыбыстық талдау жасату әріп қималарымен. Қ– дауыссыз дыбыс. Ы – дауысты дыбыс. С– дауыссыз дыбыс. Дауысты дыбысты қандай түспен белгілейміз? Ал дауыссыз дыбысты ше? **Дидактикалық ойын:** **«Қай мезгілде ойнаймыз?»** **Ойын шарты**: Шаңғы, асық, шана, доп, хоккей, секіргіш жіп суреттеріне қарап, қай мезгілде ойнайтынын айту**.**	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру ертегі мазмұнын интонациямен мазмұндау арқылы сахналауға баулу. Педагог балаларға жұмбақ жасырады: Бұрап қойған сағаттай, Айғайлайды таң атпай. (Әтеш) Жолбарысқа ұқсайды, Тек тышқанды ұстайды. (Мысық) Өзі айлакер, өзі бір қу, Жүрген жері айғай-шу. (Түлкі) Мысық, әтеш, түлкі туралы қандай ертегі білесіңдер? Бүгін біз «Мысық, әтеш және түлкі» деген орыс халық ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегініңөлеңнен айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан шығарады.	**Шығармашылық бейнелеу әрекеті** **Міндеті:** - - Балаларды ер адамға арналған баскиімнің түрлерімен, олардың ерекшеліктерімен, баскиімнің басқа да киімдерден өзгешелігімен таныстыру -аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру -жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру -- Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін :- балаларға тымақты бейнелеп салуға,мүсіндеуге,жапсыруға,құрастыруға үйрету **Топтық жұмысы**

Үзіліс: .

«Гүлдерді күтеміз»ойыны **Мақсаты:**балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру. Гүлдердің түрлерін (көпжылдық, біржылдық, пияз тұқымдас, шөптекті, тұқымдас гүлдерді) ажырата білуге үйрету. Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсінеді. **Ойын шарты:** гүлдерді екіге бөлу,дала гүлдерін газонның қасына іліп,ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою , суреттер бойынша әңгімелету. 	***Қимылды ойын:*«Ту».** **Мақсаты:** Топтағы қарым-қатынасты нығайту. **Ойынның шарты:** Балалар 3-4 топқа бөлінеді.Әр топтың ортасында 1 бала ту ұстап тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ойыншылар жан-жаққа жүгіріп, көздерін жұмып тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ту ұстаған балалар орындарын ауыстырады. Тәрбиеші «Өз туларыңды табыңдар» дегенде ойыншылар өз туларына қарай жүгіреді. Қай топ тез жиналады, сол топ жеңеді.(Тулардың түстері әр түрлі болу керек)	***Қимылды ойын:*** **«Шұңқырдағы қасқырлар»** **Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу. **Ойынның шарты:**Алаңның ортасында ұзын шұңқыр салынды.(1-1,5 метр)Шұңқырдың ортасында екі қасқыр тұрады. Қалған ойыншылар ешкі болады. Ешкілер алаңның бір жақ шетінде үйлерінде тұрады.Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ешкілер үйлерінен шығып, шұңқырдан секіріп өтіп, жайылымға барады. Қасқырлар шұңқырдан шықпай ешкілерді ұстап алу керек.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Дене шынықтыру **Міндеті:** - Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне	**Музыка** **Міндеті:** Балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу Вальс музыкасының ырғағын өзге	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** -Гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).	**Дене шынықтыру** **Міндеті**: - - Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды	**Музыка** **Міндеті:** - Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру Вальс музыкасының

	қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді - Отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыруға үйрету. **«Кокостармен ойнаймыз»** Отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыруға үйрету. Доп ұстаған қолды бастан асыра артқа жіберіп, доптың траекториясы алдыға, жоғары дұрыс ұшу үшін, бүгілген қолды түзу ұстап, допты лақтыру шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Доптың артынан залдың сол немесе оң жағынан жүгіріп барып алып келіп, сапқа тұрады. Допты сол қолмен лақтырады.	музыкалардан ажырата білуге ұмтылдыру. Музыка тыңдау: «Вальс» (Қ. Шілдебаев) Ән айту: «Айнала ақша қар» (И. Мамақов) «Қыс келді» (Б. Жұмабекова) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литва х.ә. (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев) Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын х.ә. (өңдеген Т. Попатенко)	- Іші толтырылған допты алысқа бір қолмен лақтыруға үйрету: қолды алдыға, жоғары созып, ширақ сермеп, доптың ұшу траекториясын дұрыс беру және бастапқы қалыпқа қайтадан тұра білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Іші толтырылған допты алысқа бір қолмен лақтыруға үйрету: қолды алдыға, жоғары созып, ширақ сермеп, доптың ұшу траекториясын дұрыс беру және бастапқы қалыпқа қайтадан тұра білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. (2 рет) Доптың артынан залдың сол немесе оң жағынан жүгіріп барып, алып келіп, сапқа тұрады. Допты сол қолмен лақтырады.	орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр). Іші толтырылған допты алысқа бір қолмен лақтыруға үйрету: қолды алдыға, жоғары созып, ширақ сермеп, доптың ұшу траекториясын дұрыс беру және бастапқы қалыпқа қайтадан тұра білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. . **Антарктида** Антарктидада жыл бойы қыс болады. Пингвин – оның мекені. «Пингвиндер» ойын-жаттығуы Екі тіземен допты қысып алып жүру. Екі топқа бөлінеді. Екі топ екі тізбек болып тұрады. Бастаушы балалар екі тізе ортасына допты қысып, белгіленген жерге екі аяқпен секіріп барып, кері жүгіріп келіп, тізбектің соңына тұрады. Ойын осылай жалғаса береді.	ырғағын өзге музыкалардан ажырата білуге ұмтылдыру :Музыка тыңдау: «Вальс» (Қ. Шілдебаев) Ән айту: «Айнала ақша қар» (И. Мамақов) «Қыс келді» (Б. Жұмабекова) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литва х.ә. (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев) Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын х.ә. (өңдеген Т. Попатенко)
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	**Бақылау:** Бұлтты бақылау. **Мақсаты**: Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру. Зәулімде тұрағы Тіреусіз тұрады.(Бұлт). **Еңбек:** Көшедегі қар жинаушы машинала-рдың жұмысын бақы лау.**Мақсаты:** Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту.Еңбекті дәріптей білуге үйрету. Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ,Ұстаған қолдарында таяғы жоқ.Күніне талай жерге кетер кезіп, Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. (Бұлт **Мақсаты**: Балаларға бұлт туралы түсінік қалыптастыра отырып, есте сақтау қабілетін дамыту. **Қим.ойын:** «Мені қуып жет». **Мақсаты:** Шапшаңдыққа үйрету. Денені ширату арқылы денсаулықты нығайту.	**Бақылау:** Мұзды бақылау. **Мақсаты:** Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру. **Еңбек:** Тайғанақ жерге құм себу. **Мақсаты:** Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне беріл ген тапсырманы тия-нақты орындауларын қадағалау. Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату. Жаңа жыл,жаңа жыл, Жаңа жылда-жаңа нұр. Жасыл шырша жанында Жадырап бар бала жүр. **Мақсаты:** Еске сақтау қабілетін дамыту, сөздерді қатесіз дұрыс айтуға үйрету. **Ойын:** «Тышқан мен мысық». **Мақсаты:** Шапшандыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету.	**Бақылау:**Ауа-райын бақылау. **Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. **Еңбек: «**Таза алаң». **Мақсаты:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. **Ойын:** «Қасқыр мен қаздар». **Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. **Қимылдық ойын:** «Тымпи-тымпи».	**Бақылау:** Мұздақты бақылау. **Мақсаты:** Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету. **Еңбек:** Ағаш түптеріне қар үю. **Мақсаты:** Еңбекқорлыққа үйрету. Жалқаулықтан аулақ болуға шақыру. **Жеке жұмыс:** Жұмбақ жаттату“ Отқа жанбас, Суға батпас” (**мұз**) **Мақсаты:** Мұз туралы түсінік беру. Жұмбақ жаттату арқылы сөздік қорын молату. Есте сақтау қабілетін дамыту. **Қимылдық ойын: «**Қазан». **Мақсаты:** Бірлесіп ойнауға шақыру. Балалардың көңілдерін көтеру.	**Бақылау:** Күнді бақылау. **Мақсаты:** Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. **Еңбек:** «Қыс қызығы». **Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) **Мақсаты:** Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықта-рын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру. **Қимылды ойын:** «Айгөлек». **Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшан-дыққа , ептілікке баулу.
Балалардың үйге қайтуы	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «ə» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі **2-апта** 13 – 17 ақпан 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Шарлармен жаттығулар орындау. Мақсаты: жаттығуларды орындайды. қызығушылығын білдіреді. (Топпен)	**Дидактикалық ойын «Кімде не бар?»** Мақсаты**:** Заттардың (шкаф,орындық т.б) аттарын дұрыс атай біледі.	**Дидактикалық ойын "Ғажайып қапшық"** Мақсаты: балалар ойыншықтардың атауларын айтады.	**Әңгімелесу** :**"Менің ойыншығым"** Мақсаты: Балалар тәрбиешінің сұрағына жеңіл сөздермен жауап береді.	**Дидактикалық ойын "Атын атап бер"** Мақсаты:түсі мен көлеміне қарамастан таныс заттарды таниды және көрсетеді.
Гимнастикалық жаттығу	Гимнастикалық жаттығу кешені № 9				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	**«Аспан»** Асапан ашық,көгілдір, Күн шуағын төгіп тұр! Қол ұстасқан біздерді, Тереземнен көріп тұр	**«Ақ тілек»** Адал жақсы ниетпен Бар адамға бақ тілеп. Жарып шыққан жүректен, Сөздің бәрі – Ақ тілек!	**«Сиқырлы таяқша»** Мен бәріңе Қуаныш тілеймін! Мен бәріңе Мейірім тілеймін! Мен бәріңе шуақты күн тілеймін! Мен бәріңе көңілді ойын тілеймін! Мен бәріңе Денсаулық тілеймін!	**«Қыс»** Боран соғар оң жақтан, Боран соғар сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ, Суық өтер қолғаптан.	**«Шана»** Тоңса біздің қолымыз, Қолғап киіп аламыз. Сарт, сарт, сарт Алақанды соғамыз. Тоңса біздің аяғымыз Етік киіп аламыз. Топ, топ, топ Топылдатып билейміз. Тоңса біздің денеміз Тонды киіп аламыз Зу, зу, зу Шанаменен зулаймыз
	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті** Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға баулу : Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. –Қыс мезгілінде неше ай бар? –Балалар, қыс мезгілінің үш айы да қарлы, аяз, ызғарлы суықпен өтеді. –Балалар, сендер қар қайтіп жауатынын білесіңдер ме? –Дұрыс, қар жапалақтап, түйіршектеніп те жауады. –Кәне, бәріміз бірге «жапалақтап», «түйіршектеніп» деген сөздерді қайталайық. –Балалар, қардың түсі аппақ, жер бетінде күмістей, жып-жылтыр болып жалтырап жатады. Қар – жұмсақ ұлпа Педагог өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнын түсіндіреді. **Қаңтар** Лебі мұздай ызғарлы, Алып келді қыс қарды. Қысқы түндер ұзарды, Ұзақ күндер қысқарды. Аяз сүйіп қарсы алған, Жердің аппақ тұлғасы. Басталады қаңтардан, Қыс айының ортасы	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** - Түрлі ойындар арқылы балалардың алдыңғы тақырыптар бойынша алған білімдерін пысықтау Сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен айту және сызбамен белгілей алу дағдыларын бекіту. «Бір буыннан басталатын бірнеше сөз» дидактикалық ойыны Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құрауға жарысады. Сөз айтқан балаларға жұлдызшы беріліп отырады. Қай топ бір буыннан ең көп сөз айтады екен. Мысалы: (те-) те-(геш) , те-(рек), те-(мір), те-(тік), көр-(пе), (ор-) ор-(та), ор-(ман), о-(рақ), (өр-) өр-(мек), өр-(кеш), өр-(ле), өр-(мекші), өр(т), (да-) да(мылда), да(был), да(қыл), да(уыс), Да(риға), Дә(рия).	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** . Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту **«Сөзді аяқта» дидактикалық жаттығуы** **–** Мен сендерге сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтамын, сендер соңғы буынды қосып, сөзді аяқтап қайтадан айтасыңдар. Мысалы: аққа...ла, ба...ла, ба...нан, бан...тик, асқа...бақ, сә...біз, домбы...ра, қам...шы, балмұз...дақ, аялда...ма, дәріха...на, емха...на, балабақ...ша, бағдар...шам, қа...лам, қыза...нақ, бұл...ақ, көзілді...рік, тоңазыт...қыш, тоқыл...дақ, тер...ек, ша...тыр, ал...қа, апель...син, ау...ыл, ас...пан, қарын..дас, кер...ует, қа...зан, шаныш...қы, ба...лық, қал...қан, қаң...бақ, қа...мыр, шал...бар, кі...лем, жү...рек, жүге...рі, жұл...дыз. Әр дұрыс айтылған сөзге педагог жұлдызша беріп отырады	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Дыбыстық талдау жасай алу дағдыларын бекіту Ойындар арқылы шапшаңдық, төзімділік секілді қасиеттерін дамыту**.** . «Кім көп сөз ойлап айтады?» дидактикалық ойыны Н дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар, сөздерді шапалақпен буынға бөліндер, қанша буын атасындар. – Нан, нар, ну, нарын, немене, не, неге, нағыз, Нұрлан, Нұргүл, неке, нақ, неліктен. – Р дыбысынан басталатын сөз ойлаңдар. Кім көп сөз ойласа, соған бір фишкадан беріліп отырады. – Радио, рауғаш, рас, рет, резеңке, рең. Ойын соңында фишкаларды санап, жеңімпазды анықтайды**.**	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** - - Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру театрландырылған ойындарға оң көзқарасын қалыптастыру. . Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі ұнады ма? – Ертегі не туралы? – Анасы тиінді жұмсап, қыздарын не үшін шақырды? – Тиін үлкен қызды неге айналдырды? Не үшін? – Тиін ортаншы қызды неге айналдырды? Не үшін? – Тиін кіші қызды неге айналдырды? Не үшін? – Қай қыздың әрекеті ұнады? Рөлге бөліп ойнау
Үзіліс: Қимылды ойындар «Әуедегі атыс»					

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЫНДАР

Мен қандай адаммын ?

Мақсаты: Топта жұмыс жүргізу үшін жағымды ахуал орнату, қарым - қатынастың белсенді стилін және кері байланыс немесе алу тәсілдерін меңгеру;

Әр қатысушы өзінің жағымды , жағымсыз қасиеттерін айтады . Сол бойынша қорытынды жүргізіледі .





Ойын: «Әуедегі атыс» қимылды ойыны

Мақсаты: Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.

Ойынның шарты: Бұл сайыста оқушыларды екі топқа тең бөлесіз. 1-топқа бірыңғай қызыл түс (өз қалауыңыз бойынша да таңдауға болады), 2-топқа жасыл түсті үрленген шар беріп, екі команданың арасын түзу сызық етіп бормен сызып қоясыз. Музыка ырғағымен екі команда өз шарларын қарсылас команда жаққа лақтыру керек. Қай топ жылдам сол жеңіске жетеді.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қоршаған орта

Міндеті: - Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату

Жануарлардың бәрінің тірі жан иесі екендігі және олардың тіршілік етуіне белгілі бір жағдайлар қажеттігі туралы түсінікті пысықтау

«Жануарды қоректендір» атты дидактикалық ойынды ұйымдастырады. Балалар екі командаға бөлінеді. Бірінші команда жануардың атауын атайды, екіншісі оның немен қоректенетінін айтады. Содан кейін керісінше ойнайды. Балалар өз қалауы бойынша ұнататын жануарына ас мәзірін дайындайды (муляж немесе суреттер пайдаланады).

Математика негіздері

Міндеті: - Геометриялық денелерді тануды және атауды бекіту, заттардың белгілерін, салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын табу - : қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табу қабілетін қалыптастыру

Ортаны модельдеу

Тақтада геометриялық фигуралардан бейнеленген ағаштар суреті ілінген, педагогтің үстелінде көлемді фигуралардан ғимараттар салынған. Геометриялық пішіндер елінде ағаштар да ерекше пішінге ие.

– Ағаштардың суреттеріне қараңдар. Қандай геометриялық пішіндерді көріп тұрсыңдар?

Математика негіздері

Міндеті: Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау. қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табу қабілетін қалыптастыру

–

Шағын топпен жұмыс

«Затты тап» ойынын ойнайды. Балалар санамақ арқылы топтарға бөлінеді, топтарда талқылап, геометриялық денелерге ұқсайтын заттарды атайды. Әрбір дұрыс жауап үшін фишка алады. Жинақтағы геометриялық денелерді кезек-кезек көрсетіп, қандай заттардың оларға ұқсайтыны (осындай пішінге ие) туралы сұрайды. Фишкаларды ең көп жинаған топ жеңімпаз атанады

Математика негіздері

Міндеті: Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде

кеңістікте орналасуы туралы білімін қалыптастыру.

«Қарама-қарсы бағдарды ата» дидактикалық ойыны

Педагог ұйымдастырады. Педагог кеңістіктік бағдарларды атайды, ал белгі (доп, көрсеткіш, фишка және т.с.с.) алған бала мағынасы бойынша қарама-қарсы бағдарды атайды. Мысалы, оң жақ – сол жақ, жоғары – төмен және т.б. Балаларға мағынасы бойынша қарама-қарсы сөздерді айтады.

Топтық жұмыс. «Не өзгерді?» ойыны

Педагогтың үстелінде бірнеше зат жатыр. Балалар бір-біріне қатысты заттардың қалай орналасқанын есте сақтайды. Содан кейін олар көзін жұмады, осы кезде педагог бір немесе екі заттың орындарын ауыстырады. Балалар көзін ашып, қандай өзгерістер болғанын, заттар бұрын қайда тұрғанын және

Қоршаған орта

Міндеті: - Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу

Мақсаты Үй жануарлары мен олардың төлдері; олардың адамға әкелетін пайдасы туралы түсініктерін жинақтау

«Кездейсоқ бірігу» техникасының көмегімен бірнеше топқа бөлінуге шақырады. Геометриялық фигуралар бейнеленген карточкаларды тарату арқылы; өтіп жатқан тақырыпқа қарай, гүлдердің, жануарлардың атауларына қарай.

Педагог сұрақтар немесе ескертпелердің көмегімен балалардың топтағы жұмысына бағыт сілтеп отырады. Сол арқылы мәліметтерді дұрыс қабылдауға, дұрыс сөйлеуге үйретеді: Қандай дыбыс шығарады? Не жейді? Қандай пайда әкеледі?

Балалардың назарын иттердің үйде және аулада өсірілетініне аударады. Үйде ұстайтын иттің астына төсем төселеді, ал аула иттері үйшікте жатады. Үйшіктің жанында ылғи ыдыс тұрады. Ол – иттің итаяғы. Қосымша мәлімет береді: әдетте, үйшіктің қасында екі итаяқ тұрады: біріне су, екіншісіне тамақ салынады. Қожайын итке тамақты белгілі бір уақытта құйып отырады. Сұрақтарға жауап береді: Иттің өзіне тән белгілері қандай? Сиырдың ше? Олардың арасында ұқсастық бар ма?Айырмашылықтары қандай?

				қазіргі тұрған жерін айтады. Педагог балаларды заттардың бір-біріне қатысты орналасуын сипаттайтын сөздерді пайдалануға ынталандырады. Мысалы, қоян мысықтың оң жағында тұрды, ал қазір оның оң жағында тұр, т.б.	

Үзіліс: Аз қимылды ойындар «Жалауша»

« Өкпені еріту » жаттығуы
Тып- тыныш денеңізді бос ұстап отырыңыз .Өзіңізді қаракөлеңкеде театрда отырмын деп есептеңіз Алдыңыздағы шағын сахнаға (ең жек көретін, көргіңіз келмейтін) сіз кешіруге тиісті адамды қойыңыз. Мейлі ол сізді қазір ренжітсін , бұрын ренжітсін ,қазір өмірде бар болсын , әлде өмірден өтіп кетті ме , оған мән бермеңіз .Көз алдыңызға елестеткенде оның жағдайы жақсы , жүзіне күлкі үйірілген жағдайда болуы керек . Оны бақытты деп біліңіз . Бірнеше минут оның жүзін анық көз алдыңызда ұстап тұрыңыз . Сонан соң барып ол бейнемен қоштасыңыз . Сіз кешірген адам кетісімен сіз өзіңізді сахнаға қойыңыз. Өзіңізді де тек жақсы жағдайда елестетіңіз . Бақытты , күлкі үйірілген жүзбен тұрыңыз . Бұл әлемдегі жақсылық барлығыңызға да тең жететінін ұғыңыз .





Ойын: «Жалауша»
Ойынның мақсаты: жарысып тез жүгіруге,қарсыласынан бұрын жалаушаны алуға жаттықтыру.
Керекті құралдар: ысқырық,жалауша,бор,таяқша.
Мазмұны.
Сыныптағы балалар санау арқылы екі командаға бөлінеді.Олар ойын алаңының екі шетінде қарама-қарсы сап түзеп тұрады.Ойыншылардың дәл ортасынан диаметрі 1 метрлік шеңбер сызылады.Шеңбердің ортасына жалауша тігіледі.Жалаушаның қасында қолына ысқырық ұстаған ойын жүргізуші тұрады.
Ойынның басталуына белгі берілгеннен кейін әр командадағы бірінші тұрған ойыншылар тез жүгіріп келіп, жалаушаны алдымен алуға тырысады.Егер ала алса, ол ойыншы команда есебіне ыр ұпай қосады.
Ал шеңберге екі бала да қатар келсе, олар өте сақ болулары керек, өйткені қай ойыншыға қарсыласының қолы бұрын тисе, оның жалаушаны алуға қақысы жоқ.
Ойын осылай бірнеше рет жүріп,жеңіске жеткен команда анықталады.
Ойынның ережесі.
1.Ойыншылар тұрған қатарларынан бір мезетте шығуын мұқият қадағалау қажет.
2. Шеңбердің сызығын басуға болмайды.
3. Шеңбер ішінен алған жалаушаны ойын жүргізушіге беріп, ойыншылар қайтадан тұрған орындарына жүгіріп кетеді.
Әдістемелік нұсқаулар.
Ойын қызықты өту үшін командаларды бір түзудің бойына тұрғызу керек. Ойын жүргізуші етіп сабаққа қатыса алмайтын оқушыларды немесе арнаулы төрешілерді тағайындауға болады.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Міндеті:** -- Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру.. **Постермен жұмыс.** Педагог шағын мәтінді оқиды. Мынау – Мемлекеттік Елтаңба.	**Қазақ тілі** **Міндеті** - , - Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттай білу үйрету, тақпақты жаттау Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру.	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** - Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. **Мақал-мәтелдер** 1. Қысына қарай – көктемі, Диқанына қарай – егіні. 2.Қар жауды деп қуанба, Артынан келер аязы. 3.Қыс қамыңды	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** - Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру - . театрландырылған ойындарға оң көзқарасын қалыптастыру. Педагог балаларға жұмбақ жасырады.	**Шығармашылық бейнелеу әрекеті** **Міндеті:** - - Қаршақыздың достарымен танысып, олардың суретін сала білуге үйрету -- Кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу - Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және

	Елтаңбамызда шаңырақ, күн шуақтары, тұлпар, жұлдыз бейнеленген. Төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар. Мемлекеттік Елтаңбаның авторы – Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов. – Мемлекеттік Елтаңбада не бейнеленген? – Мемлекеттік Елтаңбада шаңырақ, күн шуақтары, тұлпар, жұлдыз бейнеленген. – Мемлекеттік Елтаңбаның авторы кім? – Мемлекеттің Елтаңбаның авторы – Жандарбек Мәлібеков, Шот-Аман Уәлиханов. Балалар жаңа сөздерді және сөйлемдерді, мәтінді қайталайды	«Мнемо кестесі» бойынша Мемлекеттік Елтаңбаны сипатта, сөйлем құра. – Елтаңбада шаңырақ бейнеленген. – Елтаңбада тұлпар бейнеленген. – Елтаңбада жұлдыз бейнеленген. 2.Тақпақ жатта. Мемлекеттік Елтаңба Елтаңбамыз – ел беті, Төрге ілінер көрнекі. Анам таққан шолпыдай Дөп-дөңгелек, өрнекті.	жаз ойла. Дидактикалық ойын: «Дауыссыз дыбыстарды анықта». Ойын шарты: «Қаңтар» өлеңіндегі «мұздай», «ызғарлы», «қарлы», «түндер», «ұзарды», «қысқарды» сөздерінің ішінен дауыссыз дыбыстарды педагогтің көмегімен табу. Мысалы: «мұздай» сөзіндегі «д» дыбысы – дауыссыз дыбыс. «Ызғарлы» сөзіндегі «з» дыбысы – дауыссыз дыбыс. Тапсырма ауызша орындалады	– Өмірдегі ең жақын, аяулы жан кім? – Ана сөзін естігенде, ойларыңа не келеді? – Аналарың сендерді қандай сөздермен еркелетеді? Ана – ең аяулы жан. Анамызды сыйлап, ренжітпей жүруіміз керек. Анамыз ауырып қалса, дәрі-дәрмек беріп, күтіп, көмектескеніміз жөн. Бүгін біз ана туралы «Үш қыз» атты татар халық ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегінің әңгімеден айырмашылығы – ойдан, қиялдан шығарады. Ертегіні оқып, мазмұнын ашу	топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару - Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару - Қаршақыздың сүйікті достарын салу,мүсіндеу,жапсыру,құрастыру **Топтық жұмыс**
Үзіліс: «Торғайлар мен тор» қимылды ойыны .					
Тіл гимнастикасы **«Р»-ға тілің келе ме?** **Қаламқасқа «тұр», - деші,** **Қарындашқа «жүр», - деші.** **«Қара қарындашты** **Қаламқас алып тұр», - деші,** **Ал енді өзің-ақ** **«Р-р-р-р», - деші.**	**Ойын: «Торғайлар мен тор»** қимылды ойыны **Мақсаты:** Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау. **Ойынның шарты:**Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топ алаңның ортасында қол ұстасып шеңбер құрып айналып жүреді. Сол топ тор болып саналады. Екінші топ-торғайлар. Тәрбиеші торды ашыңдар дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын көтереді.(Қол ұстасып айналып жүреді) Торғайлар шеңбердің ішіне кіреді, тез қайта шығуға тырысады. Тәрбиеші «торды жабыңдар» дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын түсіреді. Тордың ішінде қалып қойған балалар шеңберге қосылады. Сөйтіп 1-3 торғай қалғанша ойнайды.			
4 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Дене шынықтыру **Міндеті:** - - Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); . Сапта тұрып бір-екі санаққа санауға және сапта тұрып түзелуге үйрету. 30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру. II. «Қатып қал!» ойын жаттығуы. Шашырап жүру, жүгіру. «Қатып қал!» бұйрығы	**Музыка** **Міндеті:** -- Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету **Музыка тыңдау:** «Бесік жыры» (Ш. Мұхамеджанов) Ән айту: «Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев) «Айнала ақша қар» (И. Мамақов)	**Дене шынықтыру** **Міндеті:**. - Қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту . Сапта тұрып бір-екі санаққа санауға және сапта тұрып түзелуге үйрету. 30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру.	**Дене шынықтыру** **Міндеті**: - - Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату Дене қимыл жаттығуларын біртіндеп көбейте отырып, төзімділік пен жаттықкандықты арттыру. Бір аяқпен мейлінше ұзақ сырғи білуді Жалғастыр **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Алшақ бас!». Нұсқау – алшақ адымдар тек аяғымен жақсы итерілу, қолын	**Музыка** **Міндеті:** - Бесік жыры арқылы балаларды имандылыққа тәрбиелеу Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету **Музыка тыңдау**: «Бесік жыры» (Ш. Мұхамеджанов) Ән айту: «Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев) «Айнала ақша қар» (И. Мамақов) Музыкалық-ырғақтық қимылдар:

	бойынша бір орындарында қатып қалады. Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. Нөмірлері бойынша топ болып сапқа тұрады. 30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру. Нұсқау – екі аяқпен ширақ серпіліп, қолды алға шығарады. Заттардың жанында екі тізбекке тұрады. Топтарға ат қояды. Поролон текшелерден секіріп, құрсауды айналып өтіп, таяқшаны келесі балаға алып келіп, өзі тізбектің соңына тұрады. Келесі жолы топ болып секіріп барып, қайтарда жүгіріп қайтып келеді. Екі аяқпен ширақ серпіліп, қолды алға шығарады. Саптан шықпай, бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады.	Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қоян», «Аю» (Е. Тиличеева) Билер: «Полька» хорват х.ә. (өңдеген В. Герчик) Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Құлыншақ» (С. Урбах)	«Ержүректілікке жаттықтыру» «Бұлтқа қол жеткізу» Гимнастикалық қабырғада қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру. Тапсырмаларды бұлжытпай орындап, өздерін ержүрек екендіктерін көрсетуге тырысады	екпінмен дұрыс сермеу, аздап бүгілген аяқпен барынша ұзаққа сырғығанда ғана мүмкін болатынына басты назар аудару керек. 15 метр қашықтықты ойыншылар қанша қадам жасап жүріп өтетінін есептеп байқау. Ойыншылар шаңғы жолымен 15 метр жүріп өтеді. Әр аяғымен мүмкіндігінше алысқа сырғуға тырысады. Қайтадан орнына жай жүріп қайтады.	«Қоян», «Аю» (Е. Тиличеева) Билер: «Полька» хорват х.ә. (өңдеген В. Герчик) Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Құлыншақ» (С. Урбах)
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	**Серуен-Бақылау №1** **Бақылау**: Қыстап қалатын құстарды бақылау. **Мақсаты:** Қыстап қалатын құстардың түрлерімен таныстыру, қыстап қалатынқұстар туралы мағлұмат беру.қамқорлықпен қарауға үйрету. **Еңбек:** Құстарға жем шашу. **Мақсаты:** Қыста құстарға аштықтың қатерлігін түсіндіре отырып, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** Қыс келгенде торғайым Үй алдына қон дәйім.Ойна,жүгір желкілде, Тисем саған оңбай мын. **Мақсаты:** Тақпақ жаттата отырып, балалардың сөздік қорларының белсенділігін арттыру, тіл мәдениетін жетілдіру. **Қимылды ойын:** «Кім жылдам?» **Мақсаты**: Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Балалардың бойында	**Серуен-Бақылау №2** **Бақылау:** Қарды бақылау. **Мақсаты:** Қыс мезгілінің ерекшелік терін айту.Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тоңады, жылыға ериді.Ойлау қабілетін дамыту. **Тақпақ:** Аппақ көше, бар дала, Аппақ ой мен қыраттар. Ақ шатырлы қар қала, Ақ жамылып тұр бақтар. **Еңбек:** Ағаштар түбіне қар үю. **Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру.Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету. **Ойын: «**Қардан түрлі бейнелер жасау». **Мақсаты:** Ойынға қызығушылығын арттыру.	**Серуен-Бақылау №3** **Бақылау:**Ауа-райын бақылау. **Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. **Еңбек: «**Таза алаң». **Мақсаты:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** **Е.Өтетілеуов «Күшік».** **Мақсаты:** Y дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. Е.Өтетілеуов. «Күшік».	**Серуен-Бақылау №4** **Бақылау:** Аязды бақылау. **Мақсаты:** Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жібе руі де мүмкін екенін, сол үшін де колғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру. **Еңбек:** Ауладағы қарды күрею.**Мақсаты:** Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету. **Қим.ойын**: «Сырғанақ тебу». **Мақсаты:** Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шанамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету. **Жеке жұмыс:** Жұмбақ. Терезеге қонады,	**Серуен-Бақылау №5** **Бақылау:** Күнді бақылау. **Мақсаты:** Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. **Еңбек:** «Қыс қызығы». **Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) **Мақсаты:** Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықта-рын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру. **Қимылды ойын:** «Айгөлек». **Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшан-

	ғы зейінділік, сезім талдық қабілеттерін дамыту.		Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап **Ойын:** «Қасқыр мен қаздар». **Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. **Қимылдық ойын:** «Тымпи-тымпи».	Әсем ою ояды.(Аяз). **Мақсаты:** Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау қабілет терін дамыту, сөздік қорларын молайту.	дыққа ,ептілікке баулу.
Балалардың үйге қайтуы	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ

Мектепалды даярлық О «ə» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі **3-апта** 20– 24 ақпан 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Үстел үсті театры:** «Өсімдіктер» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру. **Мақсаты:**қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Әңгіме құрастыру **«Өзін жақсы көретін гүлдерін туралы әңгімелеп бер.»** **Мақсаты:** баланың сөздік қорын туысқандарының атауларын білдіретін сөздермен байыту.	**Ойын– жаттығу:** «Топтағы өсімдіктерге күтім жасау»; Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.	**Ойын:** «Гүлдерді тауып, оларды атап бер» Топтағы өсімдік бұрышы туралы әңгімелесу	**«Менің тобымдағы өсімдіктер»** картиналар топтамасынан суреттер қарастыру
Гимнастикалық жаттығу	Жаттығу кешені № 9				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	**Шаттық шеңбері:** Асапан ашық,көгілдір, Күн шуағын төгіп тұр! Қол ұстасқан біздерді, Тереземнен көріп тұр	**Шаттық шеңбері: «Ақ тілек»** Адал жақсы ниетпен Бар адамға бақ тілеп. Жарып шыққан жүректен, Сөздің бәрі – Ақ тілек!	**Шаттық шеңбері: «Сиқырлы таяқша»** Мен бәріңе Қуаныш тілеймін! Мен бәріңе Мейірім тілеймін! Мен бәріңе шуақты күн тілеймін! Мен бәріңе көңілді ойын тілеймін! Мен бәріңе Денсаулық тілеймін!	**Шаттық шеңбері: «Қыс»** Боран соғар оң жақтан, Боран соғар сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ, Суық өтер қолғаптан.	**Шаттық шеңбері: «Шана»** Тоңса біздің қолымыз, Қолғап киіп аламыз. Сарт, сарт, сарт Алақанды соғамыз. Тоңса біздің аяғымыз Етік киіп аламыз. Топ, топ, топ Топылдатып билейміз. Тоңса біздің денеміз Тонды киіп аламыз Зу, зу, зу Шанаменен зулаймыз
	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӘ	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті** Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу Көліктер, олардың түрлері туралы түсінік беру –Суда жүзетін қандай көлік түрлерін білесіңдер? –Кемеде матростар жұмыс істейді, оларды капитан басқарады. –Кемелер жүзу үшін не керек? Педагог ыдысқа су құйып, қағаз кемені суға жібереді. –Кеме не үшін керек? Кеме тез жүзу үшін үрлеп толқын жасайық. Енді кемеге ат қояйық. Өзімізді кемеде отырмыз деп елестетейік те, Ермек Өтетілеуұлы ағамыздың «Кеме» өлеңінмен танысамыз. Өлеңді мәнерлеп оқып береді. Міне, Кеме, Мінем, Мен де. Сапарға алыс шығамын, Теңіз сырын ұғамын. Жолсеріктей, жан достардай бізден қалмай, Шағалалар шаршамастан шарқ ұрады: Сағымданған, бұлдыраған түзде шалғай. Кememізді жағалаулар шақырады	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдыларын жетілдір дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау **Дидактикалық ойын «Үйшігін дұрыс тап»** – Балалар, мен сендерге суретті карточкалар таратып беремін, сендер карточкадағы суретті атайсыңдар. Сол сөз дауысты дыбыстан басталса, тақтада тұрған қызыл үйшікке, ал дауыссыз дыбыстан басталса, көк үйшікке саласыңдар. Балалар жеке-жеке түсіндіріп, суреттерді өз үйшіктеріне салады. Дидактикалық ойын: «Кері сөзді ата»(доппен) – Балалар мен сендерге допты лақтырып сөз айтамын, сендер сол сөзге кері сөзді тауып айтасыңдар да, допты кері лақтырасыңдар. Мысалы: жаман-жақсы, ақ-қара, ақылды-ақымақ, білімді-білімсіз, қайырымды-қайырымсыз, биік-аласа, жылады-күлді, отырды-тұрды, ашты- тәтті, жапты-ашты, кір-шық, таза-лас, ыстық-суық, көрікті-көріксіз, жұмды-ашты, қатты-жұмсақ, ұзын-қысқа, жалпақ-жіңішке т.б.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау **Дидактикалық ойын: «Буынға бөл»** – Мен сендерге суреттер көрсетем, сендер суретті атап, атуын шапалақпен буынға бөліңдер. Мысалы: жа-пы-рақ, жү-зім, ке-ру-ет, түй-е, та-бақ, ке-рік, пи-яз, ө-рік, жыл-қы, ши- е, мы-сық, а-ғаш, ал-ша, қа-ла, үс-тел, шал- ма, текше, те-ре-зе, са-ғат, са-ғыз, қой, қо-ян, түл-кі, піл, ке-се, ша-ныш-қы, ти-ін, и-не, пи-ма, ли-мон, ал-мұрт, қар-быз, қа-лам, ше-лек, қы-за-нақ, а-рыс-тан, жол-ба-рыс, тас-ба-қа, ба-қа, қай-мақ, көбе-лек т.б.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөйлем құрай білулерін, сөйлем сызбасын сыза білулерін жетілдіру Суреттер бойынша сөйлемдер құрай білу дағдыларын жетілдіру . – Мен сендерге сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтамын сендер соңғы буынды қосып сөзді аяқтап қайтадан айтасыңдар. Мысалы: аққа...ла, ба..ла, ба..нан, бан..тик, асқа..бақ, сә..біз, домбы..ра, қам..шы, балмұз..дақ, аялда..ма, дәріха..на, емха..на, балабақ..ша, бағдар..шам, қалам...сап, қыза..нақ, бұл..ақ, көзілді..рік, тоңазт..қыш, тер..ек, ша..тыр, ал..қа, апель..син, ау..ыл, ас...пан, қарын..дас, кер...ует, қа..зан, шаныш...қы, ба..лық, қал..қан, қаң..бақ, қа..мыр, шал..бар, кі..лем, жү..рек, жүге..рі, жұл..дыз. Әр дұрыс айтылған сөзге педагог жұлдызша беріп отырады. Ойын соңында жұлдызша саналып, жеңімпаз анықталады.	**Көркем әдебиет** **Міндеті -** Сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу Ертегіні баяндауда эпитет, теңеу сөзді қолдануға үйрету **Мақалдың мағынасын түсініп ал.** Берместің асы піспес, Қазаны оттан түспес. Мақалдың мағынасын педагог ешкімге өзінің асынан татқызбайтын, дайын тамақты ешкімге бермейтін адам деп түсіндіреді. Ойын-жаттығу: «Өз көңіліңмен бөліс». – Балалар, біз Алдаркөсені көргенде не істейміз? (Қуанамыз) – Ал сараң бай Шығайбайды көргенде не істейміз? (Ашуланамыз) Педагог ертегіні музыкалық театр арқылы сахналауды ұсынады. Ертегі кейіпкерлері бойынша рөлдерге бөледі. Басқа балалар көрермен болады. Музыкалық театр аяқталған соң көрермендерге бас иеді. Көрермендер қол шапалақтайды

Үзіліс:

Қимылды ойын: **« Күн мен түн »** **Мақсаты:** Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. **Ойын мазмұны:** Балалар бірі « Күн», екіншісі « Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір-бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші « Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын	**Қимылды ойын:« Көги-гөк »** **Мақсаты:** Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. **Ойын мазмұны:** Тақпақ айтып, бір қызды « кемпір» етіп сайлайды. Қалғандары қаз болады. « Кемпір» шетке шығып тұрады, басқа ойыншылар қаздай тізіліп, бірінің соңынан бірі ұстап: Гөк, гөк, көги көк, Гөк, гөк, көги гөк. Гөк, гөк, көги гөк,-деп қаздың жүрісіне еліктей ақырын оң мен солға шайқалып, « кемпірдің» қасына келеді. Бірінші келген балаға беріп: « Жоғалтпаңдар!»-деп тапсырады. Балалар айнала жүріп, қайтадан қаздай тізіліп « кемпірге» келеді. « Кемпір» Әлгің қайда?	**Қимылды ойын:** **« Аққу-қаздар »** **Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. **Ойын мазмұны:** Алаңның бір шетіне қаздар тұратын үй белгіленеді, қарсы шетіне бақташы тұрады. Үйдің бір жақ бүйірінде қасқыр тұратын үңгір болады. Алаңның қалған жері жайылым болады. Бақташы қаздарды жайылымға қуып шығады, олар жайылып жүреді. **Бақташы:** Қаздар, қаздар, қаңқылдап, Барасыңдар қай жаққа. Қаздар: Айна көлі жалтылдап, Жатқан жасыл аймаққа. Бақташы: Біздің жерге түсе кет, Түсіп сусын іше кет.

осылайша алма-кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді.	Қалды сайда!-деп сұрайды. Балалар бәрі бірдей. Әлгің қайда?- Қалды сайда!-деп жауап береді. Олай болса сендердің біріңді алып қаламын, деп « кемпір» балаларға бас салады. Балалар тізбегін жазбай қаша жөнелуі керек. Қолға түскен біреуін « кемпір» қасына алып қала береді. Ойын барлық балаларды түгел ұстап болғанша қайта жалғаса береді.	Қаздар: Сіздің жерге түсеміз Түсіп сусын ішеміз. Бақташы: Болсын онда жол жайлы! Қаздар: Бізге ол жаққа болмайды, Жолды тосып тұр сұр қасқыр. Бақташы: Олай болса, қалаған, Жақтарыңа бар аман. Қаздар қанаттарын жайып, жайылым арқылы үйлеріне ұшады, ал қасқыр үңгіршек жүгіріп шығып, оларды ұстауға тырысады. Ұсталған қаздар қасқырдың үңгіріне қарай жүреді. Бірнеше рет жүгірістен кейін қасқырдың ұстаған қаздарфын санайды. Ойын 3-4 рет қайталанады.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қоршаған орта **Міндеті:** - Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату Табиғатты бағалай білуге, оған адамгершілік қарым-қатынас жасауға үйрету **«Ой-пой-пой»** **дидактикалық ойыны.** Педагог мынадай жағдайларды мысалға келтіреді: Үй жануарлары орманда тіршілік ете алады. Адам үй жануарларын бағады. Шошқа бағушы жылқыға күтім жасайды. Жылқыларға арнап жылқы қора салады. Сіздерге бүгінгі ҰОҚ ұнады ма? Балалар ойынға қосылады. Егер балалар педагогтің айтқанымен келіссе: «Ой-пой-пой, дәл солай!» – деп жауап береді. Егер келіспейтін болса: «Ой-пой-пой, олай емес!» – деп жауап береді.	**Математика негіздері** **Міндеті:** - Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа - : Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеуді дамыту – . Топпен жұмыс: Санамақ арқылы балалар топқа бөлінеді. Балалардың әрқайсысында өрнекті сурет (алаша) бар. Ойын жаттығуы. «Өз өрнегің туралы айтып бер». Балалар пішіндерді қарап, олардың орналасуын атауы тиіс  **Балалар топтасып жұмыс істейді. Өрнектің элементтері қалай орналасқаны туралы айтады: оң жақтағы жоғарғы бұрышта – дөңгелек, сол жақтағы жоғарғы бұрышта шаршы, сол жақтағы төменгі бұрышта –сопақша, оң жақтағы төменгі бұрышта – тіктөртбұрыш, ал ортада үшбұрыш орналасқан**	**Математика негіздері** **Міндеті:** Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау білімін қалыптастыру кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау білімін қалыптастыру**.** «Суретті тап» дидактикалық ойыны Карточкалармен жұмыс ұсынады: Әрбір топта суреттері бар карточкаларды қараңдар. Одан кейін, мысалы, оң жақтағы жоғарғы бұрышта орналасқан суретті көрсетуді (фишкамен жабуды) ұсынады. Жаттығу бірнеше рет қайталанады. Мұқият тыңдап, заттардың орналасуын атайды. Карточкаларды қарайды. Педагогтің нұсқауы бойынша іс-қимыл жасайды Талқылап, сұрақтарға жауап береді.	**Математика негіздері** **Міндеті** Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау білімін қалыптастыру. 1-тапсырманы орындауды ұсынады. Суретке қарайды. Сөреде тұрған ойыншықтардың орналасуын айтады. – Маймыл қандай сөреде отыр? (Оң жақтағы жоғарғы.) – Оның жанында қандай заттар бар? (Бұл сөреде басқа заттар жоқ.) – Кітаптардың үстіңгі жағында, астыңғы жағында нелер тұр? Жоғары – төмен, оң жақ – сол жақ сөздеріне сұрақ құрастыру. Педагог балалардан досының сұрақтарына жауап беруін сұрайды.	**Қоршаған орта** **Міндеті:** - Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, топтастыру Балалардың балықтар, бақалар мен су жәндіктері 1 және олардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту суқоймасы мен оны мекендейтіндердің суреті мұқият қарап шығуды сұрайды. Балалардан суқоймаларында тіршілік ететін балықтар, бақалар мен жәндіктер туралы қызықты фактілер айтып берулерін өтінеді. Балалар педагогтің жетекші сұрақтарының көмегімен суда балықтар, бақалар мен жәндіктер тұратынын айтады. Балық – суда тіршілік ететін жануар. Оның денесі қабыршақпен қапталған. Олар тек қана суда тіршілік етеді. Балықтар су астында желбезегінің көмегімен тыныстайды. Судағы ауа да ерекше. Суда тіршілік ететін бақалар да, жәндіктер де ондағы ауаны «аулауға» әбден үйренген. Ал, мысалы, жүзгіш қоңыз ауа көбіршіктерін кеуде қуысына салып алып, суға сүңгиді. Суқоймаларын мекендейтіндердің де пайдасы көп. Олар суды тазартады, оның мөлдір болуына ықпал етеді, құрап қалған өсімдіктерді жейді, судың түбін тазалайды

Үзіліс:

Қимылды ойын:	**Қимылды ойын:**

« Шарлармен алмасу » **Мақсаты:** Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. **Ойын мазмұны:** Балалар орындықтарда дөңгеленіп отырады. Тәрбиеші қатар отырған екі балаға бір-бірден шар береді де ары қарай басқаларға ауыстырады (біреуі оңға, біреуі солға ұсынады). Шарлар бір-бірімен екі жақтан кездескенде балалар « Соқтығысты» деген сөзбен оларды соқтықтырады. Одан кейін балалар орындарынан тұрып, дөңгелекті айналып, қарсы жаққа барады, қалғандары орындықтарынан тұрып: « Жүгірдік, жүгірдік...,» деп дауыстайды. Балалар өз орындықтарына жүгіріп келіп: « Ол шарды басқа балаларға береді де ойын қайталанады. Бұл ойынды даладағы сазды алаңда өткізуге болады, онда балалар көк шөптің үстінде отырады			**« Кішкене өзен арқылы »** **Мақсаты:** Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету,бірлікке,татулыққа тәрбиелеу **Ойының шарты:** Ойынға бір топ (6-8 адамнан) бала тартылады. Алаңда бір-бірінен 1,5-2м қашықтықта екі сызық сызылады. Бұл өзен. Ойнаушылар сызықтың жанында-өзеннің жағасында тұрады. Олар өзеннен анық сызылған дөңгелектер арқылы аяғын суламай, тастан-тасқа секіріп өтуі керек. Дөңгелектердің арасының қашықтығы балалардың оларға бірінен-біріне секіре алатындай болуы керек. Өзеннен қатарынан 2-3 бала өтеді, ал қалғандары тәрбиешімен бірге оларды бақылап тұрады. Секіре алмай, аяғын сулап алғандары оны күнге кептіруге кетеді-орындыққа отырады. Кейін олар ойынға қайтып араласады, тәрбиеші оларды қалай болса да мақтап, жағаның екінші жағына өтуге көмектеседі.		
3 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Қазақ тілі **Міндеті:** , Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білу Қуыршақ Сәуле: Мен сендерге Астананың көрікті орындарын көрсете аламын. Интербелсенді тақтада көрсету. Астана – біздің астана. Мынау –Астана қаласы. Мынау – көше. Астанада көшелер көп. – Көше таза. Көшелер таза. – Мынау – үй. Үй – үйлер. – Биік үй. Биік үйлер. – Әдемі үйлер. – Мынау – Бәйтерек. (Түсінік беріледі). Бәйтерек әдемі. Мынау – ескерткіш. Мынау – үш би ескерткіші. Нұр-Сұлтан – жаңа қала. Нұр-Сұлтан қандай қала екен? (Балалар «әдемі», «таза», жаңа сөздерін қолданып, жауап береді). Нұр-Сұлтан – жаңа қала. Нұр-Сұлтан – әдемі, таза қала	**Қазақ тілі** **Міндеті -** Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, тақпақ жаттау, **Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).** Ә-ә-ә-ә – бә-ә-ә й-те-рек – бәйтерек. І -і-і, іс, ін, іні, іш-кіш – мынау – ескерткіш. Ойын: «Жалғастыр». Сөздерді, сөйлемдерді бекітіп, қайталау. Қа...(қала) Кө... (көше) Та... (таза)	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті: Зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру** Өлең арқылы көлік түрлерінің маңызын түсіндір **Педагог өлең мазмұнын сұрақ қою арқылы сұрайды.** –Өлең не туралы? –Кемеге жол серік – деп нелерді айтып отыр? –Алыс шалғайда не көрінеді? –Енді осы өлеңді суретке қарап отырып, қайталап жаттап алыңдар. –Балалар, бүгінгі оқу қызметінде нелер жайлы айтылды? Педагог екі тілде аудармаларды айтып өтеді. Сөздік жұмыс. Бұл жердегі «Сағымданған, бұлдыраған түзде шалғай» деген өлең жолдары «өте алыста, көз ұшында» деген мағынада Ойын шарты: Суреттегі көлік түрлерінің жолдарын салу. Құрлықта жолмен жүретін болса астына жол, аспанда ұшатын болса бұлттар, суда жүзетіндерге көл салып беру керек.	**Көркем әдебиет** **Міндеті: -** Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту . ертегіні ым-ишарамен сахналауға дағдыландыру. Алдаркөсенің басынан кешкен бір оқиғасы туралы қызықты ертегімен танысамыз. Алдаркөсе қулығымен, айласымен адамдарға жақсылық жасап, көмектесіп отырған. Ол әрдайым ән айтып, көңілді жүреді. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін еске түсіру. Ертегіде шындық пен қиял-ғажайып оқиға аралас келіп отырады. Қиялдан туындайды. Педагог «Шықбермес Шығайбай» ертегісін оқып береді Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі ұнады ма? – Ертегі қалай аталады? – Шықбермес Шығайбай қандай адам? – Алдаркөсе Шығайбайды алдау үшін қандай қулық ойлап тапты? – Алдаркөсе жабықтан сығалағанда не көрді? – Алдаркөсе үйге кіргенде, үйдегілер қандай әрекет жасады? – Шығайбай Алдаркөседен не туралы сұрады? – Алдаркөсе не деп жауап берді?	**Шығармашылық бейнелеу әрекеті** **Міндеті:** -- балалар бойында байқағыштық, қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білуге үйрету -- Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру - Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақта - Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану қысқы табиғатты салу,мүсіндеу,жапсыру,құрастыру **Топтық жұмыс**
Үзіліс: . Секіруге арналған қозғалмалы ойын: «Сызықтан секіру»					

Тіл дамытуға арналған жаттығулардың мақсаты:
Балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету, тілін дамыту

1.Т: Күй сандықты ашайық

Б до- до- до
Т: тілдерін біз бастайық
Б: ре - ре - ре
Т: бас дыбысты бастайық
Б: ми - ми - ми
Г Жайлап әнге салайық
Б: до - до - до

2. Шалқып шығар сонда күй

Б: фа - фа - фа
Т: Бәрі до - дан басталар
Б: до- до -до
Т: До -ны қоштар басқалар
Б: До, ре, ми, фа, соль,ля , си, до



Секіруге арналған ойын: «Сызықтан секіру»
Ойынның мақсаты: Қос аяқтап секіру тәсілдерін үйрету.
Мазмұны: Ойын алаңының бір шетінен түзу сызық сызылады. Сыныптағы оқушылар санау арқылы төрт командаға бөлініп, олардың біріншілері сол сызықтың үстінде тұрады. Осы сызықтан 4-5 қашықтықта бір-бірінен ара қашықтығы 40-50 см болатындай өзара параллель 8-10 сызық жүргізіледі. Мұғалімнің белгісі бойынша әр команданың бірінші тұрған ойыншысы бірінші сызыққа дейін жүгіріп келіп , аяқтарын біріктіріп ұстап, паралелль сызықтардан қос аяқтап секіріп өтеді де, қайтып келіп, тізбектің артына барып тұрады. Мұғалім секіріп өткен балалардың секіру әдістерін бағалап, басқа ойыншыларды көмекке шақырады. Бұдан соң келесі қатардағы төрт ойыншы секіріп өтеді. Ойын осылай барлық ойыншылар секіріп өткенше жалғасабереді. Ойынның соңында әр қатардағы қос аяқтап жақсы секіретін балалардың аты аталады. Ойынды бірнеше рет қайталап ойнатуға болады.

Ойынның ережесі
1. Ойыншылардың тез секіргені емес, дұрыс секіргені бағаланады.
2. Секіру кезінде балалар арасындағы ара қашықтықтар сақталуы керек.
3. Оқулықта көрсетілген секіру техникасы орындалуға тиіс.

Әдістемелік нұсқаулар.
Ойынды 1-2 рет өткізгеннен кейін, сыныптағы қос аяқтап секіру техникасын жақсы меңгерген екі-үш баланың секіргенін басқа ойыншыларға көрсетіп , басқа ойыншылардан солар сияқты секіруді талап ету керек.
Ойынның педагогикалық маңызы.
Секіру жаттығулары бала аяқтарының бұлшық еттерінің ,қарын, арқа,бұлшық еттерінің жетілуіне ықпалын тигізеді. Қимыл-қозғалыс әдістерін көбейтіп, қимыл сапаларының үйлесімі артады. Бала өз күшіне сенуге үйренеді.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Дене шынықтыру **Міндеті:** - - Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау Сапты бұзбай бірінші-екінші деп саналуға үйрету. Бір қолмен допты еденге соғуды үйретуді жалғастыру, допты алақанды ашып қағып алу, кеудеден саусақтардың басымен итеріп лақтыру және аяқтың қасында еденге қырындап бір қолмен соғуға дағдыландыру . **«Түрлі түсті ғаламшар»** – бұл ғаламшардың тұрғындары түрлі түсті доптарды жақсы көреді. Допты еденге бір қолмен соғып, алақан жайып	**Музыка** **Міндеті:** -- - Әуенге ілесе отырып, ырғақты сақтап аспапта ойнауға дағдыландыру Әуенге ілесе отырып, ырғақты сақтап аспапта ойнауға дағдыландыру . **Музыка тыңдау**: «Жан анам» (Е. Өміров) Ән айту: «Екеуміз әйбат баламыз» (И. Нүсіпбаев) «Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен) Билер: «Тырналар биі» (Д. Абиров) Ойындар, хороводтар: «Төлдер» (Д. Ботбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Атқа мініп шабамыз»	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** - Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу - Сапты бұзбай бірінші-екінші деп саналуға үйрету. Бір қолмен допты еденге соғуды үйретуді жалғастыру, допты алақанды ашып қағып алу, кеудеден саусақтардың басымен итеріп лақтыру және аяқтың қасында еденге қырындап бір қолмен соғуға дағдыландыру	**Дене шынықтыру** **Міндеті**: - Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру Сапты бұзбай бірінші-екінші деп саналуға үйрету. Бір қолмен допты еденге соғуды үйретуді жалғастыру, допты алақанды ашып қағып алу, кеудеден саусақтардың басымен итеріп лақтыру және аяқтың қасында еденге қырындап бір қолмен соғуға дағдыландыру «Сиқырлы ғаламшар» – бұл ғаламшардың тұрғындары алыптардан қортықтарға айнала алады. «Алыптар мен қортықтар» қимыл-қозғалыс	**Музыка** **Міндеті:** Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту Әуенге ілесе отырып, ырғақты сақтап аспапта ойнауға дағдыландыру. **Музыка тыңдау**: «Жан анам» (Е. Өміров) Ән айту: «Екеуміз әйбат баламыз» (И. Нүсіпбаев) «Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен) Билер: «Тырналар биі» (Д. Абиров) Ойындар, хороводтар: «Төлдер» (Д. Ботбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Атқа мініп шабамыз

	қайта саусақтың басымен қарсы алып, қайтарып, аяқтың жанына қарай еденге соғу. Себеттен түрлі доптарды алып, қалауынша тұра қалады. Допты еденге бір қолмен соғып, алақан жайып, саусақтың басымен қарсы алып, қайта қайтарып аяқтың жанына қарай еденге соғуға тырысады. Допты соққанда күш мөлшерін есептеп, дұрыс пайдалануға тырысады. Педагогтің белгісімен келесі ғаламшарға ұшады – (көзді жұмып) қараңғыда залмен қозғалысын жалғастырады	(В. Агафонников)	**. «Жорғалаушылар ғаламшары»** – бұл ғаламшардың тұрғындары тек еңбектеп, жорғалап қозғалады. Модульдерден аттап шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп жүруге жаттығу. Шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп залдың келесі жағына модульдерден асып өтеді. Қолдары мен аяқтарының жұмысын үйлестіруге, бағытын сақтап қозғалуға, басқа балаларға соғылмауға тырысады	ойыны. Залға шашырап бытырыңқы жүрісті орындайды. Әртүрлі музыка әуенімен сәйкес қимылдар жасайды: шапшаң әуенге үлкен адымдап, қолын жоғары көтеріп жүреді. Баяу әуенге кішкентай қадамдар жасап, қолдарын беліне қойып жүреді.	
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	Серуен-Бақылау №5 **Бақылау:** Торғайларды бақылау ***Мақсаты:*** — Қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтыру; — Қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру; — құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. ***Бақылау барысы*** ***Көркем сөз*** **Торғайларды қорға.** Ө. Ақыпбекұлы Шыр-шыр еткен торғайды Қорғамасаң болмайды. Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды. Таспен атып торғайды, Ұя бұзған оңбайды. Құс өкпелеп кетеді, Бақшамызға қонбайды. Тәрбиеші балармен әңгімелесу өткізеді. ♦ Біздерде жылы жаққа ұшпай қалған құстарды қалай атаймыз?(қыстап қалатын құстар) ♦ Қыстап қалатын құстар мен ұшып кететін құстардың қандай айырмашылығы бар? *(қыстап қалатын құстардың мамықтары*	Серуен-Бақылау №6 **Бақылау:** Қардың түсуін бақылау ***Мақсаты:*** *- Қардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру;* *— Қардың түсуі туралы білімдерін молайту;* *— әдемілікке деген сезімдерін тәрбиелеу.* ***Бақылау барысы*** ***Көркем сөз «Қыс» Т. Молдағалиев*** *Жауа-жауа, қар жауып көп,* *Шұқырларға толады.* *Иығыңа қонады кеп,* *Мойныңа да қонады.* *Жауып бітер қарды тосып,* *Үйіңе де сыймайсың,* *Табиғаттың ақ көрпесін.* *Басуға да қимайсың.* Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды. ♦ Ауа-райы қандай болғанда қар жабысқақ болады? ♦ Аяқ астында қар неге сықырлайды? ♦ Қар неге ұлпа болады? ♦ Айналаға қараңдаршы, қандай әсем көрністерді көріп тұрсыңдар? (айнала аппақ, қар беті тап-таза т.б.) **Зерттеу жұмысы** Ұшып келе жатқан қарды парақ бетіне қондыру, қардың қасиеттерін анықтау (ұлпа, мамық).	**Серуен-Бақылау №7** **Бақылау: Ауладағы ағаштарды бақылау** ***Мақсаты :*** — ағаштар туралы білімдерін молайту; — ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру ***Бақылау барысы*** ***Көркем сөз «Қыс»*** ***Р.Сәбитұлы*** *Қар жамылды бақтарым* *Қыратым да, сайым да.* *Тағыпты қыс ақ қарын,* *Үкі етіп қайыңға.* *Бүркеніп ақ желекті,* *Жарқырайды маңайым.* *Ойға шомып теректің,* *Ақ шалыпты самайын.* Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:. ♦ Ағаштардың жазғы бейнесі қандай еді?? ♦ Күзде қандай болды? ♦ Қазіргі бейнесі қандай? ♦ Кімнің есінде, ағаштар жапырағын неге түсіреді? **Зерттеу жұмысы**	**Серуен-Бақылау №8** **Бақылау:** Аула тазалаушы еңбегін бақылау ***Мақсаты:*** — Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру; — Сөздік қорларын байыту; — Үлкендер еңбегіне деген сүйіспеншілік және құмет сезіміне тәрбиелеу; — Табиғатқа және айнала қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру ***Бақылау барысы*** Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:. ♦ Аула тазалаушы қыста балабақша ауласында не істейді? ♦ Жұмыс үшін ол қандай құралдарды пайдаланады? ♦Ағаштарды аяздан қорғау үшін ол не істейді? ♦Аула тазалаушы жұмысы адамдар және табиғат үшін керек пе? Еңбек Қуыршақ үшін қардан құрлыс тұрғызу. ***Мақсаты:*** —бірлесе жұмыс істеуге үйрету;	**Серуен-Бақылау №9** **Бақылау:** Ауладағы ағаштарды бақылау ***Мақсаты:*** — Ағаштар туралы білімдерін бекіту; — Салыстыру, сараптау, қортынды жасай білулерін дамыту. ***Бақылау барысы*** ***Көркем сөз «Ағаштар» М.Әлімбаев*** *Қысында да шырайлы,* *Жасыл шырша ұнайды.* *Түні бойы жауды қар,* *Салбырады сәнді тал.* *Тау баурайы төменде,* *Өседі жас емендер.* *Ауыл сәні терек,* *Терек егу керек.* *Сырғалы қайың, ақ қайың,* *Баптайын, күтіп, сақтайын.* *Басқа ағашпен аралас,* *Жайқалады қарағаш* *Көк қарағай, қарағай,* *Мейірбанды анадай,* *Көкке бойын созады,* *Көпке қолын созады.* Балаларға сұрақтар: ♦ Сендер тыңдаған өлең жолдарында қандай ағаштар туралы айтылған ♦ Ағаштар не үшін керек? ♦ Ол адамға не береді?

	қалың және тұмсықтары мықты борлады.) ♦ Қыстап қалатын қандай құстарды білесіңдер? *(торғай, қарға, тоқылдақ, сауысқан,кептер)* ♦ Торғайлар қыста немен қоректенеді? *(дәндермен, қалдықтармен.)* ♦ Қыстап қалған құстарды неге тамақтандыру керек? *(қыста құстарға азық жетіспейді, ал, егер олар тоқ болса аязға тоңбайды.)* ♦ Құстарды бақылаған кезде олардың мінез-құлықтарынан нені байқадыңдар?. *(өздерінің азықтарын нан ұсақтары мен қалдықтарды, дәндерді тез табады. Тұмсықтарын қанаттарының астына тығып суықтан қорғанады)* ♦ Торғайлар неге адамдарға жақын маңға қоныстанады? *(себебі адамдар жанында азық көп болады)* *Торғай, торғай, торғайсың,* *Жақын келіп қонғайсың.* *Жем шашайын тере ғойғ* *Сонда суыққа тоңбайсың.* Еңбек қызметі Құстар қонақтайтын, жем шашатын жерді қардан тазалау. ***Мақсаты:*** *еңбекке деген ықыластарын арттыру.* Қимылды ойын «Нысанаға тигіз». ***Мақсаты:*** *қшып бара жатқан заттың бағытын бақылау, қозғалыстың дұрыс орындалуын есептей білу.* Жаттығу ойындары Қимылдарын дамыту Қарды алыс нысанаға лақтыру ***Мақсаты:****қозғалыс координациясын дамыту.*	**Еңбек: өз алаңындағы ағаш түптерін қармен көму.** ***Мақсаты:*** *бір мақсатта, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту* **Қимылды ойын** «Ыстық-суық». ***Мақсаты:*** *тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету* **Жаттығу ойындары** **Қимылдарын дамыту.** ***Мақсаты:*** *Қарды алысқа лақтыруға үйрету.* ***Халық болжамы: Қыс қарлы болса, жаз жаңбырлы болады.***	Алма ағашы мен қайың ағашының қысқы тұрқын салыстыру **Еңбек** Жолды қардан тазалау. *Мақсаты:* аула қараушыға көмектесу. Қимылды ойын: «Кім аққалаға бұрын жетеді?» *Мақсаты: доға астынан еңбектеп өту дағдыларын жетілдіру.* Жаттығу ойындары Секіру *Мақсаты:орнында тұрып секіру техникасын меңгерулерін жетілдіру* *Халық болжамы.* *Ағашты қырау басса аяз болады, тұман түссе күн жылынады.*	—еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимылды ойын «Екі аяз» ***Мақсаты:*** *жүкіруге жаттықтыру;* — Ойын ережесін сақтай білулерін тиянақтау Жаттығу ойындары Шаңғымен жүру. ***Мақсаты :*** шаңғымен жүруге жаттықтыру, ептіліктерін, шыдамдылықтарын дамыту.	♦ Қыста ағаштар бейнесі қандай болады? ♦ Қысқы, жазғы түстері бойынша басқа ағаштардан айырмашылығы бар қандай ағаштарды білесіңдер? ♦ Шырша мен қарағай туралы неге қысы-жазы бір түсте деп айтады? ♦ Ағаштардың бір- бірінен қандай айырмашылықтары болады? **Зерттеу жұмысы:** Балалар алаңдағы әр ағаштың бұтақтары, діңдері және көрністері бойынша салыстырып, айырмашылықтарын анықтап қортынды жасайды. Еңбек Ағаш түптеріне қар үю. *Мақсаты:* ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.. Қимылды ойын «Аулада қандай ағаштар өседі?». *Мақсаты:* — Ағаштардың аттарын есте сақтауларын тиянақтау; — Сөздік қорларын байыту; — Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. **Жаттығу ойындары** Қозғалыстарын дамыту: Аңдар биі Мақсаты: әртүрлі аңдар қозғалыстары арқылы ептілікке, жылдамдыққа, тапқырлыққа баулу.
Балалардың үйге қайтуы	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз ben бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз ben бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз ben бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ

Мектепалды даярлық О «ə» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі **4-апта** 27 – 28 ақпан 1-3 наурыз 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Д/ойын: «Қарап ал да есіңе сақта»** ***Мақсаты:*** балаларды көрген суреттерді есі не сақтап,көз алдына елестете отырып ,әр қайсысын ретімен атап шығуға ,үй жану-арларының,аңдардын және құстардың жал-пы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. ***Көрнекіліктер***: үй жануарлары,аңдардың,құстардың суреттері.	**Д\ойын «Ғажайып қоржын»** **Мақсаты:** Балаларды заттарды тиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету. **Ойын шарты**: Қоржындағы затты сипап біліп атау. Бала затты дұрыс сипаттап бергеннен соң ғана зат қаптан алынып, балаларға көрсетіледі, ал дұрыс аталмаса қаптан алынбайды. **қажетті құралдар**: Ғажайып қоржын. Балалар санына сәйкес, таныс ойыншықтар.	**Д/ойын:«Экологиялық пирамида».** **Мақсаты**: Балаларды логикалық ойлай білуге, әр сатыны таңдауын негіздей отырып, экологиялық пирамида құрастыруға үйрету. Табиғаттағы барлық нысандардың өзара байланысын көре білуге баулу.	**Д/ойын: «Зоологиялық домино».** **Мақсаты:** Балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; ұғымталдыққа, зейін қоюшылыққа баулу. **Ойын ережелері:** Кімде-кім өз карточкаларын бірінші болып қойса, сол жеңімпаз болады. Жүрісті жіберіп алмай, карточканы дер кезінде қойып, мұқият болу.	**Д/ ойын:Не артық?** **Мақсаты**: Балаларды суретке қарап,оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. **Көрнекіліктер**:әр түрлі құстар мен үй жануарлары бейнеленген суреттер.
Гимнастикалық жаттығу	жаттығу кешені № 9				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Сәлем саған-Жер ана! Сәлем саған-Нұрлы күн! Аман-есен болайық, Бейбітшілік қалайық. Біз әдепті баламыз, Біз ерекше баламыз, Қонақтарды көргенде Амандасып аламыз.	Табиғат қандай тамаша, Тоймаймыз біз де тамсана. Балықтар шіркін жүзеді, Табиғаттың жыры көп, Табиғаттың сыры көп.	Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған. Сен күнсің көтерілген күліп қырдан. Сен көлсің, сен ормансың. Сен - бұлбұлсың, Адамға сұлулықты шын ұқтырған!	Табиғатқа қамқор боп, Байлығын біз қорғайық. Әдепті да, тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық.	Біз балдырған тең басқан, Дос құшағын елге ашқан. Тілегіміз тыныштық, Ашық болсын көк аспан. Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті:** Шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру Сөздерде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру . –Сендер М.Төрежановтың өлеңдерін, әңгімелерін білесіңдер. Ол кісінің әңгімесімен, өлеңдерімен танысқанбыз. Ал қазір мен сендерге осы кісінің «Кім ақылды?» әңгімесін оқып, мазмұнын түсіндіремін. Кім ақылды? Ерден мен Еркебұлан жұптарын жазбай, жап-жақсы ойнап жүр еді. Бір кезде қолдан жасалған көпірдің үстінде біріне-бірі қарсы келіп, түйісіп қалды. Ерден: –Мен саған жол бермеймін! – деп, қасқайып, безеріп тұрып алды. Ал Еркебұлан: –Мен саған бола ерегескім де, ойынды да бұзғым келмейді, сен өте бер, – деді де, оған жол берді. Педагог әңгіме мазмұнын балалардан сұрақ қою арқылы сұрайды. –Балалар, сендерге әңгіме ұнадыма? –Әңгіме кімдер туралы? –Екі бала не істеп жүр еді? –Олар неге таласты? –Екі балаланың қайсысы ақылды екен? –Неге ақылды, қай іс әрекетіне қарап ақылды екенін білдің дер? әңгімедегі «ойнап», «көпір», «балалар» деген әр сөздерді буынға бөліңдерш	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** - Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге, сөз ішінен дыбыстың орнын анықтауға жаттығулар жасату Дидактикалық ойын: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос» – Мен сендерге сөздер айтамын сендер сол сөзге дауыссыз дыбыстан басталатын, мағынасы ұқсайтын сөз ойлап айтуларың керек. Мысалы: әдемі ... (қыз), ағаш ... (бесік), темір ... (қаламсап), ақымақ ... (бала), қу ... (түлкі), қорқақ ... (қоян), терең ... (құдық), суық ... (қыс), жылы ... (көтем), дәмді ... (нан), жылы ... киім), сүтті ... (сиыр), момақан ... (қозы), пайдалы ... (тамақ), тәтті ... (балмұздақ), қалың...(кітап), жұқа...(мата), жұмсақ...(мақта), керек ... (балға), әнші ... (қыз), мықты ... (жігіт), әдемі ... (көбелек), қызыл ... (шалбар), сары ... (өрік), өткір ... (пышақ), дарынды ... (бала) т.б.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Сызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағыларын жетілдіру. , Сызбаға сәйкес дауыссыз дыбыстардан басталатын сөйлемдер құрай білулерін жетілдіру Дидактикалық ойын: «Сөздің бірінші дыбысын ата» (Педагог суреттер көрсетеді). – Мен сендерге сурет көрсетем, сендер суретті атап бірінші дыбысын анықтап айтасыңдар. Педагог балаларды екі командаға бөледі, бірінші бір командамен содан кейін екінші командамен ойнайды. Мысалы: апельсин (а), оқтау (о), ұя (ұ), ыдыс (ы), уық (у), әткеншек(ә), өрмекші(ө), ешк(е)і, элеватор(э), ірімшік(і), ине(и), үтік(ү), арыстан(а), оймақ(о), ұлу(ұ), әтеш(ә), өшіргіш(ө), етік(е), экскаватор(э), ілгіш(і), ит(и), үкі(ү) т.б. – Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттыңдар. Иә, дауысты дыбыстардан басталатын сөздер. Дауысты дыбыс екенін қайдан білдіңдер? Дыбысты айтқанда кедергіге ұшырамайды.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Дыбыстық талдауды үйретуді жалғастыру- төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру **Дидактикалық жаттығуы: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға»** Мен сендерге суретін көрсетіп сөз айтамын сендер тек дауыссыз дыбыстардан басталатын мағынасына келетін сөздер жалғауларың керек. Мысалы: алма (қызыл), тон (жылы), мысық (сары), тышқан (кішкентай), қасық (темір), жастық (жұмсақ), кітап (қызық), доп (жеңіл), ат (жүйрік), үстел (биік), кірпі (кішкентай), саңырауқұлақ (көп), алма (үлкен), нан (жұмсақ), сабын (сопақ), арба (жалпақ), таңқурай (майда), құлпынай (дәмді), банан (сары), кесе (әдемі), қалам (жасыл), етік (жылы), қозы (сүйкімді)...	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Жыл мезгілдері туралы түсінігін қалыптастыру Өлең не туралы? – Авторы кім? – Көктемде неге бәрі көңілді болады? – Қандай жаңбыр жауады? – Көктемде аспанның түсі қандай болады? – Неліктен көктемді жақсы көресің? Жұмбақты шеш. Тал басында түндіксіз отау. (Құстың ұясы) Есіңде сақта! Торғай шырылдайды. Тоқылдақ тоқылдатады. Қарға қарқылдайды. Дидактикалық ойын: «Тамаша» Ойын шарты: тәрбиеші сөздер айтады. Жақсы, тамаша сөз болса, балалар жұдырығын түйіп, басбармағын көтеріп көрсетеді. Ал жаман сөз болса, басбармақты төмен қаратып жауап береді. – Гүлдің иісі қандай? – Лай суды ішуге бола ма? – Құстардың даусы қандай? – Құстарды таспен атуға бола ма? – Жайқалып өскен көк шөп қандай?
Үзіліс:Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар ***«Допты қуып жет»***					

Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары:
Сыйқырлы айнаға қарап отырып, аранның масаның , шегірткенің, жыланның дыбыстарын салып көр. Осы дыбыстарды Тынымсыз Тіл ұнатады ма соны байқа.
Ағайынды аралар.
Ағайында арарармыз,
Еңбек үшін жаралғанбыз.
-з-з-з-з-з
Шырын іздеп күні бойы
Гүл бақшаны аралаймыз
-з-з-з-з-з
(Үш саусағыңды түйістіріп, ұшып жүрген араларға ұқсат, әрбір екі жолдан кейін аралардың ызылдағанын сал.)
Жаман ара
Қалмай ұшып соңынан,
Ара қуды Мұратты.
-з-з-з-з
Шағып алып қолынан,
Досымызды жылатты.
-у-у-у-у
(Араның дауысы мен баланың ара шаққандағы дауысын сал)



Ойын: ***«Допты қуып жет»***
Мақсаты: Балаларды ептіліке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.
Ойынның шарты:
Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады.
Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қоршаған орта
Міндеті: Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін білу
Мақсаты Табиғатпен пен адамның үйлесімділігі туралы түсініктерін бекіту.

Тәрбиеші балаларға түсіндіріп шығады. Біз бүгін табиғаттың не екенін білдік. Оны аялаудың, қадірлеудің қамқорлыққа алудың қажеттігін түсіндік. «Табиғат - Ана» деп бекер айтпаған. Сол себепті табиғатты қоршаған ортаны қорғап, қамқорлық көрсетіп аяласақ, ол біздің Отанды, елімізді, туған жерімізді қорғағанымыз екен.

Ойын: «Табиғатқа қалай көмектесе аламын»

Балалар шеңберге тұрып, доп арқылы сұрақтарға жауап береді.

Судағы жәндіктерге қалай көмектесе аласың?

Ауа таза болу үшін не істеу керек.

Ағаштарға қалай көмектесе аласың?

Гүлдерге қалай көмектесе аласың?

Математика негіздері
Міндеті: - Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды бекіту
Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету.
Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды бекіту.
-
Суретке қарайды. Сөреде тұрған ойыншықтардың орналасуын айтады.
– Маймыл қандай сөреде отыр? (Оң жақтағы жоғарғы.)
– Оның жанында қандай заттар бар? (Бұл сөреде басқа заттар жоқ.)
– Кітаптардың үстіңгі жағында, астыңғы жағында нелер тұр?
Жоғары – төмен, оң жақ – сол жақ сөздеріне сұрақ құрастыру. Педагог балалардан досының сұрақтарына жауап беруін сұрайды.

Математика негіздері
Міндеті: - Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау
Жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту, әр жыл мезгілінің белгілерін атау, жұмбақтарды шешу, айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай айту.

«Жыл бойы» (доппен) дидактикалық ойыны
Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды:
Ақпан жыл ішінде нешінші ай?
Жылдың соңғы айы қандай?
Қазаннан кейінгі қандай ай?
Жаз айларын ата және т.б.
«Жыл мезгілі»

Математика негіздері
Міндеті: Жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту, әр жыл мезгілінің белгілерін атау, жұмбақтарды шешу
Жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту, әр жыл мезгілінің белгілерін атау, жұмбақтарды шешу, айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай айту.
Ойын жаттығуы: «Мен бастаймын, сен жалғастыр»
Педагог бастайды, балалар жалғастырады.
Алдымен көктем, содан кейін ... жаз
Алдымен бүгін, содан кейін ... ертең
Алдымен қаңтар, содан кейін ... ақпан.
Олар педагогті мұқият тыңдайды, сөйлемді мағынасы бойынша жалғастырады.
Мұндай тапсырмаларды балаларды өздері құрастыруға шақыра аласыз

Қоршаған орта
Міндеті: -Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды айыра отырып әдеп әліппесін бойына дарыту, тіл байлығын, таным белсенділігін арттыру

Ойынды оқу қызметінен бос уақытта да ойнатуға болады. Бір бала «қарт әженің » рөлін ойнайды. Қалғандары «автобуста» келе жатқан «жолаушылар» болады. «Қарт әже» автобусқа кіргенде балалардың біреуі орын береді.
Балалар қоғамдық көліктегі әдептілік ережелерді қайталайды.
Қоғамдық көліктегі тәртіп ережелері
1. Жол жүру билетін ал.
2. Қарт адамдарға, кішкентай баласы бар адамдарға орын бер.
3. Қоғамдық көлікте қоқыс тастама, сағызды лақтырма.
4. Қатты дауыстап сөйлеме.
5. Автобусты, трамвайды, троллейбусты алдынан да, артынан да айналып өтпе.
Жолды кесіп өту үшін жақын маңдағы жаяу жүргіншілер өткеліне бар.
6. Автобусқа алдыңғы есіктен кір, артқы есіктен шық

Үзіліс: Үстел үстінде ойналатын ойындар.

Қол моторикасын дамытуға арналған санамақ

Ойын:*Жүретін саусақтар.*
Мақсаты:Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту.
Керекті құралдар: Суреттері бар кітапшалар.
Шарты: Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады.

Ойын: «Сарбаздарға не керек?»(5-10 мин)
Мақсаты: Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу.
Керекті құралдар:ойынға керек ресурстар.
Мазмұны: Ортаға 1 қатысушы шақырылады. Маңдайына сурет қойылады. Бұл суретті қарама – қарсы отырған бала мимика арқылы қатысушыға көрсетіп, түсіндіреді. Ал ойынға қатысушы оны табу керек болады.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Міндеті:** -,-Алған білімдерін тиянақтау **Мақсаты** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру. I айналым: Педагогтің мақалын жалғастырады. Отан – оттан да ... (ыстық) Жақсы – ... (өнеге) Отан ... т.б II айналым: педагог жұмбақ жасырады. Өскен жері бау-бақша, Күрең қызыл шіркін-ай, Жидектің аты – ... (құлпынай) Астық пісіп, орақ түсіп, Қырман дәнге толады. Бөбектерім, айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады? (Күзде).	**Қазақ тілі** **Міндеті** - -- Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру, **Мақсаты** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру. III айналым: Жаңылтпаштарды қайталап айту арқылы жарысу. Педагог жаңылтпаштарды айтады, балалар жай, жылдам қайталайды. Доп теп, Дөп теп. Жағажайды жағалай, Жүгіреді Қамажай. Пай-пай-пай, Жайылып жүр тай. Ай-ай-ай, Ұшып кетті торғай. Үш кіші ішік піштім, Бес кіші ішік піштім, Неше кіші ішік піштім?	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** -Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру **Мақсаты Сөздерде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру** –Енді, балалар, біз ақылдылық, батырлық жайлы мақал жаттайық. Ақыл азбайды, білім тозбайды. **Дидактикалық ойыны: «Ойлап,тап!»** Ойын шарты: педагог буын айтады, балалар жалғасын ойлап тауып жалғастырады. мысалы: ал– Кір–	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** -- өлеңді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру **Мақсаты** Жыл мезгілдері туралы түсінігін қалыптастыру Педагог жұмбақ жасырады: Күн күледі, Жер түлейді. (Көктем) – Енді, балалар, ақын Төлеген Айбергеновтің «Көктем» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Ұйқас сөздермен суреттейді. Педагог өлеңді мәнерлеп оқиды, мазмұнын түсіндіреді. Көктем Көктем қандай көңілді, Көктен жаңбыр төгілді. Мөлдір аспан ашылып, Күннің көзі көрінді	**Шығармашылық бейнелеу әрекеті** **Міндеті:** - - Қазақ оюларының элементтерімен қамзолды әшекейлеу, -аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жаса -- Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу -- өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу **Мақсаты-**қуыршақ камзолын салу,мүсіндеу,жапсыру,құрастыру **Топтық жұмыс**

Үзіліс: . Қозғалмалы зерек ойындар «Өзен»ойыны

Еліктеу ойындары:
“Кім жақсы айтады”
Р-р-р-ррр Ы-ы-ыы-ыыы

Гүлдерді иіскейік. Балалар, біз өзімізді гүлдер бағында жүрміз деп елестетейік. Гүлдер әдемі және хош иісті болады. Кәне, гүлдерді иіскеп көрейікші. Жаттығу 2-3 рет қайталанады.

Ойын: «Өзен»
Кішкене өзен арқылы.
Мақсаты: балаларды ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Бірі бәрі үшін, Бәрі бір үшін. Сезімін қалыптастырады және достыққа тәрбиелейді.
Көрнекіліктер:тақтай,жіп.
Шарты: Тәрбиеші екі сызық сызады да (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – «өзен», - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: «Көпір арқылы жүруді үйренейік», - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, тәрбиеші балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Дене шынықтыру **Міндеті:** - Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру **Мақсаты:** Зейінді шоғырландыра білу	**Музыка** **Міндеті:** - Музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу –	**Дене шынықтыру** **Міндеті**: - Допты заттарды айналдыра жүргізу	**Музыка** **Міндеті:** * Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны

	дағдыларын қалыптастыру, талдау мен біріктіру жүйелерін үйлестіре білуін дамытуға жағдай жасау II.«Көктемге саяхат» 1.«Жылы жаңбыр» (жерді сулап, ағаш жапырақтары мен ауаны тазартып, жауын тамшыларымен ойнаймыз). Жауыннан кейін ауа тап-таза. Балаларға осы таза ауамен дем алу ұсынылады. 2.«Түрлі түсті кемпірқосақ» (түрлі түске боялып, өлкемізге сән берді). 3.«Жан біткен жасыл желек» (ағаштар, гүлдер, күн көзіне ұмтылады). 4.«Құстар-құстар» (әдемі құстар сиқырлы қанаттарын жайып, аспанға көтеріліп, қалқиды). 5.«Аңдар оянды» (оянып бой жазып, керіледі). 6.«Көбелектер» (гүлдің үстінде қалбалақтап, қалқиды да, қонады. Гүл шырынын татқан соң қайта ұшып, басқа гүлге кетеді). 7.«Шөпте жатып демалайық!» (Жасыл шөпте жатып, айналамыздағы кереметтерді тамашалаймыз).	**Мақсаты** Музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру **Музыка тыңдау:** «Ақ әжем» (К. Қуатбаев) Ән айту: «Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай) «Екеуміз әйбат баламыз» (И. Нүсіпбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Сағат» (Е. Андосов) Билер: «Полька» эстон халық биі Ойындар, хороводтар: «Қоянды ұстаңдар» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Янка» беларусь халық биі	**Мақсаты -** Тік баспалдақ сатыларымен жорғалауға жаттығу. Қол мен аяқтың қимыл үйлесімдігін дамыту . «Еңептілер». Баспалдақ сатыларының арасымен жорғалау. (2рет) Белгі бойынша алғашқы ойыншы баспалдақ сатыларының арасымен жорғалайды, модульды айналып өтіп дәл сол тәсілмен қайта қайтып, қолындағы қамшыны келесі ойыншыға береді. Ойын жалғаса береді	**Мақсаты** Тік баспалдақ сатыларымен жорғалауға жаттығу. Қол мен аяқтың қимыл үйлесімдігін дамыту «Қаңбақтар» (3 рет) Фитболды заттардың арасынан ирек жолмен алып жүру. Белгі бойынша алғашқы ойыншы заттардың арасымен модульды айналып фитболды алып жүреді де, қажетті жерге жеткен соң дәл сол тәсілмен қайта қайтып, қолындағы фитболды келесі ойыншыға береді. Ойыншылар екі аяқпен бірдей екпіндеп сырғып жүруге тырысады.	мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру Мақсаты Музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру **Музыка тыңдау**: «Ақ әжем» (К. Қуатбаев) Ән айту: «Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай) «Екеуміз әйбат баламыз» (И. Нүсіпбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Сағат» (Е. Андосов) Билер: «Полька» эстон халық биі Ойындар, хороводтар: «Қоянды ұстаңдар» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Янка» беларусь халық биі
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	**Бақылау:** Аязды бақылау. **Мақсаты:** Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жібе руі де мүмкін екенін, сол үшін де колғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру. **Еңбек:** Ауладағы қарды күрею.**Мақсаты:** Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету. **Қим.ойын**: «Сырғанақ тебу». **Мақсаты:** Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шанамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету. **Жеке жұмыс:** **(** Нұрали, Бекарыс, Тілекжан, Аяулым**)** Жұмбақ. Терезеге қонады, Әсем ою ояды.(Аяз). **Мақсаты:** Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау қабілет терін дамыту, сөздік қорларын молайту.	**Бақылау:** Мұзды бақылау. **Мақсаты:** Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру. **Еңбек:** Тайғанақ жерге құм себу. **Мақсаты:** Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне берілген тапсырманы тия-нақты орындауларын қадағалау. Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату. Жаңа жыл,жаңа жыл, Жаңа жылда-жаңа нұр.	**Бақылау:**Ауа-райын бақылау. **Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. **Еңбек:** «Таза алаң». **Мақсаты:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. **Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов «Күшік».** **Мақсаты:** Үдыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. Е.Өтетілеуов. «Күшік». Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап **Ойын:** «Қасқыр мен қаздар». **Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. **Қимылдық ойын:** «Тымпи-тымпи».	**Бақылау:** Қарды бақылау. **Мақсаты:** Қыс мезгілінің ерекшелік терін айту.Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тоңады, жылыға ериді.Ойлау қабілетін дамыту. **Тақпақ:** Аппақ көше, бар дала, Аппақ ой мен қыраттар. Ақ шатырлы қар қала, Ақ жамылып тұр бақтар. **Еңбек:** Ағаштар түбіне қар үю. **Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру. **Жеке жұмыс:** «Қыс қызығы»тақырыбында әңгіме құрату. (Абдубақыт, Айару, Данагүл, Дильназ) **Мақсаты:** Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету. **Ойын: «**Қардан түрлі бейнелер жасау».	**Бақылау:** Күнді бақылау. **Мақсаты:** Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. **Еңбек:** «Қыс қызығы». **Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) **Мақсаты:** Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықта-рын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру. **Қимылды ойын:**«Айгөлек». **Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшан-

				Мақсаты: Ойынға қызығушылығын арттыру.	дыққа , ептілікке баулу.
Балалардың үйге қайтуы	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «ә» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 1-апта 3 – 7 сәуір 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	**Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	**Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру**	**Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.**	**Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.**	**Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.**	**Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту**
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	***«Құрымдалған ойын» «Дұрыс көрсет, ажырат» Мақсаты: Балалардың тағамдар мен ыдыстар туралы біледі, олардың атауларын айта алады.***	***«Құрымдалған ойын» «Өзім және отбасым» Мақсаты: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы айта алады бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсінеді.***	***«Құрымдалған ойын» «Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты: балалар әр түрлі мамандық иелерін біледі.***	***«Құрымдалған ойын» «Бұны қай кезде киеді?» Мақсаты: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндай алады.***	***«Құрымдалған ойын» Бақша да ма,бау да ма? Мақсаты: Жемістер мен көкөністерді ажырата алады.***
Жаттығу	**жаттығу кешені № 11**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	**«Психоморторлық жаттығу» Көздеріңді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір - біріңе жымыңдар, Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар, Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер.**	**«Психоморторлық жаттығу» «Күлімдеген күн» Күн күлімдеп нұр төкті, Жақсы сөздер нұр септі, Еске сақтап кеңесті, Кел,қосылып айтайық бір-бірімізге..**	**«Психоморторлық жаттығу» «Табиғатпен үндестік» Шеңбер бойлап жүреміз, Әр гүлге көңіл бөлеміз. Сұлулық пен махаббатты Сезініп өмір сүреміз.**	**«Психоморторлық жаттығу» *«Біз әдепті баламыз»* Әдеп сақтап әманда, Әрбір адал адамға. Жасасаң бір қамқорлық, Қайтарады саған да.**	**«Психоморторлық жаттығу» Көңілденіп күленіп, Бақытты боп жүремін. Бәрін біліп алатын, Мен ақылды баламын.**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті** Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту Мақсаты Балаларды ертегіні рөлдерге бөліп сахналату арқылы әртістік қабілеттерін дамыту. -Күшік пен мысық ертегісін	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** -Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру **Мақсаты** өткен тақырыптарды пысықтау. **Дидактикалық ойын: «Орамал тастамақ».** Педагог дыбысты айтып, бір баланың үстеліне орамал тастайды. Бала сол дыбысқа сөз ойлап тауып, қайта педагогке лақтыруы керек. Мысалы: «а» алма, «о» оқ, «а» алқа «д» доп, «б» балық, «ж» жапалақ, «с»сағыз, «р» рауғаш, «у» уық, «к» кілем , «т» тарақ, «қ»	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** -Сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау **Мақсаты с**өйлем туралы алған білімдерін пысықтау **...** **Дидактикалық жаттығу: «Сөйлемге қажетті сөзді қос»**	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Сөйлем құрау және сөйлемді толықтыру, өз ойларын толық жеткізе білу дағдыларын жетілдіру **Мақсаты** сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау **Дидактикалық ойын: «Сөйлемді толықтыр» Мақсаты:** Сурет бойынша сөйлемдерді құрауға, жай	**Көркем әдебиет** **Міндеті**: Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру**. Мақсаты ертегіні мазмұндау арқылы театр мәдениетіне баулу.** Суретте жиналған аңдарды ата. Арыстан аңдарды не үшін жинады? Аңдар арыстанның сұрағына қалай жауап берді? Көктемнің сәні не? Ойынды ортаға сал. 2. Қай суреттер көктемнің сәні дегенге сәйкес

	есімізге түсірейік. –Енді осы ертегіні рөлдерге бөліп сахналайық (атрибуттарын кигізу). Марғау мысықтың баласы екенін түсіндіреді. Дидактикалық ойын: «Ертегі кейіпкерлерін тауып жүрісін сал». Ойын шарты: Ертегі кейіпкерлерінің жүрісін салады.	қызылша, «ш» шырша, «а» асқабақ, «к» картоп, «о» ожау, «ж» жаңбыр, «ш» шапалақ, «е» елік, «н» нағашы, «г» Гүлмира, «ш» шалғы, «щ» щетка, «з» зымыран, «ф» фабрика, «ы» ыдыстар, «п» парта, «л» лақ, «э» элеватор т.б.	– Мен сендерге бір сөзі жетпейтін сөйлем айтамын, ал сендер сөйлем дұрыс құрылу үшін, мағынасы бойынша келетін сөз қосуларың керек. Мысалы: Әкем балғамен шегені ... (шегеледі). Әжем шұлық ... (тоқыды). Көбелек гүлге ... (қонды). Бағдаршамда қызыл түс ... (жанды). Құрылысшы кірпіш ... (қалады). Дәрігер науқасты ... (емдеді). Атам газет ... (оқыды). Балалар далада ... (ойнады). Әпкем ыдысты ... (жуды). Ағай күй ... (тартты).	сөйлемдерді толықтыруға үйрету. Көрнекілігі: «Аулада» тақырыбындағы мазмұнды сурет. Мазмұны: педагог балаларға суретті көрсетіп, жай сөйлемді құрап айтады, мысалы: Әсем ойнап жүр. Балалар сөйлемді қайталап, бір-екі сөзді қосып айтады, мысалы: Әсем аулада ойнап жүр. Келесі бала тағы бір-екі сөзді қосады. Әсем аулада досымен ойнап жүр.	келеді? Белгіле. Педагог ертегіні сахналауды ұсынады. Бала сиқырлы қоржыннан қай аңның суретін алса, сол аңның қимылын көрсетіп, сөзін айтады. Басқа балалар көрермен болады

Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Торғайларп мен мысық»

Сюжеті-рөлдік ойын
Тақырыбы : «Хайуанбақ »
Мақсаты:
Ойын сюжетіне байланысты бірнеше топшаларға бөлініп,ойын аяқталған соң бір ұжымға жинала білу дағдысын қалыптастыру . Хайуанбақ жұмыскерлелерінің еңбектерін ,негізгі мамандықтарды түсініп: хайуанбақ директоры , мал дәрігері ,жол сілтеуші ,асхана жұмыскерлері ,топжорықшы аңдарға қызмет етудін негізгі жұмысымен таныстыру . Жағдаят:
Хауанбаққа билет алу;
Хайуанбақ жоспарымен танысу,жол жүру көлігін тандау ;
Хауанбаққа топ жорық, жануарларды тамақтандыруды қадағалау, жинастыру;Дем алыс аланы. Орман тұрғындары сырқатанып қалды . Дәрігер Айболитқа хат жолдау, дәрігер Айболтын жолындағы кедергілер , Аңлардын сауығуы.
Тәрбиешінің іс-әрекеті: Хайуанбақ директоры рөлінде аңдарға қорек керектігін,қамауды жөндеп,мал дәрігерін шақыруды ескереді, Балаларға дәрі-дәрмек жинап дәрігер Айболитқа хат жазуға көмектеседі
Балалардың іс-әректі: хайуанбақ бойынша топжорық жүргізіп хайуанатар жайында әңгімелейді . Күзетші қамауларды тексеріп,келушілерге аңдарға қорек беруге болмайтындығын ескереді ,хайуанбақты күзетеді Жұмыскерлер жұмыс күнінің аяғында аңдармен мейірімді сөйлесіп,дәрумендер береді ,Кассир билеттер мен жол сілтемелерді сатып хайуанбақта жана аңдар пайда болғаның ескереді
Дәрігер Айболит аңдар жаңбырдан кейін сырқатанып қалғанын естіп көмекке келеді,жолда кедергілер

Сюжеті-рөлдік ойын
Тақырыбы : «Сақтау қызметі» *(қайталау)*
Мақсаты : Әлуметтік шығармашылық орта қалыптастыру ,ойынын сюжетіне байланысты топтарға бөлініп,ойын аяқталған соң бір ұжымға жинала білу әдетін қалыптастыру .Сақтау қызметкерлерінің жұмыстары,олардың күтпеген жағдай туганда қажетілігі жайында түсінігін молайту .Балалардың сөйлеу тілін дамыту .
Жағдаят: Дабыл бойынша шақыру;
Жағдай болған жерді қарап,сақтау қызметкерлерін бірнеше топтарға бөлу;
Арнайы техникалық құрал жабдықты пайдалану;
Жазғырылғандарды құтқару Алғашы медециналық көмек көрсету ;
Жағдай болған жерге керекті жабдықтарды жеткізу ;
Тәрбиешінің іс-әрекеті: ТЖМ басшысы рөлінде жағдай болған жерге шығар алдында арнайы құрал-жабдықты естеріне түсіртіп,арнайы үйретілген иттермен бағыттаушыларды,жедел жәрдемді шақырады .
Балалардың іс-әректі: Сақтау қызметі диспетчер сызба бойынша жағдай боған жерде жанатын қызыл оттшаларды бақылап ,желі бойынша , қандай сақтау қыдметінін жұмыс атқаратынын қадағалайды
ТЖМ әр түрлі жағдайдада ,әр уақыта ауа райы болжамына да қарамай қызмет көрсетеді,адамдарды табу үшін иттермен жұмыс істейді .
Арнайы техника жүргізушісі зардап шекендері тамақ .киімен қамтамасыз етеді .Өртен сақтандыру қызметі өртті болдырмайды .Жедел жәрдем науқасттын шақыру бойынша қызмет көрсетеді
Фотоға түсірушілер ТЖМ мен жағдай болған жерді фотаға түсіреді.

Сюжеті-рөлдік ойын
Тақырыбы : «Мұражай» *(қайталау)*
Мақсаты : Балаларды өз бетеріншe рөлдерге бөлініп әрекет ету әдетін қалыптастыру.Ойында қоғамдық өмірдін көріністерін, мәдениеті ортада ұстамдылықты көрсете білу ,бір-біріне мейірімен қарауға үйретіп . Ойын барысында әңгімелесіп,сұрақ қоя білуге ,өз іс-әрекетерін көрсете білуге үйрету.
Жағдаят: Мұражайға баруға дайындалу ;
Жол сілтемелерді қарау;
Мұражайды таңдау;
Экспозицияларды хаттау;
Топ жорық ;
Жаңалау шеберханасы.
Тәрбиешінің іс-әрекеті: Мұражай директоры рөлінде мұражай мен жұмыскерлерді басқарады.
Балалардың іс-әректі: Кассир билетерді сатады жолсілтемелерді үлестіреді , Мұражай жұмыскерлері экспонатарды тандап паспортар жасайды , экспозицияны хаттайды ю Суретшілер мұражайдын ашылу жарнамасын жасап,
Өңдеушілер ескі экспонатарды жөндейді
Топ жорықшы мұражай бойынша келушілерді сүймелдеп экспонатар жайында әңгімелейді
Келушілер билеттер сатып алып,бағдарламамен танысып ,экспонатарды қарап сұрақ
Дүңгіршек жұмысшысы фотосуреттер,открыткалармен өнер альбомдарын сатады
.Жүргізушілер экспонатарды әліп ,көлікті қадағалайды.

кездеседі жаңбырдан соң көл тасыпты ,айналып кліп көмек көрсетеді.Аңдар суығады . 		

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қоршаған орта **Міндеті: -**Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу **Мақсаты** Киіз үй жабдықтарымен таныстыру**.** **.** Балалар мына суретте ненің суретін көріп тұрсыңдар? — Киіз үй туралы не білесіңдер? — Кім киіз үйдің ішіне кіріп көрді? — Киіз үйді неден жасайды? — Киіз үй жабдықтарын білесіңдер ме? — Жарайсыңдар балалар. Жауап берген балаларды алтын жұлдызбен бағалау. — Балалар мен сендерге киіз үй туралы шағын мағлұмат беріп өтейін. — Киіз үй ауа райының қандай жағдайында да пайдалануға өте ыңғайлы. Ішіне жарық жақсы түседі, ауа алмасуы талапқа сай, жел, дауылға көп шайқалмайды. Киіз үйдің негізгі қаңқасын сүйегі деп атайды. Олар: кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық (жарма есігі). Кереге – киіз үйдің ағаштан жасалған жиналмалы торкөзді сүйегі. Шаңырақ – киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер. Уық – кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сырық. Киіз есік – сықырлауықты жауып, шаңырақ арқылы өткізіп байланады. Киіз есіктің сырты киіз, ортасы ши, астары жарық теріден жасалады. — Үй жиһаздарына да толық мағлұмат беріп өту. Абажа – тамақ пен ыдыс – аяқ сақталатын кебеженің үлкен түрі. Ағаштан жасалып, киізбен, былғарымен қапталған. Кебеже – сүт ет, құрт, шай салып сақтау үшін ағаштан жасап, өрнектеген үй жиһаздары. Әбдіре – зат сақтайтын үлкен сандық. Сырты қаңылтырмен әшекейленіп қапталады. Ағаш төсек – жату үшін пайдаланатын үй	**Математика негіздері** **Міндеті:** Заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыру **Мақсаты** заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыру. Топтық практикалық жұмыс. Таразымен жұмыс. Заттарды салмағы бойынша салыстыру. Балаларға жұптарға бөлініп, үстелдерге өту ұсынылады. Жұптағы бір бала таразы табақшасына бір затты салады, екінші бала екінші затты салады, заттардың салмағы әртүрлі. Дәптермен жұмыс 1-тапсырманы жұмыс дәптерінде орындауды ұсынады. – Суреттерге қарайды. Қандай заттар жеңіл екенін атайды. Әр жұптағы ауыр затты атайды және бояйды. Бұл тапсырманы қолда бар материалдардан таразы жасап, орындауға болады. Мысалы, қорап, пенал т.б заттарды тірек ретінде алып үстіне сызғышты орнатады. Салмақтары жеңіл және ауыр екі ойыншықты	**Математика негіздері** **Міндеті** Заттарды таразыға салмағы бойынша салыстыруға болатындығы туралы түсінікті бекіту **Мақсаты:** заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыру. **Қай табақша төмен** түседі? Салмағы ауыр ма немесе жеңіл ме? Таразы бойынша қай табақша ауырырақ екенін анықтайды. Кім (не) ауырырақ? Блиц-сұрақ. Не ауыр – ашықхат па, қарындаш па? Таразы табақшаларын теңестіру үшін не істеу керек? Дәптермен жұмыс Педагог 2-тапсырманы орындауды сұрайды. Заттарды таразыға салады. Оларды жапсырады. Заттардың салмағы таразының орналасуына қарай анықталады:тең,жеңі	**Математика негіздері** **Міндеті** Заттарды таразыға салмағы бойынша салыстыруға болатындығы туралы түсінікті бекіту **Мақсаты** заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыру. Педагог 3- тапсырманы орындауды сұрайды. – Суреттерді қараңдар. Әр табақшадағы көгөністер мен жемістерді санаңдар. Санын жазыңдар. Педагог балалармен талқылайды, санайды, цифрын жазады. 4- тапсырма жеке орындалады. Педагог балаларға тапсырманы алгоритм бойынша бірге орындауды ұсынады: – Қарындашты нүктеге қой. Бірінші тапсырмада көрсетілгендей 4 торкөзге жоғары сызық сыз. – Тоқта. – Шатаспау үшін, осы тапсырманы (жоғары 4 көрсеткіш сызық) сызып таста. – Келесі команданы қараймыз және оқимыз (торкөздердің саны мен бағыты). – Тапсырма бойынша жылжы, графикалық диктантта көрсетілгендей	**Қоршаған орта** **Міндеті:** Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту **Мақсаты** Балалардың бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіре отырып, ата дәстүрін танып білуге, ардақтауға құрметтеп мақтан тұтуға тәрбиелеу. **.** **Ата мен әжесінен сүйінші сұ**рап қыз бала жүгіріп келеді, сүйіншісін беріп, көршілерге қуанышты хабарды хабарлауға жұмсайды. Ата мен әже немерелі болдық деп қуанып, есім таңдап отырғанда, нәрестесін көтеріп келіні кіреді. Атасы немересін қолына алып, азан шақырып атын қояды. Тәрбиеші: Балаға ат қою рәсімі. Қазақтың салт-дәстүрлерінің бірі балаға ат қою. Ырымдап ат қою – қазақтың қанына сіңген дәстүр. Ал енді,тәрбиешілер сіздердің де есімдеріңізді ырымдап қойған болар, сол туралы айтып өтсеңіздер. (әр тәрбиеші өз есімдері жайлы айтып өтеді) Қазақтың балаға байланысты жасалынатын ырым-дәстүрлерін атап өту (тәрбиешілер балаға байланысты дәстүрлерін атап, соның ішінен бесікке салу дәстүрін көрсетеді) Бесікке салу рәсімінен көрініс. Баланы бесікке салу – салтанатты рәсім. Баланы бесікке салмас бұрын, баланың бесігіне, жын – шайтан жоламас үшін аластайды. Баланы бесікке салмас бұрын «тыштырма рәсімі» жасалынады. Бесіктің тесігінен тәттілер өткізіледі. Жиналған адамдар қолдарын созып, бесіктің астына алақандарын жаяды. Өткізілген тәттілер олардың алақандарына түседі.Бесіктің астына әрбір тәтті түскен кезде ,бесікке салған адам басқаларға «тышты ма?» деп сұрайды. Сол кезде жиналған жұрт «тышты, тышты»деп айтады. Осылайша «тыштырма» рәсімі «тышты ма?» деген сөзден шыққан. Баланы бесікке бөлегеннен кейін «бесік жыры» айтылады. Бесік жыры –дегеніміз балаға әндетіп айтылатын әуен. Бесік жыры бала мазасыз болып, жылап жатқанда немесе ұйықтай

	жиһаздары. Асадал – тамақ пен ыдыс – аяқ сақталатын кебеже. Жастықағаш – ерте кезде жастықтың астына салынатын ағаш тиянақ. Адалбақан – киім ілуге арналған үй жиһаздары. Жүкаяқ – үйде жүк астына қоятын ағаш зат. Сандық – киім — кешек, т.б. зат салуға арналған үй жиһаздары. Төсеніштер: Алаша, киіз, сырмақ. Тұскиіз – сәндік үшін төсектің тұсына тұратын үй бұйымы. Қоржын – екі жағын тең етіп тоқылған, не құрап тіккен зат салатын дорба. Аяққап – ыдыс – аяқ салатын қапшық. Екі бетін киізден тігіп, бетін о — — өрнек салып не кестелеп әшекейлейді. — Балалар, бізге білгішбек ағамыздан хат келіпті, қане бәріміз бірге ашып көрейік. Төрт топтың балаларына тапсырмалар жіберіпті. — Топпен жұмыс жасау. 1 – топ «Шаңырақ» Шаңырақтың суретін саласыңдар. 2 — топ «Уық» Киіз үй неше бөліктен тұрады санмен санап айтасыңдар. 3 – топ «Кереге» сендерге киіз үйді жабдықтары туралы әр түрлі пішіндер берілген киіз үйді құрастырыңдар. 4 – топ «Есік» Киіз үйдің ішіндегі үй жиһаздарын атаңдар.	ойластырған таразының екі жағына салады. Балаларға әртүрлі таразы үлгілерін көрсетеді. 3–5 баладан кезек-кезек шықырып, оларға әртүрлі заттардың жұптарын өлшеуді ұсынады. Тапсырманы орындайды. Балалар заттардың жұптарын өздігінен өлшейді. Балалар «жеңіл», «ауыр» сөздерін қолдана отырып, өздерінің іс-әрекетін түсіндіреді	л және ауыр. Сол жақтағы таразыға қарбыз бен қауынды салады, оң жақтағы таразыға – үш-үштен жеміс салады.	торкөздерді сыз. Қандай сурет шықты? Оны көрсет. Бұл ит.	алмағанда айтылады. Бесіктің құрал –жабдықтарын атап өту. «Ел боламын десең ,әуелі бесігіңді түзе» деп қазақ атамыз тектен текке айтпаса керек. Мақал-мәтелдер. Бала тәрбиесіне байланысты мақал- мәтелдерді сурет бойынша айту.

Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар « Көбелектер бақалар»

Ойын: «Алыптар мен ергежейлілер»
Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. **Ойынның шарты:** Арнайы сызықпен қоршаған ойын алаңында балалар жүгіріп ойнап жүреді. “Алыптар” мен “қуғыншымын” қолын жоғары көтереді де өзіне ең жақын жүрген ойыншыны қуа жөнеледі, “ергежейлілер” жүгіреді.
Ұсыныс: Егер қуып жетсе, екеуі орын ауыстырып, жаңа қуғыншы, ойынды әрі қарай жалғастырады.



Ойын: « Көбелектер бақалар»
Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жәндіктерге қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу.
Ойын барысы: Батпақтың шекарасы төртбұрышты етіп белгіленеді. Мұнда бақалар өмір сүреді. Гүлдерге көбелектер ұшып келіп қонады. Ұлдар бақа сияқты секіреді, қыздар көбелектер сияқты ұшады.
Ұсыныс: ойында көбелектер, бақалар болып балалар ойнаушылар қатысады, тәрбиеші де қатысады.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Міндеті:** Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге	**Қазақ тілі** **Міндеті -** Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру **Мақсаты** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ұлттық ыдыстардың атауымен	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** - Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру **Мақсаты** . Ертегіні мазмұны	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу **Мақсаты ертегіні мазмұндау арқылы театр мәдениетіне**	**Шығармашылық бейнелеу әрекеті** **Міндеті:** - балалардың ұлу туралы білімдерін жетілдіру -- Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін

	үйрету **Мақсаты** өз іс-әрекеттерін айта алуға үйрету Арман мен Сәуле диалог жүргізеді. – Сәуле, сен таңертең не істейсің? – Мен таңертең тұрамын. – Таң-ер-тең- ң тұ-ұ-ұ-ра-мын. Таңертең тұрамын (айнамен жұмыс). – Бе-ті-і-ім-ді-і-і жуа-мын – бетімді жуамын. – Ті-с-і-і-ім-ді-і-і та-за-лай-мын – тісімді тазалаймын. – Ша-шым-ды та-рай-мын – шашымды тараймын. – Жат-ты- ғу жа-сай-мын - жаттығу жасаймын. – Ки-і-м-і-і-м-д-і-і-і ки-е-мі-і-і-н – киімімді киемін. – Содан кейін анаммен балабақшаға барамын. Балалар қуыршақтардың (педагогтің) соңынан сөздер мен сөйлемдерді қайталайды. Сөздік ойын: «Жалғасын тап». Үлестірмелі материалдардың көмегімен сөйлемді толықтырады. Таңертең ... (тұрамын). Бетімді ... (жуамын). Тісімді ... (тазалаймын**).**	таныстыру **Ойын: «Сиқырлы қоржын». (** Ішінде кесе, қасық, тәрелке). Балалар таныс заттарды атайды, сұрақтарға жауап береді. Қандай кесе? Неше кесе? Түсі қандай? Қандай қасық? Қандай тәрелке? (Үлкен, кішкентай). Қоржынның екінші жағынан ұлттық ыдыстарды алып, жаңа сөздермен таныстыру, ұлттық ыдыстар туралы қысқаша мағлұмат беру. – Мынау – торсық. – Мынау не? (Жеке-жеке «торсық» сөзін дұрыс айтып жаттығып, естеріне сақтайды). – Торсық теріден жасалады. – Торсық неден жасалады? – Торсық теріден жасалады. – Мынау – тостаған. – Мынау не? – Мынау – тостаған. – Мынау қандай тостаған? (Үлкен, кішкентай). – Тостағанмен қымыз, айран ішеді. – Тостағанмен не ішеді? – Тостағанмен қымыз, айран ішеді. – Тостаған ағаштан жасалған. – Тостаған неден жасалған? – Тостаған ағаштан жасалған. – Мынау – ожау. – Мынау не? – Мынау – ожау. – Мынау – ұлттық ыдыстар. – Мыналар – нелер? – Мынау – ұлттық ыдыстар. Балалар сөздерді және сөйлемдерді тыңдап, қайталайды. – Тостаған, торсық сөздеріндегі бірінші дыбыс қандай? «Т» дыбысынан басталатын сөздер айтыңдаршы. (Табақ, тауық, тәрелке, тышқан, түлкі, Қима материалдармен жұмыс. Сөздерді бекітуге ойын: «Менде, сенде...». Балалар алдарындағы суреттерін атап, көршісінде ненің суреті екенін сұрайды. Мысалы**: Менде тостаған. Сенде не?**	бойынша әңгімелету**.** **Ертегі**: «Қасқыр мен түлкі» (Педагог «Қасқыр мен түлкі» ертегісін оқып береді. Мазмұнын айтып түсіндіреді. Сонан соң ұл балаларға қасқырдың, қыздарға түлкінің сөзін қайталауды ұсынады). Ертеде бір Қасқыр мен Түлкі дос болыпты. Екеуі келе жатып жол үстінен бір кесек ет көреді. Екеуінің де жегісі келіпті. Қасқыр Түлкіге: –Сен жей ғой, досым, – депті. Түлкі арсалаңдап: –Менің аузым ораза ғой, сен-ақ жей ғой, – депті. Қасқыр етті жейін деп тұмсығын соза бергенде мойнын қақпан қауып алып, ет ұшып кетіпті. Түлкі етті қағып алып жеп қойыпты. Қасқыр: –Ей, досым-ау, сенің аузың ораза емес пе еді? – десе, Түлкі: –Оразам сенің мойныңа түсті ғой, – деп зыта жөнеліпті	**баулу.** **Ол ертегі «Көктемнің сәні» деп аталады.** Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегі кейіпкерлерін салыстырып сипаттайды. Ертегінің өлеңнен айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан шығарады. Балаларға ертегіні толық оқып беріп, мазмұнын түсіндіреді Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі қалай аталады? Ертегі не туралы? – Арыстан аңдарды не үшін шақырды? – Қандай аңдар жиналды? – Арыстан қандай сұрақ қойды? – Аңдар не деп жауап берді? – Елік дұрыс айтты ма? Көктемнің сәні деген – гүлдер, көбелектер, алғашқы ұшып келген құстар, күннің жылуы, мөлдір су, көкмайса шөп**.**	қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік - қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию - Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу **Мақсаты**-ұлудың суретін салу,мүсіндеуүжапсыру,құрастыру **Топтық жұмыс**
Үзіліс: «. Секіруге арналған ойындар «Кесіртке»ойыны					
Артикуляциялық жаттығулар: Балықтар Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді, Үп-үлкен ағаш жағада жатты, Балық: «Мына жерде сұңғу оңай»- деп Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді, Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп, Ал төртіншісі тоңа бастады, Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады, -Жүзіндер мына жерден,				Ойын: «Жоғарыда–төменде, биік-аласа» Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру Жасы: 5-6 жас аралығы Қажетті заттар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған. Ойын барысы: Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек**.**	

Әйтпесе жұтып қояды!



«Тіс щеткасымен ойын» жаттығу.
Ойын шарты: Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейінінің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады.



4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Дене шынықтыру **Міндеті:** - Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу **Мақсаты** Көлбеу тақтайға жүгіріп шығу, түсу, биіктегі салмақ түсіру, тірелу нүктесінде тепе-теңдік сақтауға дағдыландыру **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Аңшылар мен қояндар» Қозғалып бара жатқан нысананы «ату» кезіндегі қауіпсіздік ережелерін еске салады. Ойыншылар «аңшылар» мен «қояндарға» бөлінеді. «Аңшылар» сызықтың сыртына тұрады, ал «қояндар» сызықтардың ортасына тұрады. «Аңшылар» доппен «қояндарды» атып алуға тырысады. «Оқ тиген» қояндар ойыннан шығады. Барлық қояндарды атып алған соң командалар орнын ауыстырады**	**Музыка** **Міндеті:** - Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыт **Мақсаты** Балалардың қазақтың ұлттық ойынына деген қызығушылықтарын арттыру : Музыка тыңдау: «Ақ сиса» (Жаяу Мұса) Ән айту: «Наурыз тойы» (Т. Мұратов) «Көктем» (Д. Гусинцев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Аюлар биі» (Е. Тиличеева) Билер: «Қамажай» х.ә. (өңдеген Н. Меңдіғалиев) Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин) Музыкалық аспапта ойнау: «Сәулем-ай» қазақтың х.ә. (өңдеген Б. Дәлденбай)	**Дене шынықтыру** **Міндеті:.** Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату **Мақсаты** - Заттардың арасымен дұрыс жүгіруді жалғастыру. Өз денесін басқаруды, арқаннан ұстап салбырап тұруды,ептілік, өз бетімен әрекет ету, күштілікті дамыту. . **Текшелер мен сырық (ұзын ағаштармен) орындалатын негізгі қимылдарды орындау.** **Қауіпсіздік ережелерін еске саламыз: бір-біріне қарама-қарсы жүруге болмайды.** **Секірулер: сырықты жалғыз аяқпен секіріп, ілгері қарай айналып жүру. Секіргенде аяқтың басымен итеріліп, аяқтың басына қайта түсу.**	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** - Допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу **Мақсаты** Заттардың арасымен дұрыс жүгіруді жалғастыру. Өз денесін басқаруды, арқаннан ұстап салбырап тұруды,ептілік, өз бетімен әрекет ету, күштілікті дамыту. **«Ең сақ кім екен?»** **Текшелерге көтеріп қойылған сырықтардың астынан түрлі әдіспен (шынтақтап жорғалап, еңбектеп, шалқалап жатып) залдың бір жағынан екінші жағына дейін өту.** **Түрлі әдіспен (шынтақтап жорғалап, еңбектеп, шалқалап жатып) залдың бір жағынан екінші жағына дейін өтеді. Сырықтың биіктігіне қарай тиімді әдісті таңдайды.**	**Музыка** **Міндеті** - Ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру. **Мақсаты** Балалардың қазақтың ұлттық ойынына деген қызығушылықтарын арттыру **: Музыка тыңдау:** **«Ақ сиса» (Жаяу Мұса)** **Ән айту:** **«Наурыз тойы» (Т. Мұратов)** **«Көктем» (Д. Гусинцев)** **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** **«Аюлар биі» (Е. Тиличеева)** **Билер: «Қамажай» х.ә. (өңдеген Н. Меңдіғалиев) Ойындар, хороводтар:** **«Үйшік» (В. Витлин)** **Музыкалық аспапта ойнау:** **«Сәулем-ай» қазақтың х.ә.** **(өңдеген Б. Дәлденбай**
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №3** **Бақылау: Мойыл бұтасын бақылау**	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №4** **Бақылау: Тастарды бақылау**	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №5** **Бақылау: Бұлттарды бақылау**	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №6** **Бақылау: Желді бақылау**	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №7** **Бақылау: Сутоғанды бақылау**

	Қоршаған орта **Міндеті:** Туған өлке, ел, Отан оның маңызы туралы білімдерін кеңейту **Мақсаты Қазақстан – менің туған өлкем»** **Мақсаты:** балаларды туған өлкесі Қазақстанның табиғатының сұлулығымен таныстыру. Туған жердің көрінісін қағазға түсіре білуге үйрету, өз еліне деген сүйіспеншілік пен патриоттыққа тәрбиелеу. Суретшінің бере білген көңіл - күйді сезіну қабілеттілігін қалыптастыру, табиғаттың әрбір құбылысы өзінше тамаша екендігін сезіну. Педагогтың әңгімесі: - Біздің сүйікті Отанымыз Қазақстанның кең байтақ екенін айтамыз. Созылып жатқан кең – дала, биікке аспандап көтерілген таулар, асау толқынын жағаға ұрып жатқан Каспий теңізі, Балқаш көлі, өзендер мен көлдер, шулаған орман мен саябақтар. Жылдың қай мезгілі болса да, осының бәрі адам баласын толқытып қуантады. Бірақ ең негізгісі - туған табиғатымыздың әдемілігін байқай білуді үйрену, оның қайталанбас сұлулығын сезіне білу. Табиғаттың кез - келген бұрышы өзгеше жақсы. Балалар мұқият тыңдайды. Соңдықтан суретшілер өздерінің шығармаларында қоңыр күзді, гүлдеген даланы, алғашқы қарды, қысқы саябақтардағы гүлзарларды, тағы да басқа көріністерді адам баласының қуануы мен таңқалдыру үшін бейнелейтінін білуге болады. Ақын М. Әлімбаевтың «Менің – Қазақстаным» өлеңін оқып беру. Педагог тақтаға А. Черкасскийдың «Қара ағаштар», А. Мамбеевтың «Қиіз үйде», Ә. Қастеевтің «Мұз айдыны - Медеу» атты шығармаларын іледі. Балаларға қазақ даласының көркемдігін, қазақ халқының киіз үйін, жайлауды қағазға бояу арқылы салдыруды ұсынады. Әр түрлі бояуларды таңдауды, қағаз бетіне дұрыс орналастыруды бақылайды. Балалар шығармалар туралы, туған өлкенің табиғатты туралы әңгімелеп береді.	**Математика негіздері** **Міндеті:** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); **Мақсаты** кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру **«Қайда барасың, нені табасың?» атты** дидактикалық ойынды ұсынады. Ойын мақсаты: ойын балаларды негізгі кеңістіктік бағыттарды (алға, артқа, оң жақ, сол жақ) анықтау және сөзбен айтуға, заттың кеңістікте орналасуын белгілеу үшін әртүрлі кеңістіктік терминдерді (іші, үсті, арты, асты және т.б.) пайдалануға жаттықтыру үшін жүргізеді. Ойын барысы. Педагог ойыншықтарды бөлменің әр жеріне тығып қояды. Мысалы: ойын барысы бойынша көзделген орналасу орнының оң жағында аюды, сол жағында шкафтың артына қуыршақты, кілемнің алдына допты, артына мәшинені. Ойынды бастаудан бұрын педагог балаларға бөлмеде тығылған ойыншықтарды табатындарын хабарлайды. Балалардың бірін шақырып алып, педагог оған былай дейді: Оң жаққа барсаң, аюды табасың, Сол жаққа барсаң, қуыршақты табасың. Алға қарай жүрсең, допты табасың, Артқа қарай жүрсең, мәшинені табасың. Қайда барғың келеді? Бала ойыншықты табады. Ойын 3-4 рет қайталанады. Бала бағытты ауызша атайды және жасырылған ойыншықты іздейді. Ойын жағдаятына тартылады. Термин сөздерді атайды, заттарды табады. Балалар ойынға қызығушылық танытады	**Математика негіздері** **Міндеті** Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа **Мақсаты:** кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру **Топтық жұмыс.** Балаларды топқа бөлу үшін педагог санамақ ұсынады. Топтардың әрқайсысына әртүрлі заттар (кестеге ұқсас) бейнеленген жұмыс парақтары таратылады. Педагог ойын жағдаятын ұйымдастырады (ойыншықтарды табуға көмектеседі). Педагог карточкадағы суреттің орналасуын айтады, мысалы, жоғарғы сөренің оң жағы. Балалар осы жерде бейнеленген затты атайды. Оған керісінше затты атайды, балалар оның да орналасуын атайды 	**Математика негіздері** **Міндеті** Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа **Мақсаты** кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру «Үстінде», «астында», ұғымдарын бекітуге педагог 4-тапсырманы орындауды ұсынады. Тапсырманы орындау алдында, практикалық жұмыс жасауға болады. Мысалы, қағаздан жапырақтар мен гүлдерді қиып, оларды бір-бірінің үстіне қояды. Жасаған жұмыстарын талқылайды. Содан кейін балалар дәптерде берілген суреттерді бояйды. «Фигура қайда жасырынды?» дидактикалық ойыны Педагог елестетілген шаршының бұрыштары мен қабырғалары және оның ортасында еденге ойыншықтарды жайып қояды. Жетекші бала кез келген ойыншықты шаршыдан алып, басқа балалардан қай заттың артында, алдыңғы жағында, оң жағында және т.б. орналасқандығын атауға шақырады. Балалар фигураны атамай, оның орналасуын сипаттайды	**Қоршаған орта** **Міндеті:** -Ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту **Мақсаты** алалардың туған жерін сүюге тәрбиелеу, қоршаған ортаға және отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. . Балалар сендер саяхатқа шыққанды ұнатасыңдарма? Мен сендерге сұрақ қоямын сендер жауабын айтыңдар. - Біздің мемлекетіміз қалай аталады? - Елордамыз қай қала? Дұрыс айтасыңдар балалар біз бүгін осы Астана қаласына саяхатқа барамыз. - Астана қаласына қандай көлікпен барғанды ұнатасыңдар? Олай болса балалар көзімізді жұмып, екі қолымызды жайып, өзімізді ұшақта отырғандай сезінейік. Әуен қойылады. Астана арман қала Бағы бір жанған қала Тұрады ол жап-жас болып Мен үлкен болғанда да. Ал балалар көздерімізді ашамыз міне арман қала Астанаға да келіп жеттік. Ендеше Астана қаласының көрікті жерлерімен танысайық. Ақ орда -Елбасшымыз шетелден келген қонақтарды қабылдап, мәжілістер мен ресми жиындар өткізетін орын. Бәйтерек -Қазақстан мемлекетінің символы. Дүние жүзінде теңдесі жоқ,бірегей сәулетті ғимарат. Мұнда келушілер шыны шарда орналасқан жарық әрі кең көру залына понарамалық лифт арқылы көтеріледі. Биіктігі 97м. Мынау Бейбітшілік және келісім сарайы. «Нұр-Астана» мешіті.Қазақстан мен Татарстан Елбасылары қол жеткізген келісімге сәйкес бой көтерген Алланың үйі.	

Үзіліс: Қимылды ойындар «Әуедегі атыс»

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЫНДАР		Ойын: «Әуедегі атыс» қимылды ойыны

Мен қандай адаммын ? Мақсаты: Топта жұмыс жүргізу үшін жағымды ахуал орнату, қарым - қатынастың белсенді стилін және кері байланыс немесе алу тәсілдерін меңгеру; Әр қатысушы өзінің жағымды , жағымсыз қасиеттерін айтады . Сол бойынша қорытынды жүргізіледі .		Мақсаты: Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау. Ойынның шарты: Бұл сайыста оқушыларды екі топқа тең бөлесіз. 1-топқа бірыңғай қызыл түс (өз қалауыңыз бойынша да таңдауға болады), 2-топқа жасыл түсті үрленген шар беріп, екі команданың арасын түзу сызық етіп бормен сызып қоясыз. Музыка ырғағымен екі команда өз шарларын қарсылас команда жаққа лақтыру керек. Қай топ жылдам сол жеңіске жетеді.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Міндеті:** - Азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен жабдықтау **Мақсаты** тақпақты зейін қойып тыңдауға, оның ішінен таныс сөздерді табуға жаттықтыру **Ойын «Асханада».** Педагог асхана туралы түсініктеме береді: Асханада аспаз жұмыс істейді. Аспаз тамақ пісіреді. Асханада адамдар тамақ ішеді. Балалар кезекпен аспаз болады. Балалар тағамға (өздеріне таныс күнделікті тағамдар) тапсырыс береді. Аспаз ол тағамға қажетті азық түлікті таңдап алып атайды. Мысалы: – Мен палау жеймін. Палау беріңізші. (Аспаз ет, сәбіз, пияз, күріш суреттерін тауып атайды). – Рақмет. Палау дәмді болды	**Қазақ тілі** **Міндеті** - Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету **Мақсаты** ұлттық тағам түрлерімен таныстыру Балалар, әже бізге мына қоржынды беріп жіберіпті. Онда не бар екен? Дидактикалық ойын:«Ғажайып қоржын». Суреттермен жұмыс. Жаңа сөздермен таныстыру. Мынау – бауырсақ. – Мынау не? – Мынау – бауырсақ (балалар жеке, хормен, жай, жылдам айтады). – Бауырсақтың дәмі қандай? Сақ-сақ – дәмді бауырсақ. Сақ-сақ – жеймін бауырсақ Мынау – құрт. Құ-ұ-ұрт, құрт. «Құрт» сөзін жеке-жеке айтып жаттығады. – Мынау не? – Мынау – құрт. – Мынау – қымыз. Мынау не? – Мынау – қымыз. – Қымыз өте дәмді. – Қымыздың дәмі қандай? – Қымыз өте дәмді. – Мен қымыз ішемін. – Сен не ішесін? – Мен қымыз ішемін. – Мынау – шұбат. Шұ-ұ-ұ-бат. – Мынау не? – Мынау – шұбат. – Шұбат өте дәмді. – Шұбаттың дәмі қандай? – Шұбат өте дәмді. Балалар сөздерді және сөйлемдерді қайталайды. – Құрт, қымыз сөздерінде бірінші дыбыс қандай? – «Қ» дыбысы	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** - Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу **Мақсаты** Балаларға жайлау өлеңінің мазмұнын түсіндіру –Қандай үй жануарларын білесіңдер? –Оларды неге үй жануарлары деп атаймыз? –Үй жануарларының адамдарға пайдасы бар ма? –Ал осы жануарлардың төлдерін қалай атаймыз? –Төлдер ең алғашында немен қоректенеді? –Иә, дұрыс айтасыңдар, өз енелерінің сүтімен қоректенеді –Осы төрт түлік малдың бәрі жазда жайлауда болады. –Үй жануарлары жазда қайда болады? –Дұрыс айтасыңдар, жайлау – малға жайлы мекен. Жаздың күні жайлауда, Қандай жақсы ойнауға. Жүйрік желмен жарысып, Қозы, лақпен табысып, Көл бойында тынығып, Күнге күйіп, шынығып, Жүресің сен жайраңдап, Кең даланы сайрандап, Жайлау, жайлау – жасыл бақ, Мәз боламыз асыр сап. –Балалар, жайлау қандай екен? –Суға шомылып, күнге күйіп шынығуға болады ма екен?	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру **Мақсаты** әдеби кейіпкерді адамгершілік ережелері тұрғысынан бағалауға дағдыландыру Педагог балаларға жұмбақ жасырады. Көлеңкесінен қорқып, безектейді, Ал оның баласын көжек дейді. Ол не? (Қоян) – Балалар, көжек деген не? (Қоянның төлі) – Көжек қандай болады? (Көжек кішкентай, жүні жұп-жұмсақ, сүйкімді болады) – Бүгін Ботан Қошымовтың «Аққөжектің достары» ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Ертегіні ойдан, қиялдан шығарады. Педагог ертегіні оқып, мазмұнын ашады Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі ұнады ма? – Ертегі не туралы? – Ертегі қалай аталады? – Авторы кім? – Аққөжекті туған күнімен нелер құттықтап келді? – Аққөжектің көңіл күйі қандай болды? – Достар не істеді? – Жайлаудан Аққөжекті құттықтауға тағы қандай төлдер келді? !	**Шығармашылық бейнелеу әрекеті** **Міндеті:** - Қазақ халқының сәндік өнері бойынша сурет салу, көлемді пішіндерді безендеруге үйрету - Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау -- ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию - Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу **Мақсаты**-сырмақтың суретін салуүмүсіндеу,жапсыру,құрастыру **Топтық жұмыс**

Үзіліс: Аз қимылды ойындар «Жалауша»

« Өкпені еріту » жаттығуы Тып- тыныш денеңізді бос ұстап отырыңыз .Өзіңізді қараөлеңкеде театрда отырмын деп есептеңіз Алдыңыздағы шағын сахнаға (ең жек көретін, көргіңіз келмейтін) сіз кешіруге тиісті адамды қойыңыз. Мейлі ол сізді қазір ренжітсін , бұрын ренжітсін ,қазір өмірде бар болсын , әлде өмірден өтіп кетті ме , оған мән бермеңіз .Көз алдыңызға елестеткенде оның жағдайы жақсы , жүзіне күлкі үйірілген жағдайда болуы керек . Оны бақытты деп біліңіз . Бірнеше минут оның жүзін анық көз алдыңызда ұстап тұрыңыз . Сонан соң барып ол бейнемен қоштасыңыз . Сіз кешірген адам кетісімен сіз өзіңізді сахнаға қойыңыз. Өзіңізді де тек жақсы жағдайда елестетіңіз . Бақытты , күлкі үйірілген жүзбен тұрыңыз . Бұл әлемдегі жақсылық барлығыңызға да тең жететінін ұғыңыз .		**Ойын: «Жалауша»** **Ойынның мақсаты:** жарысып тез жүгіруге,қарсыласынан бұрын жалаушаны алуға жаттықтыру. Керекті құралдар: ысқырық,жалауша,бор,таяқша. **Мазмұны.** Сыныптағы балалар санау арқылы екі командаға бөлінеді.Олар ойын алаңының екі шетінде қарама-қарсы сап түзеп тұрады.Ойыншылардың дәл ортасынан диаметрі 1 метрлік шеңбер сызылады.Шеңбердің ортасына жалауша тігіледі.Жалаушаның қасында қолына ысқырық ұстаған ойын жүргізуші тұрады. Ойынның басталуына белгі берілгеннен кейін әр командадағы бірінші тұрған ойыншылар тез жүгіріп келіп, жалаушаны алдымен алуға тырысады.Егер ала алса, ол ойыншы команда есебіне ыр ұпай қосады. Ал шеңберге екі бала да қатар келсе, олар өте сақ болулары керек, өйткені қай ойыншыға қарсыласының қолы бұрын тисе, оның жалаушаны алуға қақысы жоқ. Ойын осылай бірнеше рет жүріп,жеңіске жеткен команда анықталады. **Ойынның ережесі.** 1.Ойыншылар тұрған қатарларынан бір мезетте шығуын мұқият қадағалау қажет. 2. Шеңбердің сызығын басуға болмайды. 3. Шеңбер ішінен алған жалаушаны ойын жүргізушіге беріп, ойыншылар қайтадан тұрған орындарына жүгіріп кетеді. **Әдістемелік нұсқаулар.** Ойын қызықты өту үшін командаларды бір түзудің бойына тұрғызу керек. Ойын жүргізуші етіп сабаққа қатыса алмайтын оқушыларды немесе арнаулы төрешілерді тағайындауға болады.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Дене шынықтыру **Міндеті: -** Допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр **Мақсаты** Бала ағзасының кинестикалық (қимылды сезу) және кеңістіктік (ағзаның бөліктерін сезіну) факторларын, ұсақ мотериканы қалыптастыру «Жаңылысқан ұтылады» «Доп» тақтайшасын көрсеткенде секіре жөнеледі, «тас» тақтайшасын көрсеткенде арқасын дөңгелетіп отыра қалады, «тырна» тақтайшасын көрсеткенде бір аяқпен тұра қалады. Топтарға бөлініп, негізгі жаттығуларды орындау. Қауіпсіздік ережелерін үнемі еске салып отыру керек. Топтардағы бастаушылардың дұрыс ауысып тұруын қадағалау. Арқанмен айналмалы жаттығуалар 1.Қайтпас қайсарлар» Арқандармен қырындап жүру. Аяқ басы еденде, өкшелерін арқан үстіне басып, қырындап жүру. Арқан үстіне аяғының өкшелерін қойып, аяғының басын жерге қойып, дұрыс жүруін қадағалау.	**Музыка** **Міндеті:** - Дидактикалық ойындар арқылы балалардың есту қабілеттерін арттыру **Мақсаты** Дидактикалық ойындарарқылы балалардың есту қабілеттерін арттыру **:** Музыка тыңдау: «Айды әперші, апатай» (Е. Өміров) Ән айту: «Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов) «Қайырлы таң» (Е. Өміров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді би» (И. Штраус) Би шығармашылығы: Өз беттерінше би ойлап шығару. Ойындар, хороводтар: «Қанша дыбыс» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын х.ә. (өңдеген Т. Попатенко)	**Дене шынықтыру** **Міндеті:.** Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру **Мақсаты -** Бала ағзасының кинестикалық (қимылды сезу) және кеңістіктік (ағзаның бөліктерін сезіну) факторларын, ұсақ мотериканы қалыптастыру 3.«Мың бұралып майысқан» – арқан төмендеген сайын, арқасын артқа шалқайтып тартылған арқаннан өтіп кетуде күш сынасады. Топтарға бөлініп, ең аласа бойы бар баламен өлшеп тартылған арқанның астынан өтеді. Тепе-теңдікті сақтап, артқа қарай тек қана арқанның тұсына келгенде қайырылып өтуге машықтанады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Арқаннан секіру» Ойыншылар шеңбер құрып тұрады. Шеңбердің ортасында бастаушы тұрып алып, арқанның бір ұшынан ұстап екінші ұшын жерге домалата отырып, айналдырады. Айналдыруды баяулап, тездетіп тұрады. Айналдырып тұрып, ойыншыларғы тигізуге тырысады. Ойыншылар аяғының дәл астына келген сәтте арқаннан секіріп, аяғын алып қашып үлгереді	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** - Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею **Мақсаты** Допты себетке дұрыс лақтыруға, бастапқы қалыпқа тұруға, аяқты жазып барып доп лақтыруға дағдыландыру Себетке доп лақтыру. Допты кеуде тұсында ұстап, төменнен доға сызады. Саусақтары жазылып, сермейді. Баскетбол қалқанынан 2 метр қашықтықта тізбектерге тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыстап тұрады. Аяқтарын тізеден аздап бүгеді. Аяқтарын иық деңгейіне қойып, бір аяғын аздап алдыға шығарады. Денесі алдыға итеріліп, бар салмақ екі аяққа бөлінеді. Қолдар шынтақтан аздап бүгіліп, кеуденің тұсында тұруы керек. Допты бір орында тұрып, екі қолмен кеудеден себетке лақтырады.	**Музыка** **Міндеті** - Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тыныстыдұрыс алу **Мақсаты** Дидактикалық ойындар арқылы балалардың есту қабілеттерін арттыру**.** **Музыка тыңдау:** «Айды әперші, апатай» (Е. Өміров) Ән айту: «Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов) «Қайырлы таң» (Е. Өміров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді би» (И. Штраус) Би шығармашылығы: Өз беттерінше би ойлап шығару. Ойындар, хороводтар: «Қанша дыбыс» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын х.ә. (өңдеген Т. Попатенко)
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

Серуен	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №13** **Бақылау: Бұлттарды бақылау** ***Мақсаты:*** *әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру* **Бақылау барысы** **Көркем сөз «Бұлт»** **Ә. Ақыпбекұлы** Бұлттың қайда тұрағы, Біле алмадым мұны әлі. Білерім көк аспанның Бұлт көшпелі бұлағы. **Тәрбиеші балаларға сұрақ береді.** ♦ Аспанға қараңдар, не көріп тұрсыңдар? ♦ Бүгінгі бұлттар қандай? ♦ Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма? ♦ Бұлт қай бағытқа жүзіп барады? **Еңбек** Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу *Мақсаты:* бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу.	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №14** **Бақылау: Күнді бақылау** ***Мақсаты:*** *күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.* *Бақылау барысы* Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Үлкен алтын табақтан, Әлемге нұр таратқан. *(күн)* *Алауға оранып,* *Көкке өрлеп шығады.* *Бір айналып оралып,* *Көкжиекке бұғады. (күн)* Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады. *Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады? *Күн қай жақтан шығады? *Қай жаққа батады? *Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма? *Неге? **Зерттеу қызметі** Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме? Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? *(қоңыр түсті әйнекпен)* **Еңбек** Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу.. *Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.*	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №15** **Бақылау: Желді бақылау** ***Мақсаты:*** *- жел туралы түсініктерін бекіту;* *- жел түрлерін есте сақтау.* *Бақылау барысы* Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел) Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды: ♦ Желдің қандай түрлері болады? ♦ Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды. ♦Барынша қатты желдердің атын ата? *(дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)* ♦ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды) ♦Желдің ізін көруге болады ма? **Зерттеу жұмысы** Компас арқылы желдің бағытын анықтау. Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. **Еңбек** Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау *Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.*	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №16** **Бақылау: Топырақты бақылау** ***Мақсаты:*** *торф топырағының қыртысымен таныстыру .* *Бақылау барысы* Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяққиіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен(жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады.. **Зерттеу жұмысы** Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру. Құммен торфты салыстыру; Жер қыртысы қай жерде тез кебеді. **Еңбек** Ағаш түптері мен атызға торф тасу. *Мақсаты: торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.* **Қимылды ойын** «Аққу-қаздар». *Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау.* **Жаттығу ойыны** Секіргіш жіппен жаттығу ойындары. *Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету.* .	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №17** **Бақылау: Жәндіктерді бақылау** ***Мақсаты:*** *«Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;* — Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. *Бақылау барысы* *Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:* -Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) -Қанды сорып сүліктей, Ызыңдап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) -Ызыңдап ән салып, Жұп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) -Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) -Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) **Тәрбиеші сұрақтары.** ♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ♦Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? *(көбелек, құрт т.б)* ♦ Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар) ♦ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) ♦ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? *(бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)* ♦ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? *(ара, жібек құрты, құмырсқа).* ♦ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа) ♦ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды) ♦ **Зерттеу жұмысы** Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау. **Еңбек:** Алаңды қоқыстардан тазалау.

					Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру
Балалармен жеке жұмыс	Жеке жұмыс Жаңылтпаш айту: «Ала бұлт ақ па, Ақ бұлт ақ па? Ала бұлт ақ емес, Ақ бұлт ақ» «Анау арал қай арал, Қайыңды арал, талды арал» Жұмбақ: Етек-жеңі жиналмай, Дауыл тұрса дым қалмай, Түйдектеліп көшеді, Тоз-тоз болып өшеді. (бұлт)	Мақал-мәтел: Сәуір болса күн күркірер, Күн күркіресе, көк дүркірер. Сәуірдегі жауын-сауып тұрған сауын	Қауіпсіздік ережелеріне үйрету	Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай. Қара жерге де, қамқорлық керек	Бағдаршамнын нақты қызметін үйрету
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап- тарды қарау және басқалар)	Қимылды ойын «Үйсіз қоян». Мақсаты: —бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету; — жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу.	Қимылды ойын «Күн мен түн». Мақсаты:күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу. Жаттығу ойыны Орнында тұрып ұзындыққа секіру. Мақсаты:секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту.	**Қимылды ойын «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру. Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту. Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.**	Қимылды ойын «Аққу-қаздар». Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау. Жаттығу ойыны Секіргіш жіппен жаттығу ойындары. Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету	**Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту. Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады.**
Балалардың үйге қайтуы	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «ә» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 4-апта 24 – 28 сәуір 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«**Әдебиет орталығы»** **«Тату доспыз бәріміз»** тақырыбында сурет арқылы жұмыс жүргізу. Суретке қарап, әңгімелер құрайды. Туыспыз біз бәріміз, Бір Отанды сүйеміз. Бақытты елде туған соң, Бақытты өмір сүреміз! Өнер орталығы: әр ұлт өкілдерінің суретін салады.	Д/ойын: «Керісінше айт» Мақсаты: Балалардың сөздік қорына антоним сөздерін енгізу (жылы-суық, ыстық- суық, жарық - қараңғы және т.б.); айналаны қоршаған ортаны терең түсіне білу.	«**Бауырмал халық» Боямақпен жұмыс.** **Мақсаты**: Қазақ халқы бауырмал халық. Біздің елімізде тұрып жатқан орыс, корей, түрі т.б. халықтар біздің жерімізден жер беріп, жылы құшақпен қарсы алған. Суретте берілген қазақ, орыс, өзбек, татар халқының ұлттық киімінің ерекшелігін айтып, сәйкес түспен бастырып, бояуды ұсынамын. Бақытты елде туған соң, Бақытты өмір сүреміз.	**Үстел- үсті ойын: «Пазлдарды құрастырамыз» «Әрқашан күн сөнбесін!»** **Мақсаты**:конструктормен,есептеу таяқшаларымен өз еркімен құрастыру. Логикалық ойлау қабілетін дамыту. Көліктер жайлы әңгімелесу.	**Д/ойын: «Достық»** **Мақсаты**: 1 мамыр- Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу; **Ынтымақ**тыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға тәрбиелеу.
Гимнастикалық жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 12				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	Мнемосхемамен «Дос»туралы мақал-мәтелдер Доссыз өмір-бос. Жүз сомың болғанша, Жүз досың болсын.	«Достық үйін құрамыз» Дөңгелене тұрамыз, Керегені құрамыз. Уықтар боп иіліп, Шаңыраққа киіліп, Достық үйін құрамыз.	«Болмасын еш тосқауыл» Жақсылыққа, бақытқа, Талпынған әр уақытта. Бала біткен дос, бауыр, Болмасын еш тосқауыл.	«Күлімде, Күн, күлімде» Күлімде, Күн, күлімде, Күлсін барлық бала шат! Берекелі бүгіндей Бейбіт болсын болашақ.	«Ағайынбыз бәріміз!» Ақпыз, қара, сарымыз, Ағайынбыз бәріміз. Ортақ болсын асар тау, Жеміс толы бақша- бау. Болсын жер мен су ортақ, Болсын бізге ну ортақ. Ақпыз, қара, сарымыз, Ағайынбыз бәріміз!
	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру** **Мақсаты** Балаларды үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу Дидактикалық ойын: «Таңдап ал да, дауысын сал». Ойын шарты: Дәптер бойынша орындалады. Дәптердегі тапсырма орындалады.Үй жануарларының суретін таңдап алып, дауысын салып береді	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті: -**Сөзде түсіп қалған тиісті дыбысты табу, қандай да бір дыбысқа сөз құрау секілді тапсырмалар арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру **Мақсаты С**ызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағыларын жетілдіру. Педагог: Балалар, енді «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: киімдер, гүлдер, сандар т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға жұлдызша беріліп отырады). Жұлдызшаны санау арқылы жеңімпаз анықталады.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру **Мақсаты** дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру. **Дидактикалық ойын: «Қағып ал»** – Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып, допты лақтырамын. Сендер мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасыңдар Мысалы: қққасқыр(қ), ееетік(е), тттүлкі(т), өөөрік(ө), бббалық(б), сссағат(с), ааалқа(а), жжжаз(ж), ммоншақ(м), қққоңыз(қ), қққолшатыр(қ), бббілезік(б), жжжұлдызша(ж), ооотын(о), қққарға(қ), сссазан(с), шшшахмат(ш), тттау(т), кккерік(к), әәәтеш(ә), ееесек(е), тттүйе(т), ммммандарин(м), қққобыз(қ), сссандық(с), тттекемет(т), ееер(е), үүүзеңгі(ү), ааарба(а) т **...**	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** -Буынға буын қосып, сөз құрауға жаттықтыру арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. **Мақсаты** Буынға буын қосып, сөз құрауға жаттықтыру арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру Дидактикалық жаттығу: «Буындардан сөз құра» – Балалар, мен буындар айтамын сендер сөз құраылатындай екінші буынды айтуларың керек. Мысалы: Мақ-та, жапа-лақ, дәп-тер, кар-топ, жыл-қы, ма-са, көбе-лек, домбы-ра, арыс-тан, қо-ян, май-мыл, жану-ар, жаң-быр, шал-бар, қыза-нақ, қырық-қабат, даң-ғыл, қоңы-рау, мек-теп, шал-қан, зымы-ран, тек-ше, теле-фон, жұл-дыз, қо-раз, қо-быз, қылқа-лам т.б. – Балалар, сендер балабақшаға келе жатқанда жолда, нелерді немесе кімдерді көресіңдер? Айтып беріңдерші	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту **Мақсаты** қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі туралы түсінігін қалыптастыру Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Атасы мен немересі не туралы сөйлесіп отыр? Жайлаудан қандай жануарларды көріп тұрсың? Ата. 2. Не артық? Қоршап сыз. 3. Киіз үйдің суретін сал. 4. Жұмбақты шеш. Ұқсайтын шеңберге Қабырғасы жиылып, керіледі. Жиһазы мол кең бөлме, Төбесінен жұлдыздар көрінеді. (Киіз үй)

Үзіліс:

Дидактикалық ойын: «Кім болғым келеді?»
Мақсаты: Мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы зейіндерін дамыту.Олар қандай заттармен қолданатыны жайлы түсінік беру.
Ойынның шарты:Тәрбиеші картиналарды көрсете отырып,былай деп сұрайды, «Дәрігер не істейді? Жүргізуші не істейді? Мұғалім не істейді? Тігінші не істейді?» Балалар қай мамандық иесі екенін қандай құралдармен жұмыс істейтін жайлы айтады.
Ықтимал күрделендіру:тез ойла
Ойынның нұсқаулары:Балаларға мамандық иелерінің суреттері таратылып беріледі.



Ойын: «Оюларды құрастыр»
Мақсаты: Қазақ халқының қолданбалы сәндік өнері туралы балаларға түсінік беру. Ою-өрнектің түрлерімен таныстыру, ою-өрнектерді құрастыра білуге, түстердің үйлесілімділігін үйрету.Танымдық қабілеттерін арттыруБалалар өз елін, халқын сүюге қазақ өнерін құрметтеуге тәрбиелеу.Ұлттық мақтаныш сезіміз ояту.Эстетикалық талғамын ұштау.
Қолданатын көрнекіліктер: Оюлардың қиылған суреттері
Ойын шарты: Қазақтың ұлтық әр түрлі оюлармен сәндей білу,оюларды құрастырып аттарын атау.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қоршаған орта Міндеті: Тірі және өлі табиғаттың маңыздылығын түсіну Мақсаты Балалардың «Өлі және тірі табиғат» тақырыбында білімдерін тереңдету, қоршаған орта жайлы танымдық әрекет шындау. Балалардың ақыл — ойын, түсінігін, білімін, табиғат туралы білімін, қызығушылығын зейінін дамыту. . Табиғат ананың хаты Сәлеметсіз бе балалар! Мені барлық балалар жақсы біледі. Балалар осы «Өлі және тірі табиғатты» жайлы айтып беріңдерші, оларды зерттеп, санап, түрлерін атап, «Өлі және тірі табиғатты» жайлы қызықты ертегі әңгімелеп беріңдерші. – Ал, балалар Табиғат ананың тапсырмасын орындаймызба? Тәжірибе: Ыдыстағы құмды ұлғайткыш әйнекпен қарау. Ұсақ бір — біріне жабыспайды. Ыдыстағы құмның жел тұрғанда ұшуы. Сок ішуге арналған түтікшемен құмды үрлеу, жеңіл, жел тұрса ұшады. Ыдыстағы құмға су құю. Ыдыстағы құмға, су құйса балшыққа айналады. Тасты бақылау. Су құйса да жылтырап жата береді, түрі түсі өзгермейді, майдаланып балшыққа айналмайды, жел үрлесе де қозғалмайды. Ауыр зат. (Балалардың тәжірибе жасауы) 3) Ойын — ойнау, «Құм, тас, су. Басы «құм» дегенде әр жерде шашыраңқы болып отыру. «Тас»дегенде өз қолымен мүсін жасап тұра қалу, «су» дегенде толқын жасап қозғалу». (Балалар қимылмен көрсетеді) Табиғат туралы мақал — мәтелдер: Таза болса табиғат Аман болар адамзат. Туған жердің суы тәтті Топырағы да ыстық	Математика негіздері Міндеті: Алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту Мақсаты алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту. осыған дейін не үйренгенімізді еске түсіреміз. Білімдерімізді жүйелеп көрсетеміз. Балалар жарысқа деген қызығушылықтарын көрсетеді. Топтарға бөлінеді: бірінші команда Әлияның командасы, екінші команда Сырымдікі тапсырма. Тақтадағы нүктелері бар жұпты – шаршылар карточкаларын қараңдар. Карточкаларды қарайды жұптасу жолын анықтайды, соңғы карточканы толықтырады. – Тақтадағы фишкаларға қараңдар. – Олардың ұқсастығы қандай? – Айырмашылығы неде? – Соңғы карточканы толықтыр. Балалар карточкаларды қарайды, жұптастыру принципін анықтайды, соңғы суретті салады: біріншісінде - бір нүкте, екіншісінде - 6 нүкте 	Математика негіздері Міндеті 10 көлемінде тура және кері санау, геометриялық пішіндер мен денелер атауын бекіту Мақсаты: алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту. Топтар хормен тура және кері санайды. Бір санды аттап санайды. Балалар дауыстап тура және кері санайды, топтар бір саннан аттап санайды Суретті қараңдар. Неше пішін? Оларды атаңдар. Пішіндерді қарайды, шаршы екенін анықтап, санайды. 	Математика негіздері Міндеті Есеп шығару, заттарды салмағы бойынша салыстыру біліктерін бекіту Мақсаты алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту. Суретке қарап есептер құрастырып, мысалдар жазыңдар.  	Қоршаған орта Міндеті: Өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы бақылау Мақсаты Балаларға қоршаған ортадағы тірі және өлі табиғат туралы түсінік беру. Олардың бір-бірімен байланысы жайлы мағлұмат беру, танымдық әрекетін шында (Ыдысқа пияз отырғызу) Пияз туралы балаларға түсінік беремін. Біздің табиғат бұрышында көптеген әдемі, әсем гүлдер өсіп тұр бірақ соның ішінде денсаулыққа пайдалы пияз жоқ, сондықтан біз бүгін сендермен ыдысқа пиязды отырғызамыз деп, балаларға пиязды егу тәсілін көрсетемін. Ең алдыменен мына ыдысқа жер саламыз, одан кейін пиязды саламыз да, жермен жабамыз. Енді су құямыз, осы кезде1-2 баланы пиязды егуге шақырамын. Көрдіңдер ме балалар, тірі табиғат өлі табиғатсыз өспейді. 1-2 бала шығып пияз егуге көмектеседі. Біздің пиязымыз өсу үшін не керек екен? Енді еккен пиязымызды терезенің алдына қойып, күнде кезекпен суғарып, өсуін бақылып отырамыз. Өздерін бағалау Су, жер керек. Балалар, мына шырша жай тұрған жоқ? Балалар сендердің алдарыңда жұлдызша және дөңгелек пішіндер тұр. Бүгін сабаққа өте жақсы белсенді қатыстым деген бала жұлдызшаны, ал орташа қатыстым деген бала дөңгелекті шыршаға іледі. Қане балалар өздеріңді бағалап көріңдерші,- деймін. Балалар тақтада ілініп тұрған шыршаға не жұлдызшаны болмаса дөңгелекті алып іледі. Қараңдаршы балалар, шыршамыз қандай әдемі болды, деймін де сұрақ – жауап арқылы оқу іс-әрекетін қортындылаймын.

Үзіліс:

	Психологиялық ойын: **Ойын: «Тыныштықты жақсы көретін патша»**	**Аз қимылды ойын:** **Ойын: «Құғыншыдан құтқару»** **Мақсаты:** балаларға тез бұлтарып жүгіру тәсілдерін меңгерту.

Саусақ ойыны: « **Тасбақа»**
Мақсаты: Ұсақ мотериканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау.
1.Тасбақа
Тасбақа, тасбақа,
Тас астында тұрады.
Басын баяу шығарып,
Тиіссең кері тығады.

Жұдырықты түйіп, бас бармақты шығарады да, тасбақаны бейнелейді.. Өлең мазмұнына қарай саусақты кері жасырады. Осы тектес келесі өлеңдерге де қимыл жасауға болады.
Фонетикалық жаттығулар
Мақсаты: Фонетикалық жаттығуды орындау барысындағы басты міндетіміз баланың нақты дыбыстарды дыбыстауы барысында дұрыс тыныс алуын және артикуляциясын қадағалау болып табылады.
1.Баудағы кім?
Ара болсаң, ызыңда
З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж
Жұмыс істе, тығылма.
- Ара қалай дыбыстайды?
(з- з-з) - қатты\жай

2.Жыланның ысылы.
Жылан қалай дыбыстайды?
Ыс-с—ыс-сссс....



3.Шалқан. Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: «**О...о...о**!» деп таң қалды.

Мақсаты: Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту.
Ойын шарты:
Патша шуды жек көреді, сондықтан ханзаданың көңіл - күйін бұзбау үшін барлығымыз шуламай тыныш қозғаламыз. Патша аяқтың ұшымен жүреді, оның жүрісі жеңіл, баяу. Бұл ролді бір бала атқарады. Жүргізуші келесі сөзді айтады: «Барлық балалар, патшадан басқа бөлменің әр жеріне тұра қалады. Патша саусағын ауызына тигізіп, «Ш - ш - ш, ханзада келе жатыр!» деп, бөлмені аралай бастайды. Барлығы «қатып» қалу керек, ал патша әрқайсысын айналып шығады. Кез келген баланың қасына келіп, саусағын баланың мұрнына тигізеді. Сол бала аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Келесі балаға жақындаған патша саусағын баланың мұрнына тигізеді, ол бірінші баланың соңына тұрып, аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Сол тәртіппен ойын жалғаса береді. Барлық балалар патшаның артына жиналғаннан кейін, патша кез келген артындағы балаға қарап, «Ш - ш - ш» дейді, сонда сол бала өз орнына тыныш, аяқ ұшымен оралады. Барлығы орнына тұрғаннан кейін ойын аяқталады.
"Қисық сурет" атты суретті жаттығу өткізіліп, оң және сол жарты шарлар басымдылығын анықтауға арналған қысқаша тест, сонымен қатар оптимистік бағдарды анықтауға арналған сауалнама алынды.

Ойын шарты:
Мазмұны: Алаңда үлкен шеңбер немесе төртбұрыш сызылып, ойнайтын жер алдын ала дайындалады. Ойыншылардың арасынан санамақ арқылы бір «қуғыншы» сайланады. Ойын алаңнан шықпай, ішінде жүріп ойналады.
Мұғалімнің «Қуғыншы табылды!» деген белгісінен кейін сайланған бала қолын жоғары көтеріп: «Мен қуғыншы»! – деп айқайлайды да, балаларды қуа жөнеледі.
Қуғыншының қолы тиген ойыншы қолын жоғары көтеріп , қуғыншы болғанын білдіреді де, ойынды әрі қарай жалғастырады.
Бірақ ойыншылар қуғыншыдан бір-бірін құтқаруларына болады. Ол үшін : қашып келе жатқан ойыншы мен қуғыншы екеуінің арасынан кесіп жүгіріп өтсе;
Қашып келе жатқан ойыншыға қол тигізсе;
Қашып келе жатқан ойыншымен қол алысса, онда қуғыншы сол ойыншыны қуады.
Ойынның ережесі:
1. Қуғыншы қолын көтеріп: «Мен қуғыншы» деп басқаларға ескерткеннен кейін ғана ойыншыларды ұстауына болады.
2. Ойын алаңынан шығып кеткен ойыншы ойыннан шығады.
Әдістемелік нұсқаулар.
Бұл ойынды ұйымдастыру үшін алаңды дұрыс таңдаған жөн. Ойыншылар жүгірген кезде бір-біріне немесе басқа заттарға соғылып қалмау үшін қадағалау керек.
Ойын қызықты өтуі үшін ойынныі мазмұнына әртүрлі қосымша тапсырмалар енгізуге болады.
Бір ойында бір қуғыншы ғана емес, бірнеше қуғыншы сайлауға болады.
Ойынның педагогикалық маңызы.
Ойынның педагогикалық маңызы өте зор. Ойыншылар жолдастықты іс жүзінде көрсете алады. Достары көп болғанның пайдасын көреді.Қауіптен қорықпай, қиыншылыққа қарсы тұруға дағдыланады. Ойын барысында ойыншылар жүгіру жаттығуларын орындау тәсілдерін жетілдіреді. Өз қимыл –қозғалысын өзгелермен үйлестіруге үйренеді. Шапшаң, епті қимылдауға жаттығады.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі Міндеті: Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру,- Мақсаты ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін, сөздерін мәнерлеп жеткізе білуге үйрету Балалар, аналарың нанды қайдан алады? Дүкенге нан қайдан келеді білесіңдер ме? Педагог «Нан қайдан шығады?» (М. Етекбаев) ертегісін балаларға ұсынады. Иллюстрациялар көрсетіле отырып, ертегі оқылады. Ертегі не туралы? Жаңа сөздермен таныстыру. – Мынау – сатушы. Са-ту-шы. – Мынау кім? – Мынау – сатушы. – Сатушы нан сатады. – Сатушы не істейді? – Сатушы нан сатады. – Мынау наубайшы. Нау – бай - шы. – Мынау кім? – Мынау – наубайшы. – Наубайшы нан пісіреді. – Наубайшы не пісіреді? – Наубайшы нан пісіреді. – Мынау – бидай. – Мынау не? – Мынау – бидай. – Мынау – диірменші. – Мынау кім? – Мынау – диірменші. – Диірменші бидайдан ұн жасайды.	Қазақ тілі Міндеті - Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыр Мақсаты сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, үй жануарлары мен төлдерін топтай алуға жаттықтыру, Үнтаспадан жануарлардың дауыстары естіледі. – Балалар бұл ненің даусы? Мәтін оқу. «Адам жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі, ит, мысықты күтіп-баптап өсіреді. Сол үшін үй жануарлары деп аталады. Үй жануарлары адамға көп пайда келтіреді. Жылқы – көлік, оны арба мен шанаға жегеді. Жылқының сүтін ашытып, қымыз жасайды. Қымыз – сусын. Сиыр, қой, түйе, ешкінің сүті мен еті – тамақ. Қой, түйе, ешкі жүнінен киім және тағы да басқа тұрмыстық заттар жасалады». – Мәтінде қандай таныс сөздер бар? – Қой, түйе, сиыр, ешкі, жылқы. – Үй жануарларының пайдасы қандай? – Үй жануарларының еті мен сүті бізге тамақ болады. Жүнінен киім т.б. заттар жасалады. – Адамдар үй жануарларын қалай күтеді? – Адамдар қойға, түйеге, сиырға, ешкіге, жылқыға шөп, су береді	Сөйлеуді дамыту Міндеті: - Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту Мақсаты ал5ан б3л3мдер3н пысы0тау Таңдаған ертегіні сахналау	Көркем әдебиет Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі туралы түсінігін қалыптастыру Киіз үйді, киіз үй ішіндегі жиһаздардың, киіз, текемет суреттерін көрсету. – Суреттен не көріп тұрсыңдар? – Бүгін қазақ халқының ежелгі баспанасы – киіз үй туралы әңгімелейміз. Киіз үй – ата-бабамыздан келе жатқан асыл мұра. Киіз үй көшіп-қонып жүргенге өте қолайлы. Киіз үй тегіс, су баспайтын құрғақ жерге тігіледі. Қыста жылы, жазда салқын. Үйдің жабулары киізден жасалғандықтан, «киіз үй» деп атаған. – Бүгін біз ақын Қастек Баянбайдың «Киіз үй» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі. Айырықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Педагог өлеңді мәнерлеп оқып береді Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: – Өлең саған ұнады ма? – Авторы кім? – Өлең қалай аталады? – Өлеңде не туралы айтылған? – Киіз үйдің пішіні қандай? Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: – Өлең саған ұнады ма? – Авторы кім? – Өлең қалай аталады? – Өлеңде не туралы айтылған? – Киіз үйдің пішіні қандай? !	**Шығармашылық бейнелеу әрекеті** **Міндеті:** - - күрделі пішіндегі бірнеше заттардың көлеміндегі айырмашылықты көре білуге үйрету, әуе ұшақтары, аспан планеталары туралы білімдерін жетілдіру -- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау - Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию - Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу **Мақсаты –**ұшақ суретін салуүмүсіндеу,жапсыру,құрастыру Топтық жұмыс

	– Диірменші бидайдан не жасайды? – Диірменші бидайдан ұн жасайды. – Мынау – ұн.				

Үзіліс:

Сюжетті - рөлді ойын: «Тігінші»
Мақсаты: Балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру. Балалардың коммуникативті дағдыларын арттыру, бір - бірімен диалог арқылы сөйлесуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өзіне сенімді болуға, үлкендердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу.
Көрнекіліктер: Киімдер, бас киімдер, тігіншіге керек заттар(ине, метр, қайшы, жіп), іс машинасы, киім үлгілері, маталар.

Ойын барысы:
Ұйымдастыру кезеңі.
Өнерім қол ұшында,
Боламын мен тігінші
Тігіншінің ішінде,
Бас бармақтай бірінші.
Ойын: «Дұрысын тап»
Мақсаты: Мамандықтарға байланысты киім үлгілерін бір - біріне үйлестіру.
Тәрбиеші: Балалар әр мамандық иелері өздеріне сай киім киеді. Дәрігерлер ақ қалпақ пен халат кисе, ал құрылысшылар каска мен үстеріне арнайы халат киеді. Суреттегі киім үлгісі кімге лайықты екенін табыңдар.
Балалар өздері ойлап, белгілей бастайды, сызады.
Тәрбиеші: Балалар аспазшы не киеді?
Шаштараз не киеді?
Балалар белгілеп береді.
- Ендеше, сендер түсінген боларсыңдар. Бұл - ойынды біз не үшін ойнағанымызды түсіндіріңдер. Бүгін біз қандай ойын ойнайтынымызды білдіңдер.
Ойын:«Тігінші»
Тәрбиеші: Балалар тігіншілер не істейді? (киім тігеді)
Бірінші киім тігу үшін киініп алуымыз керек.
Балалар рөлдерді өздері бөліп алады. Бірі тігінші, бірі киім өлшеуші, бірі үтіктеуші болып бөлінеді. Айсара өзінің көйлегін қысқартып беруін сұрайды. Диляра қайшысын алып қиып, тігіп береді. Ал Сәния болса көйлекті үтіктеп береді. Келесі бала шалбар әкеледі. Одан қуыршаққа желетке тігеді. Ұшы жоқ қайшы болуы керек. Ойынды балалар өз қиялдары мен қалаулары бойынша әрі қарай жалғастырады. Бір - бірімен рөлдерді бөлісіп, ұйымшылдықпен ойнайды. Тәрбиеші әр уақытта балаларға көмек көрсетуі тиіс.



Артикуляциялық жаттығулар:
***Ойын:*« Часы» «Сағат»**
Мақсаты: Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру.
Ата – аналармен бірлесе қарым – қатынас жасай отырып ортақ мақсатымызға жетеміз.
• ***«Сағат»*** – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек.
• ***«Саңырауқұлақ»*** - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.
«Дәмді тосап»
Мақсаты: жалпақ тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету.
Қысқаша сипаттамасы: Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына киргізу.
Әдістемелік нұсқау.
1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау кере.
2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.
3. Тіл оңға - солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек.
4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя - пя - пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген сон шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Дене шынықтыру **Міндеті: -** -Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру **Мақсаты** Гимнастикалық баспалдаққа өрмелеп, сатыдан-сатыға ауысу дағдыларын дамыту Гимнастикалық қабырғаға қиғаш өрмелеу. Қол мен аяқтың қимылын үйлестіру. Гимнастикалық қабырғамен жоғары өрмелеп, төмен	**Музыка** **Міндеті: -** Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту **Мақсаты** Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. **Музыка тыңдау:** **«Көкек» (Х. Мұхамедова)** **Ән айту:** **«Көктем» (А. Жайымов)** **«Ғарышкер боламыз»** **(Ш. Мұхамеджанов)**	**Дене шынықтыру** **Міндеті:**. -3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). **Мақсаты -** Қимыл әрекеттердің еркін орындалуын, себетке допты аяқты бүгіп, жаза келе дәлдеп лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуді үйрету	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** - Екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); **Мақсаты** Қимыл әрекеттердің еркін орындалуын, себетке допты аяқты бүгіп, жаза келе дәлдеп лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуді үйрету Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тұзақ»	**Музыка** **Міндеті -** Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру **Мақсаты .** Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. **Музыка тыңдау:** **«Көкек» (Х. Мұхамедова)** **Ән айту:** **«Көктем» (А. Жайымов)**

	Сөйлеуді дамыту Міндеті Мақсаты	Сауат ашу негіздері Міндеті: - Мақсаты .	Сауат ашу негіздері Міндеті - - Сызба бойынша сөйлем құрау бойынша алған білімдерін бекіту (кірікт.09.05) - Сызба бойынша сөйлем құрау бойынша алған білімдерін бекіту	Сауат ашу негіздері Міндеті Сызба бойынша сөйлем құрау бойынша алған білімдерін бекіту Мақсаты Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық	Көркем әдебиет Міндеті . Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты өлең мазмұны арқылы әдеби шығарманы қабылдауға дағдыландыру

			Мақсаты Сызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағыларын жетілдіру. . Дидактикалық жаттығу: «Буындардан сөз құра» – Балалар, мен буындар айтамын сендер сөз құраылатындай екінші буынды айтуларың керек. Мысалы: Мақ-та, жапа-лақ, дәптер, кар-топ, жыл-қы, ма-са, көбелек, домбы-ра, арыстан, қо-ян, май-мыл, жану-ар, жаңбыр, шал-бар, қыза-нақ, қырық-қабат, даң-ғыл, қоңы-рау, мек-теп, шал-қан, зымы-ран, текше, теле-фон, жұл-дыз, қо-раз, қобыз, қылқа-лам т.б. – Балалар, сендер балабақшаға келе жатқанда жолда, нелерді немесе кімдерді көресіңдер? Айтып беріңдерші? Балалардың жауабы тыңдалады. Балалар дәптердегі суретке мұқият қараңдар. Дәптермен жұмыс 1. Суретке қара. Сызба бойынша сөйлем құра. 2. Жұмбақты шеш. Шешуін буынға бөл. Бір көзім: «Кідір!» – дейді, Бір көзім: «Жүр!» – дейді. Бір көзім: «Абайла!» – дейді, – «Қарап ал, маңайға!» – дейді. 3. Бағдаршамнын түстерін ата. Сары түсті белгіні тиісті дыбыстық сызбамен қос	талдау жасауды үйретуді меңгерту «Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы (Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады) -ал буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: алма, алтын, алжапқыш, алға, аласа, ала, алқа, Алжан, алмас, алау, Альбина, ал т.б . -оқ буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: оқу, оқы, оқымысты, оқулық, оқ, оқыс, оқшаулау, оқтар т.б. -жа буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: жас, жалын, жалғыз, жат, Жайық , жарқыра, жалқау, жаура, жалау, Жамбыл, жалпылдақ, жалбыз, жаһұт, жау, жарайды, жалмауыз, т.б. Ойын соңында жұлдызшасы ең көп бала жеңімпаз болады. Дәптермен жұмыс 1. Суреттерді ата. Сызба бойынша сөйлем құра. 2. Дыбыстық талдау жаса Таң, бұлт сөздеріне дыбыстық талдау жаса. Педагог балаларға орындарында өз беттерімен дыбыстық талдау жасатады. Дыбыстық сызбаны тақтаға іліп бір- бір баладан тақтада жасатады. Балалар жұмыстарын тақтадағы талдаумен салыстырады, қателерін түзейді. Таң сөзінің дыбыстық талдауы. Таң сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар. т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. а – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. ң – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.	Суретке қарап, тақырыбын болжа. Суреттен кімдерді көріп тұрсың? Ортада жанып тұрған от туралы не білесің? Балалардың қолында не бар? 2. Жеңіс ардагерлерін құттықтау ашықхатының суретін сал. Боя. 3. Мақалды түсініп ал. Отан үшін отқа түс, күймейсің. Педагог мақалдың мағынасын түсіндіреді.
Үзіліс:					

БАЛА САУСАҒЫН ОЙНАТА ОТЫРЫП, ТІЛІН ДАМЫТУ Ә. Нарымбетовтің «Шекарашы ағалар» өлеңін оқу, жаттау. Тыныштығын елінің, Тыныштығын жерінің Күзететін қырағы, Туған елдің қыраны. Отанымның ұланы – Шекарашы ағалар.	Тақырыбы: "Үйрек үйрек, қаз". Мақсаты: Бір-бірімен кездескенде амандасу мәдениетіне тәрбиелеу, жылдамдыққа баулу. Барысы: Қатысушылар дөңгелене шеңбер жасап тұрады. Жүргізуші шеңбердің ішінде айналып жүріп, қолымен көрсетіп "үйрек, үйрек, үйрек, ... қаз" дейді. Қаз жүргізушіге қарай, қарама-қарсы жүгіреді. Бұл екеуінің орындайтын тапсырмасы тезірек босаған орынға барып тұру. Ойынның қиындығы : олар ортада кездескенде бір-бірінің қолын алып, реферанс (қимылмен ілтипат) жасау керек, бір-біріне күліп қарап: "Қайырлы таң, қайырлы күн, қайырлы кеш" деп сәлемдеседі де, бос орынға қайтадан жүгіреді. Осылай ойын жалғаса береді. Ескерту: Жүргізуші барлық балалар "Қаз" рөлінде ойнап шығуын қадағалап тұрады. Сәлемдесу және реферанс нақты көтеріңкі дауыс ырғағымен орындалу қажет.	Үстел үстінде ойналатын ойындар. Ойын: «Сарбаздарға не керек?»(5-10 мин) Мақсаты: Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу. Керекті құралдар:ойынға керек ресурстар. Мазмұны: Ортаға 1 қатысушы шақырылады. Маңдайына сурет қойылады. Бұл суретті қарама – қарсы отырған бала мимика арқылы қатысушыға көрсетіп, түсіндіреді. Ал ойынға қатысушы оны табу керек болады. «Сақшы» ойынын рөлдерге бөліп ойнату. Мақсаты: Балаларды өз қалауларымен рөлдерді бөлу және олардың іс-әрекеттерін дұрыс атқару, бірлестікке, ынтымақтастыққа тәрбиелеу.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қоршаған орта Міндеті: -	Математика негіздері Міндеті: Мақсаты .	Математика негіздері Міндеті - Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау. (кірікт.09.05) - Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету Мақсаты Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету. демонстрациялық материалмен жұмыс – Қай ағаштың ең биік екенін қалай анықтауға болады? Ең төмен? Педагог көз арқылы анықтауды ұсынады, балалар қайың - ең биік ағаш деп атайды. Мүмкін біз қателескен болармыз? Қалай тексереміз? Біз қандай шартты өлшемді аламыз? Жолақ – таяқшаны ұсынады. Қай ағаштың биік екенін салыстыру үшін, балалармен бірге осындай таяқтарды бүкіл биіктікте орналастырады. Балалар әр ағаштың астына саны бар карточка қояды. Балалар ең көп санды табады. Осы ағаш ең биік болады. Енді ең төмен ағашты табыңыз.	Математика негіздері Міндеті -Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету Мақсаты Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету. 1-тапсырмада балалар өлшеуіштерді бояйды, салыстырады. – Әр қарындаш үшін қанша өлшем боялған? Ең ұзынын табыңыз. Онда қанша өлшем бар? Ең қысқа қарындаш қандай түсті. Онда қанша өлшем бар? Сол сияқты, күнбағыспен берілген тапсырма орындалады. Педагог балаларды тапсырманы орындау кезінде ұқыптылыққа шақырады. Дәптерлерін үстелдегі көршісіне көрсетуді ұсынады. Өз пікірін бір-біріне білдіруді болатынын айтады.	Қоршаған орта Міндеті: Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің ерліктері туралы білу -Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну Мақсаты балаларды әскери мамандық түрлерімен және Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен таныстыру 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталды. Фашистер бүкіл әлемді жаулап алғылары келді. Бірақ елін, жерін жаудан қорғаймыз деп бүкіл Кеңестер Одағының ержүрек ұл-қыздары қару-жарақ алып, қарсы тұрды. Ұлы Отан соғысы кезінде біздің көптеген әскери сарбаздарымыз ерлікпен шайқасып, неміс фашистерінен елімізді қорғап қалды. Майданда талай батыр аталарымыз бен апаларымыз өздерінің ержүректілігімен көзге түсіп, батыр атанды. Демонстрациялық материалдармен жұмыс. Оның ішінде біздің Қазақстаннан шыққан батырлар өте көп. Қазақтың батырларының бірі – Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, аты аңызға айналған жазушы – Бауыржан Момышұлы. Бауыржан Момышұлы – Мәскеуді қорғаған, батальон командирі, қайтпас қайсарлығымен, батырлығымен көзінің тірісінде аты аңызға айналған даңқты қолбасшы. Соғыстан кейінгі жылдары әскер бөлімінде қызмет атқарды Елордамыздың 10 жылдық мерейтойында Нұр-Сұлтанның төрінде 16 метрлік алып ескерткіш Бауыржан Момышұлы құрметіне орнатылды (суретті көрсету). – Кеңестер Одағының тағы бір батыры – Рақымжан Қошқарбаев Берлинді алу кезінде асқан ерлік көрсетті. 30 сәуірде ол жауынгер Григорий Булатов екеуі Кеңес әскерлері арасынан Рейхстагқа алдымен жетіп, жеңіс туын тікті. «Отанымызды қорғаймыз» деп барлық адамдар бір кісідей жұмылып, жауға қарсы

					тұрды, сондықтан Ұлы Отан соғысы деп аталады. – Кеңестер Одағының батырлары, қазақ қыздары Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова бейнеленген. Мәншүк Мәметова Алматы қаласындағы №28 мектепте оқыған. Мәншүк Ұлы Отан соғысы басталғанда, 1942 жылы Алматы қаласындағы медицина институтында оқып жүрген еді. Ол өз еркімен сұранып қазақ ұлттық 100-бригадасы құрамында майданға аттанады. Аға сержант, пулеметші Мәншүк ұрыстарда өзінің мергендігімен және тобында батылдығымен көзге түсті. Невель қаласы үшін болған кескілескен шешуші ұрыста Мәншүк ақтық демі біткенше пулеметтен оқ боратып, қаһармандықпен қаза тапты. Қасындағы жолдастарынан айырылған Мәншүк үш пулеметті қатарынан қойып, жауды 3 сағат бойы жалғыз бөгеп тұрған. Қаһарман қызға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Алматы, Орал т. б. қалаларда Мәншүк атында көшелер бар. Қаһарман қыздың өмірі мен өшпес ерлігі жайлы «Мәншүк туралы жыр» атты көркем фильм түсірілді. Әлия Молдағұлова – майдандағы алғашқы әскери наградасы – Даңқ орденін 1943 жылы Псков облысындағы Холм қаласы үшін болған ұрыстарда алған. Ал 1944 жылдың 14 қаңтарында Казачиха селосы үшін болған ұрыста опат болған командирдің орнын басып, жауынгерлерді шабуылға бастаған Әлия сол шайқаста өзі де ерлікпен қаза тапқан. 1944 жылы маусымда үкімет қаулысымен Әлия Молдағұловаға «Кеңес Одағының батыры» атағы берілген.
Үзіліс:					
	Сюжеттік-рөлдік ойын: «Әскери» Мақсаты: ойын сюжетін шығармашылық түрде дамыту қабілетін қалыптастыру. Мектеп жасына дейінгі балаларда соғыстағы батырлар туралы нақты идеяларды, олардың Отан үшін жасаған ерліктерінің моральдық мәнін қалыптастыру. Балалардың бойында патриоттық сезімді, өз Отанына деген мақтаныш сезімін, адамдардың ерлігіне таңдануды тәрбиелеу. Материал: сарбаздар мен әскери техникалар жиынтығы, медбикелерге арналған орамалдар. Ойынға дайындық: әскери тақырыптағы суреттерді қарау, шығармаларды оқу: Л. Кассиль " бас Армия», "Кеңес сарбазына ескерткіш", Я.Друганский"сарбаздар не істей алады". Ойынға атрибуттар жасау. Барысы: Қарау иллюстрациялар ҰОС туралы. – Бүгін біз бұл суреттерді оңай қарастырмаймыз. Бір салтанатты күні біздің еліміз өте маңызды және есте	Психологиялық ойын: Ойын: «Атомдар мен молекулалар» Мақсаты: Бұл ойынды өткізудегі мақсат, сіздердің ұжымдарыныздың бірлігін, ынтымақтастығын анықтау. Ал ойынның атом мен молекула деп аталуы тақырыпқа сай индиго балалардың ДҚ құрылымының өзі басқа балалардан өзгеше. Яғни ағзасында хромосомалар құрылымы өзгерген. *Ойын шарты:* «Барлық ойыншылар кең, бос бөлменің ішінде ары-бері қалай болса солай жүреді, бұл уақытта олар атомдар болып есептеледі. Біздің білетініміздей атомдар молекулаларға айнала алады. Молекулада 3, 4, 5, атомдар бола алады. Ойыншыларға команда бойынша молекулаларға айналу керек. Егер жүргізуші үш десе ойыншылар үштен бірігуі қажет. Реакция бітті деген белгі бойынша қатысушылар қайтадан атомға айналады. Осылайша ойынды бірнеше қайталауға болады».	Сюжеттік-рөлдік ойын: «Әскери» 	

	қаларлық мерекені атап өтеді. Бұл қандай мереке екенін кім біледі? (Жеңіс күні). Бұл төрт жылға созылған және халқымыздың жеңісімен аяқталған Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні. Бұл өте қорқынышты соғыс болды. Фашистер біздің елімізді басып алып, халқымызды құлдыққа алғысы келді, бірақ олар жетістікке жете алмады.Төрт жыл бойы, күн сайын, ай сайын, жыл сайын біздің халқымыз фашистік армиямен шайқасты. Және, ақырында, жеңіске жетті. Себебі әділеттілік үшін күресіп, соя Отанын, халқын қорғаған адам әрқашан жеңіске жетеді. Бүгін біз "әскери" ойынын ойнаймыз. Ол үшін рөлдерді бөлу керек. Біздің ойынның негізгі қатысушылары кім екенін айтыңыз (әскери, сарбаздар, командирлер, ұшқыштар). Топтың орталығындағы әскери әрекеттер. Біз екі командаға бөлініп, өз орындарымызды аламыз. Ұрыс кезінде жараланғандар болады, сондықтан бізге медсанбат керек. Медсанбате болады еңбек етіп, дәрігер және медбике. Жауынгерлерімізді жеңуге көмектесу үшін тылда жұмыс жасау керек. Ол үшін снарядтар мен әскери техника шығаратын әскери зауыт ұйымдастырамыз. (Әскери зауытқа жұмысқа тағайындаймыз). Ұрыс кезінде кейде тыныштық болады, содан кейін дала асханасы пайда болады, олар сарбаздарға тамақ әкеледі. Бірақ алдымен оны дайындау керек. Мұны аспаз жасайды. Ал қыздар үй мен балалармен айналысады. Барлық рөлдер таратылды, енді ойынды бастаймыз. Соғыста орыс сарбаздары жеңіске жетті, ал бізде Достық бар. Мобильді ойын " Кім жылдам?» Армиядағыдай бірнеше қатарға орналастырылған орындықтарда гимнаст, комбинезон, жадағай, буденовка, бескозырка бар. Команда бойынша балалар мүмкіндігінше тез киінуі немесе қуыршақтар киюі керек. Барлық әрекеттерді басқаларға қарағанда тезірек және дұрыс жасайтын адам жеңеді. Жеңімпаз тағайындалады командир. Ол конвертті басып шығарады және балалардың келесі жолы қандай әскери бөлімге баратынын хабарлайды.		

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі Міндеті Мақсаты).	Қазақ тілі Міндеті -	Сөйлеуді дамыту Міндеті: - Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру - Сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану ё кірікт.08.05 Мақсаты - Сөйлем түрлері бойынша білімдерін дамыту. –Енді мен әңгімені оқиын, ал сендер мұқият тыңдаңдар: Хамит атасымен әңгімелескенді ұнатады. Балабек қария көп жыл бойы сушы болған. Қазір құрметті демалыста. Сонда да үйде отырғанын көрмейсің. Хамитті ертіп, үй жанындағы бақ ішіне жеміс егіп жүргені. Ешқашан шаршамайды. –Ата, «маңдай тер» деген не? – деп сұрады бірде Хамит. Атасы ойға шомды. Көзін бір нүктеге	Көркем әдебиет Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты өлең мазмұны арқылы әдеби шығарманы қабылдауға дағдыландыру 9 Мамыр – Жеңіс күні! (Слайд көрсету, әңгімелеу.) – Біздің батыр ағаларымыз бен апаларымыз елімізді, жерімізді жаудан қорғап қалды. Ұлы Отан соғысы батырларының суреттерін көрсету. – Ұлы Отан соғысына қатысқан батыр аға-апаларымызды атайықшы. (Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Рахымжан Қошқарбаев т.б.) – Жеңіс күні мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойып, соғыс	Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: - ертегі желісі бойынша сурет салуға үйрету, бір мазмұнға біріктіре отырып, бірнеше заттардың суреттерін бейнелеуге жаттықтыру - Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу - Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу --Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу Мақсаты- Қызыл телпекті қыздың суретін салу,мүсіндеу,жапсыру,құрастыру

			қадады. Сонан соң Хамитті жетектеп, өзі көшет алып жүрген тоғайға келді. Қолына күрек ұстатты да: –Кәне, екі-үш көшет қазып ал, – деді. Өзі шеткерірек барып, ағаш көлеңкесіне жайғасты. Хамит пора-пора боп терледі. Үйге келген соң да атасы жақ ашпады. Жылдар өтіп жатты. Көшеттер үлкен ағашқа айналды. Алма мен жүзім мол жеміс салды. Қоңыр күзде атасы Хамитті ертіп бақ ішіне келді. Қып-қызыл алманың біреуін үзіп, қолына ұстатты. –Сондай дәмді! – деді Хамит. –Маңдай тер деген осы, Хамитжан. Өзіңнің маңдай теріңнің жемісі, – деді атасы. Хамит атасын құшақтап алды. 1.Әңгімеде кімдер туралы айтылады? 2.Хамит атасынан не туралы сұрады? 3.Атасы осы кезде не деді? 4.Хамит тоғайдан не қазып әкелді? 5.Көп жылдар өткен соң не болды 6.Атасы Хамитті қайда әкелді? 7.Бақтағы атасы мен Хамиттің іс-әрекеті?	ардагерлеріне құрмет көрсетіледі. – Біз бүгін ақын Қайрат Жұмағалиевтің «Жеңіс күні» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Өлең қалай аталады? – Өлең ұнады ма? – Авторы кім? – Өлеңде не туралы айтылған? Жеңіс мерекесі қай күні екен?	Топтық жұмыс
Үзіліс:					
		Ойын: «Әскери мамандықтар» Мақсаты: Оқушыларға Ұлы Отанды сүюге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу. Отанын , елін қорғай білуге тәрбиелеу. Сөздік қорын молайту,іскерліктерін дамыту. Ойын барысы: Мұғалім балаларға әскери мамандықтар туралы өлеңдер оқиды. Ол өлеңдерде айтылған мамандықтарды атауды және әскери кәсіптердің басқа атауларын еске түсіруді ұсынады. Шекарашы Шекараны қорғау маңызды! Шекарашылардың аты. Адал итпен олар Отанға батыл қызмет етеді. С. Чертков Ұшқыш Ұшқыш өз ісін біледі, аспанда ұшақ жүргізеді. Ол батыл ұшып, жер үстінен ұшады. С. Чертков Теңізші Теңізші кемеде жүзіп жүр, ол жерді аңсамайды. Ол желмен және толқынмен дос, өйткені теңіз — оның туған үйі. С. Чертков Әрі қарай мұғалім балаларға сөздерді — кәсіптердің аттарын буындарға бөлуді ұсынады.	*Қимылды ,еңбек ойын:* «Күзетшілер» Мақсаты: Балаларды білесіп жұмыс істеуге үйрету. Шапшаңдылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты: Бұл ойынға қанша бала болса да қатыса алады.Екі ойыншы қақпаның күзетшілері боладыЕкеуінің де көзі орамалмен байланады да,аралары бір адымдай қашықтықта қолдарын айқастыра ұстап,қарама−қарсы «көпір» жасап тұрады. Басқа балалар бір−бірлеп күзетшілер күзеткен қақпадан екеуінің ортасы арқылы білдірмей өтіп кетуге тиіс.Күзетшілердің сыртынан айналып өтуге болмайды.Егер күзетшілердің біреуі өтіп бара жатқанын сезіп қойса,оған қолын тигізеді,яғни ол ұсталып қалған болып есептеледі.Ұсталып қалған ойыншы	

		Мысалы: шекарашы,барлаушы,теңізші,сарбаз, о-фи-цер.	өзін ұстаған ойыншымен орын ауыстырады.Қақпадан үш рет білдірмей ойыншыға жүлде беріледі. Тәрбиеші:Рақмет балалар. Отан алдындағы әскери борыштарыңды абыроймен атқарытыңдарыңа мен кәміл сенемін. Бәріңізге бақыт тілейміз! Отанымыз гүлдеп, егеменді еліміз көркейіп өсе берсін!	Лабиринт 
4 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Дене шынықтыру Міндеті: - Мақсаты	Музыка Міндеті: - Мақсаты	Дене шынықтыру Міндеті:. Қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр). Аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет) (кірікт.08.05) Мақсаты . Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту «Гимнастика» Ұзын орындықтың бетімен жүру. Шектеулі бетпен жаттығулар орындайды. Орындықтың жіңішке беті табанның ортасында болатындай етіп жүреді. Әр аттаған сайын аяғын жоғары көтеріп, аяқ астынан бір шапалақ ұрады. Арқасын түзу ұстап, еркін қимылдап, нұсқауға сәйкес қозғалуға тырысады. Қажет болса, әрқашан қауіпсіз секіріп, жерге түсіп кетуге дайын болуы керек	Дене шынықтыру Міндеті: - Аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет Мақсаты . Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын спорттық ойындар арқылы дамыту. Биіктігі 15 см модульге орыннан аяқпен итеріліп, қолымен сермеп көмектесе отырып секіріп шығу «Секіргіштер» 15 см биіктікке бір орыннан екі аяқпен итеріліп, секіріп, екі аяқпен қону. Секіру сызығынакеліптұрады.Жерден екпіндеп итеріледі де,қолдарынсермеп көмектеседі. Секіріп түскен кезде тізелерін аздап бүгіп, қолдарын алдыға созады. «Футболшылар» – «Допты дәл беру» Дөңгелене тұрып, футбол добын оң аяқ және сол аяқпен бір-біріне береді. Қалағандарынша дөңгелене тұрып, футбол добын оң аяқ және сол аяқпен бір-біріне көзмөлшермен мөлшерлеп, аяқ басының ішкі жағымен беруге тырысады	Музыка Міндеті - Балаларда бірігіп аспапта ойнау дағдыларын қалыптастыру - Қолмен әннің бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату (кірікт.09.05) Мақсаты Балаларда бірігіп аспапта ойнау дағдыларын қалыптастыру Музыка тыңдау: «Балдырғандар маршы» (К. Қуатбаев) Ән айту: «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) «Біз бақытты баламыз» (Ә. Қонысбеков) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай) Билер: «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Соқыртеке» (Е. Хасанғалиев) Музыкалық аспапта ойнау: «Атқа мініп шабамыз» (В. Агафонников)
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен			Мамыр Серуен-Бақылау №6 Бақылау: Жәндіктерді бақылау	Мамыр Серуен-Бақылау №7 Бақылау: Құмырсқаларды бақылау	Мамыр Серуен-Бақылау №8 Бақылау: Найзағайды бақылау

			Мақсаты : «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. Бақылау барысы Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) - Қанды сорып сүліктей, Ызыңдап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) - Ызыңдап ән салып, Жұп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) Тәрбиеші сұрақтары. ♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? *(көбелек, құрт т.б)* Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар) Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) Жәндіктер қайда тіршілік етеді? *(бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)* Қандай жәндіктердің пайдасы бар? *(ара, жібек құрты, құмырсқа).* Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа) Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды) Зерттеу жұмысы Қанқызын тауып, оның атын атау.	*Мақсаты:* Құмырсқалар туралы білімдерін тиянақтау; Зерттеу жұмысына деген қызығушылықтарын арттыру. Бақылау барысы Көркем сөз «Құмырсқа» Г. Өкеев Құжынаған құмырсқа, Үйымшыл-ақ өздері. Шығады ерте жұмысқа. Жүкпен қайтып қашықтан, Нелер шебер табылып, Илеуіне асыққан. Жасайды илеу жабылып. Бәрі еңбекпен шынығар, Жылт-жылт етіп көздері, Ісін тындырып тынығар. Балаларға сұрақтар Құмырсқалардың адамдарға және орманға қандай пайдасы бар? *(зиянда жәндіктерді құртады* Орманның қандай тұрғыны құмырсқа мен оның көбелектерін (личинкаларын) жеуге құмар? (аю мен тоқылдақ) Құмырсқасыз жер болмайды. Құмырсқаларды «ағаш дәрігерлері» деп те атайды. Олар ағаштарды зиянды жәндіктерден қорғайды. Құмырсқалар өте еңбекқор, олар өздерінен бірнеше есе үлкен нәрселерді илеулеріне сүйретіп тасиды. Құмырсқалардың илеуінің тесігі төбесінде болады. Құмырсқалар өз илеуінен ешқашан адаспайды. Неліктен деп ойлайсыңдар. Құмырсқалар өз илеулерін иіскеп жүріп иісінен табады. Әр илеу өз құмырсқаларынан басқа құмырсқаларды жолатпайды. Егер басқа илеудің құмырсқасы бара қалса, оны жабылып шағып тастайды. Әр илеудің өз иісі болады. Құмырсқалар тек қана ағаштардағы құрттардықұртып қана қоймайды, олар құстарға да көмектеседі. Құстар құмырсқаның илеуінің үстіне қанатын жайып отырады, құмырсқалар оларды үстеріндегі биттер мен бүргелерден тазалайды. Құмырсқалардан бөлініп шыққан өткір қышқыл иістен көпке дейін құстарға бит, бүргелер жоламайды. Құмырсқаның қышқылынан дәрі-дәрмектер де жасайды. Құмырсқалар залалсыз, дәрменсіз	*Мақсаты:* «Найзағай» ұғымымен таныстыру; Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру; Сөздік қорларын байыту; — Бақылағыштықтарын дамыту. Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады Аспанда от қамшы осады, Ащы үнін ышқынып қосады. Дүрліктіріп алапты, Шақпақ тастың жарқылы, Бұлт көрпесін жыртады. Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен? Найзағай қай кезде ойнайды? Аспан неге күркірейді? Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады? (жаңбыр жауады) Найзағай ойнап, жаңбыр жауғанда құрт-құмырсқалар не істейді? (індері мен илеулеріне тығылады) Қалай ойлайсыңдар, найзағай неден пайда болады? Ауа-райы нашар болған кезде бұлттар арасында электр тогы жиналады. Найзағай-бұл үлкен электр тогының ұшқыны. Ұшқындар айналадағы ауаны қыздырады. Ыстық ауа салқын ауамен соқтығысады да, күннің күркіреуі пайда болады.күн күркіреген кездегі найзағай өте қауіпті. Найзағай жалғыз тұрған, биік заттарға жиі түседі. Сондықтан да найзағай ойнап тұрған кезде ағаштың астына тұруға болмайды. Зерттеу қызметі Жәй жаңбыр мен найзағайлы жаңбырды салыстыру, ұқсастықтыры мен айырмашылықтарын табу. «Найзағайлы жаңбыр» Ө. Ақыпбекұлы Нөсерлеп жаңбыр басталды, Науада қалқып қақ қалды. Найзағай тынбай жарқылдап, Нөсер тұр құйып сатырлап. Найзағайлы жаңбырды қалай атайды екен? (нөсер) Еңбек 1 топ- ауланы тырмамен тазалау; 2 топ-қоқыстарды шығару *Мақсаты:* Шағын топтарға бөлініп жұмыс істеуге үйрету; Ұжыммен жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру

			Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау. Еңбек: Алаңды қоқыстардан тазалау. *Мақсаты:* үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.	жәндік болғандықтан оларға тиіспеуіміз керек. Құмырсқалардың қандай пайдасы бар? ♦ Олар өз илеулерін қайда салады? ♦қане біздің құмырсқалар қалай жұмыс істеп жүр екен, қарайықшы! (олар өздінің ізімен, бірінен соң бірі илеулеріне қарай ағылуда) Зерттеу қызметі Құмырсқалардың бір жолына құм, бір жолына қант себу. Олардың қалай әрекет ететінін бақылау. Еңбек Ойын алаңын тазалау. *Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білулерін жалғастыру.*	
Серуеннен оралу			Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру
Балалармен жеке жұмыс			Мүсіншілер Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.Пішіндерден өз ойымен әр түрлі затты құрастырып шығару	Аквариумдағы балық Мақсаты: балаларды негізгі формадан немесе қосымша бөлшектер формасынан бастап, сурет салуға жаттықтыру	«Таңғажайып алақан» Мақсаты: қиялын, бейнелі ойлауын, бейнелеу шеберлігін, көркемдік талғамын дамыту
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап- тарды қарау және басқалар)			Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту. Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады	Қимылды ойын «Итеріспек». Мақсаты: •Белгілі бір кеңістікте жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру; •Ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту. Мақсаты: оң және сол аяқпен секіруге жаттықтыру. Тыйым сөздер: Құмырсқа илеуін бұзба.	Қимылды ойын «Өз ағашыңды тап». Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, байқағыш және жылдам болуға үйрету. Жаттығу ойыны «Ағаштан ағашқа дейін». Мақсаты: екі аяқпен және бір аяқпен секіруге жаттықтыру Халық болжамы: •Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады. Қарлығаш келсе күн күркірейді
Балалардың үйге қайтуы			*Ата –аналарға кеңес* - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	*Ата –аналарға кеңес* Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	*Ата –аналарға кеңес* - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «ә» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 3-апта 15 – 19 мамыр 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	**Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту**	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Сөздік тренинг ойыны: «Болады-болмайды»** тренингі(оқушылар шеңберге тұрады, мұғалім болатын нәрселерді айтқанда оқушылар қолдарын үш рет шапалақтайды, ал болмайтын нәрселерді айтқанда қолдарын бір рет шапалақтайды)-Мейірімді болуға .... (болады), Кешірімді болуға .... (болады), Қатыгез болуға .... (болмайды), Тәртіпті болуға .... (болады),	**Үстел үсті ойындары: «Мейірімділік гүлін»** құрастыру Балаларға түрлі-түсті қағаздан әртүрлі гүлдерді қиып, жапсырмалайды. Фотосуреттер қарау. **Еңбек тапсырмасы**:Гүлдерге су құю,шаңдарын сүрту	**Ойын: «Мейірімділік жібі»** **Шарты:** Сендер дөңгелене жайғасып отырыңдар. Мен мына қолымдағы жіп орамын қасымда отырғанға беремін, жәй бермеймін, Кімнің немесе ненің мейірімді екендігін айтып беремін. Ал сендер болса, дәл осылай келесі балаға бересіңдер. **Еңбек тапсырмасы**:Балықтарға жем беру	**Жануарларға мейірімді болу туралы әңгімелесу** *Қайда барғынымызды айтпаймыз, не істегенімізді көрсетеміз* *Әрекетті сөзбен айтуға үйрету; етістік тұлғалы сөздерді дұрыс қолдану (шақ, жақ); шығармашылық қиялын, тапқырлығын дамыту.* Еңбек тапсырмасы:	**Қоршаған ортаны қорғау оған мейіріммен қарауға тәрбиелеу балармен шағын әңгіме жүргізу** *Осылай бола ма?* *Логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, айнымалы пікірді байқауға тәрбиелеу.* *Ойын ережесі. Кім өтірік әңгімені байқаса, сол неге бұлай* болмайтынын дәлелдеуі керек. Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю
Гимнастикалық жаттығу	Гимнастикалық жаттығу кешені № 14				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	***«Біз бақытты баламыз»*** Кел,шеңберге тұрайық, Қолымызды ұстайық. Күлімдейік күлейік, Тату болып жүрейік.	Мейірімділік-асыл қасиетіміз, Жүректегі таза ақ ниетіміз. Жан дүние кілті, Шаттық пенен күлкі. Биік ұстап соны, Қадірлейік біз!	***«Нәр алып»*** Аман-есен болайық, Бейбітшілік қалайық! Күнге қарап шуақтанып, Суға қарап нәр алып, Табиғаттан шабыттанып, Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік.	***«Қуан,шаттан!»*** Қуан, шаттан! Қуан, шаттан! Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін.	***«Қайырлы таң!»*** Қайырлы таң! Ормандар мен далалар. Қайырлы таң! Достасқан бар Балалар, Қайырлы таң! Жора-жолдас,ұл мен қыз!
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті** Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу **Мақсаты .** Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру –Балалар, мен сендерге «Ай, Күн және	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті: -** Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту **Мақсаты** Сөздердің жалпы атауын атауға,	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** - Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту **Мақсаты** Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту **Мақсаты** Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық	**Көркем әдебиет** **Міндеті .** Өленді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту **Мақсаты** өленді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру. Өленді екінші рет қайталап оқып, бірге жаттайды

	Қораз» туралы аңыз оқып берейін: Бұл өте ертеде болыпты, содан бері қанша жыл өткенін есептеп айтуға сан жетпейді екен. Аспанда ағайынды үшеу: Күн, Ай және Қораз тұрыпты. Бірде ең үлкені Күн адамдарға жарық сәуле шашуға кеткенде, үйде Ай мен Қораз қалыпты. Ай барып тұрған сотанақ екен. Қоразға тыным бермей, ақыры тәжінен ұстап алып, жерге тастап жіберіпті. Қайта оралған Күн болған оқиғаны біліпті. Ойланып отырып, былай депті: «Менің байқауымша, сенің ешкіммен сыйысып, тыныш отыра алатын түрің жоқ екен. Қайтып бетіңді көрмеймін. Бұдан былай мен аспанда күндіз ғана жүремін, ал сен тек түнде шығасың», – депті. Содан бері Қораз қызарып шығып келе жатқан Күн ағасын көргенде: «Қо-қо-қоқ!» –деп айғайлайтын болыпты. Онысы «Қайырлы таң, мейірімді аға!» – дегені екен. Ал Күн батып, Ай көріне бастағанда, Қораз үйшігіне тезірек кіріп алуға асығатын көрінеді. Педагог айтылған аңыз бойынша балаларға сұрақтар қояды. –Аңызда нелер туралы айтылған? –Күн жарық сәуле шашуға кеткенде ай не істейді? –Мән жайды түсінген Күн Айға не дейді? –Екеуі қалай келіседі? –Күн шығып келе жатқанда Қораз не істейді? –Түн батып ай шыққанда ше?	дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту. – Мен сендерге суреттер көрсетіп бірінші дыбысты айтпай сөз айтамын, сендер жоғалған дыбысты жалғап толық сөзді айтасыңдар да допты кері бересіңдер. Мысалы:... ерезе (т), ...ілем (і)і, ...алық(б), ...үрек(ж), ...ақыт (б), уыршақ...(қ), ...омбыра (д), ...екемет (т), ...ышақ (п),... аймақ (қ), ...анан(б), ...ектеп(м), ...рік(ө), ...ияз(п) т.б	талдау жасауды үйретуді меңгерту . «Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы (Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады) -ал буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: алма, алтын, алжапқыш, алға, аласа, ала, алқа, Алжан, алмас, алау, Альбина, ал т.б . -оқ буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: оқу, оқы, оқымысты, оқулық, оқ, оқыс, оқшаулау, оқтар т.б. -жа буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: жас, жалын, жалғыз, жат, Жайық , жарқыра, жалқау, жаура, жалау, Жамбыл, жалпылдақ, жалбыз, жаһұт, жау, жарайды, жалмауыз	талдау жасауды үйретуді меңгерту Бұлт сөзіне дыбыстық талдау. Бұлт – 1 буын, 4 дыбыс. б – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. ұ – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.	Педагог балаларға өлең жолдарын шабытты түрде айтқызады (3-4 балаға). Атасы немерелерімен қайда барды? Балаларға ат қойып, олардың атасымен саябаққа барғаны туралы әңгіме құра. 2. Суретке қара. Балалар қандай ойын ойнап жүр? Сен қандай ойын ойнағанды жақсы көресің? 3. Жұмбақты шеш. Қойны толы жеміске, Көк майсалы егісте Көбелек қуып ойнайтын Қай мезгіл деп ойлайсың? (Жаз)
Үзіліс:					
			**Ойын: « Масаны ұста»** **Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. **Шарты:** Ойнаушылар бір-бірінен қол созымдай жерде дөңгеленіп, бетін ортаға беріп тұрады. Тәрбиеші ортада тұрады, оның қолында шыбық (ұзындығы 1-1,5 м) оған картон қағаздан жасап жіпке байланған маса ұзындығы 0,5м бар. Тәрбиеші масаны шыбықпен балалардан жоғарылау етіп айналдырып өтеді. Маса үстерінен ұшып бара жатқан кезде, балалар оны ұстауға тырысып, секіреді. Масаны кім ұстаса: «Мен ұстадым» , - дейді. Бұдан кейін тәрбиеші шыбықпен балалардың үстінен тағы да айналдырады. Ойынды қайталап бастар алдында тәрбиеші балаларға 1-2 қадам кейін шегіну керек екенін ескерту керек, өйткені балалар масаны ұстаймыз деп секірген кезде шеңберді аздап тарылтады. Шыбықпен масаны айналдырған кезде, тәрбиеші балалар масаны ұстап алатындай биіктікте, біресе жоғарлатып, біресе төмендетіп тұруы керек. **Ұсыныс:** Егер ойнаушылар тобы шағындау болса, тәрбиеші картон маса байланған шыбықты ұстап алға қарай жүгіруіне болады, ал балалар оны қуып жетуге тырысады.	
2 - ұйымдастырылған іс-әрекет					

	Қоршаған орта **Міндеті: -** Өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек ету **Мақсаты** алалардың еңбекке деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет етуге үйрету Арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу. Балаларды жұмысты бастап оны аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу. Балабақшадағы еңбек жұмыстарына қатысу, ұжымдық еңбекке үйрету. Ертегі, әңгімелерді кейіпкерлер арқылы «Еңбек түбі — зейнет» екенін түсіндіру. Үлкендер еңбегін құрметтеуге баулу. Мысалы: «Бір уыс мақта», «Бұзау бақтым», «Көйлекті маған кім берді?», «Қайдан келдің, бауырсақ?» деген әңгімелер арқылы барлық заттардың еңбекпен келетіндігін түсіндіру. Үлкендерге көмек көрсетуге (тәрбиешіге, оның көмекшісіне, ата-аналарына), оларға ықыласпен қарауға тәрбиелеп, сондай-ақ, олардың еңбектерінің нәтижесіне ұқыпты қарауға ынталандыру. Топ бөлмесі мен балабақша ауласында тазалық сақтауға және үлкендердің тапсырмаларын орындауға, бастаған ісін соңына дейін жеткізуге үйрету.	**Математика негіздері** **Міндеті:** Фигулардың атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту **Мақсаты** геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптсатыру . Балалалар геометриялық денелерді және текше, шар, цилиндр пішініне ұқсайтын заттарды атайды. «Бұл неге ұқсайды?» дидактикалық ойыны – Қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттарды атаңдар. Балалар атайды, неге ұқсайтынын қорытындылайды	**Математика негіздері** **Міндеті** Көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу **Мақсаты** геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптсатыру «Сиқырлы дорба» ойыны. «Сиқырлы дорбада» - шар, текше, цилиндр, шаршы, үшбұрыш, шеңбер бар. Ал үстелде олардың суреттері бар. Педагог ойын жағдайын жасайды: – Балалар, геометриялық фигуралар мен денелер өмір сүрген, бір патшалықта бақытсыздық болды. Зұлым сиқыршы сиқырлы таяқшаның бір соққысымен оның барлық қандай зат екенін, қолымен ұстап, сипалау арқылы анықтап және оның суретін табу. Балалар кезек-кезек екі қолымен фигураларды ұстап қарап, оны дорбадан шығарады, оның суретін тауып, үстіне фигураны қояды. Балалар көздерін жұмып, әрқайсысы команда бойынша дорбадан заттарды алады. Қозғалыстар мәтін бойынша орындалады. Педагог 2- тапсырманы орындауға ұсынады. – Шарды көрсетіңіз. Оны қызыл түспен бояңыз. Текшені көрсетіңіз. Оны көк түспен бояңыз. Цилиндрді көрсетіңіз. Оны сары түспен бояңыз	**Математика негіздері** **Міндеті** Геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптсатыру **Мақсаты** геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптсатыру. тапсырманы дәптерде өздігінен орындауды ұсынады. Педагогтің нұсқауларын тыңдап, практикалық жұмысты орындайды. Балалар практикалық жұмысты орындап, заттарды тексеріп, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын табады, сұрақтарға жауап береді. Ұйымдастырылған оқу қызметі үшін пластиктен, ағаштан немесе басқа материалдан жасалған көлемді фигураларды, картоннан, фанерадан жасалған жазық фигураларды табу керек. Балалар қолдарына алып, жазық және көлемді фигураның арасындағы айырмашылықтарды атайды. Педагог 2-тапсырманы орындауға ұсынады. Суреттердегі заттарды қарайды және атайды. – Бұл неге ұқсайды? Сызып қосады. Балалар өздігінен тапсырмаларды орындайды ·	**Қоршаған орта** **Міндеті:** Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту. **Мақсаты** бөлме өсімдіктерін күту ережелерімен таныстыру Бүгін біз бөлме өсімдіктерімен таныс боламыз. Өсімдік өмір сәні, табиғат көркі, дәрі-дәрмек. Олар біздің бөлмемізді тек әдемі етіп көрік бере қоймай, бөлменің, үйдің ауасын тазартады. Бізге қуаныш сыйлайды, көңіліміз көтеріңкі болады екен. Олардың көптеген түрлері болады. -Мынау қазтамақ. Ол бөлме өсімдігі. -Мынау фикус. Жапырағы жасыл, көлемі үлкен. Ол бөлме ауасын жақсы тазартады. Гүлдердің тамыры, сабағы, жапырағы, гүлі болады.(тәрбиеші көрсетеді) - Балалар біз тамақ ішсек, күшіміз көп болады, бойымыз өседі. Сол сияқты өсімдіктер адам сияқты тамақ ішпесе, ауырып қалады. Оларды су құйып, күтіп,баптап тұру қажет екен. Тәрбиеші көрсете отырып, күту ережелерімен таныстырады: - Гүлдердің жапырақтарының
Үзіліс: Қимыл-қозғалысқа арналған ойындар **«Кім көп таспа жинайды?»**					
		1.Ойын:“Кім көп таспа жинайды? ” **Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жылдам қимылдауға тәрбиелеу. **Шарты:** Балалар шашылып қалған таспаларды арнайы ыдысқа жинайды. Таспаны ең көп жинаған бала жеңіске жетеді.			

2.Ойын:“Айна ”
Мақсаты: Баланың зейіні мен байқампаздығын әрі әр түрлі дене қимылдарын жетілдіру.
Шарты:Әр бала – «айна» болады. Жүргізуші әр айнаға бір барып, сол «айнаға» қарап, түрлі қимылдар жасайды. «Айна – бала» сол қимылдарды үлгіріп, әрі дәл қайталауы керек. Ең дұрыс «айна-бала» - жүргізуші болады. Ойын осылай қайталана береді.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қазақ тілі
Міндеті -Шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу -Шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру. (кірікт.08.05)
Мақсаты ертегі арқылы сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру

Қазақстанның таулы қыратында барыс мекендейді. Барыс Алматы қаласының төлтаңбасында бейнеленген.
«Қазақстан барысы» ертегісін интербелсенді тақтада көрсетеді.
Ертегі ұнады ма?
– Ертегідегі таныс жабайы жануарларды ата? (Аю, қоян, қасқыр).
– Ертегідегі үй жануарларын ата? (Ит, қой).
Педагог қима материал бойынша жаңа сөздермен таныстырады.
– Мынау – барыс. Мынау не?
– Мынау – барыс.
– Барыс жаттығулар жасады.
– Барыс не істейді?
– Барыс жаттығулар жасады.
– Мынау – борсық. Мынау не?
– Мынау – борсық.

Қазақ тілі
Міндеті - -5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табу -Берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.
(кірікт.09.05)
Мақсатыжыл құстардың қазақша атауларымен таныстыру.

Көктемде құстар келеді.
– Көктемде не келеді?
– Көктемде құстар келеді.
– Мынау – қараторғай.
Мынау не?
– Мынау – қараторғай. (Жеке, хормен айтып жаттығады).
– Көктемде қараторғай келеді.
– Көктемде қандай құс келеді?
– Көктемде қараторғай келеді.
– Мынау – қарлығаш.
– Мынау не?
– Мынау – ... (қарлығаш).
Балалар «қарлығаш» сөзін айтып жаттығады, естеріне сақтайды.
– Көктемде қарлығаш ұшып келеді.
– Көктемде ... (қарлығаш) ұшып келеді.
– Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді.
– Көктемде келетін құстарды қалай атайды?
– Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді.
Педагог шағын мәтінді оқиды. Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. Жыл құстары: қарлығаш, қараторғай. Құстар – адамға дос. Оларға біз де қамқор болуымыз керек.

Сөйлеуді дамыту
Міндеті: - Монологты байланыстырып құра білу
Мақсаты . . Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру

Мақал-мәтел:
Жақсы – ай мен күндей, әлемге бірдей.
Дидактикалық ойын:
«Дыбыстың орнын анықта» (ауызша орындалады).
Ойын шарты: Педагог бір дыбысты айтады да, сол дыбыс кездесетін сөздерді айтады. Балалар «Қ» дыбысы сөздің басында тұрса бір рет қол шапалақтайды, егер дыбыс сөз ортасында тұрса, екі рет шапалақ ұрады, ал сөз соңында тұрса, үш рет шапалақ ұрулары керек.
«Қ» – қала, аққала, сандық.
«М» – моншақ, отырмын, өшірдім

Көркем әдебиет
Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту
Мақсаты өлеңді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру.

Көктемнен кейін қандай жыл мезгілі келеді?
– Жаз мезгілінде қандай өзгерістер болады?
– Жаз мезгілі несімен ұнайды?
– Жаз мезгілінің бірінші күні, бірінші мерекесі – «Балаларды қорғау күні».
– Балалар, сендер болашақта елімізді, жерімізді қорғайтын азаматсыңдар. Бұл – сендердің мерекелерің.
– Бүгін біз ақын Қасым Аманжоловтың «Бала – біздің болашақ» атты өлеңімен танысамыз.

Өлең ұнады ма?
– Авторы кім?
– Өлеңде не туралы айтылған?
– Болашақта сен қандай болғың келеді?
– Өлеңде қандай ұйқас сөздер бар?

Шығармашылық бейнелеу әрекеті
Міндеті: - адамныңжалпы денекұрылысын анықтап,жаттығу кезіндегі қолдарының,аяқтарының өзгерісін беруге үйрету,
-- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу
-- Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу
-- Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу
Мақсаты- балалардың жаттығу жасап жатқан суретін салу,мүсіндеу,жапсыру, құрастыру

Топтық жұмыс

	– Борсық жаттығулар жасады. **– Борсық не істеді?** **– Борсық жаттығулар жасады.** **– Қар барысы мен борсық жарысқа қатысты**	**Балалар**			

Үзіліс: Секіруге арналған ойындар «Табан балық және шортан»ойыны.

Дыбыс артикуляциясын дамытуға арналған
Кім қалай дыбыстайды?
(баламен жеке жұмыс - түрліше тембрлік құбылыста айту)
- А, аа, аа, а, а, аааааа ..... (қуанышты дауыспен).
- Ааа, аа, а, а, ааа .... (аянышты дауыспен).
- А, аа, аааа, а, ааа .....(таң қалған дауыспен). 1 минут жұмыс істеңіз.

Екінші баламен (и), үшінші баламен (о) дыбысымен жұмыс істеуге болады.
Фонетикалық жаттығуларды екінші тілді (орыс тілі, ағылшын тілі, француз тілі т.б) үйрету мақсатына қарай да қолдануға болады. Ол үшін педагог қандай дыбысқа аса мән беру қажет екендігін анықтап алуы тиіс.

Дикциялық жаттығу
Барлық жоғарыда аталған міндеттерді кешенді шешеді. Балалар қандай да бір сөйлемді, жаттамақты, жаңылтпашты айтқанда, дұрыс тыныс, дем ала білуі, дәл артикуляция жасауы және жеке дыбысты, сондай-ақ буынды, сөзді анық айтуы қажет.
Жаңылтпаш арқылы бала жылдам ойлауға, жаңылмай тез қайталап айтуға, кекештенбей, қысылмай, анық сөйлеуге үйренеді.
Халық ауыз әдебиетінде жаңылтпаштар топтамасы молынан жинақталған. Мәселен, бірқатар жаңылтпашты айтып көрелік.

Суда сең келеді,
Сегіз серке тең келеді.

Ойын:"Табан балық және шортан"
Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.
Шарты: Бір баланы шортан етіп белгілейді. Ойнаушылардың қалғаны екіге бөлінеді: олардың бір тобы — ұсақ тастар, олардан шеңбер жасалады, екінші тобы — табан балық олар шеңбердің ішінде жүзеді. Шортан шеңбердің сыртында жүреді.
Тәрбиешінің «Шортан!» деген белгісі бойынша ол тездетіп, табан балықты ұстау үшін шеңберге жүгіреді. Ал табан балық орын алуға, ойнаушылардың біреуінің артынан тұруға және отыруға асығады (табан, балық шортаннан қашып, ұсақ тастарға барып тығылады). Шортан әлі тығылып үлгермеген табан балықтарды ұстайды. Ұсталғандар шеңбердің сыртына кетеді.
Ұсыныс: Ойын 3-4 рет жүргізіледі де, содан кейін ұсталғандардың саны есептеледі Кейін шортанды жаңадан белгілейді. Шеңбер жасап тұрған және шеңбердің ішінде жүрген балалар орындарын ауыстырады да, ойын қайталанады.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата». **Ойын шарты:** педагог қолындағы допты лақтырып көп сөз айтады, допты қағып алған бала сол сөздердің жалпылама , баламасын айтады. Мысалы: әке, ана , аға,тәте – отбасы. Кесе, шәйнек, шанышқы, қасық – ... Қасқыр, түлкі, жолбарыс – ... Қызыл, сары, жасыл, көк –	**жаттап ал**. Еңбекпенен тапқаның – Шекер-балдан татқаның	Көгөністерге, жемістерге, тәттілерге бөлуді ұсынады. Заттар тобын бір сөзбен атайды . Саны бойынша салыстырады: жемістер көп, ал қарбыз біреу. Көгөністер көп, ал қарбыз біреу Ұсақ қол моторикасына арналған сергіту сәті 1.«Қоян» – бала жұдырығын түйеді. Одан кейін сұқ саусағы мен ортаңғы саусағын шошайтады. «Қоян» құлақтарын созып тұр. 2.«Сақина» – бала жұдырығын түйеді. Одан кейін бас бармағы мен сұқ саусағын түзетіп, бір-бірімен түйістіреді. 3.«Саусақтардың амандасуы» – саусақтарын түзу ұстап, алақандарын бір-біріне қарама-қарсы ұстайды	тұрады. Ортада ұстаушы-жүргізуші тұрады. балалар төмендегі сөздерді айтып, шеңбер бойымен жүреді: «Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш – деп санаңдар. Бір, екі, үш – ал тараңдар!» Осыдан кейін зал ішіне тым-тырақай қашады. Ұстаушы балаларды қуып, ұстауға тырысады	Вагондардың әрқайсысында 2 терезе немесе терезелер жұбы бар
Үзіліс					
Дидактикалық ойын: «Даусынан таны» **Шарты**:Балалар көлік түрлерін дауысына қарай ажыратып, аттарын атап карточкаларын орнына апарып салады. **Дыбыстық жаттығу** Дан-дан-дан-манадан, Дан-дан-дан-шанадан, Ем-ем-ем– мінгізем. Ем-ем-ем – жүргізем.			**Ойын: «Қандай белгі екенін тап?»** **Міндеті** Жол белгілерін ажырата білуге, балалардың жолда жүру ережелері жайында білімдерін бекіту; күнделікті өмірде алған білімін өз бетінше қолдана алуға тәрбиелеу. **Қолданатын көрнекіліктер:** Сақтандыру, тыйым салу, көрсеткіш және қызмет көрсету: жол белгілері желімденген текшелер. **Ойын шарты:** ***1-ші нұсқа***. Жетекші текшелер жатқан үстелге кезекпен шақырады. Бала текшені алып, белгіні атап, сондай сияқты белгілері бар балаларға барады. ***2-ші нұсқа.*** Жүргізуші белгі көрсетеді. Балалар осы белгіні өздерінің текшелерінде табады, көрсетеді және оның не білдіретінін айтады. ***3-нұсқа.*** Ойыншыларға текшелер таратады. Балалар оны мұқият зерттейді. Әрі қарай әр бала өзінің белгісі туралы атын атамай айтып береді, қалғандары оны шешу керек.	
2 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Сауат ашу негіздері	**Сауат ашу негіздері**	**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** «Жуан дауысты дыбыстар»	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** «Кішкентай бағбан» (әңгімелеу)	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Мен ойнағанды жақсы көремін»

	Тақырыбы: « Біз дыбыс пен сөз туралы не білеміз?» **Міндеті:** - Сөздің дыбыстан құралатынын түсіндіру Педагог балаларға ыммен «отырыңдар», «сөйлемеңдер», «тыныштalыңдар», – деп белгі береді. Ыммен – сөйлемей ишарамен түсіндіру – Міне, балалар, көрдіңдер ме, сөзсіз өмір сүру қандай қиын, ал біз бәріміз өз ойымызды сөз арқылы айта аламыз. – Балалар, қазір мен бір сөз айтамын. Мысалы: «сиыр», енді сендер бір сөзден айтыңдар. Ал шатасып кетпес үшін мына стақанға әр сөз айтылған соң бір қарындаштан салып отырайық. Мен «сиыр» сөзін айттым, бір қарындаш салайын. Тағы да кім сөз айтады? Ең соңында қарындаштарды санап, педагог қорытынды жасайды. – Міне, біз қандай көп сөз білеміз, айта берсек әлі де көп. – Сендер байқадыңдар ма, кейбір сөз ұзақ дыбысталса, енді бір сөз қысқа	**Тақырыбы:** «Дауысты дыбыстар » **Міндеті** -А дыбысы қандай сөздерде болатынын суреттер көрсету арқылы түсіндіру,А дыбысын хормен айтқызу -Балалар өткен тақырыпты естеріңе түсіндіріңдерші? – Не жайлы айттық? Педагог: Дыбыс айтылуына қарай әртүрлі болып естіледі. Дидактикалық ойын: «Ненің дыбысы?» Ойын шарты: Педагог үнтаспадан әртүрлі көлік түрлерінің табиғат құбылыстарының, жан-жануар, жәндіктердің дыбыстарын естіртеді. Балалар ненің дыбысы екенін табу керек Дидактикалық ойын: «Сөз айт, тез айт» Ойын шарты: доппен орындалады.	**Міндеті:** дауысы дыбыстар жуан,жіңішке болатынын айтып түсіндіру «Кім көп біледі?» ойынын ойнату. Ойлаған сөздеріңді буынға бөлейік. – Әр буында бір дауысты дыбыс болады. Дауысты дыбыстарды қызыл түспен, ал дауыссыз дыбыстарды көк түспен белгілейміз (балаларға көрсету) Дидактикалық ойын: «Күн мен түнді» ажырат. Ойын шарты: Педагог қай сөзде «Т» дыбыс бар Күндіз аспанда не бар болатынын, түнде аспанда не бар болатынын түсіндіреді. Сурет қималарымен ажыратып көрсетеді	**Міндеті** - Балалардың әңгімеге деген қызығушылығын арттыру. Шығарма кейіпкерлерімен таныстыру Әңгіме ұнады ма? – Әңгіме не туралы? – Авторы кім? – Садық бауда не істеді? – Садықты кім ойнауға шақырды? – Қалел досына не көрсетті? – Садық неге бармады? – Күз мезгілінде не өсті? – Садық Қалелге әкесінің қай сөзін айтты? (Балалармен бірге қайталап оқу). – «Кішкентай бағбан» деп кімді айтамыз? – Садықтың жасаған еңбегін қалай бағалайсың? – Сен Қалелдің орнында болсаң, не істер едің? – Әңгіме қалай аяқталды	**Міндеті** Допты бастан асыра бір-біріне лақтырып, оны екі қолмен қағып алуды үйрету Допты бір-біріне екі қолмен бастарынан асыра лақтыру. Екі тізбекке, сапқа бөлініп тұрады (арақашытығы – 2 метр) **(10 рет).** Допты тура қолға лақтырып беруге тырысады. Лақтыру бағытын бұзбауға тырысады. Допты ширақ лақтырады. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жүгіру» (3 рет).** Шеңберге тұрып, балалардың ішінен санамақ арқылы қуалайтын баланы таңдайды. Белгі бойынша орындықтың үстіне қашып шығады. Бір орыннан екінші орынға қашып жүреді. Сайланған бала оларды ұстауға тырысады

	дыбысталады. Сол себепті сөздер ұзын және қысқа болады. Мына екі сөзді тыңдаңдар: үй және кітапхана. Осы сөздердің қайсысы ұзақ, ал қайсысы қысқа айтылады? – Біз ол сөзді өлшеп көрсетейік: 2 қолдың алақандарын біріктіріңдер. Сөзді дыбыстай бастаған кезде алақандарыңды аша бастайсыңдар. Ал дыбыстап болысымен, сол сәтте тоқтай қалыңдар (Бұл жаттығу 2–3 баламен жекелеп жүргізіледі, 6–8 сөз айтылады).	Балалар бір-біріне доп лақтырып, «А» дыбысынан басталатын сөздерді айтады.			
Үзіліс					
Сюжетті - рөлді ойын: **«Кім үздік жүргінші?»** ***Міндеті:*** Жол жүру ережесі бойынша балалардың білімдерін бекіту. (бағдаршамның берген белгісі, жүргінші жол) белсенділігін, назарын тәрбиелеу. **Көрнекіліктер:**1,2,3,4,5,6 сандармен текшелер және 2 фишка. Ойын алаңы. **Ойын барысы:** Бірінші жүргінші №1 үйден, екінші №2 үйден шығады. Текшелерді өздерінің сандары шыққанша лақтыра береді, және қайтадан лақтырады. Сонымен бір түрлі-түсті суреттерге мұқият қарау керек. Бірінші суретте бағдаршамның қызыл шамы жанып тұр. Демек, жүргінші бағдаршамнан тұрған дөңгелекке секіре алмайды. Ол орнында тұра береді. Екінші суретте көлік. Жолды кесіп өтуге болмайды,	***Саусақ ойындары*** **Ойын:« Қозылар»** ***Міндеті:*** саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау. **Тіл дамыту жаттығуы** Мына қозы күні бойы құйрығын бұлғандатты, Ал мына қозы арқасын қоршауға сүйкеді, Мә-мә-мә-мә-мә-мә-мә, Қозыларды мен жақсы көрем, Мына қозы аяқтарымен жерді қопарды, Қопарды да өзі сурет салды, Мә -мә -мә -мә -мә -мә -мә, Қозыларды мен жақсы көрем, Мына қозы ортаға тұрам деп, Бүкіл ағаларын итеріп тастады.	***Саусақ ойыны:*** **« Құрттар»** ***Міндеті:*** Ұсақ мотрикаңың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. **Тіл дамыту жаттығуы** 1,2,3,4,5 Құрттар серуенге жүрді, Бір уақытта қарға алдарынан шықты, Басын шайқап иіле , -Менің түскі асым- деп, Енді қараса құрттар жоқ.	**Психологиялық ойын:** **Ойын:« Сәлемдесу»** жаттығуы. ***Міндеті:*** Бір-бірімен кездескенде амандасу мәдениетіне тәрбиелеу, жылдамдыққа баулу. ***Ойын шарты:*** Қазір біз сендермен ойын ойнаймыз, қимылды тез жасауларың керек. «Бастаймыз» деген белгі берілгенде, мен қалай амандасу керек екенін айтамын, сонда сендер бір-бірлеріңмен тез-тез амандасасыңдар. Әр адаммен әртүрлі амандасасыңдар. Сонымен, көзбен… қолмен… иықпен… құлақпен… тіземен… иекпен… өкшемен… арқамен. 	**Аз қимылды ойын:** **Ойын: «Кеме»** **Міндеті:** Адамдардың әр түрлі мамандықтары туралы балалардың білімдерін жетілдіру, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. **Қажетті атрибуттар:** ағаштан жасалынған кеменің макеті, руль, капитанның қалпағы, балықтар. **Ойын шарты:** Балалар өз қалаулары бойынша капитан мен кеме жүргізушіні тағайындайды, содан кейін әрқайсысы өз орындарына отырады. Капитан өзінің жүргізушісіне оңға бұр, солға бұр, тура жүр,- деп басқарып отырады. Кememен серуенге шыққанда теңізшілердің еңбегі,

орнында тұру керек. Үшінші суретте бағдаршамның жасыл шамы жанып тұр. Текшені текшенің санына байланысты дөнгелектерге жылжытуға болады. Төртінші суретте мотоциклшы. Оны тоқтап, өткізу керек. Алтыншы суретте бағдаршамның сары шамы жанып тұр. Жүргінші сол суреттің бойында тоқтай алады. Жетінші суретте реттеуші онымен қауіпсіз, бірден әженің үйіне баруға болады. Кім жол ережесін бұзбай әжесіне келсе сол жеңіске жетеді. 				балықтардың түрлері жайында мағлұмат беріледі. Саяхат көңілді болу үшін ән айтады. Бұл ойын балаларды ұйымдасқан түрде ойнай білуге баулиды.  	
3 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Қазақ тілі **Тақырыбы**: «Біз мектепте не істейміз?» **Міндеті:** -мектепке неүшін баратынын әңгімелеп айтып беру **Сөздік ойын: «Жалғасын тап».** Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды. Мектеп ... (әдемі, жарық, таза). Таңертең жаттығу ... (жасаймыз). Музыка залында ... (ән айтамыз, би	**Қазақ тілі** **Тақырыбы**: «Мектеп қызметкерлер» **Міндеті** - мамандық иелерін құрметтеуге баулу **Дидактикалық ойын: «Тында, көрсет, қайтала».** Балаларға мектеп қызметкерлерінің суретін көрсету. – Бұл кім? – Бұл – тәрбиеші. – Аты кім? - Айман Төлеутайқызы. \ – Дұрыс Осылайша мектепте жұмыс істейтін музыка жетекшісі, жаттықтырушы	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Керуен» **Міндеті** -«Өкшемен отырып» бастапқы қалпымен көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру дағдыларын, асық ойнау шеберліктерін арттыру **«Секір-секір» (татар халқының ойыны)** (4 рет) Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру. Шеңберді айналдыра құрсауларды тастайды. Балалар осы құрсау ішінде тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Жүргізуші: «Секір-секір!» дегенде, ойыншылар секіріп, орындарын ауыстырады. Осы кезде жүргізуші бір аяғымен секіріп, бос орынға тұрып алуға тырысады. Орынсыз қалған бала жүргізуші болады.	**Математика негіздері** Тақырыбы: «1және 2 сандары» **Міндеті:**- заттарды санай алуға;сандардың айтылу реттілігін үйрету. Заттардың қасиетін,белгісін айқындау және оларды топтастыруды үйрету Екі-екіден көрсетілген заттарды іздейік. Сендерде неше қол, аяқ, көз және құлақ бар? «Екі» сөзінің «жұп» дегенді білдіретінімен таныстырады. Қолғаптар жұбы, шұлықтар жұбы. Бір-бірден көрсетілген заттарды атаңдар Не туралы бір деп айтуға болады? Не туралы екі (немесе жұп) деп айтуға болады? **Д/ ойын «Жұбын тап»**	**Қоршаған ортамен танысу** Тақырыбы: «Нан қайдан келеді?» **Міндеті** - Балалардың нанның дастарқанға келу жолы туралы түсініктерін жетілдіру. Нанға, оны өсіріп, пісіретін адамдардың еңбегіне құрметпен қарауға үйрету **«Тұқым» ойыны**: педагог музыка қосады, балаларға өздерін жерге себілген кішкентай тұқым ретінде сезінуді ұсынады. Кішкентай тұқым қараңғы, ызғар, жұмсақ жерде жатыр. Күн бойын жылытқандай болды, жаңбыр жауды. Содан соң тұқым ісініп, жарылды. Ішінен құлақтанып кішкентай өскін шықты (балалар қолдарын жоғары көтереді). Сабақ жерді жарып шығып,

	билейміз). Серуенге шығып ... (ойнаймыз, демаламыз).	және аспаздың аты-жөндері айтады.	Бірде-бір рет жүргізуші болмаған бала жеңімпаз саналады. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орамалды шығар»** (Дағыстан халқының ойыны) Ойыншылар екі топқа бөлініп, бір-бірлеріне қарама-қарсы тұрады. Араларына сызық сызылады. Әр баланың артында – белдіктерінде орамал тығулы тұрады. Балалар алдыға жылжиды. Жүргізуші: «От!» дегенде, бірінші топтың балалары қашады, екінші топтың балалары оларды қуып, орамалдарын шығарып алуға тырысады. Келесі жолы екінші топ балалары оларды қуады.		күнге қарай талпынып өсе бастады(балалар орындарынан тұрады). Жел ары-бері шайқады. Сонда да өсе берді. Біраз уақыт өтіп, ол сабаққа айналды. Қара бидай тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Қара бидай сабағы). Бидай тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Бидай сабағы) Сұлы тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Сұлы.) Сабақтың өсіп, дамуына не қажет? (Күн, жаңбыр және адам қолдары.) **«Тағы кім?» ойынан ойнауға шақырады.**Тізбекті әрі қарай жалғастырады: наубайшы нан пісіреді, тағы кім пісіреді? (Ана, әже, әпке).
Үзіліс					
Сюжетті-рөлді ойын:« Теңізшілер. Балықшылар. Теңіз астындағы қайық» **Міндеті:** Балаларда ойын барысында бірнеше әрекеттерді логикалық бірізділікте байланыстыру, ойын жағдайына кіру, өзіне рөл алып, ойын аяғына дейін рөлге сәйкес әрекет ету біліктерін қалыптастыру. Балалардың позитивті және топта игілік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. **Жағдаят:** Кеме, теңіз астындағы қайықтың құрылысы. Жүзуге дайындық, маршрутты таңдау, жүзу, рөлдік әрекеттерді орындау, кемені жөндеу, сүңгіуірлердің жұмысы. Байрақты көтеру. Портқа қайту. Майшабақ табу,	***Қимылды ойын:* «Машинамен саяхат»** **Міндеті:** Далада жүру ережелері және жол белгілері бойынша балалардың білімдерін бекіту. **Көрнекіліктер:** О йын алаңы, фишкалар. **Ойын барысы:** Балалар ойын алаңында ойнауда бастап кетті. Жол белгілерінің қасында өтіп бара жатып, тоқтап, әр белгі туралы айтып береді. Кім теңізге бірінші	**Сюжетті-рөлді ойын:** **« Ұшқыштар»** **Міндеті** Ойында қоршаған ақиқат өмірдің оқиғаларын көрсету біліктерін қалыптастыру. Балалар арасында бірлесіп ойнау дағдыларын, рөлдерді бөлу туралы келісу біліктерін тәрбиелеу. Сюжетті-рөлдік ойынды жаңа мазмұнмен, жаңа эпизодтармен байыту арқылы жалғастыруға үйрету. Сөздік қорын дамыту, сөз сөйлеу қабілетін байыту. **Жағдаят:** Ұшар алдында ұшақты тексеру. Ұшақ ұшуда.Санитарлы ұшақ боранда ұшуда. Мұздақтағы балықтарды құтқару.Ұшақ далада жұмыс істеуде. **Тәрбиешінің іс-әректі:** Диспетчер рөліндегі жерден бақылауды жүргізеді. Ұшақ жағдайларына байланысты бағыт беріп, SOS-дабылы арқылы аэродромдағы жұмысшылардың іс- әрекетін басшылыққа алады. **Балалардың іс-әрекетті:** Техник ұшақтың моторынтексереді, ұшақтың ұшуға дайындығы жөнінде хабарлайды.	***Қимылды ойын:*** **«Автобус жүргізуші»** **Ойын мақсаты:** Балаларды жүргізуші мамандығымен таныстырып, оның пайдасы мен қажеттілігін айқындау, еңбекті сүюге баулу, қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. **Қажетті атрибуттар:** руль, абонементтер, орындықтар, микрофон. **Ойын шарты:** Бір баланы автобус жүргізуші, екіншісін тексеруші етіп тағайындайды. Қалған балалар жүргіншілер. Егер ойын бөлмеде өткізілсе, орындықтар екі қатар етіп қойылады. Борменен еденге алдыңғы, артқы есік белгісін, яғни екі параллель сызығын сызады. Аялдамада тосып	**Релаксациялық жаттығу:«Теңізге саяхат»** Бұл медитативтілік техника денедегі қысымды түсіруге бағытталған, музыкамен орындалады. **Жүргізуші:**Жайланып отырыңыз, көзіңізді жұмыңыз. Терең демалыңыз, денеңізді бос ұстаңыз, денеңізді ауырлап бара жатқандай және оны теңіз толқынының лебі ұрып жатқандай сезініңіз. Өзіңізді жартастың үстінде тұрмын деп есептеңіз және алысқа көз жіберіңіз. Сіздің алдыңызда көгілдір теңіз, ашық аспан және күн. Теңіз барқалыпты дем алып, асау толқандары жағаға соғылып, қайтадан кейін қайтуда. Теңіз толқындарының шуын

аулау, керме ау бұзылды, балық кетіп бара жатыр, кеме тесілді. Жаңа зәкір түсіп, суға батады, теңіздегі өрт, көмек келе жатыр. **Ойын шарты:** Кеме жасаушылар кеме құрады, матростар мачтаның үстінде, қараңғыға үңіліп қарайды, алдыға қарайтын матрос көпірдің үстінде тұр, руль басқаратын адам сейнерді жүргізеді, қайықшы керме ауды дұрыс лақтырғандығын қадағалайды. Боцман матростарға команда береді, олардың жұмыс атқарғанын қадағалайды. Сүңгуірлер теңіз түбін қарайды, зәкірді іздейді, краншылар кемеге жүк тиеді. Механик көмірдің өртенгенін хабарлайды. Дәрігер жүзу кезінде ауырып қалған жолаушыларды емдейді. Балықшылар: торды айналдырады, теңізге тастайды, балық ұстайды, түрі мен сорты бойынша жәшіктерге салады. Механик машиналардың жұмысын тексереді, Жолаушылар билеттерді сатып алып, кемеге отырады, қоғамдық көліктегі жүріс-тұрыстың ережелерін сақтайды; Аспазшы жолаушыларға ас дайындайды. 	жетеді, сол жеңімпаз. 	Жүргізуші жанармай, тыңайтқыш, азық-түліктер әкеледі. Экипаж командирі экипаж мүшелерінің іс әрекетін бақылапбасқарады. Штурман навигациялық жағдайды қарайды катамен жұмыс істейді. Радист балықшылар диқаншылармен рация арқылы байланысып ауа райын сұрайды. Ұшқыш ұшақты басқарады, жерге тыңайтқыш сеуіп, балықшыларға тамақ лақтырып, дәрігер әкеледі. Бортжолсерігі жолаушыларды ұшаққа кіргізіп орындарына жайғастырып, белбеулерді іліктіруді, кофе, газет пен журналдар, кітаптар оқуға ұсынып әкеледі. Ұшқыштарға түскі ас дайындайды. Дәрігер науқас жолаушыны қарап, оған көмек көрсетеді. Балықшылар балық аулап, оларды ашық көлге алып кетеді, ұшақты байқап, оларға байрақты көтеріп белгі береді. Жолаушы билет сатып алады, аялдамада шығып, ұшатын кезде ереже тәртібін сақтайды. *Зымыран* *Ғарышкер*	тұрған жүргіншілер артқы есіктен кіріп, біртіндеп қолдарындағы абонементтерін компостерге тесіп орындарына отырады. Жүргізуші рөліндегі бала «ал кеттік» деп, аузымен мотордың дүрілін салып жүргізеді. Біраз жүрген соң, келесі аялдамаларды «дүкен, дәріхана, парк» деп микрофонмен хабарлағанда, әр аялдамада 4-5 баладан түсіп отырады. Тексеруші рөлін алғашқы кезде тәрбиеші өзі атқарады. Балалар автобустан түскенде қолдарындағы абонементтерін жинап алады. Автобустан түскен балалар «дүкен», т.б. орындарға кіріп, оны-мұны сатып алып, тағы да аялдамаға келіп тосады. Ойынды осылайша қайта жалғастыруға болады. 	естіп, толқындарға қызыға қарап, жағалаудағы теңіздің тұзды ауасын жұтып тұрсыз. Өз бойыңыздағы асқан ауыртпалықтан бір сәтке болса да арылғандайсыз. Сіздің рухыңыз жайлылық сезіміне толы. Сіз төменге түсіп, аяғыңызды шештіңіз, жалаң аяқ құмның қызуы мен жұмсақтығын сезіне отырып жүгірудесіз. Міне сіз судың жанына келдіңіз, толқындар сіздің аяғыңызды жуып жатыр, су жып-жылы әрі жұп-жұмсақ. Сіз қолдарыңызды бос тастап, басыңызды шалқайттыңыз. Күн сәулесі мен жеңіл самал жел сіздің бетіңізді өбуде, теңіз толқындарының тамшылары сіздің денеңізді баурап алғандай. Ерніңізде теңіздің тұзды суының кермек дәмі және бақыт күлкісі. Сіз өзіңізді кішкентай бала сияқты сезініп, жүгіргіңіз, секіргіңіз, су шашып ойнағыңыз, күлгіңіз келеді. Өзіңізге осы бірнеше минут ішінде не істегіңіз келсе, соны істеуге рұқсат етіңіз. Сіздің қайтатын уақытыңыз болды. Міне сіз тағы да жардың басында тұрсыз. Сіздің демалыс пен бақыт сыйлаған ғажайып әлемге алғысыңызды айтыңыз. Көздеріңізді асықпай ашыңыз! - Қандай сезімде болдыңыз? - Не сезіндіңіз? Оқушылардың алған әсерлері сұралады.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Шығармашылық бейнелеу әрекеті Тақырыбы: «Тостаған» (Акварель бояу) **Міндеті** - балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіндері туралы білімдерін жетілдіру, тостаған туралы білімдерін бекіту -тостағанды мүсіндеу әдіс-тәсілдерін үйрету -- ұсақ қол қимылдарын дамыта отырып, қию, жапсыру дағдыларын қалыптастыру - қағаздан құрастыруға үйретуде түрлі бағытта: тегістеп бүктеу, шаршы қағазды бүктеубіліктерін қалыптастыру -Балалар, менің қолымдағы ыдысты қалай атайды? Менің қолымдағы тостағанның қандай ерекшелігі бар? Сендердің үйлеріңде осындай тостағандар бар ма? Сурет салу кезінде заттың фонына көңіл бөлу керек, себебі заттағы ою-өрнектің реңкі әртүрлі болуы мүмкін. Бүгін біз тостағанды салып, әшекейлеуді үйренеміз. Қағазға бір түсті акварель бояуымен тостағанның суретін саламыз -Салу тәсілдерін көрсету	**Қоршаған ортамен танысу** Тақырыбы: «Нан қайдан келеді?» **Міндеті:** - Балалардың нанның дастарқанға келу жолы туралы түсініктерін жетілдіру. Нанға, оны өсіріп, пісіретін адамдардың еңбегіне құрметпен қарауға үйрету **«Тұқым» ойыны**: педагог музыка қосады, балаларға өздерін жерге себілген кішкентай тұқым ретінде сезінуді ұсынады. Кішкентай тұқым қараңғы, ызғар, жұмсақ жерде жатыр. Күн бойын жылытқандай болды, жаңбыр жауды. Содан соң тұқым ісініп, жарылды. Ішінен құлақтанып кішкентай өскін шықты (балалар қолдарын жоғары көтереді). Сабақ жерді жарып шығып, күнге қарай талпынып өсе бастады(балалар орындарынан тұрады). Жел ары-бері шайқады. Сонда да өсе берді. Біраз уақыт өтіп, ол сабаққа айналды. Қара бидай тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Қара	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Менің досым» **Міндеті:** - Суретке қарап әңгіме құрауды үйрету, баланың, сөздік қорын байыту. Бала бойындағы досына деген сенімділігін дамыту -Балалар, «Дос» деген сөз жай айтыла салмаған сөз екен. Дос болудың да үлкен жауапкершілігі бар екенін түсінулерің қажет. Досыңа адал болсаң, досың саған да адал болады. **-Досыңа қандай сыйлық бересің суретін сал**	**Музыка** **Тақырыбы:** «Нота үйренейік» **Міндеті:** Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Музыка сипатын анық ырғақты, ширақ жүріспен беру **Музыка тыңдау:** «Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өңдеген Т. Қоңыратбай). **Ән айту**: «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев), «Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Марш» (В. Дешевов) Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені) **Ойындар, хороводтар:** «Сиқырлы ағаш» («Дидактикалық ойындар» жинағынан)	**Музыка** **Тақырыбы**: «Көңілді ырғақтар» **Міндеті:** Музыка сипатын ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру **Музыка тыңдау**: «Вальс» (Қ. Шілдебаев), «Полька» (М. Красев), «Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев) **Ән айту:** «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров) «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Биімді қайтала» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен) **Билер**: «Жұптасу биі» (чех халық әуені) **Ойындар, хороводтар:** «Ән салған кім?» (А. Райымқұлова) **Музыкалық аспапта ойнау:** «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай)

		бидай сабағы). Бидай тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Бидай сабағы) Сұлы тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Сұлы.) Сабақтың өсіп, дамуына не қажет? (Күн, жаңбыр және адам қолдары.) **«Тағы кім?» ойынан ойнауға шақырады.**Тізбекті әрі қарай жалғастырады: наубайшы нан пісіреді, тағы кім пісіреді? (Ана, әже, әпке).			
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру				
	Қоқыстарды жинау	Ағаштарды жинақтау	Сары жапырақтарды жинау	Құстарға жем шашу	Киімдерді жинақтау
		Мақсаты:-балаларды еңбекке баулу,ересектердің еңбегін бағалау			
	«Айгөлек»	«Жарғанат»	«Тез жет»	«Кім заттарды көп жинайды?»	«Құрлар»
	Мақсаты:-балаларды ойын ережесін дұрыс орындауға үйреті, ептілікке ,шапшаңдыққа тәрбиелеу				
Балаларды үйге қайтару	***Ата –аналарға кеңес*** - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.	***Ата –аналарға кеңес*** Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «Ә» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі **3 -апта** 18-22 қыркүйек 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Пж ойын: «Вагондарға дөңгелек таңдау» **Шарты:** суреттердегі вагондарға түсіне қарай дөңгелек таңдайды.	**Еркін ойын:** «Шкафқа жасыру» Шарты: Шкафқа бір бала ойыншық жасырады, қалған балалар табады.	**Пж ойын: «Қайтала»** Шарты: Педагогтың артынан пішіндерді сіріңке шимен қайталайды**.**	**Пж ойын: «Ойыншықты тап»** Шарты: Жасырылған ойыншықты табады.	**Еркін ойын: «Сенде не бар?»** Шарты: Қалаған ойыншықтарымен бір-бірімен бөлісіп ойнайды**.**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үстел үсті, саусақ және т.б.ойындар.	Құрылыс ойындары «Үй жиһаздары», «Қуыршақтарға үй құрастырамыз».	Фотосуреттер қарастыру «Менің отбасым». Фотосуретте бейнеленген отбасы мүшелерін атау.	Саусақ ойыны «Әжемнің ертегілері». Отбасылық фотосуреттерді қарастыру. Туысқандары туралы әңгімелеп беру .	Үстел үсті ойыны – пазл: «Үйшік құрастыр» Балалармен отбасы туралы әңгімелесу.
Гимнастикалық жаттығу	Гимнастикалық жаттығу кешені № 3				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Жануарлардың төлдерін тауып, оларды атап бер»	«Мен қайда және кім болып жұмыс істеймін»	«Менің отбасым» картиналар топтамасынан суреттер қарастыру	Ана мен әжеге көмектесу туралы әңгімелесу	Сөздік ойын «Қимылынкөрсет»
	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Менің сүйікті ойыншығым» **Міндеті:** -«Д» – «Т» дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету; . Ойыншықтардың суретіне қарап, әңгіме құрай білуге үйрету **Дидактикалық ойын: «Жасырынған ойыншықты тап».** **Ойын шарты**: балалар тығылған ойыншықтарды тауып, неден жасалғанын, қайда қолданылатынын түсін айтып береді	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** «Жемістер жыры» **Міндеті:** Қоршаған орта туралы түсінігін қалыптастыру. Тілдік ойлау қабілетін дамыту. Өз ойын айта білуге, басқалардың пікірін тыңдай білуге тәрбиелеу **Дидактикалық ойын: «Дәмін тат». Ойынның шарты**: Ойынға қатысушылардың көзін кезекпен байлап, кесілген дайын жемісті аузына салады. Бала дәмі бойынша қандай жеміс екенін табады	**Математика негіздері** **Таөырыбы:** «3 және 4 сандары» **Міндеті:** цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру **«Артық затты тап» кестесі.** Төрт суреттің әрқайсысынан артық затты тап. Неліктен оның артық екенін түсіндіріңдер. Топтардың әрқайсысында неше зат қалғанын түсіндір. Топтардың әрқайсысында неше зат бар? Бүгін қандай сандармен танысатынымызды кім айтады? Артық затты тауып, оның неліктен артық екенін түсіндіреді. Қалған заттарды санайды. Олардың үш-үштен екенін анықтайды	**Дене шынықтыру** **Тавқырыбы:** «Ұлттық ойындар» **Міндеті:** Дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды лақтыруға үйрету «Тастар» (орыс халқының ойыны) «Өкшемен отырып» бастапқы қалпы бойынша ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру, жоғары лақтыру. Өкшемен отырып, ұсақ тастарды жоғары лақтырып, оны алақандарымен қағып алады. Ал келесі лақтырғанда алақандарын теріс қойып, тастарды қағып алуға тырысады	**Математика негіздері** **Таөырыбы:** «3 және 4 сандары» **Міндеті:** заттарды санай алуға;сандардың айтылу реттілігін үйрету Мәшинелерді санаймыз. Қуыршақтарды санаймыз. Мәшинелер саны 3 нүктемен белгіленеді. Қуыршақтар саны 4 нүктемен белгіленеді
Үзіліс					
Тұрақты сөз тіркестерінен құралған санамақ **Мақсаты:** Сандарды жаттау, санауды дамыту. Бір ауыз сөз, Екі айтпайтын адам. Үш қайтара сәлем, Төрт түлік мал, Бес уақ намаз, Алты алаш, Жеті қабат жер асты, Сегіз қырлы жігіт, Тоғыз торау жол, Он сақа ой.				**Ойын: «Үкі».** **Мақсаты:** Үкінің немен қоректенетінін және қай уақытта жүретінін үйрету. **Ойынның шарты:** Тәрбиеші үкі болады. Ол ұясында отырады. Басқа балалар құрт-құмырсқа, көбелек, бақа болып секіріп жүреді. Тәрбиеші «түн» дегенде бәрі тоқтап қалады. Үкі аңға шығады, қозғалған ойыншыны көріп ұясына алып кетеді. Тәрбиеші «күн» дегенде барлығы жүгіріп ойнайды. Үкіні ауыстыруға болады. Кімді үкі ұстаған жоқ сол жеңімпаз атанады.		
2 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Сауат ашу негіздері **Тақырыбы:** «Жіңішке дауысты дыбыстар»	**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** «Жуан,жіңішке	**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** «Дауыссыз дыбыстар» **Міндеті:** Дауыссыз дыбыстар туралы түсінік беру	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** «Жемістер жыры»	**Дене шынықтыру** **Тавқырыбы**: «Күзгі орманда» **Міндеті:**: модульдер үстімен (із салынған парақтар, арқан т.б.) тепе-

	Міндеті:: жіңішке дауысты дыбыстармен таныстыру **Дидактикалық ойын: «Сөз айт, тез айт» Ойын шарты:** доппен орындалады. Балалар бір-біріне доп лақтырып, «Ө» дыбысынан басталатын сөздерді айтады. Педагог балаларға саусақ бұлшық еттерін дамыту жаттығуын жасатады. Басбармағым бастап берді, Саусақтарым ән сап берді, Шылдыр шүмек шылдырлады, Кіші бөбек былдырлады.	дауысты дыбыстар» **Міндеті:** Жуан және жіңішке дыбыстардың негізгі ерекшеліктерімен таныстыру **Д/ойын «Суретті дұрыс тап»** **Мақсаты. -** суреттегі заттардың жуан дыбыстан басталатынын табу	**Д\ойын «Сөз ойла ,тез ойла»** **Мақсаты**:-дауыссыз дыбыстары бар сөздерді атау	**Міндеті:** жеміс түрлерімен таныстыру ,жемістер пайдалы екенін айту, көңіл күймен мазмұндауға үйрету **Жемістер жыры** Рза Құнақов Нарттай қызыл алмам бар, Мәз болады алғандар. Жазда әдемі киінем, Тілді балдай үйірем. Көктемде ерте гүлдеймін, Кешігуді білмеймін. Уылжыған өрікпін, Мен бау-баққа көрікпін Өлең ұнады ма? – Өлең не туралы? – Авторы кім? Жемістер қайда өседі? – Алманың, өріктің дәмі қандай? – Қандай жеміс ұнайды? – Сен қай жеміс түрінің дәмін таттың? – Неліктен жемістерді жақсы көресің? – Осы жемістерден мол өнім алу үшін тынбай еңбектену керек	теңдік сақтап қалай жүру керектігін, күзгі табиғаттың кереметтігін түсіндіру Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қасқыр мен лақтар» (4 рет). Шарты: қарама-қарсы жаққа тек белгіден кейін жүгіру қажет. Залдың бір шетінде сап түзеп тұрады. «Қасқыр» зал ортасында орналасады. *«Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке-ақ.* *Кетесің кейде секеңдеп, Байламаса көкем кеп».*
Үзіліс					
Ойын– жаттығу: «Жәндіктердің қимылын жасайық» 				**Құрылымдалған ойын:** **Тақырыбы: «Жәндікте неше аяқ бар»** **Мақсаты:** Балалардың көру кабілеті арқылы байқампаздығы дамиды. **Шарты:**Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттер таратып береді.Бұл суреттерде әр түрлі жәндіктер.Балалардың міндеті осы жәндіктердің неше аяғы бар екенін анықтайды. **Күтілетін нәтиже:** Балалар жәндіктердің аяқтарын санайды. (4К. Сыни ойлау)	
3 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Қазақ тілі **Тақырыбы:** «Менің ойыншықтарым»	**Қазақ тілі** **Тақырыбы:** «Менің сүйікті	**Дене шынықтыру** **Тавқырыбы:** «Қалай спортшы болуға болады?»	**Математика негіздері** **Таөырыбы:** «5, 6 сандары»	**Қоршаған орта** Тақырыбы: « Ағаш және бұта»

	Міндеті: Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен жаттауға үйрету **Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын». «Қуыршақтар»** қоржыннан ойыншықтарды алып, балаларды «Ойыншықтар дүкені» ойынын ойнауға шақырады. Дүкенші – қуыршақ Сәуле, сатып алушылар – балалар. Диалог: Бала: Сәлеметсіз бе! Қуыршақ: Сәлеметсіз бе! Бала: Маған ойыншық беріңізші? Қуыршақ: Қандай ойыншық? Бала: Ойыншық мәшине. Қуыршақ: Міне, ал. Бала: Рақмет. Қыз: Сәлеметсіз бе! Қуыршақ: Сәлеметсіз бе! Қыз: Маған қуыршақ беріңізші? Қуыршақ: Міне, ал. Бала: Рақмет. т.б. Балалар білетін ойыншықтарын алады, педагог қалған ойыншықтарды атайды, сипаттайды: жұмсақ ойыншықтар, темір ойыншықтар, пластмасса ойыншықтар, резеңке ойыншықтар болады	ойыншығым» **Міндеті:** Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту.Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу Ойын «Кім жылдам?» . Педагог екі балаға тапсырма береді, олар жылдам сол тапсырманы орындаулары керек. Мысалы резеңке, кішкентай аю ойыншығын әкел. Үлкен, жұмсақ қоян ойыншығын әкел. Сәуле балаларға сұрақ қояды: Ойыншықтармен қалай ойнау керек? Балалар өз ойларын айтады. Педагог шағын мәтін құрайды. Біздің топта ойыншықтарымыз көп. Ойыншықтар ойын бұрышында тұрады. Ойыншықтарды жинау керек. Тап-таза ұстау керек. Оларды жуу керек. Ойыншықтарды сындырмай, лақтырмай ойнау керек	**Міндеті:** алақан мен тізеге таянып, гимнастикалық орындық үстінде еңбектеу, сапты бұзбай және бағыттарын сақтап, қайта сап түзеп жүру машықтарын арттыру Зейіндерін жаттықтыру. (5 рет) Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім зейінді?» Ойынның шартын түсіндіреді. Капитанның артынан төрт тізбекке тұру. Спорт түрлеріне байланысты төрт командаға бөлінеді (балалардың қалауы бойынша). Капитандардың қолдарында доп болады (төрт капитан – төрт түсті доп). Балалар зал бойынша жүгіріп жүріп, белгі берілгенде тізбекке келіп тұрады. Сонан соң көздерін жұмады, осы кезде капитандар орындарын стырады. Белгі бойынша өз капитандарын жылдам табулары және капитанның артына бір тізбекке тұрулары тиіс немесе малдас құрып отырады, өкшемен отырады	**Міндеті:** - 5,6 сандарын заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды санау дағдысын жетілдіру Неше моншақ бейнеленгенін санаймыз балалар үстелдерде 5 моншақтан дөңгелектер құрастырады. Оларға тағы біреуін қосуды ұсынады. Енді неше моншақ болғанын қайта санаймыз (алты). тапсырма. 6 моншақты бастырып сызыңдар және оларды бояңдар.	**Міндеті:** Ағаштың, бұталардың атауларымен таныстыру және олардың түрлерін бір-бірінен өзіне тән ерекшеліктеріне қарай (жапырағы, жемісі, діңі) айыра білуге үйрету. **«Мен қандай пайда әкелемін?» атты дидактикалық ойын ұйымдастырады.** Педагог балаларға түрлі нысандардың суреті салынған карточкаларды көрсетеді. Дұрыс жауап берген балаға фишка (текше) береді. Нысанның әкелетін пайдасы туралы көбірек айтып беруге тырысады. П: Ағаштардың қандай пайдасы бар? Б: Ыстықта сая болады, ауаны салқындатады. Жапырақтары мен жәндіктер қоректенеді. Құстар үшін де пайдалы. Оның бұтақтарына құстар ұясалады. **Күрделі сұрақ: ағашқа қарап жел соғып тұрғанын білуге бола ма?** Балалар өз болжамдарын айтады. Егер бұтақтар шайқалып тұрса, жел соғып тұр деген сөз. Желдің қуатын анықтайды
Үзіліс					
Ойын: «Алыптар мен ергежейлілер» **Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. **Ойынның**			**Ойын: « Көбелектер бақалар»** **Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жәндіктерге қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу.		

шарты: Арнайы сызықпен қоршаған ойын алаңында балалар жүгіріп ойнап жүреді. “Алыптар” мен “құғыншымын” қолын жоғары көтереді де өзіне ең жақын жүрген ойыншыны қуа жөнеледі, “ергежейлілер” жүгіреді. **Ұсыныс:** Егер қуып жетсе, екеуі орын ауыстырып, жаңа құғыншы, ойынды әрі қарай жалғастырады. 			**Ойын барысы:** Батпақтың шекарасы төртбұрышты етіп белгіленеді. Мұнда бақалар өмір сүреді. Гүлдерге көбелектер ұшып келіп қонады. Ұлдар бақа сияқты секіреді, қыздар көбелектер сияқты ұшады. **Ұсыныс:** ойында көбелектер, бақалар болып балалар ойынаушылар қатысады, тәрбиеші де қатысады 		
4 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Шығармашылық бейнелеу әрекеті (сурет салу,мүсіндеу,жапсыру, құрастыру) Тақырыбы: «Торсық» (Түрлі түсті қарындаштар) **Міндеті:** балалардың торсық жайлы білімдерін арттыру, торсықты дұрыс сала білуді үйрету -- ыдыстар туралы түсініктерін кеңейту -саусақ қимылдарын дамыту, қағазды қатпарлап, бүктеп қию әдістерін жалғастыру; ою атауларын еске түсіру - қағаздан құрастыруға үйретуде түрлі бағытта: тегістеп бүктеу, шаршы қағазды бүктеубіліктерін қалыптастыру **Топтық жұмыстар жүргізу**	**Қоршаған орта** Тақырыбы: «Менің Отаным – Қазақстан» **Міндеті:** -«Отан» деген сөздің мағынасын түсіну, еліміздің өркендеуіндегі президенттің рөлі туралы білу.Өзінің Отаны туралы әңгімелеп айта алу дағдыларын арттыру Ел тынысын тереңінен танып кең, Шарапаты бар адамға дарып тең. Елбасының есімі бұл тарихта Қалар анық өшпес алтын әріппен. -Өлең сөздерін қалай түсінесіңдер?	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Менің сүйікті ойыншығым» **Міндеті::** Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту.Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу **Сылдырмақпен би** Қолымызда сылдырмақ Сылдыр, сылдыр етеді. Аяғымыз тыпырлап, Өзі билеп кетеді.Тып, тып, тып, тып. Тыпылдатып биге шық. Қолымызда сылдырмақ, Сыңғырлата қағамыз. Сол аяқ пен оң аяқ Басуын тез табамыз. Тып, тып, тып, тып	**Музыка** **Тақырыбы:** «Көңілді ырғақтар» **Міндеті:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау Музыка тыңдау: «Вальс» (Қ. Шілдебаев), «Полька» (М. Красев), «Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев) Ән айту: «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров) «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Биімді қайтала» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен) Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: «Ән салған кім?» (А. Райымқұлова)	**Музыка** **Тақырыбы:** «Біздің аспаптар» **Міндеті:** Ұлттық домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру Ән айту: «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (В. Дешевов) **Билер:** «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш», «Жұптасу биі» (чех х. әуені) Музыкалық аспапта ойнау: «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай)
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				

Еңбек	Топты жинастыру	Еден жуушыға көмектесу	Гүлдерге су құю	Ойыншықтарды жинау	Гүлдің түбін қопсыту
	Мақсаты:-балаларды еңбекке баулу,ересектердің еңбегін бағалау				
Жеке жұмыс	Серғали Айауруға үнді дыбысты (Р) дұрыс дыбыстауды қалыптастыруға жұмыс жасау.	Гаухарға қатаң дыбысты (Қ) дұрыс дыбыстауды қалыптастыруға жұмыс жасау.	Айдарбекқызы Аялаға 5-ке дейін кері қарай санауды бекіту. Геометриялық пішіндерді дұрыс атап, ажырата білуге үйрету	Нұрлыханға «Ойыншықтар» өлеңін тыңдап, «ойыншықтар» сөзін дұрыс айтуға , «ойыншықтар» туралы әңгіме құрастыруға үйрету.	Ибрагим жыл мезгілі туралы білімін жетілдіру
Балаларды үйге қайтару	***Ата –аналарға кеңес*** - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.	***Ата –аналарға кеңес*** Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «Ә» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі **4 -апта** 25-29 қыркүйек 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Пж ойын: «Вагондарға дөңгелек таңдау» **Шарты:** суреттердегі вагондарға түсіне қарай дөңгелек таңдайды.	**Еркін ойын:** «Шкафқа жасыру» Шарты: Шкафқа бір бала ойыншық жасырады, қалған балалар табады.	**Пж ойын: «Қайтала»** Шарты: Педагогтың артынан пішіндерді сіріңке шимен қайталайды.	**Пж ойын: «Ойыншықты тап»** Шарты: Жасырылған ойыншықты табады.	**Еркін ойын: «Сенде не бар?»** Шарты: Қалаған ойыншықтарымен бір-бірімен бөлісіп ойнайды.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үстел үсті, саусақ және т.б.ойындар.	Құрылыс ойындары	«Мен спортшымын ».Фотосуретте бейнеленген Суреттерді атау	Әңгімелесу. Спортп не үшін керек? әңгімелеп беру	Сурет салу. «Футболшы»
Гимнастикалық жаттығу	Жаттығу кешені № 4				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Пікір алмасу сұрақтары: Мектепте оқитын аға, әпкелерің бар ма?	Пікір алмасу сұрақтары: Өзіңнің мектебіңнің ауласында қандай өсімдіктер өседі? .	Қарға қалай дыбыстайды? Балалар қарғаның дыбысын келтіреді. Балалар қарға құсы туралы әңгімелеседі.	Пікір алмасу сұрақтары. Суреттегі оқу құралдарын ата! Қай заттар сөмкеге салынбай қалды?	Мектеп сендерге ұнай ма?Мектептен не үйрендіңдер?
1 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
Білім беру ұйымының кестесі	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Күз бояуы» **Міндеті:** Балалардың күз белгілері	**Көркем әдебиет**	**Математика негіздері** **Тақырыбы:** 7, 8, 9	**Математика негіздері** Тақырыбы: 7, 8, 9	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Менің сүйікті жануарларым» **Міндеті:** музыка әуенімен нұсқауларды аса

бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	жайлы білімдерін кеңейту, күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу **Күз бояуы (жаттау)** Самал қозғап қалғанда, Үзіледі сары алма, Шолып едім ақшаны, Қауын біткен сап-сары. Көрінеді шалғайдан, Бел-белестер сарғайған. Сары жапырақ төгілген Тоғайды да көрдім мен. Таза жездей жинаған, Сары бояу айналам.	**Тақырыбы:** «Шаруа мен аю» (орыс халық ертегісі) **Міндеті:** - диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру - Суретте қай ертегі бейнеленген? Шаруа аюға не айтып тұр? Ойынды білдір. Ертегі арқылы қандай ой түйдің? Ертегі қалай аяқталады? Ертегідегі адам мен аюдың іс-әрекетін салыстыр	сандары» **Міндеті:** 7, 8, 9 сандарын санату, заттарды санау дағдыларын дамыту Балалар суретті қарайды. Шалғында нелер жайылып жүр? Шалғында қандай гүлдер гүлдейді? Енді шалғында жайылып жүрген жылқыларды (қойларды) санаймыз. Аспанда қанша бұлт бар? Қажетті цифрды жапсырыңдар. 4-тапсырма. Сандарды реті бойынша сызып қосу тапсырылады	сандары» **Міндеті:** дұрыс санау мен зейін мен логикалық ойлауды дамыту.Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту Балалар суретті қарайды. Шалғында нелер жайылып жүр? Шалғында қандай гүлдер гүлдейді? Енді шалғында жайылып жүрген жылқыларды (қойларды) санаймыз. Аспанда қанша бұлт бар? Қажетті цифрды жапсырыңдар. 4-тапсырма. Сандарды реті бойынша сызып қосу тапсырылады	дәлдікпен орындау машықтарын, секіру машықтарын арттыру «Қазақстан жануарлары» ойын-жаттығуы – (музыка әуеніне сай әртүрлі жануарлардың жүрісін салады). Тізбекте бір-бірден тұрып, аңдардың жүрісін, жүгірісін салып жүреді, жүгіреді, түрлі тапсырмаларды орындайды. Бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады

Үзіліс Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Жоғарыда–төменде, биік-аласа»

Артикуляциялық жаттығулар:

Балықтар

Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді,
Үп-үлкен ағаш жағада жатты,
Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп
Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді,
Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп,
Ал төртіншісі тоңа бастады,
Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады,
-Жүзіндер мына жерден,
Әйтпесе жұтып қояды!



«Тіс щеткасымен ойын» жаттығу.

Ойын шарты: Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады.

Ойын: «Жоғарыда–төменде, биік-аласа»
Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру
Жасы: 5-6 жас аралығы
Қажетті заттар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.
Ойын барысы: Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Сауат ашу негіздері **Тақырыбы:** «Біз нені үйрендік?» **Міндеті:** дауысты дыбыстар туралы білгенін айту «О» дыбысы бар суреттерді қорша	**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** «Біз нені үйрендік,нені білдік?» **Міндеті:** тапсырмалар орындау арқылы дыбыстар орнын тапқызуға үйрету. Суреттермен жұмыс А дыбысынан басталатын екі жемісті тап ,сызып қос. А дыбысынан басталатын жануарды тап А дыбысынан басталатын екі өсімдікті тап	**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** «Қатаң дауыссыз дыбыстар» **Міндеті:** Тапсырмаларды орындату арқылы зейіндерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту Суреттермен жұмыс қатаң дауыссыз сөздереден басталатын сөдерді атау	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** «Шаруа мен аю» (орыс халық ертегісі) **Міндеті:** - Ертегіні мазмұндауда балалардың кабілеттілігін калыптастыру. Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыстіршілігі арқылы еңбекке баулу **Жұмбақ** Балпаң-балпаң басады, Қыр-жотадан асады. Паналайды үңгірді, Іздемейді тасаны. (Аю) **Ертегіні оқу** – Ертегі қалай аталады? – Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті? – Шаруаға не келді? – Аю шаруаны қалай қорқытты? – Олар қалай келісті? – Шаруа не екті? – Аюға қай жағын берді? – Келесі жылы шаруа не екті? – Аю не нәрсені білмеді	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Дене қабілеттерін дамыту» **Міндеті:** бөрененің үстімен оң-сол жанына қарай қырындап жүріп өтуде тепе-теңдік сақтауға үйрете түсу – дене бітімінің ақауларының алдын алу **Тепе-теңдік сақтау** – беті сүргіленген бөрененің үстімен оң-сол жанына қарай қырындап (сүйем қадам жасап) жүріп өту. (4 рет) Жүрген кезде қолдарын түрлі сәйкес тәсілдермен ұстау ұсынылады. Жерден көтерілген бөрененің үстімен жүріп өтуде динамикалық тепе-теңдік сақтау – денені түзу ұстау, еңкеймей басын жоғары ұстап, алға қарап, аяқты алдымен басын басып, сосын толық табанына басу керектігіне басты назар аудару керек

Үзіліс Жабық және ашық кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар Ойын: «Тығылыспақ»

Саусақтарға арналған гимнастикалық жаттығулар:
Қысқыштармен ойналатын ойын
Ойын шарты: Түрлі-түсті қатты қағаздардан дөңгелектер жасап, сондай түсті қысқыштарды қыстырса, гүлдер пайда болады. Ол баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді.
«Жаңғақтармен ойын »
Ойын шарты: балалардың әрқайсысына жаңғақтар таратылады. Жаңғақты алақанның арасына салып, айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жаттықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды.

Ойын: «Тығылыспақ»
Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту
Жасы: 5-6 жас аралығы
Қажетті заттар:
Ойын барысы: барлық балалар екі топқа бөлініп, топ басшылары тағайындалады. Санамақ арқылы қай топтың жасырынып, қай топтың іздейтіні анықталады. Ойынға «қала», яғни барлық ойыншылар жиналатын жер (ағаш, жар, есік, т.с.с.) таңдалынады. Жасырынатын топты топ басшылары жасырып, өзі қайтадан бұрынғы орнына оралады да, қарсылас топтың қай бағытта қозғалғанын «біз қазір .....(қай жер екенін)» айтып отырады. Ал жасырынған топ болса осы көмекті пайдалана отырып, жасырынған жерде отырады, ыңғайлы сәт туғанда «қаланы» жаулап алады. Егер іздеушілер жасырынушы топтың бір қатысушысын байқап қалса, онда оның аты мен жасырынған жерін дауыстап айтады да, барлығы «қалаға» қарай жүгіреді. «Қалаға» бірінші жеткен топқа ұпай беріледі. Жасырынған топ мүшелері іздеуші топ өздерін таппастан бұрын «қалаға» бірінші жетіп, ұпай ала алады.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Құстар мекен іздеді. Қ. Мырзалиев ***Қимылды ойын: «Қоңыздар»*** ***Еңбек: құмсалғышты жапырақтардан тазарту.***	*дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту* *Алаңдағы еңбек: «Кім көп жапырақ жинады?»*	*Ірі емеспін, ұсақпын,* *Мойнына ешкім тағa алмас (Шық)* *Қозғалмалы ойын: «Мысық пен торғайлар»* *Алаңдағы еңбек: құраған өсімдіктерді жинау.*	***Болжам: аспанда бірнеше күн ақ бұлттар пайда болса- күннің суытқаны.*** ***Жұмбақтар:*** ***Аспаннан домалап, көп моншақ төгілді,*** ***Бусанды бар алып, терледі,*** ***керілді. Бұл не? (Жаңбыр)*** ***Күндер қысқарады, түндер ұзарады*** ***Кім біледі, кім айтады бұл*** ***қай кезде болады? (Күз)*** ***Жұмбақ:*** ***Көлігі жоқ, көшеді,*** ***Өзін кезбе деседі.*** ***(бұлт)*** ***Қозғалмалы ойын: «Орамал тастау».*** ***Алаңдағы еңбек:*** ***Құмсалғышты қоқыстан тазарту. (жапырақ, қағаздарды жинау)***	***Біз өз ауламызды, тұратын жерімізді ластауымыз керек пе?*** ***Үлкендер еңбегін қалай бағалауымыз керек?*** ***Мақсаты: қоқыстарды белгіленген орынға жинауға, үлкендерге көмек көрсете білуге тәрбиелеу; аула тазалаушының құралымен танып, білу.*** ***Қимыл – қозғалыс ойын: «Жапалақ»*** ***Мақсаты: Баланы біраз уақытқа дейін қозғалмай тұруға және мұқият тыңдай білуді үйретеді.*** ***Еңбек алаңында жұмыс істеу: қоқыстарды белгіленге орынға жинау***
Балаларды үйге қайтару	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке үйреніп кетеді	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық болады	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіру

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды О «Ә» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі **3 - апта** 20 - 24қараша 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Демалыс күнін қалай өткізгенін сұрау Сыйластық туралы өз ойларын сұрау Ойын: «Мен қандаймын?» (Бір қыз, бір ұл болып араласып тұрады.Көршісіне « Мен сені сыйлаймын, сенімен достасқым келеді» деп, оның қолын қысады.)	Мейірімділік туралы әңгімелесу. Күлімдеген күн мейірімді! Кіршіксіз ақ қар мейірімді! Таза мөлдір су мейірімді! Бәрімізді көтеріп тұрған жер мейірімді! Аяулы анам мейірімді! Қамқоршы апам мейірімді! Еңбек тапсырмасы:Балықтарға жем беру Ойын: «Мейірімділік жібі» (Балалар бір - бірлеріне жіпті беріп, тілектер айтады. Ақырғы бала жіп орамын мұғалімге беріп, өз тілегін айтады)	« Бізде кім жақсы» ойыны. Шарты: Балалар шеңбер бойымен жүреді, педагог балалардан «Кім жақсы» деп сұрайды. Балалар баланың атын айтып, сипаттайды Еңбек тапсырмасы: Ойыншықтарды жинау	«Өз отбасыңдағы қуанышты кездесулер» туралы айтып беру. Еңбек тапсырмасы: Ойыншықтарды жуу,сөреге жинау Ойын: «Мейірімділік гүлін» құрастыру (Балалар әр түрлі мейірімді сөздер айтып гүл күлтелерін құрастырады)	«Қуаныш сыйлау» Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю,шаңдарын сүрту. Ойын: **«Күншуақ»** Күлімдеген күн мейірімді, Кіршіксіз қар мейірімді. Таза мөлдір су мейірімді, Мәпелеген ата-ана мейірімді.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Жан-жануарларға мейірімді болу туралы пікірлесу, мақал- мәтел жаттау.Суретті кітапшаларды бояу.	« Мейірімді бала туралы әңгімелеп бер»Мақсаты: сөздік қорын дамыту.	«Сыйластық» туралы әңгімелесу.Мақсаты: сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.	« Сөйлемді аяқта» Менің досым.....(сыпайы, қайырымды, ақылды, аққөңіл)Сөздік қорын дамыту, шағын әңгіме құрастыруға үйрету.	Д/О «Достық неден басталады»Шарты: мен сендерге достық туралы сөздер айтамын оған иә немесе жоқ деп шапшаң жауап бересіңдер.
Гимнастикалық жаттығу	Гимнастикалық жаттығу кешені № 6				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Жылы сөздер ойыны» Шарты: балалар шеңбер бойымен тұрады, достарына жылы сөздерін айтады.	Сыпайы болу үшін қандай бала болу керек? Әңгімелесу, өз ойларымен бөлісу	**« Менің досым»ойыны** Шарты: допты лақтырып, қағып алған баладан педагок досының қандай жақсы қылықтары барын сұрау, мақал- мәтел, тақпақ сұрайды.	«Менің айтуым бойынша». Шарты: педагог бір баланы айтып сипаттайды. Соның қай бала екенін балалар айтады.	- Мейірімділікті қалай көрсетуге болады? -Жақсы көретін жан - жануарларың бар ма? Сұрақ-жауап
1 - ұйымдастырылған іс-әрекет					

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сөйлеуді дамыту **Міндеті:** Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ойын барысында бекіту Әжесі қайсысы жақсы көреді" әңгімесін мәнерлеп оқу **Дидактикалық ойын: «Дауысты дыбыстарды ата». Ойын шарты:** Педагог дыбыстарды айтып отырады, балалар дауысты дыбыс кездессе, қолдарын шапалақтайды. Дауыссыз дыбыс кездессе, тыныш отырады	Көркем әдебиет **Міндеті:** Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау ертегі мазмұнын ойнату арқылы театр мәдениетіне баулу -Балалар, бүгін «Ақымақ қасқыр» ертегісімен танысамыз. Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі қалай аталады? – Қасқыр жайылып жүрген нені көрді? – Қой қасқырға не деп жауап берді? Қалай құтылды? – Қасқырға тағы не жолығады? – Ешкі қасқырдан қалай құтылады? – Ертегі қалай аяқталды?	Математика негіздері **Міндеті:** Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру . **Ойын сәті.** Әлия мен Сырым **«Бұл қашан болады?»** деген жұмбақ шешуді ұсынады. – Бұл қашан болады? Күн суық, жаңбыр жиі жауады. Жапырақтар сарғайып, жерге үзіліп түседі. Құстар жылы жақтарға ұшып кетеді. Адамдар жеміс-жидек пен көкөністерді жинап алады. – Бұл қашан болады? Далада аяз болады, қар жауады. Үлпілдек қар жауса, одан аққала соғуға болады. Сусылдақ қар да жауады. Өзен-көлдердің суы мұз болып қатады. Мұз қатты, салқын және тайғанақ – Бұл қашан болады? Күн жылынып, қар ери бастайды, жылғалардан су ағады. Жерде шөп және алғашқы гүлдер шығады, ағаштар бүршік атып, жапырақ жаяды. Жылы жақтардан құстар оралып, ұя салады. – Бұл қашан болады? Күн ыстық болады. Өсімдіктер гүл атады. Адамдар өзен-суларға шомылады. Құстардың ұяларында балапандар пайда болады	Дене шынықтыру **Міндеті:** екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта жүру екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру	Математика негіздері **Міндеті:** Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру Демонстрациялық материалмен жұмыс Педагог қуыршақты жыл мезгіліне сай киіндіруді ұсынады. Тақтадағы баланың суреті бойынша маусымға қарай киім таңдауға көмек көрсету. Қуыршақтың есімін қойып, жыл мезгіліне сай киіндіруге көмектеседі. – Далада күн суық болғанда қалай киіну керек? Ал күн ыстық болғанда ше? Педагог жыл мезгілінің суретін көрсетеді, балалар қуыршаққа киім таңдайды
Үзіліс : Жүгіруге арналған ойындар «Қайда жасырылғанын тап», «Мысықтар мен балалар»					
Тіл дамытуға арналған жаттығулардың мақсаты: Балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету, тілін дамыту **Шалқан:** Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: **«О...о...о!»** деп таң қалды. Кәне, бізде айтып көрейік			**Жүгіруге арналған ойын: «Қайда жасырылғанын тап»** **Мақсаты:** Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету,бірлікке,татулыққа тәрбиелеу **Ойының шарты:** Балалар бөлменің бұрышында тұрады.		

Жыланның ысылы: Жылан қалай дыбыстайды?
Ыы.....Ыс – с – сссс

Тәрбиеші жалаушаны тығатынын айтады. Балалар теріс қарап көзін жұмады,тәрбиеші жалаушаны тығып қояды да «болды» ,деген де балалар жалаушаны іздейді.Тапқан бала жалаушаны тығады.Ойын 2-3 рет қайталанады.

Жүгіруге арналған ойын: «Мысықтар мен балалар»

Мақсаты: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету.Ептілікке,алғырлыққа тәрбиелеу.

Ойынның шарты: Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады.

Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады.Балалар «кис-кис», деп шақырады.Мысықтар жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады.

Ойын 2-3 рет қайталанады

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Сауат ашу негіздері **Міндеті:** үш-төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру **«Жалауша» дидактикалық ойыны** – Балалар, мен сендерге дыбыс айтып, сол дыбысы бар сөздерді айтамын. Егер дыбыс сөз басында болса, қызыл жалаушаны, сөз соңында болса, көк жалаушаны, сөз ортасында болса, екі жалаушаны да желбіретесіңдер. Мысалы: (Е) етік, керік, себет, серке, Берік, ет, ер, елік, текемет, ел, тер, Ерлан, тәрелке, ешкі, күлтеше, жүрек, тірек, бәтеңке, есік т.б. (Ә) әтеш, бәтеңке, бәсіре, бәліш, әтір, әңгелек, әміре, Кәмилә, Кәмшат, әйнек, мәсі т.б. (Ұ) ұршық, ұлу, ұшақ, ұзын, құмыра, ұн, құндыз, құлып, Ұлжан, ұлпа, құс, ұрыс, ұрық, ұмыт, ұқыпты, құм т.б.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру **«Ж дыбысы бар сөз айт» ойын-жаттығуы** Педагог балаларға «ж» дыбысы ортасында келетін сөз ойлап айтуларын сұрайды. Мысалы: Ажар, қоржын, Қожа, Бағжан т.б. «Ж» дыбысы сөз басында келетін сөз ойла: жапалақ, жаз, жадыра, жайлау, жалқы, жалбыз, жан, жоқ, жоғал, жұлдыз, жолақ, жомарт, жұт, жорық, жол, жалпақ, жаным т.б	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** - Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын жетілдіру. дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру **«Дауысты дыбысты сөз қос» дидактикалық ойыны** – Мен сөз айтамын, сендер сол сөзге дауысты дыбыстан басталатын сөз жалғауларын керек, магынасы бойынша ұқсайтын сөз болу керек. Алма ...(үлкен), қой ... (арық), домалық ... (өрік), жасыл ... (жапырақ), тәтті ... (ірімшік), сары ... (өрік), кішкентай ... (ұлу), әдемі ... (әтеш), жылы ... (етік), мықты ... (экскаватор), ұзын ... (уық), жаман ... (ит), пайдалы ...(кітап), мүйізді ... (жануар), ашты ...(алма) т.б.	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру Жағымды мінез-құлық қалыптастыру Дидактикалық ойын: «Жануардың дауысын сал». Қасқырдың дауысын сал – у-у-у-у. Ешкінің дауысын сал – бе-е-е. Қойдың дауысын сал – мә-ә-ә. Педагог ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналауды ұсынады. Сиқырлы қоржыннан алған ертегі кейіпкерлерінің суреті бойынша рөлдерге бөлінеді. Қалған балалар көрермен болады. Сахналау аяқталғанда көрермендерге бастарын иеді. Көрермендер қол шапалақтайды	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен секіру арақашықтығы 70 см заттардың арасымен оң және сол аяқпен кезекпен секіру Арақашықтығы 70 см заттардың арасымен оң және сол аяқпен кезекпен секіруді жетілдіру. (3 рет) **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Еденде тұрып қалма». (4 рет)** Ұстаушы бала таңдалады. Қалған балалар биіктігі 30 см заттардың үстінде тұрады. Балалар секіріп түсіп, зал ішінде жүгіріп жүреді. Педагогтің: «Ұста!» деген бұйрығы бойынша орындарына жүгіреді. Ұстаушы бала секіріп орындарына шыға алмаған балаларды ұстайды. Ұсталған балалар бір шетте отырады

Үзіліс:	**Қимылды ойын:** **« Күн мен түн »** **Мақсаты:** Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. **Ойын мазмұны:** Балалар бірі « Күн», екіншісі « Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір-бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші « Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма-кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді.	**Қимылды ойын:« Көгі-гөк »** **Мақсаты:** Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. **Ойын мазмұны:** Тақпақ айтып, бір қызды « кемпір» етіп сайлайды. Қалғандары қаз болады. « Кемпір» шетке шығып тұрады, басқа ойыншылар қаздай тізіліп, бірінің соңынан бірі ұстап: Гөк, гөк, көги көк, Гөк, гөк, көги гөк. Гөк, гөк, көги гөк,-деп қаздың жүрісіне еліктей ақырын оң мен солға шайқалып, « кемпірдің» қасына келеді. Бірінші келген балаға беріп: « Жоғалтпаңдар!»-деп тапсырады. Балалар айнала жүріп, қайтадан қаздай тізіліп « кемпірге» келеді. « Кемпір» Әлгің қайда? Қалды сайда!-деп сұрайды. Балалар бәрі бірдей. Әлгің қайда?- Қалды сайда!-деп жауап береді. Олай болса сендердің біріңді алып қаламын, деп « кемпір» балаларға бас салады. Балалар тізбегін жазбай қаша жөнелуі керек. Қолға түскен біреуін « кемпір» қасына алып қала береді. Ойын барлық балаларды түгел ұстап болғанша қайта жалғаса береді.	**Қимылды ойын:** **« Аққу-қаздар »** **Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. **Ойын мазмұны:** Алаңның бір шетіне қаздар тұратын үй белгіленеді, қарсы шетіне бақташы тұрады. Үйдің бір жақ бүйірінде қасқыр тұратын үңгір болады. Алаңның қалған жері жайылым болады. Бақташы қаздарды жайылымға қуып шығады, олар жайылып жүреді. **Бақташы:** Қаздар, қаздар, қаңқылдап, Барасыңдар қай жаққа. Қаздар: Айна көлі жалтылдап, Жатқан жасыл аймаққа. Бақташы: Біздің жерге түсе кет, Түсіп сусын іше кет. Қаздар: Сіздің жерге түсеміз Түсіп сусын ішеміз. Бақташы: Болсын онда жол жайлы! Қаздар: Бізге ол жаққа болмайды, Жолды тосып тұр сұр қасқыр. Бақташы: Олай болса, қалаған, Жақтарыңа бар аман. Қаздар қанаттарын жайып, жайылым арқылы үйлеріне ұшады, ал қасқыр үңгіршек жүгіріп шығып, оларды ұстауға тырысады. Ұсталған қаздар қасқырдың үңгіріне қарай жүреді. Бірнеше рет жүгірістен кейін қасқырдың ұстаған қаздарфын санайды. Ойын 3-4 рет қайталанады.	**Қимылды ойын:** **« Шарлармен алмасу »** **Мақсаты:** Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. **Ойын мазмұны:** Балалар орындықтарда дөңгеленіп отырады. Тәрбиеші қатар отырған екі балаға бір-бірден шар береді де ары қарай басқаларға ауыстырады (біреуі оңға, біреуі солға ұсынады). Шарлар бір-бірімен екі жақтан кездескенде балалар « Соқтығысты» деген сөзбен оларды соқтықтырады. Одан кейін балалар орындарынан тұрып, дөңгелекті айналып, қарсы жаққа барады, қалғандары орындықтарынан тұрып: « Жүгірдік, жүгірдік...,» деп дауыстайды. Балалар өз орындықтарына жүгіріп келіп: « Ол шарды басқа балаларға береді де ойын қайталанады. Бұл ойынды даладағы сазды алаңда өткізуге болады, онда балалар көк шөптің үстінде отырады	**Қимылды ойын:** **« Кішкене өзен арқылы »** **Мақсаты:** Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету,бірлікке,татулыққа тәрбиелеу **Ойынның шарты:** Ойынға бір топ (6-8 адамнан) бала тартылады. Алаңда бір-бірінен 1,5-2м қашықтықта екі сызық сызылады. Бұл өзен. Ойнаушылар сызықтың жанында-өзеннің жағасында тұрады. Олар өзеннен анық сызылған дөңгелектер арқылы аяғын суламай, тастан-тасқа секіріп өтуі керек. Дөңгелектердің арасының қашықтығы балалардың оларға бірінен-біріне секіре алатындай болуы керек. Өзеннен қатарынан 2-3 бала өтеді, ал қалғандары тәрбиешімен бірге оларды бақылап тұрады. Секіре алмай, аяғын сулап алғандары оны күнге кептіруге кетеді-орындыққа отырады. Кейін олар ойынға қайтып араласады, тәрбиеші оларды қалай болса да мақтап, жағаның екінші жағына өтуге көмектеседі.
3 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Қазақ тілі **Міндеті:** Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу -тақпақ, мақал-мәтел жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету **Тақпақ жаттау**. Педагог отбасы мүшелерін қайталап, тақпақты бірге қимылмен жасап, жаттауды ұсынады. Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық екеуміз, Басбармақ – әкем, Балаң үйрек – анам, Ортан терек – ағам,	**Қазақ тілі** **Міндеті:** қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. . **Балаларға «Ғажайып алаң» ойынын ойнауға шақыру** Балалар барабанды айналдыра отырып, ұпай жинайды, сұрақтарға жауап береді, тапсырмаларды орындайды. Бірінші тапсырма: Санамақты еске түсіру, отбасы мүшелерін атау.	**Дене шынықтыру** **Міндеті**: бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру Бір құрсаудан екінші құрсауға бір және екі аяқпен секірулерін жетілдіру **«Классиктер»:** бір құрсаудан екінші құрсауға бір және екі аяқпен секірулерін жетілдіру. Нұсқау: аяқтарының ұшымен жұлқи серпілу; жерді табанымен толық баспайды. (3 рет)	**Математика негіздері** **Міндеті:** Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру **«Жыл бойы»** Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды: – Ақпан жыл ішінде нешінші ай?	**Қоршаған орта** **Міндеті:** Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек туралы жалпы түсініктерін бекіту арқылы балалардың сөздік қорын байыту. **Ойын сәті**. Педагог беті жабық себет алып шығады. – Менің қолымдағы себетте өте дәмді, біздің дастарқанымыздан күнде көретін, балаларға өте пайдалы тағам. Ол қандай тағам? (Себет

	Шылдыр шүмек – мен, Кішкентай бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. **Мақал-мәтілдерді жаттап ал.** Отан отбасынан басталады. Баланың бас ұстазы – ата-ана.	Атам, әжем, Әкем, шешем. Әпкем, сіңілім, Ағам, інім және мен. Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық екеуміз		– Жылдың соңғы айы қандай? – Қазаннан кейінгі қандай ай? – Жаз айларын ата және т.б. Ай аттарын есіңде сақта. – Әр жыл мезгілінде неше ай бар?	толған сүт, айран, қатық, ірімшік т.б. өнімдері). Біздің бәріміз дәмді және пайдалы сүтті жақсы көреміз. – Қандай малдың сүтін шайға қосамыз, ішеміз? (Сиырдың). – Сиырды сауатын адамдар қалай аталады? (Сауыншылар). – Сауыншылар сиырды сауады. Сауылған сүт ыдыстарға құйылады. Сүтті арнайы зауыттарға әкеледі. Сол жерде сүттен май, қаймақ, айран, сүзбе дайындалады. Сүтті арнайы құрылғыларда өңдейді, өнімдерді әртүрлі ыдыстарға құяды, сүт өңдейтін аппараттарды, контейнерді маман басқарады. Содан кейін дайын болған сүт өнімдерін дүкендерге жеткізіледі (демонстрациялық материалдардағы суреттер).

Үзіліс: . Секіруге арналған қозғалмалы ойын: «Сызықтан секіру»

Тіл дамытуға арналған жаттығулардың мақсаты:

Балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету, тілін дамыту

1.Т: Күй сандықты ашайық

Б до- до- до

Т: тілдерін біз бастайық

Б: ре - ре - ре

Т: бас дыбысты бастайық

Б: ми - ми - ми

Г Жайлап әнге салайық

Б: до - до - до

2. Шалқып шығар сонда күй

Б: фа - фа - фа

Т: Бәрі до - дан басталар

Б: до- до -до

Т: До -ны қоштар басқалар

Б: До, ре, ми, фа, соль,ля , си, до

Секіруге арналған ойын: «Сызықтан секіру»

Ойынның мақсаты: Қос аяқтап секіру тәсілдерін үйрету.

Мазмұны: Ойын алаңының бір шетінен түзу сызық сызылады. Сыныптағы оқушылар санау арқылы төрт командаға бөлініп, олардың біріншілері сол сызықтың үстінде тұрады. Осы сызықтан 4-5 қашықтықта бір-бірінен ара қашықтығы 40-50 см болатындай өзара параллель 8-10 сызық жүргізіледі.

Мұғалімнің белгісі бойынша әр команданың бірінші тұрған ойыншысы бірінші сызыққа дейін жүгіріп келіп , аяқтарын біріктіріп ұстап, паралелль сызықтардан қос аяқтап секіріп өтеді де, қайтып келіп, тізбектің артына барып тұрады.

Мұғалім секіріп өткен балалардың секіру әдістерін бағалап, басқа ойыншыларды көмекке шақырады. Бұдан соң келесі қатардағы төрт ойыншы секіріп өтеді.

Ойын осылай барлық ойыншылар секіріп өткенше жалғасабереді. Ойынның соңында әр қатардағы қос аяқтап жақсы секіретін балалардың аты аталады.

Ойынды бірнеше рет қайталап ойнатуға болады.

Ойынның ережесі

1. Ойыншылардың тез секіргені емес, дұрыс секіргені бағаланады.
2. Секіру кезінде балалар арасындағы ара қашықтықтар сақталуы керек.
3. Оқулықта көрсетілген секіру техникасы орындалуға тиіс.

Әдістемелік нұсқаулар.

Ойынды 1-2 рет өткізгеннен кейін, сыныптағы қос аяқтап секіру техникасын жақсы меңгерген екі-үш баланың секіргенін басқа ойыншыларға көрсетіп , басқа ойыншылардан солар сияқты секіруді талап ету керек.

Ойынның педагогикалық маңызы.

Секіру жаттығулары бала аяқтарының бұлшық еттерінің ,қарын, арқа,бұлшық еттерінің жетілуіне ықпалын тигізеді. Қимыл-қозғалыс әдістерін көбейтіп, қимыл сапаларының үйлесімі артады. Бала өз күшіне сенуге үйренеді.

					
4 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Шығармашылық бейнелеу әрекеті **Міндеті:** - ертегі желісі бойынша сурет салуға үйрету - Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау - Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру - Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару - ертегі желісі бойынша сурет салуға, мүсіндеуге,жапсыруға,құрастыруға үйрету **Топтық жұмыс**	**Қоршаған орта** **Міндеті:** Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау Адам еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу **Ойын «Кім жылдам?»** . Педагог екі балаға тапсырма береді, олар жылдам сол тапсырманы орындаулары керек. Мысалы резеңке, кішкентай аю ойыншығын әкел. Үлкен, жұмсақ қоян ойыншығын әкел. Сәуле балаларға сұрақ қояды: Ойыншықтармен қалай ойнау керек? Балалар өз ойларын айтады	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** - әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу әңгіменің мазмұнын, мақал-мәтелдің мағынасын, алғашқы көмектің қажеттілігін түсіндіру **Мақал-мәтелдерді қайталау.** 1.Анаға бала алтыннан да қымбат. 2.Жаны саудың – тәні сау. 3.Ата – балаға сыншы. 4.Ата – бәйтерек, Бала – жапырақ	**Музыка** **Міндеті:** -Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту **Музыка тыңдау**: «Туған ел» (Л. Хамиди) Ән айту: «Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев) «Астана» (А. Досмағанбет) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жаса, Қазақстан» (үнтаспада) «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) «Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Ноталарды орналастыр» («Дидактикалық ойындар» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай)	**Музыка** **Міндеті:** -домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, таныстыру. Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту **Музыка тыңдау:** «Туған ел» (Л. Хамиди) Ән айту: «Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев) «Астана» (А. Досмағанбет) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жаса, Қазақстан» (үнтаспада) «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) «Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Ноталарды орналастыр» («Дидактикалық ойындар» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай)
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	***Күзгі желді бақылау***	*Гүлзарларды бақылау*	*Күзгі жәндіктерді бақылау*	***Маусымдық өзгерістерді бақылау***	***Жаңбырды бақылау***

	Мақсаты: балаларды табиғат құбылыстары,желдің соғуын,желдің бағытын,жылдамдығын бақылауға ажырата білуге үйрету. ***Тәрбиеші балалармен қай жақтан жел соғып тұрғаның бақылайды.*** ***Күндіз аспанда қалықтап бара жатқан бұлттарды бақылау.*** ***Жапырақтардын желден сыбдырлағаның тыңдау. Қағаздан жасаған таспа(лента), неге сыбдырлайды? (соққан желден қозғалып сылдырлайды) . Жерге түскен жапырақтарды, жоғары қарай лақтырып бақылау.*** ***Балалармен желді күні бұлттардың қозғалысын бақылауға болады .Желдің қатты соғуын анықтау үшін олармен ойын ойнатамыз айналма (вертушка), желбіреуішпен.*** ***Көркем сөз:*** ***- Бұлт-ау көктен төнесің,*** ***Қайдан көшіп келесің,*** ***- Мухит үрлесе, желемін!*** ***Жел үрлесе желемін!*** ***Қимыл – қозғалыс ойын «Ұшақтар».*** ***Мақсаты : әр –түрлі бағытта жүгіріп жүруге үйрету, бір – бірін қағып соқпай жүруге үйрету. Белгі бойынша жүріп тоқтауға жатықтыру.*** ***Алаңдағы еңбек . Екі топқан бөлініп ұшқан жапырақтарды шелек жинау.***	*Мақсаты: Гүлдер туралы білімдерін бекіту, гүлдерді ажырата білуге. Олардың өсетіні, қурайтыны туралы түсінік қалыптастыру .* *Бақылау* *Күн жылы болып, күн сәулесі көп жылуын шашып және су құйылып тұрғанда гулзарларда өсімдіктер жақсы өсіп, гүлдейді. Күзде күн суып, күн қысқарып, жер дымқыл тартып, бірақ жылу аз болып гүлдер солып, олардың орнына ұрықтар пайда болады, ол ұрықтардан көктемде жаңа өсімдік шығады.* *Тақпақ:* *Гүл өсірем үйде* *Су құямын күнде* *Гүл күткенді біледі* *Бойын сылап сүйеді* *Күнде гүлін ашады* *Жұпарын маған шашады* *Ө.Тұрманжанов* *Қимыл – қозғалыс ойын «Мысық пен торғайлар».* *Мақсаты: жүруге, жүгіруге, шапшаңдыққа үйрету,* *Еңбек алаңында жұмыс істеу : Гүл ұрықтарын сіріңке қорапшасына жинау.*	*Мақсаты: күздегі жәндіктедің жүріс-тұрыстарын жүйелі түрде бақылауды қалыптастыру.* *Бақылау: шөп үстінде секіріп жүрген шегіртке қайда кетті? Қаңқыз неге көрінбейді Неге қоңыздар мен көбелектер көрінбейді? (олар тығылып қалды). Кімнен немесе неден тығылып қалды? (оларға суық болды) Олар қайда тығылды? (ағаштардың діңгектер жырығына, үйлердің тесіктеріне) Онда олар не істейді? (ұйықтайды).* *Жәндіктер тығылған жерлерді табу және олар қыстың қатты суығында өліп қалмас үшін не істеуге болады? (ағаштың қабығына, түскен жапырақтарды астынан). Жерден құрғақ жапырақтарды жинап және оны себу.* *Көркем сөз: «Көбелек»* *Көбелек –ау, көбелек!* *Әдемісің керемет* *Гүлге келіп қона гой* *Өзің де гүл бола гой.* *Қозғалмалы ойын: «Иненіктің әні»* *Мақсаты: сөздерді байланыстыра сөйлеуге, ырғақты, қимыл-қозғалыс үйлесімділігін жетілдіру.* *Еңбек алаңында жұмыс істе*	***Мақсаты: маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту. Жазда күн ыстық, ал күзде таңертең күн салқын болып, түсте ыстық болады. Адамдар қысқа дайындалады. Құстар жылы жаққа ұшады.*** ***Тақпақ:*** ***Күзде жауын. Бұлт. Тұман*** ***Сары жапырақ жауады.*** ***Сары құйын ұйтқыған*** ***Сапырады ауаны*** ***Тапталады табанға*** ***Судыр- судыр жапырақ*** ***Өрттей сары бояуға*** ***Малынғандай атырап. М. Әлімбаев*** ***Қозғалмалы ойын: «Ұшақтар».*** ***Мақсаты: Шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.*** ***Алаңдағы еңбек: құстарға жемсалғыш жасау.***	***Мақсаты: Тірі және өлі табиғат арасындағы өзгерістерді бақылауды жалғастыру.*** ***Жазда жаңбыр қатты жауады бірақ қысқа және жылы болады.*** ***Ал күзде жаңбыр жиі жауып, суық боп келеді. Бұл кезде адамдар қолшатырдың астында тығылса, құстар ұяларына, ағаштың жапырағының астына жасырынады.*** ***Жаңбырлы күнді терезеден бақылау. Жаңбырдың терезені тарсылдатқаның тыңдап, тамшылардың терезе келіп түсіп аққаның тамашалау.*** ***Жолдарда кандай шалшық сулар пайда болғаның көру. Бүгін ауа-райы қандай? (Жаңбырлы, күн бұлыңғыр), Жаңбыр жиі жауып, күн суып, сіркіреп, жерде шалшық сулар пайда болды.*** ***Жаңбырлы күнде жерді бақылау: ол қап қара, жабысқақ, сулы.*** ***Адамдардың киімдеріне көңіл бөлейік: (жауын өткізбейтін плащ, резенке етік, қолдарына қол шатыр ұстаған) . Адамдар неге осылай киінген?*** ***Тақпақ*** ***Жаңбыр, жаңбыр, жауа бер!*** ***Сенен бақша, бауөнер*** ***Жадырасын туған жер*** ***Күміс моншақтама бер*** ***Қозғалмалы ойын: «Соқыр теке қоңырауымен»*** ***Мақсаты: балалардың көңіл күйін көтеру.*** ***Алаңдағы еңбек: құстарға жемсалғыш жасау.***
Балаларды үйге қайтару	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы « №37 орта мектебі» КММ

Мектепалды даярлық О «Ә» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 4 **-апта** 27 қараша -1 желтоқсан 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма 01.12.23ж**
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Балаларды қабылдау Қалай демалғандарын сұрау.Тазалықтарын тексеру. Еңбек тапсырмасы:Ойыншықтарды жуу,сөреге жинау	Ойын: «Ғажайып қоржын» атты ойын ойнаймыз. Ойынның шарты бойынша көздеріңді жұмып қоржыннан кез - келген ойыншықты аласыңдар. Алған ойыншықтарыңның атын, неден жасалғанын, түсін, қатты, жұмсақ екенін айтып, жақсы мейірімді тілек білдіресіңдер. Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю,түбін қопсыту	Ойыншықтар күтімі жайлы әңгімелесу,жұмбақтар шешу Еңбек тапсырмасы:балықтардың суын тазалау, жем беру. «Қандай ойыншық жоқ» Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту	«Ойыншықтар бізге ренжімеу үшін не істеуіміз керек?» Ойын. Шарты:Балалар оларды лақтырмаймыз сындырмаймыз, жуамыз. Біздің топта ойыншықтардың өз орны бар. Біз ойнап болғаннан кейін, оларды жинап орнына апарамыз. Олар бізге ренжімейді. Еңбек тапсырмасы: Құыршақтардың киімдерін жуу	Фотасуреттер қарастыру «Менің ойыншықтарым» Фотосуретте бейнеленген ойыншықтарды атап беру Еңбек тапсырмасы: Топты жинастыру,сөрелердің шаңдарын сүрту
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Ойыншықты тап» Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.	"Ойыншықтар дүкенінде" Мақсаты: Дүкенде озін дұрыс ұстай білуге тәрбиелеу.	«Аурухана» Мақсаты: Өздіктерінен рөл дерді бөле білуге үйрету. Қызығушылықтарын арттыру. Бір-біріне деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	Паравоз» Мақсаты: Балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып паравоз сияқты жүруге, өлең жолдарын қайталап айтуға үйрету.	Допты қуып жет Ойын мақсаты: балаларды шыдамды,сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауға,тез жүгіругі,түсетерінің көлемін ажырата білуге баулу.
Гимнастикалық жаттығу	**Гимнастикалық жаттығу кешені № 6**				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Қуыршақ қонаққа дайындалуда» Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.	«Ойыншықтар» деген сөзге сөйлем құрастыру. Ойыншықтар сөзіне дыбыстық талдау жасау.	«Ойыншықтар айтысы»әңгімесін оқу. Сұрақ-жауап	**«Не жоқ?»** ойынын ойнайық. Ойын ұйымдастыру, балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту.	*«Дидактикалық тапсырма» « Кім жылдам» сурет құрастыру./машина, доп, қуыршақты киіндіру/*
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті:** табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау Дыбыстарды дұрыс айтып, қандай дыбыс екенін анықтай білу қабілеттерін дамыту. **«Қысқа дайындық»** әңгімесімен таныс Мақал-мәтел: 1.Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей. 2.Еңбек түбі – береке, Көптің түбі – мереке. 3.Бейнетсіз рақат жоқ	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту өлеңді дауыс ырғағымен, логикалық екпінмен жаттауға дағдыландыру - Бүгін ақын Абдрахман Асылбековтың «Қыс» өлеңімен танысамыз **Қыс** Қандай қызық қыс деген, Бәрін шебер істеген. Бақша-бауды, тауды да Бояған ақ түспенен, Қыс дегенің ақ қана, Үлбіреген мақта ма? Тыным таппай күнұзақ, Тұрғызады аққала	**Математика негіздері** **Міндеті:** заттардың салмағы «жеңіл», «ауыр» туралы ұғым қалыптастыру : заттардың салмағы «жеңіл», «ауыр» туралы ұғым қалыптастыру -Бүгін біз заттарды салмағы (массасы) бойынша салыстырамыз. Ол үшін қандай сөздерді қолданамыз? (Ауыр және жеңіл). **Ойын тапсырмасы: «Ауыр және жеңіл заттарды табу».** Бөлмеден ауыр және жеңіл заттарды табуды сұрайды, сол арқылы балалардың салмақ туралы ұғымдарын анықтайды. Балалар ауыр және жеңіл заттарды табады: үстел, шкаф, орындықтар	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секір алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секір Қимыл-қозғалыс ойыны: «Еденде тұрып қалма». (4 рет) Ұстаушы бала таңдалады. Қалған балалар биіктігі 30 см заттардың үстінде тұрады. Балалар секіріп түсіп, зал ішінде жүгіріп жүреді. Педагогтің: «Ұста!» деген бұйрығы бойынша орындарына жүгіреді. Ұстаушы бала секіріп орындарына шыға алмаған балаларды ұстайды. Ұсталған балалар бір шетте отырады	**Математика негіздері** **Міндеті:** - «жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалану арқылы салыстыруға үйрету; заттарды қолға алып, салмағы бойынша салыстыруға және өлшемі бойынша салмағын анықтауға үйрету «жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалану арқылы салыстыруға үйрету Эксперименттік іс-әрекет Педагог кейбір материалдарды өлшеуге ұсынады. / Балалардың үстелдерінде заттары бар: металл және жеңіл ұлпа, мақта, қауырсындар /Педагог алақанға салуды сұрайды. Сол және оң жақ қолымда не бар? (Сол жақ алақанда мақта, оң жақта металл гайкасы). Не жеңіл? Не ауыр? (мақта жеңіл, ал металл ауыр). Ал енді терең дем алып, алдымен мақтаны үрлеңіз. Не болды? (Мақта ұшып кетті). Енді металл заттарды үрлеңіз. Олармен күресу оңай ма? (Гайкілер қозғалмайды). Неліктен? (Гайка ауыр, ол – металл. Металл мақтаға қарағанда ауыр, ал мақта металдан жеңіл дегенді білдіреді).
Үзіліс : Кеңістіктікті бағдарлау дағдысын қалыптастыру ойындары					

Артикулляциялық тіл жаттығулары **Тілге арналған:** Суретті тіл ұстарту Ша – ша – ша Айшаның шанасы тама (ша) Са – са – са Қасқыр соқты Мұ (са) Ол – ол – ол Ағашта лимон м(ол) Ра – ра – ра Дүкеннен нан алды Са (ра) Із – із – із Тамаққа қосты сәб(із) Жу – жу – жу Ыдысты тазалап (жу) **«Ат шауып келеді»** **«Ат шауып келеді»** – ауызды кең ашып тілді таңдайға жапсыру – айыру немесе таңдай қағу. Аталған жаттығулардан тек әрдыбысқа керекті жаттығулар алынады **«Грибок» «Саңырауқұлақ»** **«Саңырауқұлақ»** -ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.		**Кеңістіктікті бағдарлау дағдысын қалыптастыру ойын: «Мен қайда отырамын...»** **Мақсаты:** кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру **Қажетті заттар:** жұп суреттер, не балалардың жеке заттары **Ойын барысы:** аталмыш ойынды ұйымдастырылған оқу қызметінің алдында балаларды отырғызу үшін де пайдалануға болады. Барлық бала ортаға шығады. Үстел үстінде суреттер топтамасы жатады. Педагог әр балаға қай жерге отыру керектігі жөнінде нұсқау береді. Бала болса қолындағы суретпен салыстыра отырып, нұсқаудың дұрыстығын тексереді. Мысалы, Айгүл, есік алдындағы, терезенің сол жағындағы үстелге келіп, оң жағына отыр. Марат, педагог үстелі мен шкаф ортасында тұрған үстелге келіп, сол жағына отыр, т.с.с.		**Кеңістіктікті бағдарлау дағдысын қалыптастыру ойын: «Кеме»** **Мақсаты:** кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру **Қажетті заттар:** орындықтар, жануарлар суреттері, ойыншық жануарлар. **Ойын барысы:** бөлменің бір жағына 3-4 қатарға үш-үштен бір-бірінен бірдей қашықтықта орындықтар орналастырылады. Орындықтар теңіздегі «аралдар». Ал әр бала кезекпен кезек «кеме» болады. Әр «аралда» түрлі суреттер жасырылған (ойыншық жануар не түрлі жануарлардың суреттері). Кеме болған бала қай жануарға баратынын айтады. Педагог болса ол жануардың қай аралда жасырынып тұрғаны жөнінде бағдар береді. Бала болса педагог бағдарлаған «аралды» тауып, педагогтың жауабының дұрыстығына көз жеткізуі керек. **1 нұсқа:** педагог тапсырманы ретімен береді. Берілген нұсқау барысында баланың тұрған нүктесі ескеріледі. Мысалы: алдағы екі аралдан жүріп өт, енді солға бұрылып, тағы бір аралдан өт, оңға бұрылып тағы бір аралдан өт те, атаған жануарыңды ізде. **2 нұсқа:** педагог қажет «аралдың» орынын өзге аралдармен бағыттай отырып айтады. Мысалы, бұл «арал» көк түсті, ол сол жақта орналасқан, оның алдында ақ түсті «арал» бар. **3 нұсқа:** педагог балаға «аралдың» орналасқан жерінің сызбасын бере отырып, сызба бойынша балаға қажетті «аралды» көрсетеді. Бала өзіне қажетті «аралды» сызбаға қарай отырып дұрыс табуы қажет. Мысалы, сызбада (3х3) қажетті «арал» оң жақта, жоғарыда орналасқан., т.с.с.	
2 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Сауат ашу негіздері **Міндеті:** «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» ойыны арқылы логикалық ойлауларын дамыту Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын жетілдіру. **«Сөзді буынға бөл» дидактикалық ойыны** Педагог қандай да бір сөзді айтады, балалар қолдарын шапалақтап, сөзді буынға бөледі. Осы сөзде неше буын бар екенін айтады. Кітап, қалам, дәптер, қарындаш, өшіргіш, бес, мектеп.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** -Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білуге жаттықтыру. Дыбыстар туралы сұрақтарға жауап алу арқылы жылдам ойлауға және ойларын дұрыс жеткізе алуға жаттықтыру **Дидактикалық ойын: «Кім білгіш?»** Мысалы: б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, щ, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н. Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. Дауысты дыбыстарға қызыл текшені; - дауыссыз дыбыстарға көк текшені көтеру арқылы ажыратады	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:**. -. Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту **«Буынды айтып сөз құра» дидакикалық ойыны** **Ойын шарты:** педагог айтқан буынға балалар сөз құрап айтады. Мысалы: На... , та... , қа..., жа..., ал..., мон..., ке..., те..., шал...,қар..., қа..., пи.., бә... т.б.	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өленді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Табиғаттың әдемілігін сезіне білу 1. Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Қыста табиғатта қандай өзгерістер болады? Сурет бойынша қыс туралы әңгіме құра. Балалардың көңіл күйі қандай? Қыс мезгілінде қандай ойындарды ойнайсың? 2. Кім қайда ойнайды? Сызып қос. 3. Жұмбақты шеш. Ақ көрпесін тұйықтап, Қыстай жатар ұйықтап. (Қар) Интерактивті тақтамен жұмыс: «Қайсысы артық?» ойыны. Ойын шарты: Тақтаға әр мезгілдің киімдері ілінеді.	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру **Ойын жаттығуы: «Допты қағып ал!»** Допты жоғары лақтырып, қолды артқа жіберіп шапалақтап, допты саусақтарын ашып, қайтадан қағып алады

				Осылардың ішінен артық киімді Табады	

Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Өзіңе жұп тап», «Ұшатын құстар »

Ойын: «Ұшатын құстар»
Мақсаты: Балаларды табиғат құбылыстарын салыстыра білуге үйрету, және қырағылыққа тәрбиелеу, құстар сияқты ұша білу қабілеттерін бақылау, тәрбиешінің берген белгісін тиянақты тыңдай білуге үйрету.
Ойынның шарты: Алаңның бір жағында құстар ұшып жүреді. Тәрбиеші құстар ұшты дегенде, қанаттарын желпіп алаңда құстар ұшады. Тәрбиеші дауыл соқты дегенде құстар ұшып барып қабырғадағы сатыларға шығып алады, ал тәрбиеші дауыл басылды дегенде сатыдан түседі де ұшуларын жалғастырады. Ойын 3-4 рет қайталанады.

Ойын: «Өзіңе жұп тап»
Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту.
Ойын барысы: Тәрбиеші ойнаушыларға негізгі түстен бір -бір жалаудан таратады. Даңғыраның белгісімен, шапалақпен – жалауын көтеріп алаңда жүгіреді. Келесі белгімен – даңғыраны бірнеше ұрғылаумен, шапалақпен, «Өзіңе жұп тап»- деген сөзбен, түстері бірдей жалаулары бар балалар жұп құрады. Әр жұп өз беттерімен фигура жасайды. Жұпсыз қалғандарға ойнаушылар мынадай сөздер айтады: «Арман, Арман, аузыңды ашпай, тезірек жұбыңды таба ғой». Содан кейін белгі бойынша баолығы алңға жүгіріп келеді: 5-6 рет ойын қайталанады.
Ұсыныс: ойында тақ сан ойнаушылар қатысады, тәрбиеші де қатысады. Тәрбиешіде әртүрлі түсті жалаулар болуы керек: ойын қайталанғанда балалардың жалаулары ауысады. Ойыншықтар белгі бойынша өздеріне жұп таңдайды.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Міндеті:** ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету отбасы мүшелерін ажыратып, сөз тіркестерін дұрыс қолданып, байланыстырып сөйлейді. **«Ғажайып алаң» ойыны** Отбасымен түскен суреттер, фотоальбоммен жұмыс. Балалар өздеріне таныс сөздерді атайды және сөздерден сөйлем құрайды. – Мынау – менің отбасым. Мынау – ата. Атамның аты – ... . Атам теледидар көреді. – Мынау – менің әжем. Әжемнің аты – ... . Әжем ән айтады. – Мынау – менің әкем. Әкемнің аты – ... . Әкем ойыншық берді.	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру таныс сөздерді күнделікті өмірде қолданады, мақал-мәтел айтады . **«Ғажайып алаң» ойыны** Екінші тапсырма: Отбасы туралы қандай мақал білесіңлер? Балалар мақалдарды естеріне түсіреді. 1. Отан отбасынан басталады. 2. Баланың бас ұстазы – ата-ана. 3. Інісі бардың – тынысы бар, Ағасы бардың – жағасы бар. 4.Аға әдепті болса, іні әдепті, Апа әдепті болса, сіңлі әдепті.	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Лақтыру, қағып алу, домалату: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұру «Баскетбол» – допты оң және сол қолдың саусақ ұштарымен еденге кезекпен ұруға үйрету. Нұсқау – бастапқы қалыпты дұрыс қабылдау, допты алақанмен соқпау.	**Математика негіздері** **Міндеті:** -«жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалана отырып, салыстыруды үйрету салмағына қарай тең және тең емес заттар туралы білігін қалыптастыру **Эксперименттік іс-әрекет** Табақшаның тепе-теңдігі балаларға массаның теңдігін көрсетеді. Балалар қолдарындағы жолдорбалардың массасын салыстырады, таразыда үлкен массасы бар табақша төмен түсіп жатқанын бақылайды. Педагог екінші	**Қоршаған орта** **Міндеті:** Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарауға баулу Заттардың адам өміріндегі маңызын түсіндіру арқылы оларды топтастыра білу дағдыларын арттыру Балалар, айналаға қараңдаршы, бізді нелер қоршап тұр? (Әртүрлі заттар). Бізді қоршаған заттар бір ғана материалдан жасалған жоқ. Қолданылуына байланысты оларды әртүрлі материалдан жасайды, олар жұмсақ, қатты, ауыр, жеңіл, кедір-бұдыр немесе теп-тегіс болуы мүмкін. Әр заттың өзіндік мақсаты бар және ол бір нәрсеге қажет. Мысалы, үстел жазу үшін немесе оған тамақтану үшін қажет. Адамдар орындықтарда отырады, электр немесе газ плитасында тамақ пісіреді. Адам жұмыс

	– Мынау – менің анам. Анамның аты – ... . Анам тамақ пісіреді. Біз тату тұрамыз		Допды еденге бір қолмен соғады, еденнен ыршыған допты саусақтарын ашқан күйде күтіп алады. Тапсырманы орындап болғаннан кейін допты себетке салады Сөйлеуді дамыту Міндеті: сын есімдер мен үстеулерді қолдану Мақсаты , бірінің ойын бірі келген жерінен жалғастырып айтуды біледі Дидактикалық ойын: «Қандай дыбыс екенін анықта». Ойын шарты: Педагог дыбысты айтады. Ал балалар дыбыстың дауысты, дауыссыз екенін анықтап берулері қажет. Бірінші болып қол көтерген бала жауап беру құқығына ие болып, жауап берген бала келесі балаға басқа дыбысты айтады	жолдорбаны ұқсас заттармен толтырады. Жолдорбалардың массасының теңдігі таразы табақшасымен тексеріледі. Әрі қарай, өлшемі бойынша үлкен, бірақ жеңіл зат, кішкентай, бірақ ауыр заттармен сәйкестендіруді ұсынады: өлшемі бойынша үлкен шарды, металл шарикпен немесе доппен сәйкестендіреді. Балалар бақылап, қорытынды жасайды. -Заттың салмағы өлшеміне байланысты ма? Салмақ өлшемге байланысты емес -Қалай тексеруге болады? Қорытындылайды, массаның өлшемге байланысты емес екендігі туралы қорытынды жасайды.	істейтін заттар бар, сонымен қатар адамның күнделікті өмірдегі жұмысын жеңілдететін заттар бар. Қалай ойлайсыңдар, бұл заттарды кімдер жасайды? – Оларды ересек адамдар жасайды. – Ал бұл заттарды жасау үшін материалдарды қайдан алады? – Әрине, табиғаттан алады. – Күнделікті көріп жүрген үй жиһаздары неден жасалады? – Ағаштан, темірден жасалады.

Үзіліс: . Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Қалай жүріп, нені тапқың келеді?» (қайталау

Артикуляциялық жаттығулар ***(қайталау)***

«Терезе»*-балаға аузын кең ашып «Ыстық» деп айтуын сұраңыз, ал сосын еріндерін кішкені жауып «суық» деп айтқызыңыз.*

«Окошко» **- попросите ребенка широко открыв рот сказать: «жаааарко», а затем, максимально сжав губы сказать: «хоооолодно».**

2. «Пілдің тұмсығы» - еріндер біріктірілген және алға қарай қатты созылады

«Хобот слона» - вытянув вперёд губы трубочкой, образовать "хобот слоника", "набирать водичку.

Ойын: «Қалай жүріп, нені тапқың келеді?» ***(қайталау)***

Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру

Жасы: 5-6 жас аралығы

Қажетті заттар: ойыншықтар немесе суреттері.

Ойын барысы: педагог ойыншықтарды топтың әр жеріне қояды: баланың оң жағына-машина, сол жағына-доп, алдына-қуыршақ, артына-зымыран қойып былай дейді: «алдыңда қуыршақ, оң жағында машина, сол жағында доп, артында зымыран, қалай жүріп, нені тапқың келеді?»

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Шығармашылық бейнелеу әрекеті **Міндеті:** - балаларды елестете отырып сурет салу тәсілдерімен таныстыру - Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). - Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу - Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру балаларды елестете отырып сурет салу тәсілдерімен мүсіндеудің әртүрлі әдістерін, жапсыруда заттардың өлшемін, Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білу **Топтық жұмыс**	**Қоршаған орта** **Міндеті:** Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге баулу -мамандық иелеріне құрметпен қарауға, еңбектерін бағалауға тәрбиелеу **«Не үшін керек?» ойыны** Педагог карточкаларды көрсетеді, ал балалар бұл заттардың кір жуушы апайға не үшін қажет екенін түсіндіреді. Олар: кіржуғыш мәшине, үтік, үтіктеу тақтасы, киім кептіргіш, балалар сабыны, кіржуғыш ұнтағы	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** сын есімдер мен үстеулерді қолдану бірінің ойын бірі келген жерінен жалғастырып айтуды біледі **Дидактикалық ойын: «Қандай дыбыс екенін анықта».** **Ойын шарты:** Педагог дыбысты айтады. Ал балалар дыбыстың дауысты, дауыссыз екенін анықтап берулері қажет. Бірінші болып қол көтерген бала жауап беру құқығына ие болып, жауап берген бала келесі балаға басқа дыбысты айтады	**Музыка** **Міндеті:** Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату **Музыка тыңдау:** «Қазақстан жалауы» (Д. Омаров) Ән айту: «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова) «Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жаса, Қазақстан» (үнтаспада) «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік»	**Музыка** **Міндеті:** Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату **Музыка тыңдау:** «Қазақстан жалауы» (Д. Омаров) Ән айту: «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова) «Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жаса, Қазақстан» (үнтаспада) «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай
				жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай)	
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	***Ауаны бақылау*** ***Мақсаты:Балаларды табиғаттың бір құрамдас бөлігі ауамен, және оның қасиеттерімен таныстыру.*** ***Біз немен демаламыз? Бірінші. Терең - демді ішке тартып, содан соң оны қайта шығарайық. Қалай ойлайсындар біз нені шығардық? (ауаны). Ауа деген не? Кімде – кім оны көрдіме? (біз оны көрмейміз, бірақ әрдайым біздің қасымызда) Неге біз оны көрмейміз? (ауа – жеңіл, көзге көрінбейді) Бідің демалатынымызды қалай тексереміз? Алақанымызды бірінші аузымызға апарым, содан соң мұрынға апарып демалыңыз. Сендер не***	*Бақшадағы өсімдіктерді бақылау* *Мақсаты: Бақашада өсетін өсімдіктерді ажырату, олардың адамға пайдасы, адамдардың қысқа дайындығы туралы түсінік беру.* *Болжам:Сарымсақтың қабығы қалың болса – қыстың аяз болғаны.* *Тақпақ:* *Апорт деген тәтті алма* *Өседі ол бақтарда* *Апорт деген тәтті алма* *Өседі ол бақтарда.* *Жұмбақ:* *Балалармен достасып,* *Жазда бақты қорғайды,* *Күзде кетер қоштасып,*	*Ағаштар мен бұталарға бақылау* *Мақсаты: Алаңдағы бұтақтармен ағаштарға бақылау жасау. Өсімдіктердің ұқсастығы мен ерекшелігін ажыратуға үйрету.* *Жапырақтары түсіп жатқанына, алуан түске енуне назар аудару.* *Болжам: күзде жапырақтар ерте түссе, қыстың суық болады, сонымен катар қыс ерте басталады.* *Мақал-мәтел: Күздей бер, күздей берсең үзбей бер.* *Тақпақ «Қарағай»* *Көкке бойын созады,* *Көпке қолын созады.* *Кең құшағын ашады,*	***Ауа-райын бақылау*** ***Мақсаты: Қазан айындағы ауа- райын бақылау.Өзіне тән белгілерін анықтап отыру.*** ***Тәрбиеші балалармен бірге бақылау жасайды, қазан айында алғашқы суық түседі. Таңертең үйдің шатыры шөп, жолдың шеттері күннің шуағына жылтырап тұрады. Уақыт өте келе суық пайда болады.*** ***Болжам: қарға қаңқылдап тоқтаусыз секіріп жүрсе – жаңбыр жауады.*** ***Тақпақ: «Мөлдір тамшылар»*** ***Бұллар жабағы*** ***Көкті жабады*** ***Күзгі тамшылар***	**Маусымдық өзгерістерді бақылау** ***Мақсаты: маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту. Жазда күн ыстық, ал күзде таңертең күн салқын болып, түсте ыстық болады. Адамдар қысқа дайындалады. Құстар жылы жаққа ұшады.*** ***Тақпақ:*** ***Күзде жауын. Бұлт. Тұман*** ***Сары жапырақ жауады.*** ***Сары құйын ұйтқыған*** ***Сапырады ауаны*** ***Тапталады табанға*** ***Судыр- судыр жапырақ*** ***Өрттей сары бояуға*** ***Малынғандай атырап. М. Әлімбаев*** ***Қозғалмалы ойын: «Ұшақтар».*** ***Мақсаты: Шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.***

	сездіңдер? (алақанымыз жылынды, біздің демалысымыздан) ***Жұмбақ.*** ***Көзге ілінбейді,*** ***Жұтсаң білінбейді. (Ауа)*** ***Қозғалмалы ойын: «Қоңыздар»*** ***Мақсаты:Балаларды жан- жақты жүгіруге , белгі бойыншца қозғалысты өзгертуге назар аударуға үйрету.*** ***Еңбек әрекеті: Сынған бұтақтарды және жапырақтарды жинау.***	*Кім біледі .. (торғайды)?* *Қозғалмалы ойын: «Ұшақтар».* *Мақсаты: жылдамдыққа, шапшаңдыққа үйрет, достастыққа тәрбиелеу..* *Алаңдағы еңбек: құраған өсімдіктерді жинау*	*Көлеңкесін тосады* *Көп қарағай,қарағай* *Мейірбанды анадай.* *Жұмбақ: Жазда тұрып жоғары Күзде жерге қонады (Жапырақ)* *Қозғалмалы ойын: «Тығылмақ»* *Мақсаты: шапшаңдыққа, ептілікке жетілдіру.* *Алаңдағы еңбек: Ағаштардан түскен әдемі жапырақтарды жинап, олардан жапсыра отырып бір бейне жасау. (балық, қоян, кірпі)*	***Тамады, тамады. Ү.Есдәулетов.*** ***Жұмбақ:*** ***Көзіжасты- жылауық, келе жатыр бір алып*** ***Жабырқаса жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт)*** ***Қозғалмалы ойын: Торғай мен мысық»*** ***Мақсаты:Балалардың қимыл – қозғалыстарын арттырып, ептілікке баулу.*** ***Алаңдағы еңбек: гүлдердің тұқымдарын жинау.***	***Алаңдағы еңбек: құстарға жемсалғыш жасау.***
Балаларды үйге қайтару	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ

Мектепалды даярлық О «Ә» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі **1-апта** 04 - 08 желтоқсан 2023-2024оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Тақпақ жаттау. Мен анамнан қалмаймын! Онсыз ешқайда бармаймын! Айтыңдаршы, менсіз Жарты күн өмір мүмкін бе? Анаммен бірге ас үйде де, Істерге бірге барамыз, Екеуміз мультикті бірге көреміз, Алмұртты бөліп жейміз.	**Психогимнастика** **«Бүгін өзіңді қалай сезінесің?»** Балаларға әртүрлі көңіл-күй реңктері бейнеленген карта ұсынылады. Балалар оның көңіл-күйіне, досының, анасының, мысықтың және т. б. көңіл-күйіне ұқсас біреуін таңдайды	**Саусақ гимнастикасы** **Фигураларды орындау** **Мақсаты:** ұсақ моториканы дамыту. «Үйшік» Құбыр және шатыры бар үй тұр, Мен балконға серуенуге шықтым. «Көзілдірік» Әжей көзілдірік киді Немересін көрді. «Орындық» Аяғы, арқасы және орындық – Міне, таңқаларлық орындық	**Психогимнастика** «Жақсы көңіл-күй» Анам дүкенге барды: «Печенье мен кәмпит сатып аламын», - деді ол. «Бірге шай ішіп, бассейнге барамыз». Бала қуаныштан секіре бастады. Осы кезде музыка естіледі. Белсенді қозғалыстар: жүру, секіру. Мимика: күлімсіреу.	**Саусақ гимнастикасы** Біз базарға бардық, Алмұрт пен құрма көп, Лимон, апельсин бар, Қауын, қара өрік, мандарин. Біз қарбыз сатып алдық, Бұл ең дәмді жүк. (Өлеңнің әр жолында саусақтарды біріктіру, бірақ алақан біріктірілмейді.)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**«Зат не үшін қажет?» дидактикалық ойын** **Мақсаты**: балалардың тапқырлығын, белсенділігін және ойлау дербестігін дамыту; балалардың тұрмыстық заттардың, құралдардың маңызы туралы білімін бекіту; оларға ұқыпты қарауға тәрбиелеу (қоршаған ортамен танысу +сөйлеуді дамыту	**«Әрекетті бағала» дидактикалық ойыны.** **Мақсаты**: сюжеттік суреттердің көмегімен балалардың жақсы және жаман істер туралы идеяларын дамыту; іс-әрекеттерді сипаттау және бағалау; сезімталдыққа, қайырымдылыққа тәрбиелеу.	**«Қармақ» ойыны** **Мақсаты**: орнында секіру жаттығулары; ептілікті, қимылдарды үйлестіруді, зейінді дамыту	**«Бөлшектен үй құрастыр» дидактикалық ойын** **Мақсаты**: үй мен автобустың бөліктерін табуға үйрету; балалардың шеңбер, шаршы, тіктөртбұрыш туралы білімдерін бекіту; зейінді, көзді, табандылықты дамыту	**«Әрекетті таңда» дидактикалық ойыны** **Мақсаты**: балалар сөздігінде етістікті белсендіруді жалғастыру
Таңертеңгі жаттығу	**Таңғы жаттығу кешені № 7**				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Әңгіме «Адам қандай болуы керек?»** **Мақсаты**: адамның жеке басының кейбір қасиеті туралы білімді бекіту (мейірімділік, жауаптылық, адамгершілік, адалдық)	**«Адам неге сенуі керек?» ойыны** ***(Доппен шеңберде)*** **Мақсаты**: адамның өмірі жақсаруы үшін оған не сену керектігін білу. Өйткені, өмір игі істерге беріледі	**«Мен кіммін?»** **Мақсаты**: туыстық байланыстарды білу (кім кімге керек): Мен анамын, ал сен маған кімсің? Кімнің үлкен, кімнің кіші екенін атай білу	**«Өз қорқыныштарың туралы айт» жаттығуы** **Мақсаты**: балалардағы нақты қорқыныштарды анықтау; өз қорқыныштары туралы ашық айту қабілетін дамыту	**Балалардың жұмбақ ойлап шығаруы** **Мақсаты**: адам туралы жұмбақтар жасауға үйрету (дене мүшелері, ішкі органдар туралы); сөздік қорын кеңейту
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті:** Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, Дауыссыз дыбыстардың дыбысталу ерекшеліктерін түсіндіру Қазір біз "Алғашқы қар " өлеңімен танысамыз О, керемет, керемет! \ Бейне аппақ көбелек. Ақша қар жай көлбеңдеп, Қонып жатыр жерге кеп**.** Дидактикалық ойын: «Дыбыстарды дауыстап айтайық». А-а-а, ә-ә-ә. Дауыссыз дыбыстарды айтқызып қатаң, ұяң, үнді дыбыстарды тапқызу: б, в, г т.б.	**Көркем әдебиет** **Міндеті: -** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту Өлең қалай аталады? – Авторы кім? – Сендерге өлең ұнады ма? – Өлеңде не туралы айтылған? – Еліміздің қандай рәміздері бар? – «Тәуелсіздік» деген сөзді қалай түсінесің? «Тәуелсіз Қазақстан» өлеңін мәнерлеп қайталап оқиды. – Өлеңнің бірінші жолы қалай басталады? Педагог сөйлемнің басын оқып, балалар жалғастыратын әдісті пайдаланады. Өлеңді эмоциямен 2-3 рет қайталайды. 3-4 бала өлеңді жатқа айтады	**Математика негіздері** **Міндеті:** -заттардың салмағын өлшемі бойынша анықтауды үйрету; заттың салмағы оның өлшеміне байланысты емес, деген ұғым беру салмағына қарай тең және тең емес заттар туралы білігін қалыптастыру «Ауыр – жеңіл», «бірдей» дидактикалық ойыны. Педагог балаларға сыныпта бар заттарды қолға қойып, салыстырып, заттардың қайсысы жеңілірек, қайсысы ауырлау екенін салыстырып білуді ұсынады: кітап және қарындаш, тас және қағаз парағы, текше және кесек, әуе шары және футбол добы, моншақ және шеге, шеге және дән және т.с.с. Сондай-ақ салмағы бірдей жұптарды анықтауды ұсынады. «Өлшеу» бойынша жұптық жұмыс. Балалар тапсырманы орындайды.Тексерген кезде жұптардың әрқайсысы өз жауабын түсіндіреді	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** - ; Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату Балалар арасындағы достық қарым-қатынасты орнатуға және ұжымның ұйымшыл болуына жағдай жасау. Допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұруды жаттықтыруға жалғастыру	**Математика негіздері** **Міндеті:** қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу Педагог суреттерді көрсетеді, балалар бүтін немесе бөлік деп айтады. Бүтін алманы, текшелер жиынтығын көрсетеді, содан соң бөліктерін-жарты, төрттен бір бөлігін. Балалар атайды
Үзіліс : «Әуедегі атыс»					

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЫНДАР
Мен қандай адаммын ?

Мақсаты: Топта жұмыс жүргізу үшін жағымды ахуал орнату, қарым - қатынастың белсенді стилін және кері байланыс немесе алу тәсілдерін меңгеру;
Әр қатысушы өзінің жағымды , жағымсыз қасиеттерін айтады . Сол бойынша қорытынды жүргізіледі .



Ойын: «Әуедегі атыс» қимылды ойыны
Мақсаты: Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.
Ойынның шарты: Бұл сайыста оқушыларды екі топқа тең бөлесіз. 1-топқа бірыңғай қызыл түс (өз қалауыңыз бойынша да таңдауға болады), 2-топқа жасыл түсті үрленген шар беріп, екі команданың арасын түзу сызық етіп бормен сызып қоясыз. Музыка ырғағымен екі команда өз шарларын қарсылас команда жаққа лақтыру керек. Қай топ жылдам сол жеңіске жетеді.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Сауат ашу негіздері
Міндеті: Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету
сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту
«Жұп құр» ойын-жаттығуы
Педагог тақтаға шеңбер бойымен бір дыбыстан басталатын екі суреттен тақтаға іліп шығады, балаларға екі бірдей дыбыстан басталатын суреттерді қосуға тапсырма беріледі.
Педагог тапсырманы орындау үшін, балаларды кезекпен тақтаға шығарады.
Мысалы: алма-алмұрт, қызанақ-қызылша, етік-емізік, тақия-тарақ, от-орындық, керует-күрек, сағат-сағыз, қоян-қоңыз, ит-ине

.

Сауат ашу негіздері
Міндеті: Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру
сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту

«Буынды айтып сөз құра» дидакикалық ойыны
Ойын шарты: педагог айтқан буынға балалар сөз құрап айтады.
Мысалы: На... , та... , қа..., жа..., ал..., мон..., ке..., те..., шал...,қар..., қа..., пи.., бә...

Сауат ашу негіздері
Міндеті: Кері іс-әрекетті айт» ойыны арқылы сөйлем құрату арқылы шығармашылықпен ойлауларын дамыту
сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту

1. Суретте бейнеленген заттарды ата. Сөзде қанша дыбыс болса, сонша дөңгелек сал.
2. Сөздерді буынға бөл. Бір буынды сөзді бір терезелі, екі буынды сөзді екі терезелі, үш буынды сөзді үш терезелі үймен сәйкестендір.
Педагог суреттерді буынның санына қарай өз үйшіктеріне қосуға тапсырма береді, неше буыннан тұрса, сонша терезелі үйге қосу қажет

Көркем әдебиет
Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту
әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту
Біз қай республикада тұрамыз?
– Қазақстан Республикасының астанасы қай қала?
– Қазақстанның жері үлкен, табиғаты бай, көп ұлтты, егемен мемлекет. Еліміздің
мақтана алатын мемлекеттік рәміздері бар. Ол – Туы, Елтаңбасы, Гимні. Біз – тәуелсіз елдің бақытты ұландарымыз.
– Бүгін ақын Оразақын Асқардың «Тәуелсіз Қазақстан» атты өлеңімен танысамыз.
Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін
әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.
Педагог «Тәуелсіз Қазақстан» өлеңін мәнерлеп оқиды

Дене шынықтыру
Міндеті: Допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу
Доппен орындалатын жаттығулардың маңызы туралы түсініктерін толықтыру және жалпы қозғалыстар туралы танымдық көзқарастарын дамыту
Негізгі қимыл-қозғалыстарды алмастыру тәсілімен орындау: «Баскетбол» – допты оң және сол қолдың саусақ ұштарымен еденге кезекпен ұруға үйрету. Нұсқау – бастапқы қалыпты дұрыс қабылдау, допты алақанмен соқпау.
Допды еденге бір қолмен соғады, еденнен ыршыған допты саусақтарын ашқан күйде күтіп алады.
Тапсырманы орындап болғаннан кейін допты себетке салады.

Үзіліс: Аз қимылды ойындар «Жалауша»

« Өкпені еріту » жаттығуы

Тып- тыныш денеңізді бос ұстап отырыңыз .Өзіңізді қараңғы көлеңкеде театрда отырмын деп есептеңіз Алдыңыздағы шағын сахнаға (ең жек көретін, көргіңіз келмейтін) сіз кешіруге тиісті адамды қойыңыз. Мейлі ол сізді қазір ренжітсін , бұрын ренжітсін ,қазір өмірде бар болсын , әлде өмірден өтіп кетті ме , оған мән бермеңіз .Көз алдыңызға елестеткенде оның жағдайы жақсы , жүзіне күлкі үйірілген жағдайда болуы керек . Оны бақытты деп біліңіз . Бірнеше минут оның жүзін анық көз алдыңызда ұстап тұрыңыз . Сонан соң барып ол бейнемен қоштасыңыз . Сіз кешірген адам кетісімен сіз өзіңізді сахнаға қойыңыз. Өзіңізді де тек жақсы жағдайда елестетіңіз . Бақытты , күлкі үйірілген жүзбен тұрыңыз . Бұл әлемдегі жақсылық барлығыңызға да тең жететінін ұғыңыз .



Ойын: «Жалауша»

Ойынның мақсаты: жарысып тез жүгіруге,қарсыласынан бұрын жалаушаны алуға жаттықтыру.

Керекті құралдар: ысқырық,жалауша,бор,таяқша.

Мазмұны.

Сыныптағы балалар санау арқылы екі командаға бөлінеді.Олар ойын алаңының екі шетінде қарама-қарсы сап түзеп тұрады.Ойыншылардың дәл ортасынан диаметрі 1 метрлік шеңбер сызылады.Шеңбердің ортасына жалауша тігіледі.Жалаушаның қасында қолына ысқырық ұстаған ойын жүргізуші тұрады. Ойынның басталуына белгі берілгеннен кейін әр командадағы бірінші тұрған ойыншылар тез жүгіріп келіп, жалаушаны алдымен алуға тырысады.Егер ала алса, ол ойыншы команда есебіне ір ұпай қосады.

Ал шеңберге екі бала да қатар келсе, олар өте сақ болулары керек, өйткені қай ойыншыға қарсыласының қолы бұрын тисе, оның жалаушаны алуға қақысы жоқ.

Ойын осылай бірнеше рет жүріп,жеңіске жеткен команда анықталады.

Ойынның ережесі.

1.Ойыншылар тұрған қатарларынан бір мезетте шығуын мұқият қадағалау қажет.

2. Шеңбердің сызығын басуға болмайды.

3. Шеңбер ішінен алған жалаушаны ойын жүргізушіге беріп, ойыншылар қайтадан тұрған орындарына жүгіріп кетеді.

Әдістемелік нұсқаулар.

Ойын қызықты өту үшін командаларды бір түзудің бойына тұрғызу керек. Ойын жүргізуші етіп сабаққа қатыса алмайтын оқушыларды немесе арнаулы төрешілерді тағайындауға болады.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Міндеті**: - Өз бетінше қарым-қатынас жасауға баулу тақырып бойынша сөздер үйрету, сөзді саналы түрде есте сақтауға жаттықтыру Мынау не? – Бұл – балабақша. – Балалар қайда келді? – Балалар балабақшаға келді. – Балалар не істеп жүр? – Балабақша ауласында ойнап жүр. – Саған балабақшада көңілді ме? – Иә, балабақшада көңілді. Балабақшада балалар көп. Олар бір-бірімен дос. – Дос, дос-ы-ң, се-н-і-ң до-сың. Ме-н-і-ң до-сым. Артем, сен кіммен ойнайсың? Артем, Арлан сенің досың ба? – Иә. Менің досым – Арлан. – Артем, Арлан – достар. – Достар қалай ойнайды? – Достар тату ойнайды	**Қазақ тілі** **Міндеті С**ұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу тақырып бойынша сөздер үйрету, сөзді саналы түрде есте сақтауға жаттықтыру Дидактикалық ойын: «Өзіңнің досың туралы әңгімеле». Балалар өздері туралы және достары туралы әңгімелеу. Менің атым – Наташа. Мен бес жастамын. Менің досымның аты – Сәуле. Біз тату ойнаймыз. Менің атым – Артем. Мен бес жастамын. Менің достарымның аттары – Арлан, Рома. Біз достарымызбен татумыз. (Балалар қайталайды).	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру Доппен орындалатын жаттығулардың маңызы туралы түсініктерін толықтыру және жалпы қозғалыстар туралы танымдық көзқарастарын дамыту Қимыл-қозғалыс ойыны: «Еденде тұрып қалма». (4 рет) Ұстаушы бала таңдалады. Қалған балалар биіктігі 30 см заттардың үстінде тұрады. Балалар секіріп түсіп, зал ішінде жүгіріп жүреді. Педагогтің: «Ұста!» деген бұйрығы бойынша орындарына жүгіреді. Ұстаушы бала секіріп орындарына шыға алмаған балаларды ұстайды. Ұсталған балалар бір шетте отырады	**Математика негіздері** **Міндеті:** Бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру Бөліктерден бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету Бүтін мен бөліктердің үстінен саусақтарымен жүргізеді. Практикалық жұмыс жүргізеді, сұрақтарға жауап береді. - Алма қандай бөліктерге бөлінген? (Жоғарыда алма екі бөлікке, төменде төрт бөлікке бөлінген). - Барлық бөліктерін біріктірсе, не болады? (Бүтін) - Алманың екіден бір бөлігін, төрттен бір бөлігін, басқаша қалай атауға болады? (Жарты, ширек.) Педагог мұны «+» белгісінің көмегімен көрсетеді. Екінші суретте алманың төрт бөлігінен бір бөлігін алады, қанша бөлік қалады?	**Қоршаған орта** **Міндеті:** Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау —ұлттық ойындарға қызығушылықтарын арттыру -Балалар ,татулық дегенді қалай түсінесіңдер? -Татулық-достар арасындағы ең керемет қасиет. Тату балалар бір-бірін тыңдайды,ойыншықтармен бөліседі,ренжіспейді,тату-тәтті ойнайды. Сондықтан достық татулықтан басталады. -Бүгін біз бірігіп «Хан талапай» асық ойынын ойнаймыз

Үзіліс: «Торғайлар мен тор» қимылды ойыны		
Тіл гимнастикасы **«Р»-ға тілің келе ме?** **Қаламқасқа «тұр», - деші,** **Қарындашқа «жүр», - деші.** **«Қара қарындашты** **Қаламқас алып тұр», - деші,** **Ал енді өзің-ақ** **«Р-р-р-р», - деші.**	**Ойын: «Торғайлар мен тор»** қимылды ойыны **Мақсаты:** Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау. **Ойынның шарты:**Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топ алаңның ортасында қол ұстасып шеңбер құрып айналып жүреді. Сол топ тор болып саналады. Екінші топ-торғайлар. Тәрбиеші торды ашыңдар дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын көтереді.(Қол ұстасып айналып жүреді) Торғайлар шеңбердің ішіне кіреді, тез қайта шығуға тырысады. Тәрбиеші «торды жабыңдар» дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын түсіреді. Тордың ішінде қалып қойған балалар шеңберге қосылады. Сөйтіп 1-3 торғай қалғанша ойнайды.	

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Шығармашылық бейнелеу әрекеті **Міндеті:** - - Қазақ халқының ұлттық киімдері мен ою- өрнектері туралы білімдерін кеңейту - Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндеу Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану - Қағаз цилиндрлерден (тақия, сәукеле, кимешек және т.б.) және қолғап құрастыру **Топтық жұмыстар**	**Қоршаған орта** **Міндеті:** Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету. еліміздің рәміздері туралы білімдерін толықтыру. **Әңгіме өткізу**. – Мемлекеттік рәміздерге не жатады? – Мемлекеттік Елтаңба. – Мемлекеттік Ту. – Мемлекеттік Гимн Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көгілдір түсті. Мемлекеттік Тудағы көгілдір түс Қазақстан халқының жеке мемлекет болуға ұмтылған ниет-тілегінің тазалығын, асқақтығын көрсетеді. Нұрға малынған	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру Дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу Педагог: 1.Балалар, табиғатты сүю – парыз. Сүю үшін – қорғау парыз. 2.Адамдардың табиғатсыз күні жоқ Оны айтуға табиғаттың тілі жоқ Педагог балаларға сұрақтар қояды. Алғашқы қар. –Өлеңді тыңдағанда көз алдыларыңа не елестеді? –Бір сөзбен айтқанда, қысқы табиғат. Бұны сурет жанрында «пейзаж» деп айтады. –Өлеңде автор қарды неге теңейді? –Қарды түсі мен түріне қарап тағы неге теңеуге болады? –Сендерге өлең ұнады ма? –Өлеңнің қай жолдарын қайта	**Музыка** **Міндеті:** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, **Музыка тыңдау:** «Алатау» (Н. Тілендиев, үнтаспадан) Ән айту: «Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова) «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна» орыс х.ә. (өңдеген М. Раухвергер) Билер: «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар,	**Музыка** **Міндеті:** Ән айту дағдыларын қалыптастыру Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, **Музыка тыңдау:** «Алатау» (Н. Тілендиев, үнтаспадан) Ән айту: «Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова) «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна» орыс х.ә. (өңдеген М. Раухвергер) Билер: «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Шаңырақ» ойыны Музыкалық аспапта ойнау:
		алтын күн тыныштық пен байлықты бейнелейді. Қанатын жайған қыран құс – билік, айбындылық бейнесі	тыңдағыларың келеді, қандай жолдары сендерде ерекше әсер қалдырды? –Мен қазір өлең жолдарын қайталап оқимын, сендер қайталап айтыңдар. –Енді осы өлеңді қайталап отырып естеріңе сақтап қалуға тырысыңдар. Педагог суретке	хороводтар: «Шаңырақ» ойыны	«Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай) »

			қарап қайталау арқылы өлең жолдарын жаттатады		
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	***Аспанды бақылау*** ***Мақсаты:табиғаттың әдемілігін сезініп, «аспан» сөзімен таныстыру, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, тілдерін дамыту.*** ***Тәрбиеші балалардың назарын аспанға аударады. Аспанның түсі ашық, көгілдір екендігін, онда ақ бұлттар, қалқиды. Олардың пішіндері әр түрлі болады, бұлттарды жел қозғайды.*** ***Жұмбақ: Бір түкті кілем Бір түксіз кілем (жер, аспан)*** ***Мақал – мәтелдер: Қарға қарқылдаса, қысты шақырады,*** ***Қаз қаңқылдаса, жазды шақырады.*** ***Тақпақ «Аспанда»*** ***Аспан бұлтқа толып кетті.*** ***Бұлттар түлік болып кетті.*** ***Бір бұлт шықты бие болып*** ***Бір бұлт шықты түйе болып*** ***Қозғалмалы ойын. «Ұшты-ұшты»*** ***Мақсаты: заттарды ажыратуға, аттарын есте ұстауға шапшаңдыққа зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.*** ***Еңбек әрекет: Жолдарды қардан тазарту.***	*Желді бақылау* *Мақсаты:балаларды табиғат құбылыстары, желдің соғуын, желдің бағытын, жылдамдығын бақылауға ажырата білуге үйрету.* *Тәрбиеші балалармен қай жақтан жел соғып тұрғаның бақылайды. Күндіз аспанда қалықтап бара жатқан бұлттарды бақылау, ағаш бұтақтарының қозғалысын бақылау.* *Жұмбақ: Қанаты жоқ-ұшады* *Аяғы жоқ-қашады. (Жел)* *Тақпақ:* *Жел тынымсыз гүілдеп* *Болып кетті тым бұзық* *Шуылдайды тал, терек,* *Жапырағын жұлғызып.* *Қозғалмалы ойын: «Жел мен бұлттар»* *Еңбек: өсімдіктерді,көшеттерді қармен жабу.* *Мақсаты: өсімдікке деген қамқорлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу*	*Күнді бақылау* *Мақсаты: балаларға адамдар, жануарлар мен өсімдіктер әлемі үшін күннің маңызы зор екендігін ұғындыру. Байқампаздық, бақылай білу қабілеттерін дамыту. Қыста күн қысқарады, жылуы аз болады, сондықтан қыста күн суық болатындығы туралы түсінік беру.* *Жұмбақ:* *Жұрттың бәрі соны сүйеді,* *Бірақ оған қарағысы келмейді. (Күн)* *Болжамдар: Түнде ай жарқырап тұрса немесе аспанда жұлдыздар көп болса, ертең күн ашық,жылы болады.* *Тақпақ:* *Шұғылалы күніміз* *Бақшамызға барамыз* *Күнге қарап жайқалып* *Біз өсіп бармыз.* *Қимыл-қозғалыс ойыны: «Түрлі-түсті автомобильдер»* *Еңбек: бұтақтардың түбін тазарту*	***Су бетіне қатқан мұзды бақылау*** ***Мақсаты: Судың әр түрлі қасиетімен таныстыру, табиғатта болатын өзгешеліктерді бақылай білуге үйрету, табиғатты аялауға тәрбиелеу, сөздік қорларын дамыту.*** ***Тәрбиеші балалардың назарын жердегі кішкентай көлшіктерге аударады, бетіне жұқа мөлдір мұз қатып қалған. Кейбір көлшіктерден күзден қалған жапырақтарды байқауға болады. Мұзды аяқ киімдеріңмен жарып көріңдер. (ол жұқа, тез сынады) Егер мұзды лақтырса, олар ұсақ бөліктерге бөлінеді. (мұз қатты). Егер мұзды қолға ұстасақ, ол еріп кетеді.*** ***Жұмбақ: Отқа жанбас-суға батпас (мұз)*** ***Болжам: егер қыста қар аз және күн суық болса, жаз құрғақ және ыстық болады.*** ***Қозғалмалы ойын: «Түлкі мен қаздар»*** ***Мақсаты:ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.*** ***Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қоян мен аңшы».*** ***Еңбек: есік алдын сыпырушы ағайға көмек көрсету мұз жолдың үстіне құм себу.***	***Қарды бақылау*** ***Мақсаты: Қоршаған ортаның әсемдігін сезіне білуге үйрету; қардың қасиетімен таныстыру. Терезеден жауып тұрған қарды бақылау. Қар ұлпаларына қараңдаршы, олар әр түрлі пішінде біреуі үлкен кесек болса, тағы бірі орташа,кішкентай яғни қаршықтар әртүрлі пішінді екен. Қар бізге терезеден жылтырап көрінеді. Олардың әдемі пішінін тамашаландар.*** ***Жұмбақ: Жылт-жылт етеді, Ұстасақ еріп кетеді. (қар)*** ***Болжам: көп қар- көп нан.*** ***Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қоян мен аңшы».*** ***Еңбек: тәжірибе жасаған үстел үстін жинастыру.***
Балаларды үйге қайтару	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы « №37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «Ә» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі **2-апта** 11– 15 желтоқсан 2023-2024оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	«Мүсін» ойыны **Мақсаты**: қимылды үйлестіруді, есту қабілетін, физикалық қасиетін, ережелерге сәйкес ойнау қабілетін дамыту	**«Бәрі қалай аяқталды?» ойыны** **Мақсаты**: есте сақтау қабілетін, ақыл-ой қабілетін дамыту; баланың сөздік қорын толықтыру	**«Не жоғалды?» ойыны** **Мақсаты**: зейінді, есте сақтауды дамыту	**«Балалардың тәртібі қатаң» ойыны** **Мақсаты**: сигнал бойынша әрекет ету қабілетін, физикалық қасиеттерін дамыту	**«Сен қалай өмір сүресің» ойыны** **Мақсаты**: балаларда қимылды дұрыс сипаттау және бір уақытта сөйлеу, ойлау дағдысы, қозғалысты үйлестіру қабілетін дамыту
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**«Бұл не үшін?» дидактикалық ойын** **Мақсаты**: Жыл мезгілдері мен тиісті айларды атауға үйрету	**«Жануарды тамақтандыр» дидактикалық ойыны** **Мақсаты**: сөздерді бөліктерге бөлуге, сөздің әр бөлігін бөлек айтуға үйрету	**Өзіңе жұп тап» дидактикалық ойыны** **Мақсаты**: балаларды сөздердің дыбысын тыңдауға үйрету; сөздерді өз бетінше атауға және олардағы дыбыстардың нақты айтылуына жаттығу	**«Бұл нені білдіреді?» дидактикалық ойын** **Мақсаты**: балаларды сөздерді мағынасына қарай топтастыруға, сөздердің тікелей және бейнелі мағынасын түсінуге үйрету	**«Кім көп сөз ойлап табады» дидактикалық ойыны** **Мақсаты**: сөздікті белсендіру; ой-өрісін кеңейту
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 7				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**«Ұннан жасалған тағамды ата» дидактикалық ойыны** **Мақсаты**: нан-тоқаш өнімдері туралы білімдерін бекіту; нанға ұқыпты қарауға тәрбиелеу	**«Төртінші артық» дидактикалық ойыны** **Мақсаты**: артық затты (азық-түлік) табуға үйрету және себебін түсіндіру	**Жаңылтпаш** «Сіз бізді іздемеңіз ана: Біз қымыздықты қырыққабат сорпасына қосамыз» **Мақсаты**: барлық дыбысты айту арқылы жаңылтпашты анық айтуға үйрету	**«Табиғат және адам» дидактикалық ойыны** **Мақсаты**: адам жасаған және табиғат адамға не беретіні туралы білімді жүйелеу: балық, ет, көкөніс, жеміс, жидек, тұқым, жаңғақ	**«Сипаттама арқылы біл» дидактикалық ойыны** **Мақсаты**: сипаттама бойынша тамақ өнімдерін тануға үйрету
Білім беру ұйымының кестесі	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту	**Көркем әдебиет**	**Математика негіздері**	**Дене шынықтыру**	**Математика негіздері**

бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Міндеті:** Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу Сөйлем түрлерін ажырата білуге үйрету. Дауыс ырғағына қарай оларды ажырата білу іскерлігін дамыту **Менің Отаным** Әйнегі – күн, Шатыры – аспан, Кең далам асқақ. Төсі толған егін, Көлдері күміс шашқан, Қазақстан Республикам менің!	**Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту Біз қай республикада тұрамыз? – Қазақстан Республикасының астанасы қай қала? – Қазақстанның жері үлкен, табиғаты бай, көп ұлтты, егемен мемлекет. Еліміздің мақтана алатын мемлекеттік рәміздері бар. Ол – Туы, Елтаңбасы, Гимні. Біз – тәуелсіз елдің бақытты ұландарымыз. – Бүгін ақын Оразақын Асқардың «Тәуелсіз Қазақстан» атты өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Педагог «Тәуелсіз Қазақстан» өлеңін мәнерлеп оқиды	**Міндеті:** Теңдік туралы түсінік қалыптастыру «артық», «кем», «тең» ұғымдарын қалыптастыру. Ойын жаттығуы: «Сана» Педагог цифрлар және теңдік таңбасы бейнеленген карточкаларды, сондай-ақ нүктелер және сандық суреттер бейнеленген карточкаларды таратады. Бес нүкте бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды. Бес зат бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды. – Осы карточкалар туралы не айтуға болады? – Нүктелер санын, суреттегі заттардың санын белгілейтін карточканы салыңдар. Қандай цифрларды алдыңдар? Олар бірдей ме? Демек, 5=5, яғни нүктелер саны карточкада бейнеленген заттар санына тең деп айтуға болады. Нүктелер және заттар бейнеленген карточкаларды алады. Нүктелер саны суретте бейнеленген заттардың санына тең екенін айтады. «=» белгісін қоюға болады.Көркем әдебиет Міндеті: Мақсаты	**Міндеті:** - Допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу Баланы сезіну (сенсорлы) үдерістері арқылы және қимыл- қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау **«Допты еденге соқ»**. Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. Төрт тізбекке тұрады: екі тізбек залдың бір шетіне, екі тізбек оларға қарама-қарсы тұрады. Алғашқы екі тізбектегі балалар допты еденге соғып жүріп, қарама-қарсы тұрған екі тізбекке дейін келеді. Допты оларға беріп, өздері олардың арттарына барып тұрады. Допты алған балалар залдың екінші шетіне допты еденге соғып алып жүреді. Допты қатты соқпайды, саусақтарын ашып ұстайды. Нұсқау – допты тура алдыға бағыттамай, сәл шет жақпен алып жүру (өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі мүмкін). Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін болса, онда оң аяқтың ұшының оң жағынан алып жүру қажет	**Міндеті:** - Әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру Балаларды «=» белгісімен, оның мәнімен таныстыру; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау; санау, салыстыру, санды цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту 1-тапсырма орындауды ұсынады, саны бірдей заттар тобын тауып, сызып қосады. Санын жазады. - Сол жақ жоғары суретке гүл жасау үшін, мозаиканың қанша түрлі-түсті бөлшектері қажет болды? (8) - Оң жақ төменгі суретте қанша мозаика бөлшектері бар? (8) - Осындай санды тауып, оны ұяшыққа жапсырыңыз. Осы екі суретті сызықпен қосыңыз. Мозаика бөлшектерінің саны туралы не айтуға болады? (саны тең) - Екінші қатардағы сол жақ суреттегі пазлдарды санаңыз. Олардың саны қанша? (7) - Пазлдары бар тағы сурет бар ма? Онда қанша бөлік бар? (4) - Оларды тең деп айтуға бола ма? (жоқ) - Суреттегі пазл бөліктерінің саны қанша болса, сонша Лего конструкторының бөлшектері бейнеленген суреттерді табыңыз. Цифрды жапсырады. Санына қарай жұптастырады. Балалар тапсырманы орындайды, салыстырады.
	Үзіліс :				

Сюжетті-рөлді ойын: **Тақырыбы: «Экологтар.Бағбандар»** ***Мақсаты:*** Қолайлы жағдай жасау, әлеуметтік шабыттарын мадақтау, ойын сюжетіне байланысты шағын топтарға бөлу, тіл этикетін дамыту.Экологтар жұмысының ізгі бағыттағы жұмыстары және оның табиғатты қорғаудағы, әлеуметтік мәні туралы түсініктерін кеңейту. ***Жағдаят:*** Объектыны таңдау, Картамен жұмыс, бақ орнататын жерді таңдау Экологиялық паспортарды қарау;Эклогиялық жағдайларды зерттеу Айыппұл төлету;Экологиялық жағдаятарды түзету жұмыстары;Суретке түсіру, суретке түсірудің бұзылуы, суретшімен кездесу. өсімдіктерді бейнелеу. 	**Сюжетті-рөлді ойын:** **Тақырыбы: «Зертеушілер»** ***Мақсаты:*** Ойнатылытын ойынын этапатарынын біліктілігін бекіту. Зерттеуге керекті заттар мен құрал-жабдықтарды ,сонымен қатар заттар ауыстырушыларын табуға үйрету .Рөлдерге бөлініп ,бөлінген рөл бойынша әрекет ету әдетін қалыптастырып . Зерттеу жұмысшыларының жұмысы қызықты әрі қиын екенін түсіндіріп .Ойындық диологты моделдеуге үйрету. ***Жағдаят:*** Зерттеу обьектісін тандау; Зертхананы құру ; Проведение опытной работы; Фотоға түсіру , аралық нәтижелердің түсірілімі;байқау нәтижелерін жұрналға жазу; ғылыми кеңес;зерттеу нәтижесін шығару. 	***Сюжеттік ойын:*** **Тақырыбы:«Дәмхана. Макдоналдс. Пиццерия» сюжетті – рөлдік ойын** **Мақсаты :** Азық-түлікпен жұмыс істейтін жұмыскерлердің еңбегі жайында түсініктерін молайту. Балаларға рөлдерге бөлініп,сол рөл бойынша әрекет етуге үйрету,өздеріне керекті нәрсені құруға үйретіп ,балалардын мейірімділік қарым-қатынасын орнату .Балаларға ойында қоршаған ортадан алған білімдерін көрсете білуге үйрету . **Жағдаят:** Үстелді таңдау; Ас мәзірімен танысу; Тапсырысты қабылдау ; Тапсырысты орындау; Менеджермен жұмыс (шағым,алғыстар); Тапсырысқа төлеу; Үстелді жинап ,ыдыс аяқ жуу.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Сауат ашу негіздері **Міндеті:** Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен атай білу дағдыларын бекіту сызба бойынша сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен атай білу дағдыларын бекіту. **«Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы** **(**Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға фишка беріп отырады) – Айсұлу бізге -та буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: тарақ, тамыз, тал, табыс, тап, тапқыр, тау, тауық, таутеке, тазы, тамызық, таға, тақылдақ, таң -ба буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру, сөйлем сөздерден тұратынын түсіну әр дыбыстың сөздегі орны аса маңызды екенін түсіндіру. **«Дыбыстың сөздегі орнын тап» дидактикалық жаттығуы** Педагог сөз сызбасын тақтаға іледі. – Балалар, піл, апа, қап сөздерінде «п» дыбысы қай жерде орналасқанын табайық. Сызбаларға белгілейік. Балалар піл сөзінде «п» дыбысының бірінші тұрғанын, апа сөзінде ортасында тұрғанын, қап сөзінде соңында тұрғанын айтады	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу . Балаларды дыбыстың сөздегі орнын таба білуге үйрету. **«Дұрыс тап» дидактикалық ойыны** – Балалар, мен тақтаға сызба ілемін, сендер мен айтқан дыбыс сөздің қай жерінде тұрғанын, яғни басында, ортасында, соңында тұрғанын тауып, төртбұрышты бояйсыңдар. Сендер бір төртбұрыштың бір дыбыс екенін білесіңдер. Л дыбысын орнан анықтаймыз.	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** - -Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру сюжеттік бірізділікті сақтап, көңіл күймен, қисынды мазмұндауға дағдыландыру Қазақстанның жері кең-байтақ, табиғаты бай, егемен мемлекет. Қазақстанның астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы Сарыарқа даласында, Есілдің жағасында орналасқан (картадан көрсету). Біз – Қазақстан азаматы екендігімізді мақтан етеміз. Қазақстан – біздің Отанымыз. Педагог «Тәуелсіздік күні» слайдын көрсетіп, әңгімелейді. – Бүгін Әлия Дәулеткелдінің «Тәуелсіздігіміз мәңгілік» атты әңгімесімен танысамыз.	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** - Допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр). Малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алуға үйрету **«Қазан» –** 2,5 м арақашықтықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды (асықтарды) лақтыру. Б.қ.: аяқты иық деңгейінен алшақ қою: оң аяқты артқа жіберіп, оң қолды шынтақтан жартылай бүгіп, кеуде тұсында ұстап тұру. Асықты лақтырар алдында алдымен қолды төмен түсіріп, сонан соң артқа жібереді, ал лақтыру кезінде қолды алдыға жіберіп, жоғары көтеріп, сонан соң асықты лақтырады. Құрсауларды (4 құрсау) айнала шеңберге тұрады. «Қазан» ішіне көп асық тастаған бала жеңімпаз атанады

	Мысалы: балық, батпақ, бақа, бағдат, бақ, бақ-бақ, банка, бақыр, Бағжан, байғазы, бай, байлық, базар, Базаргүл, балшық -са буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: сағыз, сабын, салт, Самал, сарай, сары, сай, самал, сал, сауық, сауыншы, сатушы, сауап, сауықшыл, сан Ойын соңында фишкасы ең көп бала жеңімпаз болады		Мысалы: (п) піл, апа, қап. Есімізде сақтаймыз: берілген дыбыс сөздің басында, ортасында, соңында болуы мүмкін	Әңгіме – болған оқиғаның желісі бойынша жазылады. Педагог әңгімені оқиды, мазмұнын түсіндіреді (қосымшаны қараңыз).	

Үзіліс:

Дидактикалық ойын: «Кім болғым келеді?»
Мақсаты: Мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы зейіндерін дамыту.Олар қандай заттармен қолданатыны жайлы түсінік беру.
Ойынның шарты:Тәрбиеші картиналарды көрсете отырып,былай деп сұрайды, «Дәрігер не істейді? Жүргізуші не істейді? Мұғалім не істейді? Тігінші не істейді?» Балалар қай мамандық иесі екенін қандай құралдармен жұмыс істейтін жайлы айтады.
Ықтимал күрделендіру:тез ойла
Ойынның нұсқаулары:Балаларға мамандық иелерінің суреттері таратылып беріледі.

Ойын: «Оюларды құрастыр»
Мақсаты: Қазақ халқының қолданбалы сәндік өнері туралы балаларға түсінік беру. Ою-өрнектің түрлерімен таныстыру, ою-өрнектерді құрастыра білуге, түстердің үйлесілімділігін үйрету.Танымдық қабілеттерін арттыруБалалар өз елін, халқын сүюге қазақ өнерін құрметтеуге тәрбиелеу.Ұлттық мақтаныш сезіміз ояту.Эстетикалық талғамын ұштау.
Қолданатын көрнекіліктер: Оюлардың қиылған суреттері
Ойын шарты: Қазақтың ұлтық әр түрлі оюлармен сәндей білу,оюларды құрастырып аттарын атау.



3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Міндеті:** - Мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың	**Қазақ тілі** **Міндеті**: Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту әртүрлі мамандық иелері	**Дене шынықтыру** **Міндеті: -** Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, Гимнастикалық орындық үстінде асықтарды алдында,	**Математика негіздері** Әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және	

	еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету **Ойын: Кім не істейді?** Ұшқыш ұшады. Ғарышкер ұшады. Дәрігер емдейді. Құрылысшы үй салады. Сатушы сатады. Балалар сөйлемдерді қайталайды. «Кім болып істейді?» сұрағымен таныстырады. Ата-аналарының кім болып істейтінін сұрайды. – Сенің әкең кім болып істейді? Сенің анаң кім болып істейді? Балалар Менің есімдігін жауаптарында қолданады. Ата-аналарының мамандықтарын атайды. – Менің әкем құрылысшы болып істейді. – Менің анам дәрігер болып істейді.	туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету **Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).** Ұ-ұ-ұш- ұш-қыш – ұшқыш. Ә-ә-ә-дә-рі-і-і-гер – дәрігер. Қ-қ-қ-ұ-ұ-құ-құр-ыл-ыс-шы – құрылысшы. Ғ-ғ-ғ-ғ- ға-ға-рыш-кер- ғарышкер **Жаңылтпашпен таныстыру.** Ұшқыш меңгергенді Дәрігер меңгере ала ма? Дәрігер меңгергенді Ұшқыш меңгере ала ма? Жаңылтапшты қатты және ақырын әрі жылдам айтқызу	артында ұстап, тепе-теңдік сақтап жүру **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Үшінші артық» (3 рет)** Бір-бірінің желкелерінен қарап, екі-екіден үлкен шеңбер құрып тұрады. Жұптардың арақашықтығы – 2-3 адым. «Артық» ойыншы қашады, жүргізуші оны қуады. «Артық» бала кез келген жұптың алдына тұра қалады, енді қатарда үшінші болып тұрған бала қашады. Жүргізушіге ұстатпауға тырысады	салыстыру **Мақсаты** Балаларды «=» белгісімен, оның мәнімен таныстыру; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау; санау, салыстыру, санды цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту тапсырма Педагог пазл бөліктерін санауға, сәйкес санмен байланыстыруға ұсынады. Сосын қай бөлшек көбірек болса, сол бөлшектерді әртүрлі түстермен бояуды сұрайды. Балалар бөлшектерді санайды сәйкес цифрмен сызып қосады	
Үзіліс:					

Сюжеттік ойын: **Тақырыбы: «Сән ательесі»** ***Мақсаты:*** Балаларға суреттен көрген киімдердің аттарын атап,киімдер мен ұлтық киімдерді ажыратып топтастыруға баулу, мата түрлерін ажырата алуға үйрету,қайсынан қандай киім тігеді жайлы түсіндіру. **Көрнекілік:** жаңаша киімдер,ұлттық киімдер **Ойын барысы** : бірнеше матаның қиықтары алып,қайсысынан қандай киім тігуге болатындығын тауып,суретке бейнеленген киімнің тұсына қоюды ұсынады. 	***Сюжеттік ойын:*** **Тақырыбы: «Азық - түлік дүкені»** ***Мақсаты:*** Балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу. **Қажетті атрибуттар:** ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, папье-машеден жасалынған тағам түрлері, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер. **Ойын шарты.** Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатып, әбден жаттыққаннан кейін үш дүкенді қатар ашып ойынды күрделендіру. Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир, қалғандары тұтынушылар. Тәрбиеші ойын ережесін түсіндіреді. Ереже бойынша сатушылар да, тұтынушылар да бір-бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рахмет айтуды ұмытпауы керек. Сатушыда өз кезегінде «Тағы да келіп тұрыңыз», - деп ілтипат білдіреді. Бірінші ойыншық дүкенін ұйымдастыру. Ойыншық сөресінің жанына үстел қойылып сөреде «Дүкен» деген жазу ілулі тұрады. Кассирдің алдында есепшот, ақша салатын қорап, ақ қағаз, қарындаш. Ойыншық алғысы келген балалар ең әуелі кассирге ақшасын төлейді. Не алғысы келетінін айтады. Кассир чек жазып береді. Чекті алып сатушыға береді. Сатушы «тағы да келіп тұрыңыз» - дейді. Тәрбиеші ойынға жалпы басшылық жасайды.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Шығармашылық бейнелеу әрекеті **Міндеті:** - Балаларға мерекелердің мәнін түсіндіру, өз жұмысының нәтижесін бағалу -Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау -- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару -- Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру Жаңажылмерекесітуралытүсінікт ерін арттыру - Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұтырға орналастыру -- сюжеттік композициялар жасайды, оларды сәнді бөлшектермен толықтырады - Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау Жаңа жыл мерекесі туралы түсінік беру, қиялдау, елестету дағдыларын дамыту **Топтық жұмыс**	**Қоршаған орта** **Міндеті:** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту жанды және жансыз заттардың түрлерін атап береді; бақылаулардың нәтижесін табиғат күнтізбесінен, суреттерден көрсетіп бере алады Табиғат – адамның көмегінсіз тіршілік етеді. Ал адамның қолымен жасалған заттардың бәрі табиғат нысаны болып табылмайды. Табиғатты: Жанды табиғат әлемі және жансыз табиғат әлемі деп екі үлкен бөлікке бөлуге болады. Содан соң педагог жанды табиғат дегеніміз не екенін анықтауға шақырады. Қуаныштың өтінішін орындап, терезе алдына келіп қоршаған ортаны эпизодтық бақылауға шақырады	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, . «Ажарлы қыс» үлгі суреті бойынша әңгіме құрауға үйрету **«Айырмашылығын тап».** Екі аққаланың суреті беріледі. Суретке қарап, аққалалардың айырмашылығын табу керек	**Музыка** **Міндеті:** -Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру Музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру. **Музыка тыңдау:** «Қыс» (А. Вивальди, үнтаспадан) Ән айту: «Ақша қар» (К. Қуатбаев) «Ақша қар» (Е. Өміров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен) Билер: «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский үнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Жылдам құрастыр» Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Жұбымен шеңбер бойымен жүру Баланың денсаулығын нығайтуға арналған жұмыстарды жалғастыру **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қасқыр мен лақтар». (3 рет)** **Ойын шартын** естеріне түсіреді. Қарама-қарсы жаққа тек белгіден кейін ғана жүгіреді. Залдың бір шетінде тұрады. Зал ортасында «қасқыр» тұрады. «Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке-ақ. Кетесің кейде секеңдеп, Байламаса көкем кеп». Белгіден кейін залдың екінші шетіне «лақтар» жүгіреді, «қасқыр» оларды ұстап алуға тырысады.
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	
Серуен	***Желді бақылау*** ***Мақсаты: желдің бағытын қалай, нелерарқылы анықтауға болатынды-ғын,баяу, жылдам сөздерінің мағнасын түсіндіру*** ***Сұрақ:*** ***- Желдің бағытын, күшін қалай біліп, анықтауға болады?*** ***- үй мұржаларынан шыққан түтіннен,*** ***- қағаздың ұзыншалау кішкентай кескінділерінен*** ***- орамалдардың қозғалысынан анықтап білуге болады.*** ***Көркем сөз*** ***Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр – жерге жауған нұр.***	*Аула сыпырушы еңбегімен танысу* *Мақсаты: аула сыпырушының қыс кезіндегіеңбегі, оның жұмысы туралы балалардыңтүсінігін толықтыру.* *Бағбандардың еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу.* *Тапсырма: «Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңілдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру.* *Тақпақ:* *Қолынакиіп қолғапты,* *Ауланы ағай сыпырды.* *Тазалап қарды мұздарды,* *Бәрімізге олжол ашты.* *Қимылды ойын: «Сауықшылар»(қысқы спорт ойындары.)*	*Мұз сүңгісін бақылау.* *Мақсаты: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қортынды жасай білуге үйрету.* *Тапсырма: «Сүмелек мұз» тақырыбына сурет салу.* *Сұрақтар:* *Сүмелек мұз жөнінде не айтуға болады?* *Ол қандай? Сәбіз сияқты* *Сүмелек мұз қай жерде, қалай пайда болады?* *Күнгей жақта ма, әлде терістік жақта ма?* *Олар қайдан пайда болады?*	***Қайың ағашын бақылау. (Қиялдау)*** ***Мақсаты: қайың ағашының қысқы көркін бақылау.*** ***Балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу.*** ***Тапсырма: ағаш туралы суреттер бойынша шығармашылық әңгіме құрастыру. Әр балаға суреттер таратылады.*** ***Көркем сөз*** ***Ағаштар тұр жүдеп,*** ***Жапырақ сәні енеді.*** ***Соғады жел үдеп,*** ***Қыстың кеп сәлемі.***	

	Қимылды ойын: «Әткеншек» ***Мақсаты: алғашқыда асықпай, сонан соң тез айналып жүгіру.*** ***Еңбек:алаңшаны көркейту үшін түрлі-түсті мұз кесінділерін дайындап қою.***	*Жеке жұмыс: «Кім алысқа секіреді?»* *Жүгіріп келіп ұзындыққа секіру.* *Жаңылтпаштар:* *Қаңтар айы болды, күн суытты* *Қалың қар жауды, боран соқты.* *Жапалақтап ақ қар жауды* *Еңбек: аула сыпырушыға балабақшаның ауласын сыпруға көмектесу*	*Осыдан қандай қортынды жасауға болады?* *Көркем сөз:* *Көл бетінде жатыр айдын –* *мұзойнақ,* *Қыстың өзі жасағандай бізді ойнап,* *Шаңғы теуіп жарысамыз желменен,* *Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап.* *Мұзафар Әлімбаев* *Қимылды ойын: «»Үйсіз қалған қоян* *Мақсаты: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру.*	***Еңбек: қайың ағашының түбіне қар жинау.*** ***Мақсаты: балаларға ағаштың түбін қармен жабудың сырын, пайдасын түсіндіру.*** ***Қимылды ойын: «Біз көңілді баламыз»*** ***Жеке жұмыс: «Жұмбақты шеш» сюжетті ойын ойнату.*** ***Жұмбақ:*** ***Жазда жатсаң көлеңкесінеалады,*** ***Қыста жақсаң, жаның рахат табады.*** ***Ағаш***	
Балаларды үйге қайтару	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ

Мектепалды даярлық О «Ә» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі **1-апта** 8 – 12 қаңтар 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Д/ойын: «Қарап ал да есіңе сақта»** ***Мақсаты:*** балаларды көрген суреттерді есі не сақтап,көз алдына елестете отырып ,әр қайсысын ретімен атап шығуға ,үй жануарларының,аңдардын және құстардың жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. ***Көрнекіліктер***: үй жануарлары,аңдардың,құстардың суреттері.	**Д\ойын «Ғажайып қоржын»** **Мақсаты:** Балаларды заттарды тиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету. **Ойын шарты**: Қоржындағы затты сипап біліп атау. Бала затты дұрыс сипаттап бергеннен соң ғана зат қаптан алынып, балаларға көрсетіледі, ал дұрыс аталмаса қаптан алынбайды. **қажетті құралдар**: Ғажайып қоржын. Балалар санына сәйкес, таныс ойыншықтар.	**Д/ойын:«Экологиялық пирамида».** **Мақсаты**: Балаларды логикалық ойлай білуге, әр сатыны таңдауын негіздей отырып, экологиялық пирамида құрастыруға үйрету. Табиғаттағы барлық нысандардың өзара байланысын көре білуге баулу.	**Д/ойын: «Зоологиялық домино».** **Мақсаты:** Балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; ұғымталдыққа, зейін қоюшылыққа баулу. **Ойын ережелері:** Кімде-кім өз карточкаларын бірінші болып қойса, сол жеңімпаз болады. Жүрісті жіберіп алмай, карточканы дер кезінде қойып, мұқият болу.	**Д/ ойын:Не артық?** **Мақсаты**: Балаларды суретке қарап,оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. **Көрнекіліктер**:әр түрлі құстар мен үй жануарлары бейнеленген суреттер.
Жаттығу	Жаттығу кешені № 9				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Сәлем саған-Жер ана! Сәлем саған-Нұрлы күн! Аман-есен болайық, Бейбітшілік қалайық. Біз әдепті баламыз, Біз ерекше баламыз, Қонақтарды көргенде Амандасып аламыз.	Табиғат қандай тамаша, Тоймаймыз біз де тамсана. Балықтар шіркін жүзеді, Табиғаттың жыры көп, Табиғаттың сыры көп.	Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған. Сен күнсің көтерілген күліп қырдан. Сен көлсің, сен ормансың. Сен - бұлбұлсың, Адамға сұлулықты шын ұқтырған!	Табиғатқа қамқор боп, Байлығын біз қорғайық. Әдепті да, тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық.	Біз балдырған тең басқан, Дос құшағын елге ашқан. Тілегіміз тыныштық, Ашық болсын көк аспан. Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті:** -Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану : Әңгімемен таныстырып, мазмұнын айтуға үйрету –Бүгін қай күн? –Кеше қандай күн болды? –Ертең қандай күн болады? –Бүгін ауа райы қандай? –Табиғат өзгерістерін атайық Мақал-мәтелдер: 1.Ағаш – тамырымен, адам – достарымен мықты. 2.Адамға үш нәрсе көмек: шөл далада қазылған құдық, салынған көпір және жол бойына егілген ағаш. 3.Қарағайға қарап – тал өсер, Қатарына қарап – бала өсер. Педагог: – Балалар, сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар ма? Тақтаға ертегі мазмұнына байланысты сурет ілінеді. Алдымен балаларды екі топқа бөліп, бір топқа «шыршаның», екінші топқа «қайыңның» сөзін педагогтің соңынан қайталап отыруды ұсынысады. Педагог М.Төрежановтың «Біз де ойнаймыз» әңгімесін оқып береді.	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** - Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айт- әдеби шығарманы мәнерлеу құралдарына байланысты қабылдауға дағдыландыру Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: –Өлең қалай аталады? –Өлеңде не туралы айтылған? –Саған ұнады ма? –Жақсы деп қандай баланы айтамыз? Жаман әдет деп қандай әдетті айтамыз? –Сен қандай бала болғың келеді? Өлеңнің бірінші жолы қалай басталады? Педагог «Жақсы мен жаман» өлеңін эмоциямен 2-3 рет қайталап оқиды, бірге жаттайды. Педагог сөйлемнің басын оқып, балалар жалғастыратын жаттату тәсілін пайдаланады. 3-4 бала өлеңді жатқа айтады.	**Математика негіздері** **Міндеті:** - Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту : заттың бірнеше тең бөлікке бөлінуі туралы ұғым қалыптастыру **Практикалық жұмыс жүргізеді** Педагог балаларға қызыл және жасыл шеңберлерді көрсетеді. -Фигуралар қалай аталады? (дөңгелек) Қызыл дөңгелекті алып, екіге бүктейді, оны қиып бір-біріне беттестіреді, бөліктер бірбірінің үстіне қойылған кезде сәйкес келеді. -Дөңгелектер қандай бөліктерге бөлінді? (тең) -Неше бөлік шықты? (екі) -Бұл бөліктер "дөңгелектің жартысы" деп аталады. Уақыт беріп, дөңгелекті екі бөлікке қиюға көмектеседі. Педагог жасыл дөңгелекті алады. Екі рет бүктеп, тең төрт бөлікке қиып, бір-біріне беттестіріп сәйкес келетінін көрсетеді. - Дөңгелек қандай	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** -Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою Нақты қимыл-қозғалыс жасай білу қабілеттерін қалыптастыруды жалғастыру, анализатор орталықтарын белсендіруге мүмкіндік жасау І.«Құмырсқалар соқпақпен келеді». Шеңбер бойымен тізбектеле бағытты өзгертіп жүру және жүгіру. Бір тізбекпен жүру, орташа қарқынмен жүгіру. «Артқа бұрыл!» бұйрығы бойынша бағыттарын өзгертіп жүгіреді. Тізбектен шықпай қозғалыста қимылдарын үйлестіріп жүруге, жүгіруге тырысады. Заттар арасымен (томаршалар) және заттарды аттап жүру және жүгіру.	**Математика негіздері** **Міндеті:** - 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру **:** заттың бірнеше тең бөлікке бөлінуі туралы ұғым қалыптастыру **«Дөңгелекті құрастыр» ойынын өткізеді.** Балалар дөңгелек жасау үшін, бөліктерді қосады. Бөліктерден бүтін фигура жасайды. Қорытынды, фигураны бөліктерге бөлуге және бөліктерден жинауға болады. –Шаршының жартысын жасауға тырысыңыз –Оны қалай жасауға болады? (жиектерін сәйкестендіріп шаршыны екіге бүктейміз). Сосын 4 бөлікке. (жиектерін сәйкестендіріп шаршыны төртке бүктейміз) Қорытынды жасайды, тең бөліктер бір-бірінің үстіне қойылған кезде сәйкес келеді және олардың атауы бар (жарты, ширек). –Біз шаршының жартысын кескенде, қандай фигуралар шықты? (Екі кішкентай тіктөртбұрыш). –Ал шаршының төрттен бірі? (Ол да шаршылар, бірақ кішкентай). –Жартылар тең бе екенін тексерейік. Оларды бір-бірінің үстіне

			бөліктерге бөлінді? (тең) - Дөңгелектің неше бөлігі пайда болды? (төрт) –Бұл бөліктер «төрттен бір бөлік» деп аталады. Уақыт беріп, шеңбердің төрттен бір бөлігін қиюға көмектеседі. Сонымен қатар педагог қосымша қоңыр жолақты алады. –Қазір бұл жолақ бүтін болып тұр. Педагог жолақты 3 тең бөлікке бөліп бүктейді. Бөліктер бойынша қиып, бір-бірінің үстіне қояды, бұл бөліктердің сәйкес келетінін көрсетеді. -Жолақты қандай бөліктерге бөлдім? (тең) -Қанша бөлік шықты? (үш) –Бұл бөліктердің әрқайсысын "үштен бір бөлік" деп атайды. Балалар «үштен бір бөлік» деп қайталайды. Балалар хормен бөліктердің атауын қайталайды (жартысы, төрттен бір бөлік, үштен бір бөлік) Уақыт беріп, жолақтың үштен бір бөлігін қиюға көмектеседі.		қойыңыз. Фигуралар сәйкес пе? Рас, бұл біздің фигурамыздың тең бөліктері. Жарты және төрттен бір фигурадан бүтін фигураны жасайды. Фигураны тең емес бөліктерге кесуге болады. Педагог қарапайым геометриялық конструкторды таратады (суретті 5-6 бөлікке кесуге болады) және фигураны (суретті) бүктеуді сұрайды. Тіктөртбұрышты бөліктерге кесуге болады және т. б. Осыдан кейін ол парталарға өрнек немесе ою-өрнек шығаруды ұсынады, мысалы,мынадай Проблемалық сұрақ: Не көп: бүтін бе, әлде бөлік пе? Талқылайды, бүтін бөліктен көп деген қорытынды жасайды
Үзіліс:Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар *«Допты қуып жет»*					
Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары: Сыйқырлы айнаға қарап отырып, араның масаның , шегірткенің, жыланның дыбыстарын салып көр. Осы дыбыстарды Тынымсыз Тіл ұнатады ма соны байқа. Ағайынды аралар. Ағайында арарармыз, Еңбек үшін жаралғанбыз. -з-з-з-з-з Шырын іздеп күні бойы Гүл бақшаны аралаймыз -з-з-з-з-з (Үш саусағыңды түйістіріп, ұшып жүрген араларға ұқсат, әрбір екі жолдан кейін аралардың ызылдағанын сал.) Жаман ара				**Ойын:** ***«Допты қуып жет»*** **Мақсаты:** Балаларды ептіліке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету. **Ойынның шарты:** Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға	

Қалмай ұшып соңынан, Ара қуды Мұратты. -з-з-з-з Шағып алып қолынан, Досымызды жылатты. -у-у-у-у (Араның дауысы мен баланың ара шаққандағы дауысын сал)		жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады. Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Сауат ашу негіздері **Міндеті:** Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу сөйлем құрауды үйретуді жалғастыру **«Артығын тап» ойынын ойнат**у. 1.Қыс, көктем, жаз, күз , үз. (үз) 2.Жел, жаңбыр, қар, боран, қуыршақ, бұршақ. (қуыршақ) 3.Шаңғы, коньки, шана, ана. (ана) 4.Әке, ана, ата, әже, аға, таға. (таға) 5.Таңқурай, құлпынай, бүлдірген, күлдірген. (күлдірген)	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** - Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. Сөйлем құрау, дыбыстық талдау жасау іскерліктерін қалыптастыру **Дидактикалық жаттығуы: «Сөзді аяқта»** –Мен сендерге сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтамын сендер соңғы буынды қосып сөзді аяқтап қайтадан айтасыңдар. Мысалы: аққа...ла, ба..ла, ба..нан, бан..тик, асқа..бақ, сә..біз, домбы..ра, қам..шы, балмұз..дақ, аялда..ма, дәріха..на, емха..на, балабақ..ша, бағдар..шам, қалам...сап, қыза..нақ, бұл..ақ, көзілді..рік, тоңазт..қыш, тер..ек, ша..тыр, ал..қа, апель..син, ау..ыл, ас...пан, қарын..дас, кер...ует, қа..зан, шаныш...қы, ба..лық, қал..қан, қаң..бақ, қа..мыр, шал..бар, кі..лем, жү..рек, жүге..рі, жұл..дыз. Әр дұрыс айтылған сөзге педагог жұлдызша беріп отырады. Ойын соңында жұлдызша саналып, жеңімпаз анықталады	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** -Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту **Дидактикалық ойын: «Буынды қос»(доппен)** – Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы:(ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады.	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** - - Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту . әдеби шығарманы мәнерлеу құралдарына байланысты қабылдауға дағдыландыру –Суреттен кімді көріп тұрсың? (Баланы) – Балаға ат қояйықшы. (Арман) – Арман не істеді? –Ал мына суреттен кімді көріп тұрсың? (Саматты) – Ол не істеп тұр? –Салыстырайық, кімнің істеген іс-әрекеті дұрыс? –Иә, Саматқа қамқорлық жасау әдеті жетіспей тұр екен. Біз Самат сияқты балаларға көмектесіп, қамқор болып, жақсы істерді үйретіп жүрейік. Енді жақсы және жаман әдеттер туралы әңгімелесеміз. –Бүгін біз автор Рахым Тышқанбаевтың «Жақсы мен жаман» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. –Жақсы бала – тілалғыш, тәртіпті, ойыншықты сындырмай, күтіп ұстайды, ақылды, таза жүреді. Тіл алмайтын, ойыншықтарды сындыратын, өзінен кішіні, құрдастарын ренжітетін баланы жаман әдеті бар дейміз. Педагог тақпақты оқып беріп, жаттатады.	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** - - Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. - Нақты қимыл-қозғалыс жасай білу қабілеттерін қалыптастыруды жалғастыру, анализатор орталықтарын белсендіруге мүмкіндік жасау **«Тауға өрмелеп шығу».** Гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеуге жаттықтыру. Қауіпсіздік техникасын сақтайды. Гимнастикалық қабырғаға жақындап келеді, әртүрлі тәсілмен өрмелейді. Қол мен аяқты үйлесімді түрде қозғауға тырысады. Ең жоғарғы тепкішекке дейін шығып, ең төменгі тепкішекке дейін түседі. Тепе-теңдік – жерде созылып жатқан арқан үстімен басқа зат қойып, тепе-теңдік сақтап жүруге жаттықтыру. «Құмырсқаға үй тұрғызу»: поролон кірпіштерді қалап, үй тұрғызады.

				Жақсы мен жаман Жақсы бала ол анық, Істемейді шалалық. Тап-таза боп жуынып, Жүреді ол таранып.	

Үзіліс: Үстел үстінде ойналатын ойындар.

Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ **Ойын:***Жүретін саусақтар.* **Мақсаты:**Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту. **Керекті құралдар:** Суреттері бар кітапшалар. **Шарты:** Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады.		**Ойын: «Сарбаздарға не керек?»**(5-10 мин) **Мақсаты:** Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу. **Керекті құралдар:**ойынға керек ресурстар. **Мазмұны:** Ортаға 1 қатысушы шақырылады. Маңдайына сурет қойылады. Бұл суретті қарама – қарсы отырған бала мимика арқылы қатысушыға көрсетіп, түсіндіреді. Ал ойынға қатысушы оны табу керек болады.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Міндеті:** - Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру	**Қазақ тілі** **Міндеті -** - Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, шағын мәтін құруға жаттықтыру. Ойын жаттығуы: «Сен қайда тұрасың?».	**Дене шынықтыру** **Міндеті**: - Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ	**Математика негіздері** **Міндеті:** - Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару; қарапайым мысалдар мен есептерді шығару білігін қалыптастыру	**Қоршаған орта** **Міндеті: -** Өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу дүниетанымын дамытуға жағдай жасау; көптеген заттардың

	Сурет бойынша жұмыс. – Мынау – пәтер. Мынау не? – Мынау – пәтер (жеке-жеке жауап береді). – Пәтерде (үйде) бөлмелер бар. Мынау – бөлме. – Сенің пәтеріңде (үйіңде) неше бөлме бар? Бөлмелерді санайды. Суреттер арқылы әр бөлме (балалар бөлмесі, дәліз, асүй) қалай аталатынын айтады. Ондағы таныс заттарды естеріне түсірту. – Мынау – дәліз. Дә-ліз. Дәліз үлкен. Дәлізде шкаф тұр. Шкафта нелер болады? (Киім). – Мынау – балалар бөлмесі. Балалар бөлмесінде нелер бар? (Ойыншықтар, кітаптар). – Мынау қандай бөлме? – Мынау – асүй. Мынау – ... – Асүйде нелер бар? (Орындықтар, үстел, ыдыс ...)	Мнемо кесте арқылы әр бала қайда тұратынын айтады. – Қай көшеде, қандай үйде тұрасың? Педагог балалармен бірге мнемо кестедегі символдар нені білдіретінін талқылайды. – Мен ... (көшенің аты) көшесінде, 2 қабатты (көпқабатты) үйде тұрамын. – Сенің пәтеріңде (үйіңде) неше бөлме? – Сенің пәтеріңде (үйіңде) қандай бөлме бар? Суретпен жұмыс. – Мынау – балалар бөлмесі. Мынау қандай бөлме? – Мынау – балалар бөлмесі.	бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге және түсуге үйрету . І«Көңілді шарлардың» тапсырмасын балаларға айтады. Бір тізбекте жүреді, жүгіреді. Көңілді шар көрсеткен тапсырманы орындайды: жүгіріп келе жатып тоқтайды, бағыттарын өзгертіп жүгіреді. ІІ. ЖДЖ-ны текшемен орындайды (№2): Негізгі қимыл-қозғалыстарды топ болып орындайды № 2 сурет. Шұңқырға секіру: 30 см биік заттың үстінен белгіленген жерге дәл секіріп түсулерін бекіту (6 рет). Тепе-теңдіктерін сақтап, дене бітімдерін түзу ұстауларын қадағалау. Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. 30 см биік заттың үстінен белгіленген жерге дәл секіреді. Шеңбер ішіне аяқтың ұшымен түседі. Қолдарын еденге тигізбеуге тырысады	Үлестірмелі материалмен жұмыс. Практикалық жұмыс ұсынылады. Алдарыңа 5 дөңгелек қойыңдар. Үш дөңгелекті алып тастаңдар. Неше дөңгелек қалды? Педагог тақтаға сандар мен таңбаларды іледі. Жұптық жұмыс. Педагогті мұқият тыңдап, есептерді шығарады. Педагогтің нұсқауы бойынша фигураларды шығарады, қалғанын санайды, өздерінің іс- қимылдарын түсіндіреді. Демонстрациялық материалмен жұмыс Педагог 15-кестедегі суретті көрсетеді. Балалар демонстрациялық материалдың 21-кестедегі цифры бар карточканы көрсетеді	адам қолымен жасалатындығын түсіндіру; кез келген затқа ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу **Табиғи заттармен жұмыс**: түрлі өлі табиғат заттарын таратып беру. — Алдарыңдағы заттарды қара. Оларды ата. Оларды қайдан кездестіресің? **Ойын. «Ажырата біл!».** Ойын барысында мұғалім тірі және өлі табиғат заттарын араластырып айтады. Өлі табиғатты атағанда оқушылар қол соғу керек. Сонан кейін оның неге өлі табиғат екенін дәледдейді. Оқушылардың логикалық ойын дамытуға арналған сұрақтар мен тапсырмалар беру: -Су қыста қандай түрде кездеседі? -Суды қолға үйіп ұстауға бола ма? -Су қайнағанда неге йналады? -Мұз ерігенде не пайда болады? Осының негізінде өлі табиғатқа енетін су туралы не айтуға болады? Мұндай тапсырмалар сыныптағы оқушылардың ізденушілігін арттыру, сабаққа қызығушылығын тудыру . Мұндағы мақсат өлі табиғат заттарының бір күйден екінші күйге ауысатындығы туралы

					түсінуінің алғашқы шартын жасау.

Үзіліс: . Қозғалмалы зерек ойындар «Өзен»ойыны

Еліктеу ойындары:
"Кім жақсы айтады"

Р-р-р-ррр

Ы-ы-ыы-ыыы

Гүлдерді иіскейік. Балалар, біз өзімізді гүлдер бағында жүрміз деп елестетейік. Гүлдер әдемі және хош иісті болады. Кәне, гүлдерді иіскеп көрейікші. Жаттығу 2-3 рет қайталанады.

Ойын: «Өзен»
Кішкене өзен арқылы.
Мақсаты: балаларды ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Бірі бәрі үшін, Бәрі бір үшін. Сезімін қалыптастырады және достыққа тәрбиелейді.
Көрнекіліктер:тақтай,жіп.
Шарты: Тәрбиеші екі сызық сызады да (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – «өзен», - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: «Көпір арқылы жүруді үйренейік», - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, тәрбиеші балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Шығармашылық бейнелеу әрекеті **Міндеті:** -- Балаларды қазақтың қонақжайлылығымен таныстыру; -- Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану -- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру -- Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру мерекелік дастарханды бейнелей бідуге үйрету **Топтық жұмыс**	**Қоршаған орта** **Міндеті:** -Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. Балалардың «Өлі және тірі табиғат» тақырыбында білімдерін тереңдету, қоршаған орта жайлы танымдық әрекет шындау. Балалардың ақыл - ойын, түсінігін, білімін, табиғат туралы білімін, қызығушылығын зейінін дамыту. Тірі табиғат — олар өседі, қоректенеді, тыныс алады, тұқым шашады. Оларға адамдар, жан — жануарлар, өсімдіктер, құстар, жемістер, көкөністер, балықтар жатады. Электронды оқулықтан көрсету. Өлі табиғат — қоректенбейді, өспейді, тұқым шашпайды. Оларға су, тас, тау, күн, ай, құм жатады. Бірақ тіршілік атаулы оларсыз өмір сүрмейді.	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** -Балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға баулу Дидактикалық ойындар арқылы дыбыс туралы алған білімдерін бекіту. Дидактикалық ойын: «Берілген дыбысқа сөзді ата». Ойын шарты: Ойынды педагог бастап, бір сөзді айтады, сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, ойынды жалғастырушы бала сол дыбыстан басталатын жаңа сөз айтуы тиіс. Ойын осылай жалғасын табады. Педагог: Шырша	**Музыка** **Міндеті:** --Қазақ халқының би өнерімен таныстыру Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. **Музыка тыңдау**: «Вальс» (С. Майкапар) Ән айту: «Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев) «Ақша қар» (К. Қуатбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Аюлар биі» (Е. Тиличеева) Билер: «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Төмен және жоғары дыбыстар» ойыны Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)	**Музыка** **Міндеті:** - Балаларға «Қаражорға» биін билету Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. **Музыка тыңдау**: «Вальс» (С. Майкапар) Ән айту: «Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев) «Ақша қар» (К. Қуатбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Аюлар биі» (Е. Тиличеева) Билер: «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Төмен және жоғары дыбыстар» ойыны Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)

Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	**Бақылау:** Аязды бақылау. **Мақсаты:** Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жібе руі де мүмкін екенін, сол үшін де колғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру. **Еңбек:** Ауладағы қарды күрею.**Мақсаты:** Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету. **Қим.ойын**: «Сырғанақ тебу». **Мақсаты:** Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шанамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету. **Жеке жұмыс:** **(** Нұрали, Бекарыс, Тілекжан, Аяулым**)** Жұмбақ. Терезеге қонады, Әсем ою ояды.(Аяз). **Мақсаты:** Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау қабілет терін дамыту, сөздік қорларын молайту.	**Бақылау:** Мұзды бақылау. **Мақсаты:** Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру. **Еңбек:** Тайғанақ жерге құм себу. **Мақсаты:** Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне беріл ген тапсырманы тия-нақты орындауларын қадағалау. Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату. Жаңа жыл,жаңа жыл, Жаңа жылда-жаңа нұр.	**Бақылау:**Ауа-райын бақылау. **Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. **Еңбек:** «Таза алаң». **Мақсаты:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. **Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов «Күшік».** **Мақсаты:** Үн дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. Е.Өтетілеуов. «Күшік». Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап **Ойын:** «Қасқыр мен қаздар». **Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. **Қимылдық ойын:** «Тымпи-тымпи».	**Бақылау:** Қарды бақылау. **Мақсаты:** Қыс мезгілінің ерекшелік терін айту.Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тоңады, жылыға ериді.Ойлау қабілетін дамыту. **Тақпақ:** Аппақ көше, бар дала, Аппақ ой мен қыраттар. Ақ шатырлы қар қала, Ақ жамылып тұр бақтар. **Еңбек:** Ағаштар түбіне қар үю. **Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру. **Жеке жұмыс: «**Қыс қызығы»тақырыбында әңгіме құрату. (Абдубақыт, Айару, Данагүл, Дильназ) **Мақсаты:** Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету. **Ойын: «**Қардан түрлі бейнелер жасау». **Мақсаты:** Ойынға қызығушылығын арттыру.	**Бақылау:** Күнді бақылау. **Мақсаты:** Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. **Еңбек:** «Қыс қызығы». **Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) **Мақсаты:** Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықта-рын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру. **Қимылды ойын:**«Айгөлек». **Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшан-дыққа ,ептілікке баулу.
Балалар дың үйге қайтуы	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ

Мектепалды даярлық О «Ә» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі **2 -апта** 15 – 19 қаңтар 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға жыл мезгілдеріндегі өзгерістерді, жыл айларын, апта күндерін ажыратып айта алады				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Д/ойын:«Ғажайып қоржын»** **Мақсаты:** Балаларды заттарды қолдарымен, сипаптиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету. **қажетті құралдар**: Ғажайып қоржын. Балалар санына сәйкес, таныс ойыншықтар.	**Д\ойын«Бұл қай кезде болады»** **Мақсаты:** Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау пысықтау тиісті белгілерін атату, тілдерін жетілдіру, танымдылықтарын, ұстамдылықтарын дамыту. **Қажетті құралдар:** Жыл мезгілдеріне байланысты 3-4 сурет	**Д/ойын:« Өз жұбыңды тап»** **Мақсаты:** Санды көру, есту және қимыл арқылы қабылдау қабілеттерін пысықтау. **Қажетті құралдар:** Цифрлар бала санына	**Д/ойын:«Қателесіп қалма?».** **Мақсаты**: Жылдам ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың күннің әр түрлі мезгілінде не істейтін туралы біліктерін нығайту. **Қажетті құралдар:** текше	Д/ ойын: «Гүл шоғын құрастыр». Мақсаты: Бақшада, далада, орманда өсетін гүлдерді дұрыс тауып, аттарын есте сақтауға үйрету. Ойынның ережелері. Гүлдің кімге арналғанын, Қайда өсетінін және қалай аталатынын көрсету.
Жаттығу	Жаттығу кешені № 10				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	Жер-Ана, сағанмыңалғыс, Сыйлайсыңбізгеқуаныш. Жазда, күзде, қыста да, Көркемсің көктем тұста да!	Көк аспанда күнкүлсін, Бірге күлсін бүлдіршін. Көк аспанда күн күлсін, Жерге ұдайы нұр құйсын. Көк аспанда күн күлсін, Ұл қолында ту жүрсін. Қыз қолында гүл жүрсін, Көк аспанда күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін.	Күндей жадырап, Айдай арайлап, Жұлдыздай жарқырап, Судай мөлдір таза көңілмен Бүгінгі күнді бастайық.	Жарқырап,күн де ашылды Айналаға гүл шашылды. Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Қайырлыкүн! Бізсүйкімдібаламыз	Армысың шапағатты Күн-Ана! Армысың қайырымды Аспан-Ана! Армысың мейірімді Жер-Ана! Құт дарыт, бар әлемді жарылқа!
1 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
Мектепке дейінгі ұйым	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** -Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу	**Көркем әдебиет**	**Математика негіздері** **Міндеті:** - Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** - Гимнастикалық қабырғаға	**Математика негіздері** **Міндеті:** - Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін,

кестесі бойынша ҰІӘ	«Ақсақ құлан» аңызын мазмұны бойынша әңгімелету –Балалар, құлан – жылқы тектес жануар. –Сендер жылқыны білесіңдер ме? –Құланың да, жылқы сияқты, жалы бар, бірақ ол – жабайы жануар. Ертеде аң сияқты, құланды да аулап етін жеген. –Мен сендерге «Ақсақ құлан» аңызын оқып берейін. Аңыз – бұл түп нұсқасы болған оқиға. Ауыздан-ауызға ұмытылмай жеткен оқиғаны аңыз деп айтамыз. Қазір мен сендерге «Ақсақ құлан» аңызын мәнерлеп оқып беремін.	**Міндеті:** - Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. -Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру 1.Суретті қара. Ертегінің жүйесін сурет бойынша баянда. Ертегі кейіпкерлерінің қимыл-әрекетін және эмоциясын келтір. 2.Жұмбақты шеш. Ә дегеннен тап береді, Тап бергеннен қақ бөледі. (Балта) Ескегі бар, жүзбейді, Ұшудан үміт үзбейді. (Желдиірмен)	шығару; қарапайым мысалдар мен есептерді шығару білігін қалыптастыру Суретті қарайды, есеп құрастырады, шығарады. Педагог есеп құрастырудың үлгісін көрсетеді: аквариумда қызғылтсары түсті 3 балық және күлгін түсті 2 балық жүзіп жүрді. Аквариумда қанша балық жүзіп жүр? - Балалар үлгіге сүйене отырып, қалған суреттердегі тапсырмаларды құрастырады, шешеді, жауабын атайды. -Екінші аквариумда неше балық бар? Олар бірдей ме? -Үшінші аквариумда неше балық бар? Балалар сұрақтарға жауап береді. Аквариумдағы балықтарды санап, есеп құрастырады	қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею - Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге және түсуге үйрету Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге және түсуге үйрету, қол мен аяқты үйлестіріп қозғау шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру (тіркемелі адыммен адымдау, саты тепкішектерін қолмен ұстап).	ені мен жуандығын анықтай білу шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру **Проблемалық іздеу тапсырмасы:** Кәділердің ұзындығын қалай салыстыруға болады (бір-бірінің үстіне салу арқылы)? Педагог: Кәділерді сабағынан үзбей өлшеуге бола ма? Заттың ұзындығын өлшеуге арналған басқа да тәсілдер бар. Кез келген затты шартты өлшемнің көмегімен өлшеуге болады. Шартты өлшем ретінде таспаны, бауды, қаламды немесе кез келген басқа затты пайдалануға болады. Бүгін біз шартты өлшем ретінде жасыл қағаз таспаны пайдаланамыз. Менің қалай өлшейтінімді мұқият қараңдар. Екеуінің де бұрышын бір-біріне сәйкес келтіріп, шартты өлшемді кесіндінің үстіне саламын. Шартты өлшемнің шеті қай жерде болса, сол жерге белгі саламын. Келесі өлшем осы жерден басталады. Балалар өздерінің салыстыру тәсілдерін ұсынады. Балаларға кәділердің макеттері (муляждар, суреттер) беріледі және олар кәділерді ұзындығы бойынша салыстырады. Санайды. Осы кесіндінің неше шартты белгіге тең екенін санауды ұсынады. Кәдінің ұзындығын кім өлшейді? Кәді неше шартты өлшемге тең?
Үзіліс					
Саусақ ойындары **Ойын:*Су толтыру.*** **Мақсаты:**Қол ептілігін дамыту,ас ішкенде қалай отырып,қасықты қалай ұстайтынын,ыдыстар қалай тұратынын үйрету. **Керекті құралдар:**шұңқыр қасық,шұңқыр тәрелке мен күрешке. **Мазмұны:** Үстел үстіне шұңқыр ыдысқа су құйып қоямыз.Одан кейін 1-ші тәрбиеші өзі көрсетеді.Ыдыстағы суды қасықпен алып,ақырын төгіп алмай күрешкеге құямыз.Осы іс-әрекет бірнеше рет қайталанады.		***Саусақ ойыны: Жүретін саусақтар.*** **Мақсаты:**Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту. **Керекті құралдар:** Суреттері бар кітапшалар. **Шарты:** Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады.		
2 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Сауат ашу негіздері **Міндеті**: Буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін мен есте сақтауларын дамыту балалардың білімін бекіту **«Тиісті белгіні көтер» дидактикалық жаттығуы**	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** -Сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын бекіту Сөздерді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** - Сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Суреттер қандай дыбыстан басталатынын ауызша анықтауға үйрету, белгілермен қоршату, жасалу	**Көркем әдебиет** **Міндеті: -** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу Кейіпкерлердің іс-әрекетіне өз пікірін айта білуге баулу	**Дене шынықтыру** **Міндеті: -** - Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру - Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің

	Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызғылт сары дөңгелекті көтереді. «Кім көп сөз ойлап айтады?» дидактикалық ойыны – Н дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар, сөздерді шапалақпен буынға бөліндер, қанша буын атасындар. – Нан, нар, ну, нарын, немене, не, неге, нағыз, Нұрлан, Нұргүл, неке, нақ, неліктен. – Р дыбысынан басталатын сөз ойлаңдар. Кім көп сөз ойласа, соған бір фишкадан беріліп отырады. – Радио, рауғаш, рас, рет, резеңке, рең. Ойын соңында фишкаларды санап, жеңімпазды анықтайды	«Сөз жина» дидактикалық жаттығуы –Мен сендерге дыбыстар айтамын, сендер алақандарыңмен кесе жасап, дыбыстарды қағып алып отырыңдар. Айтылған дыбыстарды түсіріп немесе орнын ауыстырып алуға болмайды Жинаған дыбыстарыңнан сөз құрап айтасыңдар**.** Мысалы: - «а.л.м.а.», – «а.ғ.а.ш.», - «қ.ұ.н.», - «қ.ұ.с.», «қ.о.я.н.», - «с.и.ы.р.» ,- «а.с.ы.қ.» , - «е.с.і.к.», - «с.а.ғ.а.т.», - «т.а.б.а.қ.», - «ж.е.р.». –Балалар, сендер қандай тағамдарды ұнатасыңдар? –Балалар, денсаулыққа пайдалы тағамдармен тамақтану қажет. Ал А, В, С, Д, Е – осы адам ағзасына қажетті дәрумендердің атаулары. Біз оларды тағамдардан аламыз. А дәрумені өсу мен көру дәрумені деп атауға болады, себебі ол арқылы сен жақсы өсесің, ал көзің тамаша көреді.	жолдарын естеріне түсіру дағдыларын бекіту «Сөзді аяқта» дидактикалық жаттығуы Балалар мен сендерге соңғы буынын айтпай сөздер айтамын, сендер буынды қосып, сөзді айтасыңдар. Мысалы: кү...шік, көбе...лек, ба...нан, алжап...қыш, жұлдыз...ша, жылқы...шы, шах...мат, ине...лік, жолба...рыс, жас...тық, ағаш..тар, бақта..шы, береке...лі, күлкі...лі, күнба...ғыс, қабыр...ға, қам...шы, қама...жай, ора...мал, сүл...гі, жапа...лақ, отба...сы, жануар...лар, найза...ғай, сөм...ке, сыбыз...ғы, отша...шу, су...рет, жеміс...тер, жалау...ша, құмырс...қа т.б. Сөзді дұрыс айтқан балаларға педагог жұлдызша таратып отырады, ойын соңынан жеңімпаз анықталады	Педагог қорапшаның ішінен бір сурет алып шығады. – Суреттен нені көріп тұрсыңдар? (Балта) – Бұл не деп ойлайсыңдар? –Ол не үшін керек? Мұндай затты көргендерің бар ма? –Балалар, бүгін «Алтын балта» орыс халық ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегі ойдан, қиялдан туады Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: –Ертегі қалай аталады? –Кедей қайда барды? –Балта қайда түсіп кетті? –Балта не үшін қажет? –Диірменші қандай балталар ұсынды? –Диірменші неліктен кедейге алтын балтаны берді? –Бай не істеді? –Ертегі қалай аяқталды?	деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру **Қозғалыс ойындары: «Сағат»** Екі ойыншы бірдей қашықтықта шеңбер бойымен тұрып алып, белгі берілгенде бір бағытта жүгіріп, бірін-бірі қуып жетуге тырысады. Ойында жаттығуларды екі бағытта қайталау керек (сағат тілімен, сағат тіліне қарсы).

Үзіліс

Дидактикалық ойын:

«Домино»

Мақсаты: «Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту, пысықтау. Сәйкес көлікті тауып дұрыс атату, оның атқаратын қызметімен таныстыру.
Ойын шарты: Суреттері сәйкес келетін карточкаларды біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.
Қажетті құралдар: Бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлімдері 5×6см карточкалар.

«Сүйікті қаламызға саяхат»
Мақсаты:Туып -өскен қаласы туралы білімдерін бекіту;үлкендер еңбегі,автокөліктер.
Ойынның барысы:Тәрбиеші балаларды үш топқа бөліп,карточкаларды таратады.Содан соң қаланың көрікті жерлері,үлкендер еңбегі,автокөліктер туралы әңгімелеуге тапсырма береді.Балалар қолдарындағы карточка бойынша әңгіме құрастырады. Әңгімені мазмұнды айтқан топ жіңішке жетеді. Топтар қағаздарын алмастырып, ойынды әрі қарай жалғастырады.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Міндеті:** - Суреттер бойынша әңгіме құрастыру сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ретін сақтай отырып	**Қазақ тілі** **Міндеті --** Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен таныстыру Өз халқының тұрмыстық	**Дене шынықтыру** **Міндеті**: - Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып	**Математика негіздері** **Міндеті: -** Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және	**Қоршаған орта** **Міндеті: -** Табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату

	сөйлем құрауға жаттығуды жалғастыру **Ойын: «Қандай сөз артық?».** Педагог сөздерді айтады, балалар мұқият тыңдап қандай сөз артық екенін табады. Мысалы: кереует, үстел, нан, кілем. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.	заттарының ерекшеліктерін, қолөнерлерін, салт-дәстүрлерін таныстыру Қазақ халқының шеберлері асхана аспаптарын, тұрмыстық заттар, жиһаздар дайындауда қандай материалдарды қолданған баллаарға көрсету, Осы заттарды бояту.	желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Төбешіктен-төбешікке».** Ойыншылар еденге тақтайшаларды қойып, оның үстіне тұрады, сонан кейін екіншісін қояды. Осыдан кейін екінші тақтайшаға секіріп тұрады да, бірінші таяқшаны алып, оны алдыға тастайды. Осылайша залдың екінші шетіне дейін тақтайдан-тақтайға секіріп барады.	осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру**.** : шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру **Практикалық жұмыс** Педагог балаларға: көк және қызыл қағаз таспаларын таратады. Кішкентай жасыл таспа – шартты өлшем. Педагог балаларға: алдарыңдағы тәрелкелерде көк және қызыл қағаз таспалар жатыр. Тәжірибелік жолмен таспалардың қайсысы ұзынырақ екенін дәлелдеп көріңдер. –Таспалардың қайсысы ұзынырақ? –Неліктен қызыл таспа ұзынырақ? –Қызыл таспа неше шартты өлшемге тең? –Көк таспа неше шартты өлшемге тең? Қайсысы көбірек: 3 пе, немесе 4 пе? Шартты өлшемнің көмегімен таспалардың ұзындығын өлшейді. Қорытынды жасайды: қызыл таспа ұзынырақ, оның ұзындығы 4 шартты өлшемге тең. Көк таспа қысқарырақ, ол 3 шартты өлшемге тең. Тапсырмаларды орындап, өздерінің іс-қимылдарын түсіндіреді	Тірі, өлі табиғат туралы, денелер туралы ұғым беру. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу. **Табиғатты суреттеу**. Бұлардың бәрі бізді қоршаған табиғатқа жатады. Осы ағаштар табиғаттың қай түріне жатады? Тірі табиғат. Оны неліктен тірі табиғат деп атаймыз? Одан әрі саяхатымызды жалғастырамыз. Не естідіңдер? Тағы не көрдіңдер? Орман жануарлары. Олар да тірі табиғатқа жатады. Тірі табиғатқа жатады - адам. Осы тірі табиғаттың қажеттіліктерін атайық: ауа, тамақ, су, жарық, жылу. Одан әрі саяхатымызды жалғастырайық. Таудан сарқырап аққан өзенді көрдік. Енді табиғатта өлі денелер бар. Оларды тамашалайық. Күн, су, тау, тас, ауа, Бұлардың бәрі табиғи денелер. Бұдан басқа жасанды денелер болады, олар адам қолымен жасалады. Жасанды денелерге не жатады? Машина, үй, парта, кітап, т. б. Кез - келген денелер заттан тұрады. Мысалы: доп - дене, резеңке - зат, парта - дене, ағаш - зат, т. б. Қане, мына суреттен жасанды денелерді табайық. Ал осы табиғатта болып жатқанның барлығы табиғат құбылыстары. Табиғат құбылыстары: жаңбырдың жаууы, қардың жаууы, найзағай, кемпірқосақтың шығуы, жапырақтың түсуі, т. б
Үзіліс: . Жүгіруге арналған ойындар «Торғайларп мен мысық»					
Ойын: «Торғайлар мен мысық» Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.					

Шарты:Жерді шеңбермен белгілеу керек /5-6м.диаметрмен/. Ортада тәрбиешімен тағайындалған бала жүреді – ол мысық. Қалған балалар шеңбердің сыртында- олар торғайлар. Мысық ұйықтап қалады.Торғайлар шеңбердің ішіне дән жеуге кіреді. Мысық оянып кетеді де, торғайларды көріп, оларды ұстай бастайды. Торғайлар шеңберден шығуға асығады. Шеңбердің ішінен мысыққа ұсталған торғайлар, шеңбердің ортасында қалады. Мысық 2-3 торғайды ұстаған соң, тәрбиеші жаңа мысықты таңдайды. Ұсталған торғайлар басқа ойынаушыларға қосылады. Ойын 4-5 рет қайталанады.

Ұсыныс: мысық ақырын барыпторғайларды ұстайды (қатты ұстамай, ақырын ғана қолын тигізеді)

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Міндеті:** Шағын өлеңдер тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру. **Тақпақ жатта.** **Мемлекеттік Елтаңба** Елтаңбамыз – ел беті, Төрге ілінер көрнекі. Анам таққан шолпыдай Дөп-дөңгелек, өрнекті.	**Қазақ тілі** **Міндеті -** Шағын өлеңдер тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру. **«Мнемо кестесі» бойынша** Мемлекеттік Елтаңбаны сипатта, сөйлем құра. – Елтаңбада шаңырақ бейнеленген. – Елтаңбада тұлпар бейнеленген. – Елтаңбада жұлдыз бейнеленген.	**Дене шынықтыру** **Міндеті**: - - Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр). Іші толтырылған допты алысқа бір қолмен лақтыруға үйрету: қолды алдыға, жоғары созып, ширақ сермеп, доптың ұшу траекториясын дұрыс беру және бастапқы қалыпқа қайтадан тұра білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. . **Антарктида** Антарктидада жыл бойы қыс болады. Пингвин – оның мекені. «Пингвиндер» ойын-жаттығуы Екі тіземен допты қысып алып жүру. Екі топқа бөлінеді. Екі топ екі тізбек болып тұрады. Бастаушы балалар екі тізе ортасына допты қысып, белгіленген жерге екі аяқпен секіріп барып, кері жүгіріп келіп, тізбектің соңына тұрады. Ойын осылай жалғаса береді.	**Математика негіздері** **Міндеті:** Көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға, графикалық диктантты орындауға үйрету геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптсатыру **«Шын немесе жалған» дидактикалық ойыны** Педагог зат пен форманы атайды. Мысалы, «доп дөңгелек», «қорап доп тәрізді». Егер мәлімдеме дұрыс болмаса, онда балалар қолын айқастыра көкірегіне қояды немесе бастарын шайқайды. Егер дұрыс болса – қол шапалақтайды.	**Қоршаған орта** **Міндеті**: -Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу Балалардың өсімдіктерге күтім жасау, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту **Практикалық жұмыс.** – Балалар, енді Қоянға өсімдіктерді қалай күту керек екендігін көрсетейік. Балалар алжапқыштарын киеді, қолдарына таяқшаларын, су сепкішті алады. – Өсімдік жақсы өсу үшін не керек? – Өсімдік жақсы өсу үшін ауа, жарық керек. Олай болса, өсімдіктерді жарық жерге қойып, өсімдіктерге күтім жасайық. Балалар екі- үштен бірігіп, топтағы өсімдіктердің топырағын қопсытып, су құяды. 1. Топырақты таяқшамен қопсытамыз. 2. Жапырақтарының шаңын жұмсақ шүберекпен сүртеміз. 3. Су құямыз. 4. Жапырақтарына су бүркеміз. – Өсімдіктердің жапырағы, тамырына зақым келтірмес үшін, күту жұмысын қалай орындадыңдар? – Мұқият, ұқыпты, баппен, мейіріммен. – Жарайсыңдар, балалар! Сендер Қоянға өсімдіктерді күтуді үйреттіңдер. Енді ол да өсімдіктер өсіретін болады. – Ал енді олар неге бөлме

					өсімдіктері деп аталады? – Өйткені олар бөлмеде өсіріледі.

Үзіліс: .

«Гүлдерді күтеміз»ойыны **Мақсаты:**балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру. Гүлдердің түрлерін (көпжылдық, біржылдық, пияз тұқымдас, шөптекті, тұқымдас гүлдерді) ажырата білуге үйрету. Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсінеді. **Ойын шарты:** гүлдерді екіге бөлу,дала гүлдерін газонның қасына іліп,ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою , суреттер бойынша әнгімелету. 	***Қимылды ойын:*«Ту».** **Мақсаты:** Топтағы қарым-қатынасты нығайту. **Ойынның шарты:** Балалар 3-4 топқа бөлінеді.Әр топтың ортасында 1 бала ту ұстап тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ойыншылар жан-жаққа жүгіріп, көздерін жұмып тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ту ұстаған балалар орындарын ауыстырады. Тәрбиеші «Өз туларыңды табыңдар» дегенде ойыншылар өз туларына қарай жүгіреді. Қай топ тез жиналады, сол топ жеңеді.(Тулардың түстері әр түрлі болу керек)	***Қимылды ойын:*** **«Шұңқырдағы қасқырлар»** **Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу. **Ойынның шарты:**Алаңның ортасында ұзын шұңқыр салынды.(1-1,5 метр)Шұңқырдың ортасында екі қасқыр тұрады. Қалған ойыншылар ешкі болады. Ешкілер алаңның бір жақ шетінде үйлерінде тұрады.Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ешкілер үйлерінен шығып, шұңқырдан секіріп өтіп, жайылымға барады. Қасқырлар шұңқырдан шықпай ешкілерді ұстап алу керек.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Шығармашылық бейнелеу әрекеті **Міндеті:** - - Балаларды ер адамға арналған баскиімнің түрлерімен, олардың ерекшеліктерімен, баскиімнің басқа да киімдерден өзгешелігімен таныстыру -аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру -жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру -- Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін - балаларға тымақты бейнелеп салуға,мүсіндеуге,жапсыруға,құрастыруға үйрету **Топтық жұмыс**	**Қоршаған орта** **Міндеті:** - .Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу Нанға деген ұқыпты қатынасқа тәрбиелеу, бидай өсіру мен нан өндіруге қатысатын адамдардың еңбегіне құрмет көрсету. Сурет салу икемділігін арттыру Нан неден жасалады екен? Ұн неден жасалады? Бидай қайда өседі? Бидайды кім өсіреді? Дикаңшы дегеніміз кім? Диірменші дегеніміз кім? Наубайшы дегеніміз кім? Сатушы дегеніміз кім? Балалардың жауаптарын толықтырып,	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** - Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру -Қыс белгілері жайлы әңгімелесу. Балалар енді «қыс» сөзіне дыбыстық талдау жасату әріп қималарымен. Қ– дауыссыз дыбыс. Ы – дауысты дыбыс. С– дауыссыз дыбыс. Дауысты дыбысты қандай түспен белгілейміз? Ал дауыссыз дыбысты ше? **Дидактикалық ойын:** **«Қай мезгілде ойнаймыз?»** **Ойын шарты**: Шаңғы, асық, шана, доп, хоккей, секіргіш жіп суреттеріне қарап, қай мезгілде ойнайтынын айту.	**Музыка** **Міндеті:** Балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу Вальс музыкасының ырғағын өзге музыкалардан ажырата білуге ұмтылдыру. Музыка тыңдау: «Вальс» (Қ. Шілдебаев) Ән айту: «Айнала ақша қар» (И. Мамақов) «Қыс келді» (Б. Жұмабекова) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литва х.ә. (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев) Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын х.ә. (өңдеген Т. Попатенко)	**Музыка** **Міндеті:** - Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру Вальс музыкасының ырғағын өзге музыкалардан ажырата білуге ұмтылдыру :Музыка тыңдау: «Вальс» (Қ. Шілдебаев) Ән айту: «Айнала ақша қар» (И. Мамақов) «Қыс келді» (Б. Жұмабекова) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литва х.ә. (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев) Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын х.ә. (өңдеген Т. Попатенко)

		суреттер арқылы көрсетеді. Дикандар көктемде жерге бидай тұқымын себеді. Оны жаз бойы суарып, күтіп баптайды. Күз болған соң жайқалып піскен бидайды комбайнмен жинайды. Одан соң диірменші ұн етіп тартып, қапқа қаптайды. Қапталған ұнды наубайханаға жібереді. Наубайшылар ұннан түрлі тағамдар нан, бауырсақ, бәліш пісіреді. Дайын болған тағамдарды дүкенге жібереді. Мұның бәрі адамдардың еңбегі. Нан-адамның тіршілік корегі, дастарханға үлкен еңбекпен келеді. Сондықтан дастарханға зор еңбекпен келген нан тағамдарын қастерлеуіміз керек. Енді балалар, нанның суретін салайық.			
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	**Бақылау:** Бұлтты бақылау. **Мақсаты**: Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру. Зәулімде тұрағы Тіреусіз тұрады.(Бұлт). **Еңбек:** Көшедегі қар жинаушы машинала-рдың жұмысын бақы лау.**Мақсаты:** Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту.Еңбекті дәріптей білуге үйрету. Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ,Ұстаған қолдарында таяғы жоқ.Күніне талай жерге кетер кезіп, Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. (Бұлт **Мақсаты**: Балаларға бұлт туралы түсінік қалыптастыра отырып, есте сақтау қабілетін дамыту. **Қим.ойын:** «Мені қуып жет». **Мақсаты:** Шапшаңдыққа үйрету. Денені ширату арқылы денсаулықты нығайту.	**Бақылау:** Мұзды бақылау. **Мақсаты:** Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру. **Еңбек:** Тайғанақ жерге құм себу. **Мақсаты:** Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне беріл ген тапсырманы тия- нақты орындауларын қадағалау. Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату. Жаңа жыл,жаңа жыл, Жаңа жылда-жаңа нұр. Жасыл шырша жанында Жадырап бар бала жүр. **Мақсаты:** Еске сақтау қабілетін дамыту, сөздерді қатесіз дұрыс айтуға үйрету. **Ойын:** «Тышқан мен мысық». **Мақсаты:** Шапшандыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету.	**Бақылау:**Ауа-райын бақылау. **Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. **Еңбек:** «Таза алаң». **Мақсаты:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. **Ойын:** «Қасқыр мен қаздар». **Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. **Қимылдық ойын:** «Тымпи-тымпи».	**Бақылау:** Мұздақты бақылау. **Мақсаты:** Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету. **Еңбек:** Ағаш түптеріне қар үю. **Мақсаты:** Еңбекқорлыққа үйрету. Жалқаулықтан аулақ болуға шақыру. **Жеке жұмыс:** Жұмбақ жатттату“ Отқа жанбас, Суға батпас” (**мұз**) **Мақсаты:** Мұз туралы түсінік беру. Жұмбақ жаттату арқылы сөздік қорын молату. Есте сақтау қабілетін дамыту. **Қимылдық ойын: «**Қазан». **Мақсаты:** Бірлесіп ойнауға шақыру. Балалардың көңілдерін көтеру.	**Бақылау:** Күнді бақылау. **Мақсаты:** Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. **Еңбек:** «Қыс қызығы». **Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) **Мақсаты:** Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықта- рын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру. **Қимылды ойын:** «Айгөлек». **Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшан-дыққа , ептілікке баулу.
Балалардың үйге қайтуы	*Ата –аналарға кеңес* Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	*Ата –аналарға кеңес* Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	*Ата –аналарға кеңес* - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	*Ата –аналарға кеңес* Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	*Ата –аналарға кеңес* - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ

Мектепалды даярлық О «Ә» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі **2-апта** 12 – 16 ақпан 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Шарлармен жаттығулар орындау. Мақсаты: жаттығуларды орындайды. қызығушылығын білдіреді. (Топпен)	**Дидактикалық ойын «Кімде не бар?»** Мақсаты**:** Заттардың (шкаф,орындық т.б) аттарын дұрыс атай біледі.	**Дидактикалық ойын "Ғажайып қапшық"** Мақсаты: балалар ойыншықтардың атауларын айтады.	**Әңгімелесу :"Менің ойыншығым"** Мақсаты: Балалар тәрбиешінің сұрағына жеңіл сөздермен жауап береді.	**Дидактикалық ойын "Атын атап бер"** Мақсаты:түсі мен көлеміне қарамастан таныс заттарды таниды және көрсетеді.
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 9				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	**«Аспан»** Асапан ашық,көгілдір, Күн шуағын төгіп тұр! Қол ұстасқан біздерді, Тереземнен көріп тұр	**«Ақ тілек»** Адал жақсы ниетпен Бар адамға бақ тілеп. Жарып шыққан жүректен, Сөздің бәрі – Ақ тілек!	**«Сиқырлы таяқша»** Мен бәріңе Қуаныш тілеймін! Мен бәріңе Мейірім тілеймін! Мен бәріңе шуақты күн тілеймін! Мен бәріңе көңілді ойын тілеймін! Мен бәріңе Денсаулық тілеймін!	**«Қыс»** Боран соғар оң жақтан, Боран соғар сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ, Суық өтер қолғаптан.	**«Шана»** Тоңса біздің қолымыз, Қолғап киіп аламыз. Сарт, сарт, сарт Алақанды соғамыз. Тоңса біздің аяғымыз Етік киіп аламыз. Топ, топ, топ Топылдатып билейміз. Тоңса біздің денеміз Тонды киіп аламыз Зу, зу, зу Шанаменен зулаймыз
1 - ұйымдастырылған іс-әрекет					

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті** Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға баулу : Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. –Қыс мезгілінде неше ай бар? –Балалар, қыс мезгілінің үш айы да қарлы, аяз, ызғарлы суықпен өтеді. –Балалар, сендер қар қайтіп жауатынын білесіңдер ме? –Дұрыс, қар жапалақтап, түйіршектеніп те жауады. –Кәне, бәріміз бірге «жапалақтап», «түйіршектеніп» деген сөздерді қайталайық. –Балалар, қардың түсі аппақ, жер бетінде күмістей, жып-жылтыр болып жалтырап жатады. Қар – жұмсақ ұлпа Педагог өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнын түсіндіреді. **Қаңтар** Лебі мұздай ызғарлы, Алып келді қыс қарды. Қысқы түндер ұзарды, Ұзақ күндер қысқарды. Аяз сүйіп қарсы алған, Жердің аппақ тұлғасы. Басталады қаңтардан, Қыс айының ортасы	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** - - Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру театрландырылған ойындарға оң көзқарасын қалыптастыру. . Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі ұнады ма? – Ертегі не туралы? – Анасы тиінді жұмсап, қыздарын не үшін шақырды? – Тиін үлкен қызды неге айналдырды? Не үшін? – Тиін ортаншы қызды неге айналдырды? Не үшін? – Тиін кіші қызды неге айналдырды? Не үшін? – Қай қыздың әрекеті ұнады? Рөлге бөліп ойнау	**Математика негіздері** **Міндеті:** - Геометриялық денелерді тануды және атауды бекіту, заттардың белгілерін, салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын табу - **Ортаны модельдеу** Тақтада геометриялық фигуралардан бейнеленген ағаштар суреті ілінген, педагогтің үстелінде көлемді фигуралардан ғимараттар салынған. Геометриялық пішіндер елінде ағаштар да ерекше пішінге ие. – Ағаштардың суреттеріне қараңдар. Қандай геометриялық пішіндерді көріп тұрсыңдар?	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** - - Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); . Сапта тұрып бір-екі санаққа санауға және сапта тұрып түзелуге үйрету. 30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру. II. «Қатып қал!» ойын жаттығуы. Шашырап жүру, жүгіру. «Қатып қал!» бұйрығы бойынша бір орындарында қатып қалады. Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. Нөмірлері бойынша топ болып сапқа тұрады. 30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру. Нұсқау – екі аяқпен ширақ серпіліп, қолды алға шығарады. Заттардың жанында екі тізбекке тұрады. Топтарға ат қояды. Поролон текшелерден секіріп, құрсауды айналып өтіп, таяқшаны келесі балаға алып келіп, өзі тізбектің соңына тұрады. Келесі жолы топ болып секіріп барып, қайтарда жүгіріп қайтып келеді. Екі аяқпен ширақ серпіліп, қолды алға шығарады. Саптан шықпай, бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады.	**Математика негіздері** **Міндеті:** Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау. қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табу қабілетін қалыптастыру – Шағын топпен жұмыс «Затты тап» ойынын ойнайды. Балалар санамақ арқылы топтарға бөлінеді, топтарда талқылап, геометриялық денелерге ұқсайтын заттарды атайды. Әрбір дұрыс жауап үшін фишка алады. Жинақтағы геометриялық денелерді кезек-кезек көрсетіп, қандай заттардың оларға ұқсайтыны (осындай пішінге ие) туралы сұрайды. Фишкаларды ең көп жинаған топ жеңімпаз атанады

Үзіліс: Қимылды ойындар «Әуедегі атыс»

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЫНДАР
Мен қандай адаммын ?
Мақсаты: Топта жұмыс жүргізу үшін жағымды ахуал орнату, қарым - қатынастың белсенді стилін және кері байланыс немесе алу тәсілдерін меңгеру; Әр қатысушы өзінің жағымды , жағымсыз қасиеттерін айтады . Сол бойынша қорытынды жүргізіледі .

Ойын: «Әуедегі атыс» қимылды ойыны
Мақсаты: Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.
Ойынның шарты: Бұл сайыста оқушыларды екі топқа тең бөлесіз. 1-топқа бірыңғай қызыл түс (өз қалауыңыз бойынша да таңдауға болады), 2-топқа жасыл түсті үрленген шар беріп, екі команданың арасын түзу сызық етіп бормен сызып қоясыз. Музыка ырғағымен екі команда өз шарларын қарсылас команда жаққа лақтыру керек. Қай топ жылдам сол жеңіске жетеді.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Сауат ашу негіздері **Міндеті:** - Түрлі ойындар арқылы балалардың алдыңғы тақырыптар бойынша алған білімдерін пысықтау Сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен айту және сызбамен белгілей алу дағдыларын бекіту. «Бір буыннан басталатын бірнеше сөз» дидактикалық ойыны Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құрауға жарысады. Сөз айтқан балаларға жұлдызшы беріліп отырады. Қай топ бір буыннан ең көп сөз айтады екен. Мысалы: (те-) те-(геш) , те-(рек), те-(мір), те-(тік), көр-(пе), (ор-) ор-(та), ор-(ман), о-(рақ), (өр-) өр-(мек), өр-(кеш), өр-(ле), өр-(мек-ші), өр(т), (да-) да(мыл-да), да(был), да(қыл), да(уыс), Да(риға), Дә(рия).	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** . Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту **«Сөзді аяқта» дидактикалық жаттығуы** – Мен сендерге сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтамын, сендер соңғы буынды қосып, сөзді аяқтап қайтадан айтасыңдар. Мысалы: аққа...ла, ба...ла, ба...нан, бан...тик, асқа...бақ, сә...біз, домбы...ра, қам...шы, балмұз...дақ, аялда...ма, дәріха...на, емха...на, балабақ...ша, бағдар...шам, қа...лам, қыза...нақ, бұл...ақ, көзілді...рік, тоңазыт...қыш, тоқыл...дақ, тер...ек, ша...тыр, ал...қа, апель...син, ау...ыл, ас...пан, қарын..дас, кер...ует, қа...зан, шаныш...қы, ба...лық, қал...қан, қаң...бақ, қа...мыр, шал...бар, кі...лем, жү...рек, жүге...рі, жұл...дыз. Әр дұрыс айтылған сөзге педагог жұлдызша беріп отырады	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Дыбыстық талдау жасай алу дағдыларын бекіту Ойындар арқылы шапшаңдық, төзімділік секілді қасиеттерін дамыту. . «Кім көп сөз ойлап айтады?» дидактикалық ойыны Н дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар, сөздерді шапалақпен буынға бөліндер, қанша буын атасындар. – Нан, нар, ну, нарын, немене, не, неге, нағыз, Нұрлан, Нұргүл, неке, нақ, неліктен. – Р дыбысынан басталатын сөз ойлаңдар. Кім көп сөз ойласа, соған бір фишкадан беріліп отырады. – Радио, рауғаш, рас, рет, резеңке, рең. Ойын соңында фишкаларды санап, жеңімпазды анықтайды.	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** - Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру - . театрландырылған ойындарға оң көзқарасын қалыптастыру. Педагог балаларға жұмбақ жасырады. – Өмірдегі ең жақын, аяулы жан кім? – Ана сөзін естігенде, ойларыңа не келеді? – Аналарың сендерді қандай сөздермен еркелетеді? Ана – ең аяулы жан. Анамызды сыйлап, ренжітпей жүруіміз керек. Анамыз ауырып қалса, дәрі-дәрмек беріп, күтіп, көмектескеніміз жөн. Бүгін біз ана туралы «Үш қыз» атты татар халық ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегінің әңгімеден айырмашылығы – ойдан, қиялдан шығарады. Ертегіні оқып, мазмұнын ашу	**Дене шынықтыру** **Міндеті:**. - Қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту . Сапта тұрып бір-екі санаққа санауға және сапта тұрып түзелуге үйрету. 30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру. «Ержүректілікке жаттықтыру» «Бұлтқа қол жеткізу» Гимнастикалық қабырғада қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру. Тапсырмаларды бұлжытпай орындап, өздерін ержүрек екендіктерін көрсетуге тырысады

Үзіліс: Аз қимылды ойындар «Жалауша»

« Өкпені еріту » жаттығуы

Тып- тыныш денеңізді бос ұстап отырыңыз .Өзіңізді қаракөлеңкеде театрда отырмын деп есептеңіз Алдыңыздағы шағын сахнаға (ең жек көретін, көргіңіз келмейтін) сіз кешіруге тиісті адамды қойыңыз. Мейлі ол сізді қазір ренжітсін ,

Ойын: «Жалауша»

Ойынның мақсаты: жарысып тез жүгіруге,қарсыласынан бұрын жалаушаны алуға жаттықтыру.

Керекті құралдар: ысқырық,жалауша,бор,таяқша.

бұрын ренжітсін ,қазір өмірде бар болсын , әлде өмірден өтіп кетті ме , оған мән бермеңіз .Көз алдыңызға елестеткенде оның жағдайы жақсы , жүзіне күлкі үйірілген жағдайда болуы керек . Оны бақытты деп біліңіз . Бірнеше минут оның жүзін анық көз алдыңызда ұстап тұрыңыз . Сонан соң барып ол бейнемен қоштасыңыз . Сіз кешірген адам кетісімен сіз өзіңізді сахнаға қойыңыз. Өзіңізді де тек жақсы жағдайда елестетіңіз . Бақытты , күлкі үйірілген жүзбен тұрыңыз . Бұл әлемдегі жақсылық барлығыңызға да тең жететінін ұғыңыз .

Мазмұны.
Сыныптағы балалар санау арқылы екі командаға бөлінеді.Олар ойын алаңының екі шетінде қарама-қарсы сап түзеп тұрады.Ойыншылардың дәл ортасынан диаметрі 1 метрлік шеңбер сызылады.Шеңбердің ортасына жалауша тігіледі.Жалаушаның қасында қолына ысқырық ұстаған ойын жүргізуші тұрады. Ойынның басталуына белгі берілгеннен кейін әр командадағы бірінші тұрған ойыншылар тез жүгіріп келіп, жалаушаны алдымен алуға тырысады.Егер ала алса, ол ойыншы команда есебіне ьір ұпай қосады.
Ал шеңберге екі бала да қатар келсе, олар өте сақ болулары керек, өйткені қай ойыншыға қарсыласының қолы бұрын тисе, оның жалаушаны алуға қақысы жоқ. Ойын осылай бірнеше рет жүріп,жеңіске жеткен команда анықталады.

Ойынның ережесі.
1.Ойыншылар тұрған қатарларынан бір мезетте шығуын мұқият қадағалау қажет.
2. Шеңбердің сызығын басуға болмайды.
3. Шеңбер ішінен алған жалаушаны ойын жүргізушіге беріп, ойыншылар қайтадан тұрған орындарына жүгіріп кетеді.

Әдістемелік нұсқаулар.
Ойын қызықты өту үшін командаларды бір түзудің бойына тұрғызу керек. Ойын жүргізуші етіп сабаққа қатыса алмайтын оқушыларды немесе арнаулы төрешілерді тағайындауға болады.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Міндеті:** -- Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру.. **Постермен жұмыс.** Педагог шағын мәтінді оқиды. Мынау – Мемлекеттік Елтаңба. Елтаңбамызда шаңырақ, күн шуақтары, тұлпар, жұлдыз бейнеленген. Төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар. Мемлекеттік	**Қазақ тілі** **Міндеті -** , - Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттай білу үйрету, тақпақты жаттау Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру. «Мнемо кестесі» бойынша Мемлекеттік Елтаңбаны сипатта, сөйлем құра. – Елтаңбада шаңырақ бейнеленген. – Елтаңбада тұлпар бейнеленген. – Елтаңбада жұлдыз бейнеленген. 2.Тақпақ жатта. Мемлекеттік Елтаңба Елтаңбамыз – ел беті, Төрге ілінер көрнекі. Анам таққан шолпыдай Дөп-дөңгелек, өрнекті.	**Дене шынықтыру** **Міндеті**: - - Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату Дене қимыл жаттығуларын біртіндеп көбейте отырып, төзімділік пен жаттыққандықты арттыру. Бір аяқпен мейлінше ұзақ сырғы білуді Жалғастыр **Қ**имыл-қозғалыс ойыны: «Алшақ бас!». Нұсқау – алшақ адымдар тек аяғымен жақсы итерілу, қолын екпінмен дұрыс сермеу, аздап бүгілген аяқпен барынша ұзаққа сырғығанда ғана мүмкін болатынына басты назар аудару керек.	**Математика негіздері** **Міндеті:** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде кеңістікте орналасуы туралы білімін қалыптсатыру. «Қарама-қарсы бағдарды ата» дидактикалық ойыны Педагог ұйымдастырады. Педагог кеңістіктік бағдарларды атайды, ал белгі (доп, көрсеткіш, фишка және т.с.с.) алған бала мағынасы бойынша қарама-қарсы бағдарды атайды. Мысалы, оң жақ – сол жақ, жоғары – төмен және т.б. Балаларға мағынасы бойынша қарама-қарсы сөздерді айтады.	**Қоршаған орта** **Міндеті: -** Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату Жануарлардың бәрінің тірі жан иесі екендігі және олардың тіршілік етуіне белгілі бір жағдайлар қажеттігі туралы түсінікті пысықтау **«Жануарды қоректендір» атты дидактикалық ойынды ұйымдастырады.** Балалар екі командаға бөлінеді. Бірінші команда жануардың атауын атайды, екіншісі оның немен қоректенетінін айтады. Содан кейін керісінше ойнайды.

	Елтаңбаның авторы – Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов. – Мемлекеттік Елтаңбада не бейнеленген? – Мемлекеттік Елтаңбада шаңырақ, күн шуақтары, тұлпар, жұлдыз бейнеленген. – Мемлекеттік Елтаңбаның авторы кім? – Мемлекеттің Елтаңбаның авторы – Жандарбек Мәлібеков, Шот-Аман Уәлиханов. Балалар жаңа сөздерді және сөйлемдерді, мәтінді қайталайды		15 метр қашықтықты ойыншылар қанша қадам жасап жүріп өтетінін есептеп байқау. Ойыншылар шаңғы жолымен 15 метр жүріп өтеді. Әр аяғымен мүмкіндігінше алысқа сырғуға тырысады. Қайтадан орнына жай жүріп қайтады.	Топтық жұмыс. «Не өзгерді?» ойыны Педагогтың үстелінде бірнеше зат жатыр. Балалар бір-біріне қатысты заттардың қалай орналасқанын есте сақтайды. Содан кейін олар көзін жұмады, осы кезде педагог бір немесе екі заттың орындарын ауыстырады. Балалар көзін ашып, қандай өзгерістер болғанын, заттар бұрын қайда тұрғанын және қазіргі тұрған жерін айтады. Педагог балаларды заттардың бір-біріне қатысты орналасуын сипаттайтын сөздерді пайдалануға ынталандырады. Мысалы, қоян мысықтың оң жағында тұрды, ал қазір оның оң жағында тұр, т.б.	Балалар өз қалауы бойынша ұнататын жануарына ас мәзірін дайындайды (муляж немесе суреттер пайдаланады).

Үзіліс: «Торғайлар мен тор» қимылды ойыны .

Тіл гимнастикасы
«Р»-ға тілің келе ме?

Қаламқасқа «тұр», - деші,
Қарындашқа «жүр», - деші.
«Қара қарындашты
Қаламқас алып тұр», - деші,
Ал енді өзің-ақ
«Р-р-р-р», - деші.

Ойын: «Торғайлар мен тор» қимылды ойыны
Мақсаты: Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.
Ойынның шарты:Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топ алаңның ортасында қол ұстасып шеңбер құрып айналып жүреді. Сол топ тор болып саналады. Екінші топ- торғайлар. Тәрбиеші торды ашыңдар дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын көтереді.(Қол ұстасып айналып жүреді) Торғайлар шеңбердің ішіне кіреді, тез қайта шығуға тырысады. Тәрбиеші «торды жабыңдар» дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын түсіреді. Тордың ішінде қалып қойған балалар шеңберге қосылады. Сөйтіп 1-3 торғай қалғанша ойнайды.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Шығармашылық бейнелеу әрекеті **Міндеті:** - - Қаршақыздың достарымен танысып, олардың суретін сала білуге үйрету -- Кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу	**Қоршаған орта** **Міндеті:** - Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу Үй жануарлары мен олардың төлдері; олардың адамға әкелетін пайдасы туралы түсініктерін жинақтау «Кездейсоқ бірігу» техникасының көмегімен бірнеше топқа бөлінуге шақырады. Геометриялық	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** - Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. **Мақал-мәтелдер** 1. Қысына қарай – көктемі, Дұғанына қарай – егіні. 2.Қар жауды деп қуанба, Артынан келер аязы. 3.Қыс қамыңды	**Музыка** **Міндеті:** -- Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету **Музыка тыңдау:** «Бесік жыры» (Ш. Мұхамеджанов)	**Музыка** **Міндеті:** - Бесік жыры арқылы балаларды имандылыққа тәрбиелеу Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету **Музыка тыңдау**: «Бесік жыры» (Ш. Мұхамеджанов) Ән айту: «Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев) «Айнала ақша қар» (И. Мамақов) Музыкалық-ырғақтық қимылдар:

	- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару - Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару - Қаршақыздың сүйікті достарын салу,мүсіндеу,жапсыру,құрастыру **Топтық жұмыс**	фигуралар бейнеленген карточкаларды тарату арқылы; өтіп жатқан тақырыпқа қарай, гүлдердің, жануарлардың атауларына қарай. Педагог сұрақтар немесе ескертпелердің көмегімен балалардың топтағы жұмысына бағыт сілтеп отырады. Сол арқылы мәліметтерді дұрыс қабылдауға, дұрыс сөйлеуге үйретеді: Қандай дыбыс шығарады? Не жейді? Қандай пайда әкеледі?	жаз ойла. Дидактикалық ойын: «Дауыссыз дыбыстарды анықта». Ойын шарты: «Қаңтар» өлеңіндегі «мұздай», «ызғарлы», «қарлы», «түндер», «ұзарды», «қысқарды» сөздерінің ішінен дауыссыз дыбыстарды педагогтің көмегімен табу. Мысалы: «мұздай» сөзіндегі «д» дыбысы – дауыссыз дыбыс. «Ызғарлы» сөзіндегі «з» дыбысы – дауыссыз дыбыс. Тапсырма ауызша орындалады	Ән айту: «Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев) «Айнала ақша қар» (И. Мамақов) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қоян», «Аю» (Е. Тиличеева) Билер: «Полька» хорват х.ә. (өңдеген В. Герчик) Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Құлыншақ» (С. Урбах)	«Қоян», «Аю» (Е. Тиличеева) Билер: «Полька» хорват х.ә. (өңдеген В. Герчик) Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Құлыншақ» (С. Урбах)
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	**Серуен-Бақылау №1** **Бақылау**: Қыстап қалатын құстарды бақылау. **Мақсаты:** Қыстап қалатын құстардың түрлерімен таныстыру, қыстап қалатынқұстар туралы мағлұмат беру.қамқорлықпен қарауға үйрету. **Еңбек:** Құстарға жем шашу. **Мақсаты:** Қыста құстарға аштықтың қатерлігін түсіндіре отырып, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** Қыс келгенде торғайым Үй алдына қон дәйім.Ойна,жүгір желкілде, Тисем саған оңбай мын. **Мақсаты:** Тақпақ жаттата отырып, балалардың сөздік қорларының белсенді лігін арттыру, тіл мәдиниетін жетілдіру. **Қимылды ойын:** «Кім жылдам?» **Мақсаты**: Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Балалардың бойында ғы зейінділік, сезім талдық қабілеттерін дамыту.	**Серуен-Бақылау №2** **Бақылау:** Қарды бақылау. **Мақсаты:** Қыс мезгілінің ерекшелік терін айту.Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тоңады, жылыға ериді.Ойлау қабілетін дамыту. **Тақпақ:** Аппақ көше, бар дала, Аппақ ой мен қыраттар. Ақ шатырлы қар қала, Ақ жамылып тұр бақтар. **Еңбек:** Ағаштар түбіне қар ую. **Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру.Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету. **Ойын: «**Қардан түрлі бейнелер жасау». **Мақсаты:** Ойынға қызығушылығын арттыру.	**Серуен-Бақылау №3** **Бақылау:**Ауа-райын бақылау. **Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. **Еңбек: «**Таза алаң». **Мақсаты:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** **Е.Өтетілеуов «Күшік».** **Мақсаты:** Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. Е.Өтетілеуов. «Күшік». Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ:	**Серуен-Бақылау №4** **Бақылау:** Аязды бақылау. **Мақсаты:** Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жібе руі де мүмкін екенін, сол үшін де колғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру. **Еңбек:** Ауладағы қарды күреу.**Мақсаты:** Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету. **Қим.ойын**: «Сырғанақ тебу». **Мақсаты:** Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шанамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету. **Жеке жұмыс:** Жұмбақ. Терезеге қонады, Әсем ою ояды.(Аяз). **Мақсаты:** Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау қабілет терін дамыту, сөздік қорларын молайту.	**Серуен-Бақылау №5** **Бақылау:** Күнді бақылау. **Мақсаты:** Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. **Еңбек:** «Қыс қызығы». **Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) **Мақсаты:** Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықта- рын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру. **Қимылды ойын:** «Айгөлек». **Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшан- дыққа , ептілікке баулу.

			Үреді абалап **Ойын:** «Қасқыр мен қаздар». **Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. **Қимылдық ойын:** «Тымпи-тымпи».		
Балалардың үйге қайтуы	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ

Мектепалды даярлық О «Ә» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі **3-апта** 19– 23 ақпан 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Үстел үсті театры:** «Өсімдіктер» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру. **Мақсаты:**қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Әңгіме құрастыру **«Өзін жақсы көретін гүлдерін туралы әңгімелеп бер.»** **Мақсаты:** баланың сөздік қорын туысқандарының атауларын білдіретін сөздермен байыту.	**Ойын– жаттығу:** «Топтағы өсімдіктерге күтім жасау»; Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.	**Ойын:** «Гүлдерді тауып, оларды атап бер» Топтағы өсімдік бұрышы туралы әңгімелесу	**«Менің тобымдағы өсімдіктер»** картиналар топтамасынан суреттер қарастыру
Жаттығу	жаттығу кешені № 11				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	**Шаттық шеңбері:** Асапан ашық,көгілдір, Күн шуағын төгіп тұр! Қол ұстасқан біздерді, Тереземнен көріп тұр	**Шаттық шеңбері: «Ақ тілек»** Адал жақсы ниетпен Бар адамға бақ тілеп. Жарып шыққан жүректен, Сөздің бәрі – Ақ тілек!	**Шаттық шеңбері: «Сиқырлы таяқша»** Мен бәріңе Қуаныш тілеймін! Мен бәріңе Мейірім тілеймін! Мен бәріңе шуақты күн тілеймін! Мен бәріңе көңілді ойын тілеймін! Мен бәріңе Денсаулық тілеймін!	**Шаттық шеңбері: «Қыс»** Боран соғар оң жақтан, Боран соғар сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ, Суық өтер қолғаптан.	**Шаттық шеңбері: «Шана»** Тоңса біздің қолымыз, Қолғап киіп аламыз. Сарт, сарт, сарт Алақанды соғамыз. Тоңса біздің аяғымыз Етік киіп аламыз. Топ, топ, топ Топылдатып билейміз. Тоңса біздің денеміз Тонды киіп аламыз Зу, зу, зу Шанаменен зулаймыз

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті** Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу –Суда жүзетін қандай көлік түрлерін білесіңдер? –Кемеде матростар жұмыс істейді, оларды капитан басқарады. –Кемелер жүзу үшін не керек? Педагог ыдысқа су құйып, қағаз кемені суға жібереді. –Кеме не үшін керек? Кеме тез жүзу үшін үрлеп толқын жасайық. Енді кемеге ат қояйық. Өзімізді кемеде отырмыз деп елестетейік те, Ермек Өтетілеуұлы ағамыздың «Кеме» өлеңінмен танысамыз. Өленді мәнерлеп оқып береді. Міне, Кеме, Мінем, Мен де. Сапарға алыс шығамын, Теңіз сырын ұғамын. Жолсеріктей, жан достардай бізден қалмай, Шағалалар шаршамастан шарқ ұрады: Сағымданған, бұлдыраған түзде шалғай. Кемемізді жағалаулар шақырады	**Көркем әдебиет** **Міндеті** - Сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу **Мақалдың мағынасын түсініп ал.** Берместің асы піспес, Қазаны оттан түспес. Мақалдың мағынасын педагог ешкімге өзінің асынан татқызбайтын, дайын тамақты ешкімге бермейтін адам деп түсіндіреді. Ойын-жаттығу: «Өз көңіліңмен бөліс». – Балалар, біз Алдаркөсені көргенде не істейміз? (Қуанамыз) – Ал сараң бай Шығайбайды көргенде не істейміз? (Ашуланамыз) Педагог ертегіні музыкалық театр арқылы сахналауды ұсынады. Ертегі кейіпкерлері бойынша рөлдерге бөледі. Басқа балалар көрермен болады. Музыкалық театр аяқталған соң көрермендерге бас иеді. Көрермендер қол шапалақтайды	**Математика негіздері** **Міндеті:** - Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа - . Топпен жұмыс: Санамақ арқылы балалар топқа бөлінеді. Балалардың әрқайсысында өрнекті сурет (алаша) бар. Ойын жаттығуы. «Өз өрнегің туралы айтып бер». Балалар пішіндерді қарап, олардың орналасуын атауы тиіс  Балалар топтасып жұмыс істейді. Өрнектің элементтері қалай орналасқаны туралы айтады: оң жақтағы жоғарғы бұрышта – дөңгелек, сол жақтағы жоғарғы бұрышта шаршы, сол жақтағы төменгі бұрышта –сопақша, оң жақтағы төменгі бұрышта – тіктөртбұрыш, ал ортада үшбұрыш орналасқан	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** - - Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау . **«Түрлі түсті ғаламшар»** – бұл ғаламшардың тұрғындары түрлі түсті доптарды жақсы көреді. Допты еденге бір қолмен соғып, алақан жайып қайта саусақтың басымен қарсы алып, қайтарып, аяқтың жанына қарай еденге соғу. Себеттен түрлі доптарды алып, қалауынша тұра қалады. Допты еденге бір қолмен соғып, алақан жайып, саусақтың басымен қарсы алып, қайта қайтарып аяқтың жанына қарай еденге соғуға тырысады. Допты соққанда күш мөлшерін есептеп, дұрыс пайдалануға тырысады. Педагогтің белгісімен келесі ғаламшарға ұшады – (көзді жұмып) қараңғыда залмен қозғалысын жалғастырады	**Математика негіздері** **Міндеті:** Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау білімін қалыптастыру «Суретті тап» дидактикалық ойыны Карточкалармен жұмыс ұсынады: Әрбір топта суреттері бар карточкаларды қараңдар. Одан кейін, мысалы, оң жақтағы жоғарғы бұрышта орналасқан суретті көрсетуді (фишкамен жабуды) ұсынады. Жаттығу бірнеше рет қайталанады. Мұқият тыңдап, заттардың орналасуын атайды. Карточкаларды қарайды. Педагогтің нұсқауы бойынша іс-қимыл жасайды Талқылап, сұрақтарға жауап береді.
Үзіліс					

Қимылды ойын: **« Күн мен түн »** **Мақсаты:** Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. **Ойын мазмұны:** Балалар бірі « Күн», екіншісі « Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір-бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші « Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма-кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді.	**Қимылды ойын:« Көги-гөк »** **Мақсаты:** Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. **Ойын мазмұны:** Тақпақ айтып, бір қызды « кемпір» етіп сайлайды. Қалғандары қаз болады. « Кемпір» шетке шығып тұрады, басқа ойыншылар қаздай тізіліп, бірінің соңынан бірі ұстап: Гөк, гөк, көги көк, Гөк, гөк, көги гөк. Гөк, гөк, көги гөк,-деп қаздың жүрісіне еліктей ақырын оң мен солға шайқалып, « кемпірдің» қасына келеді. Бірінші келген балаға беріп: « Жоғалтпаңдар!»-деп тапсырады. Балалар айнала жүріп, қайтадан қаздай тізіліп « кемпірге» келеді. « Кемпір» Әлгің қайда? Қалды сайда!-деп сұрайды. Балалар бәрі бірдей. Әлгің қайда?- Қалды сайда!-деп жауап береді. Олай болса сендердің біріңді алып қаламын, деп « кемпір» балаларға бас салады. Балалар тізбегін жазбай қаша жөнелуі керек. Қолға түскен біреуін « кемпір» қасына алып қала береді. Ойын барлық балаларды түгел ұстап болғанша қайта жалғаса береді.	**Қимылды ойын:** **« Аққу-қаздар »** **Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. **Ойын мазмұны:** Алаңның бір шетіне қаздар тұратын үй белгіленеді, қарсы шетіне бақташы тұрады. Үйдің бір жақ бүйірінде қасқыр тұратын үңгір болады. Алаңның қалған жері жайылым болады. Бақташы қаздарды жайылымға қуып шығады, олар жайылып жүреді. **Бақташы:** Қаздар, қаздар, қаңқылдап, Барасыңдар қай жаққа. Қаздар: Айна көлі жалтылдап, Жатқан жасыл аймаққа. Бақташы: Біздің жерге түсе кет, Түсіп сусын іше кет. Қаздар: Сіздің жерге түсеміз Түсіп сусын ішеміз. Бақташы: Болсын онда жол жайлы! Қаздар: Бізге ол жаққа болмайды, Жолды тосып тұр сұр қасқыр. Бақташы: Олай болса, қалаған, Жақтарыңа бар аман. Қаздар қанаттарын жайып, жайылым арқылы үйлеріне ұшады, ал қасқыр үңгіршек жүгіріп шығып, оларды ұстауға тырысады. Ұсталған қаздар қасқырдың үңгіріне қарай жүреді. Бірнеше рет жүгірістен кейін қасқырдың ұстаған қаздарфын санайды. Ойын 3-4 рет қайталанады.	

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Сауат ашу негіздері **Міндеті** Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдыларын жетілдір **Дидактикалық ойын «Үйшігін дұрыс тап»** – Балалар, мен сендерге суретті карточкалар таратып беремін, сендер карточкадағы суретті атайсыңдар. Сол сөз дауысты дыбыстан	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау **Дидактикалық ойын: «Буынға бөл»** – Мен сендерге суреттер көрсетем, сендер суретті атап, атуын шапалақпен буынға бөліңдер. Мысалы: жа-пы-рақ, жү-зім, ке-ру-ет, түй-е, та-бақ, ке-рік, пи-яз, ө-рік, жыл-қы, ши-	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөйлем құрай білулерін, сөйлем сызбасын сыза білулерін жетілдіру . – Мен сендерге сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтамын сендер соңғы буынды қосып сөзді аяқтап қайтадан айтасыңдар. Мысалы: аққа...ла, ба..ла, ба..нан, бан..тик, асқа..бақ,	**Көркем әдебиет** **Міндеті: -** Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту Алдаркөсенің басынан кешкен бір оқиғасы туралы қызықты ертегімен танысамыз. Алдаркөсе қулығымен, айласымен адамдарға жақсылық жасап, көмектесіп отырған. Ол әрдайым ән айтып, көңілді жүреді.	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** - Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу -Сапты бұзбай бірінші-екінші деп саналуға үйрету. Бір қолмен допты еденге соғуды үйретуді жалғастыру, допты алақанды ашып қағып алу, кеудеден саусақтардың басымен итеріп лақтыру және аяқтың қасында еденге қырындап бір қолмен соғуға дағдыландыру

	басталса, тақтада тұрған қызыл үйшікке, ал дауыссыз дыбыстан басталса, көк үйшікке саласыңдар. Балалар жеке-жеке түсіндіріп, суреттерді өз үйшіктеріне салады. Дидактикалық ойын: «Кері сөзді ата»(доппен) – Балалар мен сендерге допты лақтырып сөз айтамын, сендер сол сөзге кері сөзді тауып айтасыңдар да, допты кері лақтырасыңдар. Мысалы: жаман-жақсы, ақ-қара, ақылды-ақымақ, білімді-білімсіз, қайырымды-қайырымсыз, биік-аласа, жылады-күлді, отырды-тұрды, ашты- тәтті, жапты-ашты, кір-шық, таза-лас, ыстық-суық, көрікті-көріксіз, жұмды-ашты, қатты-жұмсақ, ұзын-қысқа, жалпақ-жіңішке т.б.	е, мы-сық, а-ғаш, ал-ша, қа-ла, үс-тел, шал- ма, тек-ше, те-ре-зе, са-ғат, са-ғыз, қой, қо-ян, түл-кі, піл, ке-се, ша-ныш-қы, ти-ін, и-не, пи-ма, ли-мон, ал-мұрт, қар-быз, қа-лам, ше-лек, қы-за-нақ, а-рыс-тан, жол-ба-рыс, тас-ба-қа, ба-қа, қай-мақ, кө-бе-лек т.б.	сә..біз, домбы..ра, қам..шы, балмұз..дақ, аялда..ма, дәріха..на, емха..на, балабақ..ша, бағдар..шам, қалам...сап, қыза..нақ, бұл..ақ, көзілді..рік, тоңазт..қыш, тер..ек, ша..тыр, ал..қа, апель..син, ау..ыл, ас...пан, қарын..дас, кер...ует, қа..зан, шаныш...қы, ба..лық, қал..қан, қаң..бақ, қа..мыр, шал..бар, кі..лем, жү..рек, жүге..рі, жұл..дыз. Әр дұрыс айтылған сөзге педагог жұлдызша беріп отырады. Ойын соңында жұлдызша саналып, жеңімпаз анықталады.	Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін еске түсіру. Ертегіде шындық пен қиял-ғажайып оқиға аралас келіп отырады. Қиялдан туындайды. Педагог «Шықбермес Шығайбай» ертегісін оқып береді Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі ұнады ма? – Ертегі қалай аталады? – Шықбермес Шығайбай қандай адам? – Алдаркөсе Шығайбайды алдау үшін қандай қулық ойлап тапты? – Алдаркөсе жабықтан сығалағанда не көрді? – Алдаркөсе үйге кіргенде, үйдегілер қандай әрекет жасады? – Шығайбай Алдаркөседен не туралы сұрады? – Алдаркөсе не деп жауап берді?	**. «Жорғалаушылар ғаламшары»** – бұл ғаламшардың тұрғындары тек еңбектеп, жорғалап қозғалады. Модульдерден аттап шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп жүруге жаттығу. Шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп залдың келесі жағына модульдерден асып өтеді. Қолдары мен аяқтарының жұмысын үйлестіруге, бағытын сақтап қозғалуға, басқа балаларға соғылмауға тырысады

Үзіліс:

Қимылды ойын:
« Шарлармен алмасу »
Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу.
Ойын мазмұны:
Балалар орындықтарда дөңгеленіп отырады. Тәрбиеші қатар отырған екі балаға бір-бірден шар береді де ары қарай басқаларға ауыстырады (біреуі оңға, біреуі солға ұсынады). Шарлар бір-бірімен екі жақтан кездескенде балалар « Соқтығысты» деген сөзбен оларды соқтықтырады. Одан кейін балалар орындарынан тұрып, дөңгелекті айналып, қарсы жаққа барады, қалғандары орындықтарынан тұрып: « Жүгірдік, жүгірдік...,» деп дауыстайды. Балалар өз орындықтарына жүгіріп келіп: « Ол шарды басқа балаларға береді де ойын қайталанады.

Қимылды ойын:
« Кішкене өзен арқылы »
Мақсаты:
Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету,бірлікке,татулыққа тәрбиелеу
Ойынның шарты:
Ойынға бір топ (6-8 адамнан) бала тартылады. Алаңда бір-бірінен 1,5-2м қашықтықта екі сызық сызылады. Бұл өзен.
Ойнаушылар сызықтың жанында-өзеннің жағасында тұрады. Олар өзеннен анық сызылған дөңгелектер арқылы аяғын суламай, тастан-тасқа секіріп өтуі керек. Дөңгелектердің арасының қашықтығы балалардың оларға бірінен-біріне секіре алатындай болуы керек. Өзеннен қатарынан 2-3 бала өтеді, ал қалғандары тәрбиешімен бірге оларды бақылап тұрады. Секіре алмай, аяғын сулап алғандары оны күнге кептіруге кетеді-орындыққа отырады. Кейін олар

Бұл ойынды даладағы сазды алаңда өткізуге болады, онда балалар көк шөптің үстінде отырады		ойынға қайтып араласады, тәрбиеші оларды қалай болса да мақтап, жағаның екінші жағына өтуге көмектеседі.			
3 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Сауат ашу негіздері **Міндеті:** -Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру **Дидактикалық ойын: «Орамал тастамақ».** Педагог дыбысты айтып, бір баланың үстеліне орамал тастайды. Бала сол дыбысқа сөз ойлап тауып, қайта педагогке лақтыруы керек. Мысалы: «а» алма, «о» оқ, «а» алқа «д» доп, «б» балық, «ж» жапалақ, «с»сағыз, «р» рауғаш, «у» уық, «к» кілем , «т» тарақ, «қ» қызылша, «ш» шырша, «а» асқабақ, «к» картоп, «о» ожау, «ж» жаңбыр, «ш» шапалақ, «е» елік, «н» нағашы, «г» Гүлмира, «ш» шалғы, «щ» щетка, «з» зымыран, «ф» фабрика, «ы» ыдыстар, «п» парта, «л» лақ, «э» элеватор т.б.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** -Сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау **Дидактикалық жаттығу: «Сөйлемге қажетті сөзді қос»** – Мен сендерге бір сөзі жетпейтін сөйлем айтамын, ал сендер сөйлем дұрыс құрылу үшін, мағынасы бойынша келетін сөз қосуларың керек. Мысалы: Әкем балғамен шегені ... (шегеледі). Әжем шұлық ... (тоқыды). Көбелек гүлге ... (қонды). Бағдаршамда қызыл түс ... (жанды). Құрылысшы кірпіш ... (қалады). Дәрігер науқасты ... (емдеді). Атам газет ... (оқыды). Балалар далада ... (ойнады). Әпкем ыдысты ... (жуды). Ағай күй ... (тартты).	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Сөйлем құрау және сөйлемді толықтыру, өз ойларын толық жеткізе білу дағдыларын жетілдіру Дидактикалық ойын: «Сөйлемді толықтыр» Мақсаты: Сурет бойынша сөйлемдерді құрауға, жай сөйлемдерді толықтыруға үйрету. Көрнекілігі: «Аулада» тақырыбындағы мазмұнды сурет. Мазмұны: педагог балаларға суретті көрсетіп, жай сөйлемді құрап айтады, мысалы: Әсем ойнап жүр. Балалар сөйлемді қайталап, бір-екі сөзді қосып айтады, мысалы: Әсем аулада ойнап жүр. Келесі бала тағы бір-екі	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу Ол ертегі «Көктемнің сәні» деп аталады. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегі кейіпкерлерін салыстырып сипаттайды. Ертегінің өлеңнен айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан шығарады. Балаларға ертегіні толық оқып беріп, мазмұнын түсіндіреді Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі қалай аталады? Ертегі не туралы? – Арыстан аңдарды не үшін шақырды? – Қандай аңдар жиналды? – Арыстан қандай сұрақ	

			сөзді қосады. Әсем аулада досымен ойнап жүр.	қойды? – Аңдар не деп жауап берді? – Елік дұрыс айтты ма? Көктемнің сәні деген – гүлдер, көбелектер, алғашқы ұшып келген құстар, күннің жылуы, мөлдір су, көкмайса шөп.	

Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар « Көбелектер бақалар»

Ойын: «Алыптар мен ергежейлілер» **Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. **Ойынның шарты:** Арнайы сызықпен қоршаған ойын алаңында балалар жүгіріп ойнап жүреді. “Алыптар” мен “құғыншымын” қолын жоғары көтереді де өзіне ең жақын жүрген ойыншыны қуа жөнеледі, “ергежейлілер” жүгіреді.			**Ойын: « Көбелектер бақалар»** **Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жәндіктерге қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу. **Ойын барысы:** Батпақтың шекарасы төртбұрышты етіп белгіленеді. Мұнда бақалар өмір сүреді. Гүлдерге көбелектер ұшып келіп қонады. Ұлдар бақа сияқты секіреді, қыздар көбелектер сияқты ұшады. **Ұсыныс:** ойында көбелектер, бақалар болып балалар ойынаушылар қатысады, тәрбиеші де қатысады.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Міндеті:** Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету Арман мен Сәуле диалог жүргізеді. – Сәуле, сен таңертең не істейсің? – Мен таңертең тұрамын. – Таң-ер-тең- ң тұ-ұ-ұ-ра-мын. Таңертең тұрамын (айнамен жұмыс). – Бе-ті-і-ім-ді-і-і жуа-мын – бетімді жуамын. – Ті-с-і-і-ім-ді-і-і та-за-лай-мын – тісімді тазалаймын. – Ша-шым-ды та-рай-мын – шашымды тараймын. – Жат-ты- ғу жа-сай-мын - жаттығу жасаймын. – Ки-і-м-і-і-м-д-і-і-і ки-е-	**Қазақ тілі** **Міндеті** - Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру **Ойын: «Сиқырлы қоржын». (** Ішінде кесе, қасық, тәрелке). Балалар таныс заттарды атайды, сұрақтарға жауап береді. Қандай кесе? Неше кесе? Түсі қандай? Қандай қасық? Қандай тәрелке? (Үлкен, кішкентай). Қоржынның екінші жағынан ұлттық ыдыстарды алып, жаңа сөздермен таныстыру, ұлттық ыдыстар туралы қысқаша мағлұмат беру. – Мынау – торсық. – Мынау не? (Жеке-жеке «торсық» сөзін дұрыс айтып жаттығып, естеріне сақтайды). – Торсық теріден жасалады. – Торсық неден жасалады? – Торсық теріден жасалады. – Мынау – тостаған. – Мынау не? – Мынау – тостаған. – Мынау қандай тостаған? (Үлкен, кішкентай).	**Дене шынықтыру** **Міндеті:.** Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату . **Текшелер мен сырық (ұзын ағаштармен) орындалатын негізгі қимылдарды орындау. Қауіпсіздік ережелерін еске саламыз: бір-біріне қарама-қарсы жүруге болмайды.** **Секірулер: сырықты жалғыз аяқпен секіріп, ілгері қарай айналып жүру. Секіргенде аяқтың басымен итеріліп, аяқтың басына қайта түсу.**	**Математика негіздері** **Міндеті** Заттарды таразыға салмағы бойынша салыстыруға болатындығы туралы түсінікті бекіту Педагог 3- тапсырманы орындауды сұрайды. – Суреттерді қараңдар. Әр табақшадағы көгөністер мен жемістерді санаңдар. Санын жазыңдар. Педагог балалармен талқылайды, санайды, цифрын жазады. 4- тапсырма жеке орындалады. Педагог балаларға тапсырманы алгоритм бойынша бірге орындауды ұсынады: – Қарындашты нүктеге қой. Бірінші тапсырмада көрсетілгендей 4 торкөзге жоғары сызық сыз.	

	мі-і-і-н – киімімді киемін. – Содан кейін анаммен балабақшаға барамын. Балалар қуыршақтардың (педагогтің) соңынан сөздер мен сөйлемдерді қайталайды. Сөздік ойын: «Жалғасын тап». Үлестірмелі материалдардың көмегімен сөйлемді толықтырады. Таңертең ... (тұрамын). Бетімді ... (жуамын). Тісімді ... (тазалаймын**).**	– Тостағанмен қымыз, айран ішеді. – Тостағанмен не ішеді? – Тостағанмен қымыз, айран ішеді. – Тостаған ағаштан жасалған. – Тостаған неден жасалған? – Тостаған ағаштан жасалған. – Мынау – ожау. – Мынау не? – Мынау – ожау. – Мынау – ұлттық ыдыстар. – Мыналар – нелер? – Мынау – ұлттық ыдыстар. Балалар сөздерді және сөйлемдерді тыңдап, қайталайды. – Тостаған, торсық сөздеріндегі бірінші дыбыс қандай? «Т» дыбысынан басталатын сөздер айтыңдаршы. (Табақ, тауық, тәрелке, тышқан, түлкі, Қима материалдармен жұмыс. Сөздерді бекітуге ойын: «Менде, сенде...». Балалар алдарындағы суреттерін атап, көршісінде ненің суреті екенін сұрайды. Мысалы**: Менде тостаған. Сенде не?**		– Тоқта. – Шатаспау үшін, осы тапсырманы (жоғары 4 көрсеткіш сызық) сызып таста. – Келесі команданы қараймыз және оқимыз (торкөздердің саны мен бағыты). – Тапсырма бойынша жылжы, графикалық диктантта көрсетілгендей торкөздерді сыз. Қандай сурет шықты? Оны көрсет. Бұл ит**.**	

Үзіліс: «. Секіруге арналған ойындар «Кесіртке»ойыны

Артикуляциялық жаттығулар:
Балықтар
Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді,
Үп-үлкен ағаш жағада жатты,
Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп
Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді,
Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп,
Ал төртіншісі тоңа бастады,
Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады,
-Жүзіндер мына жерден,
Әйтпесе жұтып қояды!



«Тіс щеткасымен ойын» жаттығу.
Ойын шарты: Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады.

Ойын: «Жоғарыда–төменде, биік-аласа»
Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру
Жасы: 5-6 жас аралығы
Қажетті заттар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.
Ойын барысы: Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Шығармашылық бейнелеу	Қоршаған орта	Сөйлеуді дамыту	Музыка

	әрекеті **Міндеті: - - к**өктем мезгілі жайлы түсініктерін жетілдіру,көргендерін бейнелеу іс-әрекеті арқылы қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру -- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау - Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию - Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу **Топтық жұмыс**	**Міндеті: -**Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу . Балалар мына суретте нені суретін көріп тұрсыңдар? — Киіз үй туралы не білесіңдер? — Кім киіз үйдің ішіне кіріп көрді? — Киіз үйді неден жасайды? — Киіз үй жабдықтарын білесіңдер ме? — Жарайсыңдар балалар. Жауап берген балаларды алтын жұлдызбен бағалау. — Балалар мен сендерге киіз үй туралы шағын мағлұмат беріп өтейін. — Киіз үй ауа райының қандай жағдайында да пайдалануға өте ыңғайлы. Ішіне жарық жақсы түседі, ауа алмасуы талапқа сай, жел, дауылға көп шайқалмайды. Киіз үйдің негізгі қаңқасын сүйегі деп атайды. Олар: кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық (жарма есігі). Кереге – киіз үйдің ағаштан жасалған жиналмалы торкөзді сүйегі. Шаңырақ – киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер. Уық – кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сырық. Киіз есік – сықырлауықты жауып, шаңырақ арқылы өткізіп байланады. Киіз есіктің сырты киіз, ортасы ши, астары жарық теріден жасалады. — Үй жиһаздарына да толық мағлұмат беріп өту. Абажа – тамақ пен ыдыс – аяқ сақталатын кебеженің үлкен түрі. Ағаштан жасалып, киізбен, былғарымен қапталған. Кебеже – сүт ет, құрт, шай салып сақтау үшін ағаштан жасап, өрнектеген үй жиһаздары. Әбдіре – зат сақтайтын үлкен сандық. Сырты қаңылтырмен әшекейленіп қапталады. Ағаш төсек – жату үшін пайдаланатын үй жиһаздары. Асадал – тамақ пен ыдыс – аяқ сақталатын кебеже. Жастықағаш – ерте кезде жастықтың астына салынатын ағаш тиянақ. Адалбақан – киім ілуге арналған үй жиһаздары. Жүкаяқ – үйде жүк астына қоятын ағаш зат. Сандық – киім — кешек, т.б. зат салуға арналған үй жиһаздары. Төсеніштер: Алаша, киіз, сырмақ. Тұскиіз – сәндік үшін төсектің тұсына	**Міндеті:** - Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру **Ертегі**: «Қасқыр мен түлкі» (Педагог «Қасқыр мен түлкі» ертегісін оқып береді. Мазмұнын айтып түсіндіреді. Сонан соң ұл балаларға қасқырдың, қыздарға түлкінің сөзін қайталауды ұсынады). Ертеде бір Қасқыр мен Түлкі дос болыпты. Екеуі келе жатып жол үстінен бір кесек ет көреді. Екеуінің де жегісі келіпті. Қасқыр Түлкіге: –Сен жей ғой, досым, – депті. Түлкі арсаңдап: –Менің аузым ораза ғой, сен-ақ жей ғой, – депті. Қасқыр етті жейін деп тұмсығын соза бергенде мойнын қақпан қауып алып, ет ұшып кетіпті. Түлкі етті қағып алып жеп қойыпты. Қасқыр: –Ей, досым-ау, сенің аузың ораза емес пе еді? – десе, Түлкі: –Оразам сенің мойныңа түсті ғой, – деп зыта жөнеліпті	**Міндеті: -** Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыт : Музыка тыңдау: «Ақ сиса» (Жаяу Мұса) Ән айту: «Наурыз тойы» (Т. Мұратов) «Көктем» (Д. Гусинцев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Аюлар биі» (Е. Тиличеева) Билер: «Қамажай» х.ә. (өңдеген Н. Меңдіғалиев) Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин) Музыкалық аспапта ойнау: «Сәулем-ай» қазақтың х.ә. (өңдеген Б. Дәлденбай**)**	

		тұратын үй бұйымы. Қоржын – екі жағын тең етіп тоқылған, не құрап тіккен зат салатын дорба. Аяққап – ыдыс – аяқ салатын қапшық. Екі бетін киізден тігіп, бетін о — — өрнек салып не кестелеп әшекейлейді. — Балалар, бізге білгішбек ағамыздан хат келіпті, қане бәріміз бірге ашып көрейік. Төрт топтың балаларына тапсырмалар жіберіпті. — Топпен жұмыс жасау. 1 – топ «Шаңырақ» Шаңырақтың суретін саласыңдар. 2 — топ «Уық» Киіз үй неше бөліктен тұрады санмен санап айтасыңдар. 3 – топ «Кереге» сендерге киіз үйді жабдықтары туралы әр түрлі пішіндер берілген киіз үйді құрастырыңдар. 4 – топ «Есік» Киіз үйдің ішіндегі үй жиһаздарын атаңдар.			
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	
Серуен	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №3** **Бақылау: Мойыл бұтасын бақылау** *Мақсаты:* — Бұталар туралы білімдерін молайту; — Бақылай, зерттей білу қабылеттерін дамыту; — Табиғатты аялауға, қорғауға тәрбиелеу. *Бақылау барысы* **Тәрбиеші әңгімесі:** Мойыл әрі дәрілік, әрі сәндік өсімдік. Мойыл гүлдеген кезде әдемілігімен көздің жауын алып, хош иісі мұрыныңды жарады. Мойыл мамыр, маусым айларында гүлдейді, ал, жемісі тамыз, қыркүйек айларында піседі. Қоңыр күзде мойылдың жемістері өте дәмді болады. Жаңа піскен жидектерінен қант қосып тәтті сусындар мен кисельдер жасайды. Сол сияқты мойыл жидектерінің емдік қасиеті де өте жоғары. Одан жасалған дәрілермен іш ауруларын, көз ауруларын, безгек ауруларын	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №4** **Бақылау: Тастарды бақылау** *Мақсаты: тастардың әртүрлілігімен және олардың қасиеттерімен таныстыру.* *Бақылау барысы* Балабақша ауласындағы ойын алаңындағы бір ағаштың түбіне әртүрлі тастар салынған қапшықты тығу. Қапшық тығылған ағашты суреттеп айту. Қапшық табылғаннан кейін балалармен әңгіме өткізу. Тастар әртүрлі болады. Оларды жәй тас деп айтуға болмайды, себебі әр тастың өз ерекшелігі болады. Кейбір тастар бағалы, ал жәй тастардың да пайдасы өте көп. Сұрақтар: *Тастардың қандай түрлерін білесіңдер? *Асыл тастарды не үшін пайдаланады? *Жәй тастарды қай жерде, не үшін пайдаланады? *Гранит, мрамор тастарды көрген жерлерің бар ма, оларды не үшін пайдаланады? Тәрбиеші балалар жауабын толықтырып, түсіндіреді. *Балабақша ауласында, ғимарат құрлысында тастар бар ма? **Зерттеу жұмысы**	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №5** **Бақылау: Бұлттарды бақылау** **Мақсаты***: өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға деген қызығушылықтарын арттыру.* *Бақылау барысы.* *Көркем сөз. «Бұлт»* *Ө. Ақыпбекұлы* *Бұлттың қайда тұрағы?* *Біле алмадым мұны әлі.* *Білерім көк аспанның,* *Бұлт-көшпелі бұлағы.* Тәрбиеші сұрақтары. ♦Бұлт дегеніміз не? ♦Бұлттардың түсі қандай болады? ♦Бұлттар неден тұрады? *(сан жетпейтін су тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен.)* ♦ бұлттардың қандай түрлерін білесіңдер? *(түйдек*	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №6** **Бақылау: Желді бақылау** *Мақсаты:* *- жел туралы түсініктерін бекіту;* *- жел түрлерін есте сақтау.* *Бақылау барысы* Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел) Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды: ♦ Желдің қандай түрлері болады? ♦ Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің	

	емдейді. Сондықтан да мойылды кеспей, сындырмай сақтаған жөн. Мойыл гүлдері өте әдемі болғанмен, оның гүл шоғын көп етіп алсаңыз басыңыз ауырады, егер өте қызықсаңыз, бұтасын сындырмай ғана, екі-үш гүлін пышақпен кесіп алып, суға салып қойсаңыз, сол да жеткілікті болады. Мойылды өзіңіз де сындырмаңыз, өзгеге де жол бермеңіз. Балаларға сұрақтар ♦ Мойыл ағашы қай уақытта гүлдейді? ♦ Мойылдың жемістері қай уақытта піседі? ♦ Мойыл жидектерінен не жасайды? ♦ Мойылдың басқа қандай қасиеті бар? ♦ Бұл ағашты не үшін сақтауымыз керек? **Еңбек** Үлкендерге ағаш отырғызуға көмектесу. *Мақсаты: ағаш отырғызу және оны өсіруге деген ынталарын ояту, табиғатты көркейтуге тәрбиелеу.*	Балабақша ауласынан түсі, көлемі әртүрлі тастарды тауып, жинау. **Еңбек** Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау. *Мақсаты:ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге,бастаған істі аяқтауға, біткен іске қуануға тәрбиелеу.*	*бұлттар, шарбы бұлттар, қат-қабат бұлттар, түнерген найзағайлы бұлттар)* ♦ Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек-түйдек болып тұрады) ♦ Шарбы бұлттар неге ұқсады? (ақ ұлпаға, мамыққа, жақсылап аңғарып қарасаң олардан таныс бейнелерді көруге болады) ♦ Ең үлкен бұлттар қай бұлттар? (түнерген найзағайлы бұлттар) ♦ Қандай бұлттар жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар, түнерген бұлттар) ♦Бұлттар неліктен аспанда жүреді? (оларды жел қуады) **Зерттеу жұмысы** Аспандағы қандай бұлттар екенін анықтау. Бір нәрсеге (өлі және тірі табиғатқа жататын) ұқсайтын бұлттарды табу. **Еңбек** Алаңды егу жұмыстарына дайындау; қоқыстарды жинау, сыпыру. *Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген ынталарын қалыптастыру..*	бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды. ♦Барынша қатты желдердің атын ата? *(дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)* ♦ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды) ♦Желдің ізін көруге болады ма? **Зерттеу жұмысы** Компас арқылы желдің бағытын анықтау. Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. **Еңбек** Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау *Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.*	
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	
Балалармен жеке жұмыс	**Жеке баламен жұмыс:** **Мақсаты:** балаларға сурет оқу қызметі бойынша қарандашты дұрыс ұстауға үйрету.	**Жеке баламен жұмыс:** **Мақсаты:**сөздерді дұрыс айтуды үйрету	**Жеке баламен жұмыс:** **Мақсаты:** Өлең, тақпақтар жаттату	**Жеке баламен жұмыс:** **Мақсаты:** Балалармен қарым - қатынаста болуын дағдыландыру	
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап- тарды қарау және басқалар)	Қимылды ойын «Біздің аулада не өседі?». Мақсаты: ағаштар аттарын есте сақтауларын тиянақтау, аталған жерге тез жетуге, тез ойлауға, тез шешім қабылдауға баулу. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту Мақсаты: доп лақтыруға жаттықтыру. Мақал-мәтел: -Бір тал кессең, он тал ек.	Қимылды ойын. «Бәйге». Мақсаты: нысанаға тез жетуге деген құлшыныстарын, жеңіске деген құштарлықтарын арттыру. Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: секіргіш жіппен секіруге жаттықтыру.	**Қимылды ойын «Қасқыр қақпан».** **Мақсаты: ойын ережесін түсініп, шартын сақтап ойнауға, ептілікке, алғырлыққа баулу.** **Жеке жұмыс** **Математикалық жаттығулар.** **Мақсаты: тақ және жұп сандарды санай білу дағдыларын жетілдіру.** **Халық болжамы. Ерте көктемде найзағай ойнап, күн**	Қимылды ойын «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру. Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту. Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.	

			күркіремесе, жаз құрғақ болады.		
Балалардың үйге қайтуы	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «Ә» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 2-апта 11 –15 наурыз 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту

			қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	жеуге үйретулерін ескерту.	
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Үстел үсті ойыны – пазл: «Әсем гүлдер бағы » Балалармен әсем гүлдер туралы әңгімелесу.	Құрылыс ойындары: «Біздің аула гүлдері»	Фотосуреттер қарастыру: «Гүлдер,гүлдер көп гүлдер» Фотосуретте бейнеленген ойын түрлерін атау.	Үстел үсті театры: «Раушан гүлдер» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.	Сюжеттік ойындар: «Қош иісті гүлдер» еркін сурет салу. Д/ойын: «Менің сүйікті гүлім»
Жаттығу	жаттығу кешені № 11				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	«Табиғатым тамаша» Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса.	«Дала қандай тамаша» Дала қандай тамаша, Ақ мамыққа оранған. Ақ дастарқан жайғандай, Көз тоймайды қараса.	«Табиғатқа қамқор боп» Табиғатқа қамқор боп, Байлығын біз қорғайық, Әдепті да,тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық.	«Табиғат...» Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған. Сен күнсің көтерілген күліп қырдан. Сен көлсің, сен ормансың. Сен - бұлбұлсың, Адамға сұлулықты шын ұқтырған!	«Дала қандай тамаша» Дала қандай тамаша, Ақ мамыққа оранған. Ақ дастарқан жайғандай, Көз тоймайды қараса.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті** Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану . Педагог балаларға сұрақ қою арқылы ертегі мазмұнын пысықтайды. –Ертегіде нелер жайлы айтылған? –Қасқыр мен Түлкі дос болған ба? –Екеуі жолдан не көрді? –Қасқыр Түлкіге не деді? –Сонда Түлкі не дейді? –Еттегі қақпанға қайсысы түседі? –Түлкі сияқты айлакер, қу болу керек пе? –Ертегі қызық бекен, сендерге	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту **Мақсаты** әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін қалыптастыру Педагог «Мен ғарышкер боламын» өлеңін екінші рет қайталап оқиды. – Өлеңнің бірінші жолы қалай басталады? Өлеңді эмоциямен 2-3 рет қайталайды, бірге жаттайды. Педагог сөйлемнің басын оқып, балалар жалғастыратын тәсілді қолданады. 3-4 бала өлеңді жатқа айтады. Дәптермен жұмыс: 1 Суретте не бейнеленген?	**Математика негіздері** **Міндеті:** 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен Педагог балаларды вагондар болуға шақырады. Он бала бір-біріне тіркесіп, пойыздың қозғалысын еліктейді. Балаларға 1-ден 10-ға дейін цифр жазылған карточкалар таратылады. Педагог басқа балаларға вагондарды 1-ден 10-ға дейін тура және кері санауды сұрайды. Вагондармен көрініс ойнатылады. Педагог вагондардың бір-бірден туннельге қарай кетіп	**Дене шынықтыру** **Міндеті**: - 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру «Желпуіш саламыз» Шаңғының ұшын 180□айнала қозғалып, бұрылады. «Тоннель». Алаң бойымен бағандарға байланған бауларды түрлі биіктікте тартып қою. Осы баулардың астымен өткенде биіктігіне байланысты әртүрлі әдісті пайдаланатынын ескеру керек. Балалардың қажетті	**Математика негіздері** **Міндеті** - 10 көлеміндегі сандарды салыстыру . **Карточкамен жұмыс Тақтада (демонстрациялық материал 21-кесте)** **1 -ден 10-ға дейін сандар қатары ретімен тұрады.** **Топтан екі баланы шақырады, олар цифрды тез және дұрыс қояды, тура және кері санайды. Бір бала санауды бастайды, екіншісі жалғастырады деген тәсілді пайдаланамыз**

	ұнады ма? Жалғастырта 3– 4 баладан сұрап шығады. Дидактикалық ойын: «Түлкінің құйрығын тап». Ойын шарты: балалар қима суреттерден Түлкінің құйрығын тауып көрсетеді.	Бала нені армандап тұр? Ойынды ортаға сал. Сенің ғарышкер болғың келе ме? Қандай ғарышкерлерді білесің? 2. Суретті бастырып сыз. Боя. Педагог үзік сызықтарды қосып сыздырып, боятады	жатқанын хабарлайды. Сандық сәуле бойынша педагог 1-ге азайту амалын көрсетеді.  **Сонымен** **10 – 1 = 9** **9 –1 = 8** **8 – 1 = 7** **7 – 1 = 6**	арақашықтықты, қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауын қадағалау керек	

Үзіліс: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар «Мысықтар мен балалар»

БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР
Дауыстарын қайтала.
Аң біткенмен алысқан
Ақырады **арыстан:**
А-а-а-а-а-а
Нәзік дауысы қозының
Естіледі алыстан:
Мә-ә-ә-ә-ә
Дөңгелетіп аузыңды,
Жіңішкертіп даусыңды,
Бұзаумын деп ойла да,
Дауысын оның қайтала:
Мө—ө-ө-ө
(Балақай, жан жануарлардың дауыстарые сала отырып, кей дыбыстардың жуан кей дыбыстардың жіңішке айтылатынына зер сал)
Майлыаяқ.
Жайлау толы малды аяп,
Күзетіп жүр Майлыаяқ.
Жолатпайтын ешкімді,
Дауысы алыстан естілді:
(ақырын дауыспен) –р-р-р-р-р-р
«Тамақ жеймін ашпын д»,-деп,
«Қорқып иттер қашсын», -еп,
Күжірейтіп желкесін
Ырылдады қасқыр кеп:
(орташа дауыспен)-р-р-р-р-р-р
«Қорықпаймын сенен»,-деп,
«Сазайыңды берем»,-деп,
Дірілдетіп қасқырды
Айбатын ит асырды:
(қатты дауыспен) –р-р-р-р-р
«Мынау бәле екен» деп,
«Түбіме бұл жетер» деп,
Қорқып қасқыр жөнелді,
Қайтып келмес ол енді.
(Балақай, қасқырдан да қорықпайтын төбет иттердің болатынын сен білесің бе?



Ойын: ***«Мысықтар мен балалар»***
Мақсаты: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке,алғырлыққа тәрбиелеу.
Ойынның шарты: Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады.
Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады.Балалар «кис-кис», деп шақырады.Мысықтар жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.

Өзара екі топқа бөлініңдер де, **қасқыр мен иттер** болып алдымен ақырын, сосын орташа, ең соңында қатты дауыспен «р» дыбысын созып айтыдар.)					
2 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Сауат ашу негіздері **Міндеті:** Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру Дидактикалық ойын: «Сөз жарыс» Педагог: Балалар, енді «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: киімдер, гүлдер, сандар т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға жұлдызша беріліп отырады). Жұлдызшаны санау арқылы жеңімпаз анықталады. Дидактикалық ойын: «Қағып ал» – Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып, допты лақтырамын. Сендер мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасыңдар Мысалы: қққасқыр(қ), ееетік(е), ттгүлкі(т), өөөрік(ө), бббалық(б), сссағат(с), ааалқа(а), жжжаз(ж), ммоншақ(м), қққоңыз(қ), қққолшатыр(қ), бббілезік(б), жжжұлдызша(ж), ооотын(о), қққарға(қ), сссазан(с), шшшахмат(ш), ттгау(т), ккқерік(к), әәәтеш(ә), ееесек(е), ттгүйе(т), ммандарин(м), қққобыз(қ), сссандық(с), ттгекемет(т), ееер(е), үүүзеңгі(ү), ааарба(а) т.б. – Қай дыбыстар созып	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру Дидактикалық ойын: Жоғалған дыбыс» – Мен сендерге суреттер көрсетіп бірінші дыбысты айтпай сөз айтамын, сендер жоғалған дыбысты жалғап толық сөзді айтасыңдар да допты кері бересіңдер. Мысалы:... ерезе (т), ...ілем (і)і, ...алық(б), ...үрек(ж), ...ақыт (б), уыршақ...(қ), ...омбыра (д), ...екемет (т), ...ышақ (п),... аймақ (қ), ...анан(б), ...ектеп(м), ...рік(ө), ...ияз(п) т.б.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Суреттен іс-әрекетті білдіретін сөздерді анықтап айта білуге, сөздердегі буын санын анықтауды жалғастыру «Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы (Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады) -ал буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: алма, алтын, алжапқыш, алға, аласа, ала, алқа, Алжан, алмас, алау, Альбина, ал т.б . -оқ буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: оқу, оқы, оқымысты, оқулық, оқ, оқыс, оқшаулау, оқтар т.б. -жа буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: жас, жалын, жалғыз, жат, Жайық , жарқыра, жалқау, жаура, жалау, Жамбыл, жалпылдақ, жалбыз, жаһұт, жау, жарайды, жалмауыз, т.б.	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Ғарышкер – аспан әлеміне ұшатын адамдар. Ғарышкер ғарышқа зымыранмен ұшады. Оны ғарышкеме деп атайды. Олар ғарышқа ұшып барып, аспан әлемін зерттейді. – Кім ғарышкер болғысы келеді? – Қандай ғарышкерлерді білесіңдер? Слайдтан қазақстандық ғарышкерлерді көрсетеді, атайды. – Бүгін біз ақын Жақан Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Педагог өлеңді оқып, мазмұнын түсіндіреді, жаттатады. Мен ғарышкер боламын Аспан, аспан, арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын, Мен ғарышкер боламын	**Дене шынықтыру** **Міндеті:.** Допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру Балалар залда бытырап жүреді. Бастаушының нұсқауларын бұлжытпай орындайды. Егер «жер» - десе қолдарын төмен түсіреді, егер «су» - десе қолдарын алға созып, суда малтаған сыңай көрсетеді, «ауа» - десе құстай ұшып бара жатқандай болады, «от» десе қолдарын созып, алға, артқа айналдыра бастайды.

	айтылмайды екен. Оларды қандай дыбыстар дейміз?				

Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Сылдырмақпен сылдырлат»

Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары **«Жасыру» саусақ ойыны.** **Ойын шарты**: Қатысушылар алақанға қысқа қарындашты салады, жұдырықты жұмады және ашады. Қысқа қарандаш аламыз, жұдырыққа қысып, жасырамыз. Ал енді, келесі қолға жасырамыз. Қарандашты қыса отырып, Алақанды ауыстырамыз. Бұл ойында баланың қол икемділігі, танымдық деңгейі артады. **«Салат» саусақ ойыны.** Сәбізді алып тазалаймыз, (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды) Үккішпен үгіп майдалаймыз, (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды) Қанттан сеуіп дәмдейміз, (саусақтардың ұшымен қант себеді) Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді) Дәруменге байыған. (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді)	 	**Ойын: «Сылдырмақпен сылдырлат »** **Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. **Ойынның шарты:** 5-6 балалар аланның бір жағында сызықтың ар жағында тұрады. Қарама-қарсы жақта орындықтарда бір бірінен арақашықтығы бірдей болып сылдырмақтар /бал-ң санына сай/ жатады. «1-2-3, жүгіріңдер»- деген белгі бойынша балалар сылдырмақтарға қарай жүгіреді, жоғарыға көтереді де сылдырлатады. Бірінші жетіп, сылдырлатқан бала жеңіске жетеді. Сол балалар орындарына барады, басқа ойнаушылар қатысады. **Ұсыныс**: Ойынды қиындатуға болады: кедергілерден секіртіп /жіптен, текшелерден, шеңберден өту, т.б./

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Міндеті:** -Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту	**Қазақ тілі** **Міндеті** - -Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту .	**Дене шынықтыру** **Міндеті**: - Допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу биіктіктегі арқанның үстінен	**Математика негіздері** **Міндеті** Саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару	**Қоршаған орта** **Міндеті:** Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу .

	Сюжеттік ойын: «Дүкен» Балалар кезекпен дүкенге келеді. Педагог – сатушы. Диалог үлгісі: – Сәлеметсіз бе! – Сәлеметсіз бе! – Кесе беріңізші. – Қандай кесе? – Үлкен, екі жасыл кесе. – Міне, кесе алыңыз. – Рақмет. Сау болыңыз. – Сау болыңыз. Үлгі бойынша балалар кезекпен ойнайды	**Дидактикалық ойын: «Сиқырлы дорба», ішінде** азық түлік (суреттер нан, сүт, май) бар. Сиқырлы дорбада не бар? Балалар дорбадан таныс азық түлікті (нан, сүт, май) алады, атайды. – Сиқырлы дорбаны көрейік, тағы не бар екен. Ол үшін дорбамызды сиқырлайық, дорба туралы жақсы сөздер айтыңдар: Дорба әдемі, дорба жақсы. 1, 2, 3, 4, 5 5, 4, 3, 2, 1 Міне, дорба ашылды! Педагог дорбаның екінші түбінен тағамдарды (суреттерді) алып, жаңа сөздермен таныстырады. Мынау – ет. – Мынау не? – Мынау – ет. – Мынау – жұмыртқа. Жұ-мырт-қа. – Мынау не? – Мынау – жұмыртқа. – Жұмыртқа – тағам. – Жұмыртқа – ... (тағам) – Мынау – ірімшік. І-рім-шік. – Мынау не? – Мынау – ірімшік. – Ірімшік дәмді. – Ірімшік дәмді ме? – Ірімшік дәмді. – Ірімшік – тағам. – Ірімшік не? – Ірімшік – тағам. – Мынау – қант. – Мынау не? – Мынау – қант.	секіріп өтудегі жоғары нәтижеге жету үшін ең тиімді жолдарын таңдай білуге үйрету. 40-30-20 см биіктіктегі арқанның астынан өту. Кедергінің биіктігіне қарай одан өту тәсілі таңдалады. Кедергінің биіктігіне қарай одан өту тәсілін таңдай отырып, барлық білім-біліктерін қолдануға тырысады. Арқанды іліп кетпес үшін өз қимылын қадағалап, мүмкіндігінше жұмырланады. (3 рет).	☆ ☆ ☆ ☆ ☆ □ – □ 5 – 1 ○○○○○○ □ – □ 7 – 1 △ △ △ △ □ – □ 4 – 1 **Ойын жаттығуы: «Жазбаны шеш».** Балалар карточкалардың көмегімен үстелде және тақтада математикалық жазбалар жасайды.	Сәуір айында қандай мереке бар, естеріңе түсіріңдерші? - Иә, бұл сәуір айында үлкен мереке бар. Ол – ғарышкерлер күні деп аталады. - Балалар аспаннан нелерді көруге болады? Әңгімемізді бастамас бұрын, мен сендермен мамандықтар жайында әңгімелескім келеді. Балалар, айтыңдаршы, сендер қандай мамандық түрлерін білесіңдер? (балалардың жауабы). Тәрбиеші: - Дұрыс айтасыңдар. Мұғалім, дәрігер, құрылысшы, жүргізуші, өрт сөндіруші, дүкенші, шаштараз тағы басқа көп мамандар бар екен. Әрбір мамандық адамзатқа өте қажет екен. Мысалы: дәрігер-адамдарды емдейді, мұғалім-балаларды оқытады, жүргізуші – көліктер жүргізеді, өрт сөндіруші – өрт сөндіреді. Ал бүгін біз сендермен тағы бір маман түрімен танысамыз – бұл ғарышкер - Ғарышкерлер дегеніміз кімдер? - Ғарышкерлер дегеніміз – олар ғарышқа, аспан әлеміне ұшатын адамдар Ойын: «Жұлдызды аспан әлемін құрастыру» Ойын шарты: балалардың алдына аспанд аболатын және жерде болатын денелердің арасынан тек аспанда болатын денелерді табу. Мысалы: гүл жерде, ай аспанда т.б. Үлестірмелі материалмен жұмыс: «Зымыран құрастыру. Әртүрлі геометриялық фигуралардан зымыран құрастыру. Зымыран туралы әңгімелеу. •

Үзіліс: Секіруге арналған ойындар «Көжектер» ойыны.

Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары **«Кірпі»** жаттығуы Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады) Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды).		***Ойын: «Көжектер»*** **Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды

Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарайма! **Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу.** **Мақсаты :** қол саусақтарының күрделі үйлесімді қимылдарын дамыту. А) Алақанды үстелдің үстіне қоямыз. Балалар бірінші оң, содан кейін сол қолдың саусақтарын бір-бірден көтереді. Осы жаттығуды кері жасап, қайталайды. Б) Алақандар үстелдің үстінде, балалар кезекпен екі қолдың саусақтарын шынашақтан бастап көтереді. В) Балалар сұқ және ортаңғы саусақтарымен қаламды немесе қарындашты ұстайды. Осы саусақтарын бүгіп, қайтадан қалпына келтіреді., бұл жерде қаламды үлкен саусақтан төмен түсіп кетпеуін қадағалау керек. Г) Үстелдің үстінде 10-15 қарындаш немесе есептік таяқшалар жатыр. Оларды бір-бірден алып қолға жинау керек. Содан кейін тура солай қайтадан үстелге қою керек. Екінші қолмен көмектесуге болмайды.	 	салауатты салтына тәрбиелеу. **Шарты:** Балалар шеңбер жасап тұрады. Бір бала “түлкі” болады. Қалғандары көжектер секіріп билеп жүреді. Түлкі сыбдырды естіп көжектерді қуады. Қаша алмай қалған көжектерді түлкі ұстап алады, ойын осылай қайталана береді.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Шығармашылық бейнелеу әрекеті **Міндеті: - - к**өктем мезгілі жайлы түсініктерін жетілдіру,көргендерін бейнелеу іс-әрекеті арқылы қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру -- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау - Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию - Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу **Топтық жұмыс**	**Қоршаған орта** Міндеті: Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну. . Жарайсыңдар балалар! Ендеше бүгінгі сабағымызда Еліміздің тұңғыш президенті жайында айтамыз. Тақтаға қараңдаршы, мына суретте кім бейнеленген? Балалар: - Нұрсұлтан Назарбаев! Тәрбиеші: - Дұрыс, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Ал, балалар ол кім екенін білесіңдер ме? Балалар: Ол біздің президентіміз! - Дұрыс, балалар! Ол Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті. Мақсатына жету үшін алдағы, Әубастан-ақ, дұрыс жолды таңдады. Сол азамат Нұрсұлтанның емес пе, Орындаған бабалардың арманын Күн өткен сайын құлпырып, Жайнадың гүлдей Астана, Елорда – менің Астанам,	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті: - -Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу** –Ай мен жұлдыздар әлемін ғарышкерлер зерттейді. Сендер қазақтың ғарышкерлерін білесіңдер ме? –Ғарышкер немен ұшады? –Ғарышкер қандай болу қажет? Педагог Ж.Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» өлеңін мәнерлеп оқып береді. Аспан, аспан арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын, Мен ғарышкер боламын! Ғарышкер мен де боламын, Боламын десем, боламын. Таудай үлкен талабым, Мен бармақтай баламын. Көктің жүзін барлаймын, Үлкен ғалым боламын, Боламын десем, боламын. (Ж.Смақо**в)** –Өлеңдегі бала кім болуды армандайды? –Өз арманына жетеді деп ойлайсыңдар ма? –Арманға жету үшін жақсы	**Музыка** **Міндеті: - Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету** Музыка тыңдау: «Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова) Ән айту: «Қайырлы таң» (Е. Өміров) «Наурыз тойы» (Т. Мұратов) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жеңіл би» (Т. Ломова) Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев) Ойындар, хороводтар: «Төлдер» (Д. Ботбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер)	**Музыка** **Міндеті -- Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұнын элементтерімен байланыстыру** Музыка тыңдау: «Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова) Ән айту: «Қайырлы таң» (Е. Өміров) «Наурыз тойы» (Т. Мұратов) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жеңіл би» (Т. Ломова) Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев) Ойындар, хороводтар: «Төлдер» (Д. Ботбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер)

		Елорда-менің бас қалам	оқып, спортпен айналысу керек. Яғни көп еңбектенген адам арманына жетеді. –Ал сендер өскенде кім болуды армандайсыңдар? –Ол үшін сендер көп білім алып, оқуларың керек. –Ал «Оқу – инемен құдық қазғандай». Педагог мақалды жаттап алуды ұсынады.		
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №8** **Бақылау: Топырақты бақылау** ***Мақсаты:*** *торф топырағының қыртысымен таныстыру .* ***Бақылау барысы*** Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяққиіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен(жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады.. **Зерттеу жұмысы** Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру. Құммен торфты салыстыру; Жер қыртысы қай жерде тез кебеді. **Еңбек** Ағаш түптері мен атызға торф тасу. *Мақсаты: торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.*	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №9** **Бақылау: Сутоғанды бақылау** ***Мақсаты****: мұздың қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.* ***Бақылау барысы*** Күн өткен сайын көктем қысты ысырып, өз жылуын алып келуде. Көктемнің ең бірінші жеңісі-жерді жібітеді. Алдымен қары еріген алаңқайлар пайда болады, өгей шөптер өсіп шығады. ал, екінші жеңісі-өзен-көлдердің ери бастауы. Жердегі, қар үйінділеріндегі қарлар еріп, сай-саланы қуалап, өзенге барып құяды. Өзен сулары көтеріліп, мұзды жарады. Жарылған мұздар ағыспен бір-біріне соқтығады. Мұздар жарылып, өзендер арнасынан асқан кезде ауа температурасы кенет төмендейді. Ал, сутоғандардағы мұздар ұзақ уақыт тұрады. Себебі онда ағыс жоқ, су қозғалмайды. Бұл жерде мұздар жарылмайды, біртіндеп ериді. **Зерттеу жұмысы.** Сутоғандағы мұздың қалыңдығын мұз өлшегіш құралмен өлшеу. Тоған бетіндегі мұздың еруін бақылау **Еңбек**	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №10** **Бақылау: Желді бақылау** ***Мақсаты:*** *- жел туралы түсініктерін бекіту;* *- жел түрлерін есте сақтау.* ***Бақылау барысы*** Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел) Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды: ♦ Желдің қандай түрлері болады? ♦ Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады.	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №11** **Бақылау: Тастарды бақылау** ***Мақсаты****: тастардың әртүрлілігімен және олардың қасиеттерімен таныстыру.* ***Бақылау барысы*** Балабақша ауласындағы ойын алаңындағы бір ағаштың түбіне әртүрлі тастар салынған қапшықты тығу. Қапшық тығылған ағашты суреттеп айту. Қапшық табылғаннан кейін балалармен әңгіме өткізу. Тастар әртүрлі болады. Оларды жәй тас деп айтуға болмайды, себебі әр тастың өз ерекшелігі болады. Кейбір тастар бағалы, ал жәй тастардың да пайдасы өте көп. Сұрақтар: *Тастардың қандай түрлерін білесіңдер? *Асыл тастарды не үшін пайдаланады? *Жәй тастарды қай жерде, не үшін пайдаланады? *Гранит, мрамор тастарды көрген жерлерің бар ма, оларды не үшін пайдаланады? Тәрбиеші балалар жауабын толықтырып, түсіндіреді.	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №12** **Бақылау: Ұшып келген құстарды бақылау** ***Мақсаты****: көктем құстары жайлы білімдерін бекіту. Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.* ***Бақылау барысы*** ***Көркем сөз «Ұя» Қ.Баянбаев*** Ұя жасап тақтайдан, Талға апарып байладым. Жыл құсының шаттанған, Күттім қашан сайрауын. Сол ұяны талдағы, Қараторғай мекендеп, Күні бойы сайрады, Жылы пәтер екен деп. Балаларға сұрақтар: *Балалар сендер қандай құстарды білесіңдер? *Жыл құстары деп неге айтамыз? *Құстар неге жылы жаққа ұшып кетеді? *Құстар туған жеріне қай уақытта ұшып келеді? *Ауламызға ұшып келген құстарға қандай қамқорлық жасау керек деп ойлайсыңдар? **Дидактикалық тапсырма:** Құстарды топқа бөл. Мақсаты: құстар суреттерін қыстап қалатын құстар және жыл құстары тобына бөліп, ұяларға орналастыру. **Еңбек:** Гүл егетін орынды тазалап, гүл отырғызуға дайындау. *Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген құпшыныстарын арттыру.*

		Ауланы қоқыстан, сынған бұталардан тазалау. *Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын тәрбиелеу.*	Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды. ♦Барынша қатты желдердің атын ата? *(дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)* ♦ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды) ♦Желдің ізін көруге болады ма? **Зерттеу жұмысы** Компас арқылы желдің бағытын анықтау. Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. **Еңбек** Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау *Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.*	*Балабақша ауласында, ғимарат құрлысында тастар бар ма? **Зерттеу жұмысы** Балабақша ауласынан түсі, көлемі әртүрлі тастарды тауып, жинау. **Еңбек** Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау. *Мақсаты:ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге,бастаған істі аяқтауға, біткен іске қуануға тәрбиелеу.*	
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру
Балалармен жеке жұмыс	**Жеке баламен жұмыс:** Сөйлеуді дамытудан **Мақсаты:** тілдің грамматикалық құрылымы бойынша қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	**Жаттығуы:** «Дұрыс, бұрыс» **Мақсаты:** Тәрбиеші . сөйлемдер айтады. Балалар дұрыс болса «дұрыс» деп, дұрыс емес болса «дұрыс емес» деп жауап береді.	**Музыкалық -ырғақтық жаттығулар**. Биік музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқынды таныс дене жаттығуларын орындату.	**ойын:**Көктем мезгілі туралы әңгімелесу. **Мақсаты:** Қарапайым сұрақтарға жауап береді.	**Жеке баламен жұмыс:** Сөйлеуді дамытудан Дәрумендер сөзін дұрыс айтуға үйрету.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап- тарды қарау және басқалар)	Қимылды ойын «Аққу-қаздар». Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау. Жаттығу ойыны Секіргіш жіппен жаттығу ойындары. Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету. Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай. Қара жерге де, қамқорлық керек.	Қимылды ойын «Қасқыр қақпан» Мақсаты: — белгі бойынша әрекет етуге үйрету; — ойын шартын сақтап ойнауға баулу; Жаттығу ойыны Ұзындыққа секіру. Мақсаты: ұзындыққа секіруге жаттықтыру.	**Қимылды ойын «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру. Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту. Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.**	Қимылды ойын. «Бәйге». Мақсаты: нысанаға тез жетуге деген құлшыныстарын, жеңіске деген құштарлықтарын арттыру. Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: секіргіш жіппен секіруге жаттықтыру.	**Қимылды ойын: «Ұшты ұшты». Мақсаты: зейіндерін дамыту, байқампаздыққа, тез ойлап, тез шешім қабылдауға үйрету. Жеке жұмыс Жаңылтпаштар жаттау: Үйір, үйір үйректі, Қаз маңғаз, Үйірге кім үйретті? Маңғаз қаз. Үйір, үйір үйректі, Әр кез маңғаз, Үйірге өзім үйреттім. Қаз маңғаз. Мақсаты: сөздік қорларын байыту. Тыйым сөздер: Құс ұясын бұзба. Құсқа тас атпа. Құс жұмыртқасын сындырма.**

Балалардың үйге қайтуы	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық **О «Ә» сыныбы**
Балалардың жасы **5** жас
Жоспардың құрылу кезеңі 3-апта 18 – 20 наурыз 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**		

Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.		
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Үстел үсті, саусақ және т.б. ойындар.** **«Суреттерді орналастыр»** **Ойынның мақсаты**: заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.	**Құрылыс ойындары**: «Еңбек құралдары», «Наубайхана құрастырамыз».	**Фотосуреттер қарастыру**: «Бидай мен қаңбақ» Фотосуретте бейнеленген ертегі желісі бойыншасурет арқылы орналастыру. «Бидай мен қаңбақ» суреті бойынша, әңгіме құрастырып айтып беруге үйрету.		
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені №12				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	«Бидай» Комбайынмен бидайды, Былай, былай жинайды. Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды? Қаптап ұшқан торғайдан, Оны былай қорғайды. Кіш, кіш, кіш... Қорғап қалған бидайды, Қамбаға әкеп жинайды.	«Ақ тілек» Адал жақсы ниетпен Бар адамға бақ тілеп. Жарып шыққан жүректен, Сөздің бәрі – Ақ тілек!	«Нанға біз тоямыз» Көктемде жерді жыртамыз, Тегістейміз тырмалап. Дәндерді оған егеміз, Жайқалып көктеп шықсын деп. Күз болғанда орамыз, Нанға біздер тоямыз.		
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті** Монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту Ғарышкер мамандығы туралы түсінік беру, тілдерін дамыту	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі туралы түсінігін қалыптастыру	**Математика негіздері** **Міндеті:** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру		

	Ғ» дыбысын буын ішінде келтіріп қайталату: Ға-ға-ға – жаға. Ғи-ғи-ғи – Сағи. Ғу-ғу-ғу – бұғу. Ғы-ғы-ғы – бұғы. «Ғ» дыбысын сөз ішінде келтіріп қайталату: Ғалым – қолғап. Тоғай – шаңғы. Сағыз – торғай. Сағат – қағаз. «Қ» – «Ғ» дыбыстарын тақпақ, жұмбақ, жаңылтпаш ішінде бекіту Дидактикалық ойын: «Мамандықты анықта». Шарты: суреттер бойынша мамандық түрлерін анықтап айтады	Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Атасы мен немересі не туралы сөйлесіп отыр? Жайлаудан қандай жануарларды көріп тұрсың? Ата. 2. Не артық? Қоршап сыз. 3. Киіз үйдің суретін сал. 4. Жұмбақты шеш. Ұқсайтын шеңберге Қабырғасы жиылып, керіледі. Жиһазы мол кең бөлме, Төбесінен жұлдыздар көрінеді. (Киіз үй)	**«Қайда барасың, нені табасың?» атты** дидактикалық ойынды ұсынады. Ойын мақсаты: ойын балаларды негізгі кеңістіктік бағыттарды (алға, артқа, оң жақ, сол жақ) анықтау және сөзбен айтуға, заттың кеңістікте орналасуын белгілеу үшін әртүрлі кеңістіктік терминдерді (іші, үсті, арты, асты және т.б.) пайдалануға жаттықтыру үшін жүргізеді. Ойын барысы. Педагог ойыншықтарды бөлменің әр жеріне тығып қояды. Мысалы: ойын барысы бойынша көзделген орналасу орнының оң жағында аюды, сол жағында шкафтың артына қуыршақты, кілемнің алдына допты, артына мәшинені. Ойынды бастаудан бұрын педагог балаларға бөлмеде тығылған ойыншықтарды табатындарын хабарлайды. Балалардың бірін шақырып алып, педагог оған былай дейді: Оң жаққа барсаң, аюды табасың, Сол жаққа барсаң, қуыршақты табасың. Алға қарай жүрсең, допты табасың, Артқа қарай жүрсең, мәшинені табасың. Қайда барғың келеді? Бала ойыншықты табады. Ойын 3-4 рет қайталанады. Бала бағытты ауызша атайды және жасырылған ойыншықты іздейді. Ойын жағдаятына тартылады. Термин сөздерді атайды, заттарды табады. Балалар ойынға қызығушылық танытад		
Үзіліс: Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Көршілеріңді ата»					
Саусақ гимнастика жаттығулары: 1.Шынжыр. Оң және сол қолдағы басбармақпен баланүйрек саусақтары түйісіп, жүзіктер секілді айқасып, шынжыр жасайды. 2. Піл: оң қол алақаны жайылып тұрады. Сол қол саусақтары бас бармақ пен кішкене бөбек артқы аяғы болса, баланүйрек саусақ пен шылдыр шүмек саусақ алдыңғы аяқтар, ал ортаңғы саусақ пілдің тұмсығы. 3. Доп: алақандар бір-бірімен жабысады. (доп пішінін жасайды). 4. Гүл: қолдар, саусақтар жоғары қарайды. Алақандар айшанақпен қосыла түптері өзара жанасады. Саусақтар ашылады. Осы жаттығуларды орындай отырып, мына өлең жолдарын айтады. Саусақтар шынжыр болады, Үзілмейді тартсаң да, Ал, піл келіп шынжырды, Үзіп кетті басқанда. Тұмсығымен доп іздеп, Ойнағысы келіп тұр. Достық үшін пілге мен, Гүл сыйлағым келіп тұр.	 	***Ойын: «*Көршілеріңді ата»** **Мақсаты:** кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту. **Жасы:** 5-6 жас аралығы **Қажетті заттар:** түрлі суреттер салынған қағаз беті. **Ойын барысы:** бұл үшін әр түрлі суреттер салынған қағаз беті пайдаланылады. **1 нұсқа:** педагог баладан қандай да бір затты атап, оның оң жағында, сал жағында, үстінде, астында не барын атауын сұрайды. **2 нұсқа:** педагог баладан қағаздың оң жақ жоғары бұрышында ненің суреті барын, беттің ортасында ненің суреті бары, т.с.с. сұрайды.		



2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Сауат ашу негіздері **Міндеті:** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру Дидактикалық ойын: «Орамал тастамақ». Педагог дыбысты айтып, бір баланың үстеліне орамал тастайды. Бала сол дыбысқа сөз ойлап тауып, қайта педагогке лақтыруы керек. Мысалы: «а» алма, «о» оқ, «а» алқа «д» доп, «б» балық, «ж» жапалақ, «с»сағыз, «р» рауғаш, «у» уық, «к» кілем , «т» тарақ, «қ» қызылша, «ш» шырша, «а» асқабақ, «к» картоп, «о» ожау, «ж» жаңбыр, «ш» шапалақ, «е» елік, «н» нағашы, «г» Гүлмира, «ш» шалғы, «щ» щетка, «з» зымыран, «ф» фабрика, «ы» ыдыстар, «п» парта, «л» лақ, «э» элеватор т.б. .	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру Дидактикалық ойын: «Орамал тастамақ». Педагог дыбысты айтып, бір баланың үстеліне орамал тастайды. Бала сол дыбысқа сөз ойлап тауып, қайта педагогке лақтыруы керек. Мысалы: «а» алма, «о» оқ, «а» алқа «д» доп, «б» балық, «ж» жапалақ, «с»сағыз, «р» рауғаш, «у» уық, «к» кілем , «т» тарақ, «қ» қызылша, «ш» шырша, «а» асқабақ, «к» картоп, «о» ожау, «ж» жаңбыр, «ш» шапалақ, «е» елік, «н» нағашы, «г» Гүлмира, «ш» шалғы, «щ» щетка, «з» зымыран, «ф» фабрика, «ы» ыдыстар, «п» парта, «л» лақ, «э» элеватор т.б.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру Дидактикалық ойын: «Эстафета». Педагог сөйлемді айтады, оны қайталайды, сөйтіп бірінші баланың алдына текше немесе кішкене зат қояды, ол дереу бірінші сөзді айтады. Педагог келесі балаға текше бергенде, ол екінші сөзді айтуы керек **...**		

Үзіліс: Қимылды ойындар «Әуедегі атыс»

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЫНДАР Мен қандай адаммын ? Мақсаты: Топта жұмыс жүргізу үшін жағымды ахуал орнату, қарым - қатынастың белсенді стилін және кері байланыс немесе алу тәсілдерін меңгеру; Әр қатысушы өзінің жағымды , жағымсыз қасиеттерін айтады . Сол бойынша қорытынды жүргізіледі **.**		Ойын: «Әуедегі атыс» қимылды ойыны Мақсаты: Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау. Ойынның шарты: Бұл сайыста оқушыларды екі топқа тең бөлесіз. 1-топқа бірыңғай қызыл түс (өз қалауыңыз бойынша да таңдауға болады), 2-топқа жасыл түсті үрленген шар беріп, екі командаңның арасын түзу сызық етіп бормен сызып қоясыз. Музыка ырғағымен екі команда өз шарларын қарсылас команда жаққа лақтыру керек. Қай топ жылдам сол жеңіске жетеді.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Қазақ тілі **Міндеті:** - Азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен жабдықтау тақпақты зейін қойып тыңдауға, оның ішінен таныс сөздерді табуға жаттықтыру **Ойын «Асханада».** Педагог асхана туралы түсініктеме береді: Асханада аспаз жұмыс істейді. Аспаз тамақ пісіреді. Асханада адамдар тамақ ішеді. Балалар кезекпен аспаз болады. Балалар тағамға (өздеріне таныс күнделікті тағамдар) тапсырыс береді. Аспаз ол тағамға қажетті азық түлікті таңдап алып атайды. Мысалы: – Мен палау жеймін. Палау беріңізші. (Аспаз ет, сәбіз, пияз, күріш суреттерін тауып атайды). – Рақмет. Палау дәмді болды	**Қазақ тілі** **Міндеті** - Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету ұлттық тағам түрлерімен таныстыру Балалар, әже бізге мына қоржынды беріп жіберіпті. Онда не бар екен? Дидактикалық ойын:«Ғажайып қоржын». Суреттермен жұмыс. Жаңа сөздермен таныстыру. Мынау – бауырсақ. – Мынау не? – Мынау – бауырсақ (балалар жеке, хормен, жай, жылдам айтады). – Бауырсақтың дәмі қандай? Сақ-сақ – дәмді бауырсақ. Сақ-сақ – жеймін бауырсақ Мынау – құрт. Құ-ұ-ұрт, құрт. «Құрт» сөзін жеке-жеке айтып жаттығады. – Мынау не? – Мынау – құрт. – Мынау – қымыз. Мынау не? – Мынау – қымыз. – Қымыз өте дәмді. – Қымыздың дәмі қандай? – Қымыз өте дәмді. – Мен қымыз ішемін. – Сен не ішесін? – Мен қымыз ішемін. – Мынау – шұбат. Шұ-ұ-ұ-бат. – Мынау не? – Мынау – шұбат. – Шұбат өте дәмді. – Шұбаттың дәмі қандай? – Шұбат өте дәмді. Балалар сөздерді және сөйлемдерді қайталайды. – Құрт, қымыз сөздерінде бірінші дыбыс қандай? – «Қ» дыбысы	**Дене шынықтыру** **Міндеті: -** Допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр Бала ағзасының кинестикалық (қимылды сезу) және кеңістіктік (ағзаның бөліктерін сезіну) факторларын, ұсақ моториканы қалыптастыру «Жаңылысқан ұтылады» «Доп» тақтайшасын көрсеткенде секіре жөнеледі, «тас» тақтайшасын көрсеткенде арқасын дөңгелетіп отыра қалады, «тырна» тақтайшасын көрсеткенде бір аяқпен тұра қалады. Топтарға бөлініп, негізгі жаттығуларды орындау. Қауіпсіздік ережелерін үнемі еске салып отыру керек. Топтардағы бастаушылардың дұрыс ауысып тұруын қадағалау. Арқанмен айналмалы жаттығуалар 1.Қайтпас қайсарлар» Арқандармен қырындап жүру. Аяқ басы еденде, өкшелерін арқан үстіне басып, қырындап жүру. Арқан үстіне аяғының өкшелерін қойып, аяғының басын жерге қойып, дұрыс жүруін қадағалау.		
Үзіліс: Аз қимылды ойындар «Жалауша»					

« Өкпені еріту » жаттығуы Тып- тыныш денеңізді бос ұстап отырыңыз .Өзіңізді қаракөлеңкеде театрда отырмын деп есептеңіз Алдыңыздағы шағын сахнаға (ең жек көретін, көргіңіз келмейтін) сіз кешіруге тиісті адамды қойыңыз. Мейлі ол сізді қазір ренжітсін , бұрын ренжітсін ,қазір өмірде бар болсын , әлде өмірден өтіп кетті ме , оған мән бермеңіз .Көз алдыңызға елестеткенде оның жағдайы жақсы , жүзіне күлкі үйірілген жағдайда болуы керек . Оны бақытты деп біліңіз . Бірнеше минут оның жүзін анық көз алдыңызда ұстап тұрыңыз . Сонан соң барып ол бейнемен қоштасыңыз . Сіз кешірген адам кетісімен сіз өзіңізді сахнаға қойыңыз. Өзіңізді де тек жақсы жағдайда елестетіңіз . Бақытты , күлкі үйірілген жүзбен тұрыңыз . Бұл әлемдегі жақсылық барлығыңызға да тең жететінін ұғыңыз .		**Ойын: «Жалауша»** **Ойынның мақсаты:** жарысып тез жүгіруге,қарсыласынан бұрын жалаушаны алуға жаттықтыру. Керекті құралдар: ысқырық,жалауша,бор,таяқша. **Мазмұны.** Сыныптағы балалар санау арқылы екі командаға бөлінеді.Олар ойын алаңының екі шетінде қарама-қарсы сап түзеп тұрады.Ойыншылардың дәл ортасынан диаметрі 1 метрлік шеңбер сызылады.Шеңбердің ортасына жалауша тігіледі.Жалаушаның қасында қолына ысқырық ұстаған ойын жүргізуші тұрады. Ойынның басталуына белгі берілгеннен кейін әр командадағы бірінші тұрған ойыншылар тез жүгіріп келіп, жалаушаны алдымен алуға тырысады.Егер ала алса, ол ойыншы команда есебіне бір ұпай қосады. Ал шеңберге екі бала да қатар келсе, олар өте сақ болулары керек, өйткені қай ойыншыға қарсыласының қолы бұрын тисе, оның жалаушаны алуға қақысы жоқ. Ойын осылай бірнеше рет жүріп,жеңіске жеткен команда анықталады. **Ойынның ережесі.** 1.Ойыншылар тұрған қатарларынан бір мезетте шығуын мұқият қадағалау қажет. 2. Шеңбердің сызығын басуға болмайды. 3. Шеңбер ішінен алған жалаушаны ойын жүргізушіге беріп, ойыншылар қайтадан тұрған орындарына жүгіріп кетеді. **Әдістемелік нұсқаулар.** Ойын қызықты өту үшін командаларды бір түзудің бойына тұрғызу керек. Ойын жүргізуші етіп сабаққа қатыса алмайтын оқушыларды немесе арнаулы төрешілерді тағайындауға болады.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Шығармашылық бейнелеу әрекеті **Міндеті:** - - күрделі пішіндегі бірнеше заттардың көлеміндегі айырмашылықты көре білуге үйрету, әуе ұшақтары, аспан планеталары туралы білімдерін жетілдіру -- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау - Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию - Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу –ұшақ суретін салуүмүсіндеу,жапсыру,құрастыру Топтық жұмыс	**Қоршаған орта** **Міндеті:** Туған өлке, ел, Отан оның маңызы туралы білімдерін кеңейту **Мақсаты Қазақстан – менің туған өлкем»** балаларды туған өлкесі Қазақстанның табиғатының сұлулығымен таныстыру. Туған жердің көрінісін қағазға түсіре білуге үйрету, өз еліне деген сүйіспеншілік пен патриоттыққа тәрбиелеу. Суретшінің бере білген көңіл - күйді сезіну қабілеттілігін қалыптастыру, табиғаттың әрбір құбылысы өзінше тамаша екендігін сезіну. Педагогтың әңгімесі: - Біздің сүйікті Отанымыз Қазақстанның кең байтақ екенін айтамыз. Созылып жатқан кең – дала, биікке аспандап көтерілген таулар, асау толқынын жағаға ұрып жатқан Каспий теңізі, Балқаш көлі, өзендер мен көлдер, шұлаған орман мен саябақтар. Жылдың қай мезгілі болса да, осының бәрі адам баласын толқытып қуантады. Бірақ ең негізгісі - туған табиғатымыздың әдемілігін байқай білуді үйрену, оның	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** - Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу Балаларға жайлау өлеңінің мазмұнын түсіндіру –Қандай үй жануарларын білесіңдер? –Оларды неге үй жануарлары деп атаймыз? –Үй жануарларының адамдарға пайдасы бар ма? –Ал осы жануарлардың төлдерін қалай атаймыз? –Төлдер ең алғашында немен қоректенеді? –Иә, дұрыс айтасыңдар, өз енелерінің сүтімен қоректенеді –Осы төрт түлік малдың бәрі жазда жайлауда болады. –Үй жануарлары жазда қайда болады? –Дұрыс айтасыңдар, жайлау – малға жайлы мекен. Жаздың күні жайлауда, Қандай жақсы ойнауға. Жүйрік желмен жарысып, Қозы, лақпен табысып, Көл бойында тыныгып, Күнге күйіп, шыныгып, Жүресің сен жайрандап, Кең даланы сайрандап, Жайлау, жайлау – жасыл бақ, Мәз боламыз асыр сап. –Балалар, жайлау қандай екен?		

		қайталанбас сұлулығын сезіне білу. Табиғаттың кез - келген бұрышы өзгеше жақсы. Балалар мұқият тыңдайды. Соңдықтан суретшілер өздерінің шығармаларында қоңыр күзді, гүлдеген даланы, алғашқы қарды, қысқы саябақтардағы гүлзарларды, тағы да басқа көріністерді адам баласының қуануы мен таңқалдыру үшін бейнелейтінін білуге болады. Ақын М. Әлімбаевтың «Менің – Қазақстаным» өлеңін оқып беру. Педагог тақтаға А. Черкасскийдың «Қара ағаштар», А. Мамбеевтың «Қиіз үйде», Ә. Қастеевтің «Мұз айдыны - Медеу» атты шығармаларын іледі. Балаларға қазақ даласының көркемдігін, қазақ халқының киіз үйін, жайлауды қағазға бояу арқылы салдыруды ұсынады. Әр түрлі бояуларды таңдауды, қағаз бетіне дұрыс орналастыруды бақылайды. Балалар шығармалар туралы, туған өлкенің табиғатты туралы әңгімелеп береді.	–Суға шомылып, күнге күйіп шынығуға болады ма екен? .		
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.		
Серуен	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №13** **Бақылау: Бұлттарды бақылау** ***Мақсаты:*** *әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру* **Бақылау барысы** **Көркем сөз «Бұлт»** **Ә. Ақыпбекұлы** Бұлттың қайда тұрағы, Біле алмадым мұны әлі. Білерім көк аспанның Бұлт көшпелі бұлағы. **Тәрбиеші балаларға сұрақ береді.** ♦ Аспанға қараңдар, не көріп тұрсыңдар? ♦ Бүгінгі бұлттар қандай?	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №14** **Бақылау: Күнді бақылау** ***Мақсаты:*** *күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.* *Бақылау барысы* Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Үлкен алтын табақтан, Әлемге нұр таратқан. *(күн)* *Алауға оранып,* *Көкке өрлеп шығады.* *Бір айналып оралып,* *Көкжиекке бұғады. (күн)* Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады.	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №15** **Бақылау: Желді бақылау** ***Мақсаты:*** *- жел туралы түсініктерін бекіту;* *- жел түрлерін есте сақтау.* *Бақылау барысы* Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел) Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды: ♦ Желдің қандай түрлері болады? ♦ Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол		

	♦ Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма? ♦ Бұлт қай бағытқа жүзіп барады? **Еңбек** Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу *Мақсаты:* бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу.	*Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады? *Күн қай жақтан шығады? *Қай жаққа батады? *Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма? *Неге? **Зерттеу қызметі** Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме? Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? *(қоңыр түсті әйнекпен)* **Еңбек** Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу.. *Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.*	төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды. ♦Барынша қатты желдердің атын ата? *(дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)* ♦ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды) ♦Желдің ізін көруге болады ма? **Зерттеу жұмысы** Компас арқылы желдің бағытын анықтау. Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. **Еңбек** Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау *Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.*		
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру		
Балалармен жеке жұмыс	Жеке жұмыс Жаңылтпаш айту: «Ала бұлт ақ па, Ақ бұлт ақ па? Ала бұлт ақ емес, Ақ бұлт ақ» «Анау арал қай арал, Қайыңды арал, талды арал» Жұмбақ: Етек-жеңі жиналмай, Дауыл тұрса дым қалмай, Түйдектеліп көшеді, Тоз-тоз болып өшеді. (бұлт)	Мақал-мәтел: Сәуір болса күн күркірер, Күн күркіресе, көк дүркірер. Сәуірдегі жауын-сауып тұрған сауын	Қауіпсіздік ережелеріне үйрету		
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-	Қимылды ойын «Үйсіз қоян». Мақсаты: —бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету; — жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу.	Қимылды ойын «Күн мен түн». Мақсаты:күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу. Жаттығу ойыны Орнында тұрып ұзындыққа секіру. Мақсаты:секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту.	**Қимылды ойын «Кім жылдам?».** **Мақсаты: жүгіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.** **Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру.** **Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту.** **Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.**		

тарды қарау және басқалар)					
Балалардың үйге қайтуы	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.		

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «Ә» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 1-апта 1– 5 сәуір 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	**Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу**				

Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	**Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру**	**Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.**	**Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.**	**Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.**	**Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту**
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	***«Құрымдалған ойын» «Дұрыс көрсет, ажырат» Мақсаты: Балалардың тағамдар мен ыдыстар туралы біледі, олардың атауларын айта алады.***	***«Құрымдалған ойын» «Өзім және отбасым» Мақсаты: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы айта алады бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсінеді.***	***«Құрымдалған ойын» «Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты: балалар әр түрлі мамандық иелерін біледі.***	***«Құрымдалған ойын» «Бұны қай кезде киеді?» Мақсаты: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндай алады.***	***«Құрымдалған ойын» Бақша да ма,бау да ма? Мақсаты: Жемістер мен көкөністерді ажырата алады.***
Жаттығу	**Жаттығу кешені № 14**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	**«Психомоторлық жаттығу» Көздеріңді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір - біріңе жымиыңдар, Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар, Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер.**	**«Психомоторлық жаттығу» «Күлімдеген күн» Күн күлімдеп нұр төкті, Жақсы сөздер нұр септі, Еске сақтап кеңесті, Кел,қосылып айтайық бір-бірімізге..**	**«Психомоторлық жаттығу» «Табиғатпен үндестік» Шеңбер бойлап жүреміз, Әр гүлге көңіл бөлеміз. Сұлулық пен махаббатты Сезініп өмір сүреміз.**	**«Психомоторлық жаттығу» *«Біз әдепті баламыз»* Әдеп сақтап әманда, Әрбір адал адамға. Жасасаң бір қамқорлық, Қайтарады саған да.**	**«Психомоторлық жаттығу» Көңілденіп күлеміп, Бақытты боп жүремін. Бәрін біліп алатын, Мен ақылды баламын.**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті** Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту Мақсаты Балаларды ертегіні рөлдерге бөліп сахналату арқылы әртістік қабілеттерін дамыту. -Күшік пен мысық ертегісін есімізге түсірейік. –Енді осы ертегіні рөлдерге бөліп сахналайық (атрибуттарын кигізу). Марғау мысықтың баласы екенін түсіндіреді. Дидактикалық ойын: «Ертегі кейіпкерлерін тауып жүрісін сал». Ойын шарты: Ертегі кейіпкерлерінің жүрісін салады.	**Көркем әдебиет** **Міндеті**: Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. Суретте жиналған аңдарды ата. Арыстан аңдарды не үшін жинады? Аңдар арыстанның сұрағына қалай жауап берді? Көктемнің сәні не? Ойынды ортаға сал. 2. Қай суреттер көктемнің сәні дегенге сәйкес келеді? Белгіле. Педагог ертегіні сахналауды ұсынады. Бала сиқырлы қоржыннан қай аңның суретін алса, сол аңның қимылын көрсетіп, сөзін айтады. Басқа балалар көрермен болады	**Математика негіздері** **Міндеті:** Заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыру заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыру. Топтық практикалық жұмыс. Таразымен жұмыс. Заттарды салмағы бойынша салыстыру. Балаларға жұптарға бөлініп, үстелдерге өту ұсынылады. Жұптағы бір бала таразы табақшасына бір затты салады, екінші бала екінші затты салады, заттардың салмағы әртүрлі. Дәптермен жұмыс 1-тапсырманы жұмыс	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** - Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу Көлбеу тақтайға жүгіріп шығу, түсу, биіктегі салмақ түсіру, тірелу нүктесінде тепе-теңдік сақтауға дағдыландыру **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Аңшылар мен қояндар» Қозғалып бара жатқан нысананы «ату» кезіндегі қауіпсіздік ережелерін еске салады. Ойыншылар «аңшылар» мен «қояндарға» бөлінеді. «Аңшылар» сызықтың сыртына тұрады, ал**	**Математика негіздері** **Міндеті** Заттарды таразыға салмағы бойынша салыстыруға болатындығы туралы түсінікті бекіту заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыру. **Қай табақша төмен** түседі? Салмағы ауыр ма немесе жеңіл ме? Таразы бойынша қай табақша ауырырақ екенін анықтайды. Кім (не) ауырырақ? Блиц-сұрақ. Не ауыр – ашықхат па, қарындаш па? Таразы табақшаларын теңестіру үшін не істеу керек? Дәптермен жұмыс Педагог 2- тапсырманы орындауды сұрайды.

			дәптерінде орындауды ұсынады. – Суреттерге қарайды. Қандай заттар жеңіл екенін атайды. Әр жұптағы ауыр затты атайды және бояйды. Бұл тапсырманы қолда бар материалдардан таразы жасап, орындауға болады. Мысалы, қорап, пенал т.б заттарды тірек ретінде алып үстіне сызғышты орнатады. Салмақтары жеңіл және ауыр екі ойыншықды ойластырған таразының екі жағына салады. Балаларға әртүрлі таразы үлгілерін көрсетеді. 3–5 баладан кезек-кезек шықырып, оларға әртүрлі заттардың жұптарын өлшеуді ұсынады. Тапсырманы орындайды. Балалар заттардың жұптарын өздігінен өлшейді. Балалар «жеңіл», «ауыр» сөздерін қолдана отырып, өздерінің іс-әрекетін түсіндіреді	**«қояндар» сызықтардың ортасына тұрады. «Аңшылар» доппен «қояндарды» атып алуға тырысады. «Оқ тиген» қояндар ойыннан шығады. Барлық қояндарды атып алған соң командалар орнын ауыстырады**	Заттарды таразыға салады. Оларды жапсырады. Заттардың салмағы таразының орналасуына қарай анықталады:тең,жеңіл және ауыр. Сол жақтағы таразыға қарбыз бен қауынды салады, оң жақтағы таразыға – үш-үштен жеміс салады.
Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Торғайларп мен мысық»					
Сюжеті-рөлдік ойын Тақырыбы : «Хайуанбақ » Мақсаты: Ойын сюжетіне байланысты бірнеше топшаларға бөлініп,ойын аяқталған соң бір ұжымға жинала білу дағдысын қалыптастыру . Хайуанбақ жұмыскерлелерінің еңбектерін ,негізгі мамандықтарды түсініп: хайуанбақ директоры , мал дәрігері ,жол сілтеуші ,асхана жұмыскерлері ,топжорықшы аңдарға қызмет етудің негізгі жұмысымен таныстыру . Жағдаят: Хауанбаққа билет алу; Хайуанбақ жоспарымен танысу,жол жүру көлігін тандау ; Хауанбаққа топ жорық, жануарларды тамақтандыруды қадағалау, жинастыру;Дем алыс аланы. Орман тұрғындары сырқатанып қалды . Дәрігер Айболитқа хат жолдау, дәрігер Айболтын жолындағы кедергілер , Аңлардын сауығуы.		*Сюжеті-рөлдік ойын* Тақырыбы : «Сақтау қызметі» *(қайталау)* Мақсаты : Әлуметтік шығармашылық орта қалыптастыру ,ойынын сюжетіне байланысты топтарға бөлініп,ойын аяқталған соң бір ұжымға жинала білу әдетін қалыптастыру .Сақтау қызметкерлерінің жұмыстары,олардың күтпеген жағдай туганда қажетілігі жайында түсінігін молайту .Балалардың сөйлеу тілін дамыту . Жағдаят: Дабыл бойынша шақыру; Жағдай болған жерді қарап,сақтау қызметкерлерін бірнеше топтарға бөлу; Арнайы техникалық құрал жабдықты пайдалану; Жазғырылғандарды құтқару Алғашы медециналық көмек көрсету ; Жағдай болған жерге керекті жабдықтарды жеткізу ; Тәрбиешінің іс-әрекеті: ТЖМ басшысы рөлінде жағдай болған жерге шығар алдында арнайы құрал-жабдықты естеріне түсіртіп,арнайы үйретілген иттермен бағыттаушыларды,жедел жәрдемді шақырады .	*Сюжеті-рөлдік ойын* Тақырыбы : «Мұражай» *(қайталау)* Мақсаты : Балаларды өз бетеринше рөлдерге бөлініп әрекет ету әдетін қалыптастыру.Ойында қоғамдық өмірдін көріністерін, мәдениеті ортада ұстамдылықты көрсете білу ,бір-біріне мейрімен қарауға үйретіп . Ойын барысында әңгімелесіп,сұрақ қоя білуге ,өз іс-әрекетерін көрсете білуге үйрету. Жағдаят: Мұражайға баруға дайындалу ; Жол сілтемелерді қарау; Мұражайды таңдау; Экспозицияларды хаттау; Топ жорық ; Жаңалау шеберханасы. Тәрбиешінің іс-әрекеті: Мұражай директоры рөлінде мұражай мен жұмыскерлерді басқарады.

Тәрбиешінің іс-әрекеті: Хайуанбақ директоры рөлінде аңдарға қорек керектігін,қамауды жөндеп,мал дәрігерін шақыруды ескереді, Балаларға дәрі-дәрмек жинап дәрігер Айболитқа хат жазуға көмектеседі Балалардың іс-әректі: хайуанбақ бойынша топжорық жүргізіп хайуанатар жайында әңгімелейді . Күзетші қамауларды тексеріп,келушілерге аңдарға қорек беруге болмайтындығын ескереді ,хайуанбақты күзетеді Жұмыскерлер жұмыс күнінің аяғында аңдармен мейірімді сөйлесіп,дәрумендер береді ,Кассир билеттер мен жол сілтемелерді сатып хайуанбақта жана аңдар пайда болғаның ескереді Дәрігер Айболит аңдар жаңбырдан кейін сырқатанып қалғанын естіп көмекке келеді,жолда кедергілер кездеседі жаңбырдан соң көл тасыпты ,айналып кліп көмек көрсетеді.Аңдар суығады . 	Балалардың іс-әректі: Сақтау қызметі диспетчер сызба бойынша жағдай боған жерде жанатын қызыл оттшаларды бақылап ,желі бойынша , қандай сақтау қыдметінін жұмыс атқаратынын қадағалайды ТЖМ әр түрлі жағдайдада ,әр уақыта ауа райы болжамына да қарамай қызмет көрсетеді,адамдарды табу үшін иттермен жұмыс істейді . Арнайы техника жүргізушісі зардап шекендері тамақ .киімен қамтамасыз етеді .Өртен сақтандыру қызметі өртті болдырмайды .Жедел жәрдем науқасттын шақыру бойынша қызмет көрсетеді Фотоға түсірушілер ТЖМ мен жағдай болған жерді фотаға түсіреді. 	Балалардың іс-әректі: Кассир билетерді сатады жолсілтемелерді үлестіреді , Мұражай жұмыскерлері экспонатарды тандап паспортар жасайды , экспозицияны хаттайды ю Суретшілер мұражайдын ашылу жарнамасын жасап, Өңдеушілер ескі экспонатарды жөндейді Топ жорықшы мұражай бойынша келушілерді сүймелдеп экспонатар жайында әңгімелейді Келушілер билеттер сатып алып,бағдарламамен танысып ,экспонатарды қарап сұрақ Дүнгіршек жұмысшысы фотосуреттер,открыткалармен өнер альбомдарын сатады .Жүргізушілер экспонатарды әеліп ,көлікті қадағалайды. 		
2 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Сауат ашу негіздері **Міндеті:** -Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру өткен тақырыптарды пысықтау. **Дидактикалық ойын: «Орамал тастамақ».** Педагог дыбысты айтып, бір баланың үстеліне орамал тастайды. Бала сол дыбысқа сөз ойлап тауып, қайта педагогке лақтыруы керек. Мысалы: «а» алма, «о» оқ, «а» алқа «д» доп, «б» балық, «ж» жапалақ, «с»сағыз, «р» рауғаш, «у» уық, «к» кілем , «т» тарақ, «қ» қызылша, «ш» шырша, «а» асқабақ, «к» картоп, «о» ожау, «ж» жаңбыр, «ш» шапалақ, «е» елік, «н» нағашы, «г» Гүлмира, «ш» шалғы, «щ»	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** -Сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау **с**өйлем туралы алған білімдерін пысықтау **...** **Дидактикалық жаттығу: «Сөйлемге қажетті сөзді қос»** – Мен сендерге бір сөзі жетпейтін сөйлем айтамын, ал сендер сөйлем дұрыс құрылу үшін, мағынасы бойынша келетін сөз қосуларың керек. Мысалы: Әкем балғамен шегені ... (шегеледі). Әжем шұлық ... (тоқыды). Көбелек гүлге ... (қонды). Бағдаршамда қызыл түс ... (жанды). Құрылысшы кірпіш ... (қалады).	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Сөйлем құрау және сөйлемді толықтыру, өз ойларын толық жеткізе білу дағдыларын жетілдіру сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау **Дидактикалық ойын: «Сөйлемді толықтыр»** **Мақсаты:** Сурет бойынша сөйлемдерді құрауға, жай сөйлемдерді толықтыруға үйрету. Көрнекілігі: «Аулада» тақырыбындағы мазмұнды сурет. Мазмұны: педагог балаларға суретті көрсетіп, жай сөйлемді құрап айтады, мысалы: Әсем ойнап жүр. Балалар сөйлемді	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу ертегіні мазмұндау арқылы театр мәдениетіне баулу. **Ол ертегі «Көктемнің сәні» деп аталады.** Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегі кейіпкерлерін салыстырып сипаттайды. Ертегінің өлеңнен айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан шығарады. Балаларға ертегіні толық оқып беріп, мазмұнын түсіндіреді Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі қалай аталады? Ертегі не туралы? – Арыстан аңдарды не үшін шақырды? – Қандай аңдар жиналды? – Арыстан қандай сұрақ қойды? – Аңдар не деп жауап берді?	**Дене шынықтыру** **Міндеті:.** Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату - Заттардың арасымен дұрыс жүгіруді жалғастыру. Өз денесін басқаруды, арқаннан ұстап салбырап тұруды, ептілік, өз бетімен әрекет ету, күштілікті дамыту. . **Текшелер мен сырық (ұзын ағаштармен) орындалатын негізгі қимылдарды орындау.** **Қауіпсіздік ережелерін еске саламыз: бір-біріне қарама-қарсы жүруге болмайды. Секірулер: сырықты жалғыз аяқпен секіріп, ілгері қарай айналып жүру. Секіргенде аяқтың басымен итеріліп, аяқтың басына**

	щетка, «з» зымыран, «ф» фабрика, «ы» ыдыстар, «п» парта, «л» лақ, «э» элеватор т.б.	Дәрігер науқасты ... (емдеді). Атам газет ... (оқыды). Балалар далада ... (ойнады). Әпкем ыдысты ... (жуды). Ағай күй ... (тартты).	қайталап, бір-екі сөзді қосып айтады, мысалы: Әсем аулада ойнап жүр. Келесі бала тағы бір-екі сөзді қосады. Әсем аулада досымен ойнап жүр.	– Елік дұрыс айтты ма? Көктемнің сәні деген – гүлдер, көбелектер, алғашқы ұшып келген құстар, күннің жылуы, мөлдір су, көкмайса шөп.	**қайта түсу.**

Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар « Көбелектер бақалар»

Ойын: «Алыптар мен ергежейлілер»
Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.
Ойынның шарты: Арнайы сызықпен қоршаған ойын алаңында балалар жүгіріп ойнап жүреді. “Алыптар” мен “қуғыншымын” қолын жоғары көтереді де өзіне ең жақын жүрген ойыншыны қуа жөнеледі, “ергежейлілер” жүгіреді.
Ұсыныс: Егер қуып жетсе, екеуі орын ауыстырып, жаңа қуғыншы, ойынды әрі қарай жалғастырады.

Ойын: « Көбелектер бақалар»
Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жәндіктерге қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу.
Ойын барысы: Батпақтың шекарасы төртбұрышты етіп белгіленеді. Мұнда бақалар өмір сүреді. Гүлдерге көбелектер ұшып келіп қонады. Ұлдар бақа сияқты секіреді, қыздар көбелектер сияқты ұшады.
Ұсыныс: ойында көбелектер, бақалар болып балалар ойынаушылар қатысады, тәрбиеші де қатысады.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Міндеті:** Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету өз іс-әрекеттерін айта алуға үйрету Арман мен Сәуле диалог жүргізеді. – Сәуле, сен таңертең не істейсің? – Мен таңертең тұрамын. – Таң-ер-тең- ң тұ-ұ-ұ-ра-мын. Таңертең тұрамын (айнамен жұмыс). – Бе-ті-і-ім-ді-і-і жуа-мын – бетімді жуамын. – Ті-с-і-і-ім-ді-і-і та-за-лай-мын – тісімді тазалаймын. – Ша-шым-ды та-рай-мын – шашымды тараймын. – Жат-ты- ғу жа-сай-мын - жаттығу жасаймын. – Ки-і-м-і-і-м-д-і-і-і ки-е-мі-і-і-н – киімімді киемін. – Содан кейін анаммен балабақшаға барамын. Балалар қуыршақтардың	**Қазақ тілі** **Міндеті** - Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ұлттық ыдыстардың атауымен таныстыру **Ойын: «Сиқырлы қоржын». (** Ішінде кесе, қасық, тәрелке). Балалар таныс заттарды атайды, сұрақтарға жауап береді. Қандай кесе? Неше кесе? Түсі қандай? Қандай қасық? Қандай тәрелке? (Үлкен, кішкентай). Қоржынның екінші жағынан ұлттық ыдыстарды алып, жаңа сөздермен таныстыру, ұлттық ыдыстар туралы қысқаша мағлұмат беру. – Мынау – торсық. – Мынау не? (Жеке-жеке «торсық» сөзін дұрыс айтып жаттығып, естеріне сақтайды). – Торсық теріден жасалады. – Торсық неден жасалады? – Торсық теріден жасалады. – Мынау – тостаған. – Мынау не? – Мынау – тостаған. – Мынау қандай тостаған? (Үлкен, кішкентай). – Тостағанмен қымыз, айран ішеді. – Тостағанмен не ішеді? – Тостағанмен қымыз, айран ішеді. – Тостаған ағаштан жасалған.	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** - Допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу Заттардың арасымен дұрыс жүгіруді жалғастыру. Өз денесін басқаруды, арқаннан ұстап салбырап тұруды, ептілік, өз бетімен әрекет ету, күштілікті дамыту. **«Ең сақ кім екен?»** **Текшелерге көтеріп қойылған сырықтардың астынантүрлі әдіспен (шынтақтап жорғалап, еңбектеп, шалқалап жатып) залдың бір жағынан екінші жағына дейін өту.** **Түрлі әдіспен (шынтақтап жорғалап, еңбектеп, шалқалап жатып) залдың бір жағынан екінші жағына дейін өтеді. Сырықтың биіктігіне қарай тиімді әдісті таңдайды**	**Математика негіздері** **Міндеті** Заттарды таразыға салмағы бойынша салыстыруға болатындығы туралы түсінікті бекіту заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыру. Педагог 3- тапсырманы орындауды сұрайды. – Суреттерді қараңдар. Әр табақшадағы көгөністер мен жемістерді санаңдар. Санын жазыңдар. Педагог балалармен талқылайды, санайды, цифрын жазады. 4- тапсырма жеке орындалады. Педагог балаларға тапсырманы алгоритм бойынша бірге орындауды ұсынады: – Қарындашты нүктеге	**Қоршаған орта** **Міндеті:** -Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу Киіз үй жабдықтарымен таныстыру. . Балалар мына суретте ненің суретін көріп тұрсыңдар? — Киіз үй туралы не білесіңдер? — Кім киіз үйдің ішіне кіріп көрді? — Киіз үйді неден жасайды? — Киіз үй жабдықтарын білесіңдер ме? — Жарайсыңдар балалар. Жауап берген балаларды алтын жұлдызбен бағалау. — Балалар мен сендерге киіз үй туралы шағын мағлұмат беріп өтейін. — Киіз үй ауа райының

	(педагогтің) соңынан сөздер мен сөйлемдерді қайталайды. Сөздік ойын: «Жалғасын тап». Үлестірмелі материалдардың көмегімен сөйлемді толықтырады. Таңертең ... (тұрамын). Бетімді ... (жуамын). Тісімді ... (тазалаймын**).**	– Тостаған неден жасалған? – Тостаған ағаштан жасалған. – Мынау – ожау. – Мынау не? – Мынау – ожау. – Мынау – ұлттық ыдыстар. – Мыналар – нелер? – Мынау – ұлттық ыдыстар. Балалар сөздерді және сөйлемдерді тыңдап, қайталайды. – Тостаған, торсық сөздеріндегі бірінші дыбыс қандай? «Т» дыбысынан басталатын сөздер айтыңдаршы. (Табақ, тауық, тәрелке, тышқан, түлкі, Қима материалдармен жұмыс. Сөздерді бекітуге ойын: «Менде, сенде...». Балалар алдарындағы суреттерін атап, көршісінде ненің суреті екенін сұрайды. Мысалы**: Менде тостаған. Сенде не?**		қой. Бірінші тапсырмада көрсетілгендей 4 торкөзге жоғары сызық сыз. – Тоқта. – Шатаспау үшін, осы тапсырманы (жоғары 4 көрсеткіш сызық) сызып таста. – Келесі команданы қараймыз және оқимыз (торкөздердің саны мен бағыты). – Тапсырма бойынша жылжы, графикалық диктантта көрсетілгендей торкөздерді сыз. Қандай сурет шықты? Оны көрсет. Бұл ит**.**	қандай жағдайында да пайдалануға өте ыңғайлы. Ішіне жарық жақсы түседі, ауа алмасуы талапқа сай, жел, дауылға көп шайқалмайды. Киіз үйдің негізгі қаңқасын сүйегі деп атайды. Олар: кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық (жарма есігі). Кереге – киіз үйдің ағаштан жасалған жиналмалы торкөзді сүйегі. Шаңырақ – киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер. Уық – кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сырық. Киіз есік – сықырлауықты жауып, шаңырақ арқылы өткізіп байланады. Киіз есіктің сырты киіз, ортасы ши, астары жарық теріден жасалады. — Үй жиһаздарына да толық мағлұмат беріп өту. Абажа – тамақ пен ыдыс – аяқ сақталатын кебеженің үлкен түрі. Ағаштан жасалып, киізбен, былғарымен қапталған. Кебеже – сүт ет, құрт, шай салып сақтау үшін ағаштан жасап, өрнектеген үй жиһаздары. Әбдіре – зат сақтайтын үлкен сандық. Сырты қаңылтырмен әшекейленіп қапталады. Ағаш төсек – жату үшін пайдаланатын үй жиһаздары. Асадал – тамақ пен ыдыс – аяқ сақталатын кебеже. Жастықағаш – ерте кезде жастықтың астына салынатын ағаш тиянақ. Адалбақан – киім ілуге арналған үй жиһаздары. Жүкаяқ – үйде жүк астына қоятын ағаш зат. Сандық – киім — кешек, т.б. зат салуға арналған үй жиһаздары.

					Төсеніштер: Алаша, киіз, сырмақ. Тұскиіз – сәндік үшін төсектің тұсына тұратын үй бұйымы. Қоржын – екі жағын тең етіп тоқылған, не құрап тіккен зат салатын дорба. Аяққап – ыдыс – аяқ салатын қапшық. Екі бетін киізден тігіп, бетін о — — өрнек салып не кестелеп әшекейлейді. — Балалар, бізге білгішбек ағамыздан хат келіпті, қане бәріміз бірге ашып көрейік. Төрт топтың балаларына тапсырмалар жіберіпті. — Топпен жұмыс жасау. 1 – топ «Шаңырақ» Шаңырақтың суретін саласыңдар. 2 — топ «Уық» Киіз үй неше бөліктен тұрады санмен санап айтасыңдар. 3 – топ «Кереге» сендерге киіз үйді жабдықтары туралы әр түрлі пішіндер берілген киіз үйді құрастырыңдар. 4 – топ «Есік» Киіз үйдің ішіндегі үй жиһаздарын атаңдар.

Үзіліс: «. Секіруге арналған ойындар «Кесіртке»ойыны

Артикуляциялық жаттығулар:
Балықтар
Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді,
Үп-үлкен ағаш жағада жатты,
Балық: «Мына жерде сұңғу оңай»- деп
Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді,
Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп,
Ал төртіншісі тоңа бастады,
Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады,
-Жүзіндер мына жерден,
Әйтпесе жұтып қояды!



Ойын: «Жоғарыда–төменде, биік-аласа»
Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру
Жасы: 5-6 жас аралығы
Қажетті заттар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.
Ойын барысы: Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек.

 **«Тіс щеткасымен ойын» жаттығу.** **Ойын шарты:** Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады.			

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Шығармашылық бейнелеу әрекеті **Міндеті:** - балалардың ұлу туралы білімдерін жетілдіру -- Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік - қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию - Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу -ұлудың суретін салу,мүсіндеуүжапсыру,құрастыр **Топтық жұмыс**	**Қоршаған орта** **Міндеті:** Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту Балалардың бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіре отырып, ата дәстүрін танып білуге, ардақтауға құрметтеп мақтан тұтуға тәрбиелеу. . **Ата мен әжесінен сүйінші сұ**рап қыз бала жүгіріп келеді, сүйіншісін беріп, көршілерге қуанышты хабарды хабарлауға жұмсайды. Ата мен әже немерелі болдық деп қуанып, есім таңдап отырғанда, нәрестесін көтеріп келіні кіреді. Атасы немересін қолына алып, азан шақырып атын қояды. Тәрбиеші: Балаға ат қою рәсімі. Қазақтың салт-дәстүрлерінің бірі балаға ат қою. Ырымдап ат қою – қазақтың қанына сіңген дәстүр. Ал енді,тәрбиешілер сіздердің де есімдеріңізді ырымдап қойған болар, сол туралы айтып өтсеңіздер. (әр тәрбиеші өз есімдері жайлы айтып өтеді) Қазақтың балаға байланысты жасалынатын ырым-дәстүрлерін атап өту (тәрбиешілер балаға байланысты дәстүрлерін атап, соның ішінен бесікке салу дәстүрін көрсетеді) Бесікке салу рәсімінен көрініс. Баланы бесікке салу – салтанатты рәсім. Баланы бесікке салмас бұрын,	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** - Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру . Ертегіні мазмұны бойынша әңгімелету. **Ертегі**: «Қасқыр мен түлкі» (Педагог «Қасқыр мен түлкі» ертегісін оқып береді. Мазмұнын айтып түсіндіреді. Сонан соң ұл балаларға қасқырдың, қыздарға түлкінің сөзін қайталауды ұсынады). Ертеде бір Қасқыр мен Түлкі дос болыпты. Екеуі келе жатып жол үстінен бір кесек ет көреді. Екеуінің де жегісі келіпті. Қасқыр Түлкіге: –Сен жей ғой, досым, – депті. Түлкі арсаландап: –Менің аузым ораза ғой, сен-ақ жей ғой, – депті. Қасқыр етті жейін деп тұмсығын соза бергенде мойнын қақпан қауып алып, ет ұшып кетіпті. Түлкі етті қағып алып жеп қойыпты. Қасқыр: –Ей, досым-ау, сенің аузың ораза емес пе еді? – десе, Түлкі: –Оразам сенің мойныңа түсті ғой, – деп зыта жөнеліпті	**Музыка** **Міндеті:** - Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыт Балалардың қазақтың ұлттық ойынына деген қызығушылықтарын арттыру : Музыка тыңдау: «Ақ сиса» (Жаяу Мұса) Ән айту: «Наурыз тойы» (Т. Мұратов) «Көктем» (Д. Гусинцев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Аюлар биі» (Е. Тиличеева) Билер: «Қамажай» х.ә. (өңдеген Н. Меңдіғалиев) Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин) Музыкалық аспапта ойнау: «Сәулем-ай» қазақтың х.ә. (өңдеген Б. Дәлденбай)	**Музыка** **Міндеті** - Ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру. Балалардың қазақтың ұлттық ойынына деген қызығушылықтарын арттыру **: Музыка тыңдау:** **«Ақ сиса» (Жаяу Мұса)** **Ән айту:** **«Наурыз тойы» (Т. Мұратов)** **«Көктем» (Д. Гусинцев)** **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** **«Аюлар биі» (Е. Тиличеева) Билер:** **«Қамажай» х.ә. (өңдеген Н. Меңдіғалиев)** **Ойындар, хороводтар:** **«Үйшік» (В. Витлин)** **Музыкалық аспапта ойнау:** **«Сәулем-ай» қазақтың х.ә.** **(өңдеген Б. Дәлденбай**

		баланың бесігіне, жын – шайтан жоламас үшін аластайды. Баланы бесікке салмас бұрын «тыштырма рәсімі» жасалынады. Бесіктің тесігінен тәттілер өткізіледі. Жиналған адамдар қолдарын созып, бесіктің астына алақандарын жаяды. Өткізілген тәттілер олардың алақандарына түседі.Бесіктің астына әрбір тәтті түскен кезде ,бесікке салған адам басқаларға «тышты ма?» деп сұрайды. Сол кезде жиналған жұрт «тышты, тышты»деп айтады. Осылайша «тыштырма» рәсімі «тышты ма?» деген сөзден шыққан. Баланы бесікке бөлегеннен кейін «бесік жыры» айтылады. Бесік жыры –дегеніміз балаға әндетіп айтылатын әуен. Бесік жыры бала мазасыз болып, жылап жатқанда немесе ұйықтай алмағанда айтылады. Бесіктің құрал –жабдықтарын атап өту. «Ел боламын десең ,әуелі бесігіңді түзе» деп қазақ атамыз тектен текке айтпаса керек. Мақал-мәтелдер. Бала тәрбиесіне байланысты мақал-мәтелдерді сурет бойынша айту**.**			
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №3** **Бақылау: Мойыл бұтасын бақылау** *Мақсаты:* — Бұталар туралы білімдерін молайту; — Бақылай, зерттей білу қабылеттерін дамыту; — Табиғатты аялауға, қорғауға тәрбиелеу. *Бақылау барысы* **Тәрбиеші әңгімесі:** Мойыл әрі дәрілік, әрі сәндік өсімдік. Мойыл гүлдеген кезде әдемілігімен көздің жауын алып, хош иісі мұрыныңды жарады. Мойыл мамыр, маусым айларында гүлдейді, ал, жемісі тамыз, қыркүйек айларында піседі. Қоңыр күзде мойылдың жемістері өте дәмді болады. Жаңа	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №4** **Бақылау: Тастарды бақылау** *Мақсаты: тастардың әртүрлілігімен және олардың қасиеттерімен таныстыру.* *Бақылау барысы* Балабақша ауласындағы ойын алаңындағы бір ағаштың түбіне әртүрлі тастар салынған қапшықты тығу. Қапшық тығылған ағашты суреттеп айту. Қапшық табылғаннан кейін балалармен әңгіме өткізу. Тастар әртүрлі болады. Оларды жәй тас деп айтуға болмайды, себебі әр тастың өз ерекшелігі болады. Кейбір тастар бағалы, ал жәй тастардың да пайдасы өте көп. Сұрақтар: *Тастардың қандай түрлерін білесіңдер?	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №5** **Бақылау: Бұлттарды бақылау** **Мақсаты***: өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға деген қызығушылықтарын арттыру.* *Бақылау барысы.* *Көркем сөз. «Бұлт»* *Ө. Ақыпбекұлы* *Бұлттың қайда тұрағы?* *Біле алмадым мұны әлі.* *Білерім көк аспанның,* *Бұлт-көшпелі бұлағы.* Тәрбиеші сұрақтары. ♦Бұлт дегеніміз не? ♦Бұлттардың түсі қандай болады?	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №6** **Бақылау: Желді бақылау** *Мақсаты:* *- жел туралы түсініктерін бекіту;* *- жел түрлерін есте сақтау.* *Бақылау барысы* Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел) Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды: ♦ Желдің қандай түрлері болады? ♦ Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №7** **Бақылау: Сутоғанды бақылау** *Мақсаты: мұздың қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.* *Бақылау барысы* Күн өткен сайын көктем қысты ысырып, өз жылуын алып келуде. Көктемнің ең бірінші жеңісі-жерді жібітеді. Алдымен қары еріген алаңқайлар пайда болады, өгей шөптер өсіп шығады. ал, екінші жеңісі-өзен-көлдердің ери бастауы. Жердегі, қар үйінділеріндегі қарлар еріп, сай-саланы қуалап, өзенге барып құяды. Өзен сулары көтеріліп, мұзды жарады.

	піскен жидектерінен қант қосып тәтті сусындар мен кисельдер жасайды. Сол сияқты мойыл жидектерінің емдік қасиеті де өте жоғары. Одан жасалған дәрілермен іш ауруларын, көз ауруларын, безгек ауруларын емдейді. Сондықтан да мойылды кеспей, сындырмай сақтаған жөн. Мойыл гүлдері өте әдемі болғанмен, оның гүл шоғын көп етіп алсаңыз басыңыз ауырады, егер өте қызықсаңыз, бұтасын сындырмай ғана, екі-үш гүлін пышақпен кесіп алып, суға салып қойсаңыз, сол да жеткілікті болады. Мойылды өзіңіз де сындырмаңыз, өзгеге де жол бермеңіз. Балаларға сұрақтар ♦ Мойыл ағашы қай уақытта гүлдейді? ♦ Мойылдың жемістері қай уақытта піседі? ♦ Мойыл жидектерінен не жасайды? ♦ Мойылдың басқа қандай қасиеті бар? ♦ Бұл ағашты не үшін сақтауымыз керек? **Еңбек** Үлкендерге ағаш отырғызуға көмектесу. *Мақсаты: ағаш отырғызу және оны өсіруге деген ынталарын ояту, табиғатты көркейтуге тәрбиелеу.*	*Асыл тастарды не үшін пайдаланады? *Жәй тастарды қай жерде, не үшін пайдаланады? *Гранит, мрамор тастарды көрген жерлерің бар ма, оларды не үшін пайдаланады? Тәрбиеші балалар жауабын толықтырып, түсіндіреді. *Балабақша ауласында, ғимарат құрлысында тастар бар ма? **Зерттеу жұмысы** Балабақша ауласынан түсі, көлемі әртүрлі тастарды тауып, жинау. **Еңбек** Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау. *Мақсаты:ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге,бастаған істі аяқтауға, бітken іске қуануға тәрбиелеу.*	♦Бұлттар неден тұрады? *(сан жетпейтін су тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен.)* ♦ бұлттардың қандай түрлерін білесіңдер? *(түйдек бұлттар, шарбы бұлттар, қат-қабат бұлттар, түнерген найзағайлы бұлттар)* ♦ Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек-түйдек болып тұрады) ♦ Шарбы бұлттар неге ұқсады? (ақ ұлпаға, мамыққа, жақсылап аңғарып қарасаң олардан таныс бейнелерді көруге болады) ♦ Ең үлкен бұлттар қай бұлттар? (түнерген найзағайлы бұлттар) ♦ Қандай бұлттар жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар, түнерген бұлттар) ♦Бұлттар неліктен аспанда жүреді? (оларды жел қуады) **Зерттеу жұмысы** Аспандағы қандай бұлттар екенін анықтау. Бір нәрсеге (өлі және тірі табиғатқа жататын) ұқсайтын бұлттарды табу. **Еңбек** Алаңды егу жұмыстарына дайындау; қоқыстарды жинау, сыпыру. *Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген ынталарын қалыптастыру..*	жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды. ♦Барынша қатты желдердің атын ата? *(дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)* ♦ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды) ♦Желдің ізін көруге болады ма? **Зерттеу жұмысы** Компас арқылы желдің бағытын анықтау. Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. **Еңбек** Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау *Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.*	Жарылған мұздар ағыспен бір-біріне соқтығады. Мұздар жарылып, өзендер арнасынан асқан кезде ауа температурасы кенет төмендейді. Ал, сутоғандардағы мұздар ұзақ уақыт тұрады. Себебі онда ағыс жоқ, су қозғалмайды. Бұл жерде мұздар жарылмайды, біртіндеп ериді. **Зерттеу жұмысы.** Сутоғандағы мұздың қалыңдығын мұз өлшегіш құралмен өлшеу. Тоған бетіндегі мұздың еруін бақылау **Еңбек** Ауланы қоқыстан, сынған бұталардан тазалау. *Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын тәрбиелеу*.
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру
Балалармен жеке жұмыс	**Жеке баламен жұмыс:** **Мақсаты:** балаларға сурет оқу қызметі бойынша қарандашты дұрыс ұстауға үйрету.	**Жеке баламен жұмыс:** **Мақсаты:**сөздерді дұрыс айтуды үйрету	**Жеке баламен жұмыс:** **Мақсаты:** Өлең, тақпақтар жаттату	**Жеке баламен жұмыс:** **Мақсаты:** Балалармен қарым - қатынаста болуын дағдыландыру	**Жеке баламен жұмыс:** **Мақсаты:** Балалардың есте сақтау қасиеттерін арттыру үшін, балаларға тақпақ жаттату

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап- тарды қарау және басқалар)	Қимылды ойын «Біздің аулада не өседі?». Мақсаты: ағаштар аттарын есте сақтауларын тиянақтау, аталған жерге тез жетуге, тез ойлауға, тез шешім қабылдауға баулу. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту Мақсаты: доп лақтыруға жаттықтыру. Мақал-мәтел: -Бір тал кессең, он тал ек.	Қимылды ойын. «Бәйге». Мақсаты: нысанаға тез жетуге деген құлшыныстарын, жеңіске деген құштарлықтарын арттыру. Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: секіргіш жіппен секіруге жаттықтыру.	**Қимылды ойын «Қасқыр қақпан». Мақсаты: ойын ережесін түсініп, шартын сақтап ойнауға, ептілікке, алғырлыққа баулу. Жеке жұмыс Математикалық жаттығулар. Мақсаты: тақ және жұп сандарды санай білу дағдыларын жетілдіру. Халық болжамы. Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады.**	Қимылды ойын «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру. Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту. Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.	**Қимылды ойын «Қасқыр қақпан» Мақсаты: — белгі бойынша әрекет етуге үйрету; — ойын шартын сақтап ойнауға баулу; Жаттығу ойыны Ұзындыққа секіру. Мақсаты: ұзындыққа секіруге жаттықтыру.**
Балалардың үйге қайтуы	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «Ә» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 2 -апта 8–12 сәуір 2023-2024оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Үстел үсті ойыны – пазл: «Әсем гүлдер бағы » Балалармен әсем гүлдер туралы әңгімелесу.	Құрылыс ойындары: «Біздің аула гүлдері»	Фотосуреттер қарастыру: «Гүлдер,гүлдер көп гүлдер» Фотосуретте бейнеленген ойын түрлерін атау.	Үстел үсті театры: «Раушан гүлдер» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.	Сюжеттік ойындар: «Қош иісті гүлдер» еркін сурет салу. Д/ойын: «Менің сүйікті гүлім»
Жаттығу	Жаттығу кешені № 15				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	«Табиғатым тамаша» Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса.	«Дала қандай тамаша» Дала қандай тамаша, Ақ мамыққа оранған. Ақ дастарқан жайғандай, Көз тоймайды қараса.	«Табиғатқа қамқор боп» Табиғатқа қамқор боп, Байлығын біз қорғайық, Әдепті да,тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық.	«Табиғат...» Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған. Сен күнсің көтерілген күліп қырдан. Сен көлсің, сен ормансың. Сен - бұлбұлсың, Адамға сұлулықты шын ұқтырған!	«Дала қандай тамаша» Дала қандай тамаша, Ақ мамыққа оранған. Ақ дастарқан жайғандай, Көз тоймайды қараса.
	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті** Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану Бала бойындағы шешендік қасиетті, сөздік қорларын дамыту. Педагог балаларға сұрақ қою арқылы ертегі мазмұнын пысықтайды. –Ертегіде нелер жайлы айтылған? –Қасқыр мен Түлкі дос болған ба? –Екеуі жолдан не көрді? –Қасқыр Түлкіге не деді? –Сонда Түлкі не дейді? –Еттегі қақпанға қайсысы түседі? –Түлкі сияқты айлакер, қу болу керек пе? –Ертегі қызық бекен, сендерге ұнады ма? Жалғастырта 3– 4 баладан сұрап шығады. Дидактикалық ойын: «Түлкінің құйрығын тап». Ойын шарты: балалар қима суретерден Түлкінің құйрығын тауып көрсетеді.	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өленді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін қалыптастыру Педагог «Мен ғарышкер боламын» өленін екінші рет қайталап оқиды. – Өленнің бірінші жолы қалай басталады? Өленді эмоциямен 2-3 рет қайталайды, бірге жаттайды. Педагог сөйлемнің басын оқып, балалар жалғастыратын тәсілді қолданады. 3-4 бала өленді жатқа айтады. Дәптермен жұмыс: 1 Суретте не бейнеленген? Бала нені армандап тұр? Ойыңды ортаға сал. Сенің ғарышкер болғың келе ме? Қандай ғарышкерлерді білесің? 2. Суретті бастырып сыз. Боя. Педагог үзік сызықтарды қосып сыздырып, боятады	**Математика негіздері** **Міндеті:** 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру. Педагог балаларды вагондар болуға шақырады. Он бала бір-біріне тіркесіп, пойыздың қозғалысын еліктейді. Балаларға 1-ден 10-ға дейін цифр жазылған карточкалар таратылады. Педагог басқа балаларға вагондарды 1-ден 10-ға дейін тура және кері санауды сұрайды. Вагондармен көрініс ойнатылады. Педагог вагондардың бір-бірден туннельге қарай кетіп жатқанын хабарлайды. Сандық сәуле бойынша педагог 1-ге азайту амалын көрсетеді.  **Сонымен** **10 – 1 = 9** **9 –1 = 8** **8 – 1 = 7** **7 – 1 = 6**	**Дене шынықтыру** **Міндеті**: - 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру Мақсаты Керілген баудың биіктігіне байланысты денені жинақтап жұмырлаудың түрлі тактикаларын қолдана білуін қалыптастыру «Желпуіш саламыз» Шаңғының ұшын 180□айнала қозғалып, бұрылады. «Тоннель». Алаң бойымен бағандарға байланған бауларды түрлі биіктікте тартып қою. Осы баулардың астымен өткенде биіктігіне байланысты әртүрлі әдісті пайдаланатынын ескеру керек. Балалардың қажетті арақашықтықты, қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауын қадағалау керек	**Математика негіздері** **Міндеті** - 10 көлеміндегі сандарды салыстыру 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру. **Карточкамен жұмыс Тақтада (демонстрациялық материал 21- кесте) 1 -ден 10-ға дейін сандар қатары ретімен тұрады.** **Топтан екі баланы шақырады, олар цифрды тез және дұрыс қояды, тура және кері санайды. Бір бала санауды бастайды, екіншісі жалғастырады деген тәсілді пайдаланамыз**

Үзіліс: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар «Мысықтар мен балалар»

БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР
Дауыстарын қайтала.
Аң біткенмен алысқан
Ақырады **арыстан:**
А-а-а-а-а-а
Нәзік дауысы қозының
Естіледі алыстан:
Мә-ә-ә-ә-ә
Дөңгелетіп аузыңды,
Жіңішкертіп даусыңды,
Бұзаумын деп ойла да,
Дауысын оның қайтала:

Ойын: ***«Мысықтар мен балалар»***
Мақсаты: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке,алғырлыққа тәрбиелеу.
Ойынның шарты: Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады.
Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады.Балалар «кис-кис», деп шақырады.Мысықтар жақындаған да балалар

Мө—ө-ө-ө (Балақай, жан жануарлардың дауыстарые сала отырып, кей дыбыстардың жуан кей дыбыстардың жіңішке айтылатынына зер сал) **Майлыааң.** Жайлау толы малды аяп, Күзетіп жүр Майлыааң. Жолатпайтын ешкімді, Дауысы алыстан естілді: **(ақырын дауыспен) –р-р-р-р-р-р** «Тамақ жеймін ашпын д»,-деп, «Қорқып иттер қашсын», -еп, Күжірейтіп желкесін Ырылдады қасқыр кеп: **(орташа дауыспен)-р-р-р-р-р-р** «Қорықпаймын сенен»,-деп, «Сазайыңды берем»,-деп, Дірілдетіп қасқырды Айбатын ит асырды: **(қатты дауыспен) –р-р-р-р-р** «Мынау бәле екен» деп, «Түбіме бұл жетер» деп, Қорқып қасқыр жөнелді, Қайтып келмес ол енді. (Балақай, қасқырдан да қорықпайтын төбет иттердің болатынын сен білесің бе? Өзара екі топқа бөлініңдер де, **қасқыр мен иттер** болып алдымен ақырын, сосын орташа, ең соңында қатты дауыспен «р» дыбысын созып айтыдар.)		алаңның екінші жағына қашып шығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Сауат ашу негіздері **Міндеті:** Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру Дидактикалық ойын: «Сөз жарыс» Педагог: Балалар, енді «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: киімдер, гүлдер, сандар т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға жұлдызша беріліп отырады). Жұлдызшаны санау арқылы жеңімпаз анықталады. Дидактикалық ойын: «Қағып ал» – Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып,	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру ... Дидактикалық ойын: Жоғалған дыбыс» – Мен сендерге суреттер көрсетіп бірінші дыбысты айтпай сөз айтамын, сендер жоғалған дыбысты жалғап толық сөзді айтасыңдар да допты кері бересіңдер. Мысалы:... ерезе (т), ...ілем (і)і, ...алық(б), ...үрек(ж), ...ақыт (б), уыршақ...(к), ...омбыра (д), ...екемет (т), ...ышақ (п),... аймақ (қ), ...анан(б), ...ектеп(м), ...рік(ө), ...ияз(п) т.б.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Суреттен іс-әрекетті білдіретін сөздерді анықтап айта білуге, сөздердегі буын санын анықтауды жалғастыру дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру «Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы (Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады) -ал буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: алма, алтын, алжапқыш, алға, аласа, ала, алқа, Алжан, алмас, алау, Альбина, ал т.б . -оқ буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: оқу, оқы, оқымысты, оқулық, оқ, оқыс, оқшаулау, оқтар т.б. -жа буынынан басталатын	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін қалыптастыру Ғарышкер – аспан әлеміне ұшатын адамдар. Ғарышкер ғарышқа зымыранмен ұшады. Оны ғарышкеме деп атайды. Олар ғарышқа ұшып барып, аспан әлемін зерттейді. – Кім ғарышкер болғысы келеді? – Қандай ғарышкерлерді білесіңдер? Слайдтан қазақстандық ғарышкерлерді көрсетеді, атайды. – Бүгін біз ақын Жақан Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.	**Дене шынықтыру** **Міндеті:**. Допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру - 40-30-20 см биіктіктегі арқандардың астынан өту, 20-30 см биіктіктегі арқанның үстінен секіріп өтудегі жоғары нәтижеге жету үшін ең тиімді жолдарын таңдай білуге үйрету. Балалар залда бытырап жүреді. Бастаушының нұсқауларын бұлжытпай орындайды. Егер «жер» - десе қолдарын төмен түсіреді, егер «су» - десе қолдарын алға созып, суда малтаған сыңай көрсетеді, «ауа» - десе құстай ұшып бара жатқандай болады, «от» десе қолдарын созып, алға, артқа айналдыра бастайды

	допты лақтырамын. Сендер мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасыңдар Мысалы: қққасқыр(қ), ееетік(е), ттүлкі(т), өөөрік(ө), ббалық(б), сссағат(с), ааалқа(а), жжжаз(ж), ммоншақ(м), қққоңыз(қ), қққолшатыр(қ), ббілезік(б), жжжұлдызша(ж), ооотын(о), қққарға(қ), ссазан(с), шшшахмат(ш), ттау(т), ккерік(к), әәәтеш(ә), ееесек(е), ттүйе(т), ммандарин(м), қққобыз(қ), ссандық(с), ттекемет(т), ееер(е), үүүзеңгі(ү), ааарба(а) т.б. – Қай дыбыстар созып айтылмайды екен. Оларды қандай дыбыстар дейміз? .		сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: жас, жалын, жалғыз, жат, Жайық , жарқыра, жалқау, жаура, жалау, Жамбыл, жалпылдақ, жалбыз, жаһұт, жау, жарайды, жалмауыз, т.б.	Педагог өлеңді оқып, мазмұнын түсіндіреді, жаттатады. Мен ғарышкер боламын Аспан, аспан, арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын, Мен ғарышкер боламын	

Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Сылдырмақпен сылдырлат»

Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары **«Жасыру» саусақ ойыны.** **Ойын шарты**: Қатысушылар алақанға қысқа қарындашты салады, жұдырықты жұмады және ашады. Қысқа қарандаш аламыз, жұдырыққа қысып, жасырамыз. Ал енді, келесі қолға жасырамыз. Қарандашты қыса отырып, Алақанды ауыстырамыз. Бұл ойында баланың қол икемділігі, танымдық деңгейі артады. **«Салат» саусақ ойыны.** Сәбізді алып тазалаймыз, (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды) Үккішпен үгіп майдалаймыз, (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды) Қанттан сеуіп дәмдейміз, (саусақтардың ұшымен қант себеді) Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді) Дәруменге байыған. (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді)		**Ойын: «Сылдырмақпен сылдырлат »** **Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. **Ойынның шарты:** 5-6 балалар аланның бір жағында сызықтың ар жағында тұрады. Қарама-қарсы жақта орындықтарда бір бірінен арақашықтығы бірдей болып сылдырмақтар /бал-ң санына сай/ жатады. «1-2-3, жүгіріңдер»- деген белгі бойынша балалар сылдырмақтарға қарай жүгіреді, жоғарыға көтереді де сылдырлатады. Бірінші жетіп, сылдырлатқан бала жеңіске жетеді. Сол балалар орындарына барады, басқа ойнаушылар қатысады. **Ұсыныс**: Ойынды қиындатуға болады: кедергілерден секіртіп /жіптен, текшелерден, шеңберден өту, т.б./

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Міндеті:** -Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту	**Қазақ тілі** **Міндеті -** -Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту	**Дене шынықтыру** **Міндеті**: - Допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу	**Математика негіздері** Міндеті Саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау	**Қоршаған орта** **Міндеті:** Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу

	мәдениетті, сыпайы сөйлеуге тәрбиелеу. Сюжеттік ойын: «Дүкен» Балалар кезекпен дүкенге келеді. Педагог – сатушы. Диалог үлгісі: – Сәлеметсіз бе! – Сәлеметсіз бе! – Кесе беріңізші. – Қандай кесе? – Үлкен, екі жасыл кесе. – Міне, кесе алыңыз. – Рақмет. Сау болыңыз. – Сау болыңыз. Үлгі бойынша балалар кезекпен ойнайды	азық-түліктің қазақша атауларымен таныстыру. **Дидактикалық ойын: «Сиқырлы дорба», ішінде** азық түлік (суреттер нан, сүт, май) бар. Сиқырлы дорбада не бар? Балалар дорбадан таныс азық түлікті (нан, сүт, май) алады, атайды. – Сиқырлы дорбаны көрейік, тағы не бар екен. Ол үшін дорбамызды сиқырлайық, дорба туралы жақсы сөздер айтыңдар: Дорба әдемі, дорба жақсы. 1, 2, 3, 4, 5 5, 4, 3, 2, 1 Міне, дорба ашылды! Педагог дорбаның екінші түбінен тағамдарды (суреттерді) алып, жаңа сөздермен таныстырады. Мынау – ет. – Мынау не? – Мынау – ет. – Мынау – жұмыртқа. Жұ-мырт-қа. – Мынау не? – Мынау – жұмыртқа. – Жұмыртқа – тағам. – Жұмыртқа – ... (тағам) – Мынау – ірімшік. І-рім-шік. – Мынау не? – Мынау – ірімшік. – Ірімшік дәмді. – Ірімшік дәмді ме? – Ірімшік дәмді. – Ірімшік – тағам. – Ірімшік не? – Ірімшік – тағам.	Мақсаты 40-30-20 см биіктіктегі арқандардың астынан өту, 20-30 см биіктіктегі арқанның үстінен секіріп өтудегі жоғары нәтижеге жету үшін ең тиімді жолдарын таңдай білуге үйрету. 40-30-20 см биіктіктегі арқанның астынан өту. Кедергінің биіктігіне қарай одан өту тәсілі таңдалады. Кедергінің биіктігіне қарай одан өту тәсілін таңдай отырып, барлық білім-біліктерін қолдануға тырысады. Арқанды іліп кетпес үшін өз қимылын қадағалап, мүмкіндігінше жұмырланады. (3 рет).	арқылы теңдіктен теңсіздік шығару Мақсаты 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру. ☆ ☆ ☆ ☆ ☆ □ – □ 5 – 1 ○○○○○○○ □ – □ 7 – 1 △ △ △ △ □ – □ 4 – 1 Ойын жаттығуы: «Жазбаны шеш». Балалар карточкалардың көмегімен үстелде және тақтада математикалық жазбалар жасайды.	Ғарыш, ғарышкер туралы түсініктерін қалыптастыру және мағлұмат беру. Балалардың сөздік қорларын байыту, 12-ші сәуір ғарышкерлер күні туралы түсінік беру, айналаны қоршаған орта жайында білімдерін кеңейту, үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. . Сәуір айында қандай мереке бар, естеріңе түсіріңдерші? - Иә, бұл сәуір айында үлкен мереке бар. Ол – ғарышкерлер күні деп аталады. - Балалар аспаннан нелерді көруге болады? Әңгімемізді бастамас бұрын, мен сендермен мамандықтар жайында әңгімелескім келеді. Балалар, айтыңдаршы, сендер қандай мамандық түрлерін білесіңдер? (балалардың жауабы). Тәрбиеші: - Дұрыс айтасыңдар. Мұғалім, дәрігер, құрылысшы, жүргізуші, өрт сөндіруші, дүкенші, шаштараз тағы басқа көп мамандар бар екен. Әрбір мамандық адамзатқа өте қажет екен. Мысалы: дәрігер-адамдарды емдейді, мұғалім-балаларды оқытады, жүргізуші – көліктер жүргізеді, өрт сөндіруші – өрт сөндіреді. Ал бүгін біз сендермен тағы бір маман түрімен танысамыз – бұл ғарышкер - Ғарышкерлер дегеніміз кімдер? - Ғарышкерлер дегеніміз – олар ғарышқа, аспан әлеміне ұшатын адамдар Ойын: «Жұлдызды аспан әлемін құрастыру» Ойын шарты: балалардың алдына аспанд аболатын және жерде болатын денелердің арасынан тек аспанда болатын денелерді табу. Мысалы: гүл жерде, ай аспанда т.б. Үлестірмелі материалмен жұмыс: «Зымыран құрастыру. Әртүрлі геометриялық фигуралардан зымыран құрастыру. Зымыран туралы әңгімелеу.

Үзіліс: Секіруге арналған ойындар «Көжектер» ойыны.

Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары
«Кірпі» жаттығуы
Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады)
Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды).
Кіріп кетсе қолыңа,
Өкпелеме жарайма!
Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу.
Мақсаты : қол саусақтарының күрделі үйлесімді қимылдарын дамыту.

Ойын: «Көжектер»
Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты салтына тәрбиелеу.
Шарты: Балалар шеңбер жасап тұрады. Бір бала “түлкі” болады. Қалғандары көжектер секіріп билеп жүреді. Түлкі сыбдырды естіп көжектерді қуады. Қаша алмай қалған көжектерді түлкі ұстап алады, ойын осылай қайталана береді.

А) Алақанды үстелдің үстіне қоямыз. Балалар бірінші оң, содан кейін сол қолдың саусақтарын бір-бірден көтереді. Осы жаттығуды кері жасап, қайталайды.
Б) Алақандар үстелдің үстінде, балалар кезекпен екі қолдың саусақтарын шынашақтан бастап көтереді.
В) Балалар сұқ және ортаңғы саусақтарымен қаламды немесе қарындашты ұстайды. Осы саусақтарын бүгіп, қайтадан қалпына келтіреді., бұл жерде қаламды үлкен саусақтан төмен түсіп кетпеуін қадағалау керек.
Г) Үстелдің үстінде 10-15 қарындаш немесе есептік таяқшалар жатыр. Оларды бір-бірден алып қолға жинау керек. Содан кейін тура солай қайтадан үстелге қою керек. Екінші қолмен көмектесуге болмайды.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Шығармашылық бейнелеу әрекеті
Міндеті: - - көктем мезгілі жайлы түсініктерін жетілдіру,көргендерін бейнелеу іс-әрекеті арқылы қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру
-- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау
- Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию
- Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу
көктем мезгіілінің суретін салу,мүсіндеу ,жапсыру, құрастыру.

Топтық жұмыс

Қоршаған орта
Міндеті: Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну.
Мақсаты Балаларға Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Тұңғыш президент екені туралы әңгімелеу, түсіндіру.

Жарайсыңдар балалар! Ендеше бүгінгі сабағымызда Еліміздің тұңғыш президенті жайында айтамыз. Тақтаға қараңдаршы, мына суретте кім бейнеленген?
Балалар:
- Нұрсұлтан Назарбаев!
Тәрбиеші:
- Дұрыс, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Ал, балалар ол кім екенін білесіңдер ме?
Балалар:
Ол біздің президентіміз!
- Дұрыс, балалар! Ол Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті.
Мақсатына жету үшін алдағы, Әубастан-ақ, дұрыс жолды таңдады. Сол азамат Нұрсұлтанның емес пе, Орындаған бабалардың арманын

Күн өткен сайын құлпырып,
Жайнадың гүлдей Астана,
Елорда – менің Астанам,

Сөйлеуді дамыту
Міндеті: - -Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу
Ғарышкер мамандығы туралы түсінік беру, тілдерін дамыту.

–Ай мен жұлдыздар әлемін ғарышкерлер зерттейді. Сендер қазақтың ғарышкерлерін білесіңдер ме?
–Ғарышкер немен ұшады?
–Ғарышкер қандай болу қажет?
Педагог Ж.Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» өлеңін мәнерлеп оқып береді.

Аспан, аспан арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын, Мен ғарышкер боламын!
Ғарышкер мен де боламын,
Боламын десем, боламын.
Таудай үлкен талабым, Мен бармақтай баламын.
Көктің жүзін барлаймын,
Үлкен ғалым боламын,
Боламын десем, боламын.
(Ж.Смақо**в)**
–Өлеңдегі бала кім болуды армандайды?
–Өз арманына жетеді деп ойлайсыңдар ма?
–Арманға жету үшін жақсы оқып, спортпен айналысу керек. Яғни көп еңбектенген адам арманына жетеді.

Музыка
Міндеті: - Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету
: Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету.

Музыка тыңдау:
«Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова)
Ән айту:
«Қайырлы таң» (Е. Өміров)
«Наурыз тойы» (Т. Мұратов)
Музыкалық-ырғақтық қимылдар:
«Жеңіл би» (Т. Ломова)
Билер:
«Қоян биі» (В. Питерцев)
Ойындар, хороводтар:
«Төлдер» (Д. Ботбаев)
Музыкалық аспапта ойнау:
«Латыш полькасы» (М. Раухвергер)

Музыка
Міндеті -- Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұнын элементтерімен байланыстыру
Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету..

Музыка тыңдау:
«Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова)
Ән айту:
«Қайырлы таң» (Е. Өміров)
«Наурыз тойы» (Т. Мұратов)
Музыкалық-ырғақтық қимылдар:
«Жеңіл би» (Т. Ломова)
Билер:
«Қоян биі» (В. Питерцев)
Ойындар, хороводтар:
«Төлдер» (Д. Ботбаев)
Музыкалық аспапта ойнау:
«Латыш полькасы» (М. Раухвергер)

		Елорда-менің бас қалам	–Ал сендер өскенде кім болуды армандайсыңдар? –Ол үшін сендер көп білім алып, оқуларың керек. –Ал «Оқу – инемен құдық қазғандай». Педагог мақалды жаттап алуды ұсынады.		
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №8** **Бақылау**: **Топырақты бақылау** ***Мақсаты:*** *торф топырағының қыртысымен таныстыру .* ***Бақылау барысы*** Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяққиіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен(жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады.. **Зерттеу жұмысы** Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру. Құммен торфты салыстыру; Жер қыртысы қай жерде тез кебеді. **Еңбек** Ағаш түптері мен атызға торф тасу. *Мақсаты: торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.*	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №9** **Бақылау: Сутоғанды бақылау** ***Мақсаты****: мұздың қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.* ***Бақылау барысы*** Күн өткен сайын көктем қысты ысырып, өз жылуын алып келуде. Көктемнің ең бірінші жеңісі-жерді жібітеді. Алдымен қары еріген алаңқайлар пайда болады, өгей шөптер өсіп шығады. ал, екінші жеңісі-өзен-көлдердің ери бастауы. Жердегі, қар үйінділеріндегі қарлар еріп, сай-саланы қуалап, өзенге барып құяды. Өзен сулары көтеріліп, мұзды жарады. Жарылған мұздар ағыспен бір-біріне соқтығады. Мұздар жарылып, өзендер арнасынан асқан кезде ауа температурасы кенет төмендейді. Ал, сутоғандардағы мұздар ұзақ уақыт тұрады. Себебі онда ағыс жоқ, су қозғалмайды. Бұл жерде мұздар жарылмайды, біртіндеп ериді. **Зерттеу жұмысы.** Сутоғандағы мұздың қалыңдығын мұз өлшегіш құралмен өлшеу. Тоған бетіндегі мұздың еруін бақылау **Еңбек** Ауланы қоқыстан, сынған бұталардан тазалау.	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №10** **Бақылау: Желді бақылау** ***Мақсаты:*** *- жел туралы түсініктерін бекіту;* *- жел түрлерін есте сақтау.* ***Бақылау барысы*** Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел) Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды: ♦ Желдің қандай түрлері болады? ♦ Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды.	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №11** **Бақылау: Тастарды бақылау** ***Мақсаты****: тастардың әртүрлілігімен және олардың қасиеттерімен таныстыру.* ***Бақылау барысы*** Балабақша ауласындағы ойын алаңындағы бір ағаштың түбіне әртүрлі тастар салынған қапшықты тығу. Қапшық тығылған ағашты суреттеп айту. Қапшық табылғаннан кейін балалармен әңгіме өткізу. Тастар әртүрлі болады. Оларды жәй тас деп айтуға болмайды, себебі әр тастың өз ерекшелігі болады. Кейбір тастар бағалы, ал жәй тастардың да пайдасы өте көп. Сұрақтар: *Тастардың қандай түрлерін білесіңдер? *Асыл тастарды не үшін пайдаланады? *Жәй тастарды қай жерде, не үшін пайдаланады? *Гранит, мрамор тастарды көрген жерлерің бар ма, оларды не үшін пайдаланады? Тәрбиеші балалар	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №12** **Бақылау: Ұшып келген құстарды бақылау** ***Мақсаты****: көктем құстары жайлы білімдерін бекіту. Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.* ***Бақылау барысы*** ***Көркем сөз «Ұя» Қ.Баянбаев*** Ұя жасап тақтайдан, Талға апарып байладым. Жыл құсының шаттанған, Күттім қашан сайрауын. Сол ұяны талдағы, Қараторғай мекендеп, Күні бойы сайрады, Жылы пәтер екен деп. Балаларға сұрақтар: *Балалар сендер қандай құстарды білесіңдер? *Жыл құстары деп неге айтамыз? *Құстар неге жылы жаққа ұшып кетеді? *Құстар туған жеріне қай уақытта ұшып келеді? *Ауламызға ұшып келген құстарға қандай қамқорлық жасау керек деп ойлайсыңдар? **Дидактикалық тапсырма:** Құстарды топқа бөл. Мақсаты: құстар суреттерін қыстап қалатын құстар және жыл құстары тобына бөліп, ұяларға орналастыру. **Еңбек:** Гүл егетін орынды тазалап, гүл отырғызуға дайындау. *Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген құпшыныстарын арттыру.*

		Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын тәрбиелеу.	♦Барынша қатты желдердің атын ата? *(дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)* ♦ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды) ♦Желдің ізін көруге болады ма? **Зерттеу жұмысы** Компас арқылы желдің бағытын анықтау. Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. **Еңбек** Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау *Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.*	жауабын толықтырып, түсіндіреді. *Балабақша ауласында, ғимарат құрлысында тастар бар ма? **Зерттеу жұмысы** Балабақша ауласынан түсі, көлемі әртүрлі тастарды тауып, жинау. **Еңбек** Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау. *Мақсаты:ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге,бастаған істі аяқтауға, біткен іске қуануға тәрбиелеу.*	
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру
Балалармен жеке жұмыс	**Жеке баламен жұмыс:** Сөйлеуді дамытудан **Мақсаты:** тілдің грамматикалық құрылымы бойынша қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	**Жаттығуы:** «Дұрыс, бұрыс» **Мақсаты:** Тәрбиеші . сөйлемдер айтады. Балалар дұрыс болса «дұрыс» деп, дұрыс емес болса «дұрыс емес» деп жауап береді.	**Музыкалық -ырғақтық жаттығулар**. Биік музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқынды таныс дене жаттығуларын орындату.	**ойын:**Көктем мезгілі туралы әңгімелесу. **Мақсаты:** Қарапайым сұрақтарға жауап береді.	**Жеке баламен жұмыс:** Сөйлеуді дамытудан Дәрумендер сөзін дұрыс айтуға үйрету.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап- тарды қарау және басқалар)	Қимылды ойын «Аққу-қаздар». Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау. Жаттығу ойыны Секіргіш жіппен жаттығу ойындары. Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету. Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай. Қара жерге де, қамқорлық керек.	Қимылды ойын «Қасқыр қақпан» Мақсаты: — белгі бойынша әрекет етуге үйрету; — ойын шартын сақтап ойнауға баулу; Жаттығу ойыны Ұзындыққа секіру. Мақсаты: ұзындыққа секіруге жаттықтыру.	**Қимылды ойын «Кім жылдам?».** **Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.** **Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру.** **Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту.** **Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.**	Қимылды ойын. «Бәйге». Мақсаты: нысанаға тез жетуге деген құлшыныстарын, жеңіске деген құштарлықтарын арттыру. Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: секіргіш жіппен секіруге жаттықтыру.	**Қимылды ойын: «Үшты үшты».** **Мақсаты: зейіндерін дамыту, байқампаздыққа, тез ойлап, тез шешім қабылдауға үйрету.** **Жеке жұмыс** **Жаңылтпаштар жаттау:** **Үйір, үйір үйректі,** **Қаз маңғаз,** **Үйірге кім үйретті? Маңғаз қаз.** **Үйір, үйір үйректі,** **Әр кез маңғаз,** **Үйірге өзім үйреттім.** **Қаз маңғаз.** **Мақсаты: сөздік қорларын байыту.** **Тыйым сөздер:** **Құс ұясын бұзба.** **Құсқа тас атпа.**
Балалардың үйге қайтуы	**Ата-аналарға кеңес** Бала тәрбиесіне назар аудару , ұлттық құндылықтарды отбасы мүшелерімен бірге дәріптеу.				

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «Ә» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 3 -апта 15 – 19 сәуір 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Үстел үсті, саусақ және т.б. ойындар.** **«Суреттерді орналастыр»** **Ойынның мақсаты**: заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.	**Құрылыс ойындары**: «Еңбек құралдары», «Наубайхана құрастырамыз».	**Фотосуреттер қарастыру**: «Бидай мен қаңбақ» Фотосуретте бейнеленген ертегі желісі бойыншасурет арқылы орналастыру. «Бидай мен қаңбақ» суреті бойынша, әңгіме құрастырып айтып беруге үйрету.	«Біз дәнбіз» дикан жерге дән екті (дән сепкен қимылды көрсетеді)Сіркіреп, жаңбыр жауды (қолдарын шапалақтайды) Жер бетіне көгеріп, бидай шықты (қолдарын жоғары көтереді)Жайлап самал жел есті (қолдарын ырғайды)	**Үстел үсті ойыны – пазл:** **«Бидай»** Комбайынмен бидайды, Былай, былай жинайды. Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды? Қаптап ұшқан торғайдан, Оны былай қорғайды. Кіш, кіш, кіш... Қорғап қалған бидайды, Қамбаға әкеп жинайды.
Жаттығу	Жаттығу кешені №16				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	«Бидай» Комбайынмен бидайды, Былай, былай жинайды. Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды? Қаптап ұшқан торғайдан, Оны былай қорғайды. Кіш, кіш, кіш... Қорғап қалған бидайды, Қамбаға әкеп жинайды.	«Ақ тілек» Адал жақсы ниетпен Бар адамға бақ тілеп. Жарып шыққан жүректен, Сөздің бәрі – Ақ тілек!	«Нанға біз тоямыз» Көктемде жерді жыртамыз, Тегістейміз тырмалап. Дәндерді оған егеміз, Жайқалып көктеп шықсын деп. Күз болғанда орамыз, Нанға біздер тоямыз.	«Көктем қандай тамаша!» Көркемдеген жер-көкті, Көктем қандай тамаша! Жерге әкеліп төсепті Алуан гүлді алаша.	«Көлбең, көлбең, көлеңкем» Көлбең, көлбең, көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем. Тасып піскен бидайды. Айтшы қалай жинайды? Комбайынмен бидайды, Былай, былай жинайды. Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды? Қаптап ұшқан торғайдан, Оны былай қорғайды. Кіш, кіш, кіш... Қорғап қалған бидайды, Қамбаға әкеп жинайды.
	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті** Монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту Ғ» дыбысын буын ішінде келтіріп қайталату: Ға-ға-ға – жаға. Ғи-ғи-ғи – Саға. Ғу-ғу-ғу – бұғу. Ғы-ғы-ғы – бұғы. «Ғ» дыбысын сөз ішінде келтіріп қайталату: Ғалым – қолғап. Тоғай – шаңғы. Сағыз – торғай. Сағат – қағаз. «Қ» – «Ғ» дыбыстарын тақпақ, жұмбақ, жаңылтпаш ішінде бекіту Дидактикалық ойын: «Мамандықты анықта». Шарты: суреттер бойынша мамандық түрлерін анықтап айтады	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру әдеби кейіпкерді адамгершілік ережелері тұрғысынан бағалауға дағдыландыру Суретке қарап, әңгімеле. Суреттегі төлдердің көңіл күйі қандай? Көжекті қандай төлдер құттықтады? 2. Ұйқасын тап. Дамыл таппай бір мезет, Жортумен жүр ақ ... . (көжек) 3. Сен досыңның туған күніне не сыйлағың келеді? Суретін сал. 4. «Туған күніңмен құттықтаймын!» деген сөйлемді түрлі екпінде айт. Қалай айтқан дұрыс?	**Математика негіздері** **Міндеті:** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру **«Қайда барасың, нені табасың?» атты** дидактикалық ойынды ұсынады. Ойын мақсаты: ойын балаларды негізгі кеңістіктік бағыттарды (алға, артқа, оң жақ, сол жақ) анықтау және сөзбен айтуға, заттың кеңістікте орналасуын белгілеу үшін әртүрлі кеңістіктік терминдерді (іші, үсті, арты, асты және т.б.) пайдалануға жаттықтыру үшін жүргізеді. Ойын барысы. Педагог ойыншықтарды бөлменің әр жеріне тығып қояды. Мысалы: ойын барысы бойынша көзделген орналасу орнының оң жағында аюды, сол жағында шкафтың артына қуыршақты, кілемнің алдына допты, артына мәшинені. Ойынды бастаудан бұрын педагог балаларға бөлмеде тығылған ойыншықтарды табатындарын хабарлайды. Балалардың бірін шақырып алып, педагог оған былай дейді: Оң жаққа барсаң, аюды табасың, Сол жаққа барсаң, қуыршақты табасың. Алға қарай жүрсең, допты табасың, Артқа қарай жүрсең, мәшинені табасың. Қайда барғың келеді? Бала ойыншықты табады. Ойын 3-4 рет қайталанады. Бала бағытты ауызша атайды және жасырылған ойыншықты іздейді. Ойын жағдаятына тартылады. Термин сөздерді атайды, заттарды табады. Балалар ойынға қызығушылық танытады	**Дене шынықтыру** **Міндеті: -** Допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр Бала ағзасының кинестикалық (қимылды сезу) және кеңістіктік (ағзаның бөліктерін сезіну) факторларын, ұсақ мотериканы қалыптастыру «Жаңылысқан ұтылады» «Доп» тақтайшасын көрсеткенде секіре жөнеледі, «тас» тақтайшасын көрсеткенде арқасын дөңгелетіп отыра қалады, «тырна» тақтайшасын көрсеткенде бір аяқпен тұра қалады. Топтарға бөлініп, негізгі жаттығуларды орындау. Қауіпсіздік ережелерін үнемі еске салып отыру керек. Топтардағы бастаушылардың дұрыс ауысып тұруын қадағалау. Арқанмен айналмалы жаттығуалар 1.Қайтпас қайсарлар» Арқандармен қырындап жүру. Аяқ басы еденде, өкшелерін арқан үстіне басып, қырындап жүру. Арқан үстіне аяғының өкшелерін қойып, аяғының басын жерге қойып, дұрыс жүруін қадағалау.	**Математика негіздері** **Міндеті** Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру **Топтық жұмыс.** Балаларды топқа бөлу үшін педагог санамақ ұсынады. Топтардың әрқайсысына әртүрлі заттар (кестеге ұқсас) бейнеленген жұмыс парақтары таратылады. Педагог ойын жағдаятын ұйымдастырады (ойыншықтарды табуға көмектеседі). Педагог карточкадағы суреттің орналасуын айтады, мысалы, жоғарғы сөренің оң жағы. Балалар осы жерде бейнеленген затты атайды. Оған керісінше затты атайды, балалар оның да орналасуын атайды
Үзіліс: Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Көршілеріңді ата»					

Саусақ гимнастика жаттығулары:

1.Шынжыр. Оң және сол қолдағы басбармақпен баланүйрек саусақтары түйісіп, жүзіктер секілді айқасып, шынжыр жасайды.

2. Піл: оң қол алақаны жайылып тұрады. Сол қол саусақтары бас бармақ пен кішкене бөбек артқы аяғы болса, баланүйрек саусақ пен шылдыр шүмек саусақ алдыңғы аяқтар, ал ортаңғы саусақ пілдің тұмсығы.

3. Доп: алақандар бір-бірімен жабысады. (доп пішінін жасайды).

4. Гүл: қолдар, саусақтар жоғары қарайды. Алақандар айшанақпен қосыла түптері өзара жанасады. Саусақтар ашылады. Осы жаттығуларды орындай отырып, мына өлең жолдарын айтады.

Саусақтар шынжыр болады,
Үзілмейді тартсаң да,
Ал, піл келіп шынжырды,
Үзіп кетті басқанда.
Тұмсығымен доп іздеп,
Ойнағысы келіп тұр.
Достық үшін пілге мен,
Гүл сыйлағым келіп тұр.



***Ойын: «*Көршілеріңді ата»**

Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту.

Жасы: 5-6 жас аралығы

Қажетті заттар: түрлі суреттер салынған қағаз беті.

Ойын барысы: бұл үшін әр түрлі суреттер салынған қағаз беті пайдаланылады.

1 нұсқа: педагог баладан қандай да бір затты атап, оның оң жағында, сал жағында, үстінде, астында не барын атауын сұрайды.

2 нұсқа: педагог баладан қағаздың оң жақ жоғары бұрышында ненің суреті барын, беттің ортасында ненің суреті бары, т.с.с. сұрайды.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Сауат ашу негіздері **Міндеті:** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру Дидактикалық ойын: «Орамал тастамақ». Педагог дыбысты айтып, бір баланың үстеліне орамал тастайды. Бала сол дыбысқа сөз ойлап тауып, қайта педагогке лақтыруы керек. Мысалы: «а» алма, «о» оқ, «а» алқа «д» доп, «б» балық, «ж» жапалақ, «с»сағыз, «р» рауғаш, «у» уық, «к» кілем , «т» тарақ, «қ» қызылша, «ш» шырша, «а» асқабақ, «к» картоп, «о» ожау, «ж» жаңбыр, «ш» шапалақ, «е» елік, «н» нағашы, «г» Гүлмира, «ш» шалғы, «щ»	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру Дидактикалық ойын: «Эстафета». Педагог сөйлемді айтады, оны қайталайды, сөйтіп бірінші баланың алдына текше немесе кішкене зат қояды, ол дереу бірінші сөзді айтады. Педагог келесі балаға текше бергенде, ол екінші сөзді айтуы керек **...**	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Сөйлем құрау, дауысты дыбыстардың түрлерін анықтай отырып, буынға бөлу дағдыларын жетілдіру Ойын: «Сөздер тізбегі»(доппен) Педагог балаға допты беріп сөз айтады. Бала айтылған сөздің соңғы дыбысына сөз айтып, допты әрі қарай береді. Сөзді айтқанда бастапқы және соңғы дыбысты анық айту қажет. Сөздер тізбегін айту барысында нені анық айтып, нені мұқият тыңдадыңдар? (Дыбысты) Мысалы: шар-радио-ожау-уылдырық-қымыз-зәкір-рауғаш-шалма-алма-алтын- нан-нар-риза-алмұрт-тас-сағат-тарақ-қасық-қант-табақ-қалам-мама-апельсин- нағашы-ыдыс-**семсер т.б.)**	**Көркем әдебиет** Міндеті: Диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру Мақсаты әдеби кейіпкерді адамгершілік ережелері тұрғысынан бағалауға дағдыландыру Педагог балаларға жұмбақ жасырады. Көлеңкесінен қорқып, безектейді, Ал оның баласын көжек дейді. Ол не? (Қоян) – Балалар, көжек деген не? (Қоянның төлі) – Көжек қандай болады? (Көжек кішкентай, жүні	**Дене шынықтыру** **Міндеті:.** Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру 3.«Мың бұралып майысқан» – арқан төмендеген сайын, арқасын артқа шалқайтып тартылған арқаннан өтіп кетуде күш сынасады. Топтарға бөлініп, ең аласа бойы бар баламен өлшеп тартылған арқанның астынан өтеді. Тепе-теңдікті сақтап, артқа қарай тек қана арқанның тұсына келгенде қайырылып өтуге машықтанады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Арқаннан секіру» Ойыншылар шеңбер құрып тұрады. Шеңбердің ортасында бастаушы тұрып алып, арқанның бір ұшынан ұстап екінші ұшын жерге домалата отырып, айналдырады. Айналдыруды баяулап, тездетіп тұрады. Айналдырып тұрып, ойыншыларғы тигізуге тырысады. Ойыншылар

	щетка, «з» зымыран, «ф» фабрика, «ы» ыдыстар, «п» парта, «л» лақ, «э» элеватор т.б. .			жұп-жұмсақ, сүйкімді болады) – Бүгін Ботан Қошымовтың «Аққөжектің достары» ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Ертегіні ойдан, қиялдан шығарады. Педагог ертегіні оқып, мазмұнын ашады Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі ұнады ма? – Ертегі не туралы? – Ертегі қалай аталады? – Авторы кім? – Аққөжекті туған күнімен нелер құттықтап келді? – Аққөжектің көңіл күйі қандай болды? – Достар не істеді? – Жайлаудан Аққөжекті құттықтауға тағы қандай төлдер келді? !	аяғының дәл астына келген сәтте арқаннан секіріп, аяғын алып қашып үлгереді

Үзіліс: Қимылды ойындар «Әуедегі атыс»

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЫНДАР Мен қандай адаммын ? Мақсаты: Топта жұмыс жүргізу үшін жағымды ахуал орнату, қарым - қатынастың белсенді стилін және кері байланыс немесе алу тәсілдерін меңгеру; Әр қатысушы өзінің жағымды , жағымсыз қасиеттерін айтады . Сол бойынша қорытынды жүргізіледі .		Ойын: «Әуедегі атыс» қимылды ойыны Мақсаты: Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау. Ойынның шарты: Бұл сайыста оқушыларды екі топқа тең бөлесіз. 1-топқа бірыңғай қызыл түс (өз қалауыңыз бойынша да таңдауға болады), 2-топқа жасыл түсті үрленген шар беріп, екі команданың арасын түзу сызық етіп бормен сызып қоясыз. Музыка ырғағымен екі команда өз шарларын қарсылас команда жаққа лақтыру керек. Қай топ жылдам сол жеңіске жетеді.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі **Міндеті:** - Азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен жабдықтау тақпақты зейін қойып тыңдауға, оның ішінен таныс сөздерді табуға жаттықтыру	**Қазақ тілі** **Міндеті** - Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету ұлттық тағам түрлерімен	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** - Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею Допты себетке дұрыс лақтыруға, бастапқы қалыпқа тұруға, аяқты жазып барып доп	**Математика негіздері** **Міндеті** Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру	**Қоршаған орта** **Міндеті:** Туған өлке, ел, Отан оның маңызы туралы білімдерін кеңейту **Қазақстан – менің туған өлкем»** **Мақсаты:** балаларды туған өлкесі Қазақстанның табиғатының сұлулығымен таныстыру.

	Ойын «Асханада». Педагог асхана туралы түсініктеме береді: Асханада аспаз жұмыс істейді. Аспаз тамақ пісіреді. Асханада адамдар тамақ ішеді. Балалар кезекпен аспаз болады. Балалар тағамға (өздеріне таныс күнделікті тағамдар) тапсырыс береді. Аспаз ол тағамға қажетті азық түлікті таңдап алып атайды. Мысалы: – Мен палау жеймін. Палау беріңізші. (Аспаз ет, сәбіз, пияз, күріш суреттерін тауып атайды). – Рақмет. Палау дәмді болды	таныстыру Балалар, әже бізге мына қоржынды беріп жіберіпті. Онда не бар екен? Дидактикалық ойын:«Ғажайып қоржын». Суреттермен жұмыс. Жаңа сөздермен таныстыру. Мынау – бауырсақ. – Мынау не? – Мынау – бауырсақ (балалар жеке, хормен, жай, жылдам айтады). – Бауырсақтың дәмі қандай? Сақ-сақ – дәмді бауырсақ. Сақ-сақ – жеймін бауырсақ Мынау – құрт. Құ-ұ-ұрт, құрт. «Құрт» сөзін жеке-жеке айтып жаттығады. – Мынау не? – Мынау – құрт. – Мынау – қымыз. Мынау не? – Мынау – қымыз. – Қымыз өте дәмді. – Қымыздың дәмі қандай? – Қымыз өте дәмді. – Мен қымыз ішемін. – Сен не ішесін? – Мен қымыз ішемін. – Мынау – шұбат. Шұ-ұ-ұ-бат. – Мынау не? – Мынау – шұбат. – Шұбат өте дәмді. – Шұбаттың дәмі қандай? – Шұбат өте дәмді. Балалар сөздерді және сөйлемдерді қайталайды. – Құрт, қымыз сөздерінде бірінші дыбыс қандай? – «Қ» дыбысы	лақтыруға дағдыландыру Себетке доп лақтыру. Допты кеуде тұсында ұстап, төменнен доға сызады. Саусақтары жазылып, сермейді. Баскетбол қалқанынан 2 метр қашықтықта тізбектерге тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыстап тұрады. Аяқтарын тізеден аздап бүгеді. Аяқтарын иық деңгейіне қойып, бір аяғын аздап алдыға шығарады. Денесі алдыға итеріліп, бар салмақ екі аяққа бөлінеді. Қолдар шынтақтан аздап бүгіліп, кеуденің тұсында тұруы керек. Допты бір орында тұрып, екі қолмен кеудеден себетке лақтырады.	«Үстінде», «астында», ұғымдарын бекітуге педагог 4-тапсырманы орындауды ұсынады. Тапсырманы орындау алдында, практикалық жұмыс жасауға болады. Мысалы, қағаздан жапырақтар мен гүлдерді қиып, оларды бір-бірінің үстіне қояды. Жасаған жұмыстарын талқылайды. Содан кейін балалар дәптерде берілген суреттерді бояйды. «Фигура қайда жасырынды?» дидактикалық ойыны Педагог елестетілген шаршының бұрыштары мен қабырғалары және оның ортасында еденге ойыншықтарды жайып қояды. Жетекші бала кез келген ойыншықты шаршыдан алып, басқа балалардан қай заттың артында, алдыңғы жағында, оң жағында және т.б. орналасқандығын атауға шақырады. Балалар фигураны атамай, оның орналасуын сипаттайды	Туған жердің көрінісін қағазға түсіре білуге үйрету, өз еліне деген сүйіспеншілік пен патриоттыққа тәрбиелеу. Суретшінің бере білген көңіл - күйді сезіну қабілеттілігін қалыптастыру, табиғаттың әрбір құбылысы өзінше тамаша екендігін сезіну. Педагогтың әңгімесі: - Біздің сүйікті Отанымыз Қазақстанның кең байтақ екенін айтамыз. Созылып жатқан кең – дала, биікке аспандап көтерілген таулар, асау толқынын жағаға ұрып жатқан Каспий теңізі, Балқаш көлі, өзендер мен көлдер, шұлаған орман мен саябақтар. Жылдың қай мезгілі болса да, осының бәрі адам баласын толқытып қуантады. Бірақ ең негізгісі - туған табиғатымыздың әдемілігін байқай білуді үйрену, оның қайталанбас сұлулығын сезіне білу. Табиғаттың кез - келген бұрышы өзгеше жақсы. Балалар мұқият тыңдайды. Соңдықтан суретшілер өздерінің шығармаларында қоңыр күзді, гүлдеген даланы, алғашқы қарды, қысқы саябақтардағы гүлзарларды, тағы да басқа көріністерді адам баласының қуануы мен таңқалдыру үшін бейнелейтінін білуге болады. Ақын М. Әлімбаевтың «Менің – Қазақстаным» өлеңін оқып беру. Педагог тақтаға А. Черкасскийдың «Қара ағаштар», А. Мамбеевтың «Қиіз үйде», Ә. Қастеевтің «Мұз айдыны - Медеу» атты шығармаларын іледі. Балаларға қазақ даласының көркемдігін, қазақ халқының киіз үйін, жайлауды қағазға бояу арқылы салдыруды ұсынады. Әр түрлі бояуларды таңдауды, қағаз бетіне дұрыс орналастыруды бақылайды. Балалар шығармалар туралы, туған өлкенің табиғатты туралы әңгімелеп береді.
Үзіліс: Аз қимылды ойындар «Жалауша»					

« Өкпені еріту » жаттығуы Тып- тыныш денеңізді бос ұстап отырыңыз .Өзіңізді қараконеңкеде театрда отырмын деп есептеңіз Алдыңыздағы шағын сахнаға (ең жек көретін, көргіңіз келмейтін) сіз кешіруге тиісті адамды қойыңыз. Мейлі ол сізді қазір ренжітсін , бұрын ренжітсін ,қазір өмірде бар болсын , әлде өмірден өтіп кетті ме , оған мән бермеңіз .Көз алдыңызға елестеткенде оның жағдайы жақсы , жүзіне күлкі үйірілген жағдайда болуы керек . Оны бақытты деп біліңіз . Бірнеше минут оның жүзін анық көз алдыңызда ұстап тұрыңыз . Сонан соң барып ол бейнемен қоштасыңыз . Сіз кешірген адам кетісімен сіз өзіңізді сахнаға қойыңыз. Өзіңізді де тек жақсы жағдайда елестетіңіз . Бақытты , күлкі үйірілген жүзбен тұрыңыз . Бұл әлемдегі жақсылық барлығыңызға да тең жететінін ұғыңыз .		**Ойын: «Жалауша»** **Ойынның мақсаты:** жарысып тез жүгіруге,қарсыласынан бұрын жалаушаны алуға жаттықтыру. Керекті құралдар: ысқырық,жалауша,бор,таяқша. **Мазмұны.** Сыныптағы балалар санау арқылы екі командаға бөлінеді.Олар ойын алаңының екі шетінде қарама-қарсы сап түзеп тұрады.Ойыншылардың дәл ортасынан диаметрі 1 метрлік шеңбер сызылады.Шеңбердің ортасына жалауша тігіледі.Жалаушаның қасында қолына ысқырық ұстаған ойын жүргізуші тұрады. Ойынның басталуына белгі берілгеннен кейін әр командадағы бірінші тұрған ойыншылар тез жүгіріп келіп, жалаушаны алдымен алуға тырысады.Егер ала алса, ол ойыншы команда есебіне ір ұпай қосады. Ал шеңберге екі бала да қатар келсе, олар өте сақ болулары керек, өйткені қай ойыншыға қарсыласының қолы бұрын тисе, оның жалаушаны алуға қақысы жоқ. Ойын осылай бірнеше рет жүріп,жеңіске жеткен команда анықталады. **Ойынның ережесі.** 1.Ойыншылар тұрған қатарларынан бір мезетте шығуын мұқият қадағалау қажет. 2. Шеңбердің сызығын басуға болмайды. 3. Шеңбер ішінен алған жалаушаны ойын жүргізушіге беріп, ойыншылар қайтадан тұрған орындарына жүгіріп кетеді. **Әдістемелік нұсқаулар.** Ойын қызықты өту үшін командаларды бір түзудің бойына тұрғызу керек. Ойын жүргізуші етіп сабаққа қатыса алмайтын оқушыларды немесе арнаулы төрешілерді тағайындауға болады.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Шығармашылық бейнелеу әрекеті **Міндеті:** - Қазақ халқының сәндік өнері бойынша сурет салу, көлемді пішіндерді безендеруге үйрету - Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау -- ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию - Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу -сырмақтың суретін салуүмүсіндеу,жапсыру,құрастыру **Топтық жұмыс**	**Қоршаған орта** **Міндеті: -**Ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту алалардың туған жерін сүюге тәрбиелеу, қоршаған ортаға және отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. . Балалар сендер саяхатқа шыққанды ұнатасыңдарма? Мен сендерге сұрақ қоямын сендер жауабын айтыңдар. - Біздің мемлекетіміз қалай аталады? - Елордамыз қай қала? Дұрыс айтасыңдар балалар біз бүгін осы Астана қаласына саяхатқа барамыз. - Астана қаласына қандай көлікпен барғанды ұнатасыңдар? Олай болса балалар көзімізді жұмып, екі қолымызды жайып, өзімізді ұшақта отырғандай сезінейік. Әуен қойылады. Астана арман қала	**Сөйлеуді дамыту** **Міндеті: -** Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу Балаларға жайлау өлеңінің мазмұнын түсіндіру **–**Қандай үй жануарларын білесіңдер? –Оларды неге үй жануарлары деп атаймыз? –Үй жануарларының адамдарға пайдасы бар ма? –Ал осы жануарлардың төлдерін қалай атаймыз? –Төлдер ең алғашында немен қоректенеді? –Иә, дұрыс айтасыңдар, өз енелерінің сүтімен қоректенеді –Осы төрт түлік малдың бәрі жазда жайлауда болады. –Үй жануарлары жазда қайда болады? –Дұрыс айтасыңдар, жайлау – малға жайлы мекен. Жаздың күні жайлауда, Қандай жақсы ойнауға. Жүйрік желмен жарысып, Қозы, лақпен	**Музыка** **Міндеті:** - Дидактикалық ойындар арқылы балалардың есту қабілеттерін арттыру Дидактикалық ойындарарқылы балалардың есту қабілеттерін арттыру **:** Музыка тыңдау: «Айды әперші, апатай» (Е. Өміров) Ән айту: «Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов) «Қайырлы таң» (Е. Өміров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді би» (И. Штраус) Би шығармашылығы: Өз беттеріне би ойлап шығару. Ойындар, хороводтар: «Қанша дыбыс» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын х.ә. (өңдеген Т. Попатенко)	**Музыка** **Міндеті** - Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тыныстыдұрыс алу Мақсаты Дидактикалық ойындар арқылы балалардың есту қабілеттерін арттыру**.** **Музыка тыңдау:** «Айды әперші, апатай» (Е. Өміров) Ән айту: «Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов) «Қайырлы таң» (Е. Өміров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді би» (И. Штраус) Би шығармашылығы: Өз беттеріне би ойлап шығару. Ойындар, хороводтар: «Қанша дыбыс» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын х.ә. (өңдеген Т. Попатенко)

		Бағы бір жанған қала Тұрады ол жап-жас болып Мен үлкен болғанда да. Ал балалар көздерімізді ашамыз міне арман қала Астанаға да келіп жеттік. Ендеше Астана қаласының көрікті жерлерімен танысайық. Ақ орда -Елбасшымыз шетелден келген қонақтарды қабылдап, мәжілістер мен ресми жиындар өткізетін орын. Бәйтерек -Қазақстан мемлекетінің символы. Дүние жүзінде теңдесі жоқ,бірегей сәулетті ғимарат. Мұнда келушілер шыны шарда орналасқан жарық әрі кең көру залына понарамалық лифт арқылы көтеріледі. Биіктігі 97м. Мынау Бейбітшілік және келісім сарайы. «Нұр-Астана» мешіті.Қазақстан мен Татарстан Елбасылары қол жеткізген келісімге сәйкес бой көтерген Алланың үйі.	табысып, Көл бойында тынығып, Күнге күйіп, шынығып, Жүресің сен жайраңдап, Кең даланы сайрандап, Жайлау, жайлау – жасыл бақ, Мәз боламыз асыр сап. –Балалар, жайлау қандай екен? –Суға шомылып, күнге күйіп шыныға болады ма екен? .		
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №13** **Бақылау: Бұлттарды бақылау** ***Мақсаты:*** *әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру* **Бақылау барысы** **Көркем сөз «Бұлт»** **Ә. Ақыпбекұлы** Бұлттың қайда тұрағы, Біле алмадым мұны әлі. Білерім көк аспанның Бұлт көшпелі бұлағы. **Тәрбиеші балаларға сұрақ береді.** ♦ Аспанға қараңдар, не көріп тұрсыңдар? ♦ Бүгінгі бұлттар қандай? ♦ Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма? ♦ Бұлт қай бағытқа жүзіп барады? **Еңбек**	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №14** **Бақылау: Күнді бақылау** ***Мақсаты:*** *күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.* *Бақылау барысы* Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Үлкен алтын табақтан, Әлемге нұр таратқан. *(күн)* *Алауға оранып,* *Көкке өрлеп шығады.* *Бір айналып оралып,* *Көкжиекке бұғады. (күн)* Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады. *Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады? *Күн қай жақтан шығады? *Қай жаққа батады? *Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма? *Неге?	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №15** **Бақылау: Желді бақылау** ***Мақсаты:*** *- жел туралы түсініктерін бекіту;* *- жел түрлерін есте сақтау.* *Бақылау барысы* Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел) Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды: ♦ Желдің қандай түрлері болады? ♦ Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №16** **Бақылау: Топырақты бақылау** ***Мақсаты:*** *торф топырағының қыртысымен таныстыру .* *Бақылау барысы* Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяққиміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен(жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады.. **Зерттеу жұмысы** Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру. Құммен торфты салыстыру; Жер қыртысы қай жерде тез кебеді. **Еңбек** Ағаш түптері мен атызға торф тасу.	**Сәуір** **Серуен-Бақылау №17** **Бақылау: Жәндіктерді бақылау** ***Мақсаты:*** *«Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;* — Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. *Бақылау барысы* *Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:* -Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) -Қанды сорып сүліктей, Ызыңдап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) -Ызыңдап ән салып, Жұп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) -Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) -Тор тоқуға шебер-ақ,

	Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу *Мақсаты:* бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу.	**Зерттеу қызметі** Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме? Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? *(қоңыр түсті әйнекпен)* **Еңбек** Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу.. *Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.*	болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды. ♦Барынша қатты желдердің атын ата? *(дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)* ♦ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды) ♦Желдің ізін көруге болады ма? **Зерттеу жұмысы** Компас арқылы желдің бағытын анықтау. Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. **Еңбек** Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау *Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.*	*Мақсаты: торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.* **Қимылды ойын** «Аққу-қаздар». *Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау.* **Жаттығу ойыны** Секіргіш жіппен жаттығу ойындары. *Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету.* .	Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) **Тәрбиеші сұрақтары.** ♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ♦Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? *(көбелек, құрт т.б)* ♦ Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар) ♦ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) ♦ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? *(бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)* ♦ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? *(ара, жібек құрты, құмырсқа).* ♦ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа) ♦ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды) ♦ **Зерттеу жұмысы** Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау. **Еңбек:** Алаңды қоқыстардан тазалау. *Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.*
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру
Балалармен жеке жұмыс	Жеке жұмыс Жаңылтпаш айту: «Ала бұлт ақ па, Ақ бұлт ақ па? Ала бұлт ақ емес, Ақ бұлт ақ» «Анау арал қай арал, Қайыңды арал, талды арал» Жұмбақ: Етек-жеңі жиналмай, Дауыл тұрса дым қалмай,	Мақал-мәтел: Сәуір болса күн күркірер, Күн күркіресе, көк дүркірер. Сәуірдегі жауын-сауып тұрған сауын	Қауіпсіздік ережелеріне үйрету	Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай. Қара жерге де, қамқорлық керек	Бағдаршамның нақты қызметін үйрету

	Түйдектеліп көшеді, Тоз-тоз болып өшеді. (бұлт)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап- тарды қарау және басқалар)	Қимылды ойын «Үйсіз қоян». Мақсаты: —бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету; — жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу.	Қимылды ойын «Күн мен түн». Мақсаты:күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу. Жаттығу ойыны Орнында тұрып ұзындыққа секіру. Мақсаты:секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту.	**Қимылды ойын «Кім жылдам?».** **Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.** **Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру.** **Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту.** **Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.**	Қимылды ойын «Аққу-қаздар». Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау. Жаттығу ойыны Секіргіш жіппен жаттығу ойындары. Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету	**Қимылды ойын «Аюлар мен аралар».** **Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу.** **Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту.** **Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту.** **Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады.**
Балалардың үйге қайтуы	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «№37 орта мектебі» КММ
Мектепалды даярлық О «Ә» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 4-апта 22-26 сәуір 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«**Әдебиет орталығы»** **«Тату доспыз бәріміз»** тақырыбында сурет арқылы жұмыс жүргізу. Суретке қарап, әңгімелер құрайды. Туыспыз біз бәріміз, Бір Отанды сүйеміз. Бақытты елде туған соң, Бақытты өмір сүреміз! Өнер орталығы: әр ұлт өкілдерінің суретін салады.	Д/ойын: «Керісінше айт» Мақсаты: Балалардың сөздік қорына антоним сөздерін енгізу (жылы-суық, ыстық- суық, жарық - қараңғы және т.б.); айналаны қоршаған ортаны терең түсіне білу.	«**Бауырмал халық» Боямақпен жұмыс.** **Мақсаты**: Қазақ халқы бауырмал халық. Біздің елімізде тұрып жатқан орыс, корей, түрі т.б. халықтар біздің жерімізден жер беріп, жылы құшақпен қарсы алған. Суретте берілген қазақ, орыс, өзбек, татар халқының ұлттық киімінің ерекшелігін айтып, сәйкес түспен бастырып, бояуды ұсынамын. Бақытты елде туған соң, Бақытты өмір сүреміз.	**Үстел- үсті ойын: «Пазлдарды құрастырамыз» «Әрқашан күн сөнбесін!»** **Мақсаты**:конструктормен,ес ептеу таяқшалармен өз еркімен құрастыру. Логикалық ойлау қабілетін дамыту. Көліктер жайлы әңгімелесу.	**Д/ойын: «Достық»** **Мақсаты**: 1 мамыр- Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу; **Ынтымақ**тыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға тәрбиелеу.
Жаттығу	Жаттығу кешені № 16				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	Мнемосхемамен «Дос»туралы мақал-мәтелдер Доссыз өмір-бос. Жүз сомың болғанша, Жүз досың болсын.	«Достық үйін құрамыз» Дөңгелене тұрамыз, Керегені құрамыз. Уықтар боп иіліп, Шаңыраққа киіліп, Достық үйін құрамыз.	«Болмасын еш тосқауыл» Жақсылыққа, бақытқа, Талпынған әр уақытта. Бала біткен дос, бауыр, Болмасын еш тосқауыл.	«Күлімде, Күн, күлімде» Күлімде, Күн, күлімде, Күлсін барлық бала шат! Берекелі бүгіндей Бейбіт болсын болашақ.	«Ағайынбыз бәріміз!» Ақпыз, қара, сарымыз, Ағайынбыз бәріміз. Ортақ болсын асар тау, Жеміс толы бақша- бау. Болсын жер мен су ортақ, Болсын бізге ну ортақ. Ақпыз, қара, сарымыз, Ағайынбыз бәріміз!

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	**1 - ұйымдастырылған іс-әрекет**				
	Сөйлеуді дамыту **Міндеті Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру** Балаларды үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу Дидактикалық ойын: «Таңдап ал да, дауысын сал». Ойын шарты: Дәптер бойынша орындалады. Дәптердегі тапсырма орындалады.Үй жануарларының суретін таңдап алып, дауысын салып береді	**Көркем әдебиет** **Міндеті:** Өленді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі туралы түсінігін қалыптастыру Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Атасы мен немересі не туралы сөйлесіп отыр? Жайлаудан қандай жануарларды көріп тұрсың? Ата. 2. Не артық? Қоршап сыз. 3. Киіз үйдің суретін сал. 4. Жұмбақты шеш. Ұқсайтын шеңберге Қабырғасы жиылып, керіледі. Жиһазы мол кең бөлме, Төбесінен жұлдыздар көрінеді. (Киіз үй)	**Математика негіздері** Міндеті: Алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту. осыған дейін не үйренгенімізді еске түсіреміз. Білімдерімізді жүйелеп көрсетеміз. Балалар жарысқа деген қызығушылықтарын көрсетеді. Топтарға бөлінеді: біріінші команда Әлияның командасы, екінші команда Сырымдікі тапсырма. Тақтадағы нүктелері бар жұпты – шаршылар карточкаларын қараңдар. Карточкаларды қарайды жұптасу жолын анықтайды, соңғы карточканы толықтырады. – Тақтадағы фишкаларға қараңдар. – Олардың ұқсастығы қандай? – Айырмашылығы неде? – Соңғы карточканы толықтыр. Балалар карточкаларды қарайды, жұптастыру принципін анықтайды, соңғы суретті салады: біріншісінде - бір нүкте, екіншісінде - 6 нүкте 	**Дене шынықтыру** **Міндеті: -** -Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру Гимнастикалық баспалдаққа өрмелеп, сатыдан-сатыға ауысу дағдыларын дамыту Гимнастикалық қабырғаға қиғаш өрмелеу. Қол мен аяқтың қимылын үйлестіру. Гимнастикалық қабырғамен жоғары өрмелеп, төмен қарай қиғаш түсу. Қолмен сатылардан ұстап алып отырады. Сосын аяқтарын сатыларға қояды. Қолды дұрыс қойып ұстау. Төрт саусақты үстінен, бас бармақты астынан қойып ұстайд	**Математика негіздері** Міндеті 10 көлемінде тура және кері санау, геометриялық пішіндер мен денелер атауын бекіту алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту. Топтар хормен тура және кері санайды. Бір санды аттап санайды. Балалар дауыстап тура және кері санайды, топтар бір саннан аттап санайды Суретті қараңдар. Неше пішін? Оларды атаңдар. Пішіндерді қарайды, шаршы екенін анықтап, санайды. 
Үзіліс:					

Дидактикалық ойын: «Кім болғым келеді?» Мақсаты: Мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы зейіндерін дамыту.Олар қандай заттармен қолданатыны жайлы түсінік беру. Ойынның шарты:Тәрбиеші картиналарды көрсете отырып,былай деп сұрайды, «Дәрігер не істейді? Жүргізуші не істейді? Мұғалім не істейді? Тігінші не істейді?» Балалар қай мамандық иесі екенін қандай құралдармен жұмыс істейтін жайлы айтады. Ықтимал күрделендіру:тез ойла Ойынның нұсқаулары:Балаларға мамандық иелерінің суреттері таратылып беріледі. 		**Ойын: «Оюларды құрастыр»** **Мақсаты:** Қазақ халқының қолданбалы сәндік өнері туралы балаларға түсінік беру. Ою-өрнектің түрлерімен таныстыру, ою-өрнектерді құрастыра білуге, түстердің үйлесілімділігін үйрету.Танымдық қабілеттерін арттыруБалалар өз елін, халқын сүюге қазақ өнерін құрметтеуге тәрбиелеу.Ұлттық мақтаныш сезіміз ояту.Эстетикалық талғамын ұштау. **Қолданатын көрнекіліктер:** Оюлардың қиылған суреттері **Ойын шарты:** Қазақтың ұлтық әр түрлі оюлармен сәндей білу,оюларды құрастырып аттарын атау.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Сауат ашу негіздері **Міндеті: -**Сөзде түсіп қалған тиісті дыбысты табу, қандай да бір дыбысқа сөз құрау секілді тапсырмалар арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру Сызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағыларын жетілдіру. Педагог: Балалар, енді «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: киімдер, гүлдер, сандар т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға жұлдызша беріліп отырады). Жұлдызшаны санау арқылы жеңімпаз анықталады.	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** Дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру. **Дидактикалық ойын: «Қағып ал»** – Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып, допты лақтырамын. Сендер мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасыңдар Мысалы: қққасқыр(қ), ееетік(е), тттүлкі(т), өөөрік(ө), ббалық(б), ссағат(с), ааалқа(а), жжжаз(ж), ммоншақ(м), қққоңыз(қ), қққолшатыр(қ), ббілезік(б), жжжұлдызша(ж), ооотын(о), қққарға(қ), ссазан(с), шшшахмат(ш), тттау(т), ккккерік(к), ээәтеш(ә), ееесек(е), тттүйе(т), ммандарин(м), қққобыз(қ), сссандық(с), тттекемет(т), ееер(е), үүүзеңгі(ү), ааарба(а) т **...**	**Сауат ашу негіздері** **Міндеті** -Буынға буын қосып, сөз құрауға жаттықтыру арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Буынға буын қосып, сөз құрауға жаттықтыру арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру Дидактикалық жаттығу: «Буындардан сөз құра» – Балалар, мен буындар айтамын сендер сөз құраылатындай екінші буынды айтуларың керек. Мысалы: Мақ-та, жапа-лақ, дәп-тер, кар-топ, жыл-қы, ма-са, көбе-лек, домбы-ра, арыс-тан, қо-ян, май-мыл, жану-ар, жаң-быр, шал-бар, қыза-нақ, қырық-қабат, даң-ғыл, қоңы-рау, мек-теп, шал-қан, зымы-ран, тек-ше, теле-фон, жұл-дыз, қо-раз, қо-быз, қылқа-лам т.б. – Балалар, сендер балабақшаға келе жатқанда жолда, нелерді немесе кімдерді көресіңдер? Айтып беріңдерші	**Көркем әдебиет** Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі туралы түсінігін қалыптастыру Киіз үйді, киіз үй ішіндегі жиһаздардың, киіз, текемет суреттерін көрсету. – Суреттен не көріп тұрсыңдар? – Бүгін қазақ халқының ежелгі баспанасы – киіз үй туралы әңгімелейміз. Киіз үй – ата-бабамыздан келе жатқан асыл мұра. Киіз үй көшіп-қонып жүргенге өте қолайлы. Киіз үй тегіс, су баспайтын құрғақ жерге тігіледі. Қыста жылы, жазда салқын. Үйдің жабулары киізден жасалғандықтан, «киіз үй» деп атаған. – Бүгін біз ақын Қастек Баянбайдың «Киіз үй» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі. Айырықша сезімдерді үйқас сөздермен суреттейді. Педагог өлеңді мәнерлеп оқып береді Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: – Өлең саған ұнады ма? – Авторы кім?	**Дене шынықтыру** Міндеті:. -3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). - Қимыл әрекеттердің еркін орындалуын, себетке допты аяқты бүгіп, жаза келе дәлдеп лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуді үйрету Баскетбол себетіне доп лақтыру. Допты кеуде деңгейінде ұстап, балалар қолдарын өзіне қарай төмен айналдырып, сосын түзете жазып жоғары көтереді де, қолының басы мен саусақтарын ашып, итерген қимыл жасайды. Доптан көзін алмай, шынтақтарын екі жаққа жібермей, жинап ұстайды. Баскетбол қалқанынан 2,5 метр қашықтықта тізбектерге тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыстап тұрады. Аяқтарын тізеден аздап бүгеді. Аяқтарын иық деңгейіне қойып, бір аяғын аздап алдыға шығарады. Денесі алдыға итеріліп, бар салмақ екі аяққа бөлінеді. Қолдар шынтақтан аздап бүгіліп, кеуденің тұсында тұруы керек. Допты бір орында тұрып, екі қолмен кеудеден себетке лақтырады.

				– Өлең қалай аталады? – Өлеңде не туралы айтылған? – Киіз үйдің пішіні қандай? Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: – Өлең саған ұнады ма? – Авторы кім? – Өлең қалай аталады? – Өлеңде не туралы айтылған? – Киіз үйдің пішіні қандай? !	

Үзіліс:

Саусақ ойыны: **« Тасбақа»**
Мақсаты: Ұсақ мотрикаңың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау.
1.Тасбақа
Тасбақа, тасбақа,
Тас астында тұрады.
Басын баяу шығарып,
Тиіссең кері тығады.

Жұдырықты түйіп, бас бармақты шығарады да, тасбақаны бейнелейді.. Өлең мазмұнына қарай саусақты кері жасырады. Осы тектес келесі өлеңдерге де қимыл жасауға болады.
Фонетикалық жаттығулар
Мақсаты: Фонетикалық жаттығуды орындау барысындағы басты міндетіміз баланың нақты дыбыстарды дыбыстауы барысында дұрыс тыныс алуын және артикуляциясын қадағалау болып табылады.
1.Баудағы кім?
Ара болсаң, ызыңда
З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж
Жұмыс істе, тығылма.
- Ара қалай дыбыстайды?
(з- з-з) - қатты\жай

2.Жыланның ысылы.
Жылан қалай дыбыстайды?

Психологиялық ойын:
Ойын: «Тыныштықты жақсы көретін патша»
Мақсаты: Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту.
Ойын шарты:
Патша шуды жек көреді, сондықтан ханзаданың көңіл - күйін бұзбау үшін барлығымыз шуламай тыныш қозғаламыз. Патша аяқтың ұшымен жүреді, оның жүрісі жеңіл, баяу. Бұл ролді бір бала атқарады. Жүргізуші келесі сөзді айтады: «Барлық балалар, патшадан басқа бөлменің әр жеріне тұра қалады. Патша саусағын ауызына тигізіп, «Ш - ш - ш, ханзада келе жатыр!» деп, бөлмені аралай бастайды. Барлығы «қатып» қалу керек, ал патша әрқайсысын айналып шығады. Кез келген баланың қасына келіп, саусағын баланың мұрнына тигізеді. Сол бала аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Келесі балаға жақындаған патша саусағын баланың мұрнына тигізеді, ол бірінші баланың соңына тұрып, аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Сол тәртіппен ойын жалғаса береді. Барлық балалар патшаның артына жиналғаннан кейін, патша кез келген артындағы балаға қарап, «Ш - ш - ш» дейді, сонда сол бала өз орнына тыныш, аяқ ұшымен оралады. Барлығы орнына тұрғаннан кейін ойын аяқталады.
"Қисық сурет" атты суретті жаттығу өткізіліп, оң және сол жарты шарлар басымдылығын анықтауға арналған қысқаша тест, сонымен қатар оптимистік бағдарды анықтауға арналған сауалнама алынды.

Аз қимылды ойын:
Ойын: «Қуғыншыдан құтқару»
Мақсаты: балаларға тез бұлтарып жүгіру тәсілдерін меңгерту.
Ойын шарты:
Мазмұны: Алаңда үлкен шеңбер немесе төртбұрыш сызылып, ойнайтын жер алдын ала дайындалады. Ойыншылардың арасынан санамақ арқылы бір «қуғыншы» сайланады. Ойын алаңнан шықпай, ішінде жүріп ойналады. Мұғалімнің «Қуғыншы табылды!» деген белгісінен кейін сайланған бала қолын жоғары көтеріп: «Мен қуғыншы»! – деп айқайлайды да, балаларды қуа жөнеледі.
Қуғыншының қолы тиген ойыншы қолын жоғары көтеріп , қуғыншы болғанын білдіреді де, ойынды әрі қарай жалғастырады.
Бірақ ойыншылар қуғыншыдан бір-бірін құтқаруларына болады. Ол үшін : қашып келе жатқан ойыншы мен қуғыншы екеуінің арасынан кесіп жүгіріп өтсе;
Қашып келе жатқан ойыншыға қол тигізсе;
Қашып келе жатқан ойыншымен қол алысса, онда қуғыншы сол ойыншыны қуады.
Ойынның ережесі:
1. Қуғыншы қолын көтеріп: «Мен қуғыншы» деп басқаларға ескерткеннен кейін ғана ойыншыларды ұстауына болады.
2. Ойын алаңынан шығып кеткен ойыншы ойыннан шығады.
Әдістемелік нұсқаулар.
Бұл ойынды ұйымдастыру үшін алаңды дұрыс таңдаған жөн. Ойыншылар жүгірген кезде бір-біріне немесе басқа заттарға соғылып қалмау үшін қадағалау керек.
Ойын қызықты өтуі үшін ойынныі мазмұнына әртүрлі қосымша тапсырмалар енгізуге болады.
Бір ойында бір қуғыншы ғана емес, бірнеше қуғыншы сайлауға болады.
Ойынның педагогикалық маңызы.

Ыс-с—ыс-сссс....

3.Шалқан. Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: «**О...о...о**!» деп таң қалды.



Ойынның педагогикалық маңызы өте зор. Ойыншылар жолдастықты іс жүзінде көрсете алады. Достары көп болғанның пайдасын көреді.Қауіптен қорықпай, қиыншылыққа қарсы тұруға дағдыланады.
Ойын барысында ойыншылар жүгіру жаттығуларын орындау тәсілдерін жетілдіреді. Өз қимыл –қозғалысын өзгелермен үйлестіруге үйренеді. Шапшаң, епті қимылдауға жаттығады.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қазақ тілі
Міндеті: Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру,- ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін, сөздерін мәнерлеп жеткізе білуге үйрету

Балалар, аналарың нанды қайдан алады? Дүкенге нан қайдан келеді білесіңдер ме?
Педагог «Нан қайдан шығады?» (М. Етекбаев) ертегісін балаларға ұсынады.
Иллюстрациялар көрсетіле отырып, ертегі оқылады.
Ертегі не туралы?
Жаңа сөздермен таныстыру.
– Мынау – сатушы. Са-ту-шы.
– Мынау кім?
– Мынау – сатушы.
– Сатушы нан сатады.
– Сатушы не істейді?
– Сатушы нан сатады.
– Мынау наубайшы. Нау – бай - шы.
– Мынау кім?
– Мынау – наубайшы.
– Наубайшы нан пісіреді.
– Наубайшы не пісіреді?
– Наубайшы нан пісіреді.
– Мынау – бидай.
– Мынау не?
– Мынау – бидай.
– Мынау – диірменші.
– Мынау кім?
– Мынау – диірменші.

Қазақ тілі
Міндеті - Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыр
сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, үй жануарлары мен төлдерін топтай алуға жаттықтыру,

Үнтаспадан жануарлардың дауыстары естіледі.
– Балалар бұл ненің даусы? Мәтін оқу. «Адам жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі, ит, мысықты күтіп-баптап өсіреді. Сол үшін үй жануарлары деп аталады. Үй жануарлары адамға көп пайда келтіреді. Жылқы – көлік, оны арба мен шанаға жегеді. Жылқының сүтін ашытып, қымыз жасайды. Қымыз – сусын. Сиыр, қой, түйе, ешкінің сүті мен еті – тамақ. Қой, түйе, ешкі жүнінен киім және тағы да басқа тұрмыстық заттар жасалады». – Мәтінде қандай таныс сөздер бар? – Қой, түйе, сиыр, ешкі, жылқы. – Үй жануарларының пайдасы қандай? – Үй жануарларының еті мен сүті бізге тамақ болады. Жүнінен киім т.б. заттар жасалады. –

Дене шынықтыру
Міндеті: - Екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет);
Қимыл әрекеттердің еркін орындалуын, себетке допты аяқты бүгіп, жаза келе дәлдеп лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуді үйрету

Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тұзақ» Ойыншылар бірінің ішінде бірі орналасқан екі шеңберге тұрады. Екі шеңбер екі бағытта қозғалады. Бастаушының белгісімен екі шеңбер бір уақытта тоқтап, ішкі шеңбердегі балалар қолдарын жоғары көтеріп, «қақпа» жасайды. Сыртқы шеңбердегі балалар «қақпадан» бір кіріп, бір шығып жүреді. Бастаушы тағы белгі бергенде ішкі шеңбер «қақпаны» күрт жабады да, шеңбер ішінде қалып қойған балалар тұзаққа түседі. Олар енді ішкі шеңберге қосылады. Ойын осылайша жалғаса береді.
Өзін-өзі уқалау:
«Балақан, қандай жақсы алақан!»

Математика негіздері
Міндеті Есеп шығару, заттарды салмағы бойынша салыстыру біліктерін бекіту
алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту.

Суретке қарап есептер құрастырып, мысалдар жазыңдар.

Қоршаған орта
Міндеті: Тірі және өлі табиғаттың маңыздылығын түсіну
Балалардың «Өлі және тірі табиғат» тақырыбында білімдерін тереңдету, қоршаған орта жайлы танымдық әрекет шындау.
Балалардың ақыл — ойын, түсінігін, білімін, табиғат туралы білімін, қызығушылығын зейінін дамыту.
.
Табиғат ананың хаты
Сәлеметсіз бе балалар! Мені барлық балалар жақсы біледі. Балалар осы «Өлі және тірі табиғатты» жайлы айтып беріңдерші, оларды зерттеп, санап, түрлерін атап, «Өлі және тірі табиғатты» жайлы қызықты ертегі әңгімелеп беріңдерші.
– Ал, балалар Табиғат ананың тапсырмасын орындаймызба?
Тәжірибе: Ыдыстағы құмды ұлғайтқыш әйнекпен қарау. Ұсақ бір — біріне жабыспайды. Ыдыстағы құмның жел тұрғанда ұшуы. Сок ішуге арналған түтікшемен құмды үрлеу, жеңіл, жел тұрса ұшады. Ыдыстағы құмға су құю. Ыдыстағы құмға, су құйса балшыққа айналады. Тасты бақылау. Су құйса да жылтырап жата береді, түрі түсі өзгермейді, майдаланып балшыққа айналмайды, жел үрлесе де қозғалмайды.
Ауыр зат. (Балалардың тәжірибе жасауы)
3) Ойын — ойнау, «Құм, тас, су. Басы «құм» дегенде әр жерде шашыраңқы болып отыру. «Тас»дегенде өз қолымен мүсін жасап тұра қалу, «су» дегенде толқын жасап қозғалу». (Балалар қимылмен көрсетеді)
Табиғат туралы мақал — мәтелдер:
Таза болса табиға

Үзіліс:

Сюжетті - рөлді ойын: **«Тігінші»**
Мақсаты: Балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру. Балалардың коммуникативті дағдыларын арттыру, бір - бірімен диалог арқылы сөйлесуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өзіне сенімді болуға, үлкендердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу.
Көрнекіліктер: Киімдер, бас киімдер, тігіншіге керек заттар(ине, метр, қайшы, жіп), іс машинасы, киім үлгілері, маталар.

Ойын барысы:
Ұйымдастыру кезеңі.
Өнерім қол ұшында,
Боламын мен тігінші
Тігіншінің ішінде,
Бас бармақтай бірінші.
Ойын: «Дұрысын тап»
Мақсаты: Мамандықтарға байланысты киім үлгілерін бір - біріне үйлестіру.
Тәрбиеші: Балалар әр мамандық иелері өздеріне сай киім киеді. Дәрігерлер ақ қалпақ пен халат кисе, ал құрылысшылар каска мен үстеріне арнайы халат киеді. Суреттегі киім үлгісі кімге лайықты екенін табыңдар.
Балалар өздері ойлап, белгілей бастайды, сызады.
Тәрбиеші: Балалар аспазшы не киеді?
Шаштараз не киеді?
Балалар белгілеп береді.
- Ендеше, сендер түсінген боларсыңдар. Бұл - ойынды біз не үшін ойнағанымызды түсіндіріңдер. Бүгін біз қандай ойын ойнайтынымызды білдіңдер.
Ойын:«Тігінші»
Тәрбиеші: Балалар тігіншілер не істейді? (киім тігеді)
Бірінші киім тігу үшін киініп алуымыз керек.
Балалар рөлдерді өздері бөліп алады. Бірі тігінші, бірі киім өлшеуші, бірі үтіктеуші болып бөлінеді. Айсара өзінің көйлегін қысқартып беруін сұрайды. Диляра қайшысын алып қиып, тігіп береді. Ал Сәния болса көйлекті үтіктеп береді. Келесі бала шалбар әкеледі. Одан қуыршаққа желетке тігеді. Ұшы жоқ қайшы болуы керек. Ойынды балалар өз қиялдары мен қалаулары бойынша әрі қарай жалғастырады. Бір - бірімен рөлдерді бөлісіп, ұйымшылдықпен ойнайды. Тәрбиеші әр уақытта балаларға көмек көрсетуі тиіс.

Артикуляциялық жаттығулар:
Ойын: **« Часы» «Сағат»**
Мақсаты: Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру.
Ата – аналармен бірлесе қарым – қатынас жасай отырып ортақ мақсатымызға жетеміз.
• ***«Сағат»*** – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек.
• ***«Саңырауқұлақ»*** - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.
«Дәмді тосап»
Мақсаты: жалпақ тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету.
Қысқаша сипаттамасы: Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу.
Әдістемелік нұсқау.
1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау кере.
2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.
3. Тіл оңға - солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек.
4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя - пя - пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген сон шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Шығармашылық бейнелеу әрекеті **Міндеті:** - - күрделі пішіндегі бірнеше заттардың көлеміндегі айырмашылықты көре білуге үйрету, әуе ұшақтары, аспан планеталары туралы білімдерін жетілдіру -- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін	**Қоршаған орта** Міндеті: Өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы бақылау Балаларға қоршаған ортадағы тірі және өлі табиғат туралы түсінік беру. Олардың бір-бірімен байланысы	**Сөйлеуді дамыту** Міндеті: - Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту Таңдаған ертегіні сахналау	**Музыка** **Міндеті:** - Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. :	**Музыка** **Міндеті** - Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.

